**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**
**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**«ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**
**НАО «ПАВЛОДАРСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН»**

# ЖАҢА ҚОҒАМДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУЕТІ: БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ САПАСЫ

**атты XXI халықаралық студенттік ғылыми-тәжірибелік конференциясының**
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

---

# ПОТЕНЦИАЛ МОЛОДЕЖИ В НОВОМ ОБЩЕСТВЕ: КАЧЕСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ

**МАТЕРИАЛЫ**
**XXI Международной студенческой научно-практической конференции**

**Павлодар**
**2026 ж.**

УДК 37+001
ББК 74+72
Ж28**Жалпы редактор**: Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс жөніндегі проректор Б.С. Есенгельдин.
**Жауапты редактор**: Ғылыми жобалар офисінің басшысы Б.А. Байдалинова
**Под общей редакцией**: Члена правления – проректора по научной работе Есенгельдина Б.С.
**Ответственный редактор**: руководитель Офиса научных проектов Б.А. Байдалинова

Ж28 **Жаңа қоғамдағы жастар әлеуеті: білім және ғылым сапасы**: атты XXI халықаралық студенттік ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. = **Потенциал молодежи в новом обществе: качество образования и науки**: материалы XXI Международной студенческой научно-практической конференции.= Павлодар: ППУ имени Әлкей Марғұлан, 2026-2168 б.-қазақша, орысша

ISBN 978-601-267-825-3

«Жаңа қоғамдағы жастардың әлеуеті: білім мен ғылымның сапасы» атты XXI халықаралық студенттік ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары жинаққа кірді.

Жинақ жоғары және орта мектеп оқытушыларына, докоранттарға, магистранттарға, студенттерге және оқушыларға арналған.

В сборник вошли материалы XXI Международной студенческой научно-практической конференции «Потенциал молодежи в новом обществе: качество образования и науки».

Сборник предназначен для преподавателей высшей и средней школы, докторантов, магистрантов, студентов и школьников.

ISBN 978-601-267-825-3

© Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті , 2026 жыл.

# ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІСТІҢ БАЯНДАМАЛАРЫ

# ДОКЛАДЫ ПЛЕНАРНОГО ЗАСЕДАНИЯ

# DEVELOPMENT OF METASUBGECT SKILLS OF STUDENTS IN ENGLISH LANGUAGE LESSONS THROUGH THE USE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE TECHNOLOGIES

***Aubakirova D.K.***
*Doctoral student educational program «Pedagogy and Psychology» Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan, Pavlodar city*
***Ayapbergenova G.S.***
*Scientific advisor: PhD, Associate Professor, Pavlodar city*

**Abstract**
This article explores the integration of artificial intelligence (AI) into English language teaching in middle schools. It examines its benefits and challenges, emphasizing key pedagogical principles and ethical use. The study provides practical recommendations for teachers to enhance learning outcomes, support student engagement, and promote critical thinking through controlled AI use.
**Keywords**: artificial intelligence, AI in education, English language teaching, secondary school, educational technology.
**Аңдатпа**
Бұл мақалада орта мектепте ағылшын тілін оқыту үдерісіне жасанды интеллект технологияларын енгізу мәселесі қарастырылады. Оның мүмкіндіктері мен ықтимал тәуекелдері талданып, педагогикалық қағидалар мен этикалық қолдану ерекшеліктері айқындалады. Оқушылардың оқу жетістіктерін арттыру, белсенділігін дамыту және сыни ойлауын қалыптастыру үшін ЖИ-ті тиімді қолдану бойынша әдістемелік ұсыныстар ұсынылады.
**Кілтті сөздер**: жасанды интеллект, білім берудегі ЖИ, ағылшын тілін оқыту, орта мектеп, білім беру технологиялары.
**Аннотация**
В статье рассматривается интеграция технологий искусственного интеллекта в преподавание английского языка в средней школе. Анализируются преимущества и риски, акцентируется внимание на педагогических принципах и этичном использовании. Представлены практические рекомендации для повышения эффективности обучения, вовлечённости учащихся и развития критического мышления при контролируемом применении ИИ.
**Ключевые слова**: искусственный интеллект, ИИ в образовании, обучение английскому языку, средняя школа, образовательные технологии.

**Introduction**. The development of technologies that enable the creation, storage, transmission, and reception of information cannot occur in isolation from other spheres of social life, inevitably exerting a significant influence on them [1]. It is therefore natural that these processes stimulate the transformation and modernization of the education system, acquiring an applied character and directly affecting the mechanisms of knowledge dissemination within educational institutions [2]. The rapid pace of technological change necessitates a prompt response from the educational community, both to innovations that have the potential to enhance the efficiency of the educational process and to those that may negatively impact the development of students' cognitive and cross-curricular competencies. Special attention should be given to emerging and proliferating practices involving the use of artificial intelligence technologies in

the educational environment, as well as to the timely development of coordinated approaches for the application of the most debated among them.

The emergence of artificial intelligence technologies and neural network systems not only expands their applications in industry, engineering, and large-scale data processing, but also opens new prospects for their integration into the educational practices of teaching professionals. The positive transformation of learning processes within both secondary and higher education is of interest to all participants in the educational process — students, their parents, and educators.

At the same time, when considering the interest of educators and students in the use of artificial intelligence technologies, as well as their readiness to implement and employ innovative solutions in the process of knowledge transfer and acquisition, skill development, and competency formation, it is necessary to take into account the accompanying risks. In particular, concerns remain among teachers and parents regarding the potential negative consequences of improper or uncontrolled use of neural network technologies. Such practices may contribute to instances of academic dishonesty, where students substitute their own intellectual work with outputs generated by artificial intelligence systems. Moreover, excessive reliance on these technologies can lead to a decline in the development of students' cross-curricular competencies. For example, when artificial intelligence platforms are used to automate the creation of materials such as presentations, students may have fewer opportunities to develop skills in information retrieval from diverse sources, critical analysis, synthesis, and the logical, coherent presentation of educational content.

Furthermore, effective use of neural network technologies requires educators to possess specialized skills in prompt engineering — the formulation of requests aimed at eliciting specific actions from the system to obtain the desired information. It should be emphasized that these digital competencies differ significantly from the conventional queries typically entered into web browser search bars, necessitating distinct methodologies for posing questions and structuring prompts to achieve optimal results.

In English language instruction, the role of artificial intelligence and neural network technologies is gradually being established as modern tools that provide new approaches to lesson organization and enable the acceleration and diversification of the language learning process [3].

The aim of this article is to analyze the relationship between the fundamental methodological principles of English language teaching and the new conditions for the use of artificial intelligence technologies by both students and teachers, as well as to examine the interaction among educators, learners, and AI. In line with this aim, the following objectives have been identified: the formulation of additions to existing teaching principles; the development of methodological recommendations that consider the specificities of AI use in the educational process; the investigation of AI functions within the learning environment; and the design and description of new techniques, assignment formats, algorithms, and outcomes of collaborative work between teachers and students with AI integration. The scientific novelty of this study lies precisely in

the proposal of these methodological approaches and tools for the controlled and effective implementation of artificial intelligence in the teaching process.

**Literature Review.** Despite the relative novelty of the topic of artificial intelligence (AI) technologies in foreign language teaching, contemporary educators are actively mastering new digital tools. Over the past few years, a substantial number of publications have appeared in the scientific literature, covering a wide range of issues related to the potential applications of AI and neural network technologies for learning and teaching foreign languages, including their integration into the education system as a whole and specifically into foreign language teaching practices. Kazakhstani researchers such as Bagdaulet Abykhanov [4], Z.N. Zhumataeva, Zh.M. Mametkarim, and A.M. Dosanova [5], G.S. Tynbaeva, M.V. Knol, and D.Kh. Shalbaeva [6], Akmarzhan Nogaibayeva and Gauhar Yersultanova [7], as well as A.K. Talapova and M.Zh. Turkmenbaeva [8], have systematized the accumulated pedagogical and research experience regarding the implementation of AI technologies and chatbots in the process of teaching English. They describe the possibilities for applying AI within the educational process and also examine existing limitations and potential challenges associated with the prospects of using these technologies.

**Methodology and Research Methods.** The primary method employed in this study is the analysis of scientific and methodological literature dedicated to the development of artificial intelligence (AI) technologies and their integration into the educational process. Special attention is paid to examining methodological approaches to teaching English in secondary schools (grades 5–8) within the context of the updated educational content of the Republic of Kazakhstan.

Additionally, the study employs verbal-communicative and empirical methods. In particular, anonymous interviews are conducted with students in grades 5–8 of general education schools to identify their attitudes toward the use of AI technologies in English language learning and to examine the characteristics of their learning motivation. Pedagogical observation of the organization of English language instruction in secondary schools of the Republic of Kazakhstan is also carried out, enabling an analysis of the practical implementation of educational objectives in accordance with the requirements of the updated educational content.

Furthermore, the study synthesizes personal pedagogical experience in teaching English at the secondary school level, which facilitates a deeper understanding of the possibilities for integrating AI technologies into the learning process and enhancing its effectiveness. The aim of the study is to assess the effectiveness of the interaction among English teachers, secondary school students, and AI technologies within the educational process.

In the practical component, an algorithm for organizing the work of an English teacher when planning lessons with AI integration has been developed. This algorithm demonstrates how teachers can utilize AI for lesson preparation, while students can employ it for independent learning and material reinforcement. The practical significance of the study lies in the fact that the proposed algorithm

can be adapted for use in secondary schools (grades 5–8) in the Republic of Kazakhstan, contributing to increased learning efficiency, the development of students' communicative and research skills, and the optimization of teachers' work in implementing the requirements of the updated educational content [9].

**Research Results and Discussion.** The analysis revealed that among English language teachers in secondary schools, there exists a specific group of educators, both from older and younger generations, who encounter difficulties in using modern technologies in the educational process for various reasons. Often, they consider short-term planning with audio or video materials to be sufficient for effective foreign language instruction.

Some teachers show little interest in the latest informational and digital trends, even for their own professional development, believing that the lack of technical resources in the classroom limits the applicability of modern teaching methods. For this category of educators, the integration of artificial intelligence technologies into the educational process is perceived as a complex or insurmountable challenge.

At the same time, there is a marked interest among students in grades 5–8 in the latest digital tools, including AI, and a desire to use them to enhance the effectiveness of their own learning activities. This creates a situation in which students are capable of using these technologies independently, while teachers may not always notice that the outputs presented by students could be partially or entirely generated with AI, rather than solely through their own efforts [10].

This discrepancy underscores the necessity of developing teachers' competencies in digital and informational literacy, as well as adapting methodological approaches to the contemporary realities of the educational process in the Republic of Kazakhstan.

Although artificial intelligence technologies sometimes make errors, practice shows that English teachers in secondary schools, due to high workloads or overcrowded classrooms, occasionally do not thoroughly check the texts submitted by students as homework (essays, presentations, etc.). Often, assignments are accepted without oral questioning, defense, or student commentary, simply upon submission. This phenomenon is observed not only in English language assignments but also in compositions in Russian and literature-related tasks.

Results from anonymous interviews with a limited group of senior students who independently use AI and neural networks indicated that, at this stage, such technologies enable students to resort to the not always ethical use of neural networks. In particular, students often obtain ready-made essay or presentation texts generated by AI (e.g., ChatGPT) instead of creating them themselves. This highlights the urgency of developing students' skills in responsible and conscious use of digital technologies in learning activities, as well as the necessity of designing methodological strategies for teachers aimed at monitoring and guiding students' work when AI is employed.

Furthermore, contemporary secondary school students, often ahead of many educators, quickly master specialized digital platforms that allow for the

automatic creation of presentations within minutes (e.g., Gamma). In this process, the student is only required to set the topic, without the need to independently search for, select, analyze, or synthesize information. Once the text is generated and the presentation is automatically formatted by the neural network, the student merely downloads the finished product. Frequently, students do not study the content or evaluate the quality of the generated material, submitting the file to the teacher as if it were completed independently as homework.

This practice underscores the necessity of developing students' skills in critical information analysis and responsible use of AI, as well as the requirement for educators to design methods for monitoring and guiding student work when employing modern digital tools.

Kazakhstani researchers M.K. Elshina, R.B. Mazhenova, A.N. Sankhaeva, and R.M. Aitzhanova note: "In recent years, the attention of the educational community of the Republic of Kazakhstan has been drawn to issues related to the integration of artificial intelligence technologies into the educational process. Researchers emphasize that AI is capable not only of supporting teachers in the preparation of instructional materials and lesson planning, but also of facilitating individualized learning, as well as the creation of interactive assignments and presentations. At the same time, they point out existing challenges: the low level of digital competence among some teachers, insufficient technical resources in schools, and the potential decrease in students' independent cognitive activity with excessive use of AI. The work of these authors highlights the necessity of developing teachers' skills for the effective and responsible application of AI technologies in accordance with the educational standards of the Republic of Kazakhstan" [11].

The capabilities of this neural network and its widespread availability for students have raised concerns in the academic community due to the high likelihood of the phenomenon of academic GPT dishonesty. This term refers to situations in which students use ChatGPT to complete assignments and present the results as their own work. Researchers note that as educators develop new methods to counteract academic dishonesty, students find increasingly sophisticated ways to bypass these measures.

The potential of modern artificial intelligence models and their broad accessibility for students has heightened concerns in the academic community regarding the likelihood of academic GPT dishonesty. With the development of OpenAI chatbots — in 2026, the primary models are GPT-5.3 as the default and GPT-5.4 with extended reasoning and analytical capabilities — the potential for automatic generation of academic texts has become even more powerful and accessible to school students. Academic GPT dishonesty refers to the use of AI by students to complete assignments in such a way that the results are presented as their own work. It should be noted that as educators develop new strategies to counter academic dishonesty, students also discover increasingly sophisticated methods to circumvent these controls, highlighting the necessity not only of monitoring but also of fostering ethical norms and digital competencies within the educational process.

As a measure to prevent academic dishonesty, it is advisable to employ a teacher-controlled approach, that is, to integrate artificial intelligence technologies directly within the classroom. This method allows for the prevention of uncontrolled use of AI by students at home and provides teachers with the opportunity to assess the level of independently produced learning materials, avoiding misconceptions regarding the authorship of submitted work.

In this context, there arises a need to establish principles to guide the integration of artificial intelligence technologies into the process of teaching and learning foreign languages. Concerning the interaction between the "digital tool and the learner," S.V. Titova, drawing on the research of I. G. Chuksina, identifies didactic principles underlying such interaction:

Conformity with natural development, which assumes that teaching methods should align with the psychophysiological characteristics of the learner;

Active subject of cognition, encouraging students to independently select learning goals and methods, thereby forming a personal educational trajectory;

Consciousness and activity, ensuring students understand the objectives and tasks of learning;

Individualization, taking into account students' individual abilities and promoting the realization of their intellectual and creative potential;

Intensity, ensuring the maximum assimilation of material within reasonable learning periods;

Visualization, facilitating better comprehension through visual representation and demonstration of material;

Optimization, guiding the deliberate selection of the most effective approaches based on efficiency, time expenditure, and available resources.

The application of these principles in the integration of AI enables the organization of the learning process in a more conscious, productive manner, and in a way that is adapted to the individual characteristics of middle school students [12].

It is considered appropriate to supplement the aforementioned list of principles with an additional one — the principle of awareness. In the context of using artificial intelligence technologies in the educational process, this principle implies that the teaching community must be prepared for contemporary challenges, in particular the fact that students may independently acquire methods of obtaining "assistance" from neural networks when completing assignments. Such tasks may sometimes be completed at a high level, yet presented as the student's own work. While it is not necessary to scrutinize every student assignment, it is important for teachers to be informed about the capabilities of modern digital platforms and to recognize that some tasks may be partially or entirely completed using AI. The principle of awareness allows the educational process to be structured in a way that ensures AI integration is productive, controlled, and promotes the development of students' independent thinking and critical analysis skills.

From the above, it follows that students must also adhere to the principle of ethics, which presupposes the exclusion of substituting one's own academic achievements with results produced using AI.

Another important principle is the principle of functionality, which entails a rational approach to the use of artificial intelligence technologies. This principle implies that AI application should be methodologically justified, practically meaningful, and genuinely supportive of the educational process, without unnecessary steps. Additionally, it assesses how engaging and useful the use of specific platforms or neural network solutions is for both teachers and students. This principle is logically connected to the previously discussed principle of optimization.

Furthermore, considering that the integration of modern digital technologies requires teacher engagement both in mastering the tools and in subsequently incorporating them into personal English teaching methodologies, the principle of digital activity on the part of the educator can also be identified.

When discussing the implementation of AI-based platforms in middle school English teaching, it is advisable to more clearly define the functions of AI in the educational process. Its application can be divided into two main directions: as a tool for the teacher and as a tool for the student. First, an English teacher using AI can diversify classroom techniques, enhance teaching methodology, and modernize the educational process, thereby increasing student interest and motivation. Second, AI and neural network technologies possess unique capabilities that facilitate lesson preparation, the development of specialized learning materials, and individualized assignments, saving the teacher time and effort. The functional capabilities of AI and their impact on the educational process are illustrated in Figure 1, which also reflects the potential positive and negative effects of AI use for both teachers and students.




*Fig. 1. Functions of using AI for studying and teaching foreign languages*

To mitigate the negative consequences of AI use and prevent academic dishonesty, it is proposed to apply a teacher-controlled approach to AI integration. This method involves organizing work with AI directly during classroom lessons, which simultaneously addresses students' interests and facilitates the activities of the English teacher.

The essence of this approach is as follows: during independent homework, such as essay writing, the teacher cannot monitor the process of text creation. Dishonest students may use AI to generate essays or to check their work for grammatical and spelling errors, subsequently submitting it as their own. In such cases, the teacher lacks reliable information regarding the students' actual skills and abilities, which may result in inflated assessments and misrepresentations of student competencies. Controlled, in-class use of AI helps to avoid these issues, ensuring accurate evaluation of students' knowledge and skills while effectively integrating modern digital technologies into the educational process.

The integration of artificial intelligence (AI) technologies into the practical components of English lessons opens up new opportunities for enhancing learning effectiveness. Platforms such as Duolingo, Grammarly, Quizlet, and ChatGPT allow for the creation of interactive exercises tailored to each student's level of knowledge, providing individualized instruction and instant feedback. For example, the use of AI-based chatbots enables students to practice speaking and express their thoughts in writing within a safe virtual environment, thereby improving grammatical skills and expanding vocabulary. Research indicates that regular interaction with AI tools increases student motivation and positively affects academic performance, contributing to deeper material comprehension and the development of durable language skills. Thus, the integration of AI into practical lessons represents a promising direction in contemporary pedagogy, supporting the individualization of learning and enhancing educational outcomes.

**Conclusion.** Thus, the analysis of contemporary educational conditions with the integration of artificial intelligence (AI) technologies allows us to conclude that it is necessary to consider rapidly evolving digital tools and to apply corresponding pedagogical principles. For middle school English teachers, it is particularly important to follow the principles of awareness, ethics, functionality, and digital activity. The principle of awareness entails a thorough understanding of the capabilities and limitations of AI tools; the principle of ethics requires the responsible and safe use of technologies in work with students; the principle of functionality emphasizes the practical effectiveness of AI application for achieving learning objectives; and the principle of digital activity involves actively engaging students in interactive work with digital resources. Adherence to these principles ensures the harmonious and effective integration of AI into English language teaching practice, contributing to the development of students' key competencies in the context of the modern educational environment.

Artificial intelligence (AI) can perform various functions in the educational process depending on the subject to which it is applied — either the teacher or the student. Its functionality is manifested in the use of AI as a tool to support pedagogical activities and as a means of student learning. At the same time, AI application can have both positive and negative effects on the educational process. To minimize negative impacts, it is recommended to design assignments and pedagogical techniques in which student use of AI is controlled and purposeful, transforming potentially adverse consequences of uncontrolled technology use into a positive educational experience. Moreover, AI begins to act as a new subject

within the educational process, influencing the organization of learning activities, teaching methodology, and the development of students' digital and language competencies.

In the future, testing these methodological techniques allows for the expansion of the toolkit and functional capabilities of digital platforms based on AI technologies, including neural network mechanisms. Rapidly evolving AI technologies are considered to have significant potential for enhancing the effectiveness of English language instruction. At the same time, successful integration of these tools requires English teachers to develop new digital and methodological competencies, representing a significant professional challenge. To ensure effective pedagogical practice in modern technological realities, it is crucial to recognize that the dynamic development of the digital environment demands teachers' high readiness for continuous professional improvement and the adaptation of educational practices to new AI capabilities.

## References


Frankish K., Ramsey W. The Cambridge Handbook of Artificial Intelligence. Cambridge: Cambridge University Press, 2014. – URL: https://assets.cambridge. org/ 97805218/ 71426/ frontmatter/ 9780521871426_frontmatter.pdf (дата обращения: 15.03.2024). – Текст: электронный.

Poole D., Mackworth A. Artificial Intelligence. Foundations of Computational Agents. Cambridge: Cambridge University Press, 2019. (In Eng.).

Duggan S. Artificial intelligence in education: changing the pace of learning. Analytical note by UNESCO IITE / Edited by S. Yu. Knyazev. Translated from English by A.V. Parshakov. M: UNESCO Institute for Information Technologies in Education, 2020. Web: 08.03.2024. https://iite. unesco.org/publications/ai-ineducation-change-at-the-speed-of-learning/ (In Rus.).

Bagdaulet Abykhanov. (2025). The use of AI chatbots in foreign language teaching: A comprehensive literature review. Pedagogy and Teaching Methods, 4(73), 40–46. https://doi.org/10.47344/pemcsm49.

Zhumatayeva Z., Mametkarim Z., & Dosanova A. (2024). The role of artificial intelligence in the development of communicative competence in foreign language lessons. Scientific Journal of Pedagogy and Economics, 412 (6), 119–130. https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.858.

Tynbayeva G.S., Knol M.V., & Shalbaeva D.Kh. (2024). The application of artificial intelligence in foreign language teaching. Bulletin of Abai KazNPU. Philological Sciences Series, 3(89), 82–89. https://doi.org/10.51889/2959-5657.2024.89.3.0107. Nogaibayeva A., & Yersultanova G. (2025). 'It is not the same as a classroom teacher': A qualitative study of foreign language teachers' perspectives on artificial intelligence-supported tools in Kazakhstan. Contemporary Educational Technology, 17(4), ep599. https://doi.org/ 10.30935/ cedtech/ 17405.

Nogaibayeva A., Yersultanova G. (2025). 'It is not the same as a classroom teacher': A qualitative study of foreign language teachers' perspectives on artificial intelligence-supported tools in Kazakhstan. Contemporary Educational Technology, 17(4), ep599. https://doi.org/10.30935/cedtech/17405

Talapova A.K., & Turkmenbayeva M.Zh. (2024). THE ROLE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN FOREIGN LANGUAGE LEARNING: EXPLORING CHATGPT'S POTENTIAL FOR ENHANCING SPEAKING AND LISTENING SKILLS. World Scientific Reports, (8). Retrieved from https://ojs.publisher.agency/index.php/WSR/article/view/4832.

Law of the Republic of Kazakhstan “On Education” No. 319-III of July 27, 2007 (with amendments and additions as of 2026) [Electronic resource]. – Available at: https://www.adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319.

Terwiesch C. Would Chat GPT Get a Wharton MBA? A Prediction Based on Its Performance in the Operations Management Course. Web. 12.01.2024. https://mackinstitute.wharton.upenn.edu/wp-content/ploads/2023/01/ Christian-Terwiesch-Chat-GTP-1.24.pdf. (In Eng.).

Elshina M. K., Mazhenova R. B., Sankhaeva A. N., & Aitzhanova R. M. (2025). Artificial intelligence in education: Challenges and prospects. Izvestiya. Series: Pedagogical Sciences. [Electronic resource]. Available at: https://bulletin-pedagogical.ablaikhan.kz/index.php/j1/article/view/1502.

Titova S.V. (2024). Digital methodology for teaching foreign languages: Textbook. Moscow: Yurayt. 248 pp.

# ПЕДАГОГИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ҚАЗІРГІ ЗАМАННЫҢ СЫН-ҚАТЕРЛЕРІ

# АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ПЕДАГОГИКИ И ПСИХОЛОГИИ

# БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

***А. Женис***
*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің*
*1курс магистранті*
***Утегенова Меруерт Сыздыковна***
*Ғылыми жетекшісі: PhD, аға оқытушы*

**Түйіндеме:** Бұл мақалада болашақ педагог-психологтардың цифрлық сауаттылығын қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Қазіргі цифрландыру жағдайында педагог-психологтың кәсіби даярлығына қойылатын талаптардың өзгеруі негізделіп, цифрлық сауаттылықтың мазмұны мен құрылымы талданады. Мақалада цифрлық сауаттылық ұғымының ғылыми тұрғыдағы эволюциясы, оның ақпараттық, компьютерлік және медиалық компоненттері сипатталады. Сонымен қатар, болашақ педагог-психологтардың цифрлық сауаттылығын қалыптастырудың өзіндік ерекшеліктері, атап айтқанда кәсіби бағыттылығы, пәнаралық интеграциясы, психологиялық қауіпсіздікке бағдарлануы, цифрлық этика талаптары және тәжірибелік сипаты ғылыми тұрғыдан негізделеді. Зерттеу нәтижелері цифрлық сауаттылықты болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді.

**Кілтті сөздер:** цифрлық сауаттылық, педагог-психолог, цифрлық құзыреттілік, цифрлық этика, медиа сауаттылық, психологиялық қауіпсіздік, цифрлық білім беру, кәсіби даярлық

**Аннотация:** В статье рассматривается проблема формирования цифровой грамотности будущих педагогов-психологов. Обосновываются изменения требований к профессиональной подготовке специалистов в условиях цифровизации образования, анализируются содержание и структура цифровой грамотности. Раскрывается эволюция понятия цифровой грамотности, а также ее ключевые компоненты: информационная, компьютерная и медиаграмотность. Особое внимание уделяется специфике формирования цифровой грамотности будущих педагогов-психологов, включая профессиональную направленность, междисциплинарную интеграцию, ориентацию на психологическую безопасность, соблюдение цифровой этики и практико-ориентированный характер подготовки. Результаты исследования подчеркивают необходимость рассмотрения цифровой грамотности как важной составляющей профессиональной компетентности будущего специалиста.

**Ключевые слова:** цифровая грамотность, педагог-психолог, цифровая компетентность, цифровая этика, медиаграмотность, психологическая безопасность, цифровое образование, профессиональная подготовка.

**Annotation:** The article examines the problem of developing digital literacy among future educational psychologists. The study substantiates the changing requirements for professional training in the context of digitalization of education and analyzes the content and structure of digital literacy. The evolution of the concept of digital literacy is discussed, including its key components: information literacy, computer literacy, and media literacy. Special attention is paid to the specific features of developing digital literacy among future educational psychologists, such as professional orientation, interdisciplinary integration, focus on psychological safety, adherence to digital ethics, and practice-oriented training. The findings highlight the necessity of considering digital literacy as an essential component of professional competence of future specialists.

**Keywords:** digital literacy, educational psychologist, digital competence, digital ethics, media literacy, psychological safety, digital education, professional training.

Қазіргі кезеңде қоғамның цифрлануы білім беру жүйесіне сапалық жаңа талаптар қоюда. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы, білім беру мазмұнының жаңаруы және цифрлық білім беру ортасының қалыптасуы педагог мамандардың кәсіби қызметін қайта қарастыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасында жүзеге асырылып жатқан «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы мен педагогикалық білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы білім беру процесін цифрландыруды және педагогтардың цифрлық құзыреттілігін арттыруды стратегиялық басымдық ретінде белгілейді. Бұл құжаттарда педагогтардың тек пәндік біліммен ғана емес, сонымен қатар цифрлық технологияларды тиімді қолдану қабілетімен ерекшеленуі қажеттігі атап көрсетілген [1].

Педагог-психологтардың кәсіби қызметі ерекше сипатқа ие, себебі олар білім алушылардың психологиялық дамуын қамтамасыз етумен қатар, цифрлық ортада да қолдау көрсетуі тиіс. Осыған байланысты олардың цифрлық сауаттылығы тек техникалық дағдылармен шектелмей, психологиялық-педагогикалық қызметтің цифрлық трансформациясына бейімделу қабілетін қамтиды.

Осындай жағдайда болашақ педагог-психологтардың цифрлық сауаттылығын қалыптастыру өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Себебі қазіргі маман тек теориялық біліммен ғана шектелмей, цифрлық ортада тиімді әрекет ете алуы тиіс.

Осы тұрғыда «цифрлық сауаттылық» ұғымының мазмұнын нақтылау ерекше маңызға ие. Цифрлық сауаттылық ұғымы алғаш рет Пол Гилстер еңбектерінде негізделіп, ақпаратты іздеу, талдау және саналы түрде қолдану қабілеті ретінде сипатталған. Қазіргі ғылыми зерттеулерде бұл ұғым кеңейтіліп, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану, цифрлық контент құру, интернет кеңістігінде қауіпсіз әрекет ету және цифрлық этиканы сақтау дағдыларын қамтитын кешенді құбылыс ретінде қарастырылады.

Аталған ұғымның маңыздылығы халықаралық деңгейде де кеңінен мойындалған. Халықаралық зерттеулерде цифрлық құзыреттілік маманның кәсіби табыстылығының маңызды факторы ретінде айқындалады. Мәселен, UNESCO ұсынған тұжырымдамаларда цифрлық сауаттылық білім беру сапасын арттырудың негізгі құралдарының бірі ретінде қарастырылса, European Commission әзірлеген DigComp моделінде ол тұлғаның өмір бойы білім алу қабілетінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде сипатталады.

Цифрлық сауаттылықтың мазмұнын тереңірек ашуда ғалымдардың түрлі көзқарастары қалыптасқан. Солардың бірі – зерттеуші Галина Солдатованың тұжырымдамасы. Ол цифрлық сауаттылықты төрт негізгі компоненттен тұратын жүйе ретінде қарастырады: тұтыну, құзыреттілік, қауіпсіздік және цифрлық этика. Бұл құрылым педагог-психологтың кәсіби қызметіне тікелей қатысты, себебі цифрлық ортада жұмыс істеу барысында этикалық нормалар мен қауіпсіздік мәселелері ерекше маңызға ие.

Осы бағыттағы тағы бір маңызды көзқарасты Александр Шариков ұсынады. Ол цифрлық сауаттылықты технологиялық мүмкіндіктер мен гуманитарлық құндылықтардың үйлесімі ретінде қарастырады. Мұндай ұстаным болашақ педагог-психологтың цифрлық құралдарды тек техникалық ресурс ретінде емес, тұлғаның дамуын қолдайтын психологиялық-педагогикалық құрал ретінде қабылдау қажеттігін көрсетеді.

Жоғарыда қарастырылған теориялық негіздер болашақ педагог-психологтарды даярлаудың өзіндік ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Ең басты ерекшелік – классикалық психологиялық әдістер мен цифрлық технологиялардың интеграциясы. Яғни, маман дәстүрлі психодиагностикалық әдістерді қолданумен қатар, оларды цифрлық ортада жүзеге асыруды, деректерді өңдеудің заманауи әдістерін пайдалануды және нәтижелерді цифрлық форматта талдауды меңгеруі тиіс.

Сонымен бірге, цифрлық технологияларды қолдану тек техникалық дайындықпен шектелмей, психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді де талап етеді. Технологиялық дағдылармен қатар цифрлық ортадағы психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі ерекше мәнге ие. Педагог-психологтың цифрлық сауаттылығы оған кибербуллинг, интернет-тәуелділік және әлеуметтік желілердегі деструктивті ықпалдарды уақтылы анықтауға және алдын алуға мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы кәсіби қызмет маманнан медиа-психология саласындағы терең білімді талап етеді.

Осы тұрғыда цифрлық этика ұғымы ерекше маңызға ие бола түседі. Қазіргі қоғамдағы цифрлық этика – бұл таратылатын ақпараттың мазмұны үшін жеке жауапкершілікті түсіну, әлеуметтік деструктивті ақпарат пен жалған ақпараттың таралуына, адамдардың санасын манипуляциялауға жол бермейтін ішкі қағидалар мен сенімдер жүйесін қалыптастыруды білдіреді. Сонымен қатар, ол интернет кеңістігін пайдаланушының цифрлық ортамен өзара әрекеттесуіндегі жауапкершілік деңгейін айқындайды.

Цифрлық сауаттылықтың құрылымын нақтылау мақсатында бірқатар ғалымдар оның құрамдас бөліктерін айқындауға ерекше назар аударады. Мәселен, Дудина О.В. мен Горбунова Т.В. пікірінше, педагог-психологтың цифрлық құзыреттілігінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде цифрлық сауаттылық қарастырылады. Ол ең алдымен ақпараттың шынайылығын бағалау, яғни сенімді және сенімсіз ақпаратты ажырата білу, әртүрлі ақпарат көздерін тиімді пайдалану, компьютерлік және мобильді құрылғылармен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру, сондай-ақ олардың заманауи цифрлық технологиялар жүйесіндегі мүмкіндіктерін түсіну қабілеттерін қамтиды. Сонымен қатар, цифрлық сауаттылық маманның кәсіби қызметінде инновациялық құралдарды қолдануымен, медиаконтентті талдау және оның көздерін дұрыс анықтай алуымен тығыз байланысты.

Осыған сәйкес, аталған авторлар цифрлық сауаттылық құрылымын келесі негізгі индикаторлар арқылы сипаттайды: ақпараттық сауаттылық, компьютерлік сауаттылық және медиасауаттылық. Мұндай құрылым

болашақ педагог-психологтың цифрлық ортада тиімді әрі жауапты кәсіби әрекет етуінің теориялық және практикалық негізін қалыптастырады.

Цифрлық сауаттылықтың аталған құрылымдық индикаторлар болашақ педагог-психологтың кәсіби қызметінде кешенді түрде көрініс табады. Атап айтқанда, ақпараттық сауаттылық білім алушылармен жұмыс барысында сенімді дереккөздерді таңдау, алынған ақпаратты сыни тұрғыдан талдау және ғылыми негізделген қорытынды жасау дағдыларын қалыптастырады. Компьютерлік сауаттылық цифрлық құралдарды тиімді пайдалану арқылы психологиялық-педагогикалық қызметті ұйымдастыруға мүмкіндік берсе, медиасауаттылық білім алушылардың медиакеңістіктегі мінез-құлқын түсінуге, олардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және деструктивті контенттің ықпалын төмендетуге ықпал етеді.

Осыған байланысты цифрлық сауаттылықты қалыптастыру тек білім беру мазмұнының элементі ретінде емес, болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін дамытудың стратегиялық бағыты ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл үдеріс білім беру бағдарламаларын жаңартуды, цифрлық технологияларды оқу процесіне жүйелі енгізуді және білім алшушылардың тәжірибелік дағдыларын дамытуға бағытталған инновациялық әдістерді қолдануды талап етеді.

Болашақ педагог-психологтардың цифрлық сауаттылығын қалыптастырудың тиімділігі бірқатар педагогикалық шарттарды сақтаумен байланысты. Біріншіден, оқу процесінде цифрлық технологияларды мақсатты және әдістемелік тұрғыдан негізделген түрде қолдану қажет. Екіншіден, білім алушылардың белсенді оқу іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы олардың цифрлық ортада дербес шешім қабылдау қабілетін дамыту маңызды. Үшіншіден, білім алушылардың кәсіби қызметке жақындатылған практикалық тапсырмалар арқылы цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру қажет.

Сонымен қатар, цифрлық сауаттылықты дамытуда пәнаралық интеграцияның рөлі ерекше. Психология, педагогика, ақпараттық технологиялар және медиа білім элементтерін біріктіру болашақ маманның кәсіби дайындығын кешенді түрде қамтамасыз етеді. Мұндай интеграция цифрлық құралдарды қолдану арқылы білім алушылардың тұлғалық дамуын қолдауға, олардың психологиялық әл-ауқатын сақтауға және оқу процесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезеңде жасанды интеллект технологияларының қарқынды дамуы да педагог-психологтың кәсіби қызметінің мазмұнын жаңғыртуда. Жасанды интеллект негізіндегі құралдар білім алушылардың мінез-құлқын талдау, оқу мотивациясын анықтау, психологиялық қолдау көрсету және жеке білім беру траекторияларын құру сияқты бағыттарда кеңінен қолданылуда. Алайда, бұл технологияларды енгізу барысында этикалық нормаларды сақтау, дербес деректердің құпиялылығын қамтамасыз ету және кәсіби жауапкершілікті арттыру мәселелері ерекше назарды талап етеді.

Осы тұрғыдан алғанда, болашақ педагог-психологтардың цифрлық сауаттылығын қалыптастыру үздіксіз кәсіби даму үдерісі ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл үдеріс тек жоғары оқу орны кезеңімен шектелмей, маманның бүкіл кәсіби қызметі барысында жалғасуы қажет.

Қорытындылай келе, цифрлық сауаттылық - болашақ педагог-психологтың кәсіби табыстылығының, бәсекеге қабілеттілігінің және заманауи білім беру талаптарына бейімделуінің негізгі көрсеткіштерінің бірі. Ол маманның цифрлық ортада тиімді әрекет етуіне, білім алушыларға сапалы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуіне және білім беру жүйесінің цифрлық трансформациясына белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Сондықтан цифрлық сауаттылықты қалыптастыру білім беру жүйесінің басым бағыттарының бірі ретінде ғылыми және практикалық тұрғыдан жүйелі түрде жүзеге асырылуы қажет.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. ҚР БҒМ. (2023). Педагогикалық білім беруді дамытудың 2023–2029 жж. тұжырымдамасы.
2. Gilster P. Digital Literacy. – New York: Wiley Computer Publishing, 1997. – 276 p.
3. UNESCO. Digital Literacy in Education. – Paris: UNESCO Institute for Statistics, 2018.
4. European Commission. DigComp 2.1: The Digital Competence Framework for Citizens. – Luxembourg: Publications Office of the European Union, 2017.
5. Солдатова Г.У., Рассказова Е.И. Цифровая грамотность: понятие, структура и диагностика // Психология. Журнал Высшей школы экономики. – 2017. – №4. – С. 6–22.
6. Шариков А.В. Цифровая грамотность как основа медиакультуры // Медиаобразование. – 2016. – №2. – С. 15–23.
7. Дудина О.В., Горбунова Т.В. Цифровая грамотность как компонент профессиональной компетентности педагога // Современные проблемы науки и образования. – 2020. – №5.

# АУТИЗМІ БАР БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДА ВИЗУАЛДЫ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ

***Кыдырбаева К.Т.***
*Павлодар қаласындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті,*
***Таженова Г.Б***
*Ғылыми жетекші, Педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы-сарапшы*

**Аңдатпа.** Бұл мақалада аутизмі бар балалармен жұмыста визуалды құралдарды қолданудың педагогикалық мүмкіндіктері қарастырылады. PECS карточкалары, пиктограммалар, визуалды кестелер мен таңбалық тіректердің оқу әрекетін ұйымдастырудағы, қарым-қатынасты дамытудағы және мінез-құлықты реттеудегі маңызы талданады. Визуалды қолдау баланың ақпаратты түсінуін жеңілдетіп, оқу үдерісіне белсенді қатысуына жағдай жасайды.

**Аннотация.** В статье рассматриваются педагогические возможности использования визуальных средств в работе с детьми с аутизмом. Анализируется роль PECS-карточек, пиктограмм, визуальных расписаний и символических опор в организации учебной деятельности, развитии коммуникации и регуляции поведения. Визуальная поддержка облегчает понимание информации и способствует активному включению ребенка в учебный процесс.

**Abstract.** This article examines the pedagogical potential of visual tools in work with children with autism. The role of PECS cards, pictograms, visual schedules and symbolic supports in organizing learning, developing communication and regulating behavior is analyzed. Visual support facilitates understanding and promotes active participation in the educational process.

**Түйінді сөздер.** Аутизм, визуалды құралдар, PECS, пиктограмма, коммуникация, арнайы педагогика, оқыту

**Ключевые слова.** Аутизм, визуальные средства, PECS, пиктограмма, коммуникация, специальная педагогика, обучение

**Keywords.** Autism, visual tools, PECS, pictogram, communication, special pedagogy, teaching

Аутизмі бар балаларды оқытуда визуалды құралдарды қолдану ерекше маңызға ие. Себебі мұндай балалардың көпшілігі ауызша нұсқауды қабылдауда, өз ойын жеткізуде, әрекет ретін сақтауда және әлеуметтік қарым-қатынаста қиындықтарға кездеседі. Осыған байланысты көрнекі тіректер – сурет, пиктограмма, карточка, визуалды кесте, белгі және таңбалық алгоритмдер – оқу үдерісін жеңілдететін тиімді педагогикалық құрал болып саналады.

Визуалды қолдау баланың ақпаратты жақсырақ түсінуіне, сабақ құрылымын алдын ала болжауына және тапсырманы бірізді орындауына көмектеседі. Әсіресе пиктограмма, суретті карточка, әрекет ретін көрсететін кесте сияқты құралдар аутизмі бар балалардың назарын тұрақтандырып, оқу әрекетіне қосылуын жеңілдетеді. Инклюзивті оқыту әдістемесі туралы қазақстандық жарияланымдарда визуалды қолдау ретінде фотосурет, сурет және нақты заттар қолданылатыны көрсетіледі. Қазақстандық зерттеулерде

аутизмі бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, олардың әлеуметтік бейімделуі мен оқытудағы ерекшеліктерін ескеру маңызды екені айтылады. Мысалы, қазақстандық ғылыми еңбектерде аутизмі бар балалардың әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын дамыту, арнайы қолдау жүйесін ұйымдастыру және инклюзивті ортада бейімдеу жолдары қарастырылады. Демек, визуалды құралдар аутизмі бар балалармен сабақ жүргізуде тек қосымша көрнекілік емес, оқу әрекетін ұйымдастырудың, қарым-қатынасты дамытудың және мінез-құлықты реттеудің негізгі тәсілдерінің бірі болып табылады. Сондықтан арнайы және инклюзивті білім беру жағдайында визуалды әдістерді жүйелі қолдану маңызды. Зерттеудің тәжірибелік бөлігі №6 мектеп базасында жүргізілді. Тәжірибелік жұмыс барысында аутизмі бар бастауыш сынып жасындағы оқушылармен сабақтар өткізіліп, визуалды құралдарды қолданудың оқу әрекетіне, қарым-қатынасқа және тапсырманы орындау сапасына әсері бақыланды. Практикалық жұмыс барысында оқушылардың ерекшеліктеріне сай қолжетімді, қарапайым және нақты визуалды әдістер іріктеліп алынды. Тәжірибе бірнеше кезеңнен тұрды. Алғашқы кезеңде оқушылардың бастапқы деңгейі бақылау арқылы анықталды. Бұл кезеңде балалардың мұғалімнің ауызша нұсқауын түсінуі, сабаққа қосылуы, қажеттілігін жеткізуі, тапсырманы аяқтауы және бір әрекеттен екінші әрекетке ауысуы бақыланды. Бақылау нәтижелері көрсеткендей, көптеген оқушылар ұзақ ауызша түсіндіруді толық қабылдай алмады, жиі алаңдады, тапсырманың ретін сақтауда қиналды және өз қажеттіліктерін өздігінен жеткізуде ересек көмегіне сүйенді.

Келесі кезеңде сабақтарға визуалды қолдау жүйелі түрде енгізілді. Атап айтқанда, сабақта төмендегідей құралдар қолданылды:

**PECS карточкалары** – оқушының қажетті затты, әрекетті немесе қалауын білдіруі үшін;

**пиктограммалар** – іс-әрекет ретін, ережелерді, күн тәртібін, эмоцияны және қарапайым нұсқауларды көрсету үшін;

**визуалды кестелер** – сабақ құрылымын алдын ала таныстыру үшін;

**таңдау карталары** – екі не бірнеше әрекет арасынан таңдау жасау үшін;

Бұл компоненттер тұлғаның мінез-құлқын реттеуге, шешім қабылдауға және тиімді коммуникация орнатуға тікелей ықпал етеді деп тұжырымдауға болады. Сонымен қатар әмбебап құзіреттіліктердің мәні мен құрылымымен тығыз байланысты.

Әмбебап құзіреттіліктер – бұл тұлғаның әртүрлі кәсіби және әлеуметтік жағдайларда тиімді әрекет етуіне мүмкіндік беретін кешенді қабілеттер жиынтығы. Оларға мыналарды жатқызуға болады: коммуникативтік құзіреттілік; сыни және креативті ойлау; топта жұмыс істеу қабілеті; көшбасшылық; уақытты басқару; стресс жағдайында әрекет ету және т.б.

Бұл құзіреттіліктер бүгінгі таңда еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие және тұлғаның кәсіби табыстылығының негізгі факторларының бірі болып табылады.

Эмоционалды интеллекттің қызметі әмбебап құзіреттіліктерді қалыптастырудың негізін құрайды және шешуші рөл атқарады. Оның маңызын бірнеше бағытта қарастыруға болады:

Коммуникативтік дағдыларды дамыту - Эмоционалды интеллект жоғары деңгейде дамыған тұлға өз ойын анық жеткізе алады, өзгені тыңдай біледі және тиімді кері байланыс орнатады. Эмпатия қабілеті арқылы ол адамдардың эмоциялық жағдайын түсініп, дұрыс қарым-қатынас стратегиясын таңдайды.

Сыни ойлау және шешім қабылдау - Эмоцияларды басқару қабілеті тұлғаға объективті шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Эмоционалды тұрақтылық сыни ойлауды күшейтіп, күрделі жағдайларда тиімді әрекет етуге көмектеседі.

Көшбасшылық қабілеттер - Көшбасшы үшін эмоционалды интеллект аса маңызды. Ол команда мүшелерінің көңіл-күйін түсініп, оларды ынталандыра алады. Сонымен қатар, конфликтілерді тиімді шешу қабілеті де осы интеллект түрімен тығыз байланысты.

Стресске төзімділік - Эмоционалды интеллект тұлғаның стресс жағдайында өзін ұстай білуіне ықпал етеді. Бұл қасиет кәсіби қызметте өнімділікті арттырады.

Командалық жұмыс - Эмоционалды интеллекті жоғары адамдар топта тиімді жұмыс істей алады, әріптестерімен сенімді қарым-қатынас орнатады және ортақ мақсатқа жетуге үлес қосады.

Заманауй білім беру жүйесінде эмоционалды интеллектті дамыту назарға алынып, негізгі міндеттердің бірі екендігіне көзіміз жетті және оның маңыздылығы айқын көрініс тапты.

Бұл бағытта оқу үрдісінде қолдануға болатын келесі тиімді әдістер ұсынылады:

тренингтер мен практикалық жаттығулар;

рөлдік ойындар;

топтық жобалар;

рефлексия және өзін-өзі талдау;

коучинг және менторинг.

Эмоционалды интеллектті дамыту мақсатында студенттерге арналған рефлексивті тапсырмалар мен ашық сұрақтар қолдануға және сауалнама өткізуге болады. Мысалы: Өз эмоционалдық интеллектіңізді талдаңыз: қай компоненттеріңіз күшті, ал қайсысын дамыту қажет? Эмоционалдық интеллектті қолдану арқылы сіз немесе басқа ересек білім алушы оқу материалын сәтті меңгерген білім беру жағдайына мысал келтіріңіз. Гоулманның EI компоненттерін дамытуға бағытталған ересектерге арналған тренинг жоспарын құрастырыңыз және т.б.

Оқытушылар білім алушылардың эмоциялық жағдайына назар аударып, қолайлы психологиялық орта қалыптастыруы бүгінгі білім беру жүйесінің негізгі мақсаттарының бірі.

Көптеген зерттеулер эмоционалды интеллект пен әмбебап құзіреттіліктер арасында тығыз байланыс бар екенін көрсетеді.

Эмоционалды интеллект деңгейі жоғары тұлғалар кәсіби қызметте де, әлеуметтік ортада да жоғары нәтижелерге қол жеткізеді. Сонымен қатар, эмоционалды интеллектті дамыту тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруына, өмір сапасының артуына және қоғамдағы белсенділігінің өсуіне ықпал етеді.

Атап айтқанда эмоционалды интеллект – әмбебап құзіреттіліктерді қалыптастырудың маңызды негізі. Ол тұлғаның кәсіби және әлеуметтік дамуына, тиімді қарым-қатынас орнатуына және күрделі жағдайларда дұрыс шешім қабылдауына мүмкіндік береді. Сондықтан білім беру жүйесінде эмоционалды интеллектті дамытуға ерекше көңіл бөлінуі қажет. Бұл болашақ педагог-психологтардың бәсекеге қабілеттілігін арттырып, олардың табысты тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан жоғары оқу орындарында педагог-психологтарды даярлау барысында эмоционалды интеллектті дамытуға бағытталған арнайы тренингтерді, интерактивті әдістерді және тәжірибелік сабақтарды қолдану маңызды. Бұл тәсілдер болашақ мамандардың кәсіби және тұлғалық дамуын қамтамасыз етіп, олардың педагогикалық қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді деп тұжырым жасауға болады.

Негізгі қорытынды ойларды түйіндесек эмоционалдық интеллект – ересектерді оқытудың маңызды ресурсы, ол мотивацияға, қатысу белсенділігіне және оқу үдерісінің тиімділігіне әсер етеді. Гоулман ұсынған EI компоненттері болашақ педагогтарды оқытуда қолдау, ынтымақтастық және рефлексияны қалыптастыруға көмектеседі. Эмоционалдық интеллектті дамыту білім алушының тұлғалық және кәсіби дамуына ықпал етеді.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Гоулман Д. Эмоционалды интеллект: неге ол IQ-дан да маңызды. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019.
2. Сэловей П., Мейер Дж.Д. Эмоционалды интеллект ұғымы // Қиял, таным және тұлға. – 1990. – №9(3). – 185–211 бб.
3. Гоулман Д. Эмоционалды интеллект жұмыс барысында. – Алматы: Аударма, 2020.
4. Хуторской А.В. Негізгі құзіреттіліктер білім берудің тұлғалық-бағдарлы парадигмасының құрамдас бөлігі ретінде // Халыққа білім беру. – 2003. – №2.
5. Леонтьев А.Н. Іс-әрекет. Сана. Тұлға. – Мәскеу: Смысл, 2005.
6. Выготский Л.С. Адам дамуының психологиясы. – Мәскеу: Смысл, 2005.
7. Зимняя И.А. Құзіреттілік тәсіл және білім беру нәтижелері. – Мәскеу: Зерттеу орталығы, 2004.
8. Байденко В.И. Құзіреттілікке негізделген білім беру: әдіснамасы мен тәжірибесі. – Мәскеу, 2005.
9. Қалиева К.С. Қазіргі білім беру жүйесіндегі құзіреттілік тәсіл. – Алматы: Білім, 2018.
10. Құдайбергенова К.С. Құзіреттілік ұғымының педагогикалық мәні // Педагогика журналы. – 2008.

# ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ОЛИГАФРЕНОПЕДАГОГИКАНЫҢ РӨЛІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

***Кенжесейт Н.М***
*Павлодар қаласы Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті*
***Мурзатаева А.К***
*ғылыми жетекшісі: педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы, Павлодар қаласы*

**Аннотация**

Бұл ғылыми мақалада зияттық дамуында бұзылыстары бар балаларға көрсетілетін олигафренопедагогикалық қолдаудың мазмұны мен маңызы инклюзивті білім беру жағдайында кешенді түрде қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі қазіргі кезеңде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар санының артуымен және оларды жалпы білім беру ортасына тиімді кіріктіру қажеттілігімен негізделеді. Мақалада зияттық дамуында ауытқулары бар балалардың психологиялық, танымдық және әлеуметтік даму ерекшеліктері ғылыми тұрғыда сипатталып, олардың оқу үдерісіндегі қиындықтары жүйелі түрде талданады. Сонымен қатар, олигафренопедагогикалық қолдаудың құрылымы айқындалып, оның негізгі компоненттері ретінде диагностика, түзете-дамыту жұмысы, оқыту процесін дараландыру, әлеуметтік бейімдеу және ата-анамен жұмыс бағыттары қарастырылады. Зерттеу барысында арнайы педагогикалық әдістер мен технологиялардың тиімділігі қарастырылып, олардың балалардың танымдық белсенділігіне, сөйлеу тілінің дамуына және әлеуметтік дағдыларының қалыптасуына әсері анықталады. Эксперименттік бөлімде бастауыш сынып оқушыларымен жүргізілген педагогикалық зерттеу нәтижелері ұсынылып, олигафренопедагогикалық қолдаудың тиімділігі салыстырмалы талдау негізінде дәлелденеді. Зерттеу нәтижелері жүйелі және мақсатты түрде ұйымдастырылған түзете-дамыту жұмыстары балалардың оқу жетістіктерін арттырып, олардың қоғамға бейімделу мүмкіндіктерін кеңейтетінін көрсетеді.

В данной научной статье рассматривается роль олигофренопедагогики в условиях инклюзивного образования как важного направления современной образовательной системы. Актуальность исследования обусловлена увеличением числа детей с интеллектуальными нарушениями и необходимостью их эффективной интеграции в общеобразовательную среду. В работе подробно анализируются психологические, когнитивные и социальные особенности развития данной категории обучающихся, а также трудности, возникающие в процессе обучения. Раскрывается сущность олигофренопедагогического сопровождения, определяются его структурные компоненты, включая диагностику, коррекционно-развивающую работу, индивидуализацию обучения, социальную адаптацию и взаимодействие с родителями. Особое внимание уделяется современным педагогическим технологиям и методам, направленным на развитие познавательной активности, речи и социальных навыков детей. В экспериментальной части представлены результаты педагогического исследования, проведенного с участием учащихся начальных классов. Сравнительный анализ полученных данных подтверждает эффективность системного олигофренопедагогического воздействия.

This scientific article examines the role of oligophrenopedagogy in the context of inclusive education as an important component of modern educational systems. The relevance of the study is determined by the increasing number of children with intellectual disabilities and the need for their effective integration into general education environments. The paper analyzes

the psychological, cognitive, and social characteristics of such learners and highlights the challenges they face in the learning process. The concept of oligophrenopedagogical support is explored, including its main components such as assessment, corrective and developmental work, individualized instruction, social adaptation, and collaboration with parents. Particular attention is given to modern pedagogical methods and technologies aimed at enhancing cognitive activity, speech development, and social skills. The experimental section

**Кілт сөздер**: инклюзивті білім беру, олигафренопедагогика, арнайы педагогика, зияттық даму бұзылыстары, ерекше білім беру қажеттіліктері, түзете-дамыту жұмысы, педагогикалық қолдау, әлеуметтік бейімделу, танымдық даму, оқу мотивациясы, жеке білім беру траекториясы, инклюзивті орта, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу

**Ключевые слова**: инклюзивное образование, олигофренопедагогика, специальная педагогика, интеллектуальные нарушения, особые образовательные потребности, коррекционно-развивающая работа, педагогическое сопровождение, социальная адаптация, развитие познавательной деятельности, учебная мотивация, индивидуализация обучения, инклюзивная среда

**Keywords**: inclusive education, oligophrenopedagogy, special education, intellectual disabilities, special educational needs, corrective and developmental work, pedagogical support, social adaptation, cognitive development, learning motivation, individualized learning, inclusive environment

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына сәйкес жаңаша мазмұнға ие болып, тұлғаға бағытталған оқыту парадигмасына көшуде. Бұл өзгерістердің негізгі мақсаты – әрбір баланың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сапалы білім алу құқығын қамтамасыз ету. Осы тұрғыда инклюзивті білім беру жүйесі білім беру саласындағы маңызды бағыттардың бірі ретінде қарастырылып, барлық оқушыларды бір білім беру кеңістігінде оқытуға жағдай жасауды көздейді.

Инклюзивті білім беру жағдайында зияттық дамуында бұзылыстары бар балалардың білім алуы ерекше назарды талап етеді. Бұл категориядағы оқушылардың танымдық процестері баяу дамиды, олар ақпаратты қабылдау, өңдеу және есте сақтау барысында қиындықтарға тап болады. Сонымен қатар, олардың сөйлеу тілінің дамуы, логикалық ойлауы және әлеуметтік қарым-қатынас дағдылары да жеткіліксіз деңгейде қалыптасуы мүмкін. Мұндай ерекшеліктер дәстүрлі оқыту әдістерінің тиімділігін төмендетіп, арнайы ұйымдастырылған педагогикалық қолдауды қажет етеді.

Осыған байланысты олигафренопедагогика ғылымының маңызы ерекше артады. Олигафренопедагогика – зияттық дамуында бұзылыстары бар балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту заңдылықтарын зерттейтін арнайы педагогиканың негізгі салаларының бірі. Бұл сала баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оның танымдық қабілеттерін дамытуға, әлеуметтік ортаға бейімделуіне және өмірге қажетті дағдыларды меңгеруіне бағытталған.Зерттеу барысында инклюзивті сынып жағдайында педагогикалық эксперимент ұйымдастырылды. Экспериментке бастауыш сыныпта білім алатын зияттық дамуында жеңіл деңгейдегі бұзылыстары бар оқушылар қатысты. Зерттеудің бастапқы кезеңінде оқушылардың

танымдық даму деңгейі, зейіннің тұрақтылығы, есте сақтау қабілеті, сөйлеу белсенділігі және әлеуметтік қарым-қатынас дағдылары жан-жақты талданды. Нәтижесінде көптеген оқушыларда оқу материалын меңгеруде қиындықтар, тапсырмаларды орындауда баяулық және қарым-қатынас кезінде сенімсіздік байқалды.Қалыптастыру кезеңінде олигафренопедагогикалық түзете-дамыту жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылды. Бұл жұмыстардың мазмұнына ойын элементтерін пайдалану, көрнекілік құралдарын қолдану, қайталау әдістерін енгізу, жеке және сараланған тапсырмалар беру кірді. Сонымен қатар, әрбір оқушы үшін жеке білім беру траекториясы құрылып, оқу материалы оның даму деңгейіне сәйкес бейімделді. Мұндай тәсіл оқушылардың оқу процесіне қызығушылығын арттырып, олардың белсенділігін күшейтті.Эксперимент нәтижелері көрсеткендей, жүйелі түрде жүргізілген түзете-дамыту жұмыстары балалардың дамуында айтарлықтай оң өзгерістерге әкелді. Оқушылардың зейіні тұрақтанып, есте сақтау қабілеті жақсарды, сөйлеу белсенділігі артты және әлеуметтік қарым-қатынас дағдылары қалыптаса бастады. Сонымен қатар, олардың өзіне деген сенімділігі күшейіп, сыныптағы басқа оқушылармен өзара әрекеттесу деңгейі жоғарылады.

*Дегенмен, зерттеу барысында инклюзивті білім беру жүйесінде бірқатар мәселелердің бар екені анықталды. Атап айтқанда, арнайы мамандардың жетіспеушілігі, педагогтардың кәсіби даярлығының жеткіліксіздігі, оқу-әдістемелік құралдардың тапшылығы және қоғамдағы стереотиптердің сақталуы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың толыққанды дамуына кедергі келтіреді. Сонымен қатар, ата-аналармен жүйелі жұмыстың жеткіліксіз ұйымдастырылуы да білім беру процесінің тиімділігіне әсер етеді.Осы мәселелерді шешу үшін білім беру жүйесінде кешенді өзгерістер қажет.*

*Біріншіден, олигафренопедагогтарды кәсіби даярлау сапасын арттыру маңызды.*

*Екіншіден, мұғалімдердің инклюзивті білім беру саласындағы құзыреттілігін дамыту қажет.*

*Үшіншіден, заманауи педагогикалық технологияларды, оның ішінде цифрлық ресурстарды кеңінен енгізу тиімді нәтиже береді.*

*Қорытындылай келе, инклюзивті білім беру жағдайында олигафренопедагогиканың рөлі ерекше маңызды екені анықталды. Жүйелі және ғылыми негізделген педагогикалық қолдау зияттық дамуында бұзылыстары бар балалардың білім алу сапасын арттырып қана қоймай, олардың әлеуметтік бейімделуіне, тұлғалық дамуына және қоғамда өз орнын табуына мүмкіндік береді. Сондықтан бұл бағыттағы ғылыми зерттеулерді жалғастыру және практикалық тәжірибені жетілдіру бүгінгі күннің өзекті міндеттерінің бірі болып табылады.*

**Пайдаланылған әдебиеттер (Қазақстан және Ресей дереккөздерімен)**

1. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың 2025–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы. – Астана, 2024.

2. ҚР «Білім туралы» Заңы. – Алматы, 2021.
3. Выготский Л.С. Основы дефектологии. – Москва, 1983.
4. Малофеев Н.Н. Специальная педагогика. – Москва, 2020.
5. Елисеева Н.В. Олигофренопедагогика. – Москва, 2018.
6. ЮНИСЕФ. Қазақстандағы инклюзивті білім беру бойынша есеп, 2.Петрушина.
7. Козлова Н.А., Петрова И.В. Инклюзивное образование: теория и практика. – Санкт-Петербург: Питер, 2021.
8. Е.В. Психолого-педагогическое сопровождение детей с интеллектуальными нарушениями. – Москва, 2019

# ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДА МАМАНДАРДЫҢ ЖИ-САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

***Ә.Е. Қыдырбай , К.Н. Есбулатова, А.А. Валихан, В.Б.Письменова***
*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университет, Павлодар қ.*
***Г.И. Жумажанова***
*Ғылыми жетекші: психология магистрі, аға оқытушы, Павлодар қ.*

**Аңдатпа.** Бұл ғылыми мақалада қазіргі заманғы цифрлық трансформация үдерістері жағдайында түрлі сала мамандарының жасанды интеллект (ЖИ) саласындағы сауаттылығын арттырудың әдістемелік негіздері қарастырылады. Технологиялардың қарқынды дамуы еңбек нарығында жаңа талаптар туғызып, мамандардан тек цифрлық дағдыларды ғана емес, сонымен қатар ЖИ құралдарын кәсіби қызметте тиімді қолдану құзыреттілігін талап етуде. Зерттеу жұмысының аясында автор мамандарды оқытуға арналған арнайы білім беру платформасының концепциясын ұсынады. Бұл платформа теориялық білімді практикалық дағдылармен ұштастыра отырып, күрделі ЖИ алгоритмдерін қарапайым әрі қолжетімді деңгейде меңгеруге мүмкіндік береді. Ұсынылып отырған әдістеме мамандардың функционалдық міндеттерін автоматтандыруға және шешім қабылдау процестерін оңтайландыруға бағытталған практикалық модульдерден тұрады. Платформаның ерекшелігі — пайдаланушының бастапқы деңгейіне бейімделетін адаптивті оқыту траекториялары мен prompt-инжиниринг дағдыларын қалыптастыратын интерактивті тапсырмалар жүйесінде. Зерттеу нәтижесінде ЖИ-сауаттылықты арттырудың кешенді моделі жасалып, оның мамандардың бәсекеге қабілеттілігін нығайтудағы және технологиялық кедергілерді жоюдағы тиімділігі дәлелденді. Мақалада келтірілген тұжырымдар мен әзірленген оқу бағдарламасының құрылымы корпоративтік оқыту жүйелерінде және заманауи EdTech жобаларында қолданыс таба алады.

**Аннотация.** В данной научной статье рассматриваются методические основы повышения грамотности специалистов различных отраслей в области искусственного интеллекта (ИИ) в условиях современных процессов цифровой трансформации. Стремительное развитие технологий создает новые требования на рынке труда и требует от специалистов не только цифровых навыков, но и компетентности в эффективном применении инструментов ИИ в профессиональной деятельности. В рамках исследовательской работы автор представляет концепцию специальной образовательной платформы для обучения специалистов. Данная платформа позволяет освоить сложные алгоритмы ИИ на простом и доступном уровне, сочетая теоретические знания с практическими навыками. Предлагаемая методика состоит из практических модулей, направленных на автоматизацию функциональных обязанностей специалистов и оптимизацию процессов принятия решений. Особенностью платформы является интерактивная система задач, формирующая адаптивные траектории обучения и навыки разработки prompt, которые адаптируются к исходному уровню пользователя. В результате исследования разработана комплексная модель повышения ИИ-грамотности, доказана ее эффективность в укреплении конкурентоспособности специалистов и устранении технологических барьеров. Выводы, представленные в статье, и структура разработанной учебной программы могут найти применение в корпоративных системах обучения и современных проектах EdTech.

**Abstract.**This scientific article discusses the methodological foundations for improving the literacy of specialists in various fields in the field of artificial intelligence (AI) in the context of modern digital transformation processes. The rapid development of technologies creates new requirements in the labor market, requiring specialists not only digital skills, but also the

competence to effectively use AI tools in professional activities. As part of the research work, the author presents the concept of a special educational platform for training specialists. This platform allows you to master complex AI algorithms at a simple and accessible level, combining theoretical knowledge with practical skills. The proposed methodology consists of practical modules aimed at automating the functional responsibilities of specialists and optimizing decision-making processes. A feature of the platform is an interactive task system that forms adaptive learning trajectories and prompt — engineering skills that adapt to the user's initial level. As a result of the study, a comprehensive model for improving AI literacy has been developed and its effectiveness in strengthening the competitiveness of specialists and eliminating technological barriers has been proven. The conclusions presented in the article and the structure of the developed curriculum can find application in corporate training systems and modern EdTech projects.

**Түйін сөздер:** цифрлық трансформация, платформа, құзыреттілік, әдістеме, жасанды интеллект, кәсіби құзыреттілік.

**Ключевые слова:** интеллект, трансформация, платформа, компетентность, методика, искусственный интеллект, профессиональные компетенции.

**Keywords:** intelligence, transformation, platform, competence, methodology, artificial Intelligence, professional competencies.

**Кіріспе.** Қазіргі таңда цифрлық трансформация үдерістері жаһандық еңбек нарығын қарқынды өзгертуде, осыған орай мемлекеттік деңгейде стратегиялық міндеттер қойылып отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей: «Цифрлық технологиялар жаһандық еңбек нарығын жылдам өзгертіп жатыр. Әлемде жасанды интеллектімен жұмыс істеудің қыр-сырын білетін мамандарға деген сұраныс артып келеді. Сол себепті менің тапсырмаммен 100 мыңға жуық студентті жоғары технологиялық жобаларға тартуды көздейтін Al-Sana бағдарламасы жүзеге асырыла бастады. Алайда жасанды интеллектімен жұмыс істеу құзіретін қалыптастыру әлдеқайда ерте жастан, яғни мектеп қабырғасынан қолға алынуға тиіс» [1]. Бұл пікір мамандардың ЖИ-сауаттылығын арттыру мәселесінің өзектілігін айқындай түседі. Осы бағытта біздің елімізде 2025-2026 оқу жылында мектептің «Цифрлық сауаттылық» және «Информатика» оқу пәндері мазмұнына жасанды интеллекті негіздері кіріктіріліп оқытылады. Алтынсарин академиясының Орта білім мазмұны институты биылғы оқу жылына әзірлеген Әдістемелік нұсқау хатында «Оқу процесіне жасанды интеллектіні кіріктіру» бөлімін ұсынды, онда ЖИ шешімдерін кіріктіру жолдары ұсынымдық кеңес түрінде берілді. Бұл үдерістің маңыздылығын ҚР Оқу-ағарту министрлігі: «Педагогтердің біліктілігін арттыру ЖИ-ні білім беру үдерісіне табысты кіріктірудің аса маңызды құрамдас бөлігі болып табылады» – деп негіздейді [2]. Сондықтан, зерттеудің мақсаты – цифрлық трансформация жағдайында мамандардың ЖИ-сауаттылығын кешенді түрде арттыруға арналған ақпараттық білім беру платформасының әдістемелік негіздерін әзірлеу және оның тиімділігін негіздеу болып табылады. Зерттеудің гипотезасы: Арнайы білім беру платформасын енгізу – мамандардың заманауи жасанды интеллект технологияларын кәсіби деңгейде меңгеру тиімділігін және олардың жаһандық еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай

арттырады. Осы мақсатқа жету үшін мақалада мамандарды оқытудың заманауи тәсілдері мен практикалық қолданыс аспектілері талданды.

Жасанды интеллект (ЖИ) ұғымына ғылыми тұрғыдан анықтама берер болсақ, зерттеуші А.А. Айтбенова тұжырымы бойынша: «Жасанды интеллект – информатика бағыты, оның мақсаты қолданушыға табиғи тілдің шектеулі жиынтығында ЭЕМ-мен қарым-қатынас жасай отырып, дәстүрлі түрде интеллектуалды міндеттерді қоюға және шешуге мүмкіндік беретін аппараттық-бағдарламалық құралдарды әзірлеу болып табылады». Қазір жасанды интеллектіні дамыту жолындағы бәсекеге әлемнің отыздан астам елі қосылып, олардың ішінде АҚШ пен Қытай көш бастап тұр. Сарапшы С. Сейдуәлиевтің дерегінше, соңғы он жылда Қытай ЖИ-ге салынған әлемдік инвестицияның 60 пайызын тарта алған және 2025 жылға қарай ЖИ-ді өнеркәсіпті жаңғыртудың басты қозғаушы күші ретінде айқындады [3].

«Жасанды интеллект» деген атау сөзді американдық информатик ғалым Дж.Маккарти 1956 жылы Англияда Дартмутте өткен семинарда алғаш рет енгізді. Ал «машинамен оқыту» термині машинаның мәтінді автоматты түрде тануын сипаттау үшін алғаш рет 2006 жылы қолданылды [4].

Жалпы алғанда, ЖИ – компьютерлік құралдар арқылы жеке ақыл-ой іс-әрекеттерін орындау. Ол жеке ғылыми бағыт ретінде XX ғасырдың екінші жартысында кибернетиканың дамуына тәуелді пайда болды. Басқару, талдау, салыстыру, ақпаратты өңдеу және болжам жасау негізінде шешім қабылдау интеллектуалды қызметтің негізгі операциялары болып табылады. Жасанды интеллект жүйелері – арнайы логикалық жүйелер арқылы компьютерлік бағдарламада жүзеге асырылған адам интеллектінің жеке аспектілерін ұдайы өндіретін техникалық жүйелер [5]. Стюарт Рассел ЖИ жүйелерінің адам мүддесіне қызмет етуі тиіс екенін айта келе, білім берудегі бақылау мәселесіне назар аударады. Оның пайымдауынша, интеллектуалды жүйелер оқушының қажеттілігін «белгісіздік» принципі арқылы танып, үнемі кері байланысқа сүйенуі қажет . Бұл білім алушының жеке траекториясын қалыптастыруда маңызды. Д.А. Поспелов бойынша ЖИ саласындағы зерттеудің екі басым тәсілі бар: нейробиондық және ақпараттық. Алғашқылардың жақтастары адамның миында өтетін процестерді жасанды түрде көбейту мақсатын алға қойса, екінші тәсілдің жақтаушылары интеллектуалды ақпараттық жүйелер мен білімге негізделген бағдарламаларды зерттеуге сүйенеді [6].

Ал Кай-Фу Ли ЖИ-дің экономикалық және әлеуметтік әсерін талдай отырып, болашақ білім беру жүйесінде «техникалық дағдылар» мен «гуманитарлық жанашырлықтың» тепе-теңдігін сақтау керектігін алға тартады. Оның пікірінше, машиналар рутиндік тапсырмаларды өз мойнына алғанда, педагогтардың рөлі менторлық пен эмоционалды қолдауға қарай ойысады [7].

Макс Тегмарк болса, ЖИ-ді «Өмір 3.0» кезеңінің ажырамас бөлігі ретінде сипаттайды. Ол білім беру саласында ЖИ-дің интеллектуалды деңгейінің артуы адамзаттың танымдық қабілеттерін шектемей, керісінше

кеңейтуі тиіс екенін ескертеді [8]. Бұл ретте Ник Бостром суперинтеллектіге өту кезеңіндегі стратегиялық қауіпсіздікті бірінші орынға қояды. Оның тұжырымдамасы білім берудегі ЖИ алгоритмдерінің этикалық шеңберін қатаң сақтау қажеттілігін негіздейді [9].

Экономикасы мен технологиясы, өндірісі мен әлеуеті қарқынды дамыған елдер білім беру жүйесіне ЖИ шешімдерін кеңінен енгізуде. Жасанды интеллект саласында әлемдік көшбасшы **Қытай мемлекетінде** биылғы оқу жылынан бастап ЖИ арнайы оқу пәні ретінде еніп отыр. Аспанасты елінде мектеп табалдырығын аттаған 6 жасар бала ЖИ технологиясын игере бастайды. **Біріккен Араб Әмірліктерінде** де жасанды интеллект оқу пәні ретінде енгізіліп, бастауыш сыныптан бастап жоғары сынып оқушыларына дейін бағдарламаға сәйкес ЖИ шешімдерін деңгей-деңгей бойынша оқып меңгереді.

Біздің елімізде 2025-2026 оқу жылында мектептің «Цифрлық сауаттылық» және «Информатика» оқу пәндері мазмұнына жасанды интеллекті негіздері кіріктіріліп оқытылады. Мектеп бағдарламасына жасанды интеллект жеке оқу пәні ретінде емес, оқу пәндері мазмұнына кіріктіріліп енеді. Алтынсарин академиясының Орта білім мазмұны институты биылғы оқу жылына әзірлеген Әдістемелік нұсқау хатында «Оқу процесіне жасанды интеллектіні кіріктіру» бөлімін ұсынды. Аталған Нұсқау хатында әр оқу пәнін ұйымдастыру ерекшеліктерімен қатар, ЖИ шешімдерін кіріктіру жолдары ұсынымдық кеңес түрінде берілді. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ұстаздарға ЖИ технологиясын меңгертудің үш деңгейлі моделі аясында жұмысты бастап кетті (сурет1).

*Сурет 1 – ЖИ технологиясын меңгертудің үш деңгейлі моделі*

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ұстаздарға ЖИ технологиясын меңгертудің үш деңгейлі моделі аясында жұмысты бастап кетті. **Бірінші модель** бойынша орта білім беру ұйымдары педагогтеріне ЖИ туралы базалық деңгей мен цифрлық сауаттылық негіздері үйретіледі. **Екінші модельде** ЖИ-ді пәнге кіріктіру әдіс-тәсілдері оқытылады. **Үшінші модель** бойынша мұғалімдердің ЖИ арқылы жобалық және зерттеу жұмыстарын жүргізу сауаттылығын арттыру көзделген [10].

Бүгінгі ғылымның басты жетістіктерінің бірі – жасанды интеллект ғылым саласынан шығып, медиа индустрияның алдында тұрған проблемаларды шешуге көмектесетін нақты құралға айналды. Қазіргі заманда жасанды интеллект негізінде қалыптасқан технологиялар редакциялар мен басылымдарда кең қолданыс тауып, ақпаратпен жұмыс

істеу, бейнематериалдарды дайындау және фотосуреттерді өңдеу сияқты функцияларды тез әрі сапалы орындауда. Осы ретте ғалым О. Сәбден: «XXI ғасырда жасанды интеллект адаммен тікелей байланыса бастады, ол экономиканы цифрландырып, денсаулық саласынан бастап әлеуметтік есептерді де шығаруда» – деп атап өтеді [11].

Алайда, жаһандық даму қарқынына қарамастан, қазақ тіліндегі ресурстар бүкіл интернеттің 0,1 пайызынан азын ғана құрайды. Сайттардың тек 5,6 пайызында қазақ тіліндегі контент бар болса, өзге тілдегі ақпараттардың ену деңгейі 90 пайыздан асады. Бұл теңгерімсіздік ана тілінде ақпарат алуды шектейді, тіпті GPT, LLAMA, Deepseek және Gemini сияқты заманауи технологиялар қазақ тілін толық өңдеуге әлі бейімделмеген [12]. Осыған орай, Г. Ж. Абдраимова мен К. Г. Елшібаева бұл үдерістің болашақ бастауыш сынып мұғалімдері үшін кәсіби құзыреттіліктің ажырамас бөлігі екенін дәлелдейді [13].

**Зерттеу әдістері.** Зерттеу жұмысының мақсатына жету үшін кешенді әдістер жиынтығы қолданылды. Негізгі зерттеу құралы ретінде сапалық және сандық талдау әдістері таңдалып, Қазақстанның жалпы орта білім беру ұйымдарында Павлодар қаласындағы №19, №37, №41, №47 мектептер мен Әлихан Бөкейхан атындағы лицейде, сондай-ақ Астана қаласының №23, №31, №62, №81, №102 мектептері мен «Binom» мектептерінде еңбек ететін 96 педагогтің қатысуымен әлеуметтік сауалнама жүргізілді. Сауалнама мұғалімдердің цифрлық дайындығын, ЖИ технологияларына деген көзқарасын және оларды қолданудағы негізгі кедергілерді анықтауға бағытталған сұрақтардан тұрды.

Зерттеудің әдіснамалық негізі**.** Зерттеу барысында мәліметтерді жинау және өңдеу үшін келесі тәсілдер қолданылды:

1. Дескриптивті талдау: Респонденттердің жауаптарын пайыздық көрсеткіштер арқылы сипаттау.

2. Салыстырмалы әдіс: Педагогтардың еңбек өтілі мен олардың жаңа технологияларды қабылдау деңгейі арасындағы байланысты анықтау.

3. Интерпретациялау: Мұғалімдердің ЖИ құралдарына қатысты қауіптері мен үміттеріне сапалық баға беру.

Сауалнама құрылымы

Төменде зерттеуде қолданылған сауалнаманың дәлме-дәл нұсқасы берілген. Сауалнама екі тілде (қазақ және орыс) жүргізілді:

1. Сіздің педагогикалық еңбек өтіліңіз

А) 0–5 жыл

Ә) 25 жылдан жоғары

Б)6–15 жыл

В) 16–25 жыл

2. Күнделікті жұмыс барысында технологияларды қолдану сіз үшін қаншалықты қиын

Ә) Орташа

А) Өте оңай

Б) Қиын

В) Мүлдем қолданбаймын

3. «Жасанды интеллект» (ChatGPT, Canva AI, т.б.) терминімен таныссыз ба?

А) Иә, қолданамын

Ә) Естідім, бірақ қолданып көрмедім

Б) Жалпы түсінігім бар

В) Мүлдем естімедім

4. Сабаққа дайындалу барысында орташа есеппен қанша уақыт жұмсайсыз?

А) 1 сағатқа дейін

Ә) 1–3 сағат

Б) 3 сағаттан көп

5. ЖИ құралдары сіздің күнделікті жұмысыңызды жеңілдететініне сенесіз бе?

А) Иә, ол уақытты үнемдейтін таптырмас көмекші.

Ә) Жоқ, оны үйренуге және түзетуге одан да көп уақыт кетеді деп ойлаймын.

Б) Күмәнім бар, ол мұғалімнің шығармашылық ойлауын шектейтін сияқты.

6. Технологиялық жаңалықтарды қалай меңгергенді ұнатасыз?

Ә) Қысқа бейне-нұсқаулықтар арқылы

А) Өз бетімше

Б) Арнайы курстар арқылы

7. Жасанды интеллект білім беру саласында мұғалімді толықтай алмастыруы мүмкін бе?

А) Мүмкін емес, ЖИ-де мұғалімге тән эмоция мен тәрбиелік рөл жоқ.

Ә) Ішінара алмастыруы мүмкін (тек ақпарат беру бөлігінде).

Б) Иә, болашақта мұғалім тек техникалық куратор ретінде қалады.

8. Егер сізге ЖИ-ді қазақ тілінде, ешқандай тіркелусіз және тегін қолдану мүмкіндігі берілсе, алғашқы қадамды жасауға дайынсыз ба?

А) Иә, дәл қазір бастауға дайынмын.

Ә) Тек біреу қасымда көрсетіп тұрса ғана көремін.

Б) Жоқ, бұрынғы үйреншікті әдістерім маған сенімдірек.

**Нәтижелер.** Жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижелері 96 педагогтың жасанды интеллект (ЖИ) технологияларына қатысты көзқарасы мен цифрлық дайындығының шынайы көрінісін айқындады (кесте 1).

Алынған мәліметтерді келесі бағыттар бойынша топтастыруға болады:

1.Респонденттердің кәсіби профилі және технологиялық дағдылары

-Сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі — жұмыс өтілі 0–5 жыл (38%) және 25 жылдан жоғары (26%) педагогтар. Бұл көрсеткіш зерттеудің жас мамандар мен тәжірибелі ұстаздардың пікірін теңдей қамтығанын көрсетеді.

-Технологияларды қолдану деңгейіне келсек, респонденттердің 32%-ы үшін бұл процесс «өте оңай», ал 45%-ы үшін «орташа» деңгейде.

Мұғалімдердің тек 6%-ы ғана технологияларды мүлдем қолданбайтынын атап өткен. Бұл мектептердегі цифрландыру деңгейінің базалық тұрғыда қалыптасқанын дәлелдейді.

*Кесте 1 — Педагогтардың ЖИ сауаттылығын тексеру сауалнама нәтижесі*

| № | Сауалнама сұрақтары | 1 (%) | 2 (%) | 3 (%) | 3 (%) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Педагогикалық еңбек өтіліңіз | 0–5 жыл (38%) | 6–15 жыл (23%) | 16–25 жыл (14%) | 25 жылдан жоғары (26%) |
| 2 | Технологияны қолдану қиындығы | Өте оңай (32%) | Орташа (45%) | Қиын (21%) | Қолдан-баймын (6%) |
| 3 | ЖИ терминімен таныстығыңыз | Қолданамын (68%) | Естідім (18%) | Түсінігім бар (14%) | Естімедім (2%) |
| 4 | Сабаққа дайындалу уақыты | 1 сағатқа дейін (28%) | 1-3 сағатқа дейін (63%) | 3 сағаттан көп (11%) | – |
| 5 | ЖИ жұмысты жеңілдете ме? | Иә, көмекші (83%) | Жоқ, уақыт алады (13%) | Күмәнім бар (5%) | – |
| 6 | Үйренудің қолайлы форматы | Өз бетінше (35%) | Видео-нұсқаулық (61%) | Арнайы курстар (23%) | – |
| 7 | ЖИ мұғалімді алмастыра ма? | Мүмкін емес (69%) | Куратор болады (6%) | Ішінара (30%) | – |
| 8 | Қазақша ЖИ-ді бастауға дайынсыз ба? | Дайынмын (72%) | Көмек керек (20%) | Ескі әдіс жақсы (9%) | – |

2. Жасанды интеллект терминімен таныстық және уақыт менеджменті

Зерттеу барысында ЖИ терминімен таныстық деңгейі жоғары екені анықталды. Мұғалімдердің 68%-ы ЖИ құралдарын өз жұмысында белсенді қолданатынын көрсетсе, тек 2%-ы ғана бұл термин туралы естімеген.

Сабаққа дайындалу уақыты бойынша келесі деректер алынды:

-63% педагог сабаққа дайындыққа 1–3 сағат жұмсайды;

-11% мұғалім 3 сағаттан көп уақытын бөледі.

Бұл деректер мұғалімдердің жұмыс жүктемесінің жоғары екенін және олардың уақытын үнемдейтін технологиялық шешімдерге (мысалы, ЖИ) мұқтаж екенін айқындайды.

3. ЖИ-ге деген сенім және болашаққа көзқарас

- Респонденттердің басым көпшілігі (83%) ЖИ құралдары күнделікті жұмысты жеңілдететін «таптырмас көмекші» болатынына сенеді. Дегенмен, 13%-ы жаңа технологияны меңгеру мен оның қатесін түзетуге көп уақыт кетеді деп қауіптенеді.

- Ең маңызды нәтижелердің бірі — мұғалімнің рөліне қатысты көзқарас. Мұғалімдердің 69%-ы ЖИ адамды толық алмастыра алмайтынына (эмоция мен тәрбие рөлінің жоқтығына байланысты) сенімді. Бірақ 30%-ы

ЖИ мұғалімді ішінара (ақпарат беру бөлігінде) алмастыруы мүмкін деп есептейді.

4. Оқыту форматы және дайындық деңгейі

-Технологиялық жаңалықтарды меңгеруде педагогтар бейне-нұсқаулықтарға (61%) басымдық береді. Бұл дәстүрлі ұзақ курстардан гөрі, қысқа әрі нақты микро-оқыту форматының тиімділігін көрсетеді.

-Сонымен қатар, егер ЖИ құралдары қазақ тілінде және тегін ұсынылса, мұғалімдердің 72%-ы оны дәл қазір қолдануды бастауға дайын екенін білдірген. Тек 9%-ы ғана ескі әдістерге адалдық танытқан (сурет 2).




*Сурет 2 – Педагогтардың жасанды интеллект технологияларын қолдануға дайындығы*

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, Қазақстандық педагогтар ЖИ технологияларын қабылдауға психологиялық тұрғыдан дайын. Олардың басым бөлігі ЖИ-ді бәсекелес емес, уақытты үнемдейтін тиімді құрал ретінде көреді. Зерттеудің негізгі нәтижесі — ЖИ құралдарын қазақ тілінде енгізуге деген сұраныстың өте жоғары болуы.

**Талқылау.** Зерттеу нәтижелерін талдау барысында қазіргі қазақстандық білім беру жүйесіндегі ең күрделі дилемма анықталды: бір жағынан, мемлекеттік деңгейдегі цифрлық трансформация талаптары, екінші жағынан, тәжірибелі педагогтер қауымының жаңа технологиялар алдындағы "технологиялық тосырқауы". Сауалнамаға қатысқан педагогтердің басым бөлігі (74%-ы) сабаққа дайындалуға тым көп уақыт жұмсайтынын көрсетсе, соның ішінде еңбек өтілі 16-25 жылдан асатын мамандардың ЖИ-ге деген көзқарасы екіұдай. Осы мәселені шешуде біз әзірлеген «Damu AI» платформасының әдістемелік маңызы зор.

«Damu AI» платформасының логотипі білім мен инновацияның ұштасуын бейнелейді. Ортадағы жарық шам белгісі жаңа идеялар мен шығармашылық ойлауды білдіреді. Қолданылған қанық түстер заманауи технологиялардың мүмкіндігін көрсетеді. Тұтастай алғанда, бұл бейне зияткерлік даму мен алға ұмтылыс нышаны болып табылады (сурет 3).

*Сурет 3 — «Damu AI» платформасының логотипі*
*Damu AI дегеніміз - бұл заманауи цифрлық дағдыларды (Digital Skills) жылдам әрі сапалы меңгеруге арналған инновациялық білім беру платформасы.*

1. Тәжірибелі ұстаздардың «цифрлық кедергісін» еңсеру. Көп жылдық еңбек өтілі бар мұғалімдер — білім беру жүйесінің алтын қоры, бірақ олардың көпшілігі үшін заманауи ЖИ құралдары (ChatGPT, Gemini және т.б.) күрделі интерфейстер мен ағылшын тілді ортаның әсерінен қолжетімсіз болып қалуда. «Damu AI» платформасы дәл осы топтың қажеттіліктерін ескере отырып жасалған. Платформаның интерфейсіндегі қарапайымдылық — бұл тек дизайн емес, бұл мұғалімнің өзіне деген сенімін ояту құралы. Дыбыстық нұсқаулықтар мен қазақ тіліндегі контент мұғалімді «технологиялық жалғыздықтан» құтқарып, оған ЖИ-мен ана тілінде сөйлесуге мүмкіндік береді.

2. Промпт-инжиниринг — жаңа педагогикалық дағды.

Мақалада қарастырылған Ы. Алтынсарин академиясының моделі мен «Damu AI» платформасының екінші модулі арасында тікелей логикалық байланыс бар. Промпт-инжинирингті (ЖИ-ге сұраныс беру өнері) меңгеру — бұл жай ғана чат-ботпен сөйлесу емес, бұл мұғалімнің өз пәнін цифрлық форматта қалай құрылымдауды үйренуі. Тәжірибелі мұғалімнің әдістемелік білімі ЖИ-дің техникалық мүмкіндігімен ұштасқанда, оқу процесі мүлдем жаңа сапаға көтеріледі. Сауалнамада респонденттердің 83%-ы ЖИ-дің көмекші болатынына сенетінін айтты, бірақ оларға нақты «қалай бастау керек?» деген сұраққа жауап қажет еді. Платформадағы дайын шаблондар мен үлгілер осы сұраққа нақты практикалық жауап береді.

3. Этикалық және қауіпсіздік мәселелері. Тәжірибелі ұстаздарды алаңдататын тағы бір үлкен мәселе — ЖИ беретін ақпараттың дұрыстығы мен авторлық құқық. Платформаның төртінші модуліндегі «Этикет және қауіпсіздік» бөлімі мұғалімдерді ЖИ нәтижелерін сыни бағалауға баулиды. Бұл әсіресе педагогикалық этиканы жоғары қоятын орта жастағы мамандар үшін өте маңызды. Олар ЖИ-ді тек ақпарат көзі емес, тексерілуі тиіс құрал ретінде қабылдау арқылы өздерінің кәсіби беделін сақтап қала алады.

Платформаның басты артықшылығы — оның құрамына енгізілген жоғары технологиялық сервистердің өзара логикалық байланысында. Бұл

құралдар оқу үдерісінің әртүрлі кезеңдерін автоматтандыруға және сапалы жақсартуға бағытталған:

—NotebookLM: Бұл құрал платформаның ғылыми-зерттеушілік өзегі болып табылады. Ол үлкен көлемдегі академиялық мәтіндерді жедел өңдеуге, дереккөздерге сүйене отырып жауаптар алуға және ғылыми материалдарды конспектілеуге мүмкіндік береді. Оны қолдану студенттердің ақпаратты семантикалық тұрғыдан талдау қабілетін дамытады.

—Google Gemini және ChatGPT: Жасанды интеллектінің бұл үлкен тілдік модельдері платформада когнитивті ассистенттер ретінде қызмет етеді. Олар сабақ сценарийлерін құрастыру, күрделі тақырыптарды түсіндірудің түрлі вариацияларын жасау және дидактикалық материалдарды генерациялау үдерісін оңтайландырады. Бұл құралдар мұғалімнің интеллектуалдық еңбегінің өнімділігін арттыруға септігін тигізеді.

—Canva: Визуалды коммуникация құралы ретінде сабақтың көрнекілік деңгейін арттыруға жауапты. Ол арқылы студенттер оқу парақтарын, интерактивті инфографикаларды және мультимедиялық презентацияларды жоғары эстетикалық және педагогикалық талаптарға сай жобалай алады.

—Kahoot!: Оқу нәтижелерін бағалаудың интерактивті форматын қамтамасыз етеді. Платформаға интеграцияланған бұл сервис білімді тексеру үдерісін геймификациялауға, кері байланысты жеделдетуге және оқушылардың танымдық белсенділігін ынталандыруға мүмкіндік береді (кесте 2).

*Кесте 2 — Курстардың педагогикалық мақсаты мен қолданылуы*

| Құрал атауы | Педагогикалық мақсаты мен қолданылуы |
|---|---|
| NotebookLM | Зерттеушілік құрал: Мұғалімнің аналитикалық қабілетін дамытады. |
| Google Gemini | Интеллектуалдық ассистент: Сабақ сценарийлерін құруға және күрделі тақырыптарды қарапайым түсіндіруге көмектеседі. |
| ChatGPT | Әдістемелік кеңесші: Дидактикалық материалдар мен деңгейлік тапсырмаларды жылдам дайындайды. |
| Canva | Визуалды коммуникация: Көрнекіліктерді, презентацияларды және цифрлық ресурстарды эстетикалық безендіреді. |
| Kahoot! | Бағалау және геймификация: Кері байланыс орнатуға және сабақты ойын түрінде (викториналар) өткізуге арналған. |

Платформаның ғылыми-практикалық артықшылықтары

—Біріншіден, тілдік қолжетімділік. Контенттің қазақ тілінде болуы оқушылардың когнитивті жүктемесін азайтады, күрделі техникалық ұғымдарды ана тілінде түсінуге мүмкіндік береді. Бұл фактор цифрлық инклюзияны қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады.

—Екіншіден, экономикалық қолжетімділік. Барлық 6+ курс пен 50+ сабақтың тегін болуы білім алушылар үшін қаржылық кедергілерді жояды.

Бұл әлеуметтік әділеттілік пен білім демократияландыру принциптеріне сәйкес келеді.

—Үшіншіден, практикалық бағыттылық. Әр сабақта нақты тапсырмалардың болуы конструктивистік педагогика принциптеріне негізделген. Зерттеулер көрсеткендей, практика арқылы оқыту білімді сақтау деңгейін 40-70%-ға арттырады.

—Төртіншіден, деңгейлік икемділік. Платформа бастауыштан кәсіби деңгейге дейінгі оқу траекториясын ұсынады. Бұл Л.С. Выготскийдің «жақын арадағы даму аймағы» теориясымен үндеседі және жеке тұлғаға бағытталған оқытуды қолдайды.

—Бесіншіден, жасанды интеллект ассистентінің интеграциясы. 24/7 режимінде жұмыс істейтін чат-бот оқушыларға кез келген уақытта көмек алуға мүмкіндік береді. Бұл «қажет кезде оқыту» (just-in-time learning) моделін жүзеге асырып, оқушының автономиясын арттырады.

-Алтыншыдан, мультиинструменталды тәсіл. Платформа дизайн, мәтін жазу, бейне жасау сияқты әртүрлі дағдыларды біріктіреді. Нәтижесінде оқушылар цифрлық сауаттылықты кешенді құзыреттілік ретінде меңгереді.

«Damu AI» платформасы мен ондағы оқу курстарын, ЖИ-бот мүмкіндіктерін қолданғаннан кейін, сол 96 педагог арасында қайта бақылау сауалнамасы жүргізілді. Бұл кезеңнің мақсаты — алғашқы сауалнамада анықталған «уақыт тапшылығы» және «технологиялық тосырқау» мәселелерінің шешілу деңгейін анықтау.

«Damu AI» платформасын қолдану нәтижелерін бағалау сауалнамасы

1. Платформадағы курстар мен ЖИ-ботты қолданғаннан кейін, сабаққа дайындалу уақытыңыз қалай өзгерді?

А) Айтарлықтай қысқарды (1 сағаттан аз уақыт кетеді)

Ә) Орташа деңгейде қысқарды (1-2 сағат)

Б) Өзгеріссіз қалды

В) Керісінше, уақыт көбірек жұмсала бастады

2. Платформаның қазақ тілінде болуы және дыбыстық нұсқаулықтардың болуы сізге ЖИ-ді меңгеруге қаншалықты көмектесті?

А) Өте қатты көмектесті, технологиялық кедергілер жойылды

Ә) Жартылай көмектесті, кейбір тұстары әлі де қиын

Б) Маған тілдік орта маңызды емес

В) Түсінуге қиындық тудырды

3. Платформадағы «Промпт-инжиниринг» (сұраныс беру) модулінен кейін ЖИ-мен жұмыс істеу дағдыңыз қандай деңгейде?

А) Енді мен нақты әрі сапалы сұраныстар (промпттар) бере аламын

Ә) Базалық деңгейде түсіндім, бірақ әлі де ізденіс керек

Б) Бұрынғы деңгейде қалдым

В) Промпт жазуды әлі де түсінбедім

4. Платформаның интерфейсі (дизайны, қаріптердің өлшемі, батырмалардың орналасуы) сіз үшін қаншалықты қолайлы болды?

А) Өте ыңғайлы, интуитивті түсінікті

Ә) Қанағаттанарлық деңгейде

Б) Кейбір функцияларды табу қиын болды

В) Мүлдем ыңғайсыз

5. Платформаны қолдану барысында ЖИ-ге деген сеніміңіз қалай өзгерді?

А) ЖИ-дің жұмысты жеңілдететін нақты көмекші екеніне толық көзім жетті

Ә) Жартылай сенемін, бірақ әлі де күмәнім бар

Б) Көзқарасым өзгерген жоқ

В) ЖИ-ге деген сенімім азайды

6. Сіз «Damu AI» платформасын әріптестеріңізге немесе басқа педагогтарға ұсынар ма едіңіз?

А) Иә, міндетті түрде

Ә) Мүмкін, егер олар қызығушылық танытса

Б) Жоқ, ұсынбаймын

Нәтижесі:

1. Сабаққа дайындық уақытының үнемделуі

Платформа мен ИИ-ботты қолданғаннан кейін мұғалімдердің жұмысы айтарлықтай жеңілдеген:

-69% пайдаланушының сабаққа дайындық уақыты 1 сағаттан аз уақытты алатын болған (айтарлықтай қысқарған).

-24% мұғалімде дайындық уақыты 1-2 сағатқа дейін азайған.

-Тек 1% ғана уақыт көбірек жұмсала бастады деп белгілеген.

2. Қазақ тілі мен дауыстық нұсқаулықтардың маңызы

Платформаның мемлекеттік тілде болуы қолданушылар үшін үлкен қолдау болған:

-68% респондент қазақ тілі мен дауыстық нұсқаулықтар технологиялық кедергілерді жоюға өте қатты көмектескенін айтты.

-26% үшін тілдік орта аса маңызды емес.

3. Промпт-инжиниринг дағдыларын меңгеру

Арнайы оқу модулінен кейін мұғалімдердің жасанды интеллектімен жұмыс істеу деңгейі өскен:

-70% сапалы әрі нақты промпттар (сұраныстар) бере алатынына сенімді.

-24% базалық деңгейді түсінген, бірақ әлі де ізденіс керек деп есептейді.

4. Интерфейстің қолайлылығы

Платформаның дизайны мен қолданылуы өте жоғары бағаланған:

-93% пайдаланушы интерфейсті өте ыңғайлы және интуитивті түсінікті деп тапты.

-Тек 1% ғана кейбір функцияларды табуда қиындық көрген.

5. Жасанды интеллектке (ЖИ) деген сенім

Платформаны қолдану барысында мұғалімдердің ЖИ-ге көзқарасы жақсарған:

-76% ЖИ жұмысты жеңілдететін нақты көмекші екеніне толық көз жеткізген.

-23% ішінара сенсе де, әлі де күмәні бар екенін білдірген.

6. Ұсыныс жасау (Loyalty)

Платформаны басқа әріптестеріне ұсыну көрсеткіші өте жоғары:

-71% міндетті түрде ұсынатынын айтты.

-28% егер әріптестері қызығушылық танытса ұсынуға дайын (сурет 3).




*Сурет 3 — «Dami AI» платформасын қолдану нәтижелерін бағалау сауалнамасының нәтижесі*

Берілген графикте екі сызық арқылы салыстырмалы талдау жасалған: көк сызық «Дейін» кезеңін, ал қоңыр сызық «Кейін» кезеңін білдіреді. Графикте төрт негізгі көрсеткіш қарастырылған: сабаққа дайындалу уақыты (1 сағатқа дейін), технологиялық көрсеткіштер, жасанды интеллектке деген сенім және кәсіби ұсыныс. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, «Дейін» кезеңінде көрсеткіштер төмен деңгейде болса (шамамен 15-30%), ал «Кейін» кезеңінде барлық бағыттар бойынша айтарлықтай өсу байқалады (60-70% деңгейіне дейін). Бұл деректер жасанды интеллект құралдарын қолдану мұғалімдердің жұмыс тиімділігін арттырып, технологиялық құзыреттілігін дамытып, ЖИ-ге деген сенімді нығайтқанын және кәсіби ұсыныстардың өскенін дәлелдейді (сурет 4).




*Сурет 4 — Салыстырмалы динамика*

**Қорытынды.** Зерттеу жұмысын қорытындылай келе, қазіргі цифрлық трансформация дәуірінде білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет — технологиялық прогресс пен педагогикалық тәжірибенің үйлесімді синтезін жасау екенін атап өту қажет. Біздің зерттеуіміз көрсеткендей, жасанды интеллект (ЖИ) білім беру саласында мұғалімді алмастырушы емес, оның интеллектуалды және әдістемелік мүмкіндіктерін еселейтін стратегиялық серіктес ретінде қалыптасуда. Жүргізілген сауалнама нәтижелері педагогтер қауымының, соның ішінде еңбек өтілі 16-25 жыл және одан жоғары тәжірибелі мамандардың ЖИ технологияларына деген қызығушылығының жоғары екенін айқындады. Сонымен қатар, зерттеу барысында тәжірибелі ұстаздардың технологиялық бейімделуіне кедергі болатын үш негізгі фактор анықталды: тілдік кедергі (қазақ тілді контенттің тапшылығы), психологиялық тосырқау (интерфейстің күрделілігі) және уақыт тапшылығы (рутиналық жұмыстардың көптігі).

Осы түйткілді мәселелерді шешу мақсатында біз әзірлеген «Damu AI» инновациялық білім беру платформасы келесідей маңызды тұжырымдарға негіз болады:

1.Технологиялық инклюзивтілік және психологиялық қолдау: Платформаның интуитивті дизайны, үлкен қаріптер мен қазақ тіліндегі дыбыстық нұсқаулықтармен жабдықталуы тәжірибелі педагогтердің цифрлық ортадағы қауіпсіздік сезімін арттырады. Бұл Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ұсынған үш деңгейлі модельдің алғашқы «Базалық сауаттылық» кезеңін практикалық тұрғыда жүзеге асырудың тиімді құралы болып табылады.

2.Әдістемелік жаңғыру және Промпт-инжиниринг: Платформаның екінші және үшінші модульдері мұғалімдерді ЖИ-ге дұрыс сұраныс беру (prompt-engineering) дағдыларына баулиды. Тәжірибелі мұғалімнің бай педагогикалық әдістемесі ЖИ-дің техникалық жылдамдығымен ұштасқанда, сабақ жоспарлау, тест құрастыру және жекеленген оқу тапсырмаларын әзірлеу процесі (сауалнама көрсеткендей 74% мұғалімнің уақытын алатын процесс) сапалы түрде оңтайландырылады.

3.Кәсіби этика және сауаттылық: ЖИ беретін ақпаратты сыни бағалау, авторлық құқықты сақтау және цифрлық этика мәселелерін қамтитын төртінші модуль мұғалімдердің технологиялық құралдарды жауапкершілік-пен қолдану құзыреттілігін қалыптастырады. Бұл ұстаздың кәсіби беделін сақтай отырып, оны заманауи «технологиялық куратор» деңгейіне көтереді.

4.Цифрлық теңсіздікті жою: «Damu AI» платформасының тегін және мемлекеттік тілде қолжетімді болуы Қазақстанның кез келген өңіріндегі, әсіресе ауылдық жерлердегі мамандардың кәсіби дамуына тең мүмкіндік береді. Бұл мемлекеттік деңгейдегі «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы мен AI-Sana жобаларының мақсаттарымен толық үндеседі.

Қорыта айтқанда, зерттеу барысында ұсынылған әдістеме мен «Damu AI» платформасы тәжірибелі ұстаздар мен заманауи технологиялар арасындағы «алтын көпірге» айнала алады. Жасанды интеллект ұстаздың эмоциясын, мейірімін және тәрбиелік рөлін ешқашан алмастыра алмайды,

бірақ ЖИ-ді меңгерген ұстаз өзінің шығармашылық әлеуетін толық ашып, сапалы білім берудің жаңа көкжиектерін бағындыра алады. Бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастыру және платформаны білім беру жүйесіне кеңінен енгізу — еліміздің зияткерлік капиталын нығайтудың маңызды кепілі болмақ.

## Пайданылған әдебиеттер тізімі


1. Қасым-Жомарт Тоқаев /«Bilim jáne Ǵylym!» атты тамыз конференциясының материалдары. [Электрондық ресурс]. – URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-dauirindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifrlyk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957

2. Қазақстан Республикасындағы орта білім беру мазмұнын жаңартудың тұжырымдамасы. – Астана: «Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» ШЖҚ РМК, 2024. – 48 б. – [Электрондық ресурс]. – URL: https://uba.edu.kz/storage/app/media/projects/kz_concep.pdf

3. Баймұхамедов М.Ф., Баймұхамедова А.М., Боранбаев С.Н. Б 20 Жасанды интеллект: қазіргі заманғы теория және тәжірибе / Artificial Intelligence: Modern Theory and Practice: оқу құралы / М.Ф.Баймұхамедов, А.М.Баймұхамедова, С.Н.Боранбаев, 1 бөлім – Алматы: «Бастау», 2020. – 248 бет

4. Сейдуәлиев, С. Жасанды интеллектімен бетпе-бет [Мәтін] / Сәкен С. Сейдуәлиев // Egemen Qazaqstan. - 2020. - 14 қаңтар (№8).- 5 б. ISSN 1999-9720.<br>

5. А. Ж. Асамбаев Жасанды интеллект негіздері: Оқулық. Алматы, ЖШС РПБК «Дәуір» 2011 ж. – 136 б.

6. Стюарт Рассел, Питер Норвиг. Искусственный интеллект. Современный подход. // Учебник, второе издание, Санкт-Петербург, 2016. -258 с.

7. Ли Кай-Фу. Сверхдержавы искусственного интеллекта: Китай, Кремниевая долина и новый мировой порядок. // Перевод с англ., Москва: Манн, Иванов и Фербер, 2019. – 240 с.

8. Тегмарк М. Жизнь 3.0. Быть человеком в эпоху искусственного интеллекта. // Перевод с англ., Москва: Корпус, 2019. – 560 с.

9. Бостром Н. Искусственный интеллект. Этапы, угрозы, стратегии. // Перевод с англ., Москва: Ад Маргинем Пресс, 2016. – 496 с.

10. Қазақстанның білім беру жүйесіне жаңа реформалар қажет пе? // Курсив Media: [Электрондық ресурс]. – 2025. – 23 қыркүйек. URL: https://kz.kursiv.media/kk/2025-09-23/sbn-bilim-beru-juiesine/

11. Сәбден О. Қоғам дерті / Сәбден О. –Алматы: «Service Press».- 2020.- 226 б.

12. Түймебаев, Ж. Жасанды интеллект және ұлттық бірегейлік [Мәтін] / Ж. Түймебаев // Егемен Қазақстан. - 2025. - 18 наурыз (№ 51-52). - 4 б. ISSN 1999-9720.<br>

13. Абдраимова Г. Ж., Елшібаева К. Г.Жасанды интеллектті қолдану арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлік әлеуетін дамыту жолдары // Халықаралық ғылыми-зерттеу журналы.— 2023. — № 12 (138). —URL: https://cyberleninka.ru/article/n/zhasandy-intellektti-oldanu-ar-yly-bolasha-bastauysh-synyp-m-alimderini-ziyatkerlik-leuetin-damytu-zholdary

# ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДАҒЫ БУЛЛИНГТІ АЛДЫН АЛУДА ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

***Рахимжанова А.Б.***
*Павлодар қаласы, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің докторанты*
***Матаев Б.А.***
*Ғылыми жетекші: PhD, доцент, Павлодар қаласы, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті*

**Abstract.** The article is devoted to the formation of competencies of educational psychologists in the field of bullying prevention among gifted students. It examines the psycho-pedagogical conditions for specialist training and the features of their professional readiness. Theoretical foundations, structural components of readiness (cognitive, practical, value-motivational, reflexive), and diagnostic methods, including questionnaires, case methods, and pedagogical observation, are analyzed. Special attention is paid to assessing the level of student competencies and providing recommendations for improving their training.

**Keywords:** educational psychologist, bullying, gifted students, psycho-pedagogical conditions, inclusive education, professional training.

**Аннотация.** Статья посвящена формированию компетенций педагогов-психологов в сфере профилактики буллинга среди одарённых школьников. Раскрываются психолого-педагогические условия подготовки специалистов и особенности их профессиональной готовности. Рассматриваются теоретические основы, структурные компоненты готовности (познавательный, практический, ценностно-мотивационный, рефлексивный) и методы диагностики, включая опросники, кейс-методы и педагогическое наблюдение. Особое внимание уделено выявлению уровня компетенций студентов и рекомендациям по совершенствованию их подготовки.

**Ключевые слова:** педагог-психолог, буллинг, одарённые учащиеся, психолого-педагогические условия, инклюзивное образование, профессиональная подготовка.

**Аңдатпа.** Мақала дарынды оқушылар арасындағы буллингті алдын алу саласында педагог-психологтардың құзыреттерін қалыптастыруға арналған. Мамандықтарды дайындаудың психо-педагогикалық жағдайлары мен олардың кәсіби дайындық ерекшеліктері қарастырылады. Дайындықтың теориялық негіздері, құрылымдық компоненттері (танымдық, практикалық, құндылық-мотивациялық, рефлексивтік) және диагностика әдістері, соның ішінде сауалнама, кейс-әдістер және педагогикалық бақылау талданады. Арнайы назар студенттердің құзыреттер деңгейін бағалауға және олардың даярлығын жетілдіруге арналған ұсыныстарға аударылады.

**Кілтті сөздер:** педагог-психолог, буллинг, дарынды оқушылар, психо-педагогикалық жағдайлар, инклюзивті білім, кәсіби даярлық.

**Кіріспе.** Қазақстан Республикасының заманауи білім беру жүйесі қауіпсіз және инклюзивті білім беру ортасын құруға бағытталған, бұл 2022 жылғы 21 желтоқсандағы ҚР Білім министрінің № 506 бұйрығымен бекітілген «Балаларды буллингтен қорғау ережелерінде» көрініс табады. Білім беру үдерісін модернизациялау жағдайында педагог-психологтарды даярлауға ерекше мән беріліп отыр, олар оқушылар арасындағы, соның ішінде дарынды балалар арасындағы буллингтің көріністерін тиімді анықтап, алдын алуға қабілетті болуы тиіс, өйткені бұл балаларға әлеуметтік және психологиялық қолдау ерекше маңызды [1].

Буллингтің алдын алу педагог-психологтарда кәсіби құзыреттер кешенін қалыптастыруды қажет етеді. Оған буллингтің психологиялық және әлеуметтік механизмдері туралы білім, конфликт жағдайларын диагностикалау және түзету қабілеті, сондай-ақ оқушылардың қабілеті мен ерекшеліктерін ескере отырып жеке қолдау дағдылары кіреді. Сонымен қатар, білім беру ұйымында қауіпсіз, қолдаушы және барлығына қолжетімді орта құруға бағытталған құндылық-мотивациялық ұстанымдар қалыптасады.

Білім беру ортасындағы заманауи трансформациялар педагогика және психология саласындағы мамандарды даярлауға жаңа талаптар қояды. Мұндай даярлаудың негізгі міндеттері қатарында оқушылар, соның ішінде дарынды балалар арасындағы буллинг пен конфликт жағдайларын алдын алу, оқушылармен тиімді қарым-қатынас дағдыларын дамыту, білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ болашақ педагог-психологтардың конфликтілермен жұмыс істегенде өз іс-әрекеттерін талдап, түзету қабілетін қалыптастыру кіреді. Осы жағдайларда білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту ерекше маңызды болып табылады, ол теориялық білімді, практикалық дағдыларды және кәсіби стандарт талаптарына сәйкес құндылық-мотивациялық ұстанымдарды дамытуға бағытталған.

Зерттеудің өзектілігі дарынды оқушылар арасындағы буллингтің алдын алу бойынша педагог-психологтарды даярлауға психолого-педагогикалық жағдайлардың жеткіліксіз зерттелуіне байланысты. Құзыреттерді жүйелі қалыптастыру теориялық дайындықты, практикалық сабақтарды, педагогикалық тәлімгерлікті және рефлексияны біріктіруді талап етеді, бұл болашақ мамандарға оқушылармен тиімді қарым-қатынас жасауға және инклюзияны қолдауға тұрақты кәсіби мотивацияны дамытуға мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты – дарынды оқушылар арасындағы буллингтің алдын алу бойынша педагог-психологтардың құзыреттерін қалыптастыруға психолого-педагогикалық жағдайларды негіздеу.

Зерттеу объектісі – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша оқитын студенттер.

Зерттеу пәні – дарынды оқушылар арасындағы буллингтің алдын алу мақсатында педагог-психологтардың кәсіби құзыреттерін қалыптастырудың психолого-педагогикалық аспектілері.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Қазіргі заманғы зерттеулер көрсеткендей, буллингтің тиімді алдын алуы педагог-психологтарды кешенді дайындаусыз және мектеп ортасымен жүйелі жұмыс бағдарламаларын енгізусіз мүмкін емес. Бұл мәселені зерттеуге елеулі үлес шетелдік ғалымдар енгізген. Мысалы, Дэн Ольвеус [2, б. 45] мектептегі буллинг феноменін жүйелі түрде алғаш сипаттап, антивиктимизациялық бағдарламалар жасаған; Питер Смит [3, б. 78] буллингтің түрлері мен динамикасын зерттеген; Сьюзан Свирер және Дороти Эспелаж [4, б. 112]

мектептегі климаттың және педагогтардың агрессияны алдын алудағы рөлі маңызды екенін дәлелдеген.

Қазақстанда буллинг мәселесімен Калымбетова Е. К., Кассен Г. А., Мухатаева Д. И., Бекайдар А. Б. айналысады, олар буллингтің тәуекел факторларын зерттейді (тревожность, төмен өзін-өзі бағалау, коммуникативтік қиындықтар) [5, б. 67; 6, б. 52; 7, б. 48; 8, б. 39]. Ж. Т. Сүлейменова, М. П. Ассылбекова және П. Б. Сейітқазы жасөспірімдер арасындағы буллинг деңгейін төмендетуде әлеуметтік-психологиялық тренингтердің тиімділігін дәлелдеді [9, б. 34].

Зерттеулер көрсеткендей, педагогтардың жеткіліксіз дайындалуы буллингтің өсуіне және оқушылардың оқу көрсеткіштерінің төмендеуіне әкеледі, сондықтан негізгі бағыт мамандардың кәсіби құзыреттерін дамыту болып табылады. Қазіргі заманғы зерттеулер көрсеткендей, буллингтің тиімді алдын алуы педагог-психологтарды кешенді дайындаусыз мүмкін емес [10, б. 256].

Құзыреттер келесі жолдармен қалыптасады:

Танымдық қызмет — буллинг теориясын және дарынды оқушылар психологиясын зерттеу;

Практикалық дайындық — кейс-әдістер, рөлдік ойындар, педагогикалық бақылау [11, б. 256];

Құндылық-мотивациялық тәрбие — оқушылардың қауіпсіздігі мен психологиялық әл-ауқатына саналы қатынасты қалыптастыру [4, б. 180];

Рефлексивтік жұмыс — өз іс-әрекеттерін талдау және кәсіби дамуды жоспарлау [12, б. 192].

Дарынды оқушылар жеке тәсілді талап етеді, ол академиялық қолдауды әлеуметтік-психологиялық бейімделуге көңіл бөлуімен біріктіреді. Буллингтің алдын алу саласындағы құзыреттерге ие педагог-психолог келесі әрекеттерді жүзеге асыра алады: қысымның ерте белгілерін анықтау; құрбандар мен агрессорларға түзету шараларын жүргізу; дарынды оқушылар тобы үшін қауіпсіз және тиімді өзара әрекеттесу жағдайларын жасау.

Осылайша, педагог-психологтарды даярлаудың теориялық негізі буллингтің алдын алу практикалық дағдыларымен және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырумен тікелей байланысты.

Л. Ф. Агеева әдістемесі бойынша буллингтің алдын алуға дайындық сауалнамасын қолдану бұл құзыреттердің деңгейін сандық түрде бағалауға және студент-психологтарды мақсатты даярлаудың бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді [13, б. 64]

Біздің зерттеуде негізгі назар дарынды оқушылар арасындағы буллингтің алдын алу саласында студент-психологтардың құзыреттер деңгейін анықтауға аударылды. Кешенді бағалау үшін психолого-педагогикалық тәсілдер қолданылды, олар студенттердің буллинг туралы теориялық білімдерін ғана емес, сонымен қатар практикалық дағдыларын, құндылық-мотивациялық ұстанымдарын және конфликт жағдайларымен жұмыс кезінде рефлексия жасау қабілетін анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында әртүрлі материалдарды қолдануды қамтитын кешенді әдістер жиынтығы қолданылды. Ғылыми және оқу-әдістемелік әдебиеттерді талдау шеңберінде мемлекеттік білім беру стандарттары, типтік оқу бағдарламалары, әдістемелік нұсқаулықтар, сондай-ақ болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға арналған отандық және шетелдік авторлардың басылымдары зерттелді.

Зерттеудің диагностикалық блогына бірнеше әдістер кірді: тест-сұрақнамалар және педагогикалық бақылау. Олардың ішінде негізгі құрал ретінде Л. Ф. Агеева әдістемесіне сәйкес «Буллингтің алдын алуға дайындық сауалнамасы» қолданылды. Бұл сауалнама студенттердің білім беру ортасында буллингті анықтау, алдын алу және түзетуге дайындық деңгейін сандық түрде бағалауға мүмкіндік береді. Аталған әдістемені қолдану студенттердің бастапқы құзыреттер деңгейін анықтауға ғана емес, сонымен қатар кәсіби дағдыларын одан әрі қалыптастыру және дарынды оқушылармен буллингтің алдын алу жағдайында жұмыс істеуге дайындықтарын арттыру бағыттарын белгілеуге мүмкіндік береді.

Сауалнаманы қолдану студенттердің профилактикалық қызметке дайындық деңгейін сандық түрде бағалауға мүмкіндік берді, сондай-ақ олардың құзыреттерінің күшті және әлсіз жақтарын анықтады, бұл кәсіби даярлықты жетілдіру бойынша түзету жұмыстарын жүргізуге және шараларды әзірлеуге негіз болды

**Нәтижелер және талқылау.** Болашақ педагог-психологтарды кәсіби қызметке даярлау тек қана буллинг және дарынды оқушылардың психоэмоционалды дамуы ерекшеліктері туралы теориялық білімдерді меңгеруді емес, сонымен қатар эмпатия, аналитикалық ойлау, коммуникативтік және ұйымдастырушылық дағдылар сияқты маңызды кәсіби қасиеттерді дамытуға, сондай-ақ профилактикалық жұмысқа тұрақты мотивация қалыптастыруға бағытталған.

Болашақ педагог-психологтарды даярлау процесінде кәсіби дайындық бірнеше деңгейде қалыптасады, олар бір-бірімен байланысты және толықтырады. Теориялық деңгей буллингтің табиғаты, оның түрлері мен себептері, дарынды оқушылардың психоэмоционалды дамуының ерекшеліктері және олардың психологиялық қолдау тиімді әдістері туралы білімді меңгеруді қамтиды. Технологиялық деңгей практикалық дағдыларды дамытуды қамтиды: конфликт жағдайларын диагностикалау, профилактикалық бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру, сондай-ақ оқушылармен жұмыс істегенде әртүрлі педагогикалық және психологиялық әдістерді қолдану. Жеке деңгей құндылықтық ұстанымдардың қалыптасуымен, қауіпсіз және қолдаушы білім беру ортасын құруға кәсіби мотивациямен, сондай-ақ кәсіби қызметте өз іс-әрекеттерін талдау және түзету қабілетімен сипатталады.

Осы кәсіби дайындық деңгейлерінің қалыптасуын бағалау үшін зерттеуде кешенді әдістер қолданылды: Л.Ф. Агееваның буллингтің алдын алуға дайындық сауалнамасы және педагогикалық бақылау. Мұндай тәсіл студенттердің білімдері мен дағдыларын сандық түрде өлшеуге ғана емес,

олардың буллингтің алдын алуға деген қатынасын және алынған білімдерді практикада қолдануға дайындықтарын анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің мақсаты – студенттердің кәсіби дайындық құрылымын нақтылау және оны дарынды оқушылармен буллингтің алдын алу іс-шараларының нәтижелілігіне әсерін анықтау. Мұндай талдау болашақ педагог-психологтарды жоғары оқу орындарында дайындауды әрі қарай жетілдірудің негізгі бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді.

Эмпирикалық зерттеу Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінде ұйымдастырылды. Зерттеуге «Педагогика және психология» мамандығы бойынша 1–4 курс студенттері, барлығы 40 адам қатысты. Зерттеу қатысушылары әртүрлі дайындық деңгейлері мен оқу курстарын көрсетті, бұл бағдарламаны меңгерудің әртүрлі кезеңдерінде кәсіби құзыреттердің қалыптасуын бағалауға мүмкіндік берді.

Зерттеу кезең-кезеңімен жүргізілді. Айқындаушы кезеңде дарынды оқушылар арасындағы буллингтің алдын алу бойынша студенттердің бастапқы дайындық деңгейін анықтау үшін диагностикалық әдістер қолданылды. Бұл тәсіл қатысушылардың бастапқы құзыреттерін ғана анықтауға емес, сондай-ақ педагог-психологтарды кәсіби даярлықты әрі қарай дамыту бағыттарын белгілеуге және кейінгі педагогикалық әсерлердің тиімділігін бағалауға мүмкіндік берді.




*Сурет 1 – Л.Ф. Агеева әдістемесі бойынша буллингтің алдын алуға дайындық сауалнамасының диагностика нәтижелері*

Дарынды оқушылар арасындағы буллингтің алдын алу саласында студенттердің кәсіби дайындық деңгейін зерттеу барысында келесі нәтижелер алынды. Экспериментке «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 1–4 курс студенттері, барлығы 40 адам қатысты. Бағалау төрт негізгі компонент бойынша жүргізілді: танымдық, практикалық, құндылық-мотивациялық және рефлексивтік.

Танымдық компонент бойынша орташа балл 3,4 болды. Студенттердің көпшілігі буллингтің себептері, түрлері, салдары және дарынды балалардың мінез-құлық ерекшеліктері туралы орташа деңгейдегі

білімдерін көрсетті. Жоғары деңгейдегі білімді 25% қатысушы, төмен деңгейді 12,5% қатысушы көрсетті. Бұл студенттердің негізгі теориялық дайындыққа ие екенін көрсетеді, алайда білімді тереңдету және ақпаратты жүйелеу қажет.

Практикалық компонент бойынша орташа балл 3,0 болды. Студенттердің 67,5% практикалық дағдылардың орташа деңгейін көрсетті, 12,5% — жоғары, 20% — төмен деңгейде. Бұл нәтижелер конфликт жағдайларын диагностикалау және профилактикалық іс-шараларды жүзеге асыру бойынша практикалық дағдылардың жеткіліксіз қалыптасқанын көрсетеді. Кәсіби құзыреттілікті арттыру үшін практикалық сабақтар, кейс-әдістер және тренингтік жағдайлардың санын көбейту ұсынылады.

Құндылық-мотивациялық компонент бойынша студенттер ең жоғары көрсеткіштерді көрсетті — орташа балл 3,7. Құндылықтық ұстанымдар мен мотивацияның жоғары деңгейі қатысушылардың 57,5%-ында анықталды, орташа деңгей — 37,5%, төмен — тек 5%. Бұл студенттердің қауіпсіз білім беру ортасын құруға және профилактикалық қызметке белсенді қатысуға жоғары дайындықтарын көрсетеді.

Рефлексивтік компонент бойынша орташа балл 3,2 болды. Студенттердің көпшілігі (70%) рефлексивтік дағдылардың орташа деңгейіне ие, 15% — жоғары деңгейде, 15% — төмен деңгейде. Бұл нәтижелер кәсіби іс-әрекеттерді өздігінен бақылау және түзету дағдыларының жартылай қалыптасқанын көрсетеді, сондықтан практикалық дайындық сабақтарында қосымша жұмыс жүргізу қажет.

Осылайша, студенттердің буллингтің алдын алуға кәсіби дайындық деңгейі орташа (орташа балл 3,3) болып табылады. Ең дамыған компонент - құндылық-мотивациялық, ең төменгісі - практикалық. Анықталған нәтижелер педагог-психологтарды даярлауда кешенді тәсіл қажет екенін көрсетеді, оған практикалық дайындықты күшейту және рефлексивтік құзыреттерді дамыту, сонымен қатар студенттердің мотивациялық базасын сақтау және нығайту кіреді.

Педагогикалық бақылау студенттердің оқу әрекетінде және буллингтің алдын алу моделденген жағдайларында нақты мінез-құлықтарын қосымша бағалауға мүмкіндік берді. Көптеген студенттер дарынды оқушылармен дұрыс өзара әрекеттесе алу, олардың жеке ерекшеліктері мен эмоционалды жағдайын ескере білу қабілеттерін көрсетті.

Жанжал жағдайларын шешкенде кейбір студенттер оптималды араласу стратегиясын таңдауда қиындықтарға тап болады, бұл сауалнамадағы практикалық компонент нәтижелерін растайды. Студенттер жоғары деңгейдегі эмпатия мен мотивацияны көрсетті, алайда өз іс-әрекеттерін талдау және мінез-құлықты түзету үшін қорытынды жасау қабілеттерінде біркелкілік байқалмайды.

Осылайша, педагогикалық бақылау нәтижелерін сауалнама деректерімен біріктіру жалпы көріністі растайды: студенттердің кәсіби дайындық деңгейі орташа, ең дамығаны — құндылық-мотивациялық

компоненттер, ал практикалық және рефлексивтік дағдылар жеткілікті қалыптаспаған. Зерттеу нәтижелері практикалық және рефлексивтік құзыреттерді жетілдіруге кешенді жұмыс жүргізудің, сондай-ақ студент-педагогтардың мотивациясын және кәсіби құндылықтарын қалыптастыруды жалғастыру қажеттілігін көрсетеді.

**Қорытынды**. Жүргізілген зерттеу болашақ педагог-психологтарды дарынды оқушылар арасындағы буллингтің алдын алуға кәсіби дайындаудың өзектілігі мен маңыздылығын растады. Теориялық әдебиеттер мен нормативтік құжаттарды талдау кәсіби құзыреттердің негізгі компоненттерін анықтауға мүмкіндік берді: танымдық, практикалық, құндылық-мотивациялық және рефлексивтік компоненттер, олар оқушылармен тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз етеді және қауіпсіз білім беру ортасын құруға ықпал етеді.

Эмпирикалық зерттеу, «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 1–4 курс студенттері (барлығы 40 адам) қатысқан, студенттердің кәсіби дайындық деңгейі орташа деңгейде екенін көрсетті. Ең қалыптасқан компонент — құндылық-мотивациялық, бұл студенттердің профилактикалық қызметке жоғары дайындықтарын және психологиялық қауіпсіз ортаны құруға оң қатынасын көрсетеді. Ең төмен деңгейде практикалық және рефлексивтік дағдылар қалыптасқан, бұл оқу бағдарламасында практикалық сабақтарды, кейс-әдістерді, тренингтерді және өз-өзін рефлексиялау жаттығуларын кеңейтуді қажет етеді.

Педагогикалық бақылау сауалнама нәтижелерін растады: студенттер дарынды оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере алады және эмпатияны көрсете біледі, алайда конфликт жағдайларын шешкенде практикалық әрекеттер тұрақсыз болып, өз іс-әрекеттерін талдау және түзету дағдылары толық қалыптаспаған. Осылайша, зерттеу келесі қорытындылар жасауға мүмкіндік береді: Педагог-психологтарды буллингтің алдын алуға кәсіби дайындау кешенді тәсілді қажет етеді, оған теориялық дайындық, практикалық жаттығулар және рефлексивтік құзыреттерді дамыту кіреді.

Студенттердің құндылық-мотивациялық компоненті ең мықты болып табылады, бұл практикалық дағдыларды әрі қарай жетілдіру үшін сенімді негіз жасайды. Кәсіби дайындық деңгейін арттыру үшін кейс-әдістерді, конфликт жағдайларын шешу тәжірибесін және өз-өзін рефлексиялау жаттығуларын жүйелі түрде енгізу қажет.

Зерттеу нәтижелері болашақ педагог-психологтарды дарынды оқушылар арасындағы буллингтің алдын алуға тиімді даярлау үшін оқу бағдарламалары мен әдістемелік материалдарды түзетуге, сондай-ақ жоғары оқу орнында қосымша практикалық және тренингтік іс-шараларды жоспарлауға қолданылуы мүмкін.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы «Балаларды (буллингтің) алдын алу ережелері». – Астана, 2022.

2. Дэн Ольвеус. *Bullying at School: What We Know and What We Can Do*. – Oxford: Blackwell, 1993. – 192 бет.

3. Питер Смит. *Bullying in Schools: How Successful Can Interventions Be?* – Cambridge: Cambridge University Press, 2004. – 180 бет.

4. Сьюзан Свирер, Дороти Эспелаж. *Handbook of Bullying in Schools: An International Perspective*. – New York: Routledge, 2010. – 600 бет.

5. Калымбетова Е. К. *Мектептегі буллингтің психологиялық ерекшеліктері*. – Алматы, 2020. – 150 бет.

6. Кассен Г. А. *Жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқының әлеуметтік-психологиялық факторлары*. – Алматы, 2019. – 180 бет.

7. Мухатаева Д. И. *Білім беру ортасындағы буллинг әлеуметтік-психологиялық мәселе ретінде*. – Нұр-Сұлтан, 2021. – 140 бет.

8. Бекайдар А. Б. *Қазақстан мектептерінде буллингтің алдын алу*. – Нұр-Сұлтан, 2022. – 160 бет.

9. Сулейменова Ж. Т., Ассылбекова М. П., Сейітқазы П. Б. *Социальды-психологиялық тренингтер ретінде буллингтің алдын алу*. – Алматы, 2021. – 130 бет.

10. Бельгибаева Г., Санхаева А. *Жасөспірімдердің коммуникативтік дағдыларын дамыту буллингтің алдын алудағы фактор ретінде*. – Алматы, 2020. – 145 бет.

11. Костюк О. В., Иванова И. А. *Педагог-психологтарды кәсіби даярлау: теория мен тәжірибе*. – Санкт-Петербург: Питер, 2019. – 256 бет.

12. Kowalski, R. M., Limber, S. P., & Agatston, P. W. *Cyberbullying: Bullying in the Digital Age*. – 2nd Edition. – Malden, MA: Wiley-Blackwell, 2012. – 280 бет.

13. Савельева Т. В. *Болашақ педагогтардың құзыреттерін қалыптастырудағы психолого-педагогикалық жағдайлар*. – Мәскеу: Академия, 2020. – 180 бет.

14. Агеєва Л. Ф. *Буллингтің алдын алуға дайындық сауалнамасы: Әдістемелік нұсқаулық*. – Мәскеу: Психологиялық орталық, 2018. – 64 бет.

# ИГРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ УЧЕБНОЙ МОТИВАЦИИ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

***Уалиева Д.Р.***

*магистрант НАО Педагогический университет имени Әлкей Марғулан*

***А.К.Сатынская***

*Научный руководитель: кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Павлодар,*

**Аннотация**

В статье рассматривается проблема формирования учебной мотивации учащихся среднего звена на уроках английского языка. Представлен практический опыт использования игровых технологий в общеобразовательной школе. Описаны конкретные виды игр, используемых на уроках, а также приведены результаты их внедрения. Сделан вывод об эффективности игровых технологий как средства повышения познавательного интереса и вовлеченности учащихся.

**Ключевые слова**: игровые технологии, мотивация, английский язык, вовлеченность, речевая активность

**Аннотация**

Бұл мақалада ағылшын тілі сабағында оқушылардың оқу мотивациясын дамыту мәселесі қарастырылады. Ол жалпы білім беретін мектептің ойын арқылы оқытуды қолданудың практикалық тәжірибесін ұсынады. Сабақта қолданылатын ойынның нақты түрлері, олардың орындалу нәтижелерімен бірге сипатталады. Оқушылардың танымдық қызығушылығы мен белсенділігін арттыру құралы ретінде ойын арқылы оқытудың тиімділігіне қатысты қорытынды жасалады.

**Кілт сөздер**: ойын арқылы оқыту, мотивация, ағылшын тілі, белсенділік, сөйлеу белсенділігі

**Abstract**

This article examines the problem of developing students' learning motivation in English lessons. It presents practical experience using game-based learning in school. Specific types of games used in lessons are described. A conclusion is drawn regarding the effectiveness of game-based learning as a means of enhancing students' cognitive interest and engagement.

**Keywords**: game-based learning, motivation, English, engagement, speech activity

Современный образовательный процесс ориентирован на развитие личности учащегося, его познавательной активности и мотивации к обучению. В Послании Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева четко отмечена тенденция к «переориентации всей системы профессионального образования на развитие востребованных на рынке труда компетенций», при этом подчеркивается, что первоочередной задачей для образовательных организаций является качество образования[1]. Эта тенденция прослеживается в утвержденном в 2021 году Национальном проекте «Качественное образование: образованная нация», который ставит перед собой важную цель повышения качества образования учащихся на всех уровнях обучения.

Особую актуальность данная проблема приобретает в среднем звене (5-6 классы), когда у учащихся наблюдается снижение интереса к учебной деятельности, в том числе к изучению иностранного языка.

Согласно требованиям ГОСО, результатами обучения иностранному языку являются развитие речевой и социокультурной компетенций, а также формирование мотивационной готовности к межкультурной коммуникации.

В условиях глобализации владение английским языком становится необходимым условием профессиональной и академической мобильности. Однако на практике часто наблюдается снижение внутренней мотивации обучающихся и наличие «языкового барьера». Традиционные методы обучения не всегда обеспечивают достаточный уровень вовлеченности. В этой связи игровые технологии рассматриваются как эффективный инструмент активизации познавательной деятельности. Английский язык как учебный предмет требует постоянной речевой активности, однако учащиеся часто испытывают трудности, связанные со страхом ошибки, низкой уверенностью и недостаточной мотивацией. В этой связи возникает необходимость поиска эффективных методов обучения, способствующих повышению интереса к предмету.

Психологические основы игровой деятельности глубоко раскрыты в трудах Л.С. Выготского, А.Н. Леонтьева, Д.Б. Эльконина. Согласно теории зоны ближайшего развития Л.С. Выготского, обучение должно опережать развитие, создавая условия для перехода обучающегося на более высокий уровень познавательной деятельности. Игра выступает не просто как развлечение, а как форма внутренней социализации личности и эффективная модель социальных отношений[2].

Игровые технологии позволяют сделать учебный процесс более увлекательным, эмоционально насыщенным и продуктивным.

Цель исследования статьи-определить эффективность игровых технологий как средства формирования мотивации учащихся 5-6 классов на уроках английского языка.

Учебная мотивация рассматривается как совокупность внутренних и внешних побуждений, определяющих активность учащегося в процессе обучения. В условиях изучения иностранного языка особую роль играет внутренняя мотивация, связанная с интересом к предмету и желанием общаться[3].

Игровые технологии представляют собой форму организации учебной деятельности, при которой учебные задачи реализуются через игровую ситуацию. Их применение способствует:

- снижению тревожности учащихся;
- повышению интереса к предмету;
- активизации речевой деятельности;
- формированию коммуникативных навыков.

Исследование проводилось на базе 5 и 6 классов средней школы.

В работе использовались следующие методы:

- диагностика учебной мотивации (по методикам А.А. Реана,В.А. Якунина[4]; Н.Г. Лускановой[5]);
- педагогическое наблюдение;
- анкетирование учащихся.

Работа включала три этапа:

- Констатирующий (определение уровня мотивации);
- Формирующий (внедрение игровых технологий);
- Контрольный (оценка результатов).

Практическое применение игровых технологий на уроках английского языка:

Используемые игровые технологии.

В процессе обучения английскому языку в 5-6 классах применялись следующие виды игр:

- ролевые игры;
- игровые диалоги;
- лексические игры;
- игра «Find someone who»;
- викторины (в том числе с использованием цифровых платформ);
- уроки-квесты[6].

Наиболее эффективными оказались ролевая игра и квест, которые будут рассмотрены подробнее.

В ходе исследования были выявлены условия, при которых игровые технологии наиболее эффективны:

- соответствие игры возрасту учащихся;
- четкая структура и правила;
- включение всех учащихся в деятельность;
- наличие коммуникативной направленности;
- эмоционально положительная атмосфера[7].

Для того чтобы теоретические условия превратились в работающий инструмент, рассмотрим их применение на конкретном примере.

Вот как это выглядит в действии:

Для отработки темы «Описание внешности» можно использовать игру «Тайный агент».

Соответствие возрасту: Вместо простых кукол используются карточки с фото «подозреваемых» или персонажей комиксов.

Четкая структура: Учитель дает ровно 3 минуты на опрос. Есть понятный алгоритм: «Спроси  Получи ответ  Отметь в бланке».

Включение всех: Группа делится на пары «Детектив — Свидетель». Каждый получает свою уникальную карточку, поэтому отсидеться не получится

Коммуникативная направленность: Ученики не просто читают текст, а обмениваются информацией, чтобы найти «преступника». Язык становится средством решения задачи.

Эмоциональный фон: Азарт поиска и игровой контекст снимают страх ошибки, создавая ту самую положительную атмосферу

Этот пример наглядно показывает, что эффективность технологии зависит не от самого факта игры, а от того, насколько точно соблюдены все пять условий.

Пример 1. Ролевая игра как средство развития мотивации

Темаурока: “At the shop” (5 класс)

Цель урока: развитие навыков диалогической речи и закрепление лексики по теме «Покупки».

Учащиеся распределяют роли:

- продавец;
- покупатель.

Каждой группе предлагается ситуация:

- покупка продуктов;
- покупка одежды;
- выбор подарка.

Учащиеся составляют диалоги, используя изученные фразы:

- *Can I help you?*
- *I would like…*
- *How much is it?*

Результаты наблюдения:

- учащиеся активно включались в работу;
- снизился страх говорения;
- увеличилось количество устных высказываний;
- даже слабые ученики принимали участие.

Вывод: ролевая игра способствует развитию уверенности и повышает внутреннюю мотивацию к изучению языка.

1. Определение цели

Например:

- закрепление лексики по теме
- развитие говорения

2. Выбор сюжета (очень важно для мотивации)

- Примеры:
- путешествие
- спасение героя
- поиск сокровищ
- миссия

Для 5–6 классов хорошо работает:“Travel mission”, “Secret agent”, “Treasure hunt”«Food», «Shop».

3. Деление на станции (3-5 этапов)

Каждая станция = отдельное задание:

Vocabulary

Grammar

Speaking

Game task

4. Принцип усложнения

Задания должны идти: простое → среднее → сложное

5. Система баллов

за каждое задание - баллы

можно добавить «бонус» за скорость или креатив

- *Пример 2.*

*(рис1). Игра «Готовим салат».*

Тема «Еда» Полезные привычки» «Полезная еда» . Выдаются командам разные карточки с продуктами. Даются глаголы инструкции. Затем команды готовят салат, проговаривая, что и сколько кладут. Используют разные глаголы, добавляют все в готовую посуду или кастрюли. Таким образом повторяются названия овощей, глаголов действий.



*(рис.2).Игра «Готовим салат. Ингредиенты для салата».*

Пример 3. Квест как форма игровой деятельности

Тема: “Travelling” (6 класс).

Формат: урок-квест

Организация:

Класс делится на команды. Каждая команда проходит «станции»:

- Vocabulary station- соотнести слова и картинки
- Grammar station-составить предложения
- Speaking station- ответить на вопросы
- Puzzle station -собрать задание

За выполнение заданий учащиеся получают баллы.

Результаты:

- высокая вовлеченность всех учащихся;
- развитие командной работы;
- повышение интереса к теме;
- активное использование английской речи.

Вывод: квест усиливает познавательную активность и формирует устойчивый интерес к предмету.

Игры можно проводить всегда и без предварительной подготовки.

Пример 3. Магазины. Тема: Лексика. Уровень: Beginner. Возраст участников: 8-12 лет. Количество участников: 2-10 человек, желательно чётное. Место проведения: Асфальтированная игровая площадка. Оборудование: Не требуется. Материалы: Два мелка. Предварительная подготовка: Не требуется. Непосредственная подготовка (5-10 минут). Нарисуйте на доске два огромных прямоугольника, представляющих собой магазины. На вывеске одного из них напишите *'Supermarket'*, а другого - *'Department store'*. Ход проведения. Разделите группу пополам. Команда А вписывает в свою форму названия продуктов питания, а команда В - названия промышленных товаров. Когда лексический запас команд по данным темам будет исчерпан, подсчитайте количество слов и по их наибольшему

количеству определите победителя. Вариация. Для учащихся с более высоким уровнем языковой компетенции, каждый участник состязания получает "свой специализированный магазин", например: *bookshop, greengrocer's* и т.д. В данном случае состязание проводится на индивидуальный зачёт[8].

В своей работе часто использую цифровые платформы, удобно создавать игры на сайте Worldwall, Kahoot, Canva, Joyteka. Использую готовые квесты, игры на сайте https://english-study-cafe.ru/. На этом сайте можно встретить неограниченное количество игр, тренажеров, квестов. С дальнейшим развитием искусственного интеллекта появилось огромное количество возможности создавать игры, рабочие листы, тесты.

Если сравнить за результат средний балл классов 5в, 5д, 6б, 6в, то за 2 и 3 четверти результат вырос по сравнению с первой четверти.

**Результаты исследования**

Сравнительный анализ показал положительную динамику:
речевая активность повысилась с **50-55% до 75-80%**;
уровень вовлеченности увеличился с **60% до 80-85%**;
повысился интерес к предмету по результатам анкетирования (рис3).




*Рис 3. Динамика развития коммуникативной активности и познавательного интереса.*

Учащиеся стали:
чаще участвовать в уроке;
проявлять инициативу;
демонстрировать положительное отношение к предмету.

Проведенное исследование показало, что игровые технологии являются эффективным средством формирования учебной мотивации учащихся 5–6 классов на уроках английского языка.

Их использование:
повышает интерес к предмету;
активизирует речевую деятельность;
способствует созданию благоприятной эмоциональной атмосферы.

Таким образом, внедрение игровых технологий в образовательный процесс является целесообразным и педагогически обоснованным.

## Список литературы


1. Об утверждении национального проекта "Качественное образование "Образованная нация". Постановление Правительства Республики Казахстан от 12 октября 2021 года, № 726.
2. Выготский Л. С. Психология развития ребенка. – М. : Изд-во Смысл, Изд-во Эксмо, 2005. – 512 с.
3. Зимняя И. А. Психология обучения иностранным языкам в школе. – М. : Просвещение, 1991. – 222 с.
4. Реан А. А., Якунин В. А. Психология учебной мотивации. – СПб. : Изд-во Михайлова В.А., 2006. – 256 с.
5. Лусканова Н. Г. Методы исследования мотивации учащихся. – М. : Фолиум, 1999. – 32 с.
6. Щукин А. Н. Методика преподавания иностранных языков. – М. : Академия, 2014. – 336 с.
7. Пассов Е. И., Кузовлева Н. Е. Основы коммуникативной теории и технологии иноязычного образования. – М. : Русский язык. Курсы, 2010. – 568 с.
8. https://ideas4el.ru/igry-i-uprazhneniya/


# ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУҒА КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМЫТУ


***Д. Игентаева***

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің 1курс магистранті*

***Матаев Берик Айтбаевич***

*Ғылыми жетекшісі: қауымдастырылған профессоры, философия докторы (PhD)*



**Түйіндеме:** Бұл мақалада болашақ педагог-психологтардың дарынды балалармен жұмыс жасауға бағытталған кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың теориялық және практикалық негіздері қарастырылады. Дарынды балалардың психологиялық ерекшеліктері, олардың когнитивтік және эмоциялық дамуындағы айырмашылықтары талданып, педагог-психолог қызметінің мазмұны айқындалады. Сонымен қатар, кәсіби құзыреттілікті дамытуға әсер ететін факторлар мен тиімді әдіс-тәсілдер жүйеленеді. Зерттеу нәтижелері болашақ мамандардың кәсіби даярлығын жетілдіру дарынды тұлғаның әлеуетін толық ашудың басты шарты екендігін дәлелдейді.



**Кілтті сөздер:** дарындылық, педагог-психолог, кәсіби құзыреттілік, психологиялық қолдау, тұлғалық даму, білім беру процесі, когнитивті дамыту, эмоционалды дамыту.



**Аннотация:** В данной статье рассматриваются теоретические и практические основы формирования профессиональных компетенций будущих педагогов-психологов, направленных на работу с одаренными детьми. Анализируются психологические особенности одаренных детей, их различия в когнитивном и эмоциональном развитии, определяются содержание деятельности педагога-психолога, систематизируются факторы и эффективные методы и приемы, влияющие на развитие профессиональных

компетенций. Результаты исследования доказывают, что совершенствование профессиональной подготовки будущих специалистов является главным условием полного раскрытия потенциала одаренной личности.

**Ключевые слова:** одаренность, педагог-психолог, профессиональная компетентность, психологическая поддержка, личностное развитие, образовательный процесс,когнитивное развитие,эмоциональное развитие.

**Annotation:** This article discusses the theoretical and practical foundations of the formation of professional competencies of future teachers-psychologists aimed at working with gifted children. It analyzes the psychological characteristics of gifted children, their differences in cognitive and emotional development, and defines the content of the teacher-psychologist's activities. Additionally, it systematizes the factors and effective methods and techniques that influence the development of professional competencies. The results of the study demonstrate that improving the professional training of future specialists is crucial for fully unlocking the potential of gifted individuals.

**Keywords:** giftedness, teacher-psychologist, professional competence, psychological support, personal development, and educational process, cognitive development, emotional development.

Қазіргі білім беру жүйесінде дарынды балаларды анықтау, қолдау және дамыту маңызды басымдықтардың бірі болып табылады. Дарынды балалар – интеллектуалдық, шығармашылық немесе академиялық қабілеттері жоғары деңгейде дамыған тұлғалар. Осындай балалармен тиімді жұмыс жүргізу педагог-психологтардан жоғары кәсіби дайындықты талап етеді.

Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту – олардың теориялық білімін, практикалық дағдыларын және тұлғалық қасиеттерін кешенді түрде қалыптастыруды қамтиды. Әсіресе дарынды балалармен жұмыс барысында маманның психологиялық икемділігі, эмпатиясы және шығармашылық көзқарасы ерекше маңызға ие. Дарынды балалар – қоғамның зияткерлік әлеуетін қалыптастыратын стратегиялық ресурс ретінде қарастырылады.

Осыған байланысты олармен кәсіби деңгейде жұмыс жасай алатын педагог-психологтарды даярлау мәселесі өзекті сипатқа ие болуда.Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру – күрделі, көпқырлы және үздіксіз үдеріс. Бұл үдеріс теориялық білімдерді меңгерумен қатар, практикалық дағдыларды, сыни ойлауды, эмоционалдық интеллектті және кәсіби рефлексияны дамытуды талап етеді. Әсіресе дарынды балалармен жұмыс жасау барысында маманның тұлғалық қасиеттері мен кәсіби икемділігі ерекше рөл атқарады.

Осы тұрғыда дарынды балалардың дамуы бірқатар психологиялық сипаттамалармен ерекшеленеді. Олардың танымдық процестері жоғары деңгейде дамыған, ақпаратты қабылдау және өңдеу жылдамдығы жоғары, логикалық және шығармашылық ойлауы терең болады. Мұндай балалар көбінесе стандартты емес шешімдер қабылдауға бейім және күрделі мәселелерге қызығушылық танытады.

Сонымен қатар, дарынды балалардың эмоциялық саласында да өзіндік ерекшеліктер байқалады. Олар жоғары сезімталдықпен, ішкі мазасыздықпен және өзіне жоғары талап қоюмен сипатталуы мүмкін.

Кейбір жағдайларда бұл қасиеттер олардың әлеуметтік бейімделуіне кері әсер етіп, құрдастарымен қарым-қатынаста қиындықтар туындатуы ықтимал.

Сондықтан педагог-психологтар дарынды балалардың дамуын кешенді тұрғыда қарастырып, олардың когнитивтік және эмоциялық қажеттіліктерін ескеруі тиіс.Кейбір жағдайларда дарынды балаларда әлеуметтік бейімделу қиындықтары, мазасыздық немесе өзін-өзі жоғары талап ету байқалуы мүмкін. Сондықтан олармен жұмыс тек білім берумен шектелмей, психологиялық қолдауды да қамтуы тиіс. Дарынды балалардың психологиялық ерекшеліктері.

Дарынды балалардың бірқатар өзіндік психологиялық ерекшеліктері бар:

жоғары танымдық белсенділік

тез қабылдау және ақпаратты өңдеу қабілеті

шығармашылық ойлау

эмоциялық сезімталдық

перфекционизмге бейімділік

Педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігі – оның кәсіби қызметін тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін интегративті қасиет болып табылады. Бұл құзыреттілік білім, білік, дағды және тұлғалық сапалардың бірлігін қамтиды.

Ең алдымен, диагностикалық құзыреттілік маңызды орын алады, себебі маман дарындылықты анықтайтын психологиялық әдістер мен тесттерді дұрыс қолдана білуі қажет. Сонымен қатар, коммуникативтік құзыреттілік те ерекше мәнге ие, өйткені педагог-психолог балалармен, ата-аналармен және әріптестермен тиімді қарым-қатынас орната алуы тиіс.Сондай-ақ, педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету қабілеті маңызды болып табылады. Бұл дарынды балалардың тұлғалық дамуына бағытталған бағдарламаларды әзірлеуді және олардың эмоциялық тұрақтылығын қамтамасыз етуді қамтиды. Бұдан бөлек, зерттеушілік және рефлексивтік құзыреттіліктер де маманның кәсіби дамуына ықпал етеді.

Кәсіби құзыреттілік – бұл маманның кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыру қабілеті

Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту жүйелі және мақсатты ұйымдастырылған білім беру процесі арқылы жүзеге асырылады. Бұл бағытта теориялық дайындық пен практикалық тәжірибенің өзарабайланысы маңызды рөл атқарады. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту көпқырлы және жүйелі үдерісті талап етеді. Бұл үдеріс теориялық білімді меңгерумен қатар, практикалық тәжірибені жетілдіру арқылы жүзеге асады.

Жоғары оқу орындарында арнайы пәндерді енгізу, тренингтер мен семинарлар өткізу, тәжірибелік сабақтардың үлесін арттыру – кәсіби даярлықтың сапасын арттырады. Сонымен қатар, педагогикалық практика барысында нақты жағдайларда жұмыс істеу студенттердің кәсіби бейімделуіне мүмкіндік береді. Атап айтқанда, жоғары оқу орындарында

арнайы курстар мен тренингтер ұйымдастыру, студенттердің практикалық сабақтарға белсенді қатысуын қамтамасыз ету маңызды. Сонымен қатар, педагогикалық практика барысында нақты жағдайлармен жұмыс істеу болашақ мамандардың кәсіби дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысы педагогика-психология мамандығы бойынша білім алатын студенттердің дарынды балалармен жұмыс жасауға кәсіби дайындығын анықтауға бағытталды.Бұл зерттеу төмендегілерді анықтайды:

Педагогика-психология мамандығы студенттерінің дарынды балалармен жұмыс жасауға **кәсіби дайындық деңгейін**

Студенттердің **теориялық білімінің жеткіліктілігін** (дарындылық туралы түсінігі, әдістерді білуі)

Практикалық дағдыларының қалыптасу деңгейін **(тәжірибеде қолдана алу қабілеті)**

Дарынды балалармен жұмыс барысында кездесетін **қиындықтар мен кедергілерді**

Студенттердің осы бағыттағы **мотивациясы мен қызығушылығын**

Кәсіби дайындықты жетілдіруге қажетті **педагогикалық шарттар мен әдістемелік қолдауды**

Зерттеу студенттердің дарынды балалармен тиімді жұмыс істеуге қаншалықты дайын екенін жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеуді педагог-психолог магистранттары мен өткізген себебі, педагог-психологтардың кәсіби тұрғыдан қалыптасу кезеңіндегі тұлғалар болғандықтан. Олар бакалавриатты аяқтап, енді тереңдетілген, ғылыми және практикалық дайындықтан өтіп жатыр. Сондықтан олардың құзыреттіліктерін дамыту – ең тиімді кезеңде жүргізіледі. Білім беру үдерісінде педагогикалық-психологиялық қолдау көрсететін, соның ішінде дарынды балалармен жұмыс жүргізуге тікелей жауапты мамандар болғандықтан, педагог-психолог магистранттарының, дарынды балалармен жұмыс жүргізгенде дайындықтарын анықтау үшін, зерттеу жүргіздік.

Олардың белгілері:

Тұлғаның психикалық дамуын, қабілеттерін диагностикалауды меңгергеруі

Дарындылықты анықтау, дамыту әдістерімен таныс болуы

Білім беру ортасында психологиялық сүйемелдеуді жүзеге асыра алуы

Сондықтан дәл осы контингент:

Дарынды балалармен жұмысқа қажетті кәсіби құзыреттіліктерді мақсатты түрде дамытадуды жүйелеи білуі

Арнайы бағдарламалар мен әдістемелердің тиімділігін тексеруге бағытталуы

Зерттеу барысында сауалнамаға, бақылау және талдау әдістері қолданылды.Сауалнама педагог-психолог магистранттарымен өткізілді. Сауалнамаға 18 студент қатысты.

Зерттеу барысында педагогика-психология мамандығы бойынша білім алатын магистранттар арасында сауалнама жүргізілді.Эксперимент нәтижелері төмендегі кестеде ұсынылған. [ кесте 1 ].

Зерттеу әдістері:

- Сауалнама
- Бақылау
- талдау

*Кесте 1 – Студенттердің болашақ педагог-психологтардың кәсіби даярлығының көрсеткіштері*

| **Көрсеткіш** | **Нәтижесі(%)** |
|---|---|
| Дарынды балалармен жұмысқа қызығушылық танытады | 10% |
| Теориялық білім жеткілікті деп санайды | 10% |
| Практикалық тәжірибе жеткіліксіз | 10% |
| Қосымша дайындық қажет деп есептейді | 70% |

Сауалнама нәтижесінде респонденттердің (10%)-ы ғана дарынды балалармен жұмысқа қызығушылық танытатынын білдірген. Бұл көрсеткіш респоренденттердің мотивациялық деңгейінің жеткіліксіз екенін анықтайды. Қатысушылардың (10%)-ы өздерінің теориялық білімдерін жеткілікті деп бағалайды, яғни респоренденттерде белгілі бір деңгейде теориялық база қалыптасқан.

Алайда, респонденттердің (10%)-ы практикалық тәжірибенің жеткіліксіз екенін атап өткен, бұл теория мен тәжірибе арасындағы алшақтықтың бар екенін көрсетеді.

Бұдан бөлек, респонденттердің (70%)-ы қосымша дайындық қажет деп есептейді, бұл кәсіби дамуға деген сұраныстың жоғары екенін және арнайы оқыту бағдарламаларын жетілдіру қажеттігін дәлелдейді.

Сауалнаманы өткізген себебі, педагогика-психология магистранттарының «Дарынды балалармен жұмыс жасау құзыреттіліктерін - анықтау». Құзыреттілігінің қалыптасу даңгейін анықтау , осы сауалнаманың нәтижесі негізінде анықтауға болады , қандай кәсіби даярлық қажет болашақ мамандарды дайындау процесінде.

Зерттеу нәтижелері респонденттердің кәсіби дайындығы мен дарынды балалармен жұмысқа қабілеттерінің жеткіліксіз екенін көрсетеді. Атап айтқанда, бұл көрсеткіш респонденттердің мотивациялық деңгейінің жеткіліксіз екенін атқарады.

Зерттеу барысында дарынды балалармен жұмыс жасау – күрделі әрі жауапты процесс. Бұл бағытта респореденттердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту ерекше маңызға ие. Жалпы алғанда, дарынды балалармен жұмыс жасауға бағытталған жүйелі кәсіби дайындық – қоғамның интеллектуалдық әлеуетін арттырудың негізгі факторларының бірі. Зерттеу нәтижелері педагогтердің кәсіби дайындығы мен дарынды балалармен жұмысқа қатысты дайындықтың аздығын көрсетеді.

**Қорытынды.** Қорытындылай келе респоренденттердің дарынды балалармен жұмыс жасауға кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру қазіргі білім беру жүйесінің басым бағыттарының бірі болып табылады. Дарындылық феноменінің көпқырлылығы мен күрделілігі аталған мамандардың арнайы ұйымдастырылған, ғылыми негізделген даярлығын талап етеді. Осыған орай, респоренденттердің даярлау үдерісі жүйелілік, құзыреттілік және тұлғалық-бағдарлы тұғырлар негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

Біріншіден, олардың дарындылықтың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктері, оны диагностикалау мен дамыту әдістері жөніндегі теориялық білімдері тереңдетілуі қажет. Бұл кәсіби іс-әрекетті ғылыми тұрғыдан түсіну мен негіздеуге мүмкіндік береді. Екіншіден, практикалық даярлықты күшейту маңызды, яғни білім алушылардың дарынды балалармен жұмыс жүргізудің тиімді тәсілдерін меңгеруі тәжірибелік іс-әрекет арқылы қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл олардың кәсіби икемділігін арттырып, нақты педагогикалық жағдайларда тиімді шешім қабылдау қабілетін қалыптастырады. Үшіншіден, респоренденттердің тұлғалық сапаларын (эмпатия, рефлексия, креативтілік) дамыту қажеттілігі айқындалады, себебі бұл қасиеттер дарынды балалармен өзара әрекеттесудің нәтижелілігін қамтамасыз етеді. Төртіншіден, даярлық үдерісіне инновациялық білім беру технологияларын енгізу олардың кәсіби қызметінің тиімділігін арттырудың маңызды шарты болып табылады.

Осылайша, респоренттердің дарынды балалармен жұмыс жасауға даярлау кешенді, жүйелі және ғылыми негізделген сипатта жүзеге асырылуы тиіс, бұл өз кезегінде олардың кәсіби құзыреттілігінің жоғары деңгейде қалыптасуына және дарынды балалардың әлеуетін тиімді дамытуға мүмкіндік береді.

Осындай жағдайда респоренденттер үшін тек кәсіби білім ғана емес, сонымен қатар икемді дағдыларды дамыту маңызды міндеттердің бірі екенін дәлелдейді.

## Әдебиеттер


1. Қасымова Г.Ж. Дарынды балалар психологиясы. — Алматы: Білім, 2019.
2. Сатыбалдиева А.К. Педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігі. — Алматы, 2021.
3. Жұмабекова Г.С. Дарынды балалармен жұмыс әдістемесі. — Нұр-Сұлтан, 2020.
4. Нұрғалиева К.Б. Білім беру психологиясы. — Алматы: Қазақ университеті, 2018.
5. Төлегенова А.М. Психологиялық қызмет негіздері. — Алматы, 2022.
6. 2 секция: «Педагогика мен психологияның өзекті мәселелері»

# ЖАСТАРДЫҢ ВИРТУАЛДЫ ОРТАДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

***Абенова Р. М.***
*Павлодар педагогикалық университетінің магистрі, Павлодар қ.*
***Аяпбергенова Г.С.***
*Ғылыми жетекші: PhD, қауымдастырылған профессор, Павлодар қ.*

**Аңдатпа.**
Мақалада цифрлық қоғам жағдайында жастардың виртуалды ортадағы қарым-қатынасының психологиялық ерекшеліктері қарастырылады. Виртуалды коммуникацияның эмоциялық күйге, өзін-өзі бағалауға және тұлғалық дамуға әсері талданады. Зерттеу нәтижелері жастардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту қажеттігін көрсетеді.

**Аннотация.**
В статье рассматриваются психологические особенности виртуального общения молодежи в условиях цифрового общества. Анализируется влияние онлайн-коммуникации на эмоциональное состояние, самооценку и личностное развитие. Результаты исследования подчеркивают важность формирования коммуникативной компетентности молодежи.

**Abstract.**
The article examines psychological features of youth communication in a digital environment. It analyzes the impact of virtual interaction on emotional state, self-esteem, and personal development. The results highlight the importance of developing communicative competence among young people.

**Түйін сөздер**: виртуалды қарым-қатынас, жастар психологиясы, цифрлық орта, әлеуметтік желі, коммуникация, эмоция.

**Ключевые слова:** виртуальное общение, психология молодежи, цифровая среда, социальные сети, коммуникация, эмоции.

**Keywords:** virtual communication, youth psychology, digital environment, social networks, communication, emotions.

**Кіріспе.** Қазіргі кезеңде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы әлеуметтік өзара әрекеттесу формаларын түбегейлі өзгертті. Әсіресе жастар арасында виртуалды коммуникация күнделікті өмірдің негізгі құрамдас бөлігіне айналды. Әлеуметтік желілер мен цифрлық платформалар тұлғааралық қарым-қатынастың жаңа моделін қалыптастырып, психологиялық мінез-құлықтың ерекшеліктеріне әсер етуде.

Жастардың күнделікті қарым-қатынасының едәуір бөлігі мессенджерлер, әлеуметтік желілер және онлайн платформалар арқылы жүзеге асады. Бұл құбылыс олардың коммуникативтік дағдыларына, мінез-құлық ерекшеліктеріне және тұлғалық дамуына ықпал етеді. Виртуалды ортада қарым-қатынас жылдам, қысқа әрі визуалды форматта жүреді. Эмодзи, стикер, қысқартылған сөздер сияқты құралдар эмоцияны жеткізудің жаңа тәсілдерін қалыптастырды. Алайда бұл өзгерістер кей жағдайда терең әрі мазмұнды диалогтың азаюына әкелуі мүмкін.

Нұрмаханбет С.Т. пікірінше "Интернет-кеңістіктегі тіл - бұл жазбаша сөйлеудің ауызша сөйлеу заңдылықтарына бағынуы. Смайликтер мен акронимдер (қысқартулар) эмоцияны жылдам жеткізудің негізгі құралына айналды." [4. 12-20].

Виртуалды қарым-қатынас - әлеуметтік желі және компьютер, телекоммуникация жүйесі арқылы жүзеге асырылатын коммуникацияның жан-жақтылығы. Виртуалды қарымқатынастың пайдасы да сәйкесінше зияны да бар. Виртуалды қарым-қатынастың пайдалы жақтары: байланыс орнату мен қатынастың еркіндігі. Қарым-қатынасты кез келген уақытта тоқтата алу мүмкіндігі. Ал оның минустары: вербалды емес коммуникацияның жоқтығы. Ол серіктеспен инттонациясы, ым-мшарасы арқылы тану, бағалау және қабылдау процесінің жоқтығы. Виртуалды және шынайы өмірдегі қарым-қатынасқа ортақ принциптер: екі серіктерсте тең, олардың арасында диалогты қарым-қатынас жүреді. Сондықтан, адамды адамның қабылдауы- бұл бір адаммен басқаның тікелей көркем–бейнелі бейнеленуі, қарым-қатынас процесі. Индивидте нақты тұлға туралы жинақталатын түсінік сол адамның белгілерін жалпылама белгілейтін, оны еңбек, таным және қарым-қатынас субьектісі ретінде сипаттау туралы оның сана-сезімінің де өзгеруіне ықпал етеді.

Арсентьева Е.В. мен Чукмаров Ю.М. тұжырымына сүйенсек: «Виртуалды қарым-қатынасқа басымдық беру көбінесе айналадағылардың шынайы бағалауынан қорқумен байланысты. Желіде адам өз хабарламалары мен жалпы бейнесін редакциялау мүмкіндігіне ие бола отырып, жағдайды толық бақылауда ұстайды». [1. 127-131].

Виртуалды орта жастардың өзін-өзі танытуына жаңа мүмкіндіктер береді. Әлеуметтік желілерде олар өз қызығушылықтарын, қабілеттерін, көзқарастарын еркін білдіре алады. Бұл - шығармашылық белсенділіктің, өзіндік идентификацияның дамуына ықпал ететін фактор. Әсіресе тұйық немесе интроверт жастар үшін онлайн орта өзін еркін сезінуге жағдай жасайды.

Әбдіхалықова А.М., Сейітова Д.Ә. «Әлеуметтік желілердегі коммуникация - бұл тек ақпарат алмасу емес, бұл жаңа цифрлық сәйкестіктің (digital identity) қалыптасу процесі. Пайдаланушы өз бейнесін идеалдандыру арқылы жаңа әлеуметтік статусқа ие болуға тырысады» [2. 78-86].

Дегенмен, виртуалды қарым-қатынастың психологиялық қауіптері де бар. Әлеуметтік салыстыру феномені күшейіп, жастар өз өмірін басқалардың «идеалдандырылған» бейнесімен салыстырады. Бұл өз-өзіне қанағаттанбаушылыққа, өзін-өзі бағалаудың төмендеуіне әкелуі мүмкін. Кибербуллинг, хейт, агрессивті пікірлер эмоционалдық тұрақтылыққа кері әсер етеді. Ұзақ уақыт экран алдында отыру мазасыздық деңгейінің артуына, ұйқы режимінің бұзылуына және тәуелділік белгілерінің қалыптасуына себеп болуы ықтимал.

Виртуалды орта әлеуметтену процесіне де ықпал етеді. Бір жағынан, жастар түрлі мәдениеттермен танысып, жаһандық коммуникацияға

қосылады, бұл олардың дүниетанымын кеңейтеді. Екінші жағынан, шынайы өмірдегі тікелей қарым-қатынастың азаюы эмпатия деңгейінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Себебі бетпе-бет сөйлесу кезінде қалыптасатын эмоциялық байланыс онлайн форматта толық жүзеге аспайды.

Жеке тұлғаның дамуы тұрғысынан алғанда, виртуалды қарым-қатынас өзін-өзі реттеу, ақпаратты іріктеу және саналы пайдалану дағдыларын талап етеді. Цифрлық сауаттылық пен психологиялық тұрақтылық - қазіргі жастар үшін маңызды құзыреттердің бірі. Ата-аналар мен педагогтер тарапынан дұрыс бағыт-бағдар беру, экран уақытын шектеу, эмоционалдық қолдау көрсету - жағымсыз салдардың алдын алуға көмектеседі.

Виртуалды қарым-қатынас - заманауи қоғамның ажырамас бөлігі. Ол жастардың әлеуметтенуіне, өзін-өзі тануына және шығармашылық дамуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар психологиялық тәуекелдер мен әлеуметтік мәселелерді де туындатуы мүмкін. Сондықтан виртуалды кеңістікті саналы пайдалану, шынайы өмірдегі қарым-қатынасты сақтау және эмоционалдық тепе-теңдікті дамыту - қазіргі жастардың үйлесімді дамуының негізгі шарты болып табылады.

Қасымова Г.Ж. зерттеу жұмыстарында «Виртуалды қарым-қатынастың басты ерекшелігі - тұлғаның анонимділігі. Бұл адамға шынайы өмірде көрсете алмайтын ішкі сезімдерін еркін білдіруге мүмкіндік бергенімен, сонымен қатар жауапкершіліктің төмендеуіне де алып келеді.» [3. 45-52].

Қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында жастардың өмірінде виртуалды ортаның рөлі айтарлықтай артып отыр. Әлеуметтік желілер, мессенджерлер және түрлі онлайн платформалар жастардың күнделікті қарым-қатынасының негізгі құралдарының біріне айналды. Осыған байланысты жастардың виртуалды ортадағы қарым-қатынасының психологиялық ерекшеліктерін зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Т.Б. Әлиев өзінің «Виртуалды ортадағы тұлғалық бейне және өзін-өзі таныту» (2022) атты еңбегінде цифрлық кеңістіктегі тұлғаның өзін-өзі көрсету трансформациясын жан-жақты талдайды. Автор виртуалды орта адамға өз бейнесінің «конструкторы» болуға бірегей мүмкіндік беретінін атап өтеді. Шынайы өмірдегі қарым-қатынастан айырмашылығы, мұнда пайдаланушы өзі туралы қандай ақпаратты тарататынын толық бақылай алады. Бұл өз кезегінде кемшіліктерді жасырып, тек жағымды қасиеттерді немесе қалаулы бейнені алдыңғы планға шығаруға жағдай жасайды.

Әлиевтің пікірінше, қазіргі жастар үшін әлеуметтік желілер жай ғана байланыс құралы емес, ол - өзін-өзі бекітудің негізгі алаңы. Зерттеуші виртуалды профиль көбінесе адамның «идеалды Мен» тұжырымдамасының көрінісі екенін айтады. Яғни, адам физикалық шындықта жүзеге асыра алмаған қасиеттерін цифрлық әлемде жүзеге асыруға тырысады. Сонымен қатар, автор желідегі белсенділік пен өзін-өзі бағалау арасындағы тығыз байланысты көрсетеді: «лайктар» мен жағымды пікірлер түріндегі

әлеуметтік мақұлдау жастардың ішкі психологиялық жай-күйін реттеу тетігіне айналған.

Тұжырымдай келгенде, Т.Б. Әлиевтің жұмысы виртуалды бейненің күрделі психологиялық феномен екенін дәлелдейді. Мұнда шынайы тұлға мен оның цифрлық телқойы арасындағы шекара барған сайын жойылып, қарым-қатынас процесі әсер қалдыру манипуляциясына айналуда. [5. 102-111].

Жастардың виртуалды ортадағы қарым-қатынасының психологиялық ерекшеліктерін анықтау және оның тұлғалық дамуына, эмоциялық жағдайына, мінез-құлқына әсерін талдау. Бұл мақсатқа жету үшін бірқатар міндеттер қойылды: виртуалды қарым-қатынас ұғымының теориялық негіздерін талдау; жастардың интернеттегі қарым-қатынас формаларын анықтау; виртуалды коммуникацияның психологиялық ерекшеліктерін сипаттау; әлеуметтік желілердің жастардың эмоциялық күйіне әсерін зерттеу; онлайн қарым-қатынастың өзін-өзі бағалауға ықпалын айқындау; сондай-ақ виртуалды қарым-қатынастың оң және теріс жақтарын салыстыру.

«Коммуникация теориясының негізін салушылардың бірі Г. Ласуэлл өзінің «Ақпараттық коммуникацияның құрылымы» атты еңбегінде кез келген ақпарат алмасу процесін талдаудың жүйелі моделін ұсынады. Бұл модель бүгінгі таңда виртуалды қарым-қатынасты зерттеуде іргелі әдістемелік негіз болып табылады. Ласуэллдің атақты бес сұрақтан тұратын формуласы (Кім? Нені? Қандай арнамен? Кімге? Қандай тиімділікпен?) интернет-коммуникацияның құрылымын нақты түсінуге мүмкіндік береді.

Автордың пайымдауынша, коммуникация - бұл жай ғана хабарлама жіберу емес, ол белгілі бір әлеуметтік бақылау мен ақпараттық реттеу құралы. Виртуалды орта тұрғысынан алғанда, Ласуэлл моделі хабарламаның мазмұны мен оны қабылдаушы аудиторияның арасындағы кері байланыстың маңыздылығын ашады. Ол коммуникацияның үш негізгі функциясын атап көрсетеді: қоршаған ортаны бақылау, қоғамның ақпараттық бірлігін қамтамасыз ету және мәдени мұраны ұрпақтан-ұрпаққа беру.

Қазіргі цифрлық дәуірде Ласуэлл теориясы жаңа сипатқа ие болды. Егер дәстүрлі БАҚ-та «Кім?» (коммуникатор) рөлінде тек кәсіби мамандар болса, виртуалды кеңістікте әрбір пайдаланушы ақпарат таратушы субъектіге айналды. Ласуэллдің «тиімділік» (effect) параметрі бүгінде желідегі ақпараттың аудитория санасына, мінез-құлқына және қоғамдық пікірдің қалыптасуына тигізетін тікелей әсерін бағалау үшін қолданылады. Осылайша, Ласуэллдің құрылымдық моделі виртуалды қарым-қатынастың стихиялы емес, белгілі бір заңдылықтарға бағынатын жүйелі процесс екенін айқындайды». [6. 250].

Жастардың виртуалды ортадағы қарым-қатынасының психологиялық ерекшеліктері олардың онлайн кеңістіктегі мінез-құлқын, эмоциялық реакцияларын, өзін-өзі таныту формаларын және коммуникациялық дағдыларын қамтиды. Қазіргі цифрлық қоғам жағдайында жастар үшін

интернет тек байланыс құралы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік тәжірибе жинақтайтын маңызды ортаға айналды. Онлайн кеңістікте олар өз ойларын еркін жеткізіп, түрлі әлеуметтік рөлдерді сынап көреді, өздерінің «идеалды» бейнесін қалыптастыруға ұмтылады.

Виртуалды ортадағы қарым-қатынас жастардың эмоциялық күйіне де айтарлықтай әсер етеді. Онлайн коммуникация анонимділік пен қашықтық сезімін тудырып, кей жағдайда ашықтықты арттырса, кейде керісінше, шынайы сезімдерді жасыруға әкеледі. Жастар көбінесе смайликтер, қысқартулар және визуалды элементтер арқылы эмоцияларын білдіреді, бұл қарым-қатынасты жылдам әрі ыңғайлы етеді, бірақ оның тереңдігін төмендетуі мүмкін.

Егер жастар виртуалды ортада белсенді қарым-қатынас жасаса, онда бұл олардың тұлғалық қасиеттеріне, өзін-өзі бағалау деңгейіне және эмоциялық жағдайына тікелей әсер етеді. Мысалы, әлеуметтік желілердегі оң кері байланыс (лайктар, пікірлер) өзін-өзі бағалауды арттыруы мүмкін, ал керісінше жағдайда - сенімсіздік пен мазасыздық туындайды. Сонымен қатар, виртуалды ортадағы әлеуметтік салыстыру құбылысы жастардың өз-өзіне деген көзқарасына кері әсерін тигізуі ықтимал.

Алайда виртуалды коммуникацияның шамадан тыс болуы бірқатар психологиялық мәселелерге әкелуі мүмкін. Олардың қатарында әлеуметтік оқшаулану, шынайы қарым-қатынастың азаюы, интернетке тәуелділік, уақытты тиімсіз пайдалану сияқты факторлар бар. Бұл жағдайлар жастардың эмоциялық тұрақтылығына, тұлғалық дамуына және әлеуметтік бейімделуіне кері ықпал етуі мүмкін. Сонымен қатар, кибербуллинг пен онлайн агрессия да психологиялық қысым тудырып, стрестік жағдайлардың пайда болуына себеп болады.

Сондықтан жастардың виртуалды ортадағы мінез-құлқын реттеу, олардың цифрлық сауаттылығын арттыру және эмоционалдық интеллектісін дамыту аса маңызды. Бұл бағытта білім беру мекемелері мен ата-аналардың рөлі ерекше. Жастарға виртуалды және шынайы қарым-қатынастың арасындағы тепе-теңдікті сақтауды үйрету - олардың тұлғалық дамуы мен психологиялық саулығын қамтамасыз етудің басты шарты болып табылады.

Осылайша, жастардың виртуалды ортадағы қарым-қатынасы олардың психологиялық дамуына ықпал ететін күрделі әрі көпқырлы құбылыс болып табылады. Сондықтан бұл бағыттағы зерттеулер қазіргі қоғам үшін маңызды ғылыми және практикалық мәнге ие.

Зерттеу жұмысының практикалық кезеңінде жастардың виртуалды ортадағы қарым-қатынасының психологиялық ерекшеліктерін анықтау мақсатында эмпирикалық зерттеу жүргізілді. Зерттеу базасы ретінде жалпы білім беретін оқу орны алынды. Зерттеуге 15-16 жас аралығындағы жасөспірімдер қатысты. Қатысушылар әлеуметтік желілерді, атап айтқанда Instagram, TikTok, WhatsApp және басқа да онлайн платформаларды белсенді пайдаланушылар болып табылады. Бұл олардың виртуалды

коммуникацияға жиі түсетіндігін және зерттеу тақырыбына сәйкестігін көрсетеді.

Зерттеу барысында кешенді әдістер қолданылды. Атап айтқанда, сауалнама жүргізу арқылы қатысушылардың виртуалды ортадағы мінез-құлқы мен қарым-қатынас ерекшеліктері анықталды. Психологиялық тестілеу әдісі олардың эмоционалдық жағдайын, өзін-өзі бағалау деңгейін және коммуникативтік қасиеттерін бағалауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар бақылау әдісі арқылы жасөспірімдердің онлайн және офлайн ортадағы мінез-құлқына талдау жасалды. Ал салыстырмалы талдау әдісі алынған нәтижелерді өзара салыстырып, қорытынды жасауға негіз болды.

Сауалнама барысында қатысушыларға олардың әлеуметтік желілерді пайдалану белсенділігін, онлайн қарым-қатынасқа деген көзқарасын және психологиялық жай-күйін анықтауға бағытталған сұрақтар қойылды. Атап айтқанда, күніне әлеуметтік желіде қанша уақыт өткізетіні, қай платформаларды жиі қолданатыны, онлайн қарым-қатынастың ыңғайлылығы, интернетте өзін еркін сезіну деңгейі, виртуалды ортадағы мінез-құлқының шынайы өмірмен сәйкестігі, әлеуметтік желілердің көңіл-күйіне әсері және онлайн қарым-қатынастың достық байланыстарға ықпалы туралы мәліметтер жинақталды.




**Зерттеу нәтижелері.** Жүргізілген эмпирикалық зерттеу нәтижелері жастардың виртуалды ортадағы қарым-қатынасының айтарлықтай белсенді екенін көрсетті. Сауалнама қорытындысы бойынша қатысушылардың 70%-ы әлеуметтік желілерде көп уақыт өткізетінін атап өтті. Бұл қазіргі жастар өмірінде цифрлық ортаның маңызды орын алатынын дәлелдейді.

Сонымен қатар респонденттердің 80%-ы онлайн қарым-қатынасты ыңғайлы деп санайды. Бұл виртуалды коммуникацияның қолжетімділігі мен қарапайымдылығымен түсіндіріледі. Қатысушылардың 65%-ы интернет кеңістігінде өзін еркін сезінетінін көрсеткен, бұл анонимділік пен психологиялық кедергілердің азаюымен байланысты.

Зерттеу барысында респонденттердің 60%-ы әлеуметтік желілердің олардың эмоционалдық жағдайына әсер ететінін атап өтті. Бұл виртуалды ортаның психологиялық ықпалының жоғары екенін көрсетеді. Сонымен қатар қатысушылардың 40%-ында әлеуметтік желілерге белгілі бір деңгейде тәуелділік белгілері байқалатыны анықталды.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер виртуалды қарым-қатынастың жастар өмірінде маңызды рөл атқаратынын, алайда оның жағымды жақтарымен қатар, психологиялық тәуекелдерді де қамтитынын дәлелдейді.

**Қорытынды**. Виртуалды қарым-қатынас қазіргі жастар өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады және олардың күнделікті әлеуметтік тәжірибесінің маңызды кеңістігіне айналды. Цифрлық орта тек ақпарат алмасу құралы ғана емес, сонымен қатар өзін-өзі таныту, әлеуметтік рөлдерді игеру, тұлғалық ұстанымдарды қалыптастыру алаңы қызметін атқарады. Сондықтан оның психологиялық ерекшеліктерін терең түсіну қазіргі қоғам үшін аса өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Виртуалды коммуникацияның артықшылықтары - байланыс қолжетімділігі, ақпарат алмасудың жеделдігі, шығармашылық белсенділік пен әлеуметтік мүмкіндіктердің кеңеюі. Сонымен қатар, ол жастарға өзін-өзі дамытуға, жаңа білім мен дағдыларды меңгеруге, түрлі мәдениеттермен танысуға және жаһандық ақпараттық кеңістікке интеграциялануға мүмкіндік береді. Әсіресе, цифрлық технологиялар білім алу, кәсіби бағдарлану және әлеуметтік желілер арқылы өзіндік бренд қалыптастыру сияқты жаңа мүмкіндіктерді ашады.

Алайда виртуалды қарым-қатынастың жағымсыз тұстарын да ескермеуге болмайды. Эмоциялық алшақтық, бетпе-бет қарым-қатынастың азаюы, әлеуметтік салыстыру, кибербуллинг, интернетке тәуелділік сияқты қауіптер жастардың психологиялық жағдайына кері әсер етуі мүмкін. Бұл құбылыстар өзін-өзі бағалаудың төмендеуіне, мазасыздық пен жалғыздық сезімінің артуына, сондай-ақ тұлғалық даму процесінің бұзылуына әкелуі ықтимал. Сонымен қатар, онлайн кеңістікте жалған «идеалды» бейнелердің таралуы жастардың шынайы өмірге деген қанағаттанушылығын төмендетуі мүмкін.

Осыған байланысты жастардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Коммуникативтік құзыреттілік тек тілдік және сөйлеу дағдыларымен шектелмейді, ол эмпатияны, сыни ойлауды, цифрлық сауаттылықты, эмоцияларды басқару қабілетін, медиамәдениетті және жауапты онлайн мінез-құлықты қамтиды. Бұл дағдылар жастарға виртуалды ортада қауіпсіз әрі тиімді әрекет етуге мүмкіндік береді.

Білім беру ұйымдары, ата-аналар және қоғам өкілдері бірлесіп, жастарды цифрлық ортаны саналы түрде пайдалануға, ақпаратты сыни тұрғыдан бағалауға және виртуалды қарым-қатынасты шынайы өмірмен үйлестіруге үйретуі қажет. Сонымен қатар, психологиялық қолдау көрсету, алдын алу шараларын ұйымдастыру және цифрлық мәдениетті қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізу маңызды.

Қорытындылай келе, виртуалды және шынайы қарым-қатынастың тепе-теңдігін сақтау - қазіргі жастардың үйлесімді дамуы мен табысты әлеуметтенуінің негізгі шарты болып табылады. Цифрлық технологияларды тиімді пайдалану арқылы жастардың әлеуетін арттыруға, олардың әлеуметтік бейімделуін жақсартуға және психологиялық әл-ауқатын сақтауға толық мүмкіндік бар. Сондықтан виртуалды қарым-қатынасты зерттеу және оны дұрыс бағытта дамыту – болашақ қоғамның сапалы дамуының маңызды кепілі болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер**


1. Арсентьева, Е.В. Психологические аспекты предпочтения реального и виртуального общения [Текст] / Е.В. Арсентьева, Ю.М.Чукмаров // Вестник Московского университета. - 2011. - №2. - С. 127-131.
2. Әбдіхалықова, А. М. Әлеуметтік желілердегі виртуалды коммуникация / А. М. Әбдіхалықова, Д. Ә. Сейітова // Қоғам және ақпарат ғылымы. - 2021. - № 5. - Б. 78-86.
3. Қасымова Г.Ж. Виртуалды қарым-қатынастың психологиялық ерекшеліктері // Психология және педагогика журнал. - 2020. - № 3. - Б. 45-52.
4. Нұрмаханбет С.Т. Интернет-кеңістіктегі тіл және қарым-қатынас // Тіл білімі мен коммуникация. - 2019. - № 2. - Б. 12-20.
5. Әлиев Т.Б. Виртуалды ортадағы тұлғалық бейне және өзін-өзі таныту // Жастар психологиясы. - 2022. - № 1. - Б. 102-111.
6. Ласуэлл Г. Ақпараттық коммуникацияның құрылымы // Коммуникация теориясы негіздері (аударма). - Алматы: Білім, 2018. - 250 б.


## «ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ ЖӘНЕ АССИСИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ»


***Арыстанбекова Ж.Б.***

*Павлодар қаласы Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студентері.*

***Мурзатаева А.К.***

*Ғылыми жетекшісі: педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы.*



**Аннотация**

Бұл мақалада инклюзивті білім беру процесінде цифрлық және ассистивті технологияларды қолданудың теориялық негіздері мен практикалық маңыздылығы жан-жақты талданады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды қолдауда интерактивті платформалардың, адаптивті оқыту жүйелерінің, альтернативті және қосымша коммуникация құралдарының (AAC), экран оқырмандары мен моторлық көмекші құрылғылардың рөлі қарастырылады. Мақалада сонымен қатар педагогтардың цифрлық құзыреттілігін арттыру, технологияларды мектеп ортасына тиімді енгізу және ата-аналармен бірлескен жұмысты ұйымдастыру мәселелері көрсетілген. Зерттеу нәтижелері технологиялардың инклюзивті ортаның қолжетімділігі мен сапасын арттырудағы ықпалын айқындайды. Кілт сөздер: инклюзия, ассистивті технологиялар, AAC, цифрлық платформа, адаптивті оқыту, қолжетімділік.

**Аннотация**

В статье рассматриваются теоретические и практические аспекты применения цифровых и ассистивных технологий в инклюзивном образовании. Анализируются возможности интерактивных образовательных платформ, адаптивных систем обучения, средств альтернативной и дополнительной коммуникации (AAC), экранных читателей, тактильных и моторно-поддерживающих устройств. Особое внимание уделяется вопросам повышения цифровой компетентности педагогов, технической оснащенности школ, а также сотрудничеству с родителями. Результаты исследования показывают, что современные технологии существенно повышают доступность, индивидуализацию и качество обучения детей с особыми образовательными потребностями. Ключевые слова: инклюзия, цифровые технологии, ассистивные средства, AAC, адаптивное обучение.

**Annotatio**

This article analyzes the theoretical foundations and practical significance of using digital and assistive technologies in inclusive education. The study explores interactive learning platforms, adaptive educational systems, alternative and augmentative communication tools (AAC), screen readers, tactile devices, and motor-assistive equipment that support learners with special educational needs. The paper highlights the importance of enhancing teachers' digital competence, improving school technical infrastructure, and strengthening cooperation with parents. The findings demonstrate that modern technologies significantly contribute to accessibility, personalization, and overall quality of inclusive learning environments.

**Keywords**: inclusion, assistive technologies, AAC, digital learning, accessibility

Инклюзивті білім беру қазіргі қоғамның маңызды бағыттарының бірі ретінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға сапалы білім алуға тең мүмкіндік беруді көздейді. Бүгінгі таңда цифрлық және ассистивті технологияларды қолдану инклюзивті оқыту жүйесінің ажырамас бөлігіне айналып отыр. Қоғамды цифрландыру үрдісі білім беру мекемелерінің де оқу процесін жаңаша ұйымдастыруына ықпал жасап, әр баланың жеке ерекшелігіне қарай бейімделген оқыту мүмкіндігін кеңейтті. Сондықтан инклюзивті ортада цифрлық құралдарды тиімді пайдалану ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың оқу жетістіктерін арттыруда ерекше рөл атқарады.Цифрлық технологиялар оқу материалын әртүрлі форматта ұсынуға мүмкіндік береді. Мәтіндік материалдарды дыбыстайтын бағдарламалар, интерактивті тақталар, онлайн платформалар, бейнесабақтар және электронды оқулықтар ақпараттың қолжетімділігін арттырады. Көру қабілеті төмен балалар аудиоматериалдар арқылы білімді қабылдай алады, есту қабілеті әлсіз балалар үшін субтитрлі және визуалды материалдар қарастырылған. Сонымен қатар интерактивті қосымшалар баланың зейінін шоғырландыруға, есте сақтауын жақсартуға көмектеседі. Жекелендірілген оқытуға көмектесетін адаптивті платформалар тапсырмаларды баланың деңгейіне қарай реттеп, оқу процесінің тиімділігін күшейтеді. Осылайша цифрлық орта білім алушының жеке қарқынын, қызығушылығын және мүмкіндіктерін ескеруге жағдай жасайды.

Ассистивті технологиялар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың оқу процесіне толыққанды қатысуын жеңілдететін арнайы техникалық құралдар болып табылады. Мұндай технологияға көруі нашар балаларға арналған экран үлкейткіштер, Брайль дисплейлері, дыбыстық оқыту құрылғылары, жоғары контрастты бағдарламалар, есту қабілеті бұзылған балаларға арналған дыбысты күшейткіш аппараттар және FM

жүйелері, қозғалыс мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы клавиатуралар мен басқару құрылғылары, виртуалды пернетақталар мен сөйлейтін планшеттер жатады. Интеллектуалдық даму ерекшелігі бар балалар үшін қарапайым интерфейсті қосымшалар, пиктограмма жүйелері және ойын түріндегі оқыту бағдарламалары қолданылады. Бұл құралдар баланың ақпаратты қабылдауын жеңілдетіп қана қоймай, оның дербестігін, коммуникация дағдыларын және әлеуметтік бейімделуін арттырады. Цифрлық және ассистивті технологияларды қолданудың бірқатар артықшылықтары бар. Ең алдымен, оқу процесінің жекелендірілуі қамтамасыз етіледі, өйткені әрбір баланың даму деңгейі, қарқыны және қажеттілігі ескеріледі. Технологиялар оқу материалын кез келген форматта ұсынуға мүмкіндік беріп, қолжетімділікті арттырады. Коммуникация мүмкіндігі шектеулі балалар ассистивті құралдар арқылы өз ойын жеткізе алатын дәрежеге жетеді. Цифрлық элементтер баланың оқу мотивациясын күшейтіп, сабаққа қызығушылығын арттырады. Инклюзивті ортада қолданылған технологиялар баланың өзін-өзі бағалауына, әлеуметтік белсенділігіне оң әсер етіп, олардың қоғамға толыққанды араласуына жәрдемдеседі.Дегенмен технологияларды енгізуде бірқатар мәселелер де жоқ емес. Педагогтардың цифрлық және ассистивті технологияларды қолдану жөніндегі біліктілігі әрдайым жеткілікті бола бермейді. Кейбір мектептерде арнайы техникалық құралдар толық көлемде қамтамасыз етілмеген. Оқытуға арналған цифрлық платформалардың барлығы барлық категориядағы балаларға бейімделе бермейді. Сонымен қатар қолжетімді контенттің аздығы, цифрлық қауіпсіздік мәселелері, ауыл мектептерінде интернеттің әлсіздігі инклюзивті оқытуда цифрлық мүмкіндіктерді толық пайдалануға кедергі келтіреді. Осыған байланысты педагогтарды арнайы курстар арқылы оқыту, мектептерді заманауи техникамен қамтамасыз ету және инклюзивті бағыттағы контент әзірлеу қажеттілігі туындайды.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, инклюзивті ортада технологияларды жүйелі қолдану балалардың оқу үлгеріміне тікелей әсер етеді. Финляндия, Канада, Жапония секілді елдерде әр балаға жеке планшет немесе компьютер беріледі, оқу материалдары онлайн режимде қолжетімді, ассистивті құралдарды енгізу мемлекет тарапынан қаржыландырылады, мектептерде арнайы мамандар жұмыс істейді. Бұл тәжірибе Қазақстан үшін де маңызды үлгі болып табылады. Инклюзивті білім беру жүйесін дамытуда халықаралық тәжірибені ұлттық ерекшелікке сай бейімдеп қолдану оқыту сапасын арттыра түседі.

Жоғарыда айтылғандардың барлығын түйіндей келе, инклюзивті білім беруде цифрлық және ассистивті технологияларды қолдану ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуына толық жағдай жасауға мүмкіндік береді. Бұл технологиялар баланың оқу процесіне өз бетінше қатысуын қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың әлеуметтенуіне, өзіндік қабілетін ашуына және қоғамда өз орнын табуына ықпал етеді. Сондықтан білім беру мекемелерінде цифрлық ортаны дамыту, әр балаға қолжетімді контент ұсыну, педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру және

ассистивті құралдарды жүйелі қолдану инклюзивті оқытудың негізгі бағыттарының бірі болып қала береді.

Қазіргі кезеңде цифрлық трансформация тек білім беру мазмұнын ғана емес, сонымен қатар оқыту әдістерін де түбегейлі өзгертіп отыр. Инклюзивті білім беру жағдайында бұл өзгерістер ерекше маңызға ие, себебі әрбір білім алушының жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту процесін ұйымдастыру басты міндеттердің бірі болып табылады. Осы тұрғыда жасанды интеллект элементтері енгізілген цифрлық платформалар ерекше рөл атқара бастады. Мұндай жүйелер оқушының оқу әрекетін талдап, оның әлсіз және күшті жақтарын анықтап, соған сәйкес жеке оқу траекториясын ұсына алады.

Сонымен қатар, қашықтықтан оқыту технологиялары да инклюзивті білім беруде маңызды құралға айналды. Денсаулық жағдайына байланысты мектепке тұрақты бара алмайтын балалар үшін онлайн сабақтар білім алудың баламалы әрі тиімді жолы болып табылады. Бұл өз кезегінде білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Тағы бір маңызды аспект — ата-аналардың цифрлық сауаттылығы. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың дамуында ата-ананың рөлі ерекше болғандықтан, оларды да цифрлық және ассистивті құралдарды қолдануға үйрету қажет. Бұл балаға үй жағдайында да қолдау көрсетуді күшейтеді.

Сонымен бірге, инклюзивті цифрлық орта құруда әмбебап дизайн қағидаларын (Universal Design for Learning – UDL) қолдану маңызды. Бұл тәсіл оқу материалдарын барынша көп оқушыға қолжетімді етуге бағытталған. Яғни, бір ғана форматпен шектелмей, ақпаратты мәтін, дыбыс, визуал және интерактивті түрде ұсыну арқылы әртүрлі қабылдау ерекшеліктері ескеріледі.

Жалпы алғанда, цифрлық және ассистивті технологияларды тиімді қолдану инклюзивті білім беруді жаңа деңгейге көтеріп, әрбір баланың әлеуетін толық ашуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім беру саласына қатысты ұсыныстар ретінде мектептерді техникалық құралдармен толық қамтамасыз ету, барлық санаттағы балаларға бейімделген оқу бағдарламаларын әзірлеу, цифрлық контент көлемін ұлғайту, педагогтарды тұрақты қайта даярлау курстарынан өткізу, ассистивті құрылғыларды отандық деңгейде өндіру, ата-аналармен жұмыс жүйесін күшейту және инклюзивті мәдениетті қалыптастыру бойынша ақпараттық кампаниялар ұйымдастыру қажет. Қоғамдағы әрбір бала – тең құқықты тұлға, ал технологиялар осы теңдікті іске асырудың тиімді құралы болып табылады.

## ӘДЕБИЕТТЕР


1. Назарбаев Н.Ә. *Қазақстандағы инклюзивті білім беру саясаты*. Астана, 2015.
2. Баймұратова А. *Ерекше балаларды қолдаудың заманауи технологиялары*. Алматы, 2021.
3. Виготский Л.С. *Дефектология негіздері*. Мәскеу, 1934.
4. UNESCO. *Inclusive education and assistive technologies*. Paris, 2020.

# ЕРЕКШЕ БІЛІМ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР ОРТА БУЫН ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМЫТУДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

***Ахметова К.К.***
*Павлодар қаласы Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті*
***Теміргалиева М. С.***
*ғылыми жетекшісі: педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы, Павлодар қаласы*

**Аннотация**

*Мақалада ерекше білім қажеттіліктері бар орта буын оқушыларының сөйлеу тілін дамытуда цифрлық технологияларды қолданудың педагогикалық мүмкіндіктері қарастырылады. Зерттеу барысында цифрлық білім беру ресурстары, интерактивті платформалар, логопедиялық қосымшалар, мультимедиялық тапсырмалар мен онлайн-коммуникация құралдарының оқушылардың сөздік қорын байытуға, дыбысты дұрыс айтуына, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға және тілдік белсенділігін арттыруға ықпал ететіні талданады. Мақалада ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыс барысында цифрлық технологияларды қолданудың тиімді шарттары, олардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерге сәйкестігі және инклюзивті білім беру кеңістігіндегі маңызы ашып көрсетіледі. Цифрлық технологиялардың оқу үдерісін дараландыруға, оқушының қызығушылығын арттыруға және сөйлеу тілін дамыту жұмысын жүйелі ұйымдастыруға мүмкіндік беретіні негізделеді.*

*В статье рассматриваются педагогические возможности использования цифровых технологий в развитии речи учащихся среднего звена с особыми образовательными потребностями. В ходе исследования анализируется, что цифровые образовательные ресурсы, интерактивные платформы, логопедические приложения, мультимедийные задания и средства онлайн-коммуникации способствуют обогащению словарного запаса учащихся, правильному произношению звука, формированию навыков связной речи и повышению языковой активности. В статье раскрываются эффективные условия использования цифровых технологий в работе с учащимися с особыми образовательными потребностями, их соответствие психолого-педагогическим особенностям и значение в инклюзивном образовательном пространстве. Обосновывается тот факт, что цифровые технологии позволяют индивидуализировать учебный процесс, повысить интерес учащегося и систематически организовать работу по развитию речи.*

The article discusses the pedagogical possibilities of using digital technologies in the development of speech of middle-level students with special educational needs. In the course of the study, it is analyzed that digital educational resources, interactive platforms, speech therapy applications, multimedia tasks and online communication tools contribute to the enrichment of students ' vocabulary, correct pronunciation of sound, the formation of connecting speech skills and increasing language activity. The article reveals the effective conditions for the use of digital technologies in working with students with special educational needs, their compliance with psychological and pedagogical characteristics and their importance in the space of inclusive education. It is substantiated that digital technologies allow individualizing the educational process, increasing the student's interest and systematically organizing work on the development of speech.

**Түйін сөздер:** ерекше білім қажеттіліктері, орта буын оқушылары, сөйлеу тілін дамыту, цифрлық технологиялар, инклюзивті білім беру, логопедиялық жұмыс, интерактивті оқыту.

**Ключевые слова:** особые образовательные потребности, учащиеся среднего звена, развитие речи, цифровые технологии, инклюзивное образование, логопедическая работа, интерактивное обучение.

**Keywords**: special educational needs, middle-level students, speech development, digital technologies, inclusive education, speech therapy work, interactive learning.

Қазіргі білім беру кеңістігінде ерекше білім қажеттіліктері бар оқушыларды қолдау мәселесі өзекті бағыттардың бірі болып отыр. Әсіресе орта буын кезеңінде оқушылардың сөйлеу тілін дамыту олардың танымдық белсенділігіне, қарым-қатынас жасау дағдыларына, оқу материалын меңгеруіне және әлеуметтік ортаға бейімделуіне тікелей әсер етеді. Осыған байланысты цифрлық технологияларды білім беру үдерісіне тиімді енгізу сөйлеу тілін жетілдірудің жаңа мүмкіндіктерін ашады. Интерактивті платформалар, мультимедиялық жаттығулар, дыбыстық және бейнелік материалдар, арнайы логопедиялық қосымшалар арқылы оқушылардың тілдік қабілеттерін дамыту жұмысы неғұрлым қызықты, қолжетімді және нәтижелі ұйымдастырылады. Сондықтан ерекше білім қажеттіліктері бар орта буын оқушыларының сөйлеу тілін дамытуда цифрлық технологияларды қолданудың педагогикалық негіздерін қарастыру қазіргі инклюзивті білім беру жүйесі үшін маңызды міндеттердің бірі болып табылады [1].

Ерекше білім қажеттіліктері бар орта буын оқушыларының сөйлеу тілін дамыту – күрделі де көпқырлы педагогикалық үдеріс. Бұл жаста оқушының сөздік қорының кеңеюі, өз ойын жүйелі жеткізуі, диалогқа қатысуы, сұраққа нақты жауап беруі және қоршаған ортамен тілдік қарым-қатынас орнатуы маңызды орын алады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларда дыбысты дұрыс айту, сөзді байланыстырып құрастыру, сөйлем құрылымын сақтау, сөз мағынасын түсіну және коммуникативтік белсенділік танытуда белгілі бір қиындықтар жиі кездеседі. Жағдайда цифрлық технологиялар сөйлеу тілін дамыту жұмысын жеңілдететін, оқушының қызығушылығын оятатын және түзете-дамыту жұмысын жекелендіруге мүмкіндік беретін тиімді құрал ретінде танылады.

Цифрлық технологияларды қолданудың басты ерекшелігі – ақпаратты көрнекі, дыбыстық және қимылдық формада бір уақытта ұсыну мүмкіндігі. Ерекше білім қажеттіліктері бар оқушылар көбіне мәтіндік ақпараттан гөрі визуалды және аудиоматериалдарды жақсы қабылдайды. Сондықтан интерактивті тақта, бейнематериалдар, дыбыстық жаттығулар, анимациялық суреттер, сөйлеуге үйрететін мобильді қосымшалар мен арнайы платформалар оқушының назарын шоғырландырып, тілдік материалды жеңіл қабылдауына көмектеседі. Мұндай құралдар арқылы жаңа сөздерді меңгерту, сөз тіркестерін құрастыру, сөйлемді толық айту, мәтінді мазмұндау сияқты жұмыстар жүйелі әрі қолжетімді ұйымдастырылады [2].

Л.С. Выготскийдің ғылыми тұжырымдарында сөйлеу тілі баланың ойлауымен, әлеуметтік ортамен және бірлескен әрекетпен тығыз байланыста дамитыны көрсетіледі. Осы тұрғыдан алғанда, ерекше білім қажеттіліктері бар оқушылардың тілін дамытуда цифрлық технологиялар тек техникалық құрал емес, оқушыға дер кезінде қолдау көрсететін, оның жақын даму аймағына сай тапсырма ұсынатын педагогикалық орта ретінде қарастырылады. Қазіргі зерттеулер де осы ойды толықтырады: инклюзивті білім берудегі технологиялар оқыту ортасын неғұрлым қолжетімді және бейімделгіш етіп, әртүрлі қажеттілігі бар білім алушылардың қатысуын күшейтетіні анықталған. Жүйелі шолуларда цифрлық құралдардың жеке қарқынмен оқытуға, мультимодальды материал ұсынуға және оқушының белсенді араласуын арттыруға мүмкіндік беретіні көрсетіледі.

ЮНЕСКО материалдарында да мүмкіндігі шектеулі және ерекше білім қажеттіліктері бар оқушылар үшін технологияның маңызы ерекше атап өтіледі: технологияға негізделген қолдау оқушылардың сабаққа қатысу ынтасын арттырып, оқу мазмұнына қолжетімділігін кеңейтеді және инклюзивті ортаны нығайтады. Сонымен бірге зерттеушілер цифрлық технологияның тиімділігі оның өзінен гөрі, оны педагогикалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастыруға байланысты екенін көрсетеді. Яғни мұғалімнің цифрлық құзыреттілігі, мазмұнның бейімделуі, оқушы қажеттілігіне сай құрал таңдау және жүйелі кері байланыс сөйлеу тілін дамыту нәтижесіне тікелей әсер етеді. Демек, ғалымдар пікірінше, цифрлық технологиялар ерекше білім қажеттіліктері бар орта буын оқушыларының сөйлеу тілін дамытуда үлкен мүмкіндік береді, бірақ ол мақсатты әдістемемен ұштасқанда ғана жоғары нәтиже береді [3].

Сөйлеу тілін дамытуда қолданылатын цифрлық технологиялардың түрлері сан алуан. Олардың қатарына логопедиялық бағдарламалар, дыбысты дұрыс айтуға арналған тренажерлар, интерактивті ойындар, онлайн жаттығулар, бейнесабақтар, электронды карточкалар, мәтінді дыбыстау құралдары және кері байланыс беретін білім беру платформалары жатады. Мысалы, сурет пен дыбысты қатар ұсынатын тапсырмалар арқылы оқушы заттың атауын есте сақтап, оны дұрыс айтуға дағдыланады. Ал сөйлем құрастыруға арналған цифрлық тапсырмалар баланың сөздерді ретімен орналастыру, ойды аяқтау және мағыналық байланыс орнату қабілетін жетілдіреді. Осылайша цифрлық ресурстар сөйлеу тілінің фонетикалық, лексикалық және грамматикалық қырларын қатар дамытуға ықпал етеді.

Орта буын оқушылары үшін цифрлық технологиялардың ойын элементтерімен ұштасуы ерекше маңызды. Бұл жастағы балалар мен жасөспірімдер тапсырманы дәстүрлі жаттығуға қарағанда қызықты формада орындауға көбірек ынталанады. Егер сөйлеу тілін дамыту жұмысы цифрлық ойындар, сөздік пазлдар, дыбысты сәйкестендіру тапсырмалары, интерактивті диалогтар мен мультимедиялық тренингтер арқылы ұйымдастырылса, оқушының сабаққа қызығушылығы артады. Мұндай формат қорқыныш пен қысылуды азайтып, оқушының өз ойын айтуға деген

сенімділігін күшейтеді. Әсіресе қателесуден қорқатын немесе тілдік белсенділігі төмен оқушылар үшін цифрлық орта еркін қарым-қатынас жасауға қолайлы мүмкіндік береді.

Цифрлық технологиялар сөйлеу тілін дамыту үдерісін жекелендіруге де жағдай жасайды. Ерекше білім қажеттіліктері бар оқушылардың даму деңгейі, қабылдау ерекшелігі, жұмыс қарқыны мен тілдік мүмкіндіктері әртүрлі болады. Бір оқушыға дыбысты қоюға арналған қарапайым жаттығу қажет болса, екінші оқушыға байланыстырып сөйлеуді дамытуға арналған күрделірек тапсырма қажет болуы мүмкін. Цифрлық платформалар осы айырмашылықтарды ескеріп, тапсырмаларды деңгейлеп ұсынуға, қайталау санын реттеуге, оқушының жеке жетістігін бақылауға мүмкіндік береді. Бұл мұғалімге әр баланың қажеттілігіне сай жұмыс жүргізуге көмектеседі және түзету жұмысының нәтижелілігін арттырады [4].

Сөйлеу тілін дамытуда цифрлық технологияларды қолдану тек тілдік дағдыны қалыптастырып қана қоймай, оқушының жалпы танымдық белсенділігін де көтереді. Себебі сөйлеу әрекеті ойлау, есте сақтау, зейін қою, салыстыру, талдау және қорытынды жасау сияқты психикалық процестермен тығыз байланысты. Мультимедиялық тапсырмалар мен интерактивті жаттығуларды орындау барысында оқушы тек сөзді айтып қоймай, оның мағынасын түсінеді, бейнемен салыстырады, дұрыс нұсқаны таңдайды, сөйлем ішінде қолданады. Бұл өз кезегінде сөйлеудің мазмұндылығын арттырып, тілдік бірліктерді саналы меңгеруге жол ашады. Сондықтан цифрлық технологиялар сөйлеу тілі мен танымдық дамудың өзара байланысын нығайтатын маңызды құрал болып саналады.

Цифрлық технологияларды тиімді қолдану үшін белгілі бір педагогикалық шарттарды сақтау қажет. Ең алдымен, қолданылатын цифрлық құрал оқушының жас ерекшелігіне, психофизиологиялық жағдайына және тілдік даму деңгейіне сәйкес болуы тиіс. Материал тым күрделі немесе шамадан тыс анимацияланған болса, ол баланың назарын негізгі мақсаттан алаңдатуы мүмкін. Сондай-ақ мұғалім цифрлық ресурсты тек техникалық құрал ретінде емес, нақты түзете-дамыту мақсатына бағытталған әдістемелік құрал ретінде пайдалануы керек. Тапсырмалардың жүйелілігі, түсініктілігі, қайталану мүмкіндігі және нәтижені бақылау тәсілдері алдын ала ойластырылған жағдайда ғана цифрлық технология шынайы педагогикалық тиімділік береді.

Ерекше білім қажеттіліктері бар орта буын оқушыларының сөйлеу тілін дамытуда цифрлық технологияларды қолдану – қазіргі білім беру жүйесіндегі өзекті әрі нәтижелі бағыттардың бірі. Ол оқушының тілдік белсенділігін арттыруға, сөздік қорын молайтуға, дұрыс дыбыстау дағдысын қалыптастыруға, сөйлем құрау мен өз ойын жүйелі жеткізуге көмектеседі. Сонымен бірге цифрлық орта инклюзивті оқытудың талаптарына сай келіп, әр баланың жеке мүмкіндігін ескеруге жол ашады. Осы себепті сөйлеу тілін дамыту жұмысында цифрлық технологияларды ғылыми негізде, мақсатты және жүйелі қолдану ерекше білім беруді қажет

ететін оқушылардың оқу жетістігін арттырудың маңызды тетігі ретінде бағалануы тиіс [5].

Ерекше білім қажеттіліктері бар орта буын оқушыларының сөйлеу тілін дамытуда цифрлық технологияларды қолдану қазіргі инклюзивті білім беру жағдайында аса маңызды бағыт болып табылады. Цифрлық құралдар оқушының тілдік белсенділігін арттырып, сөздік қорын байытуға, дыбысты дұрыс айтуына, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға және оқу үдерісіне қызығушылығын күшейтуге мүмкіндік береді. Аталған технологиялар әр оқушының жеке ерекшелігін ескеріп, оқытуды дараландыруға, түзете-дамыту жұмыстарын жүйелі ұйымдастыруға және мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекетті тиімді етуге жағдай жасайды. Сөйлеу тілін дамытуда цифрлық технологияларды ғылыми негізде, мақсатқа сай және әдістемелік тұрғыдан дұрыс қолдану ерекше білім қажеттіліктері бар оқушылардың білім сапасын арттырудың және әлеуметтік бейімделуін қолдаудың маңызды тетігі болып саналады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Инклюзивті білім беру жағдайында «Технология және өнер» білім беру саласының оқу бағдарламаларын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2025. – 256 б.
2. Мусханова, И. В., Мамуев, А. М., Усамов, И. Р. Роль цифровизации в инклюзивном образовании: проблемы и перспективы // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2023. – № 6. – С. 63–78.
3. Якубенко, О. В., Фролова, П. И., Раисова, А. Т., Телепова, М. В. Проблемы развития связной речи у обучающихся в условиях цифровизации образования // Вестник Омского государственного педагогического университета. Гуманитарные исследования. – 2024. – № 1(42). – С. 189–192.
4. Erdem, R. Students with Special Educational Needs and Assistive Technologies: A Literature Review // TOJET: The Turkish Online Journal of Educational Technology. – 2017. – Vol. 16, No. 1. – P. 128–146.
5. Jiang, Y., Wang, Q., Weng, Z. The Influence of Technology in Educating English Language Learners at-risk or with Disabilities: A Systematic Review // ceps Journal. – 2022. – Vol. 12, No. 4. – P. 53–74.


## ВЗАИМОСВЯЗЬ РЕЧЕВОГО И КОГНИТИВНОГО РАЗВИТИЯ У ДЕТЕЙ С РЕЧЕВЫМИ НАРУШЕНИЯМИ


***Барановская Б.В.***

*студент Павлодарского педагогического университета имени Әлкей Марғұлан, г. Павлодар*

***Каримжанова А.Е.***

*научный руководитель: магистр педагогических наук, преподаватель, г. Павлодар*

**Аннотация.** *Мақала сөйлеу бұзылыстары бар балалардағы сөйлеу мен когнитивтік дамудың өзара байланысын қарастырады. Когнитивтік процестердің сөйлеуге әсері талданады. Зерттеулер назар, есте сақтау, ойлау, қабылдау, қиялдың бұзылатынын көрсетеді. Түзету әдістері, диагностика және кешенді, жекелендірілген тәсілдердің тиімділігі қарастырылады. Нәтижесінде, жүйелі жұмыс балалардың дамуын жақсартады және оқу жетістіктерін арттыруға ықпал етеді.*

*Статья рассматривает взаимосвязь речевого и когнитивного развития у детей с речевыми нарушениями. Анализируются исследования, показывающие влияние на внимание, память, мышление, восприятие и воображение. Описываются логопедические методы и диагностика. Подчеркивается необходимость системного, индивидуального подхода для эффективной коррекции, развития речи и когнитивных функций детей.*

*This article examines the relationship between speech and cognitive development in children with speech disorders. Research shows impacts on attention, memory, thinking, perception, and imagination. It highlights speech therapy methods, diagnostics, and intervention programs, emphasizing the need for systematic, individualized approaches to support speech and cognitive development in children.*

***Ключевые слова:*** *речевое развитие, когнитивное развитие, речевые нарушения, логопедия.*

***Түйін сөздер****: сөйлеу дамуы, когнитивтік даму, сөйлеу бұзылыстары, логопедия.*

***Keywords****: speech development, cognitive development, speech disorders.*

Проблема взаимосвязи речевого и когнитивного развития у детей с речевыми нарушениями на протяжении последних десятилетий остается одной из наиболее актуальных в современной специальной педагогике, логопедии и психологии. Интерес исследователей к данной проблеме обусловлен не только высокой распространенностью речевых нарушений среди детского населения, но и пониманием того, что речь представляет собой сложнейшую психическую функцию, находящуюся в теснейшем взаимодействии со всеми познавательными процессами.

Современная наука рассматривает речь не как изолированную способность, а как интегративное образование, формирующееся на основе взаимодействия множества когнитивных структур и обеспечивающее не только коммуникативную функцию, но и выступающее мощнейшим инструментом развития мышления, регуляции поведения и познания окружающего мира. В связи с этим нарушения речевого развития неизбежно влекут за собой изменения в формировании когнитивной сферы ребенка, что требует глубокого понимания механизмов этого взаимодействия для построения эффективных коррекционных программ.

1. Теоретические подходы к пониманию взаимосвязи речи и когнитивных функций.

1.1. Психолингвистические основы речевого развития

В отечественной психологии и психолингвистике проблема соотношения речи и мышления традиционно занимает центральное место. Л.С. Выготский, заложивший основы культурно-исторической теории развития психики, подчеркивал, что речь и мышление имеют различные генетические корни, но в процессе онтогенеза их линии пересекаются, образуя качественно новое единство. Именно в момент этого пересечения

возникает речевое мышление — высшая форма интеллектуальной деятельности, при которой мысль не просто выражается, но и формируется в слове [1].

Современные психолингвистические исследования значительно расширили представления о механизмах речевого развития. В работе А.Н. Корнева и И. Балчюниене представлена биопсихосоциальная модель психолингвистических механизмов формирования навыков речевой коммуникации у детей, согласно которой процесс овладения ребенком коммуникативно-речевыми навыками рассматривается как формирование адаптивной формы социально ориентированного поведения [2]. Авторы подчеркивают, что приобретение опыта речевой коммуникации сопровождается формированием функциональной системы языка и речи, которая на протяжении первых трех лет жизни не только количественно, но и качественно изменяется, перестраиваясь.

Особый интерес представляет положение о том, что компоненты речевой деятельности конкурируют друг с другом в борьбе за когнитивные ресурсы [2]. Это взаимодействие происходит на трех уровнях: психофизиологическом, психолингвистическом и социально-психологическом. Данное положение имеет принципиальное значение для понимания механизмов речевых нарушений: при ограниченности когнитивных ресурсов, характерной для детей с различными нарушениями развития, страдает прежде всего та составляющая речевой деятельности, которая требует наибольших когнитивных затрат.

1.2. Нейрофизиологические основы взаимодействия речи и познавательных процессов

Исследования мозговых механизмов организации речи в континууме формирования эмоционально-мотивационной сферы и познавательных функций у детей дошкольного возраста, проведенные В.А. Илюхиной и М.А. Кошулько, показывают, что в организацию речевой деятельности вовлечено не менее двух третей поверхности коры доминантного полушария и все подкорковые образования [3]. Авторы подчеркивают, что помимо классических зон Брока и Вернике в формирование речевых функций включены первичная слуховая кора, зрительная кора, лобные области левого полушария и все гомологичные области правого полушария.

Важным выводом нейрофизиологических исследований является положение о том, что речевая деятельность не может реализоваться без участия систем мозга, обеспечивающих длительные психические состояния и высшие психические функции [3]. И.А. Вартанян выделяет два взаимосвязанных процесса мозгового регулирования речевой деятельности: центральные речедвигательные механизмы, управляющие деятельностью речеобразующих органов, и центральные механизмы создания и воспроизведения звуковых форм как систем знаков и символов. Взаимодействие этих механизмов определяет как коммуникативные, так и познавательные аспекты психической деятельности человека [3].

Особое значение для понимания речевых нарушений имеет участие правого полушария в речевых процессах. При правополушарных поражениях нарушается анализ эмоциональных высказываний, продуцирование связной речи, понимание косвенной речи, что свидетельствует о важной роли правого полушария в обеспечении целостности речевой коммуникации [3]. Кроме того, исследования показывают, что правая фронтотемпоральная область представляет анатомический и функциональный субстрат самовосприятия, самооценки и автобиографической памяти [3].

2. Влияние речевых нарушений на развитие когнитивных процессов

2.1. Особенности памяти и внимания у детей с речевыми нарушениями

Речевые нарушения оказывают существенное влияние на формирование всех познавательных процессов. Как отмечается в материалах комплексной диагностики речевого развития, логопед исследует объем слухоречевой памяти, поскольку в случаях, когда ребенок не может удержать в памяти развернутую инструкцию, это может выглядеть как непонимание обращенной речи, хотя на самом деле является проявлением снижения объема слухоречевой памяти [4].

Исследования показывают, что у детей с речевыми нарушениями наблюдается значительное снижение объема кратковременной и долговременной памяти, особенно в вербальной модальности. Это проявляется в трудностях запоминания речевого материала, быстром забывании новых слов, необходимости многократного повторения для усвоения информации. Дефицит внимания, в свою очередь, может маскироваться под непонимание обращенной речи или снижение интеллекта, что требует тщательной дифференциальной диагностики [4].

Жалпы коммуникативті сөйлеу тілі өз ішінде көптеген дағдыларды қамтиды және оқушылардың коммуникативті сөйлеу тілін зерттеу барысында ең негізгі деп балалардың **байланыстырып сөйлеу дағдысы** мен **белсенді сөздік қоры** зерттелген болатын.

Зерттеу жұмысы Павлодар қаласының КММ «№1 балабақша-мектеп-интернатының арнайы кешені» базасында өткізілді.

Балалардың байланыстырып сөйлеуін жан-жақты талдау мақсатында фразалық сөйлеудің қалыптасу дәрежесін, ойдың логикалық құрылымын және грамматикалық рәсімделуін айқындауға арналған тапсырма пайдаланылады. В. П. Глуховтың тұжырымдауынша, байланыстырып сөйлеу - бұл логикалық тұрғыда реттелген, бірізді және грамматикалық дұрыс құрылған айтылым. [2] Зерттеу барысында баланың көрнекі материалға сүйене отырып сөйлем құрастыруы, мағыналық байланыстарды анықтауы және ойын толық әрі кең түрде жеткізу қабілетіне ерекше көңіл бөлінеді.

Оқушыларға мазмұны жағынан өзара байланысқан төрт сурет негізінде сөйлем құрастыру тапсырмасы ұсынылады.

Мақсаты – оқиғалар арасындағы мағыналық байланысты анықтап, оларды біртұтас айтылымға біріктіру қабілетін бағалау. Суретте алма ағашын отырғызу, оны күтіп-баптау және соңында жемісін жинап алған

бала бейнеленген. Бұл бейнелер өзара логикалық байланысқа құрылған, сондықтан оқушы әрбір әрекеттің дамуын сипаттап, оларды байланыстыра отырып әңгіме құрастыруы тиіс.



*Сурет 1- байланыстырып сөйлеу дағдысын зерттеуге арналған сюжеттік бейне*

Оқушылардың орындаған тапсырмасы бойынша зерттеу нәтижелері келесі кесте түрінде көрсетілген:

*Кесте 1 - Байланыстырып сөйлеу дағдысын зерттеу нәтижелері*

| Оқушы | Оқиғалар арасындағы мағыналық байланыс | Грамматикалық ресімделуі | Мазмұн толықтығы | Жалпы балл |
|---|---|---|---|---|
| Оқушы А | 2 | 2 | 2 | 6 |
| Оқушы Б | 3 | 2 | 3 | 8 |
| Оқушы В | 1 | 1 | 2 | 4 |

Жалпы алғанда, оқушылардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын, әсіресе мазмұнды жүйелі жеткізу мен грамматикалық дұрыс құрастыру қабілеттерін дамыту қажеттілігі көрінеді.

Келесі оқушылардың коммуникативті сөйлеу тілін диагностикалау барысында Р. С. Немов ұсынған белсенді сөздік қорды зерттеу әдістемесі қолданылады. [3]Аталған әдістеме оқушының белсенді лексикалық қорының көлемін, сөздерді өз бетінше белсенді қолдану қабілетін және лексикалық бірліктерді дұрыс пайдалану деңгейін анықтауға бағытталған. Әдістеменің классикалық нұсқасы негізінен бастауыш сынып оқушыларына арналған. Зерттеу аясында ол жоғары сынып оқушыларына бейімделіп, күрделендірілді: мазмұны жағынан бай, бірнеше кейіпкері мен әрекеті бар күрделі сюжеттік суреттер қолданылды. Сонымен қатар сөздердің дәлдігі, лексикалық әртүрлілігі және тапсырманы орындаудағы дербестік деңгейі қосымша бағаланады.

Әдістеме аясында сурет бойынша заттар мен әрекеттерді атауға арналған тапсырмалар мен арнайы бағалау критерийлері әзірленді.

Тапсырманың мақсаты-оқушының белсенді сөздік қорының көлемін, сондай-ақ лексикалық бірліктерді өз бетінше еске түсіріп, дұрыс пайдалану қабілетін анықтау. Негізгі мәні-суреттегі іс-әрекеттерді сипаттау арқылы оқушылардың сөздік қорын бағалау. Мысалы, бейнеде қыз баланың иттің басынан сипауы, мысықтың иесінен қашуы сияқты әртүрлі белсенді әрекеттер көрсетіліп, барлығы бір ортақ тақырып аясында берілген.

*Сурет 2-белсенді сөздік қор деңгейін зерттеуге арналған бейне*

Орындалған тапсырма бойынша оқушылардың нәтижелері келесі кестеде көрсетіледі.

*Кесте 2-Белсенді сөздік қор деңгейін диагностикалау нәтижелері*

| Оқушы | Белсенді сөздік қорының көлемі | Лексиканың дәлдігі мен әртүрлілігі | Өз бетінше орындау деңгейі | Жалпы Балл |
|---|---|---|---|---|
| Оқушы А | 2 | 3 | 3 | 8 |
| Оқушы Б | 3 | 2 | 1 | 5 |
| Оқушы В | 1 | 1 | 2 | 4 |

Кесте 2 нәтижелері бойынша оқушылардың белсенді сөздік қоры әртүрлі деңгейде қалыптасқаны байқалады. Жалпы алғанда, оқушылардың белсенді сөздік қорын байыту, сөздерді дәл әрі орынды қолдану және өз бетінше сөйлеу дағдыларын дамыту қажеттілігі байқалған.

Байланыстырып сөйлеуді және белсенді сөздік қорды диагностикалау нәтижелері негізінде есту бұзылысы бар оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған түзету-дамыту жұмысы ұйымдастырылды. Зерттеу барысында анықталған негізгі қиындықтар – сөздік қордың шектеулілігі, сөйлемдерді грамматикалық тұрғыдан дұрыс құра алмау, ойды жүйелі және бірізді жеткізудегі қиындықтар.

Түзету жұмысы жүйелі түрде жүргізіліп, байланыстырып сөйлеуді дамытуға және белсенді сөздік қорды кеңейтуге бағытталған кешенді әдістемелер қолданылды.

Байланыстырып сөйлеуді дамыту үшін оқушылармен сюжеттік суреттер сериясы бойынша әңгіме құрастыру әдістемесі қолданылды. Оқушыларға бірізді орналасқан суреттер ұсынылып, олар сол суреттерге сүйене отырып әңгіме құрастырды. Бұл әдіс логикалық байланыстарды орнатуға, себеп-салдарлық қатынастарды түсінуге және сөйлемдерді грамматикалық дұрыс құрастыруға ықпал етті.

Осы айтылған дағдыны дамыту үшін оқушыларға келесі тапсырма берілген болатын:

*Сурет 3- байланыстырып сөйлеу қабілетін дамытуға арналған тапсырма*

Тапсырманы орындау уақытында оқушыға көмек ретінде мұғалім арнайы бағыттаушы сұрақтар қою арқылы көмектеседі, мысалы:«Бұл кім?», «Не істеп жатыр?», «Қайда?», «Неге?» сияқты.

Келесі «Әңгімені аяқта» әдістемесі. Оқушыларға басталған мәтін беріліп, оны өз бетінше жалғастыру ұсынылды. Бұл тапсырма сөйлеудің мағыналық тұтастығын сақтауға, ойды толық жеткізуге және шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

Тапсырма үлгісі: «Арман достарымен бірге мектептегі спорттық іс-шараға қатысамыз деп шешті.....». Осы сөйлем негізінде әңгіменің ортасы мен соңын ойлап тап.

Келесі балалардың белсенді сөздік қорын дамыту мақсатында «Заттық және сюжеттік суреттер арқылы лексикалық жаттығулар» әдістемесіне негізделген тапсырма өткізілген болатын.

Тапрсыма 2 кезеңнен тұрады:

1.Сөздік қорын белсендіру (Заттық суреттермен жұмыс):

Мұғалім оқушыларға жоғарғы бөліктегі үш заттық суретті көрсетеді.

Оқушылар кезекпен заттардың атын (Зат есім: доп, көлік, алма) атайды.

Содан кейін бұл заттардың белгілерін (Сын есім: ала доп, қызыл көлік, жасыл алма) анықтайды.

Бұл кезеңде оқушылар қажетті сөздерді еске түсіріп, дұрыс дыбыстауды жаттықтырады.

2.Сюжетті құрастыру (Сюжеттік суретпен жұмыс):

Мұғалім төменгі бөліктегі сюжеттік суретті көрсетеді. Бұл сурет оңайырақ, өйткені оның негізгі кейіпкері — алдыңғы кезеңдегі допты ұстап тұрған бала.

Оқушыларға мынадай сұрақтар қойылады: «Суретте кім бейнеленген?», «Бала не істеп тұр?», «Ол не ұстап тұр?».

Оқушылар өз жауаптары арқылы суретті сипаттайды (Мысалы: «Бала саябақта тұр. Ол қолында ала допты ұстап тұр. Оның қасында ағаш бар»). Бұл кезеңде әрекеттерді білдіретін сөздер (Етістіктер: тұр, ұстап тұр) белсенді түрде қолданылады.

*Сурет 4- белсенді сөздік қорды дамыту үшін қолданылатын бейне*

Жүргізілген жұмыс барысында оқушыларға сюжеттік суреттер сериясы бойынша әңгіме құрастыру, «Әңгімені аяқта» әдістемесі және заттық әрі сюжеттік суреттер негізіндегі лексикалық жаттығулар ұсынылды. Тапсырмаларды орындау кезінде оқушылар оқиға желісін бірізді сипаттауға, қойылған сұрақтарға сүйене отырып толық жауап беруге және қарапайым мәтін құрастыруға үйренеді. Сонымен қатар, зат есім, сын есім және етістіктерді белсенді қолдану арқылы сөздік қорын кеңейтіп, сөйлеу дағдыларын тәжірибе жүзінде бекіту қабілеті қалыптастырылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер.**

1. Қасым Жомарт Тоқаев «Білім және ғылым» атты тамыз конференциясының отырысы https://akorda.kz/ru/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/vystuplenie-prezidenta-kazahstana-kasym-zhomarta-tokaeva-na-plenarnom-zasedanii-avgustovskoi-konferencii-bilim-jne-ylym

2. 2-Методика обследования связной речи Глухова В.П. https://nsportal.ru/shkola/materialy-k-attestatsii/library/2023/01/21/metodika-obsledovaniya-svyaznoy-rechi-gluhova-v-p
3. 3-Методика «Определение активного словарного запаса» школьника Р.С.Немовhttps://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/russkii-yazyk/2022/01/03/metodiki-dlya-diagnostiki-urovnya-aktivnogo-slovarnogo

# АТА-АНАЛАРДЫҢ БАЛА ТІЛІНІҢ ДАМУЫНА ӘСЕРІ ЖӘНЕ КЕҢЕС БЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ

***Исина А.М***
*Павлодар қаласы Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті*
***Темірғалиева М. С.***
*ғылыми жетекшісі: педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы, Павлодар қаласы*

**Аннотация**

Мақалада ата-аналардың бала тілінің дамуына ықпалы және осы бағыттағы кеңес беру жұмыстарының маңызы қарастырылады. Баланың тілдік дағдыларының қалыптасуында отбасы ортасының, ата-ананың қарым-қатынас мәдениетінің, сөйлеу белсенділігінің және күнделікті тілдік қолдаудың шешуші рөл атқаратыны талданады. Мақалада бала тілінің дамуын тежейтін негізгі факторлар, соның ішінде ата-ананың баламен жеткіліксіз сөйлесуі, цифрлық құрылғыларға шамадан тыс тәуелділік, тілдік ортаның жұтаңдығы және педагогикалық сауаттың төмендігі сипатталады. Ата-аналарға арналған кеңес беру жұмыстарының мазмұны, формалары мен әдістері жүйеленіп, оларды мектепке дейінгі ұйымдар мен бастауыш білім беру жағдайында тиімді ұйымдастыру жолдары ұсынылады. Зерттеу тақырыбының өзектілігі қазіргі қоғамдағы отбасы тәрбиесінің өзгеруімен, бала тілін ерте жастан дамыту қажеттілігімен және ата-аналарға ғылыми-әдістемелік қолдау көрсетудің маңызымен айқындалады.

В статье рассматривается влияние родителей на развитие языка ребенка и значение консультационной работы в данном направлении. Анализируется, играет ли решающую роль в формировании языковых навыков ребенка семейная среда, культура общения родителей, речевая активность и повседневная языковая поддержка. В статье описываются основные факторы, тормозящие развитие языка ребенка, в том числе недостаточное общение родителей с ребенком, чрезмерная зависимость от цифровых устройств, тугоухость языковой среды и низкая педагогическая грамотность. Систематизированы содержание, формы и методы консультационной работы для родителей, предложены пути их эффективной организации в условиях дошкольного образования и начального образования. Актуальность темы исследования определяется изменением семейного воспитания в современном обществе, необходимостью развития языка ребенка в раннем возрасте и значимостью научно-методической поддержки родителей.

The article discusses the influence of parents on the development of the child's language and the importance of consulting work in this direction. It is analyzed that the family environment, the culture of communication of parents, speech activity and everyday language support play a decisive role in the formation of the child's language skills. The article describes the main factors that inhibit the development of the child's language, including insufficient

communication of parents with the child, excessive dependence on digital devices, the turbidity of the language environment and low pedagogical literacy. The content, forms and methods of counseling work for parents are systematized and ways of their effective organization in the context of preschool organizations and primary education are proposed. The relevance of the research topic is determined by the change in family education in modern society, the need to develop the child's language at an early age, and the importance of providing scientific and methodological support to parents.

**Түйін сөздер:** ата-ана, бала тілі, тіл дамыту, отбасы тәрбиесі, сөйлеу дағдысы, кеңес беру жұмыстары, тілдік орта.

**Ключевые слова:** родители, детский язык, языковое развитие, семейное воспитание, речевые навыки, консультационная работа, языковая среда.

**Keywords** parents, Child Language, Language Development, Family Education, speech skills, consulting work, language environment.

Қазіргі қоғам жағдайында бала тілінің дамуы тек педагогикалық емес, сонымен қатар әлеуметтік, психологиялық және отбасылық маңызы зор мәселелердің бірі болып отыр. Баланың алғашқы сөздік қоры, сөйлеу мәдениеті, өз ойын анық жеткізу қабілеті ең алдымен отбасыдағы қарым-қатынасқа, ата-ананың тілдік үлгісіне және баламен жүргізілетін күнделікті тілдік әрекеттерге тікелей байланысты қалыптасады. Осы тұрғыдан алғанда, ата-аналардың бала тілінің дамуына әсерін зерттеу және оларға мақсатты түрде кеңес беру жұмыстарын ұйымдастыру ерекше өзектілікке ие. Себебі отбасында баламен жиі сөйлесу, ертегі оқу, сұрақ-жауап ұйымдастыру, бірлескен ойын әрекеттерін жүргізу сияқты қарапайым тәсілдердің өзі тілдік дамуды жеделдетуге мүмкіндік береді. Ал керісінше, ата-ананың уақытының тапшылығы, баламен тілдік байланыстың аздығы, гаджеттердің шамадан тыс қолданылуы және тілдік ортаның жеткіліксіздігі баланың сөйлеу дағдыларының баяу қалыптасуына әкелуі мүмкін. Сондықтан бұл мақалада ата-ананың бала тілін дамытудағы рөлі мен ата-аналарға арналған кеңес беру жұмыстарының мазмұны ғылыми-педагогикалық тұрғыдан қарастырылады [1].

Ата-ананың бала тілінің дамуына әсері ең алдымен отбасы ішіндегі күнделікті қарым-қатынас сапасынан көрінеді. Бала дүниеге келген сәттен бастап айналасындағы дыбыстарды, сөздерді, интонацияны қабылдай бастайды. Осы кезеңде ата-ананың жылы сөзбен сөйлеуі, баланың дыбыстық реакцияларына жауап беруі, оның былдырын қолдауы тілдік дамудың бастапқы негізін қалайды. Егер ата-ана баламен жиі сөйлесіп, оның әрекеттерін сөзбен сүйемелдеп отырса, бала сөздің мағынасын, қолданылу орнын және сөйлеудің коммуникативтік қызметін ерте түсіне бастайды. Бұл үдеріс тек сөздік қордың артуына емес, баланың тыңдау, түсіну, еліктеу және өз ойын жеткізу қабілеттерінің қалыптасуына да ықпал етеді.

Бала тілінің дамуына ата-ананың сөйлеу мәдениеті мен тілдік үлгісі де тікелей әсер етеді. Балалар үлкендердің сөзін қайталау арқылы тіл үйренетіндіктен, ата-ананың дұрыс, анық, бай және әдеби нормаға сай сөйлеуі ерекше маңызға ие. Үй ішінде дөрекі, шұбарланған немесе тым қарапайым тілдік қолданыстар жиі кездессе, бала да сол үлгіні қабылдайды.

Ал ата-ана баламен толық сөйлемдер арқылы сөйлесіп, жаңа сөздерді орынды қолданып, ойды жүйелі түрде жеткізсе, бұл баланың байланыстырып сөйлеу дағдысын дамытады. Сонымен бірге дұрыс дыбыстау, дауыс ырғағы, сөздерді анық айту сияқты ерекшеліктер де баланың артикуляциялық және фонематикалық қабылдауына оң ықпал жасайды.

Заманауи зерттеулер ата-ананың бала тілінің дамуына ықпалы кездейсоқ емес, жүйелі және дәлелденген фактор екенін көрсетеді. Jeong және әріптестерінің 2021 жылғы жаһандық жүйелі шолуы мен метаталдауы өмірдің алғашқы үш жылында жүргізілетін ата-аналық қолдау бағдарламалары ерте даму көрсеткіштерін, соның ішінде қарым-қатынас, таным және ата-ананың баламен әрекеттесу сапасын жақсартатынын дәлелдеді. Бұл тұжырым ата-анамен күнделікті сөйлесу, бірлескен ойын, баланың дыбыстық және сөздік белсенділігіне жауап беру, кітап оқу және вербалды қолдау сияқты қарапайым әрекеттердің өзі тіл дамуына тікелей әсер ететінін негіздейді. Сондықтан баланың тілін дамыту тек маманның немесе балабақшаның міндеті емес, ең алдымен отбасы ішіндегі тұрақты тілдік ортаға сүйенетін үдеріс болып саналады [2].

Джером Брунер де бала тілінің қалыптасуында отбасы мен мәдени ортаның рөлін жоғары бағалаған ғалымдардың бірі. Ол баланың тілді өздігінен ғана емес, ересектермен бірлескен әрекет, түсіндіру, қайталау және мағыналы қарым-қатынас барысында тиімді меңгеретінін көрсетеді. Брунердің тұжырымынша, ата-ана баламен күнделікті сөйлесу, ертегі оқу, сурет бойынша әңгімелесу, жағдаяттық сөйлесім ұйымдастыру арқылы тілдік дамуға тірек болады.

Ал Бетти Харт пен Тодд Рислидің ерте тілдік ортаға қатысты зерттеулері баланың кейінгі тілдік және академиялық жетістіктері оған бағытталған ересек сөзінің мөлшері мен сапасына байланысты екенін көрсеткен. Кейінгі ASHA жарияланымдары да қамқоршының балаға тікелей бағыттап сөйлейтін сөзі жақсы тілдік нәтижелермен байланысты екенін атап өтеді, ал ата-ананың қатысуымен жүргізілетін тілдік интервенциялар балалардың receptive және expressive language дағдыларына оң әсер ететіні дәлелденген. Сондықтан ғалымдардың ортақ пікірі бойынша, бала тілін дамытуда ата-ананы тек бақылаушы емес, белсенді тілдік серіктес ретінде қарастыру қажет, ал кеңес беру жұмыстары осы белсенділікті ғылыми негізде күшейтуге бағытталуы тиіс.

Отбасындағы эмоциялық ахуал да бала тілінің дамуына әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Психологиялық тұрғыдан жайлы, қауіпсіз, қолдаушы ортада өскен бала өз ойын ашық айтуға, сұрақ қоюға, пікір білдіруге бейім болады. Ал үнемі ұрыс-керіс орын алатын, баланың сөзіне мән берілмейтін немесе оның сөйлеу талпынысы сыналатын ортада бала тұйықталып, сөйлеу белсенділігі төмендеуі мүмкін. Кей жағдайда бала сөздерді білсе де, өз ойын айтуға қорқып, сөйлеу қарқыны бәсеңдейді. Сондықтан ата-аналар баланы тыңдай білуді, оның сөзін

бөлмеуді, қате айтқан жағдайда бірден ұрыспай, дұрыс нұсқасын жұмсақ түрде қайталап көрсетуді меңгеруі қажет [3].

UNICEF-тің 2023 жылғы *Vision for Every Child* құжатында ерте балалық шақтағы даму кешенді түрде қарастырылады: баланың аман-сау өсуі, қамқорлық, үйрену мүмкіндігі, эмоционалдық қауіпсіздігі және ата-анамен сапалы өзара әрекеті бір-бірімен тығыз байланысты екені көрсетілген. Осы тұрғыдан алғанда, баланың тілінің дамуы жекелеген сөйлеу дағдысы ғана емес, оның жалпы когнитивтік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуының өзегі ретінде танылады. Құжатта ата-аналар мен қамқоршыларды қолдау, оларға ерте жастан бастап балаға қалай жауап беру, қалай сөйлесу, қалай дамытушы орта құру керектігін үйрету маңызды бағыттардың бірі ретінде ұсынылған. Демек, кеңес беру жұмыстары ата-ананың педагогикалық құзыретін күшейтіп, баланың сөйлеу белсенділігін табиғи ортада дамытуға мүмкіндік береді.

Қазақстандық білім беру кеңістігінде бұл мәселе нормативтік деңгейде де бекітілген. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы №348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарда мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мазмұны баланың коммуникативтік, танымдық және сөйлеу дағдыларын дамытуға бағдарланған. Бұл дегеніміз, баланың тілдік дамуы білім беру процесінің негізгі нәтижелерінің бірі ретінде қарастырылады және ол тек ұйымдастырылған оқу қызметінде емес, ересектермен қарым-қатынас барысында да қалыптасуы қажет. Осыған сәйкес ата-аналарға кеңес беру жұмыстары балабақша мен отбасы арасындағы байланысты күшейтіп, үй жағдайында баланың сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуін дамыту, дыбыстық мәдениетін қалыптастыру сияқты бағыттарды жалғастыруға жағдай жасайды [4].

UNICEF Kazakhstan-ның ерте жастағы тәрбие мен оқыту жүйесіне арналған талдауы Қазақстанда мектепке дейінгі білім беру саласын дамытуға басымдық беріліп отырғанын, сонымен қатар сапа, қолжетімділік және өңіраралық айырмашылықтар мәселесі әлі де өзекті екенін көрсетеді. Бұл зерттеу ерте балалық шақтағы сапалы орта баланың жалпы дамуына, соның ішінде тілдік және әлеуметтік дағдыларына әсер ететінін айқындайды. Осыған байланысты мақала тақырыбы бойынша ата-аналарға кеңес беру жұмыстары ерекше мәнге ие: егер отбасына баламен сөйлесу мәдениеті, кітаппен жұмыс, сұрақ-жауапқа негізделген қарым-қатынас, тілдік ойындар мен күнделікті коммуникация тәсілдері жүйелі түсіндірілсе, онда баланың сөйлеу тілі табиғи әрі тұрақты түрде дамиды. Сондықтан ата-аналардың бала тіліне әсерін зерттеу мен оларға практикалық кеңес беру бүгінгі таңда халықаралық тәжірибе мен Қазақстан жағдайында да өзекті ғылыми-педагогикалық бағыт болып табылады [5].

Кеңес беру жұмыстарының нәтижелі болуы үшін педагог, логопед, психолог және ата-ана арасындағы өзара байланыс тұрақты болуы қажет. Егер бала тілінде белгілі бір қиындықтар байқалса, оны тек маманның немесе тек ата-ананың күшімен шешу жеткіліксіз болуы мүмкін. Бірлескен

әрекет қана нақты нәтиже береді. Сондықтан ата-аналар баланың жетістігі мен қиындықтарын жүйелі түрде талқылап, мамандар ұсынған жаттығуларды үйде қайталап, тілдік қолайлы орта қалыптастыруға күш салуы тиіс. Жалпы алғанда, ата-ананың бала тілінің дамуына ықпалы өте күшті, ал сауатты ұйымдастырылған кеңес беру жұмыстары осы ықпалды дұрыс бағыттап, баланың толыққанды тілдік тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік береді [5].

Ата-аналардың бала тілінің дамуына әсері өте зор және бұл ықпал ең алдымен отбасыдағы қарым-қатынас сапасы, тілдік орта, ата-ананың сөйлеу мәдениеті мен балаға бөлетін уақыты арқылы көрінеді. Бала тілінің дұрыс әрі белсенді дамуы үшін ата-ананың күнделікті сөйлесуі, кітап оқуы, сұрақ-жауап ұйымдастыруы, баланың ойын еркін жеткізуіне жағдай жасауы ерекше маңызды. Кеңес беру жұмыстары ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттырып, бала тілін дамытуда тиімді әдіс-тәсілдерді саналы түрде қолдануына мүмкіндік береді.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Өмірбекова Қ.Қ., Тасжүрекова Ж.Т., Сейсенова А.Д., Ибатова Г.Б., Оспанова А.С. Онтогенез барысында ана тілі жүйесінің қалыптасуы: монография. – Алматы: АИБД ҰҒПО, 2021. – 166 б.
2. Jeong J., Franchett E. E., Ramos de Oliveira C. V., Rehmani K., Yousafzai A. K. Parenting interventions to promote early child development in the first three years of life: A global systematic review and meta-analysis // PLoS Medicine. – 2021. – Vol. 18, No. 5. – e1003602.
3. UNICEF. Early Childhood Development: UNICEF Vision for Every Child. – New York: UNICEF, 2023. – 32 p.
4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. – Астана, 2022.
5. UNICEF Kazakhstan. A Snapshot of Early Childhood Education and Care in Kazakhstan. – Astana: UNICEF Kazakhstan, 2023. – 31 p

# ИСТОРИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ИЗУЧЕНИЯ СОЦИАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА

***Мусинова З.Н.***
*докторант Павлодарского педагогического университета, г. Павлодар,*
***Сатынская А.К.***
*Научный руководитель: кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, г.Павлодар*

**Аннотация**. Представлена периодизация истории изучения социального интеллекта, включающая шесть хронологических периодов. Показаны главные события, достижения и проблемы исследования социального интеллекта в каждом периоде. Изложены взгляды ученых на соотношение социального и общего интеллекта, взаимосвязь социального интеллекта и личностных характеристик, критика процедур и результатов исследований социального интеллекта. Подведены итоги исследования социального интеллекта с 1920 по 2025 гг. и определены перспективы его изучения.

**Аңдатпа.** Әлеуметтік интеллектті зерттеудің тарихы кезеңдерге бөлініп көрсетілген, олар алты хронологиялық кезеңді қамтиды. Әр кезеңде әлеуметтік интеллектті зерттеудегі негізгі оқиғалар, жетістіктер және проблемалар көрсетілген. Ғалымдардың әлеуметтік және жалпы интеллекттің өзара байланысы, әлеуметтік интеллект пен тұлғалық қасиеттер арасындағы қатынас, әлеуметтік интеллектті зерттеу процедуралары мен нәтижелеріне қатысты сын көзқарастары баяндалған. 1920 жылдан 2025 жылға дейін әлеуметтік интеллектті зерттеудің қорытындылары жасалып, оның болашақтағы зерттеу перспективалары анықталған.

**Abstract**. The article explains periodisation of history of social intelligence studying in psychology, which includes six chronological stages. Key developments, achievements and issues of every stage are presented. Explains views of scientists from different groups on interrelation between social and general intelligence, connection of social intelligence to personal characteristics. Critiques the methodology and results of social intelligence studying. Social intelligence studying conclusions for the period 1920–2025 are summarized. Further studying perspectives are determined.

**Ключевые слова**: история, межличностное взаимодействие, периодизация, регуляция поведения, социальный интеллект, социальное поведение

**Кілтті сөздер**: тарих, тұлғаралық өзара әрекеттестік, кезеңдерге бөлу, мінез-құлықты реттеу, әлеуметтік интеллект, әлеуметтік мінез-құлық

**Keywords**: history, interpersonal interaction, periodization, control of behavior, social intelligence, social behavior.

История научного изучения социального интеллекта человека насчитывает больше ста лет, если отсчёт вести с момента введения данного понятия Эдвард Торндайк в 1920 г. Для краткой характеристики социального интеллекта как объекта исследования целесообразно использовать два определения — «значимый» и «трудноизучаемый».

Значимость социального интеллекта обусловлена тем, что именно в сфере социального взаимодействия происходит его проявление и реализация. В связи с этим проблема его исследования сохраняет высокую степень актуальности и научной востребованности [2]. Вместе с тем социальный интеллект представляет собой сложный и многогранный феномен, что определяет его трудную доступность для эмпирического

изучения. Данная сложность нередко становилась причиной прекращения исследований в этой области отдельными учёными [6]. Так, Морин О.Салливан, являвшаяся ведущим исследователем в научной группе Джой Пол Гилфорд, указывала, что одной из ключевых причин завершения её работы в данной области стали методологические и содержательные трудности, обусловленные природой самого социального интеллекта [5].

Анализ многолетнего научного поиска позволяет поставить вопрос о его содержательном наполнении. На основе изучения научных публикаций, посвящённых как социальному интеллекту в целом, так и его отдельным аспектам, были выделены основные этапы развития данного направления. В качестве критериев периодизации выступили изменения ведущих научных подходов к интерпретации сущности социального интеллекта, а также эволюция методов и инструментов его исследования. В дальнейшем рассматриваются ключевые достижения каждого из выделенных этапов и их вклад в развитие научных представлений о социальном интеллекте в период с 1920 по 2025 гг.

Первые научные представления о социальном интеллекте (1920–1926 гг.) Эдвард Торндайк, американский психолог, ввел в психологию понятие «социальный интеллект». При этом он подчеркивал, что его содержание отличается от абстрактного и механического видов интеллекта.

Торндайк рассматривал социальный интеллект как способность понимать других людей, действовать разумно в человеческих отношениях, добиваться успеха в ситуациях межличностного взаимодействия, мудро управлять людьми разного пола и возраста.

В конце 19-го и начале 20-го века в печати появились работы известных социологов, посвященные проблемам межличностного взаимодействия и социального поведения. Социологи не использовали сам термин «социальный интеллект», но содержательно обсуждаемые ими феномены были близки к пониманию социального интеллекта Торндайком.

Работы немецкого ученого Георга Зиммеля поставили в центр научного анализа жизнь человека в обществе, предопределив во многом ход дальнейших социологических исследований. Понятие «взаимодействие как межличностное взаимодействие» является базовым в его социологической теории. Зиммелем были выделены цели и мотивы взаимодействия, а также возникающие в процессе взаимодействия людей взаимные воздействия, порождающие формы социальной жизни. Близкие к этим представления положены в основу современных концепций о предмете социальной психологии [14, 15, 20].

Немецкий социолог Макс Вебер разработал концепцию социального действия как инструмента анализа поведения различных типов индивидов, определив «социальное» как характеристику действия, ориентированного на других людей. Это определение особенно важно, поскольку в обыденном понимании «социальный» часто отождествляется с «общественным», без раскрытия его содержания. Вебер выделил типы социального действия и подчеркнул

значение нравственных, рациональных и аффективных компонентов в его структуре.

В последующем сформировалась самостоятельная область — социальное познание (М. Вебер, К. Маннгейм), демонстрирующая социальную обусловленность знаний, роль культурных приобретений человека и приоритет переживаний, возникающих в процессе совместной деятельности, над рациональным мышлением.

Первый период изучения социального интеллекта позволил определить ключевые маркеры формирования представлений о нем и обозначить направления дальнейших исследований. Было установлено, что проявлением социального интеллекта является межличностное взаимодействие, которое может принимать различные формы; поведение человека в этих взаимодействиях определяется пониманием других людей и определяется системой ценностей и смыслов.

Регуляция социального поведения осуществляется при этом когнитивными, аффективными и нравственными компонентами. Следует отметить, что все научные представления этого периода не были проверены эмпирически. Вебер использовал для объяснения своих теоретических положений отдельные случаи и примеры из реальной жизни.

2. Измерение социального интеллекта и выявление его связи с социальным взаимодействием (1927–1938 гг.)

Главным достижением этого периода были попытки операционализации социального интеллекта. Психологи определили характеристики, которые относятся к сфере социального поведения и ранее не были предметом исследования. В этот круг вошли следующие характеристики: умение устанавливать и поддерживать отношения с людьми, уверенно вести себя в разных социальных ситуациях; способности понимать состояния других людей; компетентности в решении социальных вопросов и проблем; чувствительность к стимулам, исходящим от других членов социальной группы; умение понять настроения незнакомых людей, их личностные характеристики (Т. Хант, Ф. Вернон и др.).Появление тестов социального интеллекта, которые до сих пор используются в практике психологических исследований (тест Дж. Вашингтона — GWSIT и др.).

У части исследователей возникли сомнения в адекватности применения традиционных методов психологических измерений к поликонтекстным и сложным феноменам человеческого взаимодействия, к которым относится и социальный интеллект. Психометрическая недоказательность существования социального интеллекта вступила в противоречие с реально существующими его проявлениями.

Психологом Л.С. Выготским была показана значимость процесса социального взаимодействия для развития высших психических функций человека и овладения личностью высшими формами поведения. Особенно подчеркивалось, что в процессе социального взаимодействия участвует не просто набор психических функций, а целостная личность.

Американским социологом Дж. Г. Мидом были выделены структуры социального символического акта и раскрыто понимание его как обмена установками, смыслами и значениями индивидов, включенных в диалог. Им же осуществлен анализ символов как условий и средств социального взаимодействия, через которые можно изучать его характеристики и проявления.

Группой социологов было сформулировано понимание социальных норм и ценностей, культурных качеств и образцов поведения, вырабатываемых каждой эпохой, как важнейших регуляторов социального взаимодействия (Дж. Мид, Т. Парсонс, П. Сорокин и др.).

Дано описание структуры социального действия, в которой действующий субъект, учитывая реальную социальную ситуацию, ставит цель и выбирает средства ее достижения (Т. Парсонс).

3. Исследование отдельных характеристик социального взаимодействия (конец 30-х годов 1964 г.)

Впервые в батарею тестов интеллекта, разработанных на основе концепции американского психолога Л. Терстоуна, были включены социальные способности, связанные с пониманием других людей (SATB).

В этот же период дважды (1949, 1955) переиздавался тест социального интеллекта Дж. Вашингтона (GWSIT), подвергшийся активной критике сторонников психометрического подхода. Это отражало потребность исследователей (в том числе практических психологов) в инструментах диагностики социального интеллекта.

Продолжились исследования, посвященные непосредственно социальному интеллекту (С. Витрол, Д. Джексон, В. Кисс, Л. Кронбах, К. Стрэнг, Л. Сечрест). Появились также новые концепции, рассматривающие характеристики личности, проявляющиеся в социальном взаимодействии (Е. Долл, Г. Келли, Л. Колберг). Кроме того, была разработана модель личности Р. Кеттела, а затем модель «Большая пятерка», которые впоследствии также использовались для определения влияния личностных свойств на различные стороны поведения человека.

Опубликован в этот период и первый вариант теории социального научения А. Бандуры, ставшей очень популярной в объяснении механизмов возникновения у человека различных моделей поведения.

Американским социологом Р. Мертоном была поставлена проблема соотношения образа мира, сотворенного человеком, и реального мира, в котором он людей в конкретных условиях взаимодействия; пластичность поведения, возникающая под воздействием обстоятельств и в результате развития процесса взаимодействия индивидов.

4. Социальный интеллект в структуре модели интеллекта Гилфорда (1965-1969 гг.) Впервые в США было предпринято масштабное исследование социального интеллекта в рамках проекта «Модель структуры интеллекта Гилфорда». Дж. Гилфорд стал организатором и научным руководителем этого проекта на основе теоретически разработанной им концепции интеллекта.

Исследователям удалось измерить выраженные социальные способности двух типов: понимания поведения людей и эффективного взаимодействия с другими людьми.

Так группой О.Салливан были выявлены относительно самостоятельные социальные способности к познанию поведения. А группой под руководством М. Хендрикса были выделены группы способностей дивергентного мышления, включенные в креативный социальный интеллект.

Выделенные в исследовании поведенческие факторы не вписывались в модель структуры интеллекта Гилфорда. Следовательно, был поставлен вопрос о поиске новых путей ментальной репрезентации социального взаимодействия и механизмов его регуляции.

Участники проекта пытались разработать тесты, измеряющие способности человека эффективно взаимодействовать с людьми, а не просто правильно интерпретировать их поведение. Сложная природа реального социального взаимодействия вызвала серьезные трудности при разработке тестов.

Результаты, полученные группой Гилфорда, интерпретировались некоторыми авторами как доказательства того, что социальный интеллект представляет собой самостоятельный вид интеллекта, людей в конкретных условиях взаимодействия; пластичность поведения, возникающая под воздействием обстоятельств и в результате развития процесса взаимодействия индивидов.

Выделенные в исследовании поведенческие факторы не вписывались в модель структуры интеллекта Гилфорда. Следовательно, был поставлен вопрос о поиске новых путей ментальной репрезен-тации социального взаимодействия и механизмов его регуляции.

Участники проекта пытались разработать тесты, измеря-ющие способности человека эффективно взаимодействовать с людьми, а не просто правильно интерпретировать их поведение. Сложная природа реального социального взаимодействия вызвала серьезные трудности при разработке тестов.

Результаты полученные группой Гилфорда, интерпретиро-вались некоторыми авторами как доказательства того, что соци-альный интеллект представляет собой самостоятельный вид ин-теллекта, социальный интеллект основан на традиции социально-когнитивного подхода к личности, включающей теорию личностных конструктов Г. Келли, развитие когнитивных теорий социального познания и научения (А. Бандура, Дж. Роттер, И. Толмен).

В рассматриваемый период был разработан социально-когнитивный подход к личности в рамках исследования социального интеллекта. Он объединил работы, учитывающие в структуре социального интеллекта когнитивный потенциал личности, накопленный ею социальный опыт и компетентности, позволяющие

человеку решать жизненные задачи разного уровня (У. Мишел, Н. Кантор и Дж. Кихлстром, Р. Стернберг, Ю.Н. Емельянов и др.).

Наиболее продуктивными в этот период оказались, на наш взгляд, исследования имплицитных теорий, в которых был выделен фактор социального интеллекта. Он включал значительный ряд характеристик: принятие людей такими, какие они есть; признание собственных ошибок; предварительное обдумывание своих слов и поступков; чувствительность к потребностям и желаниям других людей; откровенность и честность по отношению к себе и другим людям; проявление интереса к людям из ближайшего окружения и др. Подобного рода исследованиями обыденных представлений занимался значительный ряд ученых (И. Роч, У. Мишел, Н. Кантор, И. Смит, Р. Френч, Дж. Мезич, У. Нейссер, Р. Стернберг и др.).

Были опубликованы работы ученых, отражающие взгляд на социальный интеллект как способность, которая проявляется в сфере социальных взаимодействий и связана с социальной чувствительностью, пониманием себя и других, а также взаимоотношений людей (М.И. Бобнева, Ю.Н. Емельянов).

Американский психолог Г. Гарднер представил разработанную им теорию множественных интеллектов, главной теоретической основой которой стало отрицание приоритетета единственной когнитивной способности - абстрактного интеллекта и признание наличия разных видов интеллекта. Среди них Гарднером были выделены внутриличностный и межличностный интеллекты, наиболее близкие к социальному интеллекту.

В конце 80-х годов XX века произошло значимое событие американский психолог Р. Стернберг опубликовал свою триархическую теорию интеллекта. Одним из 3-х основных компонентов интеллекта выделен практический интеллект. Автор включил в его структуру, наряду с другими составляющими, социальный интеллект и социальные способности. Стернберг считал, что реализация практического интеллекта осуществляется в решении профессиональных и жизненных задач.

Таким образом, пятый период изучения социального интеллекта характеризовался значительными достижениями в разработке теорий, учитывающих не только когнитивные, но и другие компоненты, проявляющиеся в реальном поведении и социальном взаимодействии. Эти компоненты способствуют развитию различных аспектов личности и обеспечивают эффективное решение разнообразных жизненных и профессиональных задач.

Вместе с тем, на протяжении всей истории исследований социального интеллекта аффективным его аспектам уделялось недостаточно внимания. На этом этапе предложенные научные концепции и подходы рассматривали социальный интеллект в контексте личности в целом, ее отдельных характеристик, а также ориентировались на анализ реального поведения человека в различных ситуациях. По нашему мнению, именно в этот период произошло

важное теоретическое осмысление: социальный интеллект стал рассматриваться исследователями не как абстрактное явление, а как качество, неразрывно связанное с личностью его носителя.

Развитие научных представлений о социальном интеллекте (1990-2011 гг.). В этот период продолжились исследования по направлениям, заложенным в предыдущие годы. Значительное внимание уделялось измерению компонентов социального интеллекта и их взаимосвязи. Так, группой американских исследователей был выявлен высокий уровень взаимосвязи социальной перцепции и социальной проницательности. Также было установлено, что все измеряемые в исследовании социальные способности не имеет тесной связи с академическими способностями (С. Вонг, Дж. Дэй, С. Максвелл, Н. Мире и др.).

Активно изучались имплицитные теории социального интеллекта в различных культурах, странах и возрастных группах. Так, выяснилось, что в некоторых племенах Африки взрослые ценят социальную ответственность, сотрудничество, повиновение, участие в семейной и социальной жизни. Высокий интеллект они приписывают людям, которые не стремятся получать образование, а работают на благо своей семьи. Исследователи выявили, что акцент на социальных сторонах интеллекта — неотъемлемая часть африканской и азиатской культур. Причем в этих культурах социальность отражена в представлениях в большей степени, чем это свойственно представлениям людей на Западе (Р. Стернберг и др.).

В Институте психологии РАН был выполнен ряд исследований имплицитных представлений: об умном человеке, интеллектуальной личности, о нравственном человеке, об эмоционально зрелой личности [7, 19]. В них было выявлено, что в имплицитных представлениях об интеллекте присутствуют, как когнитивный, так и социальный компоненты, а также личностные характеристики [4, 9, 10, 12].

В исследовании имплицитных представлений в разных возрастных группах было установлено, что с возрастом соотношение инструментальных (внимательность, коммуникабельность, приятная

внешность) и терминально-личностных (любящий людей, мудрый, дипломатичный, порядочный, честный) характеристик имеет выраженную тенденцию уменьшения инструментальных характеристик и увеличения терминально-личностных. Установлено также влияние социального опыта на представления о социальном интеллекте и наличие в них нравственных и других социально-значимых характеристик личности [5].

Был выполнен ряд работ по оценке характеристик, составляющих имплицитное понимание людьми социального интеллекта, а также измерению социальной компетентности. В результате учеными был выделен наиболее отчетливый фактор социальный интеллект, и они пришли к заключению, что наконец-то настало время прямо отказаться от понимания социального интеллекта как просто проявления общего

интеллекта в социальных условиях (Ф. Аккерман, О. Джон, Р. Канфер, К. Космитзки, Р. Шнейдер и др.).

Важным результатом рассматриваемого периода стало появление новых концепций социального интеллекта и широкое признание многими исследователями существования самостоятельного конструкта «социальный интеллект». В.Н. Куницына представила свою концепцию, в которой социальный интеллект рассматривался как глобальная способность, возникающая на базе комплекса интеллектуальных, личностных, коммуникативных и поведенческих свойств. Для его диагностики Куницыной был разработан и применен в исследовании специальный методический инструментарий.

Д.В. Ушаков, заведующий лабораторией Института психологии РАН, разрабатывал проблемы социального интеллекта в рамках авторской структурно-динамической теории интеллекта. В его работах, а также исследованиях, выполненных под его научным руководством, социальный интеллект рассматривается как способность понимать других людей, их взаимоотношения и социальные ситуации [8, 11, 13].

Другой исследователь, профессор А.И. Савенков в своей концепции выделяет три группы критериев, описывающих социальный интеллект: когнитивные, эмоциональные и поведенческие.

В этот же период начало формироваться новое, прикладное

направление, целью которого стало развитие социального интеллекта в интерактивных формах обучения и развития персонала организаций. В рамках этого направления стали складываться авторские концепции и методические подходы, широко представленные в популярной литературе для менеджеров и бизнес-тренеров (К. Альбрехт, А. Либина и др.).

Значимым событием данного периода стало появление в исследовательском поле феномена и понятия «эмоциональный интеллект», представление авторских концепций этого конструкта, отразившего важность аффективных компонентов во взаимодействии человека с социальной средой (Р. Бар-Он, Д. Големан, Д. Карузо, Д. Майер, П. Сэловей и др.). Существенным стимулом для возникновения этого события, на наш взгляд, стали трудности в изучении самого социального интеллекта, значимость аффективного компонента в реальном взаимодействии людей, а также запросы бизнеса. Кадровым службам и структурам обучения и развития персонала срочно нужны были надежные методики диагностики и обучения персонала, а исследования в области социального интеллекта затягивались, не принося быстрого практического результата. Информация об эмоциональном интеллекте широко распространилась среди практических работников в сфере управления и обучения персонала, а также среди обычных людей.

Таким образом, в шестом периоде изучения социального интеллекта у значительной части исследователей сложилось

консолидированное признание факта существования социального интеллекта как самостоятельного вида интеллекта, проявляющегося в социальном взаимодействии. Со времени появления в психологии самого термина «социальный интеллект» прошло более 70-ти лет. В предметном поле психологии в этот период появился и начал активно изучаться эмоциональный интеллект. Сам термин и понимание его соотношения с социальным интеллектом вызвали в научном сообществе бурные дискуссии. Ключевым фактором рассматриваемого периода стало активное участие в исследованиях социального интеллекта ученых и разработка ими собственных концепций.

Главными характеристиками кратко представленной истории изучения социального интеллекта можно считать следующие.

Социальный интеллект стал предметом научного исследования и обрел статус самостоятельной психологической категории. Социальному интеллекту посвящено значительное количество публикаций, включающих научные монографии и статьи, а также главы в учебных пособиях.

В научном сообществе исследователей социального интеллекта сложилась широкая картина представлений о природе социального интеллекта. Одной из точек зрения, набирающей все б**о**льшую популярность, стало понимание социального интеллекта как способности личности, проявляющейся в социальном взаимодействии.

Большинство работ в области изучения социального интеллекта выполнено исследователями из США. В психологии проблемы социального интеллекта изучались наиболее полно в последние два десятилетия. Интерес ученых к изучению социального интеллекта не был устойчивым: научная активность колебалась в разные периоды, проходя характерные спады и подъемы.

Социальный интеллект является междисциплинарным (внутренним и внешним) предметом исследования. Разные научные направления психологии внесли свой вклад в развитие научных знаний о социальном интеллекте. Из смежных дисциплин наибольший вклад внесен социологией и наукой управления (менеджментом).

Разработано значительное число концепций, моделей и подходов, отражающих авторское понимание социального интеллекта. Существенно более скромным оказался арсенал диагностических методик и процедур.

Важным результатом многолетнего изучения социального интеллекта личности стало накопление проблем и вопросов, которые ждут своего решения и определяют перспективы исследований в этой области.

Текущий исследовательский период изучения социального интеллекта седьмой по счету, начавшийся в 2015 году, отличается, судя по публикациям, ярко выраженной практической направленностью. В рамках практической психологии существуют методические наработки,

авторские концепции и подходы, которые активно используются в сфере подбора, обучения и развития персонала. Нередко продукты, создаваемые практиками, компенсируют отсутствие доказательных научных теорий.

Тем не менее, это направление очень востребовано тренерами, менеджерами организаций, педагогами, социальными работниками и др. Проблема, обусловленная расхождением фундаментальной науки и практики, является одной из самых значимых [1, 17, 18] и относится не только к социальному интеллекту. Но история науки дает основания верить в успешное решение возникающих научных и практических проблем.

**Список используемых источников:**


1. Взаимоотношения исследовательской и практической психологии. М.: Институт психологии РАН, 2015.
2. Журавлев А. Л. Основные тенденции развития психологических исследований в Институте психологии РАН // Психологический журнал. 2007. Т. 28. № 6. С. 5–18.
3. Журавлев А. Л. Актуальные проблемы социально ориентированных отраслей психологии. М.: Изд-во «Институт психологии РАН», 2011.
4. Интеллект, творчество и формирование личности в современном обществе: сборник трудов Всероссийской школы молодых ученых. М.: Изд-во «Институт психологии РАН», 2010.
5. Лунева О. В. Социальный интеллект: история изучения и основные модели: Научная монография. М.: Изд-во Московского гуманитарного университета, 2009.
6. Принцип развития в современной психологии. М.: Изд-во «Институт психологии РАН», 2016.
7. Психологические исследования интеллекта и творчества: Материалы научной конференции. М.: Изд-во «Институт психологии РАН», 2010.
8. Психологические исследования личности: история, современное состояние, перспективы. М.: Изд-во «Институт психологии РАН», 2016.
9. Психологическое здоровье личности и духовно-нравственные проблемы современного российского общества. М.: Изд-во «Институт психологии РАН», 2014.
10. Психология интеллекта и творчества: традиции и инновации. М.: Изд-во «Институт психологии РАН», 2010.
11. Психология человека в современном мире. Том 6. Духовно-нравственное становление человека в современном российском обществе. Проблема индивидуальности в трудах отечественных психологов: Материалы Всероссийской юбилейной научной конференции. М.: Изд-во «Институт психологии РАН», 2009.
12. Современные исследования интеллекта и творчества. М.: Изд-во «Институт психологии РАН», 2015.
13. Соснин В.А., Журавлев А.Л., Красников М.А. Социальная психология: Учебное пособие для студентов вузов. 2-е изд., перераб. и доп. М.: ФОРУМ; ИНФРА-М, 2011.
14. Социальная психология: Учебное пособие для вузов / Отв. ред. А.Л. Журавлев. М.: ПЕР СЭ, 2002.

15. Творчество: наука, искусство, жизнь: Материалы Всероссийской научной конференции. М.: Изд-во «Институт психологии РАН», 2015.
16. Ушаков Д. В., Журавлев А. Л. Исследование психологической практики как путь ее сближения с фундаментальной психологией // Экономическая психология: Актуальные теоретические и прикладные проблемы: Материалы 12-й международной научно-практической конференции. Иркутск, 2011. С. 32–38.
17. Ушаков Д. В., Журавлев А. Л. Теория и практика: взгляды с разных сторон (ответ на комментарии) // Психологический журнал. 2012. Т. 33 № 2. С. 127–132.
18. Феномен и категория зрелости в психологии. М.: Изд-во «Институт пси-хологии РАН», 2007.
19. Хащенко В. А., Журавлев А. Л., Рощин С. К., Шорохова Е. В. История и методы социальной психологии // Психология XXI века: Учебник для ву-зов. М.: ПЕР СЭ, 2003. С. 613–634.
20. Kihlstrom J.F., Cantor N. Social Intelligence // Cambridge handbook of intelligence / Ed. R. Sternberg, S.B. Kaufman. Cambridge: Cambridge University Press, 2011. P. 564–580.
21. Landy F. History, her history. APS Observer. 2005. www.psychologicalscience. org/observer.

# ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛҒАН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН ДАМЫТУ

***Наукан Д.Б***
*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық Университетінің студенті*
***Дузелбаева А.Б.***
*Жетекшесі:PhD доктор,қауымдастырылған профессор Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,Павлодар қ.*

В условиях стремительного развития современного общества, процессов глобализации и активного межкультурного взаимодействия особую значимость приобретает владение иностранными языками. Английский язык, являясь международным средством общения, используется в различных сферах жизни — от образования и науки до бизнеса и цифровых технологий. В связи с этим возрастает роль школьного образования в формировании у учащихся способности эффективно использовать иностранный язык как инструмент коммуникации.

Современная образовательная парадигма ориентирована на компетентностный подход, в рамках которого приоритет отдается не столько усвоению теоретических знаний, сколько развитию практических умений и навыков [1]. В этом контексте обучение английскому языку должно быть направлено на формирование коммуникативной компетенции, включающей способность понимать иноязычную речь, выражать

собственные мысли, участвовать в диалоге и адекватно реагировать в различных ситуациях общения.

Особую актуальность проблема развития коммуникативных навыков приобретает в школьном возрасте, поскольку именно в этот период закладываются основы речевой деятельности, формируются когнитивные и личностные качества, влияющие на успешность общения. Однако процесс овладения иностранным языком сопровождается рядом трудностей, среди которых можно выделить языковой барьер, недостаточную мотивацию, страх ошибки, а также различия в индивидуальных психологических особенностях учащихся [2].

Психологические аспекты обучения играют ключевую роль в формировании коммуникативных умений. Уровень развития памяти, внимания, мышления, а также эмоциональное состояние учащихся напрямую влияют на успешность усвоения языка [3]. Кроме того, важным фактором является возрастная специфика: младшие школьники, подростки и старшеклассники по-разному воспринимают учебный материал, имеют различные мотивы и потребности в общении [4].

Не менее значимым является педагогический аспект, связанный с выбором методов и форм обучения. Традиционные подходы, ориентированные на заучивание грамматических правил и перевод текстов, постепенно уступают место коммуникативному методу, предполагающему активное использование языка в процессе обучения [5]. Это требует от учителя создания условий, максимально приближенных к реальному общению, а также применения разнообразных интерактивных технологий и приемов [6].

Таким образом, развитие коммуникативных навыков у школьников на уроках английского языка представляет собой сложный и многогранный процесс, требующий учета как психологических, так и педагогических факторов. Эффективность данного процесса зависит от правильной организации учебной деятельности, уровня профессиональной подготовки учителя и создания благоприятной образовательной среды.

Целью данной работы является анализ психолого-педагогических особенностей развития коммуникативных навыков у школьников и определение условий их эффективного формирования на уроках английского языка.

Для достижения поставленной цели предполагается решение следующих задач:

рассмотреть психологические особенности учащихся разных возрастных групп;

определить педагогические условия формирования коммуникативной компетенции;

проанализировать методы и приемы развития коммуникативных навыков.

Актуальность данной темы обусловлена необходимостью повышения качества обучения иностранным языкам и подготовки учащихся к успешной коммуникации в условиях современного мира.

1. Психологические основы развития коммуникативных навыков

Развитие коммуникативных навыков тесно связано с психическими процессами учащихся: мышлением, памятью, вниманием, воображением и эмоциями [2]. Каждый возрастной этап школьного обучения характеризуется своими особенностями, которые необходимо учитывать при организации учебной деятельности.

В младшем школьном возрасте ведущую роль играет эмоционально-образное восприятие [3]. Дети лучше усваивают материал, если он подается в игровой форме, сопровождается наглядностью и вызывает интерес. В этот период формируются базовые речевые навыки, и важно создать условия, при которых ребенок не боится говорить, даже допуская ошибки. Положительная эмоциональная атмосфера способствует активизации речевой деятельности.

Подростковый возраст характеризуется значительными изменениями в личности [4]. Учащиеся становятся более чувствительными к оценке со стороны окружающих, что может приводить к страху высказывания на иностранном языке. В то же время усиливается потребность в общении со сверстниками, что создает благоприятные условия для развития коммуникативных умений. Важно использовать формы работы, предполагающие взаимодействие: диалоги, обсуждения, совместные задания.

Старшеклассники обладают более развитым абстрактным мышлением и способны к осмысленному использованию языка [7]. Их мотивация часто связана с практической значимостью английского языка: поступлением в вуз, будущей профессией, возможностью общения с иностранцами. На этом этапе особое значение приобретает развитие умения аргументировать свою точку зрения, участвовать в дискуссиях, строить развернутые высказывания.

Таким образом, учет возрастных и психологических особенностей учащихся позволяет повысить эффективность формирования коммуникативных навыков и сделать процесс обучения более результативным.

2. Педагогические условия формирования коммуникативной компетенции

Формирование коммуникативных навыков требует создания определенных педагогических условий, обеспечивающих активное вовлечение учащихся в процесс общения.

Прежде всего, обучение должно носить коммуникативную направленность [5]. Это означает, что язык рассматривается как средство общения, а не как система правил. Учебный процесс должен включать задания, приближенные к реальным жизненным ситуациям: обсуждение повседневных тем, моделирование диалогов, решение коммуникативных

задач. Важно, чтобы учащиеся понимали практическую ценность изучаемого материала.

Не менее значимым условием является создание благоприятной психологической атмосферы [3]. Учащиеся часто испытывают страх ошибки, особенно при устной речи. Задача учителя — сформировать среду, в которой ошибка воспринимается как естественная часть обучения. Поддержка, доброжелательное отношение и поощрение активности способствуют развитию уверенности в себе.

Особую роль играет индивидуализация обучения [9]. Учащиеся различаются по уровню подготовки, темпу усвоения материала и личностным особенностям. Одни легко вступают в общение, другие испытывают затруднения. Поэтому необходимо использовать дифференцированные задания, учитывать интересы учащихся и предоставлять возможность выбора форм деятельности.

Также важным условием является систематичность и регулярность практики [7]. Коммуникативные навыки формируются только в процессе активного использования языка. Чем чаще учащиеся вовлекаются в речевую деятельность, тем быстрее развивается их способность к общению.

3. Эффективные методы развития коммуникативных навыков

Практическая реализация коммуникативного подхода осуществляется через разнообразные методы и приемы обучения, направленные на активизацию речевой деятельности учащихся.

Одним из наиболее эффективных методов является использование игровых технологий [8]. Игровая деятельность позволяет снять психологическое напряжение, повысить мотивацию и создать естественные условия для общения. Ролевые игры, имитация жизненных ситуаций, дидактические игры способствуют развитию спонтанной речи и формированию уверенности.

Широко применяется работа в парах и группах [10]. Такая форма организации обучения создает условия для реального взаимодействия между учащимися. В процессе совместной деятельности они учатся слушать друг друга, выражать свои мысли, аргументировать позицию и приходить к общему решению. Это не только развивает коммуникативные навыки, но и формирует социальные компетенции.

Важное место занимает развитие устной речи через диалоги и монологи [6]. Учащиеся учатся задавать вопросы, отвечать на них, строить связные высказывания. Постепенно задания усложняются: от простых реплик к развернутым выступлениям, презентациям и обсуждениям.

Эффективным методом является проектная деятельность [8]. Она предполагает самостоятельную работу учащихся над определенной темой с последующим представлением результатов. Проекты способствуют развитию творческого мышления, навыков поиска информации и публичного выступления. Кроме того, они повышают интерес к изучению языка.

Современные технологии также играют важную роль. Использование видео, аудио, интерактивных платформ делает процесс обучения более разнообразным и приближенным к реальной языковой среде [11]. Это способствует развитию навыков аудирования и расширению словарного запаса.

**Заключение**

Развитие коммуникативных навыков у школьников на уроках английского языка является одной из центральных задач современного образования. Этот процесс требует комплексного подхода, включающего учет психологических особенностей учащихся, создание благоприятных педагогических условий и использование эффективных методов обучения [1].

Формирование коммуникативной компетенции возможно только при активном вовлечении учащихся в речевую деятельность и создании ситуации реального общения [5]. Важную роль в этом процессе играет учитель, который организует учебную деятельность, поддерживает мотивацию и способствует раскрытию потенциала каждого ученика [9].

Таким образом, успешное развитие коммуникативных навыков обеспечивает не только овладение иностранным языком, но и формирование личности, способной к эффективному взаимодействию в современном мире.

## Список использованных источников


1. Council of Europe. Common European Framework of Reference for Languages (CEFR Companion Volume). — 2020.
2. Зимняя И. А. Психология обучения иностранным языкам. — М.: Академия, 2018.
3. Леонтьев А. А. Психология общения. — М.: Смысл, 2019.
4. Dörnyei Z. Motivation in Second Language Learning. — Routledge, 2020.
5. Пассов Е. И. Коммуникативный метод обучения. — М.: Просвещение, 2017.
6. Harmer J. How to Teach English. — Pearson, 2017.
7. Lightbown P., Spada N. How Languages are Learned. — Oxford, 2021.
8. Tomlinson B. Developing Materials for Language Teaching. — Bloomsbury, 2016.
9. Hattie J. Visible Learning for Teachers. — Routledge, 2018.
10. Richards J. C., Rodgers T. Approaches and Methods in Language Teaching. — Cambridge, 2019.
11. OECD. Education at a Glance. — 2022.

# ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

***Капенова Н.С.***
*Павлодар педагогикалық университетінің бакалавриат студенті*
***Махметова Н.К.***
*Ғылыми жетекшісі: әлеуметтік ғылымдарының магистрі*

**Аңдатпа**: Мақалада жасөспірімдердің оқу мотивациясының теориялық және практикалық аспектілері қарастырылады. 8-сынып оқушыларына Н.Г. Лусканова сауалнамасы қолданылып, зерттеу нәтижелері ұсынылған. Оқу мотивациясының төмен деңгейінің басым екені және оның сыртқы факторларға тәуелділігі анықталды. Оқушылардың ішкі мотивациясын қалыптастыру және оқыту тиімділігін арттыру үшін қолайлы педагогикалық жағдайлар жасау қажеттілігі негізделді.

**Аннотация:** В статье рассматриваются теоретические и практические аспекты учебной мотивации подростков. Представлены результаты исследования учащихся 8 класса с применением анкеты Н.Г. Лускановой. Установлено преобладание низкого уровня мотивации и её зависимость от внешних факторов. Обоснована необходимость формирования внутренней мотивации и создания благоприятных педагогических условий для повышения эффективности обучения школьников.

**Abstract:** The article examines theoretical and practical aspects of adolescents' learning motivation. The results of a study of 8th-grade students using N.G. Luskanova's questionnaire are presented. A predominance of low motivation and its dependence on external factors were identified. The necessity of developing intrinsic motivation and creating favorable pedagogical conditions to improve learning effectiveness is substantiated.

**Түйін сөздер**: мотивация, жасөспірімдер, ішкі мотивация, сыртқы мотивация, оқу мотивациясы, білім беру.

**Ключевые слова**: мотивация, подростки, внутренняя мотивация, внешняя мотивация, учебная мотивация, образование.

**Keywords**: motivation, adolescents, intrinsic motivation, extrinsic motivation, academic motivation, education.

Қазіргі педагогикалық психологиядағы өзекті әрі маңызды мәселелердің бірі - оқу-танымдық іс-әрекеттің табыстылығын қалыптастыру болып табылады, ол тікелей мотивация деңгейіне тәуелді. Білім беру жүйесінде оқу мотивациясын қалыптастыру ең маңызды міндеттердің бірі ретінде қарастырылады. Оқу мотивациясы білім алушылардың оқу үдерісіне деген қызығушылығын, олардың белсенділігін және оқу жетістіктерін айқындайды.

Соңғы жылдары жасөспірімдер арасында оқу мотивациясының төмендеуі жиі байқалуда. Бұл құбылыс білім беру сапасына және білім алушылардың тұлғалық дамуына кері әсерін тигізеді.

Осыған байланысты жасөспірімдердің оқу мотивациясын зерттеу қазіргі таңда өзекті ғылыми мәселе болып табылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында адами капиталды дамыту мен бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда білім берудің ерекше рөлін атап өтті. Президент білім беру жүйесі функционалдық сауаттылықты, заманауи

құзыреттер мен XXI ғасыр дағдыларын қалыптастыруға бағытталуы тиіс екенін көрсетті. Сондай-ақ мектеп жасынан бастап жасанды интеллект негіздерін оқытуды қоса алғанда, цифрлық технологияларды дамытуға, педагог кадрлардың даярлық сапасын арттыруға ерекше назар аударылатыны айтылды. [1].

Осылайша, қазіргі жағдайда білім алушылардың оқу мотивациясын дамыту олардың табысты білім алуы мен кәсіби қалыптасуының негізгі факторы ретінде айрықша маңызға ие болып отыр.

Зерттеу мақсаты - жасөспірімдердің оқу мотивациясының ерекшеліктерінің мазмұнын ашу.

Зерттеу гипотезасы - егер жасөспірімдердің оқу мотивациясының ерекшеліктері зерттелсе, онда оны арттыруға ықпал етуге болады, нәтижесінде оқу үдерісі анағұрлым тиімді болады.

Зерттеу міндеттері:

– оқу мотивациясының теориялық негіздерін қарастыру;

– жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктерін анықтау;

– жасөспірімдердің оқу мотивациясына зерттеу;

– алынған нәтижелерді талдау.

Оқу мотивациясын зерттеумен көптеген психологтар айналысқан: И.А. Зимняя, Д.Б. Эльконин, Л.И. Божович, А.К. Маркова, В.Г. Асеев, Е.П. Ильин, сондай-ақ қазақстандық ғалымдар Қ.Ж. Жарықбаев, С.М. Жақыпов, Ж.И. Намазбаева және т.б. [2].

Іс-әрекеттік оқыту теориясын дамыта отырып, П.Я. Гальперин, Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов, Н.Ф. Талызина өз еңбектерінде мотивация ұғымын неғұрлым нақты әрі жан-жақты түсіндіреді. Мотив адамның білім алу үдерісіне деген қатынасына байланысты сыртқы немесе ішкі болуы мүмкін. Танымдық мотивацияның ерекшелігі - оның оқу іс-әрекеті барысында қалыптасуы және білім алушылардың танымдық белсенділігін дамытуда маңызды рөл атқаруы. Оқушының танымдық саласындағы мотивтер әртүрлі жас кезеңдерінде өзгеріп отырады.

Аталған тұжырымдар қазақстандық ғалымдардың зерттеулерінде де көрініс табады. Ж.И. Намазбаева білім беру үдерісінде ішкі мотивацияны дамыту мен жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктерін ескерудің маңыздылығын ерекше атап өтеді.

Е.П. Ильиннің көрсетуінше, мотив - күрделі психологиялық құрылымдардың бірі болып табылады. Оны субъектінің өзі қалыптастыруы қажет. Бұл «құрылыс материалы» адамның қайта әлеуметтенуі мен тәрбиесі үдерісінде пайда болады. Кейіннен ол белгілі бір іс-әрекетке түрткі болатын мотивация ретінде пайдаланылады. [3].

Мотивация - ағзаның белсенділігін туындататын және оның бағыттылығын айқындайтын ұмтылыстар жиынтығы. Мотивация құрамына қажеттіліктер, инстинктер, ұстанымдар, әуестіктер мен эмоциялар кіреді. Мотивация орталық ұғым ретінде қарастырылады, себебі мотив іс-әрекеттің негізгі көзі болып табылады.

Оқу мотивациясы - бұл тұлғаның оқу іс-әрекетіне бағытталған ішкі және сыртқы түрткілер жүйесі. Оқу мотивациясы белгілі бір іс-әрекетке кіріктірілген мотивацияның жеке түрі ретінде қарастырылады, нақтырақ айтқанда - оқу әрекетіне тән мотивация.

Оқу іс-әрекетінің қозғаушы күші - мотивтер жүйесі болып табылады. Бұл жүйе өз құрамына танымдық қажеттіліктерді, мақсаттарды, қызығушылықтарды, ұмтылыстарды, идеалдар мен мотивациялық ұстанымдарды қамтиды, олар оқу іс-әрекетіне белсенді әрі бағытталған сипат береді.

Оқу мотивациясы - жас ерекшеліктеріне байланысты өзгеріп отыратын және адамның бүкіл өмірі бойында дамитын динамикалық психологиялық құрылым. Танымға және білімді меңгеруге деген қажеттілік қалыптаспайынша, тиімді оқу үдерісі мүмкін емес. Осыған байланысты білім беру ұйымдарының басым міндеттерінің бірі - білім алушыларда оқу іс-әрекетіне тұрақты мотивацияны қалыптастыру және дамыту болып табылады.

Оқу мотивациясы ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Ішкі мотивация білімге деген қызығушылыққа негізделсе, сыртқы мотивация бағалау мен марапаттау арқылы қалыптасады. [4].

Оқу мотивациясы - көпқұрамды психологиялық құрылым болып табылады, ол оқу іс-әрекетінің табыстылығына және білім алушылардың тұлғалық дамуына елеулі әсер етеді. Оның қалыптасуы ішкі және сыртқы факторлардың жиынтығына тәуелді және мақсатты педагогикалық ықпалды талап етеді.

Жасөспірімдік кезең - балалық шақ пен ересектік арасындағы өмірлік кезең болып табылады. Бұл жас кезеңі кіші жасөспірімдік (11-13 жас) және ересек жасөспірімдік (13-16 жас) кезеңдерін қамтиды. [5].

Аталған кезеңде ағзада елеулі физиологиялық қайта құрылу үдерістері жүреді, бұл жаңа әлеуметтік жағдайға өтумен қатар жүреді. Жалпы алғанда, жасөспірімдік шақ тұлғаның қарқынды дамуының кезеңі болып табылады, осы кезеңде оқушылардың қызығушылықтары, құндылық бағдарлары және мінез-құлық ерекшеліктері қалыптасады. Осыған байланысты бұл кезең тәрбиелеу үдерісінде де, оқу іс-әрекетінде де күрделі кезеңдердің бірі болып саналады.

Жасөспірімдер үшін құрдастарымен қарым-қатынас ерекше маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, олардың оқу мотивациясы эмоционалдық жағдайына және мұғаліммен қарым-қатынасына тәуелді болады.

Жүргізілген теориялық талдау негізінде біз жасөспірімдердің мектептегі оқу мотивациясының деңгейін анықтауға бағытталған зерттеу ұйымдастырдық. Зерттеу барысында Н.Г. Лусканованың «Мектептік мотивация деңгейін бағалау» сауалнамасы қолданылды.

Аталған сауалнама оқушылардың мектепке және оқу үдерісіне деген қатынасын айқындайтын 10 сұрақтан тұрады. Оқушыларды мектептік мотивация деңгейі бойынша саралау үшін балдық бағалау жүйесі ұсынылған. Бұл әдіс үлкен оқушылар контингенті арасында мектепке деген

жағымсыз қатынасы бар, мектептік дезадаптация белгілері байқалатын тәуекел тобына жататын балаларды жедел анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеуге 14-15 жас аралығындағы жалпы білім беретін мектептің 8-сынып оқушылары, барлығы 20 оқушы қатысты. Зерттеуге қатысудан бас тартқандар болған жоқ.

Зерттеу жүргізілген орын - Павлодар қаласындағы «Мәшһүр Жүсіп атындағы жалпы орта білім беру мектебі» КММ.

Жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша келесі мәліметтер алынды.

Оқу мотивациясының жоғары деңгейі (25-30 балл) 2 оқушыда анықталды, бұл зерттелушілердің жалпы санының 10%-ын құрайды. Бұл оқушылар оқу үдерісіне айқын қызығушылық танытады, тапсырмаларды орындауға жауапкершілікпен қарайды, жоғары нәтижелерге ұмтылады және өз бағаларына алаңдайды.

Жағымды (жақсы) деңгейдегі мотивация (20-24 балл) 4 оқушыда байқалды, бұл 20%-ды құрайды. Олар жалпы оқу іс-әрекетін сәтті орындайды, алайда олардың мотивациясы белгілі бір дәрежеде сыртқы факторларға (баға, мұғалім немесе ата-ананың мақұлдауы) тәуелді.

Орташа мотивация деңгейі (15-19 балл) 4 оқушыға тән, бұл 20%-ды құрайды. Бұл оқушылар үшін мектеп көбінесе білім алу орнынан гөрі қарым-қатынас ортасы ретінде маңызды. Оқу іс-әрекеті тұрақты қызығушылық тудырмайды.

Төмен мотивация деңгейі (10-14 балл) 6 оқушыда анықталды, бұл 30%-ды құрайды. Бұл оқушылар оқу барысында қиындықтарға тап болады, сабақтарға қызығушылық танытпайды, жиі алаңдайды және тапсырмаларды орындаудан қашқақтауы мүмкін.

Жағымсыз мотивация деңгейі (0-10 балл) 4 оқушыда байқалды, бұл 20%-ды құрайды. Оларда оқу үдерісінде елеулі қиындықтар, оқу белсенділігінің төмендігі, сондай-ақ мұғалімдермен және сыныптастарымен қарым-қатынаста мәселелер туындауы мүмкін.

Зерттеу нәтижелері келесі суретте көрсетілген (1-сурет).




(1-сурет).

Алынған деректер жасөспірімдер арасында оқу мотивациясының төмендеу мәселесінің бар екенін көрсетеді.

Нәтижелерді талдай отырып, оқу мотивациясының төмен болуының бірқатар себептерін атап өтуге болады. Атап айтқанда, жасөспірімдердің гаджеттер мен әлеуметтік желілерге тәуелділігі, оқу жүктемесіне байланысты стресс, сондай-ақ мұғаліммен қарым-қатынас ерекшеліктері олардың оқу іс-әрекетіне деген қызығушылығын төмендетуі мүмкін.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша 8-сынып оқушыларының оқу мотивациясының деңгейі біркелкі қалыптаспағаны анықталды, сонымен қатар төмен және теріс мотивация деңгейлері басым екені байқалады. Бұл оқушылардың едәуір бөлігінде оқу іс-әрекетіне деген қызығушылықтың жеткіліксіз екенін, ал олардың білім беру үдерісіне қатысуы көбінесе сыртқы факторларға тәуелді екенін дәлелдейді.

Оқу мотивациясы оқушылардың табысты білім алуы мен тұлғалық дамуының негізгі факторларының бірі болып табылады. Оның қалыптасуы тек оқу үдерісінің мазмұнына ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік ортаға, мұғалім мен оқушы арасындағы өзара қарым-қатынас сипатына, сондай-ақ білім алушылардың жеке-психологиялық ерекшеліктеріне де байланысты. Мотивацияның жоғары деңгейі оқу іс-әрекетіне белсенді қатысуға, танымдық қызығушылықтың дамуына және оқу нәтижелеріне жауапкершілікпен қарауға ықпал етеді. Ал мотивацияның төмен деңгейі оқу үлгерімінің төмендеуіне, білім алуға деген қызығушылықтың жоғалуына және мектепке деген теріс көзқарастың қалыптасуына әкеледі.

Осыған байланысты оқушылардың оқу мотивациясын арттыруға бағытталған қолайлы жағдайларды қалыптастыру маңызды міндет болып табылады. Оқушылардың оқуға деген ішкі қызығушылығын дамыту және сыныпта жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру қажет. Тек жүйелі әрі мақсатты жұмыс жүргізілген жағдайда ғана білім беру үдерісінің

тиімділігін арттыруға және әрбір оқушының тұлғалық дамуын қамтамасыз етуге болады.

Жасөспірімдердің оқу мотивациясын арттыру мақсатында педагогикалық және психологиялық әдістердің кешенін қолдану ұсынылады. Яғни, оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыруға ықпал ететін белсенді және интерактивті оқыту әдістерін пайдалану тиімді болып табылады. Сонымен қатар, табыс жағдайын жасау маңызды, себебі бұл оқушылардың өз күшіне деген сенімділігін қалыптастырып, оқу іс-әрекетіне оң көзқарасын арттырады. Жасөспірімдердің жас және жеке ерекшеліктерін ескеру, мұғалім тарапынан қолдау көрсету және сыныпта қолайлы психологиялық климат қалыптастыру да аса маңызды. Бұдан бөлек, оқушылардың ішкі мотивациясын дамыту үшін тұлғалық маңызы бар мақсаттар қою және танымдық қызығушылықтарын жетілдіру ұсынылады.

Жүргізілген зерттеу ұсынылған гипотезаны растайды.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:


1. Тоқаев Қ.К. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2025 жылғы 8 қыркүйек.
2. Апозян Э.Р. Жасөспірімдік кезеңде оқу мотивациясын дамыту мәселесі // Теориядан практикаға дейінгі өзекті ғылыми зерттеулер: Халықаралық (сырттай) ғылыми-практикалық конференция материалдары, Кишинев, Молдова, 2019 жылғы 26 қараша / Жалпы редакциясын басқарған А.И. Вострецов. – Кишинев: «Мир науки» ғылыми-баспа орталығы, 2019. – 159–164 бб.
3. Ильин Е.П. Мотивация және мотивтер. – Санкт-Петербург: Питер баспасы, 2011. – 512 б.
4. Маркова А.К. Оқушылардың оқу мотивациясын қалыптастыру. – Мәскеу, 1990.
5. Адам психологиясы: туғаннан бастап өмірінің соңына дейін / [В.А. Аверин және т.б.]; ред. А.А. Реан. – Мәскеу: АСТ: Прайм, 2015. – 656 б.

# ЦИФРОВАЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДА КАК ФАКТОР ИЗМЕНЕНИЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНЫХ ПРОЦЕССОВ УЧАЩИХСЯ

***Мизамбаева М.С.***
*магистрант Павлодарского педагогического института имени Ә. Марғұлана г. Павлодар*
***Аплашова А.Ж.***
*научный руководитель: к.пс.н., ассоциированный профессор г. Астана*

**Аннотация**
В статье рассматривается влияние цифровой образовательной среды на познавательные процессы учащихся. Анализируются изменения в восприятии, внимании, памяти и мышлении под воздействием цифровых технологий. Определяются педагогические возможности и риски цифровизации, а также условия формирования цифровой познавательной компетентности.
**Ключевые слова**: цифровизация, образование, мышление, мотивация, когнитивные процессы, технологии, обучение
**Аңдатпа**
Мақалада цифрлық білім беру ортасының оқушылардың танымдық үдерістеріне әсері қарастырылады. Цифрлық технологиялардың ықпалымен қабылдау, зейін, есте сақтау және ойлау қабілеттеріндегі өзгерістер талданады. Сондай-ақ цифрландырудың педагогикалық мүмкіндіктері мен тәуекелдері және цифрлық танымдық құзыреттілікті қалыптастыру шарттары анықталады.
**Түйінді сөздер**: цифрландыру, білім беру, ойлау, мотивация, таным, технология, оқыту
**Abstract**
This article examines the impact of the digital educational environment on students' cognitive processes. Changes in perception, attention, memory, and thinking under the influence of digital technologies are analyzed. The study also identifies pedagogical opportunities, risks of digitalization, and conditions for developing digital cognitive competence.
**Keywords**: digitalization, education, thinking, motivation, cognition, technology, learning

Современная система образования переживает этап активной цифровой трансформации. Внедрение цифровых технологий стало закономерным следствием развития информационного общества. Цифровая среда охватывает все уровни образования, обеспечивая доступ к знаниям и расширяя возможности обучения, одновременно создавая новые педагогические вызовы. Цифровые технологии в последние годы радикально изменили не только организацию образовательного процесса, но и когнитивные механизмы восприятия, внимания, памяти и мышления. Новое поколение обучающихся формируется в условиях постоянного информационного потока, мультимедийной среды и интерактивных форм коммуникации. Это порождает необходимость пересмотра традиционных педагогических подходов, адаптации методов обучения и оценки к условиям цифровой среды.

Проблема исследования заключается в необходимости выявления влияния цифровизации на познавательную деятельность учащихся. Как

изменяются процессы восприятия, внимания, памяти и мышления? Какие педагогические подходы должны применяться для сохранения глубины познания и развития аналитического мышления у учащихся в цифровую эпоху?

Цифровая образовательная среда как педагогическое явление

Цифровая образовательная среда представляет собой систему использования информационно-коммуникационных технологий в обучении, оценивании и взаимодействии участников образовательного процесса. Она обеспечивает доступ к цифровым ресурсам, онлайн-курсам, виртуальным лабораториям, что значительно изменяет роль участников образовательного процесса.

Учитель перестает быть единственным источником знаний, превращаясь в навигатора и фасилитатора образовательного процесса. Ученик же становится активным субъектом, самостоятельно выбирающим траекторию и темп обучения. Эти изменения радикально влияют на характер познавательной деятельности учащихся.

2. Трансформация когнитивных процессов учащихся под влиянием цифровой среды

Цифровая среда формирует новый тип мышления — клиповое. Оно характеризуется фрагментарностью восприятия, быстрой сменой информационных стимулов и снижением способности к длительной концентрации. Вместе с тем возрастает навык поиска и фильтрации данных, развитие способности работать в условиях многозадачности.

Память учащихся становится внешней: значительная часть информации хранится не в голове, а в цифровых источниках. Однако при грамотно организованном обучении цифровые ресурсы могут способствовать развитию долговременной памяти через ассоциативные и визуальные связи. Также цифровая среда стимулирует развитие визуального и образного мышления, что может повысить эффективность усвоения материала.

3. Влияние цифровой среды на мотивацию учащихся

Цифровые технологии повышают мотивацию учащихся за счет интерактивности, игровых форм и визуальных элементов. Использование мультимедийных инструментов делает процесс обучения динамичным и увлекательным. Однако существует риск снижения внутренней мотивации, когда учащиеся воспринимают обучение как развлечение, а не как процесс осознанного познания.

Чтобы цифровизация не снижала познавательную глубину, педагогам важно применять технологии осмысленно, сочетая цифровые и традиционные методы. Необходимо развивать у школьников навыки критического анализа информации, способность выделять главное и формировать личное отношение к изучаемому материалу.

4. Риски цифровой образовательной среды

Среди негативных последствий цифровизации можно выделить снижение концентрации внимания, перегрузку информацией, рост

зависимости от гаджетов и потерю навыков живого общения. Эти явления требуют педагогического контроля и психолого-педагогической коррекции.

Для преодоления указанных рисков необходимо развивать цифровую культуру учащихся, формировать навыки самоорганизации, саморефлексии и осознанного использования технологий. Педагог должен создавать ситуации, способствующие развитию умений анализировать, сравнивать, синтезировать информацию.

5. Условия формирования цифровой познавательной компетентности

Для успешной интеграции цифровизации в образовательный процесс необходимо сочетать технические и гуманитарные подходы. Это подразумевает развитие у учащихся не только навыков работы с технологиями, но и критического мышления, эмоционального интеллекта, коммуникативных умений.

Важным направлением является проектная деятельность, в которой учащиеся самостоятельно ставят цели, ищут информацию, анализируют результаты и представляют их в цифровом формате. Такая работа способствует развитию исследовательских навыков и формирует устойчивую мотивацию к обучению.

Цифровизация образования представляет собой не просто внедрение технологий в учебный процесс, а глубокую трансформацию всей педагогической системы. Она меняет способы мышления, восприятия и усвоения знаний, формируя у учащихся новый тип познавательной активности — гибкий, динамичный, сетевой.

Современные исследования подтверждают, что цифровая среда стимулирует развитие аналитического и визуального мышления, повышает способность к самостоятельному поиску и обработке информации. Однако вместе с тем наблюдаются и отрицательные тенденции: снижение концентрации внимания, поверхностное усвоение знаний, рост зависимости от цифровых устройств. Эти факторы требуют комплексного педагогического сопровождения и разработки методик, направленных на гармоничное сочетание цифровых и традиционных форм обучения.

Педагог в условиях цифровизации становится не просто носителем информации, а навигатором в мире знаний, наставником, помогающим учащимся развивать критическое мышление и когнитивную устойчивость. Эффективная организация учебного процесса требует внедрения цифровых инструментов, обеспечивающих интерактивность и вовлеченность, но при этом сохраняющих личностно-ориентированный подход.

Особое внимание следует уделить формированию цифровой грамотности, информационной культуры и саморегуляции учащихся. Эти компетенции становятся неотъемлемыми составляющими современного образования, обеспечивая готовность личности к жизни и работе в условиях цифрового общества.

Таким образом, цифровизация образования является мощным фактором трансформации познавательной деятельности учащихся, открывающим новые возможности для обучения и саморазвития. Однако её

успешная реализация зависит от уровня готовности педагогов, доступности цифровых ресурсов, методической поддержки и развития критического мышления у всех участников образовательного процесса.

## Список литературы


1. Назарбаев Н.А. Цифровизация — стратегический вектор развития Казахстана. – Астана, 2020.
2. Пренделева Н.Г. Цифровизация образования: вызовы и возможности. // Педагогика. – 2021. – №4. – С. 22–28.
3. Хуторской А.В. Современные педагогические технологии в цифровом обучении. – Москва: Академия, 2022.
4. Зимняя И.А. Психология обучения: от деятельности к личности. – Москва: Логос, 2021.
5. Конысбаева А.Т. Информационно-коммуникационные технологии в системе образования Казахстана. – Алматы: КазНПУ, 2022.
6. Смирнова Е.О. Цифровое поколение: когнитивные особенности и образовательные стратегии. // Психология и педагогика. – 2023. – №2. – С. 40–47.
7. OECD. The Digitalisation of Education. – Paris: OECD Publishing, 2022.
8. Tapscott D. Grown Up Digital: How the Net Generation is Changing Your World. – New York: McGraw-Hill, 2020.


# ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДАҒЫ МУЛЬТИМОДАЛЬДЫ ӘДІСТЕР


***Нурлыбекова А.Е., Арыстанбекова Ж.Б.***

*Павлодар қаласы Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студентері.*

***Мурзатаева А.К.***

*Ғылыми жетекшісі: педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы.*



**Аннотация**

*Бұл мақалада инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін балаларға (ЕБҚБ) арналған мультимодальды оқыту әдістерінің теориялық негіздері мен практикалық қолданылуы қарастырылады. Мультимодальды тәсілдің (визуалды, аудиалды, кинестетикалық, тактильді құралдарды біріктіру) ЕБҚБ-ның танымдық қабілеттерін арттырудағы, ақпаратты қабылдау мен өңдеу тиімділігін жоғарылатудағы маңызды рөлі көрсетіледі. Нақты мысалдар негізінде сабақтарда осы әдістерді қолданудың артықшылықтары мен ұсыныстары талданады.*



***Кілт сөздер:*** *Инклюзивті білім беру, ерекше білім беруді қажет ететін балалар, мультимодальды оқыту, оқыту әдістері, оқу құралдары, инклюзивті мектептер, кинестетикалық.*



**Аннотация**

*В данной статье рассматриваются теоретические основы и практическое применение методов мультимодального обучения для детей с особыми образовательными потребностями (ООП) в условиях инклюзивного образования. Демонстрируется важная роль мультимодального подхода (интеграция визуальных, аудиальных, кинестетических и тактильных средств) в повышении когнитивных*

*способностей, эффективности восприятия и обработки информации у детей с ООП. На основе конкретных примеров анализируются преимущества и даются рекомендации по использованию этих методов на занятиях.*

***Ключевые слова**: Инклюзия, особые образовательные потребности, мультимодальное обучение, методы преподавания, учебные средства, инклюзивные школы, кинестетический.*

**Annotatio**

*This article examines the theoretical foundations and practical application of multimodal teaching methods for children with special educational needs (SEN) in inclusive education settings. The significant role of the multimodal approach (integration of visual, auditory, kinesthetic, and tactile means) in enhancing cognitive abilities and the effectiveness of information reception and processing in children with SEN is demonstrated. Based on specific examples, the benefits and recommendations for using these methods in lessons are analyzed.*

***Keywords:** Inclusive education, special educational needs, multimodal teaching, teaching methods, learning tools, inclusive schools, kinesthetic*.

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі басымдықтарының бірі – барлық балалардың, соның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың (ЕБҚБ) сапалы білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз ететін инклюзивті орта құру. Инклюзивті мектептердегі мұғалімдердің алдында тұрған негізгі міндет – әр оқушының білім алудағы ерекшеліктерін, танымдық стильдерін және қажеттіліктерін ескеретін тиімді оқыту әдістерін табу. Бұл тұрғыда, бірнеше сенсорлық каналдарды (көру, есту, сезу, қимыл) қатар пайдалануды қамтитын мультимодальды оқытуәдістері ЕБҚБ-ға арналған оқыту процесінің тиімділігін арттырудың перспективалы құралы болып табылады [1, с. 23].

Мультимодальды оқытудың теориялық негіздері

Мультимодальды оқыту – бұл бір сабақ ішінде немесе оқу процесінде әртүрлі оқыту құралдары мен сенсорлық тәсілдерді (мысалы, мәтін, суреттер, бейнелер, аудио, практикалық іс-қимылдар) біріктіру. Зерттеулер ЕБҚБ, әсіресе оқуда және назар аударуда қиындықтары бар балалар үшін ақпаратты бір ғана тәсілмен (мысалы, тек мәтін немесе тек ауызша түсіндіру) қабылдау қиынға соғатынын көрсетеді [2, с. 147]. Мультимодальды тәсіл бірқатар маңызды артықшылықтарды ұсынады: ол қабылдаудың әртүрлі арналарын іске қосады, бұл ақпараттың мида нығайып, есте сақталу мүмкіндігін арттырады. Сонымен қатар, әртүрлі форматтардың қолданылуы оқушының қызығушылығы мен мотивациясын арттырады, сабақты тартымды етеді. Ең бастысы, ол ақпаратты өңдеудің икемділігін дамытады, яғни балаларға өздеріне ыңғайлы қабылдау стилін таңдауға мүмкіндік береді. Мультимодальды тәсілдің тиімділігі Майердің когнитивті мультимедиалық оқыту теориясына негізделген. Бұл теория бойынша, адам миы ақпаратты бір уақытта визуалды (көру) және аудиалды (есту) каналдар арқылы қабылдаған кезде оны оңай өңдейді. Егер ақпарат екі түрлі формада берілсе, ол мидың танымдық жүктемесін бөліп, тереңірек түсінуге жағдай жасайды. ЕБҚБ үшін бұл әсіресе маңызды, себебі оларда бір сенсорлық арнада (мысалы, мәтінді оқуда немесе сөзді естуде)

бұзылыстар болуы мүмкін, ал қосымша арналар (тактильді, кинестетикалық) осы олқылықтың орнын толтырады.

Инклюзивті тәжірибедегі мультимодальды әдістер

Инклюзивті сыныпта мұғалімдер ЕБҚБ-ның жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оқытудың әртүрлі мультимодальды әдістерін қолдана алады. Бұл әдістерді үш негізгі бағытқа бөлуге болады.

1. Визуалды-аудиалды құралдардың интеграциясы. Бұл бағытқа оқу материалының визуализациясы жатады: тақырыпты түсіндіру кезінде әрқашан үлкен, түрлі-түсті суреттерді, диаграммаларды, инфографиканы немесе бейнероликтерді қолдану. Мысалы, табиғаттану сабағында «су айналымы» тақырыбын түсіндіру кезінде тек ауызша айтумен шектелмей, анимациялық бейне мен бір мезгілде үлкен схеманы пайдалану қажет. Сондай-ақ, субтитрлер мен аудиосипаттама маңызды: бейнематериалдарды тыңдау қабілеті төмен оқушылар үшін міндетті түрде субтитрлермен, ал көру қабілеті төмен оқушылар үшін аудиосипаттамамен қамтамасыз ету керек. Бұл тұста, визуалды кестелерді (Visual schedules)қолдану аутизм спектрінің бұзылыстары бар оқушыларға күні бойғы іс-әрекеттердің ретін түсінуге және мазасыздықты азайтуға көмектеседі. Мұндай визуалды қолдаулар оқушының келесі қадамды алдын ала білуіне, осылайша өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

2. Тактильді және кинестетикалық әдістер. Бұл әдістер оқушылардың материалды қолдарымен ұстап, жасап көруіне мүмкіндік беретін практикалық әрекеттерді (Hands-on activities) қамтиды. Мысалы, геометрияда пішіндерді 3D-модельдер арқылы зерттеу немесе тарих сабағында оқиғаларды сахналау (рөлдік ойындар). Сенсорлық материалдарды пайдалану да тиімді: әріптер мен сандарды құмға салу, текстуралы карточкаларды пайдалану немесе Лего (Lego) конструкторы арқылы математикалық ұғымдарды көрсету. Бұл әсіресе аутизм спектрінің бұзылыстары бар және назар аударуда қиындықтары бар балалар үшін өте тиімді [3, с. 88]. Кинестетикалық оқытудың маңызы: Бұл әдіс, әсіресе зейін тапшылығы және гиперактивтілік синдромы (ЗТГС) бар балалар үшін өте пайдалы. Олар үшін қозғалыс – ақпаратты өңдеу құралы. Мұғалімдердің тұруға, жүруге немесе жауап беру кезінде қолды көтерудің орнына кішкентай ым-ишараны қолдануға рұқсат беруі – оқушының зейінін шоғырландыруға және энергиясын дұрыс арнаға бағыттауға көмектеседі. Химия немесе физика сабақтарында қолданбалы зертханалық жұмыстарарқылы оқушы тек көріп қана қоймай, сезініп және жасап үйренеді.

3. Цифрлық технологиялар және адаптивті оқыту. Инклюзивті білім беруде цифрлық технологиялар маңызды рөл атқарады. Интерактивті тақталарды және арнайы білім беру қосымшаларын қолдану арқылы оқушыларға өздерінің жауаптарын тікелей экранға жазып, сурет салуға немесе дыбыстық хабарламалар жазуға мүмкіндік беруге болады. Бұл оларға материалды әртүрлі форматта өңдеуге көмектеседі. Цифрлық құралдардың әлеуеті: TTS (Text-to-Speech) және STT (Speech-to-Text)

технологиялары оқуы қиын (дислексия) балалар үшін мәтінді дауыстап оқып беру (TTS) және жазуы қиын балалар үшін дауысты мәтінге ауыстыру (STT) арқылы тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді. Виртуалды шындық (VR) технологиясы тарихи оқиғаларды немесе географиялық жерлерді визуалды, аудиалды және кинестетикалық тұрғыдан сезінуге мүмкіндік береді, бұл сыртқы ортаға тез бейімделе алмайтын ЕБҚБ үшін өте маңызды. Бейімделгіш тестілеу (Adaptive Testing) жүйелері оқушының жауаптарына қарай тапсырманың күрделілік деңгейін автоматты түрде өзгертіп отырады.

Нақты мысал ретінде, математика сабағында «бөлшектер» тақырыбын оқыту кезінде мультимодальды тәсілді қалай қолдануға болатынын қарастырайық: (1) Мұғалім дөңгелек диаграмманы (визуалды) көрсетеді. (2) Бір мезгілде тақырыпты түсіндіреді (аудиалды). (3) Оқушыларға бөлшектерді көрсететін жұмсақ материалдан жасалған немесе кесілген жеке бөліктерді (кинестетикалық/тактильді) жинауды ұсынады.

Мультимодальды оқытуды енгізудің кедергілері мен шешу жолдары. Мультимодальды әдістердің тиімділігі айқын болғанымен, оларды инклюзивті мектептерде толыққанды енгізу бірқатар жүйелік және әдістемелік кедергілерге тап болады. Біз бұл мәселелерді болашақ педагогтар ретінде ерекше атап өткіміз келеді:

Кадрлық және әдістемелік Дайындық тапшылығы: Жалпы білім беретін мұғалімдердің көбісі әлі де мультимодальды сабақтарды жоспарлау, әсіресе әртүрлі сенсорлық топтарды (көру қабілеті, есту қабілеті, ЗПР) қатар қамту дағдыларына ие емес. Шешім жолы: Жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларына міндетті түрде мультимодальды дизайн және адаптивті оқыту технологиялары бойынша практикалық курстар енгізу. Мектептерде дефектологтар мен логопедтердің (арнайы педагогтардың) жалпы білім беретін мұғалімдерге тұрақты коучинг өткізуі.

Материалдық-техникалық және ресурстық Қамтамасыз ету: Интерактивті тақталар, 3D-модельдер, сенсорлық кабинеттер және лицензияланған білім беру қосымшаларының жетіспеушілігі. Шешім жолы: мемлекеттік және жергілікті бюджеттен инклюзивті ресурстарды сатып алуға бағытталған қаржыландыруды ұлғайту. Білім беру мекемелері арасында ашық цифрлық және сенсорлық ресурстар қорын құру, бұл мұғалімдердің дайындық уақытын қысқартады.

Сабақты жоспарлаудағы уақытты үнемдеу мәселесі: Жеке оқу бағдарламаларын (ЖОБ) жасау және әр ЕБҚБ-ға арналған мультимодальды материалдарды дайындау үлкен уақытты талап етеді. Шешім жолы: мұғалімдерге арналған қосымша әдістемелік сағаттар бөлу, сондай-ақ жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын пайдаланып, оқу материалдарын жылдам бейімдеуге мүмкіндік беретін жүйелерді енгізу. Бұл кедергілерді жою инклюзивті ортадағы оқыту сапасын кепілдендіру үшін өте маңызды.

Мультимодальды оқыту әдістерін инклюзивті мектептерде қолдану ЕБҚБ-ның білім алу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етудің маңызды стратегиясы болып табылады. Бұл тәсіл әр баланың әлеуетін толық ашуға, оқу жетістіктерін арттыруға және әлеуметтік интеграцияны

нығайтуға мүмкіндік береді. Ол тек оқуды жеңілдетіп қана қоймай, сонымен бірге оқушылардың танымдық икемділігін арттырады. Сондықтан, мұғалімдерге әрқашан өз сабақтарын жоспарлау кезінде әртүрлі сенсорлық арналарды біріктіруді ескеру қажет. Бұл бағыттағы болашақ зерттеулер мультимодальды құралдардың әрбір ерекше білім беру қажеттіліктері тобына (мысалы, көру қабілеті, есту қабілеті бұзылған немесе ЗПР бар балалар) әсерін тереңірек талдауы қажет.

## Әдебиеттер


1. Аймағамбетова Қ.К. Инклюзивті білім беруді дамытудың қазіргі бағыттары // Білім және ғылым. 2024. № 1. 21–30 б.
2. Сейсенбаева М. А., Оразбаева Г. Н. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған мультисенсорлық әдістер // Педагогикалық хабаршы. 2023. № 4. 145–152 б.
3. Жақыпов Е. Т. Инклюзивті оқытудағы инновациялық технологиялардың рөлі // Қазақстанның білім кеңістігі. 2022. № 3. 85–92 б.
4. Мамырбеков С. Л. Білім берудегі сандық ресурстарды қолданудың тиімділігі // Халықаралық педагогикалық журнал. 2024. № 2. 101–109 б.
5. Нұрғалиева З. Т. Инклюзивті сыныптағы оқытудың сараланuы: әдістемелік нұсқаулық. Алматы: Дана, 2023. 165 б.
6. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Астана: ҚР Парламенті, 2021.
7. Батырханова С. Е. Сенсорлық интеграция және оқудағы қиындықтарды жеңу. Павлодар: ПМУ баспасы, 2022. 98 б.
8. Әбдірашев А. М. Мультимедиалық технологиялар және оқушылардың танымдық белсенділігі. Орал: Батыс Қазақстан университеті, 2024. 130 б.


# ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ АГРЕССИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ


***Айтмағанбет А.А.***
*Әлкей Марғұлан атындағы*
*Павлодар педагогикалық университетінің студенті*
*ғылыми жетекші:*
***З.Н. Мусинова***
*педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы*



**Андатпа:** Мақалада жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқын психологиялық зерттеу қарастырылады. Агрессияның негізгі түрлері (вербальді, физикалық, эмоционалдық, заттарға және өзін-өзі бағытталған) сипатталады. Зерттеуде агрессияны бағалау үшін Л. Г. Почебут әдістемесі қолданылды. Нәтижелер агрессияның басым жағдайда орташа деңгейде екенін, ал физикалық және вербальді агрессияның жекелеген жағдайларда жоғары болатынын көрсетті. Зерттеу нәтижелері агрессивті мінез-құлықты диагностикалау мен алдын алу жұмыстарының маңыздылығын айқындайды.

**Аннотация**: В статье рассматривается психологическое исследование агрессивного поведения подростков. Описываются основные виды агрессии (вербальная, физическая, эмоциональная, направленная на предметы и на самого себя). В исследовании для оценки агрессии была использована методика Л. Г. Почебут.

Результаты показали, что в большинстве случаев уровень агрессии является средним, однако в отдельных случаях физическая и вербальная агрессия проявляются на высоком уровне. Результаты исследования подчеркивают важность диагностики и профилактики агрессивного поведения.

**Abstract**: The article examines a psychological study of aggressive behavior in adolescents. The main types of aggression (verbal, physical, emotional, object-directed, and self-directed) are described. The L. G. Pochebut methodology was used to assess aggression in the study. The results showed that the level of aggression is generally moderate, although in some cases physical and verbal aggression are high. The findings highlight the importance of diagnosing and preventing aggressive behavior.

Кілт сөздер: жасөспірім, агрессия, агрессивті мінез-құлық, диагностика.

Ключевые слова: подросток, агрессия, агрессивное поведение, диагностика.

Keywords: adolescent, aggression, aggressive behavior, diagnostics.

Қазіргі қоғамда жасөспірімдердің мінез-құлқын психологиялық тұрғыдан зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, отбасылық тәрбиедегі қиындықтар, мектептегі тұлғааралық қатынастар және цифрлық ортаның ықпалы жасөспірімдердің эмоционалдық жағдайына әсер етіп, агрессивті мінез-құлықтың қалыптасуына алғышарттар жасайды.

Жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқы – тұлғаның дамуына, әлеуметтік бейімделуіне және қоршаған ортамен қарым-қатынасына кері әсер ететін күрделі психологиялық құбылыс. Агрессия көбінесе ішкі күйзеліс, эмоциялық тұрақсыздық және әлеуметтік бейімделу қиындықтарының нәтижесінде көрініс табады. Ол физикалық, вербалды және жанама формаларда байқалып, жасөспірімнің оқу іс-әрекетіне және тұлғалық қалыптасуына теріс ықпал етеді [1].

Агрессивті мінез-құлықтың қалыптасуы жеке тұлғалық ерекшеліктермен қатар, отбасы, құрдастар ортасы және әлеуметтік факторлардың өзара ықпалымен байланысты. Сондықтан оны психологиялық тұрғыдан кешенді зерттеу, негізгі себептері мен көрініу ерекшеліктерін анықтау маңызды болып табылады [2].

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың психологиялық әл-ауқатын сақтау және мінез-құлықтағы ауытқулардың алдын алу психологиялық қызметтің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Осыған байланысты жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқын психологиялық зерттеу ғылыми және практикалық тұрғыдан өзекті болып табылады.

Зерттеу мақсаты: Жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқын психологиялық тұрғыдан зерттеу, оның деңгейін, түрлерін және көріну ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеу гипотезасы: Егер жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқының психологиялық ерекшеліктері кешенді түрде зерттелсе, онда олардың агрессия деңгейін тиімді анықтауға және оны төмендетуге

бағытталған психологиялық ықпал ету жолдарын негіздеуге мүмкіндік туады.

Зерттеудің міндеттері:

Агрессивті мінез-құлық ұғымының психологиялық мәнін талдау;

Жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқының психологиялық ерекшеліктерін анықтау;

Агрессия деңгейін анықтауға арналған психодиагностикалық әдістемелерді сипаттау;

Жасөспірімдердің агрессия деңгейін эмпирикалық зерттеу;

Зерттеу нәтижелерін талдау және агрессияны төмендетуге бағытталған ұсыныстар әзірлеу.

Агрессия - бұл көптеген детерминанттары бар және бірнеше мақсаттарға қызмет ететін күрделі құбылыс. Ол агрессивті мінез құлықтың ауыр түрлерінің болжаушысы болып табылады. Агрессия «объектіге зиян келтіргісі келетін басқа адамға бағытталған кез келген мінез-құлықты», соның ішінде физикалық агрессияны, ауызша агрессияны және реляциялық агрессияны білдіреді. Бұл жасөспірімнің әлеуметтік бейімделуіне, тұлғалық дамуына, сондай-ақ жалпы оқу-тәрбие процесінің тиімділігіне кері әсерін тигізеді [1].

Агрессивті мінез-құлық - ішкі күйзелістің, түсінбеушіліктің немесе әлеуметтік бейімделудің қиындығынан туындайтын мінез-құлықтық реакция қоршаған ортаға бағытталған деструктивті әрекеттердің көрінісі. Ол вербалды (сөз арқылы), физикалық (қол жұмсау), жанама (сырттай

әңгімелеу, өсек, теріс әрекеттер арқылы) және ішкі (тыйым салынған ашу, ыза) формада байқалуы мүмкін. Әлеуметтік нормаларды бұзу және деструктивті мінез-құлықтың басқаларға ықтимал зиянды екенін біле тұра

осы әрекеттерге барады [2].

Қазақстандағы жасөспірімдер арасындағы агрессивті мінез-құлық мәселесі соңғы жылдары ерекше өзектілікке ие болып отыр. Халықаралық және ұлттық зерттеулердің деректеріне сәйкес, мектеп ортасында агрессия мен буллингтің таралу деңгейі айтарлықтай жоғары. Халықаралық HBSC және UNICEF зерттеулерінің нәтижелері бойынша, Қазақстанда оқушылардың 63%-ы мектептегі зорлық-зомбылықтың куәсі болған, 44%-ы оның құрбанына айналған, ал 24%-ы өздері агрессивті әрекеттерге қатысқан . Бұл көрсеткіштер агрессияның мектеп ортасында кең таралған құбылыс екенін дәлелдейді [3].

Л. Г. Почебут агрессивті мінез-құлықты зерттеуде оны біртұтас құбылыс ретінде емес, көпқұрылымды жүйе ретінде қарастырады. Оның пікірінше, агрессия тұлғаның әлеуметтік ортаға бейімделу деңгейімен тығыз байланысты және көбінесе дезадаптация мен ішкі шиеленістің көрінісі болып табылады. Ғалым Басса–Дарки әдістемесін негізге ала отырып, агрессияны құрылымдық тұрғыдан талдауға мүмкіндік беретін тәсіл ұсынады. Бұл тәсіл агрессияны тек жалпы деңгейде емес, оның нақты түрлері арқылы зерттеуге бағытталған. Почебут агрессивті мінез-құлықтың келесі негізгі формаларын бөліп көрсетеді: вербалды агрессия (сөз арқылы

қорлау, дөрекі сөйлеу), физикалық агрессия (күш қолдану), заттық агрессия (ашуды заттарға бағыттау), эмоционалдық агрессия (өшпенділік, күдік сияқты ішкі жағымсыз эмоциялар) және өзін-өзі агрессиялау (агрессияның өзіне бағытталуы) [4].

Р. Мэй агрессияны адамның ішкі шиеленісінің, өзін-өзі бекіту қажеттілігінің көрінісі ретінде қарастырады. Оның көзқарасы бойынша агрессия әрдайым деструктивті емес, кей жағдайда ол тұлғаның өзін қорғау механизмі болуы мүмкін [5].

Жасөспірімдік кезең - тұлғаның қарқынды психологиялық дамуымен, эмоционалдық тұрақсыздығымен және әлеуметтік рөлдердің өзгеруімен сипатталатын күрделі кезең. Л. С. Выготскийдің мәдени-тарихи теориясы бойынша жасөспірімнің психикалық дамуы әлеуметтік орта арқылы жүзеге асады. Оның пікірінше, жасөспірімнің мінез-құлқы, соның ішінде агрессиясы да, қоршаған әлеуметтік қатынастардың әсерінен қалыптасады. Яғни, әлеуметтік ортадағы қиындықтар мен түсінбеушіліктер агрессивті реакциялардың пайда болуына әкелуі мүмкін [6].

Жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқы девиантты мінез-құлықтың бір түрі ретінде қарастырылады, себебі ол қоғамда қабылданған нормалардан ауытқуды білдіреді. Девиантология авторы А.Т. Ақажанова девиантты мінез-құлықты әлеуметтік нормаларға сәйкес келмейтін әрекеттер жүйесі ретінде сипаттайды.

А.Т. Ақажанова бойынша, агрессивті мінез-құлықтың қалыптасуы көпфакторлы сипатқа ие. Оның негізгі себептеріне отбасы тәрбиесіндегі кемшіліктер, әлеуметтік орта әсері және тұлғаның психологиялық ерекшеліктері жатады. Әсіресе, ата-ананың жеткіліксіз бақылауы мен эмоционалдық қолдаудың болмауы жасөспірім агрессиясының күшеюіне ықпал етеді. Сонымен қатар, жасөспірім кезеңіне тән эмоционалдық тұрақсыздық пен өзін-өзі дәлелдеуге ұмтылыс агрессияның пайда болуына жағдай жасайды. Мұндай жағдайда агрессия ішкі шиеленісті сыртқа шығару тәсілі ретінде көрінеді. Құрдастар тобының ықпалы да маңызды, себебі агрессивті мінез-құлық кейде топ ішінде беделге жету құралы ретінде қолданылады [7].

Осылайша, жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқы олардың психологиялық дамуының ерекшеліктерімен, әлеуметтік ортасымен және ішкі тұлғалық қайшылықтарымен тығыз байланысты.

Жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқын түзету және алдын алу – психологиялық-педагогикалық жұмыстың маңызды бағыттарының бірі. Альберт Бандураның **агрессияны әлеуметтік үйрену теориясы** бойынша, агрессивті мінез-құлық адамға туа біткен қасиет емес, **әлеуметтік тәжірибе нәтижесінде үйренілетін әрекет** болып табылады. Бұл теорияға сәйкес, адам агрессияны өз тәжірибесі арқылы ғана емес, **басқа адамдардың әрекеттерін байқап, соларды моделдей отырып** игереді. Агрессияның қалыптасуында басты рөлді **викарлы (өзі көріп үйрену) және символдық (медиа, көріністер арқылы) үйрену** атқарады, яғни адам модельдің әрекеттері мен олардың салдарын бақылау арқылы оларды өз мінез-құлқына

енгізеді. Бандураның теориясына сәйкес, агрессияны түзетудің тиімді жолы – позитивті мінез-құлық үлгілерін қалыптастыру. Бұл үшін ересектер мен педагогтар жасөспірімдерге конструктивті мінез-құлық модельдерін көрсетуі қажет [8].

Жасөспірімдерде болатын агрессивті мінез-құлық көптеген жағымсыз әсерлермен байланысты, соның ішінде үлгерімсіздік, әлеуметтік қиындықтар, психикалық денсаулық мәселелері және жауапкершілікке тарту қаупінің жоғарылауы. Бүгінде агрессияның дамуына кедергі келтіретін негізгі факторларды түсіну, алдын алу және ерте араласу стратегияларын әзірлеу өте маңызды. Алайда, агрессия оқшауланбайды, ол жеке қасиеттердің, отбасы динамикасының, әлеуметтік қатынастардың және қоршаған орта факторларының көп қырлы өзара әрекеттесуін көрсетеді [2].

Р. Мэйдің көзқарасы бойынша агрессияны толық жою емес, оны конструктивті арнаға бағыттау қажет. Мысалы, спорт, шығармашылық іс-әрекет немесе әлеуметтік белсенділік арқылы жасөспірім өз энергиясын пайдалы бағытқа жұмсай алады[5].

Жалпы алғанда, агрессивті мінез-құлықты түзету кешенді түрде жүргізілуі тиіс: диагностика, алдын алу, психокоррекция және әлеуметтік қолдау шаралары бір-бірімен тығыз байланыста болуы қажет.

Біз зерттеуімізде Л. Г. Почебут ұсынған «Оқушылардың агрессия деңгейін бағалау» әдістемесін қолдандық. Бұл әдістеме жасөспірімдердегі агрессивті мінез-құлықтың деңгейін және оның негізгі түрлерін анықтауға бағытталған диагностикалық құрал болып табылады.

Сауалнама 40 сұрақтан тұрады, әр сұраққа «иә» немесе «жоқ» түрінде жауап беріледі. Әдістеме нәтижесінде агрессияның келесі түрлері анықталады:

- вербальді агрессия
- физикалық агрессия
- пәнге (заттарға) бағытталған агрессия
- эмоционалды агрессия
- өзін-өзі жарақаттау агрессиясы

Әрбір көрсеткіш бойынша ұпай саны есептеліп, агрессия деңгейі жоғары, орташа, төмен деп жіктеледі.

Зерттеу 8-сынып оқушыларына жүргізілді. Зерттеуге барлығы 24 оқушы қатысты.

Зерттеу нәтижелері әр агрессия түрі бойынша жеке қарастырылып, пайыздық көрсеткіштер арқылы талданды.

1) Вербальді агрессия

Вербальді агрессия – сөз арқылы қорлау, айқайлау, дөрекі сөйлеу сияқты мінез-құлық көріністерін қамтиды.

Зерттеу нәтижелері:

жоғары деңгей – 6 оқушы (25%)

орташа деңгей – 7 оқушы (29,2%)

төмен деңгей – 11 оқушы (45,8%)

Нәтижелер көрсеткендей, оқушылардың басым бөлігінде вербальді агрессия төмен деңгейде, алайда әр төртінші оқушыда жоғары деңгейде байқалады. Бұл жасөспірімдердің қарым-қатынас барысында эмоцияларын сөз арқылы агрессивті түрде білдіру тенденциясының бар екенін көрсетеді.

2) Физикалық агрессия

Физикалық агрессия – күш қолдану, итеру, ұру сияқты әрекеттермен сипатталады.

Нәтижелер:

жоғары деңгей – 10 оқушы (41,7%)

орташа деңгей – 8 оқушы (33,3%)

төмен деңгей – 6 оқушы (25%)

Бұл көрсеткіштер физикалық агрессияның салыстырмалы түрде жоғары екенін көрсетеді. Әсіресе оқушылардың 41,7%-ында жоғары деңгейдің анықталуы жасөспірімдер арасында күш қолдануға бейімділік бар екенін дәлелдейді.

3) Пәнге (заттарға) бағытталған агрессия

Бұл агрессия түрі заттарды бүлдіру, сындыру, лақтыру сияқты әрекеттерді қамтиды.

Нәтижелер:

жоғары деңгей – 4 оқушы (16,7%)

орташа деңгей – 5 оқушы (20,8%)

төмен деңгей – 15 оқушы (62,5%)

Көрсеткіштерге сәйкес, оқушылардың көпшілігінде бұл агрессия түрі төмен деңгейде. Бұл олардың заттарға бағытталған агрессивті әрекеттерді сирек қолданатынын көрсетеді.

4) Эмоционалды агрессия

Эмоционалды агрессия – ашуланшақтық, тітіркенгіштік, ішкі кернеудің жоғары болуы арқылы көрінеді.

Нәтижелер:

жоғары деңгей – 1 оқушы (4,2%)

орташа деңгей – 13 оқушы (54,2%)

төмен деңгей – 10 оқушы (41,7%)

Бұл жерде орташа деңгейдің басым болуы (54,2%) жасөспірімдердің көпшілігінде эмоционалдық тұрақсыздық бар екенін көрсетеді.

5) Өзін-өзі жарақаттау агрессиясы

Бұл агрессия түрі тұлғаның агрессияны өзіне бағыттауымен сипатталады.

Нәтижелер:

жоғары деңгей – 4 оқушы (16,7%)

орташа деңгей – 11 оқушы (45,8%)

төмен деңгей – 9 оқушы (37,5%)

Орташа деңгейдің жоғары болуы жасөспірімдердің бір бөлігінде ішкі кернеуді өзіне бағыттау тенденциясы бар екенін көрсетеді.

6) Жалпы агрессия деңгейі

Жалпы агрессия көрсеткіші бойынша:

жоғары деңгей – 1 оқушы (4,2%)
орташа деңгей – 16 оқушы (66,7%)
төмен деңгей – 7 оқушы (29,2%)

Бұл нәтижелерге сәйкес, зерттелген топтағы оқушылардың басым көпшілігінде агрессия орташа деңгейде байқалады. Жоғары деңгей тек аз бөлігінде кездеседі.

Зерттеу нәтижелерін келесі суреттен көруге болады (1-сурет).




*(1-сурет)*

Жүргізілген зерттеу жұмысы жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқының психологиялық ерекшеліктерін анықтауға бағытталған негізгі міндеттердің орындалғанын көрсетті. Атап айтқанда, зерттеу барысында агрессия ұғымының мазмұны нақтыланып, оның негізгі түрлері теориялық және практикалық тұрғыда жүйеленді, сондай-ақ жасөспірімдердегі агрессивті мінез-құлықтың деңгейі эмпирикалық жолмен айқындалды.

Зерттеуде қолданылған Л. Г. Почебут әдістемесі өзінің тиімді диагностикалық құрал екенін дәлелдеді. Бұл әдіс агрессияның әртүрлі бағыттарын кешенді түрде анықтауға, олардың көріну деңгейін саралауға және зерттелушілердің психологиялық жағдайына жан-жақты талдау жасауға мүмкіндік береді. Әдістеменің қарапайымдылығы мен қолжетімділігі оны мектеп жағдайында кеңінен қолдануға қолайлы етеді. Сонымен қатар алынған нәтижелердің нақтылығы мен құрылымдылығы жасөспірімдердің мінез-құлқындағы жасырын тенденцияларды анықтауға жағдай жасайды.

Зерттеу нәтижелері жасөспірімдерде агрессивті мінез-құлықтың көбінесе жас ерекшелікке байланысты қалыптасатынын және оның көрінуі әлеуметтік орта, тұлғааралық қарым-қатынас және эмоционалдық тұрақтылық деңгейімен тығыз байланысты екенін көрсетті. Бұл өз кезегінде агрессияның тек жеке психологиялық құбылыс емес, сонымен қатар әлеуметтік-педагогикалық ықпалдардың нәтижесі екенін дәлелдейді.

Осыған байланысты, жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқын алдын алу және түзету мақсатында келесі психологиялық-педагогикалық бағыттарды жүзеге асыру қажеттілігі анықталды:

оқушылардың эмоционалдық интеллектісін дамыту және өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру;

агрессияны конструктивті арнаға бағыттау (спорт, шығармашылық, әлеуметтік белсенділік арқылы);

тұлғааралық қарым-қатынас мәдениетін дамыту және коммуникативтік дағдыларды жетілдіру;

конфликт жағдайларын тиімді шешу стратегияларын үйрету;

мектеп психологының жүйелі диагностикалық және түзету жұмыстарын ұйымдастыруы;

ата-аналармен және педагогтармен бірлескен профилактикалық жұмыстар жүргізу.

Қорытындылай келе, зерттеу жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқын зерттеу мен түсінуде кешенді көзқарастың маңыздылығын айқындады. Л. Г. Почебут әдістемесін қолдану арқылы алынған нәтижелер білім беру үдерісінде психологиялық қолдау жұмыстарын жетілдіруге негіз бола алады. Жасөспірімдердің агрессиясын төмендету үшін жүйелі, ғылыми негізделген және мақсатты ұйымдастырылған психологиялық-педагогикалық ықпал ету шаралары қажет екендігі дәлелденді.

## Пайдаланылған әдебиеттер


1. Shuang Lin Прогнозирование агрессивного поведения подростков на основе воздействия насилия в сообществе, девиантных связей со сверстниками и школьной вовлеченности: годичное лонгитюдное исследование // *Children and Youth Services Review*. – 2020. – Т. 111. https://doi.org/10.1016/j.childyouth.2020.104840
2. Nguyen-Louie T., McCarthy M. J., Coccaro E. F., Meruelo A. D. Интегративный анализ психосоциальных, хронотипических и экологических предикторов агрессивного поведения подростков: результаты машинного обучения // *Journal of Psychiatric Research*. – 2025. – Т. 189. – С. 91–103.
3. **UNICEF Kazakhstan.** *School violence and discrimination prevalence report.* – UNICEF, 2025.
4. https://www.unicef.org/kazakhstan/sites/unicef.org.kazakhstan/files/2018-07/00000837_kz.pdf?utm_source=chatgpt.com
5. Почебут Л. Г., Чикер В. А. *Организационная социальная психология*. – СПб.: Речь, 2000. Почебут Л. Г. *Кросс-культурная и этническая психология*. – СПб. Питер, 2012. Басса А., Дарки А. *Методика диагностики агрессивности*
6. Мэй Р. *Сила и невинность: поиски истоков насилия*. – М.: Институт общегуманитарных исследований, 2001. May R. *Love and Will*. – New York: W. W. Norton & Company, 1969.
7. Выготский Л. С. *Психология развития человека*. – М.: Смысл, 2005. Выготский Л. С. *Мышление и речь*. – М.: Лабиринт, 1999.
8. Ақажанова, А. Т. Девиантология: оқу құралы. – Алматы: Нұр-пресс, 2009. – 126 б.
9. Бандура, А. (1973). *Агрессия: социально-обучающий анализ.* Englewood Cliffs, NJ: Prentice-Hall.

# ДИСЛАЛИЯСЫ БАР БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫМЕН ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТА ЦИФРЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

***Нагашыбай Ұ.К.***
*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті*
***Дузелбаева А.Б.***
*Жетекшісі: PhD доктор, қауымдастырылған профессор, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.*

**Аңдатпа:** Бұл мақалада дислалиясы бар бастауыш сынып оқушыларымен логопедиялық жұмыста цифрлық ойындарды қолдану тәжірибесі талданады. Зерттеу жалпы білім беретін мектептің 1–2 сыныптарында оқитын, әртүрлі деңгейдегі дислалиясы бар 6 оқушының қатысуымен жүргізілді. Тәжірибелік топтағы сабақтарда «ЛогоДельфин», «Speech Blubs», «Қазақша сөйле» цифрлық платформалары мен интерактивті ойындар қолданылды, ал бақылау тобымен сабақтар дәстүрлі әдістер негізінде ұйымдастырылды. Зерттеу нәтижелері тәжірибелік топтағы оқушылардың дыбыс айту дағдыларында оң динамиканың 67%-ға дейін жеткенін көрсетті. Мақалада цифрлық ойындардың логопедиялық үдерістегі тиімділігі, оларды қолдану әдістемесі және практикалық ұсыныстар ұсынылған.

**Кілт сөздер:** дислалия, бастауыш сынып оқушылары, цифрлық ойындар, логопедиялық жұмыс, интерактивті технологиялар, дыбыс айтылуын түзету, арнайы педагогика.

**Аннотация**: В статье рассматривается опыт использования цифровых игр в логопедической работе с младшими школьниками с дислалией. Исследование проводилось с участием 6 учащихся 1–2 классов общеобразовательной школы с различной степенью выраженности дислалии. В экспериментальной группе на занятиях применялись цифровые платформы «ЛогоДельфин», «Speech Blubs», «Казахша сөйле», а также интерактивные игры. В контрольной группе занятия проводились с использованием традиционных логопедических методов. Результаты исследования показали, что положительная динамика звукопроизношения у учащихся экспериментальной группы достигла 67%. В статье раскрывается эффективность цифровых игр в логопедическом процессе, методика их применения и практические рекомендации.

**Ключевые слова:** дислалия, младшие школьники, цифровые игры, логопедическая работа, интерактивные технологии, коррекция звукопроизношения, специальная педагогика

**Abstract**: This article examines the experience of using digital games in speech therapy work with primary school children with dyslalia. The study involved 6 students of grades 1–2 of a general education school with different levels of dyslalia. In the experimental group, digital platforms such as «Logodelfin», «Speech Blubs», and «Kazakhsha soyle», as well as interactive games, were used during the sessions. The control group received instruction using traditional speech therapy methods. The results showed that positive changes in sound pronunciation among students in the experimental group reached 67%. The article presents the effectiveness of digital games in the speech therapy process, the methodology of their application, and practical recommendations.

**Keywords:** dyslalia, primary school children, digital games, speech therapy work, interactive technologies, sound pronunciation correction, special pedagogy

Қазіргі таңда білім беру жүйесін цифрландыру және инклюзивті білім беруді дамыту үдерісі түзету педагогикасы саласына сапалық жаңа талаптар қойып отыр. Қазақстан Республикасының білім беру саясаты білім беру ортасын жаңғыртуды, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) кеңінен енгізуді және ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға тең қолжетімді орта қалыптастыруды көздейді. Бұл бағыт мемлекеттік стратегиялық құжаттарда, соның ішінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында [1] және 2023-2029 жылдарға арналған білім беруді дамыту тұжырымдамасында [7] айқын көрініс тапқан. Аталған құжаттар білім берудің барлық сатысында, соның ішінде арнайы және инклюзивті білім беруде инновациялық әдістерді қолданудың құқықтық негізін қалайды.

Цифрлық трансформация жағдайында логопедиялық көмектің мазмұны мен ұйымдастыру формалары да түбегейлі өзгеріске ұшырауда. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы сөйлеу бұзылыстарын түзетуде интерактивті және нәтижеге бағытталған құралдарды қолдануға кең жол ашады. Әсіресе бастауыш сынып жасындағы балалармен жүргізілетін түзету жұмыстарында цифрлық ресурстарды пайдалану педагогикалық тұрғыдан ең өзекті бағыттардың бірі болып табылады. М.И. Лынскаяның зерттеулері көрсеткендей, цифрлық платформалар логопедиялық қызметтің әлеуетін арттырып, түзету үдерісін сапалы жаңа деңгейге көтереді, сонымен қатар маман мен бала арасындағы кері байланысты нығайтады [2].

Балалардың сөйлеу тілінің бұзылыстарының ішінде дислалия — дыбыстарды дұрыс артикуляцияламаумен және фонематикалық қабылдаудың жеткіліксіз дамуымен сипатталатын ең көп таралған кемістіктердің бірі. Л.С. Волкова мен С.Н. Шаховскаяның еңбектерінде атап көрсетілгендей, бастауыш сынып оқушыларының 8–30%-ында сөйлеу бұзылыстары кездеседі [3]. Бұл көрсеткіш мектептегі оқу үлгеріміне, баланың әлеуметтік бейімделуіне және психологиялық жай-күйіне тікелей әсер етеді. Дислалияны түзетудің теориялық негіздері ретінде Л.С. Выготскийдің сөйлеу мен ойлаудың өзара байланысы туралы ілімдерін [4] және А.Е. Жумабаеваның инновациялық технологияларды қолдану бойынша әдістемелік ұсыныстарын [5] басшылыққа алуға болады.

Мәселенің өзектілігі — дәстүрлі логопедиялық жаттығулардың бірсарындылығы баланың қызығушылығын төмендетуі мүмкін. Ал ойын формасында ұйымдастырылған цифрлық жаттығулар баланың оқу мотивациясын арттырып, сөйлеу дағдыларын тиімді бекітуге мүмкіндік береді. В.И. Бельтюковтың пікірінше, интерактивті технологиялар артикуляциялық мүшелердің қызметін белсендіріп, дыбыстарды автоматтандыру кезеңін едәуір жеделдетеді [6]. Осыған байланысты, цифрлық стимулдарды пайдалану дислалиясы бар балалармен жүргізілетін логопедиялық жұмыстың нәтижелілігін арттырудың және заманауи білім беру талаптарына сай болудың негізгі шарты болып табылады. Қазіргі кезеңде логопедиялық түзету жұмыстары дәстүрлі әдістермен қатар

инновациялық технологияларды да қамтиды. Ойын формасында ұйымдастырылған цифрлық жаттығулар баланың оқу мотивациясын арттырып, қайталама әрекеттер арқылы сөйлеу дағдыларын тиімді бекітуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, цифрлық платформалар баланың жеке ерекшеліктерін ескеріп, тапсырмалардың күрделілік деңгейін бейімдеуге жағдай жасайды [2].

Шетелдік тәжірибеде логопедиялық цифрлық қосымшалар кеңінен қолданылуда. Мысалы, «Articulation Station» дыбыстарды қою және автоматтандыруға арналған интерактивті тапсырмаларды ұсынса, «Speech Blubs» қосымшасы визуалды модельдеу арқылы сөйлеуді ынталандырады. Бұл құралдарда қайталау, визуализация және жедел кері байланыс механизмдері тиімді үйлестірілген. Алайда Қазақстан жағдайында мұндай цифрлық ресурстардың ғылыми-әдістемелік бейімделуі жеткіліксіз деңгейде қалып отыр [5].

Дислалияны түзету кешенді және жүйелі тәсілді талап етеді. Дыбыс айту тек жекелеген фонемаларды дұрыс айтумен шектелмей, тыныс алу, дауыс, артикуляциялық қозғалыстар, сөйлеу ырғағы мен екпіннің үйлесімділігін қамтиды. Осыған байланысты түзету жұмысы артикуляциялық гимнастика, фонематикалық қабылдауды дамыту және дыбыстарды әртүрлі тілдік деңгейде автоматтандыру кезеңдерін қамтиды. Заманауи зерттеулер цифрлық стимулдардың сөйлеуге жауапты ми аймақтарына оң әсер ететінін көрсетеді, бұл түзету жұмысының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді [6].

Осылайша, дислалиясы бар бастауыш сынып оқушыларымен логопедиялық жұмыста цифрлық ойындарды қолдану ғылыми және практикалық тұрғыдан өзекті мәселе болып табылады. Цифрлық құралдар түзету үдерісін баланың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырып, сөйлеу белсенділігін табиғи әрі мотивациялық ортада дамытуға мүмкіндік береді. Бұл зерттеу логопедиялық тәжірибені жаңғыртуға және инклюзивті білім беру жағдайында түзету жұмысының тиімділігін арттыруға бағытталған.

Зерттеу жалпы білім беретін мектептің 1–2 сыныптарында оқитын 6 оқушының қатысуымен жүргізілді. Барлық қатысушыларда әртүрлі деңгейдегі функционалдық дислалия анықталды.

Оқушылар екі топқа бөлінді:

Тәжірибелік топ – сабақтарда цифрлық ойындар мен интерактивті платформалар («ЛогоДельфин», «Speech Blubs», «Қазақша сөйле») қолданылды.

Бақылау тобы – дәстүрлі логопедиялық әдістермен жұмыс жүргізілді.

*1-кесте Зерттеуге қатысушылардың бастапқы көрсеткіштері*

| № | Аты-жөні | Жасы | Жынысы | Дислалия түрі | Бастапқы деңгей - топ |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | А.Б. | 7 | Ер | Функционалдық (сигматизм) | Төмен - Т |
| 2 | С.Т. | 7 | Қыз | Функционалдық (ротацизм) | Ортадан төмен - Т |
| 3 | М.К. | 8 | Ер | Функционалдық (сигматизм) | Орта - Т |
| 4 | Ж.Р. | 7 | Қыз | Функционалдық (ламбдацизм) | Ортадан төмен - Б |
| 5 | Н.А. | 8 | Ер | Функционалдық (ротацизм) | Төмен - Б |
| 6 | К.Д. | 7 | Ер | Функционалдық (парасигматизм) | Орта - Т |

Т – тәжірибелік топ

Б – Бақылау тобы

Зерттеу кезеңдері: Тәжірибелік топтағы түзету үдерісінде цифрлық ойындар дыбысты қою, автоматтандыру және дифференциациялау кезеңдерінде қолданылды. Атап айтқанда, В.И. Бельтюковтың [6] интерактивті стимулдар туралы тұжырымдамасына сүйене отырып, келесі ойындар іріктелді:

*2-кесте*

*Логопедиялық жұмыста қолданылған цифрлық ойындардың мазмұны*

| Ойын атауы | Дыбыс | Мақсаты | Ойын барысы |
|---|---|---|---|
| Жұлдыздарды жағамыз | [з];[с] | Дыбысты сөзде автоматтандыру | Оқушы дыбысты дұрыс айтқанда, экрандағы жұлдыз жарық беріп, кері байланыс орнайды |
| Бұршақтар | [с];[ц] | Фонематикалық қабылдау мен дифференциация | Бала интерактивті бұршақтарды дыбыстық ерекшеліктеріне қарай себеттерге сұрыптайды |
| Түкті аралар | [ж];[ш] | Артикуляциялық қалыпты бекіту | Дыбысты ұзақ созып айту арқылы кейіпкердің нысанға жетуін қамтамасыз ету |
| Балалар жарысы | [р];[л] | Дыбысты сөйлемде автоматтандыру | Жарыс жолындағы кедергілерден өту үшін берілген сөйлемдерді қайталау |

Түзету жұмысынан кейін екі топтың нәтижелері салыстырылды. Тәжірибелік топта цифрлық ойындарды қолдану балалардың танымдық белсенділігін арттырып, шаршау деңгейін төмендетті. Бұл М.И. Лынскаяның [2] цифрлық технологиялардың мотивациялық рөлі туралы пікірін растайды.

*3-кесте Екі топтың нәтижелері*

| **Көрсеткіштер** | **Тәжірибелік топ ( 3 бала)** | **Бақылау тобы өсімі ( 3 бала)** |
|---|---|---|
| Дыбысты анық айту | 72% | 45% |
| Сөйлеу мотивациясы | 68% | 18% |
| Фонематикалық есту | 70% | 55% |
| Дыбысты сөйлемде автоматтандыру | 69% | 43% |

Жүргізілген тәжірибелік жұмыс нәтижесінде дислалиясы бар бастауыш сынып оқушыларымен логопедиялық жұмыста цифрлық ойындарды қолданудың тиімділігі ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан дәлелденді. Цифрлық платформалар тек дыбыс айтуды түзетіп қана қоймай, баланың өздігінен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға және оқу үдерісіне деген қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында анықталғандай, цифрлық ресурстарды Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында [1] көрсетілген заманауи талаптарға сай қолдану — инклюзивті білім беру сапасын арттырудың кепілі. Болашақта қазақ тілді логопедиялық цифрлық контентті дамыту және оны мектеп бағдарламасына жүйелі енгізу мәселелерін тереңірек зерттеу қажет. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, тәжірибелік топтағы көрсеткіштер 67%-ға дейін жақсарды, бұл бақылау тобымен салыстырғанда 27–35%-ға жоғары. Бұл цифрлық ойындардың дислалияны түзетудегі жоғары тиімділігін көрсетеді.

## Әдебиет тізімі:


1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана: Ақорда, 2007. – 27 шілде, № 319-III.
2. Лынская М.И. Цифровые технологии в логопедической практике // Логопед. – 2021. – № 4. – С. 12–18.
3. Волкова Л.С., Шаховская С.Н. Логопедия: Учебник для студентов дефектологических факультетов педагогических вузов. – М.: Владос, 2019. – 680 б.
4. Выготский Л.С. Мышление и речь. – М.: Лабиринт, 1999. – 352 с.
5. Жумабаева А.Е. Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу бұзылыстарын түзетуде инновациялық технологияларды қолдану // Арнайы педагогика журналы. – 2023. – № 2. – Б. 45–51.
6. Бельтюков В.И. Интерактивные технологии в коррекции речи. – М.: Владос, 2020. – 184 б
7. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. 2023-2029 жылдарға арналған білім беруді дамыту тұжырымдамасы. – Астана, 2023.

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛДІК КОД АУЫСТЫРУЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ДАМУЫНА ӘСЕРІ

***Рахимжанова К.Н.***
*Павлодар қаласы Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті*
***Теміргалиева М. С.***
*ғылыми жетекшісі: педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы, Павлодар қаласы*

**Аннотация**

*Мақалада мектепке дейінгі балалардың тілдік код ауыстыру құбылысының сөйлеу дамуына әсері қарастырылады. Қазіргі көптілді орта жағдайында бала бір тілден екінші тілге ауысу арқылы өз ойын жеткізуге, қарым-қатынас жасауға және тілдік бірліктерді меңгеруге бейімделеді. Зерттеуде тілдік код ауыстырудың мектепке дейінгі жастағы балалардың сөздік қорының қалыптасуына, байланыстырып сөйлеу дағдысына, дыбыстық мәдениетіне және коммуникативтік белсенділігіне ықпалы талданады. Код ауыстырудың жағымды және жағымсыз жақтары салыстырылып, оның сөйлеу дамуына әсер ету ерекшеліктері ғылыми-педагогикалық тұрғыдан сипатталады. Мақала нәтижелері мектепке дейінгі ұйымдардағы тілдік орта мен тәрбие процесін ұйымдастыруда, сондай-ақ балалардың сөйлеуін дамытуға бағытталған әдістемелерді жетілдіруде маңызды екені көрсетіледі.*

*В статье рассматривается влияние феномена языкового кодирования дошкольников на речевое развитие. В условиях современной многоязычной среды ребенок адаптируется к передаче своих мыслей, общению и усвоению языковых единиц путем перехода с одного языка на другой. В исследовании анализируется влияние смены языкового кода на формирование словарного запаса детей дошкольного возраста, навыков связной речи, звуковой культуры и коммуникативной активности. Сравниваются положительные и отрицательные стороны замещения кода и научно-педагогически описываются особенности его влияния на развитие речи. Результаты статьи показывают важность в организации языковой среды и воспитательного процесса в дошкольных организациях, а также в совершенствовании методик, направленных на развитие речи детей.*

*The article discusses the influence of the phenomenon of language code substitution in preschool children on the development of speech. In the conditions of the modern multilingual environment, the child adapts to express himself, communicate and master language units by switching from one language to another. The study analyzes the influence of language code substitution on the formation of vocabulary, communication skills, sound culture and communicative activity of children of preschool age. The positive and negative aspects of code substitution are compared, and the features of its impact on speech development are described from a scientific and pedagogical point of view. The results of the article show that they are important in the organization of the language environment and the educational process in preschool organizations, as well as in improving methods aimed at developing children's speech.*

***Түйін сөздер:*** *тілдік код ауыстыру, сөйлеу дамуы, мектепке дейінгі балалар, көптілді орта, сөздік қор, коммуникативтік дағды, тілдік орта.*

***Ключевые слова:*** *языковой код, речевое развитие, дошкольники, полиязычная среда, словарный запас, коммуникативные навыки, языковая среда.*

***Keywords****: language code replacement, speech development, preschool children, multilingual environment, vocabulary, communication skills, language environment.*

Қазіргі қоғамдағы көптілділік үдерісі мектепке дейінгі жастағы балалардың тілдік дамуына тікелей әсер ететін маңызды факторлардың біріне айналып отыр. Әсіресе отбасында, балабақшада және әлеуметтік ортада бірнеше тілдің қатар қолданылуы бала сөйлеуінің қалыптасу ерекшеліктерін жаңа қырынан қарастыруды талап етеді. Осындай жағдайда балалардың тілдік код ауыстыруы, яғни бір тілден екінші тілге табиғи түрде өтуі, олардың сөйлеу дағдысының дамуымен тығыз байланысты құбылыс ретінде көрінеді. Бұл құбылыс бір жағынан баланың коммуникативтік мүмкіндігін кеңейтіп, сөздік қорын толықтыруға ықпал етсе, екінші жағынан сөйлеудің жүйелілігіне, грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдануына және тілдік нормаларды меңгеруіне өзіндік әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан мектепке дейінгі балалардың тілдік код ауыстыруының сөйлеу дамуына әсерін ғылыми тұрғыдан талдау қазіргі педагогика мен психолингвистика саласы үшін өзекті мәселелердің бірі болып табылады [1].

Мектепке дейінгі жастағы балалардың тілдік код ауыстыруы – қазіргі көптілді қоғам жағдайында жиі байқалатын табиғи тілдік құбылыс. Бұл құбылыс баланың сөйлесу барысында бір тілден екінші тілге ауысуы арқылы көрінеді. Әсіресе қазақ, орыс және ағылшын тілдері қатар қолданылатын ортада өсіп келе жатқан балалардың сөйлеуінде мұндай ауысулар жиі кездеседі. Код ауыстыру көбіне баланың белгілі бір ұғымды бір тілде тезірек жеткізе алуымен, сөздің екінші тілдегі нұсқасын жақсырақ білуімен немесе қоршаған ортаның тілдік ықпалымен түсіндіріледі. Мектепке дейінгі кезеңде бала тілді қарқынды меңгеретіндіктен, код ауыстыру оның сөйлеу әрекетінің қалыптасу ерекшелігін көрсететін маңызды белгі болып саналады. Сондықтан бұл құбылысты тек қате сөйлеу ретінде емес, баланың тілдік тәжірибесінің бір көрінісі ретінде қарастыру қажет.

Тілдік код ауыстырудың сөйлеу дамуына әсерін түсіну үшін ең алдымен мектепке дейінгі жастағы баланың сөйлеуінің қандай бағыттарда дамитынын ескеру керек. Бұл кезеңде баланың сөздік қоры көбейеді, фонетикалық дағдылары қалыптасады, сөздерді байланыстырып айту қабілеті жетіледі, сөйлем құрау және өз ойын жүйелі жеткізу мүмкіндігі артады. Егер бала бірнеше тілді қатар естіп, күнделікті қолданып жүрсе, онда оның санасында әр тілдің сөздері мен құрылымдары қатар сақталады. Мұндай жағдайда ол өзіне ыңғайлы тілдік бірлікті таңдап қолданады. Демек, код ауыстыру баланың сөйлеу тәжірибесінде табиғи түрде пайда болатын тілдік механизм болып табылады. Бұл механизмнің сөйлеу дамуына ықпалы баланың жасына, тілдік ортасына, ата-анасының сөйлеу үлгісіне және тәрбие беру жүйесіне байланысты әртүрлі сипатта көрінеді [2].

Код ауыстырудың жағымды әсерлерінің бірі – баланың коммуникативтік икемділігін арттыруы. Бала белгілі бір сөзді немесе ұғымды бір тілде айта алмаса, екінші тілдің көмегіне жүгінеді. Бұл оның қарым-қатынасты тоқтатпай, ойын жалғастыруына мүмкіндік береді. Яғни

код ауыстыру бала үшін сөйлесуді жеңілдететін құрал қызметін атқарады. Мұндай жағдайда бала өз ойын толық жеткізуге тырысады, тілдік кедергіден қорықпайды және сөйлеуге деген белсенділігі төмендемейді. Бірнеше тілдік қорды пайдалану баланың есте сақтау қабілетін, салыстыру дағдысын және тілдік таңдау мүмкіндігін жетілдіреді. Бұл оның жалпы сөйлеу мәдениетінің дамуына жанама түрде оң ықпал етуі мүмкін.

Ғалымдардың пікірінше, мектепке дейінгі жастағы балалардағы тілдік код ауыстыруды сөйлеу дамуының бұзылысы немесе тілдік кемшілік ретінде қарастыру дұрыс емес. Кристина Байерс-Хайнлайн мен Кейси Лью-Уильямс ерте жастағы қостілді балалардың код араластыруы көбіне олардың еститін тілдік ортасына және қолда бар сөздік қорына байланысты болатынын көрсетеді: бала айналасындағы ересектер бірнеше тілді қатар қолданса, ол да осы үлгіні табиғи қабылдайды; сонымен бірге белгілі бір сөз бір тілде оңайырақ еске түссе, сол тілді таңдауы қалыпты құбылыс болып саналады. Бұл тұжырым код ауыстырудың баланың коммуникативтік ниетін тоқтатпай, керісінше өз ойын жеткізуге көмектесетінін дәлелдейді. Зерттеушілердің пайымдауынша, мұндай тілдік ауысу баланың екі тілдік жүйені қатар меңгеріп жатқанын, яғни тілдік таңдауды жағдайға қарай икемдей алатынын білдіреді. Сондықтан мектепке дейінгі кезеңде код ауыстыруды сөйлеу дамуының табиғи стратегиясы және көптілді ортаға бейімделудің көрінісі ретінде бағалау қажет [3].

Басқа зерттеулер де осы пікірді толықтыра түседі. Вирхиния Гутьеррес-Клеллен және әріптестері код ауыстырудың тіпті тілдік дамуында қиындығы бар балалардың өзінде де белгілі бір грамматикалық заңдылықпен жүзеге асатынын, яғни оның ретсіз емес, жүйелі құбылыс екенін анықтаған. Ал Монреаль бағытындағы зерттеулерде ерте қостілділік тәжірибесі балалардың зейінін шоғырландыру, таңдау жасау және когнитивтік икемділік дағдыларымен байланысты екені көрсетілген. Бұл код ауыстыру тек сөз алмастыру әрекеті емес, сонымен бірге баланың ойлау, салыстыру, тілдік бақылау қабілеттерімен астасып жатқан күрделі психолингвистикалық үдеріс екенін аңғартады. Демек, ғалымдар ортақ түрде код ауыстырудың сөйлеу дамуына әсері екіжақты болғанымен, дұрыс ұйымдастырылған тілдік ортада ол көбіне баланың тілдік қорын, қарым-қатынас белсенділігін және көптілділікке бейімделуін қолдайтын фактор бола алатынын мойындайды.

Баланың сөздік қорының дамуына да код ауыстырудың әсері айрықша. Көптілді ортада бала бір заттың немесе құбылыстың атауын әртүрлі тілде қабылдайды. Мысалы, ол бір ұғымды үйде қазақ тілінде, балабақшада орыс тілінде, ал кейбір ойын элементтерін ағылшын тілінде естуі мүмкін. Осындай жағдайда баланың сөздік қоры кеңейеді, бірақ бұл қор кейде тілдер бойынша аралас қалыптасады. Яғни бала белгілі бір тақырыпқа қатысты сөздерді бір тілде көбірек меңгерсе, басқа тақырыптағы сөздерді өзге тілде жақсырақ білуі ықтимал. Бұл құбылыс сөйлеудің мазмұндық байлығын арттырғанымен, кей жағдайда бір тілдегі сөздік қордың толық жүйеленуіне кедергі келтіруі мүмкін. Сондықтан ересектер

балаға әр тілдегі сөздерді мағыналық жағынан жүйелі түсіндіріп, олардың қолданыс аясын нақтылап отырғаны дұрыс [4].

Тілдік код ауыстырудың сөйлем құрау мен грамматикалық құрылымдарды меңгеруге де өзіндік ықпалы бар. Кейбір балалар сөйлемнің басын бір тілде бастап, аяқ жағын екінші тілде жалғастыруы мүмкін. Бұл әсіресе грамматикалық формаларды әлі толық игермеген кезеңде жиі байқалады. Мұндай жағдайда бала ойын жеткізгенімен, сөйлеудің құрылымдық тұтастығы әлсіреуі мүмкін. Кейде септік жалғауларын, жіктік жалғауларын немесе сөздердің орын тәртібін бір тілдің үлгісімен екінші тілге ауыстырып қолдану кездеседі. Бұл сөйлеудің грамматикалық дұрыстығына әсер етеді. Дегенмен мұны бірден тіл кемшілігі деп бағалауға болмайды, себебі бала бірнеше тілдік жүйені қатар игеру барысында олардың арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды әлі де меңгеру үстінде болады. Егер педагог пен ата-ана дұрыс тілдік үлгі көрсетсе, бала біртіндеп тілдерді қызметі жағынан ажыратып, әр тілдің грамматикалық нормасын орнықтыра бастайды.

Фонетикалық даму тұрғысынан қарағанда да код ауыстыру маңызды мәселе болып табылады. Әр тілдің өзіне тән дыбыстық жүйесі, интонациясы, екпін қою ерекшелігі бар. Бала бірнеше тілдің дыбыстарын қатар қабылдаған кезде олардың айтылу нормаларын араластырып қолдануы мүмкін. Мысалы, бір тілдегі дыбысты екінші тілдің артикуляциялық үлгісімен айтуы немесе сөздің екпінін өзге тіл нормасына сәйкестендіруі ықтимал. Мұндай құбылыс сөйлеудің анықтылығына белгілі бір деңгейде әсер етеді. Алайда егер бала жүйелі түрде дұрыс сөйлеу үлгілерін естіп, арнайы тіл дамыту жаттығуларына қатысса, бұл ерекшеліктер біртіндеп түзетіледі. Демек код ауыстыру фонетикалық дамуға уақытша араласу әсерін бергенімен, дұрыс ұйымдастырылған тілдік ортада ол тұрақты кедергіге айналмайды.

Мектепке дейінгі балалардың тілдік код ауыстыруына әлеуметтік орта мен ересектердің сөйлеу мәдениеті тікелей ықпал етеді. Егер ата-ана, тәрбиеші және бала айналасындағы адамдар өз сөйлеуінде тілдерді жиі араластырса, бала да осы үлгіні табиғи норма ретінде қабылдайды. Керісінше, егер әр ортада тілдің қолданылу аясы біршама тұрақты болса, бала да қай тілде және қандай жағдайда сөйлеу керектігін тезірек меңгереді. Мысалы, үйде бір тіл, балабақшада екінші тіл жүйелі қолданылған жағдайда бала тілдік жағдаятты ажыратуға үйренеді. Бұл оның сөйлеу тәртібін, тілдік бақылауын және қарым-қатынас жағдайына сай сөйлеуін қалыптастырады. Сондықтан код ауыстырудың сөйлеу дамуына әсері тек баланың жеке қабілетіне емес, оны қоршаған тілдік ортаның ұйымдастырылуына да байланысты болады [5].

Мектепке дейінгі балалардың тілдік код ауыстыруы сөйлеу дамуына екіжақты әсер етеді. Бір жағынан, ол баланың қарым-қатынас жасау мүмкіндігін кеңейтеді, сөздік қорын толықтырады, бірнеше тілдік ортаға бейімделуін жеңілдетеді және коммуникативтік белсенділігін сақтайды. Екінші жағынан, егер бұл үдеріс реттелмеген жағдайда жүрсе, сөйлеудің

жүйелілігіне, грамматикалық дұрыстығына, тілдік нормаларды ажыратуына және бір тілде тұрақты сөйлеу дағдысының қалыптасуына қиындық туғызуы мүмкін. Сондықтан бұл құбылысты толықтай теріс немесе толықтай оң деп бағалау дұрыс емес. Ең маңыздысы – баланың жас ерекшелігін ескере отырып, әр тілдің қолданылу аясын нақтылап, бай әрі дұрыс тілдік орта қалыптастыру. Сонда тілдік код ауыстыру баланың сөйлеу дамуына кедергі емес, керісінше, оның көптілді ортада еркін бейімделуінің бір тетігіне айналады.

Мектепке дейінгі балалардың тілдік код ауыстыруы қазіргі көптілді орта жағдайында жиі кездесетін және сөйлеу дамуына тікелей ықпал ететін күрделі тілдік құбылыс болып табылады. Ол бір жағынан баланың сөздік қорын кеңейтіп, коммуникативтік белсенділігін арттырып, өз ойын еркін жеткізуіне жағдай жасайды, екінші жағынан тілдік нормаларды жүйелі меңгеру үдерісіне белгілі бір қиындықтар туындатуы мүмкін. Сондықтан тілдік код ауыстыруды тек теріс құбылыс ретінде бағаламай, оны баланың табиғи тілдік дамуының бір көрінісі ретінде қарастыру қажет. Ең бастысы, баланың жас ерекшелігіне сай дұрыс ұйымдастырылған тілдік орта қалыптастырып, әр тілдің қолданылу аясын нақтылап, тәрбиеші мен ата-ананың сөйлеу үлгісін жүйелі бағыттау арқылы оның сөйлеу мәдениетін сапалы дамытуға болады.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Серікбаева А. Қазақстанды цифрландырудағы мемлекеттік тілдің әлеуметтік-лингвистикалық ерекшеліктері // Tiltanym. – 2023. – № 3 (91). – Б. 184–191.
2. Чиршева Г. Н., Коровушкин П. В. Переключения кодов в речи пятилетних детей-билингвов // Вестник Томского государственного университета. Филология. – 2021. – № 71. – С. 169–184.
3. Byers-Heinlein K., Lew-Williams C. Bilingualism in the Early Years: What the Science Says // LEARNing Landscapes. – 2013. – Vol. 7, No. 1. – P. 95–112.
4. Smolak E., de Anda S., Enriquez B., Poulin-Dubois D., Friend M. Code-switching in young bilingual toddlers: A longitudinal, cross-language investigation // Bilingualism: Language and Cognition. – 2020. – Vol. 23, No. 3. – P. 500–518.
5. Schächinger Tenés L. T., Haldimann M., Lindholm A., Grob A. Language proficiency predictors of code-switching behavior in dual-language-learning children // Bilingualism: Language and Cognition. – 2023. – Vol. 26, No. 5. – P. 935–947.

# ОТБАСЫ МЕН МЕКТЕПТІҢ СЕРІКТЕСТІГІ ҚАУІП-ҚАТЕР ТОБЫНДАҒЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК СҮЙЕМЕЛДЕУДІҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

***Естаева Г.С.***
*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің магистранті, Павлодар қ.*
***Сарсенбаева Б.Г.***
*ғылыми жетекші: педагогикалық ғылымларының кандидаты, профессор, Павлодар қ.*

**Аңдатпа**

*Мақалада қауіп-қатер тобындағы жасөспірімдерді әлеуметтік сүйемелдеуде отбасы мен мектеп серіктестігінің рөлі қарастырылады. Зерттеу барысында отбасылық тәуекел факторлары, ата-аналармен жұмыс ерекшеліктері және «мектеп–отбасы» өзара әрекеттесу модельдері талданды. Авторлар әлеуметтік-психологиялық мәселелердің алдын алу мен түзетуде кешенді, пәнаралық тәсілдің маңыздылығын негіздейді. Сонымен қатар тиімді серіктестік құрудың практикалық жолдары ұсынылады.*

*В статье рассматривается роль партнерства семьи и школы в социальном сопровождении подростков группы риска. В ходе исследования анализируются семейные факторы риска, особенности работы с родителями и модели взаимодействия «школа–семья». Авторы обосновывают значимость комплексного междисциплинарного подхода в профилактике и коррекции социально-психологических проблем. Предлагаются практические пути выстраивания эффективного сотрудничества.*

*This article examines the role of family–school partnership in the social support of at-risk adolescents. The study analyzes family risk factors, specifics of working with parents, and models of interaction between school and family. The authors substantiate the importance of a comprehensive interdisciplinary approach in preventing and correcting socio-psychological problems and propose practical strategies for effective collaboration.*

***Түйін сөздер****: қауіп-қатер тобы, жасөспірімдер, әлеуметтік сүйемелдеу, отбасы, мектеп, серіктестік, ата-аналармен жұмыс*

***Ключевые слова****: подростки группы риска, социальное сопровождение, семья, школа, партнерство, работа с родителями*

***Keywords****: at-risk adolescents, social support, family, school, partnership, parent involvement*

Қазіргі қоғам жағдайында жасөспірімдер арасындағы әлеуметтік және мінез-құлықтық мәселелердің артуы білім беру жүйесінің алдында жаңа міндеттер қояды. Қауіп-қатер тобындағы жасөспірімдер көбінесе отбасылық қиындықтар, әлеуметтік бақылаудың әлсіреуі және эмоционалдық қолдаудың жетіспеушілігі жағдайында қалыптасады. Осыған байланысты оларды тиімді әлеуметтік сүйемелдеу тек мектеп деңгейінде ғана емес, отбасы мен мектептің тығыз серіктестігі негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

Зерттеудің мақсаты – отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуінің қауіп-қатер тобындағы жасөспірімдерді қолдаудағы рөлін теориялық және практикалық тұрғыда негіздеу.

Қазіргі ғылыми-педагогикалық зерттеулерде қауіп-қатер тобындағы жасөспірімдер әлеуметтік бейімделу деңгейі төмен, мінез-құлқында девиация белгілері байқалатын тұлғалар ретінде қарастырылады. Мұндай жасөспірімдердің қалыптасуы күрделі әлеуметтік-психологиялық факторлардың ықпалымен жүзеге асады, олардың ішінде отбасы жетекші әлеуметтендіруші институт ретінде ерекше орын алады. Қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде С. С. Құнанбаева [1], Г. К. Сейітқазина [2] жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқы көбінесе отбасындағы тәрбиелік жағдайлармен, ата-аналардың балаға деген қарым-қатынасымен және әлеуметтік бақылау деңгейімен тығыз байланысты екендігі дәлелденген. Отбасындағы эмоционалдық климаттың қолайсыздығы баланың тұлғалық дамуына кері әсер етіп, оның әлеуметтік нормаларды меңгеру процесін қиындатады.

Ғылыми әдебиеттерді талдау барысында отбасылық тәуекел факторларының бірнеше негізгі түрлері айқындалды. Біріншіден, ата-аналардың эмоционалдық суықтығы мен балаға деген назардың жеткіліксіздігі жасөспірімнің психологиялық оқшаулануына әкеледі. Мұндай жағдайда, А. Т. Жүнісбекова бала өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сыртқы ортадан қолдау іздеп, көбінесе жағымсыз әлеуметтік топтардың ықпалына түседі [3].

Екіншіден, ата-аналық бақылаудың әлсіздігі немесе жүйесіздігі жасөспірімдердің мінез-құлқында ауытқулардың пайда болуына ықпал етеді. Зерттеулер көрсеткендей, бақылаудың жеткіліксіздігі жасөспірімдердің жауапкершілік деңгейін төмендетіп, құқықбұзушылық әрекеттерге бейімділігін арттырады, деп А.Б. Нұрғалиева жазады [4].

Үшіншіден, отбасындағы тұрақты қақтығыстар мен шиеленісті қарым-қатынастар жасөспірімнің эмоционалдық тұрақсыздығын күшейтеді. Мұндай жағдайларда агрессия, мазасыздық және девиантты мінез-құлық формаларының қалыптасуы жиі байқалады. Отбасындағы психологиялық қысым тұлғаның үйлесімді дамуына кедергі келтіріп, әлеуметтік бейімделу процесін қиындатады (Л. С. Ахметова) [5].

Төртіншіден, әлеуметтік-экономикалық қиындықтар да маңызды тәуекел факторы болып табылады. Материалдық тапшылық, ата-аналардың жұмысбастылығы немесе еңбек миграциясы балаларға жеткілікті көңіл бөлінбеуіне әкеледі. Р. Т. Қасымова пікірі бойынша, бұл өз кезегінде жасөспірімнің бақылаусыз қалуына және әлеуметтік ортаның жағымсыз әсеріне ұшырауына себеп болады [6].

Бесіншіден, тәрбиенің деструктивті стильдері (авторитарлық, немқұрайлылық, гиперқамқорлық) жасөспірімнің өзін-өзі реттеу қабілетінің қалыптасуына кері әсер етеді. Н.Ж. Сәрсенбаева пікірі бойынша, мұндай тәрбиелік тәсілдер баланың дербестігін шектеп немесе керісінше бақылаусыздыққа әкеліп, әлеуметтік нормаларды игеру процесін бұзады [7].

Осылайша, отбасылық тәуекел факторлары жасөспірімнің тұлғалық дамуына кешенді ықпал етеді. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, бұл факторлардың жиынтығы жасөспірімнің әлеуметтік оқшаулануына, мінез-

құлықтағы ауытқулардың күшеюіне және қоғамға бейімделуінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Сондықтан қауіп-қатер тобындағы жасөспірімдермен жүргізілетін әлеуметтік-педагогикалық жұмыс ең алдымен отбасы жүйесін зерттеуге және оны қолдауға бағытталуы тиіс. Бұл бағытта отбасы мен мектептің өзара тиімді серіктестігі ерекше маңызға ие.

Қауіп-қатер тобындағы жасөспірімдермен тиімді жұмыс жүргізу ата-аналармен жүйелі және мақсатты өзара әрекеттесуді талап етеді. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, жасөспірімнің мінез-құлқы мен әлеуметтік бейімделу деңгейі көбінесе отбасыдағы тәрбиелік ықпалға тәуелді. Осыған байланысты ата-аналармен жұмыс әлеуметтік сүйемелдеудің негізгі бағыттарының бірі ретінде қарастырылады.

Алайда мектеп тәжірибесінде ата-аналармен өзара әрекеттесу көбінесе формалды сипатта жүзеге асады. Дәстүрлі ата-аналар жиналыстары мен ескертулер нақты педагогикалық нәтижеге жеткізбейді, себебі олар ата-аналарды белсенді серіктес ретінде тартуға мүмкіндік бермейді. Бұл жағдай әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың тиімділігін төмендетеді.

Тиімді жұмыс бағыттарына психологиялық кеңес беру, ата-аналарға арналған тренингтер, жеке сүйемелдеу және отбасылық жағдайды тұрақтандыруға бағытталған кешенді шаралар жатады. Психологиялық кеңес беру ата-аналарға баланың мінез-құлқын түсінуге көмектессе, тренингтер олардың тәрбиелік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, жеке сүйемелдеу әр отбасының ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді.

Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру жасөспірімнің тұлғалық дамуын оңтайландырудың маңызды шарты болып табылады. Сондықтан мектеп пен отбасы арасындағы серіктестік қатынастарды дамыту әлеуметтік сүйемелдеудің тиімділігін арттырудың негізгі факторы ретінде қарастырылады.

Мектеп пен отбасы арасындағы өзара әрекеттесу білім беру үдерісінің тиімділігін арттыруда және қауіп-қатер тобындағы жасөспірімдерді әлеуметтік сүйемелдеуде маңызды рөл атқарады. Ғылыми әдебиеттерде бұл өзара әрекеттесудің бірнеше негізгі модельдері қарастырылады, олардың әрқайсысы ата-аналардың білім беру үдерісіне қатысу деңгейімен және өзара байланыс сипатына қарай ерекшеленеді.

Бірінші модель – ақпараттық модель. Бұл жағдайда мектеп ата-аналармен біржақты байланыс орнатады, яғни оларды тек оқу үлгерімі, тәртіп мәселелері немесе мектептегі іс-шаралар туралы хабардар етеді. Мұндай өзара әрекеттесу көбінесе ата-аналар жиналыстары, хабарламалар мен есеп беру сипатында жүзеге асады. Алайда бұл модельде ата-аналардың белсенді қатысуы шектеулі болғандықтан, оның тиімділігі төмен болып табылады.

Екінші модель – серіктестік моделі. Бұл модельде мектеп пен отбасы тең құқықты серіктестер ретінде қарастырылады. Ата-аналар білім беру және тәрбиелеу үдерісіне белсенді түрде қатысады, мұғалімдермен тұрақты

байланыс орнатады және бірлескен шешім қабылдауға қатысады. Мұндай тәсіл өзара сенімді нығайтып, жасөспірімнің дамуына қолайлы орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Үшінші модель – қолдау көрсету моделі. Бұл модель ата-аналарға психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік көмек көрсетуге бағытталған. Әсіресе қауіп-қатер тобындағы жасөспірімдермен жұмыс барысында бұл модельдің маңызы жоғары, себебі ол отбасының ішкі ресурстарын нығайтуға және қиын жағдайларды еңсеруге көмектеседі.

Осылайша, «мектеп–отбасы» өзара әрекеттесу модельдерін талдау серіктестік пен қолдау көрсету модельдерінің анағұрлым тиімді екенін көрсетеді. Бұл модельдер кешенді әлеуметтік сүйемелдеуді қамтамасыз етіп, жасөспірімдердің әлеуметтік бейімделуін жақсартуға ықпал етеді.

Қауіп-қатер тобындағы жасөспірімдерді тиімді әлеуметтік сүйемелдеуді ұйымдастыру мектеп пен отбасы арасындағы өзара әрекеттесуді жүйелі түрде жетілдіруді талап етеді. Осы бағытта бірқатар практикалық ұсыныстарды ұсынуға болады.

Біріншіден, ата-аналармен жұмысты формалды деңгейден серіктестік деңгейіне көшіру қажет. Ол үшін мектептерде ата-аналар клубтарын ұйымдастыру тиімді болып табылады. Мұндай клубтар ата-аналардың тәжірибе алмасуына, өзекті мәселелерді талқылауына және педагогтар мен психологтардан кәсіби қолдау алуына мүмкіндік береді.

Екіншіден, ата-аналарға арналған психологиялық-педагогикалық тренингтер жүйесін енгізу маңызды. Бұл тренингтерде тиімді қарым-қатынас орнату, жасөспірімдердің жас ерекшеліктерін түсіну, конфликтілерді шешу дағдылары қарастырылуы тиіс. Нәтижесінде ата-аналардың тәрбиелік құзыреттілігі артып, балалармен өзара әрекеттесу сапасы жақсарады.

Үшіншіден, жеке сүйемелдеу бағдарламаларын әзірлеу қажет. Әрбір қауіп-қатер тобындағы жасөспірім үшін отбасының әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, жеке жұмыс жоспары құрылуы тиіс. Бұл жұмысқа мектеп психологы, әлеуметтік педагог және сынып жетекшісі тартылып, пәнаралық команда негізінде жүзеге асырылуы керек.

Төртіншіден, мектеп пен отбасы арасындағы тұрақты кері байланысты қамтамасыз ету маңызды. Заманауи цифрлық құралдарды (мессенджерлер, электрондық күнделік, онлайн-консультациялар) пайдалану ата-аналармен жедел байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде проблемалық жағдайларды ерте кезеңде анықтап, алдын алу шараларын уақытылы жүзеге асыруға ықпал етеді.

Бесіншіден, отбасылық жағдайды тұрақтандыруға бағытталған әлеуметтік қолдау шараларын ұйымдастыру қажет. Қажет болған жағдайда мектеп әлеуметтік қызметтермен, психологтармен және басқа да ұйымдармен бірлесіп жұмыс жүргізуі тиіс. Бұл әсіресе әлеуметтік-экономикалық қиындықтары бар отбасылар үшін маңызды.

Алтыншыдан, педагогтардың ата-аналармен жұмыс жүргізу құзыреттілігін арттыру қажет. Мұғалімдер тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар кеңесші және фасилитатор рөлін атқаруы тиіс. Осыған байланысты біліктілікті арттыру курстары мен әдістемелік семинарларды жүйелі түрде өткізу ұсынылады.

Қорытындылай келе, ұсынылған шараларды кешенді түрде жүзеге асыру мектеп пен отбасы арасындағы тиімді серіктестікті қалыптастырып, қауіп-қатер тобындағы жасөспірімдердің әлеуметтік бейімделуін жақсартуға мүмкіндік береді.

Қауіп-қатер тобындағы жасөспірімдерді әлеуметтік сүйемелдеу мәселесі қазіргі білім беру жүйесінің өзекті бағыттарының бірі болып табылады. Жүргізілген теориялық талдау көрсеткендей, жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқы мен әлеуметтік бейімделуіндегі қиындықтар көбінесе отбасылық факторлармен тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, отбасы мен мектептің өзара тиімді серіктестігі әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың нәтижелілігін айқындайтын негізгі шарттардың бірі болып табылады.

Зерттеу барысында отбасылық тәуекел факторларының жасөспірім тұлғасының қалыптасуына айтарлықтай әсер ететіні анықталды. Атап айтқанда, эмоционалдық суықтық, бақылаудың жеткіліксіздігі, отбасындағы қақтығыстар және тәрбиенің деструктивті стильдері жасөспірімнің әлеуметтік оқшауланuына және мінез-құлықтағы ауытқулардың күшеюіне әкелуі мүмкін. Сондықтан бұл мәселелерді шешу тек мектеп шеңберінде емес, отбасы институтын қамтитын кешенді тәсілді талап етеді.

Сонымен қатар, ата-аналармен жұмыстың дәстүрлі формаларының тиімділігі шектеулі екендігі байқалды. Формалды сипаттағы өзара әрекеттесу ата-аналардың белсенді қатысуын қамтамасыз ете алмайды. Осыған байланысты ата-аналарды әлеуметтік сүйемелдеудің толыққанды субъектісі ретінде қарастыру және олармен серіктестік қатынастарды дамыту қажеттілігі туындайды.

Мектеп пен отбасы арасындағы өзара әрекеттесу модельдерін талдау серіктестік және қолдау көрсету модельдерінің анағұрлым тиімді екенін көрсетті. Бұл модельдер ата-аналардың тәрбиелік әлеуетін арттыруға, отбасындағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыруға және жасөспірімдердің әлеуметтік бейімделуін жақсартуға мүмкіндік береді.

Ұсынылған практикалық шаралар ата-аналармен жұмысты жүйелеуге, педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға және пәнаралық команданың тиімді қызметін ұйымдастыруға бағытталған.

Қорытындылай келе, қауіп-қатер тобындағы жасөспірімдерді әлеуметтік сүйемелдеудің тиімділігі мектеп пен отбасының үйлесімді, мақсатты және жүйелі өзара әрекеттесуіне тікелей тәуелді. Бұл бағыттағы жұмысты жетілдіру білім беру жүйесінің басым міндеттерінің бірі болып табылады.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құнанбаева С.С. Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқының психологиялық ерекшеліктері. – Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2020. – 215 б.
2. Сейітқазина Г.К. Жасөспірімдердің әлеуметтік бейімделу мәселелері. – Нұр-Сұлтан, 2021. – 90 б.
3. Жүнісбекова А.Т. Отбасылық тәрбиенің бала дамуына әсері. – Алматы, 2019. – 120 б.
4. Нұрғалиева А.Б. Девиантты мінез-құлықтың алдын алу жолдары. – Қарағанды, 2022. – 135 б.
5. Ахметова Л.С. Отбасындағы психологиялық ахуал және бала дамуы. – Алматы, 2020. – 90 б.
6. Қасымова Р.Т. Әлеуметтік факторлардың жасөспірім тұлғасына әсері. – Шымкент: Шалқар, 2021. – 85 б.
7. Сәрсенбаева Н.Ж. Тәрбие стильдері және олардың бала дамуына ықпалы. – Алматы, 2019. – 110 б.


# ОҚУШЫЛАРДЫҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫН ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ДАМЫТУДЫҢ МӘНІ


***Сейтказина Д.Б.***

*Ә.Марғұлан атындағы Павлодар Педагогикалық Университетінің магистранты, Павлодар қ.,*

***Утегенова М.С.***

*Ғылыми жетекші: PhD, аға оқытушы, Павлодар қ.*



**Аңдатпа.** Мақалада ағылшын тілін цифрлық ортада оқыту жағдайында оқу мотивациясын дамытудың теориялық және қолданбалы негіздері қарастырылады. OECD, UNESCO және қазақстандық, ресейлік ғылыми мектеп еңбектері негізінде цифрлық құралдардың мотивациялық әлеуеті, педагогикалық шарттары және оқу әрекетін саналы қатысуға көшірудегі мүмкіндіктері талданады. Практикалық ұсыныстар беріледі, сондай-ақ мұғалімнің жобалаушы рөлі мен кері байланыстың маңызы айқындалады.



**Түйін сөздер**: цифрлық оқыту, оқу мотивациясы, ағылшын тілі, педагогикалық шарттар, цифрлық құралдар.



**Аннотация**. В статье рассматриваются теоретические и прикладные основы развития учебной мотивации при обучении английскому языку в цифровой среде. На основе работ OECD, UNESCO, казахстанских и российских исследователей анализируются мотивационные механизмы цифровых инструментов, педагогические условия их результативного применения и возможности перевода учебной деятельности от формального выполнения к осмысленному участию в школьной практике.



**Ключевые слова**: цифровое обучение, учебная мотивация, английский язык, педагогические условия, цифровые инструменты.



**Abstract**. The article examines theoretical and applied foundations for developing learning motivation in English language teaching within a digital environment. Drawing on OECD, UNESCO, Kazakhstani and Russian scholarship, it analyses motivational mechanisms

of digital tools, pedagogical conditions of effective use, and ways of shifting learners from formal completion to meaningful participation.
**Key words:** digital learning, learning motivation, English language teaching, pedagogical conditions, digital tools.

Мектептегі ағылшын тілін оқыту бүгінде оқу материалдарын жаңартумен ғана шектелмейтін жаңа кезеңге өтті. Қазіргі жағдайда негізгі дидактикалық міндетті тек жаңа оқулықпен немесе цифрлық платформамен шешу жеткіліксіз. Оқушының сабаққа белсенді қатысуы сыныптағы техникалық құралдың болуына емес, цифрлық ортада зейіннің ұйымдасуы, күш салу сипаты, кері байланыс алу мүмкіндігі, таңдау жасау еркі және өз нәтижесін сезінуі өзгеше құрылуына байланысты. Осыған сәйкес, цифрлық технологиялар арқылы оқу мотивациясын дамыту мәселесі техникалық жаңарту шеңберінде емес, психологиялық-педагогикалық және лингводидактикалық мәселе ретінде қарастырылуы тиіс.

OECD сараптамалық шолуларында оқушының оқу үдерісіне тартылуы мен мотивациясы білімді меңгерудің және оны ұзақ мерзімде сақтаудың шешуші алғышарттары ретінде көрсетіледі [1]. UNESCO-ның білім берудегі технологиялар туралы есебінде де цифрлық құралдардың тиімділігі олардың санымен емес, педагогикалық тұрғыдан орынды таңдалуымен, оқу үдерісіне сапалы кіріктірілуімен және мұғалімнің кәсіби рөлімен анықталатыны атап өтіледі [2]. Қазақстан жағдайында бұл ұстаным мемлекеттік білім беру саясатының басымдықтарымен үйлеседі. 2023-2029 жылдарға арналған мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту тұжырымдамасы [3], сондай-ақ 2023-2029 жылдарға арналған цифрлық трансформацияны, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасы білім беру ортасын жаңарту, цифрлық инфрақұрылымды жетілдіру және оқыту сапасын арттыру бағытын белгілейді [4].

Ағылшын тілі пәнінде мотивация мәселесі ерекше маңызды, өйткені тіл көбіне табиғи ортада емес, арнайы ұйымдастырылған оқу жағдайында меңгеріледі. Сол себепті ағылшын тілін қолдануға деген қажеттілік өздігінен туындамайды, ол сабақ барысында педагогикалық тұрғыдан қалыптастырылуы тиіс. Егер оқушы тапсырманың мәнін түсінбесе және өз ілгерілеуін сезінбесе, пәнге қызығушылық тек сыртқы талап деңгейінде қалып қояды. Цифрлық технологиялардың құндылығы оқу әрекетін формалды орындаудан саналы қатысуға көшіруімен айқындалады. Сондықтан мұғалімнің міндеті сабақты тек жаңарту емес, оқушының жаңа танымдық және коммуникативтік ерекшеліктерін ескере отырып, оның мотивациялық құрылымын қайта ұйымдастыру болып табылады.

Бұл бағытта қазақстандық ғылыми-педагогикалық мектеп маңызды теориялық негіз ұсынады. С.С. Құнанбаева шетел тілін оқытуды тілдік дағдылар жиынтығы емес, тұлғааралық және мәдениетаралық әрекет кеңістігі ретінде түсіндіреді [5, 344б.]. Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық технологиялар пәннің техникалық жағын емес, оның әрекеттік және коммуникативтік табиғатын күшейтуге қызмет етуі тиіс. Г.Қ. Нұрғалиева

еңбектерінде білім беруді ақпараттандыру, электронды оқыту және цифрлық білім беру ресурстары білім беру ортасының тұтас құрылымдық бөлігі ретінде қарастырылады [6, 9б.]. Бұл мотивацияны жекелеген сервистер емес, тапсырма, қарым-қатынас, кері байланыс және бағалау өзара үйлескен цифрлық оқу тәжірибесі күшейтетінін көрсетеді. Ш.Т. Таубаева педагогикалық зерттеулер әдіснамасы тұрғысынан құрал, әдіс, технология, педагогикалық шарт және нәтиже ұғымдарын нақты ажыратудың маңызын айқындайды [7, 214б.]. Осындай әдіснамалық дәлдік болмаса, цифрлық сабақ сырттай тартымды болғанымен, мотивациялық күшін жоғалтады. А.Е. Әбілқасымова еңбектері танымдық дербестіктің рөлін алға шығарады. Оқушының мотивациясы цифрлық құрал оны дайын жолмен жетелемегенде, керісінше таңдау жасауға, өзін түзетуге және өз әрекетін рефлексиялауға мүмкіндік бергенде артады [8, 160б.]. Б.А. Жетпісбаева зерттеулерінде подкасттар мен цифрлық медиаконтент сөйлеу әрекетін дамыту құралы ретінде қарастырылады [9, 19б.]. Бұл мектептегі ағылшын тілі үшін маңызды, өйткені тілдік әрекеттің шынайылығын сезіну мотивацияны күшейтетін негізгі факторлардың бірі.

Ресейлік ғылыми мектеп те бұл мәселені терең түсіндіруге мүмкіндік береді. Н.Д. Гальскова шетел тіліндегі білім беруді тұлғалық даму және мәдениетаралық коммуникациямен байланыстырады [10, 192б.]. Бұл ағылшын тілін үйренудегі мотивация тек сабаққа қызығушылық емес, тілдің мектептен тыс құндылығын түсінумен байланысты екенін көрсетеді. Н.И. Гез еңбектері цифрлық құралдар қолданылған жағдайда да лингводидактикалық жүйелілікті сақтаудың маңызын дәлелдейді. Егер цифрлық ресурс сөйлеу дағдыларының қалыптасу логикасын бұзса, ол қысқа мерзімді қызығушылық туғызғанымен, тұрақты мотивация қалыптастырмайды [11, 336б.].

Ағылшын тілін оқыту үдерісінде цифрлық ортаның оқу мотивациясына әсер ететін кемінде бес негізгі механизмі бар деп тұжырымдауға болады. Оның ішінде:

1) кіру шегін төмендету механизмі. Құрылымы нақты, визуалды ұйымдасуы түсінікті, нұсқауы қысқа және бірден әрекетке кірісуге мүмкіндік беретін цифрлық тапсырма оқушының когнитивтік кедергісін әлсіретеді.

2) жедел кері байланыс механизмі. Оқушы өз әрекетінің нәтижесіне байланысты жедел түрде растау, түзету немесе бағыттаушы ишара алған жағдайда, оқу әрекетінен ажырап қалмай, оны жалғастыруға бейім болады.

3) көрінетін ілгерілеу механизмі. Ұпайлар, прогресс жолағы, жинақталатын нәтижелер, цифрлық портфолио және орындалған тапсырмалар тарихы оқу жетістігінің динамикасын айқын көрсетіп, алға жылжуды сезінуге мүмкіндік береді.

4) әлеуметтік қатысу механизмі. Ортақ цифрлық тақталар, пікір алмасу алаңдары, бірлескен презентациялар, жұптық және топтық онлайн жұмыс тапсырмаға нақты адресат пен әлеуметтік маңыз береді.

5) мультимодалдық механизм. Мәтін, дыбыс, бейне, интерактив, ауызша әрекет және кері жауап біртұтас оқу әрекетінің шеңберінде біріктіріледі. Бұл қабылдаудың бірнеше арнасы қатар іске қосылатын қазіргі мектеп оқушысы үшін айрықша мәнге ие.

Аталған механизмдерді жалпыланған кесте түрінде ұсынуға болады.

*1-кесте – Ағылшын тілін оқытудағы цифрлық технологиялардың мотивациялық әлеуеті*

| Цифрлық құралдар тобы | Мотивацияға ықпалы | Ағылшын тілі сабағындағы педагогикалық әсері |
|---|---|---|
| Интерактивті викториналар мен тренажерлар | Қызығушылықты, жедел кірісуді, жарысу белсенділігін күшейтеді | Лексика мен грамматиканы белсендіреді, бақылауды жеңілдетеді |
| Сөздік пен қайталауға арналған платформалар | Дербестікті, жүйелілікті, қолжетімділік сезімін қалыптастырады | Сөздік қорды кезең-кезеңімен толықтыруға мүмкіндік береді |
| Бейне, подкасттар, аудио орта | Шынайылықты, эмоциялық тартылуды, мазмұндық қызығушылықты арттырады | Тыңдалым мен мағынаны түсіну дағдыларын дамытады |
| Бірлескен цифрлық тақталар мен презентациялар | Әлеуметтік маңыздылықты, авторлық ұстанымды күшейтеді | Жұптық және топтық жұмысты, жазбаша және ауызша сөйлеуді дамытады |
| LMS жүйелері мен цифрлық сыныптар | Өзін-өзі реттеуді, прогресті бақылауды қамтамасыз етеді | Оқу құрылымын айқындайды, ілгерілеуді бақылауға көмектеседі |
| Сөйлеу сервистері, дауыс жазу, ЖИ-негізді кеңестер | Сенімділікті және дараланған қолдауды күшейтеді | Ауызша жауап берудегі кедергіні азайтып, айтылымды жетілдіреді |

1-кестедегі деректер цифрлық ортаның мотивациялық ықпалы біржақты сипатқа ие еместігін көрсетеді. Бір цифрлық құрал әртүрлі педагогикалық жағдайда түрлі қызмет атқара алады. Мәселен, сабақтың бастапқы кезеңінде қолданылған интерактивті викторина оқушылардың назарын жылдам шоғырландыруға қабілетті. Алайда оны жүйесіз және шамадан тыс жиі қолдану оның мазмұндық-педагогикалық әлеуетін әлсіретіп, тек сыртқы ынталандыру құралына айналдыруы мүмкін. Сол сияқты бейнематериал да тақырыпқа қызығушылықты күшейтеді, бірақ егер оқушы белсенді қатысушы емес, тек пассив қабылдаушы күйінде қалса, оның оқу белсенділігі төмендеуі ықтимал. Осыдан шығатын негізгі тұжырым мынадай. Оқу мотивациясы цифрлық құралдың жаңалығынан

тікелей туындамайды, ол қабылдау әрекетінен саналы оқу іс-әрекетіне дұрыс ұйымдастырылған көшу арқылы қалыптасады.

Аталған үдерісті келесі логикалық тізбек арқылы көрсетуге болады.




*1-сурет – Ағылшын тілін оқыту үдерісіндегі цифрлық орта жағдайында оқу мотивациясының қалыптасу тетіктері*

1-суретте анықталғандай, оқу мотивациясының тұрақтылығы цифрлық құралды мақсатқа сай іріктеуге, оқу міндетінің түсініктілігіне және дер кезінде берілетін кері байланысқа тікелей байланысты [12]. Осыған байланысты төмендегі кестеде ағылшын тілін цифрлық ортада оқыту жағдайында оқу мотивациясын дамытудың негізгі педагогикалық шарттары жүйеленіп берілді.

*2-кесте – Ағылшын тілін цифрлық ортада оқыту жағдайында оқу мотивациясын дамытудың негізгі педагогикалық шарттары*

| Педагогикалық шарт | Мазмұндық сипаттамасы | Мотивациялық ықпалы | Нәтижелілік көрсеткіші |
|---|---|---|---|
| Оқу мақсатының айқындылығы | Білім алушы тапсырманың мақсатын және күтілетін сөйлеу нәтижесін нақты түсінеді | Оқу әрекетінің мағыналық негізін қалыптастырады | Формалды орындау азайып, саналы қатысу күшейеді |
| Оқу әрекетіне қолжетімді кіру | Тапсырма құрылымы түсінікті, нұсқауы ықшам, бастапқы әрекетке жағдай жасалған | Іске қосылу дайындығын арттырады | Мазасыздық төмендеп, жұмысқа кірісу жеделдейді |
| Білім алушының субъектілік ұстанымы | Таңдау, өзіндік шешім қабылдау және жеке өнім құрастыру мүмкіндігі беріледі | Ішкі мотивация мен дербестікті күшейтеді | Бастамашылдық, авторлық ұстаным көрінеді |
| Коммуникативті к бағыттылық | Тапсырма нәтижесі нақты адресатқа бағытталады | Оқудың әлеуметтік және тұлғалық мәнін арттырады | Сөйлеу белсенділігі мен талқылауға қатысу өседі |
| Мазмұнды кері байланыс | Кері байланыс қатені ғана емес, оны жетілдіру жолын да көрсетеді | Оқу сенімділігі мен күш салудың тұрақтылығын қолдайды | Білім алушы жауапты түзетіп, әрекетін жалғастырады |
| Цифрлық құралдарды мөлшерлі қолдану | Цифрлық ресурс сабақтың логикасына бағынады және оны толық алмастырмайды | Зейіннің тұрақтылығын және қатысудың тереңдігін сақтайды | Сабақтың тұтастығы мен тілдік нәтиже қамтамасыз етіледі |
| Мұғалімнің жобалаушы қызметі | Мұғалім цифрлық құралды мақсатпен, кезеңмен және бағалаумен сәйкестендіреді | Мотивацияның жүйелі тұрақтануына ықпал етеді | Технология мазмұндық міндетке тиімді қызмет етеді |

Қорытындылай келе, ағылшын тілін оқытудағы цифрлық технологиялардың рөлі олардың техникалық жаңалығымен емес, педагогикалық тұрғыдан қаншалықты орынды қолданылуымен айқындалады. Оқу мотивациясы цифрлық құралдың өзі арқылы автоматты

түрде қалыптаспайды, ол мұғалім дұрыс ұйымдастырған жағдайда ғана тұрақты сипат алады. Әсіресе ағылшын тілі сияқты табиғи тілдік орта шектеулі пәнде цифрлық орта оқушыны шынайы тілдік әрекетке жақындатудың маңызды тетігіне айналады. Мұнда тапсырманың мақсаты түсінікті болуы, әрекетке кіру қолжетімді болуы және білім алушы өз нәтижесін көре алуы шешуші мәнге ие. Егер цифрлық ресурс оқушыны тек сырттай қызықтырып, бірақ оны ойлауға, сөйлеуге және өз бетінше шешім қабылдауға жетелемесе, оның мотивациялық әсері ұзаққа бармайды. Сондықтан цифрлық оқытуда ішкі мотивацияны күшейтетін негізгі шарттар ретінде мағыналы тапсырма, мазмұнды кері байланыс, коммуникативтік бағыттылық және дербестікке мүмкіндік беру қарастырылуы керек. Мұғалім бұл үдерісте тек бақылаушы емес, оқу әрекетін жобалайтын және цифрлық құралдарды мақсатқа бағындыратын негізгі тұлға болып қалады. Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық технологиялар оқу мотивациясын күшейтудің қосымша құралы емес, оны жаңа деңгейде ұйымдастырудың маңызды педагогикалық ресурсы болып табылады. Демек, ағылшын тілін оқытудағы цифрлық тәсілдердің нәтижелілігі олардың мазмұнмен, әдіспен және оқушының танымдық белсенділігімен өзара үйлесу дәрежесіне тікелей байланысты.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. OECD. Student engagement and motivation. Education GPS. 2024.
2. Global Education Monitoring Report Team. Global education monitoring report, 2023: technology in education: a tool on whose terms? Paris: UNESCO, 2023.
3. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы.
4. 2023-2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 269 қаулысы.
5. Кунанбаева С. С. Теория и практика современного иноязычного образования. Алматы: Эдельвейс, 2010. 344 с.
6. Нургалиева Г. К., Артыкбаева Е. В. Электронное обучение как условие инновационного развития системы образования // Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки». 2012. № 1(35). С. 9–12.
7. Таубаева Ш. Т., Булатбаева А. А. Методология и методы педагогического исследования: учебное пособие. Алматы: Қазақ университеті, 2020. 214 с.
8. Абылкасымова А. Е. Познавательная самостоятельность в учебной деятельности студента. Алматы: Санат, 1998. 160 с.
9. Жетписбаева Б. А., Костина Е. А., Жанкина Б. Ж. Использование подкастов в обучении иностранному языку студентов языковых специальностей вузов // Вестник Карагандинского университета. Серия «Педагогика». 2018. № 2(90). С. 19–26.
10. Гальскова Н. Д. Современная методика обучения иностранным языкам: пособие для учителя. 3-е изд., перераб. и доп. М.: АРКТИ, 2004. 192 с.
11. Гальскова Н. Д., Гез Н. И. Теория обучения иностранным языкам. Лингводидактика и методика: учебное пособие. 7-е изд., стер. М.: Издательский центр «Академия», 2013. 336 с.

12. Forsström S., Njå M., Munthe E., Álvarez-Galván J.-L., Houldsworth L. The impact of digital technologies on students' learning: Results from a literature review. OECD Education Working Papers, No. 335. Paris: OECD, 2025.

# АУТИЗМ СПЕКТРІ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДА AAC АРҚЫЛЫ КОММУНИКАЦИЯНЫ ДАМЫТУ

***Токен А. Ж.***
*Павлодар қаласы Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті*
***Темірғалиева М. С.***
*ғылыми жетекшісі: педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы, Павлодар қаласы*

**Аннотация**

Мақалада аутизм спектрі бұзылысы бар балаларда коммуникациялық дағдыларды дамытуда баламалы және қосымша коммуникация (AAC) технологияларын қолданудың маңызы қарастырылады. Зерттеу аясында сөйлеу тілі шектеулі немесе мүлде қалыптаспаған балалардың қарым-қатынас жасау мүмкіндіктерін кеңейтудегі AAC құралдарының рөлі талданады. Мақалада пиктограммалар, коммуникативтік карточкалар, жестік жүйелер, PECS әдісі, сөйлеуді синтездейтін құрылғылар мен арнайы мобильді қосымшалардың тиімділігі сипатталады. AAC технологияларын қолданудың баланың әлеуметтік бейімделуіне, өз қажеттіліктерін білдіруіне, қоршаған ортамен өзара әрекеттесуіне және оқу процесіне қатысуына ықпалы ашып көрсетіледі. Автор AAC технологияларын жүйелі әрі мақсатты қолдану аутизм спектрі бұзылысы бар балалардың коммуникативтік белсенділігін арттырып, олардың танымдық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуына оң әсер ететінін негіздейді.

В статье рассматривается важность использования технологий альтернативной и дополнительной коммуникации (AAC) для развития коммуникативных навыков у детей с расстройством аутистического спектра. В рамках исследования анализируется роль инструментов AAC в расширении возможностей общения детей с ограниченной или вовсе не сформированной речью. В статье описываются пиктограммы, коммуникативные карточки, жестовые системы, метод PECS, эффективность устройств синтеза речи и специальных мобильных приложений. Раскрывается влияние использования технологий AAC на социальную адаптацию ребенка, выражение его собственных потребностей, взаимодействие с окружающей средой и участие в учебном процессе. Автор обосновывает, что систематическое и целенаправленное использование технологий AAC повышает коммуникативную активность детей с расстройствами аутистического спектра и положительно влияет на их когнитивное, эмоциональное и социальное развитие.

The article discusses the importance of using alternative and complementary communication (AAC) Technologies in the development of communication skills in children with autism spectrum disorder. As part of the study, the role of AAC tools in expanding the communication capabilities of children with limited or no speech development is analyzed. The article describes the effectiveness of pictograms, communication cards, audio systems, the PECS method, speech synthesis devices and special mobile applications. The impact of the use of AAC Technologies on the social adaptation of the child, the expression of his needs, interaction with the environment and participation in the educational process is revealed. The author substantiates that the systematic and targeted use of AAC Technologies increases the

communicative activity of children with autism spectrum disorders and positively affects their cognitive, emotional and social development.

**Түйін сөздер**: аутизм спектрі бұзылысы, баламалы коммуникация, қосымша коммуникация, ААС технологиялары, коммуникациялық дағдылар, PECS жүйесі, арнайы білім беру.

**Ключевые слова:** расстройство аутистического спектра, альтернативная коммуникация, дополнительная коммуникация, технологии ААС, коммуникативные навыки, система PECS, специальное образование.

**Keywords:** autism spectrum disorder, alternative communication, complementary communication, AAC Technologies, communication skills, PECS system, special education.

Аутизм спектрі бұзылысы бар балалардың санының артуы және олардың білім беру мен әлеуметтік ортаға бейімделу мәселесінің өзектене түсуі қазіргі арнайы педагогика мен түзету-дамыту жұмысының маңызды бағыттарының біріне айналып отыр. Аталған санаттағы балаларда қарым-қатынас жасау, өз ойын жеткізу, сұранысын білдіру, эмоциясын көрсету және әлеуметтік байланыс орнату салаларында айқын қиындықтар жиі байқалады. Осындай жағдайда баламалы және қосымша коммуникация (ААС) технологиялары сөйлеу тілі толық қалыптаспаған немесе шектеулі балалар үшін тиімді қолдау құралы ретінде қарастырылады. ААС технологиялары түрлі визуалды таңбалар, карточкалар, ым-ишаралар, арнайы құрылғылар мен цифрлық қосымшалар арқылы баланың коммуникациялық мүмкіндігін кеңейтіп, оның қоршаған ортамен өзара әрекеттесуін жақсартады. Сондықтан аутизм спектрі бұзылысы бар балаларда коммуникациялық дағдыларды дамытуда ААС технологияларын қолданудың теориялық негіздерін, практикалық мүмкіндіктерін және педагогикалық тиімділігін қарастыру ғылыми әрі әлеуметтік тұрғыдан аса маңызды болып табылады [1].

Аутизм спектрі бұзылысы бар балалардың коммуникациялық дамуы өзіндік ерекшеліктермен сипатталады. Бұл балалардың бір бөлігінде сөйлеу тілі мүлде қалыптаспаса, енді бір бөлігінде сөздік қоры шектеулі, сөйлем құрауы әлсіз немесе сөйлеуді жағдаятқа сай қолдану дағдысы жеткіліксіз болуы мүмкін. Оларда көзбен байланыс орнату, ым-ишараны түсіну, кезектесіп сөйлесу, өз ойын бастау және жалғастыру сияқты әлеуметтік-коммуникациялық әрекеттер де қиындық туғызады. Осындай ерекшеліктер баланың тек сөйлеу қабілетіне ғана емес, сонымен бірге оның әлеуметтік ортаға бейімделуіне, оқу әрекетіне және эмоциялық жағдайына да әсер етеді. Сондықтан аутизм спектрі бұзылысы бар балалармен жүргізілетін түзету-педагогикалық жұмыста коммуникацияны дамыту басты бағыттардың бірі болып саналады.

Осы тұрғыдан алғанда баламалы және қосымша коммуникация, яғни ААС технологиялары ерекше маңызға ие. ААС – сөйлеу тілін толық алмастыратын немесе оны толықтыратын құралдар мен әдістер жүйесі. Оның құрамына суреттер, пиктограммалар, заттық символдар, коммуникативтік кітапшалар, карточкалар, жесттер, электрондық құрылғылар және арнайы бағдарламалар кіреді. Бұл технологиялардың басты мақсаты – баланың қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігін кеңейту, өз

қажеттілігін, қалауын, қарсылығын немесе сезімін түсінікті түрде жеткізуіне жағдай жасау. Баламалы құралдар сөйлеу тілі қалыптаспаған бала үшін негізгі коммуникация құралына айналса, сөйлеуі бар бала үшін ойын нақтылауға және әлеуметтік байланысын күшейтуге көмектеседі [2].

ААС технологияларының ішінде тәжірибеде жиі қолданылатын жүйелердің бірі – PECS, яғни сурет арқылы коммуникация жасау жүйесі. Бұл әдіс баланы белгілі бір затты, әрекетті немесе қажеттілікті сурет арқылы білдіруге үйретеді. Мысалы, бала су ішкісі келсе, судың суреті бейнеленген карточканы ұсынады. Уақыт өте келе ол бір карточкамен ғана шектелмей, бірнеше таңбаны байланыстырып, қарапайым сөйлем құрауға дағдыланады. PECS жүйесінің тиімділігі оның нақты, көрнекі және баланың қабылдау ерекшелігіне сай ұйымдастырылуында. Аутизм спектрі бұзылысы бар көптеген балалар визуалды ақпаратты ауызша нұсқауға қарағанда жақсы қабылдайтындықтан, бұл әдіс олардың коммуникативтік белсенділігін арттыруда нәтижелі болып келеді.

Аутизм спектрі бұзылысы бар балалармен жүргізілетін түзету-педагогикалық жұмыста Баламатехнологияларын қолданудың тиімділігін «дейін және кейін» қағидасы бойынша бағалау өте маңызды. Практикалық тұрғыдан алғанда, ААС енгізілгенге дейін балаларда өз қажеттілігін сөзбен не белгімен жеткізудің қиындығы, ересекке тәуелділіктің жоғары болуы, коммуникативтік бастама санының аздығы, сұранысты жылау, айқай, мінез-құлықтық қарсылық арқылы білдіру жиі байқалады. Ал ААС жүйесін жүйелі қолданғаннан кейін баланың сұраныс білдіру жиілігі артып, таңдау жасау дағдысы қалыптасып, қарым-қатынасқа түсуге деген белсенділігі жоғарылайды. Сонымен бірге көзбен байланыс, кезектесу, нұсқауды түсіну, қарапайым диалогтік әрекетке қосылу сияқты көрсеткіштерде де оң өзгерістер байқалады. Осыған байланысты ААС технологияларын тек қосымша құрал емес, баланың коммуникациялық мүмкіндігін нақты арттыратын дамытушы жүйе ретінде қарастыруға болады.

ААС технологияларының балалар үшін бірқатар артықшылықтары бар. Ең алдымен, ол сөйлеуі шектеулі балаға өзін түсінікті түрде білдіруге мүмкіндік береді, сол арқылы ішкі күйзелісін азайтып, әлеуметтік бейімделуін жеңілдетеді. Екіншіден, ААС баланың дербестігін күшейтеді, себебі ол өз қалауын, қарсылығын, эмоциясын және күнделікті қажеттіліктерін өз бетінше білдіре бастайды. Үшіншіден, бұл технологиялар оқу әрекетіне қатысуды, тапсырманы түсінуді және ересекпен бірлескен жұмысты жеңілдетеді. Дегенмен, оның кейбір шектеулері де бар: барлық балаға бірдей құрал сәйкес келмейді, кейбір балаларда символды түсіну немесе карточканы мақсатты қолдану бірден қалыптаспайды, ал цифрлық құрылғыларға шамадан тыс тәуелділік табиғи қарым-қатынасты бәсеңдетуі мүмкін. Сондай-ақ ААС технологиялары тиімді болуы үшін ата-ана, педагог және маман тарапынан тұрақты қолдау қажет, әйтпесе дағдының жалпылануы баяу жүреді.

Баламалы және қосымша технологиялар мен PECS-ті салыстырғанда, PECS AAC технологияларының ішіндегі нақты құрылымдалған бір жүйе екенін атап өткен жөн. PECS негізінен сурет карточкалары арқылы сұраныс білдіруге және біртіндеп сөйлем құрауға үйретсе, AAC ұғымы бұдан әлдеқайда кең, оған жесттер, пиктограммалар, коммуникативтік кітапшалар, сөйлеуші құрылғылар және мобильді қосымшалар да кіреді. PECS-тің артықшылығы – көрнекілігі, кезең-кезеңмен оқытылуы және аутизмі бар балаларға түсініктілігі, алайда ол көбіне нақты сұраныс пен заттық коммуникациядан басталады. Ал AAC технологиясының кеңейтілген түрлері баланың тек сұрауын емес, пікірін, сезімін, таңдауын, әлеуметтік жауабын және оқу үдерісіндегі белсенділігін де қамти алады. Сондықтан PECS-ті AAC жүйесінің тиімді бастапқы формаларының бірі ретінде бағалауға болады, бірақ баланың даму ерекшелігіне қарай кейін оны басқа AAC құралдарымен толықтыру анағұрлым нәтижелі болып саналады.

Зерттеулерде AAC технологиялары мен PECS жүйесінің аутизм спектрі бұзылысы бар балалардың функционалдық коммуникациясын жақсартуда тиімді екені жиі көрсетіледі: Энди Бонди мен Лори Фрост PECS-ті балада өздігінен басталатын қарым-қатынасты қалыптастыратын жүйе ретінде сипаттаса, кейінгі еңбектерде оның сұраныс білдіру, таңдау жасау және әлеуметтік өзара әрекетке қосылу дағдыларын күшейтетіні айтылған. Дж. Б. Ганцтың метаталдаулары AAC араласуларының коммуникациялық нәтижелерге оң әсер ететінін көрсетеді, бірақ тиімділік баланың бастапқы сөйлеу деңгейіне, еліктеу дағдысына және қолданылған құрал түріне байланысты өзгеретінін де атап өтеді. Шолулық зерттеулер AAC мен вербалды қолдауды қатар қолдану кейбір балаларда сөйлеу белсенділігін де ынталандыруы мүмкін екенін көрсетеді, алайда ғалымдар кез келген жүйені барлық балаға бірдей ұсынуға болмайтынын, құралды жеке бағалау негізінде таңдау қажеттігін ерекше көрсетеді. Бұл мақаладағы AAC-тің баланың әлеуметтік бейімделуіне, қажеттілігін білдіруіне және оқу үдерісіне қатысуына оң ықпал ететіні туралы ойды ғылыми тұрғыдан күшейтеді. [4].

AAC технологияларын енгізуде ерте жастан басталатын қолдаудың рөлі өте жоғары. Бала неғұрлым ертерек баламалы және қосымша коммуникация құралдарымен танысса, соғұрлым оның өз қажеттіліктерін білдіру, айналасындағы адамдармен байланыс орнату және әлеуметтік ортаға бейімделу мүмкіндігі артады. Ерте кезеңде енгізілген визуалды карточкалар, қарапайым ым-ишаралар, таңдау кестелері мен коммуникативтік суреттер баланың қарым-қатынасқа деген қорқынышын азайтып, өз ойын түсінікті формада жеткізуге үйретеді. Бұл әсіресе мектепке дейінгі жастағы аутизм спектрі бұзылысы бар балалар үшін маңызды, себебі дәл осы кезеңде негізгі коммуникативтік мінез-құлық, еліктеу, сұраныс білдіру және әлеуметтік өзара әрекет дағдылары қалыптаса бастайды.

AAC технологияларын қолданудың тиімділігі көбіне ата-аналардың, педагогтердің және мамандардың өзара бірлескен әрекетіне байланысты

болады. Егер бала балабақшада немесе мектепте бір коммуникациялық жүйені қолданып, ал үй жағдайында ол жалғаспаса, онда дағдының тұрақты қалыптасуы баяу жүреді. Сол себепті ересектердің ААС құралдарын дұрыс пайдалану жолдарын меңгеруі, оларды күнделікті тұрмыстық жағдайда жүйелі енгізуі және баланың әрбір коммуникациялық әрекетін қолдап отыруы үлкен маңызға ие. Бұған қоса, қазіргі таңда ААС саласында цифрлық шешімдердің көбеюі бұл технологияларды қолжетімді етіп, оларды білім беру, түзету және әлеуметтік ортада кеңінен қолдануға мүмкіндік беріп отыр. Мұндай жан-жақты қолдау нәтижесінде аутизм спектрі бұзылысы бар баланың коммуникативтік белсенділігі артып қана қоймай, оның дербестігі, өзіне деген сенімділігі және қоғаммен өзара әрекеттесу сапасы да жақсара түседі.

Аутизм спектрі бұзылысы бар балаларда коммуникациялық дағдыларды дамытуда ААСтехнологияларын қолдану арнайы білім беру мен түзету жұмысының тиімді бағыты ретінде танылады. Бұл технологиялар баланың сөйлеу мүмкіндігі шектеулі болған жағдайда да оны қарым-қатынастан шет қалдырмай, өз ойын білдіруге, өзгемен байланыс орнатуға, оқу мен ойын әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. ААСжүйелері баланың жеке әлеуетін ашуға, дербестігін қалыптастыруға және қоғамға бейімделуін қолдауға жағдай жасайды. Сондықтан қазіргі арнайы педагогикада ААС технологияларын ғылыми негізде таңдау, дұрыс енгізу және кешенді қолдану мәселесі аса маңызды болып табылады [5].

Аутизм спектрі бұзылысы бар балаларда коммуникациялық дағдыларды дамытуда баламалы және қосымша коммуникация (ААС) технологияларын қолдану ерекше педагогикалық және әлеуметтік маңызға ие. Бұл технологиялар сөйлеу тілі шектеулі балаларға өз ойын, қажеттілігін, сезімін және таңдауын түсінікті түрде жеткізуге мүмкіндік беріп, олардың әлеуметтік ортаға бейімделуін жеңілдетеді. ААС құралдарын жүйелі, мақсатты және баланың жеке ерекшеліктеріне сай қолдану оның коммуникативтік белсенділігін арттырып қана қоймай, эмоционалдық тұрақтылығын, дербестігін және оқу әрекетіне қатысуын да жақсартады. Сондықтан ААС технологиялары аутизм спектрі бұзылысы бар балаларды қолдаудың тиімді құралы ретінде арнайы білім беру тәжірибесінде кеңінен қолданылуы тиіс.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Таганова, А. М., Байкадамова, А. М. Аутистік спектр бұзылысы бар балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру // Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы. – 2024. – № 4(78). – Б. 73–79.
2. Ерсарина, А. К., Жангельдинова, З. Б., Айтжанова, Р. К. Аутизмі бар балаларға арналған арнайы дамыту бағдарламасы. – Алматы: ТП ҰҒПО, 2020. – 169 б. – ISBN 978-601-332-887-4.
3. Инклюзивті білім беруде аутистік спектр бұзылысы бар балаларды педагогикалық қолдаудың маңызы // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. «Арнайы педагогика» сериясы. – 2024. – № 4(79). – 20 б.

4. Leonet O., Miller N., McCarthy J. A Systematic Review of Augmentative and Alternative Communication Interventions for Children Aged 0 to 6 Years Without Speech or With Minimal Speech // American Journal of Speech-Language Pathology. 2022. Vol. 31, No. 3.
5. Tamanaha A. C., Perissinoto J., Chiari B. M. Picture Exchange Communication System (PECS): longitudinal intervention in children with autism spectrum disorder // CoDAS. 2023. Vol. 35, No. 5.

# ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ – СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ҚҰРАЛЫ

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,*
***Бауыржанқызы Арина***
Ғылыми жетекші: ***Алпысбай Нурболат Алысбайұлы*** *PhD,*
*қауымдастырылған профессор*

***Аңдатпа.*** Бұл мақалада қаржылық сауаттылықтың студенттердің экономикалық құқықтарын қорғаудағы рөлі жаһандық тәжірибе негізінде қарастырылады. Қазіргі жағдайда студенттер білім алу барысында студенттік кредиттерге жүгінуге мәжбүр болып, қарыз жүктемесінің артуы олардың қаржылық тұрақтылығына кері әсер етеді. Қаржылық қиындықтар студенттердің әлеуметтік жағдайын нашарлатып, өз құқықтарын толыққанды жүзеге асыру мүмкіндігін шектейді. Зерттеудің негізгі мақсаты – студенттердің қаржылық сауаттылық деңгейінің олардың қарыздық міндеттемелерді басқару қабілетіне және экономикалық құқықтарын қорғауына әсерін анықтау.Зерттеу нәтижелері қаржылық сауаттылықтың студенттерге кредиттік келісімшарттарды дұрыс түсінуге, пайыздық мөлшерлемелер мен тәуекелдерді бағалауға, артық қарызға батудан сақтануға және қаржылық қысым жағдайында өз құқықтарын қорғауға мүмкіндік беретінін көрсетеді. Осыған байланысты қаржылық білім беру студенттердің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды құралы болып табылады.

***Аннотация***. В статье рассматривается финансовая грамотность как инструмент защиты экономических прав студентов в условиях роста долговой нагрузки. Во многих странах студенты вынуждены использовать образовательные кредиты, что приводит к формированию долговых обязательств и финансовых трудностей. Высокий уровень задолженности негативно влияет на качество жизни студентов и ограничивает их возможности по реализации своих экономических прав.Основная цель исследования – определить влияние финансовой грамотности на способность студентов управлять долгами и защищать свои экономические права.Результаты показывают, что финансовая грамотность помогает студентам понимать условия кредитных договоров, оценивать процентные ставки и риски, избегать чрезмерной задолженности и снижать уязвимость к финансовым нарушениям.

***Abstract.*** This article examines financial literacy as a tool for protecting students' economic rights in the context of rising student debt. In many countries, students rely on educational loans, leading to increased financial burdens and long-term debt obligations. Such financial pressure negatively affects students' quality of life and limits their ability to fully exercise their economic rights.The main objective of the study is to analyze how financial literacy influences students' ability to manage debt and protect their economic rights.The findings indicate that financial literacy enables students to better understand loan agreements, evaluate interest rates and risks, avoid excessive debt, and protect themselves under financial stress.

***Түйінді сөздер:*** қаржылық сауаттылық, студенттік кредит, қарыз, экономикалық құқық, қаржылық қауіпсіздік.

***Ключевые слова:*** финансовая грамотность, студенческий кредит, долг, экономические права, финансовая безопасность.

**Keywords:** financial literacy, student loans, debt, economic rights, financial security.

## Кіріспе.

Қаржылық сауаттылық қазіргі қоғамда ерекше маңызға ие құбылыс ретінде қарастырылады, себебі ол тек экономикалық үдерістермен шектелмей, адамдардың күнделікті өмірімен тікелей байланысты. Әсіресе студенттер үшін бұл мәселе өзекті, өйткені оқу ақысы, жол шығындары, тұрғын үй, тамақтану және басқа да күнделікті қажеттіліктер қаржылық шешім қабылдауды талап етеді. Осындай жағдайда қаржылық ресурстарды тиімді басқару қабілеті материалдық тұрақтылықты қамтамасыз етумен қатар, экономикалық құқықтарды қорғаудың маңызды тетігіне айналады.Қаржылық сауаттылық құқықтық сауаттылықпен тығыз байланысты, өйткені қаржылық міндеттемелерді түсіну келісімшарттар, несиелік шарттар және басқа да қаржылық қатынастар аясында дұрыс әрекет етуге мүмкіндік береді. Студенттердің қаржылық мүмкіндіктерінің шектеулілігі оларды тәуекелдерге неғұрлым осал етеді, ал жеткіліксіз білім қарыз жүктемесінің артуына, тиімсіз қаржылық шешімдерге және жеке мүдделердің бұзылуына әкелуі мүмкін.Қытай даналығында: «Адамға балық берсең — бір күн тамақтанады, ал балық аулауды үйретсең — өмір бойы тамақтанады» деген тұжырым бар. Бұл қағида қаржылық сауаттылықтың мәнін айқындайды: қаржылық білім мен дағдылар қысқа мерзімді қолдаудан гөрі ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз етеді.Сонымен қатар, қаржылық сауаттылық барлық мәселелерді толық шешеді деу біржақты болар еді. Студенттердің қаржылық жағдайына макроэкономикалық факторлар, табыс деңгейі және әлеуметтік қолдау жүйесі де әсер етеді. Дегенмен, қаржылық білім мен дағдыларды меңгеру күнделікті өмірде негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік беріп, қаржылық тұрақтылықтың қалыптасуына ықпал етеді. А.У.Әуезов студенттердің экономикалық тәрбиесі мен қаржылық сауаттылығын зерттеу барысында қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайларда студенттердің тек теориялық білімге сүйенуі жеткіліксіз екенін дәлелдеді. Зерттеуде студенттердің еңбек нарығына бейімделу үшін қаржылық және экономикалық дағдыларды меңгеруі қажет екені көрсетілген. Сонымен қатар, қаржылық сауаттылық тек кәсіби дайындық құралы ғана емес, студенттердің күнделікті өміріндегі экономикалық тұрақтылығы мен құқықтық қорғалуын қамтамасыз ететін маңызды фактор ретінде қарастырылған.Мақалада практикалық дағдылар мен теориялық білімді ұштастырудың тиімді жолдары көрсетілген. Бұл тәсіл студенттердің қаржылық шешім қабылдау қабілетін арттыруға, қарыз бен шығындарды саналы басқаруға және экономикалық құқықтарын қорғауға ықпал етеді. Әуезовтің зерттеуі бойынша, қаржылық сауаттылық білім беру жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және студенттердің болашақтағы

дербестігі мен экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ететін фактор ретінде қарастырылады.

Д. Т. Березин өз еңбегинде жоғары оқу орындарындағы теорииялық білім мен шынайы өмірдегі қаржылық қатынастар арасындағы алшақтықты ашып көрсетеді. Зерттеу көрсеткендей, студенттердің басым бөлігі банктермен, несиелік ұйымдармен және күнделікті шығындармен бетпе-бет келгенде сенімсіздік танытады.Автор 886 студент арасында ауқымды сауалнама жүргізіп, жастардың қаржылық деңгейіне қатысты маңызды деректерді анықтаған. Зерттеу нәтижесі бойынша:

• Практикалық білімнің тапшылығы: Сауалнамада қатысқан жігіттердің 80%-ы және қыздардың 75% университет қабырғасында экономика мен қаржы саласы бойынша күнделікті өмірге қажетти нақты білім алмайтынын атап өткен.

• Қаржылық тәуелділік: Студенттердің бюджетті жоспарлай алмауы олардың материалдық қийындықтарға тап болуына әкеледі. Соның салдарынан жігіттердің 55%, ал қыздардың үнемі туыстары мен достарынан қарыз алуға мәжбүр болады.

Бұл сандар студенттердің басым бөлігінде қаржыны басқару дағдыларының қалыптаспағанын және бұл мәселенің жүйелі сипатқа и екенін объективті түрде дәлелдейді.

Г. Кефела өзінің зерттеуінде дамушы елдердегі қаржылық сауаттылық мәселесін жай ғана білім беру емес, халықтың экономикалық аман қалуы мен бостандығының кепілі ретінде қарастырады. Автордың пайымдауынша, қаржылық сауаттылық бағдарламаларының басты мақсаты — адамдарды қаржы экспертіне айналдыру емес, оларды өз өміріне қатысты дұрыс таңдау жасай алатын, ақпаратты талдауға қабілетті және тиісті сұрақтарды қоя білетін деңгейге жеткізу. Автор қаржылық білімнің жетіспеушілігі жеке тұлға үшін де, қоғам үшін де қауіпті екенін алға тартады. Сауаттылығы төмен азаматтар несие бойынша пайыздық мөлшерлемелерді қате есептеп, өздерінің құқықтары мен жауапкершіліктерін толық сезінбейді, бұл өз кезегінде қарызға батуға және зейнетке жоспар жасай алмауға әкеп соғады. Сонымен қатар, Кефела қаржылық сауаттылықты «кедейлікті азайтудың механизмі» деп атайды, өйткені ол халықтың ең осал топтарына қаржылық қызметтерді тиімді пайдалануға және алаяқтық схемалардан қорғануға мүмкіндік береді. Қаржылық сауаттылық қаржы саласындағы ұғымдардың, дағдылардың, құзыреттердің және сенімдердің кең ауқымын, сондай-ақ адамның әртүрлі әлеуметтік-экономикалық рөлдерді (үй шаруашылығын жүргізуші, инвестор, қарыз алушы, салық төлеуші және т. б.) тиімді орындау қабілеті мен ұмтылысына әсер ететін жеке дамудың өзіндік элементтерін қамтиды. Сонымен қатар, қаржылық сауаттылық негізделген қаржылық шешімдер қабылдау үшін қажетті хабардарлықты, білімді, дағдыларды, сенімдерді және мінез-құлық үлгілерін қалыптастырады әрі соның нәтижесінде жеке қаржылық әл-ауқатты қамтамасыз етеді (1-сурет).

*1-сурет. Қаржылық сауаттылық тұжырымдамасы*

Қаржылық білім берудің арқасында адамдар қаржылық қызметтерге кеңірек қол жеткізеді, өйткені олар ұсынылатын қызметтер туралы хабардар болып, оларды сенімдірек пайдаланады. Сондай-ақ қаржылық білім беру тұтынушыларға өнімдерді салыстыруға, ұзақ мерзімді жинақтар туралы жарнаманы түсінуге, зейнетақыны ұтымды жоспарлауға және несиелерді анағұрлым орынды пайдалануға көмектеседі. Инновациялық қаржылық инфрақұрылымды дамыту қаржылық қызметтердің тұтынушылар үшін қолжетімділігінің көрсеткіштерінің бірі болып табылады және банк қызметтеріне сұраныстың өсуіне ықпал етеді. Қаржылық білім беру қаржы жүйелері мен нарықтарының дамуына ықпал етіп қана қоймай, қаржылық қызметтерді ұсынушылар арасындағы бәсекені де ынталандырады. Әртүрлі елдерде қаржылық сауаттылық қаржылық қызметтер тұтынушыларының құқықтарын қорғау құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар реттеуші шараларды толықтырушы тетік ретінде де қарастырылады. Білім беру ұйымдары тәжірибеге бағытталған тәсілді қолдануы тиіс, өйткені белсенді оқыту әдістеріне негізделген сабақтар нақты қаржы секторында жұмыс істеу дағдыларын жақсырақ қалыптастырады.

Ресей Қаржы министрлігі мен Дүниежүзілік банк жұмысы аясында қаржылық қабілет тұжырымдамасы шеңберінде қаржылық сауаттылық мінез-құлқының негізгі элементтері айқындалған.

Мұндай мінез-құлықтың бірінші компоненті — білім. Қазіргі заманның көптеген қаржылық өнімдері (мысалы, электрондық карталар, сатып алушылардың құқықтарын қорғау, депозиттерді сақтандыру, криптовалюталар және т.б.) тарих сабақтарында тек осы пәнді оқу контекстінде ғана түсіндірілуі мүмкін. Алайда кейбір негізгі экономикалық үдерістер (инфляция мен девальвация, займдар, несие-қаржы мекемелері және акционерлік қоғамдар) ерте замандарда пайда болып, тарих курсында зерттелетін түрлі тарихи үдерістерде маңызды рөл атқарған. Олардың көпшілігінің сипаттамалары мен қасиеттері (мысалы, валюталық жедел шешімдер («O» шешімдер), қаржылық шешімдер («F» шешімдер),

инвестициялық шешімдер («I» шешімдер), аналитикалық шешімдер («A» шешімдер)) жеке қаржы саласында ерекше мәнге ие. Осылайша, жеке қаржы саласында S.O.F.I.A. деп аталатын модельге негізделген қызықты жіктеу қалыптасады.

Мысалы, ұсынылған жіктеу бойынша жеке қаржымен айналысатын адам осы модельге сәйкес төмендегілерді жүзеге асыра алады:

Стратегиялар («S»): капиталды қалай сипаттау және оны экономикалық саладағы ұзақ мерзімді мәселелерді шешу үшін барынша тиімді пайдалану; қаржылық мақсаттардың иерархиясын қалай қалыптастыру және материалдық әл-ауқатты едәуір жақсарту; өз бизнесінің ұзақ мерзімді табыстылығын қалай қамтамасыз ету.

Операциялар («O»): ағымдағы жеке бюджетті дайындау, ағымдағы кірістер мен шығыстарды басқару, ағымдағы жеке бюджетті теңгеру.

Қаржыландыру («F»): қажетті қаражатты қалай тарту, капиталды қандай тәсілмен оңтайландыру, ақша резервтерінің деңгейін қалай анықтау («қаржылық жастықша»).

Инвестициялар («I»): ұзақ мерзімді инвестициялардың табыстылығын қалай бағалау және жеке жинақтарды салу бағытын таңдау, бағалы қағаздар портфелін қалай басқару, банктік депозиттерді қалай басқару, зейнетақы жинақтарын қалай басқару.

Аналитикалық («A»): шешім қабылдау үдерісі туралы тиісті ақпаратты қалай ұсыну; адамның қаржылық жағдайы мен қаржылық әл-ауқатын қалай диагностикалау; материалдық әл-ауқатты жақсарту (тұрақтандыру) жолдарын қалай анықтау.

Қаржылық шешім қабылдау — бұл тиісті білімді, нақты тәжірибені, қаржы саласымен жұмыс істеу дағдылары мен біліктілігін, ерік-жігерді, ынталандыруды, қажеттіліктерді, ағзаның эмоциялық күйін және басқа да факторларды қамтитын зияткерлік қызмет. Күрделі әрі нәзік шешім қабылдау қажет болатын жағдайлар жиі кездеседі. Шешім қабылдау теориясы жеке қаржы саласына қатысты шешім іздеуде қолдануға болатын әдістерді, тәсілдерді және модельдерді сипаттайды. Бұл жағдайда шешім қабылдаудың 3 тұжырымы бар:

Математикалық (нормативтік тәсіл).

Сапалық — субъективтік (дескриптивтік тәсіл).

Комбинацияланған (аралас) (комбинациялық тәсіл).

Біріншісі қаржы саласында сандармен жұмыс істеуді және есептеулер жүргізуді білдіреді. Екіншісі экономикалық әрекеттерді түсіндіруге, белгілі бір тұлғалық қасиеттерді сипаттауға мүмкіндік беретін психологиялық әдістермен ерекшеленеді. Үшінші тұжырым — алғашқы екеуінің жиынтығы, яғни қаржылық шешім қабылдау саласында математика мен психологияны ұштастыру. Алдымен қаржылық шешім қабылдаудың қарапайым үдерісін қарастырайық (2-сурет).

*2-сурет. Қаржылық шешім қабылдаудың қарапайым тетігі*

**Студенттердің күнделікті қаржылық тәжірибесі: шағын зерттеу**

Зерттеу студенттердің қаржылық мінез-құлқын анықтау мақсатында 10 респонденттің қатысуымен жүргізілді. Қатысушылар – жоғары оқу орындарында білім алып жүрген студенттер, олардың көпшілігі күнделікті өмірде жеке қаржы, шәкіртақы, қосымша табыс және тұтынушылық шығындармен байланысты қиындықтарға тап болады. Зерттеу барысында аралас әдіс қолданылды: 5 студент тест тапсырмаларын орындаса, қалған 5 студентпен жартылай құрылымданған сұхбат жүргізілді.Зерттеудің бастапқы кезеңінде студенттердің қаржылық шешім қабылдауда әртүрлі деңгейде екені анықталды. 6 студент қаржы ұйымдарының ұсыныстарын толық салыстырмай, көбіне таныс қосымшалар немесе бұрын қолданған қызметтерге сүйенетінін көрсетті. Бұл көбіне уақыттың жетіспеушілігімен және қаржылық ақпаратты толық түсінбеумен байланысты екені сұхбат барысында белгілі болды. Ал 4 студент ұсыныстарды салыстырып, тиімді шарттарды таңдауға тырысатынын көрсетті.Несиеге қатысты сұрақтарда студенттердің тәжірибесі әртүрлі болды. 5 студент үшін пайыздық мөлшерлеме негізгі фактор болса, 2 студент несие мерзіміне мән береді. Қалғандары көбіне ай сайынғы төлемнің қолжетімді болуына назар аударатынын атап өтті, себебі олардың табысы тұрақсыз (шәкіртақы немесе жартылай жұмыс).Бастапқы кезеңде 4 студент несие міндеттемелерін толық түсінетінін көрсетсе, 3 студент кейде импульсивті түрде шешім қабылдайтынын, мысалы, шұғыл қажеттілік немесе жеңілдіктер әсерінен несие рәсімдейтінін мойындады. Қалған студенттер бұл мәселеде нақты стратегия ұстанбайтынын көрсетті.Сұхбат нәтижелері бойынша, студенттердің бір бөлігі қаржы ұйымдары қызметкерлерінен жеткілікті әрі түсінікті ақпарат ала бермейтінін айтты (3 студент). Ал 2 студент керісінше, ақпараттың қолжетімді екенін жеткізді. Дегенмен, көпшілік жағдайда несие бойынша кешіктіру немесе төлемеу салдары туралы ақпарат жақсы түсіндірілетіні байқалды.

Табыс туралы мәлімет көрсету мәселесінде де студенттер арасында айырмашылық байқалды. 4 студент несие алу ықтималдығын арттыру үшін табысын асырып көрсеткенін айтты. 2 студент кейде нақты мәлімет

бермейтінін мойындады. Бұл жағдай студенттердің тұрақты табысының болмауымен және қаржылық қысыммен түсіндірілді. Тек 3 студент өз табысын нақты көрсететінін айтты.Зерттеу барысында қысқа ақпараттық түсіндіру жүргізілгеннен кейін студенттердің көзқарасында белгілі бір өзгерістер байқалды. Соңғы кезеңде 7 студент қаржылық ұсыныстарды салыстырудың маңызын түсінетінін көрсетті. Сонымен қатар, импульсивті шешім қабылдау деңгейі төмендеп, студенттер қаржылық жауапкершілікке көбірек мән бере бастағаны байқалды.Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері студенттердің қаржылық қиындықтарға жиі тап болатынын, алайда қысқа мерзімді ақпараттық әсердің өзі олардың қаржылық мінез-құлқын жақсартуға ықпал ететінін көрсетті.

**Қорытынды**

Жүргізілген зерттеу студенттердің қаржылық сауаттылығы олардың экономикалық құқықтарын қорғауда маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Қазіргі жағдайда оқу ақысы, күнделікті шығындар және студенттік кредиттер көптеген жастарды қаржылық қысымға ұшыратып, дұрыс шешім қабылдау қажеттілігін арттырады. Осындай жағдайда қаржылық сауаттылық студенттерге несие шарттарын түсінуге, пайыздық мөлшерлеме мен тәуекелдерді бағалауға, артық қарыз жүктемесінен сақтануға және өз мүдделерін сенімді қорғауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері студенттердің қаржылық шешім қабылдауда әлі де бірқатар қиындықтарға тап болатынын, алайда қысқа ақпараттық түсіндірудің өзі олардың көзқарасы мен әрекетіне оң әсер ететінін дәлелдеді. Сондықтан жоғары оқу орындарында қаржылық білім беруді жүйелі түрде дамыту, практикалық тапсырмалар мен өмірлік жағдайларға негізделген оқытуды күшейту студенттердің экономикалық тұрақтылығын арттырып, олардың құқықтық және қаржылық қорғалуын қамтамасыз етудің тиімді жолы болып табылады.

## Пайдаланылған әдебиеттер:

### Нормативтік-құқықтық актілер мен ресми құжаттар:


1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (өзгерістер мен толықтырулармен) // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: http://adilet.zan.kz.
2. Қазақстан Республикасының 2020-2024 жылдарға арналған қаржылық сауаттылықты арттыру тұжырымдамасы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 мамырдағы № 338 Қаулысымен бекітілген // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі.

i. Оқулықтар мен монографиялар (Кітаптар):

3. Зеленцов, А. Б. Қаржылық сауаттылық негіздері: ЖОО студенттеріне арналған оқу құралы / А. Б. Зеленцов. – Алматы: Экономика, 2021. – 256 б.
4. Смаилова, А. Т. Қазақстандағы жастардың экономикалық құқықтары мен қаржылық қауіпсіздігі / А. Т. Смаилова, М. Қ. Оспанова. – Нұр-Сұлтан: ЕҰУ баспасы, 2020. – 180 б.
5. Чумаченко, В. В. Основы финансовой грамотности: учебное пособие / В. В. Чумаченко, А. П. Горяев. – Москва: Просвещение, 2019. – 272 с.

i. Ғылыми мақалалар мен журналдар (Статья, журналдар):

6. Әлиева, Б. С. Студенттердің экономикалық құқықтарын қорғау тетіктері: құқықтық және қаржылық аспектілер // Құқық және Мемлекет. – 2023. – № 1 (98). – 112-118 бб.
7. Құсайынова, А. С. Қаржылық сауаттылық – қаржылық қызмет тұтынушыларының экономикалық мүдделерін қорғау факторы ретінде // ҚазҰУ Хабаршысы. Экономика сериясы. – 2022. – № 3. – 45-52 бб.
8. Иванов, А. А. Роль финансовой грамотности в защите экономических прав студенческой молодежи // Вопросы экономики и права. – 2021. – № 12. – С. 55-60.
9. Төлеуов, Е. Қ. Цифрлық экономика жағдайындағы жастардың қаржылық мәдениеті мен құқықтық қорғалуы // Статистика, есеп және аудит. – 2022. – № 4. – 88-93 бб.

i. Интернет-ресурстар:

10. Қаржылық сауаттылықты арттыру жөніндегі Fingramota.kz бірыңғай білім беру порталы. – URL: https://fingramota.kz/
11. Нұрғалиев, Ғ. А. Қаржылық құқық және қаржылық қауіпсіздік: жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы / Ғ. А. Нұрғалиев. – Алматы: Заң әдебиеті, 2022. – 310 б.
12. Кузина, О. Е. Финансовая компетентность и доверие к финансовым институтам / О. Е. Кузина. – Москва: Высшая школа экономики, 2020. – 192 с.

i. Ғылыми мақалалар мен конференция материалдары:

13. Омарова, А. Қ. Студент жастардың қаржылық сауаттылығын бағалау: проблемалары мен келешегі // Тұран Университетінің Хабаршысы. – 2023. – № 2 (98). – 74-80 бб.
14. Смирнов, В. И. Финансовая грамотность как основа защиты прав потребителей финансовых услуг // Банковское право. – 2022. – № 4. – С. 22-28.
15. Жұмабекова, М. С. Жастардың экономикалық құқықтарын қорғаудағы қаржылық білімнің рөлі // «Заманауи экономикалық ғылым: мәселелері мен тенденциялары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Қарағанды: ҚарУ баспасы, 2021. – 145-149 бб.
16. Рақымов, Ғ. Т. Несиелік ұйымдармен қарым-қатынастағы студенттердің құқықтық мәдениеті // Құқық және экономика. – 2023. – № 3. – 55-61 бб.
17. Сүлейменова, Г. Н. Қаржылық алаяқтықтан қорғану: студенттердің құқықтық сауаттылығын арттыру жолдары // Халықаралық құқық және мемлекет. – 2022. – № 1. – 89-94 бб.

i. Диссертациялар мен халықаралық құжаттар:

18. Макарова, Е. А. Формирование финансовой грамотности студентов вузов как фактор обеспечения экономической безопасности личности: автореф. дис. ... канд. экон. наук: 08.00.05 / Макарова Елена Александровна. – Екатеринбург, 2021. – 24 с.
19. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) қаржылық білім беру жөніндегі халықаралық нұсқаулықтары = Международные руководящие принципы ОЭСР по финансовому образованию. – Париж: OECD Publishing, 2020. – 45 б.

i. Интернет-ресурстар:

20. ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау бөлімі [Электрондық ресурс]. – URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm
21. ПРОЦЕСС ЭКОНОМИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ СТУДЕНТОВ В КАЗАХСТАНЕ М.Т. Арынбеков А.С. АрынбековаӘ. Қуатбеков атындағы халықтар достығы университетіАвтор

i. DOI:
ii. https://doi.org/10.54251/2522-4026.2025.3.17au

22. Р. И. Айзман, Н. О. Новикова Методика обучения экономике: финансовая грамотность и безопасность

i. УДК 372.8я73 ББК 74.48(075.8) А36
23. IMPROVING UNIVERISTY STUDENT' FINANCIAL LITERACY Berezin D.T. Yaroslavl State Pedagogical University, e-mail: dimitry_rus_rub@rambler.ru
i. African Journal of Business Management Vol.5 (9), pp. 3699-3705, 4 May, 2011 Available online at http://www.academicjournals.org/AJBM DOI: 10.5897/AJBM09.297 ISSN 1993-8233 ©2011 Academic Journals

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМЫТУДА ЖОБАЛАУ-ЗЕРТТЕУ ІС-ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ШАРТТАРЫ

***К.Д. Баязитова***
*Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің магистранты, Павлодар қаласы*
***Б.Г.Сарсенбаева***
*Педагогика ғылымдарының кандидаты, Педагогика жоғаыр мектебінің профессоры, Павлодар қаласы*

***Аннотация.*** Мақалада мектепке дейінгі жастағы балалардың зияткерлік белсенділігін дамыту мәселесі заманауи білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында қарастырылады. Автор зерттеудің негізгі бағыты жобалық-зерттеу іс-әрекетін мектепке дейінгі жастағы балалардың зияткерлік белсенділігін дамытудың құралы ретінде теориялық тұрғыдан негіздеп, оның практикалық мүмкіндіктерін талдайды. Сонымен қатар, жұмыстың басты идеясы мектепке дейінгі ұйымда жобалау-зерттеу іс-әрекетін дұрыс ұйымдатырып қолдану.

***Кілтті сөздер:*** мектепке дейінгі білім беру, жобалау іс-әрекеті, зияткерлік белсенділік, зерттеу іс-әрекеті, шығармашылық ойлау, даму ортасы, мектепке дейінгі жас.

***Аннотация***. В статье рассматривается проблема развития интеллектуальной активности детей дошкольного возраста в условиях обновления содержания современного образования. Основным направлением исследования является теоретическое обоснование проектно-исследовательской деятельности как средства развития интеллектуальной активности детей дошкольного возраста и анализ ее практических возможностей. Кроме того, главная идея работы заключается в правильной организации проектно-исследовательской деятельности в дошкольной организации.

***Ключевые слова:*** дошкольное образование, проектная деятельность, интеллектуальная деятельность, исследовательская деятельность, творческое мышление, среда развития, дошкольный возраст.

***Abstract.*** The article discusses the problem of developing the intellectual activity of preschool children in the context of updating the content of modern education. The main focus of the research is the theoretical justification of project and research activities as a means of developing the intellectual activity of preschool children and the analysis of their practical possibilities. In addition, the main idea of the work is the proper organization of project and research activities in a preschool organization.

***Keywords:*** preschool education, project activities, intellectual activities, research activities, creative thinking, development environment, preschool age.

**Кіріспе**

Қазіргі кезеңдегі мектепке дейінгі білім берудің маңызды бағыттарының бірі – белсенді шығармашылық тұлғаны қалыптастырудың негізі ретінде әр баланың зияткерлік дамуын қамтамасыз ету. Мектеп жасына дейінгі баланың белсенділігі, әсіресе зияткерлігі, оның әртүрлі іс-әрекеттерді игеруінің ғана емес, сонымен қатар шаблондық талаптармен реттелетін сыртқы әлеммен өзара әрекеттесу шегінен шығудың басты шарты ретінде қарастырылады.

Көтеріліп отырған мәселе мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында одан кейін мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім берудің үлгілік оқу бағдарламасында балалардың зияткерлік пен шығармашылық дағдыларын, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамыту, зерттеушілік әрекетінің қарапайым дағдыларын меңгерту міндеттерімен айқындалады.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың зияткерлік белсенділігін дамыту мәселелері Л.С.Выготский, Ж.Пиаже секілді классиктерден бастау алып, М.Ю.Стожарова, Н.Е.Веракса, Е.И.Смолер еңбектерінен жалғасын тапқан. Ал оны дамыту құралы ретінде жобалау іс-әрекетін қолдануды қарастырған отандық Ж.М.Бердыбекова, А.Д.Сыздықбаева, Ю.Б. Иминова зерттеулерінен көруге болады. Сонымен қатар, мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің даярлауда жобалау іс-әрекетінің негіздерін үйрету мәселесін көтерген Г.К. Юсупова, Р.С. Мустафина зерттеулерінен орын алған.

Теориялық базаның жеткілікті болғанымен тәжірибеде бірқатар қайшылықтар байқалады: бір жағынан, қоғамның зерттеушіл және шығармашыл тұлғаға сұранысы жоғары болуымен, екінші жағынан, мектепке дейінгі ұйымдарда жобалау-зерттеу іс-әрекетін жүйелі ұйымдастырудың әдістемелік тетіктері толық қалыптаспаған және оны дұрыс ұйымдастыру шарттары сақталмайтыны. Бұл қайшылықты Г.К.Юсупова өз еңбегінде көтеріп, мәселені шешуде жобалау іс-әрекетін пайдалану білім берудегі жаңа трендке айналғанын атап айтып, мектепке дейінгі ұйым педагогтерінде жобалау іс-әрекетінің негізін меңгеру керек екенін тұжырымдаған[1].

Зерттеу жұмысының мақсаты ретінде мектепке дейінгі балалардың зияткерлік белсенділігін дамытуда жобалау-зерттеу іс-әрекетінің тиімділігін тәжірибелік жолмен дәлелдеу.

Зерттеу гипотезасы: егер мектепке дейінгі ұйымда жобалау-зерттеу іс-әрекеті жүйелі түрде қолданылатын болса, ондай мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік белсенділігі артады.

Зерттеу нысаны: мектепке дейінгі балалардың зияткерлік белсенділігі

Зерттеу пәні: мектепке дейінгі балалардың зияткерлік белсенділігін дамытудағы жобалау-зерттеу іс-әрекеті.

Аталған мәселе бойынша жеке зерттеушілер-педагогтар мен психологтар «зияткерлік белсенділік» ұғымының анықтамасын тұжырымдағанымен, оны түсіндіруде жалпыға бірдей танылған тәсіл әлі

жоқ. Көбінесе зерттеушілер интеллектуалды белсенділік ұғымын интеллектуалды іс-әрекеттің өзімен немесе оның сәттілігімен анықтайды.

Е.И.Смолер еңбегінде интеллектуалды(зияткерлік) белсенділікті жан-жақты зерттеп, мынадай категориялар бойынша қарастырды. Олар:

- белсенді мінез-құлықты сипаттайтын педагогикалық-психологиялық категориясы;
- баланың іздеу заттармен манипуляциялық әрекеті негізігде экспериметтінің көрсеткіші;
- тұлға сапасы;
- мәселені анықтай білу және шешу жолдарын табу қабілеті;
- шығармашылық танымның мотивациялық сипаты ретінде атап өткен[2].

Яғни интеллект ұғымы танымдық процестердің жұмыс істеу деңгейінмен сипатталады. Оның ішінде қабылдау жылдамдығы, ақпаратты қаншалықты сәтті түсінеді, оны есте сақтайды, объектілер арасындағы байланыстарды бағалайды, дерексіз ұғымдармен жұмыс істейтініне байланысты.

Балалардың зерттеушілік іс-әрекеті өзіне тән процесс. Ол баланың әлемді тану, жаңа нәрсенімен әрекет ету барысында үлкендерге қоятын сұрақтарынан көрінеді. Зияткерлік белсенділікті дамытудың кең мүмкіндіктері мектеп жасына дейінгі балалардың эвристикалық қызметін ұйымдастыруда жасалады. Бұл мектеп жасына дейінгі балаларға қоршаған әлемнің объектілері мен құбылыстарын тану процесінде өздерінің кішкентай «жаңалықтарын» жасауға, түпнұсқа модельдер, модельдік бейнелер жасауға мүмкіндік береді.

Жобалық іс-шаралар балаларды жаңа білімді жалпылауға, жүйелеуге, салыстыруға және синтездеуге ынталандыратын, қызығушылық пен мотивацияны арттыратын белгісіздік жағдайын тудырады. Баланың айналадағы зерттеп білуге деген танымдық белсенділігі қызығушылығына байланысты болады[3].

Ж.М.Бердыбекова, С.К.Ксембаева, А.А.Садуакасова жүргізген зерттеулерінде мектепке дейінгі ұйымдарды жобалау-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыруда маңызды шарттары мен әдістерінен көрі, оның тұтас жүйесін қолдану, оның негізінде: педагогтердің, ата-аналардың және пәндік-дамытушы ортаның маңызын атап көрсеткен. Бұл үш жағдайды да дұрыс қолдану және ұйымдастыру қажет екенің анықтайды[3].

Мектеп жасына дейінгі балалардың зерттеуін ұйымдастырмас бұрын оны жүру кезеңдерін анықтап алған жөн[4]. Олар:

1. Дайындық кезеңі. Жобаның тақырыбы мен мақсаттарын анықтау және талқылау.

2. Жобалау. Ақпаратты жинауға арналған сұрақтар қойылады және идеяларды ұсынады, болжам жасайды, іс-қимыл жоспарын жасайды, жұмыстың келесі кезеңінде расталатын немесе жоққа шығарылатын гипотезалар анықталады.

3. Зерттеу жұмысы. Тікелеу зерттеу жұмысы жүргізіледі.

4. Нәтежилерді талқылау.

5. Нәтежині ұсыну.

6. Нәтежені бағалау.

Материалдар мен әдістер:

Жобалау-зерттеу іс-әрекетінің балалардың зияткерлік белсенділігіне әсерін анықтау үшін тәжірибелік зерттеу жұмысын жүргіздік. Зерттеу жұмысы Ақсу қаласының «№24 сәбилер бақшасында» жүргізілді. Зерттеуге балабақшаның ересек «Күншуақ» тобының тәрбиеленушілері қатысты. Барлығы топта 29 бала, оның ішінде зерттеуге қатысқан тәрбиеленушілердің саны 24 бала болды.

Зерттеуге қатысушы балаларды тең екі топқа бақылау тобына (12 бала) және тәжіриебелік тобына (12 бала) бөліп ұйымдастырдық.

Зерттеу мақсатына қол жеткізу үшін зерттеу жұмысы үш кезеңге бөліп көрсеттік. Олар:

- Анықтаушы кезең. Тәжірибелік жұмысты жүргізбес бұрын, балалардың зияткерлік белсенділігінің бастапқы деңгейін анықтауға Мектеп жасына дейінгі баланың танымдық қажеттілігін зерттеу (В.С.Юркевич, мектеп жасына дейінгі балаларға бейімдеген Э.А.Баранова) әдістемесі қолданылды.

Әдістеме мақсаты: балалардың танымдық белсенділігінін (қажеттілігін) болуын және оның тұрақтылығын анықтау.

Материал. Баланы тәрбиелеуге қатысы бар ересектерге (тәрбиешілерге немесе ата-аналарға) бағытталған сұрақтарды қамтитын стандартталған сауалнама.

Өткізу барысы. Субъектілерге сұрақтары бар сауалнама парағы беріледі және жауап нұсқаларының бірін таңдау арқылы қойылған сұрақтарға жауап беру ұсынылады (А - 5 балл, Б - 3 балл, В - 1 балл).

Деректерді өңдеу. Танымдық қажеттіліктің қарқындылығы алынған балл сомасымен анықталады: 27-35 балл – танымдық қажеттілік жоғары, 17-26 балл - орташа, 17 баллдан аз - төмен.

*1-кесте – Анықтаушы кезең бойынша бастапқы деңгей нәтежесі*

| Деңгейлер | Бақылау тобы | Тәжірибелік топ |
|---|---|---|
| **Төмен** | 16% | 33% |
| **Орташа** | 42 % | 42% |
| **Жоғары** | 42 % | 25% |

Жүргізілген диагностикалық нәтижеге сүйене отырып, қалыптастырушы кезеңі бойынша тәжірибелік жұмыс ұйымдастырылды (1-кесте). Бұл кезең арқылы балалардың зияткерлік белсенділігінің дамытуда жобалық-зерттеу іс-әрекетінін қолдану көзделді.

Жұмыс барысы: «Гүл суды қалай ішеді?», «Қандай доп алысқа домалайды?», «Дыбысты көруге болады ма?» «Қандай зат батады?» тақырыптарында балалармен жобалау-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастырдық.

Атқарылған жұмыстың балалардың зияткерлік дамуына тиімділігін анықтау үшін анықтаушы кезеңде қолданылған диагностика қорытынды

тәжиребеде қайталанып алынды. Тәжірибелік топ балаларының қорытынды нәтежесі көрсетілген(2-кесте).

*2-кесте – Тәжірибелік топтың қорытынды диагностика нәтежелері*

| Деңгейлер | Бастапқы | Қорытынды |
|---|---|---|
| **Төмен** | 33% | 25% |
| **Орташа** | 42% | 50% |
| **Жоғары** | 25% | 25% |

Салыстырмалы кестеде анықталған нәтежелерге сүйене отырып, тәжірибелік топ балаларның зияткерлік белсенділігінің орташа деңгейді көрсеткен балаларының саны 50%-ға өсіп, төмен деңгей көрсет балалар көрсеткіші 25% төмендегенің көре аламыз. Бұл зерттеу жұмысымызда қойылған міндеттер шешіліп, болжамның дәлелденгені айқын көрінісін береді. Яғни, мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік белсенділін дамытуда жобалау-зерттеу іс-әрекетін қолдану тиімді екені анықталды.

Қорытындылай келе, балалардың қоршаған шындықты білуге деген ұмтылысы көбінесе ересектер жасайтын ортаға байланысты болғандықтан, олардың танымдық қажеттіліктерін дамыту және оларды қанағаттандырудың мүмкін жолдарын таңдау үлкен маңызға ие. Осылайша, жобалау-зерттеу іс-әрекетін қолдану балаға тән қызығушылықты қанағаттандыруға ықпал етеді, заттар мен құбылыстар арасында себеп-салдарлық байланыстар орнатуға машықтандырады. Бұл зерттеу мәселесін шешу барысында жобалау-зерттеу іс-әрекеті мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік белсенділігі үшін кең мүмкіндіктер ашатының көрсетеді.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Г.К.Юсупова, Р.К.Бекмагамбетова, Р.С.Мустафина, Б.Ф.Солтанбаева Организационные основы проектной деятельности в подготовке будущих педагогов дошкольных организаций к самообразованию// Торайғыров университетінің Хабаршысы, Педагогикалық сериясы 2023, № 2.
2. Смолер, Е. И. Развитие интеллектуальной активности детей дошколь ного возраста : пособие для педагогов учреждений дошк.образования / Е. И. Смолер. - Минск : Нац. ин-т образования, 2012. - 104 с.
3. С.К.Ксембаева, А.А.Садуакасова, Ж.М.Бердыбекова Мектепке дейінгі жастағы балалармен жобалық қызметті ұйымдастыру.//Қазақстан педагогикалық хабаршысы// Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті. – 2023 №3
4. Современные педагогические технологии: учебное пособие/ Л.А.Шкутина, А.Н.Санхаева. - Алматы : Techsmith, 2024. - 170 с.

# ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕР МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН ДАМЫТУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

***Ерболатқызы М.***
*Павлодар педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.*
***Абдырова А.О.***
*Ғылыми жетекші: Аға оқытушы, Павлодар қ.*

***Аннотация***. Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамытуда интерактивті әдістерді қолданудың тиімділігі қарастырылады. Отандық және шетелдік зерттеулерге талдау жасалып, тәжірибелік жұмыс нәтижелері ұсынылған. Интерактивті әдістердің сөйлеу белсенділігін арттырудағы маңызы дәлелденген.

***Аннотация.*** В статье рассматривается эффективность использования интерактивных методов в развитии словарного запаса детей дошкольного возраста. Представлены результаты теоретического анализа отечественных и зарубежных исследований, а также экспериментальной работы. Доказано, что интерактивные методы способствуют активизации речевой деятельности и формированию коммуникативных навыков.

***Annotation***. The article examines the effectiveness of interactive methods in developing the vocabulary of preschool children. Theoretical analysis of domestic and foreign studies, as well as experimental results, are presented. It is proven that interactive methods enhance speech activity and communication skills.

***Кілтті сөздер:*** интерактивті әдістер, мектепке дейінгі білім, сөздік қор, сөйлеу дамуы, қарым-қатынас.

***Ключевые слова:*** интерактивные методы, дошкольное образование, словарный запас, развитие речи, коммуникация.

***Keywords:*** interactive methods, preschool education, vocabulary, speech development, communication.

## Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сөздік қор баланың коммуникативтік құзыреттілігінің, ойлау қабілетінің және тұлғалық дамуының негізін құрайды.

Қазіргі педагогикада балалардың сөйлеу белсенділігін арттыру мақсатында дәстүрлі әдістермен қатар интерактивті әдістерді қолдану маңыздылығы артып келеді. Интерактивті әдістер білім беру процесіне баланы белсенді қатысушы ретінде қосып, оның сөйлеу дағдыларын табиғи жағдайда дамытуға мүмкіндік береді.

Осы зерттеудің мақсаты - интерактивті әдістердің мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамытудағы тиімділігін анықтау.

## Интерактивті әдістерді қолдана отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамытудың теориялық және әдіснамалық негіздері

Сөздік қоры мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу дамуының негізгі компоненттерінің бірі болып табылады және олардың коммуникативті құзыреттілігін, танымдық белсенділігі мен интеллектуалды дамуын қалыптастыруға негіз болады. Ол ойлаудың, қабылдаудың, есте

сақтаудың қалыптасуына, сондай-ақ баланың өз ойларын білдіру және қоршаған әлеммен өзара әрекеттесу қабілетіне айтарлықтай әсер етеді [1].

Ғылыми тұрғыдан Константин Дмитриевич Ушинский сөйлеуді баланың ақыл-ой дамуының негізі ретінде қарастырып, тілдің дамуы ойлаудың дамуымен тікелей байланысты екенін атап өтті. Оның пікірінше, сөзді меңгеру баланың танымдық іс-әрекеттің неғұрлым күрделі түрлеріне өтуін қамтамасыз етеді және тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді [2].

Сонымен катар, отандық зерттеулерде сөздік қордың баланының танымдық және коммуникативтік дамуына тілек білдірген әсерсіз атап көрсетілі. Зерттеулердің пікірінше, "баланның сөздік қорыгурлым бай болсасы, онының сөздігі согурлым мазмунды және дәл болады" [3].

Мектепке дейінгі педагогикада оқыту әдістері сөйлеуді дамытудың маңызды құралы ретінде қарастырылады. Білім беру процесінде баланың белсенділік дәрежесіне байланысты әдістер пассивті, белсенді және интерактивті болып бөлінеді. Олардың ерекшеліктерін және сөйлеу дамуына әсерін неғұрлым нақты көрсету үшін 1-кестеде олардың салыстырмалы сипаттамалары келтірілген.

*Кесте 1 - Оқыту әдістерінің жіктелуі*

| **Әдіс түрі** | **Сипаттамасы** | **Әдістер мысалдары** | **Сөйлеуге әсері** |
|---|---|---|---|
| Пассивті | Бала тыңдаушы рөлінде болады | түсіндіру, оқу | Сөйлеу белсенділігі төмен |
| Белсенді | Педагог пен бала арасындағы өзара әрекет | әңгіме, жауап беру, жаттығулар | Сөйлеу дамуының орташа деңгейі |
| Интерактивті | Барлық қатысушылардың өзара әрекеті | рөлдік ойындар, ертегі терапиясы, диалогтік оқу, театрландыру | Сөйлеу белсенділігі жо |

1-кестеден көріп отырғанымыздай, интерактивті әдістер сөйлеуді дамытуда ең үлкен әлеуетке ие, өйткені олар балаларды оқу процесіне белсенді қосуды қамтамасыз етеді, оларды сөйлеу өзара әрекеттесуіне ынталандырады және лексиканы табиғи түрде игеруге жағдай жасайды [4].

Оқытудың интерактивті әдістері білім беру процесіне қатысушылардың көпжақты өзара іс-қимылына негізделеді. Олардың құрылымдық моделі 1-суретте көрсетілген, ол интерактивті оқыту жағдайында қарым-қатынас сипатын көрсетеді.



*Сурет 1. Интерактивті оқыту схемасы*

1-суретте өзара әрекеттесу тек мұғалім мен балалар арасында ғана емес, сонымен бірге балалардың өздері арасында да жүзеге асырылатындығы көрсетілген. Оқу процесінің мұндай ұйымдастырылуы диалогтық сөйлеуді қалыптастыруға, коммуникативті дағдыларды дамытуға, сондай-ақ әртүрлі сөйлеу жағдайларында жаңа сөздерді белсенді қолдануға ықпал етеді [5].

Ең тиімді интерактивті әдістердің қатарына ертегі терапиясы, рөлдік және сюжеттік ойындар, театрландыру және диалогтық оқу жатады. Бұл әдістер баланы белсенді сөйлеу әрекетіне қосуды қамтамасыз етеді, жаңа лексикалық бірліктерді мағыналы игеруге және қолдануға жағдай жасайды.

Қазақстандық зерттеулерде (Т. Танабаева, Ж. М. Ақынова және т. б.) ертегі терапиясы мен ойын әдістерін қолдану сөздердің пассивті сөздіктен белсендіге ауысуына ықпал ететіні, сондай-ақ балалардың сөйлеу белсенділігін арттыратыны дәлелденді [6].

Сонымен катар, Ж.М. Ақынова, и. Р. Халитова және Э. Д. Турдалиева өз еңбектерін интерактивтілік әділдердің балаларының коммуникативтілігі және шығармашылдық қабылдауы дамытудағы маңызын атап көрсеті [7].

Шетелдік зерттеулерде (Уайтхерст, к. Лониган) диалогтық оқу сөздік қорын дамытудың ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады, өйткені ол баланы мәтінді талқылауға және сөйлеуде жаңа лексиканы қолдануға белсенді қатысуға ынталандырады [8].

**Зерттеу әдістемесі және ұйымдастырылуы**

Зерттеу жұмысы мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамытуда интерактивті әдістердің тиімділігін анықтауға бағытталды.

Зерттеу Павлодар қаласындағы №44 балабақшада жүргізілді. Экспериментке ересек топтың 5-6 жастағы 24 баласы қатысты. Таңдалған жас кезеңі сөйлеу дамуының сапалы өзгерістерімен, сөздік қордың белсенді кеңеюімен және байланысты сөйлеудің қалыптасуымен сипатталады.

Зерттеу үш кезеңде жүзеге асырылды:

Диагностикалық кезең - балалардың бастапқы сөздік қорының деңгейін анықтау;

Қалыптастырушы кезең - интерактивті әдістерді қолдану арқылы жүйелі жұмыс жүргізу;

Бақылау кезеңі - қайта диагностика жүргізу және алынған нәтижелерді салыстыру.

Диагностикалық кезеңде балалардың сөйлеу деңгейін анықтау мақсатында келесі әдістер қолданылды:

Балалардың сөйлеу әрекетін бақылау;

Әңгімелесу;

Суреттер бойынша сипаттау;

Қысқа әңгімелер құрастыру.

Қалыптастырушы кезеңде балалардың сөздік қорын дамытуға бағытталған интерактивті әдістер кешені қолданылды.

Бірінші әдіс ретінде ертегілерді оқу және талқылау пайдаланылды. Тәрбиеші балаларға ертегілерді мәнерлеп оқып берді, содан кейін балалар ертегі мазмұнын өзара талқылады, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін сипаттады және жаңа сөздерді қолдануға тырысты. Бұл әдіс балалардың сөздерді түсінуімен қатар, оларды белсенді сөйлеуде қолдануына ықпал етті.

Екінші әдіс ретінде суреттер арқылы сөйлеуді дамыту қолданылды. Балаларға әртүрлі иллюстрациялар ұсынылып, олар суретте бейнеленген нысандар мен әрекеттерді сипаттады. Одан кейін балалар өзара пікір алмасып, диалогтық қарым-қатынасқа түсті. Бұл тәсіл сөздік қорды кеңейтіп, байланысты сөйлеуді дамытуға мүмкіндік берді.

Үшінші әдіс ретінде ұлттық мазмұндағы ойын-талқылау «Дастархан жаю» ұйымдастырылды. Ойын барысында балалар Наурыз мерекесіне арналған дастарханды талқылап, ұлттық тағамдарды атады және олардың дайындалу ерекшеліктерін сипаттады. Сонымен қатар, балалар өз қолдарымен құрт жасауға қатысып, ұлттық тағамдарға байланысты жаңа сөздерді меңгерді. Бұл әдіс тілдік дамумен қатар мәдени-танымдық білімді қалыптастыруға ықпал етті.

Төртінші әдіс ретінде театрландырылған әрекет қолданылды. Балалар ертегі желісі бойынша шағын қойылым дайындап, кейіпкерлердің рөлдерін орындады. Қойылым барысында балалар жаңа сөздерді жаттап қана қоймай, оларды сөйлеу барысында белсенді қолданды, сөйлеу мәнерлілігі мен коммуникативтік дағдылары дамыды.

Қолданылған интерактивті әдістер балалардың сөйлеу белсенділігін арттыруға, жаңа сөздерді табиғи қарым-қатынас жағдайында меңгеруге және оларды белсенді түрде қолдануға бағытталды.

Осылайша, зерттеу әдістемесі мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорындағы өзгерістерді кешенді түрде бағалауға және интерактивті әдістердің тиімділігін анықтауға мүмкіндік берді.

**Зерттеу нәтижелері**

Зерттеу барысында балалардың сөздік қорының даму деңгейін анықтау және оның өзгеріс динамикасын бақылау мақсатында бастапқы және қорытынды диагностика жүргізілді.

Диагностикалық кезең нәтижелері балалардың сөздік қорының даму деңгейі біркелкі емес екенін көрсетті. Балалардың басым бөлігінде орта деңгей байқалды, сонымен қатар бірқатар балаларда төмен деңгей анықталды. Бұл олардың сөйлеу барысында сөздерді жеткілікті деңгейде қолдана алмауымен және байланысты сөйлеудің жеткіліксіз қалыптасуымен сипатталды.

Қалыптастырушы кезең аяқталғаннан кейін балалардың сөздік қорының даму деңгейін қайта анықтау мақсатында бақылау диагностикасы жүргізілді. Қайта диагностика нәтижелері балалардың сөйлеу дамуында айқын оң өзгерістер болғанын көрсетті.

Балалардың сөздік қорының даму динамикасы 2-кестеде көрсетілген.

*Кесте 2 - Балалардың сөздік қорының даму динамикасы*

| Деңгей | Бастапқы кезең | Аралық кезең | Қорытынды кезең |
|---|---|---|---|
| Жоғары | 5 (21%) | 7 (29%) | 10 (42%) |
| Орта | 11 (46%) | 12 (50%) | 10 (42%) |
| Төмен | 8 (33%) | 5 (21%) | 4 (16%) |
| Барлығы | 24 | 24 | 24 |

Кесте 2 мәліметтері бойынша балалардың сөздік қорының дамуында кезең-кезеңімен оң өзгерістер байқалады. Аралық кезеңде жоғары деңгейдегі балалар саны артса, төмен деңгейдегі балалар саны азайған. Қорытынды кезеңде бұл өзгерістер одан әрі күшейіп, жоғары деңгей екі есеге жуық өскен.

Бастапқы кезеңдегі балалардың сөздік қорының деңгейлік бөлінісі 3-кестеде ұсынылған.

*Кесте 3 - Бастапқы кезеңдегі көрсеткіштер*

| Деңгей | Балалар саны | % |
|---|---|---|
| Жоғары | 5 | 21% |
| Орта | 11 | 46% |
| Төмен | 8 | 33% |
| Барлығы | 24 | 100% |

Кесте 3 көрсеткіштері бойынша балалардың басым бөлігі орта деңгейде орналасқан. Сонымен қатар, төмен деңгейдегі балалар үлесінің жоғары болуы олардың сөйлеуінде қиындықтар бар екенін көрсетеді.

Қорытынды кезеңдегі көрсеткіштер 4-кестеде көрсетілген.

*Кесте 4 - Қорытынды кезеңдегі көрсеткіштер*

| Деңгей | Балалар саны | % |
|---|---|---|
| Жоғары | 10 | 42% |
| Орта | 10 | 42% |
| Төмен | 4 | 16% |
| Барлығы | 24 | 100% |

Кесте 4 нәтижелері балалардың сөздік қорының дамуында айқын оң динамика бар екенін көрсетеді. Жоғары деңгейдегі балалар саны айтарлықтай артқан, ал төмен деңгейдегі балалар саны екі есеге жуық азайған.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер балалардың сөздік қорының кеңейгенін, белсенді сөздіктің артқанын және сөйлеу дағдыларының жақсарғанын көрсетеді.

Осылайша, зерттеу нәтижелері балалардың сөздік қорының дамуында оң өзгерістер болғанын және олардың сөйлеу белсенділігінің артқанын дәлелдейді.

**Талдау**

Жүргізілген зерттеу нәтижелерін талдау мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорының дамуында айқын оң динамика бар екенін көрсетті. Диагностикалық кезеңде алынған мәліметтер балалардың басым бөлігінде сөздік қордың орта деңгейде қалыптасқанын, ал едәуір бөлігінде төмен деңгей байқалғанын анықтады. Бұл балалардың жаңа сөздерді қолдануда, өз ойын толық жеткізуде және байланысты сөйлеуді қалыптастыруда қиындықтарға тап болатынын көрсетті.

Аралық және қорытынды кезеңдердегі нәтижелер бастапқы көрсеткіштермен салыстырғанда елеулі өзгерістердің орын алғанын дәлелдейді. Әсіресе, жоғары деңгейдегі балалар санының артуы және төмен деңгейдің айтарлықтай азаюы балалардың белсенді сөздік қорының кеңейгенін көрсетеді. Сонымен қатар, орта деңгейдегі балалардың сөйлеу сапасының жақсаруы олардың жаңа сөздерді меңгеру және қолдану дағдыларының қалыптасқанын аңғартады.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер балалардың сөйлеу белсенділігінің артқанын, олардың өз ойын еркін жеткізе бастауын және коммуникативтік әрекетке белсенді қатысуын көрсетеді. Бұл мектеп жасына дейінгі кезеңде сөздік қорды дамыту жұмысының жүйелі ұйымдастырылуының маңыздылығын дәлелдейді.

**Қорытынды**

Қорытындылай келе, жүргізілген зерттеу жұмысы мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамытуда жүйелі ұйымдастырылған педагогикалық жұмыстың жоғары тиімділігін көрсетті.

Зерттеу нәтижелері балалардың сөздік қорының кеңейгенін, белсенді сөздіктің артқанын және сөйлеу дағдыларының жақсарғанын дәлелдеді.

Сонымен қатар, балалардың өз ойын жеткізу қабілеті дамып, коммуникативтік белсенділігі артқаны байқалды.

Алынған нәтижелер мектеп жасына дейінгі білім беру процесінде балалардың сөйлеуін дамытуға бағытталған жұмысты жүйелі түрде ұйымдастыру қажеттігін көрсетеді. Бұл өз кезегінде балалардың мектепке дайындығын арттырып, олардың тұлғалық және интеллектуалдық дамуына оң әсер етеді.

Осылайша, зерттеу нәтижелері мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамыту үдерісі мақсатты педагогикалық ықпал жағдайында тиімді жүзеге асатынын және оның білім беру практикасы үшін маңызды екенін дәлелдейді.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Константин Дмитриевич Ушинский Ушинский К.Д. Человек как предмет воспитания. – М.: Педагогика, 1988. – 512 с.
2. Лев Семёнович Выготский Выготский Л.С. Мышление и речь. – М.: Лабиринт, 1999. – 352 с.
3. Танабаева Г.Т., Боранбаева А.Р. Развитие словарного запаса дошкольников средствами сказки // Вестник педагогических исследований. – 2021. – №2. – С. 45–49.
4. Акынова Ж.М., Халитова И.Р., Турдалиева Э.Д. Ертегі терапиясы арқылы балалардың сөйлеуін дамыту // Педагогика және психология. – 2020. – №3. – С. 78–83.
5. Бойко Е.А. Особенности формирования словарного запаса у детей с нарушением слуха // Дефектология. – 2019. – №4. – С. 52–57.
6. Институт раннего развития детей Республики Казахстан Методические рекомендации по развитию речи детей дошкольного возраста. – Астана, 2022.
7. Grover J. Whitehurst Whitehurst G.J., Lonigan C.J. Dialogic Reading: An Effective Way to Read to Preschoolers // Reading Rockets. – 1998.
8. Catherine Noble Noble C., Cameron-Faulkner T., Jessop A. The impact of shared book reading on children's language development // Journal of Child Language. – 2019. – Vol. 46. – P. 1–15.

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ОЙЫННЫҢ МАҢЫЗЫ

***А.Т.Еренгаипова***
*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті,*
*ғылыми жетекшісі:*
***Р. Х. Кошкимбаева***
*педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы*

***Аннотация:*** Бұл мақалада мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеудегі ойынның маңызы қарастырылады. Ойынның баланың танымдық, әлеуметтік және шығармашылық қабілеттерін дамытудағы рөлі талданады. Сонымен қатар, ойын арқылы баланың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру және педагогтың ойын технологияларын тиімді қолдану ерекшеліктері сипатталады.

***Аннотация:*** В данной статье рассматривается значение игры в воспитании детей дошкольного возраста. Анализируется роль игры в развитии познавательных, социальных и творческих способностей ребенка. Также раскрываются особенности формирования личности ребенка через игровую деятельность и эффективное использование игровых технологий педагогом.

***Abstract:*** This article discusses the importance of play in the upbringing of preschool children. It analyzes the role of play in the development of cognitive, social, and creative abilities of a child. The article also highlights the formation of a child's personality through play activities and the effective use of play-based technologies by educators.

Мектепке дейінгі педагогикада ойын – баланың негізгі іс-әрекеті болып табылады. Баланың тұлғалық дамуы, ойлау қабілеті, қиялы мен әлеуметтік дағдылары көбінесе ойын арқылы қалыптасады. Сондықтан ойын – тек көңіл көтеру құралы емес, ол маңызды тәрбиелік және білімдік құрал.Ойын барысында бала қоршаған ортаны таниды, заттардың қасиеттерін ажыратады, адамдар арасындағы қарым-қатынасты үйренеді. Мысалы, рөлдік ойындарда балалар өздерін дәрігер, мұғалім немесе ата-ана ретінде елестетіп, қоғамдағы түрлі әлеуметтік рөлдерді меңгереді. Бұл олардың сөйлеу мәдениетін, ойлау жүйесін және эмоционалдық дамуын жетілдіреді.

Сонымен қатар, ойын баланың шығармашылық қабілетін дамытады. Құрастыру, сурет салу, ертегі құрастыру сияқты ойын түрлері арқылы бала өз қиялын еркін білдіреді. Мұндай әрекеттер баланың өзіндік ойлауын қалыптастырып, болашақта дербес тұлға болуына ықпал етеді.Ойынның тағы бір маңызды қызметі – баланың қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Топтық ойындар барысында балалар бір-бірімен келісуді, бөлісуді, кезек күтуді үйренеді. Бұл олардың әлеуметтік ортаға бейімделуіне көмектеседі.Педагог үшін ойын – баланы оқыту мен тәрбиелеудің тиімді әдісі. Тәрбиеші ойын арқылы баланың қызығушылығын оятып, жаңа білімді жеңіл әрі түсінікті түрде жеткізе алады. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда ойын технологияларын дұрыс қолдану – сапалы білім мен тәрбие берудің негізгі шарты.

Қорытындылай келе, ойын – мектепке дейінгі жастағы балалардың жан-жақты дамуының маңызды құралы. Ол баланың танымдық, әлеуметтік және шығармашылық қабілеттерін дамытып, тұлға ретінде қалыптасуына негіз болады.Ойынның педагогикалық маңызын тереңірек қарастыратын болсақ, оның баланың психикалық дамуына тигізетін әсері ерекше екенін байқаймыз. Мектепке дейінгі жаста баланың есте сақтау, зейін, қабылдау сияқты танымдық процестері қарқынды дамиды. Дәл осы кезеңде ұйымдастырылған ойын әрекеті арқылы педагог бұл процестерді тиімді түрде жетілдіре алады. Мысалы, дидактикалық ойындар баланың ойлауын дамытып қана қоймай, білімді жүйелеуге көмектеседі.Сонымен қатар, қимылды ойындардың да рөлі зор. Олар баланың денсаулығын нығайтып, ептілікке, жылдамдыққа, төзімділікке тәрбиелейді. Қимылды ойындар кезінде балалар өз эмоцияларын еркін шығарып, белсенді қозғалыс арқылы сергіп қалады. Бұл өз кезегінде олардың жалпы дамуына оң әсерін тигізеді.

Қазіргі заманда мектепке дейінгі білім беру жүйесінде ойын технологиялары кеңінен қолданылуда. Интерактивті ойындар, дамытушы ойын құралдары, логикалық тапсырмалар балалардың қызығушылығын арттырып, білім алуға деген ынтасын күшейтеді. Дегенмен, педагог ойынның мақсатын нақты анықтап, оны баланың жас ерекшелігіне сай ұйымдастыруы тиіс. Әрбір ойын тәрбиелік және білімдік міндеттерді шешуге бағытталуы қажет.

Ойын барысында баланың жеке ерекшеліктері де айқын көрінеді. Кейбір балалар белсенді болса, енді біреулері тұйық болуы мүмкін. Тәрбиеші осыны ескере отырып, әр балаға жеке қолдау көрсетіп, олардың әлеуетін ашуға жағдай жасауы тиіс. Бұл – тұлғалық-бағдарлы тәрбиенің маңызды бөлігі.Сондай-ақ, ата-аналардың да ойын арқылы тәрбиелеудегі рөлі ерекше. Үй жағдайында ата-ана баламен бірге түрлі ойындар ойнап, оның дамуына ықпал ете алады. Бұл баланың ата-анамен қарым-қатынасын нығайтып, эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастырады. Мектепке дейінгі жаста ойын баланың жетекші іс-әрекеті ретінде оның психологиялық және тұлғалық дамуына тікелей әсер етеді. Бұл кезеңде бала ойын арқылы өзін қоршаған ортаны танып қана қоймай, сонымен қатар өз мінез-құлқын реттеуді, эмоцияларын басқаруды үйренеді. Ойын барысында бала белгілі бір ережелерге бағынуды меңгереді, бұл оның тәртіптілік пен жауапкершілік сияқты қасиеттерінің қалыптасуына ықпал етеді.

Ойынның мазмұны баланың жас ерекшелігіне қарай күрделене түседі. Кіші жастағы балалар үшін қарапайым заттық ойындар маңызды болса, ересек топтағы балалар үшін сюжеттік-рөлдік ойындардың маңызы артады. Мұндай ойындар балалардың логикалық ойлауын, тіл байлығын және қиялын дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар, ойын барысында бала өз тәжірибесін жинақтап, оны жаңа жағдайларда қолдана білуге үйренеді.

Педагогикалық тәжірибеде ойындарды дұрыс ұйымдастыру ерекше маңызға ие. Тәрбиеші ойынның мақсатын нақты қойып, оның тәрбиелік, дамытушылық және білімдік міндеттерін айқындауы қажет. Ойын кезінде баланың белсенділігі мен дербестігін қолдау, оның қызығушылығын

арттыру – педагогтың басты міндеттерінің бірі. Сонымен қатар, ойынға қажетті құрал-жабдықтарды дұрыс таңдау да маңызды рөл атқарады.

Ойын тек жеке дамуға ғана емес, ұжымдық қарым-қатынасты қалыптастыруға да әсер етеді. Балалар бірлескен ойындар арқылы бір-бірін түсінуді, көмектесуді, ортақ шешім қабылдауды үйренеді. Бұл олардың коммуникативтік дағдыларын дамытып, болашақта қоғамға бейімделуіне негіз қалайды.Заманауи білім беру жүйесінде ойын әдістерін қолдану жаңаша сипат алуда. Цифрлық технологиялар мен интерактивті құралдардың енгізілуі ойын мазмұнын байытып, оны одан әрі қызықты әрі тиімді етеді. Дегенмен, дәстүрлі ойындардың да тәрбиелік мәні зор екенін ұмытпау қажет. Сондықтан педагог ойынның әртүрлі түрлерін үйлестіре отырып қолдануы тиіс. Ойын әрекеті барысында бала тек білім алып қана қоймай, өзіндік «Менін» қалыптастырады. Ол ойын кезінде өз мүмкіндіктерін байқап, жетістікке жетуге талпынады. Бұл оның өзіне деген сенімділігін арттырып, дербестік қасиеттерін дамытады. Әсіресе, еркін ойындар баланың ішкі әлемін ашуға, оның қызығушылықтары мен бейімділіктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ойын баланың тілін дамытуда ерекше орын алады. Балалар ойын кезінде бір-бірімен сөйлесіп, өз ойларын жеткізуге тырысады, жаңа сөздерді үйренеді. Рөлдік ойындарда кейіпкерлердің сөздерін қайталау арқылы олардың сөздік қоры молаяды, сөйлеу мәдениеті қалыптасады. Бұл кейін мектепте оқу процесінде үлкен рөл атқарады.

Ойынның тәрбиелік әлеуеті де жоғары. Ол арқылы балаларға адамгершілік құндылықтарды сіңіруге болады. Мысалы, «дос болу», «көмектесу», «адалдық», «әділдік» сияқты ұғымдар ойын барысында табиғи түрде меңгеріледі. Тәрбиеші арнайы ұйымдастырылған ойындар арқылы балалардың бойында жағымды мінез-құлық нормаларын қалыптастырады.

Тағы бір маңызды аспект – ойынның эмоционалдық дамуға әсері. Балалар ойын барысында қуаныш, реніш, таңғалу сияқты түрлі сезімдерді бастан кешіреді. Бұл олардың эмоцияларын түсініп, басқаруға үйренуіне көмектеседі. Эмоционалдық тұрғыдан тұрақты бала қоршаған ортамен тез тіл табысып, қиын жағдайларға бейімделе алады.

Ойын ортасын дұрыс ұйымдастыру да үлкен маңызға ие. Балабақшада арнайы ойын бұрыштары, дамытушы орталықтар құрылуы тиіс. Онда түрлі ойыншықтар, дидактикалық материалдар, кітаптар мен шығармашылық құралдар болуы қажет. Мұндай орта баланың еркін дамуына жағдай жасап, оның ойынға деген қызығушылығын арттырады.

Сондай-ақ, инклюзивті білім беру жағдайында ойын ерекше рөл атқарады. Әртүрлі даму деңгейіндегі балалар ойын арқылы бір-бірімен қарым-қатынас орнатып, өзара түсіністікке келеді. Бұл олардың әлеуметтік бейімделуін жеңілдетіп, тең мүмкіндіктер жасауға ықпал етеді.Ойын әрекеті барысында бала тек білім алып қана қоймай, өзіндік «Менін» қалыптастырады. Ол ойын кезінде өз мүмкіндіктерін байқап, жетістікке жетуге талпынады. Бұл оның өзіне деген сенімділігін арттырып, дербестік

қасиеттерін дамытады. Әсіресе, еркін ойындар баланың ішкі әлемін ашуға, оның қызығушылықтары мен бейімділіктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ойын баланың тілін дамытуда ерекше орын алады. Балалар ойын кезінде бір-бірімен сөйлесіп, өз ойларын жеткізуге тырысады, жаңа сөздерді үйренеді. Рөлдік ойындарда кейіпкерлердің сөздерін қайталау арқылы олардың сөздік қоры молаяды, сөйлеу мәдениеті қалыптасады. Бұл кейін мектепте оқу процесінде үлкен рөл атқарады.

Ойынның тәрбиелік әлеуеті де жоғары. Ол арқылы балаларға адамгершілік құндылықтарды сіңіруге болады. Мысалы, «дос болу», «көмектесу», «адалдық», «әділдік» сияқты ұғымдар ойын барысында табиғи түрде меңгеріледі. Тәрбиеші арнайы ұйымдастырылған ойындар арқылы балалардың бойында жағымды мінез-құлық нормаларын қалыптастырады.Тағы бір маңызды аспект – ойынның эмоционалдық дамуға әсері. Балалар ойын барысында қуаныш, реніш, таңғалу сияқты түрлі сезімдерді бастан кешіреді. Бұл олардың эмоцияларын түсініп, басқаруға үйренуіне көмектеседі. Эмоционалдық тұрғыдан тұрақты бала қоршаған ортамен тез тіл табысып, қиын жағдайларға бейімделе алады.

Ойын ортасын дұрыс ұйымдастыру да үлкен маңызға ие. Балабақшада арнайы ойын бұрыштары, дамытушы орталықтар құрылуы тиіс. Онда түрлі ойыншықтар, дидактикалық материалдар, кітаптар мен шығармашылық құралдар болуы қажет. Мұндай орта баланың еркін дамуына жағдай жасап, оның ойынға деген қызығушылығын арттырады.Сондай-ақ, инклюзивті білім беру жағдайында ойын ерекше рөл атқарады. Әртүрлі даму деңгейіндегі балалар ойын арқылы бір-бірімен қарым-қатынас орнатып, өзара түсіністікке келеді. Бұл олардың әлеуметтік бейімделуін жеңілдетіп, тең мүмкіндіктер жасауға ықпал етеді.Мектепке дейінгі жаста ойын баланың оқу әрекетіне дайындық кезеңі ретінде де қарастырылады. Яғни, ойын арқылы бала болашақта мектепте қажет болатын дағдыларды меңгереді. Мысалы, ойын барысында тапсырманы тыңдау, оны орындау, ережелерді сақтау сияқты әрекеттер қалыптасады. Бұл дағдылар оқу процесіне бейімделуді жеңілдетеді.Ойынның құрылымына назар аударсақ, оның мақсаты, мазмұны, ережесі және нәтижесі болады. Осы элементтерді дұрыс ұйымдастыру арқылы педагог баланың дамуына бағытталған тиімді орта қалыптастырады. Әсіресе, ойынның ережесін сақтау балада тәртіп пен жауапкершілікті қалыптастырады. Ал ойын нәтижесіне жету баланың табандылығын арттырады.

Қазіргі педагогикада ойын арқылы оқыту (геймификация) әдісі кеңінен қолданылып келеді. Бұл әдіс балалардың қызығушылығын арттырып, оқу материалын жеңіл қабылдауға көмектеседі. Мысалы, тапсырмаларды ойын түрінде беру, марапаттау жүйесін қолдану балалардың белсенділігін арттырады. Мұндай тәсілдер әсіресе мектепке дейінгі жаста өте тиімді.Ойын барысында баланың сыни ойлауы да дамиды. Ол түрлі жағдайларды талдап, шешім қабылдауға үйренеді. Мысалы, логикалық ойындар мен тапсырмалар баланың ойлау қабілетін жетілдіріп,

себеп-салдар байланысын түсінуге көмектеседі. Бұл – баланың интеллектуалдық дамуының маңызды көрсеткіші.

Сонымен бірге, ойын баланың еңбекке деген көзқарасын қалыптастыруға да ықпал етеді. Қарапайым еңбек элементтері енгізілген ойындар арқылы бала еңбек етуге, нәтижеге жетуге, ұқыптылыққа үйренеді. Бұл оның болашақ өмірінде қажет болатын маңызды қасиеттердің бірі.Педагог пен баланың өзара қарым-қатынасы да ойын барысында ерекше сипат алады. Тәрбиеші ойын кезінде бағыттаушы, серіктес рөлін атқарады. Ол баланың бастамасын қолдап, қажет жағдайда көмек көрсетеді. Бұл бала мен тәрбиеші арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайтады.Сонымен қатар, ұлттық ойындардың да тәрбиелік мәні зор. Қазақтың дәстүрлі ойындары арқылы балалар ұлттық құндылықтарды, мәдениетті, салт-дәстүрді меңгереді. Бұл олардың патриоттық сезімін оятып, ұлттық сана-сезімін қалыптастырады.

Қорытындылай келе, ойын – тек даму құралы ғана емес, ол тәрбиенің, оқытудың және әлеуметтік бейімделудің әмбебап тәсілі. Сондықтан ойынның мүмкіндіктерін толық пайдалану – мектепке дейінгі педагогиканың негізгі бағыттарының бірі болып қала береді.

Қорытындылай келе, ойын – мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеудің ең тиімді әрі табиғи құралы. Ол баланың жан-жақты дамуына ықпал етіп, оның болашақтағы оқу әрекетіне дайындығын қалыптастырады. Осыған байланысты ойынға негізделген оқыту мен тәрбиелеу әдістерін жетілдіру қазіргі педагогиканың маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.Қорыта айтқанда, ойын – баланың өмірінің ажырамас бөлігі ғана емес, оның дамуының негізгі құралы. Сондықтан мектепке дейінгі педагогикада ойынға ерекше мән беріліп, оны тиімді ұйымдастыру – тәрбиеші мен ата-ананың басты міндеттерінің бірі болып табылады.

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУДАҒЫ "FLIPPING CHESS MATCH" ДАМЫТУШЫ ОЙЫННЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

***Ж.Ж.Серикқызы***
*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті,*
***Р. Х. Кошкимбаева***
*ғылыми жетекшісі: педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы*

**Аннотация.** Бұл мақалада мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың танымдық қабілеттерін дамытудағы “Flipping Chess Match” дамытушы ойынының педагогикалық маңызы қарастырылады. Балалардың танымдық дамуы мәселесі бойынша ғылыми дереккөздерге аналитикалық шолу негізінде аталған ойын баланың есте сақтау, назар, логикалық ойлау және қабылдау қабілеттерін дамытатын кешенді педагогикалық құрал ретінде анықталады.

**Кілт сөздер:** танымдық қабілет, дамытушы ойын, есте сақтау, логикалық ойлау, зейін, мектепке дейінгі білім беру.

**Аннотация.** В данной статье рассматривается педагогическое значение развивающей игры “Flipping Chess Match” в развитии познавательных способностей детей дошкольного возраста. На основе аналитического обзора научных источников по проблеме познавательного развития детей данная игра определяется как эффективное средство развития памяти, внимания, логического мышления и восприятия.

**Ключевые слова:** познавательные способности, развивающая игра, память, логическое мышление, внимание, дошкольное образование.

**Abstract**. This article examines the pedagogical value of “Flipping Chess Match” in developing preschool children’s cognitive abilities. It enhances memory, attention, logical thinking, and perception. Based on research analysis, the game is an effective and engaging tool that supports early childhood cognitive development and improves learning through play.

**Keywords:** cognitive abilities, developmental game, memory, logical thinking, attention, preschool education.

Мектепке дейінгі балалық шақ – бала жеке тұлға ретінде қалыптасатын, оның танымдық, эмоционалдық-еріктік және әлеуметтік қасиеттері белсенді дамитын маңызды кезең. Осы уақытта баланың миы ерекше икемділікпен қабылдайды, жаңа ақпаратты сіңіруге бейім болады. Дәл осы себепті мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында балалардың танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған педагогикалық құралдардың маңызы зор. [1][6].

Танымдық қабілет – бұл бала шындықты тану процесінде қолданатын психикалық операциялардың жиынтығы. Ол зейіні, есте сақтауды, қиялды, ойлауды, сөйлеуі және қабылдауды қамтиды. Заманауи педагогикада осы қабілеттерді дамытудың тиімді әдістерінің бірі – дамытушы ойындарды пайдалану. "Flipping Chess Match" (Аудармалы шахмат сәйкестігі) – жақында балалар ойындары нарығына шыққан, бірақ тез танымалдылыққа ие болған дамытушы ойын.

Бұл ойын екі жастағы балалардан бастап қолдануға болатын, ұсақ қол-моторикасы, есте сақтауды, логикалық ойлауды дамытатын күрделі емес,

бірақ тиімлі педагогикалық құрал болып табылады. Бұл мақалада "Flipping Chess Match" ойынының мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың танымдық қабілеттерін дамытудағы педагогикалық маңызы, оның психологиялық-педагогикалық негіздері және практикалық қолдану әдістері қарастырылады.

"Flipping Chess Match" ойыны алтыбұрышты пішіндегі ойын тақтасынан, түсті фишкалардан тұрады. Ойын тақтасында фишкалар қойылатын ұяшықтар орналасқан. Фишкалардың бір жағы түрлі-түсті суреттермен (жемістер, жануарлар, т.б.), екінші жағы бірыңғай түсті болады. Ойын комплекті екі сериядан тұрады: Animal Series (Жануарлар сериясы) – түрлі жануарлардың суреттері бейнеленген фишкалар; Fruit Series (Жемістер сериясы) – жемістер мен көкөністердің суреттері бар фишкалар. Таяқшалар фишкаларды аудару үшін қолданылады, бұл баланың ұсақ моторикасын дамытуға ықпал етеді. [2].

Ойынның негізгі ережелері. Ойынның классикалық нұсқасында мақсат – бірдей суреттері бар фишкалар жұптарын табу. Ойыншы кезекпен таяқшаның көмегімен екі фишканы аударып, суреттерді ашады. Егер суреттер сәйкес келсе, фишкалар ойыншыға беріледі және ол тағы бір жұп іздейді. Егер сәйкеспесе, фишкалар қайтадан жабылады және кезек келесі ойыншыға өтеді. Ойын аяқталғанда ең көп фишка жинаған ойыншы жеңімпаз атанады.

Педагогикалық мақсаттарға байланысты ойын ережелері өзгертілуі мүмкін: Тақырыптық нұсқа: тек белгілі бір категориядағы суреттерді іздеу (тек жануарлар немесе тек жемістер); Түстік нұсқа: фишкалардың түстері бойынша сәйкестендіру; Сөздік нұсқа: ашылған суреттердің аттарын атау; Көп ойыншылы нұсқа: 2 жұп, үш-төрт бала бірге ойнайды, бұл ынтымақтастық дағдыларын дамытады. [3].

"Flipping Chess Match" ойынының танымдық қабілеттерді дамыту. Есте сақтау – танымдық қабілеттердің негізгі компоненттерінің бірі. "Flipping Chess Match" ойыны есте сақтауды кешенді дамытады: Сыртқы есте сақтау: Бала ашылған фишкалардың орналасуын, суреттерін есте сақтауы керек. Бұл визуалды есте сақтауды жаттықтырады. Қысқа мерзімді есте сақтау: Ойын барысында бала тек ашылған фишкаларды ғана емес, олардың орналасқан орындарын да есте сақтайды. Бұл ақпаратты уақытша сақтау қабілетін жетілдіреді. Жұмыс есте сақтауы: Бала бір уақытта бірнеше ақпаратты өңдейді – қай фишкалар ашылған, қай жерде қандай сурет бар, қай фишкаларды кейін ашу керек. Бұл жұмыс есте сақтауын белсенді пайдаланады. Психологиялық зерттеулер көрсеткендей, осындай ойындарды жүйелі түрде қолдану есте сақтау көлемін 20-30%-ға арттырады (Gathercole & Alloway, 2008). [4].

Зейінді дамыту. Зейін – танымдық процестердің тағы бір маңызды компоненті. "Flipping Chess Match" ойыны зейін барлық түрлерін дамытады: -Ырықсыз зейін: Ойын барысында бала бірнеше фишкаларды қатар ашып, олардың суреттерін салыстыруы керек. Бұл зейінді әртүрлі объектілер арасында жылдам ауыстыру қабілетін жетілдіреді. -Ырықты зейін:

Ойыншылар өз кезегін күтеді, бұл өзін-өзі реттеу және тұрақты назарды қажет етеді. –Үйреншікті зейін: Бала маңызды ақпаратты (сәйкес келетін фишкалар) маңызды емес ақпараттан (басқа фишкалар) ажыратуы керек. -Бөлінген назар: Күрделі нұсқаларда бала бір уақытта бірнеше фишкалардың орналасуын бақылауы мүмкін.

Логикалық ойлауды дамыту. Логикалық ойлау – абстрактылық, салыстыру, талдау және синтез жасау қабілеті. Ойынды белсенді қолдануды талап етеді: -Салыстыру: Бала ашылған фишкалардың суреттерін салыстырып, олардың сәйкес келетінін немесе келмейтінін анықтайды. -Талдау: Ойыншы фишкаларды ашу стратегиясын таңдау үшін алдыңғы жұмыстарды талдайды. -Синтез: Бірнеше ашық фишкалардан ақпаратты біріктіріп, жүйелі білім жасайды (мысалы, "көзімше 3-ші ұяшықта мысық бар еді"). -Стратегиялық ойлау: Тәжірибелі ойыншылар алдағы қадамдарды болжайды, ықтимал нәтижелерді бағалайды.

Қабылдауды дамыту. Қабылдау – сезім мүшелері арқылы ақпаратты алу және өңдеу процесі. Ойын визуалды қабылдауды жетілдіреді: Қабылдаудың тұрақтылығы: Бала суреттердің ұқсас және айырмашылықтарын ажыратады (мысалы, түлкі мен қасқыр, алма мен алмұрт). Қабылдаудың тұтастығы: Күрделі суретті бөліктерге бөліп, кейін бүтіндей қабылдау. Қабылдаудың таңдамалылығы: Фишкалардың тақтадағы орналасуын, олардың өзара байланысын қабылдау.

Ұсақ мотериканы дамыту баладың қол моторикасы, саусақтардың дәл қимылдарын дамытады. Бұл мектепке дайындықтың маңызды компоненті, өйткені жазуға үйрену ұсақ моторикаға тәуелді.

"Flipping Chess Match" ойынының педагогикалық мақсаттарға сәйкестігі. Мектепке дейінгі білім беру стандартына сәйкестік. Қазақстан Республикасының "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты" балалардың танымдық дамуына ерекше көңіл бөледі. Стандарттың негізгі бағыттарына сәйкес, "Flipping Chess Match" ойыны: [7].

1. Физикалық қасиеттерді дамыту.
2. Коммуникативтік дағдылырды дамыту.
3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.
4. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.
5. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.

Монтессори педагогикасына сәйкестік. Монтессори әдістемесі бойынша, дамытушы материалдар төменгі қасиеттерге ие болуы керек: Тәртіптілік: Фишкалар белгілі бір тәртіппен орналасады; Бірлікті: Ойын нақты мақсатқа бағытталған; Аттрактивтілік: Түсті суреттер бала зейінің аударады; Дидактикалық: Бала қателессе, қатесін өзі көреді (суреттер сәйкес келмесе); Принципі: Ойын нақты ойын алаңында өтеді. "Flipping Chess Match" ойыны осы талаптардың барлығын қанағаттандырады. [5].

Ойын технологиясына сәйкестік. Заманауи мектепке дейінгі білім беруде ойын технологиясы маңызды орын алады. Ойын – бала үшін табиғи қызмет түрі, ол арқылы бала әлемді таниды. "Flipping Chess Match" ойыны:

Тәрбиелік мақсаттарға (тәртіп, ережелерді сақтау) сәйкес;

Дамытушылық мақсаттарға (танымдық қабілеттер) бағытталған;

Білім беру мақсаттарына (жануарлар мен жемістерді тану) сәйкес;

Денсаулық сақтау мақсаттарына (көзге, қимылға жүктеме) жауап береді.

Практикалық қолдану әдістемесі: Жас ерекшеліктеріне қарай қолдану:

Кіші топ (2-3 жас) Фишкалар саны 6-8 данаға дейін қысқартылады; Тек бір серия (жануарлар немесе жемістер) қолданылады; Ережелер жеңілдетіледі: сәйкес фишкаларды табу жеткілікті; Ересектер көмегі қажет; Ойын ұзақтығы 5-7 минут.

Ортаңғы топ (3-4 жас) Толық ойын жиынтығы қолданылады; Екі серияны араластыруға болады;

Толық ережелер енгізіледі; Жұптық ойын ұйымдастырылады; Ойын ұзақтығы 10-12 минут.

Ересек топ (5-6 жас) Қосымша шарттар енгізіледі (мысалы, суретті атау, сөйлем құрау);

Жарыс түрінде өткізуге болады;

Өз ережелерін ойлап табуға ынталандыру;

Ойын ұзақтығы 15-20 минут.

Интеграциялық мүмкіндіктер "Flipping Chess Match" ойыны әртүрлі білім беру салаларымен интеграциялана алады:

Сөйлеуді дамыту: Суреттердің аттарын атау, сөйлемдер құрау, ойын процесін сипаттау.

Математика: Фишкаларды санау, көп-жақ аз ұғымын түсіндіру, геометриялық пішіндерді тану.

Қоршаған әлем: Жануарлар мен жемістер туралы білімді бекіту, олардың сипаттамаларын айту.

Шығармашылық: Суреттердегі түстерді, пішіндерді талдау, өз суреттерін салу.

Дене тәрбиесі: Таяқшаларды пайдалану арқылы қол моторикасын дамыту.

Ойынның тиімділігін арттыру жолдары. Дифференцияланған тәсіл.

Балалардың жеке ерекшеліктерін ескеру маңызды:

Тез ойлайтын балаларға: қосымша тапсырмалар (уақытқа қарсы ойнау);

Тежеуілді балаларға: көбірек уақыт беру, жеңілдетілген нұсқа;

Есте сақтауы төмен балаларға: фишкалар саны азайтылады;

Коммуникативті қиындықтары бар балаларға: жұптық ойындарды көбірек ұйымдастыру.

Диагностикалық мүмкіндіктер "Flipping Chess Match" ойыны балалардың танымдық дамуын бақылау құралы ретінде қолданыла алады: Есте сақтау көлемін анықтау;

Зейін тұрақтылығын бақылау;

Логикалық ойлау деңгейін бағалау;

Ұсақ моторика дәрежесін тексеру.

"**Flipping Chess Match**" ойыны мектепке дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін дамытуда өте тиімді құрал болып табылады. Бұл ойын балалардың есте сақтауын, назарын, логикалық ойлауын, қабылдауын және ұсақ моторикасын кешенді түрде жетілдіреді. Ойын мектепке дейінгі білім беру стандартына, Монтессори әдістемесіне және заманауи ойын технологияларына сәйкес келеді, сондықтан оны тәрбиешілер өз сабақтарында, ал ата-аналар үйде балалармен бірге қолдана алады. Мұндай ойындар дәстүрлі ойындармен біріктіріліп қолданылғанда, балалардың танымдық дамуына ерекше жағдай жасайды және мектепке жан-жақты дайындайды.

Қорытындылай келе, "Flipping Chess Match" – бұл тек көңілді ойын емес, сонымен қатар баланың ойлау, есте сақтау, назар аудару және моторикасын дамытуға бағытталған педагогикалық құрал.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**:

1. Бергер, К.С. (2014). Мектепке дейінгі педагогика . Алматы: Қазақ университеті.
2. Выготский, Л.С. (2005). Ойын және оның баланың психикалық дамуындағы рөлі . М.: Академия.
3. Газман, О.С., & Карышева, Н.Н. (2008). Ойын технологиясы . М.: Просвещение.
4. Gathercole, S.E., & Alloway, T.P. (2008). Working Memory and Learning: A Practical Guide for Teachers . London: SAGE Publications.
5. Монтессори, М. (2017). Менің педагогикалық әдістемем . Астана: Фолиант.
6. Смольянинова, О.И. (2019). Мектепке дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін дамыту . М.: Детство-Пресс.

7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. (2014). Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

# ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ПАРАДИГМАСЫ АЯСЫНДА БАЛАБАҚШАДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

***А.А. Кенжегалина***
*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің магистранты,*
***Б.Г.Сарсенбаева***
*ғылыми жетекшісі: педагогика ғылымдарының кандидаты, педагогика жоғары мектебінің профессоры.*

**Аннотация.** Мақала мектепке дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің маңызы қарастырылады. Табиғатқа сүйіспеншілік пен жауапкершілікті қалыптастыру жолдары көрсетіледі. STEM, жобалау және ойын технологиялары арқылы экологиялық мәдениетті дамыту тиімділігі сипатталады. Экологиялық мәдениетті қалыптастырудың қоғамдағы өзекті мәселелерді шешудегі рөлі айқындалып, баланың табиғатқа деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілігін ерте жастан қалыптастыру қажеттілігі негізделеді.

**Кілт сөздер:** экологиялық тәрбие, мектепке дейінгі білім, табиғат, экологиялық мәдениет, STEM, тәрбие, бала

**Аннотация.** В статье рассматривается значение экологического воспитания дошкольников. Показаны пути формирования любви к природе и ответственности. Описана эффективность развития экологической культуры с использованием STEM, проектных и игровых технологий. Раскрывается роль формирования экологической культуры в решении актуальных общественных проблем, а также обосновывается необходимость раннего формирования у детей любви к природе и ответственности за неё.

**Ключевые слова***:* экологическое воспитание, дошкольное образование, природа, экологическая культура, STEM, воспитание, ребенок.

**Annotation.** The article examines the importance of environmental education for preschool children. It highlights ways to develop love for nature and responsibility. The effectiveness of STEM, project-based, and game-based technologies in fostering ecological culture is described. The role of developing ecological culture in addressing pressing societal issues is highlighted, and the necessity of fostering children’s love for nature and responsibility from an early age is substantiated.

**Keywords***:* environmental education, preschool education, nature, ecological culture, STEM, upbringing, child

Қазіргі әлемде экологиялық проблемалар өзінің қоғамдық мәні жағынан алдыңғы қатардағы мәселелердің біріне айналды, мұндай жағдай адамзаттан бұрыңғыдан да саналы, ақылды болуды талап етеді. Экологиялық біліктілікті жүзеге асырудың бірі экологиялық білімді жете меңгеру болып табылады. Экологиялық жағдайдың әсері нәтижесінде жүргізілетін қазіргі адамзаттың рухани санасын қайта қарау оларда алдыңғы кезекте жауапкершілік, даналық, ақылға салып көрушілік, аяушылық,

табиғи ортаның әрбір байлығын бағалау және түсіну қабілеттерін дамытуға негізделген. Біздің қоғамымыздың рухани құлдырау көрсеткіштерінің бірі, біртіндеп экологиялық қауіптілікке үйренуіміз, қоршаған орта жағдайына салыстырмалы жауапкерсіздігіміз бен немқұрайлығымыз болып табылады. Осындай жағдайдан арылуда Қазақстан Республикасы тұрақты дамудың жаңа жолына түскенде экологиялық білім мен тәрбие берудің маңызы арта түсуде [5, 33б].

Бүгінгі күні қоғамда көптеген өзекті де өткір мәселелерді оңтайлы шешу көп ретте азаматтық қауымдастықтың даму деңгейін өрістетуге, жеткіншектер мен жастардың экологиялық мәдениетін еселеуге, қоршаған ортаға деген құрметін, Табиғат-Анаға азаматтық сүйіспеншілігін қалыптастыруға тікелей байланысты. Осыған сәйкес қазіргі уақытта білім беру мекемелерінде балаларға экологиялық тәрбие беру - оқу-тәрбие үрдісіндегі әлеуметтік мән-маңызы зор, сондай-ақ құнды бағыттардың бірі. Табиғатты қорғау жұмыстары үздіксіз жүргізілуде. Қоршаған ортаны аялауға деген адамның саналы көзқарасын қалыптастыру оның бала кезінен ерте басталуы тиіс [1,210 б].

Табиғат әлемі таңғажайып және керемет. Дегенмен, барлығы бұл сұлулықты, аспан, су, жапырақ түстерінің алуандығын көре білмейді. Табиғат балаға күнделікті әсер етеді. Бірақ балалар көп нәрсені байқай бермейді, үстірт қабылдайды. Табиғат сұлулығы рухани қайырымдылыққа тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады, яғни, балаларды мейірімділікке, адамгершілікке, жақын адамдарға қамқор бола білуге көмектеседі. Балалар үшін табиғат-бұл әр түрлі табиғи құбылыстарды танудың және сөздік қорын байыту көзі. Бұл-балалардың сөйлеу және ойлау қабілетінің дамуына ең қолайлы және пайдалы фактор. Табиғат баланың тұлғалық қалыптасуына зор ықпал етеді. Баланың қандай болып өсуі бізге, ересектерге байланысты. Балабақша балаларының экологиялық тәрбиесі алуан түрлі ықпал ету құралдарының көмегі арқылы іске асырылады: саяхат; мұражайларға бару; мақсаттық серуен; телебағдарламалар, бейнефильмдер; табиғат туралы көркем әдебиеттер; суреттерді, фотосуреттерді, иллюстрацияларды тамашалау; музыка тыңдау; дидактикалық ойындар, мақал-мәтелдер [2, 110б].

Мектепке дейінгі жастағы балаларға адам мен табиғат арасындағы қарым - қатынасты анықтайтын экологиялық тәрбие беруге байланысты мектепке дейінгі тәрбие мекемелердің алдында негізінен мына төмендегі міндеттер тұр. Атап айтқанда:

- педагогтардың экологиялық тәрбие беру жөнінде білім деңгейін көтеру;

- балаларды айналамен таныстырудың бағдарламасын, олардың ата-аналарына насихаттау;

- әртүрлі жастағы балалар топтарындағы оқу-тәрбиелік жұмыстар;

*Ғалымдардың пікірлері мен теориялық негіздеме:*

Шетелдік ғалымдар:

С.Н. Николаева: Ресейлік ғалым мектепке дейінгі экологиялық тәрбиенің негізін «табиғатқа саналы түрде дұрыс көзқарас қалыптастыру» деп анықтайды. Оның тұжырымдамасы бойынша, бала табиғат нысандарының тірі екенін, олардың қажеттіліктері бар екенін түсінуі тиіс

Н.А. Рыжова: Ол «Біз — табиғаттың бір бөлшегіміз» атты бағдарламасында экологиялық тәрбиенің негізгі мақсаты — баланың қоршаған ортамен эмоционалды-оң байланысын орнату екенін атап көрсетеді.

Я.А. Коменский: Классикалық педагогиканың негізін салушы табиғатты білімнің қайнар көзі деп санаған. Ол «баланы табиғаттың өзінен үйрету керек» деген қағиданы ұстанған.

*Қазақстандық ғалымдар:*

З. Әбілова: Отандық этнопедагогиканың өкілі экологиялық тәрбиені қазақ халқының салт-дәстүрімен (мысалы, «Көкті жұлма», «Суға түкірме») байланыстырудың маңыздылығын айтады.

Б. Сейсенбаева: Мектепке дейінгі экологиялық тәрбиенің әдістемесін зерттей отырып, ол баланың табиғатты бақылау және онымен тікелей қарым-қатынас жасау арқылы ғана құндылықтарды қабылдайтынын дәлелдеген.

Б. Баймұратова: Балабақшадағы экологиялық білім беруде ойын мен еңбек әрекетінің интеграциясын басты орынға қояды.

Заманауи технологиялар мен құндылықтар:

Мектепке дейінгі шақ — баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуының ең маңызды кезеңі. Дәл осы уақытта қоршаған ортаға деген алғашқы көзқарас, мейірімділік пен жанашырлық сезімдері оянады. Заманауи білім беру парадигмасы баланы жай ғана бақылаушы емес, табиғаттың белсенді қорғаушысы ретінде тәрбиелеуді талап етеді. Мектепке дейінгі жастағы балалардың экологиялық санасын дамытудың теориялық және практикалық негіздері қарастырылады. Жаңа парадигма аясындағы құндылықтар мен балабақшада қолданылатын нақты инновациялық технологияларға STEM, жобалау, экологиялық квест талдау жасалған. [4, 89б].

STEM-технология (Science, Technology, Engineering, Mathematics) — жаратылыстану ғылымдары, технология, инженерия және математика біріктіріп, тәжірибелік-жобалық форматта оқытатын заманауи білім беру моделі. Бұл тәсіл балалардың сыни ойлауын, шығармашылығын және теориялық білімді өмірде қолдану дағдыларын дамытады.

STEM-нің негізгі құрамдас бөліктері:

S - Science (Ғылым): Қоршаған ортаны зерттеу, ғылыми құбылыстарды түсіну.

T - Technology (Технология): Сандық құралдарды, компьютерлік бағдарламаларды, робототехниканы қолдану.

E - Engineering (Инженерия): Жобалау, құрастыру, инженерлік есептерді шешу.

M - Mathematics (Математика): Есептеу, талдау, логикалық ойлау.

STEM-технологиясының маңыздылығы: "Естігенімді - ұмытамын, көргенімді- есте сақтаймын, өз істегенімді- меңгеремін" принципі бойынша жобалалар білімді тәжірибе жүзінде алады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық мәдениетті қалыптастыру үшін келесі технологияларды кешенді түрде қолдану қажет:

*STEM-технологиясы (Зерттеу қызметі):*

Мақсаты: Баланың танымдық қызығушылығын эксперимент арқылы ояту.

Іске асыру: «Тірі және өлі табиғат» зертханасы. Мұнда балалар магнитпен, сумен, құммен тәжірибе жасайды. Мысалы, «Өсімдік қалай тыныс алады?» деген тәжірибеде жапырақты вазелинмен жағып, оның солып қалғанын көру арқылы өсімдіктің де тірі жан екенін түсінеді.

*Экологиялық жобалау (Project-based learning):*

Мақсаты: Баланың алған білімін іс жүзінде қолдану дағдысын дамыту.

Мысалы: «Менің кішкентай бақшам» жобасы. Балалар топ бөлмесінде пияз, бұршақ егіп, оны күнделікті күтеді, бақылау күнделігіне суреттерін салады. Бұл «еңбекқорлық» пен «жауапкершілік» құндылықтарын қалыптастырады.

*Кейс-технология (Мәселелік жағдаяттар):*

Мақсаты: Этикалық таңдау жасауды үйрету.

Жағдаят: Балаларға сурет көрсетіледі: біреуі гүлді жұлып жатыр, екіншісі су құйып жатыр. «Қай бала дұрыс істеді? Неге?» деген сұрақтар арқылы бала жақсы мен жаманды ажыратады.

*Ойын технологиясы (Эко-квестер):*

Мақсаты: Қозғалыс пен ойын арқылы экологиялық білімді бекіту.

Мысалы: «Орман достарына көмек» ойыны. Балалар әртүрлі кедергілерден өтіп, «қоқыстарды» (қағаз, пластик) тиісті жәшіктерге жинайды

Заманауи білім беру парадигмасы аясында балабақшада экологиялық мәдениет қалыптастыру технологиялары қолдана отырып мектепке дейінгі балалардың экологиялық мәдениетінің негізгі құндылықтарын қалыптастыруға болады.

Адамгершілік-экологиялық құндылық: Табиғатқа мейірімділікпен қарау, жан-жануарлар мен өсімдіктерге қамқорлық жасау, тіршілік иелерін аялауды үйрену.

Танымдық құндылық: Табиғат құпияларын, оның әртүрлілігін және өзара байланысын танып білу, қоршаған ортаны зерттеуге деген қызығушылықты ояту.

Эстетикалық құндылық: Табиғаттың сұлулығын сезіну, әсемдікті көре білу, ән-жыр, өнер туындылары арқылы табиғатты қабылдау.

Тәжірибелік-еңбек құндылығы: Табиғатты қорғауға бағытталған қарапайым еңбек әрекеттері (гүлдерді суару, құстарға ұя жасау), экологиялық әдептілік дағдыларын қалыптастыру.

Отансүйгіштік құндылық: Туған өлкенің табиғатын сүю, оны қорғау және ұлттық мәдениет арқылы табиғатпен үндестікте өмір сүру[3, 157б].

Мектепке дейінгі кезеңде қаланған экологиялық білімі баланың болашақтағы мәдениеттілігі мен адамгершілігінің кепілі. Инновациялық технологиялар бұл процесті қызықты әрі нәтижелі етеді.

Баланың дүниеге келгеннен кейінгі алғашқы 7 жыл оны тәрбиелеу мен оқытудағы ең басты кезең болғандықтан оны ескерусіз өткізіп алуға болмайды. Сондықтан да балабақшамыздағы тәрбие ісінің негізгі міндеттерінің бірі "Балаларды айналамен таныстыра отырып, оларға экологиялық тәрбие беру" болып табылады. Баланы өз туған өлкесінің табиғатын сүюге, оны аялай білуге, оны қорғауға қызығушылығын арттырып, жауапкершілігін күшейтуге, табиғатпен бірге өмір сүретінін сезінуге үйрету мақсат.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев экологиялық білім мен тәрбиені ұлттық идеологияның өзегі деп бағыттайды. Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды бала кезден бастап қалыптастыру қажеттігін, экологиялық мәдениетті арттыру – тұтас қоғамның міндеті екенін баса айтады. Ол «таза табиғат – таза ұлт» қағидасын ұстанып, экологиялық білімді жас ұрпақтың бойына сіңіру маңыздылығын атап өтті.

Осы орайда, экологиялық білім беру – адамзат қауымы мен табиғаттың қоғамның үйлестігі негізінде жүзеге асатын білім беру жүйесі мен оқыту үрдісінің ең тиімді жолдарын өміршең ету. Оның ішінде қоршаған орта мен оның табиғи ресурстарын тиімді пайдалану барысында табиғатты қорғай алатын, аялай білетін, адамгершілігі мол, ізгілікті, экологиялық білімі мен мәдениеті жоғары жаңа ұрпақты тәрбиелеу ерекше орын алады.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Ж.А.Мамытбаева., Б.А.Мустафаева. «Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық білім берудің теориясы мен әдістемесі» Шымкент 2025 – 210 б.
2. А.Н. Ғалиева., Ахметова Г.Б. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру жұмысын ұйымдастыру // Педагогика. № 2 – 2015, 110б.
3. В.С. Смагулова Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру: теориялық негіздері. – Алматы, 2016, - 157б
4. Ж.Ж. Сергазина Мектепке дейінгі балалардың экологиялық жауапкершілігін қалыптастыру // Педагогикалық журнал. № 7– 2015, 89б.
5. Жумадилова А.К., Амантай А.Е. Экологиялық білім беру – экологиялық сауаттылықтың негізі // Ғылыми журнал. № 3, 2024 - 33б

# БАЛАЛАРДЫ ТАБИҒАТПЕН ТАНЫСТЫРУ ҮШІН ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

***Мухтарханова Дания Аскаровна***
*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті*
*ғылыми жетекшісі:*
**Р. Х. Кошкимбаева**
*педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы*

**Аннотация**. В статье раскрывается значение экологического воспитания детей дошкольного возраста, так как именно в этом возрасте формируются основы экологической культуры личности. Рассматриваются цели и задачи экологического воспитания, его эстетический и познавательный аспекты. Особое внимание уделено роли дидактических игр как эффективного средства формирования экологических знаний у дошкольников. Представлены виды дидактических игр (словесные, с природным материалом, настольные) и этапы их проведения. Отмечено, что использование игр способствует развитию памяти, внимания, наблюдательности, формированию гннравственных качеств и бережного отношения к природе.

**Ключевые слова***:* дошкольный возраст, экологическое воспитание, дидактическая игра, природа, воспитатель, экологическая культура.

**Аннотация.** Мақалада мектепке дейінгі жастағы балалардың экологиялық тәрбиесінің маңызы ашылып көрсетіледі, себебі дәл осы кезеңде тұлғаның экологиялық мәдениетінің негізі қаланады. Экологиялық тәрбиенің мақсаты мен міндеттері, оның танымдық және эстетикалық қырлары қарастырылады. Мақалада дидактикалық ойындардың экологиялық білім берудегі тиімділігіне ерекше көңіл бөлінген. Дидактикалық ойындардың түрлері (сөздік, табиғи материалмен, үстел үсті ойындары) мен оларды өткізудің кезеңдері сипатталады. Дидактикалық ойындарды қолдану балалардың есін, зейінін, байқағыштығын, табиғатқа қамқорлық сезімін дамытуға ықпал ететіні атап өтіледі.

**Түйін сөздер***:* мектепке дейінгі жастағы балалар, экологиялық тәрбие, дидактикалық ойын, табиғат, тәрбиеші, экологиялық мәдениет.

**Abstract.** The article reveals the importance of environmental education for preschool children, as this age is the foundation for forming an individual’s ecological culture. The goals and objectives of environmental education are discussed, emphasizing both its cognitive and aesthetic aspects. Special attention is given to didactic games as an effective tool for developing environmental knowledge among preschoolers. The paper describes different types of didactic games (verbal, with natural materials, tabletop games) and the stages of their implementation. It is noted that the use of didactic games helps to develop memory, attention, observation, moral qualities, and a caring attitude toward nature.

**Keywords***:* preschool age, environmental education, didactic game, nature, educator, ecological culture.

Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық тәрбиесі үлкен маңызға ие, өйткені бұл жаста жеке тұлғаның экологиялық мәдениетінің негізі қаланады, бұл рухани мәдениеттің бөлігі болып табылады.

Мектепке дейінгі балалық шақ – баланың жеке басын қалыптастырудың бастапқы кезеңі, оның қоршаған әлемдегі құндылық бағдары. Дәл осы жаста баланың табиғатқа да, өзіне де, айналасындағы адамдарға да оң көзқарасы бар.Основная задача по ознакомлению с

природой состоит в том, чтобы сформировать у детей целостное восприятие и представление о различных предметах и явлениях окружающей действительности.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың алған қарапайым экологиялық білімі оларға болашақта экологиялық бағыттағы пәндерді игеруге көмектеседі.

Экологиялық білім табиғаттың сұлулығын білуден басталуы керек. Экологиялық тәрбие қоршаған әлем туралы ғылыми білімді ғана емес, сонымен қатар эстетикалық түсті болуы керек. Бұл мектеп жасына дейінгі балалардың қоршаған әлемді көркемдік және эстетикалық қабылдауын қалыптастыруға ықпал етеді.В ознакомлении детей с природой широко используются разнообразные игры, например, такие как дидактические игры.

Дидактикалық ойын-бұл дайын мазмұны бар ережелер ойыны.

Дидактикалық ойын барысында балалар табиғат объектілері мен құбылыстары, өсімдіктер, жануарлар туралы түсініктерін нақтылайды, бекітеді, кеңейтеді.

Сонымен қатар, ойындар есте сақтауды, зейінді, байқауды дамытуға ықпал етеді, балаларды қолда бар білімді жаңа жағдайда қолдануға үйретеді.

Дидактикалық ойындарды қолданған кезде белгілі бір педагогикалық принциптерді сақтау қажет:

- балалардың бұрыннан бар біліміне сүйену керек;
- дидактикалық тапсырманың жеткілікті, қиын және сонымен бірге балаларға қол жетімді екендігіне көз жеткізу;
- дидактикалық тапсырманы және ойын әрекеттерін біртіндеп қиындатыңыз;
- балаларға ойын ережелерін түсіндіруге болады.

Дидактикалық ойын-оқытудың тиімді құралдарының бірі. Оны білім беру қызметінде де, күнделікті өмірде де қолдануға болады.

Дидактикалық ойындардың негізгі түрлері:

Ауызша дидактикалық ойындар. Олар ойыншылардың сөздері мен іс-әрекеттеріне негізделген, балалар ойлау міндеттерін өз бетінше шешеді; мысалы, заттарды сипаттау, сипаттама бойынша заттарды болжау, табиғат объектілері мен құбылыстарының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу.

Табиғи материалмен ойындар. Ойынның бұл түрі балаларды табиғатпен таныстыруда тиімді. Табиғи материалдардың өзі балаларға өте қызықты, олар мұндай ойындарды қызығушылықпен ойнайды. Мұндай ойындарды топта да, көшеде де өткізуге болады. Бірақ сақтық шараларын ұмытпауымыз керек, мұндай ойындарды ересек адамның қатысуымен өткізу керек.

Үстел үстіндегі дидактикалық ойындар-бұл өте қызықты ойын түрі. Көбінесе жұптасқан суреттермен, бөлінген суреттермен және текшелермен

дидактикалық ойындар қолданылады. Бұл ойындар өте алуан түрлі: "Лото", "Домино", тапсырмалары бар әртүрлі серуендер.

Дидактикалық ойындарды қолдану 3 кезеңде жүзеге асырылады:

1 кезең: мұғалімнің ойынды дайындауы.

Ойынның ыңғайлы уақыты мен орнын анықтайды. Сондай-ақ, балаларды ойынға дайындау керек, балаларға ойын мәселесін шешуге көмектесетін материалды алдын-ала түсіндіру керек.

2 кезең: ойынның өзін өткізу. Балаларды ойынның мазмұнымен, дидактикалық материалмен таныстыру, біз оны ойында қолданамыз. Ойынның барысы мен ережелерін түсіндіру.

3 кезең: ойынды талдау. Мұғалім ойынның бүкіл процесін талдайды: балаларға не ұнады, барлық балалар қатысты ма, ойынның қандай әдістері мен әдістері ең жақсы болды. Мұндай талдау ойын дайындауды және ойын процесін жақсартуға көмектеседі.

Дидактические игры экологического содержания необходимо проводить и во время экскурсий и целевых прогулок, при ознакомлении детей с трудом взрослых при обучении их трудовой деятельности в природе, а также в экспериментальной деятельности дошкольников.

Экологиялық мазмұндағы дидактикалық ойындар экскурсиялар мен мақсатты серуендер кезінде, балаларды ересектердің еңбегімен таныстыру кезінде, олардың табиғаттағы еңбек қызметін оқытуда, сондай-ақ мектеп жасына дейінгі балалардың эксперименттік іс-әрекетінде жүргізілуі керек. Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық даму деңгейі көбінесе олардың ата-аналарының экологиялық сауаттылық дәрежесімен анықталады.

Мектеп жасына дейінгі балалардағы экологиялық білім дидактикалық ойындар арқылы экологиялық мәдениет деңгейін арттыруға, мектеп жасына дейінгі баланың сөздік қорын жандандыруға, адамгершілік қасиеттерін дамытуға, сондай-ақ табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеуге ықпал етеді.

## Қолданылған әдебиет:


1. Николаева С.Н. Экологическое воспитание дошкольников. – М., 2002г.
2. Николаева С.Н. Эколог в детском саду. – М., 2003г.
3. Бондаренко А.К. Дидактические игры в детском саду. Пособие для воспитателей детского сада. – М., 1985 г.
4. Соломенникова О.А. Экологическое воспитание в детском саду. – М.: МОЗАИКА – СИНТЕЗ, 2005- 2010г.
5. Шарипова А.Т. Мектепке дейінгі тәрбиедедидактикалық ойындарды қолдану әдістемесі. – Астана: Фолиант, 2022. – 212 б.
6. Ерғалиева С.Б. Экологиялық мәдениетқалыптастырудағы ойын әрекетінің рөлі. – Шымкент: ОҚМПУ, 2023. – 184 б.

# ЦИФРЛЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ ЖАСТАР: ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ ПЕН КӘСІПКЕРЛІК ОЙЛАУДЫҢ ЖАҢА МОДЕЛЬДЕРІ

**Толеубекова Сабина Владимировна**
*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті*
*Ғылыми жетекші:* ***Алпысбай Нурболат Алысбайұлы*** *PhD, қауымдастырылған профессор*

**Аңдатпа**

Қазіргі Қазақстандағы жастардың өмірі цифрлық технологиялармен тығыз байланысты. Смартфондар, әлеуметтік желілер және онлайн платформалар білім алу, қаржылық операциялар және креативтік жобаларды жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Студенттер Kaspi Bank немесе Halyk Bank арқылы төлем жасайды, TikTok, Instagram арқылы табыс табады, фриланс платформаларда жобаларды орындайды. Бұл әрекеттер құқықтық қатынастарға байланысты, алайда студенттердің көпшілігі заңдық салдарын толық түсінбейді. Сондықтан жастардың құқықтық мәдениеті мен кәсіпкерлік ойлауын зерттеу өзекті. Қазақстандағы «Цифрлық Қазақстан», «Startup Kazakhstan», TechPark сияқты бағдарламалар цифрлық дағдыларды дамытуға бағытталған.

**Аннотация**

Жизнь молодежи в Казахстане тесно связана с цифровыми технологиями. Смартфоны, социальные сети и онлайн-платформы важны для обучения, финансовых операций и реализации креативных проектов. Студенты используют Kaspi Bank и Halyk Bank, зарабатывают через TikTok и Instagram, работают на фриланс-платформах. Эти действия связаны с правовыми отношениями, однако многие студенты не полностью понимают юридические последствия. Поэтому изучение правовой культуры и предпринимательского мышления молодежи актуально. Программы «Цифровой Казахстан», «Startup Kazakhstan», TechPark способствуют развитию цифровых навыков.

**Abstract**

Youth life in Kazakhstan is closely linked to digital technologies. Smartphones, social networks, and online platforms play a key role in education, financial transactions, and creative projects. Students use Kaspi Bank and Halyk Bank, earn via TikTok and Instagram, and work on freelance platforms. These activities involve legal relations, yet many students do not fully understand the legal consequences. Therefore, studying youth legal culture and entrepreneurial thinking is relevant. Programs like “Digital Kazakhstan,” “Startup Kazakhstan,” and TechPark support the development of digital skills.

**Түйінді сөздер**: цифрлық технологиялар, смартфондар, әлеуметтік желілер, онлайн платформалар, құқықтық мәдениет, кәсіпкерлік ойлау, студенттер, Қазақстан, креативтік жобалар.

**Ключевые слова**: цифровые технологии, смартфоны, социальные сети, онлайн-платформы, правовая культура, предпринимательское мышление, студенты, Казахстан, креативные проекты.

**Keywords**: digital technologies, smartphones, social networks, online platforms, legal culture, entrepreneurial thinking, students, Kazakhstan, creative projects.

## Кіріспе

Қазіргі студент өмірін цифрлық технологияларсыз елестету мүмкін емес. Бұрынғы студент тек дәріске қатысып, кітап оқып, жазбаша тапсырмаларды орындаумен шектелетін, ал қазіргі студент смартфон, әлеуметтік желілер және онлайн платформалар арқылы өз білімін,

қаржылық белсенділігін және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Студент күн сайын Kaspi немесе Halyk Bank қосымшалары арқылы төлем жасайды, TikTok және Instagram арқылы контент жасап табыс табады, Wildberries, Ozon сияқты маркетплейстерден тауар сатып алады, фриланс платформаларда жобалар орындайды. Қазақстанда 2025 жылғы мәлімет бойынша шамамен 19,5 миллион адам интернетті пайдаланады, бұл халықтың 93,4 % —ын құрайды. 18–29 жас аралығындағы 76,2 % жас жасанды интеллект құралдарын (ChatGPT, Google Gemini, Midjourney) оқу, мәтіндік жұмыс және өзіндік даму үшін қолданады (DataReportal, 2026). Мемлекеттік статистика бойынша, қазақстандықтардың 96,2 % интернетті күнделікті қолданады (Astana Times, 2025). Бұл көрсеткіштер студенттердің цифрлық өмірге белсенді қатысып, жаңа мүмкіндіктерді тиімді пайдаланатынын көрсетеді.

Қазіргі студент тек цифрлық тұтынушы емес, ол цифрлық өнім өндіруші. Бүгінгі күнде студенттер өз идеяларын онлайн арқылы жүзеге асырады: Instagram парақша жүргізу, SMM тәжірибесін жинау, фриланс платформаларда графикалық дизайн, жазба немесе анимация сату, Telegram немесе жеке сайт арқылы онлайн дүкен ашу, криптовалюта немесе NFT жобаларына қатысу – бұның бәрі студентке дәстүрлі емес табыс жолдарын ашады. Мысалы, TikTok-та мем жасап, блог жүргізіп немесе Reels видеолар арқылы студент аптасына бірнеше мың теңге таба алады. Telegram-да жеке чат немесе каналда өнім сату, онлайн курс жасау – бұл студентке өз дағдыларын арттыруға және шағын бизнес жүргізуге мүмкіндік береді. Соңғы жылдары Қазақстанда жастар арасында онлайн курс, вебинар және гейминг негізінде табыс табу белсенді дамып жатыр. Мысалы, 2025 жылға қарай Қазақстандағы студенттердің 35%-і өз білімін онлайн платформада бөлісіп табыс табады деп жоспарлануда.




*Сурет 1 – Студенттердің цифрлық платформалар арқылы табыс табу схемасы:*

Бұл жерде студенттің TikTok, YouTube, Instagram т.б платформалар арқылы табыс табу жолын диаграмма немесе инфографика түрінде көрсетуге болады. Дегенмен, цифрлық өмірдің жаңа мүмкіндіктері

құқықтық дағдыларды талап етеді. Көп студент интернет алаяқтыққа ұшырайды, келісімшарттарды оқымай қабылдайды, жеке деректерін қорғай алмайды немесе авторлық құқықты бұзады. Мысалы, TikTok-та мем немесе видео жасап табыс тапқан студент авторлық құқықты сақтамаса, заңдық мәселе туындауы мүмкін.

Студенттер арасында ең көп кездесетін проблемалар:

• Интернет алаяқтыққа ұшырау – зерттеуге қатысқан 10 студенттің 5-і бір рет болмаса да алаяқтыққа тап болған.

• Келісімшарттарды оқымай қабылдау – 6 студент келісімнің заңдық салдарын түсінбейді.

• Жеке деректерді қорғау мәселесі – кейде студенттер деректерін қорғауды білмей, алаяқтыққа жол береді.

• Авторлық құқық бұзу – мем, видео, гайд немесе курс жасағанда кей студент авторлық құқықты сақтамайды.

Университеттер студенттердің құқықтық сауаттылығын арттыру үшін интерактивті курстар, виртуалды құқықтық ойындар және онлайн тренингтер өткізеді. Мысалы, кейбір оқу орындарында студенттер “Digital Law” платформасы арқылы шынайы келісімшарттар жасап, тәуекелдерді бағалауды үйренеді. Бұл студенттің цифрлық белсенділігін арттырып, болашақта бизнес жүргізуге дайындық береді. Цифрлық қоғам студентке бизнес бастау үшін шексіз мүмкіндіктер береді. Қазіргі студент кәсіпкер болып табылады: TikTok арқылы жарнама жасайды, Telegram-да дүкен ашады, маркетплейстерде тауар сатады, онлайн курстар өткізеді. Бұл тек ақша табу емес, идеяны жүзеге асыру, тәуекелді бағалау және шешім қабылдау дағдыларын дамыту болып табылады. Қазақстанда «Startup Kazakhstan», TechPark, «Digital Kazakhstan» сияқты бағдарламалар студенттерге өз цифрлық жобаларын сынауға, креативтік қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Соңғы 2 жылда жастар арасында NFT жобалар, виртуалды дүкендер, онлайн курс платформалары арқылы табыс табу белсенділігі артты. Мысалы, 2025 жылға қарай Қазақстандағы студенттердің 20%-і онлайн гайд немесе курс сатады деп болжануда.

10 студент арасында шағын сауалнама жүргізілді: 7 студент онлайн табыс тапқан, 6 студент келісімшартты оқымай қабылдайды, 5 студент интернет алаяқтыққа тап болған. Бұл көрсеткіштер қазіргі студенттердің цифрлық ортада белсенді екенін, яғни табыс табу, онлайн жұмыс істеу және түрлі платформаларды қолдану тәжірибесі бар екенін дәлелдейді. Алайда сонымен қатар бұл нәтижелер студенттердің құқықтық мәдениеті мен цифрлық сауаттылығы жеткілікті деңгейде қалыптаспағанын көрсетеді. Атап айтқанда, келісімшарттарды оқымай қабылдау студенттердің құқықтық жауапкершілікті толық түсінбейтінін білдіреді. Көп жағдайда студенттер «келісемін» батырмасын басу арқылы өз құқықтары мен міндеттерін елемей жатады, бұл болашақта қаржылық немесе құқықтық қиындықтарға алып келуі мүмкін. Сонымен қатар интернет алаяқтыққа тап болған студенттердің саны да аз емес, бұл олардың қауіпсіздік ережелерін толық сақтамайтынын көрсетеді. Осы нәтижелерге сүйене отырып,

студенттер арасында тек цифрлық дағдыларды дамыту жеткіліксіз екені байқалады. Онымен қатар құқықтық сауаттылықты, сыни ойлау қабілетін және ақпаратты тексеру дағдыларын дамыту қажет. Себебі қазіргі цифрлық қоғамда табыс табу мүмкіндігі артқан сайын, тәуекелдер де қатар өсуде. Сондықтан студент тек белсенді қолданушы емес, сонымен бірге саналы, жауапты және құқықтық тұрғыдан сауатты тұлға болуы тиіс

**Қорытынды**

Цифрлық қоғам студентке үлкен мүмкіндік береді, бірақ сонымен бірге жаңа жауапкершіліктерді де арттырады. Қазіргі студент тек цифрлық өнімді тұтынушы емес, ол кіші кәсіпкер, контент жасаушы, онлайн жобалар мен жаңа идеялар генераторы болып табылады. TikTok, Instagram, фриланс платформалар, онлайн маркетплейстер – студентке шығармашылық қабілетін, кәсіпкерлік ойлауын және қаржылық тәуелділігін дамытуға мүмкіндік беретін құралдар. Қазақстандағы «Цифрлық Қазақстан», «Startup Kazakhstan», TechPark сияқты бағдарламалар студенттердің құқықтық мәдениетін арттыруға, саналы келісімшарт жасау дағдыларын дамытуға және цифрлық экономикаға белсенді қатысуға жағдай жасайды. Сонымен қатар, жастар саясатының 2025 жылға дейінгі стратегиясы аясында онлайн кәсіпкерлікті қолдау, креативтік индустрияларға тарту және құқықтық білім беру шаралары іске асырылуда. Студенттің цифрлық өмірі тек ойын немесе табыс емес, ол жаңа дағдылар мен тәжірибе алаңы, өзіндік даму, шешім қабылдау және тәуекелді басқару мүмкіндігі болып табылады. Бұл қоғамда жас ұрпақ тек технологияны пайдаланушы ғана емес, инновациялық ойлау мен креативтік шешімдер генераторы ретінде қалыптасады. Сондықтан цифрлық қоғам студентке жаңа кәсіби бағыттарды таңдау, қаржылық тәуелділікті арттыру және құқықтық мәдениетті нығайтуға мүмкіндік береді. Бұл процесс тек жеке тұлғаның дамуына емес, Қазақстанның инновациялық экономикасын және жастардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға да ықпал етеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. 1Ашимбаев, М. Ж. Педагогика және психология негіздері. Алматы: Жеті жарғы, 2020.
2. Сейітқалиев, Б. Құқықтық мәдениет және азаматтық сана. Нұр-Сұлтан: Ғылым, 2019.
3. Жұмабек, А. Кәсіпкерлік ойлау және инновациялық білім. Алматы: Білім, 2022.
4. Бейсенова, Г. Жастар психологиясы және инновациялық кәсіпкерлік. Алматы: Ғылым, 2020.
5. Қуанышев, А. Цифрлық сауаттылық және құқықтық мәдениет. Нұр-Сұлтан: РИП, 2022.
6. Дүйсенова, Л. Мобильді білім және интерактивті платформалар. Алматы: Білім, 2021.
7. Мырзахметова, Р. Жас кәсіпкерлерді дамыту тәжірибесі. Алматы: Білім, 2022.
8. Омаров, Т. Жастардың цифрлық құқықтық мәдениеті. Нұр-Сұлтан: Жастар, 2021.
9. Әбдірахманова, С. Инновациялық ойлау және педагогика. Алматы: Ғылым, 2020.
10. Рахимбек, Е. Цифрлық қоғамда кәсіпкерлік. Алматы: Білім, 2021.

11. Мақсұтова, Ж. Құқықтық білім беру және интерактивті әдістер. Алматы: Жазушы, 2020.
12. Назарбаев, Н. Қазақстандағы инновациялық білім және жастар дамуы. Алматы: Білім, 2019.
13. Сәрсенов, А. Цифрлық экономика және жастар кәсіпкерлігі. Алматы: Ғылым, 2021.
14. Амангелді, К. Құқық негіздері мен азаматтық жауапкершілік. Алматы: Білім, 2020.
15. Мұхамбетқалиев, Т. Студенттік психология және мотивация. Нұр-Сұлтан: Ғылым, 2021.
16. Сағындықова, Л. Құқықтық мәдениет және білім беру жүйесі. Алматы: Білім, 2020.
17. Бақытжанова, А. Креативтік және кәсіпкерлік дағдыларды дамыту. Алматы: Жазушы, 2021.
18. Тұрсынова, Р. Цифрлық қоғамдағы жастардың әлеуметтік тәжірибесі. Алматы: Ғылым, 2021.
19. Есенова, Д. Инновациялық педагогика және цифрлық оқыту әдістері. Нұр-Сұлтан: Білім, 2022.
20. Қайрат, С. Жастар кәсіпкерлігінің теориясы мен тәжірибесі. Алматы: Білім, 2021.

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

***А.М. Улжанова***
*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті,*
***Р. Х. Кошкимбаева***
*ғылыми жетекшісі: педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы*

***Аңдатпа:*** Бұл мақалада мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ұлттық ойындардың маңызы қарастырылады. Ұлттық ойындарды қолданудың тәрбиелік, танымдық, әлеуметтік және физикалық дамуға әсері сипатталған. Ұлттық ойындарды мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу–білім беру процесіне енгізудің педагогикалық шарттары мен тәсілдері ұсынылған.

***Кілт сөздер:*** ұлттық ойындар, мектепке дейінгі тәрбие, балаларды дамыту, ұлттық мәдениет, педагогикалық әдістеме.

***Аннотация:*** В статье рассматривается значение национальных игр в воспитании и развитии детей дошкольного возраста. Описываются влияние использования национальных игр на воспитательное, познавательное, социальное и физическое развитие детей. В статье также представлены педагогические условия и методы внедрения национальных игр в образовательный процесс дошкольных организаций.

***Ключевые слова:*** национальные игры, дошкольное воспитание, развитие детей, национальная культура, педагогическая методика.

***Abstract:*** The article examines the importance of national games in the upbringing and development of preschool children. The authors describe the impact of using national games on children's educational, cognitive, social, and physical development. The article also presents pedagogical conditions and practical methods for integrating national games into the educational process of preschool institutions.

**Keywords**: national games, preschool education, child development, national culture, pedagogical methodology.

Қазіргі кезеңде мектепке дейінгі білім беру жүйесін дамытуда мәдени, моральдық және рухани құндылықтарға баулынған, дамыған тұлғаны тәрбиелеу басты мәселе болып отыр. Глобализация мен цифрлық технологиялардың кеңінен енуі балалардың ұлттық дәстүрлерге және мәдени мұраға қызығушылығын төмендету қаупін арттырады. Сол себепті, балаларды өз халқының мәдени мұрасына тартудың тиімді жолдарын іздеу маңызды.

Ұлттық ойындар – балалардың физикалық, танымдық, әлеуметтік және моральдық дамуына ықпал ететін тиімді педагогикалық құрал. Олардың қолданылуы мектепке дейінгі ұйымдардың оқу-тәрбие процесінде баланың ұлттық мәдениет пен дәстүрлерге деген қызығушылығын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ұлттық ойындар – халықтың мәдени мұрасы ғана емес, сонымен қатар тиімді педагогикалық құрал. Мағжан Жұмабаев өз еңбегінде ойын арқылы тәрбиелеудің маңыздылығын атап көрсеткен болатын.[2]

Жаһандану үдерістерінің күшеюі, ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы және балалардың цифрлық ортаға ерте араласуы олардың дүниетанымының қалыптасуына жаңа ықпал етуде. Бір жағынан, бұл білім алу мүмкіндіктерін кеңейтсе, екінші жағынан ұлттық мәдениетке, халықтық дәстүрлер мен рухани құндылықтарға деген қызығушылықтың әлсіреу қаупін туындатады. Сондықтан мектепке дейінгі кезеңнен бастап балалардың ұлттық мәдени ортаға бейімделуін қамтамасыз ететін тиімді педагогикалық тәсілдерді анықтау өзекті ғылыми мәселе болып табылады.

Мысалы, «Асық ату» ойыны дәлдікке, жылдамдыққа және стратегиялық ойлауға баулиды. Бірақ қазіргі заманда балалардың көпшілігі ұлттық ойындардан алшақтап, заманауи гаджеттер мен компьютерлік ойындарға көбірек көңіл бөледі. Осындай жағдайда ұлттық ойындарды жаңаша әдістермен, инновациялық технологиялар арқылы қайта жандандыру – өзекті мәселе. Егер біз дәстүрлі ойындарды цифрлық форматқа икемдеп, мектепке дейінгі білім беру бағдарламасына енгізсек, оларды балалардың қызығушылығын арттыру құралы ретінде тиімді пайдалана аламыз. Инновациялық технологияларды қолдану қажеттілігі. Қазіргі педагогикада интерактивті оқыту әдістері білім сапасын арттырудың негізгі құралдарының біріне айналды. Интерактивті тақталар, мультимедиалық бағдарламалар және сандық оқыту әдістері арқылы балаларға ұлттық ойындардың мазмұнын қызықты әрі қолжетімді етіп ұсынуға болады. Балалар ойын ережелерін теория түрінде тыңдаудан гөрі, интерактивті тақтада көріп, тапсырмаларды орындау арқылы жақсырақ меңгереді. Балалар тек экранға қарап қана қоймай, іс жүзінде асық ату немесе басқа да ұлттық ойындарды ойнау арқылы тәжірибе жинақтайды. Сандық форматта ойын элементтерін қолдану балалардың ойынға деген ынтасын күшейтеді, бұл олардың дәстүрлі ұлттық ойындарға деген қызығушылығын қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Осындай тәрбиелік әлеуеті жоғары құралдардың бірі — ұлттық халық ойындары. Ұлттық ойындар халықтың тарихи тәжірибесін, өмір салтын,

дүниетанымдық ерекшеліктерін және тәрбиелік идеяларын сақтап келген мәдени мұраның маңызды бөлігі болып саналады. Олар баланың дене белсенділігін арттырумен қатар, танымдық қызығушылығын дамытуға, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға, шығармашылық ойлау мен қиялын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні

Ұлттық ойындар тек ойын-сауық емес, сонымен қатар:

- Танымдық қызмет атқарады – сөздік қорды дамытады, сөйлеу қабілетін жетілдіреді;

- Тәрбиелік мәнге ие – еңбекке, тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулиды;

- Ұлттық сананы қалыптастырады – балалардың өз ұлтының мәдениетіне деген қызығушылығын арттырады.

Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу-білім беру процесінде ұлттық ойындарды жүйелі қолдану Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарымен үйлеседі. Аталған стандарт балалардың мәдени сәйкестігін қалыптастыруды, ұлттық құндылықтарды меңгеруін және тұлғалық дамуын қамтамасыз етуді негізгі міндеттердің бірі ретінде айқындайды.[5]

Сонымен қатар, қазіргі педагогикалық тәжірибеде ұлттық ойындарды қолдану көбінесе эпизодтық сипатта жүзеге асып, олардың тәрбиелік мүмкіндіктері толық деңгейде пайдаланылмай келеді. Бұл жағдай ұлттық ойындарды ғылыми-педагогикалық тұрғыдан негіздеу, олардың мазмұнын жүйелеу және білім беру процесіне мақсатты түрде енгізудің әдістемелік жолдарын анықтау қажеттігін көрсетеді.

Қазақ ағартушыларының педагогикалық мұраларында да ұлттық тәрбие мен халықтық ойындардың мәні терең ашылған. Ы. Алтынсарин балаларды тәрбиелеуде ұлттық дәстүрлер мен ойын элементтерін қолданудың маңыздылығын көрсетсе, Абай Құнанбаев адамгершілік тәрбиенің негізі халық мәдениеті мен рухани құндылықтарда екенін айқындаған.[3] Болат Төтенаев қазақтың ұлттық ойындарын жүйелеп, олардың спорттық және тәрбиелік мәнін алғашқылардың бірі болып ғылыми негіздеген. Ал Н.Құлжанова мектепке дейінгі тәрбие беру ісіне қосқан үлесі бойынша 3-7 жас аралығындағы балаларды ұлттық ойындар арқылы тәрбиелеу мен дамытудың маңыздылығына тоқталды. Оның балалардың әрқашан қоршаған ортаны зерттейтінін түсінуі ерекше құнды болды; зерттеу барысында олар сөйлеуге және сұрақ қоюға бейім болады, ал ересек адамның бұл кездегі міндеті - баланың сұрақтарының жауапсыз қалмауын қамтамасыз ету. Баланың далада жүгіріп, құстардың әнін естіп, туған жердің ұлттық құндылықтарын сезініп, өсіп-өркендейтінін айтты.[7]

Осыған байланысты зерттеу тақырыбының өзектілігі мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ұлттық ойындарды тәрбиелік-дамытушылық құрал ретінде қарастырып, оларды білім беру процесіне тиімді енгізудің теориялық және әдістемелік негіздерін айқындау қажеттілігімен сипатталады.

**Қорытынды**

Қорытындылай келе, мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу-білім беру процесінде ұлттық ойындарды тиімді пайдалану балалардың жан-жақты дамуына үлкен ықпал етеді. Ұлттық ойындар арқылы балалардың зейіні, ойлау қабілеті, сөйлеу тілі, қиялы және дене қозғалысы қатар дамиды. Сонымен қатар, олар балаларды ұлттық құндылықтарға баулып, халықтың мәдени мұрасын құрметтеуге тәрбиелейді.

Ұлттық ойындарды оқу процесіне жүйелі түрде енгізу, оларды мақсатқа сай ұйымдастыру және балалардың жас ерекшеліктерін ескеру – педагогикалық жұмыстың тиімділігін арттырады. Ойын барысында қолданылатын әртүрлі әдіс-тәсілдер балалардың қызығушылығын оятып, белсенділігін күшейтеді.

Осылайша, ұлттық ойындар мектепке дейінгі тәрбиеде маңызды құрал болып табылады және оларды оқу-тәрбие процесінде кеңінен қолдану балалардың тұлғалық дамуына, шығармашылық қабілеттерінің қалыптасуына және ұлттық сана-сезіміне әсер береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**


1. Алтынсарин Ы. Тәрбиелік еңбектері. – Алматы, 2001.
2. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, 1992.
3. Жұмабекова Ф. Мектепке дейінгі педагогика: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2008. – 336б.
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. – http://control.edu.gov.kz
5. Бабаев С.Б., Мусина Р.С., Жанпейісова М.М. «Педагогика». – Алматы: Дарын, 2010.
6. Г.М.Кусаинова. «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың теориясы мен әдістемесі» [Мәтін]. – Алматы: «Эверо», 2021 – 124 б.

# ЖАРАТЫЛЫСТАНУ САБАҚТАРЫНДА БІЛІМ БЕРУ ПЛАТФОРМАЛАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

***Қайырбек Д.Б.***
*Павлодар педагогикалық университетінің студенті,*
***Асенова Н.С.***
*ғылыми жетекші: п.ғ.к., Павлодар педагогикалық университеті ПЖМ профессоры.*

**Аннотация.** Мақалада бастауыш сыныптағы жаратылыстану сабақтарында білім беру платформаларын пайдаланудың дидактикалық мүмкіндіктері қарастырылады. Автор зерттеуінде цифрлық платформалардың оқу мотивациясына әсерін талдайды, оларды оқу үдерісінде қолданудың ерекшеліктері мен тиімді жолдарын сипаттайды. Зерттеу нәтижесінде білім беру платформаларын пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін, қызығушылығын және оқу мотивациясын арттыруға ықпал ететіні анықталды.

**Аннотация.** В статье рассматриваются дидактические возможности использования образовательных платформ на уроках естествознания в начальных классах. Автор анализирует влияние цифровых платформ на учебную мотивацию и особенности их применения в учебном процессе. Результаты исследования показали, что использование образовательных платформ способствует повышению познавательной активности, интереса и учебной мотивации учащихся.

**Annotation**. The article examines the didactic possibilities of using educational platforms in primary school science lessons. The author analyzes the impact of digital platforms on learning motivation and the features of their use in the educational process. The study results showed that educational platforms increase students' cognitive activity, interest, and learning motivation.

**Кілт сөздер***:* білім беру платформалары, жаратылыстану, дидактикалық мүмкіндіктер

**Ключевые слова***:* образовательные платформы, естествознание, дидактические возможности

**Key words***:* educational platforms, natural science, didactic possibilities

Ақпараттық қоғамның қарқынды даму жағдайында Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде оқытуды цифрландыру және білім мазмұнын жаңарту үдерістерімен байланысты жаңа басымдықтар қалыптасуда. Аталған басымдықтарға білім беру үдерісін дараландыру, педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кіріктіру, сондай-ақ ашық және вариативті білім беру мазмұнына көшу жатады. Бұл бағыттардың жүзеге асырылуы электрондық оқытуды енгізу және білім беру платформаларын пайдалану арқылы қамтамасыз етіледі [1].

Қазіргі білім беруде оқу материалдарының мазмұндық негізі елеулі өзгерістерге ұшырап, оқыту тәжірибесіне интерактивті және цифрлық технологиялардың жаңа түрлері енгізілуде. Оқыту үдерісінің интерактивтілігін қамтамасыз етудің перспективалы бағыттарының бірі – білім беру платформаларын оқу үдерісіне мақсатты түрде енгізу болып табылады. Бұл платформалар бастауыш мектептегі пәндерді, соның ішінде

жаратылыстануды оқытуда көрнекілік, қолжетімділік және оқушылардың белсенді оқу әрекетін ұйымдастыру мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Білім беру платформасы – оқу материалдарын сақтау, ұсыну және меңгеруді қамтамасыз ететін, сондай-ақ оқушылар мен мұғалімдер арасындағы өзара әрекетті ұйымдастыратын кешенді цифрлық орта болып табылады. Мұндай платформаларда оқу мазмұны жүйеленіп, әртүрлі форматта (мәтін, графика, бейне, анимация, интерактивті модельдер) ұсынылады. Қазақстан жағдайында қолданылатын білім беру платформалары оқу үдерісінің толық дидактикалық циклін жүзеге асыруға мүмкіндік береді, яғни жаңа материалды түсіндіру, оны бекіту, практикалық қолдану және оқу жетістіктерін бақылау кезеңдерін қамтиды [2].

Білім беру платформаларының дидактикалық мүмкіндіктері олардың құрылымдық және функционалдық ерекшеліктерімен айқындалады. Олар оқу материалын меңгертудің үздіксіздігін қамтамасыз етіп, теориялық мазмұнды ұсыну, практикалық тапсырмаларды орындау, кері байланыс орнату және білімді бақылау қызметтерін біріктіреді. Сонымен қатар платформаларда модельдеу және компьютерлік визуализация элементтері кеңінен қолданылып, жаратылыстану пәніндегі күрделі үдерістер мен құбылыстарды көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді [3].

Білім беру платформаларын бастауыш мектептің жаратылыстану сабақтарында қолдану бірқатар дидактикалық міндеттерді шешуге жағдай жасайды. Атап айтқанда, олар оқу мотивациясын арттыруға, сабақ құрылымын ұтымды ұйымдастыруға, оқу әрекетін дараландыруға, білімді бақылау мен бағалауды жетілдіруге, сондай-ақ оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Платформалар арқылы әртүрлі анықтамалық материалдарға қол жеткізу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі, бұл оқушылардың танымдық дербестігін дамытуға әсер етеді.

Білім беру платформалары жаратылыстану пәнін оқытуда тиімді құрал ретінде бірнеше фактор арқылы ерекшеленеді. Біріншіден, платформада кіріктірілген педагогикалық құралдардың болуы; екіншіден, оқу мазмұнының құрылымдық ұйымдастырылуы; үшіншіден, ұсынылатын оқу материалдарының әртүрлі формалары. Бұл ерекшеліктер бастауыш сынып оқушыларының жас және психологиялық даму деңгейіне сәйкес келетін оқыту ортасын қалыптастыруға мүмкіндік береді [4].

Білім беру платформаларында қолданылатын негізгі педагогикалық құралдарға мыналар жатады.

Біріншіден, мультимедиалылық – оқу нысандарын графика, сурет, бейне, анимация және дыбыс арқылы ұсыну. Бұл жаратылыстану сабақтарында табиғи үдерістерді, құбылыстарды және объектілерді нақты әрі көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, интерактивтілік – оқушылардың оқу әрекетіне белсенді қатысуын қамтамасыз етіп, өз бетінше жұмыс істеу мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Үшіншіден, модельдеу – нақты немесе ойша елестетілетін табиғи құбылыстарды символдық сипаттаудан гөрі визуалды түрде көрсетуге жағдай жасайды.

Төртіншіден, коммуникативтілік – мұғалім мен оқушы арасындағы тікелей және жедел өзара әрекетті, сондай-ақ оқу материалдарына жылдам қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Бесіншіден, оқу әрекетінің өнімділігі – бірсарынды операциялардың автоматтандырылуы арқылы оқушылардың оқу тиімділігін арттырып, шығармашылық компоненттің үлесін күшейтеді [4].

Білім беру платформаларының ішкі құрылымы дидактикалық тұрғыдан модульдік сипатта ұйымдастырылады. Әдетте оқу мазмұны ақпараттық, практикалық және бақылау модульдерінен тұрады. Мұндай құрылым жаратылыстану сабақтарында білімді қалыптастыру, бекіту және тексеру үдерісін жүйелі түрде ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Дидактикалық мүмкіндіктеріне сәйкес білім беру платформалары сабақтың әртүрлі кезеңдерінде қолданылады. Жаңа оқу материалын түсіндіру кезеңінде анимациялар, иллюстрациялар, интерактивті кестелер мен оқу мәтіндері пайдаланылады; бекіту кезеңінде автоматты тексеру жүйесі бар интерактивті тапсырмалар орындалады; ал бақылау кезеңінде тесттер мен бақылау тапсырмалары қолданылады. Сонымен қатар платформалар ақпарат алу құралы, жаттығу орындау ортасы және білімді бақылау тетігі ретінде қызмет атқара алады [5].

Білім беру платформаларын сынып жағдайында ғана емес, қашықтан оқыту барысында, үй тапсырмаларын орындау кезінде, сондай-ақ сабаққа және сыныптан тыс іс-шараларға дайындық кезінде қолдану мүмкіндігі бар. Бұл олардың әмбебап дидактикалық құрал ретіндегі маңызын арттырады.

Форма тұрғысынан білім беру платформаларындағы оқу материалдары көрнекі құралдар, интерактивті ақпарат көздері және тренажерлер түрінде ұсынылады. Көрнекі материалдарға иллюстрациялар, фотосуреттер, бейнематериалдар мен анимациялар жатады; интерактивті ақпарат көздері оқу мәтіндері мен кестелер арқылы кері байланысты қамтамасыз етеді; ал тренажерлер мен тесттер білім мен дағдылардың қалыптасу деңгейін анықтауға бағытталған.

Осылайша, білім беру платформалары жаратылыстану сабақтарында оқу материалын меңгертудің тиімді тетігі ретінде оқушылардың көру, есту және әрекет арқылы қабылдауын белсендіреді. Олар мұғалімге күрделі табиғи құбылыстарды түсіндіруді жеңілдетіп, виртуалды тәжірибелер мен модельдер арқылы оқу мазмұнын тереңдетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар платформалар арқылы орындалатын үй тапсырмалары оқушылардың оқу әрекетін кеңейтіп, өзіндік бақылау мен рефлексияны жүзеге асыруға жағдай жасайды.

Жалпы алғанда, бастауыш мектептің жаратылыстану сабақтарында білім беру платформаларын дидактикалық талаптарға сәйкес қолдану сабақтың тиімділігін арттырып, оны мазмұнды, көрнекі және қызықты ұйымдастырудың маңызды шарты болып табылады.

Мысалы, жаратылыстану пәнін оқытуда білім беру платформаларының дидактикалық мүмкіндіктері «iMektep» білім беру порталының мазмұны арқылы нақты көрініс табады. Платформада оқу материалы тақырыптар бойынша жүйеленіп, әрбір тақырыпқа сәйкес бейнесабақтар мен оларды толықтыратын тапсырмалар ұсынылған. «Топырақ», «Шөлді аймақ өсімдіктері мен жануарлары», «Орман-тоғай өсімдіктері мен жануарлары», «Ауа райы» сияқты тақырыптардың мазмұны бастауыш мектептің жаратылыстану пәні бағдарламасына сәйкес құрылып, оқу материалын бірізді меңгеруге бағытталған. Оқу мазмұнының мультимедиалық форматта берілуі көрнекілік пен қолжетімділік принциптерін жүзеге асырып, оқушылардың табиғи құбылыстарды түсінуін жеңілдетеді.

«Joyteka» білім беру порталында әзірленген ойын-квест жаратылыстану сабақтарында білім беру платформаларының дидактикалық мүмкіндіктерін іске асыруға бағытталған интерактивті оқыту формасы болып табылады. Аталған квест оқушылардың оқу әрекетін белсендіруге, танымдық қызығушылығын арттыруға және оқу материалын іс-әрекет арқылы меңгеруіне жағдай жасауға арналған.

Ойын-квест құрылымы оқу мазмұнын бірізді меңгеруді қамтамасыз ететін тапсырмалар жүйесіне негізделген. Квест барысында білім алушылар берілген ситуациялар мен визуалды нысандар арқылы оқу тапсырмаларын орындап, логикалық ойлау, салыстыру, талдау және қорытынды жасау әрекеттерін жүзеге асырады. Мұндай ұйымдастыру жаратылыстану пәнінің мазмұнын практикалық тұрғыдан игеруге мүмкіндік береді және оқу материалының өмірмен байланысын күшейтеді.

Квест тапсырмалары мультимедиалық форматта ұсынылып, мәтіндік ақпарат, иллюстрациялар және интерактивті элементтер арқылы толықтырылады. Бұл көрнекілік принципін жүзеге асырып, бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу ортасын қалыптастырады. Сонымен қатар тапсырмалардың интерактивті сипаты оқушылардың оқу әрекетіне белсенді қатысуын қамтамасыз етіп, өзіндік жұмыс істеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

«Shyraq AI» платформасы оқу үдерісін цифрлық және зияткерлік технологиялар негізінде ұйымдастыруға арналған көпқұрылымды білім беру ортасы болып табылады. Платформа бірнеше функционалдық бөлімдерден тұрады, олардың қатарына «**Shyraq Tools»**, «**Ыбрай бот»**, «**Презентация бөлімі»**, «**Ойындар бөлімі»**, «**Shyraq Tapqyr»**, «**Shyraq Ushqyr»**, «**Интерактивті презентациялар»** және «**Көрнекіліктер бөлімі»** жатады. Аталған бөлімдер мұғалімнің оқу-әдістемелік қызметін жеңілдетуге және сабақтың мазмұнын сапалы ұйымдастыруға бағытталған.

**«Shyraq Tools»** бөлімінде бастауыш, орта білім және колледж деңгейіне арналған барлық пәндер бойынша әртүрлі оқу-әдістемелік ресурстар жинақталған. Бұл бөлім арқылы педагогтер эссе, бөлім бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларын (БЖБ), шығармашылық жұмыстарды құрастыра алады.

**«Ыбрай бот»** бөлімі жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін чат-бот қызметін ұсынады. Аталған бот оқу үдерісіне қатысты сұрақтарға жедел жауап беріп, формулалар мен есептерді LaTeX форматында рәсімдеп, мәтіндік құжат түрінде сақтауға мүмкіндік береді. Бұл педагогтің де, білім алушының да оқу ақпаратын жедел өңдеуіне және пайдалануға жағдай жасайды.

**«Презентация бөлімі»** пәннің ерекшелігі мен оқу мақсаттарына сәйкес қысқа уақыт ішінде иллюстрациялармен және графикалық элементтермен толықтырылған дайын презентациялар құрастыруға мүмкіндік береді. Бұл сабақта көрнекілік принципін тиімді жүзеге асыруға жағдай жасайды.

**«Ойындар бөлімінде»** оқу пәндеріне арналған жүзден астам дайын білім беру ойындары мен интерактивті тапсырмалар ұсынылған. Аталған бөлім оқушылардың оқу үдерісіне қызығушылығын арттырып, ойын технологиялары арқылы оқу материалын меңгерудің тиімділігін күшейтеді.

Жасанды интеллект мүмкіндіктерімен біріктірілген «**Shyraq Tapqyr»** және «**Shyraq Ushqyr»** бөлімдері оқу әрекетін белсенді ұйымдастыруға бағытталған. «Shyraq Tapqyr» бөлімінде әр тақырыпқа сәйкес QR-код арқылы қолданылатын викториналық ойындар құрастыруға болады. Ал «Shyraq Ushqyr» бөлімі педагогтің немесе білім алушының жеке идеяларын генерациялауға және оқу мазмұнын шығармашылық тұрғыда дамытуға мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттыруға ықпал етеді.

**«Интерактивті презентациялар» бөлімінде** интернет желісінсіз қолдануға болатын 70-тен астам дайын интерактивті ойындар мен тапсырмалар ұсынылған. Ал «**Көрнекіліктер» бөлімінде** сабақта пайдалануға арналған 15 мыңнан астам дайын көрнекі құралдар жинақталған, олардың қатарында топқа бөлуге, бағалауға және тапсырмаларды ұйымдастыруға арналған материалдар бар.

Жаратылыстану сабақтары тұрғысынан алғанда, «Shyraq AI» платформасының аталған мүмкіндіктері оқу материалын көрнекі, қолжетімді және интерактивті түрде ұсынуға жағдай жасайды. Платформа табиғи құбылыстар мен үдерістерді визуализациялау, тақырыпты ойын элементтері арқылы бекіту, сондай-ақ викториналар мен интерактивті тапсырмалар арқылы білімді бақылау мүмкіндіктерін ұсынады. Бұл бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу ортасын қалыптастырып, олардың танымдық белсенділігін арттыруға және оқу материалын саналы меңгеруіне ықпал етеді. Осылайша, «Shyraq AI» платформасы жаратылыстану сабақтарында білім беру платформаларын қолданудың дидактикалық мүмкіндіктерін кеңейтетін тиімді цифрлық құрал ретінде қарастырылады.

Білім беру платформаларының бастауыш мектептегі жаратылыстану сабақтарында қолданылуы оқу үдерісінің дидактикалық мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді. Білім беру платформалары оқу мазмұнын құрылымдап ұсынуға, сабақтың әртүрлі кезеңдерінде (жаңа материалды түсіндіру,

бекіту, бақылау) тиімді пайдалануға және білім алушылардың оқу әрекетін белсенді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Білім беру платформаларының мультимедиалылық, интерактивтілік, визуализация және модельдеу сияқты дидактикалық ерекшеліктері жаратылыстану пәнінің мазмұнын меңгертуде маңызды рөл атқарады. Табиғи құбылыстар мен үдерістерді бейне, анимация және интерактивті тапсырмалар арқылы көрсету бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін қолжетімді әрі көрнекі оқу ортасын қалыптастырады.

Сонымен қатар білім беру платформалары оқыту үдерісін дараландыруға, білімді бақылау мен бағалауды жетілдіруге, оқушылардың өзіндік және зерттеушілік әрекетін дамытуға жағдай жасайды. Ойын элементтері, викториналар, интерактивті тапсырмалар мен цифрлық көрнекіліктер оқу мотивациясын арттырып, білім алушылардың сабаққа белсенді қатысуына ықпал етеді.

Жаратылыстану сабақтарында білім беру платформаларын пайдаланудың тиімділігін зерттеуге бағытталған тәжірибелік-эксперименттік жұмысты біз Павлодар қаласындағы №2 жалпы орта білім беретін мектеп базасында ұйымдастырдық. Педагогикалық экспериментке жалпы саны 49 оқушыдан тұратын 3-сынып оқушылары қатысты. Эксперименттік топ ретінде 3 «А» сыныбы алынса, ал 3 «Б» сыныбы бақылау тобы ретінде анықталды. Зерттеу үш кезеңді қамтыды: анықтаушы, қалыптастырушы және бақылау.

Анықтаушы кезеңде оқушылардың оқу мотивациясын анықтадық. Зерттеу **Н.Г. Лусканованың «Бастауыш сынып оқушыларының мектептік мотивациясын анықтау сауалнамасы», Т.Д. Дубовицкаяның «Оқу мотивациясының бағыттылығын диагностикалау», М.Р. Гинзбургтің «Оқу мотивациясын зерттеу», С. Панченконың «Эмоциялық күйлер картасы» әдістемелерінің негізінде жүргізілді.** Нәтижесінде екі топта да оқу мотивациясының орташа деңгейі басым болды (эксперименттік топта – 77%, бақылау тобында – 79%). Жоғары деңгей көрсеткіштері төмен болды (7% және 5%), ал төмен деңгей екі топта да шамамен 16% құрады. Бұл оқушылардың басым бөлігінде оқу мотивациясы жеткілікті қалыптаспағанын, ішкі қызығушылық пен танымдық белсенділікті дамыту қажеттілігін көрсетеді. Эксперименттік және бақылау топтарының көрсеткіштері шамалас болғандықтан, бұл қалыптастырушы кезеңде қолданылатын педагогикалық ықпалдардың тиімділігін объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы кезеңде «Жаратылыстану» пәні бойынша білім беру порталының ресурстарын пайдалана отырып сабақтар өткіздік. Interacty платформасында танымдық, шығармашылық, практикалық және зерттеушілік сипаттағы тапсырмалар кешені әзірленіп, тәжірибеде сынақтан өткіздік. Жұмыс жоспарына сәйкес сабақ тақырыптары мен тапсырмалар мазмұны көрініс тапқан тақырыптық жоспар құрастырдық.

| Бөлім | Сабақтың тақырыбы | Тапсырма |
|---|---|---|
| Жер және ғарыш | Жер сфералары дегеніміз не? | «Ғарыш» ойын-саяхаты |
| | Жер қабықтары қалай орналасқан? | «Мемори» ойыны |
| | Ғарыш қалай игерілді? | «Пазл» тапсырмасы |
| | Ғарышқа қалай ұшады? | «Болжамдар» тапсырмасы |
| | Зымырандар қай жерден ұшады? | «Сәйкестендіру» (Мэтч) ойыны |
| | Күн мен түн неліктен алмасады? | «Кроссворд» тапсырмасы |
| Табиғат физикасы | Серпімділік күші дегеніміз не? | «Сәттілік дөңгелегі» ойыны |

**«Ғарыш» ойын-саяхаты.** Ойынның мақсаты – оқушылардың қоршаған орта құбылыстарын тануға деген қызығушылығын арттыру және олардың жаңа білімді меңгеруге деген ынтасын қалыптастыру. Ойын-саяхат мазмұны жаңа оқу материалын меңгеруге бағытталған төрт квест-сұрақтан тұратын ойын алаңы түрінде ұйымдастырдық. Оқушылардың алдында белгілі бір сұрақ ұсынылып, олар жауапты арнайы бос өріске енгізуі тиіс болды. Әр дұрыс жауаптан кейін бейненің бір бөлігі ашылып отырды.

**«Мемори» ойыны**. Бұл тапсырма суреттер мен фактілер бейнеленген карточкаларды өзара сәйкестендіруге негізделген. Ойын басталар алдында оқушыларға карточкалардың мазмұнын қарастыру үшін 15 секунд уақыт бердік. Белгіленген уақыт аяқталғаннан кейін барлық карточкалар теріс жағымен жабылды. Оқушылар кезекпен екі карточкадан ашып отырды. Егер сурет пен оған сәйкес факт дұрыс келсе, оқушы ұпай жинап, карточкалар ойын алаңынан алынып тасталды. Ал сәйкестік болмаған жағдайда карточкалар бастапқы орнына қайтарылып, кезек келесі ойыншыға берілді.

**«Пазл» тапсырмасы**. Пазл – бұл бірнеше жеке бөліктерден тұтас бейнені құрастыруға негізделген ойындық тапсырма. Бұл ойын түрі оқушыларға бұрыннан таныс болғандықтан, оны орындауда қиындықтар туындаған жоқ. Тапсырма үш түрлі пазлдан тұрды, олардың әрқайсысы Жердің пішіні мен құрылысы туралы тарихи түсініктерді бейнелейді. Бұл бейнелер «Ертеде адамдар Жер туралы қандай түсініктерге ие болды?» деген жалпы сұраққа жауап беруге бағытталған.

**«Болжамдар» тапсырмасы**. Бұл тапсырманың мақсаты – оқушыларды жаңа тақырыпты меңгеру барысында тек тыңдаушы ретінде емес, белсенді қатысушы ретінде қарастыру, яғни олардың алдын ала білімдеріне сүйене отырып, болжамдар жасауға үйрету. Тапсырма интерактивті форматта ұйымдастырылды: оқушы экрандағы «печенье» бейнесін таңдайды, оның астында белгілі бір сұрақ жасырылған. Оқушылар өз болжамдарын ұсынып, сыныптастарымен талқылады. Кейін біздің көмегімізбен дұрыс жауап анықталып, жан-жақты талданады.

**«Сәйкестендіру» (Мэтч) ойыны**. Бұл ойын оқыту үдерісінде ойын элементтерін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Ойын барысында оқушылар ұсынылған бейнелерді дұрыс сәйкестендіру үшін карточкаларды қажетті орынға жылжытады. Аталған тапсырма «Зымырандар қай жерден ұшады?» тақырыбына арналған. Оқушылардың міндеті – Байқоңыр ғарыш

кешенінде қандай нысандар орналасқаны, ол қандай қызмет атқаратыны туралы мәлметтерді еске түсіріп, талдау. Осыдан кейін олар сәйкес бейнелерді экранда дұрыс орналастырады.

**«Кроссворд» тапсырмасы**. Кроссворд – оқушылардың білімін бекітуге, есте сақтау қабілетін, ойлау дағдыларын және зейінін дамытуға бағытталған тиімді оқу тапсырмасы. Оның форматы оқушыларға таныс болғандықтан, тапсырманы орындау барысында қиындықтар туындамады. Оқушыларға берілген сұрақтар бойынша дұрыс жауаптарды кроссворд торларына енгізу қажет болды. Барлық сөздер сабақ тақырыбымен байланысты болды. Тапсырма жеке немесе жұптық жұмыс түрінде орындалды.

**«Сәттілік дөңгелегі»**. Сәттілік дөңгелегі – оқушылардың оқу мотивациясын арттыруға, оларды оқу үдерісіне тартуға және күтпегендік элементін енгізуге мүмкіндік беретін тиімді әдіс. Ол оқу материалын қайталау, жаңа тақырыпты меңгеру, рефлексия жүргізу, викториналар ұйымдастыру және ойын тапсырмаларын орындау кезінде кеңінен қолданылады. Ойынды басқаруды мұғалім де, оқушы да жүзеге асыра алады. Бірінші ойыншы (немесе мұғалім) сенсорлық тақтада дөңгелекті айналдырып, сұрақты таңдайды, ал екінші ойыншы түскен сұраққа жауап береді. Егер жауап қате болса, жауап беру құқығы келесі ойыншыға беріледі.

Жалпы алғанда, қалыптастырушы кезеңде жүргізілген жұмыс білім беру платформаларын қолданудың тиімділігін көрсетіп, олардың бастауыш сыныптағы жаратылыстану пәнін оқытуда маңызды дидактикалық құрал ретінде қолдануға болатынын дәлелдеді. Алынған нәтижелер келесі кезеңде (бақылау кезеңінде) жүргізілетін салыстырмалы талдау үшін негіз болады.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясының бақылау кезеңіндегі орташа көрсеткіштері:

| Деңгейлер | Эксперименттік топ | Бақылау тобы |
|---|---|---|
| Жоғары | 13% | 6% |
| Орташа | 83% | 82% |
| Төмен | 4% | 12% |

Эксперименттік топта жоғары деңгейдегі көрсеткіш 13%-ды құрап, бақылау тобымен (6%) салыстырғанда айтарлықтай жоғары нәтижені көрсетті. Бұл білім беру платформаларын қолдану нәтижесінде оқушылардың оқу іс-әрекетіне деген тұрақты қызығушылығы мен ішкі мотивациясының артқанын дәлелдейді.

Орташа деңгей екі топта да басым болып отыр: эксперименттік топта 83%, бақылау тобында 82%. Бұл оқушылардың көпшілігінде оқу мотивациясы қалыптасу процесінде екенін, алайда эксперименттік топта оның сапалық тұрғыдан жоғары деңгейге жақындағанын көрсетеді.

Төмен деңгей эксперименттік топта 4%-ға дейін төмендеген, ал бақылау тобында бұл көрсеткіш 12% деңгейінде сақталған. Бұл

эксперименттік топта оқу мотивациясының төмен деңгейі айтарлықтай азайғанын, ал бақылау тобында айтарлықтай өзгеріс болмағанын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері білім беру платформаларын жаратылыстану сабақтарында қолдану оқыту үдерісін жаңғыртуға, оқу материалын меңгеруді жеңілдетуге және оқушылардың оқу іс-әрекетін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретінін көрсетті. Әсіресе, интерактивті және ойын түріндегі тапсырмалар оқушылардың сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз етіп, оқу мазмұнын тереңірек түсінуге жағдай жасайды.

Қорытындылай келе, бастауыш мектептің жаратылыстану сабақтарында білім беру платформаларын пайдалану – оқыту сапасын арттырудың тиімді жолдарының бірі болып табылады. Бұл бағыттағы жұмысты жетілдіру үшін цифрлық ресурстардың мазмұнын жаңарту, әдістемелік қамтамасыз етуді күшейту және өзіміздің цифрлық технологияларды қолдану дағдыларымызды дамытуымыз қажет.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Министерство образования и науки РК. Влияние цифровизации на образовательный процесс: успехи и вызовы. – Астана, 2022. – 110 с.
2. Баранов А.Ю. Современные образовательные платформы: функциональные возможности и перспективы использования [Электронный ресурс] // Научные исследования и разработки: сборник статей. – 2023. – С. 45-50. URL: http://www.science-research.ru/articles/2023/45-50 (дата обращения: 27.10.2025).
3. Кузнецова Н.В. Эффективность использования образовательных платформ в процессе обучения [Электронный ресурс] // Вестник образования: научный журнал. – 2024. – Т. 12, № 2. – С. 112-118. URL: http://www.education-journal.ru/issues/2024/12-2/112-118 (дата обращения: 27.10.2025).
4. Петрова И.В. Методология оценки эффективности образовательных платформ: современные подходы и практические рекомендации [Электронный ресурс] // Научные исследования и инновации в образовании: сборник статей. – 2025. –
5. Сидоренко А.Н. Анализ и оценка образовательных платформ: критерии и методики [Электронный ресурс] // Вестник образовательных технологий: научный журнал. – 2023. – Т. 8, № 3. – С. 90-95. URL: http://www.educational-technologies-journal.ru/issues/2023/8-3/90-95 (дата обращения: 27.10.2025).

# БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ НЕГІЗІНДЕ ҚҰРАСТЫРЫЛҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

***Калиаскарова Д.Е.***
*Павлодар педагогикалық университетінің студенті,*
***Асенова Н.С.***
*ғылыми жетекші: п.ғ.к., Павлодар педагогикалық университеті ПЖМ профессоры.*

**Аннотация.** Бұл мақалада бастауыш мектептің математика сабақтарында жасанды интеллект негізінде құрастырылған тапсырмаларды қолданудың тиімділігі жан-жақты қарастырылады. Жасанды интеллект технологияларына негізделген білім беру платформалары мен цифрлық ресурстар оқытуда тұлғалық-бағдарланған тәсілді жүзеге асыруға және бастауыш сынып оқушыларын оқу іс-әрекетіне белсенді тартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, білім сапасын жүйелі түрде көтеруге жағдай жасалды.

**Кілт сөздер***:* бастауыш мектеп, жасанды интеллект, цифрлық ресурстар, математика сабағы, білім беру платформалары, тапсырма.

**Аннотация.** В данной статье всесторонне рассматривается эффективность использования заданий, созданных на основе искусственного интеллекта, на уроках математики в начальной школе. Образовательные платформы и цифровые ресурсы, основанные на технологиях искусственного интеллекта, позволяют реализовать личностно-ориентированный подход к обучению и активно вовлекать учащихся начальной школы в учебную деятельность. Кроме того, создаются условия для систематического повышения качества образования.

**Ключевые слова***:* начальная школа, искусственный интеллект, цифровые ресурсы, урок математики, образовательные платформы, задания.

**Annotation.** This article comprehensively examines the effectiveness of using AI-powered tasks in primary school mathematics lessons. Educational platforms and digital resources based on AI technologies enable a student-centered approach to learning and actively engage primary school students in learning activities. Furthermore, they create the conditions for systematically improving the quality of education.

**Key words***:* primary school, artificial intelligence (AI), digital resources, mathematics lessons, educational platforms, tasks.

Білім беру жүйесінің дамуының қазіргі кезеңі білім беру үдерісін сапалы жаңартуға бағытталған цифрлық және зияткерлік технологиялардың рөлінің артуымен сипатталады. Қазіргі уақытта жасанды интеллект алгоритмдері адам өмірінің барлық дерлік салаларына қарқынды түрде енгізіліп, әлеуметтік, экономикалық және мәдени сипаттағы жүйелі өзгерістерге себеп болуда. XXI ғасыр ақпараттық технологиялардың, информаттандыру мен цифрландыру үдерістерінің қарқынды дамуы дәуірі ретінде негізді түрде қарастырылады, осы үдерістер аясында адам қызметінің көптеген аспектілері интеллектуалдық жүйелерді қолдану есебінен оңтайландырылуда.

Жасанды интеллект алгоритмдері бейнебақылау жүйелерінде де белсенді қолданылады. Көлік құралдарының жылдамдығын бақылауға немесе мемлекеттік қорытынды аттестаттау рәсімдерінің өткізілуінің

объективтілігін қамтамасыз етуге пайдаланылатын интеллектуалдық камералар бейнені тану және адамның мінез-құлқын талдау функцияларымен жабдықталған. Мұндай жүйелер ұялы құрылғыларды, құлаққаптарды және анықтамалық материалдарды қоса алғанда, қосымша көмекші құралдарды қолдану фактілерін анықтай алады, бұл адамның әрекеттерін неғұрлым объективті бағалауға мүмкіндік береді. Ұқсас технологиялар қаржы ұйымдары мен банк құрылымдарының ішкі үдерістерінде де қолданылады: мұнда жасанды интеллект жүйелері алаяқтық операцияларды айқындау, клиенттердің инвестициялық белсенділігін талдау және күмәнді транзакцияларды бұғаттау немесе жекелендірілген қаржылық ұсыныстар қалыптастыру туралы шешім қабылдау мақсатында пайдаланылады.

Жалпылама түрде жасанды интеллект бағдарламалық және техникалық құралдардың көмегімен адамның ойлауын және мінез-құлқын имитациялау ретінде анықталуы мүмкін. Сонымен қатар жасанды интеллектті тек үй жағдайындағы немесе жергілікті компьютерлік жүйелер шеңберінде ғана қолдану туралы түсінік шектеулі болып табылады, өйткені қазіргі интеллектуалдық технологиялар әртүрлі формада және функционалдық көріністерде жүзеге асырылады [1]. Ғылыми зерттеулерде жасанды интеллект қазіргі заманның ең перспективалы технологияларының бірі ретінде қарастырылып, Бесінші өнеркәсіптік революцияның негізгі элементі рөлін атқаруға үміткер деп танылуда. Бұл жасанды интеллекттің экономикалық дамудың қуатты факторы ретінде көрініс табуымен, қоғамдық құрылымдардың трансформациясына және мектептер мен өзге де білім беру ұйымдарындағы білім беру үдерістерінің сапасын арттыруға ықпал етуімен түсіндіріледі [2].

Алайда «жасанды интеллект» терминін педагогикалық зерттеуде дұрыс қолдану үшін оның ұғымдық мазмұнын нақтылау қажет, өйткені қолдану салалары мен технологиялардың алуан түрлілігі ғылыми түсіндірулердің әрқилылығын қалыптастырды. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында жасанды интеллектті әртүрлі әдіснамалық тұрғылардан қарастыру мүмкіндігі кеңейіп, зерттеушілерге жасанды интеллекттің бірқатар тұрақты анықтамаларын тұжырымдауға жол ашты.

Ең жалпы мағынада жасанды интеллект «есептеу машинасының әдетте адам интеллектімен байланыстырылатын функцияларды орындау арқылы ойлау үдерісін модельдеу қабілеті» ретінде анықталады [3]. Бұл көзқарас жасанды интеллекттің имитациялық сипатын бекітіп, оның дәстүрлі түрде адамның интеллектуалдық қызметіне жатқызылатын жекелеген когнитивтік операцияларды қайта өндіруге бағытталғанын көрсетеді.

Басқа тәсілде жасанды интеллект «есептеу жүйелерінің оқыту, бейімделу, синтездеу, өзін-өзі түзету және деректерді пайдалану үдерістеріне қатысу қабілеті, сондай-ақ әдетте адам шешетін күрделі міндеттерді орындау мүмкіндігі» ретінде түсіндіріледі [4]. Бұл анықтама

интеллектуалдық жүйелердің функционалдық мүмкіндіктеріне және олардың деректерді талдау мен жинақталған тәжірибе негізінде мінез-құлқын өзгерте алу қабілетіне назар аударады.

Үшінші трактовкаға сәйкес, жасанды интеллект «адамның когнитивтік функцияларын (оның ішінде өзін-өзі оқыту, алдын ала берілген алгоритмсіз шешім іздеу және инсайтқа қол жеткізу) имитациялауға мүмкіндік беретін технологиялық шешімдер кешені және деректерді өңдеу барысында нақты практикалық мәні бар міндеттерді орындау кезінде адам зияткерлік қызметінің нәтижелерімен кемінде салыстырмалы нәтижелер алуға қабілетті жүйе» ретінде қарастырылады [5]. Бұл анықтамада жасанды интеллекттің технологиялық табиғаты және практикалық мәні бар міндеттерді шешуге бағдарлануы айқын көрсетіледі.

Қазіргі мектептің негізгі міндеттерінің бірі — білім алушылардың оқу мотивациясын арттыру. Бұған нейрожелілік ресурстар генерациялай алатын суреттер мен бейнематериалдар арқылы сабақтың көрнекілігін арттыру жолымен қол жеткізуге болады. Сонымен қатар мотивациялық әлеует интерактивті сабақтар құру, практикалық-бағдарлы тапсырмаларды қолдану және ойын педагогикасы элементтерін енгізу арқылы да күшейеді. Мұндай жағдайда практикалық тапсырмаларды генерациялау ChatGPT-ге функционалдық тұрғыдан жақын ресурстар арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін, ал интерактивті оқу ортасын құру үшін Joyteka [6] сияқты арнайы білім беру платформасын қолдануға болады, онда веб-квесттер, кері байланысы бар интерактивті бейне, тесттер және зияткерлік ойындар жүзеге асырылады.

Мұғалім уақытын оңтайландыру тұрғысынан презентация дайындауды автоматтандыру маңызды бағыт болып табылады, өйткені презентациялық материалдар қазіргі педагогикалық тәжірибеде кең таралған оқыту құралы ретінде қарастырылады. Берілген тақырып бойынша презентация генерациялайтын немесе пайдаланушы жазбалары негізінде слайдтар құрастыратын ресурстар ретінде Gamma [6], Slidebean [6], Freepik [6] және т.б. платформаларды қолдануға болады.

Бастауыш мектепте математиканы оқыту – білім алушыларда базалық математикалық білімдер, біліктер мен дағдылар жүйесін қалыптастыруға, сондай-ақ логикалық, аналитикалық және кеңістіктік ойлауды дамытуға бағытталған күрделі, көпдеңгейлі педагогикалық үдеріс болып табылады. Қазақстан Республикасында білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында бастауыш математикалық білім тек пәндік білімдерді меңгертудің құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар функционалдық сауаттылықты, танымдық белсенділікті және математикалық білімдерді практикалық өмірлік жағдаяттарда қолдану қабілетін қалыптастырудың маңызды тетігі ретінде қарастырылады.

Жасанды интеллектті бастауыш сыныпта математиканы оқыту үдерісінде пайдалану пәнге деген танымдық қызығушылықты дамытуға, логикалық және аналитикалық ойлауды қалыптастыруға, сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін арттыруға қолайлы

жағдай жасайды. Интеллектуалдық технологиялар оқытуды білім алушылардың жеке ерекшеліктерін, дайындық деңгейін және оқу материалын меңгеру қарқынын ескере отырып ұйымдастыруға мүмкіндік береді, бұл тұлғаға бағытталған оқыту қағидаттарына толық сәйкес келеді.

Бастауыш мектепте математиканы оқыту үдерісінде жасанды интеллектті қолданудың негізгі артықшылықтарына мыналар жатады.

Біріншіден, оқытуды дараландыру. Жасанды интеллект технологиялары оқушылардың дайындық деңгейін, ақпаратты меңгеру жылдамдығын және танымдық іс-әрекеттің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу материалының мазмұны мен күрделілік деңгейін бейімдеуге мүмкіндік береді. Бұл бастауыш мектеп кезеңінде ерекше маңызды, себебі бұл кезеңде оқушылардың бастапқы мүмкіндіктері мен даму қарқыны әртүрлі болады.

Екіншіден, оқу мотивациясын арттыру. Ойын элементтері мен оқытушы симуляцияларды қамтитын интерактивті оқыту формаларын қолдану бастауыш сынып оқушыларының математикаға деген қызығушылығын арттырады. Тұрақты оқу мотивациясын қалыптастыру бастауыш кезеңде математикалық мазмұнды табысты меңгерудің негізгі шарттарының бірі болып табылады.

Үшіншіден, кері байланыстың сапасын арттыру. Интеллектуалдық жүйелер тапсырмалардың орындалу нәтижелерін жедел талдап, түзетуші кері байланыс ұсына алады. Бұл оқушылардың біліміндегі олқылықтарды уақтылы анықтауға және педагогикалық түзету жүргізуге мүмкіндік беріп, оқу үдерісінің жалпы тиімділігін арттырады.

Төртіншіден, аналитикалық және сын тұрғысынан ойлауды дамыту. Жасанды интеллект негізінде құрылған тапсырмалармен жұмыс істеу білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып, есептің шартын талдауға, шешу жолдарын іздеуге және алынған нәтижелерді бағалауға бағытталған әрекеттерді талап етеді. Бұл дағдыларды қалыптастыру тек математиканы меңгеру үшін ғана емес, әрі қарайғы білім алу үшін де маңызды.

Бесіншіден, мұғалімнің кәсіби қызметін қолдау. Жасанды интеллект тапсырмаларды тексеру, нәтижелерді талдау және оқу жетістіктерін мониторингтеу сияқты рутиналық үдерістерді автоматтандыруға мүмкіндік беретін көмекші құрал ретінде қолданыла алады. Бұл мұғалімнің уақытын тиімді бөлуіне және оқу-әдістемелік әрі дамытушы қызметке көбірек көңіл бөлуіне жағдай жасайды.

Сонымен қатар, бастауыш мектепте математиканы оқытуда жасанды интеллектті қолдану бірқатар шектеулер мен мәселелермен де байланысты, оларды енгізу барысында ескеру қажет. Мұндай мәселелердің қатарына, ең алдымен, заманауи техника мен бағдарламалық қамтамасыз етуді талап ететін техникалық шарттар жатады, бұл барлық білім беру ұйымдарында бірдей қолжетімді бола бермейді.

Біз бастауыш мектепте математиканы оқыту үдерісіне жасанды интеллектті табысты енгізу үшін түрлі әдістемелік тәсілдер қолданылуы мүмкін екендігіне көз жеткіздік. Ең кең таралған тәсілдердің бірі – білім

алушылардың дайындық деңгейіне байланысты тапсырмаларды автоматты түрде саралайтын бейімделген білім беру платформаларын пайдаландық. Бұл тәсіл аясында тапсырмалардың күрделілігі оқушының алдыңғы жауаптарын талдау негізінде өзгеріп отырады.

Мысалы, «100 көлеміндегі қосу және азайту» тақырыбын оқыту барысында оқушыға келесі типтегі тапсырма ұсынылуы мүмкін:

«Өрнектің мәнін тап: 38 + 24. Егер жауап дұрыс болса, разряд арқылы өтуі бар келесі тапсырманы орында; егер қате жіберілсе – разряд арқылы өтпейтін ұқсас тапсырманы орында».

Мұндай тапсырмалар оқыту қарқынын дараландыруға, білімдегі олқылықтарды уақтылы жоюға және әрбір оқушының кезең-кезеңімен ілгерілеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мысал ретінде келесі форматтағы оқыту ойынын келтіруге болады: «Кейіпкерге келесі деңгейге өтуге көмектесу үшін мысалдар тізбегін шеш: 6 × 4, 24 ÷ 3, 8 + 16. Әрбір дұрыс жауаптан кейін жүйе ойынның келесі кезеңін ашады».

Осындай тапсырмаларды қолдану оқушыларды белсенді оқу әрекетіне тартып, табыс жағдайын қалыптастыруға және пәнге тұрақты қызығушылықты сақтауға мүмкіндік береді деп есептейміз.

Жасанды интеллектті қолданудың тиімді бағыттарының бірі – оқу және үй тапсырмаларын автоматтандырылған түрде тексеру және жедел кері байланыс ұсыну. Бұл жағдайда интеллектуалдық жүйе жауаптың дұрыс-бұрыстығын ғана белгілемей, сонымен бірге білім алушылардың жиі жіберетін типтік қателерін талдайды.

Мысалы, төмендегі тапсырманы орындау барысында: «Есепті шығар: Әлияның 24 қарындашы болды, ол құрбысына 7 қарындаш сыйлады. Әлияда қанша қарындаш қалды?» жүйе оқушының арифметикалық амал таңдауда қате жібергенін көрсетіп, қосымша түсіндірме беруге немесе қайталап орындауға арналған ұқсас есеп ұсынуға қабілетті. Бұл өз кезегінде саналы есептеу дағдыларын қалыптастыруға және оқу әрекетіне рефлексия жасау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Жасанды интеллект негізінде құрастырылған тапсырмаларды тәжірибеде жүзеге асыруда мазмұнды автоматтандыру, оқу әрекеттерін талдау және контентті бейімдеу элементтері енгізілген цифрлық білім беру платформалары ерекше мәнге ие болады. Біз мұндай платформаларды негізінен интерактивті тапсырмалар құрастыру, формативті бағалауды ұйымдастыру және математика сабақтарында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру мақсатында қолдандық.

Ең кең таралған платформалардың бірі – Kahoot. Бұл платформа ойын түріндегі викториналар мен тест тапсырмаларын құрастыруға, сондай-ақ оқушылардың жауаптарын автоматты түрде өңдеуге мүмкіндік береді. Бастауыш сыныпта математика сабақтарында Kahoot-ты қолдану геймификация қағидаттарын және жедел кері байланыс беруді іске асырады. «Кестелік көбейту», «Сандарды салыстыру», «Геометриялық фигуралар» тақырыптары бойынша тапсырмалар құрастыру кезінде мұғалім

сұрақтардың кіріктірілген үлгілерін пайдалана алады, сондай-ақ тапсырма орындалу нәтижелерін автоматты түрде талдап, оқушылардың жиі жіберетін қателерін анықтайды. Kahoot-тағы жасанды интеллект элементтері тапсырмалардың орындалу қарқынын таңдауға, сұрақтардың нұсқаларын генерациялауға және жауаптар статистикасын өңдеуге қолдандық.

Wordwall платформасы «сәйкестендір», «жұп тап», «бос орынды толтыр», «ретте» сияқты үлгілер негізінде интерактивті математикалық жаттығулар құрастыруға кең мүмкіндіктер ұсынады. Интеллектуалдық алгоритмдерді қолдану бір тапсырманы түрлі ойын форматтарына автоматты түрде түрлендіруге мүмкіндік береді, бұл есептеу дағдыларын бекіту, сан құрамы туралы түсінікті қалыптастыру және арифметикалық амалдарды пысықтау кезінде әсіресе тиімді. Бастауыш сынып оқушылары үшін Wordwall тапсырмалары зейінді, көрнекі-бейнелі ойлауды және математикаға тұрақты қызығушылықты дамытуға ықпал етеді.

Wordwall платформасында жүзеге асырылатын кең таралған тапсырма форматтарының бірі – бастауыш сынып оқушыларының есептеу дағдыларын тексеру және бекітуге бағытталған математикалық викторина. Мысал ретінде 2-сыныпқа арналған интерактивті математикалық тапсырманы келтіруге болады: ол нөмірленген карточкалардан тұратын өріс түрінде ұсынылады. Экранның жоғарғы бөлігінде «Біреуін түртіп ашыңыз» деген нұсқаулық беріледі, бұл оқушыны тапсырма интерфейсімен белсенді әрекеттесуге жетелейді.

Тапсырманы орындау барысында білім алушы карточкалардың бірін таңдайды, соның нәтижесінде экранда арифметикалық өрнек немесе сұрақ (мысалы, есептеу тапсырмасы) пайда болып, оны ауызша немесе жазбаша орындау талап етіледі. Ұсынылған тапсырма нұсқасында 2-сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін сандық мәндер мен арифметикалық амалдар қолданылады. Уақыт шектеуі (таймер) зейінді шоғырландыруды және ойлау операцияларының жылдамдығын дамытуды ынталандырады.

Мұндай викторина форматы бірнеше дидактикалық міндетті қатар жүзеге асыруға мүмкіндік береді: оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру, ауызша есептеу дағдыларын бекіту, шектеулі уақыт жағдайында шешім қабылдау қабілетін дамыту, сондай-ақ ойын сипаты арқылы оқу мотивациясын қалыптастыру. Карточкаларды кездейсоқ таңдау мүмкіндігі оқу жағдаяттарының вариативтілігін қамтамасыз етіп, жауаптарды механикалық жаттап алу әсерін төмендетеді.

Wordwall мұғалімге жауаптарды автоматты тексеру және тапсырманы орындау нәтижелерін тіркеу құралдарын ұсынады, бұл жаттығуды тек бекіту кезеңінде ғана емес, формативті бағалау аясында да қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тапсырма мазмұнын, орындалу қарқынын және сұрақтардың күрделілік деңгейін өзгерту арқылы әрбір білім алушының жеке ерекшеліктеріне бейімдеуге болады.

Осылайша, Wordwall платформасында жасалған тапсырмалар ойын мен оқытуды органикалық түрде біріктіріп, тұрақты есептеу дағдыларын қалыптастыруға және бастауыш сынып оқушыларының оқу дербестігін дамытуға ықпал етеді. Мұндай цифрлық ресурстарды математика сабақтарына енгізу тұлғаға бағытталған және әрекеттік тәсілдерді жүзеге асырып, қазіргі бастауыш сынып мұғалімінің дидактикалық мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Елеулі дидактикалық әлеуетке Quizizz платформасы ие, ол тапсырмаларды жеке және топпен орындауға бағытталған. Quizizz-тегі жасанды интеллект элементтері жауаптарды автоматты тексеруді, аналитикалық есептер құрастыруды және тапсырмалардың күрделілігін бейімдеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Бастауыш сыныпта математиканы оқытуда бұл платформа оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру, өтілген материалды қайталау және формативті бағалау жүргізу үшін пайдаланылады. Тапсырмалар визуалды нұсқауларды, түсіндірмелер мен комментарийлерді қамтуы мүмкін, бұл математикалық ұғымдардың саналы меңгерілуіне ықпал етеді.

Quizizz платформасын математиканы оқытуда қолданудың мысалы ретінде арифметикалық амалдарды және сандық байланыстарды түсінуді тексеруге бағытталған тақырыптық викторина форматындағы интерактивті тапсырманы келтіруге болады. Ұсынылған тапсырмада білім алушыларға мынадай базалық математикалық ұғымдарға қатысты сұрақтар тізбегі беріледі, мысалы:

сандық байланыстарды анықтау;

теңдіктегі түсіп қалған санды табу (5 + ? = 8);

өрнектегі белгісіз компонентті анықтау (10 − ? = 7).

Әр сұрақ жауап нұсқалары бар жеке интерактивті блок түрінде рәсімделеді, бұл оқушының нақты оқу міндетіне назарын шоғырландыруға мүмкіндік береді. Платформа тапсырманы орындау уақытын, дұрыс және қате жауаптар санын автоматты түрде тіркеп, жедел кері байланыс береді, бұл өздігінен бақылау және оқу әрекетіне рефлексия жасау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Wizer платформасы автоматты тексеру элементтері бар интерактивті жұмыс парақтарын құрастыруға бағытталған. Wizer-ді математика сабақтарында қолдану әртүрлі типтегі тапсырмаларды біріктіруге мүмкіндік береді: есептеу жаттығулары, қысқа жауапты тапсырмалар, сәйкестендіру тапсырмалары және шешім жолын түсіндіруді талап ететін тапсырмалар. Жасанды интеллект элементтері жауаптарды тексеруді, аналитикалық деректерді жинауды және тапсырмаларды дараландыруды қамтамасыз етеді, бұл бастауыш сынып оқушыларының дербестігін дамытуға ықпал етеді.

Цифрлық құралдардың ішінде Padlet платформасы ұжымдық және жобалық қызметті ұйымдастыруда ерекше орын алады. Padlet арнайы математикалық платформа болмаса да, оның интеллектуалдық функциялары тапсырмаларды құрылымдауға, есептерді бірлесіп шешуді

ұйымдастыруға, есептеу тәсілдерін талқылауға және математикалық пайымдауларды визуализациялауға мүмкіндік береді. Бастауыш мектепте 3-сыныпқа Padlet ашық типтегі тапсырмалармен жұмыс жүргізуге, шешімнің әртүрлі тәсілдерін ұсынуға және коммуникативтік әмбебап оқу әрекеттерін дамытуға қолдандық.

Game.afifedu.com платформасында жасалған тапсырманың бір үлгісі – «Математикалық арқан тарту» интерактивті ойыны. Бұл тапсырманы 20 көлемінде сандарды қосуды бекітуге бағытталған және екі кейіпкер арасындағы жарыс түріндегі ойын ретінде ұйымдастырдық. Әр қатысушыға 5 + 6 = ? немесе 5 + 8 = ? сияқты арифметикалық мысал ұсындық, ал жауапты сандық пернетақта арқылы енгіздік.

Ойын механикасы дұрыс жауап берілген жағдайда арқанның сәйкес кейіпкер жағына «тартыла» түсуіне негізделген. Бұл оқу тапсырмасының орындалу дұрыстығы мен ойын нәтижесінің арасындағы көрнекі байланысты қалыптастырып, мотивациялық компонентті күшейтеді. Жарыстық элемент білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып, арифметикалық амалдарды орындауға тұрақты қызығушылық туғызады.

Мұндай типтегі тапсырмалар оқу материалын бекіту кезеңінде, фронтальды жұмысты ұйымдастыруда, сондай-ақ сабақтың басында немесе ортасында зейінді белсендірудің дидактикалық тәсілі ретінде тиімді қолданылуы мүмкін деп есептейміз. Бұдан бөлек, game.afifedu.com платформасы топтық немесе жұптық жұмыс аясында да пайдаланылып, коммуникативтік әмбебап оқу әрекеттерін дамытуға ықпал етеді.

Осылайша, game.afifedu.com платформасында жүзеге асырылған ойын тапсырмаларын қолдану біздің дидактикалық құралдарымызды кеңейтіп, математика сабақтарына жасанды интеллект пен геймификация элементтерін кіріктіруге мүмкіндік беретініне көз жеткіздік. Басқа цифрлық платформалармен бірге мұндай ресурстар бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын арттыруға, есептеу дағдыларын дамытуға және математика пәніне жағымды қатынас қалыптастыруға жағдай жасайды.

Қорыта келгенде, game.afifedu.com платформасын Kahoot, Wordwall, Quizizz, Wizer, Padlet платформаларымен үйлестіре қолдану бастауыш сынып мұғалімінің дидактикалық құралдар қорын кеңейтіп, математика пәнін оқытуда ойын, интерактивті және бейімделген әдістерді тиімді жүзеге асыруға жағдай жасайды. Жасанды интеллект элементтері енгізілген аталған цифрлық ресурстарды қолдану оқу мотивациясын арттыруға, логикалық ойлауды дамытуға және бастауыш сынып оқушыларының тұрақты математикалық дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. «Цифрлық білім беру ресурстары математика сабағында» әдістемелік нұсқаулық. Р.Саттибаева, 2019.
2. Мәсімжанова, Д. «Жасанды интеллект негіздері». Алматы: 2020.
3. Рассел С., Норвиг П. Искусственный интеллект: современный подход. – 4-е изд. – М.: Pearson, 2021.

4. Kaplan A., Haenlein M. Искусственный интеллект: интерпретации и применение. – 2019
5. «Ұстаз хабаршысы.KZ» республикалық ақпараттық ғылыми-әдістемелік журналының №2 (14). Муканова Г.С., 2026.
6. Бастауыш сыныптардың оқу пәндерін оқуда және оқытуда жасанды интеллектіні қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025.

# ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚҰРАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДЫҢ КЕЙБІР ЖОЛДАРЫ

***Маргумар М.М***
*Павлодар педагогикалық университетінің студенті,*
***Асенова Н.С.***
*ғылыми жетекші: п.ғ.к., Павлодар педагогикалық университеті ПЖМ профессоры.*

**Аннотация.** Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдыларын қалыптастырудың теориялық негіздері мен маңызы қарастырылады. Оқу дағдысының құрылымы, оны дамыту әдістері және жиі кездесетін қателер талданады. Сонымен қатар, жасанды интеллект құралдарын қолдану арқылы оқу үдерісін дараландыру, тиімділігін арттыру және оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту мүмкіндіктері сипатталды.

**Кілт сөздер***:* оқу дағдысы, бастауыш білім, саналы оқу, жасанды интеллект, цифрлық технологиялар

**Аннотация.** В статье рассматриваются теоретические основы и значение формирования навыков чтения у учащихся начальных классов. Анализируются структура навыка чтения, методы его развития и часто встречающиеся ошибки. Также описываются возможности использования инструментов искусственного интеллекта для индивидуализации учебного процесса, повышения его эффективности и развития познавательной активности учащихся.

**Ключевые слова***:* навык чтения, начальное образование, осознанное чтение, искусственный интеллект, цифровые технологии

**Annotation.** The article examines the theoretical foundations and importance of developing reading skills in primary school students. It analyzes the structure of reading skills, methods of their development, and common errors. It also describes the possibilities of using artificial intelligence tools to personalize the learning process, improve its effectiveness, and enhance students' cognitive activity.

**Keywords:** reading skills, primary education, conscious reading, artificial intelligence, digital technologies

Қазіргі заманғы бастауыш білім берудің басым міндеттерінің бірі – білім алушылардың дұрыс, саналы және мәнерлеп оқу дағдыларын дамыту болып табылады. Бұл міндеттің өзектілігі оқу әрекетінің білім беру үдерісіндегі жетекші рөлімен және баланың зияткерлік, тілдік әрі тұлғалық дамуына тигізетін шешуші ықпалымен айқындалады. Дәл оқу арқылы білім алушылар оқу материалын меңгереді, танымдық іс-әрекет тәсілдерін

игереді, дүниетанымын кеңейтеді және оқу дербестігінің негіздерін қалыптастырады. Бастауыш мектеп жасында табысты оқудың іргетасы қаланатындықтан, оқу дағдыларын дамытуға бағытталған мақсатты жұмыс ерекше маңызға ие болады.

Оқу дағдысы – техникалық оқу, мәтінді саналы қабылдау, оның мазмұнын түсіну, интерпретациялау және мәнерлеп жеткізу сияқты құрамдас бөліктерді қамтитын күрделі, интегративті құрылым. Осы тұрғыдан алғанда, оқу тек сөйлеу әрекетінің бір түрі ғана емес, барлық оқу пәндерін меңгеруде қолданылатын әмбебап құрал ретінде қарастырылады. Қалыптасқан оқу дағдысы ақпарат алудың негізгі көзі, қарым-қатынас құралы және әрі қарайғы оқудың маңызды базасы болып табылады. Оқу дағдысын табысты меңгеру білім алушылардың танымдық іс-әрекетінің жалпы даму деңгейін көрсететін маңызды көрсеткіштердің бірі болып саналады және олардың оқу жетістіктеріне елеулі ықпал етеді.

Бастауыш мектеп оқушыларының оқу дағдыларын дамыту мәселесі ұзақ уақыт бойы психологиялық-педагогикалық зерттеулердің назарында болып келеді. Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, П.Я. Гальперин, Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов еңбектерінде оқу әрекетінің қалыптасу заңдылықтары, сөйлеу мен ойлаудың дамуы, сондай-ақ оқудың баланың тұлғалық қалыптасуындағы рөлі ғылыми тұрғыдан негізделген. Аталған ғалымдардың зерттеулері оқу үдерісін зейіннің, еріктіліктің, есте сақтаудың және ақпаратты мағыналық тұрғыдан қабылдаудың дамуымен тығыз байланысты күрделі процесс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Оқуға үйретудің әдістемелік аспектілерін дамытуға М.А. Данилов, С.П. Баранов, Т.Г. Рамзаева, Л.Ф. Климанова сияқты педагогтар мен әдіскерлер елеулі үлес қосты. Олардың еңбектерінде оқу дағдылары білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, кезең-кезеңімен дамытылатын тұтас әрі жүйелі процесс ретінде қарастырылады. Авторлар оқу техникасы мен мәтінді түсінуді дамытуға кешенді көзқарастың қажеттілігін, сондай-ақ оқырмандық әрекетке тұрақты мотивация қалыптастырудың маңыздылығын атап көрсетеді.

Оқу дағдыларын дамыту мәселесі көптеген педагогтар мен психологтардың зерттеу нысаны болып табылады. С.А. Аничкин, В.Г. Горецкий, О.В. Джежелей, Л.Ф. Климанова, З.И. Романовская, Н.Н. Светловская еңбектерінде бастауыш мектеп оқушыларының оқу дағдысын қалыптастырудың ерекшеліктері ашып көрсетілген. Ал бастауыш мектеп жасындағы білім алушылардың оқу әрекетінің дамуына байланысты психикалық үдерістер А.Г. Асмолов, М.П. Воюшина, Л.С. Выготский, А.А. Леонтьев, Л.А. Мосунова, Т.Д. Полозова, К.Д. Ушинский еңбектерінде зерттелген. Аталған авторлар оқу дағдысының қалыптасуы мен дамуының заңдылықтарын талдаған. Ал жылдам әрі саналы оқуды қалыптастырудың технологиялық аспектілері С.Н. Костромина, А.М. Кушнир, Л.Г. Нагаева, М.И. Оморокова еңбектерінде қарастырылған [1].

М.И. Оморокованың пікірінше, оқу дағдысы ойлау және сөйлеу әрекетінің элементтері өзара тығыз байланысқан күрделі

психофизиологиялық үдерістер қатарына жатады. Оқу барысында оқушының тұлғалық қасиеттері, түйсік пен қабылдау ерекшеліктері, зейіні, қиялы, қабілеттері, қызығушылықтары мен құндылықтық бағдарлары белсендіріледі. Сонымен қатар қоршаған орта туралы жинақталған білім қоры өзектеніп, күнделікті сөйлеу тәжірибесі барысында қалыптасқан сөздік қор жұмылдырылады, сондай-ақ сөз қолдану, сөз түрлендіру, сөзжасам және мәтін құрастырудың меңгерілген үлгілері іске қосылады [1].

Әртүрлі тақырыптағы және күрделілік деңгейі әртүрлі мәтіндерді жылдам әрі саналы оқу бастауыш білім берудің соңғы кезеңін аяқтап, жалпы орта білім берудің келесі сатысына өтетін білім алушылардың табысты оқуына қажетті шарт болып табылады. Бұл білік үздіксіз білім беру тұжырымдамасын іске асырудың негізгі факторларының бірі ретінде қарастырылады.

«Жылдам оқу» ұғымы білім алушының мәтіндік ақпаратты тез әрі тиімді қабылдау қабілетін сипаттайды. Т.И. Бочкарёваның түсіндіруінше, жылдам оқу – бұл жас ерекшеліктеріне және оқыту кезеңіне сәйкес келетін жылдамдықпен, интонация мен тыныс белгілерін сақтай отырып жүзеге асырылатын дұрыс, қатесіз әрі мәнерлеп оқу. Жылдам оқу дыбыстарды тану, оларды әріптермен сәйкестендіру, буындарға, сөздерге және сөйлемдерге біріктіру арқылы іске асатын декодтау үдерісі мен оқылған мәтінді саналы түсінудің арасындағы байланыстырушы буын болып табылады [2].

Мәтіннің мағынасын дәл жеткізетін жылдам әрі экспрессивті оқу оны түсінудің көрсеткіші болып саналады. Ол тек оқу техникасын ғана емес, сонымен қатар сөздердің мағынасын автоматты түрде тану, мәтінді өмірлік тәжірибе мен бұрыннан бар білімге сүйене отырып түсіндіру, сондай-ақ мазмұндық жағына назар аудара отырып еркін әрі күш салмай оқу қабілетін де қамтиды [3].

Оқудың дұрыстығы мен шапшаңдығы туралы оқу мәтінін саналы түрде түсінген жағдайда ғана айтуға болады. Сонымен қатар педагог осы сапаларды қалыптастыруға және жетілдіруге бағытталған арнайы әдістемелік тәсілдерді меңгеруі тиіс. Оқу әдістемесінде мұндай жұмыстың екі негізгі бағыты айқындалады:

көру қабылдауын, артикуляциялық аппаратты дамытуға және тыныс алуды реттеуге бағытталған арнайы жаттығуларды қолдану;

көркем шығармаларды оқытуда М.И. Оморокова ұсынған көп мәрте оқу принципін пайдалану, бұл қағида В.Г. Горецкий мен Л.Ф. Климанова еңбектерінде жан-жақты сипатталған. [3]

Көп мәрте оқу принципі оқушыларды мағыналық тұрғыдан маңызды мәтін бөліктерін қайта-қайта оқуға бағыттауды көздейді. Бұл тәсіл шығарманың идеясына терең үңілуге мүмкіндік беріп қана қоймай, дұрыс әрі шапшаң оқу дағдысының қалыптасуына ықпал етеді.

Оқудың дұрыстығы, жоғарыда атап өтілгендей, мағынаны бұзатын қателердің болмауымен сипатталады. Бастауыш мектеп білім

алушыларының оқу дағдысының қалыптасуын талдау оқу барысында жиі кездесетін бірнеше қателер тобын анықтауға мүмкіндік береді.

Бірінші топқа дыбыс-әріптік құрамды бұрмалау жатады. Бұл әріптерді, буындарды, сөздерді немесе жолдарды түсіріп кету, оқу бірліктерінің орнын ауыстыру, артық элементтерді қосу немесе бір бірлікті екіншісімен алмастыру түрінде көрінеді. Мұндай қателердің себептері көру қабылдауының жеткіліксіз дамуы, артикуляциялық аппараттың әлсіздігі немесе «жорамалдап оқу» құбылысы болуы мүмкін.

Екінші топ қателері оқу бірліктерінің – әріптердің, буындардың, сөздердің немесе сөйлемдердің қайталануымен байланысты. Оқу дағдысы неғұрлым төмен болса, соғұрлым қайталанатын бірлік көлемі аз болады. Сондықтан оқу дағдысының аналитикалық кезеңінде мұндай қателер заңды құбылыс ретінде қабылданып, тіпті уақытша оң сипатта қарастырылады.

Үшінші топқа әдеби тіл нормаларының бұзылуы жатады. Бұл қателердің ішінде:

орфоэпиялық қателер, әсіресе екпінді дұрыс қоймау, олар көбіне айтылу нормаларын немесе сөз мағынасын білмеуден туындайды;

«орфографиялық оқу» деп аталатын қателер, яғни сөздің айтылуы жазылуына дәл сәйкес келеді. Мұндай оқу оқу дағдысының қалыптасуындағы міндетті кезең болып табылады және қабылдау, айту мен түсіну әрекеттері біріктірілген кезде біртіндеп жойылады;

интонациялық қателер – логикалық екпіннің дұрыс қойылмауы, мағынаға сай келмейтін паузалар, бұл көбіне мәтінді түсінбеумен байланысты.[4]

Оқу қателерін түзету және алдын алу педагог қателердің себептерін терең түсінген жағдайда ғана тиімді жүзеге асырылады. Қате оқуға әкелетін негізгі факторларға көру қабылдауының жеткіліксіздігі, артикуляциялық аппараттың икемсіздігі, тыныстың жетіспеуі, орфоэпиялық нормаларды және сөз мағынасын білмеу, сондай-ақ субъективті түрде жорамалдап оқу жатады.

Қазіргі білім беру жүйесінің даму кезеңі оқыту мазмұнына, формалары мен әдістеріне елеулі ықпал ететін цифрлық және зияткерлік технологиялардың белсенді түрде енгізілуімен сипатталады. Цифрлық трансформация жағдайында білім беру үдерісінің тиімділігін арттырудың перспективалы құралы ретінде қарастырылатын жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын пайдалану ерекше маңызға ие болуда, соның ішінде бастауыш мектеп жағдайында да. Жасанды интеллект технологияларын қолдану негізгі оқу дағдыларын дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер ашады, олардың ішінде бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдыларын қалыптастыру мен жетілдіру айрықша орын алады.

Оқуға үйретуде жасанды интеллект құралдарын пайдалану оқу дағдысының барлық негізгі сапаларына – дұрыстыққа, жылдамдыққа, саналылыққа және мәнерлілікке – мақсатты түрде ықпал етуге мүмкіндік береді. Әдістемеде бұл сапалар оқырмандық әрекеттің өзара байланысты және өзара шарттас компоненттері ретінде қарастырылады. ЖИ-

технологияларын қолдану білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, аталған сапаларды дамытуға жүйелі әрі кешенді тұрғыдан келуді қамтамасыз етеді.

Жасанды интеллектті бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдыларын дамытуда пайдаланудың негізгі артықшылықтарының бірі – жеке-дара тәсілді іске асыру мүмкіндігі болып табылады. Бастауыш мектеп білім алушыларының оқу дағдыларының қалыптасу деңгейі жас, психофизиологиялық және тұлғалық ерекшеліктерге байланысты айтарлықтай әртүрлілігімен сипатталады. Зияткерлік білім беру платформалары баланың оқу деңгейін диагностикалауға, типтік қателерді (қалдыру, бұрмалау, алмастыру, қайталау) анықтауға, оқу қарқыны мен саналылығын талдауға, сондай-ақ осы мәліметтер негізінде тиісті күрделілік деңгейіндегі тапсырмаларды автоматты түрде ұсынуға қабілетті.

Осылайша, оқуға үйретудің зияткерлік жүйелері оқу дағдысының жекелеген компоненттерін дамытуға бағытталған дараланған жаттығуларды ұсына алады. Мысалы, оқу жылдамдығын жеткілікті деңгейде қалыптаспаған жағдайда білім алушыға көру өрісін кеңейтуге, буындарды автоматты біріктіруге, сөздер мен сөйлемдерді оқу жылдамдығын біртіндеп арттыруға бағытталған тапсырмалар ұсынылады. Ал мәтінді түсінуде қиындықтар туындаған жағдайда жүйе логикалық реттілікті қалпына келтіру, негізгі ойды анықтау, тірек сөздермен жұмыс істеу сияқты жаттығуларды ұсынуы мүмкін.

Оқу дағдыларын дамытуда сөйлеуді тану технологияларын қолданатын зияткерлік тренажерлер мен бейімделмелі бағдарламалар ерекше рөл атқарады. Мұндай құралдар дауыстап оқуды талдауға, айтылу, қарқын және интонациядағы қателерді тіркеуге, сондай-ақ білім алушыға жедел кері байланыс беруге мүмкіндік жасайды. Мысалы, сөзді қате оқыған жағдайда жүйе кеткен қатені көрсетіп, қайта оқуды ұсынуы немесе дұрыс айтылымның дыбыстық үлгісін бере алады. Бұл оқу дұрыстығын қалыптастыруға және орфоэпиялық дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

Сонымен қатар Canva жасанды интеллект құралдарын қолдану арқылы оқу жылдамдығын дамытуға бағытталған интерактивті ойын әзірленеді. Аталған ойын тапсырмалардың күрделілік деңгейлерінің біртіндеп артуымен, оқу қарқынын бақылау мүмкіндігімен және білім алушылардың оқу жетістіктерін көрсететін прогресс индикаторымен қамтамасыз етіледі.

Зияткерлік тренажерлердің сипатталған функционалдық мүмкіндіктері бастауыш сынып оқушыларының оқу дұрыстығын дамытудағы жасанды интеллекттің теориялық-әдістемелік рөлін айқындайды. Бұл аспектідегі ЖИ-дің рөлі ең алдымен дауыстап оқу үдерісін автоматтандырылған түрде талдаумен байланысты. Сөйлеуді тану технологияларына негізделген зияткерлік жүйелер дыбыс-әріптік сипаттағы қателерді, орфоэпиялық нормалардың бұзылуын, сөздердің бұрмалануын, қалдырылуын және қайталануын анықтауға мүмкіндік береді. Қателерді талдау негізінде білім алушыға проблемалы сөздермен, буындармен немесе

дыбыс тіркестерімен жұмыс істеуге бағытталған түзетуші жаттығулар ұсынылады. Мұндай жұмыс формасы оқу дұрыстығының тұрақты дағдыларын қалыптастыруға, артикуляциялық аппаратты дамытуға және айтылымның саналылығын арттыруға ықпал етеді.

ЖИ-инструменттері бар Canva платформасын пайдалану арқылы бастауыш сынып оқушыларының оқу дұрыстығын қалыптастыру мен жетілдіруге бағытталған интерактивті оқу жаттығуын жасауға болады деп есемптейміз. Аталған цифрлық жаттығу оқушылардың мәтінді дұрыс, дәл және саналы оқу дағдыларын дамытуға бағытталады.

Интерактивті жаттығудың жұмыс істеу механизмі төмендегідей ұйымдастырылуы мүмкін екендігіне көз жеткіздік:

білім алушы «Жаттығуды бастау» батырмасын басу арқылы оқу үдерісін бастайды;

экранда қазақ тіліндегі қысқа сөйлем көрсетіледі;

оқу барысында ағымдағы сөз визуалды түрде ерекшеленіп (пульсация әсері арқылы) белгіленеді, бұл оқушының назарын нақты сөзге шоғырландыруға мүмкіндік береді;

«Келесі сөз» батырмасы арқылы оқушы сөйлемдегі келесі сөзге біртіндеп өте алады;

Қажет болған жағдайда «Қайта оқу» батырмасы сөйлемді басынан қайта оқуға, ал «Жаңа сөйлем» батырмасы басқа мәтінмен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Осындай құрылымдағы интерактивті жаттығуларды Canva платформасының жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдану арқылы әзірлеу бастауыш сынып оқушыларының оқу дұрыстығын қалыптастыруға, оқу әрекетін жүйелі ұйымдастыруға және оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға жағдай жасайды.

Геймификация элементтерін пайдаланатын жасанды интеллект құралдары да айтарлықтай әлеуетке ие. Ойын түріндегі оқыту бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді және оқу мотивациясын арттыруға ықпал етеді. Зияткерлік оқыту ойындары әріптер мен сөздерді тану, сөйлем құрастыру, мәтіннің дұрыс жалғасын таңдау арқылы оқу, түсіп қалған сөздерді қалпына келтіру сияқты тапсырмаларды қамтуы мүмкін. Бұл ретте жүйе тапсырмалардың күрделілік деңгейін орындалу нәтижелеріне қарай автоматты түрде бейімдейді, бұл білім алушылардың танымдық белсенділігінің оңтайлы деңгейін сақтауға мүмкіндік береді. Геймификация арқылы мотивациялық тұрғыдан бай әрі эмоциялық тұрғыда тартушы білім беру ортасын қалыптастыру оқу техникасын дамытуға ғана емес, сонымен қатар оқырмандық әрекеттің күрделірек компоненттеріне, оның ішінде мәнерлі оқуға көшуге алғышарттар жасайды.

Әріптер мен сөздерді тануға, сөйлем құрастыруға және мәтіндегі түсіп қалған сөздерді толықтыруға арналған ойындарды құрастыруға болады. Интерактивті ойын бірнеше мазмұндық модульден тұруы мүмкін: алғашқы модульде білім алушылар дыбысты тыңдау арқылы сәйкес әріпті

анықтайды, бұл фонематикалық қабылдауды дамытуға бағытталады; келесі модульде берілген әріптерден сөз құрастыру тапсырмалары ұсынылып, сөздік қорды байыту және талдау–жинақтау дағдыларын қалыптастыру көзделеді; үшінші модульде сөздерді дұрыс ретпен орналастыру арқылы сөйлем құрастыру жүзеге асырылады, ал соңғы модульде сөйлемдегі жетіспеген сөзді табу тапсырмалары орындалады. Әрбір дұрыс орындалған тапсырма үшін жүйе ұпай есептеп, оқушының оқу жетістіктерін тіркеп отырады, бұл оқу мотивациясын арттыруға ықпал етеді. Осылайша, аталған интерактивті ойын оқу үдерісін жандандырып, бастауыш сынып оқушыларының оқу, тілдік және танымдық дағдыларын кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект құралдары дәстүрлі сыныптық жұмыс формаларын цифрлық білім беру ресурстарымен үйлестіретін аралас оқыту моделіне тиімді түрде кіріктірілуі мүмкін. Мұғалім мәтінді оқу, талқылау, мағынасы мен мәнерлілігіне талдау жасау жұмыстарын ұйымдастырады, ал зияткерлік жүйелер жеке жаттығуларды орындау, дағдыларды бекіту және білім алушылардың өздік жұмысы үшін қолданылады. Мұндай үйлесім оқу уақытын оңтайлы бөлуге және оқуға үйретудің нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге бастауыш мектеп жағдайында жасанды интеллектті қолдану бірқатар педагогикалық шарттарды сақтауды талап етеді. ЖИ қолдану әдістемелік тұрғыдан негізделген, білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы және тірі педагогикалық қарым-қатынасты алмастырмауы тиіс. Жасанды интеллект оқытудың дербес субъектісі емес, педагогикалық ықпал етуді қолдайтын және күшейтетін құрал ретінде қарастырылады.

Осылайша, жасанды интеллект құралдары бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдыларын дамытуда айтарлықтай әлеуетке ие. Оларды қолдану оқытуды дараландыруға, оқу мотивациясын арттыруға, оқудың дұрыстығын, бегелілігін, саналылығын және мәнерлілігін дамытуға, сондай-ақ оқырмандық әрекетке тұрақты қызығушылық қалыптастыруға ықпал етеді. Жасанды интеллект технологияларын бастауыш мектептің білім беру үдерісіне ұтымды әрі педагогикалық тұрғыдан орынды енгізу оқуға үйрету сапасын арттырудың және білім алушылардың жалпы оқу жетістіктерін жоғарылатудың жаңа перспективаларын ашады деп есептейміз.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Егоров Т.Г. Психология овладения навыком чтения / Т.Г. Егоров. – Санкт-Петербург : КАРО, 2006.
2. Оморокова, М. И. Совершенствование чтения младших школьников: метод. пособие для учителя / М. И. Оморокова; М-во общ. и проф. образования РФ. - Москва: Аркти, 1997.
3. Светловская Н.Н., Пиче Т.С. – ООЛ «Обучение детей чтению».Практическая методика. М.: 2001г.
4. Светловская Н.Н. Методика обучения чтению: что это такое? // «Начальная школа», 2005.

# БАЛАБАҚШАДА STEM ТЕХНОЛОГИЯСЫ КІРІКТІРІЛГЕН ВАРИАТИВТІ БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

***Рахманғазы М.А.***
*Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бөлімінің магистранты*
***Сарсенбаева Б.Г.***
*Педагогика ғылымдарының кандидаты, Педагогика жоғарғы мектебінің профессоры*
*Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан*

**Аннотация.** Бұл мақалада автор балабақшада мектепке дейінгі жастағы балалардың коммуникативті дағдыларды жетілдіруде STEM технологиясының элементтері кіріктірілген вариативті бағдарламаның тиімділігін қарастырды. Қазіргі таңда білім беру ұйымдарында жаңартылған бағдарламалар мен тұлғаға бағытталған тәрбиелеу тұжырымдамасы аясында баланың сөйлеуінің дамуы өзекті болып келеді.

Зерттеудің негізгі бағыттары вариативті бағдарламаның құрылымдық-мазмұндық ерекшеліктерін талдауға, коммуникативті дағдыларды жетілдіретін әдіс-тәсілдерді айқындауға және эксперименттік жұмыс арқылы оның тиімділігін анықтау.

**Кілтті сөздер***:* мектепке дейінгі ұйым, вариативті бағдарлама, вариативтілік, коммуникативті дағды.

**Аннотация**. В данной статье автор рассмотрел эффективность вариативной программы, в которой интегрированы элементы STEM технологии в совершенствовании коммуникативных навыков детей дошкольного возраста в детском саду. В настоящее время в организациях образования актуальным становится развитие речи ребенка в рамках обновленных программ и концепции личностно-ориентированного воспитания.

Основными направлениями исследования являются анализ структурно-содержательных особенностей вариативной программы, определение методов и приемов совершенствования коммуникативных навыков и определение ее эффективности через экспериментальную работу.

**Ключевые слова:** дошкольная организация, вариативная программа, вариативность, коммуникативные навыки.

**Annotation**. In this article, the author examined the effectiveness of a variation program that integrates elements of STEM technology in improving the communication skills of preschool children in kindergarten. Currently, the development of a child's speech within the framework of updated programs and the concept of personality-oriented education is becoming relevant in educational organizations.

The main research directions are the analysis of the structural and substantive features of the variable program, the definition of methods and techniques for improving communication skills and determining its effectiveness through experimental work.

**Keywords***:* preschool organization, variable program, variability, communication skills.

## Кіріспе

Мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында балабақша тәрбиеленушілерінің коммуникативті дағдыларын дамыту мәселесі ерекше өзектілікке ие. Қазіргі қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясы, цифрландыру үдерісі, баланың ерте жастан ақпараттық ортаға енуі оның тілдік және тұлғааралық қарым-қатынас қабілеттеріне

жаңа талаптар қояды. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі білім мазмұнын жаңарту, вариативті компонентті енгізу, тұлғаға бағытталған оқыту қағидаларын жүзеге асыру қажеттілігі осы мәселенің маңызын арттыра түсуде[2, 206б].

Коммуникативті дағдылар – баланың әлеуметтік бейімделуінің, эмоциялық интеллектісінің, тілдік мәдениетінің және танымдық белсенділігінің негізі. Балабақшада бұл дағдыларды жүйелі түрде қалыптастыру вариативті бағдарламалар арқылы жүзеге асқанда ғана нәтижелі болмақ. Өйткені вариативті бағдарлама білім мазмұнын икемді құруға, баланың жеке ерекшеліктерін ескеруге, шығармашылық және интерактивті әдістерді енгізуге мүмкіндік береді[3, 126б].

Коммуникативті даму мәселесі әлемдік психология мен педагогика ғылымында жан-жақты қарастырылған. Баланың сөйлеу әрекетінің қалыптасуы мен әлеуметтік өзара әрекет теориясы Л.С. Выготский[4, 246б] еңбектерінде мәдени-тарихи тұрғыда негізделсе, іс-әрекеттік көзқарас А.Н. Леонтьев зерттеулерінде дамытылды. Баланың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру теориясы М.И. Лисина еңбектерінде жүйеленді.

Қазақстандық мектепке дейінгі педагогикада тіл дамыту мен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мәселелері Р.М. Жұмабекова, А.К. Сатыбалдина еңбектерінде қарастырылған. Соңғы жылдары вариативті білім беру мазмұнын жетілдіру, мектепке дейінгі ұйымдарда авторлық бағдарламалар әзірлеу бағытында қазақстандық зерттеушілердің еңбектері жарық көруде.

Дегенмен, теория мен тәжірибе арасында бірқатар қайшылықтар байқалады:

мектепке дейінгі ұйымдарда вариативті бағдарламалар бар болғанымен, олардың коммуникативті дағдыларды мақсатты түрде дамытуға бағытталған тиімділігі толық ғылыми негізделмеген;

педагогтердің вариативті компонентті жүзеге асырудағы әдістемелік дайындығы әркелкі;

зерттеулердің басым бөлігі тіл дамытуға бағытталып, тұлғааралық коммуникацияның әлеуметтік-эмоциялық аспектілері жеткілікті қарастырылмайды;

ұлттық мәдени-тілдік контекстегі вариативті бағдарламалардың тиімділігін бағалау құралдары жүйеленбеген.

Зерттеудің мақсаты – балабақшада коммуникативті дағдыларды жетілдіруде вариативті бағдарламаның тиімділігін теориялық тұрғыдан негіздеу және тәжірибелік-эксперименттік жолмен дәлелдеу.

Зерттеу міндеттері:

Коммуникативті дағдылар ұғымының мазмұнын және құрылымдық компоненттерін айқындау.

Вариативті бағдарламалардың мазмұндық ерекшеліктерін талдау.

Коммуникативті дағдыларды дамытуға ықпал ететін педагогикалық шарттарды анықтау.

Тәжірибелік зерттеу жүргізіп, бағдарламаның тиімділігін бағалау.

Зерттеу гипотезасы: егер мектепке дейінгі балалармен STEM технологиясының элементтері кіріктірілген вариативті бағдарлама жүйелі түрде қолданылса, онда олардың коммуникативтік дағдыларының даму деңгейі жоғары болады.

Зерттеу нысаны – мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру үдерісі.

Зерттеу пәні – балабақшадағы вариативті бағдарламаның коммуникативті дағдыларды дамытуға ықпалы.

Мектепке дейінгі білім берудің баламалы және вариативті түрлерін құру оның қолжетімділігі мен қамтылуын арттыруға, әртүрлі жастағы топтардағы балаларға тәрбие, оқыту, білім беру, қадағалау және күтім алуда қолайлы жағдайлар жасауға, мектепке түсу кезінде тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге бағытталған.

Гордеев К.С., Жидков А.А., Ермолаева Е.Л., Илюшина Е.С., Федосеева Л.А. пікірлерінше мектепке дейінгі мекемелердің вариативті формалары – бұл мектепке дейінгі білім беру жүйесінің мемлекеттік немесе муниципалды құрылымдық бірліктері болып табылатын мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің түрлері. Мектепке дейінгі мекемелердің вариативті формалары білім беру қызметін жүзеге асырады және мектепке дейінгі білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады[5, б].

Вариативтік білім беру – Қазақстандағы қазіргі білім беру жүйесін дамытудың негізгі ұстанымдары мен бағыттарының бірі.

Жоспардың вариативтік бөлімі білім берудің вариативтілігін, мектепке дейінгі ұйым қызметінің басым бағытын көрсетеді, балалардың жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен бейімділіктерін ескере отырып, оларға арналған білім беру қызметінің саласын кеңейтуді қамтамасыз етеді[6, 23б].

Магмурова Асель Бекетовна пікірінше вариативтік білім беру процесі білім беру мақсатына қол жеткізу үшін процеске қатысушылардың өзара байланысты әрекеті (Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты аясында).

Зерттеу базасы - №115 балабақшаның ортаңғы «А» тобы. Қатысушылар саны – 24 бала (эксперименттік топ:12; бақылау топ:12).

Материалдар мен әдістер:

Ұсынылған вариативті бағдарламада STEM технологияның элементтері қолданылды.

S (Science) – қарапайым тәжірибелер («Бата ма, жүзеді ме?», «Өсімдік қалай өседі?»);

T (Technology) – Bee-Bot роботымен алгоритмдік ойындар;

E (Engineering) – көпір мен мұнара құрастыру;

M (Mathematics) – логикалық үлгілер мен топтастыру ойындары.

Әр ұйымдастырылған іс-әрекетте міндетті түрде:

– мәселе қою;

– топтық талқылау;

– шешім ұсыну;

– нәтижені қорғау кезеңдері ұйымдастырылды.

Диагностика Орлова И.А., Холмогорова В.М. «Құрдастарымен қарым-қатынасты дамыту диагностикасы» арқылы жүргізілді.

Мақсаты: жас балалардың құрдастарымен қарым-қатынас дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау.

Диагностикалық көрсеткіштер: құрдастарымен қарым-қатынас.

Жас: 2-4 жас

Ақпарат көзі: балалар

Өткізу нысаны мен шарттары: жеке дара

Нұсқаулық: қарым-қатынас диагностикасы баланың құрдастарына деген қызығушылығын, әсерге сезімталдығын, баланың қарым-қатынас бастамашылығын, әлеуметтік әрекеттерді, эмпатияны және қарым-қатынас құралдарын тіркеуді қамтиды.

Балалардың құрдастарымен қарым қатынас көрсеткіштері қарым қатынас параметрлері болып табылады:

Құрдасына деген *қызығушылық* (бала құрдасына назар аударады ма, оны қарастырады, сыртқы түрімен танысады (құрдасына жақындайды, киімін, бетін, фигурасын қарастырады).

*Просоциалды әрекеттер* (баланың құрдастарының тілектерін ескеру қабілеті, бөлісу, көмектесу, бірге істеу қабілеті).

*Қарым-қатынас құралдары* (бала құрдастарының назарын өзіне аударуға тырысатын, оны бірлескен іс-әрекеттерге тартатын және қатысатын әрекеттер). Бұл параметрдің көрсеткіштері:

*Экспрессивті-мимикалық құралдар* (балалардың іс-әрекеттерінің эмоционалды бояуы, құрдастарының кедергісі);

*Белсенді сөйлеу* (алдын-ала дауыстау, сөйлеу, жеке сөздер, сөз тіркестері).

Диагностика көрсеткіштері 1-кестеде берілген.

*1-кесте. Қарым-қатынас көрсеткіштер*

*і*

| Қарым-қатынас көрсеткіштері | Ұпайлар |
|---|---|
| Құрдастарына деген қызығушылық | 0 ұпай-бала құрдасына қарамайды, оны байқамайды;<br>1 ұпай-бала кейде құрдастарына қарайды, назар тұрақты емес, басқа пәнге тез ауысады, құрдастарының қызметіне қызығушылық танытпайды;<br>2 ұпай-бала құрдастарына назар аударады, оның әрекеттерін қызығушылықпен бақылайды, бірақ алыстан жақындауға, қашықтықты қысқартуға батылы бармайды (пассивті позиция);<br>3 ұпай-бала бірден құрдасын байқайды, оған жақындайды, мұқият қарап, қол тигізе бастайды, өз әрекеттерін дауыстап, сөйлеп сүйемелдейді, ұзақ уақыт бойы құрдасына деген қызығушылығын жоғалтпайды, алаңдамайды. |
| Просоциалды әрекеттер | 0 ұпай-бала құрдасына жүгінбейді, онымен бірге әрекет еткісі келмейді, құрдастарының өтініштері мен ұсыныстарына жауап бермейді, оған көмектескісі келмейді, ойыншықтарды алып тастайды, ашуланады, ашуланады, бөліскісі келмейді; |

| | |
|---|---|
| | 1 ұпай-баланың өзі бастама көтермейді, бірақ кейде ересек адамның құрбысымен бірге бірдеңе жасау (үй салу, ойыншықтарды ауыстыру) туралы ұсыныстарына жауап береді, бірақ ойыншықты құрбысына беру туралы ұсыныс наразылық тудырады;<br>2 ұпай-бала құрдастарымен ойнауға келіседі, кейде өзі бастама көтереді, бірақ барлық жағдайда емес, кейде ойыншықтармен бөліседі, олардан бас тартады, бірлесіп бірдеңе жасау туралы ұсынысқа жауап береді, құрдастарына кедергі жасамайды;<br>3 ұпай-бала бірлесіп әрекет етуге ниет білдіреді, өзі құрдастарына ойыншықтар ұсынады, оның тілектерін ескереді, бір нәрсеге көмектеседі, қақтығыстардан аулақ болуға тырысады. |
| Байланыс құралдары | Экспрессивті-мимикалық:<br>0 ұпай-бала құрдастарына қарамайды, өз сезімдерін еліктемейді, құрдастарының барлық өтініштеріне бей-жай қарамайды;<br>1 ұпай-бала кейде құрдастарының көзіне қарайды, өзінің эмоционалдық күйін (күлімсіреп, ашуланады) эпизодтық түрде білдіреді, мимика негізінен тыныш, құрдастарының эмоцияларын жұқтырмайды, егер ол қимылдарды қолданса, онда өз эмоцияларын білдіру үшін емес, құрдастарының өтініштеріне жауап ретінде;<br>2 ұпай - бала көбінесе құрдастарына қарайды, оның құрдастарына бағытталған іс-әрекеттері эмоционалды түрде боялған, өзін өте еркін ұстайды. |
| | Белсенді сөйлеу<br>0 ұпай-бала сөздерді айтпайды, «сыбырламайды», мәнерлі дыбыстар шығармайды;<br>1 ұпай-сыбырлау;<br>2 ұпай- сөйлесу;<br>3 ұпай-жеке сөздер;<br>4 ұпай-сөз тіркестері. |

Орлова И.А., Холмогорова В.М. «Құрдастарымен қарым-қатынасты дамыту диагностикасы» бастапқы мен қорытынды көрсеткіштердің орташа деңгейі(2-кесте.).

*2-кесте. Диагностика көрсеткіштерінің орташа деңгейі*

| Бастапқы көрсеткіш | Орташа | Қорытынды көрсеткіш | Орташа |
|---|---|---|---|
| Эксперименттік топ | 50% | Эксперименттік топ | 66,6% |
| Бақылау тобы | 41,6% | Бақылау тобы | 58,3% |

Эксперименттік топтағы балалар:

мәселені бірге талқылауға;

өз болжамдарын ұсынуға;

шешімін қорғауға;

бірлескен әрекетте келісімге келуге үйренді.

Қорытындылай келе, жүргізілген ғылыми жұмыс гипотезасын толық растады. Мектепке дейінгі ұйымдарда вариативті бағдарлама құру

нәтижесінде STEM технологиясының элементтерін кіріктіріп, балабақшаларда жүйелі түрде қолданса, балалардың коммуникативті дағдылары айтарлықтай дамиды. STEM технологиясының элементтерін жүйелі қолдану балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытуда жоғары тиімділік көрсетті және статистикалық тұрғыдан сенімді нәтижелер берді.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 ҚРҮҚ).
2. Жумабекова, Ф. Н. Мектепке дейінгі тәрбие: оқулық / Ф. Н. Жумабекова. — Алматы, Москва : EDP Hub (Идипи Хаб), Ай Пи Ар Медиа, 2025. — 509 б.
3. Манкеш, А. Е. Қазақстандағы мектепке дейінгі білім берудің теориясы мен тәжірибесі : ұжымдық монография / А. Е. Манкеш, Ғ. З. Таубаева, К. М. Метербаева. — Алматы : Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2022. — 168 б.
4. Л.С. Выготский. Мышление и речь:оқулық / АСТ баспасы / 2024. -576 б.
5. Гордеев К.С., Жидков А.А., Ермолаева Е.Л., Илюшина Е.С., Федосеева Л.А. Вариативные и альтернативные формы обучения в дошкольном образовании // Гуманитарные научные исследования. 2021. № 12.
6. Мектепке дейінгі ұйымдарда үлгілік оқу жоспарының вариативтік бөлімін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар //- Астана, 2016.- 23 бет.

# МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ АРТТЫРУ

***С.А. Жастілекқызы***
*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті,*
***М. Ж. Бердыбекова***
*ғылыми жетекшісі: педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы*

**Аннотация.** Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігін арттыруда ойын технологияларының педагогикалық рөлі жан-жақты зерттеледі. Автор инновациялық әдістерді — ТРИЗ, STEM және QR-кодтарды қолданудың тиімділігін сипаттайды. Бұл тәсілдер балалардың шығармашылық, сыни ойлау, зерттеушілік қабілеттерін, практикалық дағдыларын және ақпаратты қолдану машықтарын тиімді дамытуды қамтамасыз етеді, білім мен тәжірибені біріктіре отырып кешенді дамуды қолдайды.

**Кілт сөздер***:* Педагогикалық технологиялар, дидактикалық ойын, танымдық белсенділік, ТРИЗ, STEM, QR-код, инновациялық әдістер.

**Аннотация**. В статье исследуется педагогическая роль игровых технологий в повышении познавательной активности детей дошкольного возраста. Автор описывает эффективность использования инновационных методов — ТРИЗ, STEM и QR-кодов. Эти подходы способствуют развитию творческих, критических, исследовательских навыков, практических умений и способности применять знания на практике, обеспечивая комплексное формирование познавательной активности детей.

**Ключевые слова***:* Педагогические технологии, дидактическая игра, познавательная активность, ТРИЗ, STEM, QR-код, инновационные методы**.**

**Abstract.** The article explores the pedagogical role of game technologies in enhancing cognitive activity of preschool children. The author describes the effectiveness of innovative methods — TRIZ, STEM, and QR-codes. These approaches foster children’s creative, critical, and research skills, practical abilities, and capacity to apply knowledge, ensuring comprehensive cognitive development and integration of learning and experience in early education.

**Keyword***s:* Pedagogical technologies, didactic game, cognitive activity, TRIZ, STEM, QR-code, innovative methods.

Қазіргі педагогикалық ғылымда мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамыту — мектепте табысты оқудың іргетасы. Танымдық белсенділік дегеніміз — бұл жай ғана білім жинақтау емес, баланың қоршаған ортаны зерттеуге деген ішкі ұмтылысы. Мектепке дейінгі кезеңде ойын баланың жетекші әрекеті болғандықтан, бұл ұмтылысты іске асырудың негізгі құралы — ойын технологиялары. Мектеп жасына дейінгі білім беру жүйесінде ойын технологияларын тиімді қолдану – баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі. Ойын барысында бала қоршаған ортаны таниды, жаңа білім алады және өз тәжірибесін қалыптастырады. Сондықтан ойын технологияларын педагогикалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастыру ерекше маңызға ие.

Ойын технологияларын қолданудың маңызды бағыттарының бірі – баланың танымдық әрекетін белсендіру. Бұл жерде ойын тек көңіл көтеру

құралы емес, ол – оқыту мен тәрбиелеудің мақсатты ұйымдастырылған формасы. Ойын арқылы бала жаңа ақпаратты жеңіл қабылдайды, оны тәжірибе жүзінде қолдануға үйренеді.

Заманауи білім беру жағдайында инновациялық ойын технологияларының рөлі артып келеді. Атап айтқанда, ТРИЗ, STEM және цифрлық технологиялар (QR-кодтар, интерактивті платформалар) балалардың танымдық қызығушылығын арттыруда тиімді құрал болып табылады. Бұл технологиялар баланың тек білім алуына ғана емес, сонымен қатар ойлау, талдау, салыстыру және қорытынды жасау қабілеттерін дамытуға бағытталған [1].

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігі бірнеше компоненттен тұрады. Оларды 1-суретте көрсетілген диаграмма арқылы сипаттауға болады:




*Сурет 1. Мектеп жасына дейінгі баланың танымдық белсенділігінің компоненттері.*

Диаграммада көрсетілгендей, мотивациялық компонент баланың қызығушылығын оятса, интеллектуалдық компонент ойлау операцияларын дамытады, ал еріктік компонент мақсатқа жетуге бағыттайды. Ойын технологиялары осы үш компонентті біртұтас жүйеде белсендіруге мүмкіндік береді [2].

Әдістерді салыстырмалы талдау.Инновациялық тәсілдердің (ТРИЗ, STEM және QR-кодтар) тиімділігін негіздеу үшін біз 1-кестеде салыстырмалы талдау жүргіздік.

*1-кесте. Дәстүрлі және инновациялық ойын технологияларының салыстырмалы сипаттамасы*

| Салыстыру көрсеткіштері | Дәстүрлі дидактикалық ойындар | Инновациялық ойын технологиялары |
|---|---|---|
| **Баланың рөлі** | Пассивті орындаушы | Белсенді зерттеуші, таным субъектісі |
| **Тапсырма сипаты** | Репродуктивті (қайталау) | Эвристикалық (ізденіс) |
| **Оқыту құралдары** | Карточкалар, ойыншықтар | Интерактивті тақта, QR-кодтар, робототехника |
| **Педагогтың рөлі** | Түсіндіруші, бағалаушы | Фасилитатор, модератор, серіктес |
| **Нәтиже** | Білімді механикалық есте сақтау | Жүйелі және сыни ойлауды қалыптастыру |

Практикалық қолдану: QR-технологиялар мен заманауи педагогикада цифрлық құралдарды енгізуге ерекше назар аударылады. Балабақшада QR-кодтарды қолдану қарапайым сабақты «интеллектуалдық квестке» айналдыруға мүмкіндік береді .

Әдістеме: Тәрбиеші топтың әр жеріне (ойын бұрышы, табиғат мүйісі) QR-кодтарды орналастырады.

Процесс: Балалар планшет арқылы кодты сканерлеп, "сиқырлы" тапсырмаларды (дыбыстық жұмбақтар, 3D модельдер) ашады.Бұл әдіс баланың цифрлық сауаттылығын қалыптастырып, ақпаратты өз бетінше іздеу белсенділігін 45%-ға арттырады.

Инновациялық технологияларды қолданудың әдістемелік ерекшеліктері. Заманауи технологияларды қолданудың нақты алгоритмдерін ұсынамыз:

-QR-технологиялар негізіндегі квест-ойындар. Бұл цифрлық құралдарды педагогикаға интеграциялаудың тиімді жолы. *Мысалы:* «Ормандағы саяхат» тақырыбында тәрбиеші топ ішіне QR-кодтарды жасырады. Бала сканерлеу арқылы аюдың дыбысын естиді немесе келесі тапсырманы бейнежазба түрінде алады. Бұл баланың цифрлық сауаттылығын қалыптастырып, ақпаратты өз бетінше іздеу белсенділігін арттырады [3].

-ТРИЗ (Шығармашылық міндеттерді шешу теориясы) элементтері. ТРИЗ баланың таптаурын ойлаудан арылуына көмектеседі. *Ойын мысалы:* «Жақсы-жаман». Балалар бір заттың (мысалы, қардың) жақсы жағын (ойнауға болады) және жаман жағын (суық, ауырып қалу мүмкін) айту арқылы объектіні жан-жақты талдауды үйренеді.

-STEM-технологиялар. Мұнда балалар конструкторлармен жұмыс істеу, қарапайым физикалық тәжірибелер жасау арқылы логикалық ойлауын дамытады. Бұл бағытта П.П. Блонскийдің еңбектеріндегі «баланың заттармен тікелей әрекеттесуі» принципі жүзеге асады .Ойын

технологиялары арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігін арттыру — сапалы білім берудің міндетті шарты. Дәстүрлі дидактиканы инновациялық әдістермен (ТРИЗ, STEM, цифрлық квесттер) ұштастыру заманауи мектеп талаптарына дайын интеллектуалды тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Тәрбиеші мен баланың өзара әрекеттесу моделі. Заманауи парадигма бойынша педагог тек білім беруші емес, ойынды ұйымдастырушы (фасилитатор) рөлінде болуы тиіс.

Ойын технологияларының тиімділігі келесі педагогикалық шарттар орындалғанда артады:Баланың еркіндігі мен таңдау құқығының сақталуы;

Ойын мазмұнының баланың жас ерекшелігіне және қызығушылығына сай болуы;Пәндік-кеңістіктік дамытушы ортаның (интерактивті аймақтардың) болуы.

Нәтижелерді талқылау. Педагогикалық бақылаулар мен тәжірибелік зерттеулер көрсеткендей, ойын технологияларын жүйелі қолдану балалардың оқу материалына деген қызығушылығын арттырды. Балалар тек «неге?» деп сұрап қана қоймай, сол сұрақтың жауабын тәжірибе жүзінде табуға (эксперимент жасауға) ұмтылатын болды. Бұл С.И. Карпова мен Т.Д. Савенкованың зерттеулеріндегі баланың дербестігі мен көшбасшылық қабілетін дамыту тұжырымдарымен үндеседі. Балалар өз бетінше шешім қабылдауға, топпен жұмыс істеуге және алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолдануға машықтанды. Педагогтың кәсіби шеберлігі – дәстүрлі әдістемелерді заманауи технологиялармен шебер ұштастыруда. Ойын технологиялары баланың тек интеллектуалдық емес, сонымен қатар тұлғалық субъектілігін қалыптастырудың негізгі факторы болып табылады [4]. Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігін дамыту мәселесі заманауи педагогикалық ғылымның басым бағыттарының бірі ретінде қарастырылады. Танымдық белсенділік тұлғаның интеллектуалдық дамуының негізін құрай отырып, баланың қоршаған ортаны мақсатты түрде тануға, білімді саналы игеруге және оны практикалық қызметте қолдануға бағытталған ішкі психикалық үдерістердің кешенді жүйесі ретінде сипатталады.

Жүргізілген теориялық талдау мен тәжірибелік-эксперименттік зерттеу нәтижелері ойын технологияларының мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық белсенділігін арттырудағы жоғары педагогикалық әлеуетін айқындады. Ойын – баланың жетекші іс-әрекеті ретінде оның когнитивтік, эмоционалдық және еріктік салаларының өзара ықпалдасуын қамтамасыз ететін әмбебап механизм болып табылады. Осы тұрғыда дидактикалық ойындар мен инновациялық педагогикалық технологияларды (ТРИЗ, STEM, цифрлық білім беру құралдары) кіріктіре қолдану баланың зерттеушілік ұстанымын қалыптастырып, оның шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында танымдық белсенділіктің құрылымдық компоненттері – мотивациялық, интеллектуалдық және еріктік құрамдастардың өзара бірлікте жүзеге асатыны анықталды. Ойын технологиялары аталған компоненттердің

синергетикалық дамуын қамтамасыз ете отырып, баланың оқу іс-әрекетіне деген ішкі қажеттілігін қалыптастырады және оны белсенді таным субъектісіне айналдырады. Сонымен қатар, ойын технологияларын тиімді жүзеге асыру белгілі бір педагогикалық шарттардың сақталуын талап етеді. Атап айтқанда, баланың дербестігін қолдайтын дамытушы білім беру ортасын құру, оқу мазмұнын жас ерекшеліктеріне сәйкес іріктеу, сондай-ақ педагогтың фасилитаторлық ұстанымды меңгеруі – оқу-тәрбие процесінің нәтижелілігін арттыратын негізгі факторлар болып табылады. Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері ойын технологияларын жүйелі және ғылыми негізде қолдану мектепке дейінгі білім беру сапасын арттырудың тиімді құралы екенін дәлелдейді. Бұл өз кезегінде, болашақта әлеуметтік бейімделген, шығармашылық тұрғыдан ойлайтын және дербес шешім қабылдай алатын тұлғаны қалыптастырудың алғышарттарын қамтамасыз етеді. Осыған байланысты, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ойын технологияларын ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жетілдіру, оларды практикалық қызметке кеңінен енгізу және педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру – өзекті міндеттердің бірі болып табылады. Болашақта бұл бағыттағы зерттеулерді тереңдету, инновациялық педагогикалық технологиялардың тиімділігін тәжірибе жүзінде негіздеу және оларды білім беру жүйесіне интеграциялау мектепке дейінгі білім беру сапасын арттырудың маңызды факторы ретінде қарастырылуы тиіс [5].

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Блонский П.П. Избранные педагогические произведения. – М.: Педагогика, 1961. – 695 с.
2. Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М.: Педагогика-Пресс, 1999.
3. Карпова С.И. Методика организации игровой деятельности в ДОУ. – Алматы: Мектеп, 2022.
4. Савенков А.И. Педагогика: учебник для вузов. – М.: Юрайт, 2020. – 334 с.
5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. *Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.* – Астана, 2022.

# ЕРЕСЕК МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ БІРЛЕСКЕН ҚЫЗМЕТТЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

***Л.Х.Сирлибаева***
*Павлодар педагогикалық университетінің магистранты*
*ғылыми жетекшісі,* ***Каримова Р.М****. Доктор PHD*
*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті*

**Аңдатпа**. Мектепке дейінгі кезеңде шығармашылық қабілеттердің дамуына баланың интеллектуалдық, эмоционалдық және әлеуметтік қалыптасуы әсер етеді. Мақалада ересек мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін бірлескен қызметте дамыту ерекшеліктері қарастырылып, оны тиімді ұйымдастырудың педагогикалық шарттары негізделеді. Сонымен қатар, балалардың шығармашылық белсенділігін арттыруға бағытталған практикалық тәсілдер ұсынылады.

**Кілт сөздер***:* мектепке дейінгі тәрбие, шығармашылық қабілет, қиял, бірлескен іс-әрекет, педагогикалық қолдау.

**Аннотация.** В дошкольном возрасте развитие творческих способностей определяется интеллектуальным, эмоциональным и социальным становлением ребёнка. В статье рассматриваются особенности развития творческих способностей детей старшего дошкольного возраста в совместной деятельности, а также обосновываются педагогические условия её эффективной организации. Кроме того, предлагаются практические подходы, направленные на повышение творческой активности детей.

**Ключевые слова***:* дошкольное воспитание, творческие способности, воображение, совместная деятельность, педагогическая поддержка.

**Abstract**. The development of creative abilities in the preschool period is influenced by the intellectual, emotional and social formation of the child. The article considers the features of the development of creative abilities of older preschool children in joint activities and substantiates the pedagogical conditions for its effective organization. In addition, practical approaches are proposed aimed at increasing the creative activity of children.

**Keywords***:* preschool education, creative abilities, imagination, joint activity, pedagogical support.

## Кіріспе

Қазіргі педагогикалық ғылым мен тәжірибеде мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесі ерекше маңызға ие болып отыр. Білім беру мазмұнының жаңаруы және тұлғаға бағдарланған оқыту қағидаларының кеңінен енгізілуі әрбір баланың жеке мүмкіндіктерін ашуға бағытталған жаңа тәсілдерді талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, шығармашылық қабілеттерді дамыту – мектепке дейінгі ұйым міндеттерінің маңызды бағыттарының бірі.

Ересек мектепке дейінгі жастағы – баланың қиялы, ойлауы және танымдық қызығушылығы белсенді дамитын сезімтал кезең. Осы уақытта бала қоршаған ортаны тек қабылдап қана қоймай, оны өз ойлауынша қайта құрып, жаңа мәнді жағынан толықтыруға ұмтылады. Сондықтан шығармашылық қабілеттерді дәл сол кезеңде міндетті түрде қалыптастыру оның болашақтағы тұлғалық және зияткерлік дамуының негізін салады.

Зерттеулерді талдау көрсеткендей, шығармашылық қабілеттер мектеп жасына дейінгі баланың белсенді әрекеті барысында, әсіресе өзара әрекетке

негізделген ортада нәтижелі түрде қалыптасады. Біздің ойымызша, бірлескен қызметте балалардың тек жеке мүмкіндіктерін ашып қана қоймай, олардың бір-бірімен идея алмасуына, қиялын кеңейтуіне және шығармашылық шешімдер табуына қолайлы жағдай жасайды. Мұндай жағдайда бала өзін еркін сезініп, өз ойын ашық білдіруге үйренеді.

Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – ересек мектеп жасына дейінгі балалардың бірлескен қызмет барысында шығармашылық қабілеттерін дамыту ерекшеліктерін айқындау және осы үдерісті тиімді ұйымдастырудың педагогикалық шарттарын негіздеу.

Бұл зерттеу нәтижелері мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәжірибесінде балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үдерісін жетілдіруге бағытталған практикалық ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді. Бүгінде балалар шығармашылығы жалпыға бірдей танылды. Жоғары деңгейде сурет конкурстары ұйымдастырылады, түрлі шығармашылық ансамбльдердің байқаулары өткізіледі, үздік өлеңдер отандық журналдардың беттеріне түседі. Балаларды шығармашылық тәрбиелеудің типтік тәсілін объективті түрде сипаттай отырып, Батыс педагогтері кейбір жағдайлар жасау қажет деп санайды:

- физикалық жағдайлар (шығармашылыққа арналған материалдардың болуы және олармен кез-келген минутта әрекет ету мүмкіндігі);

- әлеуметтік-эмоционалды жағдайлар (сыртқы қауіпсіздік және баланың шығармашылық көріністерін оң бағалау);

- психологиялық жағдайлар (ішкі қауіпсіздік, еркіндік, шығармашылық бастамаларын қолдау);

- интеллектуалды жағдайлар (логикалық есептерді шешу).

Қазақстан Республикасында қазіргі уақытта мектепке дейінгі мекемелерде жаңа өзгерістер және әлемдік тәжірибелерін пайдалана отырып, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дара қабілеттерінің дамуын қамтамасыз ететін жаңа бағыттағы жобаны іздестіру және қолдануға арналған Республиканың «Білім туралы» Заңында «Әр баланың қабілетіне қарай интелектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» сияқты мәселелер мемлекеттің білім саясатының басты ұстанымында атап көрсетілген. Мектепке дейінгі тәрбиенің өткен заман кезіне көз жіберіп, болашағына болжам жасайтын болсақ, тәрбие мәңгіліктің категориясы екенін тұжырымдаған халқымыздың дана перзенттері, заман заңғарлары Әл Фараби, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Яссауиден бастап, Ұлы Абай, Ыбырай, Шоқанның тәлім - тәрбие жөнінде айтқан әлемдік деңгейдегі педагогикалық ой- тұжырымдарының мәні бүгінге дейін арта түседі.

Халқымыздың ауыз әдебиетін, ертегілер мен аңыздарды балалар сүйіп, қызығып тыңдайды. Халықтық шығармалармен мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиешілердің айтуы, оқып беруі бойынша таныса бастайды. Бесік жыры, хайуанаттар айтысы, ертегілер, жұмбақтар, өтірік өлеңдер, бәрі де балаларды қызықтырып, оларды мәз-мейрам қуанышқа кенелтеді. Ежелгі қазақ әдебиеті өкілдерінің балаларға қалдырған әдеби

мұралары Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев өлең, әңгімелері бүгінге бала тәрбиелеу мен оқытуға, ғылым жолын танытып, өнер- білімге баулиды.

Ересек адамның басты рөлі, американдық психологтар Р. Смит, Ф. Хадер және басқалардың пікірінше, осы жағдайлардың барлық топтарын қамтамасыз ету және әр балаға оның ойын жүзеге асыруға нақты мүмкіндік беру [1]. Бұл тәсіл ең прогрессивті тәсілдердің бірі болып табылады, өйткені ол балалардың табиғи әлеуетін басқаларға тәуелсіз ашуды ғана емес, сонымен бірге қоршаған ортаның олардың дамуына әсерін де көрсетеді.

Ең алдымен, О.М. Дьяченко: «бала айналыса бастайтын іс-әрекетке қаражат беру керек», - деді. Егер ол сурет салуға қызығушылық танытса, онда ол қылқалам мен бояуларды қарапайым қолдануды, заттардың түсі мен пішінін көре білуді үйренуі керек. Ол өлеңдер мен әңгімелер жаза бастаса - бұл оған көркем сөзді меңгеру үшін білім мен тәжірибе қажет екенін білдіреді [3,6.9]. Тек шындықты эстетикалық қабылдауға негізделген педагогикалық ұйымдастырылған оқыту мектепкі дейінгі балалар шығармашылығына бірегейлік пен толықтық бере алады. Қиял мен шындықтың байланысын қамтамасыз етіп, біз балаларға қуаныш сыйлаймыз, болашақта олар өздерін Ұлы Жазушылар (Суретшілер және т.б.) ретінде көрсетпесе де, шығармашылық іс-әрекеттің негізін жасаймыз.

Мектеп жасына дейінгі бала алдымен өзінің шығармашылық бастамасы мен тәуелсіздігін ойында көрсетеді. Онда оның қабілеттері толық ашылады, армандары орындалады.

Ғалымдар алдын ала ойының толық болмауы және жоспарланған жоспарды орындай алмауы - бала қиялының айрықша ерекшелігі деп атайды. Сондықтан психологтар іс-әрекеттің бағытын қалыптастыру ерте жаста қалыптастырудың маңызды кезеңі деп санайды, ол көбіне баланың ата-анасы, балабақшадағы педагогтер анықтайды. Көбінесе, белсенді қолдауды таппай, қиял жоғалады және ол қарапайым іске ауыстырылады.

Орыс жазушы К.И. Чуковский: қиялдау - бұл баланың шығармашылық мүмкіндіктерін еркін көрсетудің ең маңызды көрсеткіші - деп атады. Өз кітабында «Екіден беске дейін» өте нәзік және терең психологиялық бақылаулар мен тұжырымдардан тұратын баланың «таңқаларлық» ойлау заңдылықтарын ашады және олардың ақылдылығына таңдануды тоқтатпайды [6.11].

Шығармашылық тұлғаны, атап айтқанда оның қиял құбылысын дамыту мәселесі ерекше ертегілердің авторы, әйгілі итальяндық жазушы Д.Родариді қатты қызықтырды. Қиялды ынталандыру әдістерін әзірлеу кезінде ол психологтардың, мұғалімдердің, лингвистердің еңбектеріне сүйенді. Атап айтқанда, оның назарын кеңестік ғалымдардың жұмыстары аударды, олар қиялды мүмкіндігінше ертерек, ең сезімтал жаста дамытуды ұсынды.

Жазушы және жанашыр бақылаушы ретінде Д. Родари қызықты фактіге назар аударды: кездейсоқ жағдайда балалар ойнауға, сурет салуға, мүсіндеуге және аңыз әңгіме айтуға қуана келіседі. Бірақ егер тапсырма

арнайы дайындықсыз қойылса, олар не істеу керектігін білмей жатып, жұмысты дәстүрлі түрде қызықсыз орындайды.

Д. Родари: «егер сіз баланы ойлауға үйреткіңіз келсе, алдымен оны ойлап табуға үйретіңіз», - деді. Оның пікірінше әр адам, жасына қарамастан, қиялдың даму деңгейі бойынша топтардың біріне жатады:

1. «Есте сақтау» деңгейінде тұрған.
2. Тапсырманы «ойлау» деңгейінде орындайтын.
3. «Ойлап табу» деңгейінде жұмыс істейтін [7].

Үшінші деңгей, Джанни Родаридің пікірінше, ең жоғары деңгей, мұнда ой «шығады» және шексіздікке асығады [7, б.190].

Қазақстанда балалардың қиял деңгейін анықтау бойынша эксперимент Н.С. Жұмашеваның басшылығымен жүргізілді. 3-5 жастағы балаларға нақты тапсырма ұсынылды: фигураларды салу (қарапайым геометриялық пішіндердің контурлары және т.б.). Барлығы 1200 сурет алынды және талданды. Оларды бағалаудың негізгі критерийі шығармашылық дәрежесі болды [3, б. 38]. Балалардың көпшілігі тапсырманы қабылдамады, заттардың эскиздік суреттерін жасады, өздеріне тән нәрсені бейнеледі. Сондай-ақ, қиялдағы бейнені егжей-тегжейлі салған балалар да болды. Олар суретке жаңа нысандарды қосып, қарапайым сюжет алды. Мектеп жасына дейінгі балалардың кішігірім тобы фигураларды-стандарттарды басқа суреттің қосалқы бөлшектеріне айналдырды.

Бұл сюжеттерді құру, шартты деректерді қиял үшін бастапқы «материал» ретінде пайдалану арқылы ең жоғары кортексті (өзіндік коэффициент) алуға мүмкіндік беретін мәселенің шешімі. Тапсырманы дәл осылай орындауды зерттеушілер шартты түрде «қосу»деп атады. Өте алыс ұқсастықтар негізінде дизайнның пайда болу механизмі ғалымдар «қосу» әдісін шығармашылық қиял жұмысының маңызды көрсеткіштерінің бірі деп санайды. Алдымен автордың идеясы бар. Белгілі бір мазмұнмен толтырылған ол толығымен нақты құрылымға енеді.

Дегенмен, білімді жинақтау шығармашылық қиялды дамытудың алғышарты ғана. Шығармашылыққа тұрақты қызығушылықтардың пайда болуы үшін оған ерекше, эмоционалды жағымды көзқарас пайда болуы керек. Баланы ересектермен бірлескен шығармашылыққа қосу - сурет салу, қолөнер, ертегілер, түрлі әңгімелер жазу - бұған жақсы ықпал етеді.

Балалардың ауызша шығармашылығын ынталандырудың кейбір мүмкіндіктері туралы Дж. Родари «Қиял грамматикасы» кітабында білуге болады. Жазушы жиі балаларға бастапқы сөздерге сәйкес әңгімелер ойлап табуды ұсынды. Мысалы, «ит» және «шкаф». Бір зат өзінің әдеттегі ортасынан (контекстінен) шығады, оны байқауға оңай. Бірақ, егер сіз қандай да бір сөз қоссаңыз, сіз мүлдем жаңа жағдайды ала аласыз: «шкафы бар ит...», «Шкафтағы ит.» және т.б. Осы нұсқалардың әрқайсысы мүмкін белгілі бір оқиғаны ойлап табуға негіз болады. Бұл, жазушының пікірінше, оңтайлы бірінші кезеңде тек «шикізат»болып табылатын қызықты оқиғаның пайда болуы үшін жағдайлар. Егер өңделмеген болса және дайын өнімге айналмаса, мағынасыздық мағынасыз болып қалуы мүмкін. Бұл жерде

процестің өзі маңызды, ал балалар оған үлкен қажеттілікті сезініп, шынайы ләззат ала отырып, уақыт өте келе оны жақсы меңгереді. «Мұндай тақырып жоқ, - деді Д. Родари, - оның табиғаты жаңа әңгімеге жол бере алмайтын ...»[7, б.110].

Кез-келген таныс сюжетті ойнайтын шығармашылық ойындар мектеп жасына дейінгі балаға керемет ертегі жағдайын елестетуге, фантастикалық оқиғаларды елестетуге, жалғасын табуға немесе балалармен бірге ойнауға мүмкіндік береді. Психолог пен педагог үшін фантастикалық тақырып дайындықсыз берілген кезде ең қызықты нәтижелерге қол жеткізіледі.

Қазіргі педагогика ертегілерді қиялды дамытатын ойындар түрінде танымал еткен, классикалық ертегілерді «өңдеу» үшін барлық қажетті құралдармен жақсы жабдықталған.

Жаңа оқиғаны ойлап тапқан сәтте баланың алдын-ала қабылдауға, ішкі күтуге жауап беретін механизмдері іске қосылады. Бейнелерді, жағдайларды, сюжеттерді жандандыру, ұлғайту - азайту, жеделдету - баяулату, ұсақтау - біріктіру, синектика, аяқтау және т.б. арқылы елестететін балаларға уақыт өте келе қиялдаудың негізгі әдістерін игеруге және оларды еске салусыз пайдалануға мүмкіндік береді [8]. Мұндай өңдеуден өткеннен кейін, тіпті ұмытылған бейнелер де оралады. Мұны әр түрлі оқиғалардың шексіз жалғасын ойлап тауып, жазатындар жақсы біледі.

Ересектердің ашық қызығушылығы, олардың балалардың шығармашылық шешімдерін үнемі мақұлдауы «дұрыс», «жақсы», «ақылды» сияқты жалпы қабылданған сөздер ғана емес, сонымен қатар ынталандыру мен қолдаудың басқа тәсілдері: «Керемет!»; «Ерекше!»; «Қызықты!»; «Жарайсың!»; «Сен осыны әдемі жасайсың!»; «Бұл өте жақсы!»; «Мен сенімен мақтанамын!»; «Бұл сәттілік!»; «Бұл сенің жеңісің!»; «Сен нағыз шеберсің!»; «Сен дұрыс жолдасың!»; «Сен тез үйрендің!»; «Бұл шынымен де керек!»; «Шын жүректен

Сен үшін қуаныштымын!»; «Сенің жұмысың маған көп қуаныш әкелді, рахмет!». Бұл тәсіл қиялды күшейтуге ықпал етеді, кейбір автоматизмге ие болу тенденциялар туындайды. Ұтымды бағалау, кішкентай бүлдіршіндерді дәстүрлі емес түрде қолдау және ынталандыру әрқашан табиғи және орынды болады.

Қорытынды

Зерттеу барысында ересек мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда бірлескен іс-әрекеттің ерекше маңызға ие екендігі анықталды. Бірлескен әрекет үдерісінде балалардың қиялы, бастамашылдығы, коммуникативтік дағдылары және шығармашылық ойлауы белсенді түрде дамиды. Сонымен қатар, мұндай өзара әрекет балаларға өз идеяларын еркін білдіруге, оларды толықтыруға және жаңа мазмұнмен байытуға мүмкіндік береді.

Аталған үдерісте педагогтың рөлі ерекше, өйткені ол тек ұйымдастырушы ғана емес, сонымен қатар балалардың шығармашылық белсенділігін қолдаушы, бағыттаушы және серіктес ретінде көрінеді. Педагог тарапынан қолайлы психологиялық-педагогикалық жағдайлардың

жасалуы баланың жеке мүмкіндіктерін ашуға және оның шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал етеді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы ұсынылған әдістер мен тәсілдерді мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәжірибесінде қолдану мүмкіндігімен айқындалады. Бұл өз кезегінде балалардың шығармашылық қиялын дамыту деңгейін арттыруға жағдай жасайды.

Осылайша, ересек мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту тиімділігі эмоционалдық қолайлы орта құруға, балалардың бастамаларын қолдауға, әртүрлі бірлескен іс-әрекеттерді жүйелі ұйымдастыруға және педагогтің кәсіби құзыреттілігіне тікелей байланысты.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі


1. Дьяченко О.М. Мектеп жасына дейінгі баланың қиялын дамыту: тәрбиешілер мен ата-аналарға арналған әдістемелік құрал / О.М. Дьяченко. – Мәскеу: Мозаика-Синтез, 2008. – 144 б.
2. Чуковский К.И. Екіден беске дейін / К.И. Чуковский. – Мәскеу: Просвещение, 1990. – 381 б.
3. Родари Дж. Қиял грамматикасы: әңгіме құрастыру өнеріне кіріспе / Дж. Родари; итал. тілінен ауд. Ю.А. Добровольская. – Мәскеу: Прогресс, 1978. – 206 б.
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007 (өзгерістер мен толықтырулармен).
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2022.
6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. – Астана, 2022.
7. Қараев Ж.А. Деңгейлеп оқыту технологиясы / Ж.А. Қараев. – Алматы: Білім, 2010. – 256 б.
8. Смит Р. Қазіргі психология жүйелері / Р. Смит; ағылш. тілінен ауд., жалпы ред. А.А. Алексеев. – Санкт-Петербург: Прайм-ЕВРОЗНАК, 2003. – 384 б.

# ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ДАМЫТУ ҚҰРАЛЫ

***Т.А.Темиртасова***
*Педагогика жоғары мектебінің 2 курс студентті*
*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті*
***Ж.М Бердыбекова***
*ғылыми жетекшісі: Педагогика ғылымдарының магистрі, ПЖМ аға оқытушысы*

**Аңдатпа**. Мақалада мектепке дейінгі жастағы балаларды дамытудағы ойын технологияларының маңызы қарастырылады. Олардың танымдық, тілдік және әлеуметтік дамуға әсері талданады. Ойынның баланың тұлғасын қалыптастырудағы рөлі көрсетіледі.

**Түйін сөздер***:* ойын технологиялары, мектепке дейінгі білім, бала дамуы, ойын, оқыту, тәрбие, педагогика

**Аннотация.** В статье рассматриваются игровые технологии как эффективное средство развития детей дошкольного возраста. Анализируются их влияние на познавательное, речевое и социальное развитие. Подчеркивается роль игры в формировании личности ребенка и развитии его творческих способностей.

**Ключевые слова***:* игровые технологии, дошкольное образование, развитие ребенка, игра, обучение, воспитание, педагогика

**Annototation**. The article examines game technologies as an effective means of preschool child development. Their impact on cognitive, speech, and social development is analyzed. The role of play in shaping personality and creativity is emphasized.

**Keywords***:* game technologies, preschool education, child development, play, learning, upbringing, pedagogy

"Балалардың ойындары мүлдем ойын емес, оларды осы жастағы ең маңызды және терең әрекет ретінде қарау дұрысырақ".
М. Монтель

Ойын-бұл баланың мектепке дейінгі жастағы жетекші іс-әрекеті, ол арқылы ол органикалық түрде дамиды. Мектепке дейінгі білім берудің заманауи жүйесі баланың жеке басын, оның танымдық қызығушылықтары мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Осыған байланысты мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші қызметі болып табылатын ойын технологиялары ерекше өзекті болып табылады. Ойын ойын-сауық түрі ретінде ғана емес, сонымен қатар баланың жан-жақты дамуына ықпал ететін маңызды педагогикалық құрал ретінде де әрекет етеді. Ойын арқылы балалар қоршаған әлемді біледі, басқалармен қарым-қатынас жасауды үйренеді, ойлау, сөйлеу және қиялын дамытады. Ойын сәттері өте жанды, эмоционалды жағдайда, ізгілік, теңдік атмосферасында, пассивті балалардың оқшауланuы болмаған кезде өтеді. Ойын технологиясы балаларға босатуға көмектеседі, өзіне деген сенімділік пайда болады. Тәжірибе көрсеткендей, нақты өмір жағдайларына жақын ойын жағдайында әрекет ете отырып, мектеп жасына дейінгі балалар Кез-келген күрделіліктің материалын оңай игереді.

Ойын технологиясының мақсаты-баланы өзгертпеу немесе оны қайта жасамау, оған арнайы мінез-құлық дағдыларын үйретпеу, бірақ ересек адамның толық назары мен жанашырлығымен оны қызықтыратын жағдайларды ойында "өмір сүруге" мүмкіндік беру.

Ойын технологиясын қолдану:

- Пассивтілікті жеңуге ықпал етеді.
- Танымдық қызығушылықты арттырады.
- Эмоционалды көтерілуді тудырады.
- Жадты жаттықтырады.
- Зейінді дамытады.
- Ойлауды дамытады.
- Сөйлеу дағдылары мен дағдыларын дамытуға көмектеседі.
- Шығармашылықтың дамуына ықпал етеді. [1, 62–76 б.]

Ойын-балалар үшін ең қолжетімді әрекет түрі, бұл қоршаған әлемнен алған әсерлерді, білімдерді қайта өңдеу тәсілі. Ерте балалық шақта бала кез-келген басқа әрекетте емес, ойында, тәуелсіз болуға, өз қалауы бойынша құрдастарымен сөйлесуге, ойыншықтарды таңдауға және әртүрлі заттарды қолдануға, ойынның сюжетімен, оның ережелерімен логикалық байланысты белгілі бір қиындықтарды жеңуге үлкен мүмкіндік алады. Білім беру процесінде ойын технологиясын қолдана отырып, ересек адам эмпатияға, қайырымдылыққа ие болуы керек, эмоционалды қолдау көрсете білуі, қуанышты жағдай жасай білуі, баланың кез-келген өнертабысы мен қиялын көтермелеуі керек. Тек осы жағдайда ойын баланың дамуына және ересек адаммен ынтымақтастықтың жағымды атмосферасын құруға пайдалы болады. Әр түрлі мақсатты бағыттағы ойын технологияларын кешенді пайдалану баланы мектепке дайындауға көмектеседі. Мектепке мотивациялық және эмоционалды-ерікті дайындықты қалыптастыру тұрғысынан мектеп жасына дейінгі баланың ересектермен, басқа балалармен қарым-қатынасының әр ойын жағдайы бала үшін "ынтымақтастық мектебі" болып табылады, онда ол үйренеді және құрдастарының жетістіктеріне қуанады және сәтсіздіктеріне сабырлы түрде төзеді; мінез-құлқын әлеуметтік талаптарға сәйкес реттеңіз, кіші топтарды бірдей сәтті ұйымдастырыңыз және топтық ынтымақтастық нысандары. Мектепке интеллектуалды дайындықты қалыптастыру проблемаларын психикалық процестерді дамытуға бағытталған ойындар, сондай-ақ балада қарапайым математикалық идеяларды дамытатын, оны сөздің дыбыстық талдауымен таныстыратын, қолын жазуды игеруге дайындайтын арнайы ойындар шешеді. [2, 34–45 б.]

Ойын технологиялары балабақшаның тәрбие және білім беру жұмыстарының барлық аспектілерімен және оның негізгі міндеттерін шешумен тығыз байланысты. Алайда, оларды қолдану аспектісі бар, ол оны жүзеге асыру барысында туындайтын ситуациялық мәселелерді шешу арқылы педагогикалық процестің сапасын арттыруға бағытталған. Осының арқасында ойын технологиялары балабақшадағы білім беру сапасын реттеу тетіктерінің бірі болып табылады: оларды тиімділіктің төмендеуіне әсер

ететін жағымсыз факторларды жою үшін пайдалануға болады. Егер олар балалармен жүйелі түрде ойын терапиясымен айналысса, онда олар өздерінің мінез-құлқын басқару қабілетіне ие болады, тыйымдарға төзу оңай, қарым-қатынаста икемді және ұялшақ болады, ынтымақтастыққа оңай енеді, ашуды "әдептілікпен" білдіреді, қорқыныштан арылады. Олардың ойын әрекеттерінде адамдардың қарым-қатынасын көрсететін рөлдік ойындар басым бола бастайды. [3, 15–24 б.]

Интерактивті тақталар, құм үстелдері, мультимедиялық кешендер, робостолдар - онсыз толыққанды даму процесін елестету қиын. Олар материалды статикалық жеткізуден аулақ болуға мүмкіндік береді. Бейне, аудио, интернетті қолдана отырып, мұғалім сабақтарды жарқын, танымдық етеді, балаларды одан әрі оқуға ынталандырады. Интерактивті құралдар мүмкіндік береді:

- топта өзара іс-қимыл жасау;

-белгілі бір әрекетке жедел жауап алу;

- техникалық, эмоционалдық және шығармашылық бағыттарды үйлесімді дамыту. Ыңғайлы жиһаз, жарқын дизайн, қосымша аксессуарлар жасайтын жайлы атмосфера маңызды рөл атқарады. Жабдық балалардың денсаулығы үшін қауіпсіз.

Ойын технологиялары мектеп жасына дейінгі балалардың дамуына кешенді әсер етеді:

Танымдық даму: Ойын ойлауды, зейінді, есте сақтауды ынталандырады. Балалар талдауды, салыстыруды, қорытынды жасауды үйренеді.

Сөйлеуді дамыту: Ойын барысында баланың сөйлеуі белсенді дамып, сөздік қоры кеңейіп, қарым-қатынас дағдылары қалыптасады.

Әлеуметтік-коммуникативтік даму: Балалар ұжымда өзара әрекеттесуді, ережелерді сақтауды, жанашырлық танытуды үйренеді.

Эмоционалды даму: Ойын Сезімдерді білдіруге көмектеседі, мазасыздық деңгейін төмендетеді және жағымды эмоционалды жағдайдың қалыптасуына ықпал етеді. [4, 45–60 б.]

Ойын технологиясы оқу процесінің белгілі бір бөлігін қамтитын және жалпы мазмұнмен, сюжетпен, кейіпкермен біріктірілген тұтас білім ретінде құрылады. Оған дәйекті түрде қосылады:

-заттардың негізгі, тән белгілерін бөліп көрсету, оларды салыстыру, салыстыру қабілетін қалыптастыратын ойындар мен жаттығулар;

-белгілі бір белгілер бойынша заттарды жалпылауға арналған ойындар топтары;

-ойын топтары, оның барысында мектеп жасына дейінгі балалар нақты құбылыстарды шындықтан ажырату қабілетін дамытады;

-өзін-өзі ұстай білуге, сөзге реакция жылдамдығына, фонематикалық есту қабілетіне, тапқырлыққа және т. б. тәрбиелейтін ойындар топтары.

Жеке ойындар мен элементтерден ойын технологияларын құрастыру - әр тәрбиешінің қамқорлығы. Ойындар логикалық және жүйелі түрде, әрине, біртұтас білім беру процесіне қосылуы керек (ұйымдастырылған

білім беру қызметі, режимдік сәттер процесінде білім беру қызметі, тәуелсіз білім беру қызметі). Ойындар мен ойын әдістері кез-келген жас тобындағы әр ҰІӘ қажет; ересектермен бірлескен ойындар (дидактикалық, үстел-баспа, театрландырылған, түзету және профилактикалық, мобильді); тәрбиешінің тікелей басшылығынсыз күнделікті еркін ойындар. Ұйымдастырылған білім беру іс-әрекетін жүргізу кезінде ойынды келесідей пайдалануға болады: ұйымдастырылған іс-әркеттің бір бөлігі, әдістемелік әдіс, өткізу формасы, шешу әдісі және т. б. жас кезінде ертегі кейіпкерлерін тиімді пайдалануға болады; үлкен жаста-ертегі мен ойын-сауық сюжеттерін кенеп ретінде пайдалану, тікелей білім беру іс-әрекетінің өзегі (мысалы, әртүрлі танымдық тапсырмаларды орындаумен ойын-саяхат, ойындар-ойын-сауық т.б.). [5,20 б.]

Осылайша, ойын технологиясы мектеп жасына дейінгі балаларды дамытудың маңызды құралы болып табылады. Олар баланың жеке басының жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді, танымдық, коммуникативті және шығармашылық қабілеттерін қалыптастырады. Қазіргі жағдайда ойын технологияларын білім беру процесіне енгізу мектепке дейінгі білім беру сапасын арттырудың қажетті шарты болып табылады.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Выготский Л.С. Игра и её роль в психическом развитии ребенка // Вопросы психологии. – 1966. – Т. 12. – №6. – С. 62–76.
2. Эльконин Д.Б. Психология игры // Педагогика. – 1978. – Т. 5. – №4. – С. 34–45.
3. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность // Наука. – 1975. – Т. 3. – №2. – С. 15–24.
4. Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям // Просвещение. – 1981. – Т. 10. – №1. – С. 45–60.
5. Кларин М.В. Инновационные модели обучения // Педагогика. – 1995. – Т. 7. – №3. – С. 20–29.

# ВЛИЯНИЕ ЛОГИЧЕСКИХ ИГР СЕРИИ “INTELLECTUM” НА КОГНИТИВНОЕ И МАТЕМАТИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ ДОШКОЛЬНИКОВ

***Герлиц М. Н***
*студент – магистрант, Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан, г. Павлодар*
***Каримова Р. М.*** *преподаватель – исследователь, доктор PhD*
***Бахралинова А. Ж.****, кандидат филофских наук, доктор PhD*

**Аннотация**. В статье представлен анализ научных исследований современных казахстанских ученых, посвящённых влиянию игровой деятельности на математическое развитие детей дошкольного возраста. Рассматриваются теоретические и практические аспекты применения игровых технологий в формировании элементарных математических представлений у дошкольников. Анализ научных публикаций показывает, что использование дидактических, сюжетно-ролевых и развивающих игр способствует формированию логического мышления, познавательной активности и интереса к математике. Сделан вывод о высокой эффективности игровых технологий в системе дошкольного образования.

**Ключевые слова***:* дошкольное образование, игровая деятельность, математическое развитие, дидактические игры, логическое мышление, игровые технологии.

Современные требования к качеству дошкольного образования ориентированы на всестороннее развитие личности ребёнка, формирование предпосылок учебной деятельности. В соответствии с «Концепцией развития дошкольного образования Республики Казахстан на 2023-2029 годы» одним из приоритетных направлений является развитие познавательной активности у детей дошкольного возраста. Особое значение в данном контексте приобретает логико-математическое развитие, которое выступает основой формирования аналитического мышления, умения устанавливать причинно-следственные связи, сравнивать, обобщать и классифицировать[1].

Дошкольный возраст является сенситивным периодом для развития интеллектуальных способностей. В это время активно формируются первичные математические представления о количестве, числе, величине, форме и пространственных отношениях. Однако эффективное усвоение данных представлений возможно лишь при условии использования адекватных возрастным особенностям методов обучения.

Ведущей деятельностью в дошкольном возрасте выступает игра, что обусловливает необходимость интеграции игровых форм в образовательный процесс. Игровая деятельность создаёт условия для естественного усвоения математических знаний, способствует развитию логического мышления, воображения и познавательной мотивации.

В педагогической науке особое место занимает игровая деятельность, которая является ведущим видом деятельности дошкольников.

Использование игровых технологий позволяет сделать процесс обучения естественным и эмоционально привлекательным для ребёнка.

В современных исследованиях особое внимание уделяется внедрению инновационных образовательных технологий, в том числе STEAM-подхода и цифровых игровых средств обучения.

Исследования ученых Казахского национального педагогического университета имени Абая показывают, что использование STEAM-технологий способствует развитию исследовательских и познавательных навыков детей дошкольного возраста. В процессе игровой и проектной деятельности дети учатся анализировать информацию, экспериментировать и находить решения практических задач.

Кроме того, в научных публикациях отмечается, что игровые технологии создают благоприятную образовательную среду, в которой дети активно взаимодействуют друг с другом, что способствует развитию логического и пространственного мышления.

Таким образом, интеграция инновационных игровых методов обучения способствует формированию у детей не только математических знаний, но и навыков исследовательской деятельности.

Проблема развития мышления дошкольников получила широкое освещение в трудах отечественных и зарубежных исследователей. Согласно теории культурно-исторического развития Л. Выготского, обучение должно опережать развитие и строиться в зоне ближайшего развития ребёнка. Игра при этом выступает важнейшим механизмом формирования высших психических функций[2].

Исследования Ж. Пиаже показали, что в дошкольном возрасте ребёнок проходит стадию дооперационального мышления, когда формируются предпосылки логических операций. Это подчёркивает необходимость организации специальных условий для развития элементарных математических представлений через практическую и игровую деятельность[3].

Среди современных исследований, посвящённых влиянию игровых технологий на когнитивное развитие детей дошкольного возраста, особого внимания заслуживает работа казахстанских исследователей А. Айтбек и А. М. Байкуловой, в которой рассматривается влияние логических игр серии «Intellectum» на развитие познавательных процессов у детей[4].

Целью данного исследования стало выявление роли логических игровых заданий в развитии ключевых когнитивных функций дошкольников, а также определение их влияния на формирование познавательной активности и интеллектуальной готовности детей к школьному обучению. Авторы исходили из положения о том, что игровая деятельность является ведущим видом деятельности в дошкольном возрасте и обладает значительным потенциалом для стимулирования интеллектуального развития ребёнка.

Методологической основой исследования стал систематический анализ научных публикаций, посвящённых когнитивному развитию детей

дошкольного возраста и применению игровых технологий в образовательном процессе.

Для более глубокого анализа исследовательского материала авторы использовали библиометрические методы. В частности, применялись программные инструменты VOSviewer и Bibliometrix, которые позволили визуализировать взаимосвязи между ключевыми научными понятиями и определить основные тематические направления исследований, связанных с когнитивным развитием детей.

В результате проведённого анализа исследователи выделили несколько ключевых направлений научных работ, посвящённых когнитивному развитию дошкольников. К ним относятся исследования, направленные на изучение базовых когнитивных процессов (внимания, памяти и мышления), влияние семейной и образовательной среды на развитие ребёнка, развитие коммуникативных и языковых навыков, а также долгосрочные траектории интеллектуального развития детей.

Особое внимание в исследовании уделяется роли логических игр серии «Intellectum», которые рассматриваются авторами как эффективное средство активизации мыслительной деятельности детей. Данные игры представляют собой систему специально разработанных логических заданий, направленных на развитие аналитического мышления, способности устанавливать причинно-следственные связи и находить закономерности.

*Таблица 1 – Анализ игр серии «Intellectum»*

| № | Тип игры | Примеры заданий | Когнитивные процессы | Образовательный эффект |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Пространственно-логические | Танграм, сборка фигур, 3D-конструкторы | Пространственное мышление, анализ и синтез | Развитие воображения, визуализации, геометрического мышления |
| 2 | Стратегические настольные | Игры типа «Пентаго», «Мангала» | Стратегическое мышление, прогнозирование | Формирование навыков планирования и принятия решений |
| 3 | Логические тренажёры | Найти закономерность, продолжить ряд | Аналитическое мышление, внимание, память | Увеличение скорости мышления и концентрации |
| 4 | Числовые и математические | Судоку, числовые цепочки | Логика, вычислительные навыки | Развитие математической грамотности |
| 5 | Вербально-логические | Аналогии, классификации, лишнее слово | Речевое и логическое мышление | Развитие речи, логики и понимания смыслов |
| 6 | Комбинаторные задачи | Перестановки, комбинации объектов | Комбинаторное мышление | Формирование гибкости мышления |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 | Игры на внимание | Найди отличия, запомни последовательность | Концентрация, кратковременная память | Улучшение внимания и наблюдательности |
| 8 | Проблемно-логические задачи | Сюжетные задачи, логические головоломки | Критическое мышление, причинно-следственные связи | Развитие способности решать сложные задачи |

Для более глубокого понимания содержания логических игр серии «Intellectum» целесообразно рассмотреть конкретные примеры заданий, используемых в образовательной практике дошкольных учреждений.

**Пространственно-логические задания**

Например, ребёнку предлагается набор геометрических фигур (треугольники, квадраты, параллелограммы), из которых необходимо составить изображение (домик, животное, корабль) по образцу.

Также задание «Собери фигуру»: из частей необходимо собрать целую фигуру, мысленно вращая элементы – направлено на развитие пространственного мышления, анализа и синтеза.

**Задания на внимание и память**

Здесь ребёнку показывают ряд предметов (например: мяч, кубик, машинка), затем один предмет убирается — необходимо определить, какой именно, или запомнить последовательность цветов и воспроизвести её: красный – жёлтый – зелёный – ___. Целью данных заданий является развитие кратковременной памяти и концентрации внимания.

Приведённые примеры заданий демонстрируют, что логические игры серии «Intellectum» направлены на комплексное развитие когнитивной сферы ребёнка. Их содержание ориентировано на формирование ключевых интеллектуальных умений: анализа, сравнения, обобщения и установления закономерностей. Использование подобных заданий в образовательном процессе способствует более эффективному усвоению элементарных математических представлений и повышает познавательную активность дошкольников.

По мнению исследователей, выполнение игровых заданий требует от ребёнка активного включения различных познавательных процессов. В частности, в процессе игры развивается внимание, поскольку ребёнок должен сосредоточиться на условиях задания и соблюдать правила игры. Одновременно происходит развитие логического мышления, проявляющегося в умении анализировать предложенную ситуацию, сравнивать объекты и находить правильные решения. Кроме того, игровые задания способствуют развитию памяти, так как дети должны удерживать в сознании последовательность действий и правила выполнения задания.

Авторы отмечают, что логические игры выполняют важную педагогическую функцию, выступая связующим звеном между игровой и учебной деятельностью ребёнка. Благодаря игровой форме обучения дети

осваивают элементы логического анализа и решения задач в естественной и эмоционально комфортной для них среде. Это способствует формированию устойчивого интереса к познавательной деятельности и повышению уровня интеллектуальной активности.

В теоретическом обосновании исследования авторы опираются на положения культурно-исторической теории развития Л. С. Выготского и когнитивной теории развития Ж. Пиаже, согласно которым развитие мышления ребёнка происходит в процессе активного взаимодействия с окружающей средой и выполнения различных видов деятельности, включая игровую. В рамках этих теоретических подходов игра рассматривается как важный механизм формирования когнитивных структур и развития интеллектуальных способностей.

*Таблица 2 — Когнитивные процессы, развиваемые при использовании логических игр «Intellectum»*

| **Когнитивный процесс** | **Проявление в игровой деятельности** |
|---|---|
| Внимание | концентрация на выполнении задания |
| Память | запоминание правил и последовательности действий |
| Логическое мышление | поиск закономерностей и установление связей |
| Воображение | моделирование игровых ситуаций |
| Аналитические способности | анализ и сравнение объектов |

Как видно из таблицы, выполнение логических игровых заданий способствует комплексному развитию когнитивной сферы дошкольников. В первую очередь игры оказывают положительное влияние на развитие внимания, поскольку для успешного выполнения заданий ребёнку необходимо сосредоточиться на условиях задачи, следовать правилам игры и контролировать последовательность выполняемых действий.

Важную роль логические игры играют и в развитии памяти. В процессе игровой деятельности дети запоминают правила игры, последовательность действий, а также результаты предыдущих попыток решения задач. Это способствует развитию как кратковременной, так и долговременной памяти.

Особое значение имеет развитие логического мышления. Игровые задания требуют от ребёнка умения анализировать информацию, устанавливать закономерности, сравнивать объекты по различным признакам и находить правильные решения. Таким образом, формируются навыки анализа, синтеза и обобщения, которые являются основой математического мышления.

Кроме того, выполнение игровых заданий способствует развитию воображения, так как дети мысленно моделируют различные игровые

ситуации и прогнозируют возможные варианты решения задачи. Важным аспектом также является развитие аналитических способностей, проявляющихся в умении выделять существенные признаки объектов, устанавливать связи между элементами задания и делать логические выводы.

Таким образом, данные, представленные в таблице, подтверждают, что логические игры «Intellectum» оказывают комплексное воздействие на развитие когнитивных процессов детей дошкольного возраста. Их использование в образовательной практике способствует формированию интеллектуальных навыков, необходимых для дальнейшего успешного обучения, в том числе для освоения элементарных математических представлений.

Подводя итоги исследования, А. Айтбек и А. М. Байкулова приходят к выводу, что систематическое использование логических игр «Intellectum» в образовательном процессе дошкольных учреждений оказывает положительное влияние на развитие когнитивных способностей детей. Игровые задания способствуют развитию внимания, памяти, логического мышления и навыков решения проблемных ситуаций, а также повышают познавательную активность дошкольников.

Таким образом, результаты исследования подтверждают эффективность применения логических игр как педагогического средства развития интеллектуальных способностей детей дошкольного возраста и указывают на перспективность их дальнейшего использования в системе дошкольного образования.

## Список литературы:


1. https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249
2. Выготский Л. С. *Психология развития ребёнка*. — М.: Просвещение, 1991. — Системное освещение возрастных особенностей психического развития, значимость игровой деятельности.
3. Пиаже Ж. *Речь и мышление ребёнка*. — М.: Педагогика-Пресс, 1996. — (Пер. с франц. оригинала). — Классическая работа, в которой излагается теория когнитивного развития детей дошкольного возраста.
4. Сарсенбаева Б. Г., Каримова Р. М. Авторские программы и современные педагогические системы дошкольного образования
5. Aitbek A., Baikulova A. M. Исследование логических игр «Intellectum» как средства развития когнитивных процессов у дошкольников // *Interdisciplinary Science Studies*. — 2025. — № 11.

# ҚОРШАҒАН ОРТАМЕН ТАНЫСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНДІ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

***Илюбаева А.А.***
*Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің*
*2 курс магистранты, Павлодар қаласы*
***Сарсенбаева Б.Г.***
*Ғылыми жетекші: педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор,*
*Павлодар қаласы*

**Аннотация**. Мақалада мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Қоршаған ортамен таныстыру» оқу-әдістемелік кешенін әзірлеу, құрастыру және қолдану мәселелері қарастырылды. Мақаланың мақсаты - мектепке дейінгі мекемеде ұйымдастырылған іс-әрекетте оқу - әдістемелік кешенді қолдануда педагогтерге әдістемелік көмек көрсету. Мақалада әлеуметтік - эмоционалды дағдыларды қалыптастыру мақсатында мектеп жасына дейінгі балалармен мектепке дейінгі ұйымда қоршаған ортамен танысу әдістемесінің өзекті мәселелері егжей-тегжейлі зерттелген.

**Кілтті сөздер***:* мектепке дейінгі жастағы балалар, оқу-әдістемелік кешен, әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар, бағдарлама, қоршаған орта, зерттеу.

**Аннотация.** В статье рассмотрены вопросы разработки, составления и применения учебно-методического комплекса «знакомство с окружающей средой» для дошкольников. Цель статьи-оказание методической помощи педагогам в применении учебно - методического комплекса в деятельности, организованной в дошкольном учреждении. В статье подробно исследуются актуальные проблемы методики ознакомления дошкольников с окружающей средой в дошкольной организации с целью формирования социально - эмоциональных навыков.

**Ключевые слова***:* дошкольники, учебно-методический комплекс, социально-эмоциональные навыки, программа, окружающая среда, исследования.

**Annotation**. The article discusses the development, compilation and application of the educational and methodological complex "acquaintance with the environment" for preschoolers. The purpose of the article is to provide methodological assistance to teachers in the application of the educational and methodological complex in activities organized in a preschool institution. The article examines in detail the current problems of the methodology of familiarizing preschoolers with the environment in a preschool organization in order to form socio-emotional skills.

**Keywords***:* preschoolers, educational and methodical complex, socio-emotional skills, program, environment, research.

Еліміздің білім беру жүйесіндегі реформа жас ұрпақтың әрқайсысының жеке тұлға ретінде қалыптасуында маңызды мәселелерді шешудің түрлі жолдарын қарастыруды көздейді. Бұл бетбұрыс әлемдік жаһандану заманына алғашқы қадам болып табылады. Әр жас өркеннің азамат болып қалыптасуын қамтамасыз ететін қоғамдағы негізгі де жауапты сала, ол білім беру жүйесі.

Елдің елдігін сақтап, көркейтетін, басқа елмен терезесін тең етіп өркендететін, сондай-ақ болашағын айқындап та беретін осы білім беру ісі.

Қазақстан Республикасында қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдардың жүйесіне жаңа тәсілдерді және тәрбиелеу-білім беру үдерісін

ұйымдастырудың жаңа тиімді нысандарын іздестіруді талап ететін терең әлеуметтік-экономикалық өзгерістер орын алуда.

Тәрбиелеу-білім беру процесінде:

- әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады;

- балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі; салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасады.

Балабақша — балаларды қоғамда өмір сүруге үйретететін алғашқы әлеуметтік институт болып табылады. Дәл осы жерде баланың қоршаған адамдармен дербес байланысы жүзеге асады, ол қарым-қатынас жасауды және өзара әрекеттесуді үйренеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған әлем арқылы тәрбиелеу мүмкіндігі туралы ойлар алғашқы рет танымал шетелдік және Ресейлік ғалымдарға тиесілі, олардың ішінде: Я.А. Коменский, А.С. Макаренко, И.Г. Песталоцци, Ж.Ж. Руссо, В.А. Сухомлинский, К.Д. Ушинский, Ф. Фребель, С.Т. Шацкий және басқалар. В.И. Мясницевич пен Л.С. Игнаткинаның еңбектерінде адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас мәселесінің теориялық және әдістемелік аспектілері көтерілген.

Мектеп жасына дейінгі балаларда табиғат туралы түсінік жүйесін қалыптастыру принциптері және олардың табиғи ортадағы жұмысының толыққанды даму мүмкіндіктерінің ауқымымен байланысты мәселелері келесі авторлардың еңбектерінде көрінеді: С.А. Веретенникова Н.К. Крупская, В.Г. Нечаева, С.Н. Николаева, Д.В. Сергеева, Е.И. Тихеева сонымен қатар отандық ғалымдар да А.А. Бейсенбаева, И.Н. Нугуманова, А.К.Сатова, С.Н.Жиенбаева жан-жақты қарастырған.

Зерттеуді жүргізу кезінде келесі зерттеу әдістері қолданылды: психологиялық педагогикалық әдебиеттер мен ғылыми әдістемелік материалдарды шолуда зерттелетін мәселе бойынша талдау мен синтездеу, салыстыру, жіктеу, жалпылау, бақылау, жүйелеу, әңгімелер сияқты эмпирикалық әдістер және эксперименттік жұмыс барысында алынған сапалы деректерді талдаудың басқа әдістері.

Зерттеу барысында тәрбиелеу-білім беру мәселелерінің жаңа тәсілдеріне, инновациялық әдістемелер мен жаңа әдістемелік әдебиетке көп назар аударылды. Қоршаған ортамен таныстыруда үнемі жаңа материалдармен толықтырылды. Қазіргі уақытта қоршаған ортаның таңғажайып әлемі туралы ақпаратқа көп көңіл бөлінуде.

Балабақшада тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда ұлттық құндылықтар және баланың тұлғалық құзыреттілігін дамыту мәселесі негізге алынады. «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік

дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту» атты бағыттарында инновациялық технологиялар, ұлттық тәрбие үлгілері және балалардың түрлі әрекеттері кіріктіріліп, заманауи талаптарға сай пайдаланылады. Заманауи технологиялар мен әдістерді пайдалану балалардың қызығушылығын оятады. Мысалы, «Әлеуметтік және эмоционалды дағдыларын дамыту» бағыты бойынша балалардың танымдық әрекетін ұйымдастыру барысында белсенді әдістерді қолдануға болады. Атап айтсақ, миға шабуыл, диалог, топтық шығармашылық жұмыс, пазл, синквейн т.б.

Үлгілік бағдарлама мазмұнындағы әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамытудың міндеттерін жүзеге асыру үшін қоршаған ортамен таныстырудан мектепалды топтарына арналған әдістемелік нұсқаулық әзірленді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамытудың мақсаты мен мазмұны:

Бағдарламаның мазмұны тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуге бағытталған. Осы бағытта ұсынылып отырған бұл әдістемелік нұсқаулықта:

-қоршаған ортамен таныстыру күн сайын объектілер мен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат) зерттеу;

-материалдармен эксперимент жасау;

- педагогтің сәйкес ақпаратты оқып беруі;

- кітаптарды және иллюстрацияларды қарау, әңгімелесу;

- қарым-қатынас, ойын әрекеті арқылы іске асырылады.

Аталмыш нұсқаулықта балалардың заттарды қолмен ұстап, зерттеуі, олардың қасиеттеріне талдау жасауы, заттарды қолдануы, туындаған сұрақтарға жауап беруі, өз бетінше сұрақтардың жауабын іздеуі мен табуы және алынған дағдыларды ойында қолдана алуы өте маңызды. Нұсқаулықта баланың «Мен» бейнесінің пайда болуына барынша жағдай жасалынған.

- Мектепке дейінгі ұйымдардағы мектепалды топтарда балалардың қызығушылықтары ескеріліп, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу күні бойы кіріктірілген түрде немесе жеке жоспарланады.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастырудың мақсаты тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру:

- қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу;

-дербестікке тәрбиелеу;

-өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыру;

-тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін көрсетуге қабілеттілігі мен дайындығын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды, моральдық нормалардың талаптарына жауап беретін іс-әрекеттерге;

-Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту;

-еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру, заттар, өлі және тірі табиғат құбылыстары жөнінде түсініктерін кеңейту;

-креативтік ойлауды дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

Балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамыту:

1) әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше үйрену дағдыларын игеруді;

2) қоғамда өзін-өзі ұстай білудің, адамгершілік нормаларын, сондай-ақ жалпы адамзаттық құндылықтарды меңгеруді;

3) өзінің отбасына жақындық сезімін, қазақ халқының, сондай-ақ басқа халықтардың тарихын білу мен құрметтеуді;

4) еңбек түрлері мен түрлі мамандық иелеріне қызығушылықты қалыптастыруды қамтиды.

Еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақ болғандықтан, оларға терең де сапалы тәрбие мен білім беруде қолданылатын әдістемелік нұсқаулықтарды, құралдарды құрастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр.

Мемлекетімізде болып жатқан өзгерістерден білім беру саласы шет қалмайды. Сондықтан қазіргі уақытта әдістемелік көмек ретінде шығарылып отырған әдістемелік құрал, нұсқаулықтардың жаңа әдіс-тәсілдері қарастырылып, енгізілуде.

Мектепке дейінгі балалық шақта ойын әрекетімен қатар, біліктер мен дағдыларды игеру процесі ғана емес, сондай-ақ, ізденіс ретінде баланың жан-жақты, өзі немесе ересек адамның басшылығымен алуына, олардың дамуына ықпал ететін танымдық әрекет зор маңызға ие болады. Бұл әрекет ерте балалық кезеңде қалыптасады, алғашқыда балалар барлығын дәм сезу анализаторлары арқылы тексеріп, заттар мен қарапайым эксперимент жасайды. Мектепке дейінгі ересек жаста танымдық-зерттеу әрекеті балалардың заттармен эксперимент жүргізуінен және ересектерге қойылатын сұрақтарды (неге, не үшін, қалай?) ауызша зерттеуінен көрінеді. Бала эксперимент жүргізу барысында субъект ретінде, өз әрекетін дербес құрып, белсенділік танытады.

Қоршаған ортамен таныстырудан әдістемелік нұсқаулық әзірлеуде келесі нормативтік-құқықтық құжаттар негізге алынды:

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарты;

2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы»;

Оқу-әдістемелік кешенді әзірлеу барысында тәрбиеленушілердің жас және психологиялық ерекшеліктері есепке алынды, материалды

мазмұндаудың тиімді әдістері және инновациялық технологиялар қолданылды .

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің циклограммасын жоспарлауда тәрбиеші балалармен жүргізілетін жұмыс түрін өзі таңдап, танымдық ақпараттың қажетті көлемін өз қалауы бойынша анықтай алады және ұйымдастырылған іс-әрекеттің тақырыптарын, бөлімдерін, табиғи нысанын, ғылыми әдістемелік әдебиеттерін, дидактикалық материалдарды таңдаудағы әрекетін шектей алмайды.

Нұсқаулықтың бірегейлігін келесі ерекшеліктерден көруге болады**:**

1. Өзгерген нормативтік құжаттар негізінде құрастырылып отыр.

2.Ұйымдастырылған іс-әрекеттерге балалардың түрлі әрекеттері кіріктірілген.

Бала өлеңді тыңдау арқылы, сөздік ойындар арқылы коммуникативтік дағдылары, ал эксперименттер жасау арқылы танымдық дағдылары, қимылды ойындарды ойнағанда физикалық дағдылары дамып, сол ақпараттарды қағаз бетіне түсіріп шығармашылық қабілеттері дамиды. Мақсат баланың жаңадан қалыптасқан дағдыларын шығармашылық игеру қабілетін, алынған материалды өңдеудегі зияткерлік дағдылары дамуын қамтамасыз ету.

3. Үлгілік бағдарламаны негізге ала отырып, міндеттерін толықтай анықталып, сарапталып алынды.

4. Нұсқаулықта дидактикалық, логикалық ойындарды, сөздік ойындар жағдаяттарды қамтиды, яғни, ойын, жағдаяттар арқылы баланың танымдық, зияткерлік қызығушылықтарын дамытады.

Үлгілік бағдарламаның міндеттеріне сәйкес, қоршаған ортамен таныстыру бағытында қамтылған 9 бөлім алынды:

Бала,оның отбасы, үйі.

Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау.

Көлік, байланыс құралдары.

Еңбекке баулу.

Адамгершілік және патриоттық тәрбие.

Жол қозғалысы ережелері.

Табиғатпен таныстыру.

Жануарлар әлемі.

Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері.

Тақырыбы: «Киіз үй жабдықтары»

Міндеті: қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білуге үйрету.

Алдын ала жүргізілетін жұмыс: Киіз үй жабдықтарының суреттерін қарастыру. Киіз үй макетін тамашалау.

Құрал-жабдықтар, көрнекіліктер: проектор, экран, киіз үй макеті, қазақтың ұлттық киімдері, тақырыпқа сай суреттер, үнтаспа, қазақ халқының тұрмыстық заттары.

– Балалар, бүгін біз мұражайға барып, өткенге саяхат жасаймыз.

– Балалар, мұражай дегеніміз не?

– Балалар, көне заттарды сақтайтын жер-мұражай деп аталады.

Тәрбиеші мұражайда көне заттарды басқаша экспонаттар деп айтуға болатынын атап кетеді.

– Ол үшін бізге гид керек.

– Балалар, гид дегеніміз кім?

Балалар өз ой-пікірлерін айтады. Тәрбиеші балалардың жауаптарын тыңдап, қорытынды жасайды: гид – саяхат жасаушыларға тарихи және көрікті жерлерін көрсететін адам.

– Балалар, мен бүгінгі саяхатта сендердің гидтарын боламын.

Экранда мұражайдың ғимараты пайда болады.

– Балалар, мұражайға кіру үшін міндетті түрде тәртіп сақтау керек. Қане, оларды еске түсірейікші.

Экранда шартты белгілер көрсетіледі:

– Балалар, экспонатпен танысу үшін мына жұмбақтың жауабын шешулерің қажет. Жұмбақ жасырады:

Төбедегі көзінен.

Күн сәулесі түседі.

Бұрышы жоқ төрінен.

Самал еркін еседі. *(Киіз үй)*

Экранда киіз үйдің суреті көрсетіледі. Тәрбиеші үш бағанға бөлінген кестені тақтаға іледі:

Кесте 2-ге қарап, балалар өз ойларын айтып, қорытынды жасалынады.

*Кесте 2*

| Білемін! | Қайдан білдім? | Не білдім? |
|---|---|---|
| Киіз үй не екенін. | Киіз үйдің макетінен, проектордан, суреттерден. | Киіз үйдің жабдықтарын, мұражайда өзін ұстау ережелерін, экспонат не екенін. |

Тапсырма: Суретке қарап, киіз үйдегі заттарды атап бер. Олар не үшін қажет?

*Сурет 1-Киіз үй жабдықтары*

– Балалар, біздің саяхатымыз аяқталды.

Тәрбиеші балалардан не білгендерін сұрап, кестенің үшінші бағанын толтырады.

Осылайша, мектепалды топтарға арналған қоршаған ортамен таныстырудан оқу-әдістемелік кешені әзірленді және енгізілді.

Тәрбиелеу-білім беру процесінде жаңа мазмұндағы әдістемелік нұсқаулықты әзірлеу және оны қолданысқа енгізу әрбір тәрбиешінің міндеті. Осылайша, жаңа үлгідегі әдістемелік кешеннің тиімділігі - баланың жан-жақты дағдыларын дамытып, жан-жақты ұрпақ тәрбиелейді. Ертеңімізді бүгін ойлап, жас ұрпақты жан-жақты тәрбиелеу мен жеткілікті тәрбие мен білім беру әр тәрбиешінің міндеті екенін естен шығармайық.

Қорыта келгенде, бұл әдістемелік нұсқаулық мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне және ата-аналарына да таптырмас көмекші құралға айналатынына сенімдіміз.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы» № 319-III 27 шілде 2007
2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрық
3. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы», 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрық
4. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары» 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрық
5. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы, 2023 жылы
6. Алешина Н.В. Ознакомление дошкольников с окружающим и социальной действительностью. Старшая группа: Конспекты занятий [Мәтін]. – М.: ПЕРСПЕКТИВА, 2009. – 212 б.
7. Айтмағанбетова Қ.А. Мен және бәрі, бәрі, бәрі: Қоршаған ортамен таныстыру [Мәтін]. – Алматы: «Аруна» баспасы, 2006. – 76 бет.
8. Әмірова Ә.С., Анартаева К.А. Тіл дамытуға әдістемелік құрал [Мәтін]. – Астана: Арман-ПВ, 2013. – 167 б.

9. Бондаренко Т. Экологические занятия с детьми 6–7 лет [Мәтін]. – Воронеж, 2002. – 91б.
10. Жиенбаева С.Н. Мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды қоршаған ортамен таныстыру әдістемесі. - Алматы: Қазақ университеті, 2014.-180б.
11. Илюбаева А.А., Байтемирова М.Қ. Қоршаған ортамен таныстыру: әдістемелік нұсқаулық [Мәтін]. – Астана: «Arman-PV baspasy», 2024. – 92 б.
12. Илюбаева А.А., Байтемирова М.Қ. Қоршаған ортамен таныстыру. Дидактикалық материал [Мәтін]. – Астана: «Arman-PV baspasy», 2024. –36 б.

# МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ЫҚПАЛЫ

***Искандирова Р.Р.***
*Магистрант, Павлодар педагогикалық университеті. Павлодар қ.*
***Каримова Р. М***
*Педагогика жоғары мектебінің PhD докторы,*
*Павлодар педагогикалық университеті. Павлодар қ.*

**Аңдатпа**. Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық дамуына ұлттық ойындардың әсері қарастырылады. Павлодар қаласындағы №30 балабақшада жүргізілген педагогикалық эксперимент нәтижелері ұсынылады. Ұлттық ойындарды жүйелі қолдану балалардың қарым қатынас дағдыларын, дербестігін және белсенділігін арттыратыны анықталды.

**Түйін сөздер***:* ұлттық ойындар, мектепке дейінгі білім, тұлғалық даму, әлеуметтік дағдылар, педагогикалық эксперимент, инновациялық технология

**Аннотация**. В статье рассматривается влияние национальных игр на личностное развитие детей дошкольного возраста. Представлены результаты педагогического эксперимента, проведённого в детском саду №30 города Павлодара. Доказано, что систематическое использование национальных игр повышает коммуникативные навыки и активность детей.

**Ключевые слова***:* национальные игры, дошкольное образование, личностное развитие, социальные навыки, педагогический эксперимент

**Abstract**. The article examines the influence of national games on preschool children's personal development. The results of a pedagogical experiment conducted in kindergarten No.30 in Pavlodar are presented. The study shows that systematic use of national games improves communication skills and independence.

**Keywords***:* national games, preschool education, personal development, social skills, experiment

Соңғы жылдары мектепке дейінгі білім беру жүйесінде баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа педагогикалық тәсілдер белсенді енгізіліп жатыр. Бұрын тәрбие көбіне дайын білімді меңгертуге бағытталса, қазір баланың әлеуметтік тәжірибесін қалыптастыру, дербестігін дамыту, қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру негізгі мақсаттардың бірі болып отыр.

Осы тұрғыдан қарағанда ұлттық ойындар ерекше құрал ретінде көрінеді. Олар тек қозғалыс белсенділігін арттырып қана қоймайды. Баланың мінез-құлқына, өзара әрекетіне, жауапкершілік сезіміне әсер

етеді.Қазақстандық ғалымдар Нурбекова С., Алимбекова А., Қыяқбаева Ұ. өз зерттеуллеінде мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық әлеуетін дамытуда ұлттық ойындардың педагогикалық мүмкіндіктерін қарастырған. Авторлар негізгі мәселе ретінде балабақша тәжірибесінде ұлттық ойындардың жүйесіз қолданылуын және олардың шығармашылық дамуға әсерінің жеткілікті деңгейде ғылыми жіктелмегенін атап өтеді. Зерттеу нәтижесінде ұлттық ойындардың балалардың қиялын, қарым-қатынас дағдыларын және танымдық белсенділігін дамытуға тиімді ықпал ететіні дәлелденген[1] Ал Абишев К., Алайдаров І., Оңалбек Ж., Болатқызы Ш., Исмаилов Е. өз зерттеулерінде ұлттық ойындардың дене тәрбиесі жүйесіндегі педагогикалық, медициналық және әлеуметтік маңызын қарастырған. Авторлар негізгі мәселе ретінде қазіргі білім беру тәжірибесінде ұлттық ойындардың тәрбиелік және сауықтыру мүмкіндіктерінің жеткілікті деңгейде пайдаланылмай отырғанын атап көрсетеді. Зерттеу нәтижесінде ұлттық ойындардың балалардың денсаулығын нығайтуға, қозғалыс белсенділігін арттыруға және әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға тиімді ықпал ететіні өз еңбектерінде дәлелдеген[2] Сондайақ Даурен Ж., Әбдіреймова Қ., Шыршықбаев С., Садыкова Д., Ташкеев Д. өз зерттеулерінде білім беру ұйымдарында ұлттық ойындарды қолданудың әдістемелік негіздерін қарастырған. Авторлар негізгі мәселе ретінде ұлттық ойындарды оқу-тәрбие процесіне жүйелі енгізудің ғылыми-әдістемелік тетіктерінің жеткіліксіздігін атап көрсетеді. Зерттеу нәтижесінде ұлттық ойындарды мақсатты және жоспарлы қолдану балалардың танымдық белсенділігін арттырып, тұлғалық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға тиімді ықпал ететіні қарастырылады. [3] Ал шетелдік ғалымдар Prima E., Suarni N., Sudiana I., Suma K. өз зерттеулеріңде мектепке дейінгі білім беру процесіне дәстүрлі ойындарды кіріктірудің педагогикалық тиімділігін қарастырған. Авторлар негізгі мәселе ретінде қазіргі ерте жастағы оқыту тәжірибесінде дәстүрлі ойындардың тәрбиелік және дамытушылық әлеуетінің жеткілікті деңгейде пайдаланылмай отырғанын атап көрсетеді. Зерттеу нәтижесінде дәстүрлі ойындарды жүйелі қолдану балалардың әлеуметтік өзара әрекетін, шығармашылық белсенділігін және оқу мотивациясын арттыруға оң әсер ететіні дәлелденген [4] Жәнеде Saefullah R., Pirdaus D., Ismail M. өз зерттеуілерінде дәстүрлі ойындардың балалардың моторлық дағдыларының дамуына әсерін қарастырған. Авторлар негізгі мәселе ретінде қазіргі білім беру тәжірибесінде қозғалыс белсенділігін табиғи ойын әрекеті арқылы дамыту мүмкіндіктерінің жеткілікті деңгейде қолданылмай отырғанын атап көрсетеді. Зерттеу нәтижесінде дәстүрлі ойындарды жүйелі пайдалану балалардың қимыл үйлесімділігін, тепе-теңдігін және жалпы дене белсенділігін тиімді дамытуға ықпал ететінін ашып көрсетеді [5] Осыған сәйкес Қазақстандық және щетелдік авторлардың еңбегіне сүйене отырып аталған проблемалардың орнын толықтыру мақсатында өз зерттеуімізді жүргіздік.

Бірақ тәжірибеде ұлттық ойындар көбіне мерекелік іс-шара деңгейінде ғана қолданылып келеді. Күнделікті педагогикалық процесте жүйелі енгізілмейді. Бұл мәселе зерттеудің өзектілігін анықтайды.

Зерттеудің мақсаты ұлттық ойындардың мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық дамуына ықпалын эксперимент арқылы анықтау.

Зерттеу Павлодар қаласындағы №30 балабақшаның ересек топтарында жүргізілді. Экспериментке барлығы Ересек пен Даярлық **тобынан 48 бала** қатысты. Балалар жас шамасы 4-6 жас аралығы.

Балалар екі топқа бөлінді:

(ЭТ) эксперименттік топ 24 бала ( Ересек тобы)

(БТ) бақылау тобы 24 бала (Даярлық тобы)

Эксперимент **3 ай** бойы жүргізілді.

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

1 педагогикалық бақылау

2 әңгімелесу

Моральдық қасиеттердің қалыптасу деңгейін диагностикалау үшін барлық компоненттерді жан-жақты зерттеуге бағытталған әдістер жүйесі жасалды.

Зерттеу барысында келесі диагностикалық әдістер қолданылды:

"Суретті тап" - баланың эмоционалды күйлерін ажырата білу және олардың көріністерін түсіну қабілетін анықтауға бағытталған;

"Сюжеттік суреттертуреттер" - моральдық нормаларды білуді және іс-әрекеттерге баға беру қабілетін бағалауға мүмкіндік береді;

"Аятталмағанжағдайлар" - баланың моральдық жағдайларда шешім қабылдау қабілетін анықтауға бағытталған;

"Екі үй" - баланың өзіне және басқаларға қатынасын, әлеуметтік бейімделу деңгейін зерттейді;

Бақылау - баланың табиғи қарым-қатынас жағдайында нақты мінез-құлқын бағалауға мүмкіндік береді.

Жұмыста атап өтілгендей, "диагностиканың мақсаты-балалардыңморальдық тәрбиеленуіне анықтау және көркем шығармаларменмен жұмыс жүргеннен кейин олардының минез-құлқындағы өзгерлері бағалауы" [7].

Әрбір Әдістемеде деңгейлік дифференциацияны (төмен, орташа, жоғары деңгей) қамтитын нақты анықталған бағалау критерийлері болды. Бұл дамудың бастапқы деңгейін анықтап қана қоймай, эксперименттік жұмыс процесіндегі өзгерістердің динамикасын бақылауға мүмкіндік берді.

Балалардың эмоционалды реакцияларын, олардың жауаптарын дәлелдеу қабілетін, сондай-ақ құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жағдайында нақты мінез-құлықты талдауға ерекше назар аударылды.

Атап өтілгендей, "баланның жауаптары мен эмоционалдық реакциясы талдаудың моральдық нормалары қаншалықтары түсінетінін және қабылдайтынын анықтауына үмітті бересі" [8].

Эксперимент үш негізгі кезеңнен тұрды:

1. Анықтау кезеңі - моральдық даму деңгейінің бастапқы диагностикасы;

2. Қалыптастырушы кезең - көркем шығармалар негізінде педагогикалық жобаны іске асыру;

3. Бақылау кезеңі - нәтижелерді қайта диагностикалау және талдау.

Қалыптастырушы кезең аясында келесі педагогикалық әдістер белсенді қолданылды: көркем шығармаларды оқу, мазмұнды талқылау, рөлдік ойындар, шығармашылық тапсырмалар және моральдық жағдайларды модельдеу.

Зерттеуде атап өтілгендей, "көркем шығармалармен жүйелі жұмыс балалардың эмоциялық реакциясы күшейтіп, эмпатия мен әлеуметтік өзара әрекет дағдыларын дамытуға қпал ертеді" [9].

Осылайша, зерттеу әдістемесі жан-жақты сипатта болды және мектеп жасына дейінгі балалардың мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға көркем әдебиеттің әсерін жан-жақты зерттеуді қамтамасыз етті.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеудің белгіленген кезеңінде балалардың көпшілігінде адамгершілік дамудың орташа деңгейі басым екендігі анықталды. Жалпы балалар моральдық нормалар туралы негізгі түсініктерге ие, бірақ оларды түсіндіруде және практикалық қолдануда қиындықтарға тап болады.

Зерттеуде атап өтілгендей, "балалардың көпшілігінде моральдық даму денгейі орташа болып анықталды, алайда оларб бұл білім беруде қолдан бермейді" [10].

Анықтаушы кезеңдегі адамгершілік даму деңгейлерінің көрсеткіштері 1-кестеде ұсынылған.

*Кесте 1 - Анықтаушы кезеңдегі адамгершілік даму деңгейлері*

| **Деңгей** | **Бақылау тобы** | **Эксперименттік топ** |
|---|---|---|
| Төмен | 30% (4) | 20% (3) |
| Орташа | 70% (10) | 80% (11) |
| Жоғары | 0% | 0% |

1-кестеде көрсетілгендей, екі топта да балалардың басым бөлігі орташа деңгейде орналасқан. Бұл олардың моральдық нормаларды түсінетінін, бірақ оларды тұрақты түрде қолдануда қиындықтар бар екенін көрсетеді.

Көркем шығармаларды қолдануға негізделген педагогикалық жобаны жүзеге асырғаннан кейін алынған нәтижелердің динамикасы 2-кестеде берілген.

*Кесте 2 - Бақылау кезеңіндегі адамгершілік даму деңгейінің динамикасы*

| **Деңгей** | **Бақылау тобы** | **Эксперименттік топ** |
|---|---|---|
| Төмен | 30% (4) | 0% |
| Орташа | 70% (10) | 80% (11) |
| Жоғары | 0% | 20% (3) |

2-кестеден көріп отырғанымыздай, эксперименттік топта төмен деңгей толықтай жойылып, жоғары деңгейдегі балалар саны артқан. Ал бақылау тобында айтарлықтай өзгерістер байқалмаған. Бұл көркем шығармаларды қолданудың тиімділігін көрсетеді.

Балалардың мінез-құлықтық компонентіндегі өзгерістердің динамикасы 3-кестеде көрсетілген.

*Кесте 3 - Мінез-құлықтық компоненттің динамикасы*

| **Деңгей** | **Бақылау тобы** | **Эксперименттік топ** |
|---|---|---|
| Төмен | 30% | 0% |
| Орташа | 60% | 40% |
| Жоғары | 10% | 60% |

3-кестеде көрсетілген нәтижелер балалардың мінез-құлқында айтарлықтай оң өзгерістер болғанын дәлелдейді. Эксперименттік топта жоғары деңгей едәуір өсіп, төмен деңгей толықтай жойылған.

Нәтижелерді кешенді талдау көрсеткендей, эксперименттік жұмыс барысында балалардың эмпатия деңгейі айтарлықтай жоғарылап, олар айналасындағы адамдардың эмоциялық күйлерін жақсырақ түсініп, соған сәйкес әрекет ету қабілетін меңгере бастады. Сонымен қатар, балалар сыпайы мінез-құлық нормаларын саналы түрде қолдана отырып, қарым-қатынас барысында әдеп ережелерін сақтауға дағдыланды және түрлі жанжалды жағдайларды өз бетінше, конструктивті жолмен шешу дағдыларын қалыптастырды.

Зерттеу барысында мінез-құлық және эмоционалды компоненттердің динамикасын талдау адамгершілік дамудың жоғары деңгейіндегі балалар санының едәуір артқанын көрсетті. Бұл өз кезегінде балалардың тек теориялық біліммен шектелмей, оларды практикалық әрекетте қолдана алатындығын дәлелдейді. Сонымен қатар, балалар әдеп нормаларын күнделікті өмірде, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынаста еркін қолдануды үйреніп, түрлі әлеуметтік және өмірлік жағдайларды дұрыс бағалап, саналы түрде шешім қабылдай алатын деңгейге жетті.

Ал бақылау тобында айтарлықтай өзгерістердің байқалмауы жүргізілген эксперименттік жұмыстың тиімділігін, сондай-ақ көркем шығармаларды жүйелі қолданудың балалардың адамгершілік дамуына оң ықпал ететінін нақты түрде дәлелдейді.

**Талқылау**

Нәтижелер мектеп жасына дейінгі балалардың мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру құралы ретінде көркем әдебиеттің жоғары тиімділігін көрсетеді.

Талдау көрсеткендей, педагогикалық әсер етудің келесі әдістері ең тиімді болып табылады:

- Көркем шығармаларды оқу және талқылау;

- Рөлдік және театрлық ойындар;
- Проблемалық жағдайларды модельдеу;
- Шығармашылық қызмет (сурет салу, әңгімелер жазу).

Зерттеуде атап өтілгендей, көркем шығармалды пайдалану балаларда эмпатия мен жауапкершілік сезімді қалыптастыруғақпал ертеді .

Шығармаларды қабылдауды ғана емес, оларды талқылауды, талдауды және жағдайларды ойнауды қамтитын кешенді тәсіл ерекше маңызға ие, бұл білімнің практикалық мінез-құлыққа өтуіне ықпал етеді.

**Қорытынды**

Осылайша, зерттеу нәтижелері көркем шығармалар мектеп жасына дейінгі балалардың мінез-құлық мәдениетін қалыптастырудың тиімді құралы екенін растайды.

Олар дамуға ықпал етеді:

- Моральдық сана;
- Эмпатия және эмоционалды жауаптылық;
- Әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдылары.

Эксперименттік жұмыс ұсынылған гипотезаны растады және адамгершілік дамудың барлық компоненттері бойынша оң динамиканы көрсетті.

Зерттеу барысында атап өтілгендей, көркем әдебиет дүйелі қолдан балалардың адамгершілік дамуына оң әсеретеді.

Сонымен қатар, мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру мәселесі жаңа педагогикалық технологияларды одан әрі зерттеуді және дамытуды талап етеді.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Выготский Л.С. Психология развития ребенка. – М.: Эксмо, 2005. – 512 с.
2. Божович Л.И. Личность и её формирование в детском возрасте. – СПб.: Питер, 2008. – 400 с.
3. Сухомлинский В.А. Как воспитать настоящего человека. – М.: Педагогика, 1989. – 288 с.
4. Ушинский К.Д. Человек как предмет воспитания. Опыт педагогической антропологии. – М.: Педагогика, 1988. – 512 с.
5. Коломийченко Л.В. Социально-коммуникативное развитие дошкольников. – М.: Академия, 2015. – 176 с.
6. Калинина Р.М. Диагностика нравственного развития дошкольников. – СПб.: Детство-Пресс, 2007. – 96 с.
7. Щетинина А.М. Диагностика социального развития ребенка. – М.: Владос, 2008. – 128 с.
8. Изотова Е.И. Эмоциональное развитие детей дошкольного возраста. – М.: Академия, 2012. – 192 с.
9. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1988. – 256 б.

# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҮЙІРМЕ – МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ҮЗДІКСІЗ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗІ

***Нұрмағамбет А.А.***
*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің магистранты, Павлодар қ.*
***Аяпбергенова Г.С.***
*ғылыми жетекшісі, PhD, қауымдастырылған профессор, Павлодар қ.*

**Аңдатпа.** Мақалада бастауыш сынып оқушыларына үздіксіз экологиялық білім берудегі экологиялық үйірменің рөлі қарастырылады. Үйірме жұмысының мазмұны, формалары, әдістері және оның экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы маңызы сипатталады. Экологиялық тәрбиенің кейінгі оқу сатыларымен сабақтастығы негізделеді.

**Кілт сөздер:** экологиялық үйірме, экологиялық білім, бастауыш мектеп, экологиялық тәрбие, экологиялық мәдениет, сыныптан тыс жұмыс, үздіксіз білім

**Аннотация**. В статье рассматривается роль экологического кружка в обеспечении непрерывного экологического образования младших школьников. Описаны содержание, формы и методы работы кружка, его значение в формировании экологической культуры. Обоснована преемственность экологического воспитания на последующих ступенях обучения.

**Ключевые слова***:* экологический кружок, экологическое образование, начальная школа, экологическое воспитание, экологическая культура, внеурочная деятельность, непрерывное образование

**Annotation.** The article examines the role of an ecological club in providing continuous environmental education for primary school students. The content, forms, and methods of club activities and their importance in developing ecological culture are described. The continuity of environmental education at subsequent stages of schooling is substantiated.

**Keywords***:* ecological club, environmental education, primary school, ecological upbringing, ecological culture, extracurricular activities, continuous education

Барлық адамзат жаппай экологияның бұзылғаны туралы айтатын қазіргі заманда осы жағдайды жақсарту және түзету үшін не істеу керектігін білу қажет. Табиғатпен "дұрыс" қарым-қатынаста болу, сондай-ақ "экологиялық мәдениет" мәселесі қазіргі уақытта алдыңғы қатарға шығады.

Шамамен 30 жыл бұрын американдық эколог Барри Коммонер төрт экологиялық афоризм ұсынды, олар қарапайым, бірақ терең мағыналы болып, қоғаммен жылы қабылданды да, кейін «төрт экологиялық заң» деп аталып кетті. Оларды білу барлық адамзат үшін маңызды:

Бірінші заң: табиғатта барлығы бір-бірімен байланысты.

Екінші заң: барлығы бір жерге кету керек (қалдықтар айналымы).

Үшінші заң: табиғат дұрысын біледі.

Төртінші заң: ештеңе жайдан жай тегін берілмейді [1].

Бұл заңдар экологиялық ойлаудың іргелі қағидалары ретінде адамның табиғатпен қарым-қатынасына жаңа көзқарас қалыптастырады. Олар қоршаған ортаны қорғаудың тек жекелеген шаралардан тұрмайтынын, керісінше табиғи жүйелердің тұтастығын сақтауға негізделуі тиіс екенін

көрсетеді. Сондықтан аталған заңдарды түсіну экологиялық мәдениетті қалыптастырудың теориялық негізі болып табылады.

Бірінші заң — табиғатта барлығы бір-бірімен байланысты.

Бұл қағида табиғи жүйелердің өзара тәуелді екенін білдіреді. Бір компонентке жасалған кез келген әсер міндетті түрде басқа компоненттерге ықпал етеді. Мысалы, ормандарды жою топырақ эрозиясына әкелсе, ол өз кезегінде су режимінің бұзылуына, жануарлар әлемінің азаюына, климаттың өзгеруіне себеп болады. Сондықтан табиғатты қорғау іс-шаралары кешенді түрде жүргізілуі тиіс. Оқушылар үшін бұл заң табиғаттың тұтас жүйе екенін түсінуге мүмкіндік береді.

Екінші заң — барлығы бір жерге кету керек.

Бұл заң зат пен энергияның сақталу принципіне негізделеді: табиғатта ештеңе жоғалып кетпейді, тек бір күйден екінші күйге ауысады. Адам өндірген қалдықтар да «жойылып» кетпейді, олар ауада, суда, топырақта жиналып, экожүйелерге зиян келтіреді. Пластик қалдықтарының мұхиттарда жиналуы, тұрмыстық қоқыстың табиғатты ластауы — осының айқын мысалы. Сондықтан қалдықтарды азайту, қайта өңдеу, қайта пайдалану мәдениетін қалыптастыру қазіргі қоғам үшін аса маңызды.

Үшінші заң — табиғат дұрысын біледі.

Бұл қағида табиғи жүйелер миллиондаған жылдар бойы қалыптасқан тепе-теңдікке ие екенін көрсетеді. Адам табиғат заңдылықтарын ескермей араласқан кезде күтпеген жағымсыз салдарлар туындайды. Мысалы, бөгде түрлерді жаңа ортаға енгізу жергілікті экожүйені бұзуы мүмкін. Демек, табиғатты «жақсарту» емес, оны сақтау және табиғи процестерді түсіну — экологиялық тұрғыдан дұрыс бағыт.

Төртінші заң — ештеңе тегін берілмейді.

Табиғат ресурстарын пайдалану әрқашан белгілі бір экологиялық «құнмен» жүзеге асады. Кез келген өндіріс, энергия алу, жер игеру қоршаған ортаға әсер етеді. Егер бұл әсер есепке алынбаса, оның зардабы кейін экономикалық, әлеуметтік және денсаулық мәселелері түрінде қайтып келеді. Сондықтан тұрақты даму тұжырымдамасы табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды талап етеді.

Осылайша, Барри Коммонердің төрт заңы адам мен табиғат арасындағы өзара байланысты ғылыми-философиялық тұрғыдан түсіндіретін әмбебап ережелер болып табылады. Олар экологиялық білім беруде, әсіресе мектеп оқушыларының экологиялық дүниетанымын қалыптастыруда маңызды әдіснамалық негіз қызметін атқарады. Бұл заңдарды меңгеру оқушылардың табиғатқа жауапкершілікпен қарауын, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған саналы мінез-құлқын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сондықтан қазіргі білім беру жүйесінде экологиялық мәдениетті дамыту тек ақпарат берумен шектелмей, аталған қағидаларды өмірлік ұстанымға айналдыруға бағытталуы тиіс. Экологиялық тұрғыдан сауатты ұрпақ қана табиғат пен қоғамның үйлесімді дамуын қамтамасыз ете алады.

Экологиялық білім берудің мақсаты келесі міндеттердің тоғысында жүзеге асады:

Білім беру – қазіргі заманның экологиялық проблемалары және оларды шешу жолдары туралы білім жүйесін қалыптастыру;

Тәрбиелік – экологиялық тұрғыдан дұрыс мінез-құлық пен іс-әрекеттің, салауатты өмір салтының мотивтерін, қажеттіліктері мен әдеттерін қалыптастыру;

Дамытушылық – өз жерінің жай-күйін зерделеу, бағалау және қоршаған ортаны жақсарту жөніндегі зияткерлік және практикалық дағдылар жүйесін дамыту; қоршаған ортаны қорғау жөніндегі белсенді қызметке ұмтылысты дамыту.

4) Зияткерлік – экологиялық жағдайларды талдау қабілеті.

5) Эмоционалды – табиғатқа құндылық ретінде қарау.

Ғалымдар экологиялық мәдениетті адам мен табиғаттың қарым-қатынасына қатысты жалпы адамзаттық мәдениеттің, әлеуметтік және жеке моральдық-этикалық нормалардың бөлігі ретінде қарастырады. Экологиялық мәдениетті меңгерген адам – табиғатты қорғаушы және оның ең жақын досы. Экологиялық мәдениеттің негіздері бастауыш мектепте қаланады [2].

Бастауыш мектеп жасы – адам өміріндегі ең маңызды және күрделі кезеңдердің бірі, өйткені дәл осы жаста баланың қызығушылықтары, құндылықтары, бүкіл өмір салты өзгереді, қоғамдағы жаңа позиция, ересектермен және құрдастарымен жаңа қарым-қатынас құрылады. Бала әртүрлі салалардан көптеген жаңа білім алады. Атап айтқанда — болашақта біздің еліміздегі экологиялық жағдайды жақсартуға әсер етуі мүмкін табиғатқа дұрыс көзқарас туралы білімді игереді.

Бастауыш сынып оқушыларына табиғатпен қарым-қатынас үлкен қуаныш әкеледі. Ол балалардың сезімдеріне әсер етіп, табиғатқа деген сүйіспеншілік, оны қорғауға деген ұмтылысты тудырады. Бірақ бұл бәрінде бола бермейді. Кейбір балалар, керісінше, табиғатқа аса қатыгездікпен қарайды. Олар ағаш бұтақтарын сындырып, ұяларды қиратады, гүлдер мен жапырақтарды қажетсіз үзіп жұлады. Мұндай сәттерде балалар өздерінің іс-әрекеттері туралы және олардың салдары қандай болатынын ойламайды [3]. Мұғалім мұндай балаларға табиғаттың олардың досы екенін және онда көптеген қызықты нәрселер бар екенін көрсетіп, табиғатты аялау қажеттігін ұғындыру керек.

Экологиялық тәрбие мен экологиялық мәдениетті тәрбиелеу процесі бірнеше есе нәтижелі болуы үшін мұғалімге оқу және сабақтан тыс жұмыстарды үйлестіру өте маңызды. Біріншісі екіншісінде жалғасын табуы керек. Яғни балалар сабақта қоршаған орта, табиғат жайлы білімдерін кеңейтіп, сабақтан тыс уақытта ол білімдерін іс жүзінде тексеруге мүмкіндіктері болуы өте маңызды.

Бастауыш сынып оқушыларында экологиялық мәдениетті сәтті қалыптастыруға ықпал ететін сыныптан тыс жұмыстың негізгі формасы – экологиялық үйірме.

Әдетте, үйірмелерде сыныптан тыс жұмыстар мақсатты және біркелкі құрылымдалады. Сабақтар және оқушылардың қызығушылықтарын ескеру үйірме мүшелерінде натуралистік қасиеттердің дамуына ықпал етеді: бақылаушылық, қызығушылық, ізденімпаздық және табиғатқа қамқорлықпен қарау. Жұмысты ұйымдастырған кезде мұғалімнің жетекші рөлін сақтай отырып, балалардың бастамасы мен дербестігіне сүйену қажет [4].

Үйірме жұмысының тиімділігі көбінесе дұрыс жоспарлауға байланысты. Бұл ретте басшының ағымдағы оқу жылына бекіткен оқу-тәрбие жұмысының жоспары негізге алынып, үйірме жұмысының жоспары соған сүйеніп құрылады. Жоспарға, әдетте, теориялық және практикалық сабақтар, әңгімелер, қорытынды сабақтар, бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу кіреді.

Бастапқыда үйірме жұмысының мазмұны балаларда табиғатқа ұқыпты қарау, адамгершілік мәдениетін тәрбиелеу, жақсылық пен жамандық туралы идеяларды байыту, адамның табиғатқа жағымды және жағымсыз әсерлері, табиғаттағы ақылға қонымды және адамгершілік мінез-құлық тәжірибесін қалыптастыру, сондай-ақ табиғатқа көмек көрсету туралы жаңа білім арқылы көрінетін гуманистік бағытқа ие болуы керек. Бастауыш сынып оқушыларымен үйірме жұмысын 2-3 сыныптарда, балалардың күнделікті және ғылыми деңгейде табиғат, ондағы өзара қатынастар, табиғаттағы адамның рөлі туралы алғашқы түсініктері қалыптасқан кезде бастаған жөн.

Үйірме жұмысын ұйымдастырудың маңызды қағидаттарының бірі – өлкетану, оны жүзеге асыру балаларға жергілікті, аймақтық және жаһандық экологиялық мәселелерді толық түсінуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты әңгімелер, экскурсиялар мазмұнына туған қала (ауыл) табиғаты туралы ақпаратты қосу пайдалы.

Сабақтар қызықты болып, балалар жалықпауы үшін қызмет түрлерін: танымдық, ойын, шығармашылық, еңбек, зерттеу және т.б. етіп араластырып ұйымдастырған жөн.

Танымдық жұмыстың барлық оқушылар ұнататын түрлері – экологиялық экскурсиялар мен экотуризм.

Экологиялық экскурсия – білім беру мақсатында табиғи кешендерге немесе мәдениет мекемелеріне топтық баруды білдіретін оқытуды ұйымдастырудың бір түрі [5]. Бұл сабақтан тыс жұмыстың мақсаты – баланың қоршаған табиғатқа және адамдарға, ойлау процестеріне, байқағыштыққа, қиялға және шығармашылық қабілеттерге дұрыс көзқарасын қалыптастыру. Экскурсияға барып, жабайы табиғатты бақылай отырып, бала табиғаттағы барлық нәрсе өзара байланысты және өте қиын

екенін түсінеді, сонымен қатар мектеп қоршаған әлем туралы алған білімдерін іс жүзінде қолданады.

Экологиялық туризм (немесе экотуризм) – бұл сабақтан тыс оқу түрі, рұқсат етілген табиғи аумақтарға экологиялық мақсаттағы саяхат [2]. Бұл сабақтан тыс жұмыстың мақсаты – баланың табиғатты мен мәдени көрікті жерлерді зерттеуі және бұдан ләззат алуы. Туризмнің негізгі міндеті – бірегей ландшафттарды бастапқы түрінде сақтау және табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу.

Экологиялық білім мен тәрбиеде ойындар, атап айтқанда ойын сабақтары үлкен маңызға ие. Ойын әрекеті оқушылардың табиғатқа деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың экологиялық білімді саналы түрде меңгеруіне, мінез-құлқы мен құндылық бағдарын қалыптастыруға ықпал етеді. Келесі экологиялық ойын түрлерін жіктеп көрсетуге болады:

а) жарыс экологиялық ойындары;

ә) рөлдік экологиялық ойындар;

б) имитациялық экологиялық ойындар [6].

Жарыс түріндегі экологиялық ойындар оқушылардың белсенділігін арттыруға, жылдам ойлау қабілетін дамытуға және білімдерін бекітуге бағытталады. Мұндай ойындарда оқушылар жеке немесе топ болып жарысады. Негізгі мақсаты – экологиялық білімді тексеру, тереңдету және қызықты формада қайталау. Мысалы, «Экологиялық викторина», «Кім жылдам?», «Табиғатты қорғаушылар сайысы», «Жас экологтар турнирі» сияқты ойындар оқушылардың зейінін шоғырландырып, бәсекелестік арқылы ынталандырады. Сонымен қатар жарыс ойындары ұжымдық жұмысқа, бір-біріне қолдау көрсетуге, жеңіске жетуге деген жауапкершілікті қалыптастырады.

Рөлдік ойындарда оқушылар белгілі бір кейіпкердің немесе әлеуметтік топтың рөлін орындау арқылы экологиялық мәселелерді әртүрлі көзқарас тұрғысынан түсінеді. Мысалы, «Орман қорғаушысы», «Эколог-ғалым», «Фермер», «Зауыт басшысы», «Қала тұрғыны» сияқты рөлдер арқылы табиғатты пайдалану мен қорғау арасындағы қарама-қайшылықтар ашылады. Мұндай ойындар эмпатияны, әлеуметтік жауапкершілікті және экологиялық шешім қабылдау дағдыларын дамытады. Оқушылар мәселені тек сырттай бақылаушы емес, қатысушы ретінде сезінеді, соның нәтижесінде табиғатқа деген саналы қатынас қалыптасады.

Имитациялық ойындар шынайы экологиялық жағдайларды модельдеуге негізделеді. Бұл ойын түрінде оқушылар нақты өмірдегі табиғи немесе әлеуметтік-экологиялық процестердің ықшамдалған үлгісіне қатысады. Мысалы, «Экологиялық апат аймағын құтқару», «Өзенді тазарту жобасы», «Қаланы көгалдандыру жоспары», «Қоқысты сұрыптау жүйесін енгізу» сияқты тапсырмалар берілуі мүмкін. Имитациялық ойындар оқушылардың зерттеушілік, талдау, жоспарлау және проблеманы шешу

қабілеттерін дамытады. Сонымен қатар олар теориялық білімді практикалық жағдаятта қолдануға мүмкіндік береді.

Осылайша, экологиялық ойындардың әрбір түрі оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда өзіндік қызмет атқарады: жарыс ойындары білімді бекітеді және ынталандырады, рөлдік ойындар құндылықтық қатынас пен жауапкершілікті қалыптастырады, ал имитациялық ойындар практикалық әрекет пен шешім қабылдау дағдыларын дамытады. Сондықтан оларды кешенді түрде қолдану мектеп оқушыларына үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие берудің тиімді құралы болып табылады.

Экологиялық білім берудің шығармашылық, зерттеу түрі – жоба әдісі. Бұл әдіс белгілі бір проблеманы жан-жақты зерттеу арқылы дидактикалық мақсатқа жетуді көздейді және міндетті түрде нақты, практикалық нәтижемен аяқталады. Жоба барысында оқушылар мәселені анықтайды, ақпарат жинайды, бақылау жүргізеді, қорытынды жасап, өз жұмысын көпшілік алдында қорғайды. Сондықтан жоба әдісі оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, зерттеушілік, коммуникативтік және шығармашылық қабілеттерін кешенді түрде дамытады.

Бастауыш сынып оқушыларымен үйірме жұмысы аясында жоба әдісін ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл жастағы балалар үшін жобалар қысқа мерзімді, көрнекі, тәжірибеге негізделген және өмірмен тығыз байланысты болуы тиіс. Сонымен қатар тапсырмалар ойын элементтерімен ұштасып, топтық жұмыс түрінде жүргізілгені тиімді.

Үйірме жағдайында жоба жұмысын ұйымдастыру бірнеше кезең арқылы жүзеге асырылады:

1. Проблеманы таңдау және мақсат қою

Жоба тақырыбы оқушыларға түсінікті әрі олардың күнделікті өмірімен байланысты болуы қажет. Мысалы: «Мектеп ауласын көгалдандыру», «Қоқысты бөлек жинау не үшін қажет?», «Құстарға қамқорлық», «Суды үнемдеу жолдары». Мұғалім балалармен әңгіме жүргізу арқылы мәселені нақтылап, жобаның мақсаты мен күтілетін нәтижесін анықтайды.

2. Жоспарлау кезеңі

Бұл кезеңде оқушылар не істеу керектігін, қандай материалдар қажет екенін, жұмысты қалай орындайтынын анықтайды. Бастауыш сыныпта жоспар мұғалімнің жетекшілігімен құрылады. Тапсырмалар шағын, нақты және түсінікті болуы тиіс. Мысалы, «Құстарға қамқорлық» жобасында: құстар туралы мәлімет жинау, жем дайындау, ұя немесе жемсалғыш жасау, бақылау жүргізу.

3. Іс-әрекеттік кезең (жобаны орындау)

Бұл – жобаның негізгі бөлігі. Оқушылар тәжірибе жасап, бақылау жүргізіп, табиғатпен тікелей әрекеттеседі. Үйірме жұмысы аясында бұл кезең өте нәтижелі өтеді, өйткені уақыт шектеуі аз және практикалық

жұмыстарға мүмкіндік көп. Мысалы: мектеп ауласына гүл отырғызу, қалдықтарды сұрыптау бұрышын ұйымдастыру, өсімдіктің өсуін бақылау күнделігін жүргізу, су үнемдеу бойынша тәжірибе жасау.

4. Нәтижені рәсімдеу

Жобаның соңында оқушылар өз жұмысының нәтижесін көрнекі түрде ұсынады. Бастауыш сыныпта нәтиже нақты әрі көзге көрінетін болуы маңызды: плакат немесе альбом, макет, фотокөрме, шағын бейнеролик, дайын өнім (жемсалғыш, көшет отырғызылған гүлзар т.б.).

5. Қорғау және бағалау

Оқушылар өз жобасын сынып алдында немесе мектепішілік шарада таныстырады. Бұл кезең сөйлеу дағдысын, өз ойын дәлелдеп айту қабілетін қалыптастырады. Бағалау кезінде тек нәтижеге емес, оқушының белсенділігіне, ынтасына және топпен жұмыс істеуіне назар аударылады.

Жоба әдісін үйірме аясында қолданудың тәрбиелік маңызы ерекше. Ол оқушылардың табиғатқа жанашырлық сезімін қалыптастырып, экологиялық жауапкершілігін арттырады, өз еңбегінің нәтижесін көруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар балалар қоршаған ортаны қорғау – тек теориялық ұғым емес, нақты әрекет екенін түсінеді.

Осылайша, жоба әдісі бастауыш сынып оқушыларына экологиялық білім берудің ең тиімді практикалық құралдарының бірі болып табылады. Ол оқушыларды белсенді әрекетке тартып, табиғатты қорғауға бағытталған тұрақты мінез-құлық пен экологиялық мәдениетті қалыптастыруға негіз болады.

Бастауыш мектептегі экологиялық үйірме жұмысы оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие берудің бастапқы әрі аса маңызды кезеңі болып табылады. Дегенмен, экологиялық мәдениетті қалыптастыру тек осы кезеңмен шектелмейді. Керісінше, бастауыш сыныпта қаланған құндылықтар, түсініктер мен мінез-құлық дағдылары кейінгі орта және жоғары сыныптарда жүйелі түрде дамытылып, тереңдетілуі тиіс. Өйткені экологиялық сананың қалыптасуы – ұзақ мерзімді, үздіксіз педагогикалық үдеріс.

Бастауыш буында балалар табиғатқа эмоционалды-құндылықтық қатынас қалыптастырып, қарапайым экологиялық нормаларды меңгереді. Ал орта буында бұл білім ғылыми түсініктермен толықтырылады: экожүйелердің қызметі, табиғи ресурстарды пайдалану мәселелері, аймақтық және жаһандық экологиялық проблемалар туралы білім беріледі. Жоғары сыныптарда оқушылар экологиялық мәселелерді кешенді талдауға, ғылыми-зерттеу жүргізуге, әлеуметтік маңызы бар жобаларға қатысуға қабілетті тұлға ретінде қалыптасады.

Осы тұрғыдан алғанда, бастауыш сыныптағы үйірме жұмысы экологиялық білім берудің негізін құрайтын пропедевтикалық кезең қызметін атқарады. Мұнда қалыптасқан қызығушылық, табиғатқа жанашырлық, бақылаушылық және жауапкершілік қасиеттері кейінгі оқу сатыларында саналы экологиялық көзқарасқа ұласады. Егер бұл

сабақтастық сақталса, мектеп түлегі тек экологиялық білімді меңгерген адам ғана емес, табиғатты қорғау ісіне белсенді қатысатын азамат болып қалыптасады.

Сондықтан білім беру жүйесінде экологиялық тәрбиені бір реттік іс-шаралармен немесе белгілі бір пән аясымен шектеу тиімсіз. Ол мектепке дейінгі кезеңнен бастап, жалпы орта білім берудің барлық деңгейлерінде жалғасатын тұтас жүйе ретінде ұйымдастырылуы қажет. Үйірме жұмысы осы жүйенің бастау нүктесі әрі қозғаушы күші болып табылады.

Қорыта айтқанда, экологиялық үйірме – бастауыш мектеп оқушыларына үздіксіз экологиялық білім берудің тиімді де маңызды формасы. Ол балалардың табиғат туралы алғашқы ғылыми түсініктерін қалыптастырып қана қоймай, табиғатқа эмоционалды-құндылықтық қатынасын, жауапкершілік сезімін және экологиялық мінез-құлқын дамытады. Үйірме аясында ұйымдастырылатын экскурсиялар, ойындар, жобалық жұмыстар мен практикалық әрекеттер оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, алған білімін өмірлік тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік береді.

Бастауыш буында қалыптасқан экологиялық мәдениеттің негізі кейінгі оқу сатыларында жүйелі түрде дамытылған жағдайда ғана тұрақты нәтижеге қол жеткізуге болады. Сондықтан экологиялық білім беру үздіксіз, сабақтастық принципіне негізделген тұтас педагогикалық жүйе ретінде қарастырылуы тиіс.

Қазіргі жаһандық экологиялық дағдарыс жағдайында табиғатқа жауапкершілікпен қарайтын, экологиялық тұрғыдан сауатты тұлғаны тәрбиелеу – білім беру жүйесінің стратегиялық міндеттерінің бірі. Осы міндетті жүзеге асыруда мектептегі экологиялық үйірмелер ерекше орын алады, өйткені олар оқушылардың табиғатты тануына ғана емес, оны қорғауға бағытталған белсенді азаматтық ұстанымының қалыптасуына негіз қалайды.

Демек, экологиялық үйірме болашақта қоршаған ортаның тұрақты дамуын қамтамасыз ететін экологиялық мәдениеті жоғары ұрпақты тәрбиелеудің маңызды педагогикалық тетігі болып табылады.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:


1. Коммонер Б. Замыкающийся круг. – Л.: Гидрометеоиздат, 1974. – 280 с.
2. Писарик В. М. Экологическая культура: Учебное пособие. Минск. – 2018. – 312 с.
3. Асқарова, Ұ. Б. Экология және қоршаған ортаны қорғау: оқу құралы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2005. – 90 бет.
4. Бейсенова Ә.С., Самақова А.Б., Есполов Т.И., Шілдебаев Ж.Б. Экология және табиғатты тиімді пайдалану. Оқулық. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2004 ж. – 328 б.
5. Дерябо С. Д., Ясвин В. А. Экологическая педагогика и психология. Ростовна-Дону. Феникс, 1996. – 212 с.
6. Ласкина Л.Д. и др. Экологическое образование младших школьников
7. Волгоград: Учитель, 2011. – 170 с.

# ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ КЕЙБІР ЖОЛДАРЫ

***Шәкен А.Ж.***
*Павлодар педагогикалық университетінің студенті,*
***Асенова Н.С.***
*ғылыми жетекші: п.ғ.к., Павлодар педагогикалық университеті ПЖМ профессоры.*

**Аннотация**. Мақалада оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруда цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланудың теориялық негіздері қарастырылады. Зерттеуде цифрлық білім беру ресурстарының оқушылардың танымдық белсенділігіне тигізетін әсерін зерделенген, оны пайдаланудың алғышарттары мен ерекшеліктері көрсетілген. Сонымен бірге оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыру үдерісінде цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану кезінде туындайтын бірқатар қайшылықтар анықталған.

**Аннотация**. В статье рассматриваются теоретические основы использования цифровых образовательных ресурсов для повышения познавательной активности учащихся. Исследуется влияние этих ресурсов на активность обучающихся, раскрываются условия и особенности их применения. Также выявлены противоречия, возникающие в процессе формирования познавательной активности при использовании цифровых ресурсов.

**Annotation**. The article examines the theoretical foundations of using digital educational resources to enhance students' cognitive activity. It analyzes their impact on learners' engagement and outlines conditions and features of their use. The study also identifies contradictions arising in the process of developing cognitive activity through digital resources.

**Кілт сөздер***:* танымдық белсенділік, цифрлық білім беру ресурстары, оқушылар, теория

**Ключевые слова***:* познавательная активность, цифровые образовательные ресурсы, учащиеся, теория

**Key words***:* cognitive activity, digital educational resources, pupil, theory

Қазіргі қоғамда орын алып отырған әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістер білім беру жүйесінің басымдықтарын қайта қарауды талап етеді. Білім мазмұнының жаңартылуы мен білім беру үдерісінің цифрлануы жағдайында оқушылардың танымдық әрекетке белсенді қатысуын, өздігінен білім алуға ұмтылысын және оқу үдерісіне саналы көзқарасын қалыптастыру ерекше маңызға ие. Осы тұрғыдан алғанда, оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту білім беру жүйесінің өзекті міндеттерінің бірі болып табылады.

Цифрлық білім беру ресурстары білім оқушылардың оқу іс-әрекетіне деген қызығушылығын арттыруға, дербестігін дамытуға, өз мүмкіндіктеріне деген сенімділігін қалыптастыруға, сондай-ақ өзін-өзі жүзеге асыру мен шығармашылық белсенділігін дамытуға ықпал етеді. Цифрлық білім беру ресурстарын қолдану оқу материалын көрнекі әрі интерактивті түрде ұсынуға, күрделі үдерістер мен құбылыстарды модельдеу және

визуализациялау арқылы тереңірек меңгеруге мүмкіндік береді. Осыған байланысты оқушылардың танымдық белсенділігін цифрлық білім беру ресурстары арқылы арттыру мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр.

Педагогикада белсенділік жеке дара ұғым ретінде емес, көбінесе саналылықпен және тұлғаның белсенділігімен байланыста қарастырылады. Тұлғаның белсенділігі адамның әлемге деген әрекеттік қатынасын, қоғамдық-тарихи тәжірибені меңгеру негізінде материалдық және рухани ортаны өзгерту қабілетін білдіреді. Ол шығармашылық іс-әрекетте, ерік-жігер актілерінде және қарым-қатынаста көрініс табады. Ш.А. Амонашвили іс-әрекет құрылымына сүйене отырып, танымдық белсенділіктің келесі компоненттерін айқындайды: белсенділікті қозғайтын мотив; дидактикалық тұрғыда ұйымдастырылған таным нысаны; нысанды меңгеруге бағытталған әрекет тәсілдері мен құралдары; білім алушының танымдық мүмкіндіктері мен меңгерілетін нысан арасындағы педагогтің делдалдық рөлі; танымдық белсенділіктің нәтижесі [1].

Педагогикалық әдебиеттерде «белсенділік» ұғымы негізінен екі мағынада қолданылады: біріншісі – белгілі бір әрекет немесе қарым-қатынас барысында көрінетін белсенді күй; екіншісі – тәрбиенің маңызды мақсаттарының бірі болып табылатын тұлғалық қасиет. Т.И. Шамова белсенділікті оқу іс-әрекетінің мақсаты, құралы және нәтижесі ретінде қарастырып, оның білім алушының дамуы үшін маңызды екенін негіздейді [2].

Қазіргі жағдайда танымдық қызығушылықты тұлға дамуының жетекші ынталандырушысы ретінде зерттеу мәселесі педагогтер мен психолог-зерттеушілердің ерекше назарын аударып отыр. Танымдық қызығушылық кез келген зерттеуде тұлғаны тәрбиелеу мен дамытудың жалпы проблемасының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Г.И. Щукина танымдық қызығушылықты тұлғаның білім мазмұнына және оны меңгеру үдерісіне бағытталған таңдамалы бағыттылығы ретінде анықтайды [3].

Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану оқушылардың жеке және дербес оқу әрекетін ұйымдастыруға, сабаққа дайындалу мен жобалық әдіс арқылы үй тапсырмаларын орындауға мүмкіндік береді, сондай-ақ олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға жаңа жағдайлар жасайды. Педагог жобаның тақырыбын білім алушының жеке қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін ескере отырып айқындайды. Бұл жағдайда білім алушы материалды ұсыну формасын өз бетінше таңдап, шығармашылық әлеуетін жүзеге асыра алады. Бұл үдерісте анимация, бейнематериалдар, дыбыстық сүйемелдеу, интерактивті элементтер, кестелер, графиктер мен мәтіндер сияқты оқу кешенінің барлық компоненттері тиімді қолданылады.

Қазіргі білім беру жүйесінің дамуы оқу үдерісіне цифрлық технологияларды кеңінен енгізумен сипатталады. Бұл үрдіс қоғамның цифрлық трансформациясымен, білім беру мазмұнының жаңаруымен және оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетіне қойылатын талаптардың өзгеруімен тығыз байланысты. Осы жағдайларда оқушылардың танымдық

белсенділігін қалыптастыру мәселесі өзекті педагогикалық міндеттердің біріне айналып отыр [4].

Оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастырудың негізгі педагогикалық шарттарының бірі – цифрлық білім беру ресурстарын оқу үдерісінде мақсатқа сай және әдістемелік тұрғыдан негізделген түрде қолдану. Цифрлық ресурстар оқу материалын көрнекі, интерактивті және құрылымдалған түрде ұсынуға мүмкіндік беріп, оқушылардың оқу мазмұнын қабылдауын жеңілдетеді және оқу әрекетіне деген қызығушылығын арттырады.

Цифрлық білім беру ресурстары деп оқу процесін ұйымдастыруға қажетті фотосуреттер, бейнематериалдар, статикалық және динамикалық модельдер, виртуалды шындық объектілері, интерактивті модельдер, картографиялық материалдар, дыбыстық жазбалар, графикалық және мәтіндік құжаттар сияқты цифрлық форматта ұсынылған оқу материалдары түсіндіріледі.

Қазіргі мектепте сабақтардың ерекшеліктерінің бірі – білім беру стандарттарында белгіленген талаптарды іске асыру болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық білім беру ресурстарын қолдану жоспарланған оқу нәтижелеріне жету үдерісін жеделдетіп, әмбебап оқу әрекеттерін қалыптастырудың тиімділігін арттырады.

Дәстүрлі оқыту жүйесінде білімді дайын күйінде меңгерту басым болса, қазіргі ақпараттық-білім беру ортасы оқушылардың танымдық мәселелерді қою және шешу, ақпаратты іздеу, өңдеу, қолдану және жаңа мазмұн құрастыру дағдыларын дамытуға бағытталған. Бастауыш сыныптарда оқу әрекетін жандандыру мақсатында презентациялар, интерактивті құралдар, графикалық бейнелер, аудио және бейнематериалдар жасауға арналған қолданбалы компьютерлік бағдарламалар кеңінен қолданылады.

Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану оқу процесінде бірқатар мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, көрнекі әрі тартымды материалдарды қолдану арқылы сабақтың мазмұнын байытуға, тақырыпты бекітуге арналған дидактикалық тапсырмаларды тиімді ұйымдастыруға, білімді бақылау мен тексеруге кететін уақытты қысқартуға, оқушылардың дербестігі мен өзін-өзі бақылау дағдыларын дамытуға, сабақтағы орындалатын жұмыс көлемін арттыруға, саралап оқытуды жүзеге асыруға, электрондық кітапханалар мен интернет ресурстарын пайдалануға, сондай-ақ зерттеушілік қабілеттерді қалыптастыруға мүмкіндік туады.

Оқу құралы ретінде цифрлық білім беру ресурстары дәстүрлі оқыту құралдарымен салыстырғанда бірқатар артықшылықтарға ие. Олардың қатарында мультимедиялық сипат, яғни мәтін, графика, бейне, анимация және дыбысты бір уақытта қолдану; интернет арқылы еркін қолжетімділік; интерактивтілік; сондай-ақ әмбебаптық қасиет бар. Әмбебаптық мұғалімге оқу материалын оқу-әдістемелік кешенге тәуелсіз түрде, өз педагогикалық мақсатына сәйкес ұсынуға мүмкіндік береді. Сабақ барысында цифрлық

ресурстарды қолдану белгілі бір талаптарды сақтауды қажет етеді. Атап айтқанда, олардың қолданылуы нақты мақсатқа сай болуы, сабақ құрылымының динамикалық ұйымдастырылуы және бастауыш сынып оқушылары үшін компьютермен жұмыс істеудің уақыттық нормаларының қатаң сақталуы маңызды [5].

Цифрлық интернет-ресурстарды сабақта қолдану планшеттер, компьютерлер мен интерактивті тақталар арқылы оқу процесін көрнекі әрі мазмұнды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде оқуға деген қызығушылықты арттырып, оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруға оң әсер етеді.

Маңызды педагогикалық шарттардың бірі – цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану арқылы мотивациялық тұрғыдан байытылған білім беру ортасын қалыптастыру. Интерактивті платформалар, мультимедиялық материалдар, цифрлық тренажерлер мен оқыту элементтері оқушылардың эмоциялық қызығушылығын оятып, оқу әрекетіне оң қатынас қалыптастыруға ықпал етеді. Оң эмоциялық ахуал танымдық белсенділіктің артуына және білімнің сапалы меңгерілуіне жағдай жасайды.

Сонымен қатар, цифрлық құралдарды пайдалану барысында санитарлық-гигиеналық және психофизиологиялық нормаларды сақтау қажеттілігі ерекше мәнге ие. Оқу іс-әрекетін ұтымды ұйымдастыру, оқу жүктемесін реттеу және цифрлық ресурстарды дәстүрлі оқыту әдістерімен үйлестіру оқушылардың денсаулығын сақтауға және оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Танымдық белсенділікті қалыптастыру цифрлық білім беру ресурстарын оқу сабақтарының тұтас құрылымына кіріктіруді талап етеді. Цифрлық құралдар оқу мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жүйелі түрде қолданылған жағдайда ғана тиімді нәтиже береді. Олар білімді өзектендіру, жаңа материалды меңгеру, бекіту, бақылау және рефлексия кезеңдерінде оқу үдерісінің біртұтас логикасын қамтамасыз етеді [6].

Цифрлық білім беру ресурстарын оқушылардың білімін ағымдық бақылау барысында қолдану арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету және әр білім алушының жеке компьютерлік жұмыс орны болған жағдайда аса тиімді болады. Мұндай жағдайда сыныптық немесе топтық жұмыс жеке оқу әрекетіне жақындай түседі. Сонымен қатар интерактивті цифрлық білім беру ресурстары материалдары таратпа материалдарды (электронды және баспа) дайындауда, білім мен біліктерді бекіту мен пысықтауда, оқытушы тестілеу арқылы рефлексия мен өзіндік рефлексияны ұйымдастыруда кеңінен қолданылады.

Қашықтан оқыту жағдайында цифрлық білім беру ресурстары білім алушыға және оның ата-анасына оқу материалдарымен танысуға, зертханалық және тест тапсырмаларын орындауға мүмкіндік береді, сондай-ақ уақытша оқуға қатыса алмайтын немесе үйде оқитын білім оқушылар үшін тиімді құрал болып табылады.

Мектепте белгілі бір пәндер мен бағыттар бойынша жинақталған цифрлық білім беру ресурстары деректер қорының қалыптастырылуы мұғалімдер мен оқушыларға қажетті ресурстарды жедел әрі қолжетімді таңдауға жағдай жасайды.

Қазіргі білім беру жағдайында педагог көпқырлы кәсіби рөлдерді атқарады. Ол оқу үдерісін ұйымдастырушы ғана емес, сонымен қатар білім беру траекторияларын жобалаушы, тьютор, жобалық оқытуды ұйымдастырушы, цифрлық білім беру платформаларының үйлестірушісі, ментор және заманауи педагогикалық технологияларды меңгерген маман ретінде әрекет етеді. Осыған байланысты педагог білім беруді ақпараттандыру үдерісінен тыс қалмай, оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруда заманауи талаптарға сай кәсіби құзыреттілігін үнемі жетілдіріп отыруы қажет.

Осылайша, оқущылардың танымдық белсенділігін қалыптастырудың негізгі ерекшеліктеріне төмендегілер жатады:

- оқу үдерісін ұйымдастыру барысында цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, белсенді оқыту формалары мен әдістерін (проблемалық оқыту, ойын технологиялары, жобалық және зерттеушілік іс-әрекет) жүйелі түрде қолдану;

- цифрлық білім беру ресурстарын кіріктіру арқылы сабақтарда қызықтылық факторын іске асыру, атап айтқанда дидактикалық ойындар, жұмбақтар, викториналар, ребустар және өзге де интерактивті тапсырмаларды пайдалану арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру;

- білім беруді цифрлық трансформациялау жағдайында педагогтің көпқырлы кәсіби рөлдерді (ұйымдастырушы, бағыттаушы, кеңесші, фасилитатор және т.б.) тиімді жүзеге асыруы.

Балалардың дербестігі мен бастамашылдығы цифрлық білім беру ресурстарының көмегімен олардың танымдық іс-әрекетке және шығармашылыққа белсенді араласуына ықпал етеді. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, мектепке дейінгі жаста ойлау негізінен көрнекі-әрекеттік және көрнекі-бейнелік сипатта болады. Бұл баланың интеллектуалдық дамуын ең алдымен танымдық үдерістердің дамуымен байланысты күрделі құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Таным үдерісі бұл кезеңде көбіне эмоциялық-бейнелік сипатқа ие болғанымен, дәл осы жаста баланың зияткерлік даму мүмкіндіктері өте жоғары болады. Осы кезеңде жіберілген олқылықтар кейінгі даму сатыларында, әсіресе мектепте оқыту барысында, теріс әсер етуі мүмкін. Сондықтан мектепке дейінгі және бастауыш кезеңдерде баланың ақыл-ой дамуына ерекше көңіл бөлу қажет.

Оқушылардың танымдық белсенділігін цифрлық білім беру ресурстары арқылы қалыптастырудың педагогикалық шарттарының жеткілікті деңгейде әзірленбеуі келесідей қайшылықтардан көрініс табады:

- қоғамның танымдық белсенді, дербес ойлайтын тұлғаны қалыптастыруға деген сұранысы мен бұл үдерісті іске асырудың теориялық тұрғыдан жеткіліксіз негізделуі арасындағы;

- цифрлық білім беру ресурстарының кең мүмкіндіктері мен оларды танымдық белсенділікті қалыптастыруда қолданудың ғылыми тұрғыдан жеткіліксіз зерттелуі арасындағы;

- танымдық белсенділікті мақсатты түрде қалыптастыру қажеттілігі мен осы үдерісті іске асыруға арналған педагогикалық шарттардың жеткіліксіз айқындалуы арасындағы.

Әрбір жас кезеңінде цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану арқылы танымдық белсенділікті қалыптастыруға қажетті жағдайларды мақсатты түрде ұйымдастыру маңызды. Танымдық белсенділік кейде жағдаяттық сипатта көрінсе, кейде тұрақты тұлғалық қасиет ретінде қалыптасады. Мұндай тұрақты белсенділік бастамашылдықпен, дербестікпен және іс-әрекетке оң қатынаспен сипатталады. Ерте жас кезеңдерінде бала ересектердің педагогикалық ықпалына аса сезімтал келеді, сол себепті әртүрлі әдістер мен тәсілдер кешені арқылы оның танымдық белсенділігі қалыптасып, ойлау, қабылдау, ес, зейін және сөйлеу сияқты психикалық үдерістер дамиды.

Г.К. Селевконың пікірінше, оқытудың ойын әдістері оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, білімді меңгеру сапасын жақсартуға ықпал етеді және заманауи педагогикалық технологиялардың дербес құрамдас бөлігі ретінде көрінеді. Ойын элементтерін пайдалану оқу сабақтарын эмоциялық тұрғыдан байытып, бұл оқушылардың танымдық белсенділігіне оң әсерін тигізеді. Ойын үдерісінде пайда болатын эмоциялық әсерлер психикалық функцияларды жандандырып қана қоймай, бұрын меңгерілген білімді жаңа, стандарттан тыс оқу жағдайларында қолдануға мүмкіндік береді, осылайша оқытудың практикалық бағыттылығын қамтамасыз етеді [7].

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып сабаққа дайындалу педагогтен үлкен еңбекті талап ететін шығармашылық үдеріс болып табылады. Бұл үдеріс педагог пен білім алушы үшін де шығармашылық сипатқа ие. Цифрлық білім беру ресурстары мен ақпараттық технологияларды жүйелі пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруға ықпал етіп, «қызығушылықтан – таңдануға, таңданудан – белсенді ізденіске, одан – терең білім мен ғылыми ізденіске» негізделген танымдық дамудың бірізділігін қамтамасыз етеді.

Педагогикалық зерттеу Павлодар қаласындағы №22 жалпы орта білім беретін мектептің 4-сынып оқушылары арасында жүргізілді. Экспериментке барлығы 54 оқушы қатысып, 4 «Е» сыныбы – эксперименттік топ, ал 4 «Д» сыныбы – бақылау тобы ретінде алынды. Зерттеу үш кезеңде ұйымдастырылды: анықтаушы, қалыптастырушы және бақылау.

Анықтаушы кезеңнің мақсаты – оқушылардың танымдық белсенділігінің бастапқы деңгейін анықтау болды. Зерттеу барысында танымдық белсенділіктің құрылымына сәйкес оның құндылық-мотивациялық, реттеушілік және интеллектуалдық компоненттері бойынша диагностика жүргізілді.

Диагностикалық зерттеу келесі әдістемелер негізінде жүргізілді:

- В.С. Юркевич әзірлеген «Танымдық қажеттіліктің қарқындылығын анықтау» әдістемесі, ол оқушылардың оқу мотивациясы мен танымдық қызығушылық деңгейін анықтауға бағытталған;
- А.З. Закты «Логикалық тапсырмалар» әдістемесі, ол оқушылардың іс-әрекетін жоспарлау және реттеу біліктерінің қалыптасуын талдауға мүмкіндік береді;
- Э.Ф. Замбацявичене ұсынған бастауыш сынып оқушыларының ақыл-ой дамуы деңгейін анықтауға арналған стандартталған әдістеме, ол оқушылардың интеллектуалдық дамуын диагностикалауға бағытталған.

«Танымдық қажеттіліктің қарқындылығын анықтау» әдістемесі оқушылардың танымдық белсенділігінің құндылық-мотивациялық құрамдасын анықтауға бағытталған. Әдістемені қолдану барысында оқушыларға интеллектуалдық және оқу іс-әрекетіне қатысты өз қалауларын сипаттайтын жауап нұсқаларын таңдау ұсынылды.

Аталған әдістеме негізінде алынған құндылық-мотивациялық компонент бойынша диагностикалық нәтижелер 1-кесте мен 1-суретте көрсетілген.

*Кесте 1 – Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін диагностикалау нәтижелері*

| Деңгейлер | Эксперименттік топ | | Бақылау тобы | |
|---|---|---|---|---|
| | оқушылар саны | % | оқушылар саны | % |
| Жоғары | 2 | 7% | 3 | 12% |
| Орташа | 23 | 82% | 19 | 73% |
| Төмен | 3 | 11% | 4 | 15% |




*Сурет 1 – Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін диагностикалау нәтижелері*

1-кестеде келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, эксперименттік және бақылау топтарындағы білім оқушылардың танымдық белсенділігі бойынша қалыптасу деңгейлеріне талдау жасалды.

Эксперименттік топта жоғары деңгей 2 оқушыда (7%), ал бақылау тобында 3 оқушыда (12%) анықталды. Бұл екі топта да оқу мотивациясы жоғары және тұрақты танымдық қызығушылығы бар оқущылар үлесінің аз екенін көрсетеді, алайда бақылау тобында бұл көрсеткіш біршама жоғары.

Екі топта да ең көп үлесті орта деңгей құрайды: эксперименттік топта — 23 оқушы (82%), бақылау тобында — 19 оқушы (73%). Бұл оқушылардың басым бөлігінде танымдық белсенділік орта деңгейде қалыптасқанын, яғни мотивацияның тұрақсыз және көбіне сыртқы факторларға тәуелді екенін білдіреді.

Төмен деңгейді эксперименттік топтағы 3 оқушы (11%) және бақылау тобындағы 4 оқушы (15%) көрсетті. Төмен деңгейдегі оқушылардың болуы оқу мотивациясының жеткіліксіз қалыптасқанын және танымдық қызығушылықтың әлсіздігін айғақтайды.

Жалпы алғанда, анықтаушы кезеңде эксперименттік және бақылау топтары арасында айтарлықтай айырмашылық байқалмайды. Алынған нәтижелер оқущылардың танымдық белсенділігінің құндылық-мотивациялық компонентін қалыптастыру бойынша мақсатты педагогикалық жұмысты ұйымдастырудың қажеттілігін дәлелдейді.

Бұл зерттеуде қалыптастырушы кезеңнің негізгі мақсаты – оқушылардың танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған оқу сабақтарын әзірлеу және оларды тәжірибеге енгізу болды. Эксперименттік жұмыстың негізін цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдалану және оқытудың белсенді әдістерін (ойын, жобалық технологиялар) қолдану сияқты педагогикалық шарттар құрады.

Зерттеу барысында iMektep, BilimLand, Online Mektep, TopIQ.kz сияқты цифрлық платформалар жүйелі түрде қолданылып, әсіресе TopIQ.kz ресурсының мүмкіндіктері кеңінен пайдаланылды. Бұл платформа оқу материалын интерактивті түрде ұсынуға, оқушылардың оқу-танымдық әрекетін белсендіруге және білім нәтижелерін бақылауға мүмкіндік берді.

Жаратылыстану пәні бойынша өсімдіктің құрылысы мен оның бөліктерінің қызметін меңгеруге бағытталған тапсырма. Бұл тапсырма барысында оқушылар бейнежазбаны қарап, өсімдіктің негізгі бөліктерін (тамыр, сабақ, жапырақ, гүл, жеміс) олардың атауларымен сәйкестендіреді.




*2-сурет*

*3-сурет*

Интерактивті форматта ұсынылған тапсырмада оқушылар өсімдік бөліктерінің бейнелерін тиісті орындарға орналастыру арқылы олардың құрылымдық ерекшеліктерін және атқаратын қызметтерін анықтайды. Сонымен қатар, тапсырмада «Тамыр мен сабақ қандай қызмет атқарады?» 2-2-сурет деген сұрақ арқылы оқушылардың түсінігін тереңдету көзделген.

Келесі тапсырма жаратылыстану пәні аясында оқушылардың табиғат нысандарын ажырату және оларды жүйелеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. 3-сурет Тапсырмада әртүрлі табиғи нысандардың (бұлт, құс, тау, балық, тас, мысық) бейнелері ұсынылған.

Аталған тапсырмалар оқушылардың талдау, салыстыру, жіктеу және жалпылау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ол табиғаттағы тірі және өлі нысандардың ерекшеліктерін түсінуге, олардың негізгі айырмашылықтарын анықтауға бағытталған. Көрнекілік пен интерактивтіліктің үйлесуі оқу үдерісінің тиімділігін арттырып, оқушылардың танымдық белсенділігін күшейтеді.

Сонымен қатар, есте сақтау мен зейінді дамытуға арналған ойын элементтері, салыстыру, талдау және жіктеу тапсырмалары қолданылып, оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға жағдай жасалды. Тапсырмалар оқушылардың білімді тәжірибеде қолдануына, өздігінен жұмыс жасауына және өзін-өзі бақылауына мүмкіндік берді.

14. Малофеев Н. Н. Инклюзивное образование в контексте современной социальной политики // Воспитание и обучение детей с нарушениями развития. — 2009. — № 6.
15. Джонсон Д., Джонсон Р. Методы обучения. Обучение в сотрудничестве. — СПб. Экономическая школа, 2001.

# ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ҚҰРАЛДАРЫН БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

***Хабдырақпан Ж., Иманаева А.***
*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің*
***Баймурзина Б.Ж.***
*Ғылыми жетекшісі: оқытушы-эксперт:*

**Аннотация.** Заманауи цифрлық қоғам жағдайында STEM, AR/VR, виртуалды зертханалар, геймификация сияқты технологиялар оқу процесінің ажырамас бөлігіне айналып, оқушыларды жаңа форматтағы білім алуға және болашақ кәсіби ортаға дайындауға мүмкіндік береді. Сабақ барысында мұндай технологияларды қолдану биологиялық құбылыстарды терең түсінуге, күрделі процестерді визуализациялауға, тәжірибелерді қауіпсіз орындауға жағдай жасайды. Инновациялық құралдар дәстүрлі оқыту әдістерімен салыстырғанда білімді игеруді жеңілдетіп, оқушылардың белсенділігін арттыратыны және оқытудың тиімділігін қалай жоғарылататыны зерттеу барысында жан-жақты түсіндіріледі.

**Түйінді сөздер:** STEM, AR/VR технологиялары, виртуалды зертханалар, геймификация, биологияны оқыту, цифрлық білім беру, оқыту тиімділігі.

**Аннотация.** В условиях современного цифрового общества такие технологии, как STEM, AR/VR, виртуальные лаборатории и геймификация, становятся неотъемлемой частью образовательного процесса, позволяя подготовить учащихся к новому формату обучения и будущей профессиональной среде. Использование данных технологий на уроках способствует более глубокому пониманию биологических явлений, визуализации сложных процессов и безопасному проведению экспериментов. В ходе исследования подробно рассматривается, каким образом инновационные инструменты, по сравнению с традиционными методами обучения, облегчают усвоение знаний, повышают активность учащихся и увеличивают эффективность обучения.

**Ключевые слова:** STEM, AR/VR технологии, виртуальные лаборатории, геймификация, обучение биологии, цифровое образование, эффективность обучения.

**Abstract.** In the context of the modern digital society, technologies such as STEM, AR/VR, virtual laboratories, and gamification are becoming an integral part of the educational process, enabling students to adapt to new learning formats and prepare for future professional environments. The use of these technologies in the classroom promotes a deeper understanding of biological phenomena, facilitates the visualization of complex processes, and ensures the safe conduct of experiments. The study comprehensively explains how innovative tools, compared to traditional teaching methods, simplify knowledge acquisition, increase student engagement, and enhance the overall effectiveness of learning.

**Keywords:** STEM, AR/VR technologies, virtual laboratories, gamification, biology education, digital education, learning effectiveness.

Қазіргі заманда биология пәнін оқытуда инновациялық технологияларды енгізу білім беру жүйесінің ақпараттандырылуымен тығыз байланысты. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) білім беру үдерісін жаңғыртып, оқушылардың биологиялық үдерістерді модельдеу, бақылау, талдау қабілеттерін арттырады. АКТ-ны енгізу кезеңдерінің ғылыми негіздері файлдарда көрсетілгендей, білім беруді ақпараттандыру бірнеше кезең арқылы дамып, педагогикалық, психологиялық және технологиялық зерттеулермен қамтамасыз етіледі [1].

Инновациялық технологиялар білім беру үдерісіндегі жаңашылдықты қамтамасыз етеді. Инновация – білім беру үдерісіне жаңа әдістер мен технологияларды енгізу [2].

Инновациялық технологиялардың негізгі ерекшелігі – биология пәнінің мазмұнын визуализациялау, күрделі табиғи үдерістерді цифрлық модельдеу, виртуалды зертханалар қолдану, электронды микроскопия және сандық датчиктер арқылы тәжірибелер жүргізу мүмкіндігі. Білім алушылар ақпараттық ортада биологиялық объектілерді зерттеп, тәжірибелердің нәтижесін автоматтандырылған түрде талдай алады [1]. Бешімбаеваның «Білім беруде АКТ қолдану әдістемесінде» сипатталғандай, білім алушы мен мұғалім әрекеттерін автоматтандырудың білім сапасын арттыруға ықпал ететіндігімен сәйкес келеді.

Бұл биология пәнінде мультимедиялық анимациялар, виртуалды зертханалық жұмыстар, электрондық микроскопия, интерактивті модельдер қолданудың әдістемелік негізін құрайды. Биология пәнінде инновациялық технологияларды қолдану оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып, күрделі биологиялық үдерістерді көрнекі түрде меңгеруге мүмкіндік береді. Инновациялық орта оқытуды жандандырып, оқушылардың зерттеушілік және талдау дағдыларын дамытады.

Артықшылықтары: Инновациялық технологиялар (AR/VR, виртуалды зертханалар, симуляциялар) биологияны оқытуды тиімді әрі тартымды етеді. Олар күрделі биологиялық үдерістерді көрнекі түрде түсіндіруге, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға және оқу материалын терең меңгеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тәжірибелерді қауіпсіз

орындауға, оқу процесін дараландыруға және зерттеушілік дағдыларды дамытуға жағдай жасайды [5].

Кемшіліктері: Инновациялық технологияларды қолдануда инфрақұрылымның жеткіліксіздігі, техникалық құралдардың жетіспеуі және AR/VR жабдықтарының қымбаттығы қиындық туғызады. Сонымен қатар, мұғалімдердің АКТ құзыреттілігінің жеткіліксіздігі және кейбір бағдарламалардың оқу мақсаттарына толық сәйкес келмеуі олардың тиімді қолданылуын шектейді.[6]

Қорытындылай келе, инновациялық технологиялар биологияны оқытудың сапасын арттыруға зор мүмкіндік береді. Тиісті материалдық база мен мұғалімдердің кәсіби дайындығы қамтамасыз етілсе, бұл технологиялар оқу үрдісін жаңа деңгейге көтереді.

Виртуалды экскурсиялар биологияны оқытуда оқу мазмұнын тереңдетудің, оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың және дамыта оқыту қағидаларын іске асырудың тиімді құралдарының бірі болып табылады. Бұл технология оқу үдерісін цифрлық ортада қайта құру арқылы оқушыны белсенді субьект деңгейіне көтереді.

АКТ оқушылардың ақпараттық ізденісін, талдау дағдысын және өздігінен білім алу қабілетін дамытады. Виртуалды экскурсиялар дәл осы дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді, себебі оқушылар табиғи нысандарды, экожүйелерді, биологиялық үдерістерді интерактивті форматта зерттеп, өз бетінше қорытынды жасай алады [1].

Биология сабағында да, сыныптан тыс жұмыстарда да виртуалды экскурсиялар оқушының танымдық белсенділігін арттырып, табиғатты ғылыми тұрғыдан түсінуін тереңдетеді, әрі дамыта оқытудың негізгі қағидаларын толық жүзеге асыруға жағдай жасайды [3].

Биологияны оқытуда AR/VR, виртуалды зертханалар және STEM бағытындағы цифрлық платформаларды пайдалану оқушыларға табиғат құбылыстарын, анатомиялық құрылымдарды және күрделі биологиялық үдерістерді визуалды әрі интерактивті түрде зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл ресурстар оқушылардың кеңістіктік ойлауын дамытады, зертханалық жұмыстарды қауіпсіз орындауға жағдай жасайды, сондай-ақ пәнге деген қызығушылығын күшейтеді.[4]

AR/VR, виртуалды зертханалар және STEM ресурстары биология пәні үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Олар:

- биологиялық үдерістерді көрнекі және қауіпсіз түсіндіреді;
- зертханалық жұмысты нақты және тиімді түрде модельдейді;
- оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады;
- күрделі биологиялық тақырыптарды меңгеруді жеңілдетеді;
- зерттеушілік дағды мен кеңістіктік ойлауды дамытады.

Осы ресурстарды сабақ барысында немесе сыныптан тыс жұмыстарда қолдану биологияны оқытудың тиімділігін айтарлықтай арттырады. Инновациялық технологияларды сабақта қолдану үшін жүйелі жоспарлау қажет. Мұндай технологиялар оқу барысын тиімді етсе де, оларды дұрыс

ұйымдастыру мұғалім тарапынан арнайы дайындықты талап етеді. Сабаққа енгізілетін әрбір цифрлық құрал педагогикалық мақсатқа сай, мазмұнмен үйлесімді және оқушы әрекетін белсендіретін болуы тиіс.

Инновациялық технологияларды қолдану кезіндегі негізгі әрекеттер төмендегі кезеңдер бойынша жүзеге асырылады.

Оқу мақсаттарын анықтау

– Мысалы: «Жасушаның құрылымын 3D модель арқылы тану», «Экожүйе динамикасын симуляцияда бақылау».

Форматты таңдау

– AR/VR, виртуалды зертханалар, PHeT симуляциялары, 3D модельдер, биологиялық анимациялар.

Платформаны таңдау

– Labster, PHeT, Biology Labs, STEM платформалары.

Материалды дайындау

– Қажетті құрылғыларды (компьютер, планшет, VR көзілдірік, интернет) алдын ала тексеру. – Сабақ сценариін құру: кіріспе (мотивациялық видео), жаңа материал (VR зерттеу), бекіту (симуляция тәжірибесі), бағалау (онлайн тест).

Тапсырмалар әзірлеу – Оқушылардың белсенділігін арттыру үшін бақылау парақтары, сұрақтар, зерттеу тапсырмалары дайындалады.

Мұғалім оқушылардың жұмысын талдап, жетістіктері мен қиындықтарын бағалайды. Оқушылардан технологияның тиімділігі туралы кері байланыс алу — келесі сабақтарды жоспарлауда маңызды. Биология сабағында инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігін анықтау мақсатында Алтынсарин гимназиясының 7-сынып оқушылары арасында сауалнама жүргізілді. Зерттеуге 80 оқушы қатысты. Сауалнама оқушылардың биология сабағында қандай цифрлық және инновациялық технологияларды ең пайдалы деп санайтынын анықтауға бағытталды.

Сауалнамаға қойылған негізгі сұрақ:

«Биология сабағында қай технологияны ең пайдалы деп ойлайсың?»

Жауаптардың нәтижесі оқушылардың инновациялық технологияларға қызығушылығы жоғары екенін көрсетті . Нәтижелер төмендегідей болды:




*Сурет-1. «Биология сабағында қолданылатын технологиялардың тиімділігі туралы оқушылардың пікірлері»*

Сауалнама нәтижесі бойынша оқушылардың 50%-ы виртуалды зертханаларды, 47,5%-ы ойын элементтерін, 40%-ы видеосабақтарды тиімді деп бағалады. Бұл олардың интерактивті және көрнекі оқытуға қызығушылығы жоғары екенін көрсетеді.

Қатысушылардың аз бөлігі AR/VR технологияларын ең тиімді деп санайды. Бұл көрсеткіштің төмендеуіне VR жабдықтарының қолжетімділігі мен техникалық шектеулер әсер ететінін байқауға болады. Дегенмен, кеңістіктік ойлау мен 3D модельдеу үшін бұл технологиялар маңызды екенін оқушылар атап өтті. Сауалнама нәтижелері оқушылардың биология сабағында инновациялық технологияларды қолдануға жоғары қызығушылықпен қарайтынын көрсетті. Ең көп сұранысқа ие технологиялар — виртуалды зертхана, ойын элементтері және STEM тапсырмалары болып шықты. Бұл оқушылардың практикалық, интерактивті және көрнекі оқу форматына бейім екенін көрсетеді.

Биология сабақтарында мультимедиялық және интерактивті технологияларды пайдаланудың тиімділігін анықтау мақсатында Алтынсарин гимназиясының биология пәні мұғалімдері арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 23 мұғалім қатысты. Мұғалімдерге келесі сұрақ ұсынылды:

«Сабақта көрсетілетін видео, анимация немесе интерактивті модельдер оқушылардың оқу сапасын арттырады деп ойлайсыз ба?» Диаграмма нәтижелері мұғалімдердің басым бөлігі аталған технологиялардың оқыту тиімділігіне оң әсер ететінін мойындайтынын көрсетті.

*Сурет-2 «Мультимедиалық құралдардың (видео, анимация, интерактивті модельдер) оқу сапасына әсері туралы мұғалімдердің пікірлері»*

69,6% мұғалім – «Иә» деп жауап берді.

Бұл көрсеткіш мұғалімдердің көпшілігі мультимедиялық ресурстардың оқушылардың оқу материалын қабылдауын жеңілдететінін, күрделі биологиялық үдерістерді түсіндіруді тиімді ететінін және оқушылардың қызығушылығын арттыратынын мойындайтынын дәлелдейді.

Мұғалімдер пікірінше, видео мен анимациялар:

биологиялық процестердің динамикасын нақты көрсетеді,

сабақтың көрнекілігін күшейтеді,

оқушылардың назарын тұрақтандырады,

түсінікті жеңілдетеді.

17,4% мұғалім – «Жоқ» деп жауап берген

Бұл санаттағы мұғалімдер мультимедиялық құралдарды үнемі қолдану тиімді бола бермейді деп есептейді. Олар технологияны қолдану сабақ мақсатына сәйкес таңдалуы тиіс екенін, артық визуал материалдар кейде негізгі мазмұннан оқушының назарын бөлуі мүмкін екенін атап өткен.

13% мұғалім – «Жекелеген тақырыптарда ғана» деп көрсеткен

Бұл топ мультимедиялық құралдар барлық биологиялық тақырыптарға бірдей сәйкес келмейтінін, әсіресе:

анатомия,

физиология,

экология,

жасушалық биология

сияқты күрделі тарауларда ерекше тиімді болатынын, ал кейбір жеңіл немесе теориялық тақырыптарда дәстүрлі әдістер жеткілікті екенін көрсеткен.

Сауалнама нәтижелері биология пәні мұғалімдерінің көпшілігі видео, анимация және интерактивті модельдерді қолдануды оқу сапасын

арттырудың маңызды әдісі ретінде мойындайтынын көрсетті. Бұл қорытынды инновациялық технологиялардың биологияны оқытуда педагогикалық тұрғыдан тиімді екенін және мұғалімдердің оларды сабақ үдерісіне енгізуге оң көзқараста екенін дәлелдейді. Зерттеу жұмысы биология сабақтарында инновациялық технологиялар мен ақпараттық-коммуникациялық құралдарды мақсатты және жүйелі қолдану бүгінгі білім берудің маңызды талабы екенін көрсетті. STEM, AR/VR, виртуалды зертханалар, геймификация, виртуалды экскурсиялар сияқты технологиялар биология пәнінің мазмұнын жаңаша форматта ұсынуға, күрделі биологиялық үдерістерді көрнекі түрде түсіндіруге және оқу үдерісін әрекетке негізделген сипатқа көшіруге мүмкіндік береді.

Жұмыстың мақсатына сәйкес қойылған міндеттер орындалды. Біріншіден, биология сабақтарында инновациялық технологиялар мен АКТ-ның алатын орны мен педагогикалық маңызы теориялық тұрғыда негізделді. Инновациялық технологиялардың оқу мақсаты, мазмұны, әдістері және оқыту формаларымен тығыз байланыста болуы олардың жай ғана техникалық құрал емес, оқу үдерісін ұйымдастырудың сапалы жаңа деңгейі екенін дәлелдеді.

Екіншіден, инновациялық технологияларды сабақта қолданудың жоспарлау әдістемесі айқындалды. Сабақты жобалау кезінде оқу мақсатын нақтылау, технология форматымен (STEM, AR/VR, виртуалды зертхана және т.б.) сәйкестендіру, платформа таңдау, сценарий құру, оқушы әрекетін (бақылау, тәжірибе, модельдеу, талдау) жоспарлау және рефлексия кезеңін ұйымдастыру сияқты компоненттердің біртұтас жүйе ретінде қарастырылуы қажеттігі көрсетілді.

Үшіншіден, виртуалды экскурсиялар мен басқа да инновациялық құралдардың оқушылардың танымдық дағдыларына әсері талданды. Теориялық және әдістемелік деректерді сараптау нәтижесінде виртуалды экскурсиялар оқушылардың логикалық ойлауын, бақылау және талдау дағдыларын, кеңістіктік-бейнелі ойлауын, зерттеушілік қызығушылығын және экологиялық мәдениетін дамытуға ықпал ететіні анықталды. Цифрлық ортадағы интерактивті тапсырмалар мен модельдер оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып, өздігінен білім алу қабілетін күшейтетіні көрсетілді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері биология сабағында инновациялық технологияларды ғылыми негізделген, мақсатты және жүйелі түрде қолдану:

- оқу материалының түсініктілігі мен қолжетімділігін арттыратынын;
- құшылардың танымдық және зерттеушілік дағдыларын дамытатынын;
- оқу мотивациясын күшейтіп, белсенді оқу іс-әрекетін қалыптастыратынын;

- биологияны оқытуды қазіргі цифрлық білім беру ортасының талаптарына бейімдейтінін дәлелдеді.

Сонымен, биология пәнінде инновациялық технологияларды тиімді пайдалану білім беру сапасын арттырудың, оқушы тұлғасының танымдық және шығармашылық әлеуетін іске асырудың пәрменді құралы болып табылады. Зерттеу нәтижелері мектепте биологияны оқытудың инновациялық моделін қалыптастыруға және болашақта осы бағыттағы тәжірибені одан әрі жетілдіруге әдістемелік негіз бола алады.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Бешімбаева Н. Білім беруде АКТ қолдану әдістемесі. – Алматы, 2020.-25-60б.
2. Сластёнин В. А., Исаев И. Ф., Шиянов Е. Н. Педагогика. – Москва: Академия, 2013.-112-170б.
3. Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика. – Алматы: Дарын, 2014.-78-149б.
4. Clark D. B. Virtual and Augmented Reality in Science Education. – 2019.-14-48б.
5. Жадрина М. Ж., Бегалинов А. А. Инновационные технологии обучения. – Алматы, 2016.-57-63б
6. Назарбаев Н. Ә. Инновациялық білім беру стратегиясы. – Астана, 2010.-18-24б.


# ОЦЕНКА ЭФФЕКТИВНОСТИ СПЕЦКУРСА «ЗЕЛЁНАЯ МАСТЕРСКАЯ» КАК СРЕДСТВА ФОРМИРОВАНИЯ ПРАКТИЧЕСКИХ НАВЫКОВ УЧАЩИХСЯ СРЕДНЕГО ЗВЕНА


***Базарбаева Д. Ж.***

*магистрант, Высшей школы естествознания, НАО «Павлодарский педагогический университет им. Әлкей Марғұлан»,*

***Асылбекова Г. Е.***

*ассоциированный профессор, к.б.н. РФ, PhD*

*НАО «Павлодарский педагогический университет им. Әлкей Марғұлан»*



**Аннотация.** Бұл мақала биологиялық білім беру аясында орта буын оқушыларының практикалық дағдыларын қалыптастыру үшін «Жасыл шеберхана» арнайы курсының тиімділігін бағалауға арналған. Практикаға бағытталған оқыту контекстінде жаратылыстану-ғылыми сауаттылық пен зертханалық жабдықтармен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін қолданбалы тапсырмалар мен зерттеу қызметін іске асыру ерекшеліктері талданады. Арнайы курстарды оқу процесіне интеграциялау практикалық сабақтардың тапшылығын жоюдың және оқушылардың жаратылыстану пәндері бойынша практикалық құзыреттіліктерді меңгеруінің негізгі факторы екендігі негізделген.



**Түйін сөздер:** қолданбалы биология, арнайы курс, практикалық дағдылар, орта буын, Жасыл шеберхана, зерттеу қызметі, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық.



**Аннотация.** Данная статья посвящена оценке эффективности спецкурса «Зелёная мастерская» для формирования практических навыков учащихся среднего звена в рамках биологического образования. В контексте практико-ориентированного обучения анализируются особенности реализации прикладных заданий и исследовательской деятельности, позволяющих развивать естественнонаучную грамотность и навыки

работы с лабораторным оборудованием. Обосновано, что интеграция специализированных курсов в учебный процесс является ключевым фактором восполнения дефицита практических занятий и успешного освоения учащимися практических компетенций по естествознанию.

**Ключевые слова:** прикладная биология, спецкурс, практические навыки, среднее звено, Зелёная мастерская, исследовательская деятельность, естественнонаучная грамотность.

**Abstract.** This article is devoted to evaluating the effectiveness of the "Green Workshop" specialized course for developing practical skills in middle school students within the framework of biology education. In the context of practice-oriented learning, the features of implementing applied tasks and research activities that allow for the development of scientific literacy and laboratory equipment handling skills are analyzed. It is substantiated that the integration of specialized courses into the educational process is a key factor in addressing the shortage of practical activities and the successful mastery of practical competencies in natural sciences by students.

**Keywords:** applied biology, specialized course, practical skills, middle school, Green Workshop, research activity, scientific literacy.

Современное образование требует создания условий для всестороннего развития учащихся, что особенно важно в предметной области естественных наук. Значение биологического образования для современного человечества определяется важностью биологии в современном мире [1, 2]. Биология, как ключевая отрасль естествознания, играет ведущую роль в управлении процессами, происходящими в биосфере. Одной из эффективных форм углубления знаний школьников является разработка специализированных курсов (далее спецкурсов), которые позволяют расширить содержание основного курса и познакомить учащихся с прикладными аспектами изучаемой дисциплины [3, 4].

Актуальность обусловлена необходимостью повышения интереса учащихся среднего звена к естественным наукам, в частности к биологии, через её практическое применение. В современных условиях важно не только передавать теоретические знания, но и формировать у школьников прикладные навыки, которые помогут им лучше понимать окружающий мир и законы природы.

**Цель:** разработать и оценить эффективность спецкурса «Зелёная мастерская» в формировании практических навыков учащихся 6 класса.

В соответствии с целью были поставлены следующие **задачи**:

- Определить методы и критерии оценки практических навыков учащихся;
- Провести диагностику уровня сформированности практических умений до и после прохождения спецкурса;

Проанализировать динамику развития практических навыков;

- Оценить влияние курса на вовлечённость и интерес учащихся к изучению биологии.

Необходимость разработки спецкурса обусловлена стремлением усилить практическую направленность школьного естественнонаучного образования. На основе предварительного анализа типовых учебных программ, а также

результатов анкетирования, отражающих учебные интересы и предпочтения учащихся, был сформирован курс «Зелёная мастерская» [5, 6]. Разработанный спецкурс «Зелёная мастерская» направ-лен на развитие познавательного интереса учащихся 6 класса к ботанике и формирование у них практических навыков работы с растениями. Курс сочетает изучение теоретических основ ботаники с практической деятель-ностью, что позволяет учащимся не только знакомиться с многообразием растительного мира, но и осваивать методы сбора, гербаризации, стабилизации и обработки растений.

Спецкурс «Зелёная мастерская» рассчитан на один ученый год (34 часа, 1 час в неделю). В его рамках школьники знакомятся с основами ботаники, исследуют растения в естественной среде, учатся работать с гербарием, осваивают технологии стабилизации растительного материала.

Оценка эффективности спецкурса является важной составляющей учебного процесса, поскольку она позволяет не только определить степень освоения материала учащимися, но и выявить сильные и слабые стороны в реализации курса. В рамках оценки были использованы разнообразные методы, включая тестирование, анкетирование, анализ выполнения практических заданий, а также наблюдения за вовлеченностью учащихся в процесс обучения [3]. Это позволило получить комплексную картину успешности курса и выявить те аспекты, которые требуют улучшения или корректировки в будущем.

Для того чтобы объективно оценить эффективность реализации спецкурса «Зеленая мастерская», было проведено несколько этапов оценки на протяжении всего курса. Было проведено 6 занятий с учащимися 6 "Д" класса на базе КГУ «Средняя общеобразовательная школа №29 г. Павлодар». Из этих 6 занятий два были отведены на диагностику: первое занятие, которое позволило оценить начальный уровень практических навыков учеников, и последнее, для того чтобы выявить, какие изменения произошли в их подготовке и уровне усвоения материала.

Каждое занятие спецкурса было направлено на формирование практических умений через освоение прикладных аспектов биологии, что соответствует основной цели программы — развитию исследовательских навыков и устойчивого интереса к естественным наукам, в частности к биологии. Формы и виды деятельности на занятиях были ориентированы на активное вовлечение учащихся, пробуждение познавательной инициативы и применение теоретических знаний в практической деятельности.

Для получения объективной и комплексной оценки эффективности реализации спецкурса применялся ряд методов: анализ выполнения учащимися практических заданий, наблюдение за их активностью на занятиях, анкетирование с целью выявления уровня вовлечённости и мотивации, а также итоговые тестирования и лабораторные работы. В данной главе представлены основные результаты диагностики и сделаны выводы о степени достижения поставленных целей, эффективности курса в развитии практических навыков, а также его влиянии на интерес учащихся к биологии и экологическому мышлению.

В качестве инструмента диагностики первое и заключительное (шестое) занятие были специально отведены для оценки уровня сформированности практических умений. До начала курса каждому учащемуся было предложено выполнить базовое практическое задание, связанное с элементарными операциями при работе с растительным материалом. Аналогичное задание, но с иным биологическим содержанием, было проведено после завершения спецкурса. Такой подход обеспечил возможность объективного сопоставления результатов, полученных до и после реализации курса, и позволил оценить реальные изменения не только в теоретической, но и в практической подготовке учащихся.

Диагностика уровня практических навыков проводилась с использованием специально разработанного чек-листа, включающего шесть ключевых критериев:

- подготовка рабочего места;
- соблюдение техники безопасности;
- работа с оборудованием;
- точность выполнения задания;
- анализ полученных результатов;
- умение работать в группе

В процессе первого и заключительного занятия осуществлялось наблюдение и оценка каждого учащегося по пятибалльной шкале. Все собранные данные были зафиксированы в табличной форме и обработаны в программе Microsoft Excel, что позволило провести количественный анализ как по каждому отдельному критерию, так и в целом по группе. Такой подход обеспечил объективность диагностики и позволил не только сделать качественные выводы о начальном уровне практических умений, но и впоследствии отследить динамику индивидуального и коллективного роста.

Сравнение результатов, полученных в начале и в конце курса, было проведено с использованием того же чек-листа, что обеспечило объективность диагностики и позволило выявить изменения в уровне знаний и умений. Данные были обработаны в программе Microsoft Excel для более точного анализа и выявления динамики развития практических навыков. Анализ полученных данных отражающие изменения в уровнях навыков учащихся по каждому из критериев представлен в виде таблицы 1.

*Таблица 1. Результаты диагностики ДО и ПОСЛЕ*

| **Критерий** | **Средний уровень до (баллы)** | **Средний уровень после (баллы)** | **Прогресс** |
|---|---|---|---|
| Понимание инструкции | 3.25 | 3.87 | **+19, 08%** |
| Работа с оборудованием | 3.13 | 3.90 | **+24, 76%** |
| Техника безопасности | 3.62 | 4.71 | **+30,11%** |
| Самостоятельность | 3.38 | 4.00 | **+18,34%** |
| Анализ результатов | 2.97 | 3.77 | **+26, 94%** |
| Работа в группе | 3.90 | 4.50 | **+15,38%** |

Занятия, проведенные в рамках апробации спецкурса “Зеленая мастерская”, продемонстрировали положительный эффект на развитие практических навыков учащихся. В результате анализа данных, собранных с помощью чек-листов, был зафиксирован рост среднего показателя на 22,77%. Это подтверждает, что курс не только предоставил учащимся знания, но и значительно улучшил их практические умения (табл. 8).

Наибольший прогресс был зафиксирован по следующим ключевым критериям:

Техника безопасности — повышение на 30,11%. Это свидетельствует о том, что учащиеся стали более внимательными и осведомленными в вопросах безопасности при работе с растительным материалом и оборудованием, что является важным аспектом для успешного выполнения практических заданий;

Работа с оборудованием — улучшение на 24,76%. Прогресс в данном критерии отражает повышенную уверенность учащихся в работе с микроскопами и другими лабораторными инструментами, что способствует более точному выполнению заданий и углубленному изучению растительного мира;

Анализ результатов — рост на 26,94%. Учащиеся стали более эффективно интерпретировать полученные данные, проводить анализ и делать обоснованные выводы, что подтверждает развитие исследовательских навыков.

Кроме того, даже в таких критериях, где улучшения были менее выражены, также наблюдается положительная динамика:

Работа в группе — увеличение на 15,38%. Несмотря на то, что данный показатель увеличился в меньшей степени, это все равно указывает на успешное развитие командных навыков у учащихся. Они стали более активно взаимодействовать между собой, делиться наблюдениями и помогать друг другу при выполнении заданий.

На основе данных, представленных в таблице 8, была составлена гистограмма, которая наглядно отражает результаты диагностики уровня практических навыков учащихся 6 «Д» класса до и после прохождения спецкурса «Зелёная мастерская». График демонстрирует индивидуальные показатели каждого ученика, позволяя проследить как общий, так и персональный прогресс (рис. 1).




*Рисунок 1. Сравнительный анализ практических навыков учащихся до и после курса*

Каждая из 30 позиций на оси X соответствует одному ученику, а значения по оси Y представляют средний балл по 6 основным критериям: подготовка рабочего места, соблюдение техники безопасности, работа с оборудованием, точность выполнения задания, анализ результатов и умение работать в группе (рис. 1):

Синий столбец  это средний балл до начала курса.

Красный столбец  средний балл после завершения курса.

Зелёный столбец  прогресс, т.е. разница между итоговой и начальной оценкой.

Гистограмма демонстрирует отчетливую положительную динамику в развитии практических навыков у всех учащихся. Анализ гистограммы (рис. 5) показал, что 100% участников продемонстрировали рост показателей. У 70% учеников прогресс составил от 0,5 до 1 балла, а у оставшихся 30% — свыше 1 балла. В среднем улучшение уровня практических умений составило от 20% до 30% по сравнению с исходными результатами, что подтверждает эффективность проведённого спецкурса.

Особо выраженный индивидуальный прирост наблюдается у учеников под номерами 2, 5, 14, 18, 23 и 26. Значительная высота зелёных столбцов (отражающих прогресс) указывает на глубокое освоение учебного материала и успешную реализацию всех диагностируемых компонентов: от работы с оборудованием до анализа результатов. Положительная динамика наблюдается не только у сильных, но и у изначально менее подготовленных учеников, что подчёркивает доступность и универсальность методики. Кроме того, равномерный характер улучшения по выборке свидетельствует о системном характере обучения и стабильности образовательного воздействия спецкурса.

Важно отметить, что после прохождения курса большая часть учащихся демонстрирует средние значения в диапазоне 4,0–4,5 балла, тогда как исходные показатели преимущественно находились в пределах 2,5–4,0 балла. Это указывает на общее укрепление уровня подготовки и формирование уверенных практических умений у обучающихся.

Проведённый анализ подтверждает высокую эффективность спецкурса «Зелёная мастерская» в формировании практических навыков у учащихся 6 класса. Данные, полученные на основе диагностики до и после прохождения курса, демонстрируют устойчивый положительный прирост у всех обучающихся. Особенно важно отметить, что курс оказался эффективным не только для сильных, но и для учащихся с изначально низкими результатами, что свидетельствует о его доступности и универсальности. Таким образом, спецкурс полностью достиг поставленных целей и доказал свою значимость как средства развития прикладных биологических компетенций у школьников. Данная работа основывалась на теоретических исследованиях и результатах анкетирования учащихся, а также учитывала специфику возрастных особенностей школьников 6 класса. Важным аспектом стало использование методов, которые способствуют развитию у детей практических навыков и экологической грамотности через непосредственное взаимодействие с природой.

## Список использованных источников


1. Заграничная Н. А., Паршутина Л. А. Методы формирования естественнонаучной грамотности учащихся основной школы: интегративный подход //Школьные технологии. – 2017. – №. 3. – С. 20-25.
2. Гричик В. В., Гаевский Е. Е., Немчинов М. Ю. Методика преподавания биологии и экологии. № УД-359/25/р. – 2012.
3. Пентин А. Ю., Заграничная Н. А., Паршутина Л. А. Формирование и диагностика естественнонаучной грамотности: комплексные межпредметные задания с химической составляющей // Народное образование. 2017. №1-2 (1460).
4. О книге В. Г. Разумовского «Проблемы теории и практики школьного физического образования: избранные научные статьи» // Ценности и смыслы. 2016. №5 (45).
5. Акжар А., Рысбаева Г. А. ПРИМЕРНЫЕ МЕТОДИКИ РАЗВИТИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ НАВЫКОВ НА УРОКАХ БИОЛОГИИ //Вестник науки и образования. – 2024. – №. 4 (147)-2. – С. 44-46.
6. Минеева Е. Г. Использование методов и приемов экологического, эстетического и трудового воспитания на уроках биологии как наиболее эффективная модель социализации обучающихся //Школа как платформа для успешной социализации обучающихся на уровне профессионального образования. – 2018. – С. 223-225.

# ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ БІРТҰТАС ТӘРБИЕ ҚАҒИДАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

***Канафина М.М.***
*Павлодар педагогикалық университетінің магистранты,*
***Корогод Н.П.***
*ғылыми жетекшісі: б.ғ.к., қауымдастырылған профессор*

**Аңдатпа.** Мақалада биология сабағында жасанды интеллектті қолдану арқылы білім алушылардың салауатты өмір салтын қалыптастырудың өзектілігі қарастырылады. Мақсаты – тиімді тәсілдерді анықтау. Әдістері: талдау, салыстыру. Нәтижесінде оқушылардың қызығушылығы артып, денсаулыққа жауапкершілігі қалыптасады. Ұсынылған тәсілдер тәрбиелік құндылықтарды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

**Түйінді сөздер:** жасанды интеллект, биология, салауатты өмір салты, денсаулық мәдениеті, біртұтас тәрбие.

**Аннотация.** В статье рассматривается актуальность применения искусственного интеллекта на уроках биологии для формирования здорового образа жизни обучающихся. Цель исследования – определить эффективные подходы. Методы: анализ и сравнение. В результате установлено, что повышается интерес учащихся и формируется ответственное отношение к здоровью. Предложенные подходы способствуют реализации ценностей целостного воспитания.

**Ключевые слова:** искусственный интеллект, биология, здоровый образ жизни, культура здоровья, целостное воспитание.

**Abstract.** The article examines the relevance of using artificial intelligence in biology lessons to promote a healthy lifestyle. The aim is to identify effective approaches. Methods include analysis and comparison. The results show increased engagement and responsibility for health. The proposed approaches support the implementation of holistic education values.

**Keywords:** artificial intelligence, biology, healthy lifestyle, health culture, holistic education

**Кіріспе**. Бүгінгі білім беру жүйесінде цифрландыру үдерісінің жедел дамуы оқыту мазмұны мен әдіс-тәсілдерін жаңаша қарастыруды талап етеді [1]. Соның ішінде жаратылыстану пәндерін, әсіресе биологияны оқытуда инновациялық технологияларды тиімді қолдану өзекті мәселелердің бірі болып табылады [4]. Білім алушылардың денсаулыққа жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру және салауатты өмір салтын дәріптеу қазіргі қоғамның маңызды міндеттерінің бірі саналады [7].

Биология пәні жеке тұлғаның денсаулық мәдениетін дамытуда ерекше мәнге ие, өйткені ол адам ағзасының құрылысы, қызметі және денсаулықты сақтау жолдары туралы ғылыми білім береді [3]. Осыған орай оқу үдерісінде жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану білім алушылардың танымдық белсенділігін күшейтіп қана қоймай, оқу материалын терең әрі саналы игеруіне жағдай жасайды [6].

Сонымен қатар, білім беру мазмұнына біртұтас тәрбие қағидаларын енгізу арқылы білім алушылардың жауапкершілік сезімі, саналы таңдау

жасау дағдылары және адал азаматтық көзқарастары қалыптасады [5]. Бұл өз кезегінде тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал етеді.

**Негізгі бөлім.** Жасанды интеллект ұғымы – адамның зияткерлік қызметін модельдеуге бағытталған және деректерді өңдеу, талдау, шешім қабылдау сияқты функцияларды орындайтын цифрлық технологиялар жүйесі ретінде қарастырылады [7]. Ғылыми әдебиеттерде жасанды интеллект білім беру үдерісін жетілдірудің тиімді құралы ретінде сипатталады [4], себебі ол оқытуды дараландыруға және білім алушылардың оқу қарқыны мен қабілетіне бейімдеуге мүмкіндік береді [6]. Білім беру саласында жасанды интеллектті қолдану оқыту мазмұнын жаңартумен қатар, білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға ықпал етеді [1], ал интерактивті платформалар мен интеллектуалды жүйелер оқу материалын түсінуді жеңілдетіп, білімді меңгеру сапасын арттырады [4].

Биология пәні білім алушыларға адам ағзасының құрылысы мен қызметі, денсаулықты сақтау және тіршілік негіздері туралы ғылыми түсініктерді қалыптастыруда маңызды орын алады [3], осыған байланысты «салауатты өмір салты» ұғымы адамның денсаулығын сақтау мен нығайтуға бағытталған мінез-құлық жүйесі ретінде түсіндірілсе [2], «денсаулық мәдениеті» тұлғаның өз денсаулығына саналы әрі жауапкершілікпен қарау дағдысының қалыптасуын білдіреді [2]. Сонымен қатар, біртұтас тәрбие қағидалары білім беру процесінде тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған [5], ал тәрбие мен оқытуды кіріктіру білім алушылардың жауапкершілік, адалдық және саналы шешім қабылдау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді [5]. Аталған мәселелердің өзектілігі қазіргі қоғамдағы цифрландыру үдерісімен және білім алушылардың денсаулығын сақтау қажеттілігімен түсіндіріледі [1], сондықтан жасанды интеллект технологияларын биологияны оқытуда тиімді пайдалану білім сапасын арттырумен қатар, білім алушылардың денсаулыққа саналы көзқарасын қалыптастыруға және тәрбиелік құндылықтарды дамытуға ықпал етеді [7].

Зерттеу әдістері (Материалдар мен әдістер)

Биология сабағында жасанды интеллект технологияларын қолдану тәжірибесі төмендегі кестеде көрсетілген [4; 6].

| № | Сабақта қолдану (қалай қолданылды) | Әдістері (тапсырма, платформа, AI құрал) | Мысал | Нәтиже |
|---|---|---|---|---|
| **1** | Биология сабағында жасанды интеллект арқылы сұрақ-жауап ұйымдастырылды | ChatGPT, сұрақ-жауап әдісі | Оқушылар «дұрыс тамақтану» туралы сұрақ қойып, жауап алды | Қызығушылық артты, тақырыпты түсіну жақсарды |
| **2** | Денсаулық тақырыбында жеке тапсырмалар берілді | AI қосымшалар, талдау әдісі | Оқушылар өз күн тәртібін жасап, талдады | Салауатты өмір салтына көзқарас қалыптасты |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **3** | Виртуалды зертхана арқылы тәжірибе жүргізілді | Симуляция, модельдеу | Қан айналым жүйесін интерактивті бақылау | Теориялық білім практикамен байланыстырылды |
| **4** | Топтық жұмыс ұйымдастырылды | Дискуссия, салыстыру әдісі | Зиянды әдеттердің әсерін талқылады | Сыни ойлау дамыды |
| **5** | Жеке ұсыныстар беру арқылы оқыту жүргізілді | AI талдау құралдары | Оқушыға денсаулық бойынша ұсыныс берілді | Жауапкершілік, саналы шешім қалыптасты |

Ұсынылған әдістер заманауи педагогикалық технологияларға негізделіп, білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған [4].

**Нәтиже және талдау.** Жасанды интеллект технологияларын биология сабағында қолдану нәтижелері 1-суретте көрсетілген.




*1-сурет – Жасанды интеллектті қолдану нәтижелері*

Диаграмма бойынша білім алушылардың негізгі көрсеткіштері айтарлықтай артқаны байқалады. Атап айтқанда, 1-сурет бойынша, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы 60%-дан 85%-ға дейін өсті. Сонымен қатар, оқу материалын түсіну деңгейі 55%-дан 80%-ға дейін жоғарылаған. Денсаулыққа деген көзқарас көрсеткіші 50%-дан 78%-ға дейін артқан.

**Қорытынды.** Қорытындылай келе, биология сабағында жасанды интеллект технологияларын қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, оқу материалын терең меңгеруіне мүмкіндік береді. Сабақ барысында қолданылған әдістер мен цифрлық құралдар білім алушылардың белсенділігін күшейтіп, олардың өз бетінше ойлануына ықпал етеді. Сонымен қатар, оқушылардың денсаулыққа деген

көзқарастары қалыптасып, салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған дағдылары дамиды. Осылайша, жүргізілген жұмыс жасанды интеллектті қолданудың білім беру және тәрбиелік тұрғыдан тиімді екенін көрсетеді.

## Пайдаланған әдебиеттер тізімі


1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Нұр-Сұлтан, 2020.
2. Қалиев С., Сейітқазы П. Педагогика. – Алматы: Рауан, 2019. – 256 б.
3. Әбенова С. Биологияны оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2021. – 220 б.
4. Құнанбаева С.С. Қазіргі білім беру технологиялары. – Алматы, 2020. – 180 б.
5. Аймауытов Ж. Педагогика және психология. – Алматы: Санат, 2018. – 312 б.
6. Сейталиев К.Ж. Оқыту әдістері және инновациялық технологиялар. – Алматы, 2022. – 198 б.
7. Білім берудегі цифрландыру: теория және тәжірибе. – Алматы, 2023. – 210 б.


# ФИЗИОЛОГИЯДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР: SELF-TRACKING МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАРЫН (ҰЙҚЫ, КҮН ТӘРТІБІ, КАЛОРИЯ) ҚОЛДАНУ


***М. Нурметова, Д. Анварова***.

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті студенттері*

***С.Ж.Кабиева***

*ғылыми жетекшісі: қ.б.н., қауымдастырылған профессорі , Павлодар қ.*



**Аңдатпа.** Бұл мақалада self-tracking мобильді қосымшаларының студенттердің күнделікті өміріндегі маңызы қарастырылады. Олар жеке жауапкершілікті арттырып, күнделікті әдеттерді бақылауға және денсаулыққа қатысты саналы шешімдер қабылдауға көмектеседі. Алайда деректерді үнемі енгізу кейбір студенттер үшін уақыт және психологиялық қиындықтар туғызуы мүмкін. Зерттеу олардың артықшылықтары мен шектеулерін талдап, тиімділігін ғылыми тұрғыдан бағалайды.



**Кілтті сөздер:** цифрлық технологиялар, self-tracking, ұйқы сапасы, калория есебі, күн тәртібі, мобильді қосымша, студенттер өмірі.



**Аннотация.** В статье рассматривается роль мобильных приложений для self-tracking в повседневной жизни студентов. Они способствуют повышению личной ответственности, помогают контролировать привычки и принимать осознанные решения о здоровье. Однако регулярное внесение данных может вызывать у некоторых студентов временные и психологические трудности. Исследование анализирует преимущества и ограничения приложений, а также оценивает их эффективность в улучшении образа жизни.



**Ключевые слова:** цифровые технологии, self-tracking, сон, калории, режим дня, мобильное приложение, студенты.



**Annotation.** This article examines the role of self-tracking mobile applications in students' daily lives. They enhance personal responsibility, help monitor habits, and support informed health decisions. However, regular data entry may cause time and psychological difficulties. The study analyzes advantages and limitations, and evaluates their effectiveness in improving lifestyle and overall well-being.

**Key words:** digital technologies, self-tracking, sleep quality, calorie tracking, daily routine, mobile application, students.

Қазіргі таңда студенттердің физиологиялық жағдайын бақылау мен денсаулығын сақтау өзекті мәселеге айналды. Ақпараттық технологиялардың дамуы бұл бағытта жаңа мүмкіндіктер ашып, self-tracking (өзін-өзі бақылау) мобильді қосымшаларының кеңінен қолданылуына жол ашты. Мұндай қосымшалар адамның ұйқы сапасын, күн тәртібін, калория тұтынуын және физикалық белсенділігін бақылауға мүмкіндік береді.

Физиология тұрғысынан бұл қосымшалар биологиялық ырғақтарды сақтау, энергия балансын реттеу және психоэмоционалды шаршауды азайту сияқты маңызды функцияларды атқарады. Мысалы, ұйқыны бақылау арқылы адам өзінің демалыс сапасын жақсартып, когнитивтік қабілеттерін арттыра алады. Ал калорияны есептеу дұрыс тамақтану әдетін қалыптастырып, семіздік пен метаболитикалық аурулардың алдын алуға көмектеседі.

Сонымен қатар, self-tracking технологиялары адамның өз денсаулығына деген жауапкершілігін арттырып, салауатты өмір салтын ұстануға ынталандырады. Қолданушы нақты деректерге сүйене отырып, жеке шешімдер қабылдай алады. Бұл профилактикалық медицинаның дамуына да оң әсер етеді. Осы мақалада self-tracking қосымшаларының физиологиядағы рөлі, олардың тиімділігі мен шектеулері қарастырылып, денсаулықты сақтаудағы маңызы талданады [1, 2].

Зерттеудің мақсаты: Self-tracking мобильді қосымшаларын (ұйқыны бақылау, күн тәртібін ұйымдастыру, калорияны есептеу) қолданудың 1 курс студенттердің физиологиялық жағдайына, өмір сапасына және денсаулыққа деген жауапкершілігіне әсерін анықтау.

Зерттеудің міндеттері:

1.Мобильді қосымшалардың түрлерін анықтау – ұйқы, калория, күн тәртібін бақылауға арналған self-tracking қосымшаларын сипаттау.

2.Қолданушылар арасында сауалнама жүргізу – қосымшалардың физиологиялық әсерін бағалау үшін деректер жинау.

3.Тиімділік пен шектеулерді талдау – қосымшалардың денсаулыққа әсерін саралап, ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеудің гипотезасы: Егер self-tracking мобильді қосымшалары жүйелі түрде қолданылса, онда 1 курс студенттерінің физиологиялық көрсеткіштері жақсарып, ұйқы сапасы артып, энергия балансы реттеліп, салауатты өмір салтын ұстануға ықпал етеді.

Материал және әдістер. Тәжірибелік жұмыс Павлодар қаласындағы Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің бірінші курс студенттерімен жүргізілді. Зерттеу объектісі ретінде студенттердің күнделікті өмірінде қолданатын self-tracking мобильді қосымшалары (ұйқыны бақылау, калория санау, күн тәртібін ұйымдастыру) және олардың физиологиялық жағдайға әсері алынды. Студенттер self-

tracking мобильді қосымшаларын 3 ай пайдаланды. Зерттеу әдісі ретінде сауалнама жүргізілді.

Сауалнамаға 88 студент қатысты. Оның ішінде барлық студенттер Жаратылыстану жоғары мектебі факультетінің 1 курс студенттері. Жас ерекшеліктері бойынша: 48 студент – 17 жаста, 32 студент – 18 жаста, 8 студент-16 жаста. Жыныстық ерекшеліктері бойынша: ер балалар саны – 35, қыз балалар саны – 53. Сауалнама Google Forms платформасында қазақ тілінде құрылып, 18 сұрақтан тұрды. Сұрақтар студенттердің self-tracking қосымшаларын қолдану жиілігі, қолдану мақсаты, физиологиялық әсері (ұйқы сапасы, шаршау деңгейі, тамақтану тәртібі), сондай-ақ бұл қосымшаларға деген көзқарасы мен қанағаттану деңгейін анықтауға бағытталды.

Зерттеу нәтижелері мен талдау.

Зерттеу нәтижелері self-tracking мобильді қосымшаларын қолдану студенттердің физиологиялық жағдайына оң әсер ететінін көрсетті. Сауалнамаға қатысқан Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті 1-курс студенттерінің self-tracking мобильді қосымшаларын ( Google Fit, Apple Health, Sleep Cycle, MyFitnessPal, Samsung Health, Будильник, Заметки, Фитнес) ұйқы, қадам, калория қолдануы физиологиялық жағдайға белгілі бір деңгейде әсер ететіні анықталды.

Сауалнамаға қатысқан 88 студенттің 15-і (17%) бұл қосымшаларды үнемі қолданатынын, 26-сы (30%) кейде қолданатынын, ал 47-сі (53%) мүлде қолданбайтынын айтты. Бұл көрсеткіштер студенттердің жартысынан астамы мұндай құралдарды пайдаланбайтынын, ал қалған бөлігі белгілі бір деңгейде қызығушылық танытатынын білдіреді (1 -сурет).




*1-сурет Студенттердің self-tracking қолдануы*

Self-tracking мобильді қосымшасын қолданатын 41 студенттің ұйқы сапасы және энергия деңгейіне әсері бойынша 15 студент (37%) ұйқысының жақсарғанын, 22 студент (54%) еш өзгеріс байқамағанын, 4 студент (9%) нашарлағанын айтты. Бұл деректер self-tracking құралдарының ұйқыны реттеуде кейбір студенттерге пайдалы болғанын, бірақ бәріне бірдей әсер етпейтінін көрсетеді ( 2-сурет).




*2-сурет Self-tracking қолданғаннан кейін ұйқы сапасы өзгердіма?*

Тамақтану стилін бақылау үшін қосымша қолданатын студенттердің тек 22 студент (54%), ал 19 студент (46%) мүлде қолданбайтынын көрсетті. Бұл студенттердің көпшілігі диета бақылау құралдарын пайдаланбайтынын және бұл бағытта ақпараттандыру қажет екенін білдіреді (3-сурет).




*3-сурет Тамақтану стилін бақылау үшін қолданасыз ба?*

Self-tracking қосымшаларын жүйелі және саналы түрде қолдану студенттердің физиологиялық жағдайын жақсартуға, ұйқы мен күн тәртібін оңтайландыруға, сондай-ақ денсаулыққа деген жауапкершілікті арттыруға мүмкіндік береді. Алайда, бұл құралдардың тиімділігі қолдану жиілігіне, жеке қызығушылыққа және ақпараттық қолдауға тікелей байланысты [3].

Зерттеу деректері self-tracking құралдары физиологиялық жай-күйді бақылауда пайдалы бола алатынын меңзейді. Ұйқы сапасын, жүрек соғу жиілігін немесе физикалық белсенділікті бақылап отыратын студенттер өз хал-жағдайына көбірек мән беретіні байқалды. Алайда бұл қосымшаларды жүйелі қолдану әлі де қалыптаспаған [4, 5].

Осы зерттеу нәтижелері цифрлық денсаулық құралдарының физиология саласында қолданылу мүмкіндіктерін көрсетіп, олардың болашағы бар екенін дәлелдейді. Алдағы уақытта self-tracking қосымшаларын жүйелі қолдануды ынталандыруға бағытталған әдістемелік ұсыныстар мен ақпараттық қолдау шаралары студенттердің денсаулыққа саналы көзқарасын қалыптастыруға септігін тигізеді.

1-кестеде берілген ұсыныстар студенттердің self-tracking қосымшаларын қолдану деңгейін арттыруға бағытталған кешенді жүйені қалыптастырады. Ақпараттандыруды күшейту, оқу процесіне интеграциялау, мотивациялық шараларды енгізу, тамақтану мәдениетін дамыту және қосымшаларды қазақ тіліне бейімдеу – студенттердің цифрлық денсаулық дағдыларын жақсартудың негізгі тетіктері. Бұл шаралар self-tracking туралы түсінікті тереңдетіп, оның күнделікті өмірде қолданылуын жеңілдетеді, сондай-ақ студенттердің өз денсаулығына деген жауапкершілігін нығайтады. Осылайша, ұсыныстарды жүйелі түрде іске асыру студенттердің денсаулық мониторингін тиімді жүргізуіне және цифрлық сауаттылықтың артуына ықпал етеді. (1-кесте).

*1-кесте Self-tracking қолдануға қатысты ұсыныстар кестесі*

| | **Ұсыныс бағыты** | **Негіздеме (талқылау нәтижесі)** | **Ұсынатын іс-шаралар** |
|---|---|---|---|
| 1 | Ақпараттандыруды арттыру | Студенттердің 53%ы self-tracking қосымшаларын мүлде қолданбайды → ақпарат жеткіліксіз | •Университетте ақпараттық семинарлар өткізу<br>•Цифрлық денсаулық апталығын ұйымдастыру |
| 2 | Оқу процесіне интеграциялау | Теориялық білімді практикамен ұштастыру қажеттілігі байқалды | •Пәндерге (психология, педагогика, денсаулық сақтау) self-tracking тапсырмаларын енгізу<br>•Ұйқы, қадам саны, тамақтану мониторингі бойынша практикалық жұмыс беру |
| 3 | Мотивацияны күшейту | Студенттердің 41,9%-ы қосымшаны қолдануға шешім қабылдамаған → мотивация төмен | • «7 күн ұйқыны бақылау» челленджі<br>• Топтық марапат жүйесін енгізу<br>• Командалық белсенділік форматтарын қолдану |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4 | Тамақтану мәдениетін дамыту | 80,6% студент тамақтану стилін бақылауға қосымша пайдаланбайды | •Дұрыс тамақтану бойынша тренингтер<br>•Калория бақылау қосымшаларын үйрету<br><br>•Университеттік ақпараттық буклеттер |
| 5 | Қосымшаларды қазақ тілінде бейімдеу | Тілдік қолжетімділік студенттердің қолдану деңгейіне әсер етеді | •Қазақ тіліндегі self-tracking нұсқаларын әзірлеу<br><br>•Бар қосымшаларға локализация ұсыну |

Қорытындылай келе self-tracking мобильді қосымшаларының мүмкіндіктерін жан-жақты талдауға және олардың студенттердің өмір салтына әсерін анықтауға бағытталды. Ең алдымен, ұйқы режимін, калорияны, физикалық белсенділікті және күн тәртібін бақылауға арналған мобильді қосымшалардың түрлері анықталып, олардың функционалдық ерекшеліктері мен қолдану тиімділігі сипатталды. Сонымен қатар, студенттер арасында сауалнама жүргізу арқылы бұл қосымшаларды қолдану деңгейі, жиілігі, сондай-ақ қолдануға кедергі келтіретін негізгі факторлар зерттелді. Жиналған деректер негізінде қосымшалардың физиологиялық және мінез-құлықтық әсері, атап айтқанда ұйқы сапасына, тамақтану тәртібіне және физикалық белсенділікке ықпалы бағаланды. Одан бөлек, self-tracking технологияларының тиімділігі мен шектеулері жан-жақты талданып, олардың студенттердің денсаулығына және өмір салтына тигізетін оң және теріс жақтары сарапталды. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, студенттер арасында бұл технологияларды қолдануды арттыруға бағытталған нақты ұсыныстар әзірленді. Атап айтқанда, цифрлық денсаулық құралдары туралы ақпараттандыру деңгейін көтеру, қолдануға ыңғайлы әрі түсінікті қосымшаларды насихаттау, сондай-ақ оқу үдерісіне енгізу жолдары қарастырылды.

## Қолданылған әдебиеттер


1. Yfantidou S., Sermpezis P., Vakali A. Self-Tracking Technology for mHealth: A Systematic Review and the PAST SELF Framework // arXiv. – 2021. 1–25 бет.
2. Zhang R., Wang H. Insights into the Technological Evolution and Research Trends of Mobile Health: Bibliometric Analysis // Healthcare. – 2023. – Т. 13, 740–752 бет.
3. Alasmari T., Zhou J. Mobile Applications in Medical Education: A Systematic Review and Meta-Analysis // PLOS ONE. – 2022. – Т. 17, 1–22 бет.
   i. DOI: 10.1371/journal.pone.0265927.
4. Kim J. Analysis of health consumers' behavior using self-tracker for activity, sleep, and diet // Telemedicine and e-Health. – 2014. – Т. 20, 552–558 бет.
5. De Cristofaro D., Chiodo S. Quantified Sleep: Self-Tracking Technologies and the Reshaping of 21st-Century Subjectivity // Historical Social Research. – 2023. – Т. 48, 176–193.

# 1-КУРС СТУДЕНТТЕРІНІҢ ТАМАҚТАНУЫ: ТАМАҚТАНУ ОРНЫ МЕН ТҮРІ, ТАМАҚТАНУ ӘДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ СЕЗІНУІ МЕН ҮЛГЕРІМІМЕН БАЙЛАНЫСЫ

***Н. Айтуған, Д. Д. Мухамедиярова***
*Павлодар қ., Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенттері*
***С. Ж. Кабиева***
*ғылыми жетекші: б.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Павлодар қ.*

**Аңдатпа.** Бұл зерттеу 1-курс студенттерінің тамақтану әдеттері олардың психофизиологиялық жағдайы мен оқу үлгеріміне әсерін кешенді түрде талдайды. Сауалнама нәтижелері теңгерімді тамақтану когнитивтік функцияларды, көңіл-күй мен сергектікті жақсартатынын көрсетті. Ал фастфудты жиі тұтыну оқу тиімділігін төмендетіп, психоэмоциялық тұрақсыздыққа әкеледі.

**Кілтті сөздер:** дұрыс тамақтану, салауатты өмір салты, тамақтану әдеттері, тамақтану орны, су ішу, оқу үлгерімі, эмоционалдық тұрақтылық.

**Аннотация**. В исследовании рассматривается влияние питания студентов первого курса на психофизиологическое состояние и академическую успеваемость. Результаты показали, что сбалансированное питание улучшает когнитивные функции, настроение и работоспособность. Частое употребление фастфуда, напротив, снижает эффективность обучения и способствует психоэмоциональной нестабильности.

**Ключевые слова:** Здоровое питание, здоровый образ жизни, пищевые привычки, место приема пищи , пить воду, успеваемость, эмоциональная устойчивость.

**Annotation.** This study examines the impact of first-year students' dietary habits on their psychophysiological condition and academic performance. The findings indicate that balanced nutrition enhances cognitive functions, mood, and alertness, while frequent consumption of fast food negatively affects learning efficiency and contributes to emotional instability.

**Keywords:** Proper nutrition, healthy lifestyle, dietary habits, eating location, drinking water, academic performance, emotional stability.

Студенттердің тамақтану әдеттері – олардың денсаулық жағдайын, психофизиологиялық функцияларын және академиялық жетістіктерін айқындайтын маңызды факторлардың бірі [1, 2, 3].

Тамақтану жүйесі ағзаға қажетті макронутриенттерді (ақуыздар, майлар, көмірсулар) және микронутриенттерді (витаминдер, минералдар) қамтамасыз етеді, ал олардың сапасы мен мөлшерінің теңгерімді болуы когнитивтік процестердің тиімділігін, эмоционалдық тұрақтылықты және жалпы өмір сапасын анықтайды [4, 5]. Жоғары оқу орнына түсу кезеңі – жасөспірімдік шақтан ересектікке өту кезеңі ретінде сипатталады, бұл уақытта студенттердің өмір салты түбегейлі өзгереді: тамақтану режимі бұзылады, ұйқы тәртібі тұрақсызданады, стрессорлық факторлар көбейеді, ал қаржылық және уақыттық шектеулер тамақтану мінез-құлқына тікелей ықпал етеді [6, 7, 8].

Халықаралық ғылыми әдебиетте студенттер арасында дұрыс тамақтанбау мәселесі кеңінен талқыланады [9, 10]. Зерттеулер көрсеткен-

дей, фастфудты, калориясы жоғары бірақ нутриенттік құрамы төмен тағамдарды жиі тұтыну когнитивтік функциялардың төмендеуіне, шаршағыштықтың артуына және оқу мотивациясының төмендеуіне алып келеді [11, 12]. Керісінше, көкөністер мен жемістерге, сапалы ақуыздарға және сүт өнімдеріне бай рацион есте сақтау қабілетін, назар тұрақтылығын және жалпы академиялық нәтижелерді жақсартады [2, 3].

Қазақстандық университеттерде бұл мәселе ерекше өзектілікке ие. 1-курс студенттері көбінесе алғаш рет ата-аналық бақылаудан шыққандықтан, өздерінің тамақтану режимін өздері реттейді, ал жатақхана жағдайы немесе оқу жүктемесінің жоғары болуы дұрыс тамақтану мүмкіндігін шектейді [1, 2]. Сонымен қатар, студенттердің бір бөлігі қаржылық қиындықтарға байланысты фастфуд немесе арзан дайын тағамдарды тұтынуға мәжбүр болады. Осы факторлар студенттердің физикалық және психоэмоциялық жағдайына әсер етіп, оқу үлгерімінің төмендеу қаупін тудырады [7].

Зерттеу тақырыбының өзектілігі: студенттердің тамақтану мәдениетін, олардың тамақтану әдеттерінің денсаулық жағдайына және оқу процесіне ықпалын жан-жақты талдау қажеттілігімен айқындалады [1, 2]. 1-курс студенттері жаңа ортаға бейімделу кезеңінде болғандықтан, олардың тамақтану тәртібі де күрт өзгеріске ұшырайды. Бұл өзгерістерді ғылыми тұрғыдан бағалау университеттерге, кураторларға және денсаулық сақтау мамандарына студенттер арасында тиімді профилактикалық және ағартушылық шаралар ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, 1-курс студенттерінің тамақтану орны, тамақ түрлері, тамақтану режимі және олардың психофизиологиялық жағдайы мен оқу үлгеріміне әсерін зерттеу – қазіргі жоғары білім беру кеңістігінде маңызды ғылыми әрі практикалық мәселе болып табылады [1, 2, 3].

*Зерттеудің мақсаты:*

1-курс студенттерінің тамақтану орны, тамақтану әдеттерінің ерекшеліктерін анықтап, олардың психофизиологиялық жағдайы мен академиялық үлгеріміне ықпалын кешенді бағалап, салауатты тамақтану мәдениетін дамытуға арналған ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу.

*Зерттеу міндеттері:*

Студенттердің дұрыс тамақтану принциптері, тамақтану тәртібі және тағам таңдауға әсер ететін факторлар туралы әдебиеттерді қарастыру, теориялық негізін анықтау.

1-курс студенттерінің тамақтану әдеттері, тамақтану режимі, шығындары және тамақ таңдаудағы ұстанымдарын сауалнама арқылы анықтау.

Сауалнама нәтижелерін өңдеп, студенттердің тамақтану дағдыларының ерекшеліктерін талдау және дұрыс тамақтануды жақсартуға бағытталған ұсыныстар әзірлеу.

*Материал және әдістер:*

Зерттеу Google Forms арқылы онлайн сауалнама жүргізу әдісімен жүзеге асырылды.

Зерттеуге 68 студент қатысты. Оның ішінде Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар Педагогикалық Университеті Жаратылыстану жоғары мектебі факультетінің 1 курс студенттері. Жас ерекшеліктері бойынша: 32 студент – 17 жаста, 23 студент – 18 жаста, 4 студент-16 жаста. Жыныстық ерекшеліктері бойынша: ер балалар саны – 21, қыз балалар саны – 47.

Зерттеу жұмысының барысында сауалнаманың «Қайда тұрасыз?» сұрағына қатысушылардың 22%-ы ата-анамен тұратындығын, 51,5%-ы жатақханада тұратындығын, ал 26,5%-ы пәтерде тұратындығын жауап берді (1-сурет).




1 - сурет – «Қайда тұрасыз?» сұрағына берілген жауаптарының үлестірілімі.

«Сіз көбінесе қай жерде тамақтанасыз?» сұрағына берілген жауаптардың үлестірілімі төмендегідей сипатталады: қатысушылардың 67,6%-ы үйде тамақтанатынын, 4,4%-ы фастфуд орындарын таңдайтынын, 13,2%-ы асханада, 8,8%-ы кафе-ресторандарда, ал 6%-ы дүкеннен дайын тағам алып тамақтанатынын атап өтті (2-сурет).

«Тамақтану психофизиологиялық жағдайы мен академиялық үлгерімге әсер етеді деп ойлайсыз ба?» сұрағына берілген жауаптардың үлестірілімі келесідей сипатталады: қатысушылардың 67,7%-ы дұрыс тамақтану үлгерімге оң әсер етеді деп есептесе, 8,8%-ы тамақтанудың теріс әсері бар деп ойлайды.




*2 - сурет – «Сіз көбінесе қай жерде тамақтанасыз?» сұрағына берілген жауаптардың үлестірілімі.*

Сондай-ақ 10,3%-ы тамақтану үлгерімге әсер етпейді деген пікірде болса, 13,2%-ы бұл туралы нақты жауап бере алмады (3-сурет).




*3 - сурет – «Тамақтану психофизиологиялық жағдайы мен академиялық үлгерімге әсер етеді деп ойлайсыз ба?» сұрағына берілген жауаптардың үлестірілімі.*

Зерттеу нәтижелері студенттердің тамақтану әдеттері бірқатар әлеуметтік және тұрмыстық факторларға тәуелді екенін көрсетті. Алдымен, қатысушылардың басым бөлігі үйде немесе жатақханада тұратынын атап өтті, бұл олардың тағамға қолжетімділігі мен күнделікті тамақтану форматына тікелей әсер етеді. Тұратын жер мен тамақтану орны арасында айқын байланыс байқалады: үйде тұратындар көбіне үй тағамын тұтынуға

бейім, ал жатақханадан шыққан студенттер асхана мен дайын өнімдерді жиі таңдайды.

Тамақтану орнына қатысты жауаптар студенттердің негізгі таңдауын – университет асханасы мен үй тағамы құрайтынын көрсетті. Фастфуд пен кафе сияқты нұсқалар төмен пайызда кездеседі, бұл бір жағынан қаржылық шектеулерді, екінші жағынан қолжетімді әрі жылдам тағамдарға деген сұранысты білдіреді. Күнделікті қолданатын тағам түрлерін талдау студенттердің маңызды бөлігінің үй тағамын, асхана тамағын және жартылай дайын өнімдерді бірге пайдаланып жүргенін көрсетеді. Сонымен бірге көкөніс-жемістер мен сүт өнімдерінің жиі таңдалуы белгілі бір деңгейде салауатты тамақтану дағдысының бар екенін байқатады.

Тамақтанудың оқу үлгеріміне әсері туралы пікірлердің басым бөлігі позитивті бағытта болды: студенттер дұрыс тамақтану энергия деңгейіне, зейінге және жалпы оқу тиімділігіне оң ықпал ететінін атап өтті. Бұл олардың тамақтану мәдениетіне қатысты жауапкершілік деңгейінің жоғары екенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, зерттеу студенттердің тамақтану стильдері тұратын жеріне, қолжетімді ресурстарына және жеке таңдауларына тәуелді екенін айқын көрсетті. Алынған мәліметтер студенттік ортада салауатты самақтануды қолдау шараларының өзектілігін дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері студенттердің тамақтану әдеттері бірқатар әлеуметтік және тұрмыстық жағдайларға тәуелді екенін көрсетті. Алдымен алынған мәліметтер бойынша, қатысушылардың басым бөлігі үйде немесе жатақханада тұратынын атап өтті. Бұл көрсеткіш олардың тағамға қолжетімділігіне және күнделікті тамақтану формасына айтарлықтай әсер етеді. Үйде тұратын студенттер көбіне үй тағамын таңдаса, жатақханада тұратындар арасында асхана мен дайын өнімдерді тұтыну жиірек байқалды.

Тамақтану орны туралы деректер студенттердің негізгі бөлігі университет асханасын немесе үй тағамын тұтынатынын көрсетті. Бұл таңдауды тамақтың қолжетімділігі, бағасы және уақытының үнемделуі анықтайды. Фастфуд пен кафе/ресторанды таңдағандар аз, бұл студенттердің қаржылық мүмкіндіктері мен күнделікті режимімен байланысты болуы ықтимал.

Күнделікті қолданылатын тағам түрлерін талдау студенттердің көпшілігі үй тағамын, асхана тамағын және жартылай дайын өнімдерді бірге қолданатынын көрсетті. Сонымен қатар көкөніс-жемістер мен сүт өнімдерінің жиі тұтынылуы олардың белгілі бір деңгейде пайдалы тамақтануға мән беретінін байқатады. Алайда фастфуд пен жоғары калориялы жеңіл тағамдардың да белгілі бір деңгейде қолданыста болуы студенттік ортада жылдам әрі арзан тағамдарға сұраныстың бар екенін дәлелдейді.

Тамақтанудың оқу үлгеріміне әсеріне қатысты жауаптар студенттердің көпшілігі дұрыс тамақтанудың оқу процесіне оң ықпал ететінін түсінетінін көрсетті. Олар энергия деңгейінің жоғары болуы,

зейіннің артуы және шаршаудың азаюы дұрыс тамақтануға байланысты екенін атап өтті. Бұл студенттердің тамақтану режиміне қатысты саналы көзқарасының қалыптасқанын білдіреді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері студенттердің тамақтану дағдылары олардың тұратын жеріне, экономикалық мүмкіндіктеріне және оқу режиміне байланысты қалыптасатынын көрсетті. Бұл мәліметтер студенттік ортада салауатты тамақтануды қолдау бағдарламаларын енгізудің өзектілігін айқындайды.

*Сауалнама нәтижесі бойынша проблема:*

- Студенттердің тамақтану әдеттері олардың тұратын жері, қолжетімді ресурстары және жеке таңдауларына тәуелді.

- Кейбір студенттер үшін дұрыс және салауатты тамақтану тұрақты түрде қамтамасыз етілмеуі мүмкін, бұл олардың оқу тиімділігіне және энергия деңгейіне кері әсерін тигізеді.

- Университет асханасы мен үй тағамына қолжетімділік кейбір студенттердің тамақтану таңдауын шектейді, ал фастфуд пен дайын өнімдерге тәуелділік артады.

Қорытынды:

Студенттердің дұрыс тамақтануы — олардың денсаулық жағдайын, энергия деңгейін, оқу белсенділігін сақтауда маңызды фактор екені анықталды. Әдебиеттерді талдау нәтижесінде дұрыс тамақтану принциптері, тағам құрамының маңызы және тамақтану режимінің рөлі теориялық тұрғыда негізделді.

Сауалнама нәтижелері 1-курс студенттерінің тамақтану әдеттерінде әркелкілік бар екенін көрсетті: бір бөлігі тұрақты тамақтанса, екінші бөлігі фастфуд пен дайын тағамды жиі тұтынады. Сондай-ақ, тамақтануға жұмсалатын шығындар мен тағам таңдау себептері студенттер арасында айтарлықтай өзгеше екені анықталды.

Тамақтанудың оқу үлгеріміне әсеріне қатысты жауаптар студенттердің көпшілігі дұрыс тамақтанудың оқу процесіне оң ықпал ететінін түсінетінін көрсетті.

Алынған деректерді талдай отырып, студенттердің тамақтану мәдениетін жақсарту үшін ақпараттық түсіндіру жұмыстары, денсаулыққа пайдалы тағамға қолжетімділікті арттыру, дұрыс тамақтану әдеттерін қалыптастыру бойынша ұсыныстар жасау қажет екені белгілі болды.

Студенттердің тамақтану мәдениетін және салауатты тамақтануды дамыту үшін келесі ұсыныстар ұсынылады:

1. Университеттегі тамақтану сапасын арттыру: Асханалар мен жатақхана асүйлерінде қолжетімді, құнарлы және теңгерімді тағам түрлерін көбейту. Әсіресе көкөністер, жемістер, сүт өнімдері мен сапалы ақуыз көздеріне басымдық беру.

2. Дұрыс тамақтану туралы ақпараттандыру жұмыстарын күшейту: Студенттерге тамақтану балансы, макро- және микронутриенттердің рөлі

туралы түсіндіретін ағартушылық бағдарламалар, тренингтер мен буклеттер ұйымдастыру.

3. Студенттердің тамақтану дағдыларын қалыптастыру: Рацион жоспарлау, пайдалы тағам таңдау және тамақтану режимін сақтау бойынша мастер-кластар, интерактивті сабақтар өткізу.

4. Мониторинг пен қолдауды жүйелі жүргізу: Студенттердің тамақтану әдеттерін сауалнама немесе мобильді қосымша арқылы тұрақты бақылап, алынған деректер негізінде түзету жұмыстары мен жеке ұсыныстар беру.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі


1. Андреева С.А. Основы рационального питания. – М.: Наука, 2021. – 239 с.
2. Шарманов, Т. Ш. Тамақтану гигиенасы. — Алматы, 2006. — 154 б.
3. Мартинчик, А. М., Маев, И. В., Петухов, А. Б. Питание человека (Основы нутрициологии). — Москва, 2002. — 572 с.
4. Даленов, Е. Д., Абдулдаева, А. А. Емдік тағамдар түрлері. — Астана, 2009. — 204 б.
5. Терехин, С. П., Ахметова, С. В., Талиева, Г. Н. Емдік тамақтану. — Қарағанды, 2006. — 276 б.
6. Кенесариев, У. И., Балмахаева, Р. М., Жоламанов, М. Е., Алимова, Н. Е. Тамақтану гигиенасы. — Алматы : Эверо, 2009.
7. Петров И.И. Формирование культуры питания у студентов: дис. канд. пед. наук. – М.: Московский педагогический государственный университет, 2020. – 180 с.
8. Шарманов, Т. Ш. Казахстан в контексте глобальных проблем питания. — Алматы, 2000. — 223 б.
9. Тутельян, В. А., Спиричев, В. Б., Суханов, Б. П. Сау және науқас адамның тамақтануындағы микронутриенттер. — Москва : Колос, 2002. — 424 б.
10. Иванова А.А. Особенности питания студентов и их влияние на успеваемость // Вестник педагогических исследований. – 2022. – Т. 26. – №3. – с. 15–24.
11. UNICEF; The Micronutrient Initiative. Vitamin & mineral deficiency : A global progress report. — 2005. — 43 p.
12. World Health Organization. Guiding principles for feeding non-breastfed children 6–24 months of age. — Geneva : WHO, 2005.

# ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЭЛЕМЕНТТЕРІН БИОЛОГИЯ ПӘНІНДЕ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДА ҚОЛДАНУ

***Адылханова А.М., Шамхиева А.А.***
*Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенттері*
*Павлодар қаласы*
***Н.П.Корогод***
*ғылыми жетекші: б.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Павлодар қ.*

**Аннотация:** Бұл мақалада жасанды интеллект (ЖИ) элементтерін биология пәніндегі зертханалық жұмыстарда қолданудың мүмкіндіктері мен артықшылықтары қарастырылады. Зертханалық жұмыстар биологияда теориялық білімді тәжірибе арқылы бекітуге және оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамытуға бағытталған. ЖИ технологиялары виртуалды зертханаларды құруға, деректерді жылдам өңдеуге және микроскопиялық зерттеулерді автоматтандыруға мүмкіндік береді. Бұл оқушыларға тәжірибелерді қауіпсіз ортада орындауға, қателерден қорықпай жұмыс жасауға және күрделі биологиялық процестерді түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар, ЖИ нәтижелерді талдау, графиктер жасау және қорытынды шығару процесін автоматтандырады. Бұл тәсіл оқу процесін жекелендіреді, зерттеушілік дағдыларды дамытады және биология пәніне қызығушылықты арттырады. Мақалада ЖИ қолданудың практикалық мысалдары мен қиындықтары, сонымен қатар оны енгізу жолдары да қарастырылады.

**Кілт сөздер:** Жасанды интеллект, биология, зертханалық жұмыстар, виртуалды зертхана, машиналық оқыту, компьютерлік көру, деректерді талдау, білім беру технологиялары, цифрлық білім, зерттеушілік дағдылар.

**Abstract:** This article examines the possibilities and benefits of applying artificial intelligence (AI) elements in biology laboratory work. Laboratory activities aim to reinforce theoretical knowledge through practical experience and to develop students' research skills. AI technologies enable the creation of virtual laboratories, rapid data processing, and automation of microscopic studies. These tools allow students to safely conduct experiments, work without fear of mistakes, and understand complex biological processes. Furthermore, AI automates result analysis, chart creation, and conclusion drawing. This approach personalizes learning, enhances research skills, and increases interest in biology. The article also presents practical examples of AI use, potential challenges, and ways to implement AI in the educational process, demonstrating its significant impact on improving the effectiveness and engagement of biology education.

**Keywords:** Artificial intelligence, biology, laboratory work, virtual laboratories, machine learning, computer vision, data analysis, educational technologies, digital education, research skills.

**Аннотация:** В статье рассматриваются возможности и преимущества применения элементов искусственного интеллекта (ИИ) в лабораторных работах по биологии. Лабораторные работы направлены на закрепление теоретических знаний через практику и развитие исследовательских навыков учащихся. Технологии ИИ позволяют создавать виртуальные лаборатории, быстро обрабатывать данные и автоматизировать микроскопические исследования. Это помогает студентам безопасно проводить эксперименты, работать без страха ошибок и понимать сложные биологические процессы. Кроме того, ИИ автоматизирует анализ результатов, построение графиков и выводы. Такой подход персонализирует обучение, развивает исследовательские

способности и повышает интерес к предмету биология. В статье также рассматриваются практические примеры применения ИИ, возможные сложности и пути его внедрения в образовательный процесс.

**Ключевые слова:** Искусственный интеллект, биология, лабораторные работы, виртуальные лаборатории, машинное обучение, компьютерное зрение, анализ данных, образовательные технологии, цифровое образование, исследовательские навыки.

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесі жаһандық цифрландыру үдерісінің ықпалында қарқынды өзгеріске ұшырауда. Әсіресе, жаратылыстану пәндерін оқытуда дәстүрлі әдістерді заманауи технологиялармен ұштастыру қажеттілігі артып отыр. Биология пәніндегі зертханалық жұмыстар – оқушылардың теориялық білімін тәжірибе арқылы бекітудің негізгі құралы болып табылады. Алайда, мектептер мен жоғары оқу орындарында зертханалық жұмыстарды ұйымдастыру барысында материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі, қауіпсіздік талаптары, уақыт шектеулері және құрал-жабдықтардың қымбаттылығы сияқты бірқатар мәселелер туындайды [5].

**Өзектілігі** жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын білім беру үдерісіне енгізу ерекше өзектілікке ие. ЖИ элементтері (машиналық оқыту, компьютерлік көру, нейрондық желілер, табиғи тілді өңдеу, виртуалды және кеңейтілген шындық) биологиядағы зертханалық жұмыстарды жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Олар күрделі биологиялық процестерді модельдеуге, деректерді жедел әрі дәл талдауға, сондай-ақ оқу процесін жекелендіруге жағдай жасайды [4].

Сонымен қатар, ЖИ-ді қолдану қашықтан оқыту жағдайында да зертханалық тәжірибелерді тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе ауылдық және ресурстық мүмкіндіктері шектеулі білім беру ұйымдары үшін маңызды. ЖИ негізіндегі виртуалды зертханалар қауіпсіз ортада тәжірибе жүргізуге, оқушылардың қателесуден қорықпай білім алуына және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға ықпал етеді [1, 2].

Осылайша, жасанды интеллект элементтерін биология пәніндегі зертханалық жұмыстарға енгізу – білім беру сапасын арттырудың, оқыту процесін жаңғыртудың және болашақта бәсекеге қабілетті, цифрлық сауатты мамандар даярлаудың маңызды бағыты болып табылады. Сондықтан аталған тақырып қазіргі ғылым мен білім беру жүйесі үшін жоғары дәрежеде өзекті болып саналады [4].

**Мақсаты** – жасанды интеллект (ЖИ) элементтерін биология пәніндегі зертханалық жұмыстарға енгізудің теориялық негіздерін талдау, олардың оқу үдерісіндегі тиімділігін анықтау және білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытудағы мүмкіндіктерін бағалау болып табылады. Сонымен қатар, ЖИ технологияларын (компьютерлік көру, машиналық оқыту, нейрондық желілер, виртуалды зертханалар және табиғи тілді өңдеу) қолданудың практикалық мысалдарын қарастыра отырып, оларды білім беру жүйесіне енгізудің жолдарын ұсыну көзделеді [4].

Қазіргі цифрлық дәуірде жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары білім беру саласын түбегейлі өзгертіп жатыр. Биология пәні – тірі организмдердің құрылысын, қызметін және қоршаған ортамен байланысын зерттейтін ғылым ретінде зертханалық жұмыстарға өте тәуелді. Дәстүрлі зертханалық сабақтарда оқушылар мен студенттер микроскоп арқылы бақылау жүргізеді, тәжірибелер орындайды, деректер жинайды және талдайды. Алайда, уақыт шектеуі, қауіпсіздік мәселелері, қымбат жабдықтар және материалдардың жетіспеушілігі сияқты қиындықтар жиі кездеседі [4]

Жасанды интеллект элементтерін (машиналық оқыту, компьютерлік көру, нейрондық желілер, табиғи тілді өңдеу және виртуалды симуляциялар) зертханалық жұмыстарға енгізу осы мәселелерді шешуге, оқу үрдісін тиімдірек, қауіпсіз және қызықты етуге мүмкіндік береді. Бұл мақалада ЖИ-дің биология пәніндегі зертханалық жұмыстардағы қолданылуы, нақты мысалдары, артықшылықтары мен қиындықтары қарастырылады. Жасанды интеллект – компьютерлік жүйелердің адам интеллектін имитациялау қабілеті. Биология зертханаларында ең жиі қолданылатын элементтер:

**Компьютерлік көру (Computer Vision) –** суреттер мен бейнелерді автоматты түрде талдау [2].

**Машиналық оқыту (Machine Learning)** – үлкен деректер жиынтығынан үлгі тану және болжау [4].

**Нейрондық желілер** – күрделі биологиялық процестерді модельдеу [4].

**Табиғи тілді өңдеу (NLP)** – ChatGPT, Grok сияқты үлкен тілдік модельдер арқылы нұсқаулар беру және сұрақтарға жауап беру [4].

**Виртуалды және кеңейтілген шындық (VR/AR)** – виртуалды зертханалар [1, 2].

Бұл технологиялар дәстүрлі зертхананы цифрлық ортаға ауыстырады немесе толықтырады.

**Микроскопиялық суреттерді талдау.** Студенттер микроскоп арқылы жасушаларды, бактерияларды немесе өсімдік тіндерін бақылайды. ЖИ-дің компьютерлік көруі (мысалы, ImageJ плагиндері немесе Google’s DeepMind технологиялары) суреттерді автоматты түрде өңдейді: жасушаларды санау, пішін мен өлшемді анықтау, патологиялық өзгерістерді анықтау [2]. Мысал: оқушылар өз ұялы телефондарымен микроскоп суретін түсіріп, iNaturalist немесе PlantNet қосымшаларына жүктейді. ЖИ бірнеше секундта өсімдік немесе жануар түрін анықтайды және ғылыми ақпарат береді [3].

**Виртуалды зертханалар және симуляциялар** Labster, PhET Interactive Simulations және Geniverse платформалары – ЖИ-дің виртуалды зертханаларының жарқын мысалы [1, 2].

**Labster**: студенттер виртуалды микроскопта ДНҚ-ны бөледі, генетикалық эксперименттер жүргізеді. ЖИ қателіктерді талдайды және жеке кері байланыс береді [1, 2].

**PhET**: биологиялық процестерді (фотосинтез, клетка тынысы) интерактивті модельдейді [1, 2].

**Geniverse**: генетика заңдарын зерттеуге арналған ойын түріндегі зертхана. Бұл платформалар қауіпті химиялық заттармен жұмыс істеудің қажеттілігін жояды және қашықтан оқуға мүмкіндік береді [1, 2].

**Деректерді жинау және статистикалық талдау.** Зертханалық жұмыстарда өсімдік өсуі, бактерия колониясының көбеюі немесе ген экспрессиясы сияқты деректер жиналады. Машиналық оқыту (Python-дағы scikit-learn немесе Google Colab) деректерді автоматты түрде талдайды, графиктер салады, корреляциялар табады және болжам жасайды [4]. Мысал: оқушылар өсімдіктердің әртүрлі жағдайдағы өсуін өлшейді, ЖИ-дің нейрондық желісі «қандай фактор ең маңызды?» деген сұраққа жауап береді.

**ЖИ-дің виртуалды ассистенті (ChatGPT, Grok және т.б.).** Студенттер зертханалық нұсқаулықты түсінбесе, гипотеза құрастырғысы келсе немесе есепті талқылағысы келсе, ЖИ-мен сөйлесе алады (кесте 1-3). ЖИ қауіпсіздік ережелерін еске салады, әдістемені түсіндіреді және нәтижелерді талдауға көмектеседі [4].

*1 кесте*

| № | Аспект | Дәстүрлі зертханалық жұмыс | ЖИ элементтерін қолданған жұмыс | Артықшылығы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Микроскоппен бақылау | Нақты микроскоп, шыны препараттар | Виртуалды 3D микроскоп (Labster) | Қауіпсіз, қымбат жабдық қажет емес |
| 2 | Жасуша компоненттерін тану | Оқушы өз бетінше сурет салады | Автоматты сурет талдау (ImageJ, DeepLearnMOR, Google Lens) | Жылдам, дәл, жасушаларды санау автоматты |
| 3 | 3D құрылымды көру | 2D жалпақ сурет | Интерактивті 3D модель (Labster, PhET) | Ішкі құрылымды толық көруге мүмкіндік |
| 4 | Деректер талдауы | Қолмен есептеу және график салу | Машиналық оқыту (Python/Google Colab) | Лезде графиктер, болжамдар |
| 5 | Кері байланыс | Мұғалімнің тексеруі | ЖИ-дің лезде түсініктемесі (Grok, ChatGPT) | Әр оқушыға жеке кері байланыс |

*2 Кесте. Нақты ЖИ құралдары және олардың қолданылуы*

| ЖИ құралы / Платформа | Қолданылу түрі | Мысал әрекеті | Қолжетімділік |
|---|---|---|---|
| Labster Virtual Lab | Виртуалды зертхана | Өсімдік жасушасын 3D-де зерттеу, органеллаларды сәйкестендіру | Интернет арқылы |
| PhET Interactive Simulations | Интерактивті модельдер | Фотосинтез және жасуша құрылысы процестерін модельдеу | Тегін |
| PlantNet / Google Lens | Компьютерлік көру | Телефонмен түсірілген суреттен өсімдік түрін және жасушаларды тану | Мобильді қосымша |
| ImageJ + AI плагиндер | Суреттерді автоматты талдау | Жасушаларды санау, хлоропластардың өлшемін өлшеу | Тегін |
| Grok / ChatGPT | Виртуалды ассистент | Сұрақтарға жауап беру, гипотеза құрастыру, нәтижені талдау | Онлайн |
| DeepLearnMOR (зерттеу үлгісі) | Органеллаларды терең оқыту | Микроскоп суреттерінен хлоропласт пен митохондрияны автоматты ажырату | Зерттеу деңгейі |

*3 Кесте 45 минуттық сабақ жоспары*

| Уақыт | Сабақ кезеңі | Қолданылатын ЖИ элементі | Оқушының әрекеті |
|---|---|---|---|
| 0–10 мин | Кіріспе және мақсат қою | Grok/ChatGPT | Тақырыппен танысу, сұрақ қою |
| 10–30 мин | Негізгі зерттеу | Labster немесе PhET + PlantNet | Виртуалды жасушаны зерттеу, сурет талдау |
| 30–40 мин | Деректер талдауы және қорытынды | ImageJ немесе Google Colab | График салу, нәтижені талқылау |
| 40–45 мин | Рефлексия және бағалау | ЖИ ассистенті | «ЖИ қалай көмектесті?» деген сұраққа жауап |

**Артықшылықтары:**

**Қауіпсіздік**: қауіпті заттармен жұмыс істеудің қажеті жоқ.

**Қолжетімділік**: ауылдық мектептерде де қымбат жабдықсыз зертхана жұмысы мүмкін.

**Жекелендіру**: әр оқушының қарқынына сәйкес тапсырмалар беріледі.

**Мотивация**: интерактивті ойындар мен лезде кері байланыс оқуды қызықты етеді.

**Дәлдік**: адам қатесін азайтады, нәтижелерді жылдам өңдейді.

**Экологиялық пайда**: химиялық қалдықтар азаяды.

**Техникалық мәселелер**: интернет жылдамдығының төмендігі, құрылғылардың жетіспеушілігі.

**Шешу**: офлайн режимдегі қосымшаларды (мысалы, мобильді версиялар) және мектептің компьютер кластарын пайдалану.

**Оқытушылардың дайындығы**: көп мұғалімдер ЖИ-ді әлі толық меңгермеген.

**Шешу**: Қазақстанда «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында онлайн-курстар ұйымдастыру.

**Этикалық және ғылыми мәселелер**: ЖИ-дің қатесі, деректердің құпиялылығы, плагиат қаупі.

**Шешу**: ЖИ-дің нәтижелерін тексеру және этикалық ережелерді енгізу.

**Қазақстандағы жағдай**: интернет және құрылғылардың теңсіздігі бар, бірақ «Білімді Қазақстан» жобасы виртуалды платформаларды енгізуді қолдайды. Жасанды интеллект элементтерін биология пәніндегі зертханалық жұмыстарға енгізу – болашақтың қажеттілігі. Ол оқушылардың ғылыми ойлау қабілетін дамытады, практикалық дағдыларды тереңдетеді және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік деңгейге көтереді. Мектептер мен жоғары оқу орындарына Labster, PhET, iNaturalist сияқты тегін немесе қолжетімді платформаларды енгізу, оқытушыларды оқыту және инфрақұрылымды жақсарту қажет. ЖИ – мұғалімнің орнын баспайды, керісінше, оның көмекшісіне айналады. Осылайша, біз жаңа буын биологтарды – цифрлық сауатты, инновациялық ойлайтын мамандарды тәрбиелей аламыз [5].

## Қолдалынған әдебиеттер тізімі


1. Labster.com – виртуалды зертханалар. : https://www.labster.com
2. PhET Interactive Simulations (University of Colorado). https://phet.colorado.edu
3. iNaturalist.org – ЖИ-дің түрлерді тануы. https://www.inaturalist.org/
4. UNESCO.*Artificial Intelligence in Education: Guidance for Policy-makers.* Paris: UNESCO Publishing, 2023. 15–48 бб. https://unesdoc.unesco.org/
5. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2020. 25–60 бб. https://www.gov.kz


# ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДА ЖОБАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ТИІМДІЛІГІ


***Ерсайын С.Ж., Жармаханова А.А.***

*Қызылорда қ., Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, 7М01517 – Биология ББББ, 1 курс магистранттары.*



**Аңдатпа:** Мақалада қазіргі білім беру жүйесіндегі жоба әдісін қолданудың мәні мен маңыздылығы жан-жақты талданады. Бұл әдістің негізінде білім алушылардың белсенді зерттеушілік және шығармашылық іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы олардың танымдылық белсенділіктерін арттыру, пәндік білімдерін тәжірибемен ұштастыру мақсаты жатыр.

Жоба әдісі нақты мәселені шешу барысында түрлі білім салаларын біріктіріп, оқушылардың логикалық ойлау, проблеманы талдау, шешім қабылдау және нәтижені

бағалау қабілеттерін дамытады. Бұл тәсіл оқу процесін жандандырып қана қоймай, білім алушылардың өз бетімен жұмыс жасау, топпен ынтымақтаса әрекет ету дағдыларын қалыптастырады және білім алушылардың теориялық білімін нақты практикалық әрекет арқылы бекітуге жол ашады.

Сонымен қатар, жоба әдісін тиімді жүзеге асыру оқытушыдан кәсіби-педагогикалық құзыреттілікті, ғылыми-зерттеу әдістерін меңгеруді және білім алушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескеруді талап етеді. Оқытушының рөлі жоба жұмысының кезеңдеріне байланысты өзгеріп отырады: жоба жоспарын құруда — кеңесші мен бағыттаушы, орындалу барысында — қолдаушы және бағалаушы ретінде көрінеді.

**Тірек сөздер:**жоба әдісі, технология, танымдылық белсенділік, ғылыми-зерттеу, ғылыми жоба, практикалық әрекет, білім беру жүйесі.

**Аннотация:** В статье всесторонне рассматриваются сущность и значение проектного метода в современной системе образования. В основе данного метода лежит организация активной исследовательской и творческой деятельности обучающихся с целью повышения их познавательной активности и интеграции предметных знаний с практикой.

Проектный метод способствует развитию у обучающихся логического мышления, умения анализировать проблему, принимать решения и оценивать результат, объединяя при этом знания из различных областей для решения конкретной задачи. Такой подход не только оживляет учебный процесс, но и формирует навыки самостоятельной работы, взаимодействия в группе, а также позволяет закрепить теоретические знания посредством практической деятельности.

Кроме того, эффективная реализация проектного метода требует от преподавателя профессионально-педагогической компетентности, владения научно-исследовательскими методами и учета психологических особенностей обучающихся. Роль преподавателя варьируется в зависимости от этапов выполнения проекта: на этапе планирования он выступает как консультант и направляющий, а в процессе реализации — как помощник и оценщик.

**Ключевые слова:** проектный метод, технология, познавательная активность, научное исследование, научный проект, практическая деятельность, система образования.

**Abstract:** This article provides a comprehensive analysis of the essence and significance of the project-based method in the modern education system. The foundation of this method lies in organizing active research and creative activities of students, aiming to enhance their cognitive engagement and integrate subject knowledge with practical application.

The project-based method fosters the development of students' logical thinking, problem analysis, decision-making, and result evaluation skills, while also combining knowledge from various fields to solve specific tasks. This approach not only revitalizes the learning process but also helps students acquire skills in independent work, teamwork, and reinforces theoretical knowledge through practical activities.

Moreover, the effective implementation of the project method requires the educator to possess professional and pedagogical competence, master research methods, and consider the psychological characteristics of learners. The teacher's role changes depending on the stage of the project: during the planning phase, the teacher acts as a consultant and guide, and during the implementation phase — as a supporter and evaluator.

**Keywords:** project method, technology, cognitive activity, scientific research, scientific project, practical activity, education system.

**Кіріспе**

Жобалау технологиясы – оқушылардың жоспарлау және күрделене беретін тапсырмаларды орындау арқылы меңгеретін білімі. Ағылшын тілінен аударғанда «cooperative learning» – бірге үйрену деген мағынаны білдіреді. Жобалау технологиясы XIX ғасырдың 2-ші жартысында АҚШ ауылшаруашылығы мектептерінде пайда болған.Оның негізін қалаған – Джон Дьюи атты психолог және педагог, философ.Дьюидің ілімін жалғастырушы – Колумбия университетінің жанындағы мұғалімдер колледжінің профессоры Уильям Херд Килпатриктің ойынша, балаларды өз жұмысының жемісін көруге ынталандыру арқылы үлкен өмірге дайындау – бұл технологияның негізі. «Өзіне көйлек тігіп киген бойжеткенді мысалға алайық. Егер ол кейін өзі киетін көйлегі үшін жанын аямай, ерінбей, аса қызығушылықпен көйлек үлгісін өзі ойлап тауып, өз бетімен өлшеп, пішіп, тігіп кисе – бұл мысал жобалау технологиясының нағыз типтік үлгісі» – деген екен Хилпатрик.

XX ғасырдың басында жобалау технологиясы Ресей педагогтарының назарын өзіне аудара бастайды. Дегенмен, бірқатар себептерге байланысты, бұл әдістеме кеңінен таралмай, тоқтап қалды:

- жоба жұмысымен жұмысты ұйымдастыра білетін мұғалімдердің болмауы;
- жоба жұмысының әдістемесінің жасалмауы;
- жеке баға мен сынақты ұжымдық сынаққа көшіру салдарынан жеке оқушы білімінің төмендеуі т.б. себептер.

Кеңес үкіметі кезеңіндегі мектептерде жобалау технологиясын енгізуге асықпай жүргенде, ағылшын тілінде сөйлейтін мемлекеттерде: АҚШ-та, Канадада, Англияда, Австралия және Жаңа Зеландияда ол кеңінен таралып жатты. Еуропаның да бірқатар мемлекеттерінде ол кең тамырын терең жая бастады. Қазіргі уақытта әдістемелік және педагогикалық әдебиетте «жобалар» әдісі жеткілікті ашылған, бірақ биология пәнін оқыту барысында жобаны жүзеге асыру мүмкіндігі тек кейбір авторлармен қаралды. Солардың ішінде Н.Ю.Пахомова, М.Б.Романовская, Л.В.Ляхова, Е.С.Полат т.б. келесі талаптарды бөліп көрсетеді:

1. Интеграцияланған білім берудің ізденіс жоспарында зерттеуді талап маңызды проблеманың болуы;
2. Болжанатын нәтижелердің практикалық, теориялық, танымдық маңыздылығы;
3. Оқушылардың өзіндік (жеке, жұптық, топтық) қызметі;
4. Жобаның мазмұндық бөлігін кезең-кезеңмен құрылымдау;
5. Іс-әрекеттердің нақты бір реттілігін көздейтін зерттеу әдістерін пайдалану: проблеманы және одан туындайтын зерттеу міндеттерін анықтау (зерттеу барысында «миға шабуыл» әдісін, ғылыми ісшараның белгілі бір формасы «дөңгелек үстелді» пайдалану); гипотезаларды ұсыну және оларды шешу; зерттеу әдістерін талқылау (статистикалық, эксперименттік әдістер, бақылау және т.б.); соңғы нәтижелерді ресімдеу тәсілдерін талдау

(презентацияларды қорғау, шығармашылық есептер, және т.б.); алынған мәліметтерді жинау, жүйелеу және талдау; қорытынды жасау, нәтижелерді ресімдеу, оларды таныстыру; қорытынды, зерттеудің жаңа проблемаларын айқындау. Жобалау технологиясын қолданудағы негізгі мақсат – білім алушылардың танымдылық белсенділігін арттырып, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы оқушыны болашақта әр түрлі жағдаяттарда, әр түрлі қоғамдық ортада өзін-өзі көрсете білуге бейімдеу.

Жоба әдісімен оқыту оқушыларға көптеген тәрбиелік міндеттерді шешуге және тұлғалық: іскерлік, жігерлілік, жауапкершілік қасиеттерін дамытуға көмектеседіжәне оқушыларға өз қабілеттері мен даралығын көрсетуге, олардың практикалық іс-әрекетінің дағдылары мен біліктерінің, зерттеу құзыреттерін қалыптастыруына мүмкіндік береді.

Сонымен, жоба әдісінің тиімділігі –оқушыны ізденіске, іскерлік пен танымдылық белсенділікке, өз білімдерін өз бетінше құрастыра білуге, алынған ақпаратты талдауға, гипотезалар шығаруға және зерттеушілікшығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білуге, тапқырлыққа, жаңа ғылыми ізденіске жетелейді.

Нәтижелер мен талқылау

Жобаны жүзеге асыру – 3 кезеңнен тұрады: дайындық, негізгі және қорытынды. Әр кезеңде әр түлі тапсырмалар шешіледі, қатысушылар мен мұғалімнің іс-әрекеті белгіленеді.

Мына кестеде жоба технологиясының жүйелі кезеңдері көрсетілген.

*Кесте 1. Жоба технологиясының жүйелі кезеңдері.*

| **Кезеңдер** | **Жұмыстың мазмұны** | **Қатысушының іс-әрекеті** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** |
|---|---|---|---|
| **1. Дайындық кезеңі** | | | |
| Мотивация және мақсат кезеңі | а) тақырыпты белгілеу;<br>б) бір немесе бірнеше проблеманы шығару;<br>в) соңғы шығаратын нәтижесінің мақсатын белгілеу; | Алған ақпараттарды нақтылау;<br>Тапсырманы талқылау;<br>Мәселені туындату; | Қатысушыларды қызықтыру, ынталандыру;<br>Жобаны құруға көмектесу;<br>Қадағалау; |
| Жоспарлау кезеңі | а) проблеманы талдау, болжау жасау, әр болжамды негіздеу;<br>б) ақпарат көзін анықтау, оларды жинау тәсілі мен болжау;<br>в) тапсырмалар құру, критерийлер таңдау, нәтижесін бағалау; | Болжау жасайды, проблеманың шешімін табады, ақпарат көзін анықтайды; | Талдауға және тұжырым жасауға көмектеседі; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Шешім қабылдау кезеңі | а) қабылданған болжауларды тексеру тәсілдерін талқылау<br>б) тиімді варианттар таңдау;<br>в) нәтижесін көрсету тәсілін анықтау;<br>г) ақпарат жинау; | Тексеру әдістерін талқылау;<br>Тиімді әдіс-тәсілдерді таңдау;<br>Ақпарат көзін нақтылау. | Қадағалайды, кеңес береді, қосымша жетекшілік жасайды; |
| **2. Негізгі кезең** | | | |
| Жобаны іске асыру | а) Керекті ақпаратты іздеу;<br>б) болжауларды қолдайтын және оларға қарсы пікірлерді жинақтау. | Ақпаратпен жұмыс жасау, зерттеу жүргізіледі, идеяларды іріктейді, талдау жүргізіледі. | Қадағалайды, болжау процессін бағыттайды, |
| **3. Қорытынды кезең** | | | |
| Жобаны қорғау | а) баяндама дайындау;<br>б) жобалау кезеңін негіздеу;<br>в) алынған нәтижесін түсіндіру;<br>г) жобаны топпен қорғау; | Жобаны қорғау | Қадағалайды, қорғау процесін бағыттайды, оқушы ролінде сұрақ қояды. |

Жобаларды жіктеудің көптеген тәсілдері бар:

1. Құрылымы бойынша: ақпараттық, зерттеу, тәжірибелік-бағытталған, рөлдік, шығармашылық.

а) ақпараттық жоба қандай да бір объект немесе құбылыс туралы ақпаратты талдау, қорыту және кең аудиторияға ақпарат беру мақсатында жинауға бағытталған. Мысалы, белгілі бір өсімдіктің, жануардың немесе экологиялық жүйенің ерекшеліктерін зерттеп, олардың маңыздылығы туралы ақпарат беру. Бұл жоба аясында ғылыми әдебиеттерге шолу жасау, статистикалық деректерді талдау және алынған нәтижелерді инфографика, мақала немесе презентация түрінде ұсыну қарастырылады;

ә) зерттеу жобасы ғылыми зерттеуді еске салады. Ол таңдалған тақырыптың өзектілігін негіздеуді зерттеу тапсырмасын қоюды, гипотезаны міндетті түрде ұсынуды, кейін оны тексерумен, алынған нәтижелерді талқылауды және талдауды қамтиды;

б)тәжірибелік-бағытталған жоба – жобаның қатысушыларының қызығушылықтарына негізделген және нақты әлеуметтік немесе ғылыми мәселелерді шешуге бағытталған зерттеу түрі. Мысалы, «Гигиена ережелері не үшін оқытылады? Қазіргі өмірде оларды білу не үшін маңызды?»;

в) рөлдік жоба – оқушылардың белгілі бір биологиялық объектілердің, процестердің немесе тірі ағзалардың рөлін сомдай отырып, тақырыпты тереңірек меңгеруге бағытталған зерттеу түрі. Бұл әдіс арқылы оқушылар ғылыми ақпаратты шығармашылық тұрғыда ұсынады және өзара қарым-қатынас арқылы білімдерін бекітеді. Мысалы: «Ағзаның иммундық жүйесі» рөлдік жобасында оқушылар иммундық жүйенің әртүрлі компоненттерінің

(ақ қан жасушалары, антиденелер, вирустар, бактериялар) рөлін ойнап, ағзаға инфекция түскен кезде оның қалай қорғанатынын сахналық қойылым түрінде көрсетеді.

г)шығармашылық жоба оның орындалуы мен нәтижелерін таныстырудың барынша еркін және дәстүрлі емес тәсілін көздейді. Бұл тәсіл оқушыларға ғылыми ақпаратты өнер, театр, бейнежазба немесе басқа да креативті форматтар арқылы ұсынуға мүмкіндік береді;

2. Білім бейіні бойынша:

а) моножоба – бір оқу жобасы аясында;

ә) пәнаралық – екі немесе одан да көп пән шеңберінде.

3. Қатысушылар саны бойынша:

а) жеке;

ә) жұптық;

б) ұжымдық.

4. Байланыс сипаты бойынша:

а) сынып ішілік;

ә) мектеп ішілік;

б) аймақтық;

в) халықаралық.

5. Жобаның орындалу мерзіміне қарай:

а) қысқа мерзімді;

ә) орташа мерзімді (1-2 ай);

б) ұзақ мерзімді (1 жылға дейін).

**Қорытынды**

Жоба әдісі бойынша өткізілген сабақтар оқушы бойындағы қабілеттілік пен қызығушылықты дамытып қана қоймай, олардың танымдылық белсенділігін арттыруға зор ықпал етеді. Мұндай сабақтарда оқушы өз бетінше ойлануға, мәселені шешуге, зерттеуге және пікір айтуға үйренеді. Әр оқушының жекелеген мүмкіндіктері ашылып, өзіндік ізденіс арқылы білім алу дағдысы қалыптасады. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, өзгелердің пікіріне сыни көзбен қарауға дағдыланады. Бұл үдеріс олардың танымдық қабілеттерінің артуына және белсенді қатысуына септігін тигізеді.

Жалпы, жобалық технология – оқушылардың танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған тиімді әдістердің бірі. Ол білім беру процесін ұйымдастырудың жаңашыл моделі бола отырып, оқушылардың интеллектуалды және шығармашылық әлеуетін ашады. Жоба құрылымы – мәселені талдаудан бастап, оны шешуге арналған нақты әрекеттерді жоспарлап, нәтижеге жетуді көздейді. Осы арқылы оқушыда терең ойлау, креативтілік, сыни көзқарас және мәселені шешу дағдысы қалыптасады.

Мұғалім жоба әдісі арқылы оқушыны өз бетімен білім алуға, ақпаратты жүйелеп, оны нақты дәлелдермен ұсынуға баулиды. Бұл өз кезегінде оқушының танымдылық белсенділігін арттырумен қатар, зерттеушілік, сараптау, талдау, жинақтау дағдыларын дамытуға мүмкіндік

береді. Сондай-ақ, жобаның белгілі бір мерзімге негізделуі оқушыларды уақытты тиімді басқаруға да үйретеді. Мұндай дағдылар – оқушының болашақ өмірінде қолдана алатын маңызды қасиеттер болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. Э.Тұрдалиева, Ақынова Ж.Жобалау технологиясын қолдану әдістері //Биология. №5, 2006, 36-40бб.
2. Тяглова Е. В. (2008) Исследовательская и проектная деятельность учащихся по биологии». Москва: Глобус. - 255 с.
3. Қисымова Ә.Қ., УвалиеваТ.Ж.Оқытутехнологиялары. – Алматы. 2007, 204 б.
4. Полат Е.С. Метод проектов: история и теория вопроса. Современные педагогические и информационные технологии в системе образования. – М.: Изд. центр «Академия», 2010. – С. 193–200.
5. Чибаков А.С. Исследование развития познавательной активности учащихся в условиях среднего профессионального образования // Научный диалог. - 2016. - № 4 (52). - С. 395 - 408.
6. Турабаева Г. К., Маханов Т. Ш., Битемирова Ш. А., Оспанова Г. С., Бозшатаева Г. Т. (2016) Анализ применения метода проектов в образовательной школе // Международный журнал экспериментального образования. № 3-1. – С. 86-88.
7. Поливанова К. Н. (2011) Проектная деятельность школьников: пособие для учителя. М.: Просвещение. – 192 с.
8. Сторожева Н. В. (2008) О возможности использования на уроках биологии метода учебных проектов // Муниципальное образование: инновации и эксперимент. №2. С.62-67.


# ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА ЖОБАЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚҰРАЛДАРЫМЕН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ


*Павлодар педагогикалық университетінің студенті,*
***Д.Н. Ануарбекова***
*ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, докторант*
***А.К. Елемесов***



Мақалада география сабақтарында жобалық оқыту технологиясын жасанды интеллект құралдарымен біріктірудің теориялық негіздері мен практикалық моделі зерттеледі. Зерттеу мақсаты — интеграцияланған педагогикалық модельді теориялық тұрғыдан негіздеу, тәжірибелік деректерді талдау және қолдану ұсыныстарын тұжырымдау. Нәтижелер ЖИ-ді жобалық оқытуға енгізу оқушылардың картографиялық дағдыларын, сыни ойлауын және зерттеушілік белсенділігін арттыратынын көрсетеді.

В статье рассматриваются теоретические основы и практическая модель интеграции технологии проектного обучения с инструментами искусственного интеллекта на уроках географии. Цель исследования — теоретически обосновать интегрированную педагогическую модель, проанализировать экспериментальные данные и сформулировать практические рекомендации. Результаты показывают, что внедрение искусственного интеллекта в проектное обучение способствует развитию

картографических навыков, критического мышления и исследовательской активности учащихся.

The article examines the theoretical foundations and practical model of integrating project-based learning technology with artificial intelligence tools in geography lessons. The aim of the study is to theoretically substantiate an integrated pedagogical model, analyze empirical data, and develop practical recommendations. The results show that the implementation of artificial intelligence in project-based learning enhances students' cartographic skills, critical thinking, and research activity.

***Түйінді сөздер****: жобалық оқыту, жасанды интеллект, география, цифрлық дағдылар.*

***Ключевые слова****: проектное обучение, искусственный интеллект, география, цифровые навыки.*

***Keywords****: project-based learning, artificial intelligence, geography, digital skills.*

Білім берудің жаһандық трансформациясы мұғалімдерден оқушыны тек білім алушы ретінде емес, белсенді зерттеуші ретінде қалыптастыруды талап етеді. Географиялық білім бұл тұрғыдан ерекше орын алады: пән табиғат, қоғам және экономиканы кешенді қамти отырып, оқушының кеңістіктік ойлауын, экологиялық санасын және жүйелі талдау қабілетін дамытады [1, 3 б].

Дәстүрлі сабақ форматтары — лекция, оқулықпен жұмыс, стандартты тест — оқушының танымдық белсенділігін Блум таксономиясының жоғары деңгейлеріне жеткізуде шектелетіні педагогикалық зерттеулерде дәлелденген [2, 380 б.]. Осы олқылықты жою үшін жобалық оқыту технологиясы тиімді балама ретінде танылады. PBL оқушыны нақты мәселені шешуге, деректер жинауға, қорытынды жасауға және нәтижені таныстыруға жетелейді [3].

Соңғы жылдары жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының, атап айтқанда үлкен тілдік модельдер мен геоақпараттық жүйелердің мектеп практикасына белсенді енуі жобалық оқытудың дидактикалық мүмкіндіктерін едәуір кеңейтті [4]. ChatGPT, Google Gemini, Microsoft Copilot сияқты платформалар оқушыларға зерттеу болжамдарын тұжырымдауға, деректерді талдауға және ғылыми мәтіндерді игеруге жәрдем бере алады. Google Earth Engine, ArcGIS Online сияқты ГАЖ-платформалардағы ЖИ алгоритмдері спутниктік деректерді өңдеу мүмкіндігін мектеп деңгейіне сай ыңғайлады [5, 20 б.].

Осыған қарамастан, аталған технологиялардың географиялық жобалық оқытуға интеграциясының педагогикалық моделі ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан жеткілікті зерттелмеген, әсіресе Қазақстан мектептері контекстінде бұл бағыт жаңа ғана қалыптасуда [6].

Зерттеудің мақсаты — география пәні бойынша жобалық оқыту үдерісіне жасанды интеллект технологияларын енгізуге арналған педагогикалық модельді ғылыми тұрғыдан негіздеу, оның нәтижелілігін бағалау және тәжірибеде қолдануға бағытталған нақты ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу міндеттері:

- жобалық оқыту мен ЖИ-дің теориялық негіздерін талдау;

- интеграция моделінің кезеңдерін анықтау;
- педагогикалық мәселелерді және оларды шешу жолдарын сараптау;
- тәжірибелік деректерге шолу жасау.

В условиях стремительного развития информационного общества и повсеместной цифровизации существенно меняется характер познавательной деятельности обучающихся. Современный школьник ежедневно сталкивается с огромным объёмом разнородной информации, что неизбежно влияет на способы её восприятия и переработки. В этой связи в педагогической науке всё чаще обращаются к понятию «клиповое мышление» (от английского clip — фрагмент, вырезка), под которым понимается специфическая форма когнитивной деятельности, при которой окружающая действительность воспринимается не как целостная система, а как совокупность разрозненных, слабо связанных между собой смысловых фрагментов. Данный феномен стал ответом человеческой психики на лавинообразный рост информационного потока, характерный для начала XXI века. Основными детерминантами развития такого типа мышления у «поколения Z» выступают повсеместная цифровизация, доминирование социальных сетей и привычка к сверхбыстрому потреблению контента. Мозг современного школьника вынужден адаптироваться к условиям постоянной многозадачности, выстраивая своеобразные защитные фильтры против информационной перегрузки. [1]

Значительный вклад в изучение данного феномена внесли такие исследователи, как Ф. И. Гиренок, который одним из первых ввел понятие «клипового сознания» в контексте философско-антропологического анализа, и Э. Тоффлер, рассматривавший клиповое восприятие как результат воздействия «информационного шока» на человеческую психику. [14]

В работах Т. В. Семеновских клиповое мышление анализируется как защитная реакция организма на информационную перегрузку, позволяющая перерабатывать колоссальные объемы данных за счет потери глубины их осмысления. [13]

В отличие от традиционных форм познания, клиповое мышление, по мнению К. Г. Фрумкина, ориентировано не на логические связи, а на яркие визуальные образы и краткие информационные сообщения. [12]

Это позволяет субъекту быстро переключаться между потоками данных, но препятствует длительной концентрации на одном объекте. В

педагогическом аспекте это проявляется как фрагментарность знаний: учащийся фиксирует лишь отдельные детали материала, которые в его сознании не складываются в единую систему. Данная когнитивная трансформация диктует необходимость поиска новых дидактических методов, способных адаптировать фундаментальные научные знания под изменившиеся механизмы мышления современных школьников. [11]

Традиционное понятийное мышление строится на строгой логике, анализе причинно-следственных связей и глубокой работе с абстракциями. В противовес этому, клиповое мышление ориентировано на высокую скорость переключения и многозадачность, что неизбежно ведет к поверхностному восприятию и низкой концентрации внимания.

В преподавании точных наук возникает конфликт между линейной структурой математики и фрагментарным восприятием ученика. Классический алгоритм «теорема $\rightarrow$ доказательство $\rightarrow$ вывод» требует длительного удержания цепочки аргументов. Для носителя клипового сознания такой метод кажется слишком медленным и избыточным. В результате учебный материал распадается на разрозненные фрагменты, не образующие целостной системы, что блокирует понимание внутренних математических закономерностей. [2]

Согласно исследованиям, И. В. Бабичевой и Т. Е. Болдовской, адаптация системы математической подготовки требует глубокого понимания как отрицательных, так и положительных сторон клипового мышления обучающихся. Клиповое мышление характеризуется фрагментарностью информационного потока, алогичностью и высокой скоростью переключения между отрывками данных, что ведет к отсутствию полной картины восприятия окружающей среды. В качестве адаптационного механизма к повышенной информационной нагрузке такое мышление позволяет человеку быстро реагировать на новые сообщения и развивать навыки многозадачности. Однако платой за это становится потеря концентрации внимания, неумение делать обобщения и выводы, а также поверхностность мышления, при которой обучающиеся не могут вникнуть в ход чужих мыслей. [3]

Обучение математике в условиях доминирования клипового восприятия сталкивается с рядом фундаментальных вызовов, которые требуют глубокого переосмысления традиционных дидактических подходов. Одной из наиболее острых проблем становится неспособность учащихся эффективно работать с текстовой культурой, что проявляется в серьезных трудностях при чтении и осмыслении объемных условий текстовых задач. Современные школьники, привыкшие к сверхбыстрому потреблению контента и визуальному минимализму, зачастую не могут сконцентрировать внимание на длинных формулировках, теряя нить логических условий еще до начала решения.

Эта поверхностность восприятия неизбежно ведет к снижению способности к выполнению длительных вычислений и построению

многоступенчатых доказательств. Поскольку клиповое мышление ориентировано на получение быстрого результата, необходимость следования строгому и медленному алгоритму вызывает у обучающихся когнитивное отторжение и быструю утомляемость. В результате страдает фундаментальная основа математического образования — доказательность и логическая строгость.

Ключевым негативным последствием данного феномена становится отсутствие у школьников целостной математической картины мира. Вместо формирования устойчивых логических цепочек, знания усваиваются фрагментарно, напоминая разрозненные элементы «пазла». Подобная мозаичность восприятия мешает пониманию внутренних закономерностей дисциплины, превращая математику в набор изолированных формул и алгоритмов. В результате учебный материал не складывается в сознании «цифрового поколения» в единую систему, что блокирует развитие полноценного понятийного мышления, необходимого для глубокого освоения точных наук. [4]

Современное обучение математике в условиях клипового восприятия сталкивается с серьезным вызовом, который исследователи характеризуют как глубокий когнитивный разрыв между линейной природой науки и мозаичным сознанием ученика. Одной из центральных проблем становится резкое снижение способности к работе с текстовой культурой, что проявляется в неспособности школьников анализировать объемные условия задач. Из-за привычки к визуальному минимализму и быстрому потреблению контента, учащиеся теряют концентрацию на длинных формулировках, не успевая выстроить иерархическую систему аргументов. Это ведет к функциональной неграмотности, когда ребенок видит отдельные цифры, но не осознает логическую связь между ними.

Параллельно с этим наблюдается деградация навыков многоступенчатых вычислений и доказательного мышления. Клиповое сознание ориентировано на мгновенный результат, поэтому строгие математические алгоритмы воспринимаются как избыточные и утомительные. В процессе обучения это оборачивается инерционностью восприятия: решив несколько однотипных примеров, ученик начинает механически переносить способ решения на задачи с измененными условиями, допуская ошибки из-за невнимательности к деталям. Психологическая нагрузка при попытке вникнуть в абстрактные конструкции приводит к быстрому утомлению и потере интереса к предмету.

Фундаментальный конфликт заключается в распаде целостной математической картины мира на разрозненные фрагменты или «пазлы». Знания больше не образуют единую систему, а фиксируются как изолированные факты, что блокирует понимание внутренних закономерностей дисциплины. Для преодоления этого барьера необходимо внедрение методик «адекватного квантования» материала, когда

информация подается небольшими, логически завершенными блоками, и использование эстетической привлекательности математических объектов. Акцентирование внимания на красоте симметрии, изяществе алгоритмов и «методе парадоксов» позволяет задействовать эмоциональный интеллект учащихся, превращая сухие формулы в яркие визуальные образы. Только через структурно-логическую переработку контента и опору на визуальные сигналы возможно трансформировать клиповое восприятие в системное понятийное мышление. [5]

Методологическая адаптация учебного материала под особенности клипового мышления требует перехода к стратегии динамичного и структурированного обучения. В условиях фрагментарного потребления контента классическое изложение теории замещается форматом учебно-познавательных задач, обеспечивающих переход от «дробления знаний по предметам» к целостному восприятию мира. Методика разработки таких задач предполагает жесткую структуру: яркое название, описание жизненной ситуации, личностно значимый вопрос и краткий информационный блок, представленный в «разнообразном виде» (графики, схемы, таблицы). Данный подход реализует принцип «микро-обучения», позволяя удерживать внимание в рамках одного когнитивного цикла и обеспечивая системный переход от репродуктивных действий к операциям высокого уровня (анализ, синтез, оценка) на основе таксономии Б. Блума и Д. Толлингеровой. [7]

Наиболее эффективным инструментом реализации наглядности и преодоления поверхностного восприятия на уроках математики выступает метод интеллект-карт (Mind Maps). Как подчеркивает Д. С. Коканов в своем исследовании (ССЫлка), данный метод позволяет трансформировать абстрактные математические понятия в наглядную древовидную структуру, задействуя оба полушария мозга за счет ассоциативных связей, символов и цветовой гаммы. Практическое применение ментальных карт на различных этапах урока способствует не только росту заинтересованности, но и развитию аналитического мышления. Для учителя такая карта становится средством оперативной диагностики: она наглядно отражает структуру связей, выстроенных учеником, позволяя мгновенно выявить пробелы в понимании материала и скорректировать знания. Таким образом, системное использование интеллект-карт помогает школьникам с клиповым восприятием успешно адаптироваться к условиям итоговой аттестации. [8]

Методическая адаптация учебного процесса в условиях цифровизации, согласно исследованиям Н.Ю. Налётовой и Л.М.Троицкой, требует интеграции интерактивного оборудования, которое трансформирует доску в «универсальный инструмент», способствующий росту устойчивости внимания и скорости мыслительных операций обучающихся. Авторы подчеркивают, что использование технологий «цифрового класса» и досок SMART Board позволяет перевести преподавание в формат активного взаимодействия, где учитель

поддерживает постоянный визуальный контакт с классом, нивелируя фрагментарность восприятия.

Важнейшим элементом такой адаптации выступает проектирование «электронных конспектов», которые обеспечивают строго систематизированную подачу материала и позволяют сохранять нужный темп урока за счет заранее подготовленных мультимедийных ресурсов. Как отмечают Н. Ю. Налётова и Л. М. Троицкая, внедрение мультимедийных учебников с системой гиперссылок и анимационных презентаций (например, при изучении темы «Производная») визуализирует абстрактные процессы, помогая школьникам сформировать целостный когнитивный образ объекта вместо разрозненных «клипов».

Для преодоления поверхностного восприятия информации эффективно используется технология **«drag & drop»** (с англ. «перетащи и оставь»). В рамках цифровой образовательной среды, например, при работе с интерактивными досками, эта функция позволяет учащимся свободно перемещать на экране текст, графики и математические формулы. Такое активное манипулирование объектами помогает школьникам наглядно выстраивать логические связи и лучше концентрироваться на изучаемом материале. Данная опция позволяет учащимся экспериментировать с математическими объектами через их группировку и классификацию, а педагогу — оперативно фиксировать логические связи с помощью цветовых акцентов непосредственно поверх цифрового контента. В конечном итоге, по мнению исследователей, такая структурно-логическая переработка материала способствует развитию рефлексии и превращает интерактивную среду в эффективное средство формирования системного понятийного мышления у «цифрового поколения». [9]

Применение интерактивных технологий в процессе обучения математике выступает эффективным инструментом вовлечения учащихся с клиповым типом мышления, позволяя трансформировать абстрактные конструкции в наглядные и динамичные образы. Использование специальных сред для построения графиков и моделирования функций в реальном времени(такие как Desmos, GeoGebra. WolframAlpha и другие) создает визуальную опору, которая удерживает фокус внимания и способствует переходу от фрагментарного восприятия к пониманию динамики математических процессов.

Ключевым элементом данной стратегии выступает геймификация, которую Л. Ш. Мухаметзянова определяет, как внедрение игровых техник в обучение для роста мотивации. Применение онлайн-викторин и тренажеров помогает преодолеть низкую концентрацию внимания и поверхностное усвоение материала, характерные для современных школьников. Игровые подходы эффективно дополняют традиционные методы, развивая творческое мышление и практические навыки в активной цифровой среде.

Суть геймификации заключается в создании ощущения «внутреннего прогресса», когда сложный материал усваивается последовательно, через

прохождение определенных этапов. Такая структура помогает систематизировать информацию и не дает знаниям распадаться на разрозненные фрагменты. Кроме того, игровые элементы вовлекают учащихся эмоционально, что помогает преодолеть когнитивные барьеры клипового сознания.

Важным условием эффективности технологий является соблюдение принципа целесообразности и смена видов деятельности. Чередование цифровых инструментов с классическим решением задач у доски позволяет избежать быстрой утомляемости «цифрового поколения». В конечном итоге, сочетание игрофикации и визуализации обеспечивает формирование математической грамотности и делает процесс обучения глубоко осмысленным. [10]

Таким образом, можно сделать вывод, что клиповое мышление современных школьников — это не препятствие, а новая когнитивная реальность, которая требует от учителя математики изменения привычных методов работы.

Эффективная адаптация уроков в таких условиях возможна через дробление сложного материала на небольшие, логически завершенные блоки и активное использование визуальных опор: интеллект-карт, схем и графиков в реальном времени. Инструменты вроде Desmos и GeoGebra, а также элементы геймификации и интерактивные тренажеры позволяют удерживать внимание «цифрового поколения», превращая сухие формулы в живые и понятные образы. При этом частая смена видов деятельности и использование практико-ориентированных задач помогают ученикам не просто запоминать факты, а выстраивать из разрозненных фрагментов знаний единую систему.

В конечном итоге, грамотное сочетание традиционной математической строгости с современными цифровыми технологиями позволяет использовать сильные стороны школьников — их высокую скорость обработки информации и многозадачность. Это помогает не только сохранить интерес к предмету, но и постепенно трансформировать поверхностное восприятие в глубокое понятийное мышление, необходимое для освоения точных наук.

## Список использованных источников


1. Колобаев В. К., Морозова И. К. Влияние клипового мышления на обучение математики в средней школе // The Scientific Heritage. 2021. №77-4. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/vliyanie-klipovogo-myshleniya-na-obuchenie-matematiki-v-sredney-shkole (дата обращения: 30.03.2026).
2. Лунгу К. Н., Борисова Н. Л. Проблема формирования нелинейного мышления при обучении студентов математике // Психология и педагогика: методика и проблемы практического применения. 2014. №37. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/problema-formirovaniya-nelineynogo-myshleniya-pri-obuchenii-studentov-matematike (дата обращения: 30.03.2026)
3. Бабичева Ирина Владимировна, Болдовская Татьяна Ерофеевна Адаптация системы математической подготовки в вузе с учётом «Клипового» мышления

обучаемых // Наука о человеке: гуманитарные исследования. 2017. №1 (27). URL: https://cyberleninka.ru/article/n/adaptatsiya-sistemy-matematicheskoy-podgotovki-v-vuze-s-uchyotom-klipovogo-myshleniya-obuchaemyh (дата обращения: 30.03.2026).
4. Рябова Мария Александровна «Успеваемость по геометрии учащихся 8-х классов с признаками «клипового мышления» // Психология человека в образовании. 2022. №1. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/uspevaemost-po-geometrii-uchaschihsya-8-h-klassov-s-priznakami-klipovogo-myshleniya (дата обращения: 30.03.2026).
5. Грохульская Наталья Леонидовна Особенности психологии восприятия учебного материала по математике и информатике // Педагогическое образование в России. 2015. №7. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-psihologii-vospriyatiya-uchebnogo-materiala-po-matematike-i-informatike (дата обращения: 30.03.2026).
6. Спивакова Н. Я. Естественно-научные дисциплины и клиповое мышление // Проблемы и перспективы развития образования в России. 2015. №37. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/estestvenno-nauchnye-distsipliny-i-klipovoe-myshlenie (дата обращения: 30.03.2026).
7. Богданова Оксана Николаевна, Ильина Нина Фёдоровна Подготовка учителей естественно-научного цикла к разработке учебно-познавательных задач // Научное обеспечение системы повышения квалификации кадров. 2016. №1 (26). URL: https://cyberleninka.ru/article/n/podgotovka-uchiteley-estestvenno-nauchnogo-tsikla-k-razrabotke-uchebno-poznavatelnyh-zadach (дата обращения: 31.03.2026).
8. Коканов Д. С. «История создания ментальных карт и их применение на уроках математики» // Вестник науки. 2024. №6 (75). URL: https://cyberleninka.ru/article/n/istoriya-sozdaniya-mentalnyh-kart-i-ih-primenenie-na-urokah-matematiki (дата обращения: 31.03.2026).
9. Налётова Н. Ю., Троицкая Л. М. «Использование цифровых технологий на уроках математики для старшеклассников» // Проблемы современного образования. 2020. №6. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/ispolzovanie-tsifrovyh-tehnologiy-na-urokah-matematiki-dlya-starsheklassnikov (дата обращения: 31.03.2026).
10. Мухаметзянова Л. Ш. «Актуальные вопросы внедрения геймификации на уроках математики» // Вестник науки. 2023. №11 (68). URL: https://cyberleninka.ru/article/n/aktualnye-voprosy-vnedreniya-geymifikatsii-na-urokah-matematiki (дата обращения: 31.03.2026).
11. Дидковская В. Г. Клиповое мышление: отражение в современном русском языке и тексте // Ученые записки НовГУ. 2016. №3 (7). URL: https://cyberleninka.ru/article/n/klipovoe-myshlenie-otrazhenie-v-sovremennom-russkom-yazyke-i-tekste (дата обращения: 31.03.2026).
12. Фрумкин К.Г. Клиповое мышление и судьба линейного текста [Электр. ресурс]. // Топос: литературно-философский ж-л. 2010. № 9. URL: http://www.topos.ru/article/7371 (дата обращения: 14.08.2016).
13. Семеновских Т.В. «Клиповое мышление» — феномен современности [Электр. ресурс]. // Оптимальные коммуникации: эпистемический ресурс Академии медиаиндустрии и кафедры теории и практики общественной связности РГГУ. URL: http://jarki.ru/wpress/2013/02/18/3208/ (дата обращения: 14.08.2016).
14. Гиренок Ф.И. Антропологические конфигурации философии // Философия науки. Вып. 8: Синергетика человекомерной реальности. М.: ИФ РАН, 2002. С. 415-420.

# ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДА ЖИ ҚҰРАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ

***Абдрахман Самал***
*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті*
*Жаратылыстану жоғары мектебінің 4 - курс студенті*
*Ғылыми жетекшісі:* ***М. Баймурат***
*Химия магистрі*

**Аңдатпа**

Бұл мақалада химия сабақтарында жасанды интеллект (ЖИ) арқылы оқушылардың білімін бағалаудың тиімді әдістері қарастырылады. ЖИ құралдары (Gemini, Kwiz AI, Classtime) қолданылады, олар - есептерді автоматты түрде тексеру және адаптивті тапсырмалар ұсыну арқылы бағалау үдерісін жеңілдетеді, оқушылардың білім деңгейін нақты көрсетеді, сабақтағы ынтымақтастық пен мотивацияны арттыруға үлес қосады.

**Кілтті сөздер**: жасанды интеллект құралдары, білім, бағалау, сандық технология, оқу процесі, инновация, ақпараттық жүйе, деректер, педагогика, құзыреттілік.

**Аннотация**

В этой статье рассматриваются эффективные методы оценки знаний учащихся с помощью искусственного интеллекта (ИИ) на уроках химии. Используются инструменты ИИ (Gemini, Kwiz AI, Classtime), которые - упрощают процесс оценки за счет автоматической проверки отчетов и предоставления адаптивных задач, четко отражают уровень знаний учащихся, способствуют повышению сотрудничества и мотивации в классе.

**Ключевые слова**: инструменты искусственного интеллекта, образование, оценка, цифровые технологии, учебный процесс, инновации, информационная система, данные, педагогика, компетентность.

**Abstract**

This article discusses effective methods for assessing students ' knowledge through artificial intelligence (AI) in Chemistry Lessons. AI tools (Gemini, Kwiz AI, Clastime) are used, which simplify the assessment process by automatically checking reports and presenting adaptive tasks, clearly demonstrate the level of knowledge of students, and contribute to increasing cooperation and motivation in the classroom.

**Keywords**: artificial intelligence tools, education, assessment, digital technology, educational process, innovation, Information System, data, pedagogy, competence.

## Кіріспе

Қазіргі білім беру процесі қарқынды дамып келе жатқан технологиялармен тығыз байланысты. Соңғы жылдары (ЖИ) жасанды интеллекттің білім беру саласында қолданылуы оқушылардың білімін бағалаудың жаңа тәсілдерін іздеуді қажет етті.

ЖИ технологияларының көмегімен бағалау процесі дәлірек, жедел және объективті болады, оқушылардың білім деңгейін нақты көрсетеді оқу процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді [1, 56-100]. Сонымен қатар, бұл әдіс оқушылардың шығармашылық ойлауын, зерттеу дағдыларын және өз бетінше үйрену қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді.

Негізгі бөлім

Қазіргі қоғамда білім беру жүйесінде жасанды интеллект құралдарын енгізу ерекше қарқын алды. ЖИ – адамның интеллект деңгейіндегі мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін құралдар жиынтығы, ол компьютерлік жүйелер арқылы жүзеге асады. Білім беру саласында ЖИ оқыту әдістерін жаңғыртып қана қоймай, білім беру мазмұнына жаңа талаптар қояды.

ЖИ білім алушылардың оқу әрекетін деректер негізінде талдауға, олардың жеке ерекшеліктері мен оқу қарқынына сәйкес оқу мазмұнын бейімдеуге, автоматтандырылған бағалау жүргізуге және оқу нәтижелерін болжауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл білім алушылардың оқу мотивациясын арттырып, олардың академиялық нәтижелерін жақсартуға ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл технология мұғалімді алмастыруды емес, керісінше оның кәсіби қызметін интеллектуалды құралдар арқылы қолдауды көздейді [2, 73б].

ЖИ білім берудегі бағалау үдерісінде маңызды рөл атқарады. Жасанды интеллектке негізделген бағалау құралдары оқушылардың жауаптарын алгоритмдік модельдер арқылы сараптап, алдын ала белгіленген критерийлер негізінде қорытынды шығарады. Бұл оқыту, мәтінді семантикалық талдау, бейімделген алгоритмдер және оқу аналитикасына сүйенеді. Автоматтандырылған тест платформалары, мысалы Quizizz, Kahoot және Classtime оқушы жауабын эталондық нұсқамен салыстырып, нәтижесін бірден көрсетеді [3]. Мысалы, 7-сынып химия курсындағы «Натрий қай топқа жатады?» немесе «$H_2O$ молекуласының салыстырмалы молекулалық массасын есептеңіз» тапсырмалары автоматты түрде тексеріліп, нәтижесі жылдам беріледі. Бұл оқушылардың қателерін дер кезінде түзетуге, сабақтағы білімді бекітуге және есептеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Оны төменде көрсетілген кесте -1 бойынша түсіндерсек:

*1 Кесте - Жасанды интеллект бағалау құралы*

| Жасанды интеллект бағалау құралы | Gemini | Kwiz ai |
|---|---|---|
| Негізгі қызметі | Мәтіндік жауаптарды талдау, түсіндіру, қателерді анықтау | Тест және викторина форматында автоматты бағалау |
| Химиялық есептерді тексеру | Формула, теңдеу және шешу жолын талдап түсіндіре алады | Дайын жауапқа негізделген автоматты тексеру |
| Кері байланыс | Толық түсіндірме береді, қате кезеңін көрсетеді | Дұрыс/қате нәтижені көрсетеді, қысқа пікір береді |

| | | |
|---|---|---|
| Мысалы | | |
| Түсіндірме | Білім алушыларды цифрлық ортаға сілтеме немесе QR-код арқылы жедел қосу мүмкіндігін ұсынады. Бұл тәсіл оқушылардың бағалау үдерісіне жылдам әрі ұйымдасқан түрде қатысуына жағдай жасайды. Сілтеме немесе QR-кодты пайдалану уақытты үнемдеп қана қоймай, техникалық қолжетімділікті арттырады және бағалау процесін бір орталықтан басқаруға мүмкіндік береді. [5, 16 б.] | Білім алушыларды бір мезгілде ортақ цифрлық платформада біріктіріп, интерактивті форматта бағалау мүмкіндігінің болуы. Мұндай формат оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етіп, бәсекелестік элементі арқылы танымдық қызығушылығын арттырады. |

Мәтіндік жауаптарды семантикалық талдау жүйелері оқушының жазбаша жауабындағы негізгі ұғымдарды, терминологиялық сәйкестікті және логикалық құрылымды анықтай алады [10, 101б.]. Мысалы, «Атомдық масса дегеніміз не?» деген сұраққа оқушының жауабында «атом», «салыстырмалы шама», «өлшем бірлік» сияқты ұғымдардың қолданылуы мазмұндық толықтықты көрсетеді. Адаптивті бағалау жүйелері оқушының алдыңғы жауаптарына сәйкес тапсырмалардың күрделілік деңгейін өзгертіп отырады. Егер оқушы қарапайым есепті дұрыс орындаса, жүйе күрделірек тапсырма ұсынады; ал қате жіберген жағдайда жеңілдетілген немесе түсіндірмелі тапсырма беріледі. Оқу аналитикасына негізделген деректерді талдау жүйелері бағалау нәтижелерін жинақтап, сынып бойынша ортақ қателерді анықтай алады.

Мысалы, «Атомдық және молекулалық масса» тақырыбында оқушылардың басым бөлігі атомдық массаны дұрыс қолданбаған жағдайда, жүйе бұл көрсеткішті статистикалық түрде көрсетеді, мұғалім келесі сабақта осы тақырыпқа назар аударуы мүмкін.

Сабақ ұйымдастыру кезеңінде оқушылардың көңіл күйін көтеру және алдыңғы білімдерін еске түсіру үшін интерактивті диагностикалық тесттер қолданылады. Үй тапсырмасын тексеру кезеңінде автоматтандырылған тест құралы оқушылардың жауаптарын талдап, қателерін көрсетеді. Жеке жұмыс кезеңінде атомдық және молекулалық масса есептері, реакция теңдеулерін теңестіру, формула құрастыру немесе ұғымдарға ғылыми анықтама беру тапсырмалары ұсынылады.

ЖИ жүйесі жауаптарды автоматты тексеріп, дұрыс немесе қате нәтижені көрсетеді, кей жағдайда қате кезеңін де анықтайды. Жұптық және топтық жұмыс барысында оқушылар бірлесе талдау жасап, шешу жолдарын талқылайды, ал ЖИ енгізілген жауаптарды тексеріп, кері байланыс береді.

Baamboozle сияқты интерактивті платформалар топтық талқылауды, белсенділікті және ойын элементтері арқылы қызығушылықты арттырады. Бекіту тапсырмалары кезінде адаптивті жүйелер қолданылып, оқушының білім деңгейіне сәйкес тапсырмалар ұсынылады. Қорытынды кезеңде ЖИ құралы арқылы қысқа тест немесе ашық сұрақтар ұйымдастырылып, жалпы сыныптың меңгеру деңгейі анықталады [4-7].

Жоғарыда қарастырылған химия пәніндегі бағалау ерекшеліктерін жүйелеу мақсатында олардың мазмұндық бағыттары мен қалыптастыратын нәтижелерін төмендегі кесте -2 арқылы көрсетуге болады.

*Кесте 2 – Химия пәніндегі бағалау ерекшеліктерінің жүйеленуі.*

| № | Бағалау ерекшелігі | Бағалау мазмұны | Қалыптасатын нәтиже |
|---|---|---|---|
| 1 | Теория мен практиканың бірлігі | Реакция теңдеулерін жазу, есеп шығару | Қолданбалы білім |
| 2 | Химиялық символика дәлдігі | Формула, коэффициент, номенклатура | Ғылыми сауаттылық |
| 3 | Сандық есептер | Стехиометриялық және концентрациялық есептер | Логикалық ойлау |
| 4 | Зертханалық жұмыс | Эксперимент жүргізу, нәтижені талдау | Практикалық дағды |
| 5 | Қауіпсіздік мәдениеті | Техника қауіпсіздігін сақтау | Жауапкершілік |
| 6 | Жоғары деңгейлі ойлау | Талдау, салыстыру, қорытынды жасау | Сыни ойлау |
| 7 | Критериалды бағалау | Критерийлер мен дескрипторлар | Объективті бағалау |
| 8 | Пәнаралық байланыс | Математика, физика, биологиямен интеграция | Интегративті білім |
| 9 | Ғылыми дүниетаным | Дәлелді пікір, себеп-салдар байланысы | Ғылыми көзқарас |

Кесте -2 де химия пәніндегі бағалау үдерісінің барлық негізгі бағыттары және олардың білім алушыда қалыптастыратын нәтижелері көрсетілген. Бұл бағалаудың кешенді сипатта жүзеге асатынын дәлелдейді [8-9].

Дегенмен, химия пәнінің ерекшелігі – тәжірибелік дағдылар мен қауіпсіздік техникасын сақтау. ЖИ виртуалды ортада бағалай алады, бірақ зертханалық жұмыстардағы дағдылар мен тәжірибелік мәдениетті анықтай алмайды. Сонымен қатар, стандартты емес шешімдерді, ғылыми терминдердің синонимдерін немесе күрделі логикалық қадамдарды дұрыс бағаламауы мүмкін. Сондықтан ЖИ тек қосымша құрал ретінде қолданылады, ал мұғалімнің кәсіби бақылауы мен педагогикалық талдауы міндетті болып табылады.

Осы зерттеу шеңберінде дарынды балаларға арналған «Абай атындағы гимназия» КММ 7-сынып оқушылары арасында тәжірибелік зерттеу ұйымдастырылды. Зерттеудің мақсаты – жасанды интеллект (ЖИ)

құралдары арқылы бағалау сабақ барысында оқушылардың теориялық білімін бекітуге, есептеу дағдыларын дамытуға және оқу нәтижесін жүйелі талдауға әсерін анықтау болды. Аталған сыныпта 25 оқушы білім алады. 2025–2026 оқу жылының 2-тоқсан қорытындысы бойынша 6 оқушы «үздік», 16 оқушы «жақсы», 3 оқушы «қанағаттанарлық» деңгейде білім нәтижесін көрсетті, үлгермеуші оқушылар тіркелген жоқ. Сыныптың орташа балы 4,12% құрады, жалпы үлгерім көрсеткіші – 100%, білім сапасы – 88%. Бұл деректер сынып оқушыларының пән бойынша жеткілікті академиялық дайындық деңгейін көрсетеді және тәжірибелік жұмысты жүргізуге негіз бола алады.

Сурет -1 оқушылардың оқу үлгерімінің бастапқы көрсеткіштерін көрсетеді: әр оқушының 2025–2026 оқу жылының 2-тоқсан қорытындысы бойынша деңгейі, орташа балл мен жалпы үлгерім көрсеткіші визуалды түрде бейнеленген.

*1 Сурет – 7Ә сыныбының оқу үлгерімі (2-тоқсан, 2025–2026 ж.)*

Аталған сынып оқушылары химия пәнінің бастапқы ұғымдарын меңгеру кезеңінде болғандықтан, ЖИ құралдары арқылы бағалау жүйесін енгізу олардың білім деңгейін нақты анықтауға және оқу үдерісіндегі ілгерілеу динамикасын бақылауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, жеке және топтық жұмыс кезеңдерінде ЖИ құралдары оқушылардың белсенділігін арттырып, өзара талқылау арқылы логикалық ойлау және ғылыми тілде түсіндіру дағдыларын қалыптастырады. Бұл үдеріс ЖИ-дің бағалау функциясы мұғалімнің субъективті көзқарасын жойып, әр топтың жетістігін нақты деректермен негіздеуге мүмкіндік береді. Топтық жарыс түріндегі бұл тәсіл 7-сынып оқушыларының пәндік уәжін 20% арттыруға негіз болды. Осылайша, ЖИ құралдары химия сабағында бағалауды автоматтандыру, нәтижелерді талдау және жеке оқу траекториясын анықтау мүмкіндігін береді. Алайда,

тәжірибелік дағдылар мен педагогикалық бақылауды алмастырмайды. ЖИ тек қосымша құрал ретінде қолданылып, мұғалімнің кәсіби сараптауымен үйлестірілуі тиіс. Бұл тәсіл XXI ғасырдың білім беру жүйесінде оқушылардың білімін сапалы бағалауға және жеке мүмкіндіктерін толық ашуға бағытталған заманауи әдіс болып табылады.

**Қорытынды**

Зерттеу барысында химия сабақтарында жасанды интеллект (ЖИ) арқылы бағалау мүмкіндіктері қарастырылды. Зерттеу барысында әртүрлі ЖИ құралдары оның ішінде Gemini, Kwiz AI және Classtime қолданылды. Оқушылардың теориялық білімін, химиялық есептерді шығару қабілетін және практикалық дағдыларын бағалау қарастырылды. Сонымен қатар, ЖИ құралдарының адаптивтілік, семантикалық талдау және оқу аналитикасы арқылы жұмыс істеу мүмкіндіктері зерттелді. Бағалау процесіндегі объективтілікті арттыру және уақыт тиімділігін тексеру басты назарда болды.

Нәтижесінде, ЖИ арқылы бағалау оқушылардың біліміне объективті түрде үлкен ықпал ететіні анықталды.

ЖИ арқылы бағалауда алынған деректерді сабақ жоспарлауда пайдалану тиімді болады. ЖИ бағалау құралдарын тәжірибелік жұмыспен біріктіру оқу үрдісін толықтырады. Жалпы, жасанды интеллект білім беру процесін жетілдіруде қосымша тиімді құрал болып табылады.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Барбашина, Э.В., Гуляевская Н.В. Дистанционное/электронное обучение: минимизация сложностей // Профессиональное образование в современном мире, 2019.–Т.9, №3.–С.2997-3008. https://doi.org/10.15372/PEMW20190312.
2. Quizizz. AI in Education: Gamified Assessment Platform. – [Электрондық ресурс]. – Режим доступа: https://quizizz.com
3. Classtime. Adaptive Assessment and Real-Time Feedback Tools. – [Электрондық ресурс]. – Режим доступа: https://www.classtime.com
4. Gemini. AI tool for semantic analysis and automated assessment. – [Электрондық ресурс]. – Режим доступа: https://www.gemini.com/education
5. Kwiz AI. AI-powered quizzes and automated student assessment platform. – [Электрондық ресурс]. – Режим доступа: https://www.kwiz.ai
6. Baamboozle. Interactive Learning and Assessment for Students. – [Электрондық ресурс]. – Режим доступа: https://www.baamboozle.com
7. Білім мазмұнын жаңарту жағдайындағы химия сабақтарындағы бағалау жүйесінің ерекшеліктері: әдістемелік материал / Қазақстан. – [Электрондық ресурс]. – Режим доступа: https://stud.kz/referat/show/108519
8. https://portal.kundelik.kz/ru/v2
9. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – Москва: Народное образование, 2008. – 256 с.
10. Блум Б.С. Таксономия образовательных целей. – М.: Педагогика, 1986. – 208 с.

***Абраев Н.К.***
*Докторант, Павлодарский педагогический университет им. Әлкей Марғұлан, г. Павлодар*

**Аңдатпа.** Бұл мақалада химия сабақтарында суггестивті және белсенді оқыту әдістерін біріктіру арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру жолдары қарастырылады. Эксперименттік зерттеу нәтижелері көрсеткендей, эксперименттік сыныптағы оқушылардың танымдық белсенділігі мен материалды меңгеру деңгейі айтарлықтай жоғарылады. Бұл әдістер теориялық білімді практикалық іс-әрекетпен ұштастыруға, зерттеушілік дағдылар мен сыни ойлауды дамытуға мүмкіндік береді.

**Кілт сөздер**: суггестивті оқыту, белсенді оқыту, химия сабағы, танымдық белсенділік, оқушылардың мотивациясы

**Аннотация.** В статье рассматриваются способы повышения познавательной активности учащихся на уроках химии через объединение суггестивного и активного обучения. Эксперимент показал, что у учащихся экспериментального класса уровень усвоения материала и активность значительно повысились. Эти методы позволяют сочетать теоретические знания с практическими действиями, развивать исследовательские навыки и критическое мышление.

**Ключевые слова**: суггестивное обучение, активное обучение, урок химии, познавательная активность, мотивация учащихся

**Abstract** This article explores ways to enhance students' cognitive engagement in chemistry lessons through the integration of suggestive and active learning methods. The experiment demonstrated a significant increase in the material mastery and engagement of students in the experimental class. These methods allow combining theoretical knowledge with practical activities, developing research skills and critical thinking.

**Keywords**: suggestive learning, active learning, chemistry lesson, cognitive engagement, student motivation

Білім беру үдерісінде оқушылардың танымдық белсенділігі - оқу нәтижелерінің сапасын арттырудағы негізгі компоненттердің бірі болып табылады. Әсіресе жаратылыстану пәндері, соның ішінде химия сабағында, теориялық білімнің практикалық маңыздылығын ұғыну оқушылардың белсенді оқу әрекеттеріне тікелей байланысты. Дәстүрлі дәріс-сабақтар көбіне пассивті ақпарат қабылдауға негізделгендіктен, оқушылар материалды тек есте сақтап, түсініксіз концепцияларды қабылдауда қиындықтарға ұшырайды [1].

Соңғы жылдары жүргізілген зерттеулер белсенді оқыту әдістерін қолдану студенттердің танымдық қатысуы мен оқу мотивациясын арттыратынын көрсетті [2, 3]. Белсенді оқыту тәсілдері - бұл тәжірибелік зертханалық жұмыстар, топтық талқылаулар, кейс-стади және интерактивті тапсырмалар арқылы оқушылардың білімді өздігінен іздеуі мен меңгеруін қамтамасыз ететін педагогикалық стратегиялар. Сонымен қатар, суггестивті әдістер оқушыларға материалды меңгеруге бағытталған ынталандыру мен ұсыныстар береді, бұл когнитивтік белсенділікті арттыруда маңызды рөл атқарады [3, 4].

Бірқатар халықаралық зерттеулер көрсеткендей, активті және интерактивті әдістерді біріктіру оқушылардың химия сабағында терең

түсінікке ие болуына, тәжірибелік дағдыларын дамуына және оқу мотивациясын арттыруға мүмкіндік береді [4, 5]. ICAP теориясы когнитивтік белсенділіктің төрт деңгейін (Interactive, Constructive, Active, Passive) сипаттайды және белсенді оқыту сабақтары оқушыларды терең түсінікпен қамтамасыз ете алады [3]. Бұл тәсіл оқушыларға химиялық концепцияларды талдау, сұрақ қою, тәжірибелерді жоспарлау және қорытынды шығару арқылы материалды тиімді меңгеруге жағдай жасайды.

Осыған байланысты, суггестивті және белсенді оқыту әдістерін біріктірудің химия сабағында оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудағы әсерін зерттеу - қазіргі білім беру теориясы мен практикасында өзекті мәселе болып табылады. Бұл тақырып оқытушыларға сабақ жоспарын тиімді ұйымдастыруға, оқу мотивациясын арттыруға және химия пәнін оқыту сапасын жақсартуға бағытталған практикалық маңызға ие.

Белсенді оқыту - бұл оқушыларды сабаққа белсенді қатыстыруға бағытталған педагогикалық тәсіл, оның ішінде тапсырмаларды орындау, талқылау, топтық жұмыс және тәжірибелік әрекеттер арқылы білімді меңгеру процесі [6]. Мұндай оқыту когнитивтік белсенділікті арттыруға, сыни ойлауды дамытуға, мәселені шешу дағдыларын қалыптастыруға және оқушылардың бір-бірімен әрекеттесуіне мүмкіндік береді [8]. Химия пәнін оқытуда белсенді әдістердің тиімділігі зертханалық жұмыстар, интерактивті тапсырмалар және топтық талқылаулар арқылы оқушылардың материалды терең түсінуіне әсер ететіндігі дәлелденген [10].

Суггестивті әдістер психология мен педагогикада оқушылардың эмоционалды және мотивациялық белсенділігін арттыруға бағытталған әдістер жиынтығы ретінде қарастырылады. Бұл әдістер сабаққа қызығушылықты күшейтеді, зейін мен ынтаны қалыптастырады және оқушыларды жаңа білімді қабылдауға дайындайды [12, 13]. Суггестивті тәсілдердің негізгі идеясы - оқушылардың психологиялық кедергілерін азайту, өзіне сенімділікті арттыру және сабақты меңгеруге ішкі мотивацияны қалыптастыру [14].

Белсенді және суггестивті әдістерді біріктіру сабақ барысында когнитивтік және мотивациялық механизмдерді үйлестіреді: белсенді әдістер оқушыларды іс-әрекетке тартып, тәжірибе жасауға, талқылауға және нәтижелерді талдауға мүмкіндік берсе, суггестивті әдістер эмоционалды қолдау көрсетіп, оқу процесіне қызығушылықты арттырады. Бұл тәсіл оқушылардың өздігінен ойлануына, қорытынды жасауға және білімді тәжірибеде қолдануға қабілетін дамытуға жағдай жасайды [9].

Қазіргі заманғы зерттеулер көрсеткендей, оқушылардың химия сабағында белсенділігін арттыру үшін сабақта әртүрлі интерактивті әрекет формалары (мазмұнмен, мұғаліммен, сыныптастармен өзара әрекеттесу) қолданылуы керек, бұл олардың танымдық белсенділігін, коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді [11]. Суггестивті тәсілдермен үйлескенде бұл педагогикалық стратегия инновациялық оқу

әдістемесінің негізін құрайды, оқушыларды белсенді және мотивтелген қатысуға ынталандырады [7].

Осылайша, белсенді және суггестивті әдістерді біріктіру арқылы сабақ динамикалық сипат алады, ол оқушылардың танымдық белсенділігін, мотивациясын, эмоционалды қызығушылығын және өздігінен оқуға дайындық деңгейін арттырады. Бұл педагогикалық стратегия STEM бағытындағы білім беру үрдісіне сәйкес келеді, мұнда басты мақсат — оқушылардың қабілеттерін кешенді дамыту, олардың ынтымақтастыққа, белсенділікке және мотивацияға бағытталған әрекеттерін қолдау.

Зерттеудің мақсаты - суггестивті және белсенді оқыту әдістерін біріктірудің химия сабағында оқушылардың танымдық белсенділігіне әсерін анықтау. Зерттеу екі сыныпта жүргізілді: эксперименттік сынып (16 оқушы) және традициялық сынып (16 оқушы). Зерттеу үш кезеңде өткізілді: бірінші кезең - диагностика, екінші және үшінші кезеңдер - оқыту әдістерін қолдану және нәтижелерді бақылау. Эксперимент үш тоқсан бойы, яғни 3 кезеңде жүзеге асырылды.

Эксперименттік сыныпта сабақтар суггестивті және белсенді әдістерді біріктіру арқылы, ал бақылау сыныбында дәстүрлі оқыту әдісімен өткізілді. Әр кезеңде оқушылардың танымдық белсенділігі тест тапсырмалары, бақылау сұрақтары және тәжірибелік жұмыстар арқылы бағаланды.

Талдау әдісі: Екі сынып арасындағы нәтижелерді салыстыру үшін Т-тест қолданылды, бұл әдіс екі топтың орташа көрсеткіштерін салыстыруға мүмкіндік береді.

*Кесте 1 - Оқушылардың танымдық белсенділігінің көрсеткіштері (орташа ұпайлар)*

| Кезең | Эксперименттік сынып (n=16) | Традициялық сынып (n=16) | Т-тест (p-мәні) |
|---|---|---|---|
| **1 (диагностика)** | **12,3 ± 1,5** | **12,1 ± 1,4** | **0,72** |
| **2 (орта мерзім)** | **16,5 ± 1,2** | **13,4 ± 1,6** | **0,002*** |
| **3 (соңғы кезең)** | **18,1 ± 1,1** | **13,7 ± 1,5** | **<0,001*** |

Зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, бірінші кезеңде екі сыныптың көрсеткіштері статистикалық жағынан бірдей болды ($p=0,72$), яғни бастапқы деңгейде айырмашылық жоқ. Екінші кезеңде эксперименттік сыныптың көрсеткіші айтарлықтай жоғарылады ($p=0,002$), бұл суггестивті және белсенді әдістердің оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға әсерін көрсетеді. Соңғы кезеңде айырмашылық одан әрі айқын болды ($p<0,001$), яғни эксперименттік сынып оқушыларында материалды меңгеру және практикалық тапсырмаларды орындау қабілеті жоғарылағанын дәлелдеді.

Нәтижелер көрсеткендей, суггестивті және белсенді оқыту әдістерін қолдану оқу процесіне едәуір оң әсер етеді, бұл оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттырып, білімді тиімді меңгеруге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, суггестивті және белсенді оқыту әдістерін біріктіру химия сабағында оқушылардың танымдық белсенділігін едәуір арттыра алады. Эксперименттік сыныптың оқушылары дәстүрлі оқыту әдісімен оқытылған бақылау сыныбына қарағанда, сабаққа қызығушылықтары жоғары болып, материалды тез меңгергені анықталды.

Бастапқы диагностика нәтижесі бойынша екі сыныпта айырмашылық жоқ болса да, әдістерді қолданған соң эксперименттік сыныптың орташа көрсеткіштері айтарлықтай өсті, бұл оқушылардың материалды терең түсіну, тәжірибелік дағдыларды дамыту және өздігінен білім алу қабілеті жоғарылағанын дәлелдеді.

Зерттеу қорытындысы бойынша анықталған маңызды тұжырымдар:

Белсенді оқыту әдістері оқушылардың сабаққа қатысуын, ойлау және талдау дағдыларын арттырады.

Суггестивті әдістер олардың мотивациясын күшейтеді, эмоционалды қызығушылығын оятады.

Екі әдісті үйлестіру сабақ процесін тиімді ұйымдастыруға, когнитивтік және мотивациялық компоненттердің теңгерімді дамуына мүмкіндік береді.

Осы нәтижелерге сүйене отырып, педагогикалық тәжірибеде суггестивті және белсенді әдістерді біріктіру химия сабағының тиімділігін арттырудың, оқушылардың танымдық белсенділігін жоғарылатудың және олардың оқу мотивациясын күшейтудің маңызды тәсілі болып табылады. Бұл тәсіл тек химия пәнінде ғана емес, жалпы STEM бағытындағы пәндерде де қолдануға лайықты.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі


1. Russell J., Bodner G.M. Investigating small-group cognitive engagement in general chemistry learning activities using qualitative content analysis and the ICAP framework // *Chem. Educ. Res. Pract.* — 2022. — Vol. 23. — P. 1-15. [DOI:10.1039/d1rp00276g]
2. Gok T., Kocakaya S. Students' interactive engagement, academic achievement and self concept in chemistry: an evaluation of cooperative learning pedagogy // *Chem. Educ. Res. Pract.* — 2023. — Vol. 24. — P. 50-68. [DOI:10.1039/d2rp00148a]
3. Chi M.T.H., Wylie R. The ICAP framework: Linking cognitive engagement to active learning outcomes // *Educ. Psychol.* — 2014. — Vol. 49, No. 4. — P. 219-243. [DOI:10.1080/00461520.2014.965823]
4. Smith B., Smith J. Effects of new teaching approaches on motivation and achievement in applied chemistry courses // *J. Chem. Educ.* — 2021. — Vol. 98, No. 5. — P. 1587-1598. [DOI:10.1021/acs.jchemed.0c01123]
5. Bergmann J., Sams A. Flipped pedagogy: Strategies and technologies in chemistry education // *Comput. Educ.* — 2021. — Vol. 167. — P. 104–178. [DOI:10.1016/j.compedu.2021.104178]
6. Viswanathan R. Engaging Students through Active Learning Strategies in a Medicinal Chemistry Course // *J. Chem. Educ.* — 2023. — Vol. 100, No. 12. — P. 4638-4643. [DOI:10.1021/acs.jchemed.3c00647]
7. El-Mansy S.Y., Barbera J., Hartig A.J. Investigating small-group cognitive engagement in general chemistry learning activities using qualitative content analysis and the ICAP

framework // *Chem. Educ. Res. Pract.* — 2022. — Vol. 23. — P. 335-347. [DOI:10.1039/D1RP00276G]
8. Agwu U.D., Nmadu J. Students' interactive engagement, academic achievement and self concept in chemistry: an evaluation of cooperative learning pedagogy // *Chem. Educ. Res. Pract.* — 2023. — Vol. 24. — P. 688-705. [DOI:10.1039/D2RP00148A]
9. Summerton L. Facilitating active learning within green chemistry // *Curr. Opin. Green Sustain. Chem.* — 2018. — Vol. 13. — P. 56-60. [DOI:10.1016/j.cogsc.2018.04.002]
10. Mukama E., Byukusenge P. Supporting Student Active Engagement in Chemistry Learning with Computer Simulations // *E-J. Learn. Dev.* — 2023. — Vol. 10, No. 3. — P. 427-439.
11. Demelash M. et al. Enhancing secondary school students' engagement in chemistry — 2024.
12. Торсуков Е.Г. Формы суггестии как средство оптимизации учебного процесса — 2018.
13. Диссертация. Формирование суггестивных умений у будущих учителей в процессе изучения педагогических дисциплин — 2020.
14. Юрова И.В. Условия и функции конструктивного использования суггестии в образовании — 2007.

# ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС КОНТЕКСТІНДЕГІ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

***Ж.М.Айгожина***
*Магистрант, Ә. Марғулан ат. Павлодар педагогикалық университет, Павлодар қ.*
***М.З.Смагулов***
*Докторант, Ә.Маргулан ат. Павлодар педагогикалық университет, Павлодар қ.*

**Аңдатпа**
Мақалада пәнаралық тәсіл, жасыл химия қағидалары және жасанды интеллект арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру қарастырылады. Су мен топырақ үлгілеріндегі ауыр металдар талданды. Автоэнкодерлерді қолдану цифрлық технологиялардың оқушылардың аналитикалық, зерттеушілік және экологиялық құзыреттерін дамытып, оқыту тиімділігін арттыратынын көрсетті.
**Түйін сөздер**: Пәнаралық тәсіл, функционалдық сауаттылық, жасыл химия, жасанды интеллект, автоэнкодерлер, экологиялық құзырет, ауыр металдар
**Аннотация**
В статье рассматривается формирование функциональной грамотности учащихся через междисциплинарный подход, принципы зеленой химии и искусственный интеллект. Анализ проб воды и почвы выявил содержание тяжелых металлов. Использование автоэнкодеров показало, что цифровые технологии развивают аналитические, исследовательские и экологические компетенции учащихся и повышают эффективность обучения.
**Ключевые слова**: междисциплинарный подход, функциональная грамотность, зеленая химия, искусственный интеллект, автоэнкодеры, экологическая компетентность, тяжелые металлы.
**Annotation**
The article examines the development of students' functional literacy through an interdisciplinary approach integrating green chemistry principles and artificial intelligence. Analysis of water and soil samples revealed heavy metal content. The use of autoencoders demonstrated that digital technologies enhance students' analytical, research, and environmental competencies, improving overall learning effectiveness.
**Keywords**: interdisciplinary approach, functional literacy, green chemistry, artificial intelligence, autoencoders, environmental competence, heavy metals.

Қазіргі білім беру жүйесі тек пәндік білімін ғана емес, сонымен қатар функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған. Бұл мақалада жасыл химия қағидаттарына негізделген пәнаралық тәсіл арқылы функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мүмкіндіктері қарастырылады. Зерттеу нысаны ретінде Павлодар облысы Малыбай ауылының су және топырақ үлгілеріндегі ауыр металдардың таралуы алынды. Зерттеу барысында масс-спектрометриялық талдау нәтижелері пайдаланылып, алюминий, титан, хром, марганец, темір, кобальт, никель, мыс, мырыш, сондай-ақ улы элементтер – мышьяк, цезий, платина, алтын, сынап және қорғасын

концентрациялары анықталды. Алынған деректер жасанды интеллект негізіндегі автоэнкодер модельдері арқылы өңделіп, элементтердің кеңістіктік таралу карталары құрылды. Сонымен қатар нәтижелер диаграммалар арқылы визуализацияланып, білім беру процесінде қолдану мүмкіндіктері қарастырылды. Зерттеу нәтижелері пәнаралық тәсілдің химия, биология және география пәндері арасындағы байланысын күшейтетінін және білім алушылардың экологиялық ойлауын, деректерді талдау қабілетін дамытуға ықпал ететінін көрсетті. [1, 12 б.].

Білім беру жүйесі функционалдық құзыреттердің қалыптастуын көздейді. Бұл құзыреттерге сыни ойлау, ақпаратпен жұмыс істеу қабілеті және пәнаралық білімдерді практикалық жағдайларда қолдану дағдылары жатады. Химиялық процестердің қоршаған ортаға әсерін барынша азайтуға бағытталған ғылым саласы ретінде жасыл химия оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін тиімді негіз болып табылады. Химия, биология және география пәндерін біріктіретін пәнаралық тәсілді қолдану мектеп оқушылары мен студенттерге химиялық құбылыстар мен олардың экожүйеге әсері арасындағы өзара байланысты көруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар олар химиялық элементтердің тірі ағзаларға әсерін бақылап, қоршаған ортадағы заттардың кеңістіктік таралуын зерттей алады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жүйелі тәсілді талап етеді. [2, 46 б.].

Білім беру тәжірибесінде цифрлық технологиялар мен деректерді визуализациялау құралдарын енгізу орынды болып табылады, себебі олар ақпаратты өңдеу, процестерді модельдеу және эксперимент нәтижелерін интерпретациялау дағдыларын дамытуға көмектеседі. Пәнаралық зерттеулер оқушылардың сыни ойлауын, жүйелік талдау қабілетін және ғылыми әрі экологиялық шешімдердің салдарын болжау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Осылайша, әртүрлі пәндердің мазмұнын ғылыми тұрғыда біріктіру және инновациялық оқыту әдістерін қолдану оқушылардың жоғары деңгейдегі функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға жағдай жасайды. Бұл сауаттылық өзгерістерге бейімделу, пәнаралық білімдерді қолдану және тұрақты даму контексінде негізделген шешімдер қабылдау қабілеттерін қамтиды. [3, 82 б.]

Білім алушылардың фукнционалдық сауаттылығын дамытуда туған жерді зерттеу ерекше маңызға ие, себебі ол теориялық білімді өмірлік тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік береді. Туған өлкені зерттеу арқылы оқушылар қоршаған ортаны тануға, ақпаратты талдауға және практикалық жағдайда қолдануға дағдыланады. Сонымен қатар, жергілікті материалдарды оқу үрдісінде қолдану білімді түсінуді жеңілдетіп, пәнаралық байланысты нығайтады. Сол себепті зерттеу Павлодар облысындағы Малыбай ауылының топырақ және қар суының үлгілерін талдау үшін бес топырақ үлгісіне жүргізілген масс-спектрометриялық талдаудың нәтижелері пайдаланылды. Әрбір үлгі үш рет қайталанып зерттеліп, нәтижесінде жалпы он бес өлшем алынды. Әрбір өлшемде он бес

элементтің концентрациясы анықталды. Олардың қатарында алюминий, титан, хром, марганец, темір, кобальт, никель, мыс және мырыш сияқты макро және өтпелі элементтер, сондай-ақ мышьяк, цезий, платина, алтын, сынап және қорғасын сияқты улы және сирек элементтер болды. Модельдеу барысында барлық он бес өлшем он бес өлшемді кеңістіктегі нүктелер ретінде қарастырылды. [4, 74 б.]

Зерттеу барысында автоэнкодердің үш архитектурасы қолданылды. LinearAE – жасырын қабаттары жоқ сызықтық автоэнкодер, ол белгілер кеңістігінің сызықтық бейнеленуін жүзеге асырады. SmallAE – бір жасырын қабаты және шағын латенттік кеңістігі бар ықшам сызықтық емес автоэнкодер. Бұл модельде ReLU активация функциясы, Adam оптимизаторы және MSE шығын функциясы қолданылды. BigAE – екі жасырын қабаты бар терең сызықтық емес автоэнкодер, ол элементтер арасындағы күрделі сызықтық емес байланыстарды ескеруге мүмкіндік береді.Концентрация деңгейі төмен микроэлементтер (Au, Pt, Hg, Co, As) үшін реконструкция қателіктері өте аз болды. Бұл автоэнкодер модельдерінің осы элементтердің үлгідегі өзгерістерін дерлік дәл қайта қалпына келтіретінін көрсетеді. Ең үлкен қателіктер макроэлементтер – Al және Cs үшін, сондай-ақ ішінара Cr мен Fe үшін байқалды. Бұл олардың абсолюттік концентрация мәндерінің жоғары болуымен байланысты. Орташа абсолюттік қателік (MAE) мәндері:

LinearAE моделінде: Al ≈ 0.11, Cs ≈ 0.13

SmallAE моделінде: Al ≈ 0.25, Cs ≈ 0.15

BigAE моделінде: Al ≈ 0.12, Cs ≈ 0.078

Барлық 15 элемент бойынша орташа есептегенде модельдердің нәтижелері келесідей болды:

*1-кесте. Автоэнкодер модельдерінің қателік көрсеткіштері*

| **Модель** | **Al бойынша MAE** | **Cs бойынша MAE** | **Орташа MSE (avg MSE)** | **Орташа MAE (avg MAE)** |
|---|---|---|---|---|
| LinearAE | ≈ 0.11 | ≈ 0.13 | ≈ 0.0036 | ≈ 0.0189 |
| SmallAE | ≈ 0.25 | ≈ 0.15 | ≈ 0.0065 | ≈ 0.0301 |
| BigAE | ≈ 0.12 | ≈ 0.078 | ≈ 0.0022 | ≈ 0.0169 |

Кеңістіктік өріс құру үшін есептеу торы жасалып, кубтық интерполяция қолданылды. Карталарды құру кезінде matplotlib кітапханасы және OpenStreetMap картографиялық негізі пайдаланылды. Түстердің YlOrRd схемасы концентрациялардың өзгеру градиентін көрсетуге мүмкіндік берді. Нәтижесінде алынған карталар топырақтағы элементтердің кеңістіктік таралу құрылымын көрсетеді.[5, 116 б.].




*1-сурет – Малыбай ауылы аумағындағы элементтер концентрациясының таралу картасы.*

Малыбай ауылы топырақтарындағы улы және сирек элементтердің таралуын көрсету үшін мышьяк, цезий, платина, алтын, сынап және қорғасын элементтерінің концентрациялары бойынша диаграмма құрылды. Диаграммада әрбір үлгі жеке баған түрінде көрсетілді, ал бағандардың биіктігі үш өлшем бойынша орташа концентрацияны білдіреді. Оқушылар деректерді өз бетінше талдап, элементтердің таралу заңдылықтарын анықтап, экологиялық салдарларды талқылай алады. Автоэнкодер модельдері көрсеткендей, деректер көлемі шектеулі болған жағдайда да элементтердің бірлескен таралуын жеткілікті дәлдікпен модельдеуге болады. Жүргізілген зерттеу Малыбай ауылының су және топырақ үлгілеріндегі ауыр металдардың таралуын зерттеу арқылы қоршаған ортаның экологиялық жағдайын бағалауға және заманауи цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігін көрсетуге бағытталды. Зерттеу барысында алынған деректерді өңдеу және талдау үшін жасанды интеллект элементтері қолданылды. Атап айтқанда, автоэнкодер модельдері көмегімен элементтердің концентрациялары арасындағы өзара байланыстар талданып, олардың кеңістіктік таралуын модельдеу жүзеге асырылды. Модельдердің нәтижелері көрсеткендей, деректер көлемі салыстырмалы түрде шектеулі болған жағдайда да жасанды интеллект алгоритмдері элементтердің бірлескен таралу құрылымын тиімді түрде анықтай алады. Әсіресе терең нейрондық архитектураға негізделген BigAE моделі деректерді қалпына келтіру дәлдігі бойынша жоғары нәтижелер көрсетті. [6, 57 б.]. Зерттеу нәтижелерін визуализациялау мақсатында географиялық координаттар негізінде ауыр металдардың кеңістіктік таралу карталары жасалды. Картографиялық модельдеу барысында интерполяциялық әдістер қолданылып, зерттеу аймағының шекарасы анықталды. Нәтижесінде алынған карталар Малыбай ауылы аумағындағы элементтердің таралу ерекшеліктерін көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік берді. Бұл карталар ауыр металдардың ықтимал жиналу аймақтарын анықтауға және экологиялық тәуекелдерді алдын ала бағалауға көмектеседі. [7,8, 94-127 б.] Жасалған зерттеу тек экологиялық талдау жүргізумен шектелмей, сонымен қатар білім беру процесінде пәнаралық тәсілді қолданудың тиімділігін де

көрсетті. Су және топырақ үлгілерінің нақты деректерімен жұмыс істеу оқушылар мен студенттердің зерттеу дағдыларын дамытуға, деректерді талдау және интерпретациялау қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай практикалық жұмыстар оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға, сыни ойлауын қалыптастыруға және экологиялық мәселелерді ғылыми тұрғыдан түсінуге ықпал етеді. Сонымен қатар GIS-технологиялар мен деректерді визуализациялау құралдарын қолдану оқушылардың цифрлық құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік береді. [9, 38 б.].

Қорытындылай келе, Малыбай ауылының су және топырақ үлгілеріндегі ауыр металдардың таралуын зерттеу және алынған деректер негізінде жасанды интеллект көмегімен ластану картасын әзірлеу экологиялық мониторинг жүргізудің тиімді тәсілдерінің бірі болып табылады. Бұл тәсіл ғылыми зерттеулерде ғана емес, сонымен қатар білім беру жүйесінде де кеңінен қолданылуы мүмкін. Болашақта зерттеу жұмыстарын кеңейту, үлгілер санын көбейту және ұзақ мерзімді мониторинг жүргізу арқылы алынған нәтижелердің дәлдігін арттыруға және аймақтың экологиялық жағдайын тереңірек зерттеуге мүмкіндік болады. [10, 74 б.].

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. Абайұлы С., Мұратова Г. Экологиялық химия: ауыр металдардың топыраққа әсері. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 210 б.
2. Баймұханов Р. Геоинформациялық жүйелер және экология. – Павлодар: «ЭкоПресс», 2017. – 145 б.
3. Жолдасов Д., Тілеубай А. Су сапасын бақылау және ауыр металдардың таралуы. – Алматы: Ғылым, 2019. – 132 б.
4. Маханов Б., Сәрсенова Ж. Пәнаралық зерттеу әдістері: химия, биология, география. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 204 б.
5. Назарбаев А. Жасыл химия және білім беру: зерттеу әдістері. – Нұр-Сұлтан: Логос, 2020. – 176 б.
6. Alloway B. J. Heavy Metals in Soils. – London: Blackie Academic & Professional, 1995. – 368 p.
7. Kümmerer K. Green Chemistry: An Introductory Text. – Berlin: Springer, 2013. – 298 p.
8. Li X., Zhang Q., Wang D. GIS-based Mapping of Heavy Metal Pollution in Soil. – Environmental Monitoring and Assessment, 2018. – Vol. 190, No. 12, 721 p.
9. Pimentel D., Pimentel M. Environmental and Economic Impacts of Soil Contamination. – New York: CRC Press, 2007. – 212 p.
10. Tchounwou P. B., Yedjou C. G., Patlolla A. K., Sutton D. J. Heavy Metal Toxicity and the Environment. – EXS, 2012. – Vol. 101, P. 133–164.

# ДОСТУПНАЯ НАУКА: ТАКТИЛЬНАЯ ТАБЛИЦА МЕНДЕЛЕЕВА В СОВРЕМЕННОМ ОБРАЗОВАНИИ

***Мергалиева Д.К***
*студент, Павлодарский педагогический университет, г. Павлодар*
***Хасенова М.Т***
*научный руководитель: PhD, ст. преподаватель, г. Павлодар*

**Аңдатпа**

Мақалада инклюзивті білім беру жағдайында химиялық элементтердің периодтық жүйесінің Дмитрий Иванович Менделеев тактильді моделін әзірлеу қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі көру қабілеті бұзылған білім алушылар үшін химияны оқытудың қолжетімділігін арттыру қажеттілігімен байланысты. Модель рельефті элементтер мен дыбыстық сүйемелдеуді біріктіріп, ақпаратты мультимодальды қабылдауды қамтамасыз етеді. Оқыту үдерісінде қолдану әдістемесі сипатталған. Тактильді модельдерді пайдалану танымдық белсенділікті арттырып, жүйелі ойлауды қалыптастырып, жаратылыстану пәндерін оқытудың тиімділігін жоғарылатады.

**Түйінді сөздер:** инклюзивті білім беру, химияны оқыту, тактильді модель, қолжетімділік, мультимодальды оқыту, дидактика.

**Аннотация**

В статье рассматривается разработка тактильной модели периодической системы химических элементов Дмитрий Иванович Менделеев для использования в условиях инклюзивного образования. Актуальность работы связана с необходимостью повышения доступности обучения химии для обучающихся с нарушением зрения. Представлена конструкция модели, основанная на сочетании рельефных элементов и аудиосопровождения, обеспечивающая мультимодальное восприятие информации. Описаны методические подходы к применению таблицы при формировании базовых и предметных компетенций. Показано, что использование тактильных моделей способствует развитию познавательной активности, формированию системного мышления и повышению эффективности преподавания естественно-научных дисциплин.

**Ключевые слова:** инклюзивное образование, химия, тактильная таблица, доступность обучения, мультимодальное обучение, дидактика.

**Abstract**

The article presents the development of a tactile model of the periodic table of chemical elements Дмитрий Иванович Менделеев for use in inclusive education. The relevance of the study lies in improving accessibility of chemistry education for visually impaired students. The model combines embossed elements and audio support, ensuring multimodal learning. Methodological approaches to its application in forming subject-specific competencies are described. The study demonstrates that tactile models enhance cognitive activity, support systematic thinking, and increase the effectiveness of teaching natural sciences.

**Keywords:** inclusive education, chemistry teaching, tactile model, accessibility, multimodal learning, didactics.

Данная работа посвящена разработке инклюзивной модели периодической системы химических элементов Дмитрий Иванович Менделеев, ориентированной на обучающихся с нарушением зрения. Актуальность исследования обусловлена необходимостью адаптации содержания естественно-научного образования к потребностям всех

категорий учащихся в условиях современной образовательной парадигмы, основанной на принципах инклюзии и равного доступа к знаниям.

Разработанная модель представляет собой тактильную интерактивную панель, оснащенную кнопочными элементами, при активации которых осуществляется звуковое воспроизведение ключевой информации о химическом элементе, включая его название, порядковый номер и относительную атомную массу. Такой формат обеспечивает многоканальное восприятие учебного материала (тактильное и аудиальное), что способствует повышению эффективности усвоения знаний учащимися с ограниченными возможностями зрения.

Периодическая система химических элементов является базовым инструментом в изучении химии и формировании системного представления о свойствах веществ и закономерностях их изменения. Однако традиционные формы её представления, преимущественно визуальные, ограничивают доступность учебного материала для обучающихся с особыми образовательными потребностями. В этой связи возникает необходимость разработки альтернативных дидактических средств, соответствующих современным требованиям инклюзивного образования.

Особую значимость данная работа приобретает в контексте реализации государственной образовательной политики Республики Казахстан, направленной на развитие инклюзивного образования. В соответствии с Законом Республики Казахстан от 26 июня 2021 года «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам инклюзивного образования», обеспечивается право каждого обучающегося на доступ к качественному образованию, что предполагает внедрение инновационных педагогических решений и адаптированных учебных материалов.

Таким образом, разработка тактильной модели периодической таблицы рассматривается как один из эффективных способов решения актуальных проблем преподавания естественно-научных дисциплин, связанных с обеспечением доступности и вариативности образовательной среды.

1. Структура и особенности тактильной таблицы




*Рисунок 1 – Тактильная таблица*

Разработанная тактильная модель периодической системы химических элементов Дмитрий Ивановича Менделеева базируется на классическом принципе систематизации элементов по периодам и группам, что обеспечивает сохранение научной достоверности и преемственности содержания обучения.

Конструктивно модель представляет собой рельефную панель, в которой каждый химический элемент представлен в виде отдельного тактильно различимого модуля (кнопки). Поверхность каждого элемента содержит структурированную информацию, доступную для восприятия через осязание и (при необходимости) аудиальное сопровождение:

наименование химического элемента;

порядковый номер;

относительная атомная масса (в адаптированном формате).

Данный подход обеспечивает реализацию принципа мультимодального обучения, актуального в контексте преподавания естественно-научных дисциплин в условиях инклюзивной образовательной среды.

С целью формирования у обучающихся системного представления о периодичности свойств элементов каждая вертикальная группа в таблице выделена с помощью рельефных разграничительных элементов («тактильных барьеров»).

Использование данных ориентиров позволяет:

формировать навыки пространственной ориентации в структуре периодической системы;

устанавливать принадлежность элемента к определённой группе;

осуществлять первичный анализ химических свойств элементов на основе их положения.

Педагогическая значимость данного решения заключается в возможности перехода от наглядно-действенного восприятия к абстрактно-

логическому осмыслению таких понятий, как валентность, строение внешнего электронного слоя и закономерности изменения свойств элементов.

Одной из ключевых дидактических особенностей разработанной модели является наличие рельефной диагональной границы, разделяющей металлы и неметаллы. В отличие от традиционного визуального обозначения, в данной конструкции граница реализована в тактильной форме, что обеспечивает её доступность для обучающихся с нарушением зрения.

Функциональная значимость данной границы заключается в формировании у обучающихся умений:

классифицировать элементы по типу (металлы, неметаллы, амфотерные элементы);

прогнозировать тип химической связи (ионная, ковалентная);

определять характер оксидов и гидроксидов (основный, кислотный, амфотерный).

Таким образом, реализуется один из ключевых принципов современного преподавания химии — формирование причинно-следственных связей на основе положения элемента в периодической системе.

Методические аспекты применения тактильной таблицы в образовательном процессе состоит из нескольких этапов:

1 Этап первичного ознакомления

Начальный этап работы с тактильной моделью осуществляется под руководством преподавателя и направлен на формирование базовых навыков ориентирования в структуре таблицы.

Обучающимся предлагаются задания, направленные на:

определение химического элемента по заданному порядковому номеру;

установление его положения в периоде и группе;

тактильное исследование границ групп;

анализ расположения элементов относительно границы «металлы – неметаллы».

Данный этап способствует формированию фундаментальных представлений о периодичности как базовом научном принципе.

2 Формирование представлений о валентности

Использование тактильной таблицы позволяет эффективно формировать представления о валентности элементов на основе их положения в периодической системе.

В частности:

- для элементов главных подгрупп реализуется правило соответствия высшей валентности номеру группы;

- определяется возможность существования низших валентностей (по формуле 8 – номер группы);

- для переходных элементов рассматривается явление переменной валентности (например, Cu, Fe), что способствует углублению понимания химических свойств.

Таким образом, осуществляется переход от эмпирического восприятия к теоретическому обобщению.

3 Определение типа химической связи

Пространственное расположение элементов в таблице используется как инструмент прогнозирования типа химической связи.

Обучающиеся на основе тактильного анализа:

- определяют принадлежность элементов к металлам или неметаллам;
- делают вывод о характере взаимодействия между элементами;
- прогнозируют образование ионной или ковалентной связи.

Это соответствует компетентностному подходу в обучении, ориентированному на развитие аналитических навыков.

4 Прогнозирование свойств оксидов

Тактильная модель позволяет формировать у обучающихся умения прогнозировать химические свойства соединений на основе положения элемента.

В частности:

- элементы-неметаллы ассоциируются с кислотным характером оксидов;
- металлы — с основным;
- элементы, расположенные вблизи границы, — с амфотерными свойствами (Be, Al, Zn).

Данный аспект способствует формированию системного химического мышления.

5 Организация дифференцированных заданий

Разработанная модель предоставляет широкие возможности для реализации дифференцированного и инклюзивного обучения.

Примеры учебных заданий:

- определить элемент с заданной валентностью и типом оксида;
- выявить неметалл, расположенный вблизи границы металлов;
- найти элемент с переменной валентностью и обосновать его свойства.

Такие задания способствуют активизации познавательной деятельности и включению обучающихся с различными образовательными потребностями в единый образовательный процесс.

Инклюзивное образование на сегодняшний день в современном образовании является одним и приоритетных направлений в преподавании естественных наук

Современный этап развития системы образования Республики Казахстан характеризуется усилением внимания к вопросам доступности и качества обучения для всех категорий обучающихся.

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 26 июня 2021 года № 76-VII, образовательные организации обязаны создавать условия для обучения лиц с особыми образовательными потребностями, что актуализирует необходимость разработки адаптированных учебных средств.

В этом контексте тактильная модель периодической системы выступает как инструмент:

- обеспечения равного доступа к образовательным ресурсам;
- снижения когнитивных и сенсорных барьеров;
- развития учебной самостоятельности;
- интеграции обучающихся в инклюзивную образовательную среду.

4. Психолого-педагогические основания использования тактильных моделей

Тактильное восприятие является важным каналом познания, особенно в условиях ограниченного зрения. Использование рельефных моделей:

- активизирует когнитивные процессы;
- способствует развитию пространственного мышления;
- обеспечивает более прочное усвоение учебного материала.

Интерактивный и нестандартный формат подачи учебного материала способствует повышению интереса к изучению химии. Важно отметить, что использование тактильной таблицы эффективно не только для обучающихся с ОВЗ, но и для всех учащихся, что соответствует принципам универсального дизайна обучения (UDL).

Дальнейшее совершенствование модели может осуществляться по следующим направлениям:

- интеграция аудиомодулей с расширенным функционалом;
- разработка мобильных приложений для сопровождения обучения;
- создание аналогичных тактильных моделей по другим разделам химии.

Практическое применение разработки возможно:

- в общеобразовательных школах с инклюзивным обучением;
- в специализированных образовательных учреждениях;
- в ресурсных центрах поддержки обучающихся с ОВЗ.

Заключение

Таким образом, разработка тактильной модели периодической системы химических элементов является актуальным направлением модернизации преподавания естественно-научных дисциплин в условиях инклюзивного образования.

Предложенное решение позволяет не только адаптировать учебный материал для обучающихся с нарушением зрения, но и способствует формированию универсальной образовательной среды, обеспечивающей равный доступ к знаниям и развитие познавательной активности всех участников образовательного процесса.

## Список использованных источников

1. Абдулина О. В. Методика преподавания химии. – Алматы: Мектеп, 2019. – 224 с.
2. Закон Республики Казахстан от 26 июня 2021 года № 76-VII «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам инклюзивного образования».
3. Менделеев Д. И. Основы химии. – М.: Наука, 2020. – 512 с.
4. Слободчиков В. И., Исаев Е. И. Психология образования. – М.: Академия, 2022. – 368 с.
5. Федин А. И. Инклюзивное обучение в химии: пособие для преподавателя. – Астана, 2021. – 160 с.


# ХИМИЯ ПӘНІНЕН «ПЕРИОДТЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ЖИ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ


***Ибрагим Д.Ә.***

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Жаратылыстану жоғары мектебінің 3-курс студенті*

***Баймурат М.,Сейтова Р.К.***

*Ғылыми жетекшілері: химия магистрі*



**Андатпа.** Бұл мақалада химия пәні бойынша «Периодтық жүйенің құрылымы» тақырыбын оқыту барысында жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын пайдалану арқылы оқушылардың білімін бағалау мәселелері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – оқушылардың оқу жетістіктерін объективті, жедел және тиімді бағалауда ЖИ құралдары мүмкіндіктерін анықтау. Мақалада ЖИ негізіндегі бағалау құралдарының түрлері, олардың жұмыс істеу қағидалары және оқу процесіне енгізу ерекшеліктері талданады.



**Түйінді сөздер***:* жасанды интеллект құралдары, химияны оқыту, периодтық жүйе, бағалау, цифрлық технологиялар, оқыту әдістемесі.



**Abstract.** This article examines the use of artificial intelligence (AI) tools in assessing students' knowledge in the topic «Structure of the Periodic Table» in chemistry education. The aim of the study is to identify the potential of AI technologies in providing objective, efficient, and timely assessment of students academic performance. The paper analyzes different types of AI-based assessment tools, their operating principles, and the specifics of their integration into the educational process.



**Keywords**: artificial intelligence tools, chemistry education, periodic table, assessment, digital technologies, teaching methodology.



**Аннотация.** В данной статье рассматривается использование инструментов искусственного интеллекта (ИИ) для оценки знаний учащихся по теме «Структура периодической системы» в курсе химии. Цель исследования — выявить возможности ИИ-технологий в обеспечении объективной, оперативной и эффективной оценки учебных достижений учащихся.

В статье проанализированы виды оценочных инструментов на основе ИИ, принципы их функционирования и особенности внедрения в образовательный процесс.



**Ключевые слова**: инструменты искусственного интеллекта, обучение химии, периодическая система, оценивание, цифровые технологии, методика обучения.

**Кіріспе**

Қазіргі білім беру жүйесінде цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы мұғалімдерге оқыту мен бағалаудың жаңа тәсілдерін енгізуге мүмкіндік беріп отыр. Соның ішінде жасанды интеллект (ЖИ) құралдары оқушылардың білімін әділ, жедел және жан-жақты бағалауға тиімді құрал ретінде қарастырылады.

«Периодтық жүйенің құрылымы» тақырыбы – химия ғылымының негізін құрайтын маңызды бөлімдердің бірі [1, 16-56б.]. Бұл тақырыпта оқушылар химиялық элементтердің периодтар мен топтар бойынша орналасу заңдылықтарын, атом құрылысы мен қасиеттерінің өзгеруін меңгереді. Тақырыпты терең түсіну келесі сыныптардағы химия курсын игеруге негіз болады.

ЖИ құралдарын бағалауда қолданудың артықшылықтары

Жасанды интеллектке негізделген құралдар (мы, тест құрастыру, жауаптарды автоматты тексеру, кері байланыс беру жүйелері) мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, оқушының білім деңгейін нақты анықтауға мүмкіндік береді [2, 102 б.]. Негізгі артықшылықтары:

Жедел кері байланыс – оқушы тапсырманы орындаған сәтте нәтижесін көре алады;

Жеке дара оқыту – әр оқушының деңгейіне сәйкес тапсырмалар ұсынылады;

Объективті бағалау – адам факторынан туындайтын қателіктер азаяды;

Уақыт үнемдеу – мұғалім тексеруге кететін уақытын қысқартады.

Бағалау процесін ұйымдастыру әдістері

Диагностикалық бағалау

Сабақ басында ЖИ құралдары арқылы қысқа тест ұйымдастыруға болады. Бұл оқушылардың бастапқы білім деңгейін анықтауға көмектеседі. Мысалы, элементтердің таңбаларын, атом нөмірін немесе топтар мен периодтарды ажырату тапсырмалары беріледі.

Қалыптастырушы бағалау

Сабақ барысында интерактивті тапсырмалар қолдану тиімді. Мысалы:

- Периодтық жүйеде элементтің орнын табу;
- Қасиеттердің өзгеру заңдылығын анықтау;
- Сәйкестендіру немесе бос орындарды толтыру тапсырмалары.
- ЖИ құралдары оқушының қателерін талдап, түсіндірме бере алады.
- Жиынтық бағалау

Тақырып соңында кешенді тест немесе жобалық жұмыс ұсынылады. ЖИ жүйесі нәтижелерді автоматты түрде өңдеп, әр оқушының жетістігі туралы толық есеп береді. Сонымен қатар, әлсіз тұстарын көрсетіп, қосымша тапсырмалар ұсына алады [3, 43-70 б.].

Практикалық мысал

Мұғалім «Периодтық жүйенің құрылымы» тақырыбын өткеннен кейін ЖИ құралдарында 15 сұрақтан тұратын тест дайындайды. Тестке әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар енгізіледі:

- Білу және түсіну (анықтамалар, терминдер);
- Қолдану (элементтің орнын анықтау);
- Талдау (қасиеттердің өзгеруін түсіндіру).

Нәтижесінде құралы әр оқушының пайыздық көрсеткішін, дұрыс және қате жауаптарын көрсетіп, жеке ұсыныстар береді.

Қиындықтар мен оларды шешу жолдары

ЖИ қолдану барысында кейбір мәселелер туындауы мүмкін:

- Техникалық құралдардың жетіспеушілігі;
- Интернетке тәуелділік;
- Оқушылардың цифрлық сауаттылығының әртүрлі деңгейі.

Бұл қиындықтарды шешу үшін аралас оқыту әдістерін қолдану, офлайн тапсырмалармен үйлестіру және оқушыларға алдын ала нұсқаулық беру ұсынылады.

Жасанды интеллект құралдары пайдалану 7-сынып химия пәнінде оқушыларды бағалаудың тиімділігін арттырады. Сонымен қатар, мұғалімге деректерге негізделген шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Осылайша, ЖИ құралдарын білім беру процесіне енгізу – заманауи мектептің маңызды бағыттарының бірі болып табылады [4, 173 б.].

Химия пәніндегі “Периодтық жүйенің құрылымы” тақырыбы бойынша жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын пайдаланып орындауға болатын төменде берілген практикалық тапсырмаларды беруге болады. Бұл тапсырмалар оқушылардың білімін бағалауға және дамытуға бағытталған.

1. “Элементті тап” (ЖИ құралы көмегімен іздеу және талдау)

Мақсаты: Оқушының периодтық жүйені түсінуін тексеру

Тапсырма:

ЖИ құралы (мысалы, ChatGPT және т.б.) келесі сипаттаманы енгізіңіз:

- “Атом нөмірі 11, 3-периодта, 1-топта орналасқан элементті анықта”
- Оқушы әрекеті:
- ЖИ берген жауапты тексереді
- Элементтің атауын, таңбасын жазады
- Қосымша сипаттама береді (металл/бейметалл)

Бағалау критерийі:

- Дұрыс анықтады – 1 балл
-Қасиетін сипаттады – 1 балл

2. «Қателерді тап»

Мақсаты: Сыни ойлау қабілетін дамыту

Тапсырма:

Мұғалім ЖИ-ден алынған (әдейі қате болуы мүмкін) мәлімет береді:

- “Оттек 2-периодта, 16-топта орналасқан металл элемент”

Оқушы әрекеті:

- Қай жері қате екенін анықтайды

- Дұрыс нұсқасын жазады
Бағалау критерийі:
- Қателікті тапты – 1 балл
- Дұрыс жауап ұсынды – 1 балл
3. “Периодтық заңдылықты түсіндір” (ЖИ-мен диалог)
Мақсаты: Түсіну және түсіндіру дағдысын дамыту
Тапсырма:
- Оқушылар ЖИ-ге сұрақ қояды:
- “Период бойынша атом радиусы қалай өзгереді?”
Оқушы әрекеті:
- ЖИ жауабын оқиды
- Өз сөзімен қысқаша түсіндіреді
- Мысал келтіреді
- Бағалау критерийі:
- Түсіндірмесі дұрыс – 1 балл
- Мысал келтірді – 1 балл
4. “Сәйкестендіру тапсырмасы” (ЖИ мен тест)
Мақсаты: Білімді бекіту
Тапсырма:
- ЖИ көмегімен төмендегідей тапсырма құрастыру:
- Элементтер: Na, Cl, Mg
- Қасиеттері: металл, бейметалл, сілтілік металл
Оқушы әрекеті:
- Сәйкестендіреді
- Нәтижені ЖИ арқылы тексереді
Бағалау критерийі:
- Әр дұрыс сәйкестік – 1 балл
5. “Мини-жоба” (ЖИ көмегімен зерттеу)
Мақсаты: Зерттеу және талдау дағдыларын дамыту
Тапсырма:
Оқушылар бір элементті таңдайды (мысалы, кальций) ЖИ-ден сұрайды:
- Периодтағы орны
- Топ нөмірі
-Қасиеттері
Оқушы әрекеті:
- Ақпаратты жинақтайды
- Қысқа презентация немесе постер жасайды
Бағалау критерийі:
- Ақпарат толық – 2 балл
- Дұрыс құрылым – 1 балл
- Шығармашылық – 1 балл
6. “Тест құрастыр” (ЖИ арқылы)
- Мақсаты: Оқушының жоғары деңгейлі ойлауын дамыту

Тапсырма:
- Оқушы ЖИ-ге тапсырма береді:
- “Периодтық жүйе бойынша 5 сұрақтан тұратын тест құрастыр”
Оқушы әрекеті:
- ЖИ жасаған тестті сыныптастарына ұсынады
- Дұрыстығын тексереді
Бағалау критерийі:
- Сұрақтардың сапасы – 2 балл
- Дұрыс жауап кілті – 1 балл
7. “Болжам жаса” (ЖИ көмегімен)
- Мақсаты: Аналитикалық ойлау
Тапсырма: Сұрақ:
- “Егер элемент 2-топта орналасса, оның қандай қасиеттері болады?”
Оқушы әрекеті:
- Алдымен өзі жауап береді
- Кейін ЖИ жауабымен салыстырады
Бағалау критерийі:
- Өз болжамы – 1 балл
- Салыстыру жасады – 1 балл
Қорытынды

Бұл практикалық тапсырмалар ЖИ құралдарын тиімді қолдана отырып:

- оқушылардың қызығушылығын арттырады
- өздігінен білім алу дағдыларын дамытады
- бағалау процесін жеңілдетеді [8, 144б.].

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ЖИ құралдарын қолдану бағалаудың дәлдігін арттырып қана қоймай, мұғалімнің уақытын үнемдеуге, сондай-ақ оқушылардың пәнге деген қызығушылығын күшейтуге мүмкіндік береді. Ұсынылған әдістемелік тәсілдер мен цифрлық құралдар химияны оқыту тәжірибесінде тиімді пайдалануға бағытталған [5, 11-23 б.].

Жүргізілген зерттеу химия пәніндегі «Периодтық жүйенің құрылымы» тақырыбын оқытуда жасанды интеллект құралдарын қолдану оқушылардың білімін бағалаудың тиімділігін едәуір арттыратынын көрсетті. ЖИ негізіндегі бағалау жүйелері оқу жетістіктерін объективті, жедел және дәл анықтауға мүмкіндік береді, сонымен қатар білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, сараланған кері байланыс ұсынады [6, 205 б.]. .

Зерттеу нәтижелері ЖИ технологияларының оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, пәнге деген қызығушылығын күшейтуге және өзіндік оқу дағдыларын дамытуға оң әсер ететінін дәлелдеді [7, 32б.]. Сонымен қатар, мұғалімдердің жұмысын жеңілдетіп, уақытты тиімді пайдалануға жағдай жасайтыны анықталды.

Осыған байланысты, ЖИ құралдарын химияны оқыту процесіне жүйелі түрде енгізу білім сапасын арттырудың маңызды бағыты ретінде

қарастырылуы тиіс. Болашақта бұл бағытта ЖИ-ді қолданудың әдістемелік негіздерін жетілдіру, тәжірибелік зерттеулерді кеңейту және білім беру жүйесіне цифрлық технологияларды тиімді интеграциялау өзекті болып табылады.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. UNESCO. Artificial Intelligence in Education: Challenges and Opportunities for Sustainable Development. – Paris, 2019.-P.16-56.
2. Stuart Russell., Peter Norvig. Artificial Intelligence: A Modern Approach. – 3rd ed. – Pearson, 2016. -P.102.
3. Neil Selwyn. Should Robots Replace Teachers? AI and the Future of Education. – Polity Press, 2019.-P.43-70.
4. Michael Fullan., Joanne Quinn. Coherence: The Right Drivers in Action for Schools. – Corwin, 2016.-P.173.
5. John Hattie. Visible Learning: A Synthesis of Over 800 Meta-Analyses Relating to Achievement. – Routledge, 2009.-P.11-23.
6. Қ. Жұбанов, Ә. Тәжібаев. Жалпы химия. – Алматы: Мектеп, 2018. -P.205.
7. Luckin, R. et al. Intelligence Unleashed: An Argument for AI in Education. – Pearson, -P.32.
8. Holmes, W., Bialik, M., Fadel, C. Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications for Teaching and Learning. – Boston: Center for Curriculum Redesign, 2019. -P.144.


# ХИМИЯНЫ ЦИФРЛЫҚ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНБАЛЫ БІЛІМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ


***Кабдулбариева Д.А.***

*Магистрант, Әлкей Марғұлан ат. Павлодар педагогикалық университет, Павлодар қ.*

***Убайдулаева Н. А.***

*Ғылыми жетекші**:** х.ғ.к. доцент, Әлкей Марғұлан ат.Павлодар педагогикалық университет, Павлодар қ.*



**Андатпа.** Бұл мақалада химияны цифрлық оқыту жағдайында оқушылардың қолданбалы білімін қалыптастырудың педагогикалық негіздері қарастырылады. Зерттеу көрсеткендей, цифрлық технологияларды қолдану оқушылардың теориялық білімін нақты өмірлік жағдаяттарда тиімді қолдана алу қабілетін арттырады, олардың зерттеушілік дағдылары мен сыни ойлау қабілетін дамытады. Виртуалды зертханалар, интерактивті платформалар және модельдеу құралдары оқу процесін көрнекі, қызықты және практикалық етеді. Эксперимент нәтижелері оқушылардың қолданбалы білім деңгейінің айтарлықтай өскенін көрсетті, бұл цифрлық оқыту әдістерінің тиімділігін дәлелдейді.



**Кілт сөздер**: цифрлық оқыту, химия сабағы, қолданбалы білім, виртуалды зертханалар, зерттеушілік дағдылар



**Abstract.** This article explores the pedagogical foundations for developing students' applied knowledge in digital chemistry education. The study demonstrates that using digital

technologies enhances students' ability to apply theoretical knowledge in real-life situations, while fostering their research skills and critical thinking. Virtual laboratories, interactive platforms, and modeling tools make the learning process more visual, engaging, and practical. Experimental results showed a significant improvement in students' applied knowledge, confirming the effectiveness of digital learning methods.

**Keywords:** digital learning, chemistry lesson, applied knowledge, virtual laboratories, research skills

**Аннотация.** В статье рассматриваются педагогические основы формирования прикладных знаний учащихся при цифровом обучении химии. Исследование показало, что использование цифровых технологий повышает способность учащихся применять теоретические знания в реальных жизненных ситуациях, развивает их исследовательские навыки и критическое мышление. Виртуальные лаборатории, интерактивные платформы и инструменты моделирования делают учебный процесс наглядным, увлекательным и практико-ориентированным. Результаты эксперимента показали значительное увеличение уровня прикладных знаний учащихся, что подтверждает эффективность методов цифрового обучения.

**Ключевые слова**: цифровое обучение, урок химии, прикладные знания, виртуальные лаборатории, исследовательские навыки

Қазіргі білім беру жүйесінде цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы оқыту процесінің мазмұны мен әдістеріне елеулі өзгерістер енгізуде. Әсіресе жаратылыстану пәндерін, соның ішінде химияны оқытуда цифрлық құралдарды қолдану оқушылардың білім сапасын арттырумен қатар, олардың алған білімдерін өмірде қолдана алу қабілетін дамытуға бағытталуда. Бұл тұрғыда қолданбалы білімді қалыптастыру мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр [1].

Химия – табиғаттағы заттар мен олардың өзгерістерін зерттейтін ғылым болғандықтан, оны оқыту тек теориялық біліммен шектелмеуі тиіс. Оқушылар химиялық ұғымдарды күнделікті өмірмен байланыстыра отырып, олардың практикалық маңызын түсінуі қажет. Ғалымдардың пікірінше, білімнің қолданбалы сипаты оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, оқу мотивациясын күшейтеді [2].

Цифрлық оқыту жағдайында бұл міндетті жүзеге асыру үшін әртүрлі интерактивті платформалар, виртуалды зертханалар және модельдеу құралдары кеңінен қолданылады. Мысалы, PhET Interactive Simulations сияқты платформалар оқушыларға күрделі химиялық процестерді визуалды түрде түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеулер көрсеткендей, мұндай құралдар оқушылардың түсіну деңгейін арттырып қана қоймай, олардың зерттеушілік дағдыларын да дамытады [3].

Сонымен қатар, цифрлық технологиялар оқытуды өмірмен байланыстырудың тиімді құралы болып табылады. John Dewey өз еңбектерінде білімнің тәжірибемен байланысы оның тиімділігінің басты шарты екенін атап өткен [4]. Бұл идея қазіргі цифрлық білім беру жағдайында ерекше маңызға ие болып отыр, себебі цифрлық құралдар нақты өмірлік жағдайларды модельдеуге мүмкіндік береді.

Цифрлық оқыту барысында қолданбалы білімді қалыптастыру оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға да ықпал етеді. Бұл

туралы Andreas Schleicher «білім беру жүйесінің басты мақсаты - оқушыларды өмірлік жағдайларда білімін тиімді қолдана алуға үйрету» деп атап көрсетеді [5]. Осы тұрғыда химия пәнін оқытуда цифрлық технологияларды қолдану оқушылардың практикалық дағдыларын қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады.

Зерттеулер көрсеткендей, цифрлық білім беру ортасында оқушылар ақпаратты тек қабылдап қана қоймай, оны өңдеп, талдап және нақты жағдайларда қолдануға үйренеді. Бұл олардың сыни ойлау қабілетін, шығармашылық белсенділігін және өзіндік білім алу дағдыларын дамытуға ықпал етеді [6].

Қазақстандық білім беру жүйесінде де цифрлық технологияларды енгізу қарқынды жүзеге асырылуда. Жаңартылған білім беру мазмұны оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған және бұл міндетті жүзеге асыруда цифрлық оқыту ерекше рөл атқарады [7]. Осыған байланысты химия пәнін цифрлық форматта оқыту барысында қолданбалы білімді қалыптастырудың педагогикалық негіздерін зерттеу өзекті ғылыми мәселе болып табылады.

Осы зерттеу жұмысының мақсаты - химияны цифрлық оқыту жағдайында оқушылардың қолданбалы білімін қалыптастырудың тиімді педагогикалық тәсілдерін анықтау және олардың оқу процесіне ықпалын талдау.

*Кесте 1 – Цифрлық оқыту мен дәстүрлі оқытудың салыстырмалы сипаттамасы*

| **Көрсеткіш** | **Дәстүрлі оқыту** | **Цифрлық оқыту** |
|---|---|---|
| Ақпарат беру тәсілі | Мұғалім арқылы | Сандық ресурстар арқылы |
| Көрнекілік деңгейі | Төмен | Жоғары (анимация, модельдеу) |
| Практикалық бағыт | Шектеулі | Кеңейтілген (виртуалды тәжірибе) |
| Оқушы белсенділігі | Орташа | Жоғары |
| Қолданбалы білім | Әлсіз қалыптасады | Жақсы қалыптасады |

Цифрлық білім беру жағдайында химия пәнін оқытуда қолданбалы білімді қалыптастыру – оқушылардың алған теориялық білімдерін нақты өмірлік жағдаяттарда қолдана алу қабілетін дамытуға бағытталған маңызды педагогикалық міндеттердің бірі болып табылады. Бұл міндетті жүзеге асыруда цифрлық технологиялар оқыту процесін жаңғыртып, оның мазмұнын практикалық тұрғыдан байытуға мүмкіндік береді.

Ғылыми әдебиеттерде қолданбалы білім ұғымы білімді нақты жағдайларда тиімді пайдалану қабілеті ретінде қарастырылады. Осы тұрғыда химияны оқытуда цифрлық құралдарды пайдалану оқушылардың тек ақпаратты меңгеруіне ғана емес, оны талдау, интерпретациялау және тәжірибеде қолдануына жағдай жасайды [2]. Мысалы, виртуалды

зертханалар мен модельдеу бағдарламалары химиялық процестерді қауіпсіз және көрнекі түрде зерттеуге мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде оқушылардың түсіну деңгейін арттырады [3].

Цифрлық оқытуда қолданылатын әдістердің бірі – контекстік оқыту. Бұл тәсілде оқу материалы нақты өмірлік жағдайлармен байланыстырылады. Мысалы, «Су тазарту», «Тағамдағы қоспалар», «Ауа ластануы» сияқты тақырыптар цифрлық симуляциялар арқылы қарастырылып, оқушылар нақты мәселелерді шешуге тартылады. Мұндай тапсырмалар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың функционалдық сауаттылығын дамытуға ықпал етеді [1].

Сонымен қатар, цифрлық ортада оқыту барысында интерактивті тапсырмалар, онлайн тесттер және визуалды контент кеңінен қолданылады. Бұл құралдар оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді және олардың өзіндік білім алу дағдыларын қалыптастырады. Р. Майердің мультимедиалық оқыту теориясы бойынша визуалды және мәтіндік ақпаратты бірге қолдану оқушылардың білімді жақсы меңгеруіне ықпал етеді [6].

Зерттеу жұмысы 8-сынып оқушыларымен (16 оқушы) жүргізілді. Зерттеудің мақсаты – цифрлық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың қолданбалы білім деңгейінің өзгерісін анықтау болды. Эксперимент екі кезеңнен тұрды: бастапқы кезең (дәстүрлі оқыту) және қорытынды кезең (цифрлық оқыту енгізілгеннен кейін).

Бағалау критерийлері ретінде оқушылардың:

теориялық білімді түсінуі;

білімді практикалық жағдайда қолдана алуы;

тапсырмаларды орындау белсенділігі алынды.

Зерттеу нәтижелері төмендегі кестеде көрсетілген.

*Кесте 2 – Оқушылардың қолданбалы білім деңгейінің өзгерісі (эксперимент нәтижесі)*

| **Деңгей** | **Бастапқы кезең (%)** | **Цифрлық оқытудан кейін (%)** |
|---|---|---|
| Жоғары | 19% (3 оқушы) | 50% (8 оқушы) |
| Орташа | 56% (9 оқушы) | 38% (6 оқушы) |
| Төмен | 25% (4 оқушы) | 12% (2 оқушы) |

Кесте 2 нәтижелері көрсеткендей, цифрлық оқыту енгізілгеннен кейін оқушылардың қолданбалы білім деңгейінде оң өзгерістер байқалды. Жоғары деңгейдегі оқушылар саны 19%-дан 50%-ға дейін артты. Бұл цифрлық технологиялардың оқыту процесінде тиімді қолданылғанын көрсетеді.

Орташа деңгейдегі оқушылар санының азаюы олардың жоғары деңгейге өткенін білдіреді, ал төмен деңгейдегі оқушылар санының қысқаруы оқыту әдістерінің тиімділігін дәлелдейді. Мұндай нәтижелер

цифрлық құралдардың оқушылардың білімді тәжірибеде қолдану дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететінін көрсетеді.

Зерттеу барысында оқушылардың кері байланысы да талданды. Оқушылар цифрлық сабақтардың қызықты, түсінікті және өмірмен байланыс-ты екенін атап өтті. Әсіресе виртуалды тәжірибелер мен модельдеу тапсырмалары олардың пәнді тереңірек түсінуіне көмектескен.

Осылайша, химияны цифрлық оқытуда қолданбалы білімді қалыптастыру тиімді педагогикалық тәсілдер арқылы жүзеге асатыны дәлелденді. Цифрлық технологиялар оқу процесін жандандырып, оқушылардың белсенділігін арттыруға және білімді практикада қолдану қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Жүргізілген зерттеу жұмысы химияны цифрлық оқыту жағдайында оқушылардың қолданбалы білімін қалыптастырудың педагогикалық тұрғыдан тиімді екенін көрсетті. Теориялық талдау нәтижесінде цифрлық технологиялардың оқу процесін жаңғыртып, білімді өмірмен байланыстыра меңгеруге мүмкіндік беретіні анықталды. Бұл өз кезегінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға және олардың алған білімдерін практикалық жағдайларда қолдану қабілетін арттыруға ықпал етеді.

Эксперименттік зерттеу нәтижелері цифрлық оқыту енгізілгеннен кейін оқушылардың қолданбалы білім деңгейінің айтарлықтай артқанын дәлелдеді. Жоғары деңгейдегі оқушылар саны көбейіп, төмен деңгейдегі көрсеткіштер азайды. Бұл цифрлық құралдардың, әсіресе визуализация, модельдеу және виртуалды тәжірибелердің, оқушылардың материалды терең түсінуіне және оны практикада қолдануына тиімді әсер ететінін көрсетеді.

Сонымен қатар, цифрлық оқыту оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, олардың өзіндік жұмыс жасау, ақпаратты талдау және қорытынды шығару дағдыларын қалыптастырады. Оқушылардың кері байланысы цифрлық сабақтардың қызықты, қолжетімді және өмірмен тығыз байланысты екенін көрсетті, бұл олардың пәнге деген қызығушылығын күшейтеді.

Осыған байланысты химия пәнін оқытуда цифрлық технологияларды жүйелі және мақсатты түрде қолдану ұсынылады. Атап айтқанда:

- оқу процесіне виртуалды зертханалар мен интерактивті платформаларды енгізу;
- оқу материалын өмірлік жағдайлармен байланыстыру;
- қолданбалы бағыттағы тапсырмаларды көбейту;
- оқушылардың зерттеушілік және практикалық әрекеттерін ұйымдастыру.

Қорытындылай келе, химияны цифрлық оқытуда қолданбалы білімді қалыптастыру - заманауи білім беру талаптарына жауап беретін, оқушылардың оқу жетістіктерін арттыруға бағытталған тиімді педагогикалық тәсіл болып табылады.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Redecker C. Digital competence of educators. – Luxembourg: European Commission, 2017.
2. Gilbert J.K. On the nature of “context” in chemical education // *International Journal of Science Education*. – 2006. – Vol. 28(9). – P. 957–976.
3. Perkins K.K. et al. PhET: Interactive simulations for teaching and learning physics // *The Physics Teacher*. – 2006. – Vol. 44(1). – P. 18–23.
4. Dewey J. Experience and education. – New York: Macmillan, 1938.
5. Schleicher A. Education World Forum. – OECD, 2018.
6. Mayer R.E. Multimedia learning. – Cambridge: Cambridge University Press, 2009.
7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Цифрлық Қазақстан бағдарламасы. – Астана, 2018.
8. Krajcik J.S., Blumenfeld P.C. Project-based learning // *Cambridge Handbook of the Learning Sciences*. – 2006. – P. 317–334.


# КРЕАТИВТІ ОЙЛАУДЫ ДАМЫТУДА ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ


***Қанапия Д.А***

*Магистрант, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар Педагогикалық Университеті, Павлодар қ.*

***Убайдулаева Н. А.***

*Ғылыми жетекші**:** х.ғ.к. доцент, Әлкей Марғұлан ат. Павлодар педагогикалық университет, Павлодар қ.*



**Аңдатпа.** Бұл зерттеу проблемалық оқыту арқылы оқушылардың креативті ойлауын дамытуға бағытталған. Химия сабағында проблемалық жағдаяттарды қолдану тиімділігі қарастырылды. Теориялық негіздері талданып, зертханалық сабақ үлгісі ұсынылды. Нәтижесінде оқушылардың логикалық, зерттеушілік және шығармашылық дағдылары дамитыны дәлелденді.



**Кілт сөздер**: проблемалық оқыту технологиясы, креативті ойлау, оқыту әдістері, шығармашылық қабілеттер, проблемалық сұрақтар.



**Аннотация.** Данное исследование направлено на развитие креативного мышления учащихся через проблемное обучение. Рассмотрена эффективность применения проблемных ситуаций на уроках химии. Проанализированы теоретические основы и предложен пример лабораторного занятия. В результате доказано развитие логических, исследовательских и творческих навыков учащихся.



**Ключевые слова**: технология проблемного обучения, креативное мышление, методы обучения, творческие способности, проблемные вопросы.



**Abstract.** This study explores the development of students’ creative thinking through problem-based learning. It highlights the effectiveness of problem situations in chemistry lessons, analyzes theoretical foundations, and presents a sample laboratory session. The findings confirm the improvement of students’ logical thinking, research abilities, and creative skills.



**Keywords*:*** problem-based learning technology, creative thinking, teaching methods, creative abilities, problem questions.

Қазіргі заманда технологиялық жетістіктердің қарқыны артуда. Өмірдің көптеген салаларында үздіксіз өзгерістер орын алуда. Мұндай жағдайда білім беру саласына үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр — бүгінгі түлектер өзгермелі ортаға тез бейімделе алуы тиіс. Бұл талапқа сай болу үшін оқушыларды тереңірек ойлау қабілеті мен тиімді оқу дағдыларына баулу қажет. Ақпараттық технологиялардың дамуы, еңбек нарығы талаптарының күрделенуі мен бәсекелестіктің артуы – білім беру жүйесіне тың көзқараспен қарауды қажет етеді. Білім алушыларға тек теориялық білім жеткіліксіз; оларды креативті ойлауға, бастамашыл болуға, жаңашыл шешімдер қабылдай алуға үйрету — уақыт талабы.

Осы орайда, проблемалық оқыту технологиясы креативті ойлауды дамытуда тиімді әдіс ретінде танылып отыр. Бұл технология оқушыларды дайын ақпаратты қабылдаушы емес, білімді өз бетімен ізденіп, оны тәжірибеде қолдана алатын тұлға ретінде қалыптастыруға ықпал етеді. Сондықтан бұл тақырып қазіргі білім беру үрдісінде аса өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Зерттеудің мақсаты проблемалық оқыту технологиясы негізінде білім алушылардың креативті ойлау қабілетін дамыту жолдарын анықтау және оны оқу-тәрбие процесіне тиімді енгізу мүмкіндіктерін қарастыру. Осы мақсатқа негізделген міндеттерге тоқталсақ:

Проблемалық оқыту технологиясы мен креативті ойлаудың теориялық негіздерін талдау;

Проблемалық оқытудың шығармашылық қабілеттерді дамытудағы рөлін сипаттау;

Проблемалық оқыту арқылы креативті ойлау деңгейін арттырудың педагогикалық шарттарын айқындау.

Проблемалық оқыту – бұл оқушыны жаңа білімді өз бетімен іздену арқылы меңгеруге итермелейтін, ойлауға жетелейтін әдіс. Бұл технологияда мұғалім дайын білімді бермейді, керісінше, проблемалық жағдаят тудырып, оқушыны сол мәселені шешуге бағыттайды [1, б.632]. Білімгерлердің сыни, логикалық және креативті ойлау қабілеттері дамытатын проблемалық оқытуда қолданылатын белгілері бар (1-сурет).

Креативтілік – жаңа идеялар тудырып, стандартты емес шешімдер табуға мүмкіндік беретін қабілет. XXI ғасырда бұл қабілет кез келген салада табысқа жетудің маңызды құралына айналды. Оқушыларда креативті ойлауды дамыту арқылы біз:

Олардың өмірлік мәселелерді шешу қабілетін арттырамыз;

Идеяларды еркін жеткізу мен негіздеуге үйретеміз;

Өз бетінше шешім қабылдауға, тәуекел етуге бейімдейміз.

Бұл қабілеттер кез келген заманауи маман үшін аса маңызды [2, б.1245].

Проблемалық оқыту арқылы креативтілікті дамыту жолдары

*1-сурет. Проблемалық оқытудың басты белгілері*

Проблемалық оқытудың ерекшелігі – оқушыны өз бетінше шешім іздеуге итермелеуі. Бұл үдеріс бірнеше кезеңнен тұрады:

Проблемалық жағдаятты ұсыну. Мұғалім оқушыны қызықтыра алатын шынайы немесе гипотетикалық жағдай ұсынады. Бұл жағдаят оқушыны ойлануға, сұрақтар қоюға итермелеуі тиіс.

Мәселені талдау. Оқушы өз білімін, тәжірибесін қолданып, мәселені анықтап, талдайды. Бұл кезеңде әртүрлі болжамдар, идеялар ұсынылады.

Шешім табу. Оқушылар ұжымда немесе жеке шешім ұсынып, оны негіздейді. Бұл шығармашылық, сыни ойлауға сеп болады.

Рефлексия. Шешімнің дұрыстығы, тиімділігі сарапталып, қорытынды жасалады[3, б.1143].

Проблемалық оқыту әдісі оқушылардың жалпыланған білім түрлерін – ұғымдар, заңдылықтар, ережелер, себеп-салдарлық байланыстар мен логикалық тәуелділіктерді саналы түрде меңгеруіне мүмкіндік береді. Мұндай логикалық құрылымдармен жұмыс істеу оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің дамуына ықпал етіп, танымдық белсенділікті арттырады [4, б.155]. Сонымен қатар, бұл тәсіл үстірт қабылдауға, жаттап алуға негізделген формализмнің алдын алады және оқушының білімді терең әрі берік меңгеруіне жол ашады.

Химия пәнін оқыту барысында орындалатын тәжірибелік жұмыстар мен тапсырмалар – оқушыларды ғылыми тұрғыда ойлауға, шешім қабылдауға, ізденуге бағыттайды. Осындай проблемалық оқыту тәсілдері оқушылардың дидактикалық ойлауын дамытудың тиімді жолдарының бірі болып саналады.

Бұл технология оқушыда ерекше түрдегі мотивация қалыптастырады. Сабақта туындайтын проблемалық жағдайлар күрделілік деңгейі, мазмұны және әдістемелік тұрғыдан әртүрлі болуы мүмкін. Осыған байланысты оқушыларда ойлау икемділігі мен бейімделгіштік дағдылары дамиды.

Педагогика ғылымында проблемалық оқытудың төрт түрлі деңгейі айқындалған:

Бірінші деңгей – оқу материалын проблемалық формада ұсыну. Бұл кезеңде негізгі рөл мұғалімге тиесілі. Оқу материалы проблемалық түрде беріледі, мәселені шешудің жолдары мен ойлау бағытын мұғалім өзі көрсетеді. Оқушылар мәселені қалай шешуге болатынын бақылау арқылы үйренеді.

Екінші деңгей – мұғалім ұсынған мәселеге ұқсас тапсырмаларды өздігінен шешу. Мұғалім мәселенің мәнін ашып, оны қалай шешуге болатынын түсіндіреді. Содан кейін оқушылар осыған ұқсас жаңа проблемалық тапсырмаларды өз бетімен орындап көреді.

Үшінші деңгей – оқушының белсенді ізденіс жүргізуі. Мұғалім мәселені ұсынады, бірақ оны шешу жолдарын оқушының өзі анықтауы тиіс. Бұған дейін меңгерген білімін пайдалана отырып, оқушы тапсырманы өздігінен шешеді. Бұл деңгейде оқушыдан дербестік, логикалық ойлау мен бұрынғы білімін қолдана алу талап етіледі.

Төртінші деңгей – зерттеушілік (ізденіс) деңгейі. Бұл кезеңде оқушыларға жаңа, бұрын кездеспеген проблемалық жағдаят ұсынылады. Оқушы оны шешу барысында шығармашылық танытады, зерттеушілік дағдысын көрсетеді. Мұндай тапсырмалар оқушының ғылыми ойлауын, жаңаша шешім табу қабілетін дамытады [5, б.521].

Ойлауды дамытудың шығармашылыққа бағытталған модульдерінде «Проблемалық-шығармашылық оқыту» әдісі қолданылды. Бұл тәсілдің шығармашылық қабілетке тигізетін әсерін зерттеу мақсатында арнайы зерттеу жүргізіліп, нәтижелері мен олардың маңыздылығы сарапқа салынды.

8-сынып химиясында «Қышқылдардың қасиеті мен олардың қолданылуы» тақырыбына проблемалық оқыту технологиясымен сабақ өту барысын зерттеу эксперименті ретінде талқылайық. Оқыту әдістері ретінде проблемалық сұрақ қою, зертханалық тәжірибе, жұптық/топтық жұмыс, шығармашылық есеп, постер қорғау алынды

Сабақта қызығушылықты ояту үшін проблемалық жағдаят берілді: үш белгісіз сұйықтықтың қайсысында қышқыл бар екенін тәжірибе арқылы анықтау қажет. Проблемалық сұрақтар: «Бұл сұйықтықтарда қышқыл бар-жоғын қалай анықтауға болады?» және «Қандай тәжірибелер жасау қажет?»

Мағынаны тану кезінде топтық тапсырмалар «1-топ: Қышқылдардың индикаторлармен әрекеті. 2-топ: Қышқылдардың металдармен әрекеті. 3-топ: Қышқыл мен негіздің әрекеттесуі» зертханалық жұмыстары орындатылды. Оқушылар нәтижелерді кестеге толтырды, сурет салды, реакция теңдеулерін жазды.

Ой толғаныс кезеңінде оқушыларға постер қорғатылды. Әр топ мына сұрақтарға жауап берді: «Қандай тәжірибелер жүргіздіңдер? Қандай нәтиже байқадыңдар? Қышқылдың бар-жоғын қалай дәлелдедіңдер? Бұл білімді өмірде қайда қолдануға болады?»

Рефлексия жүргізіліп, сабақ соңында 1-кестедегі бағалау критерийі бойынша бағаланды.

*1-кесте. Бағалау критерийлері*

| **Критерий** | **Ұпай (1–5)** |
|---|---|
| Проблеманы түсіну және болжам ұсыну | ☆☆☆☆☆ |
| Экспериментті қауіпсіз және дұрыс орындау | ☆☆☆☆☆ |
| Химиялық реакцияларды сипаттау | ☆☆☆☆☆ |
| Топтағы белсенділік, креативтілік | ☆☆☆☆☆ |
| Презентация сапасы, қорытынды жасау | ☆☆☆☆☆ |

Проблемалық оқыту технологиясы негізінде өтілген бұл сабақ күтілетін нәтижесіне жетті. Оқушылар қышқылдардың қасиеттерін тәжірибе арқылы меңгерді. Проблемалық жағдаятқа сүйене отырып шығармашылық шешім қабылдады. Зерттеушілік, талдау, сыни және креативті ойлау қабілеттері дамыды.

**Қорытынды**

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушыларды ақпаратпен қамтамасыз ету жеткіліксіз. Оларды креативті, өздігінен ойлай алатын, шешім қабылдай білетін тұлға ретінде дамыту қажет. Проблемалық оқыту технологиясы осы міндетті жүзеге асыруда тиімді құрал болып табылады, себебі ол шығармашылық ойлауды дамытып, әрекетке жетелейді.

## Пайдаланылған әдебиеттер:


1. Park S. H., Ertmer P. A. Examining barriers in technology-enhanced problem-based learning: Using a performance support systems approach //British Journal of Educational Technology. – 2008. – Т. 39. – №. 4. – С. 631-643.
2. Ocon R. Teaching creative thinking using problem-based learning //2012 ASEE Annual Conference & Exposition. – 2012. – С. 25.1245. 1-25.1245. 14.
3. Nurkhin A. et al. Problem-Based Learning Strategy: Its Impact on Students' Critical and Creative Thinking Skills //European Journal of Educational Research. – 2020. – Т. 9. – №. 3. – С. 1141-1150.
4. Seng T. O. Thinking skills, creativity, and problem-based learning //Temasek Polytechnic Singapore. – 2000.
5. Simanjuntak M. P. et al. Effectiveness of Problem-Based Learning Combined with Computer Simulation on Students' Problem-Solving and Creative Thinking Skills //International Journal of Instruction. – 2021. – Т. 14. – №. 3. – С. 519-534.

# ХИМИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРДІ МОДЕЛЬДЕУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ: LabXchange және PhET ИНТЕРАКТИВТІ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ

***Махметова Д.М.***
*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті*
*Жаратылыстану жоғары мектебінің 3 курс студенті*
***Баймурат М.,Сейтова Р.К.***
*Ғылыми жетекшілері: химия магистрі*

**Андатпа.** Бұл мақалада заманауи химиялық білім берудегі виртуалды эксперименттер мен интеллектуалды оқыту жүйелері негізіндегі платформалардың рөлі зерделенеді. Зерттеу нысаны ретінде LabXchange экожүйесі мен PhET симуляциялары алынып, олардың «Қышқылдар мен негіздер: Аррениус теориясы» тақырыбындағы қолданылу аясы талданады. Мақалада мультимодальды контенттің, сандық модельдеудің және оқушының өзіндік рефлексиясының білім сапасына әсері ғылыми тұрғыдан негізделген.

**Кілтті сөздер**: мультимодальды контент, сандық модельдеу, LabXchange экожүйе, PhET симуляциясы

**Аннотация.** В этой статье будет изучена роль платформ на основе виртуальных экспериментов и интеллектуальных систем обучения в современном химическом образовании. В качестве объекта исследования берутся симуляции экосистемы LabXchange и PhET и анализируется их область применения на тему «кислоты и основания: теория Аррениуса». В статье научно обосновано влияние мультимодального контента, численного моделирования и саморефлексии учащегося на качество знаний.

**Ключевые слова**: мультимодальный контент, численное моделирование, LabXchange экосистема, моделирование PhET

**Annotation.** This article will explore the role of platforms based on virtual experiments and intelligent learning systems in modern chemical education. Simulations of the LabXchange and PhET ecosystems are used as the object of research and their field of application is analyzed on the topic "acids and bases: the Arrhenius theory". The article scientifically substantiates the influence of multimodal content, numerical modeling and student self-reflection on the quality of knowledge.

**Key words**: multimodal content, digital simulation, labxchange ecosystem, PhET simulation

## Кіріспе

Заманауи химиялық дидактиканың басты міндеті - абстрактілі микроқұбылыстарды (иондар, молекулалар, химиялық байланыстар) оқушының қабылдауына ыңғайлы форматта визуализациялау. Дәстүрлі оқыту әдістері динамикалық химиялық тепе-теңдікті статикалық түрде ғана сипаттай алады. Бүгінгі таңда цифрлық модельді платформалар оқушыға «көрінбейтін» әлемді интерактивті басқаруға мүмкіндік береді. Бұл зерттеудің өзектілігі -болашақ мұғалімдердің цифрлық құралдарды сабақ құрылымына ғылыми негізделген әдістеме ретінде енгізу қажеттілігімен айқындалады [1, 73б].

Labxchange: кешенді білім беру траекториясы

LabXchange - Гарвард университеті әзірлеген, ақпаратты саралап ұсынудың мультимодальды платформасы.

Статистикалық верификация және навигация

Зерттеу барысында талданған «Arrhenius definition of acids and bases» модулі 14 логикалық блоктан тұрады. Платформаның гипермәтіндік тегтер жүйесі оқушыға терминдер бойынша (мысалы, pH) қосымша дереккөздерге жедел өтуге мүмкіндік береді.

Инклюзивтілік және ЖИ-транскрипциясы

Платформаның басты инновациясы - видео-контенттің нақты уақыттағы транскрипциясы. Цифрлық алгоритмдері сөйлеу тілін академиялық мәтінге айналдырып, терминдердің дұрыс орфографиясын меңгеруге және ақпаратты инклюзивті қабылдауға жағдай жасайды.

Иерархиялық мазмұн және дифференциалды оқыту

LabXchange платформасының басты артықшылықтарының бірі - білім мазмұнының оқушының деңгейіне қарай жүйеленуі. Химия курсы үш негізгі деңгейге бөлінген:

Middle School (Орта мектеп): Химиялық реакциялар мен судың қасиеттері сияқты іргелі тақырыптар.

High School (Жоғары мектеп): «Acids & Bases» (Қышқылдар мен негіздер), Органикалық химия және Макромолекулалар сияқты күрделірек модульдер.

Advanced (Профильді деңгей): Тереңдетілген академиялық зерттеулерге арналған бағыттар.

Бұл иерархия «сатылы оқыту» (scaffolding) принципін іске асыруға мүмкіндік береді: оқушы өз біліміне сәйкес траекторияны таңдайды, ал мұғалім сыныптың деңгейіне қарай контентті икемдей алады.

Рөлдік функционал және интеграция

Платформаның бастапқы беті екі негізгі қолданушы аудиториясына бағытталған: «Оқытушылар» және «Оқушылар».

Мұғалімдер үшін: Виртуалды кластар құру, дайын симуляцияларды сабақ жоспарына интеграциялау және оқушылардың прогресін бақылау құралдары қарастырылған.

Оқушылар үшін: «Зерттеу арқылы үйрену» (Inquiry-based learning) концепциясы ұсынылған. Гарвард университетінің қолдауымен жасалған бұл интерфейс академиялық еркіндік пен креативті ойлауға жол ашады.

Платформаның іздеу жүйесіндегі деректерге сүйенсек LabXchange 34 200-ден астам верификацияланған оқу ресурстарын біріктіреді. Бұл - химиялық білім беруді тек бір оқулық аясында емес, жаһандық STEM-медиатека контекстінде оқытуға мүмкіндік беретін орасан зор цифрлық экожүйе. Іздеу жолағының қасында «Пәндер» (Subjects) деген бөлім бар. Ол жерде тек химия емес, биология, физика, денсаулық сақтау және техникалық ғылымдардың тоғысқан жері көрсетіледі. Бұл химияны пәнаралық байланыс (interdisciplinary approach) арқылы оқытуға болатынын дәлелдейтін аргумент [2, 15-45б].

PhET симуляциялары: молекулалық модельдеу технологиясы

Химиялық құбылыстарды оқытудағы басты кедергі - атомдық-молекулалық деңгейдегі үдерістердің көзге көрінбейтіндігі [3, 43б]. PhET интерактивті симуляциялары LabXchange платформасымен біріге отырып, бұл «абстрактілі» әлемді нақты зерттеу алаңына айналдырады. Бұл осы мақалада біз симуляцияның «Intro» (Кіріспе) және «My Solution» (Менің ерітіндіміз) бөлімдерінің ғылыми маңызын талдаймыз.

Енді осы аталған платформаларды қолдану барысында зерттелген үрдістерге мысалдар келтіретін болсақ:

«Intro» бөлімі: макро және микроәлемге шолу

Симуляцияның бастапқы кезеңінде оқушыларға ерітіндінің қасиеттерін зерттеуге арналған үш түрлі инструмент ұсынылады.

*Үлкейткіш әйнек (Micro-view):* Бұл инструмент ерітінді ішіндегі бөлшектерді (иондар мен молекулаларды) көруге мүмкіндік береді.

*Ғылыми маңызы:* Күшті қышқылдарда үлкейткіш әйнек тек иондарды көрсетсе, әлсіз қышқылдарда диссоциацияланбаған молекулалардың басымдығын көрсетеді.

*График:* Бұл функция ересек оқушылар мен студенттерге арналған. Ол ерітіндідегі H3O+, OH- және қышқылдың/негіздің тепе-теңдік концентрациясын сандық түрде (1 сур.). көрсетеді.




*1 сурет - Қышқылдың/негіздің тепе-теңдік концентрациясын сандық түрі*

Өлшеу құралдары:

- *pH қағазы (Индикатор):* Түстің өзгеруі арқылы ортаны сапалық түрде анықтайды.
- *pH-метр:* Ерітіндінің қышқылдығын нақты цифрлық мәнмен көрсетеді.

*Шам (Электр өткізгіштік):* Бұл - ең маңызды дидактикалық элемент. Шамның жарықтығы ерітіндідегі еркін иондардың санына тікелей байланысты.

**2. Қышқылдар мен негіздердің дифференциациясы. Күшті және әлсіз электролиттер:**

Симуляция барысында күшті қышқылды таңдағанда шамның өте жарық жанатынын (2 сур.). көреміз:




*2 сурет – Реакция барысы*

**HA+H2O→A- +H3O+** (толық диссоциация).

Ал әлсіз қышқылда шам әлсіз жанады, себебі иондар саны аз.




*3 сурет - Ерітіндідегі иондардың жоғары концентрациясын (3 сур.). дәлелдейді:*

Судың автопротолизі

Симуляцияда шамның жарықтығы ерітіндідегі иондардың концентрациясына тікелей байланысты.

*Практикалық дәлел:* Таза суға электродтарды салғанда шам мүлдем жанбайды. Бұл ерітіндіде электр тоғын тасымалдайтын зарядталған бөлшектердің (иондардың) концентрациясының тым аз екенін (бар болғаны 10-7 моль/л) білдіреді. Егер су жақсы электролит болса, шам кем дегенде әлсіз болса да жанар еді.

Таза суды зерттеу кезінде үлкейткіш әйнек тек молекулаларды көрсетеді, ал шам мүлдем жанбайды деуге болады. Бұл судың өте әлсіз электролит екенін және оның диссоциациялану константасының өте төмен екенін (Kw=10-14 ) практикалық түрде дәлелдейді.

*Математикалық негіздеме (Kw=10-14 )*

Шамның жанбауы мен иондардың көрінбеуі судың иондық туындысының (Kw ) өте кішкентай сан екенін айқындайды:

Kw =[H3O +]·[OH - ]=10 -7 ·10 -7=10 -14

Бұл - судың өздігінен иондануы (автопротолиз) процесінің өте қиын жүретінін көрсететін іргелі тұрақты (4 сур.). шама.




*4 сурет - Судың өздігінен иондануы*

Күшті және әлсіз ерітінділердің электр өткізгіштігін салыстырдық.

**4. «My solution» бөлімі: параметрлерді басқару**

Бұл бөлімде оқушы өзі ***«зертханашы»*** рөлін (5 сур.). атқарады.




*5 сурет – Процесс аяқталуы*

***Initial Concentration*** *(Бастапқы концентрация):* Оқушы зат мөлшерін өзгерте отырып, оның pH-қа қалай әсер ететінін көреді.

***Strength*** *(Күші):* Жүргінікті «Strong» және «Weak» арасында жылжыту арқылы диссоциациялану дәрежесін (α) басқарады.

***Маңызды байқау:*** Тіпті концентрациясы жоғары болса да, әлсіз қышқылдың шамы әлсіз жанады. Бұл оқушыға «концентрация» мен «күш» ұғымдарын шатастырмауға көмектеседі.

PhET платформасының *«My Solution»* модулі оқушыға ерітіндінің концентрациясын өзгерту арқылы оның қасиеттерін бақылауға мүмкіндік береді, бұл теориялық білімді практикалық зерттеу арқылы бекітуге жағдай жасайды (Moore et al., 2013) [5, 12-78б].

**5. Микроскопиялық деңгейдегі талдау (Micro-view)**

PhET симуляциясы оқушыға виртуалды үлкейткіш әйнек арқылы ерітінді ішіндегі иондарды бақылауға мүмкіндік береді.

***Күшті электролиттер:*** Толық диссоциация, иондардың жоғары тығыздығы және шамның жарық жануы арқылы визуалды дәлелденеді.

***Әлсіз электролиттер:*** Иондар мен диссоциацияланбаған молекулалардың динамикалық тепе-теңдігі көрсетіледі [4, 121-156б]. .

**6. Сандық-аналитикалық модельдеу: pH-метрия және сұйылту**

Виртуалды pH-метрді қолдану және ерітіндіні сұйылту (Dilution) процесі оқушыға концентрацияның өзгеруі pH мәніне қалай әсер ететінін тәжірибе жүзінде көруге мүмкіндік береді. Ерітінді көлемін өзгерту арқылы pH шкаласының динамикасын бақылау логарифмдік тәуелділікті түсінуді (6 сур.). жеңілдетеді.




*6 сурет – Ерітінді көлемін өзгеруі*

Қышқылдар мен негіздердің диссоциациясын сапалық және сандық (7 сур.). талдау:




*7 сурет – Сапалық және сандық талдау*

7. Математикалық химия және алгоритмдік түсіндірме

*Платформаның дидактикалық күші* - химиялық құбылысты математикалық ақпаратпен байланыстыруында.

*Есептеу алгоритмдері: [H3O+]=10-pH* және *pH+pOH=14* формулаларының қолдану жолдары «Worked Examples» бөлімінде қадам бойынша түсіндіріледі.

*Логарифмдік модель:* Платформа pH мәнін ерітіндідегі гидроксоний иондарының (H3O+) концентрациясын өлшейтін логарифмдік шкала ретінде анықтайды (Atkins & de Paula, 2014). Бұл теңдеу pH мәнінің 1 бірлікке өзгеруі оксоний иондарының концентрациясының 10 есе өзгеретінін білдіретінін нақты көрсетеді.

LabXchange платформасының тағы бір бірегейлігі - оның теориялық материалды ұсыну жүйелілігінде

Оқушы PhET симуляциясына өтпес бұрын, pH шкаласының логарифмдік табиғатымен және pH+pOH=14 іргелі теңдеуімен танысады. Әсіресе, күнделікті тұрмыста кездесетін заттардың pH көрсеткіштерін салыстыру және барлық параметрлерді біріктіретін жиынтық кесте абстрактілі ұғымдарды жүйелеуге көмектеседі. Ал модуль ішіне енгізілген интерактивті графиктер оқушының білімін бірден бекітіп, өзіндік бағалау дағдысын қалыптастырады [6, 248б].

Рефлексия және сыни ойлау: білімді жетілдіру

*Оқу модулінің ең құнды кезеңі* - оқушының өзіндік рефлексиясы мен мазмұнды критикалық бағалауы .

Платформа оқушыға *«How could this be improved?»* (Бұл мазмұнды қалай жақсартуға болады?) деген сұрақ қою арқылы оны тек «тұтынушы» емес, «сарапшы» деңгейіне көтереді. Бұл бөлімде оқушы:

Симуляцияның визуалды детальдарын бағалайды;

Ақпараттың түсініктілігіне рефлексия жасайды;

Өз білімін толықтыру үшін жаңа ұсыныстар енгізеді .

Бұл метакогнитивті дағдыларды (өз оқуын бағалай білу) *дамытудың ең тиімді педагогикалық тәсілі* болып табылады.

Қорытынды

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, LabXchange және PhET технологияларын оқу үдерісіне интеграциялау - химиялық білім берудің сапасын жаңа инновациялық деңгейге көтереді. Бұл құралдар тек визуализация үшін ғана емес, оқушының сыни ойлауын, сандық сауаттылығын және өзіндік рефлексиясын қалыптастыру үшін қажет. Цифрлық технологиялар негізіндегі модельдеу оқушыны «дайын білімді жаттаудан» ары қарай «ғылыми зерттеу мен мазмұнды сараптама жасауға» бағыттайды. Технологиялық, педагогикалық және мазмұндық білімнің (TPACK) интеграциясы болашақ химия мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігінің негізі болып табылады. Бұл зерттеуде қолданылған LabXchange платформасы осы үш компоненттің өзара үйлесімді жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**


1. Wieman, C. E., Adams, W. K., & Perkins, K. K. (2008). PhET: Interactive Simulations for Teaching and Learning Physics. Science, 322 (5902).
2. Moore, E. B., Herzog, N. S., & Perkins, K. K. (2013). Interactive simulations as implicit support for inquiry learning. Journal of Science Education and Technology.
3. LabXchange Platform. Digital Learning and Virtual Simulations in Science Education. Harvard University. [Электрондық ресурс]. URL: https://www.labxchange.org/
4. Atkins, P., & de Paula,J. (2014). Physical Chemistry. Oxford University Press. (Ерітінділер мен pH шкаласының термодинамикалық негіздері үшін классикалық оқулық).
5. Мұсабеков М. Б., Бірімжанов Б.А. (2012). Жалпы химия. Алматы: Ана тілі.
6. Koehler, M. J., & Mishra, P. (2009). What is technological pedagogical content knowledge . Contemporary Issues in Technology and Teacher Education.


## ИНТЕГРАЦИЯ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА ПРИ ИЗУЧЕНИИ СВОЙСТВ БИОМАССЫ КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ МЫШЛЕНИЯ УЧАЩИХСЯ


***Мейрамхан Л.***

*Магистрант, Павлодарский педагогический университет им. Әлкей Марғұлан, г. Павлодар*

***Еркибаева М. К.***

*Научный руководитель: к.х.н., доцент, Павлодарский педагогический университет им. Әлкей Марғұлан, г. Павлодар*

***Смагулов М.З.***

*Докторант, Павлодарский педагогический университет им. Әлкей Марғұлан, г. Павлодар*

**Аннотация.** В статье рассматривается интеграция искусственного интеллекта (ИИ) при изучении физических и химических свойств биомассы в контексте развития мыслительных способностей учащихся. Показано, что использование ИИ способствует формированию аналитического, критического и системного мышления, повышает исследовательские навыки и мотивацию. Применение виртуальных лабораторий и цифровых симуляторов делает обучение наглядным и практико-ориентированным.

**Ключевые слова**: интеллект, химическое образование, биомасса, исследовательские навыки, критическое мышление

**Андатпа.** Мақалада оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту тұрғысынан биомассаның физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеуде жасанды интеллекттің (ЖИ) интеграциясы қарастырылады. ЖИ қолдану аналитикалық, сыни және жүйелік ойлауды қалыптастырады, зерттеу дағдыларын арттырады және мотивацияны күшейтеді. Виртуалды лабораториялар мен сандық симуляторларды қолдану оқу процесін көрнекі және практикалық етеді.

**Кілт сөздер**: жасанды интеллект, химия оқыту, биомасса, зерттеу дағдылары, сыни ойлау

**Abstract.** The article explores the integration of artificial intelligence (AI) in studying the physical and chemical properties of biomass to develop students' thinking skills. AI usage fosters analytical, critical, and systemic thinking, enhances research skills and motivation. Virtual laboratories and digital simulators make the learning process visual, practical, and engaging.

**Keywords**: artificial intelligence, chemistry education, biomass, research skills, critical thinking

В условиях цифровой трансформации образования особую актуальность приобретает внедрение технологий искусственного интеллекта (ИИ) в учебный процесс, в том числе при обучении химии. Современные исследования показывают, что ИИ становится важным инструментом повышения эффективности обучения, обеспечивая персонализацию образовательных траекторий, развитие познавательной активности и улучшение учебных результатов [1, 2]. Интеграция ИИ в химическое образование рассматривается как перспективное направление, способствующее формированию у обучающихся аналитического, критического и системного мышления. Использование интеллектуальных обучающих систем, виртуальных лабораторий и цифровых симуляторов позволяет сделать абстрактные химические процессы более наглядными и доступными для понимания [3, 4]. В последние годы наблюдается значительный рост научных исследований, посвящённых применению ИИ в преподавании естественно-научных дисциплин, особенно в период 2021–2025 гг. [1]. Особую значимость в контексте развития мышления учащихся представляет изучение темы биомассы, которая объединяет знания в области химии, экологии и энергетики. Биомасса рассматривается как возобновляемый источник энергии и важный объект для изучения химических процессов, таких как горение, пиролиз и биоконверсия [5]. Исследования показывают, что анализ свойств биомассы способствует формированию междисциплинарного мышления и развитию навыков научного анализа [6].

Применение искусственного интеллекта при изучении физических и химических свойств биомассы позволяет значительно расширить возможности образовательного процесса. ИИ обеспечивает моделирование сложных химических реакций, анализ состава веществ и прогнозирование результатов процессов, что способствует формированию исследовательских навыков учащихся [2, 7]. Кроме того, технологии генеративного искусственного интеллекта открывают новые перспективы для разработки интерактивных образовательных материалов и адаптивных заданий [8]. В современных педагогических исследованиях подчёркивается, что использование ИИ способствует не только усвоению знаний, но и развитию метакогнитивных навыков, включая способность к самоанализу и принятию решений [3]. В то же время отмечается необходимость педагогически обоснованной интеграции данных технологий, учитывающей возможные риски, такие как зависимость от цифровых инструментов и вопросы академической честности [4]. Таким образом, актуальность исследования обусловлена необходимостью разработки эффективных методических подходов к интеграции искусственного интеллекта в процесс обучения химии на примере изучения свойств биомассы, направленных на развитие мыслительных способностей учащихся.

Современное химическое образование ориентировано не только на передачу предметных знаний, но и на развитие мыслительных способностей учащихся, включая умения анализа, синтеза и критической оценки информации. В этих условиях искусственный интеллект рассматривается как эффективный инструмент модернизации учебного процесса, позволяющий перейти от традиционной модели обучения к более гибкой и адаптивной системе [1]. Исследования показывают, что использование ИИ способствует персонализации обучения, когда содержание учебного материала и уровень сложности заданий могут изменяться в зависимости от индивидуальных особенностей учащихся, что положительно влияет на глубину усвоения знаний [2]. Кроме того, интеллектуальные системы обеспечивают оперативную обратную связь и поддержку учащихся в процессе обучения, что повышает их вовлечённость и мотивацию [3]. В химическом образовании технологии искусственного интеллекта находят применение при моделировании молекулярных структур, прогнозировании свойств веществ и визуализации химических процессов. Это особенно важно при изучении тем, связанных с абстрактными понятиями, поскольку позволяет сделать их более наглядными и доступными для понимания [4]. Использование цифровых симуляторов и виртуальных лабораторий даёт возможность учащимся проводить эксперименты в безопасной среде, анализировать результаты и делать выводы, что способствует формированию исследовательских навыков.

Одним из актуальных направлений изучения в курсе химии является биомасса как возобновляемый источник энергии. Биомасса представляет собой органическое вещество растительного или животного

происхождения, которое может использоваться для получения тепловой и электрической энергии. К её физическим свойствам относятся влажность, плотность и теплотворная способность, которые определяют эффективность использования данного ресурса. Химические свойства биомассы проявляются в процессах горения, пиролиза и биохимического разложения. При горении биомассы протекают экзотермические реакции с выделением энергии, тогда как пиролиз представляет собой термическое разложение органических соединений без доступа кислорода с образованием газообразных, жидких и твёрдых продуктов [5].

*Таблица 1 - Применение искусственного интеллекта для анализа свойств биомассы и развития мышления учащихся*

| **Свойство биомассы** | **Метод ИИ анализа** | **Результат / прогноз** | **Развиваемое мышление учащихся** |
|---|---|---|---|
| Влажность, плотность, теплотворная способность | Машинное обучение, кластеризация | Определение энергоэффективности разных видов биомассы | Аналитическое мышление |
| Горение | Симуляторы химических реакций | Прогноз выделяемой энергии и состава продуктов | Логическое мышление |
| Пиролиз | Моделирование процессов | Оптимизация условий разложения | Причинно-следственное мышление |
| Экологическое воздействие | Анализ больших данных | Оценка влияния на окружающую среду | Критическое мышление |

Как показывает Таблица 1, использование различных методов искусственного интеллекта позволяет учащимся не только анализировать свойства биомассы, но и развивать ключевые виды мышления: аналитическое, логическое, критическое и причинно-следственное. Такая интеграция делает образовательный процесс более наглядным, структурированным и способствует формированию исследовательских навыков.

Изучение свойств биомассы позволяет учащимся понять взаимосвязь между химическими процессами и экологическими проблемами, а также осознать значение альтернативных источников энергии в условиях устойчивого развития. Включение данной темы в образовательный процесс способствует формированию системного мышления и развитию способности анализировать реальные научные и экологические задачи. Интеграция искусственного интеллекта в изучение биомассы открывает

дополнительные возможности для организации учебной деятельности. С помощью ИИ учащиеся могут моделировать процессы горения и разложения, анализировать состав веществ и прогнозировать результаты химических реакций. Например, использование цифровых инструментов позволяет сравнивать различные виды биомассы по их энергетической эффективности и экологическим показателям, что формирует навыки критического анализа [6]. Кроме того, генеративный искусственный интеллект может использоваться для создания индивидуальных заданий, кейсов и исследовательских проектов, направленных на решение практических задач. Применение таких технологий соответствует современным требованиям STEM-образования, в рамках которого особое внимание уделяется развитию исследовательской деятельности и междисциплинарных связей. Учащиеся получают возможность не только изучать теоретический материал, но и применять знания на практике, что способствует более глубокому пониманию предмета. Важным результатом использования искусственного интеллекта в обучении химии является развитие различных видов мышления. Аналитическое мышление формируется при сравнении свойств различных видов биомассы, критическое - при оценке их экологического воздействия, а логическое - при установлении причинно-следственных связей в химических процессах. Кроме того, выполнение исследовательских заданий и проектов способствует развитию самостоятельности и способности к научному поиску. Таким образом, интеграция искусственного интеллекта в процесс изучения физических и химических свойств биомассы позволяет повысить эффективность обучения, сделать его более наглядным и практико-ориентированным, а также способствует развитию ключевых компетенций учащихся, необходимых в условиях современного цифрового общества.

В заключение, Интеграция искусственного интеллекта в процесс изучения свойств биомассы открывает новые возможности для современного химического образования. Использование ИИ позволяет моделировать и анализировать физические и химические характеристики биомассы, прогнозировать результаты химических реакций, а также оценивать экологические последствия её применения. Это делает учебный процесс более наглядным, практико-ориентированным и безопасным, особенно в условиях ограниченных лабораторных ресурсов. Применение цифровых инструментов и симуляторов способствует развитию различных видов мышления у учащихся. Аналитическое мышление формируется при сравнении и оценке свойств разных видов биомассы, логическое - при установлении причинно-следственных связей в химических процессах, критическое - при оценке экологического воздействия, а исследовательские навыки развиваются через выполнение индивидуальных и групповых проектов с использованием ИИ. Таким образом, интеграция искусственного интеллекта не только повышает эффективность усвоения учебного материала, но и способствует формированию ключевых компетенций,

необходимых в современном цифровом обществе: умения работать с данными, моделировать процессы, делать обоснованные выводы и принимать решения на основе научного анализа. Включение таких технологий в образовательный процесс создаёт условия для формирования у учащихся системного, критического и исследовательского мышления, что соответствует принципам STEM-образования и готовит обучающихся к будущей научной и профессиональной деятельности.

**Список литературы.**


1. Erümit A.K., Sarıalioğlu R.Ö. Artificial intelligence in science and chemistry education: a systematic review // Discover Education. – 2025.
2. Iyamuremye A. et al. Utilization of artificial intelligence and machine learning in chemistry education: a critical review // Discover Education. – 2024.
3. Alli A.O. A Review of the Potential of Artificial Intelligence in Enhancing Chemistry Education // IJRIAR. – 2025.
4. Yuriev E. The Dawn of Generative Artificial Intelligence in Chemistry Education // Journal of Chemical Education. – 2024.
5. Chen J. et al. Agentic AI and Machine Learning for Materials Discovery // 2026.
6. Hu D. et al. Survey on Recent Progress of AI for Chemistry // 2025.
7. Marquez R. Translating UNESCO AI Guidelines to Chemical Education // Journal of Chemical Education. – 2026.
8. Yuriev E., Orgill M., Holme T. Generative AI in Chemistry Education // Journal of Chemical Education. – 2025.


## ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ХИМИЯНЫ ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚОЛДАНБАЛЫ БІЛІМІНІҢ ЖЕТКІЛІКСІЗ ҚАЛЫПТАСУ МӘСЕЛЕСІ


***Адилхан Н.***

*Магистрант, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.*

***Убайдуллаева Н.А.***

*Ғылыми жетекші: х.ғ.к., доцент, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.*



**Аннотация.** В статье рассматривается проблема недостаточного формирования прикладных знаний учащихся при изучении химии в условиях цифрового образования. Обосновывается роль цифровых технологий как инструмента практико-ориентированного обучения и связи теории с жизненными ситуациями. Подчеркивается значение развития критического мышления и применения цифровых ресурсов, интерактивных заданий и проблемного обучения.



**Ключевые слова:** цифровое образование, химия, прикладные знания, критическое мышление, цифровые технологии.



**Аңдатпа.** Мақалада цифрлық білім беру жағдайында химияны оқытуда оқушылардың қолданбалы білімінің жеткіліксіз қалыптасу мәселесі қарастырылады.

Цифрлық технологиялардың практикалық-бағдарланған оқытуды дамытудағы және теорияны өмірмен байланыстырудағы рөлі негізделеді. Сыни ойлауды дамыту және цифрлық ресурстар, интерактивті тапсырмалар мен проблемалық оқытуды қолдану маңыздылығы көрсетіледі.

**Түйінді сөздер:** цифрлық білім беру, химия, қолданбалы білім, сыни ойлау, цифрлық технологиялар.

**Abstract.**

The article examines the problem of insufficient formation of students' applied knowledge in chemistry in the context of digital education. The role of digital technologies as a tool for practice-oriented learning and linking theory with real-life situations is substantiated. The importance of developing critical thinking and using digital resources, interactive tasks, and problem-based learning is highlighted.

**Keywords**: digital education, chemistry, applied knowledge, critical thinking, digital technologies.

Қазіргі таңда интернет желісінің қарқынды дамуы қоғам өмірінің барлық саласына, соның ішінде білім беру жүйесіне де айтарлықтай әсер етуде. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен таралуы білім алудың жаңа мүмкіндіктерін ашып, дәстүрлі оқыту тәсілдерінің мазмұны мен формасын өзгертті. Интернет ресурстары арқылы оқушылар кез келген ақпаратқа жылдам қол жеткізіп, білімдерін өз бетінше толықтыруға мүмкіндік алды. Бұл, бір жағынан, білім сапасын арттыруға ықпал етсе, екінші жағынан, оқыту процесінде жаңа мәселелердің туындауына себеп болуда.

Соңғы жылдары цифрлық білім беру ұғымы кеңінен қолданысқа еніп, білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналды. Цифрлық білім беру – бұл электрондық ресурстар, онлайн платформалар, виртуалды зертханалар және интерактивті құралдар арқылы жүзеге асырылатын оқыту процесі. Мұндай формат оқушыларға уақыт пен кеңістікке тәуелсіз білім алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, цифрлық технологиялар күрделі оқу материалдарын көрнекі түрде түсіндіруге, білімді визуализациялау арқылы меңгеруді жеңілдетуге жағдай жасайды. Әсіресе, химия сияқты күрделі ғылым саласында бұл мүмкіндіктердің маңызы зор.

Алайда, цифрлық білім берудің кең таралуы оқушылардың білім алу стиліне айтарлықтай өзгерістер енгізді. Қазіргі оқушылар ақпаратты көбінесе дайын күйінде қабылдауға дағдыланып барады. Интернеттегі мол ақпарат ағыны олардың ізденуін жеңілдеткенімен, терең талдау жасауына әрдайым мүмкіндік бермейді. Осыған байланысты оқушыларда сыни ойлауды қалыптастыру мәселесі ерекше маңызға ие болып отыр. Сыни ойлау – ақпаратты саралау, дәлелдерді салыстыру, логикалық қорытынды жасау және өз пікірін негіздей білу қабілеті. Бұл дағдылар оқушылардың білімді тек жаттап қана қоймай, оны түсініп, өмірлік жағдайларда қолдана алуына мүмкіндік береді.

Химия пәнін оқытуда сыни ойлаудың рөлі ерекше. Себебі бұл пән тек теориялық білімді меңгерумен шектелмей, тәжірибелік дағдыларды талап етеді. Химиялық заңдылықтарды түсіну, тәжірибе жүргізу, алынған

нәтижелерді талдау және қорытынды жасау – оқушылардың жоғары деңгейдегі ойлау қабілетін қажет етеді. Дегенмен, қазіргі цифрлық білім беру жағдайында бұл дағдылардың толық қалыптаспай отырғаны байқалады. Оқушылар көбінесе теориялық материалды меңгергенімен, оны практикада қолдануда қиындықтарға тап болады.

Осы тұрғыдан алғанда, химияны оқытуда оқушылардың қолданбалы білімінің жеткіліксіз қалыптасу мәселесі ерекше өзектілікке ие. Қолданбалы білім – бұл алынған теориялық білімді нақты өмірлік жағдайларда, тәжірибеде қолдана алу қабілеті. Цифрлық білім беру жағдайында бұл дағдының әлсіреуі, ең алдымен, практикалық жұмыстардың азаюымен және виртуалды оқытуға тәуелділіктің артуымен байланысты. Нәтижесінде, оқушылар химиялық құбылыстарды терең түсінбей, тек үстірт біліммен шектелуі мүмкін. Сондықтан цифрлық білім беру жағдайында химияны оқытудың тиімді жолдарын қарастыру, теория мен практиканы үйлестіру және оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту – бүгінгі күннің өзекті міндеттерінің бірі болып табылады [1].

Қазіргі білім беру жүйесінде цифрлық технологиялардың рөлі артып, оқыту процесі жаңа мазмұнмен толықтырылуда. Цифрлық білім беру – бұл ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылатын, білім алушы мен оқытушы арасындағы өзара әрекеттестікті жаңа деңгейге көтеретін заманауи оқыту формасы. Ол электрондық оқулықтар, онлайн платформалар, мультимедиалық құралдар, виртуалды зертханалар және қашықтықтан оқыту технологиялары арқылы іске асады. Мұндай жүйе білім алушыларға оқу материалдарын кез келген уақытта және кез келген жерде меңгеруге мүмкіндік береді [2].

Цифрлық білім берудің басты ерекшелігі – оқу процесінің икемділігі мен қолжетімділігі. Оқушылар интернет желісі арқылы түрлі білім көздеріне еркін қол жеткізіп, өз білімін өздігінен толықтыра алады. Сонымен қатар, интерактивті құралдар арқылы күрделі тақырыптарды жеңіл түсіну мүмкіндігі артады. Бұл әсіресе химия пәнін оқытуда маңызды, себебі көптеген химиялық құбылыстар мен процестерді көзбен көру қиын. Виртуалды модельдер мен анимациялар арқылы оқушылар атомдардың қозғалысын, химиялық реакциялардың жүру механизмдерін көрнекі түрде түсіне алады.

Химия пәнін оқытуда теория мен практиканың байланысы ерекше орын алады. Теориялық білім химиялық заңдылықтарды түсінуге негіз болса, практикалық жұмыстар сол білімді бекітуге және нақтылауға мүмкіндік береді. Дәстүрлі оқытуда зертханалық жұмыстар арқылы оқушылар тәжірибе жасап, өз қолымен нәтижеге қол жеткізеді. Бұл олардың зерттеушілік дағдыларын, бақылау қабілетін және логикалық ойлауын дамытады. Ал цифрлық білім беру жағдайында бұл байланыс белгілі бір деңгейде өзгеріске ұшырайды.

Интернет ресурстарының әсері де екіжақты сипатқа ие. Бір жағынан, интернет білім алушыларға кең көлемдегі ақпараттық қорды ұсынады. Олар

ғылыми мақалалар, бейнесабақтар, интерактивті тапсырмалар арқылы өз білімдерін тереңдете алады. Әртүрлі білім беру платформалары оқушылардың қызығушылығын арттырып, оқу процесін жандандырады. Сонымен қатар, онлайн тесттер мен тапсырмалар арқылы білім деңгейін жедел бағалау мүмкіндігі бар.

Екінші жағынан, интернеттегі ақпараттың шамадан тыс көп болуы оқушылардың оны талдамай қабылдауына алып келеді. Көп жағдайда оқушылар дайын жауаптарды іздеумен шектеліп, мәселені өз бетінше шешуге талпынбайды. Бұл олардың сыни ойлау қабілетінің дамуына кері әсер етеді. Сонымен қатар, интернеттегі ақпараттың барлығы бірдей сенімді емес, сондықтан оқушылар ақпаратты іріктеу, салыстыру және бағалау дағдыларын меңгеруі қажет [3].

Цифрлық білім беру жағдайында мұғалімнің рөлі де өзгереді. Мұғалім тек ақпарат жеткізуші емес, білім алушының оқу әрекетін ұйымдастырушы, бағыттаушы және кеңесші қызметін атқарады. Ол оқушыларға дұрыс ақпарат көздерін таңдауға, алынған мәліметтерді талдауға және оларды практикада қолдануға үйретуі тиіс. Сонымен қатар, мұғалім цифрлық құралдарды тиімді пайдалану арқылы сабақтың сапасын арттырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын күшейте алады.

Жалпы алғанда, цифрлық білім беру химия пәнін оқытуда үлкен мүмкіндіктер ұсынады, алайда оның белгілі бір шектеулері де бар. Сондықтан тиімді нәтижеге қол жеткізу үшін цифрлық және дәстүрлі оқыту әдістерін ұштастырып, теория мен практиканың өзара байланысын сақтауға ерекше назар аудару қажет. Бұл өз кезегінде оқушылардың қолданбалы білімін қалыптастыруға және олардың сыни ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Білім беру жүйесінде оқушылардың теориялық білімді меңгеруі мен оны практикада қолдана алу қабілетінің арасында алшақтық жиі байқалады. Бұл жағдай қолданбалы білімнің жеткіліксіз қалыптасқанын көрсетеді. Қолданбалы білім – тек ақпаратты білу ғана емес, оны өмірлік жағдайларда тиімді пайдалана алу дағдысы. Осы мәселенің туындауына бірнеше негізгі себептер әсер етеді.

Бірінші себеп – практикалық жұмыстардың азаюы. Қазіргі оқу бағдарламаларында теориялық материалға басымдық беріледі. Оқушылар формулалар мен ережелерді жаттауға көп уақыт жұмсайды, алайда оларды нақты жағдайда қолдануға жеткілікті мүмкіндік ала бермейді. Мысалы, жаратылыстану пәндерінде зертханалық жұмыстардың аз болуы оқушылардың тәжірибе арқылы үйренуін тежейді. Практика – білімді бекітудің маңызды құралы, өйткені адам өз қолымен істеген әрекетті жақсы түсініп, ұзақ уақыт есте сақтайды. Сондықтан практикалық сабақтардың жеткіліксіздігі қолданбалы білімнің дамуына кері әсер етеді [4].

Екінші себеп – виртуалды оқытуға тәуелділік. Соңғы жылдары қашықтан және онлайн оқыту кеңінен таралды. Бұл білім алуға жаңа мүмкіндіктер ашқанымен, кейбір қиындықтарды да туындатты. Виртуалды

ортада оқушылар көбінесе дайын материалдарды қарап, пассивті түрде ақпарат қабылдайды. Олар нақты құралдармен жұмыс істемейді, тәжірибе жүргізбейді. Соның салдарынан теориялық білім болғанымен, оны практикада қолдану дағдысы әлсірейді. Сонымен қатар, онлайн форматта оқушының белсенділігі мен назарын бақылау қиын, бұл да білім сапасына әсер етеді [5].

Үшінші себеп – оқушылардың дайын ақпаратты көп тұтынуы, яғни сыни ойлаудың әлсіреуі. Қазіргі цифрлық дәуірде ақпаратқа қол жеткізу өте жеңіл. Интернеттен кез келген сұрақтың жауабын табуға болады. Алайда бұл оқушылардың өз бетінше ойлануына кедергі келтіреді. Олар ақпаратты талдаудың, салыстырудың және қорытынды жасаудың орнына дайын жауапты пайдалануға бейім болады. Нәтижесінде білім үстірт қалыптасады. Сыни ойлау қабілеті дамымаған оқушы білімін жаңа жағдайда қолдануда қиындыққа тап болады. Сондықтан бұл фактор қолданбалы білімнің қалыптасуына тікелей әсер етеді [6].

Төртінші себеп – мұғалімдердің цифрлық құралдарды тиімсіз қолдануы. Қазіргі таңда білім беру процесінде түрлі технологиялар кеңінен қолданылады. Алайда оларды тиімді пайдалану әрқашан жүзеге аса бермейді. Кейбір мұғалімдер цифрлық құралдарды тек ақпарат жеткізу үшін ғана қолданады, мысалы, презентация көрсету немесе дайын материал беру. Бұл оқушының белсенді қатысуын шектейді. Негізінде, технология интерактивті тапсырмалар, жобалық жұмыстар, симуляциялар жасау арқылы оқушының тәжірибелік дағдыларын дамытуға бағытталуы тиіс. Егер мұғалім бұл мүмкіндіктерді толық пайдаланбаса, цифрлық құралдардың тиімділігі төмендейді.

Аталған себептер өзара тығыз байланысты. Практикалық жұмыстардың азаюы мен виртуалды оқытуға тәуелділік оқушыларды пассивті білім алушыға айналдырады. Ал дайын ақпаратты шамадан тыс пайдалану олардың сыни ойлау қабілетін әлсіретеді. Мұғалімдердің цифрлық құралдарды дұрыс қолданбауы бұл мәселелерді одан әрі күшейтеді. Бұл проблеманы шешу үшін кешенді тәсіл қажет. Ең алдымен, оқу процесінде практикалық жұмыстардың үлесін арттыру маңызды. Сонымен қатар, онлайн және офлайн оқытуды үйлестіріп, теңгерімді сақтау керек. Оқушыларды сыни ойлауға үйретететін тапсырмалар мен әдістерді қолдану қажет. Мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін арттыру да маңызды рөл атқарады.

Білім беру жүйесінде қолданбалы білімнің жеткіліксіз қалыптасуы түрлі теріс салдарға алып келуде. Бұл мәселе тек оқу үлгеріміне ғана емес, оқушылардың жалпы танымдық қабілетіне, болашақ кәсіби дайындығына да әсер етеді. Сондықтан оның салдарын анықтап, терең талдау маңызды. Ең алдымен, негізгі салдардың бірі – теориялық білімнің практикада қолданылмауы. Оқушылар көптеген пәндер бойынша теориялық материалды меңгергенімен, оны нақты өмірде пайдалану кезінде қиындыққа тап болады. Мысалы, математикадағы формулаларды немесе

физикадағы заңдарды жатқа білгенімен, оларды күнделікті есептерде қолдану қабілеті жеткіліксіз дамиды. Бұл жағдай білімнің формалды сипатта қалып қойғанын көрсетеді. Яғни, оқушы ақпаратты біледі, бірақ оны түсініп, қолдана алмайды. Мұндай алшақтық білім сапасының төмендеуіне әкеледі және оқытудың тиімділігін азайтады [7].

Екінші маңызды салдар – зертханалық дағдылардың төмендігі. Әсіресе жаратылыстану бағытындағы пәндерде тәжірибелік жұмыстардың орны ерекше. Алайда қазіргі таңда көптеген оқу орындарында зертханалық жұмыстар жеткіліксіз деңгейде өткізіледі немесе формалды түрде жүзеге асырылады. Соның нәтижесінде оқушылар құрал-жабдықтармен жұмыс істеуді, тәжірибе жүргізуді, нәтижені талдауды толық меңгермейді. Бұл тек мектеп деңгейінде ғана емес, жоғары оқу орындарында да байқалады. Зертханалық дағдылардың әлсіздігі болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігіне кері әсер етеді, өйткені көптеген мамандықтар тәжірибелік дағдыларды талап етеді [8].

Үшінші салдардың бірі – оқушылардың пәнге деген қызығушылығының азаюы. Егер оқу процесі тек теориялық ақпарат берумен шектелсе, оқушы үшін ол қызықсыз әрі бірсарынды болып көрінеді. Ал тәжірибелік тапсырмалар, жобалық жұмыстар, зерттеулер оқушының қызығушылығын арттырады. Қолданбалы элементтердің жетіспеуі оқушылардың пәнге деген ынтасын төмендетеді. Нәтижесінде олар оқу процесіне белсенді қатыспайды, тек міндет ретінде қабылдайды. Бұл өз кезегінде білім сапасының одан әрі төмендеуіне әкеледі [9].

Мәселені анықтау үшін оның себептері мен салдарын жүйелі түрде қарастыру қажет. Төмендегі кестеде негізгі мәселелер, олардың себептері және салдары көрсетілген:

*1-кесте: Мәселенің түпкі себептерімен тікелей байланысты*

| **Мәселе** | **Себебі** | **Салдары** |
|---|---|---|
| Қолданбалы білімнің төмендігі | Практиканың аздығы | Дағды қалыптаспайды |
| Сыни ойлаудың әлсіздігі | Дайын ақпараттың көптігі | Терең түсіну жоқ |

1 - кестеден көріп отырғанымыздай, мәселенің түпкі себептері оқыту әдістерімен тікелей байланысты. Практиканың аздығы оқушылардың нақты дағдыларды игеруіне кедергі келтіреді. Ал дайын ақпараттың шамадан тыс көп болуы олардың өз бетінше ойлануына мүмкіндік бермейді. Нәтижесінде білім үстірт қалыптасып, терең түсіну болмайды. Сонымен қатар, бұл мәселені анықтауда оқушылардың оқу нәтижелерін талдау маңызды. Егер оқушы теориялық сұрақтарға жақсы жауап беріп, бірақ практикалық тапсырмаларды орындай алмаса, бұл қолданбалы білімнің жеткіліксіздігін көрсетеді. Сондай-ақ, зертханалық жұмыстарды орындау барысында қателіктердің көп болуы да осы проблеманың белгісі болып табылады. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығының төмендеуі, сабаққа белсенді қатыспауы да мәселенің бар екенін аңғартады. Қолданбалы білімнің

жеткіліксіздігі ұзақ мерзімді перспективада үлкен қиындықтарға әкелуі мүмкін. Мысалы, еңбек нарығында теориялық білімі бар, бірақ практикалық дағдылары жоқ мамандардың саны артады. Бұл олардың жұмысқа орналасуын қиындатады және кәсіби дамуын тежейді. Сонымен қатар, инновациялық ойлау мен шығармашылық қабілеттің дамуы да баяулайды. Осы мәселелерді болдырмау үшін білім беру жүйесінде өзгерістер енгізу қажет. Біріншіден, оқу процесінде практикалық тапсырмалардың үлесін арттыру керек. Екіншіден, оқушыларды өз бетінше ойлануға, талдауға және қорытынды жасауға үйретететін әдістерді қолдану маңызды. Үшіншіден, зертханалық жұмыстардың сапасын арттырып, оларды жүйелі түрде өткізу қажет. Тек осындай кешенді шаралар арқылы қолданбалы білімді дамытуға болады.

Қолданбалы білімнің жеткіліксіз қалыптасуы – қазіргі білім беру жүйесіндегі күрделі мәселелердің бірі. Бұл проблеманы тиімді шешу үшін оқыту әдістерін жаңарту, оқушылардың белсенділігін арттыру және теория мен практиканы үйлестіру қажет. Төменде осы бағыттағы негізгі шешу жолдары қарастырылады.

Бірінші маңызды бағыт – сыни ойлауды дамыту әдістерін енгізу. Сыни ойлау оқушының ақпаратты талдау, салыстыру, бағалау және өз көзқарасын қалыптастыру қабілетін дамытады. Бұл дағды қолданбалы білімнің негізі болып табылады. Сыни ойлауды дамыту үшін сабақ барысында ашық сұрақтар, пікірталастар, жағдайлық тапсырмалар (кейс-стади) және проблемалық оқыту әдістерін қолдану тиімді. Мысалы, оқушыларға дайын жауап берудің орнына, мәселені өздері шешуге бағыттау олардың ойлау қабілетін арттырады. Сонымен қатар, топтық жұмыстар мен жобалық тапсырмалар да сыни ойлауды дамытуға ықпал етеді. Мұндай тәсілдер оқушылардың білімді терең түсінуіне және оны түрлі жағдайда қолдануына мүмкіндік береді [10].

Екінші бағыт – практикалық және зертханалық жұмыстарды көбейту. Теориялық білім тәжірибемен бекітілген кезде ғана толыққанды қалыптасады. Сондықтан оқу процесінде практикалық тапсырмалардың үлесін арттыру қажет. Әсіресе жаратылыстану және техникалық пәндерде зертханалық жұмыстар маңызды рөл атқарады. Оқушылар тәжірибе жасау арқылы құбылыстарды өз көзімен көріп, оларды жақсырақ түсінеді. Сонымен қатар, практикалық жұмыстар тек зертханамен шектелмеуі тиіс. Күнделікті өмірмен байланысты тапсырмалар, жобалар және қолданбалы есептер де оқушылардың дағдыларын дамытуға көмектеседі. Бұл олардың білімін нақты жағдайларда қолдануға үйретеді [11].

Үшінші бағыт – онлайн және офлайн оқытуды тиімді біріктіру. Қазіргі заманда цифрлық технологиялар білім берудің ажырамас бөлігіне айналды. Алайда тек онлайн форматқа сүйену жеткіліксіз. Ең тиімді тәсіл – аралас оқыту (blended learning), яғни онлайн және дәстүрлі оқытуды үйлестіру. Онлайн форматта теориялық материалды меңгеруге, ал офлайн сабақтарда практикалық жұмыстарды орындауға болады. Бұл әдіс оқушылардың

уақытын тиімді пайдалануға және оқу процесін икемді етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, онлайн платформалар арқылы қосымша ресурстар мен тапсырмалар ұсыну да пайдалы. Бірақ негізгі назар оқушының белсенді қатысуына және тәжірибелік әрекетіне аударылуы тиіс [12].

Төртінші бағыт – интерактивті тапсырмаларды қолдану. Интерактивті оқыту әдістері оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттырып, олардың белсенділігін күшейтеді. Мұндай тапсырмаларға ойын элементтері бар жаттығулар, симуляциялар, виртуалды зертханалар және цифрлық құралдар арқылы орындалатын тапсырмалар жатады. Интерактивті әдістер оқушыларды тек тыңдаушы емес, белсенді қатысушыға айналдырады. Бұл олардың білімді жақсы меңгеруіне және оны практикада қолдануына ықпал етеді. Сонымен қатар, кері байланыс беру мүмкіндігі де артады, бұл оқушының өз қателіктерін түсініп, түзетуіне көмектеседі.

Зерттеу барысында цифрлық білім беру жағдайында оқушылардың қолданбалы білімін қалыптастыру тиімділігін анықтау мақсатында педагогикалық эксперимент жүргізілді. Экспериментке 8-сынып оқушылары қатысты. Зерттеу екі кезеңнен тұрды: бақылау (дәстүрлі оқыту) және эксперименттік (цифрлық технологиялар мен практикалық тапсырмаларды қолдану) топтары. Бақылау тобында сабақтар дәстүрлі әдіспен жүргізілді, яғни теориялық түсіндіру басым болды. Эксперименттік топта сабақ барысында цифрлық ресурстар (виртуалды зертханалар, интерактивті тапсырмалар) және проблемалық оқыту элементтері қолданылды. Эксперимент нәтижелері оқушылардың қолданбалы білім деңгейін анықтайтын тест және практикалық тапсырмалар арқылы бағаланды.

*2-кесте: Эксперимент нәтижелері*

| **Көрсеткіш** | **Бақылау тобы (%)** | **Эксперименттік топ (%)** |
|---|---|---|
| Теориялық білім | 72 | 75 |
| Қолданбалы тапсырмаларды орындау | 45 | 68 |
Одной из таких компетенций является критическое мышление, которое предполагает способность анализировать информацию, устанавливать причинно-следственные связи, оценивать достоверность источников и формулировать аргументированные выводы [4]. В естественно-научных дисциплинах, в частности в химии, развитие критического мышления имеет особое значение, поскольку изучение предмета связано с анализом химических процессов, интерпретацией результатов экспериментов и объяснением наблюдаемых явлений [5].

В условиях цифровой трансформации образования всё большее распространение получают различные формы медиаобразования. Одним из наиболее перспективных направлений является использование видеоконтента в образовательном процессе [6]. Короткие образовательные видеоролики позволяют наглядно демонстрировать химические явления, визуализировать сложные процессы и повышать интерес учащихся к изучению предмета [7].

Следует отметить, что в большинстве случаев образовательные видеоматериалы создаются самими педагогами и используются в качестве дополнительного средства объяснения учебного материала [8]. Однако в последние годы исследователи всё чаще обращают внимание на педагогический потенциал вовлечения самих учащихся в процесс создания образовательного контента [9]. Подобная деятельность требует от школьников поиска и анализа информации, её структурирования, формулирования объяснений и представления результатов в доступной форме, что способствует развитию навыков критического мышления [10].

В рамках настоящего исследования рассматривается методика организации совместной деятельности учащихся по созданию образовательных видеороликов по химии. Особое внимание уделяется анализу влияния данной деятельности на учебную успеваемость, познавательный интерес и развитие критического мышления школьников, а также выявлению трудностей, возникающих у учащихся в процессе работы над видеопроектами [11].

Актуальность исследования обусловлена необходимостью поиска эффективных педагогических подходов, позволяющих интегрировать современные цифровые технологии в процесс обучения химии и одновременно способствовать формированию ключевых компетенций учащихся.

Исследование было проведено в рамках апробации методики использования образовательного видеоконтента на уроках химии в основной школе. В исследовании приняли участие учащиеся 8 класса общеобразовательной школы в количестве 25 человек. Работа проводилась в процессе изучения отдельных тем школьного курса химии и была направлена на организацию совместной деятельности учащихся по созданию коротких образовательных видеороликов [12].

Основной целью практической части исследования являлось изучение влияния деятельности по созданию видеоконтента на развитие критического мышления учащихся, их учебную мотивацию и понимание изучаемого материала. Особое внимание также уделялось выявлению трудностей, возникающих у школьников в процессе работы над видеопроектами.

В рамках исследования учащимся было предложено подготовить короткие образовательные видеоролики по отдельным темам курса химии. Продолжительность видеороликов составляла от 40 до 90 секунд. Тематика видеоматериалов была связана с изучаемыми разделами школьной программы и включала объяснение химических явлений, разбор химических реакций, а также представление интересных фактов, связанных с химией.

Работа над видеороликами осуществлялась поэтапно. На первом этапе проводилось обсуждение темы будущего видеоматериала и распределение ролей между участниками. На втором этапе учащиеся осуществляли поиск и отбор научной информации, анализировали учебные материалы и формулировали основные положения будущего объяснения. На третьем этапе осуществлялась подготовка сценария и запись видеоролика. Завершающим этапом являлась демонстрация и обсуждение созданных видеоматериалов в учебной группе.

Для оценки результатов исследования использовались методы наблюдения, анкетирования учащихся и анализа их учебной деятельности. Дополнительно проводилось сравнение учебной активности школьников на традиционных уроках и в процессе выполнения видеопроектов.

Полученные данные позволили определить уровень вовлечённости учащихся, степень их интереса к изучаемым темам, а также выявить основные трудности, возникающие при создании образовательного видеоконтента.

Особое внимание в исследовании уделялось заданиям, направленным на развитие критического мышления. Учащимся предлагалось не только воспроизводить изученный материал, но и объяснять причины химических явлений, анализировать достоверность информации из различных источников, формулировать собственные выводы и представлять их в доступной форме.

В рамках исследования деятельность учащихся была организована таким образом, чтобы процесс создания видеороликов стал не только творческим заданием, но и способом углублённого изучения учебного материала. Работа проводилась в небольших группах по 3–4 человека, что способствовало развитию навыков сотрудничества и распределения ролей внутри команды.

На начальном этапе учащимся предлагалось выбрать тему будущего видеоролика, связанную с изучаемыми разделами школьного курса химии. Среди выбранных тем можно выделить объяснение химических реакций, свойства веществ, а также разбор интересных химических явлений, встречающихся в повседневной жизни. Например, учащиеся готовили видеоролики, посвящённые вопросам «Почему вода не горит?», «Почему металл может ржаветь?» или «Почему сода реагирует с уксусом?».

Особое внимание уделялось заданиям, направленным на развитие критического мышления. При подготовке видеоматериалов учащимся предлагалось не только воспроизвести теоретическую информацию, но и объяснить наблюдаемые явления, установить причинно-следственные связи и аргументировать собственные выводы. В процессе работы школьники анализировали различные источники информации, сравнивали полученные данные и отбирали наиболее точные и научно обоснованные объяснения.

Создание видеороликов включало несколько последовательных этапов: выбор темы, поиск и анализ информации, составление краткого сценария, запись видеоматериала и его последующее представление в классе. При этом особое внимание уделялось логике объяснения и доступности представляемого материала, поскольку учащимся необходимо было объяснить химические процессы так, чтобы они были понятны другим ученикам.

Такая форма деятельности способствовала активному вовлечению школьников в учебный процесс. В отличие от традиционного выполнения заданий, работа над видеопроектом требовала от учащихся более глубокого понимания изучаемого материала, умения структурировать информацию и представлять её в наглядной и понятной форме.

Анализ результатов проведённого исследования показал, что использование деятельности по созданию образовательного видеоконтента

способствует повышению учебной активности учащихся и их интереса к изучению химии. По результатам анкетирования было установлено, что 85 % учащихся регулярно используют социальные медиа и видеоплатформы в повседневной жизни, что делает данный формат работы для них привычным и понятным.

В ходе выполнения видеопроектов большинство учащихся проявили высокий уровень вовлечённости. Так, 17 из 25 школьников (68 %) отметили, что работа над видеороликами помогла им лучше понять изучаемые темы. Ещё 6 учащихся (24 %) указали, что данный формат задания оказался для них более интересным по сравнению с традиционными письменными заданиями.

Вместе с тем в процессе исследования были выявлены определённые трудности. Так, 8 учащихся из 25 (32 %) испытывали сложности при формулировании научного объяснения химических явлений и структурировании материала. У 6 учащихся (24 %) возникали трудности при подготовке сценария и логическом построении объяснения.

Отдельную группу трудностей составили психологические и технические факторы. В частности, 5 учащихся (20 %) отметили стеснение при записи видеоролика и выступлении перед камерой. Кроме того, некоторые школьники сталкивались с техническими сложностями, связанными с монтажом видеоматериала и выбором подходящего формата представления информации.

Несмотря на выявленные трудности, большинство учащихся положительно оценили подобный формат работы. По результатам опроса около 75 % школьников отметили, что создание видеороликов позволило им по-новому взглянуть на изучаемые темы и сделало процесс обучения более интересным и понятным.

Одной из задач исследования являлось определение того, как участие учащихся в создании образовательного видеоконтента влияет на их понимание изучаемого материала и учебную успеваемость по химии. В ходе наблюдения за учебной деятельностью школьников было отмечено, что выполнение видеопроектов способствовало более активному включению учащихся в процесс изучения темы.

В процессе подготовки видеороликов учащиеся были вынуждены более внимательно работать с учебным материалом, анализировать информацию и формулировать собственные объяснения химических процессов. Такая деятельность требовала не только воспроизведения изученной информации, но и её осмысления, что положительно сказывалось на качестве усвоения учебного материала.

Сравнение результатов текущих учебных заданий показало, что учащиеся, принимавшие активное участие в подготовке видеороликов, демонстрировали более высокий уровень понимания изучаемых тем. В частности, у 14 из 25 учащихся (56 %) было отмечено повышение качества

выполнения учебных заданий, связанных с объяснением химических явлений и установлением причинно-следственных связей.

Сравнение результатов текущих учебных заданий показало, что учащиеся, принимавшие активное участие в подготовке видеороликов, демонстрировали более высокий уровень понимания изучаемых тем. В частности, у 14 из 25 учащихся (56 %) было отмечено повышение качества выполнения учебных заданий, связанных с объяснением химических явлений и установлением причинно-следственных связей.

Таким образом, результаты исследования позволяют предположить, что включение заданий по созданию образовательных видеороликов в процесс изучения химии может оказывать положительное влияние как на уровень понимания учебного материала, так и на учебную мотивацию школьников [13].

Проведённое исследование показало, что использование деятельности по созданию образовательного видеоконтента в процессе изучения химии может рассматриваться как эффективный педагогический инструмент развития критического мышления и познавательной активности учащихся.

Вовлечение школьников в процесс подготовки видеоматериалов требует от них анализа информации, её отбора, структурирования и объяснения изучаемых явлений в доступной форме. Подобная деятельность способствует более глубокому осмыслению учебного материала и формированию навыков аргументированного объяснения научных фактов.

Результаты апробации методики показали, что большинство учащихся проявляют высокий интерес к данному формату работы, поскольку он соответствует привычной для них цифровой среде. При этом использование видеопроектов позволяет объединить элементы исследовательской, творческой и познавательной деятельности.

Одновременно исследование выявило ряд трудностей, с которыми сталкиваются учащиеся при создании образовательного видеоконтента. К их числу относятся сложности при формулировании научных объяснений, подготовке сценария, а также психологические факторы, связанные со стеснением при записи видеороликов. Учет данных факторов является важным условием эффективной организации подобной деятельности в учебном процессе.

Таким образом, результаты исследования подтверждают, что интеграция современных цифровых инструментов, в частности деятельности по созданию образовательных видеороликов, открывает новые возможности для повышения эффективности преподавания химии и развития ключевых компетенций учащихся. Перспективным направлением дальнейших исследований может стать более детальный анализ влияния подобных методов обучения на развитие критического мышления и учебную успеваемость школьников в условиях современной цифровой образовательной среды.

## Список использованной литературы:

1. Акимова И. В., Иванова Т. Н. Цифровизация образования: тенденции и перспективы // Вестник науки и образования. — 2020. — № 3. — С. 34-42.
2. Смирнов П. В. Социальные сети как инструмент формирования учебной мотивации // Педагогика XXI века. — 2019. — № 2. — С. 18-27.
3. Иванов С. А., Петрова Е. Ю. Метапредметные компетенции школьников: теория и практика. — М.: Просвещение, 2018. — 264 с.
4. Кузнецова А. Л. Развитие критического мышления у школьников в условиях цифровой среды // Современные образовательные технологии. — 2021. — № 4. — С. 50-58.
5. Беляев Д. В. Формирование исследовательских навыков на уроках химии // Химическое образование. — 2020. — № 1. — С. 10-18.
6. Орлова Н. В., Сидоров И. П. Медиаобразование в школе: новые форматы обучения. — СПб.: Питер, 2019. — 312 с.
7. Захаров Е. С. Использование видеоконтента для активизации познавательной деятельности // Образовательная практика. — 2021. — № 2. — С. 25-33.
8. Лапина Т. Ю. Роль учителя в цифровой образовательной среде // Вестник педагогической науки. — 2020. — № 6. — С. 47-56.
9. Николаева М. А., Воробьев К. А. Участие учащихся в создании образовательного контента // Современные методы обучения. — 2022. — № 1. — С. 15-23.
10. Соловьёв П. П. Критическое мышление и медиаграмотность школьников // Психология и образование. — 2019. — № 3. — С. 72-81.
11. Громова И. Н. Совместная проектная деятельность в школе: опыт и перспективы // Педагогические исследования. — 2021. — № 5. — С. 147-156.
12. Фролова А. В. Инновационные технологии в преподавании химии: видео и интерактив // Химия в школе. — 2020. — № 4. — С. 33-41.
13. Кириллова Е. А. Дидактика цифрового обучения: теория и практика. — М.: Наука, 2022. — 288 с.


# ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ НЕГІЗДЕРІ


***О. М. Найманова***

*Магистрант, Ә.Марғұлан ат. Павлодар педагогикалық университет, Павлодар қ.*

***М. К. Еркибаева***

*ғылыми жетекшісі: х.ғ.к. доцент, Ә.Марғұлан ат. Павлодар педагогикалық университет, Павлодар қ.*



**Аңдатпа.** Қазіргі білім беру жүйесінің цифрлануы жағдайында химияны оқытуда БАҚ қолданудың әдістемелік негіздері қарастырылады. Зерттеуде визуалды және цифрлық құралдардың мүмкіндіктері талданып, олардың тиімділігі көрсетіледі. Нәтижесінде, ұсынылған тәсілдер оқушылардың сыни ойлауын дамытып, білім сапасы мен оқу мотивациясын арттыруға ықпал етеді, сондай-ақ зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасайды.



**Кілт сөздер**: бұқаралық ақпарат құралдары, функционалды және медиа сауаттылық, сыни ойлау.

**Аннотация.** В условиях цифровизации современной системы образования рассматриваются методические основы использования средств массовой информации при обучении химии. В исследовании анализируются возможности визуальных и цифровых инструментов и показывается их эффективность. В результате предложенные подходы способствуют развитию критического мышления учащихся, повышению качества знаний и учебной мотивации, а также формированию исследовательских навыков.

**Ключевые слова**: средства массовой информации, функциональная и медиаграмотность, критическое мышление.

**Abstract.** In the context of the digitalization of modern education, the methodological foundations for the use of mass media in teaching chemistry are examined. The study analyzes the potential of visual and digital tools and demonstrates their effectiveness. As a result, the proposed approaches contribute to the development of students' critical thinking, improve learning quality and motivation, and foster the formation of research skills.

**Keywords**: mass media, functional and media literacy, critical thinking.

Қазіргі білім беру жүйесінде цифрландыру үдерісі барлық пәндердің оқыту әдістемесін түбегейлі өзгертуде. Осы өзгерістердің ең айқын көрінісі – бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) оқу процесіне терең интеграциялануы. Химия пәнінің ерекшелігі – молекулалық деңгейдегі процестерді, абстрактілі ұғымдарды және эксперименттік құбылыстарды түсіндіру қажеттілігі – дәстүрлі әдістердің шектеулілігін көрсетеді. Сондықтан БАҚ-ты қолдану химияны оқытудың сапалық жаңа деңгейіне шығуға мүмкіндік береді. Қазақстандағы білім беру реформалары, әсіресе жаңартылған білім беру мазмұны мен цифрландыру бағдарламалары, мұғалімдерден ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жүйелі және мақсатты пайдалануды талап етеді. Осы контексте химия сабақтарында БАҚ-ты қолдану әдістемесін әзірлеу және оның тиімділігін талдау өзекті мәселеге айналып отыр. Осы зерттеу жұмысының негізгі мақсаты ретінде химия пәнін оқытуда бұқаралық ақпарат құралдарын қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздерін жүйелеу және оның оқушылардың құзыреттілігін дамытудағы рөлін анықтау алынған болатын. Осы мақсатқа жету үшін БАҚ-тың теориялық негіздері зерттеліп, олардың түрлері жіктелді, химия сабақтарына бейімделген қолдану әдістемесі әзірленіп, нақты мысалдар келтірілді, артықшылықтары мен қиындықтары талданды, педагогикалық тиімділігі бағаланды және қазақстандық білім беру реформалары контекстінде ұсыныстар берілді. [1]

Теориялық тұрғыдан бұқаралық ақпарат құралдарының білім беру процесіне енгізілуі Ж. Пиаже мен Л.С. Выготскийдің конструктивистік теориясына және У. Дж. Поттердің медиа сауаттылық концепциясына сүйенеді. Конструктивизм бойынша оқушы білімді өз бетінше құрастырады, ал медиа құралдары осы құрастыру процесіне визуалды, аудио және интерактивті қолдау көрсетеді. Медиа сауаттылық ақпаратты іздеу, талдау, бағалау және этикалық тұрғыдан қолдану қабілетін қамтиды – бұл химия пәнінде әсіресе маңызды, өйткені оқушылар химиялық ақпараттың сенімділігін ажырата білуі керек. [2, с. 15-20]

Қазақстандағы жаңартылған білім мазмұны құзыреттілікке бағытталған оқытуды басымдыққа қояды, ал БАҚ осы құзыреттіліктің ақпараттық және зерттеушілік компоненттерін күшейтеді. Бұқаралық ақпарат құралдары визуалды: видео, инфографика, 3D модельдер, аудио: подкаст, аудио түсіндірмелер және цифрлық: онлайн-платформалар, виртуалды лабораториялар, интерактивті симуляциялар деп негізгі үш түрге бөлінеді. [3, с.1]

Химия пәнінің ерекшеліктерін ескере отырып, визуалды құралдар атом құрылысы, химиялық байланыс, реакция механизмдері сияқты абстрактілі процестерді нақты көрсетуге мүмкіндік береді. Аудио құралдар теориялық материалды түсіндіруге және қайталауға ыңғайлы, ал цифрлық платформалар оқушыларға өз бетінше эксперимент жасауға және нәтижені талдауға жағдай жасайды. Мысалы, PhET Interactive Simulations химиялық реакцияларды, ерітінділерді, тепе-теңдікті интерактивті модельдеуге мүмкіндік береді. ChemCollective виртуалды лабораториясы қышқыл-негіздік титрлеу, буферлік ерітінділер дайындау сияқты тәжірибелерді қауіпсіз және қайталанбалы түрде жүргізуге арналған. Moodle жүйесі арқылы осы құралдарды сабаққа интеграциялау, үй тапсырмасы ретінде тарату тиімді.

Химия сабақтарында қолданылатын негізгі БАҚ көздеріне ғылыми-көпшілік бейнероликтер, жаңалықтар сюжеттері, деректі фильмдер, подкасттар және интернет мақалалар жатады. Мысалы, экологиялық мәселелерге байланысты тақырыптарды өткенде жаңалықтар порталдарынан алынған бейнематериалдар алынған ақпаратты талдау ретінде тиімді қолданылады. «Қышқыл жаңбырлар», «Ауаның ластануы», «Пластик қалдықтары» сияқты тақырыптарда нақты жаңалық сюжеттерін көрсету оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, химиялық білімнің өмірмен байланысын түсінуге мүмкіндік береді. Қазақстандық жаңалықтар порталдарында: Tengrinews.kz немесе Kazinform, экологиялық химиялық процестер туралы видео материалдарды таңдау арқылы оқушылар нақты өмірдегі химиялық өзгерістерді көреді.

Осындай құралдарды химия сабағында қолдану әдістемесі интеграциялық тәсілге негізделеді. Дәстүрлі сабақ құрылымына БАҚ-ты органикалық енгізу flipped classroom, blended learning және проблемалық оқыту сияқты заманауи технологиялармен үйлесім табуы тиіс. Саралап оқыту принципі бойынша оқушылардың дайындық деңгейіне қарай әртүрлі медиа мазмұны ұсынылады: қабілеті жоғары оқушыларға күрделі симуляциялар, мысалы, PhET-тегі «Reactions & Rates» немесе ChemCollective-тегі стехиометриялық есептер, ал қиындық көретіндерге қарапайым визуализациялар: TED-Ed анимациялары немесе YouTube-тегі қазақша түсіндірмелер беріледі. Интерактивті әдістер видео немесе симуляцияны көргеннен кейін топтық талқылау, пікірталас немесе жоба жұмысын ұйымдастыру арқылы жүзеге асады. Оқушы белсенділігін арттыру үшін медиа құралдары жеке немесе топтық зерттеу

тапсырмаларына негіз болады, бұл зерттеушілік дағдыларды қалыптастырады және білімді практикаға бағыттайды.

Практикада «Периодтық кесте құрылымы» тақырыбын өту кезінде әлеуметтік желілерден табылған “Периодтық кесте құрылымына үлес қосқан ғалымдар” атты бейнероликті оқушылар тамашалайды. Видеодан кейін оқушылар топта «Неліктен элементтердің қасиеттері периодтық заңға бағынады?» деген сұраққа жауап іздеп, алған мәліметтерді сыни талдайды. Тағы бір мысал – «Органикалық қосылыстардың изомериясы» тақырыбында PhET симуляциясын қолдану: оқушылар виртуалды түрде молекулалар құрастырып, изомерлердің физикалық қасиеттерінің айырмашылығын бақылайды. Қазақстан мектептерінде Moodle жүйесі арқылы осындай материалдарды алдын ала тарату және үй тапсырмасы ретінде пайдалану тиімді нәтиже береді.

Қосымша нақты мысал ретінде «Қышқылдар мен негіздер» тақырыбында ChemCollective виртуалды зертханасында буферлік ерітінді дайындау тәжірибесін жүргізуге болады: оқушылар қышқыл мен тұздың қатынасын өзгертіп, pH өзгеруін бақылайды, нәтижені графикке түсіреді және талқылайды. «Атом құрылысы» үшін PhET-тің «Build an Atom» симуляциясы қолданылады: протон, нейтрон, электрон санын өзгертіп, элементтің тұрақтылығын, изотоптарын зерттейді. «Реакция жылдамдығы» тақырыбында MozaikEDU-ның «Химиялық реакция тепе-теңдігі» тақырыбына арналған симулятор құралы арқылы температура, концентрация әсерін модельдеу оқушыларға эксперименттің қауіпсіз нұсқасын береді. Бұл құралдар қазақ тіліндегі түсіндірмелермен толықтырылып, AmanSultan сияқты платформаларға жүктеледі.

БАҚ-ты қолданудың негізгі артықшылықтары оқушылардың мотивациясын едәуір арттыруы, абстрактілі ұғымдарды визуалды түрде нақты бейнелеуі, сыни ойлауды дамытуы, зерттеушілік және коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруы болып табылады. Сонымен қатар, құралдар практикаға бағытталған оқытуды қамтамасыз етеді және ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті күшейтеді. Бірақ бұл әдістің тиімділігі бірқатар қиындықтармен шектелуі мүмкін: интернетке тұрақты қолжетімділіктің болмауы, әіресе ауылдық жерлерде, медиа мазмұнның сенімділігін бағалау қиындығы, оқушылардың медиа сауаттылығының әртүрлі деңгейі және мұғалімдердің цифрлық құралдарды меңгеру дәрежесінің төмендігі. Осы мәселелерді шешу үшін оффлайн қолжетімді материалдарды, мысали, PhET симуляцияларын жүктеп алып дайындау, мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстары және медиа сауаттылық бойынша қосымша сабақтар ұйымдастыру қажет. [4, с.6]

Интернет мақалаларымен жұмыс жасау да химия сабақтарында маңызды орын алады. Оқушыларға әртүрлі дереккөздерден алынған мақалалар ұсынылып, олардың сенімділігін салыстыру тапсырмасы беріледі. Мысалы, бір тақырып бойынша ғылыми журналдан алынған мақала мен қарапайым блогтағы ақпаратты салыстыру арқылы оқушылар

жалған ақпаратты ажыратуды үйренеді. Бұл медиа сауаттылықты қалыптастырудың негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Қазақстандық білім беру ресурстарының ішінде BilimLand.kz платформасында химия курстары бар – мұнда «pH – қышқылдықтың әмбебап өлшемі», «Атомдағы электрон энергия деңгейлері», «Үздіксіз және сызықты спектрлер», «Борн-Габер циклы» сияқты тақырыптар бойынша видео сабақтар, анимациялар және тесттер ұсынылады. Бұл ресурстар оқушыларға сенімді ғылыми ақпаратты алуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, YouTube платформасындағы ғылыми арналар химияны оқытуда кеңінен қолданылады. Қазақ тіліндегі арналардың ішінде Khan Academy ерекше орын алады – мұнда «Химияға кіріспе», « Салыстырмалы атомдық масса», «Авогадро заңы» сияқты тақырыптар түсіндіріледі. Бұл видеолар күрделі химиялық процестерді қарапайым әрі көрнекі түрде түсіндіреді. Мысалы, химиялық реакциялардың механизмдерін немесе молекулалардың өзара әрекеттесуін анимация арқылы көрсету оқушылардың абстрактілі ойлауын жеңілдетеді. Видеоны қолданғаннан кейін мұғалім оқушыларға талдау сұрақтарын ұсынып, олардың сыни ойлау дағдыларын дамыта алады. Мысалы: «Бұл видеода көрсетілген реакция шынайы өмірде қайда қолданылады?» немесе «Берілген ақпарат қаншалықты ғылыми негізделген?» деген сұрақтар қойылады. Қазақ тіліндегі басқа арналарда «Қызықты химия» сериясы, жанбайтын орамал тәжірибесі сияқты қызықты эксперименттер немесе олимпиада есептерін талдау арналары қолданылады.

Бұқаралық ақпарат құралдары қазіргі білім беру жүйесінде кеңінен қолданылатын, белгілі бір деңгейде қалыпты және үйреншікті құралға айналғанымен, олардың шынайы педагогикалық әлеуеті толық пайдаланылып жатыр деп айту қиын. Көп жағдайда медиа ресурстар тек көрнекілік немесе қосымша ақпарат көзі ретінде ғана қолданылып, оқушының терең танымдық әрекетін ұйымдастыру құралы ретінде жеткілікті деңгейде іске аспайды. Алайда, химия пәнінің мазмұнын ескерсек, БАҚ-тың мүмкіндігі әлдеқайда кең. Себебі химия – тек формулалар мен реакциялар жиынтығы емес, ол ақпаратты түсіну, салыстыру, дәлелдеу және ғылыми тұрғыдан негіздеу қабілетін талап ететін пән. Осы тұрғыдан алғанда, медиа құралдарды дұрыс ұйымдастырылған жағдайда қолдану оқушыларды пассивті қабылдаушыдан белсенді талдаушыға айналдыра алады.

Яғни, оқушылар бейнероликті немесе ақпараттық материалды жай ғана қарап шықпай, ондағы мәліметтің ғылыми дұрыстығын, дәлелділігін және сенімді дереккөздерге сүйенген-сүйенбегенін бағалауға үйренеді. Бұл – қазіргі ақпараттық қоғамда аса маңызды дағды. Себебі интернет кеңістігінде химияға қатысты жалған, бұрмаланған немесе толық емес ақпараттар жиі кездеседі, ал оларды ажырата білу – тек пәндік білімнің емес, жалпы функционалдық және медиа сауаттылықтың көрсеткіші.

Демек, БАҚ-ты химияны оқытуда тиімді пайдалану тек оқу материалын түсіндірудің тәсілі емес, ол оқушылардың сыни ойлауын қалыптастыратын, ғылыми дүниетанымын дамытатын және ақпаратпен жұмыс істеу мәдениетін жетілдіретін кешенді педагогикалық құрал ретінде қарастырылуы тиіс. Мұндай көзқарас білім беру процесін жаңа деңгейге көтеріп, оқушыларды ақпаратты саналы түрде қабылдайтын, талдайтын және негізді шешім қабылдай алатын тұлға ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылған ойлардың бәріне дәлел ретінде, PISA және жергілікті зерттеулер деректеріне сүйенуге болады, себебі педагогикалық тиімділікті бағалау нәтижелері БАҚ және интерактиті құралдарды қолданған сабақтарда оқушылардың сыни ойлау көрсеткіштері 15–25%-ға, ал пәнге қызығушылығы 20–35%-ға өскенін көрсететінін көреміз. Қазақстанның білім беру реформалары контекстінде бұл әдіс функционалдық сауаттылықты, зерттеушілік құзыреттілікті және өмір бойы білім алуға дайындықты қалыптастыруға тікелей ықпал етеді. [5, с. 20]

Қорытындылай келе, химия пәнін оқытуда бұқаралық ақпарат құралдарын жүйелі әрі мақсатты қолдану қазіргі білім беру процесінің ажырамас бөлігіне айналып отыр және ол оқыту сапасын арттырудың тиімді әдістемелік тетігі ретінде қарастырылады. Бұл зерттеу барысында ұсынылған теориялық негіздер мен практикалық мысалдар БАҚ-тың тек қосымша көрнекілік құралы ғана емес, оқушының танымдық әрекетін белсенді ұйымдастыратын, білімді терең меңгеруге бағыттайтын кешенді педагогикалық ресурс екенін дәлелдейді.

Химия пәнінің мазмұнына тән абстрактілі ұғымдар мен күрделі процестерді түсіндіруде визуалды, аудио және цифрлық медиа құралдарының мүмкіндіктері ерекше маңызды екені анықталды. Олар оқушыларға молекулалық деңгейдегі құбылыстарды көзбен көруге, тәжірибелерді қауіпсіз ортада модельдеуге және теорияны практикамен байланыстыруға жағдай жасайды. Сонымен қатар, БАҚ-ты оқу процесіне енгізу дәстүрлі оқытуды жаңғыртып, оны интерактивті, икемді және оқушыға бағытталған форматқа көшіруге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, медиа құралдарды жүйелі қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың сыни ойлау дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін және функционалдық сауаттылығын дамытуға елеулі әсер етеді. Әсіресе, қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында оқушылардың тек ақпаратты қабылдаушы емес, оны талдай алатын, салыстыратын және бағалайтын тұлға ретінде қалыптасуы ерекше маңызға ие. Осы тұрғыдан алғанда, химия сабақтарында БАҚ қолдану оқушыларға ғылыми тұрғыдан негізделген ақпаратты жалған немесе дәлелсіз мәліметтерден ажырата білуге үйретеді, яғни олардың медиа сауаттылығын қалыптастырудың тиімді құралына айналады.

Зерттеу барысында БАҚ-ты қолданудың белгілі бір қиындықтары да анықталды: техникалық ресурстардың жеткіліксіздігі, интернетке

қолжетімділік мәселелері, медиа контент сапасының әркелкілігі және мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігінің әртүрлі деңгейі. Алайда бұл кедергілер жүйелі әдістемелік қолдау, мұғалімдердің кәсіби дамуы және сапалы білім беру ресурстарын әзірлеу арқылы шешілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің цифрландыру бағыты мен жаңартылған білім мазмұны талаптарын ескере отырып, бұқаралық ақпарат құралдарын химияны оқытуда кеңінен және тиімді пайдалану білім сапасын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл оқытуды тек мазмұндық тұрғыдан байытып қана қоймай, оқушылардың өмірлік дағдыларын дамытуға, оларды ақпараттық қоғамның белсенді және саналы мүшесі ретінде қалыптастыруға ықпал етеді.

Осылайша, БАҚ-ты химия сабақтарында қолдану тек уақыт талабы емес, ол – білім беру жүйесінің сапалық жаңаруына бағытталған стратегиялық маңызды бағыттардың бірі. Болашақта бұл бағыттағы зерттеулерді тереңдету, атап айтқанда, БАҚ-тың ұзақ мерзімді әсерін, әртүрлі жас ерекшеліктеріне бейімделуін және жаңа цифрлық технологиялармен интеграциясын зерттеу білім беру тәжірибесін одан әрі жетілдіруге негіз болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Жаңартылған білім беру мазмұны // ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 32 бұйрығы. – Астана: ҚР БҒМ, 2016–2023.
2. Potter W. J. Media Literacy. – Thousand Oaks: Sage Publications, 2019. – 544 б.
3. OECD. The Future of Education and Skills 2030. – Paris: OECD Publishing, 2018. – 23 б.
4. UNESCO. Education in a Post-COVID World: Nine Ideas for Public Action. – Paris: UNESCO, 2020. – 20 б.
5. OECD. PISA 2018 Results: What Students Know and Can Do. – Paris: OECD Publishing, 2019. – 354 б.


## КӨПСАЛАЛЫ ЛИЦЕЙ НЕГІЗІНДЕ ЦИФРЛЫҚ ГЕЙМИФИКАЦИЯ АРҚЫЛЫ ХИМИЯНЫ ДЕҢГЕЙЛЕП ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ


***Салтанатқызы Нұрдана***

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.*

***Хасенова М. Т.***

*ғылыми жетекші: PhD, аға оқытушы, Павлодар қ.*



**Аннотация:** Мақалада көпсалалы лицейде химияны оқытуда цифрлық геймификация мен деңгейлеп оқыту технологияларының тиімділігі талқыланады. Зерттеудің мақсаты — «Station Rotation» әдісі арқылы оқу процесін қалай жақсарта

алатынын қарастыру. Ұсынылған тәсілдер химияны оқытуды жетілдірудің жаңа бағыттарын ұсынады және оқушылардың танымдық белсенділігі мен мотивациясын арттырудағы инновациялық құралдардың артықшылықтарын айқындайды.

**Кілт сөздер**: цифрлық геймификация, көпсалалы лицей, деңгейлеп оқыту, химия, танымдық белсенділік, станциялық ротация, инновациялық технологиялар.

**Аннотация:** В статье рассматривается эффективность цифровой геймификации и уровневого обучения химии в многопрофильном лицее. Цель исследования — рассмотреть, как метод «Station Rotation» может улучшить учебный процесс. Предложенные подходы определяют новые направления совершенствования преподавания химии и выявляют преимущества инновационных инструментов в повышении мотивации учащихся.

**Ключевые слова**: цифровая геймификация, многопрофильный лицей, уровневое обучение, химия, познавательная активность, станционная ротация, инновационные технологии.

**Abstract:** The article discusses the effectiveness of digital gamification and tiered learning in chemistry at a multidisciplinary lyceum. The study aims to examine how the "Station Rotation" method can improve the educational process. The proposed approaches highlight new directions in chemistry teaching and identify the advantages of innovative tools.

**Keywords:** digital gamification, multidisciplinary lyceum, tiered learning, chemistry, cognitive activity, station rotation, innovative technologies.

## Кіріспе

Жалпы білім беру жүйесінің трансформациялануы жағдайында химия пәнін оқытудың мазмұны мен әдістемесі түбегейлі жаңару кезеңін бастан кешуде. Қазіргі таңда білім беру кеңістігіндегі басты бағыттардың бірі — технологиялық инновациялар мен цифрлық экожүйені сабақ үрдісіне тиімді интеграциялау болып табылады. Тіпті, Жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары дамыған заманда да, мұғалімнің басты міндеті — оқушының пәнге деген шынайы қызығушылығын ояту және оқу материалын игеруді тартымды ету. Химия — дерексіз ұғымдар мен микроәлемдегі күрделі процестерді зерттейтін ғылым болғандықтан, оны игеру оқушыдан жоғары зейін мен когнитивті қабілеттерді талап етеді. Сондықтан заманауи химиялық білім беру тек құрғақ ақпарат берумен шектелмей, оқушының зерттеушілік дағдыларын цифрлық геймификация құралдары арқылы дамытуға бағытталуы тиіс.

Заманауи білім беру жүйесінде оқытуды цифрландыру және инновациялық сипатқа көшіру — бүгінгі күннің басты стратегиялық басымдығы. Бұл қажеттілік дәстүрлі педагогикалық әдістер мен ақпараттық технологиялар құрсауында еркін өскен «цифрлық ұрпақтың» (Generation Z) жоғары танымдық сұраныстары арасындағы қайшылықтан туындап отыр. Қазіргі білім алушылардың ақпаратты қабылдау мәдениеті мен психологиялық ерекшеліктері түбегейлі өзгергендіктен, дәстүрлі баяндау әдістері өз тиімділігін жоғалтуда. Осы орайда, оқу үрдісіне ойын элементтерін енгізу — білім алушының ішкі мотивациясын ынталандыру және оқуды «мәжбүрліктен» «қызықты шығармашылық процесске» айналдырудың стратегиялық тетігі болып табылады. Яғни цифрлық

ресурстарды дидактикалық жүйемен ұштастыру білім алушының зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудың басты кепіліне айналады

Көпсалалы лицей жағдайында зияткерлік әлеуеті әрбір жоғары дарынды балалардың жеке қабілеттерін ескере отырып, оқу материалын деңгейлеп ұсыну олардың мүмкіндіктерін барынша ашуға жол ашады. Цифрлық технологиялар химиялық білім беру процесін автоматтандырып қана қоймай, оқушылардың өзіндік жұмысын жүйелі әрі интерактивті форматта ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Демек, цифрлық геймификация мен деңгейлеп оқыту модельдерінің синтезі лицей оқушыларының танымдық белсенділігін ынталандырудың ең оңтайлы механизмі болып табылады. Сондықтан, мамандандырылған мектептерде химияны оқыту сапасын заманауи құралдар арқылы жаңа сатыға көтеру мәселесі аса жоғары педагогикалық өзектілікке ие.

Заманауи білім беру кеңістігіндегі жаһандық өзгерістер жағдайында дарынды балалармен жұмыс істеу мәселесі мұғалімнен ерекше жауапкершілік пен үздіксіз кәсіби дайындықты талап етеді. Көпсалалы лицейдегі білім алушылардың жоғары зяткерлік әлеуетін тиімді пайдалану үшін оқытудың инновациялық модельдерін енгізу кезек күттірмейтін мәселенің бірі болып табылады. Педагогикада «дарындылық» түсінігі екі негізгі тәжірибелік мәселемен тығыз байланысты: әр баланың интеллектуалдық шығармашылық қорын анықтауға бағытталған жұмыстар және дарынды балаларды арнайы оқыту мен тәрбиелеу [1, б.5]. Дарындылық — бұл тек академиялық білім қоры ғана емес, ол — баланың жаңа ақпаратты игеруге деген ішкі талпынысы, когнитивті икемділігі мен шығармашылық ізденісі. Осы интеллектуалдық қорды ашу үшін біз оқушыға тек дайын білімді беріп қана қоймай, оны зерттеушілік әрекетке бағыттауымыз керек.

Бұл үдерісте білім берудің негізгі қозғаушы күші мен оқу процесінің дизайнері — мұғалім болып қала бермек. Қабілетті балаларға сапалы білім берудегі келесі бір мәселе мұғалімге қатысты. Әр оқушының дара ерекшелігіне қарай сапалы білім алуын, дамуын қадағалайтын және оны қамтамасыз ететін тұлға — мұғалім [2, б.10]. Заманауи мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырып, оның болашақ мамандығын таңдауына тікелей ықпал етеді. Мұғалімнің шеберлігі — оқушының ішкі талпынысын дұрыс арнаға бағыттай білуінде.

Оқушының тұлғалық дамуы мен әлеуметтік бейімделуі педагогикалық ұйымдасқан ортада, әсіресе ұжымдық іс-әрекет барысында айқын көрініс табады. Педагогикалық ұйымдасқан ортаға бейімделуде бала түрлі қызметтік салалардың құндылығын ұғынады. Даралану кезеңінде дара тұлғаның маңызданауға талпыныс білдіруі өте зор болады. Бұл кезеңде «Мен — барлығы секілдімін» және «Мен — барлығынан өзгешемін» деген әсерлену қарама-айшылығы туындатады. Баланың тұлға ретінде қалыптасу үдерісінің соңғы кезеңі — бірігу, бірлесу, жалпы топтар ережелерінің жүйеленуі, тәртіптің реттелуі, іскерлік қарым-қатынастың мақұлдануы мен

ұйымдастырылуы болым табылады. Әрі қарай бұл кезең ұжымда салауатты психологиялық климаттың орныгуымен сипатталады [3, б.47]. Лицей жағдайындағы топтық жұмыстарды ұйымдастыру барысында біз осы психологиялық қарама-қайшылықтарды ескеруіміз қажет. Яғни, оқушының жеке тұлғалық қасиеттерін сақтай отырып, оны ұжымдық жауапкершілікке үйрету маңызды.

Жоғары білім сапасына қол жеткізу үшін оқушылардан тек репродуктивті білімді емес, сыни тұрғыдан талдау мен бағалауды талап ететін жоғары деңгейлі тапсырмалар беру маңызды. Әдетте білім сапасының деңгейі өте жоғары болуы үшін, соған лайықты ойлау жүйесінің жоғары деңгейлі түсініктерімен және тапсырмаларымен жұмыс істеу керек. Егер оқушылар сыни ойлап, мәліметті талдап, өз ойларына баға бере алса, өз бетінше шешім шығарып, оны қорғай алса, білім беру нәтижесі сәтті болады. Одан бөлек, оқушыларға өз ойын қағазға түсіру дағдыларын да үйрету қажет [4, б.9]. Химия пәні бойынша білім алушылардың аналитикалық қабілетін дамыту, гипотеза құру, реакция нәтижесін болжау және заңдылықтарды талдау — заманауи мектептің басты мақсаты. Бұл ретте проблемалық оқыту технологиясының рөлі ерекше. Проблема бұрыннан білетін білімдерге сүйене отырып, белгісіз мәселе туралы ойлаудан туындайды. Проблеманы шешу алға мақсат қоюдан басталады. Бұл мақсат зерттеу процесі барысында дамып, толықтырылып отырады, бірақ маңыздылығы сақталады. Нәтижеге жету зерттеу мақсатының дұрыс қойылуына байланысты болмақ [5, б.20]. Проблемалық оқыту оқушыны дайын формулаларды қолданудан гөрі, сол формуланың шығу тегін түсінуге және проблеманы шешудің тиімді жолдарын іздеуге итермелейді. Бұл әдіс оқушының танымдық дербестігін арттырып, оны беймәлім деректерді өз бетінше ашуға бағыттайды. Яғни, білім алушы жай ғана ақпаратты қабылдаушы емес, сол ақпаратты тудырушы, зерттеуші субъект ретінде көрінеді.

Алайда, сынып ішіндегі әрбір оқушының проблеманы көру және оны шешу қабілеті әртүрлі деңгейде болады. Сондықтан проблемалық оқытуды тиімді жүзеге асыру үшін оқу процесін саралау қажеттілігі туындайды. Себебі, дарынды балалар үшін қойылатын проблема мен орташа деңгейдегі оқушыға берілетін тапсырманың күрделілігі мен мазмұны бірдей болмауы тиіс. Бұл қажеттілік дифференциалды оқытудың мәнімен тікелей байланысты. Атап айтқанда, бұл процесс — білім алушылардың мүдделерін, бейімділігі мен қабілеттерін ескере отырып, оқытуды саралау және даралау арқылы білім беру процесін жүйелі ұйымдастыруды көздейді. Нәтижесінде, оқытудың мазмұны мен құрылымын өзгерту арқылы студенттердің кәсіби қызығушылығы мен қабілетін дамытуға бағытталған бірегей білім беру ортасы қалыптасады[6, б.72].

Бұл педагогикалық тәсілдер тек отандық ғылыммен шектелмейді. Халықаралық тәжірибе де саралanған оқытудың тиімділігін растайды. АҚШ, Франция, Германия және Жапония сияқты дамыған елдердің білім

беру жүйесінде саралап-даралау принципі кеңінен қолданылып келеді және ол оқу жетістіктерін жақсартуда оң нәтижелер бергені ғылыми тұрғыда дәлелденген [7, б.1]. Саралап оқытуды жүзеге асырудың нақты жолдары бар: Сабақ барысында кеңінен қолданылатын саралау тәсілдерінің жеті түрі айқындалған: тапсырма арқылы, дереккөз бойынша, қарқын деңгейі бойынша, нәтиже бойынша, диалог пен қолдау деңгейіне қарай, бағалау тәсілі және топтарға бөлу әдісі бойынша саралау [8, б.407]. Дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, біркелкі стандарттан бас тартып, әр оқушының қарқыны мен қабілетіне қарай икемделген білім беру жүйесі ғана бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелей алады. Химия сабағында бұл тәсілдер өте маңызды, себебі бір оқушы химиялық теңдеулерді шешуге жүйрік болса, екіншісі зертханалық эксперименттерді орындауда жоғары деңгей көрсетеді.

Жоғарыда аталған проблемалық оқыту әдістері мен саралау принциптерін бір арнаға тоғыстырып, практикалық тұрғыда жүзеге асыратын ең тиімді стратегиялық құрал — ойын технологиялары болып табылады. Ойын — дарынды баланың еркін ойлауына, қателік жасаудан қорықпай ізденуіне және өзінің интеллектуалдық шекарасын кеңейтуіне мүмкіндік беретін бірегей педагогикалық платформа.

Ойын технологиясы (геймификация) – балалар үшін маңыздылығы бойынша бәсекелестікке түсетін іс-әрекет түрін табу қиын болатын ерекше әдіс. Ойынды ұйымдастырудың технологиялық алгоритмінің негізгі 3 компоненті бар:

Ойынға қатысушылардың ойын ойнау көңіл-күйін түзу.

Ойын үстіндегі қарым-қатынасты ұйымдастыру.

Ойын әрекетін ұйымдастыру [9, б.143].

Бұл алгоритм химия сабағындағы кез келген күрделі тақырыпты дидактикалық ойынға айналдырудың негізі болып табылады. Бірінші компонент бойынша оқушының эмоционалдық фоны қалыптасса, екінші және үшінші компоненттер барысында жоғарыда аталған саралау және проблемалық ізденіс процестері жүзеге асады. Ойын форматы күрделі химиялық заңдылықтарды, формулалар мен реакция теңдеулерін жеңіл әрі қызықты игеруге, оқушының ішкі мотивациясын оятуға және топтық жұмысты сауатты ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Бұл жерде ойын технологиясының атқаратын негізгі қызметі — білім берудің барлық элементтерін біртұтас жүйеге ұштастыру. Ол мынадай маңызды мәселелерді шешеді:

Метакогнитивті дағдыларды дамыту: Ойын барысында оқушы тек химиялық деректерді ғана емес, өз іс-әрекетін жоспарлауды, стратегия құруды және өз шешімдеріне жауап беруді үйренеді.

Дифференциацияны табиғи түрде жүзеге асыру: Ойын шарты бойынша берілген рөлдер (талдаушы, экспериментатор, эксперт) оқушының деңгейіне қарай сараланған тапсырмаларды өз еркімен таңдауына жол ашады.

Коммуникация мен Эмоциялық интеллект: Біз оқушылардың тек академиялық білімін ғана емес, сонымен қатар олардың топ ішіндегі өзара әрекеттестігін, қиын сәтте шешім қабылдау қабілетін және эмоциялық тұрақтылығын дамытамыз.

Ойын барысында адам интуицияны, заңдылықтарды тануды, логикалық ойлауды және мәселелерді шешу дағдыларын қолдана отырып дамид [10, б.21]. Түйіндей айтқанда, ойын технологиясы — лицей оқушыларының танымдық белсенділігін арттыратын қозғалтқыш күш. Ол проблемалық оқытудың «неге?» деген сұрағын саралап оқытудың «қалай?» деген тәсілдерімен шебер ұштастырып, оқу процесін сапалы жаңа деңгейге көтереді. Бұл — оқушының өзін тұлға ретінде сезінуіне, «Мен барлығынан өзгешемін» деген даралығын сақтай отырып, «Біз біртұтас командамыз» деген ұжымдық бірігу кезеңіне өтуіне жасалған ең қысқа жол. Осылайша, ойын арқылы ұйымдастырылған оқу ортасы лицейдегі дарынды балалардың әлеуметтік және интеллектуалдық дамуының алтын көпіріне айналады.

Нәтиже мен талқылау.

Мен өз педагогикалық практикам барысында дарынды балалардың танымдық белсенділігін арттырудағы цифрлық құралдардың әсерін зерттедім. Бақылау көрсеткендей, Kahoot және Quizizz сияқты платформалар жылдамдыққа бағытталғандықтан, химияға бейімі бар дарынды балалар тез нәтиже көрсетіп, бірінші орынды иеленеді. Алайда, бұл жағдайда басқа пәндерден мықты, бірақ химиядан орташа деңгейдегі оқушылар тасада қалып қояды. Бұл жағдай сыныптағы салауатты бәсекелестікті бұзып, кейбір оқушылардың мотивациясын төмендетуі мүмкін.

Педагогикалық практика аясында «Облыстық көп салалы дарынды балаларға арналған лицей-интернат» КММ-нің 10-сынып оқушыларымен (барлығы 25 қатысушы) өткізілген зерттеу жұмысы екі логикалық кезеңді қамтыды.

Бірінші кезеңде «Органикалық химияға кіріспе» тақырыбы бойынша дәстүрлі элементтері (Kahoot, Wordwall) бар интерактивті сабақ ұйымдастырылды. Бұл кезеңде ақпарат негізінен презентациялар мен цифрлық тест тапсырмалары арқылы беріліп, оқушылардың танымдық белсенділігі 87.2%-ды құрады. Сауалнама нәтижелері оқушылардың базалық дайындығы жоғары болғанымен, теориялық материалды тереңірек меңгеру үшін жаңа әдістемелік тәсілдердің қажеттілігін көрсетті. (1-диаграмма).




*1-диаграмма - Сауалнамаға оқушылардың жауабы*

Зерттеудің алғашқы кезеңінде «Органикалық химияға кіріспе» сабағының тиімділігін бағалау үшін оқушыларға келесідей 5 сұрақ қойылды:

Цифрлық тапсырмалар (презентация, тест) тақырыпты түсінуге көмектесті ме?

Химия пәні бойынша берілген теориялық материал сіз үшін қызықты болды ма?

Сабақ барысында мұғаліммен кері байланыс орнату (сұрақ-жауап) тиімді жүргізілді ме?

Интерактивті әдістерді қолдану арқылы жаңа ақпаратты игеру деңгейіңіз жоғары ма?

Болашақта химия сабақтарында осындай белсенді оқыту формаларының жиі болғанын қалайсыз ба?

Жүргізілген сауалнама қорытындысы бойынша 25 оқушының 22-сі (88%) цифрлық тапсырмалардың тақырыпты түсінуге септігін тигізгенін растады. Теориялық материалдың қызықтылығын 21 оқушы (84%) атап өтсе, сабақ барысындағы мұғаліммен кері байланыстың тиімділігін 23 оқушы (92%) жоғары бағалады. Сонымен қатар, 22 оқушы (88%) интерактивті әдістер арқылы жаңа ақпаратты игеру деңгейінің жақсы екенін көрсетті. Ал болашақта химия сабақтарында белсенді оқыту формаларының жиі өткізілуін 21 оқушы (84%) қалайтынын білдірді. Жалпы орташа көрсеткіш 87,2%-ды құрады. (1-диаграмма)

Бұл нәтиже оқушылардың интерактивті оқытуға деген ынтасының жоғары екенін, сонымен қатар «Station Rotation» әдісін енгізу арқылы бұл көрсеткішті бұдан да жоғары деңгейге көтеруге мүмкіндік бар екенін айқындады.

Осы мақсатта зерттеудің екінші кезеңінде, келесі күні өткізілген «Алкандар» тақырыбы бойынша кешенді сабақта аралас оқытудың «Station Rotation» (Станциялық ротация) моделі негізге алынды. Бұл әдісті

оқушыларға тек жылдамдық қана емес, терең талдау, эксперимент жасау және логикалық ойлау арқылы өз әлеуетін көрсетуге мүмкіндік береді.

Ойынның жүру барысы мен шарттары**:** Сыныпты 4 топқа бөлдім. Әр топқа нақты уақыт (10 минут) және жауапкершілік аймақтары (рөлдер) жүктелді:

Тайм-менеджер: Станциядағы уақытты бақылайды.

Талдаушы: Теориялық ақпаратты жүйелейді.

Экспериментатор: Тікелей химиялық тәжірибе жасайды.

Сыншы: Шешімдердің дұрыстығына баға береді.

Бұл әр оқушының өзін маңызды сезінуіне жағдай жасайды.

Сабақ барысында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру мақсатында сынып кеңістігі төрт негізгі функционалды аймаққа бөлінді. Бұл тәсіл әр оқушының оқу процесіне тартылуына және өзін маңызды сезінуіне жағдай жасады. Станциялар арасындағы қозғалыс кезінде оқушылар тапсырманы жылдам әрі сапалы орындап, «мұғалім станциясына» бірінші жетіп тексертуге ұмтылды. Мұндай бәсекелестік орта (геймификация элементі) оқушыларға қосымша ұпай жинауға және кері байланысты жедел алуға мүмкіндік берді.

Әр станцияның өзіндік дидактикалық мақсаты мен уақыт регламенті айқындалды:

Сандық станция: Мұнда оқушылар **umaigra** платформасындағы интерактивті химиялық карталармен жұмыс істеді. Олар жаңа тақырып бойынша визуалды ақпарат алып, соңында шағын онлайн-квест орындады.

Эксперименттік станция: Бұл аймақта оқушыларға заттардың ерігіштігін немесе химиялық қасиеттерін зерттеуге арналған нақты реагенттер берілді. Бұл жерде теориялық білім практикамен ұштасты.

Логикалық станция: Мұнда оқушыларға деңгейлеп оқыту принципі бойынша (A, B, C деңгейлері) есептер ұсынылды. Пәнге бейімі бар балалар күрделі C деңгейіндегі есептермен айналысса, басқалары негізгі заңдылықтарды меңгеруге бағытталған тапсырмаларды орындады.

Мұғаліммен кері байланыс станциясы: Бұл станцияда мен оқушылардың сабақ барысында туындаған сұрақтарына жауап беріп, олардың әрқайсысының ілгерілеуін қадағаладым.

Бұл әдістің тиімділігі сол — Kahoot-та көрінбей қалатын оқушылар эксперимент жасау немесе күрделі есептерді логикалық талдау барысында өздерінің мықты жақтарын көрсетті. Яғни артықшылығы — білім беруді даралау мүмкіндігінде. Оқушылардың белсенділігі біршама артты, ал сабақтың ойын форматы оқушыларды жалықтырмай, химияның күрделі тақырыптарын жеңіл меңгеруге көмектесті. Яғни геймификация - оқыту платформалары негізінде оқушыларды ойын элементтерімен, викториналармен және тренажерлермен қызықтырады, бұл химияны үйрену процесін жеңілдеті деген ұғымға келеміз. Бұл менің практикамдағы сәтті педагогикалық тәжірибелердің бірі болды.

Дегенмен, сабақ барысында қиындықтар да кездеседі. Бәсекелестік ортадағы уақыт шектеулігі мен жоғары қарқындылық кейбір оқушыларға шектеу түсіріп, тапсырманы сапалы орындауға кедергі келтіруі мүмкін. Сондай-ақ, бұл модель мұғалімнен сабаққа дайындық кезеңінде үлкен уақыт пен еңбекті талап етеді.

Сабақтың 2 кезеңінің тиімділігін және оқушылардың пікірін анықтау мақсатында 25 оқушы арасында шағын сауалнама жүргізілді. Сауалнама барысында сабақтың мазмұны, оқыту әдістері және тақырыпты меңгеру деңгейіне қатысты 5 сұрақ қойылды. Оқушылар әр сұраққа «иә» немесе «жоқ» түрінде жауап берді. Алынған нәтижелер арқылы сабақтың қаншалықты түсінікті әрі қызықты өткенін, сондай-ақ қолданылған интерактивті және ойын элементтерінің тиімділігін анықтауға мүмкіндік туды.(2-диаграмма)

Сауалнама барысында келесі сұрақтар қойылды:

«Station Rotation» (станциялық ротация) әдісі тақырыпты тереңірек түсінуге мүмкіндік берді ме?

Топтық жұмыс барысындағы рөлдер (теоретик, практик, есепші, сыншы) сіздің белсенділігіңізді арттырды ма?

Станциялардағы эксперименттік және логикалық тапсырмалар химия пәніне деген қызығушылығыңызды оятты ма?

Өздігінен жұмыс істеу арқылы алкандардың қасиеттерін меңгеру жеңілірек болды ма?

Оқу процесіндегі мұндай инновациялық форматтар білім сапасын арттыруға септігін тигізеді деп ойлайсыз ба?




*2-диаграмма - Сауалнамаға оқушылардың жауабы*

Зерттеудің екінші кезеңінде «Алкандар» тақырыбы бойынша «Station Rotation» әдісін қолдану арқылы өткізілген сабақ оқушылардың танымдық белсенділігінің айтарлықтай артқанын көрсетті. Сауалнама қорытындысы бойынша келесідей көрсеткіштер тіркелді:

Станциялық ротация әдісінің тақырыпты тереңірек түсінуге септігін тигізгенін 23 оқушы (92%) растады. Топтық жұмыс барысындағы рөлдердің бөлінісі 21 оқушының (84%) белсенділігін арттырса, станциялардағы тәжірибелік тапсырмалар 23 оқушының (92%) химияға деген қызығушылығын оятты. Өздігінен жұмыс істеу арқылы материалды меңгерудің тиімділігін 24 оқушы (96%) қолдаса, 22 оқушы (88%) мұндай инновациялық форматтардың білім сапасын арттыратынына сенім білдірді. Екінші сабақтың жалпы орташа көрсеткіші 90,4%-ды құрады.

Сонымен қатар, оқушылардың пікіріне сүйенсек, мұндай ойын элементтері қосылған сабақтар басқа дәстүрлі сабақтарға қарағанда **қызықтырақ әрі тартымды өтеді.** Оқушылар белсенді қатысып, өз ойларын еркін жеткізуге мүмкіндік алады. Бұл өз кезегінде олардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, оқу материалын жақсы меңгеруіне оң әсер етеді.

Өткізілген екі сабақтың нәтижелерін салыстыру барысында «Station Rotation» әдісінің тиімділігі нақты айқындалды. Төмендегі кестеде оқушылардың танымдық белсенділігі мен тақырыпты игеру деңгейінің динамикасы көрсетілген (3 кесте):

*3 кесте*

| **Сабақ кезеңдері** | **Орташа көрсеткіш (Иә)** | **Өсім (%)** |
|---|---|---|
| 1-кезең: Органикалық химияға кіріспе (Интерактивті) | 87,2% | - |
| 2-кезең: Алкандар (Station Rotation моделі) | 90,4% | **+3,2%** |

Салыстырмалы талдау көрсеткендей, дәстүрлі интерактивті әдіспен салыстырғанда, станциялық ротация моделі оқушылардың сабаққа қатысу көрсеткішін 3,2%-ға арттырды. Жалпы алғанда, сауалнама нәтижесі сабақтың тиімді өткенін, оқушылардың басым бөлігі материалды жақсы меңгергенін және интерактивті, ойын түріндегі әдістерді болашақта да жиі қолдану қажеттігін көрсетті.

**Қорытынды**

Мақалада қарастырылған геймификация және саралап оқыту принциптері — бұл жай ғана әдістемелік құрал емес, бұл дарынды баланың зияткерлік әлеуетін ашуға бағытталған жүйелі стратегия. Зерттеу көрсеткендей, оқушыға дайын ақпаратты бергеннен гөрі, оны «неге?» және «қалай?» деген сұрақтар төңірегінде зерттеушілік әрекетке тарту — оның пәнге деген ішкі мотивациясын оятып, сыни ойлау дағдыларын қалыптастырады. Саралап оқыту принципі әр баланың жеке траекториясын ескере отырып, оның қабілетіне сай «интеллектуалдық шақыру» тастауға мүмкіндік береді.

«Алкандар» тақырыбы бойынша өткізілген «Station Rotation» (Станциялық ротация) әдісінің тиімділігін анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама келесідей нақты көрсеткіштерді берді. Әр оқушының өз бейімділігіне қарай (теоретик, практик, есепші, сыншы) рөлдерге бөлінуі сынып ішіндегі 25 оқушының да сабаққа толық тартылуын қамтамасыз етті.

Жылдамдыққа негізделген тапсырмаларда тасада қалып қоятын оқушылар есептер мен эксперимент станцияларында өздерінің көшбасшылық қасиеттерін көрсете алды. Осылайша, ұйымдастырылған оқу процесі, зерттеу барысында қойылған мақсатқа толықтай сәйкес келіп, оқушылармен жұмыс істеудің жаңа мүмкіндіктерін айқындалды.

Қортындылай айтқанда, ойын технологиясы арқылы ұйымдастырылған саралап оқыту — лицей жағдайындағы дарынды балалармен жұмыс істеудің ең оңтайлы механизмі. Сауалнама қорытындысы көрсеткендей, оқушылардың басым бөлігі материалды жақсы меңгеріп, болашақта да интерактивті әдістерді жиі қолдану қажеттігін қолдады. Бұл тәсіл оқушының жеке тұлғалық дамуына, пәнге деген сүйіспеншілігінің артуына және химияның күрделі заңдылықтарын саналы түрде меңгеруіне негіз болады.

## Пайдаланылған әдебиеттер:


1. Дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу технологиясы: бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал / құраст.: Г. К. Бекмаганбетова, Б. К. Дуненбаева. — Қостанай: «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қостанай облысы бойынша ПҚ БАИ, 2014. — 94 б.
2. Дәулетов Н. Дарынды жастар — ел болашағы. — Орал: «Ағартушы», 2012. — 212 б.
3. Әбдіғапбарова У. М., Байқұлова А. М. Оқушы лидерді тәрбиелеу: Оқу құралы. / У. М. Әбдіғапбарова, А. М. Байқұлова. – Алматы: Эпиграф, 2019. – 304 б.
4. Шаматов Д., Элиасқар Ә. Білімге құштарлық. – Бішкек қ., Глобал принт.,: 2020. – 104 б.
5. П. Т. Таубаева, Г. А. Мұратбаева, С. Н. Жиенбаева**.** Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері: Оқулық. – Алматы, 2017. – 201 б.
6. Отыншиева М.Т., Сырымбетова Л.С., Станчу Н. Дифференциалды оқыту – үлгермеушілікті жою мақсатында жүргізілетін оқытудың өзіндік түрі // Қарағанды университетінің хабаршысы. «Педагогика» сериясы. – 2019. – № 1(93). – 71-78 бб.
7. Білімді Ұлт – сапалы білім беру ұлттық жобасы сапалы білім алуға қолжетімділікті
8. кеңейтеді [Электрондық ресурс]. – Ult.kz. 22.10.2021. – Қолжетімді: https://www.ult.kz/post/bilimdi-ult-sapaly-bilim-beru-ulttyk-zhobasy-sapaly-bilim-aluga-kolzhetimdilikti-keneytedi
9. Свенова, С.Ш.,Саралап оқыту технологиясын қолданудың ерекшелігі [Мәтін] // Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің еңбектері. – 2022. – Б. 407-415
10. Сламбекова Т. С. Педагогика: жоғары оқу орны студенттеріне арналған оқу құралы. 2-кітап: Тәрбие теориясы. – Алматы: ССК, 2020. – 220 бет.
11. Bećirović S. Digital Pedagogy: The Use of Digital Technologies in Contemporary Education. — Springer Nature, 2023. — 137 p. (SpringerBriefs in Education).

# 7-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ХИМИЯ ПӘНІНЕ ҚЫЗЫҚТЫРУ - ЫНТАЛАНДЫРУ ЖОЛДАРЫ: ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

***Сейткулов А.***
*4 курс студенті, Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университет, Павлодар қ.*
***Хасенова М. Т.***
*Ғылыми жетекші: PhD, аға оқытушы, Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университет, Павлодар қ.*

**Аңдатпа.** Химия пәні оқушыларға бірден-бір күрделі пән, алайда өте қызықты.

Қазіргі 7-сынып оқушылары – цифрлық буын өкілдері. Олардың назары қысқа, визуалды ақпаратты жылдам қабылдайды. Мотивациясы жоғары, бірақ қызығушылығы тұрақсыз. Тәжірибеге, интерактивті әдістерге, өмірмен байланысқа құштар. Осы ерекшеліктерді ескере отырып, химияны ойын, эксперимент, видеосабақтар арқылы үйреткен тиімді. Оқушының өзі ізденіп, жаңалық ашуына жағдай жасау қажет.

**Кілт сөздер** : тәрбие, зертхана, интерактивті тақта, ізденіс, тапсырма, қоршаған орта, табиғат.

**Аннотация.**Химия-один из самых сложных предметов для учащихся, но очень интересный. Нынешние учащиеся 7-х классов-представители цифрового поколения. Их внимание короткое, они быстро воспринимают визуальную информацию. Высокая мотивация, но неустойчивый интерес. Жаждет опыта, интерактивных методов, общения с жизнью. Учитывая эти особенности, химию выгодно преподавать с помощью игр, экспериментов, видеоуроков. Необходимо создать условия для поиска и открытия самого ученика.

**Ключевые слова**: воспитание, лаборатория, интерактивная доска, поиск, задание, окружающая среда, природа.

**Annotation.** Chemistry is one of the most difficult subjects for students, but it is very interesting. The current 7th grade students are representatives of the digital generation. Their attention span is short, and they perceive visual information quickly. High motivation, but unstable interest. He longs for experience, interactive methods, and communication with life. Given these features, it is beneficial to teach chemistry through games, experiments, and video tutorials. It is necessary to create conditions for the search and discovery of the student himself.

**Keywords**: education, laboratory, interactive whiteboard, search, task, environment, nature.

## Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде жаратылыстану пәндерінің маңызы күннен күнге артып келеді, әсіресе химия пәні оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастырып, қоршаған ортаны терең түсінуге, күнделікті өмірде болып жатқан құбылыстарға ғылыми көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Алайда осы маңызды пәнді оқыту барысында бірқатар қиындықтар бар.

Қазіргі білім беру жүйесінде жаратылыстану пәндерінің маңызы артып келеді. Химия пәні оқушылардың ғылыми көзқарасын қалыптастырып, қоршаған ортаны түсінуге мүмкіндік береді. [1] 7-сынып – химиямен алғаш танысатын кезең болғандықтан, бұл уақытта қызығушылықты дұрыс қалыптастыру аса маңызды.

Қазіргі білім беруде 7-сынып оқушыларын химияға қызықтыру өзекті мәселе болып отыр. [2] Цифрлық буын өкілдері визуалды ақпаратты жылдам қабылдайды, бірақ назары тұрақсыз, абстрактілі ұғымдарды түсінуде қиналады.



*Сурет 1. Альфа ұрпақтары – цифрлық буынның өкілдері. Олар ұялы телефонмен, планшетпен қолға алып өсті. Сондықтан олар визуалды нәрселерді тез қабылдайды, бірақ зейіні тұрақсыз, ұзақ отырып бір нәрсені тыңдауға қиналады. Әсіресе көзбен көрмейтін, абстрактілі ұғымдарды түсіну оларға қиын. Міне, сондықтан 7-сыныпта химияны оқытуда үлкен қиындық бар. [3] Өйткені химия – атом, молекула, формула, теңдеу деген сияқты көзге көрінбейтін нәрселермен жұмыс істейді. Оқушылар мұны елестете алмайды.*
*Сурет 1- ЖИ Мендеев бейнесі*

Сабақ барысында ЖИ арқылы Д.Менделеевті сөйлеттім, ал дәстүрлі сабақтарда мұғалім көбіне теория айтып, формула жаттатады. Нәтижесінде балалар химияны қызықсыз әрі қиын пән деп санай бастайды. Бірақ бұл балалардың кінәсі емес. Олардың ойлау ерекшелігі басқа. Оларға ұзақ сөйлеп түсіндіргеннен гөрі, көрсету керек. Мысалы, эксперимент жасағанда түстің өзгергенін, газдың көпіршігенін өз көзімен көрсе, оларға әсерлі болады. Немесе компьютердегі 3D модельдер арқылы молекулаларды айналдырып көрсе, олар үшін қызық[4].

Қазір интернетте химиялық процестерді көрсететін көптеген бағдарламалар мен симуляциялар бар, соларды сабақта қолдануға болады. Сондай-ақ химияны өмірмен байланыстырған дұрыс. Балаларға: «Сіздер жейтін тағамдардың құрамында не бар?», «Смартфонның батареясы қалай жұмыс істейді?», «Ауаны нелер ластайды?» деген сұрақтар қойсақ, олар өз өмірімен байланыстыратындықтан, пәнге деген қызығушылығы артады. Тағы бір мәселе: 7-сынып – химиямен алғаш танысатын жыл [5]. Осы кезде баланың пәнге деген көзқарасы қалыптасады. Егер бірінші сабақтардан-ақ химия «қиын әрі түсініксіз» болып көрінсе, кейінгі жылдары оны қайта қызықтыру өте қиын. Сондықтан бастапқы кезеңде әр сабақты қызықты, көрнекі, түсінікті етіп өткізу маңызды.

Менің байқағаным, ең тиімді әдіс – тәжірибе мен теорияны қатар алып жүру. Бір мұғалімнің сабағында мен мынаны көрдім: ол алдымен оқушыларға сірке суы мен соданың әрекеттесуін көрсетті. Балалар газдың

көпіршіп шыққанын көріп, қатты таңғалды. Сосын ғана мұғалім бұл химиялық реакция екенін, оның теңдеуін түсіндірді. Оқушылар сол түсінікпен формуланы өздері жазып көрді. Бұл сабақта оқушылардың көңіл-күйі басқаша болды, олар сабаққа белсене қатысты.

Ал АКТ құралдарына келсек, кейбір мұғалімдер жай ғана бейнеролик қосып қояды. Бірақ бұл тиімсіз. Өйткені балалар оны фильм көріп отырғандай қабылдайды, кейін ештеңесін есінде сақтамайды. Ал бір мұғалім мен көргендей, ол интерактивті тақтада молекулалардың 3D моделін көрсетіп, оқушылардың өздерін шақырып, модельді айналдыртып, атомдарды қосып көрсетті.

Осы кезде балалардың қызығушылығы артып, олар өздері де кезек күтіп тұрды.

Ойын технологиялары туралы айтқанда, мен тәжірибеде бір қызық жағдайды көрдім [6]. Мұғалім сабақтың соңында «мен кіммін?» ойынын өткізді. Бір оқушының артына химиялық элементтің аты жазылған қағаз жапсырылды, ол басқаларға сұрақ қойып, өзінің кім екенін табу керек болды. Бұл ойын балаларға қатты ұнады, тіпті сабақтан кейін де ойнап жүрді. Осылайша олар элементтердің қасиеттерін ойнап жүріп үйренді.

Топтық жұмысқа келгенде, менің байқағаным, топтарды дұрыс құрастыру өте маңызды. Кейбір мұғалімдер оқушыларды өздерінің қалауымен топтастырады. Сонда достары бір топқа жиналып, басқа нәрсемен айналысып, сабақтан қалады. Ал тәжірибелі мұғалімдер әр топқа әртүрлі деңгейдегі оқушыларды қосып, топ ішінде көмектесуге, бірін-бірі тартуға жағдай жасайды. [7] Осы кезде үлгерімі төмен оқушылар да өздерін жауапты сезініп, сабаққа араласа бастайды.

*Сурет 2. Ынталандыру әдістері сабақта қолдану*

*Ынталандыру әдістері туралы айтарым, мен бір мұғалімнің «жетістік парағы» деген тәсілін көрдім. Ол әр оқушының сабақта қандай жетістікке жеткенін жазып отырады. Бұл баға емес, жай ғана «бүгін есеп шығардың», «формуланы жаттадың», «тәжірибеге қатыстың» деген жазбалар. Оқушылар бұл парақты көріп, өздерінің жетістіктерін байқап, тағы да тырысады.*

Қорытындылай келе, химия пәніне қызығушылықты арттыру мәселесінің шешімі – мұғалімнің қолында. Әрбір сабақтың дұрыс ұйымдастырылуы,

оқушының жас ерекшелігін ескере отырып, заманауи әдістерді шебер қолдана білуі – мұғалімнің кәсіби шеберлігінің көрсеткіші. Тәжірибелік жұмыстар, ойын технологиялары, АКТ құралдары, өмірмен байланысты тапсырмалар, топтық жұмыс және ынталандыру әдістерінің үйлесімді қолданылуы – осының бәрі біртұтас жүйе болғанда ғана нәтиже береді. [8]

Осы жолдарды ұстанатын мұғалімнің сабағында оқушылар тек білім алып қоймайды, олар пәнге деген сүйіспеншілікпен қарап, ынтамен оқиды. Химия олар үшін қиын әрі түсініксіз пән болудан қалады, керісінше, қызықты әрі тартымды ғылымға айналады. Оқушының көзіндегі жанар, сабаққа деген құлшынысы, өз бетімен ізденуге талпынысы – мұғалімнің еңбегінің нағыз жемісі.

Сөйтіп, дұрыс жол – дұрыс нәтижеге жетелейді. Оқушыға деген шынайы көзқарас, кәсіби шеберлік пен шығармашылық тәсілдердің ұштасуы – заманауи білім берудегі химия пәнінің табысының басты кепілі. Бүгінгі жасанды жігерленген оқушы ертеңгі өз бетімен ізденетін, ғылымға құштар жас ғалымға айналары сөзсіз.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Nikolaev A.A., Mitrofanova A.V. Problems in studying 8th–9th grade chemistry: main difficulties and ways to overcome them // Pedagogy. – 2025. – №9. https://pedagogy-journal.ru/
2. Canpolat E., Atici B.S. The impact of design-based learning on student achievement motivation and retention in the 7th grade science curriculum // International Journal of Educational Researchers. – 2025. – Vol. 16(4). – P. 60-71. https://ijer.penpublishing.net/menu-script/index.php/ijer/article/view/456
3. Sadykov T., Vysotskaya E., Kokibasova G. et al. The first-year chemistry course through a mobile device: A pilot study in seventh grade // International Journal of Innovative Research and Scientific Studies. – 2025. – Vol. 8(1). – P. 1462-1476. https://doi.org/10.53894/ijirss.v8i1.5213
4. Naaim M.N.M., Karpudewan M. STEM-PT Traveler, a game-based approach for learning elements of the periodic table // Chemistry Education Research and Practice. – 2024. – Vol. 25(4). – P. 1251-1267. https://doi.org/10.1039/D4RP00032C
5. Черниченко Н.М., Федораев И.И. Знакомство с химией через эксперимент: идеи практических работ для курса химии в 7-м классе // Сборник: Актуальные проблемы химического образования. – Пенза: Издательство ПГУ, 2025. – С. 60-63. https://elibrary.pnzgu.ru/chemistry_education_2025
6. Naim M.N.M., Karpudewan M. STEM-PT Traveler: A game-based approach for learning elements of periodic table // Chemistry Education Research and Practice. – 2024.
7. Окольников Ф.Б. О преемственности в формировании предметных умений // Химия в школе. – 2024. – №9. – С. 25-30. https://him.1sept.ru/
8. Fortus D., Dershimer R.C., Krajcik J. et al. Design-based science and student learning // Journal of Research in Science Teaching. – 2004. – Vol. 41(10). – P. 1081-1110. https://doi.org/10.1002/tea.20040

# АЛГЕБРАЛЫҚ ТЕҢДЕУЛЕР МЕН ТЕҢСІЗДІКТЕРДІ СТАНДАРТТЫ ЕМЕС ӘДІСТЕРМЕН ШЕШУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

***А.Е. Хасенов***
*Ә.Марғұлан ат. Павлодар педагогикалық университетінің магистранты,*
***Ж.Г. Муканова***
*ғылыми жетекшісі: педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор*

**Аңдатпа.** Қазіргі математикалық білім берудің даму кезеңінде түлектің маңызды құзыреттерінің бірі – теңдеулер мен теңсіздіктерді стандартты емес әдістерді қолдана отырып шеше білу. Бұл өз кезегінде білім алушылардың ойлау икемділігі мен креативтілігін, математикалық дайындығын дамытады, ал бұл қазіргі мектептің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Мақалада оқушыларды теңдеулер мен теңсіздіктерді стандартты емес әдістер арқылы шешуге оқытудың әдістемесі қарастырылады. Атап айтқанда, функционалдық алмастыру әдісі, функция қасиеттерін пайдалану, сондай-ақ классикалық сандық теңсіздіктерді қолдану жолдары талданады.

**Түйін сөздер:** теңдеулер, теңсіздіктер, стандартты емес әдістер, функционалдық алмастыру әдісі, функция қасиеттері, классикалық сандық теңсіздіктер.

**Аннотация.** На современном этапе развития математического образования важной составляющей подготовки выпускника является умение решать уравнения и неравенства с использованием нестандартных методов. Это способствует развитию у обучающихся гибкости и оригинальности мышления, и математической подготовки, что является одной из ключевых задач современной школы.

В статье рассматривается методика обучения учащихся решению уравнений и неравенств с применением нестандартных методов, включая метод функциональной подстановки, использование свойств функций, а также классических числовых неравенств.

**Ключевые слова:** уравнения и неравенства, нестандартные методы, метод функциональной подстановки, свойства функций, классические числовые неравенства.

**Abstract.** At the current stage of development of mathematics education, an essential component of graduate preparation is the ability to solve equations and inequalities using non-standard methods. This contributes to the development of students' flexibility and originality of thinking, which is one of the key objectives of modern schooling.

The article examines the methodology for teaching students to solve equations and inequalities using non-standard methods, including the method of functional substitution, the use of properties of functions, as well as classical numerical inequalities.

**Keywords:** equations and inequalities, non-standard methods, method of functional substitution, properties of functions, classical numerical inequalities.

Қазіргі кезеңде математикалық білім берудің негізгі бағыттарының бірі – оқушылардың функционалдық сауаттылығын, логикалық ойлауын және шығармашылық қабілеттері мен математикалық дайындығын дамыту болып табылады. Осы тұрғыда мектепте математиканы оқытуда оқушылармен есептерді шешуді тек формалды алгоритмдермен шектелмей, әртүрлі әдістерді, соның ішінде стандартты емес әдістерді қолдануды талап етеді [1].

Ғалым-әдіскерлер Д.Пойа, Ю.М.Колягин, В.И.Крупич, А.Е.Әбілқасымова және т.б. математиканы оқыту барысында кез келген есепті шешу үшін: мақсатты саналы түрде түсіну; дайын алгоритм бойынша немесе оқушының өзі құрастырған алгоритм бойынша әрекеттерді орындау; нәтижені тексеру; қажет болған жағдайда түзету енгізу талап етілетін айтқан. Бұл әрекеттер келесі жалпы тәсілдің құрамына сәйкес келеді: есептің мазмұнын зерделеу; талдау жүргізу – шешімін іздеу; шешу жоспарын құру немесе осы типтегі есептерді шешудің белгілі жоспарын анықтау; құрылған жоспар бойынша есепті шешу; шешімді тексеру немесе зерттеу; шешудің басқа әдістерін қарастыру және олардың ішінен ең тиімдісін таңдау; жауапты жазу [2, 3, 4, 5, 6].

Математика мұғалімдерінің тәжірибесі және жеке педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, оқушылар бастапқы кезеңде оқу мақсаттарын өз бетінше қоя алмайды және есептерді шешуге қажетті әрекеттерді дербес орындай алмайды. Алғашында оларға мұғалім көмектеседі, бірақ біртіндеп тиісті біліктер оқушылардың өздерінде қалыптасып, олардың дербестігі дамиды.

Бір есеп бірнеше нақты оқу мақсаттарына жету үшін қолданылуы мүмкін. Сондықтан ол бірнеше оқу тапсырмасының құрамдас бөлігі бола алады. Сонымен қатар, белгілі бір оқу мақсатына бірнеше есептер арқылы да қол жеткізуге болады. Бұл ретте есептер оқушыларға оқу әрекетінің мақсаттарын саналы түрде түсінуге көмектеседі, демек, олардың оқу әрекетіне деген жағымды уәждерін қалыптастыруға ықпал етеді.

В.В.Давыдов атап көрсеткендей, оқу әрекеттері келесі бағыттарға бағытталады:

- есептің шарттарын оның негізгі қатынасын анықтау мақсатында түрлендіру;
- анықталған қатынасты заттық, графикалық немесе әріптік түрде модельдеу;
- қатынас моделін оның қасиеттерін зерттеу үшін түрлендіру [7].

Математикалық есептердегі тапсырмалар келесідей болуы мүмкін:

- есепті шешу үшін қандай білімдерді пайдаланғаныңызды түсіндіріңіз;
- қолданған шешу әдісіңіздің мәнін сипаттаңыз;
- есепті шешудің әртүрлі әдістерін салыстырып, ең тиімдісін анықтаңыз және өз шешіміңізге баға беріңіз және т.б.

Есепті әртүрлі әдістермен шеше білу – жақсы математикалық дайындықтың маңызды көрсеткіштерінің бірі.

Математикалық есептерді, оның ішінде теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуде стандартты емес әдістерді пайдалану:

- оқушылардың математикалық ойлау мәдениеті мен дайындығын қалыптастыруда ерекше орын алады;
- есептің құрылымын терең түсінуге, бірнеше шешу жолдарын салыстыруға және тиімді стратегияны таңдауға мүмкіндік береді;

- математикалық дайындықты дамытуға ықпал етеді, себебі олар оқушыларды дайын алгоритмдерден тыс ойлауға, мәселені әртүрлі қырынан қарастыруға үйретеді [8].

Осыған байланысты, біз зерттеу жұмысымызда алгебралық теңдеулер мен теңсіздіктерді стандартты емес әдістермен шешудің теориялық негіздері қарастырылып, оқушыларды тиімді оқытуға бағытталған әдістемелік тәсілдерді ұсынамыз.

Көп жағдайда алгебралық теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу барысында әртүрлі әдістерді қарастырып, олардың ішінен ең тиімдісін таңдау қажет болады. Осындай әдістердің қатарына – функционалдық алмастыру, функция қасиеттерін қолдану, бағалау әдістері, классикалық сандық теңсіздіктерді, векторлық әдісті пайдалану сияқты тәсілдер жатады. Бұл әдістер, әсіресе стандартты емес есептерді шешуде, тиімді тәсілдердің бірі болып табылады. Шынында да, кейде белгілі бір есепті шешу үшін қандай алмастыруды қолдану керектігін бірден анықтау қиынға соғады. Сондықтан бұл әдістерді қолдану үшін оның негізгі тәсілдерін меңгеру, есеп шартын талдай білу, есепті белгілі бір типке жатқыза алу қажет [9, 10].

О.Н.Пирютконың пікірінше, функционалдық алмастыру әдісі күрделі математикалық есептерді шешудің ең кең таралған тәсілдерінің бірі болып табылады. Бұл әдістің мәні – $y=f(x)$ жаңа айнымалы енгізу, оны қолдану нәтижесінде өрнек қарапайым түрге келтіріледі. Функционалдық алмастырудың дербес жағдайы ретінде тригонометриялық алмастыру қарастырылады [11].

С.А.Барвеновтың айтуынша, функционалдық алмастыру әдісімен есептерді шешудегі негізгі қиындық – көбінесе алмастырудың нақты түрін және оны қолдануға болатын теңдеулер мен теңсіздіктердің түрін дұрыс таңдаудың қиындығында. Сондықтан функционалдық алмастыру әдісі арқылы тиімді шешілетін ең жиі кездесетін теңдеулер мен теңсіздіктер қарастырған [10].

Осы мақсатта аталған әдістермен шешуге арналған есептердің жүйесі құрастырылып, олар 11-сыныпқа арналған элективті курсты өткізу барысында қолданылды. Енді солардың ішіндегі кейбір теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуге тоқталайық.

**1-есеп.** $\sqrt{x^2-x+2}+\sqrt{x^2-x+7}=\sqrt{2x^2-2x+21}$ теңдеуін шешіңдер.

**Шешуі.** Жаңа айнымалы енгіземіз: $y=x^2-x+2$. Сонда жаңа теңдеу аламыз: $\sqrt{y}+\sqrt{y+5}=\sqrt{2y+17}$.

Осы теңдеудің екі жақ бөлігі теріс емес болғандықтан, оның екі жақ бөлігін квадраттап, оған мәндес теңдеуді аламыз:

$y+2\sqrt{y^2+5y}+y+5=2y+17$, осыдан $\sqrt{y^2+5y}=6$

$y^2+5y-36=0$, оның түбірлері $y_1=-9, y_2=4$.

Алмастыруға қойып екі теңдеуді қарастырамыз:

$x^2-x+2=-9$ немесе $x^2-x+2=4$

Бірінші теңдеудің түбірлері жоқ, ал екіншісінен $x_1 = -1$ және $x_2 = 2$ мәндерін аламыз. Қойып тексеру арқылы табылған $x$ айнымалысының мәндері бастапқы теңдеудің түбірлері екеніне көз жеткіземіз.

**Жауабы:** $x_1 = -1, x_2 = 2$.

О.Н.Пирютко алгебралық теңдеулерді шешудің стандартты емес әдістерінің қатарына тригонометриялық алмастыру әдісін жатқызады. Мұндай әдісті қолдану, әсіресе, қарастырылып отырған теңдеулер белгілі тригонометриялық формулаларды еске салатын жағдайда тиімді болып табылады. Бұл көбінесе дәстүрлі тәсілдермен шешу қиын болатын теңдеулерге (немесе теңдеулер жүйелеріне) қатысты, ал тригонометриялық алмастыру енгізілгеннен кейін олар қарапайым тригонометриялық теңдеулерге келтіріледі. Тригонометриялық алмастырудың мәні – белгісіз $x$ айнымалысын тригонометриялық функциямен алмастыру, мысалы, $x$=cos$t$ немесе $x$=sin$t$, сондай-ақ $x$-ті sin$t$, cos$t$ немесе $t$-ға тәуелді қандай да бір функциямен өрнектеу болып табылады.

Алынған тригонометриялық теңдеулердің түбірлері бастапқы теңдеудің түбірлерін тригонометриялық та, алгебралық та түрде табуға мүмкіндік береді. Бұл жерде тригонометриялық теңдеулердің, әдетте, шексіз көп түбірі болатынын, ал бастапқы теңдеулердің түбірлер саны шектеулі болатынын ерекше атап өткен жөн [11].

Тригонометриялық алмастыру әдісін қолданар алдында оқушылармен келесі тақырыптарды қайталау қажет: тригонометриялық функциялардың негізгі қасиеттері; тригонометриялық формулалар; рационал, бөлшек-рационал, иррационал теңдеулер мен теңсіздіктерді және олардың жүйелерін шешу әдістері; функцияларды зерттеу және графиктерін салу; функцияның ең үлкен және ең кіші мәндерін табу; интегралды есептеу және т.б.

**2-есеп.** $8x^3 - 6x - 1 = 0$ теңдеуін шешіңдер.

**Шешуі.** Берілген теңдеудің $x = 0$ түбірі емес, сондықтан оның екі жақ бөлігін 2$x$-ке бөлеміз. Сонда $4x^2 = \frac{1}{2x} + 3$.

Егер $x < -1$ немесе $x > 1$ болса, онда теңдеудің сол жақ бөлігі 4-тен үлкен, ал оң жақ бөлігі 4-тен кіші болады. Демек, теңдеудің түбірлері $-1 \leq x \leq 1$ аралығында жатады.

$x = cost$, мұндағы $0 \leq t \leq \pi$ болсын. Сонда берілген теңдеу келесідей тригонометриялық теңдеу түрінде болады:

$8cos^3t - 6cost - 1 = 0$, $4cos^3t - 3cost = \frac{1}{2}$, осыдан $cos3t = \frac{1}{2}$.

Алынған теңдеудің шешімі $t = \frac{\pi}{9}(6n \pm 1)$, мұндағы $n$ – бүтін сан. Алайда $0 \leq t \leq \pi$ болғандықтан, $t_1 = \frac{\pi}{9}$, $t_2 = \frac{5\pi}{9}$ және $t_3 = \frac{7\pi}{9}$.

$x = cost$ алмастыруына оралып, берілген теңдеудің түбірлерін табамыз:

$x_1 = cos\frac{\pi}{9}$, $x_2 = cos\frac{5\pi}{9}$, $x_3 = cos\frac{7\pi}{9}$.

**Жауабы:** $x_1 = cos\frac{\pi}{9}, x_2 = cos\frac{5\pi}{9}, x_3 = cos\frac{7\pi}{9}$.

Теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуде функциялардың келесі қасиеттерін тиімді қолдануға болады: монотондылық, шектелгендік, периодтылық, жұптылық немесе тақтылық, сондай-ақ анықталу облысы (АО).

С.А.Барвенов функциялардың монотондылығына негізделген әдістерді қарастырады. $f(x) = g(x)$ түріндегі теңдеулерді шешуде кейбір жағдайларда $y = f(x)$ және $y = g(x)$ функцияларының монотондылығын пайдаланатын әдіс өте тиімді болып табылады. Егер $y = f(x)$ функциясы $a \le x \le b$ аралығында үздіксіз және өспелі (кемімелі), ал $y = g(x)$ функциясы осы аралықта үздіксіз және кемімелі (өспелі) болса, онда $f(x) = g(x)$ теңдеуі $a \le x \le b$ аралығында бірден артық түбірге ие болмайды [10].

**3-есеп.** $x \cdot 2^{x^2+2x+3} = 64$ теңдеуін шешіңдер.

**Шешуі.** $x \le 0$ болғанда, $x \cdot 2^{x^2+2x+3} \le 0$ болады. Осыдан берілген теңдеудің шешімі болмайды. $x > 0$ үшін $y = x \cdot 2^{x^2+2x+3}$ функциясы өспелі, өйткені ол екі $y = x$ және $y = 2^{x^2+2x+3}$ функцияларының көбейтіндісінен тұрады. Осыдан, $x > 0$ үшін $y = x \cdot 2^{x^2+2x+3}$ функциясы бір нүктенің мәнін қабылдайды. $x$=1 – берілген теңдеудің шешімі екені айқын. Демек, $x$=1 – берілген теңдеудің жалғыз шешімі.

**Жауабы:** $x$=1.

**4-есеп.** $2^x + 3^x + 4^x < 3$ теңсіздігін шешіңдер.

**Шешуі.** $y = 2^x$, $y = 3^x$, $y = 4^x$ функцияларының әрқайсысы барлық осьте үздіксіз және қатаң өспелі болып табылады. Бұл бастапқы $y = 2^x + 3^x + 4^x$ функциясы үздіксіз және өспелі болады.

$x = 0$ болғанда, $y = 2^x + 3^x + 4^x$ функциясының мәні 3-ке тең. Осы функцияның үздіксіздігі және қатаң монотондылығы қасиетін ескеріп, $x > 0$ болғанда, $2^x + 3^x + 4^x > 3$, ал $x < 0$ болғанда $2^x + 3^x + 4^x < 3$. Демек, $x < 0$ аралығы берілген теңсіздіктің шешімі болады.

**Жауабы:** $(-\infty; 0)$.

Осылайша, стандартты емес әдістерді қолдану иррационал, рационал теңдеулер мен теңсіздіктерді және олардың жүйелерін шешумен, өрнектердің ең үлкен және ең кіші мәндерін табумен, функцияларды зерттеу және графиктерін салумен, интеграл көмегімен жазық фигуралардың ауданын есептеумен байланысты көптеген математикалық есептердің шешімін жеңілдетеді. Сонымен қатар, бұл оқушылардың білімдері мен іс-әрекет тәсілдерін тиімді меңгеруіне жағдай жасап, математикалық есептерді шешудің әртүрлі тәсілдерін қарастыруға және салыстыруға мүмкіндік береді.

Математикадағы есептерді шешудің стандартты емес әдістерін қорытындылай келе, қарастырылған әдістер қазіргі кезеңде математикада қолданылатын көптеген әдістердің тек аз ғана бөлігі екенін атап өткен жөн. Оларға сандық теңсіздіктерді қолдануға негізделген әдістер,

функционалдық теңдеулерді шешу әдістері, симметриялық теңдеулер жүйелерін шешу әдістері және басқа да тәсілдер жатады.

Алгебралық теңдеулер мен теңсіздіктерді шешудің стандартты емес әдістерін қолдану оқушылардан дәстүрлі емес ойлауды, ерекше пайымдауларды талап етеді. Мұндай әдістерді білмеу және түсінбеу сәтті шешілетін математикалық есептердің аясын едәуір тарылтады. Сонымен қатар, математикалық тапсырмалардың күрделену үрдісі есептерді шешудің жаңа, ерекше (стандартты емес) тәсілдерінің пайда болуын ынталандырады. Айта кету керек, стандартты емес әдістер мен тәсілдерді меңгеру білім алушылардың жаңа, шаблоннан тыс ойлауын қалыптастырады, ал бұл дағдыларды адам қызметінің басқа салаларында да (кибернетика, есептеу техникасы, экономика, радиофизика, химия және т.б.) тиімді қолдануға болады.

**Қолданылған дереккөздер тізімі:**


1. Әбілқасымова А.Е. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі: дидактикалықәдістемелік негіздері. – Алматы: Мектеп, 2014. – 224 б.
2. Пойа Д. Математические открытия. – М.: Наука, 1979. – 449 с.
3. Колягин Ю.М. Задачи в обучении математике. Обучение математике через задачи и обучение решению задач. – М.: Просвещение, 1977. – 267 с.
4. Крупич В.И. Теоретические основы обучения решению математических задач. – М.: Просвещение, 1992. – 278 с.
5. Фридман Л.М., Турецкий Е.Н. Как научиться решать задачи. – 3е изд., дораб. – М.: Просвещение, 1999. – 192 с.
6. Әбілқасымова А.Е., Тұяқов Е.А. Жалпы білім беретін мектепте математикалық есептерді шығаруды оқытудың әдістемелік негіздері. Оқу құралы. – Алматы, 2019. – 340 б.
7. Давыдов В.В. Виды обобщения в обучении. 2е изд. М.: Педагогическое общество России, 2000.
8. Супрун В.П. Нестандартные методы решения задач по математике. – Минск: «Полымя», 2000. – 175с.
9. Олехник С.Н., Потапов М.К., Пасиченко П.И. Нестандартные методы решения. - М.: Факториал, 1997. - 219 с.
10. Барвенов С.А. Методы решения алгебраических уравнений. - М.: Аверсэв, 2006. - 245 с.
11. Пирютко О.Н. Типичные ошибки на централизованном тестировании. - Мн.: Аверсэв, 2006.

# STEM-ЖОБАЛАР НЕГІЗІНДЕ МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫ ДАМЫТУ

***Алпамыс М. А.***
*студент Павлодарского педагогического университета им. Ә.Марғұлан, г. Павлодар,*
***Найманов Б.А.***
*научный руководитель: кандидат педагогических наук, профессор, г. Павлодар*

**Аңдатпа**. Бұл мақалада STEM-жобалар негізінде математиканы оқытуда пәнаралық байланысты дамыту қарастырылады. STEM тәсілінің оқушылардың функционалдық сауаттылығын, танымдық белсенділігін және оқу мотивациясын арттырудағы рөлі негізделеді.

**Тірек сөздер**: STEM, пәнаралық байланыс, математика, жобалық оқыту, функционалдық сауаттылық, интеграция, оқыту

**Аннотация**. В статье рассматривается развитие межпредметных связей при обучении математике на основе STEM-проектов. Обоснована роль STEM-подхода в формировании функциональной грамотности, повышении учебной мотивации и познавательной активности учащихся.

**Ключевые слова**: STEM, межпредметные связи, математика, проектное обучение, функциональная грамотность, интеграция, обучение

**Abstract.** The article examines the development of interdisciplinary connections in mathematics teaching through STEM projects. It highlights the role of the STEM approach in enhancing students' functional literacy, learning motivation, and cognitive activity.

**Key words**: STEM, interdisciplinary connections, mathematics, project-based learning, functional literacy, integration, education

Бұл мақалада STEM-жобалар негізінде математиканы оқыту барысында пәнаралық байланысты дамыту мәселесі қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесі оқушылардан тек теориялық білімді меңгеруді ғана емес, сонымен қатар оны нақты өмірлік жағдайларда қолдана білуді талап етеді. Білімнің практикалық бағыттылығы мен қолданбалы сипаты қазіргі қоғамның негізгі сұраныстарының бірі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, пәндер арасындағы байланысты қамтамасыз ету және білімді интеграциялау өзекті мәселелердің бірі ретінде қарастырылады. Пәнаралық байланыс оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру арқылы оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп қана қоймай, олардың білімді жүйелі түрде меңгеруіне, түрлі жағдайларда қолдана алуына мүмкіндік береді [1]. Сонымен қатар, бұл тәсіл оқушылардың қоршаған орта туралы тұтас ғылыми көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Педагогика ғылымында пәнаралық байланыс оқу үдерісінің маңызды дидактикалық принципі ретінде қарастырылады. Ол әртүрлі пәндерден алынған білімдердің өзара байланысын қамтамасыз етіп, оқушылардың логикалық, сыни және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Пәнаралық байланысты жүзеге асыру барысында оқушылар білімді тек қабылдаушы емес, оны талдаушы және қолданушы субъект ретінде

қалыптасады. Сонымен қатар, пәнаралық байланыс білімді практикамен ұштастыруға жағдай жасап, оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады [2]. Мұндай тәсіл білімді механикалық түрде есте сақтауға емес, оны түсінуге, талдауға және жаңа жағдайларда қолдануға бағыттайды. Нәтижесінде оқушылардың білім сапасы артып, оқу нәтижелері жақсарады.

Қазіргі таңда пәнаралық байланысты жүзеге асырудың тиімді құралдарының бірі – STEM-білім беру болып табылады. STEM-білім беру ғылым, технология, инженерия және математика пәндерін кіріктіре отырып, оқыту процесін ұйымдастыруды көздейді. Бұл тәсіл оқушыларды нақты өмірлік мәселелерді шешуге бағыттап, олардың зерттеушілік және инженерлік ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді [7]. STEM-білім беру жағдайында оқыту процесі тек білім берумен шектелмей, оқушылардың өздігінен ізденуіне, тәжірибе жасауына және нәтижелерді талдауына негізделеді. Сонымен қатар, бұл тәсіл оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттырып, оларды инновациялық ойлауға бағыттайды.

STEM-жобалар пәнаралық байланысты жүзеге асырудың тиімді формасы ретінде қарастырылады. Мұндай жобалар барысында оқушылар әртүрлі пәндерден алған білімдерін біріктіріп, кешенді тапсырмаларды орындайды. Жобалық оқыту әдісі оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын дамытып, жауапкершілігін арттырады. Мысалы, қозғалысты зерттеу жобасы кезінде оқушылар дененің қозғалысын бақылап, жылдамдықты есептеп, алынған нәтижелерді график арқылы көрсетеді. Бұл тапсырмада математика пәні есептеулер мен графиктер арқылы көрініс тапса, физика пәні қозғалыс заңдылықтарын түсіндіреді. Сонымен қатар, алынған нәтижелерді өңдеу және талдау барысында оқушылар ақпараттық технологияларды пайдаланады. Осылайша, бір тапсырма аясында бірнеше пәннің өзара байланысы жүзеге асады. Зерттеулер көрсеткендей, мұндай интеграциялық тапсырмалар оқушылардың оқу жетістігін арттырып, олардың пәнге деген қызығушылығын күшейтеді [4]. Бұдан басқа, мұндай тапсырмалар оқушылардың өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

STEM-жобалар негізінде оқыту оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Функционалдық сауаттылық – бұл адамның алған білімдерін өмірлік жағдаяттарда тиімді қолдана алу қабілеті. Бұл қабілет қазіргі қоғамда бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастырудың негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. STEM-жобалар барысында оқушылар нақты деректермен жұмыс істеп, есептеулер жүргізіп, алынған нәтижелерді талдайды және қорытынды жасайды. Бұл олардың аналитикалық және логикалық ойлау қабілеттерін дамытады. Сонымен қатар, оқушылар дербес шешім қабылдауға, өз әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауға үйренеді. Халықаралық зерттеулерде білімнің қолданбалы сипаты мен функционалдық сауаттылықтың маңызы ерекше

атап көрсетілген [3]. Бұл көрсеткіштер қазіргі білім беру жүйесінің тиімділігін бағалаудың негізгі критерийлері болып табылады.

Сонымен қатар, STEM-жобалар оқушылардың оқу мотивациясын арттыруға ықпал етеді. Практикалық тапсырмалар мен нақты өмірлік мәселелер оқушылардың пәнге деген қызығушылығын күшейтіп, оқу процесіне белсенді қатысуына жағдай жасайды. Оқушылар өз еңбегінің нәтижесін көріп, оқу әрекетіне саналы түрде қатысады. Бұл олардың білімге деген оң көзқарасын қалыптастырады. Ғалымдардың пікірінше, кіріктірілген оқыту оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, оқу нәтижелерін жақсартады [5]. Сонымен қатар, мұндай оқыту тәсілі оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытып, топпен жұмыс істеу қабілетін қалыптастырады.

Пәнаралық байланысты STEM-жобалар арқылы жүзеге асыру оқыту процесінің тиімділігін арттырады. Бұл тәсіл оқушылардың білімін тереңдетіп қана қоймай, олардың шығармашылық, зерттеушілік және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушылар әртүрлі пәндерден алған білімдерін біріктіріп, кешенді түрде ойлауға үйренеді [6]. Мұндай кешенді ойлау қазіргі қоғамда аса маңызды дағдылардың бірі болып табылады. STEM-білім беру арқылы оқушылар болашақ кәсіби қызметіне қажетті құзыреттерді меңгереді.

Қорытындылай келе, STEM-жобалар негізінде математиканы оқыту пәнаралық байланысты дамытудың тиімді жолы болып табылады. Бұл тәсіл оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырып, олардың білімін практикада қолдану қабілетін арттырады. Сонымен қатар, STEM-білім беру оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал етіп, білім беру процесін заманауи талаптарға сәйкестендіреді. Сондықтан математиканы оқытуда STEM-жобаларды жүйелі түрде қолдану білім сапасын арттырудың маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

## Қолданылған дереккөздер тізімі:


1. Коменский Я.А. *Ұлы дидактика*. – Алматы: Мектеп, 2005.
2. Ушинский К.Д. *Педагогикалық шығармалар*. – Алматы: Раyан, 1998.
3. OECD. *PISA 2018 Assessment and Analytical Framework*. – Paris: OECD Publishing, 2019.
4. Becker K., Park K. Effects of integrative approaches among STEM subjects on students' learning: A meta-analysis // *Journal of STEM Education*. – 2011. – Vol.12(5–6). – P.23–37.
5. English L.D. Advancing elementary and middle school STEM education // *International Journal of Science and Mathematics Education*. – 2017. – Vol.15. – P.5–24.
6. Drake S.M., Burns R.C. *Meeting Standards Through Integrated Curriculum*. – Alexandria: ASCD, 2004.
7. Bybee R.W. *The Case for STEM Education: Challenges and Opportunities*. – Arlington: NSTA Press, 2013.

# ОРИГАМИ КАК ИНСТРУМЕНТ НАГЛЯДНОГО МОДЕЛИРОВАНИЯ ПИФАГОРОВЫХ ТРОЕК

***Арынгалин Д.Е.***
*студент Павлодарского педагогического университета имени Ә.Марғұлан, г. Павлодар*
***Симонович Д. Е.***
*студент Павлодарского педагогического университета имени Ә.Марғұлан*
***Бокаева М.С.***
*научный руководитель: преподаватель, г. Павлодар*

**Аңдатпа.** Мақалада оригамиді геометрияны оқыту процесінде Пифагор үштігін визуалды модельдеу құралы ретінде пайдалану қарастырылады. Қағазды бүктеу және алынған геометриялық қатынастарды талдау, Пифагор үштігінің құрылу заңдылықтарын көрсету және алгебралық формулалар мен геометриялық интерпретация арасында байланыс орнату арқылы тікбұрышты үшбұрыштарды салу мүмкіндігі зерттеледі.

**Кілт сөздер**: геометрия, модельдеу, қатынас, үшбұрыш, оригами.

**Аннотация**. В статье рассматривается использование оригами как инструмента наглядного моделирования пифагоровых троек в процессе обучения геометрии. Исследуется возможность построения прямоугольных треугольников посредством складывания бумаги и анализа получаемых геометрических соотношений, продемонстрировать закономерности построения пифагоровых троек и установить связь между алгебраическими формулами и геометрической интерпретацией.

**Ключевые слова**: геометрия, моделирование, соотношение, треугольник, оригами.

**Annotation**. The article discusses the use of origami as a tool for visual modeling of Pythagorean triples in the learning process of geometry. The possibility of constructing right-angled triangles by folding paper and analyzing the resulting geometric relationships is investigated, to demonstrate the patterns of constructing Pythagorean triples and to establish a connection between algebraic formulas and geometric interpretation.

**Keywords**: geometry, modeling, ratio, triangle, origami.

Современное математическое образование ориентировано не только на формирование вычислительных навыков, но и на развитие пространственного мышления, логики и способности к абстрактному анализу. В условиях обновления образовательных стандартов особую значимость приобретают методы наглядного и деятельностного обучения, позволяющие учащимся самостоятельно исследовать геометрические закономерности. Одним из таких методов является использование оригами - искусства складывания бумаги, обладающего значительным дидактическим потенциалом.

Оригами представляет собой не только творческую деятельность, но и средство геометрического моделирования. Процесс складывания бумаги включает множество полезных свойств, что делает его эффективным инструментом изучения геометрических понятий. В частности, техника оригами позволяет наглядно продемонстрировать свойства прямоугольных

треугольников и исследовать соотношения сторон, лежащие в основе теоремы Пифагора.

Использование оригами как инструмента моделирования позволяет перевести абстрактные формулы в наглядную плоскость, что способствует более глубокому пониманию материала.

Актуальность исследования обусловлена необходимостью поиска эффективных способов визуализации геометрических закономерностей и повышения интереса к математике через практическую деятельность.

Исследование возможности использования оригами как инструмента наглядного моделирования пифагоровых троек базируется на синтезе классической геометрии и аксиоматики сгибания листа. Работа строится на последовательном анализе свойств прямоугольных треугольников с целочисленными сторонами (пифагоровых троек) и их интерпретации через геометрические преобразования плоскости.

Детальное изучение теоретических основ теоремы Пифагора, где особое внимание уделяется алгебраическим свойствам троек и их связи с конструктивными возможностями бумажного листа позволяет нестандартно изучить эту теорему. Сгиб в данном контексте рассматривается не как механическое действие, а как математическая операция, позволяющая реализовать сложные геометрические построения без использования традиционных чертежных инструментов.

Практическая значимость исследования заключается в разработке и апробации способа использования техники оригами для наглядного построения и изучения пифагоровых троек. Полученные материалы и схемы могут быть использованы учителями и учащимися как наглядное пособие, повышающее интерес к математике и развивающее пространственное мышление.

Оригами - это искусство складывания фигур из бумаги без использования ножниц и клея, основанное на выполнении последовательности сгибов. Несмотря на художественное происхождение, оригами имеет значительный образовательный потенциал и его можно применять в обучении математике и геометрии как средство наглядного моделирования.

В основе оригами лежат строго определённые геометрические действия, выполняемые без измерительных инструментов – только за счёт сгибания листа бумаги. Каждый сгиб можно рассматривать как геометрическую операцию, результат которой однозначно воспроизводим. Именно свойство воспроизводимости делает оригами удобным средством для выполнения точных построений и наглядного моделирования геометрических объектов.

Первые сгибы квадратного листа бумаги имеют фундаментальное значение для дальнейших построений. Если рассмотреть возможные способы сложения квадрата по принципу «вершина к вершине» или «сторона к стороне», то оказывается, что первый сгиб может быть только

двух видов: при совмещении противоположных сторон получается так называемый книжный сгиб, а при совмещении противоположных вершин – диагональный сгиб. В первом случае линия сгиба делит квадрат на две равные прямоугольные части, во втором - образует диагональ квадрата. Эти два сгиба задают на листе первые опорные линии, относительно которых выполняются все последующие действия.

В оригами базовыми считаются сгибы типа «вершина к вершине» и «сторона к стороне» (рис. 1). Поскольку квадрат имеет четыре вершины и четыре стороны, возможные варианты совмещения при первом сгибе сводятся именно к двум описанным случаям. Таким образом, даже простейшие действия с листом бумаги подчиняются строгой геометрической логике и позволяют получать точные ориентиры для дальнейших построений.




*Рис. 1. Примеры сгибов*

Следующим важным этапом является получение середины стороны без использования линейки и карандаша. Для этого выполняется неполный книжный сгиб: сторона накладывается на противоположную, после чего фиксируется лишь небольшая складка в точке середины. Такие небольшие складки служат метками и используются как опорные точки для дальнейших действий. Использование середины стороны как опорной точки позволяет выполнять более сложные геометрические построения.

Каждый сгиб в оригами фактически реализует определённое геометрическое преобразование. Линия сгиба выступает в роли оси симметрии, относительно которой происходит отражение части фигуры. В результате можно говорить о том, что при помощи сгибов выполняются такие геометрические операции, как построение прямой, нахождение середины отрезка, построение перпендикуляра, диагонали и выполнение симметрии относительно заданной линии.

Все дальнейшие геометрические конструкции в оригами опираются именно на эти базовые операции. Лист бумаги превращается в инструмент для точных построений, что особенно важно при моделировании прямоугольных треугольников и изучении пифагоровых троек. Таким образом, оригами можно рассматривать не только как вид художественного

творчества, но и как наглядную реализацию законов геометрии, где каждый сгиб представляет собой строго определённую и воспроизводимую геометрическую операцию.

До сих пор опорная точка была в середине стороны. Зададимся вопросом, какие результаты мы получили бы, если бы взяли другую опорную точку на стороне квадрата?

Используя книжный сгиб, мы можем заметить, что точка деления может делить сторону квадрата не только пополам. Таким образом, получаются попарно новые значения сгиба правой и левой нижних вершин к точке деления в виде $\frac{1}{4}$ и $\frac{3}{4}$ или $\frac{1}{8}$ и $\frac{7}{8}$. Будем учитывать, что пифагорова тройка будет находиться со стороны, с которой делит вершина (рис.2).




*Рис 2.Варианты сгибов*

| $x$ | $\frac{1}{2}$ | $\frac{1}{4}$ | $\frac{3}{4}$ |
|---|---|---|---|
| $y_1/y_1 - 1$ | $\frac{3}{8}/\frac{5}{8}$ | $\frac{15}{32}/\frac{17}{32}$ | $\frac{7}{32}/\frac{25}{32}$ |

Далее будем рассматривать только ситуации при делении из одной вершины в соотношения $\frac{1}{n}$ (рис.3).



*Рис. 3. Фрагмент правого верхнего треугольника.*

Обобщение для случая $x = \frac{1}{n}$

Пусть сторона квадрата равна **1**. Точка $E$ делит верхнюю сторону в соотношении $\frac{1}{n}$. Тогда отрезок $ED = x = \frac{1}{n}$

Обозначим вертикальный катет $DF$ как $y_1$. Согласно принципу складки в оригами, гипотенуза $EF$ будет равна оставшейся части боковой стороны, то $EF = x - \frac{1}{n}$.

Применяя теорему Пифагора для $\Delta EDF$.

$$(1-y)^2 = y^2 + x^2$$
$$1 - 2y + y^2 = y^2 + x^2$$
$$1 - x^2 = 2y$$

Отсюда получаем общие формулы для катета и гипотенузы через x:

Катет $DF(y)$: $y = \frac{1-x^2}{2}$

Гипотенуза $EF(1-y)$: $1 - y = \frac{1+x^2}{2}$

| $x$ | $\frac{1}{2}$ | $\frac{1}{4}$ | $\frac{1}{8}$ | $\frac{1}{16}$ |
|---|---|---|---|---|
| $y/1-y$ | $\frac{3}{8}/\frac{5}{8}$ | $\frac{15}{32}/\frac{17}{32}$ | $\frac{63}{128}/\frac{65}{128}$ | $\frac{255}{512}/\frac{257}{512}$ |

Чтобы вывести общую формулу, рассмотрим шаблон значений из таблиц. Для второго случая (с $x$ = 1/2, 1/4, 1/8, 1/16, ...), который соответствует последовательному делению на 2, соотношение имеет вид:

$$y/1-y \; = \; (2^{2n} \; - \; 1) \; / \; (2^{2n} \; + \; 1)$$

Наблюдаем значения:

Для n = 1 (x = $\frac{1}{2}$): 3/5 = (4 - 1)/(4 + 1) = ($2^2$ - 1)/($2^2$ + 1)

Для n = 2 (x = $\frac{1}{4}$): 15/17 = (16 - 1)/(16 + 1) = ($2^4$- 1)/( $2^4$ + 1)

Для n = 3 (x = $\frac{1}{8}$): 63/65 = (64 - 1)/(64 + 1) = ($2^6$ - 1)/( $2^6$ + 1)

Для n = 4 (x = $\frac{1}{16}$): 255/257 = (256 - 1)/(256 + 1) = ($2^8$ - 1)/( $2^8$ + 1)

В рамках проведенного анализа выделенной модели треугольника DEF, основанного на последовательном делении сторон и вычислении

соотношений длин сегментов, была выявлена ключевая закономерность, раскрывающая закономерность стремления треугольникоч к идеальной геометрической конфигурации (пифагоровы тройки).

Полученные в работе числовые соотношения сторон треугольника DEF напрямую связаны с пифагоровыми тройками.

Классический пример – знаменитый египетский треугольник 3-4-5, который легко получается одним-двумя сгибами квадрата. При дальнейшем делении сторон пополам и повторных сгибах возникают новые треугольники.

Заметим простую закономерность:

один из катетов — это степень двойки ($4 = 2^2$, $8 = 2^3$, $16 = 2^4$, $32 = 2^5$, …),

другой катет и гипотенуза – это соседние нечётные числа вида:

$$(2^{2n} - 1) / (2^{2n} + 1)$$

Каждый новый сгиб фактически «достраивает» предыдущую тройку, удваивая масштаб и создавая более точную аппроксимацию. При большом числе делений ($n \to \infty$) отношение сторон стремится к 1, что геометрически означает, что треугольник становится всё более «плоским» и приближается к прямой линии - это и есть предел последовательного уточнения в полигональной модели.

Таким образом, метод складывания квадрата позволяет естественным образом генерировать последовательность пифагоровых троек особого вида. Это не случайность, а следствие алгебраической структуры сгибов: каждый шаг применяет квадратичное соотношение, аналогичное формуле Евклида или современным рекуррентным методам порождения троек.

Таким образом, визуализация не только ключ к новой двери мышления, но и в целом к развитию культуры математического мышления. Визуализация имеет большую ценность для ученика, потому что они не полагается на механическое запоминание. Запоминание и в целом понимание становится сильнее и лучше применяется в нужные моменты в учебе, когда есть внутреннее понимание, а приходит она с наглядного изображения, или с помощью использование онлайн платформ. Но, визуализация полностью не может гарантировать, что ученик поймет материал. Поэтому, если ученик использует ее как просто картинку и без должной работы мозга осознавать в практическом смысле решения задачи, это может не иметь значительной эффективности. Таким образом, проблема заключается не только в видимости, но и в визуально организованной педагогической деятельности, в структуре построения, объяснения, сравнения, обсуждения и умозаключения, и рефлексии соответственно.

Следовательно, визуализацию нужно рассматривать как один из эффективных направлений в учебных предметах, где особенно требуется соединение конкретного образа с абстрактностью. Именно через такую взаимосвязь формируется истинное понимание учебного материала, а не подлинная его имитация.

**Список использованных источников:**

1. Julius Clyde C. Cabig,* Linagyn A. Gementiza-Cubio. Отношение учащихся к изучению геометрии: исследование с использованием смешанных методов // PSYCHOLOGY AND EDUCATION: A MULTIDISCIPLINARY JOURNAL. –2025. – Т. 32. –№6. – с 711–737.
2. Саранцев Г. И. Сборник задач на геометрические преобразования: пособие для учащихся. -2-е изд., и перераб.-М: Просвещение, 1981 -112с
3. Колмогоров А. Н. геометрические преобразования в школьном курсе геометрии 24-28с
4. Яглом И.М геометрические преобразования выпуск 7. 1-й том. Технико-теоретическое. 1955 280 с.
5. Шлыков В.В. Формула наглядности В.Г.Болтянского и концепция дополнительности в геометрическом образовании // материалы научно-практ.конф. 2001., (с.292-298)
6. Заславский А.А Геометрические преобразования 2-е изд.-МЦНМО., -М 2004, 86 с.
7. Атанасян Л. С., Математика. Геометрия: 7-9-е классы: базовый уровень: М 34 учебник., Просвещение, -М. 2023, 416 с.
8. Якименская И.С. Развитие пространственного мышления школьников. -М 1980,324 с.
9. Глейзер Г.Д. Развитие пространственных представлений школьников при обучении геометрии. -М.,1978-104 с.
10. Nurgali Uteuliyev, Nurlybai Madiyarov, Kanat Azhibekov, Nurgali Ashirbayev, Turlybek Sultanbek. Use of modern digital educational resources in geometry lessons in higher educational institutions of the Republic of Kazakhstan. // Scientific Herald of Uzhhorod University., Issue 56, 2024 (42-49 с.)
11. Transformations: Desmos Geometry https://help.desmos.com/hc/en-us/articles/15364983456909-Transformations-Desmos-Geometry?utm_source=chatgpt.com
12. Transformations and Symmetry – Mathigon https://mathigon.org/course/transformations/introduction?utm_source=chatgpt.com
13. Смирнов. В.А., Смирнова. И.М., ГЕОМЕТРИЯ С GEOGEBRA -МОСКВА 2018, 181 с.
14. Basic Transformations https://www.desmos.com/calculator/oeipturr1g?lang=ru

# АНАЛИТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРМЕН ЭВОЛЮТА ЖӘНЕ ЭВОЛЬВЕНТА ЕСЕПТЕУЛЕРІ

***Айткенова А.Б.***
*Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті*
***Жунусова Р.А.***
*Ғылыми жетекшісі:аға оқытушы, магистр*

**Аңдатпа.** Бұл зерттеу жазық сызықтар теориясында эволюта мен эвольвента ұғымдарының математикалық негіздерін ашып көрсетуге бағытталған. Атап өткен тақырыптардың ішінде эволюта параметрлерін анықтау, эвольвентаның геометриялық қасиеттері мен оларды есептеу әдістері қарастырылады. Сонымен қатар, шеңбердің эвольвентасы мысалға алыну арқылы практикалық қолдану аспектілері айқындалады.

Бұл тәсіл күрделі қисықтарды түсінуді жеңілдетіп, инженерлік есептерде нақты шешімдер жасауға көмек береді. Зерттеудің маңыздылығы қисықтар геометриясының теориялық және қолданбалы бөліктерін біріктіруінде жатыр. Зерттеудің қорытындылары болашақта басқа геометриялық формаларды және қозғалыстарды сипаттауда қолданылу перспективасын қамтиды.

**Түйінді сөздер :** Эволюта, эвольвента, қисықтық центрі, тісті механизмдер, дифференциалдық есептеулер.

**Аннотация.** Это исследование направлено на раскрытие математических основ понятий эволюта и эвольвента в теории плоских линий. Среди выделенных тем рассматриваются определение параметров эвольвенты, геометрические свойства эвольвенты и методы их расчета. Кроме того, на примере эвольвенты круга определяются аспекты практического применения. Такой подход облегчает понимание сложных кривых и помогает в разработке конкретных решений в инженерных задачах. Важность исследования заключается в объединении теоретической и прикладной частей геометрии кривых. Выводы исследования включают перспективу будущего использования при описании других геометрических форм и движений.

**Ключевые слова:** Эволюта, эвольвента, центр кривизны, зубчатые механизмы, дифференциальные вычисления.

**Annotation.** This study aims to reveal the mathematical foundations of the concepts of evolta and evolventa in the theory of flat lines. Among the topics noted are the determination of evolventa parameters, the geometric properties of evolventa and methods for calculating them. In addition, aspects of practical application are revealed by taking the example of the evolvent of the circle. This approach facilitates the understanding of complex curves and helps to create specific solutions in engineering problems. The importance of the study lies in the fact that it combines the theoretical and applied parts of the geometry of curves. The conclusions of the study include the prospect of future use in the description of other geometric forms and movements.

**Key words:** Evolta, evolventa, center of curvature, gear mechanisms, differential calculus.

Қазіргі заманғы математика мен қолданбалы ғылымдардың дамуында қисықтардың геометриялық қасиеттерін терең зерттеу ерекше маңызға ие. Соның ішінде эволюта және эвольвента ұғымдары дифференциалдық геометрияның маңызды бөлімдерінің бірі болып табылады және олар қисықтардың локалдық және глобалдық сипаттамаларын анықтауда кеңінен қолданылады. Бұл ұғымдар тек теориялық математикада ғана емес, сонымен қатар механика, машина жасау, оптика және компьютерлік графика сияқты көптеген қолданбалы салаларда да маңызды рөл атқарады. Сондықтан эволюта мен эвольвентаны аналитикалық әдістер арқылы есептеу мәселесі ғылыми тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да өзекті болып табылады.

Эвольвента деп берілген қисықтан жіптің бірқалыпты жазылуы нәтижесінде алынатын жаңа қисықты айтамыз, ал эволюта – осы қисықтың барлық нормальдарының қабысу нүктелерінің геометриялық орны немесе қисықтың қисықтық центрлерінің жиыны болып табылады. Бұл екі ұғым өзара тығыз байланысты және бір-біріне кері процестер ретінде қарастырылады. Эвольвента мен эволютаны зерттеу арқылы қисықтың қисықтығы, радиусы, нормаль және жанама түзулері сияқты маңызды сипаттамаларды толық түсінуге мүмкіндік туады.Аналитикалық әдістер бұл

есептерді шешуде негізгі құрал болып табылады, өйткені олар қисықтарды теңдеулер арқылы сипаттауға және нақты есептеулер жүргізуге мүмкіндік береді.

Бұл мақалада эволюта және эвольвента ұғымдарының теориялық негіздері қарастырылып, оларды аналитикалық әдістер арқылы есептеу жолдары жан-жақты талданады. Сонымен қатар, әртүрлі типтегі қисықтар үшін нақты мысалдар келтіріліп, есептеу алгоритмдері кезең-кезеңімен түсіндіріледі.

Эволюта және эвольвента ұғымдарын аналитикалық әдістер арқылы зерттеу үшін ең алдымен қисықтардың математикалық берілу тәсілдерін қарастыру қажет. Қисықтар аналитикалық түрде айқын, параметрлік немесе полярлық теңдеулер арқылы берілуі мүмкін. Осы берілу түрлеріне байланысты эволюта мен эвольвентаны есептеу әдістері де әртүрлі болады.

**Қисықтың аналитикалық берілуі және негізгі ұғымдар**

Жазықтықтағы қисық көбінесе y = f(x) түрінде немесе параметрлік түрдех = x(t), y = y(t) теңдеулерімен беріледі. Қисықтың геометриялық қасиеттерін сипаттайтын негізгі шамалардың бірі – қисықтық (кривизна) болып табылады. Қисықтық қисықтың қаншалықты “иілгенін” көрсетеді және ол келесі формуламен анықталады:

Айқын түрде берілген қисық үшін: $k=\frac{|y|}{(1+y^2)^{\frac{3}{2}}}$

Параметрлік түрде: $k=\frac{|xy-yx|}{(x^2+y^2)^{\frac{3}{2}}}$

Қисықтың радиусы:$R=\frac{1}{k}$

Бұл шамалар эволюта мен эвольвентаны табуда негізгі рөл атқарады.

**Эволюта есептеу әдістері**

Эволюта – қисықтың барлық қисықтық центрлерінің геометриялық орны. Басқаша айтқанда, ол нормаль бойымен қисықтық радиусы ұзындығына тең қашықтықта орналасқан нүктелер жиыны.

Егер қисық y = f(x) түрінде берілсе, онда эволютаның координаталары келесі формулалар арқылы табылады:

$X=x-\frac{y(1+y^2)}{y}$

$Y=y+\frac{(1+y^2)}{y}$

Ал параметрлік түрде берілген қисық үшін:

$X=x-\frac{y(x^2+y^2)}{xy-yx}$

$Y=y+\frac{x(x^2+y^2)}{xy-yx}$

Эволюта қисықтың геометриялық қасиеттерін терең түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, ол қисықтың иілу орталықтарының траекториясын сипаттайды.

**Эвольвента есептеу әдістері**

Эвольвента – берілген қисықтан жіптің жазылуы нәтижесінде алынатын қисық. Аналитикалық тұрғыдан эвольвента жанама бағытымен байланысты анықталады.

Параметрлік түрде берілген қисық үшін эвольвента теңдеулері:

X=x- s· $\frac{x}{\sqrt{x^2+y^2}}$

Y=y- s· $\frac{y}{\sqrt{x^2+y^2}}$

Мұндағы s- доға ұзындығы: s=$\int \sqrt{x^2+y^2}dt$

Бұл формула эвольвентаны табудың негізгі аналитикалық тәсілі болып табылады.Нақты мысадар арқылы түсіндірейік:

**Мысал 1:**Параболаның эволютасы берілсін: y=$x^2$

Туындылар: y=2x, y=2

Эволюта формуласына қоямыз:

X=x-$\frac{2x(1+4x^2)}{2} = x - x(1+4x^2)$

Y=$x^2 + \frac{1+4x^2}{2}$

Нәтижесінде параболаның эволютасы аналитикалық түрде анықталады.

**Мысал 2:** Шеңбердің эвольвентасы берілсін параметрлік түрде:

x=accost, y=asint

Доға ұзындығы: s=at

Туындыларды формулаға қойсақ:

X=a(cost+tsint)

Y=a(sint-tcost)

Бұл шеңбердің эвольвентасының теңдеуі.

**Мысал 3:** Кубтық параболаның эвольвентасы

Берілсін: y=$x^3$

Параметрік түрде:

x=t, y=$t^3$

Туындылар: x=1, y=$3t^2$

Доға ұзындығы: s=$\int \sqrt{1+9t^4}dt$

(Бұл интеграл аналитикалық түрде күрделі, сондықтан сол күйінде қалдырамыз).Бұл мысал күрделі қисықтар үшін эвольвентаны табуда интегралдың маңызды рөл атқаратынын көрсетеді.

**GeoGebra-да шеңбердің эвольвентасын салу**

Geo Gebra бағдарламасында мысал қарастырайық.



*Сурет 1-Шеңбердің эвольвентасы*

GeoGebra бағдарламасында шеңбер және оның эвольвентасы параметрлік теңдеулер арқылы салынды (сурет 1). Алдымен x=acost, y =asint теңдеулері бойынша шеңбер тұрғызылды. Кейін эвольвента x = a(cost + tsint), y = a(sint - tcost) формулалары арқылы енгізілді. Нәтижесінде эвольвента шеңберден біртіндеп алыстап, спираль тәрізді қисық түзетіні байқалды. Бұл жіптің шеңбер бойымен жазылу процесін көрнекі түрде дәлелдейді.

Қарастырылған зерттеу жұмысы барысында эволюта және эвольвента ұғымдарының теориялық негіздері жан-жақты талданып, оларды аналитикалық әдістер арқылы есептеудің тиімді тәсілдері көрсетілді. Қисықтардың параметрлік және айқын түрде берілуі негізінде туындылар, қисықтық және қисықтық радиусы сияқты маңызды шамалар анықталып, осы шамалардың көмегімен эволюта мен эвольвентаны табу формулалары қорытып шығарылды.Жүргізілген есептеулер мен мысалдар көрсеткендей, эволюта қисықтың геометриялық табиғатын, атап айтқанда оның қисықтық центрлерінің орналасуын сипаттаса, ал эвольвента сол қисықтан туындайтын жаңа геометриялық объект ретінде қарастырылады. Бұл екі ұғымның өзара байланысы олардың бірін-бірі толықтыратын маңызды математикалық құралдар екенін дәлелдейді.

Сонымен қатар, GeoGebra бағдарламасын пайдалану арқылы алынған модельдеу нәтижелері теориялық тұжырымдарды көрнекі түрде растауға мүмкіндік берді. Компьютерлік визуализация күрделі формулаларды терең түсінуді жеңілдетіп, қисықтардың қасиеттерін динамикалық түрде зерттеуге жол ашады. Бұл қазіргі білім беру процесінде цифрлық құралдардың маңыздылығын арттыра түседі.

Жалпы алғанда, эволюта мен эвольвентаны аналитикалық әдістер арқылы зерттеу дифференциалдық геометрияның маңызды бағыттарының бірі болып табылады және оның нәтижелері тек теориялық тұрғыда ғана емес, сонымен қатар техника, инженерия және компьютерлік графика салаларында кеңінен қолданыс табады. Осыған байланысты бұл тақырыпты әрі қарай тереңдетіп зерттеу болашақта күрделі геометриялық модельдерді талдауда және жаңа қолданбалы есептерді шешуде маңызды рөл атқарады.

## Қолданылған дереккөздер тізімі:


1. Gray, A. Modern Differential Geometry of Curves and Surfaces with Mathematica. – 3rd ed. – Boca Raton: CRC Press, 2018.
2. Pressley, A. Elementary Differential Geometry. – 2nd ed. – London: Springer, 2010.
3. do Carmo, M. P. Differential Geometry of Curves and Surfaces. – Revised edition. – New York: Dover Publications, 2016.

4. Kreyszig, E. Advanced Engineering Mathematics. – 10th ed. – Hoboken: Wiley, 2019.
5. Struik, D. J. Lectures on Classical Differential Geometry. – New York: Dover Publications, 2015.
6. O'Neill, B. Elementary Differential Geometry. – 2nd ed. – Academic Press, 2020.
7. Weisstein, E. W. Evolute. – MathWorld, Wolfram Research, 2024. https://mathworld.wolfram.com/Evolute.html
8. Weisstein, E. W. Involute. – MathWorld, Wolfram Research, 2024. https://mathworld.wolfram.com/Involute.html
9. GeoGebra Team. GeoGebra Manual. – 2025. https://www.geogebra.org/manual
10. Anton, H., Bivens, I., Davis, S. Calculus: Early Transcendentals. – 11th ed. – Wiley, 2021.
11. Stewart, J. Calculus. – 9th ed. – Cengage Learning, 2020.
12. OpenStax. Calculus Volume 2. – Rice University, 2022.
13. https://openstax.org

# ҚОЗҒАЛЫС ТРАЕКТОРИЯСЫН ЗЕРТТЕУДЕ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ГЕОМЕТРИЯНЫҢ ҚОЛДАНБАЛЫ ЕСЕПТЕРІ

***Ардабек М.***
*Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті*
***Жунусова Р.А.***
*Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, магистр*

**Аңдатпа**. Бұл жұмыста қозғалыс траекториясын зерттеуде дифференциалдық геометрия әдістерін қолдану қарастырылады. Кеңістіктегі қисықтардың параметрлік берілуі негізінде олардың негізгі геометриялық сипаттамалары — жанама вектор, қисықтық және бұралу ұғымдары талқыланады. Френе формулалары арқылы траекторияның қасиеттерін анықтау әдістері көрсетіледі. Зерттеу нәтижелері дифференциалдық геометрияның қозғалыс заңдылықтарын сипаттаудағы тиімділігін дәлелдейді және оның физика, механика және инженерлік есептерде қолданылу мүмкіндіктерін айқындайды.

**Түйінді сөздер**: дифференциалдық геометрия, қозғалыс траекториясы, қисық сызық, бұралу, Френе формулалары, қолданбалы есептер

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются вопросы исследования траектории движения с использованием методов дифференциальной геометрии. Основное внимание уделено изучению пространственных кривых, заданных параметрически, и определению их основных геометрических характеристик, таких как касательный вектор, кривизна и кручение. На основе формул Френе показаны способы анализа свойств траектории движения. Полученные результаты демонстрируют эффективность применения методов дифференциальной геометрии при решении прикладных задач механики, физики и инженерии.

**Ключевые слова**: дифференциальная геометрия, траектория движения, кривизна, кручение, формулы Френе, прикладные задачи

**Abstract**. This article explores the study of motion trajectories using methods of differential geometry. The focus is on analyzing spatial curves defined parametrically and determining their key geometric characteristics, such as the tangent vector, curvature, and

torsion. Using the Frenet formulas, methods for analyzing the properties of motion trajectories are demonstrated. The results highlight the effectiveness of differential geometry in solving applied problems in mechanics, physics, and engineering.

**Keywords**: differential geometry, trajectory of motion, curvature, torsion, Frenet formulas, applied problems.

Қозғалыс траекториясын зерттеу физика, механика, робототехника және инженерлік есептерде маңызды рөл атқарады. Объектінің кеңістікте қозғалу жолын сипаттау тек оның орын ауыстыруын көрсету ғана емес, сонымен қатар қозғалыстың қасиеттерін — жылдамдық, үдеу, бұралу және қисықтықты талдауды қажет етеді. Дифференциалдық геометрия қозғалыс траекторияларын терең талдауға мүмкіндік беретін тиімді математикалық құрал болып табылады. Кеңістіктегі қисықтарды параметрлік түрде сипаттау арқылы олардың негізгі геометриялық сипаттамалары, атап айтқанда жанама вектор, қисықтық және бұралу, анықталады. Бұл қасиеттер қозғалыстың табиғатын түсінуге, траекторияның ерекшеліктерін модельдеуге және практикалық есептерді шешуге мүмкіндік береді.

Бұл зерттеу робототехника, авиация және ғарыштық техника салаларында да аса маңызды. Объектінің қозғалысын дәл сипаттау тек теориялық тұрғыда емес, сонымен қатар практикалық есептерді шешуде де қажет. Дифференциалдық геометрия әдістері қозғалыстың қасиеттерін терең талдауға, траекторияның қисықтық, бұралу және бағыт ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл зерттеу инженерлік жобалау, роботтардың қозғалысын басқару және динамикалық жүйелерді модельдеуде қолдануға жарамды.

Қазіргі заманғы техникалық жүйелер мен робототехникада объектілердің кеңістікте қозғалысын дәл сипаттау және бақылау маңызды мәселе болып отыр. Дәстүрлі әдістер қозғалысты тек орын ауыстырумен сипаттайтын болса, дифференциалдық геометрия әдістері қозғалыстың динамикасын, траекторияның қисықтық пен бұралуын есепке алады. Бұл өзектілікті ғылыми зерттеулер мен инженерлік есептерге тиімді енгізуге мүмкіндік береді. Бұл біздің зерттеуіміздің өзектілігін көрсетеді.

Зерттеудің негізгі мақсаты – дифференциалдық геометрияның әдістерін қолдана отырып, кеңістіктегі қозғалыс траекторияларын зерттеу, олардың негізгі геометриялық сипаттамаларын (жанама вектор, қисықтық, бұралу) анықтау және алынған теориялық нәтижелерді механика, физика және инженерлік есептерде қолданудың тиімділігін көрсету.

**Дифференциалдық геометрия және траекторияны сипаттау**

Кеңістіктегі қисық $r(t) = (x(t), y(t), z(t))$ параметрлік түрде беріледі. Мұндағы $t$ – уақыт немесе доғалық ұзындық бойынша

параметр. Geogebra қосымшасындағы бағдарламасын жазайық да көрейік (Сурет 1).

Қисықтың негізгі сипаттамалары:

Жанама вектор (Tangent vector)**:**

**T(t) = r’(t) / |r’(t)|**

Қисықтық (Curvature)**:**

**kappa(t) = |r’(t) × r’’(t)| / |r’(t)|^3**

Бұралу (Torsion)**:**

**tau(t) = ((r’(t) × r’’(t)) · r’’’(t)) / |r’(t) × r’’(t)|^2**

Френе формулалары арқылы траектория бойындағы қозғалыстың бағытын және қисықтық қасиеттерін зерттеуге болады:

T’(s) = kappa(s) N(s)

N’(s) = -kappa(s) T(s) + tau(s) B(s)

B’(s) = -tau(s) N(s)

мұндағы N(s) – нормаль вектор, B(s) – бинормаль вектор, s – доғалық ұзындық.




*Сурет 1. Френе формулалары арқылы траектория бойындағы қозғалыстың бағытын және қисықтығы*

Қолданбалы есептерге мысалдар қарастырайық

Мысал 1: Спиральдік траекторияға мысал геогебрада қарастырайық (Сурет 2).

r(t) = (2 cos t, 2 sin t, t), t ∈ [0, 6π]

Жанама вектор: r’(t) = (-2 sin t, 2 cos t, 1)

Қисықтық: kappa = sqrt(8) / (5)^(3/2) ≈ 0.357

Бұралу: tau = 1 / (5) ≈ 0.2

Geogebra-да салу:
3D Graph -> Parametric Curve:
x(t) = 2 cos(t), y(t) = 2 sin(t), z(t) = t, t = 0..6π
Vector Tool арқылы жанама векторларды көрсету




*Сурет 2. 3D графикасындағы параметрлік спираль*

Мысал 2: Параболалық қозғалыс (Сурет 3)
r(t) = (t, t^2, 0), t ∈ [0,5]
Қисықтық: kappa(t) = 2 / (1 + 4 t^2)^(3/2)
Geogebra-да салу:

- Parametric Curve: x(t)=t, y(t)=t^2, z(t)=0
- Function: kappa(t)=2/(1+4 t^2)^(3/2)




*Сурет 3. Параболалық қозғалыс*

Мысал 3: Цилиндрлік спираль
r(t) = (cos t, sin t, t), t ∈ [0, 4π]
Жанама вектор: r’(t) = (-sin t, cos t, 1)
Қисықтық: kappa = 1/2
Бұралу: tau = 1/2
Geogebra-да салу (Сурет 4):

Parametric Curve: x(t)=cos(t), y(t)=sin(t), z(t)=t, t=0..4π
Vector Tool арқылы жанама векторларды қосу




*Сурет 4. Цилиндрлік спираль*

Қозғалыс траекториясын зерттеу механика, физика және қолданбалы математика салаларындағы маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Бұл жұмыста қозғалыстың геометриялық сипаттамаларын талдауда дифференциалдық геометрия әдістерінің тиімділігі қарастырылды. Кеңістіктегі қисықтардың параметрлік берілуі, жанама вектор, қисықтық және бұралу сияқты негізгі ұғымдар қозғалыс заңдылықтарын терең түсіндіруге мүмкіндік беретіні көрсетілді.

Зерттеу барысында траекторияны сипаттайтын математикалық модельдер қозғалыстың жылдамдығы мен үдеуін анықтауда маңызды рөл атқаратыны анықталды. Дифференциалдық геометрия аппаратын қолдану арқылы қозғалыстың кеңістіктегі қасиеттерін аналитикалық және геометриялық тұрғыдан зерттеу мүмкіндігі кеңейеді. Сонымен қатар, бұл әдістер робототехникада, спутниктер қозғалысын есептеуде, компьютерлік графикада және инженерлік модельдеуде кеңінен қолданылатыны дәлелденді.

Жүргізілген талдау дифференциалдық геометрияның тек теориялық ғылым ғана емес, сонымен бірге нақты қолданбалы есептерді шешудің қуатты құралы екенін көрсетті. Қозғалыс траекторияларын зерттеу болашақта күрделі динамикалық жүйелерді модельдеу мен оптимизациялау мәселелерін шешуде маңызды бағыттардың бірі болып қала береді.

Осылайша, дифференциалдық геометрия әдістерін қолдану қозғалыс траекторияларын зерттеудің дәлдігін арттырып, математикалық модельдеудің жаңа мүмкіндіктерін ашады.

**Қолданылған дереккөздер тізімі**:

1. do Carmo M. P. Differential Geometry of Curves and Surfaces. — New Jersey: Prentice Hall, 1976. — 503 p.
2. O'Neill B. Elementary Differential Geometry. — 2nd ed. — Academic Press, 2006. — 468 p.
3. Kreyszig E. Differential Geometry. — New York: Dover Publications, 1991. — 352 p.
4. Struik D. J. Lectures on Classical Differential Geometry. — New York: Dover Publications, 1988. — 221 p.
5. Pressley A. Elementary Differential Geometry. — London: Springer, 2010. — 432 p.
6. Kühnel W. Differential Geometry: Curves — Surfaces — Manifolds. — Providence: AMS, 2015. — 410 p.
7. Gray A. Modern Differential Geometry of Curves and Surfaces with Mathematica. — Boca Raton: CRC Press, 2006. — 1136 p.
8. Арнольд В. И. Математические методы классической механики. — Москва: Наука, 1989. — 472 с.

# АРХИТЕКТУРАДАҒЫ СЫЗЫҚТЫҚ БЕТТЕР

***Бектас А. Б.***
*Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті*
***Жунусова Р.А.***
*Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, магистр*

**Аңдатпа.** Бұл зерттеуде сызықтық беттердің геометриялық негіздері, жіктелуі және сәулеттегі қолданылуы қарастырылады. Жұмыстың мақсаты олардың құрылымдық тиімділігі мен эстетикалық ерекшеліктерін анықтау болып табылады. Сонымен қатар математикалық қасиеттері мен инженерлік артықшылықтары талданып, нақты сәулеттік мысалдар арқылы практикалық маңызы көрсетіледі және сәулетте тиімді қолдану жолдары ұсынылады әрі оның маңыздылығы қазіргі құрылыс саласында дәлелденеді.

**Түйінді сөздер:** сызықтық беттер, дифференциалдық геометрия, гиперболоид, гиперболалық параболоид, құрылымдық тиімділік, параметрлік теңдеулер

**Аннотация.** В данном исследовании рассматриваются геометрические основы линейных поверхностей, их классификация и применение в архитектуре. Цель работы заключается в определении их конструктивной эффективности и эстетических особенностей. Анализируются математические свойства и инженерные преимущества, а также на примерах показано их практическое значение. Предлагаются пути эффективного применения и обосновывается их важность в современном строительстве сегодня.

**Ключевые слова:** линейчатые поверхности, дифференциальная геометрия, архитектурное проектирование, гиперболоид, гиперболический параболоид, конструктивная эффективность, параметрические уравнения.

**Abstract.** This study examines the foundations of linear surfaces, their classification, and applications in architecture. The aim is to determine their structural efficiency and aesthetic features. Mathematical properties and engineering advantages are analyzed, and practical significance is demonstrated through examples. Effective implementation methods are proposed, highlighting their importance in construction today.

**Keywords:** ruled surfaces, differential geometry, architectural design, hyperboloid, hyperbolic paraboloid, structural efficiency, parametric equations.

Қазіргі заманғы сәулет тиімділікке, үнемділікке және көрнекі әсерге ұмтылады. Осы мақсаттарға жетуде математика мен инженерия маңызды рөл атқарады. Әсіресе, сызықтық беттер сәулеттік жобалауда ерекше орын алады. Бұл беттер — кеңістікте түзу сызықтың қозғалысы арқылы түзілетін геометриялық пішіндер.

Сәулетте сызықтық беттерге цилиндрлер, конустар, гиперболоидтар және гиперболалық параболоидтар жатады. Олардың басты ерекшелігі — түзу жасаушылардан тұруы, бұл құрылысты жеңілдетіп, қарапайым элементтер арқылы күрделі пішіндер жасауға мүмкіндік береді. Түзу сызықтарды негізгі құрылым элементі ретінде қолдану ең күрделі пішіндердің өзін қарапайым материалдар мен стандартты технологиялар арқылы жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл құрылыс процесін жеңілдетіп қана қоймай, күрделі әрі қымбат өндіріс әдістерін қажет ететін геометрияларды да жүзеге асыруға жол ашады. [2]

Қазіргі цифрлық технологиялардың — компьютерлік жобалау (CAD) және ғимараттық ақпараттық модельдеу (BIM) — дамуы сызықтық беттердің қолданылуын жаңа деңгейге көтерді. Енді сәулетшілер мен инженерлер сызықтық беттерді дәл модельдеп, талдап және оңтайландыра алады. Бұл беттер тек құрылымдық тиімділігімен ғана емес, сонымен қатар эстетикалық тартымдылығымен де ерекшеленеді. Математика, технология және көркем ойлаудың өзара байланысы жаңа, әсерлі және инновациялық ғимараттардың пайда болуына әкелді.

Сызықтық бет параметрлік түрде келесі теңдеумен беріледі:

$$\vec{r}(u,v) = \vec{c}(u) + v\vec{d}(u)$$

мұндағы $\vec{c}(u)$ — бағыттаушы қисық, $\vec{d}(u)$ — жасаушының бағыт векторы, ал $(u)$ және $(v)$ — нақты параметрлер. Бұл теңдеу өте әмбебап, өйткені $\vec{c}(u)$ мен $\vec{d}(u)$-дың әртүрлі таңдаулары көптеген әртүрлі беттерді береді. Мысалы, бағыттаушы түзу болып, бағыт векторы тұрақты болса, цилиндрлік бет алынады. Ал бағыт векторы бір нүктеге (төбеге) бағытталса және бағыттаушы қисық болса, конустық бет пайда болады. [1]

Жайылмалы беттердің Гаусс қисықтығы нөлге тең $(K = 0)$, яғни оларды жазықтыққа деформациясыз жаюға болады. Бұл қасиет өндірісте өте тиімді: металл, шыны немесе фанера сияқты материалдарды созбай-ақ қажетті пішінге келтіруге болады. Мысалы, цилиндр:

$$\vec{r}(u,v) = (acosu, asinu, v)$$

оңай түрде металл парақтардан жасалады. Мұндай беттер стандартты элементтерден құрастырылатындықтан, құрылыс процесі тиімді әрі үнемді болады. [4]

Ал гиперболалық параболоид пен біржолақты гиперболоид сияқты беттер жайылмайтын болып табылады (Сурет 1).Олар жазықтыққа жайылмаса да, түзу элементтерден тұратындықтан, құрылыста қолайлы.

Гиперболалық параболоид:

$$z = \frac{y^2}{b^2} - \frac{x^2}{a^2}$$




*Сурет 1-Гиперболалық параболоид*

$$\frac{x^2}{a^2} + \frac{y^2}{b^2} - \frac{z^2}{c^2} = 1$$

Біржолақты гиперболоид (Сурет 2)



*Сурет 2-Біржолақты гиперболоид*

Бұл беттер екі еселі сызықтық беттерге жатады, яғни олардың әрбір нүктесі арқылы екі түрлі түзу өтеді. Бұл қасиет оларды тек математикалық тұрғыдан ғана емес, практикалық жағынан да өте маңызды етеді, өйткені күрделі екі иілімді пішіндерді тек түзу элементтер арқылы құрастыруға мүмкіндік береді.

Сызықтық беттердің негізгі артықшылығы — олардың түзу элементтерден тұруы. Бұл құрылыс процесін айтарлықтай жеңілдетеді, себебі күрделі қисық элементтерді дайындау қажет емес. Жайылмалы беттер жазық материалдардан жасалады, бұл шығынды азайтады. Ал жайылмайтын беттер де түзу элементтерден құрастырылатындықтан, ірі жобаларда тиімді қолданылады. [3]

Қос иілімді беттер жүктемені тиімді таратады. Мысалы, гиперболоид құрылымдары жел мен басқа да күштерге төтеп бере алады, бұл мұнаралар

мен үлкен аралықты шатырлар үшін маңызды. Қос иілімділік құрылымға қаттылық беріп, жұқа әрі жеңіл конструкциялар жасауға мүмкіндік береді. Сызықтық беттер материалды үнемдеуге және экологиялық тұрақтылықты арттыруға ықпал етеді.

Сызықтық беттер сәулетте ерекше визуалды әсер береді. Олардың пішіндері динамикалық әрі ағымды, бұл ғимараттарға заманауи әрі футуристік көрініс береді.[5] Қисық беттерде жарық пен көлеңке ерекше әсер қалыптастырып, интерьер мен экстерьердің эстетикасын арттырады.

Параметрлік модельдеу сәулетшілерге пішінді толық бақылауға мүмкіндік береді. Олар пішіндерді өзгертіп, пропорцияларды тәжірибеден өткізіп, әр жобаға бірегей шешімдер жасай алады.

Бүгінде CAD және BIM технологиялары сызықтық беттерді жобалауда маңызды рөл атқарады. Бұл технологиялар арқылы сәулетшілер:

пішінді өзгерте алады;

құрылымның беріктігін талдай алады;

материалды тиімді қолдана алады.

Сызықтық беттер кеңінен қолданылады:

стадиондарда;

көрме залдарында;

көпірлерде;

мұнараларда.

Цилиндрлік бет — бағыттаушы қисықтың берілген бағыт бойынша параллель көшіруі арқылы алынатын сызықтық бет (Сурет 3.4) GeoGebra бағдарламасында оның параметрлік моделі $Surface\ (cos(u), sin(u), v)$ арқылы құрылды.



*Сурет 3 -Цилиндрлік бет Сурет 4-Цилиндрлік бет*

Конустық бет — бір нүктеден шығатын түзулер жиыны арқылы түзілетін сызықтық бет (Сурет 5,6). GeoGebra бағдарламасында $Surface(v\ cos(u), v\ sin(u), v)$ параметрлік теңдеуі арқылы модельденді.



*Сурет 5-Конустық бет Сурет 6-Конустық бет*

Гиперболалық параболоид — екі бағытта түзулер арқылы түзілетін сызықтық бет (Сурет7,8). Оның теңдеуі: $z = \frac{x^2}{a^2} - \frac{y^2}{b^2}$ GeoGebra бағдарламасында $Surface(u, v, u^2 - v^2)$ теңдеуі арқылы салынды.



Сурет 7- Гиперболалық параболоид Сурет 8- Гиперболалық параболоид

Геликоид — түзудің бұрылу және орын ауыстыруы нәтижесінде пайда болатын сызықтық бет (Сурет 9,10). Геликоидтың параметрлік теңдеуі келесі түрде беріледі: $x = ucos\, v, y = usin\, v, z = c \cdot v$ мұндағы u — радиал параметр, v — бұрылу бұрышы, ал c — бұралу коэффициенті. Ол үшін келесі команда қолданылды:$Surface(u \cdot cos(v), u \cdot sin(v), v, u, -5, 5, v, 0, 4\pi)$



*Сурет 9 -Геликоид Сурет 10-Геликоид*

| Артықшылықтары | Кемшіліктері |
|---|---|
| - Жүктеменің тиімді таралуы<br>- Материал үнемдеу<br>- Жеңіл конструкциялар<br>- Эстетикалық тартымдылық | - Есептеулердің күрделілігі<br>- Жоғары дәлдік қажет<br>- Кейбір пішіндерді жасау қиын |

Сызықтық беттер — математика, инженерия және сәулеттің бірегей үйлесімі. Олар тиімді, үнемді және көркем ғимараттар жасауға мүмкіндік береді. Қазіргі технологиялардың дамуына байланысты олардың қолданылу аясы кеңейіп келеді. Болашақта сызықтық беттер сәулетте одан да маңызды рөл атқарады.

**Қолданылған дереккөздер тізімі:**


1. Опреа, Дж. *Дифференциалдық геометрия және оның қолданылуы*. Mathematical Association of America, 2007. -528 бет
2. до Кармо, М. П. *Қисықтар мен беттердің дифференциалдық геометриясы*. Prentice Hall, 1976. -477 бет
3. Шухов, В. Г. *Сәулеттегі гиперболоидтық құрылымдар*. Engineering Structures, 1930. -15 бет
4. Кандела, Ф. *Сәулетке арналған қабықша құрылымдар: пішін қалыптастыру және оңтайландыру*. Springer, 2017. -395 бет
5. Чилтон, Дж. *Заманауи сәулеттегі инженердің үлесі: Феликс Кандела*. Thomas Telford, 2000. -176 бет
6. Кенжебаев, Н. К. «Заманауи сәулетте сызықтық беттерді қолдану». *Қазақ ұлттық техникалық университетінің хабаршысы*, 2015, № 3, 45–52 бб. (орыс/қазақ тілдерінде).


## МИНИМАЛДЫ БЕТТЕР: САБЫН ҚАБЫҚШАЛАРЫНЫҢ МАТЕМАТИКАСЫ


***Бектеналы А. Т.***

*Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті,* ***Жунусова Р.А.***

*Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы,Физика пәнінің магистрі*



**Аңдатпа.** Бұл жұмыстың барысында минималды беттер мен сабын қабықшаларының математикалық табиғатын зерттеуге арналған. Жұмыста минималды беттердің анықтамасы, олардың қасиеттері және дифференциалдық геометрия тұрғысынан қарастырылуын талдадым. Сонымен қатар сабын қабықшалары арқылы минималды беттердің физикалық модельдері түсіндіріліп, олардың табиғаттағы және техникадағы көріністері сипаттадым. Зерттеу барысында минималды беттердің энергияны азайту принципіне негізделетіні және олардың инженерия мен архитектурадағы қолданылу мүмкіндіктерін көрсеттім.

**Түйінді сөздер:** минималды беттер, сабын қабықшалары, дифференциалдық геометрия, бет ауданы, вариациялық есептер, параметрлік теңдеулер.

**Аннотация**. Данная работа посвящена исследованию математической природы минимальных поверхностей и мыльных плёнок. Рассматриваются определение минимальных поверхностей, их свойства и изучение с точки зрения дифференциальной геометрии. Также объясняется, как мыльные плёнки служат физическими моделями минимальных поверхностей, и описываются их проявления в природе и технике. В работе показано, что минимальные поверхности основаны на принципе минимизации энергии, а также рассмотрены их применения в инженерии и архитектуре.

**Ключевые слова:** минимальные поверхности, мыльные плёнки, дифференциальная геометрия, площадь поверхности, вариационные задачи, параметрические уравнения.

**Abstract.** This term paper is devoted to the study of the mathematical nature of minimal surfaces and soap films. It examines the definition and properties of minimal surfaces from the perspective of differential geometry. The paper also explains how soap films act as physical models of minimal surfaces and describes their occurrences in nature and technology. It is shown that minimal surfaces are based on the principle of energy minimization, and their applications in engineering and architecture are discussed.

**Keywords:** minimal surfaces, soap films, differential geometry, surface area, variational problems, parametric equations.

Минималды беттер – бұл математика мен геометрия саласындағы ерекше объектілер, олардың орташа қисықтығы барлық нүктелерінде нөлге тең болады. Орташа қисықтық – бетінің екі негізгі қисықтығының арифметикалық орташа мәні және ол бетінің жергілікті түрде ауданды минималдау сипатын сипаттайды. Басқаша айтқанда, минималды бет – бұл берілген контурға қатысты ауданы ең кіші болатын бет, яғни минимума іздейтін вариациялық есептің шешімі болып табылады.

Минималды беттерді анықтау классикалық дифференциалдық геометрияның құрамдас бөлігі. Әдетте, мұндай беттер кез келген топологиялық қасиеті бар қисыққа мінезделмейді, бірақ олардың арасындағы басты айырмашылық – орташа қисықтықтың тікелей әсері. Бұл қасиет минималды беттерді жылтыр субстраты немесе сабын қабықшалары сияқты физикалық объектілердің идеал моделіне айналдырады. Орташа қисықтық нөлге тең болғандықтан, минималды беттерде кері заттардың ауданы мен пішіні арасындағы тепе-теңдік күшейтіліп, тұрақты күй қалыптасады.

Дифференциалдық геометрияда минималды беттер — бұл берілген тұйық контурда ең аз ауданды иеленетін беттер. Физикалық тұрғыдан бұл — сабын ерітіндісіне батырылған сым контурда пайда болатын сабын қабықшасы.

Беттің нүктесіндегі екі басты қисықтықты $k_1$ және $k_2$ деп белгілесек, орташа қисықтық келесі формуламен анықталады:

$$H = \frac{k_1 + k_2}{2}$$

Минималды беттің басты геометриялық шарты — оның барлық нүктесінде орташа қисықтығының нөлге тең болуы: H=0

Бұл дегеніміз, беттің әрбір нүктесіндегі басты қисықтықтар шамасы жағынан тең, бірақ бағыты жағынан қарама-қарсы ($k_1 = -k_2$).

Сабын қабықшалары теориялық тұрғыдан минималды беттердің физикалық моделі ретінде қарастырылады, себебі олар ауа мен сұйықтық арасындағы интерфейс арқылы табиғи түрде квадраттық ауданын азайтумен сипатталады. Сабын қабықшаларын сым жақтауға батыру нәтижесінде алынатын бет қалыптастырылған контурдың минималды аудан талаптарына сәйкес келеді, бұл математикалық тұрғыдан вариациялық есептің шешімі болып табылады. Сабын қабықшасының беті сыртқы күштердің теңгерімі және ішкі керілу шамалары арқылы космосындағы ең аз энергия күйіне өтуге ұмтылады, осылайша минималды беттердің нақты физикалық белгісі ретінде әрекет етеді.

Минималды беттердің теориялық негіздері – орташа қисықтықтың нөлге тең болуы, вариациялық принциптер мен дифференциалдық теңдеулер жүйесі – сабын қабықшаларының динамикасын түсінуде маңызды рөл атқарады. Сабын қабықшаларының пішіні мен құрылымы контурдың геометриясына тәуелді, сондықтан сым жақтауда алынған бет минималды ауданды қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл контурдағы шектік шарттар бет формасының математикалық сипаттамасы мен эксперименттік динамикасын байланыстырады, әрі қарайғы зерттеулердегі геликоид сияқты күрделі минималды беттерге көшу үшін негіз қалыптастырады.

Физикалық модельдеу арқылы сабын қабықшаларының геометриялық қасиеттері зерттеледі, бұл жерде нақты эксперименталды деректер мен математикалық теңдеулер біріктіріледі. Сабын қабықшаларының тұрақтылығы мен өзгергіштігі математикалық модельдің беріктігін тексеруге мүмкіндік береді, сондай-ақ олардың әртүрлі параметрлеріндегі пішіндердің қалыптасуы сандық әдістермен бағаланады. Осы тәсіл нақты күрделі минималды беттердің физикалық жағдайларда қалай пайда болатынын көрсетуге және проекциялауға көмектеседі.





*1-сурет. Сабын қабықшаларының геометриялық көрінісі*

Сабын қабықшаларындағы минималды беттердің жалпы пішіні табиғатта кездесетін қисықтар мен беттердің ең қарапайым нысанын көрсетеді. Дегенмен, олардың ішінен ерекше мәнге ие, күрделі әрі кеңістікте кеңінен таралған геликоид беттері бар. Геликоид – бұл спиральды жақтауда қалыптасатын минималды бет, оның сұйықтық арасындағы минималды аудан принципіне сай келетін ерекше геометриялық құрылымы бар.

Геликоид беті винт тәрізді айналатын және тең қашықтықта бұралған сызықтар жиынтығынан тұрады. Бұл беттің анықтамасы минималды беттердің жалпы теңдеулерінің аналитикалық шешімі ретінде қарастырылады, яғни оның орташа қисықтығы нөлге тең. Осындай сипаттамасы геликоидты қарапайым сабын қабықшаларынан ажыратып, оны күрделі физикалық жүйелер мен инженерлік құрылымдарда қолдануға мүмкіндік береді.

Геликоидтың спиральды жақтауда қалыптасуы оны күрделі контурлар мен шектерде зерткеуге әкеледі. Мысалы, винтовконвейерлердегі геликоидты беттердің пішіні тасымалданатын жүктерге арналған оптимизация мен олардың қозғалысының тиімділігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, геликоидты құрылымдардың кристаллографияда және материалтанудағы маңызы көбейеді – олар клатраттық құрылымдарды сипаттауда параметрлер ретінде пайдаланылады.

Геликоид бетінің тұрақтылығы мен икемділігі теориялық механикада, әсіресе тонкие упругие қабаттар теориясында зерттеледі. Мұнда геликоидты қабықшалардың тербелістерін және олардың сыртқы күштерге төзімділігін бағалау үшін сандық әдістер мен соңғы элементтер тәсілі қолданылады. Бұл тәсілдер физикалық модельдеудің математикалық негізін қалаумен қатар, геликоидтың нақты инженерлік қолданулардағы сенімділігін қамтамасыз етеді.

Геликоидтың аналитикалық сипаттамасына келетін болсақ, оның параметрлік теңдеулері кеңістіктің үш осінде (x,y,z) құрылып, бет формасын дәл сипаттайды. В.Г. Рекач пен С.Н. Кривошапко ұсынған аналитикалық әдістер, оның ішінде Бернулли сандары негізіндегі интегралдау тәсілдері, геликоидтың конструктивті пішінін есептеуге мүмкіндік береді. Бұл әдістер геликоидтың физикалық және геометриялық моделдеуін жеңілдетіп, құрылыс және сәулет саласындағы қолдануларын дәйекті етеді.

Сондай-ақ, қазіргі уақытта геликоидтың 3D параметрлік модельдеу әдістері кеңінен қолданылады. Бұл тәсіл геликоидтың нақты пішіні мен динамикасын асқан дәлдікпен сипатады, сондай-ақ оны күрделі жүйелердің бөлігі ретінде виртуалды ортада зерттеуге мүмкіндік береді. Модельдеу барысында бет пішіні мен тұрақтылығының өзара байланысы анықталып, эксперименттік нәтижелермен салыстырылады.

Өткен бөлімдерде назар аударылған сабын қабықшаларының минималды беттерінің жалпы теориясынан геликоид сияқты нақты әрі ерекше формаларға өту практикалық зерттеулерде маңызды кезең болып табылады. Геликоид бетінің терең зерттелуі физикалық модельдеудің дәлдігін арттырып, күрделі минималды беттердің қасиеттерін жақсы түсінуге мүмкіндік береді.



*Сурет 2 — Геликоидтың құрылымы мен оның спиральды жақтаудағы ерекшеліктері*

Минималды беттер қазіргі заманғы технологиялар мен материалтану салаларында әртүрлі функцияларды орындауда маңызды рөл атқарады. Олар негізінен құрылымдық тұрақтылықты арттыру, энергияны үнемдеу және тиімділік қағидаларын жүзеге асыру мақсатында қолданылады. Мысалы, сәулет өнерінде минималды беттер күрделі куполдар мен қоршаулардың дизайнын әзірлеуде пайдаланылады, себебі олардың құрылымдық геометриясы максималды беріктік пен минималды материал шығынын қамтамасыз етеді.

Материалтануда минималды беттер наноөрістер, көпқабатты құрылымдар және қабықшалы композицияларда кеңінен қолданылады. Бұл беттердің геометриялық қасиеттері материалдардың механикалық қасиеттерін жақсартуға ықпал етеді, мысалы, жеңіл және берік құрылымдарды жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, олар биологиялық материалдардың құрылымын түсінуде және жасанды тіндердің инженерлік модельдерін құруда қолданылып жүр, себебі минималды беттер табиғатта көп кездесетін тиімді пішіндер болып табылады.

Эксперименттік контекстте минималды беттерді зерттеу физикалық модельдерді құрастыру арқылы жүзеге асады. Сабын қабықшалары және арнайы жасалған қабықшалы материалдар минималды беттердің қасиеттерін тәжірибелік түрде демонстрациялайды, бұл инженерлерге және ғалымдарға нақты құбылыстарды бақылауға және оларды оптимизациялауға мүмкіндік береді. Мұндай тәжірибелер материалдар мен құрылымдардың инновациялық жобаларын әзірлеуде маңызды ақпарат көзін қалыптастырады.

Компьютерлік модельдеу нәтижелері нақты инженерлік шешімдерге негіз болады. Сандық симуляциялар минималды беттердің пішінін және олардың тұрақтылығын талдауға мүмкіндік береді, бұл жобалау процесін

жылдамдатып, өндірістік ресурстарды үнемдеуге ықпал етеді. Жасанды интеллект және машиналық оқыту әдістерін қолдану арқылы минималды беттердің қасиеттерін болжау және оңтайландыру кеңейтілуде, бұл технологиялық инновацияларға серпін береді.

Сонымен қатар,минималды беттердің квалификациясы бойынша жаңалықтар олардың топологиялық ерекшеліктерін сипаттайтын алгебралық әдістердің дамуына негізделген. Жаңа теориялар сызықтық емес жасаушылардың микроструктураларын сандық әдістермен зерттеуді жетілдіріп, кең көлемді параметрлік кеңістікте олардың тұрақтылығы мен өзгергіштігіне қатысты жаңа гипотезаларды ұсынады. Бұл зерттеулер бұрын қарастырылмаған күрделі конфигурациялардың пайда болуын математикалық тұрғыда дәлелдеуге және физикалық модельдерге сәйкес келтіруге мүмкіндік береді.

Зерттеулер барысында машиналық оқыту мен жасанды интеллекттің көмегімен минималды беттердің өзара қатынастарын модельдеу әдістері жетілдірілуде. Бұл тәсілдер күрделі геометриялық нысандардың мінез-құлқын болжауда және олардың аса күрделі вариациялық есептерін шешуде тиімді нәтижелер береді. Мысалы, геликоидтардың параметрлерін оңтайландыруға арналған алгоритмдер жасалып, олар құрылыс, материалтану және биофизика салаларында қолданылуда. Эксперименттік бағыттағы жаңалықтар арасында сабын қабықшалары мен басқа да физикалық модельдердің виртуалды әлемде, яғни компьютерлік имитацияда дәл келтірілуі ерекше орын алған. Бұл ретте сандық модельдеудің дәлдігі мен эксперимент мәліметтерінің үйлесуі зерттеудің нақтылығын арттырып, әсіресе геликоидтың күрделі динамикасына терең түсінік береді. Жаңа заманауи құралдар бет пішінінің өздігінен өзгеруі мен тұрақтылығы механизмдерін нақтырақ түсінуге мүмкіндік туғызады

GeoGebra арқылы минималды беттерді визуализациялау өте ыңғайлы.




*Сурет 3- минималды беттер (геликоид күлгін түсті және катеноид сұр түсті) көрсетілген*

Практикалық қолданбаларда минималды беттер материалтану, сәулет өнері, биомеханика және экология сияқты түрлі салаларда энергия үнемдеу, құрылымдық беріктік және тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында қолданылуда. Жұмыста қарастырылған ғылыми жаңалықтар мен теориялық жетістіктер олардың тиімділігін арттырып, әрі қарайғы зерттеулерге жаңа бағыттар ашты.

Болашақта зерттеулер минималды беттердің параметрлерін оңтайландыру, экологиялық тұрақтылық мәселелерін шешу және білім беру процесінде қолдану бағытында жалғасын табады. Машиналық оқыту мен жасанды интеллект технологияларын енгізу арқылы олардың зерттелуі мен практикалық қолданысы жаңа деңгейге көтеріледі деп күтілуде. Бұл бағыттағы ұсыныстар теория мен практика арасындағы байланысты нығайтып, ғылыми және технологиялық прогресске ықпал етеді

## Қолданылған дереккөздер тізімі:


1. Sapagovas M., Būda V., Maskeliūnas S. Minimal Surfaces and the Plateau Problem: Numerical Methods and Applications. – 2024.
2. Bevilacqua G., Lussardi L., Marzocchi A. Soap Films: From the Plateau Problem to Deformable Boundaries. – 2024.
3. Sakakibara K., Shimizu Y. Numerical Analysis of the Plateau Problem by the Method of Fundamental Solutions. – 2024.
4. King D., Maggi F., Stuvard S. Collapsing and the Convex Hull Property in a Soap Film Capillarity Model. – 2021.
5. Алимов М. М., Базилевский А. В., Корнев К. Г. Минимальные поверхности на зеркально-симметричных каркасах. – 2020.
6. Сапағовас М., Буда В. Минималды беттер және Плато есебі. – 2023.
7. GeoGebra. Интерактивті геометриялық бағдарламалық құрал. – 2020–2025.

# БІЛІМ БЕРУ AI ПЛАТФОРМАЛАРЫН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, ФИЗИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІ ИНТЕРАКТИВТІ ВИЗУАЛИЗАЦИЯЛАУ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕР

***Курманбаев Н. А.***
*Әлкей Мағұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің магистранты, Павлодар қ.,*
***Асылбаев Р. Н.***
*ғылыми жетекшісі: PhD, қауымдастырылған профессор, Павлодар қ.*

**Аннотация.** Мақала жасанды интеллектке негізделген білім беру платформалары арқылы физикалық процестерді интерактивті визуализациялауды қолдану мүмкіндіктерін зерттеуге арналған. Оқушыларға күрделі физикалық құбылыстарды тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін динамикалық модельдеулерді және көрнекі үлгілерді қамтамасыз ететін заманауи AI құралдары қарастырылады. Функционалдық, қолжетімділік және педагогикалық тиімділік тұрғысынан танымал платформаларға салыстырмалы талдау жүргізілді. Физикалық процестер туралы тұрақты түсініктерді қалыптастыру және мектеп оқушыларының ынтасын арттыру үшін интерактивті визуализацияның артықшылықтары атап өтілді.

**Түйінді сөздер:** жасанды интеллект, интерактивті визуализация, білім беру платформалары, физика, мектептегі оқыту.

**Аннотация.** Статья посвящена изучению возможностей использования интерактивной визуализации физических процессов с помощью образовательных платформ, основанных на искусственном интеллекте. Рассматриваются современные инструменты искусственного интеллекта, обеспечивающие динамическое моделирование и визуальные модели, позволяющие учащимся глубже понять сложные физические явления. Проведен сравнительный анализ популярных платформ с точки зрения функциональности, доступности и педагогической эффективности. Были отмечены преимущества интерактивной визуализации для формирования устойчивых представлений о физических процессах и повышения мотивации школьников.

**Ключевые слова:** искусственный интеллект, интерактивная визуализация, образовательные платформы, физика, школьное обучение.

**Annotation.** The article is devoted to the study of the possibilities of using interactive visualization of physical processes through educational platforms based on artificial intelligence. Modern AI tools are considered, which provide dynamic simulations and visual patterns that allow students to understand complex physical phenomena more deeply. A comparative analysis of popular platforms in terms of functionality, accessibility and pedagogical efficiency was carried out. The advantages of interactive visualization for the formation of stable ideas about physical processes and increasing the motivation of schoolchildren are noted.

**Keywords:** artificial intelligence, interactive visualization, educational platforms, physics, school learning.

Мектепте физиканы оқыту дәстүрлі түрде мұғалімнің түсіндірмелері, жаттығуларды орындау және зертханалық жұмыстарды орындау арқылы теориялық материалды меңгеруді көздейді. Дегенмен, зерттеулер көрсеткендей, оқушылардың едәуір бөлігі абстрактілі физикалық ұғымдар мен заңдылықтарды түсінуде қиындықтарға тап болады, бұл оқу үдерісінің

шектеулі көрінуіне және динамикалық құбылыстарды толық визуализациялау мүмкін еместігіне байланысты [1].

Интерактивті визуализация бұл мәселені шешудің әдістемелік құралы ретінде әрекет етеді. Интерактивті визуализацияның негізінде оқушылар өзара әрекеттесе алатын физикалық процестердің динамикалық үлгілерін жасау жатыр: параметрлерді өзгерту, салдарларды бақылау және нәтижелерді нақты уақытта талдау. Бұл тәсіл көрнекілікті арттырып қана қоймайды, сонымен қатар мектеп оқушыларының концептуалды түсіну деңгейінде физикалық заңдылықтар туралы түсініктерін қалыптастырады [2].

Ғылыми әдебиеттерде физиканы оқытуда интерактивті визуализацияның бірнеше негізгі функциялары бар:

Мектеп зертханасында жүргізуге болмайтын күрделі физикалық процестерді модельдеу. Мысалы, планетарлық жүйелердің динамикасы, диффузиялық процестер, электр өрістері мен токтардың өзара әрекеттесуі. Көрнекілік арқылы оқушылар дәстүрлі жағдайларда қауіпті немесе мүмкін емес әсерлерді байқай алады.

Модель параметрлерін манипуляциялау арқылы тәжірибелік дағдыларды дамыту. Тәжірибе шарттары өзгерген кезде оқушы талдау және болжау дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін тікелей нәтижені көреді.

Оқушы өз қарқынымен жұмыс істей алатын, қиын сәттерді қайталай алатын және көрнекі кері байланыс ала алатын оқу тәжірибесін жекелендіру.

Осылайша, интерактивті визуализация материалды меңгеруді жақсартып қана қоймайды, сонымен қатар сыни тұрғыдан ойлау, бақыланатын құбылыстарды талдау және салыстыру сияқты танымдық дағдыларды дамытуға ықпал етеді [3].

Қазіргі білім беру технологиялары нарығында физикалық құбылыстардың интерактивті модельдеулерін ұсынатын платформалардың кең ауқымы бар. Оқушылар мен мұғалімдер арасында ең көп зерттелген және қолданылатындар мыналар: PhET Interactive Simulations, Labster, Algodoo, сондай-ақ интерактивті типтегі шешімдер Kahoot! бейімделгіш элементтермен.

PhET Боулдердегі Колорадо университеті әзірлеген физиканы интерактивті оқытуға арналған ең танымал платформалардың бірі болып табылады. Платформа физиканың механика, электр энергиясы, термодинамика, толқындар және жарық сияқты салаларын қамтитын 100-ден астам модельдеуді ұсынады.

Педагогика тұрғысынан, PhET мүмкіндік береді:

мектеп зертханасында орындау қиын немесе мүмкін емес эксперименттерді көрсету;

оқушыларға параметрлерді өзгерту арқылы құбылыстарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру;

айнымалылардың тәуелділігін визуализациялау арқылы физика заңдары туралы тұжырымдамалық түсінікті қалыптастыру.

Зерттеулер көрсеткендей, пайдалану PhET күрделі физикалық ұғымдарды түсіну деңгейін арттырады: оқушылар энергияның сақталу заңын, электромагнетизм принциптерін және объектілердің динамикасын жақсырақ меңгереді [4]. Дегенмен, платформа бейімделген оқыту бөлігінде шектеулі: ол белгілі бір оқушы үшін тапсырмалардың күрделілігін өзгертпейді.

Labster интерактивті оқыту элементтері бар виртуалды зертханалар платформасын білдіреді. Ол нақты зертханалық тәжірибелерді модельдеуге, соның ішінде жабдықтармен және реагенттермен жұмыс істеуге мүмкіндік береді, бұл әсіресе физика, химия және биология үшін құнды.

Педагогикалық мүмкіндіктер Labster:

күрделі және ықтимал қауіпті эксперименттерді жүргізу үшін қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету;

"зерттеушілік оқыту" форматын қолдау, мұнда оқушы гипотеза жасайды, эксперимент жасайды және қорытынды жасайды;

белгілі бір оқушының білім деңгейі мен үлгеріміне бейімделетін бейімделу тапсырмалары.

Зерттеулер көрсеткендей Labster аналитикалық дағдыларды, эксперименттерді жобалау және ғылыми дәлелдерді қалыптастыру қабілетін дамытуға ықпал етеді. Платформа сонымен қатар үлгерімді бағалауды және проблемалық аймақтарды анықтауды жеңілдететін оқушылардың жұмысы туралы деректерді жинауға мүмкіндік береді [5].

Algodoo бұл эксперименттер мен шығармашылық модельдеуге бағытталған физикалық процестердің 2D симуляторы. Платформаның негізгі назары объектілердің өзара әрекеттесуін визуализациялауға және пайдаланушылардың өз сценарийлерін жасау мүмкіндігіне бағытталған.

Педагогикалық мүмкіндіктер Algodoo:

көрнекі және кеңістіктік ойлауды дамыту;

оқушылардың эксперименттік әрекеттерін қолдау;

физикалық жүйелерді талдау және жобалау дағдыларын қалыптастыру.

Algodoo әсіресе механика мен динамика туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыруға, сондай-ақ физика сабақтарында жобалық іс-әрекеттерді ұйымдастыруға пайдалы. Дегенмен, платформада кіріктірілген бейімделу мүмкіндіктері жоқ, бұл оның оқытуды жекелендіру үшін қолданылуын шектейді.

Бейімделетін элементтері бар интерактивті викториналарды пайдалану, мысалы Kahoot!, материалдың игерілуін ойын түрінде тексеруге мүмкіндік береді. Бейімделетін модульдер білімнің жекелендірілген шоғырлануын қамтамасыз ете отырып, оқушының жауаптары негізінде сұрақтардың күрделілігін сәйкестендіреді [6].

Бұл тәсілдің артықшылықтары:

мотивация мен белсенділікті арттыру;

лездік кері байланыс;

интерактивті тапсырмалар арқылы материалды бекіту үшін басқа платформалармен біріктіру мүмкіндігі.

Шектеу мынада, мұндай құралдар негізінен физикалық процестерді терең визуализациялауға емес, білімді тексеруге бағытталған.

Платформалардың салыстырмалы талдауы интерактивті визуализацияның негізгі педагогикалық артықшылығы оқушыларда берік тұжырымдамалық үлгілерді қалыптастыру болып табылатынын көрсетеді. Мысалы, объектілердің динамикасын зерттеу кезінде күш пен үдеудің тәуелділігін визуализациялау студенттерге массаның немесе күштің өзгеруінің әсерін көруге мүмкіндік береді, бұл Ньютонның екінші заңын түсінуді күшейтеді.

Эмпирикалық зерттеулер растайды: интерактивті модельдеулермен жұмыс істейтін оқушылар дәстүрлі оқытумен салыстырғанда физикалық жүйелердегі себеп-салдарлық байланыстарды түсінудің жоғары деңгейін көрсетеді [7].

Интерактивті платформалар білім алушыларға виртуалды эксперименттер жүргізуге мүмкіндік береді, бұл зерттеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Оқушылар гипотеза құруды, модель параметрлерін өзгертуді, нәтижелерді жазып, қорытынды жасауды үйренеді.

Ең бастысы, виртуалды зертханалар оқушы процестің қалай жұмыс істейтінін түсінгенше эксперименттерді бірнеше рет орындауға мүмкіндік береді. Бұл материалды терең меңгеруді және ғылыми әдіс дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Зерттеулер көрсеткендей, интерактивті визуализацияларды пайдалану пәнге деген қызығушылықты арттырады, алаңдаушылықты азайтады және өз бетінше жұмыс істеуге ықпал етеді. Интерактивті платформалар лезде кері байланысты қамтамасыз етеді, бұл оқушыларды құбылыстарды эксперимент пен зерттеуді жалғастыруға ынталандырады [8].

Педагогикалық құндылығы жоғары болғанымен, интерактивті платформалардың интеграциясы бірқатар факторларды ескеруді талап етеді:

жабдықтардың техникалық қолжетімділігі;

мұғалімдерді жаңа технологияларды қолдануға дайындау;

виртуалды және нақты тәжірибелер арасындағы тепе-теңдік;

тапсырмалардың күрделілігін оқушылардың деңгейіне бейімдеу.

Сәтті қолдану үшін симуляцияларды, виртуалды зертханаларды және бейімделген интерактивті тапсырмаларды біріктіру ұсынылады. Бұл тәсіл когнитивтік дағдыларды жан-жақты дамытуды, білімді бекітуді және мотивацияны арттыруды қамтамасыз етеді [9].

Ғылыми жарияланымдар мен практикалық кейстерді талдау негізінде келесі тұжырымдарды бөліп көрсетуге болады:

PhET – тұжырымдамалық құбылыстарды визуализациялаудың ең жақсы нұсқасы, әсіресе теорияны зерттеу кезеңінде.

Labster – эксперименттік дағдылар мен зерттеушілік әрекеттерді қалыптастыру үшін оңтайлы.

Algodoo – шығармашылық және жобалық тапсырмалар, сондай-ақ динамикалық процестерді визуализациялау үшін пайдалы.

Kahoot! бейімделетін элементтермен – білімді бекітуде, мотивацияда және жылдам бағалау мен талдау дағдыларын қалыптастыруда тиімді.

Платформаларды біріктіріп пайдалану оқытудың барлық негізгі аспектілерін қамтуға мүмкіндік береді: визуализация, тәжірибелік әрекеттер, білімді тексеру және оқушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімделу [10].

Осылайша, интерактивті визуализация оқушылардың физикалық процестер туралы тұрақты тұжырымдамалық түсініктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Білім беру платформаларының салыстырмалы талдауы әрқайсысының бірегей педагогикалық артықшылықтары бар құралдардың әртүрлілігін анықтады. Тиімді оқыту бірнеше платформаларды біріктіру, симуляцияларды, виртуалды зертханаларды және бейімделген тексеру тапсырмаларын біріктіру арқылы мүмкін болады. Интерактивті визуализацияны қолдану оқушылардың ынтасын арттырады, аналитикалық және эксперименттік ойлауын дамытады, физиканы терең түсінуге ықпал етеді.

Физикалық процестерді интерактивті визуализациялауға арналған білім беру платформаларының жүргізілген талдаулары мен салыстырмалы зерттеулері мұндай технологияларды мектептегі оқытуға кіріктірудің жоғары педагогикалық құндылығын көрсетеді. Интерактивті симуляциялар мен виртуалды зертханалар студенттерде физикалық құбылыстардың тұрақты тұжырымдамалық үлгілерін қалыптастыруға ықпал етеді, дәстүрлі әдістермен түсіндіру қиын дерексіз және динамикалық процестерді түсінуді жеңілдетеді.

Платформаларды пайдалану PhET, Labster және Algodoo оқушыларға үлгілерді визуализациялауға, параметрлермен тәжірибе жасауға және мүмкіндік береді нәтижелерді нақты уақыт режимінде бақылаңыз, бұл теорияны неғұрлым берік меңгеруді және аналитикалық ойлауды қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Виртуалды зертханалар эксперименттерді жүргізу үшін қауіпсіз ортаны қамтамасыз етеді, бұл эксперименттерді жобалау, гипотеза жасау, деректерді талдау және қорытындыларды әзірлеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Интерактивті және бейімделгіш тапсырмалар оқытылатын тақырыптарға қызығушылықты оятады, оқуда дербестікті қалыптастырады және оқушыларға қолайлы қарқынмен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Ең тиімдісі әртүрлі платформалардың үйлесімі болып табылады: тұжырымдамаларды меңгеруге арналған симуляциялар, практикалық

дағдыларға арналған виртуалды зертханалар және білім мен мотивацияны бекітуге арналған интерактивті бейімделу тапсырмалары [11].

Практикаға арналған ұсынымдар:

Виртуалды және нақты тәжірибелер арасындағы тепе-теңдікті сақтай отырып, интерактивті визуализацияларды дәстүрлі физика сабақтарына қосымша ретінде біріктіру.

Оқытудың барлық негізгі аспектілерін қамту үшін платформалардың комбинациясын пайдалану: теория, тәжірибе және мотивация.

Сабақтарды жоспарлау кезінде дербестендірілген режимде жұмыс істеуге мүмкіндік бере отырып, оқушылардың дайындық деңгейі мен жеке ерекшеліктерін ескеру қажет.

Білімді бекіту және өз бетінше оқу дағдыларын дамыту үшін бейімделу элементтерін біртіндеп енгізу [12].

Осылайша, заманауи технологияларға негізделген білім беру платформаларын пайдалана отырып, физикалық процестердің интерактивті визуализациясын қолдану мектептегі білім беру сапасын арттырудың жаңа мүмкіндіктерін ашады, оқушылардың пәнді терең түсінуін қалыптастырады және жаратылыстану пәндерін табысты меңгеру үшін қажетті зерттеушілік және танымдық дағдыларды дамытуға ықпал етеді. пәндер.

## Қолданылған дереккөздер тізімі:


1. Көшекқалиев А.Н., Әнесова Г.Қ. Физиканы оқыту үдерісінде цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану: PhET Interactive Simulations // Жаңалықтар. Серия: Педагогикалық ғылымдар. — 2025. — Т. 78, № 3. — Б. 45-53.
2. Маликова Ж.С., Тұрмамбеков Б., Уәлиханов Б.С. Болашақ физика мұғалімдерін даярлауда жасанды интеллектті қолдану бойынша зерттеу // Ясауи университетінің хабаршысы. — 2025. — Т. 3, № 137. — Б. 12-21.
3. Шынатай Қ., Ерланова Б., Шындалиев Н.Т. Білім беру саласында виртуалды технологияларды қолданудың өзектілігі // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. — 2024. — 33-41 беттер.
4. Виртуалды зертханаларды пайдалану бойынша әдістемелік ұсынымдар: PhET, Labster және т.б. — УБА. — 2026. — Б. 10-28.
5. Ибраева А., Гуменчук И. Инженерлік бағыттағы студенттерді дайындауда виртуалды зертханалық жұмыстарды қолдану // Қарағанды мемлекеттік университетінің хабаршысы. индустрия. университет. — 2025. — Б. 55-63.
6. Гаськова А.О., Бугаков П.Ю. Физика курсын оқуды қолдау үшін виртуалды зертхананың дамуы // Ғылыми еңбектер жинағы СГУГиТ (Новосибирск). — 2025. — 79-86 беттер.
7. Гулин В.М. Виртуалды физика зертханалары оқытудың өзекті құралы ретінде // CyberLeninka. — 2022. — Бастап. 15–23.
8. Reyes-Martín H., Arroyo-Hernández M. The Impact of PhET Simulation-Based Learning on Motivation and Academic Achievement // International Journal of Science Education. — 2025. — Vol. 47, № 9. — P. 1102–1115.
9. Benchion Y., Carroll T.K., West C.G., Wong J., Finkelstein N.D. Leveraging generative AI for simulation-based physics experiments // arXiv preprint. — 2025. — P. 1–12.
10. Liang C., Qian Y., Lin Y., Wang Y. Physics Education under the Application of Artificial Intelligence: Bibliometric Analysis // arXiv preprint. — 2026. — P. 1–15.

11. Ochilova O.O., et al. The Use of PhET Technology in Teaching Physics // Pedagogs Scientific Journal. — 2024. — № 2. — P. 37–46.
12. Dudnikova E. Физиканы оқытудағы виртуалды зертханалық жұмыстардың рөлі // Сүлеймен университеті Тарауова (UST). — 2025. — 22-30 беттер.

# ПРИМЕНЕНИЕ ТЕХНОЛОГИИ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ НА УРОКЕ ФИЗИКИ ДЛЯ РАЗВИТИЯ УЧЕБНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ УЧАЩИХСЯ

***Матаева А.С.***
*Магистрант Павлодарского педагогического университета имени Ә,Марғұлан, г. Павлодар,*
***Сейтханова А.К.***
*Научный руководитель: PhD, ассоциированный профессор, г. Павлодар.*

**Аннотация:** в статье рассмотрена связь между учебно-познавательными компетенциями и критическим мышлением. Предложено использование технологии критического мышления для развития учебно-познавательных компетенций на уроках физики. Представлен пример проведения урока физики в соответствии с технологией.

**Ключевые слова:** компетенции, учебно-познавательные компетенции, критическое мышление, технология, физика, урок.

**Аңдатпа:** Мақалада оқу-танымдық құзыреттілік пен сыни ойлау арасындағы байланыс қарастырылады. Физика сабақтарында оқу-танымдық құзыреттілікті дамыту үшін сыни ойлау технологиясын қолдану ұсынылды. Технологияға сәйкес физика сабағын өткізудің мысалы келтірілген.

**Түйінді сөздер:** құзыреттілік, Оқу-танымдық құзыреттілік, сыни ойлау, технология, физика, сабақ.

**Abstract:** the article examines the relationship between educational and cognitive competencies and critical thinking. The use of critical thinking technology for the development of educational and cognitive competencies in physics lessons is proposed. An example of conducting a physics lesson in accordance with technology is presented.

**Keywords:** competencies, educational and cognitive competencies, critical thinking, technology, physics, lesson.

Учебно-познавательные компетенции имеют важную роль в формировании осознанной личности, готовой к жизни в нашем стремительно изменяющемся мире. Поскольку параметры, соответствующие человеку с развитым критическим мышлением, также соответствуют параметрам человека с формированными учебно-познавательными компетенциями, можно предположить, что, развивая у ученика критическое мышление, мы также занимаемся формированием у него учебно-познавательных компетенций.

По версии А.В. Хуторского учебно-познавательные компетенции – это совокупность компетенций учащегося в сфере самостоятельной деятельности, включающей элемент логической, общеучебной

деятельности, соотнесенной с реальными познаваемыми объектами, в которые входят знания и умения организации целеполагания, планирования, анализа, рефлексии и самооценки. [1]

Э.Ф. Зеер же считает что, учебно-познавательные компетенции представляют собой способность самостоятельно получать, структурировать и использовать нужную информацию. [2]

Говоря о критическом мышлении, Л.С. Выготский определяет критическое мышление как вид интеллектуальной деятельности человека, характеризующийся высоким уровнем восприятия и понимания, объективности подхода к информационному полю. Считает, что при большом потоке информации человек должен уметь рационально мыслить, выделять только важный материал, осмысливать его самостоятельно. [3]

Д. Халперн определяет критическое мышление как использование когнитивных техник или стратегий, которые увеличивают вероятность получения желаемого конечного результата. Это определение характеризует мышление как нечто отличающееся контролируемостью, обоснованностью и целенаправленностью, — такой тип мышления, к которому прибегают при решении задач, формулировании выводов, вероятностной оценке и принятии решений. [4]

Когда на занятиях используются методы развития критического мышления, каждый формулирует свои идеи, оценки и убеждения независимо от остальных, что формирует у учащихся учебно-познавательные компетенции.

Для развития критического мышления существует множество способов и методов, одним из них является применение технологии развития критического мышления.

Основой технологии развития критического мышления являются фазы или стадии на которое она разделена.

Первая фаза – вызов, на которой учащиеся вспоминают то, что уже знали и мотивируются на дальнейшую работу;

Вторая фаза – осмысление, стадия работы с информацией, получение новых знаний;

Третья фаза – рефлексия, анализ и формирование мнения насчет полученной информации. [5]

Для осуществления этих стадий и непосредственно применения технологии развития критического мышления существует множество приемов, инструментов и методов.

Например, на уроках мы можем использовать такие приемы и методы как: кластер, дерево предсказаний, бортовой журнал, двухчастный дневник, таблица ЗХУ, толстые и тонкие вопросы, лови ошибку, пометки на полях, синквейн, рыбьи скелет, черный ящик, ключевые слова, ромашка Блума, круги на воде, верные и неверные утверждения, шляпы мышления, анкета, корзина идей и т.д. [6]

Для определения уровня развития учебно-познавательных компетенций существует ряд критериев, по которым мы можем оценить эффективность применения технологии на уроках физики.

Мотивационно-ценностный компонент – активное участие на уроке во время обсуждения тем. В физике проявление интереса к физическим явлениям и экспериментам, осознание значимости физики в повседневной жизни и активное участие в уроках.

Когнитивный компонент – понимание теоретических данных и их связь с ранее изученным материалом. В физике понимание физических понятий, законов и формул.

Операционально-деятельностный компонент – умение проводить опыты и решать задачи самостоятельно. В физике способность проводить опыты и эксперименты, решение практических задач и грамотное оформление проделанной работы.

Рефлексивный компонент – формирование собственного мнения по пройденному материалу и самооценка. [7]

Приведем пример использования технологии на уроке физики в 7 классе по теме «Условия плавания тел». Раздел: Давление. Урок начинается со стадии вызова, для этого используем прием «Верные и неверные утверждения» тем самым повторяем предыдущую тему «Закон Архимеда».

- При погружении в воду тело становится легче из-за воздействия силы Архимеда. (Верное утверждение)

- Сила Архимеда может быть направлена в любые стороны. (Неверное утверждение, сила Архимеда направлена только в верх)

- Сила Архимеда измеряется в паскалях. (Неверное утверждение, сила Архимеда измеряется в Ньютонах)

- Сила Архимеда зависит от объема погруженного тела. (Верное утверждение)

Таким образом мы проверяем знания учащихся по предыдущей теме, их готовность к новой теме и вовлекаем их в урок и активное обсуждение.

Далее переходим к стадии осмысления, где используем прием «Рыбьи скелет». Для этого изображаем скелет рыбы на доске. Голова рыбы – это проблема, которую нужно решить. В нашем случае проблемой будет являться то, что тело тонет. Верхние кости – возможные причины возникновения проблемы. Нижние кости – возможные решения возникших проблем. Хвост – это полученные в процессе рассуждений выводы. Ученики сами рассуждают и пытаются решить проблему разными способами. В конце вместе с учащимися мы получаем выводы о том при каких условиях тело тонет или всплывает.

**Схема модели Фишбоун**




*Рис.1*

Таким образом ученики принимают непосредственное участие в изучении темы, думают, рассуждают, говорят свои гипотезы и получают новые знания. И по тому, как ученики участвуют в данной работе, мы определяем уровень мотивационно-ценностного компонента по тому, как активно ученики участвуют в задании и когнитивного компонента по тому, насколько правильны и логичны их ответы и аргументы.

Для закрепления знаний ученикам выдаются карточки с задачами для самостоятельного решения:

Стальной кубик массой 7800 г и объемом 0.01 м³ опускают в керосин. Утонет ли он?

Металлический шарик массой 200 г и объемом 0,002 м³ опускают в воду. Будет ли он плавать или тонуть?

Проверив выполнение данных задач, мы можем определить уровень операционально-деятельностного компонента, по тому, как они решали задачи, как оформили решение, как грамотно записали ответы.

В конце наступает стадия рефлексии. В данной стадии мы можем использовать таблицу «ЗХУ», то есть знаю, хочу узнать, узнал(а). Ученики чертят таблицу у себя в тетрадях или на листках, далее в первый столбик записывают то, что уже знали до урока, во второй столбик пишут то, что хотели бы узнать в будущем, возможно на следующих занятиях, и в третий столбик пишут то, что узнали на этом уроке нового.

| Знаю | Хочу знать | Узнал(а) |
|---|---|---|
| | | |

Таким образом ученики анализируют свои знания и уровень понимания пройденной темы. И мы получаем данные сформированности рефлексивного компонента по тому, как они заполнят таблицу.

Анализируя результаты сформированности всех четырех компонентов за весь урок, мы можем оценить прогресс развития учебно-познавательных компетенций и сделать вывод, что применение технологии развития критического мышления в рамках уроков по физике эффективен. Вместе с тем систематическое использование данной технологии способствует формированию у учащихся устойчивого интереса к изучению физики, развитию самостоятельности и ответственности за результаты собственной учебной деятельности. Применение приемов критического мышления позволяет активизировать познавательную деятельность учащихся, создать условия для осознанного усвоения учебного материала и его практического применения. Таким образом, внедрение технологии развития критического мышления в учебный процесс не только повышает качество усвоения знаний по физике, но и способствует комплексному развитию учебно-познавательных компетенций, необходимых учащимся для успешного обучения и дальнейшей образовательной деятельности.

## Список использованных источников


1. Хуторской А. В. Технология проектирования ключевых и предметных компетенций [Электронный ресурс].
2. Зеер Э. Ф., Павлова А. М. Ключевые компетенции учащихся по ремесленным профессиям //Образование и наука. – 2005. – №. 1. – С. 70-79.
3. Выготский Л.С. Мышление и речь. М., 1999.
4. Халперн Д. Психология критического мышления. М., 2000. 496 с.
5. Муштавинская И. Технология развития критического мышления на уроке и в системе подготовки учителя. – Litres, 2015.
6. Ткачева Л. Л. Технологии развития критического мышления //Вестник Южно-Уральского государственного университета. Серия: Лингвистика. – 2008. – №. 16 (116). – С. 95-96.
7. Бакаева С. Х. Развитие учебно-познавательной компетенции на уроках физики и математики // Ratio et Natura. — 2022. — № 2 (6). — С. 102–105.

# БАЛЛИСТИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ӘДІСПЕН ШЕШУ

***Ж.Е. Мұқыш***
*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің магистранты,*
***Р.Н. Асылбаев***
*Ғылыми жетекшісі: PhD,доцент*

**Аңдатпа:** Бұл мақалада «Кинематика» бөліміндегі күрделі баллистикалық есептерді шешудің дәстүрлі аналитикалық әдістерінен тыс, геометриялық тәсілдері қарастырылады. Баллистикалық қозғалысты векторлық талдау және геометриялық салулар арқылы шешудің тиімділігін негізделенеді. Мақалада нақты олимпиадалық деңгейдегі есептер мысалында жылдамдықтар векторының өзгеруі мен қозғалыс траекториясының қасиеттерін геометриялық интерпретациялау жолдары көрсетілген.

**Түйінді сөздер :** жылдамдық үшбұрышы, орын ауыстыру үшбұрышы.

**Аннотация**: В данной статье рассматриваются геометрические подходы к решению сложных баллистических задач в разделе «Кинематика». Обосновывается эффективность решения баллистического движения посредством векторного анализа и геометрических построений. В статье отражены пути геометрической интерпретации свойств траектории движения и изменения вектора скоростей на примере расчетов на конкретном олимпиадных задачах.

**Ключевые слова**: треугольник скоростей, треугольник перемещении.

**Abstract**: This article discusses geometric approaches to solving complex ballistic problems in the Kinematics section. The effectiveness of solving ballistic motion through vector analysis and geometric constructions is substantiated. The article reflects the ways of geometric interpretation of the trajectory of motion,changes in the velocity vector using the example of calculations on specific olympiad tasks.

**Keywords:** triangle of velocities, triangle of displacement.

## Кіріспе

Қазіргі кезде олимпиадалық есептерді шешу үшін, оқушы тек қана дайын формулаларды жаттаумен шектелмей, сонымен қатар күрделі физикалық процестерді терең талдау қабілетіне және оңтайлы математикалық құралдарды таңдай білуге міндетті. Жалпы білім беретін мектептердің физика курсындағы «Кинематика» тарауы, әсіресе, көкжиекке белгілі бір бұрышпен лақтырылған заттың қозғалысы (баллистика), көбінесе талдамалық (аналитикалық) тәсіл арқылы – яғни қозғалыс теңдеулерін координата жүйесінің осьтеріне проекциялау арқылы қарастырылады. [1, б. 20].

Алайда, олимпиадаларда жиі кездесетін «ең аз қажетті жылдамдықты табу», «соқтығысуға ең қолайлы бастапқы бұрышты анықтау» немесе «нысананы дәлдеудің мүмкін аймағын есептеу» сияқты есептер үшін аналитикалық тәсіл тым күрделі теңдеулер жүйесіне алып келуі ықтимал. Мұндай жағдайларда, векторлық қосынды ережелері мен геометриялық фигуралардың қасиеттерін пайдаланатын геометриялық әдіс мәселені

шешуді айтарлықтай жеңілдетеді және физикалық мағынасын ашуға септігін тигізеді.

Баллистикалық есептерді геометриялық жолмен шығару дағдысы оқушының кеңістіктегі ойлауын жетілдіреді, абстрактілі математикалық модельдер мен нақты физикалық құбылыстар арасындағы логикалық байланысты нығайтады. Бұл мақаланың мақсаты — механика пәні бойынша оқушыларды олимпиадаға даярлау процесінде баллистикалық есептерді геометриялық әдіспен шешудің әдістемелік ерекшеліктерін анықтап, оның тиімділігін дәлелдеу. [2, б. 34].

Материалдар мен әдістер

Векторлық кинематика

Баллистикалық есептерді шешудегі геометриялық идеялар

Қазіргі уақытта дененің көкжиекке бұрышпен лақтырылған қозғалысына арналған есептерді шешудің екі әдісі бар: координаттар әдісі және векторлық әдіс. Бұл жұмыста әр түрлі күрделілік дәрежесіндегі көптеген мәселелерді шешу мысалдарында векторлық әдісті дамыту қарастырылады. Бастау үшін геометриядан көмекші ұғымдар, формулалар мен теоремалар қарастырылады, содан кейін, есептердің өзі және қорытындылай келе — әдістің маңыздылығы.

Қысқаша ақпарат

Орташа жылдамдық векторын $\langle\vec{v}\rangle$ деп, $t$ уақыт ішінде жасалған $\vec{S}$ орын ауыстырудың сол уақыт аралығындағы қатынасын білдіреді[3, б. 34].:

$$\langle\vec{v}\rangle = \frac{\vec{S}}{t} \qquad (1)$$

Теңүдемелі қозғалыс кезінде орын ауыстыру векторы $\vec{S}$, бастапқы жылдамдық $\vec{v}_0$ , тұрақты үдеу $\vec{g}$ және орын ауыстыруға кеткен уақыт $t$ арасында осындай векторлық теңдік орындалады[4, б. 60].:

$$\vec{S} = \vec{v}_0 t + \frac{\vec{g}t^2}{2} \qquad (2)$$




*1-ші сурет*

2-ші теңдеуді $t$-ге бөліп және оны бастапқы жылдамдық, үдеу және жылдамдықтың осы уақыт аралығындағы өзгерісі болған соңғы

жылдамдықты өрнектейтін 3-ші векторлық теңдікпен салыстырайық (1-ші сурет).Және дененің жылдамдық үшбұрыш теңдеуін 2-ші суретте көре аласыз:

$$\frac{\vec{S}}{t} = \vec{v}_0 + \frac{\vec{g}t}{2}$$

$$\vec{v}_к = \vec{v}_0 + \vec{g}t \qquad (3)$$




*2-ші сурет*

Осыдан жылдамдық үшбұрышындағ орташа жылдамдық $\vec{g}t$ -ге жүргізілген медиана болып табылады (3-ші сурет):

$$\langle\vec{v}\rangle = \frac{\vec{S}}{t} = \frac{\vec{v}_0 + \vec{v}_к}{2} \qquad (4)$$




*3-ші сурет*

Енді барлық векторлық үшбұрыштарды біріктірсек, бір дененің қозғалысын сипаттағанда, ақпараттық тұрғыдан жылдамдық үшбұрышы қозғалыс үшбұрышынан кем түспейтінін, тіпті одан асып түсетінін байқаймыз. Әрі қарай бір дененің қозғалысына арналған барлық есептерді біз тек жылдамдық үшбұрышын пайдалана отырып шешетін боламыз. Енді оны егжей-тегжейлі қарастырайық (4-ші сурет).




*4-ші сурет*

**Ескерту 1.** Дененің минималды жылдамдығы $\vec{v}_{min}$ үдеуге $\vec{g}$ перпендикуляр.

**Ескерту 2.** $H$ көтерілу биіктігі теріс шамада болуы мүмкін, онда $H$ биіктіті көлденеңнен $\vec{g}$ бойымен алу керек.

**Ескерту 3.** Суреттен 5-ші теңдеумен бірге:

$$\frac{\vec{S}}{t} = \vec{v}_0 + \frac{\vec{g}t}{2} \qquad (5)$$

6-шы теңдеуді де қолдануға болады,

$$\frac{\vec{S}}{t} = \vec{v}_к - \frac{\vec{g}t}{2} \qquad (6)$$

Кейбір есептерде 5-ші теңдеудің орнына 6-ші теңдеуді қолдану тиімдірек болады.

**Ескерту 4**. Дененің бастапқы жылдамдық $\vec{v}_0$ және $\vec{v}_к$ жылдамдығы $H$ биіктігімен тек 7-ші теңдеумен байланасты:

$$v_к^2 = v_0^2 - 2gH \qquad (7)$$

Бұл формуланы дәлелдеу үшін, ортақ катетті $\frac{L}{t}$. болатын екі тікбұрышты үшбұрыштарға қарастыру жеткілікті болады. Сонда, Пифагор теоремасы бойынша осы катетті $\left(\frac{L}{t}\right)^2$ екі рет түрлендіру арқылы және шыққан екі өрнекті бір-біріне теңестіру арқылы 8-ші теңдеуді аламыз:

$$v_0^2 - \left(\frac{H}{t} + \frac{gt}{2}\right)^2 = v_к^2 - \left(\frac{H}{t} - \frac{gt}{2}\right)^2 \qquad (8)$$

Жақшаларды ашсақ, 7-ші теңдеуді аламыз.

**Ескерту 5** (!) Суреттен қабырғалары $\vec{v}_0$ бастапқы жылдамдық, $\langle\vec{v}\rangle$ орташа жыламдық және $0{,}5\vec{g}t$ болатын жылдамдық үшбұрышының ауданы 9-шы өрнекке тең:

$$S_\Delta = \frac{1}{4}Lg \qquad (9)$$

Үшбұрыштың ауданын табу үшін келесі үш формуланы қолдансақ болады:

$$S_\Delta = \frac{1}{2}h_a a = \frac{1}{2}ab\sin\alpha = \frac{1}{2}a^2\frac{\sin\alpha\sin\beta}{\sin(\alpha+\beta)}$$

мұндағы, $\alpha$ және $\beta$ - а негізіндегі үшбұрыштағы бұрыштар. Және де келтіру формуласын жиі қолданамыз 10-шы өрнек.

$$\sin(90^\circ \pm \alpha) = \cos\alpha \qquad (10)$$

Аудан туралы үш теорема:

**Теорема 1**. Егер екі үшбұрыштың бұрыштары және осы бұрыштарға қарсы жақтан қабырғалары тең болса, онда мұндай үшбұрыштар өзара тең болады (5-ші сурет).




*5-ші сурет*

**Теорема 2.** Егер үшбұрыштың бұрышы және осы бұрышқа қарсы жатқан қабырғасы берілсе, онда үшбұрыштың ауданы максималды болады, егерде үшбұрыш теңбүйірлі болса.

**Теорема 3.** Егер үшбұрыштың ауданы мен бұрышы берілсе, онда осы бұрышқа қарсы жатқан қабырға минилды болады, егерде үшбұрыш теңбүйірлі болса (6-шы сурет).




*6-шы сурет*

Нәтиже және талқылау

Зерттеу жұмысының практикалық кезеңінде баллистикалық есептерді шешуде геометриялық әдістің тиімділігін анықтау мақсатында оқушылар арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға **24 оқушы** қатысты. Зерттеуде екі топ қарастырылды: **эксперименттік топ** және **бақылау тобы**. Эксперименттік топ оқушылары баллистикалық есептерді **аналитикалық және геометриялық тәсілдермен** шешуге үйренсе, бақылау тобы тек **аналитикалық әдісті** меңгерді. Сауалнама нәтижелері негізінен геометриялық әдіспен жұмыс жасаған оқушылардың пікірін, қиындықтарын және осы әдіске деген қатынасын анықтауға бағытталды.

Сауалнаманың бірінші сұрағында баллистикалық есептерді, атап айтқанда дененің көкжиекке бұрыш жасай қозғалысын шешуде ең қиын тұс қандай екені анықталды (7-ші сурет). Нәтиже бойынша оқушылардың **41,7%-ы** математикалық түрлендірулер мен жүйелі теңдеулерді шешуді ең қиын кезең деп көрсеткен. **33,3%-ы** қозғалыс теңдеулерін құру және проекциялауда қиналатынын айтса, **25%-ы** есептің физикалық моделін, яғни сызбасын көз алдына елестетуді қиын деп бағалаған. Бұл нәтиже баллистикалық есептерде негізгі қиындық тек формулаларды қолдануда емес, есептің математикалық құрылымын дұрыс ұйымдастыруда жатқанын көрсетеді. Сонымен бірге, оқушылардың төрттен бір бөлігі үшін физикалық жағдайды сызба түрінде елестету де елеулі мәселе екені байқалады.




*7-ші сурет*

Екінші сұрақта оқушылардан баллистикалық есептерді шешуде бұрын «векторлық үшбұрыш» сияқты геометриялық тәсілдерді қолданған-қолданбағаны сұралды (8-ші сурет). Нәтижесінде **95,8%** оқушы геометриялық тәсілді алғаш рет естіп тұрғанын, ал тек **4,2%** оқушы бұл әдіс туралы естігенімен, іс жүзінде қолданбағанын көрсеткен. Геометриялық әдісті үнемі қолданған бірде-бір оқушы болмаған. Бұл жағдай мектеп физикасында баллистикалық есептерді шешудің дәстүрлі аналитикалық жолы басым екенін, ал геометриялық әдістің оқу тәжірибесінде әлі де жеткілікті деңгейде қолданылмайтынын дәлелдейді.




*8-ші сурет*

Үшінші сұрақ геометриялық әдіспен танысқаннан кейін есептің шешілу жолы қаншалықты жеңілдегенін бағалауға арналды (9-шы сурет). Оқушылар 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша жауап берген. Нәтижелер былайша бөлінді: **1 балл – 4,2%, 2 балл – 12,5%, 3 балл – 16,7%, 4 балл – 25%, 5 балл – 41,7%.** Яғни, оқушылардың басым бөлігі геометриялық әдіс есеп шығаруды айтарлықтай жеңілдеткенін атап өткен. Егер 4 және 5 деген жоғары бағаларды біріктірсек, олардың үлесі **66,7%** болады. Бұл геометриялық тәсілдің оқушыға есеп құрылымын көрнекі түрде түсінуге, шамалар арасындағы байланысты тезірек аңғаруға және шешу жолын ықшамдауға көмектесетінін көрсетеді.




*9-шы сурет*

Төртінші сұрақ олимпиадалық есептерді шешуде геометриялық әдістің сенімділік беру деңгейін анықтауға бағытталды (10-шы сурет). Нәтиже бойынша оқушылардың **66,7%-ы** геометриялық әдіс уақытты үнемдеуге және қателікті азайтуға көмектесетінін айтқан. **29,2%-ы** екі әдісті қатар қолдану тиімді деп есептейді. Тек **4,2%** оқушы аналитикалық әдіс өзіне сенімдірек көрінетінін көрсеткен. Бұл деректер геометриялық тәсілдің оқушылардың есеп шығарудағы сенімділігін арттыратынын және оны аналитикалық әдіске балама ғана емес, кей жағдайда оны толықтыратын тиімді құрал ретінде қабылдай бастағанын білдіреді.




*10-шы сурет*

Бесінші сұрақта баллистикалық есептердегі «ең кіші жылдамдық» немесе «ең тиімді бұрыш» сияқты шамаларды табуда қай әдіс ұтымды екені анықталды(11-ші сурет). Оқушылардың **54,2%-ы** геометриялық әдісті тиімді деп таныған, **41,7%-ы** екі әдістің қиындығы бірдей деген пікір білдірген, ал тек **4,2%-ы** аналитикалық әдісті таңдаған. Бұл нәтиже, әсіресе, траектория параметрлері арасындағы тәуелділіктерді салыстыру, экстремум мәндерді түсіну және векторлық байланыстарды көру тұрғысынан геометриялық әдістің артықшылыққа ие екенін аңғартады.




*11-ші сурет*

Алтыншы сұрақ геометриялық жолмен шешу барысында оқушыларға не кедергі болатынын анықтады(12-ші сурет). Ең көп таңдалған жауап — **векторларды дұрыс бағыттай алмау 45,8%. 29,2%** оқушы сызбаның дәлдігіне күмәнданатынын айтқан. Ал **25%** оқушы геометриялық теоремаларды (синустар, косинустар) физикамен байланыстыра алмауды қиындық ретінде көрсеткен. Бұл нәтижелер геометриялық әдістің тиімділігімен қатар, оны меңгеруде арнайы дағды қажет екенін көрсетеді. Әсіресе, векторлық бейнелеу, бағыттарды дұрыс таңдау, сызбаның физикалық мағынасын түсіну және геометриялық теоремаларды физикалық модельмен ұштастыру маңызды рөл атқарады.




*12-ші сурет*

Жетінші сұрақ сабақ үстінде геометриялық әдісті меңгеру оқушылардың физикалық құбылыстарды көз алдына елестету қабілетіне қалай әсер еткенін бағалады (13-ші сурет). Нәтижеге сәйкес, **41,7%** оқушы құбылыстың физикалық мәнін тереңірек түсіне бастағанын айтқан. **33,3%** оқушы оны тек есеп шығарудың қосымша жолы ретінде қабылдаған, ал **25%** ешқандай өзгеріс байқамаған. Бұл көрсеткіштер геометриялық әдістің тек есепті шығару техникасын жетілдіріп қана қоймай, бірқатар оқушыларда физикалық процесті кеңістікте елестету және оның мәнін тереңірек түсіну қабілетін дамытуға ықпал еткенін білдіреді.




*13-ші сурет*

Жалпы алғанда, сауалнама нәтижелері геометриялық әдістің мектеп физика курсындағы баллистикалық есептерді оқытуда елеулі дидактикалық мүмкіндікке ие екенін көрсетті. Біріншіден, бұл әдіс оқушылар үшін жаңа болғанымен, олар оны тез қабылдап, тиімді құрал ретінде бағалаған. Екіншіден, геометриялық тәсіл есептің шартын көрнекі түрде талдауға, қозғалыстың физикалық моделін жақсырақ түсінуге және кейбір шамаларды аналитикалық ұзақ түрлендірусіз табуға мүмкіндік береді. Үшіншіден, оқушылардың басым бөлігі бұл әдіс есеп шығаруды жеңілдетіп, сенімділікті арттырғанын атап өткен.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері геометриялық әдісті енгізуде белгілі бір әдістемелік қиындықтардың да бар екенін көрсетті. Атап айтқанда, векторлардың бағытын дұрыс таңдау, сызбаны дәл салу және геометриялық ұғымдарды физикалық мазмұнмен байланыстыруға арнайы

көңіл бөлу қажет. Сондықтан геометриялық әдісті оқытуда тек дайын формаларды беру жеткіліксіз; оны кезең-кезеңмен, сызбалық түсіндірулермен, векторлық модельдермен және аналитикалық әдіспен салыстыра отырып меңгерту тиімді болады.

Осылайша, сауалнама қорытындылары эксперименттік топта қолданылған геометриялық тәсілдің оқушылардың баллистикалық есептерге деген қызығушылығын арттырып, есепті түсіну сапасын жақсартқанын және оны мектеп физикасын оқыту тәжірибесіне енгізудің орынды екенін көрсетеді.

**Қорытынды**

Зерттеу барысында мектеп физика курсындағы баллистикалық есептерді шешуде геометриялық әдістің тиімділігі қарастырылды. Теориялық және практикалық талдау нәтижесінде бұл әдіс оқушыларға қозғалыстың физикалық мәнін тереңірек түсінуге, есеп шартын көрнекі түрде талдауға және шешу жолын тиімді таңдауға көмектесетіні анықталды.

Эксперименттік топ нәтижелерінің бақылау тобынан жоғары болуы геометриялық әдісті аналитикалық тәсілмен бірге қолданудың пайдалы екенін көрсетті. Бұл әдіс әсіресе күрделірек және стандарт емес есептерді шешуде оқушылардың логикалық, кеңістіктік және векторлық ойлауын дамытуға ықпал етеді.

Осылайша, баллистикалық есептерді оқытуда геометриялық әдісті пайдалану оқу сапасын арттыратын тиімді тәсілдердің бірі болып табылады.

**Қолданылған дереккөздер тізімі:**


1. Гельфгат И.М., Генденштейн Л.Э., Кирик Л.А. 1001 задача по физике с решениями:учеб. пособие. –Харьков-М.: Независимый научно-методический центр «Развивающее обучение», 1996. –596 б.
2. Семенова М.В., Якуты А.А.Задачи Московских городских олимпиад по физике. 1986-2005. –М.: МЦНМО, 2006. –623 б.
3. Воробьев И.И., Зубков П.И., Кутузова Г.А., Савченко О.Я., Трубачев А.М., Харитонов В.Г. Задачи по физике: учеб. пособие. –СПб.: Лань, 2001. –368 б

# ЖАЛПЫ САЛЫСТЫРМАЛЫЛЫҚ ТЕОРИЯСЫНДА ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ГЕОМЕТРИЯНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

***Шингисова Д.***
*Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті*
***Жунусова Р.А.***
*ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, магистр*

**Аңдатпа.** Зерттеу жұмысы жалпы салыстырмалылық теориясының іргелі принциптері мен дифференциалдық геометрия ұғымдарының өзара байланысын зерделеуге арналған. Теориялық бөлімде кеңістік-уақыттың метрикалық қасиеттері, Риман қисықтығының физикалық мәні және Эйнштейн теңдеулерінің геометриялық негіздері талданады. Практикалық маңызы ретінде жерсеріктердің орбиталық траекторияларын есептеудегі релятивистік түзетулер қарастырылып, заманауи физикадағы геометриялық тәсілдердің ғылыми жаңалығы мен даму бағыттары тұжырымдалады.

**Түйінді сөздер:** жалпы салыстырмалылық теориясы, дифференциалдық геометрия, кеңістік-уақыт қисықтығы, метрикалық тензор, Риман геометриясы, гравитациялық өріс.

***Аннотация.*** Данное исследование посвящено изучению взаимосвязи фундаментальных принципов общей теории относительности и понятий дифференциальной геометрии. В теоретической части анализируются метрические свойства пространства-времени, физический смысл римановой кривизны и геометрические основы уравнений Эйнштейна. Практическая значимость работы заключается в рассмотрении релятивистских поправок при расчете орбитальных траекторий спутников. В заключении обобщаются научная новизна и перспективы развития геометрических методов в физике..

***Ключевые слова:*** общая теория относительности, дифференциальная геометрия, кривизна пространства-времени, метрический тензор, риманова геометрия, , гравитационное поле.

***Abstract.*** This research explores the fundamental principles of General Relativity and their connection to the concepts of differential geometry. The theoretical part analyzes the metric properties of spacetime, the physical meaning of Riemannian curvature, and the geometric foundations of Einstein's equations. Practical significance focuses on relativistic corrections for calculating satellite orbital trajectories. In conclusion, the scientific novelty and future development of geometric methods in modern physics are summarized and evaluated

***Keywords:*** general relativity, differential geometry, space-time curvature, metric tensor, Riemannian geometry, , gravitational field, orbital modeling.

Қазіргі физика ғылымының іргелі бағыттарының бірі – жалпы салыстырмалылық теориясы болып табылады. Бұл теория кеңістік пен уақытты біртұтас құрылым ретінде қарастырып, гравитация құбылысын жаңа тұрғыдан түсіндіреді. Дәстүрлі көзқараста гравитация күш ретінде

сипатталса, жалпы салыстырмалылық теориясында ол кеңістік-уақыттың геометриялық қасиеттерінің көрінісі ретінде қарастырылады. Осы теорияны математикалық тұрғыдан сипаттауда дифференциалдық геометрия ерекше рөл атқарады. Бұл сала кеңістіктің қисықтығын, метрикалық құрылымын және геометриялық қасиеттерін зерттейді.

Жалпы салыстырмалылық теориясы XX ғасырдың басында Альберт Эйнштейн тарапынан ұсынылып, физика ғылымында жаңа кезеңнің басталуына себеп болды. Бұл теорияның негізгі идеясы – масса мен энергия кеңістік-уақыттың құрылымын өзгертіп, оның қисықтығын тудырады. Ал осы қисықтық денелердің қозғалыс заңдылықтарын анықтайды.

Кеңістік-уақыттың мұндай күрделі құрылымын зерттеу үшін дифференциалдық геометрияның әдістері қолданылады. Атап айтқанда, метрикалық тензор кеңістік-уақыттағы арақашықтықтарды анықтайды, ал қисықтық тензоры оның деформациясын сипаттайды. Бұл ұғымдар гравитациялық өрістің табиғатын түсіндіруде негізгі құрал болып табылады.

Дифференциалдық геометрияда маңызды орын алатын ұғымдардың бірі – геодезиялық сызықтар. Олар кеңістіктегі ең қысқа жолдарды сипаттайды және физикада еркін қозғалыстағы денелердің траекториясын анықтауда қолданылады. Яғни, сыртқы күштер әсер етпеген жағдайда дене дәл осы геодезиялық сызық бойымен қозғалады.

Сонымен қатар, ковариантық туындылар мен Кристоффель символдары сияқты математикалық аппараттар кеңістік-уақыттағы шамалардың өзгерісін сипаттауға мүмкіндік береді. Бұл құралдар физикалық заңдарды координаталар жүйесіне тәуелсіз түрде жазуға жағдай жасайды. Жалпы салыстырмалылық теориясы мен дифференциалдық геометрияның өзара байланысы гравитациялық өрістерді модельдеуде айқын көрінеді. ( Сурет-1)




*1 сурет- Жалпы салыстырмалылық теориясындағы кеңістік-уақыттың қисаюы*

Кеңістік-уақыт жалған-римандық метрика арқылы сипатталып, оның қасиеттері дифференциалдық теңдеулер көмегімен зерттеледі. Мұндай

модельдер қара құрдымдар, гравитациялық толқындар және басқа да күрделі физикалық құбылыстарды түсіндіруге мүмкіндік береді.

Аналитикалық әдістер бұл теорияны зерттеуде маңызды рөл атқарады. Олар күрделі теңдеулер жүйесін шешуге, модельдердің қасиеттерін анықтауға және физикалық процестерді талдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сандық әдістер мен компьютерлік модельдеу бұл процесті жеңілдетіп, нақты есептеулер жүргізуге жағдай жасайды.

Жалпы салыстырмалылық теориясының негізгі ұғымдарының бірі – метрикалық тензор болып табылады. Метрикалық тензор кеңістік-уақыттағы арақашықтықты және интервалды анықтайтын математикалық объект ретінде қарастырылады. Ол арқылы екі оқиға арасындағы арақашықтық, уақыт интервалы және геометриялық қасиеттері сипатталады.

Кеңістік-уақыттағы интервал келесі түрде беріледі:

$$ds^2 = g_{\mu\vartheta}\, dx^{\mu}\, dx^{\vartheta}$$

мұндағы $g_{\mu\vartheta}$ – метрикалық тензор компоненттері, ал $dx^{\mu}, dx^{\vartheta}$– координаталар өсімшелері. Бұл өрнек кеңістік-уақыттың геометриялық құрылымын толық сипаттайды және оның қисықтығын анықтауға мүмкіндік береді.

Метрикалық тензордың көмегімен геодезиялық сызықтар анықталады. Геодезиялық сызықтар – кеңістік-уақыттағы ең қысқа немесе экстремал жолдар болып табылады. Физикалық тұрғыдан алғанда, бұл сызықтар бойымен еркін қозғалған денелердің траекториялары сипатталады. Мысалы, гравитациялық өрісте қозғалған планеталар немесе жарық сәулелері дәл осы геодезиялық сызықтар бойымен қозғалады.

Геодезиялық теңдеулер келесі түрде жазылады:

$$\frac{d^2x^{\lambda}}{d\tau^2} + \Gamma^{\lambda}_{\mu\vartheta}\frac{dx^{\vartheta}}{d\tau} = 0$$

мұндағы $\Gamma^{\lambda}_{\mu\vartheta}$ – Кристоффель символдары, олар кеңістік-уақыттың қисықтығын сипаттайды. Бұл теңдеулер қозғалыс заңдарының жалпыланған түрі болып табылады және классикалық механикадағы Ньютон заңдарының жалғасы ретінде қарастырылады.

Сонымен қатар, кеңістік-уақыттың қисықтығын сипаттау үшін Риман қисықтық тензоры қолданылады. Бұл тензор гравитациялық өрістің ішкі құрылымын және оның әсерін толық сипаттайды. Эйнштейн теңдеулері дәл осы қисықтық пен энергия-импульс тензоры арасындағы байланысты көрсетеді:

$$\mathrm{G}_{\mu\vartheta} = 8\pi\mathrm{T}_{\mu\vartheta}$$

$\mathrm{G}_{\mu\vartheta}$- Эйнштейн тензоры

$\mathrm{T}_{\mu\vartheta}$ - энергия- импульс тензоры

Бұл теңдеу кеңістік-уақыттың геометриясы мен материяның өзара байланысын сипаттайтын негізгі заң болып табылады. Яғни, материя кеңістік-уақытты қисайтады, ал кеңістік-уақыттың қисықтығы денелердің

қозғалысын анықтайды. Осылайша, метрикалық тензор, геодезиялық сызықтар және қисықтық тензорлары жалпы салыстырмалылық теориясының математикалық негізін құрайды және дифференциалдық геометрияның физикадағы маңызын айқын көрсетеді.

Практикалық тұрғыдан алғанда, дифференциалдық геометрия әдістері жерсеріктердің орбиталарын есептеуде кеңінен қолданылады. Кеңістік-уақыттың қисықтығын ескеру арқылы орбиталық қозғалыстардың дәл моделі құрылады. Бұл навигациялық жүйелердің тиімділігін арттырып, ғарыштық аппараттардың қозғалысын басқаруда маңызды рөл атқарады. Жерсеріктің орбиталарын есептеуде Лагранж теңдеуі қолданылады.

Есептерді шешуде математикалық модельдеу – күрделі физикалық құбылыстарды қарапайым әрі басқарылатын формаларға келтіретін әдіс ретінде қызмет етеді. Модельдеудің екі негізгі түрі бар: теориялық және имитациялық модельдеу. Теориялық модельдеуде математикалық формулалар мен теңдеулер арқылы жүйенің мінез-құлқы анықталады, ал имитациялық модельдеу нақты процестерді компьютерде еліктеумен сипатталады.

Мысалы, GEOGEBRA, Mathcad, MATLAB, Wolfram Mathematica және басқа бағдарламалық құралдар арқылы теңдеулерді шешу, арифметикалық есептеулер жүргізу және нәтижелерді визуалдау мүмкіндігі қарастырылады.

Мысал: Кеңістіктегі қисық – қисықтықты толық табу (Сурет-2)

$r(t)=(2\cos t, 2\sin t, t)$

$r'(t)=(-2\sin t, 2\cos t, 1)$

$r''(t)=(-2\cos t, -2\sin t, 0)$

$$r'(t)\times r''(t)=\begin{vmatrix} i & j & k \\ -2sint & 2cost & 1 \\ -2cost & -2sint & 0 \end{vmatrix}=$$

$=(2cost\cdot 0-1(-2sint))i-((-2sint\cdot 0-1(-2cost)))j+((-2sint)(-2sint)-(2cost)(-2cost))k=(2sint)i-(2cost)j+(4sin2t+4cos2t)k==(2sint,-2cost,4)$

$/r'\times r''/=\sqrt{(2sint)^2+(-2cost)^2+4^2}=\sqrt{4sin^2t+4cos^2t+16}=\sqrt{4+16}=\sqrt{20}=2\sqrt{5}$

$/r'(t)/=\sqrt{4sin^2t+4cos^2t+1}=\sqrt{5}$

$K=\frac{2\sqrt{5}}{(\sqrt{5})^3}=\frac{2}{5}$




*2 сурет- Берілген мысалдағы қисықтың Geogebra қосымшасындағы сызбасы*

Қосымша практикалық мысалдарды қарастыруға болады:

1. Гравитациялық линзалау: Жұлдыздардың және галактикалардың жарығы, кеңістік-уақыт қисықтығы арқылы, бақылаушыға жеткенде қисаяды. Бұл эффект дифференциалдық геометрия әдістерімен модельденеді.

2. Глобалды навигациялық жүйелер (GPS): Жерсеріктердің нақты уақыттағы орбиталарын есептеуде кеңістік-уақыт қисықтығы ескеріледі. Егер салыстырмалылық әсері ескерілмесе, GPS сигналдарының дәлдігі бірнеше километрге ауытқуы мүмкін.

3. Гравитациялық толқындарды зерттеу: LIGO және Virgo эксперименттері ғарыштық оқиғалардан шыққан толқындарды тіркейді. Дифференциалдық геометрия бұл толқындардың кеңістік-уақыттағы әсерін математикалық тұрғыдан сипаттауға мүмкіндік береді.

Бұл мысалдарды тереңірек зерттеу барысында қарастырамыз.

Жалпы алғанда, дифференциалдық геометрия мен жалпы салыстырмалылық теориясының интеграциясы физикалық құбылыстарды терең түсінуге және оларды математикалық тұрғыдан дәл сипаттауға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе жалпы салыстырмалылық теориясы мен дифференциалдық геометрияның өзара байланысы қазіргі ғылымдағы маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Дифференциалдық геометрия кеңістік-уақыттың құрылымын сипаттаудың негізгі құралы ретінде гравитациялық құбылыстарды түсіндіруге мүмкіндік береді.Зерттеу барысында бұл екі саланың теориялық және практикалық тұрғыдан өзара тығыз байланыста екендігі анықталды. Әсіресе, гравитациялық өрістерді модельдеу, жерсеріктердің орбиталарын есептеу, гравитациялық линзалау және компьютерлік модельдеу салаларында олардың маңызы ерекше. Болашақта бұл бағыттағы зерттеулердің дамуы жаңа ғылыми жетістіктерге

алып келіп, физика мен математиканың одан әрі дамуына ықпал ететіні сөзсіз.

## Қолданылған дереккөздер тізімі:


1. Әбішев М. Е. Салыстырмалылық теориясының негіздері. — Алматы: Қазақ университеті, 2011.
2. Carroll S. M. Spacetime and Geometry: An Introduction to General Relativity. — Cambridge University Press, 2019.
3. Schutz B. F. *A First Course in General Relativity (3rd Edition).* — Cambridge University Press, 2020.
4. Рашевский П. К. Риманова геометрия и тензорный анализ. — М.: Наука, 1967.
5. Hobson M. P., Efstathiou G., Lasenby A. N. *General Relativity: An Introduction for Physicists (Updated Edition).* — Cambridge University Press, 2021.


# СФЕРАЛЫҚ ҚИСЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ


***Е. Б. Амангелді***

*Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті*

***Р.А. Жунусова***

*Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, магистр*



**Аңдатпа.** Мақалада сфераның аналитикалық және параметрлік сипаттамалары, оның бірінші квадраттық формасы мен метрикасы бойынша мысалдар қарастырылады. Сфералық қималардың геометриялық қасиеттері, Гаусс және орташа қисықтықтар есептеледі. Бұл жұмыс дифференциалдық геометрия әдістерін қолдану арқылы сфераның ішкі және сыртқы параметрлері арасындағы байланысты зерттейді.



**Түйінді сөздер:** Сфера, сфералық қима, дифференциалдық геометрия, бірінші квадраттық форма, Гаусс қисықтығы, орташа қисықтық



**Аннотация.** В статье рассматриваются аналитические и параметрические характеристики сферы, приводятся примеры её первой квадратичной формы и метрики. Исследуются геометрические свойства сферических сечений, вычисляются гауссова и средняя кривизна. Данная работа изучает взаимосвязь между внутренними и внешними параметрами сферы с использованием методов дифференциальной геометрии.



**Ключевые слова:** Сфера, сферическое сечение, дифференциальная геометрия, первая квадратичная форма, гауссова кривизна, средняя кривизна.



**Abstract.** The article examines the analytical and parametric characteristics of the sphere and provides examples of its first fundamental form and metric. The geometric properties of spherical sections are studied, and the Gaussian and mean curvatures are calculated. This work investigates the relationship between the internal and external parameters of the sphere using the methods of differential geometry.



**Keywords:** Sphere, spherical section, differential geometry, first fundamental form, Gaussian curvature, mean curvature.


Сфера аналитикалық және дифференциалдық геометрияда зерттелетін негізгі геометриялық беттердің бірі болып табылады. Ол кеңістіктегі берілген нүктеден — центрден бірдей қашықтықта орналасқан

нүктелер жиыны ретінде анықталады. Өзінің симметриясы мен аналитикалық сипаттамасының қарапайымдылығының арқасында сфера кеңістіктік фигураларды және олардың қасиеттерін зерттеуде кеңінен қолданылады.

Сфераны зерттеудің маңызды бағыттарының бірі — оның жазықтықпен қималарын қарастыру. Сфера мен қиюшы жазықтықтың өзара орналасуына байланысты әртүрлі геометриялық фигуралар пайда болады, олардың негізгісі — шеңбер. Ерекше қызығушылық сфера центрі арқылы өтетін қимаға, яғни үлкен шеңберге аударылады, өйткені ол ең үлкен радиусқа ие болады (сурет 1). Осындай қималарды зерттеу сфера радиусы, центрден жазықтыққа дейінгі қашықтық және алынатын фигуралардың параметрлері арасындағы тәуелділіктерді анықтауға мүмкіндік береді.



*Сурет 1. Сфера қимасы*

Сфералық қималарды зерттеудің теориялық та, практикалық та маңызы бар. Мұндай есептер инженерлік графикада, физикада, компьютерлік модельдеуде және кеңістіктік объектілерді талдаумен байланысты басқа да салаларда қолданылады. Сонымен қатар, бұл тақырыпты қарастыру геометриялық фигураларды аналитикалық тұрғыдан зерттеу дағдыларын дамытуға және олардың параметрлері арасындағы өзара байланыстарды түсінуге ықпал етеді.

Тақырыптың өзектілігі кеңістіктік беттердің қасиеттерін тереңірек зерттеу қажеттілігімен және геометриялық есептерді шешуде аналитикалық әдістерді қолданудың маңыздылығымен түсіндіріледі.

Зерттеу мақсаты — сфералық қималарды және олардың негізгі геометриялық қасиеттерін зерттеу.

**Сфераның аналитикалық және параметрлік сипаттамасы**

Сфера — кеңістіктегі берілген $M_0(a, b, c)$ нүктесінен бірдей R қашықтықта орналасқан нүктелердің геометриялық орны. Декарттық координаталар жүйесіндегі канондық теңдеуі:

$$(x - a)^2 + (y - b)^2 + (z - c)^2 = R^2$$

Алайда, беттің ішкі қасиеттерін зерттеу үшін екі параметрлі векторлық функцияны қолдану тиімді. Сфералық координаталарды (

$$u = \theta$$

— зениттік бұрыш, $v = \pi$ — азимуттық бұрыш) пайдалана отырып, сфераны келесідей параметрлейміз:

$$r(u, v) = R \sin u \cos v\, i + R \sin u \sin v\, j + R \cos u\, k$$

Мұндағы параметрлердің өзгеру ауқымы: $0 < u < \pi$ және $0 < v < \frac{2}{\pi}$. Бұл параметрлеу беттегі кез келген нүктені екі айнымалы арқылы сипаттауға мүмкіндік береді.

Бірінші квадраттық форма және беттің метрикасы

Беттің дифференциалдық сипаттамасын анықтау үшін бірінші квадраттық форманы (I) есептеу қажет. Ол беттегі доға ұзындығының квадратын анықтайды:

$$ds^2 = Edu^2 + 2Fdudv + Gdv^2$$

Коэффициенттерді дербес туындылар арқылы табамыз:

$$r_u = (R \cos u \cos v, R \cos u \sin v, -R \sin u)$$

$$r_v = (-R \sin u \sin v, R \sin u \cos v, 0)$$

Коэффициенттерді есептеу:

$E = r_u * r_u = R^2(cos^2 v cos^2 v + cos^2 u sin^2 v + sin^2 u) = R^2$

$F = r_u * r_v = 0$ (бұл сфералық координаталар торының ортогональ екенін білдіреді)

$G = r_v * r_v = R^2 sin^2 u(sin^2 v + cos^2 v) = R^2 sin^2 u$

Сонымен, сфераның метрикалық формасы: $ds^2 = R^2 du^2 + R^2 sin^2 u\, dv^2$. Бұл нәтиже беттегі аудан мен қашықтықты есептеудің негізі болып табылады.

Мысал: r(u,v)=(5cosucosv,5sinucosv,5sinv) R=5. Беттегі доға ұзындығының квадратын анықтаңыз.

Бұл мысалды GeoGebra бағдарламасында қарастырайық (сурет 2)

Шешуі(GeoGebra алгоритмі):

a=Поверхность(5 cos(u) cos(v),5 sin(u) cos(v),5 sin(v),u,0,2 π,v,-((π)/(2)),((π)/(2)))

u=1

v=0.5

A=(5 cos(u) cos(v),5 sin(u) cos(v),5 sin(v))

ru=(-5 sin(u) cos(v),5 cos(u) cos(v),0)

rv=(-5 cos(u) sin(v),-5 sin(u) sin(v),5 cos(v))

b=СкалярноеПроизведение(ru, ru)

c=СкалярноеПроизведение(ru, rv)

d=СкалярноеПроизведение(rv, rv)

доға ұзындығының квадраты: $I = Edu^2 + 2Fdudv + Gdv^2$



*Сурет 2. Геогебрада жанама векторлары бар сфера бейнесі*

Сфералық қималардың аналитикалық теориясы

Сфераның кез келген жазықтықпен қиылысуы шеңбер болып табылатынын аналитикалық түрде дәлелдеуге болады.

Сфераны $x^2 + y^2 + z^2 = R^2$ және жазықтықты z = d (мұндағы $0 < d < R$) деп алайық. Онда қиылысу сызығы келесі жүйемен сипатталады

$$x^2 + y^2 = R^2 - d^2$$

Бұл XY жазықтығына параллель жазықтықта жатқан, радиусы $r = \sqrt{R^2 - d^2}$ болатын шеңбердің теңдеуі.

Қималардың классификациясы:

Үлкен шеңберлер ($d = 0$): Қиюшы жазықтық сфера центрі арқылы өткенде пайда болады. Оның радиусы сфера радиусына тең (r=R).

Кіші шеңберлер ($d > 0$): Жазықтық центрден қашықтаған сайын қима радиусы азаяды.

Жанасу нүктесі ($d = R$): Жазықтық пен сфераның бір ғана ортақ нүктесі болады.

Сфераның қисықтықтары: Гаусс және орташа қисықтық

Дифференциалдық геометрияда беттің майысу деңгейі екінші квадраттық форма және қисықтықтар арқылы сипатталады. Сфераның барлық нүктесіндегі басты қисықтықтар бірдей: $k_1 = k_2 = \frac{1}{R}$.

Гаусс қисықтығы (K): Беттің ішкі қасиеті.

$$K = k_1 * k_2 = \frac{1}{R^2}$$

$K > 0$ және тұрақты болуы сфераның эллиптикалық типтегі бет екенін көрсетеді.

Орташа қисықтық (H):

$$H = \frac{k_1 + k_2}{2} = \frac{1}{R}$$

Бұл көрсеткіштер сфераның басқа екінші реттік беттерден (мысалы, Гаусс қисықтығы нөлге тең цилиндрден) басты айырмашылығын айқындайды.

Мысал: Радиусы R = 10 см болатын сфера берілген. Осы сфераның кез келген нүктесіндегі Гаусс қисықтығы мен орташа қисықтығын есептеңіз (сурет 3).

Шешуі(GeoGebra алгоритмі):

S: Сфера((0,0,0),10)

A=ТочкаВнутри(S)
n=Вектор((0,0,0),A)
p: ПерпендикулярнаяПлоскость(A,n)



*Сурет 3. Сферадағы Гаусс қисықтығы мен орташа қисықтықтың бейнесі*

**Қолданылған дереккөздер тізімі:**


1. Погорелов, А. В. Дифференциалдық геометрия. — 7-ші басылым. — М.: ФИЗМАТЛИТ, 2006. — 176 б.
2. Опреа, Дж. Дифференциалдық геометрия және оның қолданылуы (Differential Geometry and Its Applications). — 3-ші басылым. — Mathematical Association of America, 2007. — 528 б.
3. Пресслей, Э. Бастапқы дифференциалдық геометрия (Elementary Differential Geometry). — Springer-Verlag London, 2010. — 403 б.
4. Прасолов, В. В. Геометрия. — М.: МЦНМО, 2007. — 672 б.
5. Кенжебаев, Н. К. Заманауи сәулетте сызықтық беттерді қолдану. // Қазақ ұлттық техникалық университетінің хабаршысы, 2015, № 3, 45–52 бб.
6. Монтиэль, С., Рос, А. Қисықтар мен беттер (Curves and Surfaces). — 2-ші басылым. — American Mathematical Society, 2009. — 376 б.
7. https://www.geogebra.org/3d?lang=ru


## ЭЛЕКТР ТІЗБЕГІНДЕ ТІЗБЕКТЕЙ ЖӘНЕ ПАРАЛЛЕЛЬ ЖАЛҒАУДЫ ОҚЫТУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЖӘНЕ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕР


***Ахмет А.Н***

*Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.,*

***Қыдырбай Н.С.***

*Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.,*

***Анаева Э.Ш.***

*Ғылыми жетекші: физика магистрі, аға оқытушы Павлодар қ.*



**Аннотация**. Мақалада электр тізбегіндегі тізбектей және параллель жалғауды оқытуда зерттеушілік, цифрлық және белсенді оқыту тәсілдерінің тиімділігі қарастырылады. Ұсынылған сабақ үлгісінде оқушылардың танымдық белсенділігі

арттырып, ғылыми ойлауы және Ом заңын қолдану дағдыларын дамытуға бағытталғаның көрсетіледі.

**Кілт сөздер:** электр тізбегі, Ом заңы, зерттеушілік оқыту, цифрлық технология, белсенді оқыту, PhET, виртуалды зертхана

**Аннотация**. В статье рассматривается эффективность исследовательского, цифрового и активного обучения при изучении последовательного и параллельного соединения. Разработанный урок способствует развитию познавательной активности учащихся, научного мышления и навыков применения закона Ома.

**Ключевые слова:** электрическая цепь, закон Ома, исследовательское обучение, цифровые технологии, активное обучение, PhET, виртуальная лаборатория

**Abstract.**The article examines the effectiveness of inquiry-based, digital, and active learning in teaching series and parallel circuits. The proposed lesson enhances students' cognitive activity, develops scientific thinking, and improves skills in applying Ohm's law.

**Keywords:** electric circuit, Ohm's law, inquiry learning, digital tools, active learning, PhET, virtual lab

## Кіріспе

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде оқыту мазмұны оқушылардың тек теориялық білімді игеруімен шектелмей, оны практикалық жағдайда тиімді қолдана алуына, табиғат құбылыстарын ғылыми негізде түсіндіруіне және өз бетінше тұжырым жасай білуіне бағытталуда. Осыған сәйкес оқушылардың танымдық белсенділігін күшейту және ғылыми ойлау қабілеттерін дамыту білім беру үдерісінің басым бағыттарының бірі ретінде қарастырылады. Физика пәні бұл тұрғыда ерекше маңызға ие, өйткені ол құбылыстарды бақылау, тәжірибе жасау және алынған нәтижелерді талдау арқылы түсіндіруге негізделген.

Мектеп физика курсында маңызды тақырыптардың бірі - электр тізбегіндегі тізбектей және параллель жалғау. Аталған тақырып электр тогының негізгі заңдылықтарын меңгерудің негізін құрайды және оқушыларға физикалық шамалар арасындағы тәуелділіктерді тәжірибе арқылы анықтауға мүмкіндік береді. Практикалық жұмыстарды орындау барысында оқушылар бақылау жүргізіп, нәтижелерді тіркеп, оларды салыстырып, белгілі бір заңдылықтарды айқындайды және қорытынды жасайды. Мұндай әрекеттер оқушылардың пәндік білімін тереңдетумен қатар, олардың ғылыми ойлау дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасайды.

Қазіргі кезеңде оқыту үдерісінде зерттеушілік, тәжірибелік және оқушының белсенді әрекетіне негізделген тәсілдерді қолдануға ерекше көңіл бөлінуде. Сонымен бірге цифрлық технологияларды, атап айтқанда PhET симуляциялары мен виртуалды зертханаларды пайдалану оқытудың тиімділігін арттырудың маңызды құралы ретінде қарастырылады. Алайда мектеп тәжірибесінде теориялық оқыту әдістері басым болып, тәжірибелік және цифрлық құралдар оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту мақсатында жеткілікті деңгейде қолданылмай отыр. Осыған байланысты электр тізбектерін оқытуда заманауи педагогикалық тәсілдерді тиімді енгізу

және оларды тәжірибелік әрекетпен ұштастыру өзекті мәселе ретінде қарастырылады.

Осы зерттеудің мақсаты - электр тізбегіндегі тізбектей және параллель жалғауды оқытуда зерттеушілік оқыту, цифрлық симуляция және белсенді оқыту тәсілдерін тиімді қолдану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру және теориялық білімін тәжірибемен ұштастыру.

Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

Электр тізбектерін оқыту және заманауи педагогикалық технологияларды қолдану мәселелері бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге шолу жасау;

Оқушылардың танымдық және зерттеушілік құзыреттіліктерін дамыту ерекшеліктерін анықтау;

Зерттеушілік, цифрлық және белсенді оқыту элементтеріне негізделген «Тізбектей және параллель жалғау» тақырыбы бойынша сабақ үлгісін құрастыру.

Аталған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында ең алдымен зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми-әдістемелік еңбектерге талдау жүргізілді. Ғылыми әдебиеттерге жасалған шолу физиканы оқытуда тәжірибелік және зерттеушілік әрекеттердің жетекші орын алатынын көрсетеді.

Электр және магнетизм бөлімін оқытуда теория мен практиканы ұштастырудың тиімділігі А.К. Оразалинованың еңбектерінде көрсетіліп, тәжірибелік жұмыстар арқылы оқушылардың білімін тереңдетуге болатыны айқындалған [1, 28-30 б.].

Сонымен қатар, Б.М. Анастың еңбектерінде электр тогы тақырыбын оқытуда тәжірибелік және проблемалық тапсырмаларды қолдану оқушылардың зерттеу іскерлігін дамытуға ықпал ететіні қарастырылған [2, 450 б.].

А.Т. Дусикееваның еңбектерінде жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы оқыту процесін дербестендіру мүмкіндіктері айқындалып, оқушылардың жеке ерекшеліктеріне бейімделген оқыту тиімділігі дәлелденген [3, 140–144 б.].

Бұл бағыт Жеңіс Бүлдіршін еңбектерінде жалғасын тауып, тәжірибелік жұмыстардың оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін қалыптастырудағы маңызы көрсетілген [4, 165 б.].

Х. Фахури мен А. Абделкфиның шетелдік зерттеулерінде практикалық және виртуалды зертханаларды біріктіре қолдану оқушылардың білім мен дағдыларды тиімді меңгеруіне мүмкіндік беретіні анықталған [5, 2 б.].

Ал А.Н. Кушеккалиев пен Г.Қ. Анесованың зерттеулерінде цифрлық білім беру ресурстарын қолдану, әсіресе виртуалды зертханалар мен симуляциялық модельдердің күрделі физикалық құбылыстарды түсінуді жеңілдететіні дәлелденген [6, 5-7 б.].

Зерттеу барысында ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге шолу жасау, талдау, салыстыру және жүйелеу әдістері қолданылды. Сонымен қатар

педагогикалық бақылау және оқу әрекетін талдау әдістері арқылы оқушылардың танымдық және зерттеушілік әрекеттерінің қалыптасу ерекшеліктері қарастырылды.

Жоғарыда қарастырылған еңбектерді жинақтай отырып, электр тізбектерін оқытуда зерттеушілік, цифрлық және белсенді оқыту тәсілдерін кешенді түрде қолдану оқушылардың теориялық білімін тереңдетумен қатар, олардың ғылыми ойлауын және практикалық дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретіні анықталды. Алайда бұл тәсілдерді біріктіре отырып, тізбектей және параллель жалғау тақырыбы бойынша нақты сабақ үлгілерінің жеткілікті деңгейде қарастырылмауы зерттеу тақырыбының өзектілігін арттырады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу электр тізбегіндегі тізбектей және параллель жалғау тақырыбын оқытуда зерттеушілік оқыту, цифрлық білім беру ресурстары және белсенді оқыту тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың танымдық және зерттеушілік құзыреттіліктерін дамыту мүмкіндіктерін айқындауға бағытталды. Зерттеу теориялық-талдамалық және педагогикалық жобалау әдістері негізінде жүргізілді.

Зерттеу материалы ретінде жалпы білім беретін мектептің физика курсының «Тұрақты ток» бөлімі, атап айтқанда өткізгіштерді тізбектей және параллель жалғау кезінде Ом заңын қолдану мазмұны қарастырылды. Сонымен қатар оқу-әдістемелік әдебиеттер, цифрлық білім беру ресурстары, соның ішінде тегін қолжетімді PhET симуляциялары мен виртуалды зертханалар, сондай-ақ тәжірибелік құрал-жабдықтар: ток көзі, резисторлар, өткізгіш сымдар, шамдар, амперметр және вольтметр пайдаланылды.

Зерттеу аясында зерттеушілік, цифрлық және белсенді оқыту тәсілдері кіріктірілген сабақ үлгісі әзірленді. Сабақтың мақсаты өткізгіштерді тізбектей және параллель жалғау кезінде Ом заңын қолдана отырып электр тізбегін есептеу дағдыларын қалыптастырумен қатар, оқушылардың зерттеушілік, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту болып табылады.

Сабақтың ұйымдастыру кезеңінде оқушылар «микротізбек» әдісі арқылы топтарға бөлінді. Электр тізбегі элементтері бейнеленген карточкалар негізінде 3-4 адамнан тұратын топтар құрылды. Бұл тәсіл оқушылардың бірлескен әрекетке қатысуын қамтамасыз етіп, коммуникативтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді.

Кіріспе кезеңде оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру мақсатында проблемалық жағдаят ұйымдастырылды. Мұғалім тізбектей және параллель жалғанған екі электр тізбегін көрсетіп, «Неліктен тізбектей жалғауда шамдардың жарықтығы төмендейді, ал параллель жалғауда өзгермейді?» деген проблемалық сұрақ қойды. Сонымен қатар келесі бағыттаушы сұрақтар ұсынылды: ток күші тізбектің әр бөлігінде қалай өзгереді; кернеу қалай таралады; жалпы кедергі жалғау түріне қалай тәуелді;

Ом заңын осы жағдайларда қалай қолдануға болады. Бұл сұрақтар оқушылардың болжам жасауына және логикалық ойлауына ықпал етті.

Зерттеушілік кезеңде оқушылар тәжірибелік жұмыстар орындады. Олар электр тізбектерін құрастырып, амперметр және вольтметр көмегімен ток күші мен кернеуді өлшеді, алынған нәтижелерді кестеге тіркеді. Мысалы, тізбектей жалғауда ток күшінің барлық бөліктерде бірдей болатынын, ал параллель жалғауда токтың тармақтарға бөлінетінін тәжірибе арқылы анықтады. Бұл әрекеттер оқушылардың бақылау, өлшеу және деректерді өңдеу дағдыларын дамытуға ықпал етті .

Цифрлық кезеңде PhET платформасындағы «Circuit Construction Kit» виртуалды зертханасы қолданылды. Оқушылар виртуалды ортада электр тізбектерін құрастырып, кедергі мәнін өзгерту, тармақтар санын арттыру сияқты әрекеттер арқылы нәтижелердің өзгерісін бақылады. Мысалы, кедергі артқан сайын ток күшінің азаятындығын және параллель тармақ қосылған сайын жалпы токтың өзгеретінін бақылау арқылы түсінді. Бұл олардың теориялық білімдерін нақты модельдер арқылы терең меңгеруіне мүмкіндік берді.

Талдау кезеңінде оқушылар тәжірибелік және виртуалды зертханалардан алынған нәтижелерді салыстырып, тізбектей және параллель жалғау заңдылықтарын анықтады. Олар толық кедергінің тізбектей жалғауда қосылатынын, ал параллель жалғауда азаятындығын қорытындылады. Осы негізде Ом заңын қолдана отырып, есептер шығарылды. Бұл кезеңде оқушылардың талдау, салыстыру және қорытынды жасау дағдылары қалыптасты .

Сабақ барысында зерттеуді кеңейтуге бағытталған тапсырмалар да ұсынылды: тізбекке қосымша шам қосылған жағдайда не өзгеретіні; кедергіні екі есе арттырғанда ток күшінің қалай өзгеретіні; параллель тармақтардың санын арттырғанда жалпы токтың өзгеруі. Мұндай тапсырмалар оқушылардың зерттеушілік әрекетке бейімделуін күшейтіп, өз бетінше сұрақ қою және оларды тәжірибелік жолмен тексеру дағдыларын дамытуға ықпал етті .

Белсенді оқыту тәсілдері ретінде топтық жұмыс, пікірталас және нәтижелерді қорғау ұйымдастырылды. Әр топ өз қорытындыларын ұсынып, басқа топтардың сұрақтарына жауап берді. Бұл оқушылардың коммуникативтік және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік берді.

Сабақтың қорытынды кезеңінде оқушылар алынған нәтижелерді жүйелеп, негізгі заңдылықтарды тұжырымдады: тізбектей жалғауда ток күші тұрақты, кернеу бөлінеді; параллель жалғауда кернеу тұрақты, ток тармақтарға бөлінеді. Сонымен қатар Ом заңын қолдану арқылы алынған нәтижелер дәлелденді. Оқушылар өз жұмыстарына рефлексия жасап, зерттеу нәтижелерін бағалады.

Осылайша, зерттеуде қолданылған әдістер зерттеушілік, цифрлық және белсенді оқыту тәсілдерін кешенді түрде жүзеге асыру арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, ғылыми ойлауын

дамытуға және физикалық білімді тәжірибеде қолдану дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беретінін көрсетті.

Қорытынды

Электр тізбегіндегі тізбектей және параллель жалғауды зерттеуге негізделген сабақтар оқушылардың ғылыми ойлауын жүйелі түрде дамытуға мүмкіндік беретін тиімді әдіс болып табылады. Сабақ барысында қойылған мақсаттарға қол жеткізілді: оқушылар тәжірибелік және виртуалды зерттеу нәтижелерін талдау арқылы ток күші, кернеу және кедергі арасындағы тәуелділіктерді анықтап, Ом заңын қолдануды меңгерді. Тәжірибе деректерін салыстыру арқылы олар электр тізбектеріндегі негізгі заңдылықтарды байқауға, нәтижелерді талдауға және өз тұжырымдарын жасауға үйренді.

Тәжірибе нәтижелерін кесте және есептер арқылы өңдеу, сондай-ақ оларды салыстыру оқушылардың логикалық ойлау және қорытынды жасау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Оқушылар тек формулаларды қолданумен шектелмей, нақты тәжірибелік деректерге сүйене отырып, ғылыми негізделген дәлелдер келтірді. Мұндай әрекеттер олардың аналитикалық ойлауын жетілдіріп, физикалық құбылыстарды модельдеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етті.

Сабақ барысында зерттеушілік элементтерді енгізу оқушылардың өз бетімен сұрақ қою, экспериментті жоспарлау және алынған нәтижелерді тексеру қабілеттерін арттырды. Олар электр тізбегінің әртүрлі жағдайларда қалай өзгеретінін зерттеп, бақылау және өлшеу нәтижелеріне сүйене отырып қорытынды шығаруды меңгерді. Бұл олардың ғылыми тұрғыдан ойлау, проблемаларды шешу және тәжірибелік тәсілдерді қолдану қабілеттерін нығайтты.

Нәтижесінде, электр тізбектерін зерттеуге негізделген сабақтар тек пәндік білімді меңгертумен шектелмей, оқушылардың ғылыми ойлау компоненттерін - бақылау, талдау, болжам жасау, қорытынды шығару және зерттеушілік әрекетке бейімделу - кешенді түрде дамытуға ықпал етеді. Тәжірибелік әрекеттер мен цифрлық модельдеуді біріктіре қолдану оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың логикалық және сыни ойлау қабілеттерін де жетілдіреді.

Осылайша, ұсынылған сабақ үлгісі электр тізбектерін оқыту барысында ғылыми ойлауды қалыптастырудың тиімді әдістемелік құралы болып табылады.

## Қолданылған дереккөздер тізімі:


1. Оразалинова А.К. Электр және магнетизм: оқу құралы. - Қызылорда: Қорқыт Ата атындағы ҚМУ, 2018. - 96 б.
2. Анас Б.М. Зияткерлік мектепте немесе лицейде тұрақты электр тогын оқыту // Молодой ученый. - 2020. - №307. - URL: https://moluch.ru/archive/307/69331
3. Дусикеева А.Т., Шамганова Н.Б. Применение персонализированного подхода в изучении физики посредством искусственного интеллекта // Ғылыми еңбек. - 2024. - 1646 б. - URL: https://dspace.kspi.kz/handle/123456789/7413

4. Жеңіс Бүлдіршін. Тұрақты электр тогын оқытуда оқушылардың зерттеу іскерлігін қалыптастыру әдістері // Ғылыми журнал. - 2025. - №3. - 165-169 б. - URL: https://qazaqjournal.kz/article/view/252/226
5. Fakhoury H., Abdelkefi A. Практические и виртуальные лаборатории в обучении электронным схемам - приобретение знаний и навыков // Information. - 2024. - Т. 15. - №11. - 1-20 с. - URL: https://doi.org/10.3390/info15110672
6. Кушеккалиев А.Н., Анесова Г.Қ. Физиканы оқыту процесінде цифрлық білім беру ресурстарын қолдану // Ғылыми журнал. - 2025. - №1. – 13 б. - URL: file:///C:/Users/Айымгуль/Downloads/1870-Текст%20статьи-10773-1-10-20250930.pdf

# СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФИЗИКА ПӘНІНЕ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЭЛЕКТИВТІ КУРСТЫҢ РӨЛІ

***Бірлік Е.К.***
*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің магистранты,*
***Кисабекова А.А.***
*ғылыми жетекшісі:PhD, прфессор*

**Аңдатпа:** Мақалада 7-сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын қалыптастырудағы элективті курстың рөлі қарастырылады. Физика мен техниканы кіріктіріп оқыту арқылы оқу мотивациясын арттырудың тиімділігі талданады. Зерттеу нәтижелері ұсынылып, практикалық әдістердің маңыздылығы көрсетіледі.

**Түйінді сөздер**: танымдық қызығушылық, физика, элективті курс, мотивация, STEM, оқыту, зерттеу

**Аннотация**: В статье рассматривается роль элективного курса в формировании познавательного интереса учащихся 7 класса. Анализируется эффективность интеграции физики и техники в обучении. Представлены результаты исследования и показано значение практико-ориентированных методов.

**Ключевые слова:** познавательный интерес, физика, элективный курс, мотивация, STEM, обучение, исследование

**Annotation:** The article examines the role of an elective course in developing cognitive interest of 7th grade students. The effectiveness of integrating physics and technology is analyzed. The study results highlight the importance of practice-oriented learning methods.

**Keywords:** cognitive interest, physics, elective course, motivation, STEM, learning, research

Қазіргі білім беру жүйесі оқушының танымдық белсенділігін арттыруды басты мақсаттардың бірі ретінде қарастырады [1, 12 б.]. Қазақстанда соңғы жылдары білім беру реформалары аясында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуде. «Жаңа мектеп» тұжырымдамасы мен STEM-білім беру бағытындағы мемлекеттік

бағдарламалар оқушыларды ғылым мен техникаға ерте жастан баулуды көздейді.

7-сыныпта физика пәнінің жүйелі оқытылуы басталатыны ескерілсе, бұл кезеңде пәнге деген қызығушылық пен оқу мотивациясын қалыптастыру ерекше маңызға ие. Әсіресе гимназия сыныптары үшін элективті курстар оқушының қабілетін ашуға, зерттеушілік дағдыларын дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Элективті курстардың мазмұны оқушылардың жеке қызығушылықтарына бейімделіп, олардың білім алу траекториясын дербес қалыптастыруға жағдай жасайды. Танымдық қызығушылықты зерттеу педагогика ғылымында маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

Л.С. Выготский, Ж. Пиаже, Б. Блум сияқты ғалымдар оқыту процесінде қызығушылықтың әсерін кеңінен талдаған . Зерттеулерге сәйкес, оқушының танымдық қызығушылығы үш негізгі компоненттен тұрады: эмоционалдық, когнитивтік және еріктік [5, 23–24 б.]. Бұл компоненттердің қалыптасуы оқушының жаңа ақпаратты қабылдауына, ғылыми ойлауын дамытуға және практикалық әрекетке қатысуына тікелей ықпал етеді. Бұл тұжырымдар қазіргі педагогикалық зерттеулерде де өзектілігін сақтап отыр. Заманауи педагогикалық еңбектерде физика сабақтарында практикалық эксперимент, модельдеу және жобалық жұмыстар ең тиімді әдістер ретінде көрсетілген [4, 56 б.]. Практикалық әрекет – білімді меңгертудің ең жоғары деңгейі, себебі оқушы құбылысты «көріп», «өлшеп», «зерттеп» түсінеді.

STEM-білім берудің дамуы да физика және техника бағыттарының маңызын арттырды [8, 32 б.]. Элективті курстар – STEM-нің алғашқы баспалдағы болып саналады. Сол себепті «Физика және техника» курсын оқыту арқылы оқушылардың техникалық ойлауы мен зерттеушілік дағдысы жүйелі қалыптасады.

Танымдық қызығушылық — тұлғаның жаңа ақпаратты қабылдауға, ізденуге, түсінуге бағытталған ішкі қажеттілігі. Бұл ұғым оқыту процесінде аса маңызды рөл атқарады, себебі қызығушылық болған жағдайда оқушының сабаққа қатысу белсенділігі артады, материалды терең қабылдайды және оны өмірмен байланыстыра алады.

Психологиялық зерттеулерге сүйенсек, 11–13 жас аралығындағы балалар нақты тәжірибелерге, техника мен экспериментке ерекше қызығушылық танытады. Сондықтан физика пәнін практикалық тұрғыдан меңгерту — мотивацияны арттырудың тиімді жолы.

Элективті курстар мотивация қалыптастыруда бірнеше артықшылық береді: оқушының жеке қызығушылығына негізделген ерікті таңдау; практикалық бағыттағы тапсырмалар; зерттеу жұмыстарына мүмкіндік; оқыту формасының икемділігі.

Элективті курстар білім беру процесінде оқушылардың жеке білім траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай курстар оқыту мазмұнын тереңдетуге және оны оқушылардың қызығушылықтарына бейімдеуге бағытталған. Әсіресе физика пәнінде элективті курстардың рөлі

ерекше, себебі олар теориялық білімді практикамен ұштастыруға мүмкіндік береді.Сонымен қатар элективті курстар оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды. Оқушылар тәжірибелер жүргізу, модельдер құру және физикалық құбылыстарды талдау арқылы ғылыми ойлау дағдыларын қалыптастырады. Бұл олардың болашақта техникалық және инженерлік бағыттарға қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.

«Физика және техника» элективті курсы ҚР Оқу-ағарту министрлігі бекіткен оқу бағдарламасына негізделіп құрастырылған [1]. Оның мақсаты — оқушылардың физика ғылымына деген қызығушылығын арттыру, ғылыми әдістерді меңгерту, техника негіздерін қарапайым деңгейде түсіндіру.Курстың мазмұны теория мен практиканы біріктіреді және қозғалыс, масса, күш, қысым, энергия сияқты негізгі тақырыптарды қамтиды. Алғашқы 12 сағат барысында оқушылар физикалық шамаларды өлшеу, қозғалысты талдау және графиктер тұрғызу дағдыларын меңгерді.

Элективті курста танымдық қызығушылықты арттыру үшін практикалық эксперименттер, топтық зерттеулер, модельдеу және интерактивті әдістер қолданылды. Бұл тәсілдер оқушылардың белсенділігін арттырып, олардың пәнге деген қызығушылығын күшейтті. Физиканы оқытудағы халықаралық тәжірибе практикалық бағытқа негізделген. OECD зерттеулеріне сәйкес, тәжірибеге негізделген оқыту оқушылардың ғылымға қызығушылығын 20–25%-ға арттырады [6, 47б.]. Бұл көрсеткіштер білім беру тәжірибесінде дәлелденген тиімді тәсілдердің бірі болып табылады.

Зерттеу барысында 7-сынып оқушыларының пәнге деген қызығушылығының артқаны байқалды. Оқушылардың 67%-ы сабаққа жоғары мотивациямен қатысып, 83%-ы практикалық тапсырмаларды дұрыс орындады. Сонымен қатар оқушылардың көпшілігі физикалық құбылыстарды өмірмен байланыстыра алатыны анықталды [2, 9]. Оқушылардың мотивация деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама нәтижелері төмендегі диаграммада көрсетілген (сурет 1.)




*Сурет 1. 7-сынып оқушыларының мотивация деңгейі*

Практикалық тапсырмаларды орындау нәтижелері де жоғары көрсеткішке жетті. Сауалнама мен бақылау деректеріне сүйенсек, оқушылардың 55%-ы тәжірибелік жұмыстарды толық әрі дұрыс орындаған. Бұл олардың тек теориялық білімді меңгеріп

қана қоймай, оны нақты тәжірибеде қолдана алатынын көрсетеді. Ал 27%-ы тапсырмаларды жартылай орындаған, ал 18%-ы қиындықтарға тап болған (сурет 2.)




*Сурет 2. Практикалық тапсырмаларды орындау нәтижелері*

Зерттеудің ғылыми жаңалығы «Физика және техника» элективті курсын қолдану арқылы 7-сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын арттырудың тиімді педагогикалық шарттарын анықтауда көрінеді. Ұсынылған әдістер оқушылардың теориялық білімін практикалық әрекетпен ұштастыруға мүмкіндік береді және олардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді .

Зерттеу нәтижелері жалпы білім беретін мектептерде физика пәнін оқыту барысында элективті курстарды тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Ұсынылған әдістемелік тәсілдер мұғалімдерге оқу процесін ұйымдастыруда көмекші құрал ретінде қызмет атқара алады және оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға бағытталған [3, 102 б.; 7, 88 б.].

Элективті курстың негізгі артықшылығы – оның оқушылардың жеке қызығушылықтарына бейімделуі болып табылады. Мұндай курстар оқыту процесін икемді ұйымдастыруға мүмкіндік береді және оқушылардың өзіндік білім алуына жағдай жасайды. Сонымен қатар элективті курс барысында оқушылар өз бетімен зерттеу жүргізіп, нақты нәтижелерге қол жеткізе алады. Бұл олардың жауапкершілігін арттырып, оқу мотивациясын тұрақты түрде сақтауға ықпал етеді. Зерттеу нәтижелері элективті курстарды оқу процесіне жүйелі енгізу оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың тиімді педагогикалық шарты екенін көрсетеді.

«Физика және техника» элективті курсы 7-сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытуда тиімді педагогикалық құрал болып табылады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, оқушылардың басым бөлігі

сабаққа жоғары мотивациямен қатысып, практикалық тапсырмаларды орындауда белсенділік танытты. Бұл олардың теориялық білімді тәжірибемен ұштастыра алатынын дәлелдейді. [9, 41 б.].

Курс барысында оқушылардың ғылыми дүниетанымы кеңейіп, физикалық құбылыстарды өмірмен байланыстыру дағдылары қалыптасты. Практикалық әрекетке қызығушылықтың артуы олардың зерттеушілік қабілеттерін жетілдіруге, техникалық ойлауын дамытуға және болашақта инженерлік, ғылыми мамандықтарға бейімделуіне ықпал етеді. [5, 8б.]. Элективті курстың тағы бір маңызды нәтижесі – оқушылардың топпен жұмыс істеу дағдыларының дамуы. Бірлескен тәжірибелер мен жобалық жұмыстар олардың коммуникативтік қабілеттерін арттырып, жауапкершілік сезімін күшейтті. Бұл XXI ғасыр дағдыларына сәйкес келетін маңызды көрсеткіш болып табылады.

Ғылыми тұрғыдан алғанда, курс оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырудың жаңа әдістемелік үлгісін ұсынады. Практикалық бағыттағы тапсырмалар мен зерттеу жұмыстары оқыту процесін жандандырып, білімді меңгерудің сапасын арттырды.

Практикалық маңызы – жалпы білім беретін мектептерде физика пәнін оқыту барысында мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсету. Бұл курс үлгісі мұғалімдерге оқушылардың қызығушылығын арттырудың тиімді жолдарын көрсетіп, оқу процесін жаңаша ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

## Қолданылған дереккөздер тізімі:


1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Физика пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы. – Астана, 2022.
2. Жұмабекова Қ. Физиканы оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2020. – 184 б.
3. Бейсенова Г., Төлегенов Ж. Орта мектепте физиканы оқыту. – Алматы: Рауан, 2019. – 256 б.
4. Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям. – М.: Просвещение, 2018. – 320 с.
5. Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М.: АСТ, 2017. – 672 с.
6. OECD. Science Education Report. – Paris, 2020. – 112 p.
7. Hattie J. Visible Learning. – London: Routledge, 2019. – 312 p.
8. Қасымова А. STEM-білім берудің теориясы мен практикасы. – Астана: Ұлттық білім академиясы, 2023. – 145 б.
9. Әбдіғаппарова С. Оқушылардың жас ерекшелігі психологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 210 б.

# РАЗВИТИЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ КОМПЕТЕНЦИЙ У УЧАЩИХСЯ ПРИ ПРОВЕРКЕ ВТОРОГО ЗАКОНА НЬЮТОНА

***Боярский Е.А.***
*студент Павлодарского педагогического университета им.Ә.Марғұлан, г. Павлодар,*
***Алимбаев Д.Б.***
*студент Павлодарского педагогического университета им.Ә.Марғұлан, г. Павлодар,*
***Құдайберген Ә.Ж.***
*студент Павлодарского педагогического университета им.Ә.Марғұлан, г. Павлодар,*
***Алина А.Б.***
*научный руководитель: магистр физики, г. Павлодар*

**Аннотация.** В статье рассматривается проблема развития исследовательских компетенций учащихся при обучении физике. Анализируются подходы к организации экспериментальной деятельности, позволяющие преодолеть формализм при выполнении лабораторных работ. Предлагаются методические условия проведения лабораторной работы по проверке Второго закона Ньютона, ориентированные на формирование исследовательских умений старшеклассников.

**Ключевые слова:** исследовательские компетенции, обучение физике, Второй закон Ньютона, лабораторная работа, экспериментальный практикум, старшие классы, методические условия.

**Аңдатпа.** Бұл мақалада физика білімінде оқушылардың зерттеу құзыреттіліктерінің дамуы қарастырылады. Зертханалық жұмыстардағы формализмді жеңуге көмектесетін эксперименттік іс-шараларды ұйымдастыру тәсілдері талданады. Ньютонның екінші заңын тексеру бойынша зертханалық жұмыстарды жүргізуге арналған әдістемелік нұсқаулар ұсынылады, олар орта мектеп оқушыларының зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған.

**Кілт сөздер:** зерттеу құзыреттіліктері, физиканы оқыту, Ньютонның екінші заңы, зертханалық жұмыс, эксперименттік шеберхана, жоғары сыныптар, әдістемелік шарттар.

**Annotation.** This article examines the development of students' research competencies in physics education. Approaches to organizing experimental activities that help overcome formalism in laboratory work are analyzed. Methodological guidelines for conducting laboratory work on testing Newton's Second Law are proposed, aimed at developing high school students' research skills.

**Key words:** research competencies, physics teaching, Newton's Second Law, laboratory work, experimental workshop, senior classes, methodological conditions.

## Введение

Актуальность исследования

В современном образовательном пространстве особое значение приобретает развитие исследовательских компетенций учащихся, что обусловлено требованиями Государственного общеобязательного стандарта образования Республики Казахстан и необходимостью подготовки обучающихся к самостоятельной познавательной деятельности. Исследовательские компетенции выступают ключевым элементом

формирования универсальных учебных действий и обеспечивают развитие критического мышления, способности к анализу и синтезу информации.

Физика как естественнонаучная дисциплина предоставляет уникальные возможности для развития исследовательских умений учащихся. В частности, изучение механики и проверка законов Ньютона в рамках лабораторных работ создают естественную среду для формирования экспериментальных навыков. Методические условия организации учебной деятельности на уроках физики должны быть направлены на активизацию исследовательского поведения школьников, что достигается через систему экспериментальных задач и практикумов.

Традиционная методика преподавания физики в школе часто сталкивается с проблемой формализма при выполнении лабораторных работ, когда учащиеся следуют инструкциям без понимания физической сущности проводимых исследований. По мнению Тищенко Л.В., экспериментальный практикум должен выступать не просто как совокупность лабораторных работ, а как целостная система, обеспечивающая развитие позиции субъекта учения и формирование исследовательской культуры старшеклассников [1].

Проверка Второго закона Ньютона представляет собой классическую лабораторную работу, которая при традиционном подходе сводится к техническому измерению ускорения тел при различных силах и массах. Однако данная тема содержит значительный потенциал для развития исследовательских компетенций, если организовать деятельность учащихся как полноценное научное исследование с элементами постановки проблемы, выдвижения гипотез, планирования эксперимента и анализа результатов.

Таким образом, разработка методики развития исследовательских компетенций у учащихся при проверке Второго закона Ньютона является актуальной задачей современной методики обучения физике.

По этой причине мы поставили цель исследования - разработка методических условий развития исследовательских компетенций у учащихся при проверке Второго закона Ньютона.

Для достижения поставленной цели необходимо решить следующие задачи:

проанализировать научную литературу по проблеме формирования исследовательских компетенций учащихся в процессе обучения физике,

выявить педагогические условия, способствующие развитию исследовательских компетенций при выполнении лабораторных работ по механике,

разработать методику проведения лабораторной работы по проверке Второго закона Ньютона, ориентированную на развитие исследовательских умений учащихся.

При выполнении первой задачи была проанализирована научная литература на тему исследования.

Проблема формирования исследовательских компетенций учащихся в процессе обучения физике находит отражение в современных педагогических исследованиях. Анализ научной литературы позволяет выделить несколько ключевых направлений изучения данной проблемы.

Климентьева Н.Н. и Содномова Н.Б. в своем исследовании рассматривают процесс формирования исследовательских компетенций обучающихся старших классов как развитие интегративного качества личности, включающего совокупность знаний, умений, опыта исследовательской деятельности и мотивационной готовности к ее осуществлению [2]. Авторы уделяют особое внимание структуре исследовательских компетенций, включающей когнитивный, деятельностный и мотивационный компоненты. Когнитивный компонент предполагает владение методами научного познания, умение работать с информацией; деятельностный — практические умения планирования и проведения исследования; мотивационный — готовность к решению познавательных задач. Данная структура может быть положена в основу разработки методики развития исследовательских компетенций при проверке Второго закона Ньютона.

Глущенко Е.П. анализирует методические условия формирования исследовательских компетенций у учащихся на уроках физики и устанавливает, что эффективность их развития зависит от создания специальных педагогических условий [3]. К таким условиям относятся проблемность учебного материала, активизация исследовательского поведения, использование методов активного обучения. Особое значение приобретает организация экспериментальной деятельности, при которой учащиеся выступают не исполнителями готовых инструкций, а исследователями, самостоятельно конструирующими ход эксперимента. Данный подход может быть реализован при проверке Второго закона Ньютона через включение элементов исследовательского проектирования в структуру лабораторной работы.

Тищенко Л.В. исследует роль экспериментального практикума по физике как средства обучения старшеклассников решению задач на углублённом уровне и разрабатывает методику обучения физике, сочетающую экспериментальный практикум с практикумом по решению задач, что обеспечивает развитие позиции субъекта учения [1]. Ключевым положением данной работы является тезис о том, что экспериментальный практикум должен формировать у учащихся умение конструировать эксперимент как средство проверки физических гипотез. Применительно к проверке Второго закона Ньютона это означает необходимость организации деятельности учащихся, при которой они самостоятельно определяют цель исследования, выбирают методы измерения, обрабатывают результаты и формулируют выводы.

Тарасова Н.М. и Петрова Р.И. рассматривают обучение физике в профильных классах путём решения экспериментальных задач, определяя

экспериментальную задачу как задачу, решение которой требует проведения физического эксперимента для получения исходных данных или проверки полученного результата [4]. Такие задачи характеризуются исследовательским характером, многовариантностью решений, необходимостью анализа погрешностей. Применение экспериментальных задач при изучении законов Ньютона позволяет превратить стандартную лабораторную работу в исследовательскую деятельность, требующую от учащихся самостоятельного конструирования экспериментальной установки, выбора методов измерения и обработки результатов.

Анализ представленных источников позволяет сделать вывод о том, что развитие исследовательских компетенций учащихся при обучении физике требует специальной организации экспериментальной деятельности, при которой лабораторная работа превращается в полноценное научное исследование. Применительно к проверке Второго закона Ньютона это предполагает переход от репродуктивного выполнения инструкций к исследовательскому подходу, включающему постановку проблемы, формулирование гипотез, планирование эксперимента, анализ результатов и оценку достоверности полученных выводов.

Материалы и методы

При выполнении исследования использовались теоретические методы: анализ психолого-педагогической и методической литературы по проблеме формирования исследовательских компетенций учащихся; изучение и обобщение передового педагогического опыта организации экспериментальной деятельности на уроках физики.

Анализ научных источников позволил выделить ключевые подходы к изучению исследовательских компетенций. Климентьева Н.Н. и Содномова Н.Б. рассматривают исследовательские компетенции как интегративное качество личности, включающее когнитивный, деятельностный и мотивационный компоненты [2]. Глущенко Е.П. устанавливает, что эффективность развития исследовательских компетенций зависит от создания специальных педагогических условий: проблемности учебного материала, активизации исследовательского поведения, использования методов активного обучения [3].

Тищенко Л.В. исследует роль экспериментального практикума как средства обучения старшеклассников решению задач, подчёркивая необходимость формирования умения конструировать эксперимент как средство проверки физических гипотез [1]. Тарасова Н.М. и Петрова Р.И. определяют экспериментальную задачу как задачу, решение которой требует проведения физического эксперимента для получения исходных данных или проверки результата, отмечая её исследовательский характер и многовариантность решений [4].

На основе теоретического анализа сформулированы методические условия развития исследовательских компетенций при проверке Второго закона Ньютона: включение элементов исследовательского проектирования

в структуру лабораторной работы; организация деятельности учащихся в позиции субъекта учения; применение экспериментальных задач, требующих самостоятельного конструирования экспериментальной установки.

Заключение

Анализ научной литературы позволяет сделать вывод о том, что развитие исследовательских компетенций учащихся при обучении физике требует специальной организации экспериментальной деятельности. Применительно к проверке Второго закона Ньютона это предполагает переход от репродуктивного выполнения инструкций к исследовательскому подходу.

Методические условия развития исследовательских компетенций включают: проблемность учебной задачи, активизацию исследовательского поведения учащихся, организацию экспериментальной деятельности в позиции субъекта учения с элементами постановки проблемы, выдвижения гипотез, планирования эксперимента, анализа результатов и оценки достоверности выводов.

Дальнейшее исследование предполагает экспериментальную проверку эффективности разработанной методики в условиях профильных классов физико-математического направления.

**Список использованных источников:**


1. Тищенко, Л. В. Экспериментальный практикум по физике как средство обучения старшеклассников решению задач (углублённый уровень) // Азимут научных исследований: педагогика и психология. — 2018. — Т. 7. — № 2 (23). — С. 279–286. — URL: https://cyberleninka.ru/article/n/eksperimentalnyy-praktikum-po-fizike-kak-sredstvo-obucheniya-starsheklassnikov-resheniyu-zadach-uglublyonnyy-uroven/viewer (дата обращения: 20.03.2026).
2. Гармаева, Т. В., Климентьева Н.Н., Содномова Н.Б. Формирование исследовательских компетенций обучающихся старших классов // Общество: социология, психология, педагогика. — 2021. — № 4 (84). — С. 108–113. — URL: https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-issledovatelskih-kompetentsiy-obuchayuschihsya-starshih-klassov/viewer (дата обращения: 22.03.2026).
3. Глущенко, Е. П. Методические условия формирования исследовательских компетенций у учащихся на уроках физики // Сибирский педагогический журнал. — 2015. — № 6. — С. 46–51. — URL: https://cyberleninka.ru/article/n/metodicheskie-usloviya-formirovaniya-issledovatelskih-kompetentsiy-u-uchaschihsya-na-urokah-fiziki/viewer (дата обращения: 23.03.2026)
4. Тарасова Н. М., Петрова Р. И. Обучение физике в профильных классах путем решения экспериментальных задач // Концепт: научно-методический электронный журнал. — 2018. — № V3. — URL: https://cyberleninka.ru/article/n/obuchenie-fizike-v-profilnyh-klassah-putem-resheniya-eksperimentalnyh-zadach/viewer (дата обращения: 25.03.2026).

# ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ВОЗМОЖНОСТЕЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПЛАТФОРМЫ MAGICSCHOOL AI НА УРОКАХ ФИЗИКИ

***Букашева Б.Е.***
*студент Павлодарского педагогического университета имени Ә.Марғұлан, г.Павлодар,*
***Ельтинова Л.А.***
*научный руководитель: доктор философии (PhD), г. Павлодар*

**Аннотация.** В статье исследуется применение платформы MagicSchool AI при изучении темы «Сила Архимеда» в 7 классе. Представлены методика и результаты педагогического эксперимента с участием 21 учащегося. Установлено повышение качества усвоения материала и рост интереса к обучению. Доказана эффективность использования ИИ для оптимизации работы учителя при условии обязательного педагогического контроля за результатами.

**Ключевые слова:** MagicSchool AI, искусственный интеллект, генеративный искусственный интеллект, методика преподавания физики, цифровые образовательные технологии, образовательные платформы.

**Аңдатпа.** Мақалада 7-сыныпта «Архимед күші» тақырыбын оқытуда MagicSchool AI платформасын қолдану зерттеледі. 21 оқушы қатысқан педагогикалық эксперименттің әдістемесі мен нәтижелері ұсынылған. Материалды игеру сапасының артуы және оқуға деген қызығушылықтың өсуі анықталды. Нәтижелерді міндетті педагогикалық бақылау шартымен мұғалім жұмысын оңтайландыру үшін жасанды интеллектіні пайдаланудың тиімділігі дәлелденді. Білім беру сапасын арттыру жолдары көрсетілген.

**Кілтті сөздер:** MagicSchool AI, жасанды интеллект, генеративті жасанды интеллект, физиканы оқыту әдістемесі, цифрлық білім беру технологиялары, білім беру платформалары.

**Annotation.** The article examines the use of the MagicSchool AI platform in teaching “Archimedes’ principle” in Grade 7. The methodology and results of a pedagogical experiment are presented. Improved learning outcomes and increased student engagement were identified. The effectiveness of AI integration is justified under mandatory pedagogical control.

**Keywords:** MagicSchool AI, artificial intelligence, generative artificial intelligence, physics teaching methodology, digital educational technologies, educational platforms.

## Введение

Педагогика в настоящее время переживает эпоху осмысления традиционных подходов к обучению. К числу ключевых миссий учителя относятся умение откликаться на вызовы времени, воспринимать изменения как естественную необходимость и передавать их ценность новому поколению. Если раньше учитель выступал в роли главного источника знаний, то теперь он становится проводником в мире информации. Современная педагогическая мысль все чаще обращается к технологиям, способным не заменить, а усилить совместную деятельность ученика и учителя. Педагоги-новаторы решают педагогические цели посредством интеграции инновационных цифровых технологий и инструментов

искусственного интеллекта, формируя новые направления и методологии образования.

В условиях реализации государственной политики цифровой трансформации в Республике Казахстан особое значение приобретает внедрение технологий искусственного интеллекта (ИИ) в систему образования. Искусственный интеллект в образовательной практике демонстрирует потенциал адаптации обучения к индивидуальным образовательным потребностям учащихся, создания интерактивной учебной среды и обеспечения оперативной педагогической обратной связи. В соответствии с указом Президента Республики Казахстан, 2026 год обозначен как приоритетный этап развития и практического внедрения технологий ИИ – Год цифровизации и искусственного интеллекта, что усиливает институциональную поддержку их использования [1].

В отличие от универсальных языковых моделей, появляются специализированные образовательные платформы, спроектированные с учетом конкретных педагогических задач и требований образовательной среды. Одной из таких платформ является MagicSchool AI, позиционирующая себя как комплексный помощник для учителя, обладающий широким арсеналом инструментов для поддержки учебного процесса [3].

Целью данной статьи является исследование возможностей инструментов платформы MagicSchool AI в практике преподавания физики (на примере темы «Сила Архимеда») и анализ результатов их применения в учебном процессе.

Для достижения поставленной цели в работе решаются следующие задачи:

анализ инструментального состава платформы MagicSchool AI;

разработка и внедрение учебных материалов по теме «Сила Архимеда» с использованием инструментов искусственного интеллекта;

оценка результативности применения платформы MagicSchool AI на основе показателей учебных достижений учащихся 7 класса.

Материалы и методы

Методологической основой служит понимание образовательных технологий не как самодостаточной ценности, а как инструментов, эффективность которых определяется их способностью решать конкретные дидактические задачи в конкретных образовательных контекстах.

В качестве основного метода исследования использовался метод педагогического моделирования, который позволил спроектировать сценарии учебных занятий с интеграцией инструментов ИИ. Также применялись общенаучные методы: педагогический эксперимент, метод количественного анализа, анкетирование.

Теоретическую и нормативно-методическую основу исследования составили труды, посвященные вопросам цифровизации образования и внедрения искусственного интеллекта в образовательную практику.

Материалом для исследования послужила цифровая образовательная платформа MagicSchool AI [3].

MagicSchool AI – специализированная образовательная платформа, построенная на базе генеративного искусственного интеллекта и специально разработанная для поддержки профессиональной деятельности педагогов. Согласно заявленной миссии компании, ключевое назначение платформы заключается в оптимизации управленческих процессов в образовательной среде, снижении административной нагрузки на педагогов и предупреждении профессиональной демотивации. Сайт предоставляет доступ к более чем 80 функциональным инструментам [3].

Центральным звеном взаимодействия педагога с системами искусственного интеллекта выступает так называемый «промпт» (от англ. prompt – побуждать кого-либо сделать что-либо) – текстовая инструкция, задающая параметры, содержание и формат генерируемого ответа интеллектуальной системы [4]

Для обеспечения высокой релевантности ответов языковой модели целесообразно структурировать запрос на основе совокупности специализированных параметров: контекстуальный, целевой, содержательный, структурно-методический, форматный.

Для демонстрации практической ценности платформы MagicSchool AI в работе учителя физики был проведен анализ ее инструментов в контексте изучения ключевой темы курса гидростатики – «Сила Архимеда». Выбор данной темы обусловлен ее фундаментальным характером, наличием экспериментальной основы и возможностями для вариативных интерпретаций и формулировки заданий [2,5].

Результаты и обсуждение

В рамках исследования возможности образовательной платформы MagicSchool AI были проанализированы в контексте различных этапов подготовки и проведения современного урока физики: от проектирования занятия до оценки достижений учащихся.

Этап проектирования учебного занятия.

*Генератор плана урока*. Эффективное планирование урока является одним из ключевых элементов успешного образовательного процесса. План урока помогает рационально распределить время, выбрать подходящие методы работы с учащимися, предусмотреть способы оценки усвоения материала.

В наше время, когда педагог сталкивается с большим количеством требований, применение цифровых технологий становится особенно актуальным. Одним из таких инструментов на платформе MagicSchool AI служит генератор плана урока.

План формируется на основании введенных данных об уроке, включающих обязательные параметры, а также дополнительные сведения (информацию о предыдущем уроке, соответствующие образовательные

стандарты или иные данные), которые нужны для более точного планирования образовательного процесса.

В первую очередь онлайн-функция обеспечивает логичное структурирование содержания, выстраивая этапы урока в последовательности, которая начинается с актуализации знаний и создания проблемной ситуации и завершается рефлексией и закреплением материала. Платформа автоматически соотносит виды учебной деятельности с временными интервалами.

Также важно отметить, что в генераторе плана урока предусмотрено сочетание различных форм работы (фронтальные, групповые, индивидуальные), а в структуру занятия может быть включена экспериментальная и исследовательская деятельность.

Итоговый ввод запроса в интерфейс платформы отражен на рисунке 1. Визуализация фрагмента сгенерированного плана урока и распределение учебного времени отражены в таблице 1.




*Рисунок 1 – Ввод запроса в генератор плана урока*

*Таблица1 – Фрагмент сгенерированного плана урока*

| Этап урока | Деятельность | Методическая цель |
|---|---|---|
| Вызов<br>5 минут | Демонстрация опыта с динамометром: измерение веса груза в воздухе и в воде. | Пробудить интерес и сформировать проблемы для исследования. |
| Введение нового материала<br>20 минут | Постановка понятий – короткая дефиниция силы Архимеда, направление и контекст применения.<br>Объяснение качественного свойства – почему сила направлена вверх. | Сформировать у учащихся теоретическую базу о силе Архимеда через введение определения, раскрытие физической природы и установление математической зависимости величин. |

| | | |
|---|---|---|
| | Ввод количественного соотношения – представить закон. Пояснить переменные. | |
| Практический блок 12 минут | Решение задач. Самостоятельная практика. | Закрепление изученного материала через решение расчетных задач. |
| Рефлексия и подведение итогов 3 минуты | Примеры вопросов учителя для поддержания и проверки понимания:<br>– Что такое сила Архимеда и в каком направлении она действует?<br>– От чего зависит величина силы Архимеда?<br>– Почему при одинаковом материале два предмета разного объёма могут вести себя по-разному в воде? | Проверка глубины понимания темы через уровневые вопросы и оценка уровня осознанности усвоения материала. |
| Домашнее задание | Рабочий лист | Закрепление знаний и развитие самостоятельности. |

В работе с генератором плана урока важно, что полученные рекомендации требуют проверки и корректировки педагогом.

*Генератор презентаций.* Мультимедийная презентация на современном уроке физики является не просто дополнительным материалом, а ключевым инструментом визуального сопровождения речи учителя. Для автоматизации создания качественного сопровождения при подготовке к уроку физики был применен инструмент «генератор презентаций».

Особое преимущество инструмента заключается в его технической гибкости на этапе экспорта. Полученный контент не требует копирования каждого слайда, так как пользователю доступна возможность экспорта в программу для подготовки и просмотра презентаций (например, PowerPoint). Практическая реализация процесса настройки параметров будущей презентации представлена на рисунке 2.




*Рисунок 2 – Ввод запроса в генератор плана урока*

После завершения этапа генерации и экспорта в среду PowerPoint, полученный визуальный ряд принимает вид полноценного дидактического сопровождения (рисунок 3).




*Рисунок 3 – Фрагмент сгенерированной презентации*

Полученная информация послужила основой презентации. На этапе авторской корректировки был отредактирован и адаптирован теоретический контент, а также были интегрированы изображения, созданные в модуле «генератор изображений». Следовательно, внедрение генератора презентаций позволило существенно сократить время, затраченное на оформление технического материала.

*Генератор изображений.* Общеизвестно, что человеческий мозг обрабатывает визуальную информацию значительно быстрее, чем текстовую. Применительно к физическому образованию это означает, что сочетание словесных объяснений физических законов с их визуальными иллюстрациями создает более прочные и глубокие когнитивные структуры в сознании учащихся.

Создание качественных иллюстраций физических явлений, схем, диаграмм, процессов, экспериментальных установок требует либо художественных навыков, либо владения специализированным программным обеспечением, либо временных затрат на поиск подходящих изображений в образовательных ресурсах. Генератор изображений MagicSchool AI (на основе Adobe Express – сервиса для создания графического контента), использующий возможности современных нейросетевых моделей генерации изображений, предлагает революционное решение этой проблемы (рисунок 4).




*Рисунок 4 – Результат сгенерированных изображений*

Следует отметить, что сгенерированные изображения, несмотря на их наглядность и визуальную привлекательность, не всегда точно совпадают с запросом пользователя. Например, пропорции или отдельные элементы могут не совпадать с реальными параметрами, что способно вводить учащихся в заблуждение.

**Практический этап (закрепление полученных знаний).**

*Чат-бот Raina.* Помимо узкоспециализированных инструментов, платформа MagicSchool AI предлагает доступ к чат-боту Raina, который выступает в роли интеллектуального помощника учителя. Raina позволяет вести диалог, обеспечивая поддержку учителя (от планирования и генерации идей до разрешения конкретных методический затруднений).

В работе чат-бота можно выделить интерактивную систему подсказок. После каждого ответа бот автоматически предлагает пользователю ряд уточняющих или дополнительных вопросов (рисунок 5). Эти вопросы выполняют роль навигационных подсказок, чтобы побудить педагога к дальнейшему размышлению и уточнению деталей. Подсказки включают не только учебные темы, но и рекомендации по организации образовательного процесса, классного управления и сотрудничества с родителями.

Чтобы наглядно продемонстрировать возможности чат-бота Райна, приведем пример его использования в педагогической практике (рисунок 5).




*Рисунок 5 – Ввод запроса в чат-бот Raina*

Использование ИИ позволило создать систему заданий, направленных на освоение темы «Сила Архимеда». С помощью чат-бота Райна были созданы дифференцированные задания, включающие как вычислительные упражнения (расчетные задачи), так и логические (качественные) задачи на развитие физического мышления. Результат работы чат-бота Raina

Задан стальной шарик объемом V=2 $см^3$ опущен в воду. Плотность воды ρ=1000 $кг/м^3$. Найдите величину силы Архимеда, действующей на шарик.

Параллелепипед с ребрами a=20 см, b=15 см и c=10 см полностью погружен в жидкость. Плотность жидкости ρ=760 $кг/м^3$. Найдите объем тела и силу Архимеда, действующую на него.

Почему большие стальные корабли не тонут, хотя плотность стали гораздо выше плотности воды?

Плотный брусок плавает так, что лишь небольшая часть его торчит над водой. Что произойдет с уровнем погружения, если брусок впитает воду (при этом брусок не разрушается)? Объясните.

Таким образом, система анализирует педагогический запрос и предлагает перечень заданий, направленных на коррекцию типичных заблуждений и развитие понимания физического смысла изучаемого явления.

*Генератор рабочих листов.* Рабочие листы представляют собой структурированные дидактические материалы, предназначенные для организации самостоятельной учебной деятельности учащихся в процессе освоения нового материала, закрепления знаний или развития предметных умений. В методике преподавания рабочие листы позволяют направить мышление учеников через серию последовательных заданий от простого к сложному, от наблюдения к обобщению [7]. Задания также можно сконструировать с учетом разных уровней сформированности знаний, умений, навыков, что позволяет реализовать дифференцированный подход. Для максимизации образовательного эффекта от использования рабочих листов важно придерживаться определенных методических принципов: целенаправленности, структурированности, последовательности, оптимальной нагрузки, разнообразия, обратной связи. Практическое применение генератора рабочих листов представлено на рисунках 6,7.

Благодаря возможности быстрой адаптации контента педагог без дополнительных временных затрат имеет возможность подготовить несколько вариантов проверочных работ или индивидуальные карточки для домашней работы, сохраняя при этом общую методическую логику урока.




*Рисунок 6 – Ввод запроса в генератор рабочих листов*




*Рисунок 7 – Фрагмент сгенерированного рабочего листа*

Операционно-познавательный этап.

*Лабораторные работы.* В современных условиях цифровизации, когда образовательный процесс активно использует виртуальные инструменты, значение лабораторных работ остается высоким, поскольку они являются ключевым компонентом методологии преподавания физики и связующим звеном между теоретическими знаниями и процессами окружающей действительности.

При проведении лабораторных работ перед преподавателем стоит ряд задач: определение целей и задач работы, разработка четкой и подробной инструкции с оптимальным временем для каждого этапа, разработка критериев оценивания, организация инструктажа по правилам безопасного поведения во время работы и т.д.

Организация полного цикла лабораторных работ затрачивает временные ресурсы учителя. Инструменты платформы MagicSchool AI автоматизируют часть этих задач, предоставляя модуль разработки

лабораторных заданий в качестве средства поддержки педагогической деятельности (рисунок 8).

Согласно учебному плану, ключевым элементом практического освоения темы является лабораторная работа «Изучение закона Архимеда» [2,5]. Процесс генерации основывался на поставленных целях и специфике имеющегося лабораторного оборудования.

Результатом работы искусственного интеллекта стал детализированный документ (рисунок 9), который помимо стандартных деталей, блок контрольных вопросов, критерии оценивания.




*Рисунок 8 – Ввод запроса в генератор плана лабораторной работы*




*Рисунок 9 – Фрагмент сгенерированного плана лабораторной работы*

Особую практическую ценность предоставляет возможность подготовки инструкций для проведения домашних опытов, экспериментов с использованием доступного оборудования.

*Вопросы к видео YouTube*. Видео – это привычный для современного поколения формат контента, широко используемый в образовательных целях. Процессы, явления или эксперименты, которые сложно описать словами или воспроизвести на уроке, могут быть наглядно продемонстрированы через видеоролики или анимацию.Видео-контент может интегрироваться с интерактивными заданиями, вопросами для самопроверки и дискуссиями. На этом фоне инструменты искусственного интеллекта способны сгенерировать вопросы к выбранному видео, открывая новые возможности для активизации внимания учащихся и проверки усвоения материала.

Использование данной технологии предполагает применение встроенной функции видеохостинга YouTube – транскрибации,

представляющей текстовую версию аудиодорожки видео. Педагогу представлена возможность выбора уровня класса, типа вопросов (множественный выбор, свободный ответ, «правда или ложь») и их количество (до 10 вопросов) (рисунок 10). Рассмотрим функционирование данного инструмента на примере загрузки учебного материала (рисунок 11) [6].




*Рисунок 10 – Интерфейс инструмента и инструкция по получению транскрибации видеоматериалов YouTube*




*Рисунок 11 – Результат генерации тестовых вопросов*

Инструмент для генерации вопросов на основе любого обучающего видео фокусирует учащихся на материале урока, то есть стимулирует учащихся к более внимательному просмотру и аналитическому осмыслению содержания.

**Оценочно-рефлексивный этап.**

*Генератор рубрик.* Рубрика в оценивании – это специальная схема, в которой указаны критерии и уровни выполнения задания, позволяющие оценить работу ученика. С рубрикой учитель опирается на четко

сформулированные критерии, обеспечивая оценивание всех учащихся по единым параметрам и требованиям.

Одним из наиболее востребованных генеративных цифровых инструментов веб-сайта является генератор рубрик. Эта функция автоматизирует процесс, требующий от учителя четкого понимания образовательных целей, умения интерпретировать абстрактные компетенции в систему конкретных показателей и способности дифференцировать уровни достижений. Автор запроса может задать ключевые параметры – класс обучения, оценочная шкала (в баллах), описание задания и его цель, специальные дополнительные требования (рисунок 12).

Рубрики, генерируемые платформой для заданий по физике, обычно включают несколько компонентов. Первый компонент – набор критериев оценивания, которые отражают различные аспекты выполнения задания и ожидаемые результаты освоения материала. Второй компонент рубрики – это шкала оценок, отражающая градацию от минимального до максимального уровня выполнения задания.

Рассмотрим формы реализации использования модуля платформы MagicSchool AI и фрагмент рубрики для лабораторной работы по физике «Изучение закона Архимеда» (рисунок 12,13).




*Рисунок 12 – Ввод запроса в генератор рубрик*

**Рубрика для оценки лабораторной работы: "Изучение закона Архимеда" (7 класс, максимум 10 баллов)**

| Баллы | Понимание принципа Архимеда | Проведение измерений с динамометром | Вычисление силы выталкивания |
|---|---|---|---|
| 10–9 | Полное и глубокое понимание закона Архимеда, правильное объяснение принципа | Точные и аккуратные измерения веса в воздухе и воде для всех тел, соблюдение процедуры | Правильно использована формула, точные вычисления силы выталкивания |
| 8 | Хорошее понимание принципа, с незначительными неточностями | Измерения выполнены верно, но с незначительными погрешностями | Формула применена верно, небольшие ошибки в вычислениях |
| 7 | Понимание принципа есть, но объяснение поверхностное | Измерения проведены с некоторыми ошибками | Вычисления выполнены с ошибками |

*Рисунок 13 – Фрагмент сгенерированной рубрики*

При использовании генератора рубрик необходимо учитывать определенные ограничения. Генератор создает универсальные рубрики,

которые могут не в полной мере учитывать специфику конкретного физического содержания. Существует риск чрезмерной формализации оценивания. Фокусировка исключительно на критериях рубрики может привести к тому, что творческие или нестандартные подходы учащихся, не предусмотренные рубрикой, могут быть недооценены.

Эффективность применения платформы MagicSchool AI была проверена в ходе урока в 7 классе. В исследовании приняли участие 21 учащийся. Результаты оценивания по двум ключевым направлениям – формативному оцениванию (работа на уроке, работа с заданиями) и лабораторной работе – представлены в таблице 2.

*Таблица 2 – Результаты оценивания.*

| Ученик № | Формативное оценивание (макс. 10 баллов) | Лабораторная работа (макс. 10 баллов) |
|---|---|---|
| Ученик 1 | 10 | 10 |
| Ученик 2 | 9 | 9 |
| Ученик 3 | 10 | 9 |
| Ученик 4 | 10 | 10 |
| Ученик 5 | 9 | 10 |
| Ученик 6 | 7 | 8 |
| Ученик 7 | 8 | 7 |
| Ученик 8 | 10 | 9 |
| Ученик 9 | 10 | 10 |
| Ученик 10 | 10 | 10 |
| Ученик 11 | 10 | 8 |
| Ученик 12 | 10 | 10 |
| Ученик 13 | 10 | 10 |
| Ученик 14 | 10 | 9 |
| Ученик 15 | 10 | 8 |
| Ученик 16 | 9 | 9 |
| Ученик 17 | 7 | 7 |
| Ученик 18 | 9 | 10 |
| Ученик 19 | 10 | 8 |
| Ученик 20 | 8 | 9 |
| Ученик 21 | 7 | 8 |

На основе собранных данных были вычислены средние баллы, которые демонстрируют высокий уровень усвоения темы «Сила Архимеда» в 7 классе:

Средний балл за формативное оценивание: 9,19 (из 10).

Средний балл за лабораторную работу: 8,95 (из 10).

Такие показатели могут свидетельствовать о том, что материалы, адаптированные искусственным интеллектом, оказались максимально доступными и эффективными для учащихся.

Помимо количественных данных, итоговая рефлексия позволила распределить мнения учащихся на три качественные группы в зависимости от степени их удовлетворенности учебным занятием с использованием платформы MagicSchool AI.

Результаты качественного анализа распределились следующим образом (рисунок 14):

«Полностью удовлетворен»: 14 учащихся – 67%.

«Удовлетворен частично»: 4 учащихся – 19%.

«Не заметил значимой разницы»: 3 учащихся – 14%.

*Рисунок 14 – Диаграмма результатов оценки удовлетворенности качеством учебного занятия*

Представленные на рисунке 14 данные подтверждают, что большинство учащихся (86% суммарно) позитивно оценивают интеграцию MagicSchool AI в учебный процесс. Наличие группы учащихся (14%), не зафиксировавших значимой разницы, является естественным показателем вариативности восприятия цифрового контента.

**Выводы**

В ходе исследования было проведено исследование возможностей инструментов платформы MagicSchool AI в практике преподавания физики на примере темы «Сила Архимеда» в 7 классе. Анализ инструментального состава платформы показал ее широкие дидактические возможности для разработки учебных материалов. Платформа позволяет адаптировать сложность текстовых материалов и физических задач под индивидуальные возможности каждого ученика. В условиях дистанционного и смешанного обучения ИИ становится вспомогательным инструментом при генерации интерактивного контента, сценариев для видеоуроков и цифровых тестов. При этом одним из главных достижений использования сайта является оптимизация времени педагога, высвобождающая ресурсы для индивидуальной работы с учащимися и методического совершенствования. Разработанные с использованием инструментов искусственного интеллекта учебные материалы были внедрены в образовательный процесс. Результаты их применения свидетельствуют о высокой степени усвоения учащимися изученной темы.

Однако, в работе подчеркивается необходимость критического подхода к использованию технологий: алгоритмы генеративного искусственного интеллекта могут допускать ошибки в результатах своей работы или некорректно интерпретировать научные концепции. Следовательно, проверка любого сгенерированного контента является необходимым условием его использования в учебной деятельности.

Проведенная работа открывает перспективы для дальнейшего изучения педагогического потенциала MagicSchool AI. Перспективными направлениями являются: анализ влияния ИИ-генерируемого контента на академическую успеваемость учащихся, разработка методических рекомендаций по интеграции платформы в различные формы организации учебной деятельности. Особый интерес представляет изучение возможностей образовательного сайта для формирования метапредметных компетенций.

## Список использованных источников


1. Об объявлении Года цифровизации и искусственного интеллекта // Указ Президента Республики Казахстан от 6 января 2026 года №1151. [Электронный ресурс]. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2600001151 (дата обращения: 10.01.2026).
2. Об утверждении типовых учебных программ по общеобразовательным предметам и курсам по выбору уровней начального, основного среднего и общего среднего образования // Приказ министра просвещения Республики Казахстан от 16 сентября 2022 года №399. [Электронный ресурс]. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029767 (дата обращения: 19.01.2026).
3. MagicSchool AI – Образовательная платформа [Электронный ресурс]. – URL: https://www.magicschool.ai/ (дата обращения: 06.12.2025).
4. Prompt // Cambridge Dictionary: англо-русский словарь [Электронный ресурс]. – URL: https://dictionary.cambridge.org/ru/словарь/англо-русский/prompt (дата обращения: 06.12.2025).
5. Кронгарт, Б.А. Физика: учебник для 7 класса общеобразовательной школы [Текст] / Б.А. Кронгарт, Е.Е. Даданбеков, У.К. Токбергенова. – Алматы: Мектеп, 2025. – 216 с.
6. Сила Архимеда. 7 класс [Видеозапись] // YouTube. – 2022. – URL: https://www.youtube.com/watch?v=MwRGh7vV8VU (дата обращения: 05.01.2026)
7. Горлова, Е.А., Журавлева О.В. Использование сервисов для подготовки рабочих листов в современной практике преподавания [Электронный ресурс] // Современные проблемы науки и образования. – 2023. – №1. – URL: https://science-education.ru/ru/article/view?id=32459 (дата обращения: 05.01.2026). – DOI: https://doi.org/10.17513/spno.32459
8. Абдыкеримова, Э.А., Дүйсекенова, А.М. Жасанды интеллект негізіндегі Magic School платформасында оқытудың инновациялық әдістері және олардың тиімділігі // Yessenov Scince Journal. – 2024. – №4 (49). – С.117-124. DOI: https://doi.org/10.56525/LRIZ3456
9. Li X., Li B., Li J., Cho S.-J. Technology Review of Magic School AI: An Intelligent Way for Education Inclusivity and Teacher Workload Reduction // Education Sciences. – 2025. – Vol. 15, № 8. – 963. – URL: https://www.mdpi.com/2227-7102/15/8/963 (дата обращения: 06.12.2025). – DOI: https://doi.org/10.3390/educsci15080963

10. Holmes, W., Bialik, M., Fadel, C. Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications for Teaching and Learning [Текст] / W. Holmes, M. Bialik, C. Fadel**,**: Center for Curriculum Redesign, 2019. – 228 с.

# ОМ ЗАҢЫ ТАҚЫРЫБЫНДА ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

***Дюсенбай Д.Б.***
*Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педогогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.,*
***Бельгужанова Д.М.***
*Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педогогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.,*
***Сейтханова А.К.***
*PhD, қауымдастырылған профессор*
*Павлодар қ.*

***Аңдатпа.*** Бұл мақалада Ом заңы тақырыбында зертханалық жұмыстарды ұйымдастыру арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту жолдары қарастырылады. Тәжірибелік тапсырмалар оқушылардың теориялық білімін тереңдетіп, ғылыми ойлауын және дербес жұмыс істеу қабілетін қалыптастыруға бағытталғандығы көрсетіледі.

***Кілт сөздер:*** Ом заңы, зертханалық жұмыс, зерттеу дағдылары, тәжірибе, электр тогы, оқыту әдістері

***Аннотация.*** В статье рассматриваются способы развития исследовательских навыков учащихся при изучении закона Ома через проведение лабораторных работ. Практическая деятельность способствует углублению теоретических знаний, формированию научного мышления и развитию самостоятельности учащихся.

***Ключевые слова:*** закон Ома, лабораторная работа, исследовательские навыки, эксперимент, электрический ток, методы обучения

***Abstract.*** The article examines methods for developing students' research skills through laboratory work on Ohm's law. Practical activities enhance theoretical understanding, foster scientific thinking, and promote independent learning skills.

***Keywords:*** Ohm's law, laboratory work, research skills, experiment, electric current, teaching methods

## Кіріспе

Қазіргі білім беру кеңістігінде оқушылардың тек дайын білімді меңгеруі емес, оны тәжірибе барысында түсініп, өздігінен талдау жасап, қорытынды шығара білуі ерекше маңызға ие. Осыған байланысты білім беру процесінде оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту негізгі міндеттердің біріне айналып отыр. Дәстүрлі оқыту тәсілдері көбінесе теориялық білім берумен шектелетін болса, қазіргі талаптар оқушылардың

тәжірибе арқылы білімді меңгеруін және оны өмірлік жағдайларда қолдана алуын талап етеді.

Тәжірибе көрсеткендей, көптеген оқушылар теориялық материалды меңгергенімен, оны практикада қолдану және құбылыстарды тәжірибе жүзінде дәлелдеу барысында қиындықтарға кездеседі. Бұл олардың зерттеушілік, талдау және қорытынды жасау дағдыларының жеткіліксіз деңгейде қалыптасқанын көрсетеді. Сондықтан оқу процесінде зертханалық жұмыстарды тиімді ұйымдастыру, оқушылардың белсенділігін арттыру және олардың зерттеу дағдыларын дамыту өзекті мәселе болып табылады. Физика пәні табиғат құбылыстарын тәжірибе арқылы түсіндіретін ғылым болғандықтан, оны оқытуда зертханалық жұмыстардың маңызы ерекше. Теориялық білімді тәжірибемен ұштастыру арқылы оқушылар физикалық заңдылықтарды тереңірек түсініп, оларды нақты жағдайларда қолдана алады. Алайда мектеп тәжірибесінде кейбір жағдайда зертханалық жұмыстар жеткілікті деңгейде қолданылмайды немесе оқушылар оларды тек нұсқаулық бойынша орындаушы ретінде ғана қабылдайды. Осы тұрғыдан алғанда, зертханалық жұмыстарды зерттеушілік бағытта ұйымдастыру оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, олардың ғылыми ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Әсіресе физика курсындағы «Ом заңы» тақырыбы зертханалық жұмыстар жүргізуге өте қолайлы. Бұл тақырыпта оқушылар ток күші, кернеу және кедергі арасындағы тәуелділікті тәжірибе арқылы анықтап, өлшеу құралдарымен жұмыс істейді және алынған нәтижелерге талдау жасайды.

Осылайша, «Ом заңы» тақырыбында зертханалық жұмыстарды ұйымдастыру арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту - физиканы оқытудың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Зерттеу жұмысының мақсаты - мектеп физикасында «Ом заңы» тақырыбында зертханалық жұмыстар жүргізу арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту жолдарын анықтау. Зерттеу мақсатына жету үшін келесі міндеттер белгіленді:

Ом заңы тақырыбын оқытуда зертханалық жұмыстарды қолданудың теориялық негіздерін талдау;

Ом заңы бойынша зертханалық жұмыстар жүргізу барысында оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған практикалық іс-әрекеттер мен тапсырмаларды қарастыру;

Зертханалық жұмыстарға негізделген сабақ үлгісін әзірлеу.

Бірінші міндетті орындау барысында «Ом заңы» тақырыбында зертханалық жұмыстар жүргізу арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту мәселесіне қатысты көптеген ғылыми еңбектер қарастырылды. Алғашқылардың бірі болып D.S Soroka. және E.P. Shevchuk зерттеулерінде физика пәнінен үй жағдайында орындалатын зертханалық жұмыстардың оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудағы мүмкіндіктері қарастырылған. Авторлар эксперименттің оқушылардың дербес жұмыс істеу қабілетін дамытып, бақылау, талдау және қорытынды жасау

дағдыларын қалыптастыратынын көрсеткен [1]. Аталған мәселені кейінірек қарастырған зерттеулердің бірі – И.В. Левкин, А.В. Рассказов және Ш.Г.Хусаинов. Авторлар физикадан зертханалық жұмыстарды ұйымдастыруда интерактивті әдістерді қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, олардың зерттеушілік қабілеттерін дамытуға ықпал ететінін көрсеткен [2, 137-139 б.]. Кейінгі зерттеулерде бұл бағыт одан әрі дамытылды. Мысалы, Н.М. Стукаленко, Ж.К. Жамантаева, Б.К. Дигенова және Г.М. Сагындыкова өз еңбектерінде үй жағдайында орындалатын зертханалық жұмыстардың оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудағы тиімділігін дәлелдеген. Зерттеу нәтижелері оқушылардың тәжірибе барысында мақсат қою, гипотеза ұсыну және қорытынды жасау дағдыларының дамитынын көрсетті [3]. Сол жылы А.С. Жумабеков, Г.М. Жусипназарова және Е.О. Каскарбаев «Ом заңы» тақырыбын оқытуда зертханалық жұмыстарды қолдану оқушылардың теориялық білімін практикамен ұштастыруға мүмкіндік беретінін атап өткен. Авторлар зертханалық жұмыстар арқылы оқушылардың практикалық дағдылары мен логикалық ойлау қабілеттері дамитынын көрсеткен [4, 213-217 б.]. Зертханалық жұмыстарды ұйымдастыру мәселесі Н.Ж. Жанатбекова, Ә.Б. Абдулаева. және И.Ж. Есенгабылов зерттеулерінде де қарастырылған. Авторлар «Ом заңы» тақырыбы бойынша жүргізілетін тәжірибелік жұмыстар оқушылардың пәнді терең түсінуіне, сондай-ақ олардың зерттеушілік және талдау дағдыларын дамытуға ықпал ететінін анықтаған [5, 224-231 б.]. Р.Т. Абдраимов және Б.С. Уалиханова еңбектерінде «Ом заңы» тақырыбын оқытуда үй жағдайындағы тәжірибелік жұмыстардың тиімділігі зерттелген. Авторлар зертханалық жұмыстарды оқу процесінде жүйелі қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың зерттеушілік құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік беретінін дәлелдеген [6, 225-235 б.].

Осылайша, қарастырылған ғылыми еңбектер «Ом заңы» тақырыбында жүргізілетін зертханалық жұмыстар оқушылардың зерттеушілік дағдыларын (мақсат қою, гипотеза ұсыну, тәжірибе жүргізу, нәтижені талдау) дамытуда тиімді құрал екенін дәлелдейді. Сонымен қатар, тәжірибелік жұмыстар оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып, теориялық білімді практикамен ұштастыруға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер.

Физика сабағында тұрақты ток тарауында «Ом заңы» тақырыбы оқытылады. Қазіргі уақытта бұл тақырыпты оқытуда заманауи білім беру технологиялары кеңінен пайдаланылады: ақпараттық-коммуникативтік жүйелер, мультимедиалық презентациялар, компьютерлік модельдеу және виртуалды зертханалар. Мысалы, PhET жобасының виртуалды симуляторында оқушылар кернеу мен кедергіні өзгерте отырып, тоқ күшінің өзгеруін экраннан көре алады. Виртуалды зертханалар күрделі физикалық заңдылықтар мен құбылыстарды қарапайым әрі анық түсіндіруге мүмкіндік береді. Осыған сай мектеп бағдарламасында

оқушылар Ом заңын есептер шығаруда және зертханалық тәжірибелерде қолдануды үйренеді. Зертханалық жұмыстар оқушылардың ғылыми зерттеу дағдыларын қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады. Зерттеулер көрсеткендей, виртуалды зертханалар мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің дағдыларын дамытуға көмектеседі. Виртуалды құралдар мен симуляторларды қолданған кезде оқушы эксперименттің әр кезеңін өз бетімен бақылайды және алынған мәліметтер негізінде қорытынды шығаруды үйренеді. Мұндай жұмыстар барысында виртуалды аспаптармен жұмыс істеу дағдылары қалыптасып, талдау және қорытынды жасау қабілеттері дамиды, оқушылар ғылыми ізденіске ынталанады.

Сабақ үлгісінде теориялық білім мен практикалық жұмыстар үйлестіріле оқытылады:

Тақырыбы: Ом заңы. Ток күші, кернеу және кедергі арасындағы тәуелділікті зерттеу.

Сабақтың мақсаты: оқушылардың Ом заңы туралы білімін қалыптастыру, электр тізбегіндегі физикалық шамалар арасындағы байланысты түсіндіру және зертханалық жұмыстар арқылы зерттеу дағдыларын дамыту.

Кіріспе бөлімде оқушылар Ом заңын түсінуге арналған нақты тапсырмаларды орындайды. Алдымен оқушыларға «ток күші», «кернеу», «кедергі» ұғымдарын еске түсіруге арналған қысқа сұрақтар беріледі. Кейін оқушыларға қарапайым есеп ұсынылады: мысалы, кернеуі 6 В және кедергісі 3 Ом өткізгіштен өтетін ток күшін анықтау. Одан кейін оқушыларға кесте беріледі, онда кернеу мәндері өзгеріп отырады, ал кедергі тұрақты болады - оқушылар осы мәліметтер бойынша ток күшін есептеп, қандай тәуелділік бар екенін анықтайды. Келесі тапсырмада оқушыларға сұрақ қойылады: «Егер кедергі артса, ток күші қалай өзгереді?» - олар өз болжамдарын жазады. Мұндай тапсырмалар арқылы оқушылар Ом заңының мәнін өз бетінше түсінуге бағытталады және логикалық ойлау дағдылары дамиды.

Екінші бөлімде компьютерлік модельдеу мен виртуалды симулятор көмегімен электр тізбегінің принциптері түсіндіріледі. Мысалы, PhET Interactive Simulations платформасындағы «Ohm’s Law» немесе «Circuit Construction Kit» виртуалды зертханасы қолданылады. Оқушылар осы симуляторда қуат көзі, резистор және амперметрден тұратын қарапайым электр тізбегін құрастырады. Алдымен кедергі тұрақты (мысалы, 5 Ом) күйінде қалдырылып, кернеу 2 В, 4 В, 6 В мәндеріне өзгертіледі, әр жағдайда ток күші бақыланып, кестеге тіркеледі. Кейін кернеу тұрақты қалдырылып, кедергі мәні өзгертіледі. Оқушылар алынған нәтижелерді салыстырып, ток күшінің кернеуге тура, ал кедергіге кері пропорционал екенін анықтайды. Бұл кезеңде оқушылар виртуалды тәжірибе жүргізу арқылы физикалық шамалар арасындағы тәуелділікті көрнекі түрде түсінеді, эксперимент нәтижелерін тіркеу және талдау дағдыларын дамытады, себеп-салдар байланысын анықтайды, сондай-ақ гипотеза құрып, оны тексеруге үйренеді.

Үшінші бөлімде оқушылар практикалық құрал-жабдықтармен тәжірибе жасайды. Мысалы, реостат, белгілі кедергілер мен өлшеу аспаптарының көмегімен электр тізбегін құрастырып, Ом заңын практикалық тәжірибе жүзінде тексереді. Оқушылар әр түрлі кернеу мен кедергі мәндерін өзгертуде алынған ток және кернеу мәндерін кестеде тіркеп, оларды график түрінде көрсету арқылы Ом заңын эксперименттік негізде дәлелдейді. Сондай-ақ, «өткізгіштің кедергісі ток күші мен кернеуге қалай тәуелді?» тәрізді зерттеушілік сұрақтар қойылып, алынған нәтижелер талданып, оқушылар өз қорытындыларын жазады. Мұндай іс-әрекеттер оқушыларды зерттеуге белсенді тартып, физикалық заңдылықтарды өз бетінше талдап, қорытынды жасауға үйретеді, нәтижесінде олардың зерттеу, талдау және эксперимент жүргізу дағдылары дамиды.

Қорытындылай келе, Ом заңы тақырыбындағы сабақ үлгілерін виртуалды модельдеу мен нақты зертханалық жұмыстарды үйлестіре қолдану оқушылардың практикалық дағдылары мен зерттеушілік әлеуетін арттырады. Мұндай сабақ үлгісі оқушылардың пәнге қызығушылығын оятып, ғылыми ізденіс дағдыларын дамытуға септігін тигізеді. Виртуалды зертханалар күрделі физикалық заңдылықтарды қарапайым әрі көрнекі түрде түсіндіруге мүмкіндік береді, ал нақты зертханалық тәжірибе алынған білімді практикада бекітуге ықпал етеді.

Зерттеу көрсеткендей, осындай екі форматтың үйлесімі оқушылардың білімін тереңдетіп, олардың тәжірибелік түсінігін нығайтады. Сондықтан мектеп физикасында Ом заңын оқыту кезінде электрондық модельдеу мен шынайы зертхананы бірге пайдалану оқушылардың зерттеу дағдыларын қолдап, оқу нәтижесін арттырудың ең тиімді тәсілі болып табылады.

Қорытынды.

Жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелері көрсеткендей, «Ом заңы» тақырыбында зертханалық жұмыстарды жүйелі және зерттеушілік бағытта ұйымдастыру оқушылардың зерттеу дағдыларын тиімді дамытуға мүмкіндік береді. Теориялық материалды тәжірибемен ұштастыру барысында оқушылар тек дайын білімді қабылдаушы емес, өздігінен ізденіп, эксперимент жүргізіп, нәтижелерді талдай алатын белсенді субъектке айналады. Зертханалық жұмыстар арқылы оқушылардың мақсат қою, гипотеза ұсыну, тәжірибе жүргізу, алынған деректерді өңдеу және қорытынды жасау сияқты негізгі ғылыми-зерттеу дағдылары қалыптасады.

Зерттеу барысында анықталғандай, дәстүрлі оқыту әдістеріне қарағанда тәжірибелік және зертханалық жұмыстарды қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың танымдық белсенділігін күшейтеді. Әсіресе «Ом заңы» тақырыбы аясында жүргізілетін тәжірибелер оқушыларға ток күші, кернеу және кедергі арасындағы тәуелділікті нақты өлшеулер арқылы түсінуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде теориялық білімнің терең меңгерілуіне және оны практикалық жағдайларда қолдана алуына ықпал етеді.

Қорытындылай келе, «Ом заңы» тақырыбында зертханалық жұмыстарды ұйымдастыру – оқушылардың зерттеушілік құзыреттіліктерін дамытудың маңызды және нәтижелі жолы. Мұндай әдіс оқушылардың ғылыми ойлауын қалыптастырып қана қоймай, олардың өз бетінше білім алуына, логикалық талдау жасауына және алған білімдерін өмірлік тәжірибеде қолдана білуіне негіз қалайды. Сондықтан мектеп физикасын оқытуда зертханалық жұмыстарды жүйелі, мақсатты және заманауи технологиялармен ұштастыра отырып қолдану – білім сапасын арттырудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

## Қолданылған дереккөздер тізімі:


1. Soroka D.S., Shevchuk E.P. Physical laboratory works at home as the method of formation of students' researching skills. — 2018. — URL: https://infolesson.kz/statya-po-metodike-prepodavaniya-fiziki-na-temu-pysical-laboratory-orks-at-ome-as-te-metod-of-formation-of-students-researcing-s-2830611.html?utm_source=infourok&utm_medium=share&utm_campaign=material-mega
2. Левкин И.В., Рассказов А.В., Хусаинов Ш.Г. Некоторые аспекты организации и проведения лабораторных работ по физике для студентов-бакалавров с применением интерактивных технологий // Казанский педагогический журнал. — 2018. — № 5. — URL: https://cyberleninka.ru/article/n/nekotorye-aspekty-organizatsii-i-provedeniya-laboratornyh-rabot-po-fizike-dlya-studentov-bakalavrov-s-primeneniem-interaktivnyh/viewer
3. Стукаленко Н.М., Жамантаева Ж.К., Дигенова Б.К., Сагындыкова Г.М. Развитие исследовательских навыков учащихся в условиях обновления содержания образования. — 2020. — URL: https://ulagat.com/2020/11/24/развитие-исследовательских-навыков/
4. Жумабеков А.С., Жусипназарова Г.М., Каскарбаев Е.О. и др. Лабораторные работы по физике как способ достижения метапредметных результатов // Молодой ученый. — 2020. — № 13 (303). — С. 212–217. — URL: https://moluch.ru/archive/303/68422
5. Жанатбекова Н.Ж., Абдулаева Ә.Б., Есенгабылов И.Ж. Педагогика и методика преподавания // Абай атындағы ҚазҰПУ-ның Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. — 2021. — № 4 (72). — URL: https://bulletin-pedagogy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/476/581
6. Абдраимов Р.Т., Уалиханова Б.С. Организация лабораторной работы на основе элективного курса по физике // Iasaýı ýnıversıtetinıń habarshysy. — 2022. — Т. 3, № 125. — URL: https://journals.ayu.edu.kz/index.php/habarshy/article/view/1369/400

# ФИЗИКАНЫ ЕРТЕ ОҚЫТУ – ТЕХНИКА ӘЛЕМІНЕ БАУЛУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ

***Калжапаров Д.Т.***
*Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педогогикалық университетнің студенті, Павлодар қ.*
***Ельтинова Л.А.***
*ғылыми жетекшісі: (PhD), аға оқутушы* ***Ельтинова Л.А****. Павлодар қ.*

**Аннотация:** Мақалада 5-сыныпта физиканы элективті курс ретінде ерте оқытудың тиімділігі қарастырылады. «Физика – ғажайып әлем» бағдарламасы аясында Герон субұрқағы мен гидравликалық машиналарды модельдеу бойынша эксперимент жүргізілді. Зерттеу нәтижелері физикалық құбылыстарды ерте жастан зерттеу оқушылардың техникалық ойлау қабілетін арттырып, ғылымға деген тұрақты қызығушылығын қалыптастыратынын дәлелдейді.

**Түйінді сөздер:** физика, тәжірибе, зерттеу, заңдар, техника, эвристикалық оқыту, модельдеу.

***Аннотация:*** *В статье рассматривается эффективность обучения физике пятиклассников в рамках элективного курса. На основе программы «Физика – удивительный мир» проведен эксперимент по моделированию фонтана Герона и гидравлических машин. Результаты подтверждают, что изучение физических явлений развивает техническое мышление и формирует устойчивый интерес к науке.*

**Ключевые слова:** физика, опыт, исследование, законы, техника, эвристическое обучение, моделирование.

**Abstract:** The article examines the effectiveness of early physics education for 5th-grade students via an elective course. Based on the "Physics – A Wonderful World" program, an experiment on modeling Heron's fountain and hydraulic machines was conducted. Results prove that early exposure to physics enhances technical thinking and fosters sustained interest in science.

**Keywords:** physics, experiment, research, laws, technology, heuristic learning, modelling.

**Кіріспе.** Қазіргі жаһандану жағдайында ғылым мен техниканың қарқынды дамуы білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойып отыр [1, 156 б.]. Қоғамға тек дайын ақпаратты меңгерген емес, оны талдай алатын, тәжірибеде қолдана білетін, сыни және шығармашылық ойлайтын тұлға қажет. Осы тұрғыдан алғанда, мектептегі жаратылыстану пәндерінің, соның ішінде физиканың рөлі ерекше.

Физика – табиғат құбылыстары мен техникалық процестердің негізін түсіндіретін іргелі ғылым. Алайда дәстүрлі оқу бағдарламаларында физика пәні 7-сыныптан бастап енгізіледі [2, 210 б.]. Бұл кезеңге дейін оқушылардың табиғи қызығушылығы кей жағдайда бәсеңдеп, пәнге деген қорқыныш немесе күрделілік туралы түсінік қалыптасып үлгереді.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулерге сүйенсек, 10–11 жас аралығы – оқушылардың танымдық белсенділігі жоғары, жаңа білімді тәжірибе арқылы қабылдауға бейім кезеңі. Сондықтан физиканы 5-

сыныптан бастап қарапайым, көрнекі және тәжірибелік түрде оқыту – оқушыларды техника әлеміне ерте баулудың тиімді жолы болып табылады [3, 398 б.].

Осы мәселені шешу мақсатында автор тарапынан «Физика – ғажайып әлем» атты авторлық элективті бағдарлама әзірленіп, 5-сынып оқушыларымен тәжірибе жүзінде жүзеге асырылды.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеттері**

Зерттеудің негізгі мақсаты – 5-сыныпта физиканы элективті курс ретінде ерте оқытудың оқушылардың ғылыми дүниетанымына, техникалық ойлау қабілетіне және сын тұрғысынан ойлау дағдыларына әсерін анықтау.

5-сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, элективті курс аясындағы эксперименттер "қарапайымнан күрделіге" принципі бойынша құрылды. Бұл жастағы балалардың абстрактілі ойлау қабілеті енді қалыптаса бастағандықтан, физикалық құбылыстарды көрнекі түрде көрсету маңызды. Мысалы, Герон субұрқағын жасау барысында оқушылар тек сұйықтық қысымын бақылап қоймай, ауа мен судың өзара әрекеттесуін өз көздерімен көреді.

Тәжірибе көрсеткендей, оқушылар дайын құрылғыны қолданғаннан көрі, оны өз қолдарымен құрастырғанды ұнатады. Бұл процесс барысында оқушылардың инженерлік дағдылары дамиды: олар бөлшектерді біріктіруді, герметикалықты сақтауды және жүйенің жұмысын реттеуді үйренеді. Бұл элективті курстың басты мақсаты — теориялық білімді практикалық дағдылармен ұштастыру.

Аталған мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

5-сынып оқушыларына арналған физиканы ерте оқыту бағдарламасын тәжірибеде қолдану;

теория мен практиканы өзара байланыстыра отырып, тәжірибелік сабақтар ұйымдастыру;

оқушылардың сабаққа қызығушылығы мен белсенділігін бақылау;

жүргізілген жұмыстардың нәтижелерін педагогикалық тұрғыдан талдау.

**«Физика – ғажайып әлем» авторлық бағдарламасының ерекшелігі**

«Физика – ғажайып әлем» авторлық бағдарламасы 5-сынып оқушыларына арналған элективті курс ретінде толық жылға 34 сағат, аптасына 1 сағат көлемінде жүргізіледі. Бағдарламаның мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай, күрделі формулаларсыз, өмірмен тікелей байланысты мысалдар арқылы құрылған.

Бағдарламаның басты қағидалары:

- көрнекілік;
- тәжірибеге негізделген оқыту;
- оқушының белсенді әрекеті;
- зерттеушілік тәсіл.

Әрбір тақырыпта оқушылар тек тыңдаушы емес, тәжірибе жасаушы, бақылаушы және қорытынды шығарушы рөлін атқарады. Бұл тәсіл физиканы «құрғақ теория» емес, қызықты әрі түсінікті ғылым ретінде қабылдауға мүмкіндік береді.

**Практикалық тәжірибелерді ұйымдастыру**

Курс барысында бірнеше маңызды тәжірибелік жұмыстар жүргізілді. Олардың ішінЗде ерекше нәтиже берген екі тәжірибеге тоқталамыз.

Паскаль заңы және Герон субұрқағы

Паскаль заңын оқыту барысында оқушылар Герон субұрқағын құрастыру тәжірибесін орындады (1-сурет). Бұл тәжірибе оқушылардың ерекше қызығушылығын тудырды. Су қысымының әсерінен судың жоғары атқылауын бақылау арқылы олар заңның мәнін тереңірек түсінді.

Тәжірибе барысында оқушылар:

- болжам жасады;
- тәжірибе нәтижесін бақылап, талдады;
- өз ойларын дәлелдеуге тырысты.

Гидравликалық машиналар тақырыбы

Келесі кезеңде гидравликалық машиналардың жұмыс істеу принципін түсіндіру үшін медициналық шприцтер мен түтікшелер пайдаланылды. Паскаль заңын түсіндіруде бұл әдіс өте тиімді (2-сурет). Оқушылар шағын поршеньге түсірілген күштің қалай еселенетінін көріп, гидравликалық басқару жүйелерінің (мысалы, экскаватор немесе автокөлік тежегіші) қалай жұмыс істейтінін түсінді. Мұндай тапсырмалар оқушылардың техникалық модельдеуге деген қызығушылығын оятып, физиканың өмірдегі маңызын айқындай түсті.

Бұл жұмыстар оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға ықпал етті.

*1-сурет 2-сурет*

Зерттеу нәтижелері мен талдау

Элективті курс барысында жүргізілген бақылаулар мен талдаулар келесі нәтижелерді көрсетті:

- оқушылардың физика пәніне деген қызығушылығы айтарлықтай артты;
- оқушылар тәжірибе жасауға және жаңа идея ұсынуға белсенді қатысты;
- сын тұрғысынан ойлау, талдау және қорытынды жасау дағдылары қалыптасты;
- физикалық заңдарды өмірмен және техникамен байланыстыра алу қабілеті дамыды.

Оқушылардың техникалық терминологияны (қысым, күш, тығыздық, тепе-теңдік) еркін қолдана бастағаны байқалды. Ең басты жетістік — оқушылардың "неге?" және "қалай?" деген сұрақтарды жиі қойып, өз бетінше шағын зерттеулер жүргізуге ұмтылуы. Бұл физиканы ерте оқытудың оқушы тұлғасының интеллектуалды дамуына тікелей әсер ететінін растайды. Бұл физиканы ерте оқытудың тиімділігін дәлелдейтін маңызды көрсеткіш болып табылады [4, 192 б.].

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу жұмыстары мен «Физика – ғажайып әлем» элективті курсы аясында іске асырылған практикалық сабақтарды талдай келе, келесідей маңызды тұжырымдар жасауға болады:

Біріншіден, 5-сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес физикалық құбылыстарды ерте жастан, әсіресе эксперименттік бағытта оқыту олардың танымдық белсенділігін бірнеше есе арттыратыны дәлелденді. Дәстүрлі оқыту жүйесіндегі 7-сыныпқа дейін күтпей-ақ, қарапайым механикалық және гидравликалық процестерді түсіндіру арқылы баланың қоршаған ортаға деген ғылыми көзқарасын ерте қалыптастыруға болады. Бұл оқушының мектеп бағдарламасындағы физика курсына психологиялық тұрғыдан дайын болып келуін қамтамасыз етеді.

Екіншіден, мақалада сипатталған Герон субұрқағы мен гидравликалық машиналардың модельдерін жасау барысында оқушылар тек теориялық білім алып қоймай, инженерлік-конструкторлық дағдыларды меңгерді. Бұл қазіргі білім берудегі STEM (ғылым, технология, инженерия, математика) бағытының басты мақсатымен тікелей үндеседі. Оқушылардың өз қолымен жасаған құрылғылары физика заңдарының дерексіз формула емес, нақты қолданбалы күш екенін түсінуге көмектесті. Физиканы ерте оқыту оқушылардың болашақта инженерлік, техникалық және ғылыми бағыттағы мамандықтарға саналы түрде бағдарлануына негіз қалайды [5, 145 б.]. Сондықтан мұндай элективті курстарды білім беру жүйесіне кеңінен енгізу өзекті мәселе болып табылады.

Үшіншіден, эвристикалық оқыту элементтерін қолдану оқушылардың логикалық ойлау жүйесін дамытып, проблемалық жағдаяттардан шығу жолдарын іздеуге бағыттады. Тәжірибе барысында жіберілген қателіктер мен оларды түзету жолдары баланың сыни ойлау қабілетін шыңдап,

зерттеушілік мәдениетін қалыптастырды. Бұл дағдылар тек физика пәнінде ғана емес, басқа да жаратылыстану бағытындағы пәндерді меңгеруде іргетас болып табылады.

Төртіншіден, ерте оқытудың нәтижесінде оқушыларда ғылыммен айналысуға деген оң мотивация қалыптасты. Бұл болашақта физика-математика бағытындағы мамандандырылған сыныптарды таңдауға және техникалық мамандықтарға саналы түрде бағдарлануға үлкен септігін тигізеді.

Қорыта айтқанда, физиканы 5-сыныптан бастап элективті курстар арқылы енгізу – қазіргі заманғы мектеп білімін жаңартудың тиімді құралы. Зерттеу барысында әзірленген әдістемелік тәсілдер мен практикалық жұмыстарды орта мектептердегі жаратылыстану пәндерінің мұғалімдеріне қосымша білім беру бағдарламасы ретінде қолдануға ұсынылады. Бұл қадам еліміздегі ғылым мен техниканың болашақ мамандарын мектеп қабырғасынан бастап сапалы дайындауға мүмкіндік береді.

**Қолданылған дереккөздер тізімі:**


1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – Астана: Ғылым. - 2018. – 156 бет.
2. Кузнецов В.С. Физиканы оқыту әдістемесінің негіздері. – Алматы: Мектеп, 2016. – 210 б.
3. Божович Л.И. Личность и её формирование в детском возрасте. – Москва: Просвещение, 2008. – 398 б.
4. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 2010. – 192 б.
5. Абдиев Қ.С., Сейтқалиев А. Физиканы оқытудың инновациялық технологиялары. – Астана, 2021. – 145 б.


## ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ӨМІРЛІК ЖАҒДАЙЛАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ФИЗИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІҢ РӨЛІ


***Карамбаева А. М.***

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің магистранты,Павлодар қ.*

***Кисабекова А. А.***

*ғылыми жетекшісі: PhD, профессор, Павлодар қ.*



**Аннотация:** Бұл жұмыста студенттердің дағдыларын жетілдіру үшін физика сабағында нақты есептерді пайдаланудың маңыздылығы талқыланады. Автор дәстүрлі және практикалық есептердің арасындағы айырмашылықтарды атап көрсетеді және оқушылардың ойлауын, шығармашылығын және техникалық дағдыларын арттыруға арналған стратегияларды ұсынады.



**Кілт сөздер:** функционалдық сауаттылық, физика есептері, өмірлік жағдайлар, практикалық дағдылар, сыни ойлау, пәнаралық байланыс.

**Аннотация:** В данной статье рассматривается роль реальных физических задач в развитии инженерных навыков. Автор подчеркивает различия между традиционным и практическим обучением, акцентируя внимание на их важности для развития мышления, креативности и применения знаний в реальных ситуациях.
**Ключевые слова:** функциональная грамотность, задачи по физике, жизненные ситуации, практические навыки, критическое мышление, межпредметные связи.
**Abstract:** The paper explores the role of real-life physics tasks in the development of functional literacy. It highlights the differences between traditional and practical tasks, emphasizing their importance in developing critical thinking, creativity, and the ability to apply knowledge in everyday situations.
**Keywords:** functional literacy, physics problems, real-life situations, practical skills, critical thinking, interdisciplinary connections.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты - оқушылардың практикалық дағдыларын дамыту. Бұл тұжырымдама оқушылардың алған білімдерін нақты өмірлік жағдайларға қолдана білу қабілетін көрсетеді. Қазақстандағы білім беру реформалары да осы бағытқа басымдық береді. Физика пән ретінде табиғат заңдылықтарын түсіндіріп қана қоймай, сонымен қатар оқушыларға күнделікті өмірде кездесетін әртүрлі оқиғаларды талдауға көмектеседі. Сондықтан физика есептерін нақты өмірлік жағдайлармен біріктіру практикалық дағдыларды дамытудың тиімді тәсілі болып табылады.

Физика - табиғат заңдылықтарын түсіндіретін ғылым. Ол оқушылардың практикалық ойлау, логикалық талдау және есептерді шешу қабілеттерін дамыта алады. Практикалық дағдыларды дамыту үшін физика сабақтары тек теориялық білімді ғана беріп қоймай, сонымен қатар оқушылардың теориялық білімдерін нақты өмірлік жағдайларға қолдану қабілетін де дамытуы керек. Мысалы, энергияны үнемдеу - тұрмыстық техникадағы электр энергиясын тұтыну, көлік қозғалысы - қозғалыс заңдарын талдау, жылу алмасу - күнделікті өмірдегі жылу өткізгіштіктің мысалдары. Нақты өмірлік жағдайларға негізделген есептер оқушыларды нақты өмірмен байланыстыра алады. Қолданбалы - күнделікті өмірден алынған мысалдар: пәнаралық - басқа пәндермен (математика, биология, география) байланыс; оқуға деген қызығушылықты арттыру, мотивацияны арттыру. Мысалы, «Қыста жылытуға арналған ең тиімді материал қандай?» Сұрақты жылу өткізгіштік заңын нақты өмірлік жағдайлармен байланыстыру арқылы шешуге болады. [1]

Қазіргі қоғамдағы білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі - оқушылардың практикалық дағдыларын дамыту. Бұл ұғым тек сауаттылық дағдыларымен ғана шектелмейді, сонымен қатар үйренгендерін нақты өмірлік жағдайларда қолдана білуді де қамтиды. Қазақстан Республикасында практикалық дағдыларды дамытуға ерекше назар аударатын 2012-2016 жылдарға арналған Ұлттық іс-қимыл жоспары қабылданды. Физика - оқушылардың ғылыми көзқарасын қалыптастырып, логикалық ойлау дағдыларын дамытатын пән. Физика сабақтары практикалық дағдыларды дамытуда маңызды рөл атқарады, себебі олар

оқушыларға практикалық іс-әрекеттер арқылы нақты өмірлік жағдайларға бейімделуге мүмкіндік береді. Блум таксономиясына негізделген оқу бағдарламасының құрылымын құру оқушылардың әртүрлі дағдыларын дамытуда тиімді. Бұл әдіс оқушыларды ақпаратты қабылдауға ғана емес, сонымен қатар оны қолдануға, талдауға, жалпылауға және бағалауға бағыттайды. Физика сабақтарында оқушылардың практикалық дағдыларын дамыту үшін келесі әдістер ұсынылады: Практикалық тәжірибелер: электр өрістерін зерттеу, күш сызықтарын салу, электростатикалық экрандау тәжірибелері; Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану: ақпаратты графиктер, суреттер және презентациялар арқылы ұсыну; Диалогқа негізделген оқыту: оқушылардың топтық және жұптық іс-әрекеттер арқылы коммуникативтік дағдыларын дамыту; Өзін-өзі реттеу: өзін-өзі бағалау формаларын қолдана отырып, оқушылардың жауапкершілік сезімін арттыру. Бұл әдістер оқушыларға келесі салалардағы дағдыларды дамытуға көмектеседі: пәнге тән дағдылар (есептеу, эксперимент, графиктер), коммуникативтік дағдылар (идеялармен бөлісу, шешім қабылдау), ақпараттық сауаттылық (әртүрлі ақпарат көздерін пайдалану), басқару дағдылары және тұлғааралық қарым-қатынас дағдылары. Тәжірибелік дағдыларды дамыту - білім берудің негізгі мақсаты. Физика сабақтарында инновациялық әдістерді қолдану оқушыларға алған білімдерін нақты жағдайларда тиімді қолдануға көмектеседі және болашақта бәсекеге қабілетті маман болуға негіз қалайды. [2]

Қазіргі білім беру жүйесінде практикалық сауаттылық оқушылардың үйренгендерін нақты өмірлік жағдайларға қолдана білу қабілетін білдіреді. Бұл тұрғыда физика есептері ерекше рөл атқарады. Атап айтқанда, күнделікті өмірге негізделген практикалық есептер оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытып, физика мен өмір арасындағы байланысты көрсете алады. Практикалық сауаттылық тек теориялық білімді үйрену ғана емес, сонымен қатар оны нақты өмірлік жағдайларға қолдану туралы. Физикада бұған электр энергиясын үнемдеу, жол қозғалысы жағдайларын талдау және қоршаған орта мәселелерін түсіндіру сияқты есептер арқылы қол жеткізуге болады. Бұл оқуға деген ынтаны арттырады: оқушылар физиканың өмірдегі маңыздылығын түсінеді. Ол сыни ойлауды ынталандырады: оқушылар деректерді талдайды және есептерді шешу процесінде қорытынды жасайды. Ол оқушыларға білімді қалай қолдану керектігін үйретеді: теориялық заңдарды нақты өмірлік жағдайларға қолдану. Мысалы: тұрмыстық электр энергиясын тұтынуды есептеу; жол қозғалысы жағдайларын талдау үшін GPS деректерін пайдалану; ғимараттардағы жылу шығынын анықтау және жылу шығынын азайту әдістерін бағалау; әртүрлі көлік әдістерінің қоршаған ортаға әсерін салыстыру.

Дәстүрлі есептерге және практикалық есептерге бағытталған есептердің салыстырмасы

| Есеп түрі | Ерекшелігі | Әсері |
|---|---|---|
| Дәстүрлі есептер | Формулалық, абстрактілі | Теориялық білімді бекітеді |
| Практикаға бағытталған есептер | Өмірлік жағдайға негізделген | Функционалдық сауаттылықты дамытады |

Қазақстанда оқушылардың практикалық сауаттылығын дамыту ұлттық және PISA бағдарламаларында басымдыққа айналды. Физикадан ғылыми сауаттылық әсіресе маңызды, себебі ол оқушыларға айналасындағы физикалық құбылыстарды түсінуге және болжауға көмектеседі. Мысалдар:

1. «Көлік сағатына 90 км жылдамдықпен жүріп келеді. Оның алдында кедергі пайда болады. Егер тежеу уақыты 5 секунд болса, тежеу қашықтығын есептеп, оның жол қауіпсіздігі үшін маңыздылығын түсіндіріңіз».

2. «Қысқы күні үй ішіндегі температура +22°C, ал сыртқы температура -15°C болады. Терезе арқылы жылу шығынын есептеңіз. Қандай энергия үнемдеу шараларын ұсынар едіңіз?»

3. «Үйде жарықдиодты шамдарды пайдалану энергияны үнемдеу үшін тиімді ме? Электр энергиясын тұтынуды салыстырыңыз және ай сайынғы шығынды есептеңіз».

Мұғалімге бағытталған есептерді құру алгоритмі, мұғалімдердің өздері осындай проблемаларды тудыру үшін тәжірибелердің бірдей тізбегін орындауы керек. Сұрақтың анықтамасы оқушылар үшін өзекті және қызықты өмірлік жағдайды таңдау және жағдайлардағы жалпы физикалық заңдылықтар мен құбылыстарды анықтау.

Зерттеулер ситуациялық сұрақтарды жүйелі түрде қолдану оқушылардың PISA типті бағалаудағы көрсеткіштерін 15%-дан 25%-ға дейін жақсарта алатынын көрсетеді. Дегенмен, негізгі қиындықтар мұғалімдерді даярлауда және уақыт шектеулерінде жатыр. Нақты әлемдегі физика есептері практикалық дағдыларды дамытудың тиімді құралы болып табылады. Оқушылардың білімін абстрактілі деңгейден шындыққа айналдыру арқылы олар сыни ойлауды, шешім қабылдау қабілеттерін және өмір бойы оқу дағдыларын жақсарта алады. [3]

Қазіргі қоғамда кәсіби дайындық тек курстық жұмыспен шектеліп қоймай, сонымен қатар практикалық дағдыларды дамытуға баса назар аударуы керек. Практикалық дағдылар ақпаратты талдау, шешім қабылдау, болжау және кәсіби ортада тиімді әрекет ету қабілетін білдіреді. В.А. Акопянның «Кәсіптік білім беру мекемелерінің студенттерінде практикалық дағдыларды дамыту мен бағалауға жүйелі тәсіл: аймақтық тәжірибе» атты мақаласында Самара мемлекеттік орта кәсіптік білім беру жүйесінде практикалық дағдыларды жүйелі түрде дамыту тәжірибесі таныстырылады. Самара мемлекеттік жүйесінде практикалық дағдыларды дамытудың әдіснамалық негізі келесі қағидаттарға негізделген жүйелі тәсіл

болып табылады: тұтастық – пәндер, академиялық тапсырмалар және сыныптан тыс іс-шаралар арасындағы өзара байланыс; иерархия – оқу бағдарламасының барлық элементтерінің үйлестірілуі және бірізділігі; жоспарлау және динамизм – білім беру мазмұнын біртіндеп жаңарту және байыту; бейімделу – аймақтық ерекшеліктер мен жұмыс берушілердің қажеттіліктерін ескере отырып; және құрылымдау – білім беру процесін нақты ұйымдастыру және мұғалімнің қасиеттерін дамыту. Самара облысында функционалдық сауаттылықты дамыту бірнеше жолмен жүзеге асырылады: оқу бағдарламасының мазмұнын жаңарту – «Жалпы кәсіптік құзыреттілік» оқу бағдарламасы аясында ақпараттық сауаттылықты, математикалық сауаттылықты, қаржылық сауаттылықты, жаратылыстану ғылымдарының сауаттылығын және оқу сауаттылығын дамыту; тәжірибеге бағытталған оқыту — жобаларды жүзеге асыратын, нақты мәселелерді шешетін және практикалық жұмысқа қатысатын студенттер; және 2023 жылғы жағдай бойынша Самара облысының 58 кәсіптік білім беру мекемесі 2597 кәсіпорынмен бірлесіп, дуалды оқыту арқылы 15 000-нан астам студентті оқытты. Сонымен қатар, 4800-ден астам студент мақсатты оқыту келісімшарттарына қол қойды. Жүйелі тәсіл функционалдық сауаттылықты дамытудың тиімді тәсілі болып табылады. Бұл мұғалімдерді біліктілігін арттыруды және аймақтық ерекшеліктерге сәйкес оқу бағдарламасының мазмұнын жаңартуды талап етеді. Самара облысының тәжірибесі Қазақстанның орта кәсіптік білім беру жүйесі үшін де үлгі бола алады. [4]

Физика есептерін нақты өмірлік жағдайлармен байланыстыру оқушылардың практикалық дағдыларын дамытудың тиімді тәсілі болып табылады. Бұл әдіс оқушыларға тек ұғымдарды түсінуді ғана емес, сонымен қатар бұл ұғымдарды іс жүзінде қолдану қабілетін де дамытады. Сондықтан мұғалімдер оқыту процесінде қолданбалы есептерді белсендірек қолдануы керек. Практикалық дағдыларды дамыту үшін көп деңгейлі тапсырмалар жүйесі өте маңызды. Бірінші деңгей қарапайым формулаларды пайдалануды қамтиды; екінші деңгей нақты өмірлік жағдайларға бейімделген есептерді қамтиды; ал үшінші деңгей зерттеуге негізделген есептерді қамтиды. Бұл жүйе оқушылардың қабілеттеріне негізделген сараланған оқытуға мүмкіндік береді және әр деңгейде практикалық дағдыларды дамытады. Нақты өмірлік жағдайларға негізделген есептер сыни ойлау мен шығармашылықты дамытады, оқушыларды сыни ойлауға бағыттайды. Мысалы, есептерді талдау, әртүрлі шешімдерді бағалау және инновациялық идеяларды ұсыну. Мысалы, «Қалай физикалық әдістер қаладағы көлік кептелісін азайта алады?» деген сұрақ оқушыларды ойлауға және жаңа шешімдер ұсынуға итермелейді. Бүгінгі таңда виртуалды зертханалар, модельдеу және мобильді қосымшалар кәдімгі сыныптарда кеңінен қолданылады. Бұл құралдар оқуды жақсартады, практикалық дағдыларды жақсартады және қашықтықтан оқытуда да тиімді. Мысалы, PhET модельдеуімен оқушылар схемалар жасап, нақты жағдайларда эксперименттер жүргізе алады. Нақты өмірлік жағдайларға негізделген

физика есептері оқушылардың практикалық дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады. Бұл әдістер оқушыларға білімді нақты өмірлік жағдайларға қолдануға, сыни ойлау мен шығармашылықты дамытуға үйретеді. Көп деңгейлі есеп жүйелері мен заманауи оқыту әдістерінің арқасында физика оқушылардың практикалық дағдыларын дамытудың маңызды құралына айналды. [5]

Қазіргі заманғы білім беру жүйелерінде практикалық дағдылар – оқушылардың алған білімдерін нақты өмірлік жағдайларға қолдана білуі – негізгі мақсат болып табылады. Математика сабақтарында ситуациялық есептерді қолдану оқушылардың сыни ойлауын, аналитикалық дағдыларын және практикалық қолдану дағдыларын дамыта алады. Қазақ ұлттық университетінің Н.К. Акперов пен А.К. Ардабаева мұғалімдерден зерттеу жүргізіп, ситуациялық есептерді жасаудағы сипаттамаларды, қолдану жиілігін және қиындықтарын анықтады. Сауалнамаға отыз математика мұғалімі қатысты. Мұғалімдердің жиырма пайызы ситуациялық есептерді әрқашан қолданатынын көрсетті. Қатысушылардың жетпіс пайызы кейде бұл құралдарды қолданатынын, ал 10%-ы оларды ешқашан қолданбайтынын айтты. Мұғалімдердің алпыс пайызы онлайн режимінде, 50%-ы Солтүстік Техас университетінен (ҰБТ) және 20%-ы халықаралық зерттеу жобаларынан тапсырмалар алды. [6]

*Кесте 1 – Контекстік есептерді қолдану нәтижелері*

| Сұрақ | Жауаптар | Пайыз |
|---|---|---|
| Контекстттік есептерді қолданасыз ба? | Әрқашан | 20% |
| | Кейде | 70% |
| | Қолданбаймын | 10% |
| Қайдан аласыз? | Интернет | 60% |
| | ҰБТ тапсырмалары | 50% |
| | Халықаралық зерттеулер | 20% |
| Қиындықтар | Мәтін құрастыру | 32% |
| | Дескриптор анықтау | 27% |
| | Сұрақ қою | 20% |

Дәстүрлі сұрақ түрлерінен айырмашылығы, ситуациялық сұрақтар нақты өмірлік жағдайларға негізделген, практикалық қолдануға баса назар аударады, студенттердің танымдық қызығушылығын оятады және ақпаратты әртүрлі форматтарда (мәтін, кестелер, графиктер, диаграммалар) ұсынады. Бұл тәсіл студенттерге Халықаралық студенттерді бағалау бағдарламасына (PISA) дайындалуға көмектесудің тиімді тәсілі болып табылады. Оқушылардың практикалық дағдыларын дамыту үшін ситуациялық сұрақтар математика курстарында жүйелі түрде қолданылуы

керек; мұғалімдердің оқыту әдістері де соған сәйкес дамуы керек; студенттердің білімі нақты өмірлік жағдайлармен тығыз байланысты болуы керек. Бұл тәсіл студенттердің сыни ойлауын, логикалық талдауын және білімді қолдану қабілеттерін жақсарта алады және конференция презентацияларына жақсы дайындалуға көмектеседі. Практикалық сауаттылықты арттыру үшін: нақты өмірлік жағдайларға негізделген тапсырмаларды оқыту процесіне енгізу; пәнаралық байланысты нығайту; виртуалды зертханалар мен цифрлық ресурстарды пайдалану; және студенттердің командалық жұмысын және жобаға негізделген оқуын арттыру қажет. Зерттеуді бақылау білім беру сапасын жақсартудың маңызды құралы болып табылады. Ол тек практикалық сауаттылық деңгейін анықтап қана қоймай, оны жақсарту жолдарын да көрсетеді. [7]

## Қолданылған дереккөздер тізімі:


1. UNESCO. Education for Sustainable Development Goals: Learning Objectives. – Paris: UNESCO Publishing, 2017. – 62 б.
2. OECD. PISA 2018 Assessment and Analytical Framework. – Paris: OECD Publishing, 2019. – 300 б.
3. OECD. PISA 2025 Science Framework (Draft). – Paris: OECD Publishing, 2025. – 280 б.
4. Акопьян, В. А. Системный подход к формированию и оценке функциональной грамотности обучающихся профессиональных образовательных организаций: региональный опыт / В. А. Акопьян // Вестник Самарского университета. История, педагогика, филология. – 2024. – Т. 30, № 1. – С. 63–70. – DOI: 10.18287/2542-0445-2024-30-1-63-70.
5. Сарыбаева Ә.Х. Физика курсынан функционалдық сауаттылық тапсырмалары // Қазақстан мектебі. – 2022. – №4. – Б. 45–52.
6. Құсаинов С. Физика пәні бойынша функционалдық сауаттылықты дамыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2024. – 210 б.
7. Акперов Н.К., Ардабаева А.К. Математика сабақтарында ситуациялық есептерді қолдану тәжірибесі // Педагогикалық зерттеулер журналы. – 2023. – №2. – Б. 67–74.

# РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ 7-8 КЛАССОВ ПОСРЕДСТВОМ РЕШЕНИЯ КОНТЕКСТНЫХ ЗАДАЧ ПО ФИЗИКЕ

***Касимова Г.С.***
*магистрант Павлодарского педагогического университета имени Әлкей Марғулан*
***Кисабекова А.А.***
*научный руководитель: PhD, профессор г. Павлодар*

**Аннотация.** Статья посвящена развитию функциональной грамотности обучающихся 7–8 классов посредством контекстных задач по физике. Описываются способы развития навыков применения знаний, анализа информации и решения практико- ориентированных задач. Обоснована эффективность и результативность предложенного подхода для повышения качества обучения, развития критического мышления, самостоятельности и готовности обучающихся к применению знаний в повседневной жизни.

**Ключевые слова**: контекстные задачи, функциональная грамотность, межпредметная интеграция, качество обучения.

**Аңдатпа.** Мақала физика пәнінен контекстік тапсырмалар арқылы 7-8 сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған. Білімді қолдану дағдыларын дамыту, ақпаратты талдау және тәжірибеге бағытталған мәселелерді шешу жолдары сипатталған. Оқытудың сапасын арттыру, сыни ойлауды дамыту, білім алушылардың дербестігі мен күнделікті өмірде білімді қолдануға дайындығы үшін ұсынылған тәсілдің тиімділігі мен нәтижелілігі негізделген.

**Тірек сөздер:** контекстік міндеттер, функционалдық сауаттылық, пәнаралық интеграция, оқыту сапасы.

**Abstract.** The article is devoted to the development of functional literacy among 7th-8th grade students through contextual physics problems. It describes ways to develop the skills of applying knowledge, analyzing information, and solving practice-oriented problems. The effectiveness and efficiency of the proposed approach are substantiated to improve the quality of education, develop critical thinking, independence, and readiness of students to apply their knowledge in everyday life.

**Keywords:** contextual tasks, functional literacy, interdisciplinary integration, quality of education.

## Введение

В условиях современной образовательной модернизации особую значимость приобретает развитие функциональной грамотности обучающихся — способности использовать полученные знания в реальных жизненных контекстах. Школа сегодня должна не ограничиваться передачей академических навыков, а направлять усилия на воспитание у обучающихся умений осмысленно воспринимать информацию, делать обоснованные выводы и адаптироваться к разнообразным бытовым и профессиональным ситуациям.

Физика как дисциплина имеет высокий потенциал для реализации этих целей благодаря своей близости к природным процессам и технологическим явлениям, присущим повседневной жизни. Тем не менее, стандартные подходы к обучению зачастую не способны обеспечить

переход от теории к практике, что подчеркивает необходимость внедрения инновационных методик и усиления междисциплинарной связи [6, с.9].

Особую роль в решении этой задачи играют контекстные задания, имитирующие реальные жизненные условия и требующие применения физических принципов для анализа и нахождения решений. Такие задания способствуют развитию исследовательского подхода, повышают уровень самостоятельности и стимулируют интерес к предмету.

Цель - продемонстрировать эффективность использования контекстных задач по физике для развития функциональной грамотности у обучающихся 7–8 классов, а также проанализировать их воздействие на достижение ключевых образовательных результатов [3, с.49].

Развитие функциональной грамотности посредством контекстных задач по физике является показателем качества и результативности образования, поскольку позволяет обучающимся не просто запоминать законы, формулы, а научиться распознавать физические процессы в окружающем мире, аргументированно применять знания, умения и интерпретировать их в реальных ситуациях.

По мнению Рауандиной А.К., функциональная грамотность представляет собой комплекс компетентностей — знаний, умений и навыков, необходимых человеку для успешной интеграции в культуру и социум, а также для эффективного участия в общественной жизни.

Контекстные задачи с практической направленностью, основанные на актуальных жизненных ситуациях, затрагивающих личный опыт обучающихся, представляют собой интегрированные формы учебной деятельности [2, с.12]. Они формулируются как познавательные вызовы, способствуя осознанию того, что физика присутствует во всех сферах повседневной жизни, а её понимание необходимо для принятия рациональных решений и уверенного взаимодействия в социальной среде.

Методы исследования

Среди обучающихся 7-8 классов было проведено анкетирование с целью выявления интереса и ожиданий по решению контекстных задач. Для проведения анкетирования автором были составлены 5 вопросов.

*Диаграмма 1-Анкетирование обучающихся*



Вывод по результатам анкетирования:

Диаграмма демонстрирует, что большинство учащихся 7–8 классов положительно воспринимают использование контекстных задач на уроках физики. Наивысший уровень отмечается в умении решать такие задачи (98% ответов «да»), что указывает на развитие практических навыков. Значительное количество школьников также отмечает рост интереса к учёбе (76%) и связь задач с реальными жизненными ситуациями (75%). Однако существуют определённые сложности в понимании и запоминании информации (40% и 32% ответов «нет» соответственно). В целом, применение контекстных задач способствует формированию функциональной грамотности, но требует дальнейшей систематической работы для улучшения уровня понимания учебного материала.

Основная часть

Контекстные задания составлены с учетом межпредметной интеграции, например, задания, требующие знания из математики, биологии физики, истории, географии и астрономии одновременно.

Идея соединения в образовательном процессе теории и практики лежит в основе контекстного обучения. Концепция контекстного обучения, которая опирается на ведущие положения деятельностной теории, разработана А.А Вербицким в 1991 году. С точки зрения автора, основная мысль заключается в последовательном моделировании в рамках учебной деятельности обучающихся предметного и социального содержания его будущей профессиональной деятельности

Педагогическая целесообразность заключается в формировании у обучающихся практических навыков, необходимых для успешной социализации и адаптации в современном обществе, развитию критического мышления, самостоятельности и навыков решения проблем. Контекстный подход в обучении предусматривает этапы возрастного развития обучающихся с учетом мышления, восприятия и мотивации, что способствует формированию универсальных учебных действий через решение контекстных заданий.

[10, с.22]. Контекстные задания разработаны с учётом возрастных и психологических особенностей обучающихся 7–8 классов.

В отличие от традиционных методов, программа акцентирует внимание на применении учебных знаний в реальных жизненных ситуациях, которые пригодятся в настоящем и будущем времени. Обучение обучающихся должно быть не «ради высоких баллов», а направлена на применение знаний в повседневной жизни -именно на этом сфокусирована повышение качества обучения.

Развитие междисциплинарных навыков: развитие функциональной грамотности через контекстные задания позволяет обучающимся применять межпредметные знания, наблюдается положительная динамика роста мотивации, т.е это обобщенные интегрированные знания, которые связывают информацию из разных предметов, например, в контекстном

задании «Планеты Солнечной системы» *(Приложение1)*-физика, математика и астрономия, «Марианская впадина» *(Приложение 2)*-география, физика и математика.

Ожидаемые результаты внедрения и апробации контекстных задач на уроках физики включают развитие у учащихся способности применять свои знания в реальных жизненных ситуациях, формулировать, использовать и интерпретировать физические понятия в различных контекстах. Также предполагается повышение готовности к систематическому усвоению знаний, улучшение коммуникативных навыков, развитие рефлексивных способностей и повышение уровня самоорганизации. Обучающиеся научатся использовать физические понятия, процедуры, факты и инструменты для описания, объяснения и прогнозирования природных явлений [7, с.5]. Решение контекстных задач способствует получению новой информации, а постановка вопросов помогает связать данные задачи с уже имеющимися у обучающихся умениями.

После более чем тридцатилетней работы в школе автор убеждена, что способность решать задачи — ключевой критерий для оценки того, насколько глубоко обучающийся изучил и усвоил материал по физике. Это особенно важно для тех, кто планирует поступать в вузы и выбирать профессию, которая будет востребована в обществе, интересна и требует высокой квалификации. Такая профессия будет пользоваться большим спросом на рынке труда.

*Приложение 1*

Контекст Күн жүйесінің планеталары /Планеты Солнечной системы

*Рис.1 -Планеты Солнечной системы*

Күн жүйесіне планеталар, спутниктер, астероидтар және басқа да ғарыш объектілері кіреді, олардың ортасында күн орналасқан, жүйе шамамен 4,5 миллиард жыл бұрын пайда болған. Ғарыштық шаң мен газ Күнді айнала бастады, гравитациялық қысу арқылы біртұтас тұтастыққа түсіп, бұл кластерлер планеталарға айналды. Алдымен планеталар Күн сияқты ыстық болды, бірақ содан кейін лава салқындап, қатып қалды. Барлық планеталар өздерінің айқын бағытталған траекториялары бойынша және Күннің айналасында белгілі бір қашықтықта қозғалады, бұл Күн жүйесіндегі барлық денелерге қарағанда 1000 есе ауыр. Күн жүйесіне сегіз

планета кіреді: Жер, Марс, Венера, Сатурн, Уран, Меркурий, Юпитер және Нептун

В состав Солнечной системы входят планеты, спутники, астероиды и другие космические объекты, в центре которой расположено Солнце, система образовалась около 4,5 млрд лет назад. Вокруг Солнца стали вращаться космическая пыль и газ, за счет гравитационного сжатия, сбиваясь в единое целое и эти скопления стали планетами. Сначала планеты были такими же горячими, как Солнце, но потом лава остыла, затвердела. Все планеты движутся по своим четким направленным траекториям и на определенном расстоянии вокруг Солнца, которое тяжелее в 1000 раз, чем все тела в Солнечной системе вместе взятые. К Солнечной системе относятся восемь планет: Земля, Марс, Венера, Сатурн, Уран, Меркурий, Юпитер и Нептун.

*Таблица 1-Характеристика планет*

| Название планеты | Диаметр планеты (км.) | Расстояние от Солнца (млн. км.) | Температура на планете (градус Цельсия) | Кол-во спутников |
|---|---|---|---|---|
| Меркурий | 4 880 | 58 | + 430 | – |
| Венера | 12 100 | 108 | + 500 | – |
| Сатурн | 116 000 | 1 426 | + 30 | 1 |
| Марс | 6 800 | 227 | – 23 | 2 |
| Юпитер | 140 000 | 777 | – 160 | 63 |
| Земля | 12 742 | 150 | – 150 | 60 |
| Уран | 50 800 | 2 869 | – 220 | 27 |
| Нептун | 48 600 | 4 496 | – 210 | 13 |

**1.** Жердегі планеталар /Планеты земной группы:

А) Меркурий, Уран, Земля, Нептун В) Фобос, Уран, Луна, Плутон

С) Меркурий, Венера, Земля, Марс Д) Деймос, Уран, Луна, Нептун

Е) Сатурн, Венера, Земля, Марс

**2**.Күн жүйесіндегі планеталардың Күннен қашықтығы бойынша орналасуы:/Расположение планет Солнечной системы по мере удаленности от Солнца:

А) Меркурий, Земля, Венера, Нептун, Марс, Юпитер, Сатурн, Уран

В) Марс, Земля, Юпитер, Венера, Нептун, Меркурий, Уран, Сатурн

С) Земля, Юпитер Марс, Сатурн, Нептун, Меркурий, Уран, Венера

Д) Венера, Сатурн, Земля, Уран, Марс, Меркурий, Юпитер, Нептун

Е) Меркурий, Венера, Земля, Марс, Юпитер, Сатурн, Уран, Нептун

**3.**Сатурнның диаметрі Меркурийдің диаметрінен неше есе үлкен және температура қанша аз? /Во сколько раз диаметр Сатурна больше диаметра Меркурия и на сколько температура меньше?

А) 24 есе және 400ºС-ге /в 24 раза и на 400ºС

В) 2,4 есе және 430ºС-ге /в 2,4 раза и на 430ºС

С) 240 есе және 30 ºС-ге /в 240 раз и на 30 ºС

Д) 2400 есе және 300 ºС-ге /в 2400 раз и на 300ºС

Е) ,024 есе және 40 ºС-ге /в 0,24 раза и на 40 ºС

**4**. Жер тірі организмдер мекендейтін жалғыз планета өз осінде үздіксіз айналады. Жер беті құрлықтан тұрады және шамамен 70% құрайды Дүниежүзілік мұхит/Земля единственная планета, которая населена живыми организмами, непрерывно вращается вокруг своей оси. Поверхность Земли состоит из суши и примерно 70% составляет Мировой океан.

**Төмендегі мәлімдемелердің әрқайсысы үшін «Иә» немесе «жоқ» деп белгілеңіз/Обведите «Да» или «Нет» для каждого из приведенных ниже утверждений**

| **Жер-Күн жүйесінің планетасы /Земля-планета Солнечной системы** | **«Иә «немесе «жоқ» /Да или нет** |
|---|---|
| Жер Күнді эллипс орбитамен қозғалады /Земля движется вокруг Солнца по эллиптической орбите | Да / Нет |
| Жерден Күнге дейінгі қашықтық шамамен 150 млн км /Расстояние от Земли до Солнца примерно 150 млн км | Да / Нет |
| Жер Күнді 365,25 күнде толық айналып өтеді /Земля совершает полный оборот вокруг Солнца за 365,25 дней | Да / Нет |
| Жер-Күннен қашықтығы бойынша төртінші планета /Земля- четвертая планета по удаленности от Солнца | Да / Нет |

*Таблица 2-Бағалау критерийлері /Критерии оценивания*

| **Дескриптор** | **Количество баллов** |
|---|---|
| Жердегі планеталарды дұрыс анықтайды /Верно определяет планеты земной группы | 1 |
| Планеталардың орналасуын дұрыс анықтайды /Верно определяет расположение планет | 2 |
| Есептеулерді дұрыс орындайды /Верно выполняет вычисления | 2 |
| Берілген мәлімдемелерді дұрыс бөлектейді /Правильно выделяет приведенные утверждения | 4 |
| Барлығы /Всего | **9** |

*Приложение 2*

**Контекст Мариана шұңғымасы / Марианская впадина**

*Рис.2-Марианская впадина*

**Мариана шұңғымасы** — Тынық мұхитының батыс бөлігінде орналасқан мұхиттық терең су науасы, Жер бетіндегі белгілі ең терең нүкте. Ол Мариана аралдарының бойында орналасқан. Бұл аралдар — АҚШ аумағы, ал Мариана шұңғымасы — 2009 жылы теңіз қорығы мәртебесін алған елдің ұлттық табиғи ескерткіші.

**Марианская впадина**— океанический глубоководный желоб на западе Тихого океана, самый глубокий из известных на Земле, расположен вдоль Марианских островов. Эти острова — территория США, а сама Марианская впадина — национальный памятник страны, который в 2009 году получил статус морского заповедника.

*Таблица 3-Характеристика Марианской впадины*

| | |
|---|---|
| Ұзындығы/Длина, км | 2540 |
| Ені/Ширина, км | 69 |
| Мұхит деңгейінен төмен тереңдіігі/Глубина ниже уровня океана, км | 10,9 |
| Теңіз суының тығыздығы/Плотность морской воды, г/см$^3$ | 1,03 |
| Жер бетіндегі қалыпты атмосфералық қысым/Нормальное атмосферное давление на поверхности Земли, кПа | 101,325 |

**1**.Мариана шұңғымасындағы теңіз суының тереңдігі мен тығыздығын ХБЖ жүйесінде өрнектеңіз/Выразите глубину и плотность морской воды в Марианской впадине в СИ:

А) 10900 м и 1030 $\frac{кг}{м^3}$ В) 1090 м и 103 $\frac{кг}{м^3}$ С) 109 м и 1,03 $\frac{кг}{м^3}$

Д) 10,9 м и 1,03 $\frac{кг}{м^3}$ Е) 109000 м и 10300 $\frac{кг}{м^3}$

**2.**Сұйықтық қысымының формуласы /Формула давления жидкости:

А) P= ρgv В) P= gh С) P= ρg Д) P=ρgh Е) P= ρh

**3.**Мариана шұңғымасының түбіндегі судың қысымын кПа-мен есептеңіз /Вычислите давление воды на дно Марианской впадины в кПа (g=10 Н\кг)

А) 1122700 кПа В) 112270 кПа С) 1122,7 кПа Д) 112,27 кПа Е) 11227 кПа

**4.**Мариана шұңғымасының судың қысымы жер бетіндегі қалыпты атмосфералық қысымнан неше есе көп/Во сколько раз давление воды в Марианской впадине превышает нормальное атмосферное давление на поверхности Земли

А) в 110 раз В) в 11 раз С) в 1108 раз Д) в 11080 раз Е) в 110800 раз

*Таблица 4-Бағалау критерийлері /Критерии оценивания*

| **Дескриптор** | **Количество баллов** |
|---|---|
| Шұңғыма суының тереңдігі мен тығыздығын ХБЖ жүйесінде өрнектейді/выражает глубину и плотность воды впадины в системе СИ | 2 |
| Сұйықтық қысымының формуласын анықтайды/определяет формулу давления жидкости | 1 |
| Шұңғыма түбіндегі судың қысымын есептейді/вычисляет давление воды на дно впадины | 3 |
| Қысымның артуын есептейді/рассчитывает превышение давления | 4 |
| Барлығы /Всего | **10** |

Внедрение контекстных задач по физике в образовательный процесс эффективно развивает функциональную грамотность у обучающихся 7–8 классов:

-обучающиеся демонстрируют больший интерес к предмету, если задания связаны с реальной жизнью и актуальными социальными проблемами;

-такие задания способствуют углубленному пониманию физических явлений и законов, стимулируют развитие навыков поиска информации, анализа, принятия обоснованных решений, а также формулирования аргументов и логичных выводов;

-наблюдается устойчивый рост показателей функциональной грамотности, достигаемый за счет выполнения задач, требующих анализа онтекстного материала, интерпретации данных и использования нетрадиционных методов решения;

-отмечено положительное изменение качества знаний обучающихся 7 и 8 классов (рост на 6–7 %).

Развитие функциональной грамотности через использование контекстных заданий является важным направлением современной педагогики, позволяющим не только усвоить теоретический материал, но и применять его на практике для решения повседневных и жизненно важных ситуаций. Такой подход способствует формированию компетенций,

необходимых как в дальнейшем трудовом пути, так и в повседневной деятельности.

## Список использованных источников:


1. Выступление Главы государства Касым-Жомарта Токаева на третьем заседании Национального курултая «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс», 15 марта 2024 г.
2. Вавилова Л.Н. Интегрированный урок: особенности, подготовка, проведение//Образование, карьера, общество. - 2017. - №3. – с. 46.
3. Виноградова Н.Ф. Функциональная грамотность школьника: книга для учителя/ Кочурова Е.Э., Кузнецова М.И. и др.- М.: Рос.учебник; Вентана-Граф, 2018. с. 288.
4. Государственный общеобязательный стандарт образования дошкольного воспитания и обучения, начального, основного среднего и общего среднего, технического и профессионального, послесреднего образования» (далее – ГОСО) (Приказ Министра просвещения Республики Казахстан от 3 августа 2022 года № 348).
5. Ермоленко В.А. Развитие функциональной грамотности обучающихся: теоретический аспект//Наука об образовании. - Самара, 2015.-т.8.- с. 4.
6. Игнатьева Е.Ю. Метапредметный потенциал учебного текста: актуализация в основной школе/ Игнатьева Е.Ю., Дмитриева С.В. //Вестник Череповецкого государственного университета. -2020.- №1 (94). 162- с.172.
7. Ковалева Г.С. Естественнонаучная грамотность//журнал «Вестник образования».-Москва, 2019. -№16.- 7.с.
8. Куркабаев К.С, Джадрина М.Д. Содержание школьного образования в Казахстане: новые перспективы//Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки», 2014. -№3 (43), с. 15.
9. Оразахова Н., Кенжебаева Г.М. Научная статья Пути формирования функциональной грамотности, 2020. - с. 42-47.
10. Особенности формирования функциональной грамотности учащихся основной школы по предметам естественно-научного цикла. Методическое пособие:- Астана: НАО им. Ы.Алтынсарина, 2013.
11. Сборник заданий по формированию функциональной грамотности обучающихся, Костанай-2021. с. 235.
12. Саметова Ф.Т., Мырзаханова Ф.М. Функциональная грамотность как один из показателей уровня социального и культурного развития человека//Научное обозрение. Фундаментальные и прикладные исследования. - 2020. - № 2.

# ФИЗИКА КУРСЫНЫҢ “ЖЫЛУ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ” ТАРАУЫН ОҚЫТУДА ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

***Қаирбай А.М.***
*Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.*
***Жумабекова Ж.Н.***
*Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.*
***Анаева Э.Ш.***
*Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, физика магистрі*

**Аннотация**: Бұл мақалада жалпы орта білім беру мектептерінде физика пәнін оқытуда электронды оқу құралдарын пайдаланудың ғылыми-әдіснамалық негіздері қарастырылады. Зерттеу жұмысы 8-сыныптың «Жылулық құбылыстар» тарауына негізделген. Мақалада оқыту теориясы мен әдістемесіне сүйене отырып, «PhET Colorado» және «Е-физика» сияқты интерактивті платформалардың, жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудағы дидактикалық рөлі терең талданады.

**Кілт сөздер**: физика сабағы, электронды оқу құралдары, виртуалды зертханалар, жасанды интеллект.

**Аннотация:** В данной статье рассматриваются научно-методологические основы использования электронных учебных средств при обучении физике в общеобразовательных школах. Исследование основано на разделе «Тепловые явления» для 8 класса. В статье, опираясь на теорию и методику обучения, подробно анализируется дидактическая роль интерактивных платформ, таких как «PhET Colorado» и «Е-Физика», а также технологий искусственного интеллекта (ИИ) в повышении познавательной активности учащихся.

**Ключевые слова:** урок физики, электронные учебные средства, виртуальные лаборатории, искусственный интеллект.

**Abstract:** This article examines the scientific and methodological foundations for the use of electronic learning tools in teaching physics in general secondary schools. The research is based on the 8th grade section “Thermal Phenomena.” Based on learning theory and teaching methodology, the article provides an in-depth analysis of the didactic role of interactive platforms such as “PhET Colorado” and “E-Physics,” as well as artificial intelligence (AI) technologies in enhancing students’ cognitive activity.

**Keywords:** physics lesson, electronic learning tools, virtual laboratories, artificial intelligence.

Қазіргі жаһандану және ақпараттандыру заманында білім беру жүйесі түбегейлі сандық трансформацияны бастан кешіруде. Қазіргі білім беру парадигмасы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) және зияткерлік жүйелерді оқу процесіне терең интеграциялауды талап етеді. Жаратылыстану бағытындағы пәндерді, соның ішінде физиканы оқытуда цифрлық ресурстардың әлеуеті зор. Физика – табиғаттың іргелі заңдылықтарын зерттейтін эксперименттік ғылым. Алайда, көптеген физикалық құбылыстарды, әсіресе микроәлем деңгейіндегі

термодинамикалық процестерді дәстүрлі тәсілдермен түсіндіру жиі қиындық тудырады.

Осы тұста физика сабақтарында электронды оқу құралдарын (ЭОҚ) мақсатты түрде қолдану білім сапасын арттырудың негізгі факторына айналады. Бұл мақаланың басты мақсаты – 8-сыныптың бірінші тоқсанында оқытылатын «Жылулық құбылыстар» тарауы аясында электронды оқу құралдарының (оның ішінде халықаралық және отандық виртуалды зертханалар мен жасанды интеллект құралдарының) дидактикалық тиімділігін ғылыми-педагогикалық тұрғыдан негіздеу.

«Физиканы оқыту теориясы мен әдістемесі» пәнінде көрнекілік және эксперименттік ұстанымдар әрқашан басты рөл атқарады. Оқыту әдістері ақпаратты жеткізу тәсіліне қарай үлкен үш топқа бөледі: сөздік, көрнекілік және практикалық. Көрнекілік әдістеріне демонстрациялар мен модельдер жатады. Сонымен қатар, физиканы оқытуда мектептегі физикалық эксперимент ерекше орын алады, себебі ол физикалық білімнің көзі, оқыту әдісі және көрнекіліктің ең жоғарғы түрі қызметін атқарады. [1]

Алайда, 8-сыныптағы «Жылулық құбылыстар» тарауын оқыту барысында кейбір процестерді кәдімгі зертханалық жағдайда көрсету мүмкін емес немесе қателік деңгейі жоғары болады. Осындай жағдайларда компьютерлік технологиялар оқытудың тиімді құралы ретінде алдыңғы қатарға шығады. Ғылыми негізделген тәжірибеде бұл бағытта келесі технологиялық шешімдердің тиімділігі ерекше байқалады.

Интерактивті платформалар арқылы микроәлемді визуализациялау және зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру («PhET Colorado» және «Е-физика» мысалында)

«Жылулық құбылыстар» тарауын оқыту барысында оқушылар микроәлем деңгейіндегі процестерді (молекулалардың жылулық қозғалысы, ішкі энергия) және макроскопиялық заңдылықтарды (жылу мөлшерін есептеу) қатар меңгеруі тиіс. Бұл күрделі дидактикалық міндетті шешуде халықаралық және отандық виртуалды зертханаларды кешенді түрде қолданудың маңызы зор.

Біріншіден, көзге көрінбейтін молекулалық процестерді визуализациялауда Колорадо университеті әзірлеген «PhET Interactive Simulations» жобасы таптырмас құрал болып табылады. Көрнекілік принципін жүзеге асыруда модельдердің орны ерекше. PhET симуляциялары оқушыны пассивті тыңдаушыдан активті зерттеушіге айналдырады. Мысалы, жылу құбылыстарындағы энергияның сақталу және бір түрден екінші түрге айналу заңы тақырыбын алатын болсақ, осы тақырыпты түсіндіру барысында кейбір оқушылар осыны түсінбеуі мүмкін, ал біз визуалды түрде осыны «PhET Colorado» сайтынан түсіндіре аламыз. [5] [6]



*1-сурет. Энергия ауысуы процесі*

Және келесідей мысал бола алады: құбырдан құлап аққан судың механикалық энергиясы генератор дөңгелегін айналдыру арқылы электр энергиясына түрленеді, ал ол өз кезегінде ыдыстағы қыздырғышқа барып, жылу энергиясына айналады (1-сурет). Нәтижесінде су қызып, оның термометрмен өлшенетін ішкі энергиясы артады. Бұл визуалды көрініс оқулықтағы механикалық жұмыс пен жылу берілу арқылы ішкі энергияның өзгеруін, сондай-ақ ыстық дененің (қыздырғыштың) берген жылу мөлшері суық дененің (судың) қабылдаған жылу мөлшеріне тең ($Q_1 = Q_2$) болатын жылулық тепе-теңдік заңын оқушыларға айқын әрі өте түсінікті етіп ұғындырады.

Екіншіден, микропроцестерді түсінгеннен кейін, оқушылардың теориялық білімін макроскопиялық практикамен ұштастыруда «Е-физика» (e-fizika) платформасының әлеуеті жоғары. 8-сынып бағдарламасындағы басты практикалық тақырыптардың бірі – заттың меншікті жылусыйымдылығы және жылу мөлшерін есептеу. Дәстүрлі мектеп зертханасында калориметрмен тәжірибе жасау барысында қоршаған ортаға жылу берілуіне байланысты қателіктер көп кездеседі. Ал «Е-физика» сияқты мамандандырылған виртуалды зертханалар оқушыларға идеалды (қателіксіз) жағдайда тәжірибе жасап, параметрлерді дәл есептеуге мүмкіндік береді. Оқушылар платформада виртуалды түрде әртүрлі металдарды қыздырып, оларды суға салып, жылу алмасу процесін графиктік және сандық түрде өздігінен зерттей алады. [2]

Осылайша, «PhET Colorado» арқылы микроәлем құбылыстарын тану мен «Е-физика» платформасында калориметриялық есептеулер жүргізуді сабақтастыру – оқушылардың ғылыми-зерттеушілік құзыреттілігін кешенді түрде қалыптастырудың оңтайлы механизмі болып саналады. Бұл тәсіл физикалық заңдылықтарды тек жаттап алмай, олардың себеп-салдарлық байланысын дәлелді түрде ұғынуға жол ашады.

Жасанды интеллектінің (ЖИ) білім берудегі және физиканы оқытудағы үлесі

Қазіргі қоғамда жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын қолдану барлық саланы, соның ішінде білім беру жүйесін түбегейлі өзгертуде. Жасанды интеллект алгоритмдері әр оқушының формуланы қолданудағы және математикалық есептеулердегі қателіктерін сараптай отырып, жеке

оқу траекториясын құруға қабілетті. Сонымен қатар, ЖИ құралдары мұғалімдерге калориметрия бойынша түрлі деңгейдегі есептерді, тест тапсырмаларын және интерактивті оқу материалдарын жылдам генерациялауға көмектеседі. Осылайша, ЖИ тек құрғақ ақпарат көзі ғана емес, оқу процесін тиімді басқарушы зияткерлік көмекшіге айналады. [4]

Мысалы, қазіргі заманғы тілдік модельдердің, атап айтқанда Gemini платформасында Физика сабағында Gemini мұғалімге «Жылулық құбылыстар» тарауы бойынша күрделі терминдерді (мысалы, конвекция немесе сәулелену) оқушыларға қарапайым тілмен түсіндіруге көмектеседі. Мысалы, Gemini қосымшасы ішіндегі NotebookLM бөлімінде жылу қозғалтқыштар тақырыбына видео және аудио түсіндірулер, дәл сол жерде

білімінді тексеруге болатын тесттер мен дайындық карталары, графиктер және т.б. жасауға болады (2-сурет). Бұл жерде ен алдымен керек тақырып бойынша бейнелер немесе ссылкалар салынады (3-сурет). Осы тақырыптар бойынша қосымша жасанды интеллект арқылы тесттер және олардың түсінідулері (4-сурет, 5-сурет), карталар (6-сурет), видеотүсіндірулер (7-сурет) жасап береді.










2-сурет 3-сурет 4-сурет










*5-сурет 6-сурет 7-сурет*

Әзірше, бұл тәсіл арқылы қазақ тілінде тесттер, карталар жасау мүмкін емес, бірақ дәл осы сияқты Gemini, ChatGPT және тағы да басқа

жасанды интеллекттер арқылы қажетті ақпаратты кез келген тілге аударуға болады. Сонымен қатар, Gemini оқушылардың есеп шығарудағы қателіктерін талдап, саралап оқытуды (дифференциация) жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қуатты зияткерлік көмекші құрал болып табылады. [7]

Физика пәнін оқыту процесінде электронды оқу құралдарын (ЭОҚ) қолданудың тиімділігін айқындау мақсатында жалпы орта білім беретін мектептің 20 оқушысы арасында Google Forms платформасы арқылы арнайы педагогикалық сауалнама жүргізілді. Зерттеу жұмысы констатациялаушы (сабаққа дейінгі) және қалыптастырушы (сабақтан кейінгі) кезеңдерді қамтыды (8-сурет, 9-сурет)




*8-сурет*




*9-сурет*

Сауалнаманың бастапқы диагностикалық кезеңі оқушылардың пәнге және дәстүрлі зертханалық жұмыстарға деген көзқарасын анықтауға бағытталды. Нәтижелер көрсеткендей, респонденттердің 50%-ы пәнге деген қызығушылығын «орташа» деп бағаласа, тек 5%-ы ғана «өте қызықты» деп көрсеткен. Оқушылардың 65%-ы тақырыпты физикалық тәжірибелер арқылы түсіну оңай екенін растағанымен, 75%-ы виртуалды зертханалар туралы бұрын-соңды естімегендігін білдірді. Алайда, қатысушылардың 95%-ы (45% – «иә», 50% – «мүмкін») компьютер көмегімен эксперимент жасаудың перспективасына оң көзқарас танытқан. Бұл статистикалық мәліметтер оқу процесіне заманауи цифрлық технологияларды енгізудің өзектілігін негіздейді.(10-сурет)



*10-сурет*



*11-сурет*

Физика сабағында электронды оқу құралдары мен виртуалды зертханаларды тәжірибеге енгізгеннен кейінгі бақылау қорытындылары айтарлықтай оң динамиканы көрсетті. Атап айтқанда, ЭОҚ арқылы білім

алу процесі респонденттердің 45%-ы үшін «өте қызықты», ал 30%-ы үшін «қызықты» деңгейге көтерілді. Дидактикалық тұрғыдан алғанда, оқушылардың 65%-ы электронды оқу құралдары күрделі тақырыптарды меңгеруге тікелей көмектескенін атап өтті. Виртуалды зертханалардың эргономикалық және практикалық тиімділігі де дәлелденді: қатысушылардың 55%-ы осындай форматта тәжірибе жасауды өте ыңғайлы деп бағалады. Сонымен қатар, оқушылардың 40%-ы нақты сеніммен, ал 60%-ы ықтималдықпен ЭОҚ-ты сабақ барысында тұрақты түрде қолдану қажеттілігін құптады.(11-сурет)

Ең маңызды индикатор ретінде оқыту құралдарының тиімділігін салыстырмалы бағалау нәтижесін атап өту қажет. Респонденттердің 15%-ы дәстүрлі оқу құралдарын, 30%-ы тек электронды оқу құралдарын тиімді деп тапса, басым көпшілігі, яғни 55%-ы екеуін біріктіріп қолдануды ең оңтайлы тәсіл ретінде таңдаған.

Қорыта айтқанда, жүргізілген педагогикалық эксперимент пен статистикалық талдау нәтижелері физика сабағында электронды оқу құралдарының жоғары тиімділігін толық дәлелдейді. ЭОҚ пен виртуалды зертханалар оқушылардың танымдық белсенділігі мен ішкі мотивациясын арттырып қана қоймай, физикалық құбылыстарды визуалды түрде тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу қорытындысы көрсеткендей, қазіргі білім беру жүйесінде толықтай цифрландыруға көшуден гөрі, дәстүрлі және электронды оқу құралдарын интеграциялаған аралас (гибридті) оқыту форматының дидактикалық әлеуеті анағұрлым жоғары. Заманауи электронды оқу құралдарын физиканы оқыту әдістемесіне жүйелі түрде енгізу – оқушылардың ғылыми-зерттеушілік құзыреттіліктерін дамытудың және білім сапасын арттырудың негізгі шарты болып табылады.

**Қолданылған дереккөздер тізімі:**


1. Пронина, И. И. (2017). Теория и методика обучения физике: обзорные лекции. Учебно-методическое пособие. Орск: Издательство Орского гуманитарно-технологического института (филиала) ОГУ.
2. Шохзод, М. Т., және басқалар. (2023). Жаратылыстану пәндерін оқытудағы виртуалды зертханалардың рөлі: проблемалар мен перспективалар. Заманауи педагогика мәселелері, 8(4), 112-118.
3. Сүлейменова, Р. А. (2021). Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытудағы психологиялық-педагогикалық қолдау модельдері. Инклюзивті білім беру журналы, 3(1), 22-29.
4. Құдайбергенов, С. Қ. (2023). Қазіргі қоғамдағы жасанды интеллект: білім беру жүйесін цифрлық трансформациялау. Инновациялық технологиялар және қоғам, 5(3), 77-85.
5. Закирова Н. А. Физика. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық / Н. А. Закирова, Р. Р. Аширов. – Астана : «Арман-ПВ» баспасы, 2018. – 304 б.
6. https://phet.colorado.edu/sims/html/energy-forms-and-changes/latest/energy-forms-and-changes_all.html

7. Efizika платформасы: https://efizika.ru/.
8. Gemini ЖИ: https://gemini.google.com/app

# ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ КӨМЕГІМЕН ВИРТУАЛДЫ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ МОДЕЛЬДЕУ

***Калжапаров А.Т.***
*Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеттің студенті, Павлодар, қ.*
***Анаева Э.Ш.***
*ғылыми жетекші: аға оқытушы, физика магистрі, Павлодар қ.*

**Аңдатпа.** Мақалада ChatGPT пен Google Colab платформаларын біріктіріп, физикаға арналған виртуалды зертханалық жұмыстарды құру әдістемесі ұсынылған. Зерттеу барысында мектеп жағдайында көрсету қиын немесе қауіпті физикалық процестерді (мысалы, электронды-сәулелік түтікше, электролиз) модельдеудің қарапайым алгоритмі көрсетілді. Педагогикалық тәжірибе нәтижелері бұл әдістің оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, білім сапасын шамамен 3,4% жақсартатынын көрсетті.
Түйін сөздер: жасанды интеллект, виртуалды зертхана, Google Colab, физиканы оқыту, Python, модельдеу.

Түйінді сөздер: жасанды интеллект, виртуалды лаборатория, Google Colab, физикадан білім беру, Python, модельдеу.

**Аннотация.** В статье рассматривается методика создания виртуальных лабораторных работ по физике на основе интеграции ChatGPT и платформы Google Colab. Предложен алгоритм моделирования сложных или небезопасных для школьной демонстрации явлений (например, электронно-лучевая трубка, электролиз). Результаты педагогического эксперимента показали, что данный подход повышает познавательную активность учащихся и улучшает качество знаний примерно на 3,4%.
Ключевые слова: искусственный интеллект, виртуальная лаборатория, Google Colab, обучение физике, Python, моделирование.

Ключевые слова: искусственный интеллект, виртуальная лаборатория, Google Colab, обучение физике, Python, моделирование.

**Summary.** The article presents a methodology for creating virtual physics laboratories by integrating ChatGPT with the Google Colab platform. An algorithm is proposed for modeling complex or potentially unsafe phenomena for school demonstration (e.g., cathode-ray tube, electrolysis). Results from a pedagogical trial indicate that this approach increases student engagement and improves learning outcomes by about 3.4%.
Keywords: artificial intelligence, virtual laboratory, Google Colab, physics education, Python, modeling.

Бүгінгі таңда жасанды интеллект (ЖИ) медицина, өнеркәсіп, экономика және білім беру секілді өмірдің маңызды салаларына терең еніп үлгерді. ЮНЕСКО сарапшылары ЖИ-дің «білім берудегі күрделі мәселелерді шешуге қауқарлы» екенін алға тартады, алайда оны қолданысқа

енгізу мұқият ойластырылған саясат пен этикалық нормаларға негізделуі тиіс.

Қазіргі мектеп тәжірибесінде ЖИ көбіне қосымша функцияларды атқарып жүр: ол материалдар дайындауға, тапсырмаларды тексеруге, құжаттарды форматтауға көмектесіп, мұғалімнің уақытын үнемдейді. Соған қарамастан, ЖИ-ді сабақ үстінде тікелей оқу құралы (модельдер, симуляциялар, интерактивтер) ретінде пайдалану әлі де сирек кездеседі. Сауалнамалар мен зерттеу деректеріне сүйенсек, ұстаздардың басым бөлігі бұл технологияны тек әкімшілік-техникалық жұмыстар үшін қолданады. Соңғы шолулар мұғалімдер жұмысында ЖИ-ге жүгіну көрсеткіші өскенін байқатқанымен, оның тікелей сынып ішіндегі оқу процесіне интеграциялануы әркелкі болып қалуда.

"Маңызды жайт: ЖИ мұғалімді алмастыра алмайды. Andreas Schleicher атап өткендей, «жасанды интеллект жақсы педагогикалық тәжірибелерді де, нашарларын да күшейте алады»" [1].

Сондықтан әдістемелік таңдау жасау және технологияны дұрыс қолдану мұғалімнің кәсіби шеберлігіне тікелей байланысты.

"Ең келешегі зор бағыттардың бірі - жаратылыстану пәндері үшін аса маңызды болып табылатын компьютерлік модельдеу және виртуалды зертханалар. Rose Luckin өз еңбектерінде ЖИ-дің білімді есептеу модельдеріне айналдыру арқылы оқыту процесін жеңілдететінін атап өтеді" [2].

Мұндай модельдер мектеп жағдайында қол жеткізу қиын немесе қауіпті процестерді қауіпсіз, қолжетімді әрі тез бапталатын виртуалды форматта көрсетуге мүмкіндік береді. Демек, жасанды интеллекттің мүмкіндіктері өте кең болғанымен, ол әлі толық деңгейде сабақта қолданылып жатқан жоқ.

ЖИ білім беруде оқушының деңгейіне қарай материалды бейімдеуге көмектеседі. Бір сыныпта оқушылардың түсіну жылдамдығы әртүрлі болғандықтан, кейбіріне қосымша түсіндіру керек болады. Әсіресе физикада бұл өте маңызды, өйткені кейбір ұғымдар бірден түсініле бермейді.

Физика сабағында теорияны тәжірибемен байланыстыру керек. Бірақ мектепте барлық экспериментті нақты түрде жасау әрдайым мүмкін емес. Сондықтан виртуалды зертханалар осы мәселені жеңілдетеді: олар құбылысты көрнекі көрсетіп, параметрлерді өзгертіп, нәтижені бірден байқауға мүмкіндік береді.

Мәселені нақты түсіну үшін оқушылар арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама №10 «Дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназия» КММ мектебнің, 10 Ә және 10 Б сыныптар арасында өтілді. Нәтижесінде, оқушылардың физика пәніне деген қызығушылығы орташа деңгейде екенін көрсетті: 36% оқушы пәнді «қызықты», 33% «өте қызықты» деп бағалағанымен, 20% бейтарап көзқарас білдірген. Оқушылардың 53%-ы физикалық құбылыстарды түсінуде кейде қиындықтарға тап болатынын

атап өтті, 64%-ы зертханалық жұмыстар тек кейде өткізілетінін, ал 24%-ы сирек өтетінін көрсетті.

Сонымен қатар, оқушылардың басым бөлігі интерактивті технологияларға қызығушылық танытты: 83% оқушы компьютер арқылы тәжірибелерді модельдеу қызықты болатынын, ал 89% интерактивті модельдер физиканы түсінуге көмектесетінін атап өтті.

Жасанды интеллект көмегімен виртуалды зертханаларды қолдану да жоғары қызығушылық тудырады: оқушылардың 69%-ы мұндай технологиялар пәнге деген қызығушылығын арттыратынын көрсетті.

Осылайша, сауалнама нәтижелері оқушылардың физика пәніне қызығушылығы бар болғанымен, оны терең түсінуде және тәжірибелік тұрғыдан меңгеруде қиындықтар бар екенін көрсетті. Сонымен қатар, зерттеу оқушылар арасында интерактивті және цифрлық технологияларға жоғары сұраныс бар екенін дәлелдейді. Бұл өз кезегінде физиканы оқыту процесіне жасанды интеллект негізіндегі виртуалды зертханалық жұмыстарды енгізудің өзектілігін айқындайды.

Енді анықталған мәселелерді шешу мақсатында физиканы оқытуда жасанды интеллект негізінде виртуалды зертханалық жұмыстарды қолдану әдістемесі ұсынылды. Ұсынып отырған әдіс - ЖИ көмегімен (чат-модельге сұраныс жазып, мысалы ChatGPT) Python кодын алумен, оны Google Colab ортасына салып, интерактивті симуляция ретінде қолдануға негізделген. Бұл тәсіл мұғалімге күрделі программалауды меңгермей-ақ, 5-10 минут ішінде жаратылыстану тақырыбына сәйкес виртуалдық зертхананы ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Бірінші қадам, пайтен кодың алу. Пайтен кодын алу үшін осындай промпт құрастырылды:

"Google Colab ортасына арналған Python кодын жаз. Мен физика мұғалімімін және оқушыларға арнап виртуалды зертхана жасап жатырмын.

Зертхана тақырыбы:[ОСЫ ЖЕРГЕ ТАҚЫРЫПТЫ ЖАЗЫҢЫЗ, мысалы: Көлбеу жазықтықтағы дененің қозғалысы]

Техникалық талаптар:

Тек қана matplotlib және ipywidgets кітапханаларын қолдан. Код өте жеңіл, ползунокты қозғағанда лезде (моментально) жаңаратын интерактивті 2D график болуы шарт (қатып қалмас үшін ауыр 3D немесе циклдық анимация қоспа).

График пен формулалар:[ОСЫ ЖЕРГЕ ҚАНДАЙ ГРАФИК КЕРЕК ЕКЕНІН ҚЫСҚАША ЖАЗЫҢЫЗ. Мысалы: X осінде уақыт, Y осінде жылдамдық. v = v0 + at формуласын қолдан].

Интерактивті слайдерлер:[ОСЫ ЖЕРГЕ ҚАНДАЙ ПАРАМЕТРЛЕРДІ РЕТТЕУ КЕРЕК ЕКЕНІН ЖАЗЫҢЫЗ. Мысалы: Бастапқы жылдамдық v0, Үдеу a, Масса m].

Визуалды дизайн (Өте маңызды): Графиктің фоны қараңғы (dark mode / қара фон) болсын. Сызықтар қалың әрі жарық (неон, ашық көк, қызыл)

түсті болсын. Осьтердің атаулары анық жазылып, тор (grid) қосылсын. Бұл оқушыларға заманауи әрі "хакерлік/ғылыми" стильде көрінуі тиіс.

Код Google Colab-та ешқандай қатесіз, бірден жұмыс істейтіндей толық (ready-to-run) болсын."

Бұл әмбебап промпт. Осы мысал арқылы кез келген тақырып бойынша пайтен кодың алып, виртуалды зертхана құрастыруға болады.

Екінші қадам, Goolge Colab-қа өтіп, “create a notebook” батырмасын басып, жаңа блокнот жасап, пайтен кодың енгізіп, сол жақ бұрышындағы үшбұрыш батырмасын іске қосып нәтижені күту.

Осы әдістемені нақты тексеру үшін тәжірибелік эксперимент өткізілді. Эксперимент екі сыныпта жүргізілді: 10 «Б» сыныбында ұсынылған ЖИ-негізіндегі виртуалды зертханалық жұмыстарды қолдандылды, ал 10 «Ә» сыныбында сабақтар дәстүрлі әдіспен - лекция, есептер және қарапайым демонстрациялар арқылы өтті. Оқыту тақырыбы - 12-тарау: Әртүрлі ортадағы электр тогы.




*1-сурет. Кодты генерациялау 2-сурет. Модельді іске қосу.*

Жоғарыдағы құралдарды (ChatGPT және Google Colab) бірге қолдану сабақтың зертханалық бөлігін жеңіл әрі тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.




*3-сурет. Сәуле ауытқуын зерттеу.*




*4-сурет. Электролизді модельдеу*.

Бұл суреттер жасанды интеллект көмегімен жасалған виртуалды зертханалардың сабақ барысындағы нақты қолданылуын көрсетеді. Оқушылар Google Colab платформасында параметрлерді (кернеу, ток күші, уақыт) өзгерте отырып, физикалық құбылыстардың нәтижесін интерактивті графиктер мен симуляциялар арқылы лезде бақылай алады. Бұл әдіс мектеп жағдайында көрсету қиын немесе мүмкін емес күрделі тақырыптарды көрнекі әрі терең түсінуге мүмкіндік береді.

Жүргізілген зерттеу нәтижесі физика сабағында жасанды интеллект негізіндегі виртуалды зертханаларды қолданудың жоғары тиімділігін көрсетті. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс қорытындысы бойынша оқушылардың білім сапасы мен танымдық белсенділігі орта есеппен 3,4%-ға артты. ChatGPT пен Google Colab платформаларының интеграциясы күрделі физикалық құбылыстарды модельдеу мен талдау дағдыларын айтарлықтай жетілдірді. Бұл әдіс мектеп жағдайында көрсету қиын тақырыптарды меңгертудің ең қолжетімді әрі инновациялық жолы болып табылады. Қорыта айтқанда, жасанды интеллектіні оқу процесіне енгізу мектептегі физикалық эксперимент техникасын заманауи деңгейге көтереді.

## Қолданылған дереккөздер тізімі:

1. Andreas Schleicher//OECD Education and AI reports / interviews, 2018–2021.
2. Rose Luckin// Intelligence Unleashed: An argument for AI in Education. – Pearson, 2016.

# МЕТОДИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ К ИЗУЧЕНИЮ ТЕПЛОВЫХ ЯВЛЕНИЙ У ШКОЛЬНИКОВ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ, ОБЗОР ТРАДИЦИОННЫХ И АДАПТИРОВАННЫХ МЕТОДИК

***Қалижан Ж.Ж.***
*магистрант Павлодарского педагогического университета имени Әлкей Марғұлан, г. Павлодар,*
***Кисабекова А.А.***
*научный руководитель: PhD, профессор, г. Павлодар*

**Аннотация:** статья посвящена практическим подходам к изучению различных явлений в области физики учащимися средних классов с дополнительными потребностями в образовании. В основном рассматриваются традиционные и адаптированные методы обучения с примерами подачи материалов, анализируется их эффективность с применимостью адаптивного варианта. Показано, что адаптивный метод более доступен и увеличивает качество усвоения материала среди школьников.

**Ключевые слова**: тепловые явления, методические подходы, учащиеся, особые образовательные потребности, дидактические материалы, эффективность, инклюзивное обучение.

**Аңдатпа:** Мақала орта сыныптардағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың физика саласындағы түрлі құбылыстарды зерттеудегі практикалық тәсілдеріне арналған. Негізінен дәстүрлі және бейімделген оқыту әдістері қарастырылып, материалды ұсыну мысалдары келтірілген, сондай-ақ бейімделген нұсқаның қолданылуы мен тиімділігіне талдау жасалған. Бейімделген әдістің қолжетімдірек екендігі және оқушылар арасында материалды игеру сапасын арттыратыны көрсетілген.

Түйін сөздер: жылу құбылыстары, әдістемелік тәсілдер, оқушылар, ерекше білім беру қажеттіліктері, дидактикалық материалдар, тиімділік, инклюзивті оқыту.

**Abstract:** The article is devoted to practical approaches to studying various physical phenomena by middle school students with special educational needs. The author primarily examines traditional and adapted teaching methods, providing examples of material presentation and analyzing their effectiveness alongside the applicability of the adaptive approach. It is shown that the adaptive method is more accessible and enhances the quality of material comprehension among schoolchildren.

**Keywords**: thermal phenomena, methodological approaches, students, special educational needs, didactic materials, effectiveness, inclusive education.

Изучение и рассмотрение тепловых явлений составляют весомую часть школьного курса по физике, ведь оно дает общее представление о таких вещах как: сущность тепловых явлений, температура или передача тепла разными способами. Это в дальнейшем будет давать основу для изучения будущих разделов науки и естественной картины мира.

В системе образования особую необходимость приобретает изучение данных разделов у школьников с особыми потребностями, так как они сталкиваются с трудностями в восприятии терминов и понятий, применении этих теоретических знаний на практике. Поэтому, возникает потребность

поиска самых оптимальных вариантов среди возможных по внедрению адаптированных методик.

Кроме основных положений в преподавании, меняется сама форма: например, для внедрения и распространения этих методов нужно индивидуализировать процесс обучения, где, преподавателю необходимо будет учитывать особенности восприятия у учеников и менять формы подачи материала. Также, к новой методике может добавиться и психологическая поддержка для снижения тревожности или наглядность заданий для практики с использованием схем [1].

В этом докладе будут рассмотрены традиционные и адаптированные методики по изучению данных тем физики с примерами и оценкой эффективности.

1. Традиционные методики изучения тепловых явлений.

Раздел физики с тепловыми явлениями начинают изучать в 8 классе через объяснения с иллюстрациями, задачами и лабораторными работами. Сначала учитель ознакамливает учащихся с основными понятиями температуры, теплопередачи, теплопроводности, далее добавляет примеры из практики и повседневной жизни. Этот метод основывается на объяснении и демонстрации, где учитель показывает различные приборы для измерения температуры, например термометр или калориметр. Далее преподаватель показывает наглядно сам процесс нагрева или охлаждения тела при помощи базовых схем или рисунков. В общем, этот подход показывает эффективности для изучения базовых представлений тем, но требует абстрактного мышления, это и затрудняет процесс усвоения материала среди школьников, особенно это показано на примере с учащимися с особыми потребностями.

Дальше идут лабораторные работы, это важная составляющая урока для изучения тепловых явлений, такие задания включают в себя: измерение температуры воды при нагреве или заморозке, общее сравнение предметов по теплопроводности. В основе своей они и помогают усвоить материал учащимся, но так как это требует точного подхода к изучению и измерению, то это может быть на первый взгляд сложным.

Ну и рассматривая последнюю часть, а именно решение задач, это укрепляет развитие аналитического мышления у школьников, так как они в основном используют формулы для подсчета количества тепла, удельной теплоемкости или теплопередачи. Классические задачи это без сомнения требовательный уровень по абстракции подготовки в области математики, что еще добавляет сложности для восприятия. Традиционные методики преподавания подробно описаны в работе по методике преподавания раздела по учебнику А. В. Перышкина, где подчеркивается роль объяснительного и иллюстративного метода и лабораторных работ. Самое главное при передачи этих знаний — это последовательность и добавление в урок наблюдений и экспериментов, которые закрепляют материал [2]

2. Адаптированные методики для изучения тепловых явлений.

Современный опыт и практика современного преподавания по инклюзивному образованию показывает, что по сравнению с традиционными методами, они требуют значительных изменений для учащихся с дополнительными потребностями. Главная составляющая адаптации — это преобразовать материал в более доступную и понятную форму, то есть снизить нагрузку и обеспечить усвоение ключевых понятий физики.

Главные принципы адаптации: наглядность, где используют схемы или рисунки с моделями и анимациями для визуализации процессов теплопередачи. То есть она нужна для компенсации трудности понимания абстрактных вещей. К примеру, по схемам, можно добавить иллюстрации молекул при нагреве или охлаждении, добавить схемы по теплопередачи между телами от холодного до горячего и наоборот. Также стоит добавлять на уроках модели из повседневной жизни: металлические и деревянные ложки в горячей воде, что наглядно показывает саму теплопроводность и ее разность в зависимости от предметов. Сравнение термоса и стакана, это сравнение по теплоизоляции, дальше взаимодействие льда и горячей воды, это показывает процесс теплообмена за которым можно наблюдать. Наличие цветных или термохромных индикаторов позволит определять температуру и вместе со школьниками строить график изменения температуры. Для закрепления материала и его дальнейшего усвоения можно прибавить к этому использование анимации: компьютерных симуляций движения молекул при нагревании, что на самом деле важно для понимания. Также в конце добавить интерактивные задания по выбору предмета, который быстрее нагреется. Даже на примере использования тепловизора, который позволяет визуализировать распределение температуры, его использование на уроке повышает интерес учащихся и облегчает понимание [3].

Следующий принцип связан с упрощением терминов. Это важное условие для обучения школьников с особыми потребностями в образовании. Сложные термины наряду с формулами вызывают затруднения и их часто нужно адаптировать. Самым основным действием будет замена терминов на упрощенные варианты: удельная теплоемкость на способность вещества хранить определенное количество тепла, теплопередача на передачу тепла от горячего к холодному и наоборот. Дополняют этим примерами из жизни: когда чай остывает, то это называется процесс теплообмена, если металлическая ложка нагревается быстрее деревянной это относится к теплопроводности. Для разбавления требуется добавить карточки с простыми словам, глоссарии или схемы с карточками. Все это снижает нагрузку и повышает доступность материала, повышая мотивацию учиться дальше.

Упрощение языка и научных терминов — это ключевой этап успешного преподавания в инклюзивной среде, адаптация материала снижает когнитивную нагрузку [4].

Третий принцип основан на пошаговом объяснении, где делятся сложные понятия и процессы на блоки, каждый блок поясняется отдельно с практическим заданием или примером что важно для наглядности. Это помогает постепенно усваивать сложный материал.

Для примера: дают первый шаг с пояснением об энергии, тут используется самая простая формулировка, затем следующей переход. Тепло не просто энергия, это процесс перехода от горячего к холодному и наоборот. Шаг за шагом тут выкладывают формулу и каждый шаг закрепляют опытом или вопросом к классу. Обратная связь закрепляется через вопросы, сами учащиеся формулируют выводы простыми словами.

Пример заданий: Объясни, почему лед тает в горячей воде? Нарисуй схему стрелки от горячего предмета к холодному. Реши простую задачу: вода массой 100 гр. нагрелась на 10 градусов. Сколько тепла она получила?

Поэтапное объяснение также как и прошлый принцип, снижает нагрузку и помогает усваивать материал. Каждый шаг тем не менее должен сопровождаться практическим примером, это обеспечит постепенное понимание физических процессов [5].

Последний принцип — это дифференциация заданий, то есть разработка задач различной сложности. Все это для того, чтобы ученик включился в работу, не смотря на свои возможности. Это важный элемент в инклюзивном образовании, так как в одном классе находятся дети с разным уровнем подготовки и восприятия. Здесь используют три вида задач по разным уровням сложности. Первая это задачи с наблюдением: какие предметы нагреваются быстрее? Или какие материалы лучше сохраняют тепло?

Второй уровень — это задачи сравнения: сравни скорость охлаждения воды в стакане и в термосе. Последний уровень — это расчет: вычисли количество теплоты для нагрева воды массой 200 грамм 20 градусов. В качестве бонуса подходят и творческие задания, такие как рисование схем или составление рассказа.

Этот принцип позволяет учитывать индивидуальные особенности учеников, подходит для инклюзивного обучения, но он особенно эффективен при комбинировании наблюдений и опытов с задачами [6].

2.1. Использование мультимедиа и ИКТ.

Использование мультимедиа и информационных технологий позволяет компенсировать трудности абстрактного мышления у школьников с ООП. Включает в себя основные формы: визуализация процесса, интерактивные задания, компьютерные симуляции. Это делает урок более интересным.

Начнем с симуляции, такие анимации как: движение молекул или модели теплопередачи вместе с виртуальными лабораториями для проведения опытов информативны и наглядны. Классическим способом вести урок будет презентация, слайды с графиками изменения температуры или видеоролики с процессами теплообмена. Немаловажным этапом

является использование образовательным платформ или других онлайн ресурсов. Виртуальные эксперименты, такие как нагревание и охлаждение веществ, сравнение теплопроводности материалов позволяет проводить безопасные и доступные эксперименты. Интерактивные задания повышают вовлеченность учащихся, а ИКТ создают условия для дифференциации заданий и индивидуализации обучения [7].

**Список использованных источников**:


1. Елисеева И.Г. Индивидуализация учебно-воспитательного процесса школьников с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: методические рекомендации. – Алматы: Национальный научно-практический центр развития специального и инклюзивного образования, 2021. – 45 с
2. Перышкин А.В. Физика. 8 класс: учебник для общеобразовательных учреждений. – М.: Дрофа, 2016. – 288 с.
3. Миколайчук И.М. Тепловизор – как средство обучения на уроках физики // Инфоурок. – 2024. – Режим доступа: https://infourok.ru/ (дата обращения: 28.03.2026).
4. Милинский А.Ю. Инклюзивное образование: стратегии преподавания физики для студентов с ограниченными возможностями // Проблемы современного педагогического образования. – 2024. – № 78. – С. 112–118.
5. Кириллова Н.В. Поэтапное формирование физических понятий в условиях инклюзивного обучения // Вестник педагогических наук. – 2022. – № 4. – С. 67–73.
6. Сергеев И.С. Дифференцированный подход в обучении физике: методические основы и практика применения // Педагогика и образование. – 2021. – № 3. – С. 54–61
7. Кузнецова Е.В. Использование мультимедиа и ИКТ в обучении физике школьников с особыми образовательными потребностями // Современные проблемы науки и образования. – 2022. – № 6. – С. 134–140.

# ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ОПТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕНІ ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ МОДЕЛЬДЕУ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

***Медеубек Н.С.***
*Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.,*
***Жарылқасын Ш.Р.***
*Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.,*
***Жетписбаев Е.К.***
*Ғылыми жетекші: аға оқытушы, Павлодар қ.*

**Аннотация.** Бұл мақалада оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруда оптикалық жүйелерді жобалау және модельдеудің маңызы қарастырылады. Физика пәніндегі оптика бөлімі аясында тәжірибелік және жобалық жұмыстарды ұйымдастырудың тиімді әдістері талданады. Сонымен қатар, STEM технологиялары мен цифрлық модельдеу құралдарын қолдану арқылы оқушылардың ғылыми ойлау қабілетін дамыту жолдары көрсетіледі. Зерттеу нәтижелері оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға және зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік беретінін дәлелдейді.

**Кілт сөздер:** зерттеушілік дағды, оптикалық жүйе, модельдеу, STEM, физика, жобалық оқыту

**Аннотация.** В статье рассматриваются особенности формирования исследовательских навыков учащихся посредством проектирования и моделирования оптических систем. Анализируются эффективные методы организации практической и проектной деятельности в разделе «Оптика» курса физики. Особое внимание уделяется применению STEM-технологий и цифрового моделирования как инструментов развития научного мышления учащихся. Результаты исследования показывают повышение познавательной активности и исследовательской компетентности учащихся.

**Ключевые слова:** исследовательские навыки, оптическая система, моделирование, STEM, физика, проектное обучение

**Abstract.** This article examines the development of students' research skills through the design and modeling of optical systems. Effective methods for organizing experimental and project-based learning in the optics section of physics are analyzed. Special attention is given to the use of STEM technologies and digital simulation tools to enhance students' scientific thinking. The findings demonstrate an increase in students' cognitive activity and research competence.

**Keywords:** research skills, optical system, modeling, STEM, physics, project-based learning

**Кіріспе.** Бүгінгі білім беру кеңістігінде оқушыға қойылатын талап түбегейлі өзгерді. Егер бұрын білім алушы дайын ақпаратты қабылдаумен шектелсе, қазіргі уақытта ол – өз бетінше ізденетін, сұрақ қоя алатын, тәжірибе жасап, нәтижесін саралайтын тұлға болуы тиіс. Сол себепті де аталмыш өзгерістер зерттеушілік дағдыларды қалыптастыруды білім берудің негізгі бағыттарының біріне айналдырды. Оптикалық жүйелерді жобалау және модельдеу арқылы оқыту – оқушылардың теориялық білімін тәжірибемен ұштастырып, олардың танымдық белсенділігін арттыратын

тиімді әдіс. Сонымен қатар, STEM технологиялары мен цифрлық модельдеу құралдарын қолдану қазіргі заман талабына сай білім берудің сапасын арттырып, оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін дамытуға ықпал етеді. Сондықтан бұл тақырыптың өзектілігі қазіргі білім беру талаптарымен тығыз байланысты.

Зертеудің мақсаты: оқушылардың зерттеушілік дағдыларын оптикалық жүйелерді жобалау және модельдеу арқылы тиімді қалыптастыру жолдарын анықтау және оның оқу процесіндегі тиімділігін негіздеу. Жалпы алғанда, зерттеушілік әрекет – оқушының ойлау мәдениетін қалыптастыратын ерекше үдеріс. Бұл үдерісте бала сұрағына тек жауап іздеп қана қоймай, кез келген мәселені көріп, болжам жасайды. Тексереді, қайта қарайды. Мұндай тәжірибе оқушыны пәнді меңгеруге ғана емес, жалпы өмірлік дағдыларды игеруге жетелейді. Сондықтан қазіргі сабақ құрылымында тәжірибе, бақылау, жобалау элементтерінің үлесі артып келеді.

Осы тұрғыдан алғанда, физика пәні ерекше мүмкіндікке ие. Әсіресе оптика тақырыбын оқыту өте қызықты. Өйткені бұл тақырып барысында оқушы жарықтың таралуы, линзалар арқылы кескіннің пайда болуы немесе айнадағы бейненің өзгеруі секілді ақпараттарды формула түрінде емес, нақты тәжірибе арқылы түсіне алады. Сондай-ақ, оқушының логикасы, ойлау қабілеті оянады.

Оптикалық жүйелерді жобалау мен модельдеу – білім алушының пәнге деген қызығушылығын арттыратын тиімді тәсілдердің бірі. Бұл үдерісте оқушы тек дайын тәжірибені қайталаушы емес, өздігінен құрал құрастырып, оның жұмыс нәтижесін бақылаушы зерттеушіге айналады. Дәл осы кезде ғана ол шынайы зерттеушілік әрекетке қадам жасайды. Мысалы, қарапайым линзалардан құралған жүйе арқылы кескін алу, жарық сәулесінің бағытын өзгертуге арналған тәжірибелер оқушының теориялық білімін нақты тәжірибемен ұштастырып, оның мәнін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді [1, 25б.]. Зерттеу міндеттері: 1) зерттеу бағыты бойынша ғылыми әдебиеттерге шолу жасап, негізгі тұжырымдарды анықтау; 2) оптикалық жүйелер жобалау және тәжірибелік жұмыстар арқылы оқушылардың зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру жолдарын анықтау; 3) модельдеу және эксперимент нәтижелері негізінде оқушылар зерттеушілік дағдыларын мен танымдық белсенділігінің қалыптасуын бағалау.

Бұл бағыттағы ғылыми тұжырымдар да тәжірибелік оқытудың тиімділігін дәлелдейді. Мәселен, Лев Выготский оқыту үдерісінде әрекет арқылы білім алу баланың танымдық дамуына тікелей әсер ететінін атап көрсеткен. Оның «жақын даму аймағы» теориясы бойынша оқушы жаңа білімді өз бетінше емес, әрекет барысында, тәжірибе арқылы меңгергенде тиімді нәтиже береді. Ал Джон Дьюи тәжірибеге негізделген оқытуды білім берудің негізгі қағидасы ретінде қарастырып, «learning by doing» ұстанымын ұсынған. Бұл идеялар оптикалық жүйелерді жобалау сияқты практикалық әрекеттердің оқытудағы маңызын айқындайды.

Сонымен қатар, қазіргі цифрлық технологиялардың дамуы бұл үдерісті жаңа деңгейге көтеріп отыр. Виртуалды зертханалар мен модельдеу құралдарының көмегімен оқушылар күрделі оптикалық құбылыстарды қауіпсіз әрі тиімді ортада зерттей алады. Бұл тәсілдер туралы Сеймур Пейперт өз еңбектерінде атап өтіп, білім алушының өзі модель құрастыру арқылы білімді терең меңгеретінін көрсеткен. Оның конструктивистік көзқарасы бойынша, оқушы білімді дайын күйінде алмайды, оны өзі құрастырады.

Зерттеушілік дағдылардың құрылымына бірнеше өзара байланысты компоненттер кіреді. Олар мәселені анықтау мен болжам жасау, тәжірибені ұйымдастыру, нәтижені талдау және қорытынды шығару [2, 41б.]. Бұл кезеңдер бір-бірімен тығыз байланыста жүзеге асып, оқушының ғылыми ойлау жүйесін қалыптастырады. Аталған үдеріс барысында оқушы тек білім алып қана қоймай, ғылыми танымның логикасын меңгереді, яғни «неге?» және «қалай?» деген сұрақтарға жауап іздеуге дағдыланады.

Әлемдік педагогикалық тәжірибеде зерттеушілік оқыту тәсілі кеңінен қолданылады. Мысалы, Финляндия, Сингапур және Оңтүстік Корея сияқты елдердің білім беру жүйесінде *inquiry-based learning* (зерттеуге негізделген оқыту) басты бағыттардың бірі. Бұл елдерде оқушылар сабақ барысында дайын жауапты қабылдамай, мәселені өздері зерттеп, шешім табуға үйретіледі. OECD зерттеулеріне сәйкес, зерттеушілік тәсіл қолданылатын білім беру жүйелерінде оқушылардың функционалдық сауаттылығы мен сыни ойлау деңгейі айтарлықтай жоғары болады [3, 58б.].

Ғалымдардың еңбектерінде де зерттеушілік дағдылардың маңызы ерекше атап өтіледі. Мәселен, Джон Дьюи білім берудің негізі ретінде тәжірибеге сүйенген оқытуды ұсынып, оқушыны белсенді зерттеуші ретінде қарастырған. Оның *«learning by doing»* қағидасы зерттеушілік оқытудың теориялық негіздерінің бірі болып табылады.

Сондай-ақ, Жан Пиаже когнитивтік даму теориясында баланың білімді өз тәжірибесі арқылы құрастыратынын атап өткен. Оның пікірінше, оқушы дайын білімді қабылдамайды, керісінше оны өзінің іс-әрекеті барысында қалыптастырады. Бұл зерттеушілік дағдылардың табиғи түрде қалыптасатынын көрсетеді.

Зерттеушілік дағдыларды дамыту оқушының сыни ойлауын, логикалық қабілетін және шығармашылық белсенділігін арттырады. Мұндай дағдылар оқушының тек оқу процесінде ғана емес, өмірлік жағдайларда да тиімді шешім қабылдауына мүмкіндік береді.

**Материалдар мен әдістер**

Зерттеушілік дағдылар – оқушының ғылыми мәселелерді өз бетінше анықтап, болжам жасап, тәжірибе жүргізіп, алынған нәтижелерді талдай отырып қорытынды шығара алу қабілеті. Мұндай дағдылар тәжірибелік әрекет барысында қалыптасады. Сондықтан физика пәнінде, әсіресе оптика бөлімінде, зерттеушілік әрекетті ұйымдастыру маңызды.

Зерттеу тақырыбы ретінде оптикалық жүйелерді жобалау және модельдеу тақырыбы Место для формулы.таңдап алынды. Себебі оптика бөлімі оқушыларға жарық құбылыстарын көзбен көріп, тәжірибе арқылы түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, линзалар мен айналар арқылы кескін алу тәжірибелері зерттеушілік әрекеттерді ұйымдастыру үшін өте қолайлы әрі көрнекі материал болып табылады.

Зерттеу барысында қолданылған негізгі материалдар: жинағыш және шашыратқыш линзалар, жазық және ойыс айналар, жарық көзі (шам немесе лазер), экран, сызғыш, өлшеу таспасы, штатив, миллиметрлік қағаз, сондай-ақ виртуалды модельдеу бағдарламалары (PhET және т.б.). Бұл құралдар оқушыларға тәжірибе жүргізу, өлшеу және нәтижелерді салыстыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістері зерттеушілік оқыту принциптеріне сәйкес таңдалды. Сабақ барысында бақылау, педагогикалық эксперимент, өлшеу, салыстыру, модельдеу және талдау әдістері кешенді түрде қолданылды.

Бақылау әдісі арқылы оқушылардың тәжірибе жүргізу барысындағы белсенділігі, құралдарды дұрыс қолдануы және нәтижелерді түсіндіру деңгейі анықталды. Бұл әдіс олардың зерттеушілік әрекетке қатысуын бағалауға мүмкіндік берді.

Педагогикалық эксперимент барысында оқушыларға оптикалық жүйені өздігінен құрастыру тапсырмасы берілді. Негізгі тапсырмалардың бірі – жинағыш линза арқылы нақты кескін алу және оның қасиеттерін анықтау болды. Бұл тәжірибеде оқушылар объектінің (шамның) линзаға дейінгі қашықтығын ($d_0$) және кескіннің линзадан экранға дейінгі қашықтығын ($d_i$) өлшеді.

Оптикалық жүйені зерттеу кезінде жұқа линза формуласы қолданылды:

$$\frac{1}{f} = \frac{1}{d_0} = \frac{1}{d_i}$$

f – линзаның фокустық арақашықтығы (м),

$d_0$– объектінің линзаға дейінгі қашықтығы (м),

$d_i$ – кескіннің линзаға дейінгі қашықтығы (м).

Оқушылар тәжірибе барысында осы шамаларды өлшеп, линзаның фокус арақашықтығын есептеді. Бұл олардың математикалық есептеу және физикалық заңдылықтарды қолдану дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, кескіннің үлкейту коэффициенті де анықталды. Ол келесі формула арқылы есептелді:

$$\mathbf{k} = \frac{h_i}{h_0} = \frac{d_1}{d_0}$$

$h_0$ – объектінің биіктігі,

$h_i$ – кескіннің биіктігі.

Бұл есептеулер арқылы оқушылар кескіннің үлкейген немесе кішірейгенін, төңкерілген немесе тура екенін тәжірибе жүзінде анықтады. Зерттеу барысында оқушылар бірнеше тәжірибе жүргізді:

-линзаның орнын өзгерту арқылы кескіннің өзгерісін бақылау;

- объект қашықтығын өзгертіп, кескіннің қасиеттерін салыстыру;

- фокус арақашықтығын тәжірибе арқылы анықтау.

Әр тәжірибе нәтижесі кестеге түсіріліп, кейін салыстырмалы талдау жүргізілді. Бұл оқушылардың деректермен жұмыс істеу және оларды жүйелеу дағдыларын қалыптастырды.

Модельдеу әдісі де маңызды орын алды. Оқушылар виртуалды зертханалар арқылы жарық сәулесінің таралуын, линзадағы сыну процесін және кескіннің пайда болуын модельдеді. Бұл әдіс күрделі құбылыстарды түсінуді жеңілдетіп, тәжірибені бірнеше рет қайталауға мүмкіндік берді [2, 41б.].

Сабақ барысында оқушыларға проблемалық сұрақтар қойылды: «Кескін неге кейде төңкерілген болады?», «Линзаның фокус арақашықтығы нені анықтайды?» деген сұрақтар олардың ойлау әрекетін белсендірді. Оқушылар өз болжамдарын тәжірибе арқылы тексеріп, ғылыми қорытынды жасауға үйренді.

Алдымен оқушылар объект қашықтығын өзгерте отырып, экранда анық кескін алуға тырысты. Бұл кезеңде олар бақылау, өлшеу және салыстыру дағдыларын меңгерді. Кейін алынған нәтижелерді өңдеп, формула арқылы есептеулер жүргізді.

Сабақтың соңында оқушылар өз нәтижелерін бастапқы болжамдарымен салыстырып, қорытынды жасады. Сонымен қатар, оптикалық жүйелердің өмірдегі қолданылуын (камера, көзілдірік, микроскоп) талқылады.

Зерттеу үдерісі толықтай зерттеушілік тәсіл негізінде ұйымдастырылды. Оқушылар өздігінен тәжірибе жасап, нәтижелерді талдап, ғылыми қорытынды жасауға үйренді. Мұндай жұмыс олардың шығармашылық ойлауын, дербестігін және зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруға бағытталды.

**Қорытынды.**

Қорыта айтқанда, оптикалық жүйелерді жобалау және модельдеу арқылы оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру – қазіргі білім беру үдерісіндегі тиімді әрі өзекті бағыттардың бірі саналады. Бұл тәсіл оқушылардың тек теориялық білімін бекітіп қана қоймай, оны тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде білім алушы табиғи құбылыстарды терең түсініп, оларды өздігінен зерттей алатын деңгейге жетеді.

Зерттеу барысында анықталғандай, оптикалық жүйелермен жүргізілетін тәжірибелер оқушылардың бақылау, өлшеу, салыстыру және талдау дағдыларын дамытуға айтарлықтай әсер етеді. Әсіресе линзалар арқылы кескін алу, жарық сәулесінің таралуын зерттеу сияқты тапсырмалар

оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың белсенділігін күшейтеді.

**Қолданылған дереккөздер тізімі:**


1. Тұрсынбаев С.Қ. *Физиканы оқыту әдістемесі* // Оқу құралы. – Алматы, 2019. – 320 б. – https://www.google.com
2. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. *Педагогика* // Оқу құралы. – Алматы, 2018. – 280 б. – https://www.google.com
3. Сейітқалиев А.С. *STEM білім беру негіздері* // Оқу-әдістемелік құрал. – Астана, 2020. – 210 б. – https://www.google.com
4. Нургалиева Г.К. *Цифрлық білім беру ресурстары* // Оқу құралы. – Алматы, 2021. – 195 б. – https://www.google.com
5. John Smith *Innovative STEM Education* // International Journal of Education. – London, 2019. – 240 p. – https://www.google.com
6. Michael Brown *Physics Education Research* // Journal of Physics Education. – New York, 2020. – 300 p. – https://www.google.com
7. Лев Семёнович Выготский *Педагогикалық психология* // Педагогика журналы. – Москва, 1982. – 287 б. – https://ru.wikipedia.org
8. Джон Дьюи *Опыт и образование* // Философия образования. – Москва, 2000. – 192 б. – https://cyberleninka.ru
9. Jean Piaget *The Psychology of Intelligence* // Psychological Studies. – London, 1950. – 200 p. – https://www.google.com


# ФИЗИКА САБАҒЫНДА ЖЫЛУ АЛМАСУ ПРОЦЕСТЕРІН ЗЕРТТЕУ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ STEM-ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУ


***Мейрамбек Ж. Ш.***

*Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.*

***Кабдығалым Д. Т.***

*Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.*

***Ходон А.А***

*Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.*

***Алина А.Б***

*Ғылыми жетекшісі: физика магистрі, Павлодар қ.*



**Аңдатпа.** Бұл мақалада физика сабағында жылу алмасу процестерін зерттеу арқылы оқушылардың STEM-құзыреттілігін дамыту жолдары қарастырылады. STEM-білім беру элементтерін кіріктіру арқылы оқушылардың зерттеушілік, сыни ойлау және практикалық дағдыларын қалыптастыру мүмкіндігі көрсетіледі. Жылу алмасу тақырыбы негізінде ұйымдастырылатын тәжірибелік жұмыстар мен модельдеу әдістері оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып, ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға ықпал ететіні көрсетіледі.



**Кілт сөздер:** жылу алмасу, STEM, физика, құзыреттілік, тәжірибе, модельдеу.

**Аннотация.** В статье рассматриваются способы развития STEM-компетенций учащихся на уроках физики при изучении процессов теплообмена. Показано, что интеграция STEM-подхода способствует формированию исследовательских навыков, критического мышления и практических умений. Практико-ориентированные задания и моделирование повышают интерес учащихся к предмету и способствуют глубокому пониманию физических процессов.

**Ключевые слова:** теплообмен, STEM, физика, компетенции, эксперимент, моделирование.

**Abstract.** This article explores the development of students' STEM competencies through the study of heat transfer processes in physics lessons. The integration of STEM approaches enhances students' research skills, critical thinking, and practical abilities. Experimental activities and modeling improve students' engagement and deepen their understanding of physical phenomena.

**Keywords:** heat transfer, STEM education, physics, competencies, experiment, modeling.

**Кіріспе.** Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың тек теориялық білімін меңгеруі жеткіліксіз болып табылады. Білім алушылардың практикалық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін және сыни ойлауын дамыту – білім сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Осы тұрғыда STEM-білім беру (Science, Technology, Engineering, Mathematics) білім беру мазмұнын жаңартудың маңызды бағыты ретінде қарастырылады.

STEM тәсілі оқушылардың білімді өмірлік жағдаяттарда қолдану қабілетін қалыптастыруға бағытталған. Бұл тәсіл пәнаралық байланысты нығайтып, теория мен практиканы ұштастыруға мүмкіндік береді. Әсіресе физика пәні STEM бағытындағы негізгі пәндердің бірі ретінде оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыруда ерекше рөл атқарады.

Физика курсындағы «жылу алмасу» тақырыбы табиғаттағы маңызды құбылыстардың бірі болып табылады. Жылу өткізгіштік, конвекция және сәуле шығару процестерін тәжірибе арқылы зерттеу оқушылардың абстрактілі ұғымдарды нақты түсінуіне жағдай жасайды. Сонымен қатар, бұл тақырыпты STEM тәсілі арқылы оқыту оқушылардың функционалдық сауаттылығын, инженерлік ойлауын және есептеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – физика сабағында жылу алмасу процестерін зерттеу негізінде оқушылардың STEM-құзыреттілігін дамыту жолдарын анықтау.

Зерттеудің міндеттері:

1.Соңғы жылдардағы ғылыми әдебиеттерге шолу жасау.

2.STEM-білім беру ұғымына анықтама беру және оның физика пәніндегі маңызын сипаттау.

3.Жылу алмасу тақырыбы бойынша сабақ ұйымдастырудың әдістемелік үлгісін көрсету.

Соңғы жылдары STEM-білім берудің тиімділігі көптеген ғылыми зерттеулерде қарастырылып келеді. STEM-білім беру оқушылардың

ғылыми сауаттылығын дамытуға бағытталған кешенді тәсіл ретінде қарастырылады, бұл туралы R. W. Bybee [1,120 б] еңбектерінде атап көрсетіледі.

STEM білім беру жүйесінің оқушылардың инженерлік ойлау қабілеттерін дамытудағы маңызы көптеген зерттеулерде көрсетілген, соның ішінде M. Honey, G. Pearson және H. Schweingruber [2,210 б] еңбектерінде қарастырылады.

Оқушылардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға STEM-білім берудің ықпалы ғылыми еңбектерде сипатталады, бұл мәселе T. R. Kelley және J. G. Knowles [3,11 б] зерттеулерінде талданған.

Қазіргі зерттеулерде STEM тәсілінің практикалық бағыттылығы ерекше көрсетіледі. Мысалы, OECD [7,75б] зерттеулерінде STEM оқыту оқушылардың функционалдық сауаттылығын және проблемаларды шешу қабілетін арттыратыны көрсетіледі. Сонымен қатар, UNESCO

[8,120б] баяндамаларында STEM білім беру оқушыларды болашақ мамандықтарға дайындаудың маңызды құралы ретінде қарастырылады.Қазақстандық ғалымдардың еңбектері де бұл бағыттың өзектілігін растайды. Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында STEM тәсілін енгізудің стратегиялық маңызы Н. Ә. Назарбаева [4,20 б] еңбектерінде көрсетіледі.Физика сабақтарында STEM технологияларын қолданудың тиімділігі А. Б. Сағындықова [5,50б ]зерттеулерінде қарастырылып, бұл тәсіл оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыратыны атап өтіледі.Тәжірибелік жұмыстардың оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін дамытудағы маңызы Б. Т. Жұмабаев

[6,65 б] еңбектерінде негізделген. Соңғы жылдардағы зерттеулерде Arduino платформасы, цифрлық датчиктер және компьютерлік модельдеу құралдарын қолдану жылу алмасу процестерін оқытуда тиімді екендігі көрсетілген.

**Материалдар мен әдістер**. Бұл зерттеу жұмысында ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге теориялық талдау жасалды. Физика пәнін оқытуда STEM тәсілін қолдану мәселесі бойынша отандық және шетелдік зерттеулер қарастырылды. Сонымен қатар, жылу алмасу тақырыбын оқыту барысында қолдануға болатын сабақ ұйымдастырудың әдістемелік үлгілері талданды.

Зерттеу барысында келесі әдістер пайдаланылды:

– ғылыми әдебиеттерге талдау жасау

– педагогикалық және әдістемелік еңбектерді салыстыру

– STEM технологияларын қолдану тәжірибесін жүйелеу

– физика сабағына арналған әдістемелік ұсыныстарды сипаттау.

Жылу алмасу тақырыбын түсіндіру барысында қолданылатын тәжірибелік тапсырмалар, модельдеу элементтері және цифрлық құралдарды пайдалану мүмкіндіктері қарастырылды.

Сабақ үлгісі

Тақырыбы: Жылу алмасу түрлері

Сабақ мақсаты: Оқушыларға жылу алмасу түрлерін тәжірибе арқылы түсіндіру және STEM дағдыларын дамыту.

STEM элементтері: тәжірибе жасау, температураны өлшеу, модель құрастыру, есеп шығару.

Сабақ барысы

1.Қызығушылықты ояту

Мұғалім сұрақ қояды:

«Неге металл қасық ыстық шайда тез қызады?»

2.Тәжірибе

Оқушылар металл және ағаш таяқшалардың жылу өткізгіштігін салыстырады.

3.Өлшеу

Температура өзгерісін бақылап, нәтижелерді кестеге енгізеді.

4.Модель

Жылу өткізгіштік процесінің қарапайым моделін сызба түрінде көрсетеді.

5.Технология

Цифрлық құралдарды пайдалану арқылы температураны өлшеу мүмкіндіктері түсіндіріледі.

6.Қорытынды

Оқушылар жылу алмасу түрлері туралы қорытынды жасайды.

**Қорытынды**. Физика сабағында жылу алмасу процестерін STEM тәсілі арқылы оқыту оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Бұл тәсіл теория мен практиканы байланыстырып, оқушылардың зерттеушілік және инженерлік қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

STEM технологияларын физика сабақтарында қолдану оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып, олардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға жағдай жасайды. Сонымен қатар, тәжірибеге негізделген тапсырмалар білім алушылардың функционалдық сауаттылығын және практикалық дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Осылайша, STEM тәсілін қолдану физика пәнін оқытудың тиімді әдістерінің бірі ретінде қарастырылады

## Қолданылған дереккөздер тізімі:


1. Bybee R. W. The Case for STEM Education: Challenges and Opportunities. – Arlington, VA: NSTA Press, 2013. – 120 p.
2. Honey M., Pearson G., Schweingruber H. STEM Integration in K-12 Education: Status, Prospects, and an Agenda for Research. – Washington, DC: National Academies Press, 2014. – 180–210 p.
3. Kelley T. R., Knowles J. G. A conceptual framework for integrated STEM education // International Journal of STEM Education. – 2016. – Vol. 3(11). – P. 1–11.
4. Назарбаева Н. Ә. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. – Астана, 2016. – 15–20 б.
5. Сағындықова А. Б. STEM технологияларын физика сабағында қолдану // Педагогика және психология. – 2020. – №2. – 45–50 б.

6. Жұмабаев Б. Т. Зерттеушілік оқыту әдістері және оның тиімділігі // Білім берудегі инновациялар. – 2021. – №3. – 60–65 б.
7. OECD. STEM Education for Innovation. – Paris: OECD Publishing, 2022. – P. 50–75.
8. UNESCO. Engineering for Sustainable Development: Delivering on the SDGs. – Paris: UNESCO, 2023. – P. 100–120.

# СТОКС ЗАҢЫН ТӘЖІРИБЕЛІК ЗЕРТТЕУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

***Мұратбекова Н. Н***
*Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.*
***Медеу А. М.***
*Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.*
***Сейтханова А. К.***
*ғылыми жетекші, PhD, профессор, Павлодар қ.*

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Стокс заңы негізінде оқушылардың зерттеушілік және эксперименттік құзыреттілігін дамыту қарастырылады. Тәжірибелік жұмыстар арқылы тұтқырлықты анықтау, нәтижелерді талдау және ғылыми қорытынды жасау дағдыларын қалыптастырудың тиімділігі көрсетіледі.

**Кілт сөздер**: Стокс заңы, тұтқырлық коэффициенті, сұйықтағы қозғалыс, эксперименттік әдіс, зерттеу дағдылары.

**Аннотация.** В статье рассматривается развитие исследовательской и экспериментальной компетентности учащихся на основе закона Стокса. Показана эффективность практических работ при формировании навыков анализа, определения вязкости и научного обобщения результатов.

**Ключевые слова:** закон Стокса, коэффициент вязкости, движение жидкости, экспериментальный метод, исследовательские навыки.

**Abstract.**The article explores developing students' research and experimental competence based on Stokes' law. It highlights the effectiveness of practical activities in measuring viscosity, analyzing results, and forming scientific conclusions.

**Keywords:** Stokes' law, viscosity coefficient, motion in liquids, experimental method, research skills.

## Кіріспе.

Қазіргі білім беру жүйесінің басым бағыттарының бірі – оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамыту және оларды ғылыми таным үдерісіне белсенді қатыстыру. Жаратылыстану пәндері, әсіресе физика, табиғат құбылыстарын тәжірибе арқылы түсіндіруге мүмкіндік беретін маңызды пәндердің бірі болып табылады. Соған қарамастан, мектеп тәжірибесінде оқушылардың дайын теориялық білімді меңгеруі басым болып, олардың өз бетінше эксперимент жүргізу, құбылыстарды талдау және ғылыми

қорытынды жасау дағдылары жеткілікті деңгейде қалыптаспай жатады. Әсіресе сұйықтықтағы қозғалыс заңдылықтарын сипаттайтын Стокс заңы сияқты тақырыптарды оқытуда тәжірибелік зерттеулердің жеткіліксіз қолданылуы байқалады. Осыған байланысты Стокс заңын тәжірибелік зерттеу арқылы оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі өзекті болып отыр.

Зерттеудің мақсаты – Стокс заңын тәжірибелік зерттеу негізінде оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық тәсілдерді анықтау. Аталған мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру мәселесіне қатысты ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау
- зерттеушілік құзыреттілік ұғымының мәнін ашып, Стокс заңы тақырыбын оқыту контекстінде оның құрылымдық компоненттерін анықтау
- оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін дамытуға бағытталған сабақ үлгісін әзірлеу

Соңғы жылдары физиканы оқытуда зерттеушілік және тәжірибелік бағытты дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Отандық және ресейлік ғалымдар бұл бағыттың маңыздылығын атап өтуде. Мысалы, физиканы оқытуда тәжірибелік жұмыстардың оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудағы рөлін Әбдіғалиев Қ. мен Сейітов А. көрсеткен [1]. Физика курсын меңгертуде ғылыми ұғымдарды тәжірибе арқылы қалыптастырудың тиімділігін Тұрғынбаев А.Н. негіздеген [2]. Ал мектеп физикасында зертханалық жұмыстарды ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктерін Сәрсенбаев Б. қарастырған [3]. Сонымен қатар, сұйықтар механикасын зерттеуде теория мен тәжірибенің өзара байланысының маңызын ресейлік ғалымдар Л.Д. Ландау мен Е.М. Лифшиц айқындаған [6]. Бұл еңбектер тәжірибелік оқытудың оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудағы рөлін дәлелдейді.

Материалдар мен әдістер.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың тек теориялық білімді меңгеруі жеткіліксіз, сонымен қатар олардың ғылыми зерттеу әрекетін жүзеге асыра алатын тұлға ретінде қалыптасуы маңызды. Осы тұрғыда оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін дамыту физиканы оқыту үдерісінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Біз зерттеушілік құзыреттілікті оқушының физикалық құбылыстарды өз бетінше зерттей алу, бақылау жүргізу, эксперимент нәтижелерін талдау және ғылыми қорытынды жасау қабілеттерін біріктіретін кешенді сапа ретінде қарастырдық. Сонымен қатар бұл құзыреттілік оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың ғылыми дүниетанымының қалыптасуына ықпал ететінін байқадық.

Педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді талдау барысында зерттеушілік құзыреттілік эксперименттік әрекетпен тығыз байланысты екендігін анықтадық. Бұл құзыреттілік оқушылардың ғылыми таным үдерісіне белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Біздің пікірімізше,

зерттеушілік құзыреттіліктің мәні – оқушының физикалық құбылысты тек теориялық тұрғыдан түсініп қана қоймай, оны тәжірибе жүзінде зерттеп, алынған нәтижелерді талдау арқылы білімін тереңдетуінде. Физика сабақтарында тәжірибелік жұмыстар мен зертханалық тапсырмалар осы дағдыларды қалыптастырудың негізгі құралы болып табылатынын байқадық. Сонымен қатар тәжірибелік әрекет барысында оқушылар гипотеза ұсынып, оны тексеру, нәтижелерді салыстыру және ғылыми тұрғыдан түсіндіру дағдыларын меңгеретінін көрдік.

Жүргізілген талдау негізінде оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігінің құрылымын бірнеше компонент арқылы сипаттадық. Біріншісі – танымдық компонент, яғни оқушылардың физикалық заңдылықтар туралы теориялық білімдері мен ғылыми ұғымдарды меңгеруі. Екіншісі – әрекеттік немесе практикалық компонент, бұл тәжірибе жүргізу, құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану, өлшеу нәтижелерін тіркеу және өңдеу дағдыларын қамтиды. Үшіншісі – зерттеушілік-рефлексиялық компонент, ол гипотеза ұсыну, эксперимент нәтижелерін талдау, салыстыру және ғылыми қорытынды жасау қабілеттерін білдіреді. Аталған компоненттердің өзара байланысы оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігінің қалыптасуына негіз болатынын анықтадық.

Физика курсындағы «Стокс заңы» тақырыбы тәжірибелік зерттеуді ұйымдастыруға қолайлы тақырыптардың бірі болып табылады. Бұл тақырыпты оқыту барысында оқушылар тұтқыр ортадағы дененің қозғалысын бақылап, кедергі күші мен жылдамдық арасындағы тәуелділікті тәжірибе арқылы анықтай алады. Сабақ барысында оқушылардың зерттеушілік белсенділігін арттыру үшін проблемалық жағдаяттар мен тәжірибелік тапсырмаларды қолданудың тиімді екендігін байқадық. Мұндай тәсілдер оқушылардың дайын білімді қабылдауына емес, жаңа білімді өз бетінше зерттеу арқылы меңгеруіне мүмкіндік береді.

Мысал ретінде «Денелердің сұйықтар мен газдардағы қозғалысы. Маңдай кедергі және көтергіш күш. Стокс формуласы» тақырыбы бойынша сабақ үлгісін ұсындық. Оқу мақсаты: сұйықтағы денеге әсер ететін тұтқырлық күштің табиғатын түсіндіру, Стокс заңының өрнегін қолдану арқылы қозғалыс жылдамдығы мен тұтқырлық коэффициентінің арасындағы байланысты анықтау.

Сабақтың басында оқушыларға проблемалық сұрақ қойылды: «Неліктен кішкентай шарик суға қарағанда майда баяу қозғалады?» Бұл сұрақ арқылы оқушылардың қызығушылығы оянып, олар зерттеу әрекетіне бағытталды. Одан кейін оқушыларды топтарға бөліп, әртүрлі тұтқырлықтағы сұйықтықтарда шариктің қозғалысын бақылауға арналған тәжірибе ұйымдастырылды. Эксперимент барысында оқушылар қозғалыс уақытын өлшеп, жылдамдықты есептеп, алынған нәтижелерді тіркеді. Сонымен қатар олар тәжірибе жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға және құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалануға дағдыланды.

Тәжірибе нәтижелерін талдау барысында оқушылар алынған мәліметтерді салыстырып, сұйықтықтың тұтқырлығы мен дененің қозғалыс жылдамдығы арасындағы байланысты анықтады. Сонымен қатар, олар өз қорытындыларын ғылыми тұрғыда негіздеуге тырысты. Мұндай жұмыстар оқушылардың білімін бекітіп қана қоймай, олардың талдау, салыстыру және қорытынды жасау дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретінін байқадық. Сонымен бірге топтық жұмыс барысында оқушылар өз пікірлерін ортаға салып, нәтижелерді бірлесіп талқылау арқылы коммуникативтік құзыреттіліктерін де дамытатынын көрдік.

Қорытынды.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың тек теориялық білімді меңгеруі жеткіліксіз, олардың ғылыми зерттеу әрекетін жүзеге асыра алатын тұлға ретінде қалыптасуы маңызды. Зерттеушілік құзыреттілікті дамыту физиканы оқыту үдерісінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Зерттеушілік құзыреттілік оқушының физикалық құбылыстарды өз бетінше зерттей алуын, бақылау жүргізуін, эксперимент нәтижелерін талдауын және ғылыми қорытынды шығару қабілетін біріктіретін кешенді сапа ретінде көрінеді.

Педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, тәжірибелік және зертханалық жұмыстарды жүйелі қолдану оқушылардың ғылыми таным үдерісіне белсенді қатысуына ықпал етеді. «Стокс заңы» тақырыбы сияқты тәжірибелік зерттеулерге бағытталған сабақтар, оқушыларға жаңа білімді өз бетінше зерттеу арқылы меңгеруге мүмкіндік береді. Эксперименттер кезінде гипотеза құру, өлшеу жүргізу, нәтижелерді салыстыру және қорытынды шығару дағдылары дамиды, бұл олардың зерттеушілік әрекетін жетілдіреді.

Осылайша, физика сабақтарында проблемалық сұрақтар қою және тәжірибелік тапсырмалар ұйымдастыру оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруға, пәнге деген қызығушылығын арттыруға және ғылыми дүниетанымының қалыптасуына нақты ықпал етеді.

## Қолданылған дереккөздер тізімі:


1. Әбдіғалиев Қ., Сейітов А. Физиканы оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2016.
2. Тұрғынбаев А.Н. Физика курсының жалпы негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2012.
3. Сәрсенбаев Б. Мектеп физикасы: оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 2014.
4. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2022.
5. Назарбаев Зияткерлік мектептері. Физика пәні бойынша оқу бағдарламасы. – Астана, 2021.
6. Ландау Л.Д., Лифшиц Е.М. Сұйықтар механикасы. – Мәскеу: Наука, 1987.
7. Перышкин А.В. Физика: 7–9 сыныптарға арналған оқулық. – Мәскеу: Дрофа, 2018.
8. Касьянов В.А. Физика. 10–11 сынып. – Мәскеу: Дрофа, 2019.
9. Бугаев А.И. Методика преподавания физики в средней школе. – Мәскеу: Просвещение, 1990.

10. Усова А.В. Формирование научных понятий у школьников. – Мәскеу: Педагогика, 1986.

# СҰЙЫҚ КРИСТАЛЛДЫ ЭКРАНДАРДЫ (LCD) ОҚЫТУДА ВИЗУАЛИЗАЦИЯ ЖӘНЕ ИНТЕРАКТИВТІК ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

***Окасов А.А***
*Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.,*
***Ныгыметов Д.Б.***
*Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.,*
***Жетписбаев Е.К.***
*аға оқытушы: Павлодар қ.*

**Аңдатпа.** Бұл мақалада сұйық кристаллды экрандарды оқытуда визуализация және интерактивтік әдістерді қолданудың тиімділігін анықтауға бағытталған. Ұсынылған тәсілдер күрделі физикалық құбылыстарды түсінуді жеңілдетіп, оқушылардың танымдық белсенділігін, ғылыми ойлауын және зерттеушілік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл әдістер теориялық білімді практикалық модельдермен байланыстыруға мүмкіндік береді.

**Кілт сөздер:** LCD, визуализация, интерактивтік оқыту, симуляция, зерттеушілік әдіс

**Аннотация.** Данная статья направлено на определение эффективности использования визуализации и интерактивных методов при обучении жидкокристаллическим экранам. Предложенные подходы облегчают понимание сложных физических процессов и способствуют развитию познавательной активности, научного мышления и исследовательских навыков учащихся. Кроме того, данные методы позволяют эффективно связать теоретические знания с практическими моделями.

**Ключевые слова:** LCD, визуализация, интерактивное обучение, симуляции, исследовательский подход

**Abstract.** This article aims to determine the effectiveness of visualization and interactive methods in teaching liquid crystal display concepts. The proposed approaches facilitate understanding of complex physical phenomena and enhance students' cognitive engagement, scientific thinking, and inquiry-based research skills. In addition, these methods help connect theoretical knowledge with practical models.

**Keywords:** LCD, visualization, interactive learning, simulations, inquiry-based learning

## Кіріспе

Қазіргі таңда ақпараттық технологиялардың дамуы физика курсындағы күрделі құбылыстарды оқытудың жаңа форматтарын талап етеді. Соның ішінде сұйық кристаллды экрандардың (LCD) жұмыс істеу принципі оптикалық анизотропия, молекулалық бағытталу және жарық

поляризациясы сияқты абстрактілі ұғымдарға негізделгендіктен, оны дәстүрлі әдіспен түсіндіру тиімсіздік танытуда.

LCD технологиясының физикалық негіздерін оқытуда визуализация мен интерактивті әдістерді қолдану – білім алушының теориялық білімді практикалық модельдермен ұштастыруына мүмкіндік береді. Көзге көрінбейтін микропроцестерді динамикалық симуляциялар арқылы көрсету оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырып, күрделі материалды терең меңгеруіне жағдай жасайды.

Зерттеудің мақсаты-сұйық кристаллды экрандардың жұмыс істеу принциптерін оқытуда визуализациялау мен интерактивті әдістерді қолданудың әдістемелік жүйесін әзірлеу және осы арқылы білім алушылардың зерттеушілік құзыреттілігін арттырудың тиімділігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеу.

Алға қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді орындау көзделеді. Біріншіден, отандық және шетелдік ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге кешенді шолу жасап, оптика мен молекулалық физиканы оқытудағы инновациялық тенденциялар мен цифрлық трансформацияның рөлін айқындау қажет. Бұл кезеңдегі зерттеулер физикалық құбылыстарды модельдеудің теориялық негіздерін қалап, білім берудегі визуалды ортаның маңыздылығын негіздейді. [1, 127 б.], [4, 1–2 б.].

Екіншіден, сұйық кристалдардың оптикалық қасиеттерін оқыту барысында білім алушылардың зерттеушілік құзыреттілігін жүйелі түрде дамытуға бағытталған педагогикалық және әдістемелік тәсілдерді теориялық тұрғыдан негіздеу қажет. Бұл үдерісте оқушылардың ғылыми болжам жасау, тәжірибелік және виртуалды модельдермен жұмыс істеу, алынған деректерді талдау, салыстыру, интерпретациялау және негізделген қорытынды шығару дағдыларын қалыптастыруға ерекше назар аударылады. Сонымен қатар, олардың дербес ізденіс жүргізу қабілетін дамыту маңызды.

Үшіншіден, заманауи цифрлық құралдар (PhET симуляциялары, 3D анимациялар) мен белсенді оқыту стратегияларын ұштастыратын, ғылыми дәлелденген инновациялық сабақ үлгісін құрастыру және оның практикалық қолданыс аясын анықтау қажет. Бұл модель білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға және теориялық білімді күнделікті тұрмыстағы технологиялармен (смартфон, монитор) байланыстыруға бағытталуы тиіс. [5, 1387–1388 б.].

Қазіргі цифрлық қоғамда ақпаратты бейнелеу құрылғылары, соның ішінде сұйық кристаллды дисплейлер (LCD) технологиялық прогрестің басты көрсеткіштерінің біріне айналды. Алайда, физика курсында бұл тақырыпты оқыту біршама күрделілік тудырады, себебі ол жарықтың поляризациясы, молекулалық деңгейдегі оптикалық анизотропия және электр өрісінің зат құрылымына әсері сияқты дерексіз (абстрактілі) ұғымдарды қамтиды. Дәстүрлі оқыту әдістері бұл динамикалық процестерді толық ашып көрсете алмайтындықтан, заманауи визуализация құралдары

мен интерактивті технологияларды білім беру үрдісіне интеграциялау мәселесі туындайды.

Алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін отандық және шетелдік ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге кешенді талдау жүргізілді. Пьер Жиль де Жен мен Жак Прост еңбектерінде сұйық кристалдардың физикалық табиғаты, олардың молекулалық құрылымы, фазалық күйлері және анизотроптық қасиеттері жан-жақты қарастырылып, зерттеу тақырыбының іргелі теориялық негізі қаланған [1, 128 б.]. Бұл еңбектер сұйық кристалдардың оптикалық және электрлік қасиеттерін түсіндіруде негізгі ғылыми тірек болып табылады.

Кэти Перкинс бастаған ғылыми жұмыстарда виртуалды зертханалардың білім алушылардың зерттеушілік құзыреттілігін дамытудағы рөлі ерекше атап өтіледі. Мұндай цифрлық ортада оқушылар тәжірибелерді қауіпсіз жағдайда орындап, параметрлерді өзгерту арқылы құбылыстарды терең түсінуге мүмкіндік алады[2, 18-23 б.].

Илья Ху еңбектерінде сұйық кристалдардың оптикалық анизотропиясы, жарық поляризациясын басқару механизмдері және олардың тәжірибелік маңызы қарастырылып, бұл құбылыстарды оқытуда қолданылатын әдістемелік тәсілдердің мазмұнын байытады. [3, 6-17 б.].

Карл Виман және оның әріптестері жүргізген зерттеулерде PhET интерактивті симуляцияларын қолданудың оқушылардың оқу жетістіктеріне, түсіну деңгейіне және пәнге деген қызығушылығына оң әсер ететіні дәлелденген. Бұл жұмыстар интерактивті оқыту әдістерінің тиімділігін тәжірибелік тұрғыдан негіздейді және білім алушылардың белсенді оқу әрекетін қалыптастыруда маңызды орын алады. [4, 1-5 б.].

Свен Лагервалл және Джузеппе Скалиа еңбектерінде сұйық кристалдардың қазіргі заманғы ғылымдағы, соның ішінде нанотехнология мен жұмсақ заттар физикасындағы қолданылу бағыттары қарастырылып, зерттеу тақырыбының ғылыми және практикалық өзектілігі айқындалады. [5, 1390-1399 б.].

Владимир Чигринов еңбектерінде сұйық кристалл құрылғыларының жұмыс істеу принциптері, олардың физикалық негіздері мен технологиялық қолданылу салалары терең талданады. Бұл зерттеулер теориялық білімді нақты техникалық құрылғылармен байланыстыруға мүмкіндік береді және оқу процесінде қолданбалы бағытты күшейтеді .[6, с. 1–3 б.].

А. Н. Кушеккалиев және Г. Қ. Анесова зерттеулерінде цифрлық білім беру ресурстарын, интерактивті әдістерді және инновациялық технологияларды оқу процесіне енгізудің тиімділігі жан-жақты талданған. Бұл еңбектер білім сапасын арттыру, оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту және функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мәселелерін қарастырады. [7, с. 436–444 б.].

Ричард Майер ұсынған мультимедиалық оқыту теориясы білім алушылардың ақпаратты қабылдау және өңдеу ерекшеліктерін ескере отырып, визуалды және вербалды ақпаратты тиімді біріктірудің маңыздылығын

көрсетеді. Аталған теория күрделі физикалық құбылыстарды, соның ішінде микродеңгейдегі процестерді түсіндіруде визуализацияның когнитивтік тиімділігін ғылыми тұрғыдан негіздейді.[8, 1506-1510 б.].

Материалдар мен әдістер

Зерттеу сұйық кристаллды экрандар (LCD) тақырыбын оқытуда визуализация және интерактивтік әдістерді қолдану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін, түсіну деңгейін және практикалық дағдыларын дамыту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталды. Зерттеу теориялық-талдамалық және педагогикалық жобалау әдістері негізінде жүргізілді.

Зерттеу материалы ретінде жалпы білім беретін мектептің физика курсындағы «Оптика» және «Электроника негіздері» бөлімдері, соның ішінде сұйық кристалдардың қасиеттері, жарықтың поляризациясы және LCD экрандардың жұмыс істеу принципі қарастырылды. Сонымен қатар оқу-әдістемелік әдебиеттер, цифрлық білім беру ресурстары, анимациялық модельдер, бейнесабақтар және интерактивті симуляциялар пайдаланылды. Тәжірибелік көрсету үшін поляризациялық фильтрлер, жарық көздері және LCD экран үлгілері қолданылды.

Зерттеу барысында ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге шолу жасау, талдау, салыстыру және жүйелеу әдістері қолданылды. Сонымен қатар педагогикалық бақылау және оқу әрекетін талдау арқылы оқушылардың визуалды қабылдау және интерактивті ортадағы жұмыс ерекшеліктері зерттелді.

Зерттеу аясында визуализация және интерактивтік әдістер кіріктірілген сабақ үлгісі әзірленді. Сабақтың мақсаты - LCD экрандардың құрылымы мен жұмыс істеу принципін түсіндірумен қатар, оқушылардың модельдеу, талдау және технологиялық түсініктерін дамыту.

Сабақтың ұйымдастыру кезеңінде оқушылар «визуалды элементтер» әдісі арқылы топтарға бөлінді. Әр топқа LCD экранның құрамдас бөліктері (сұйық кристалл, поляризатор, жарық көзі, басқару электр өрісі) бейнеленген карточкалар беріліп, сол арқылы топтар құрылды. Бұл тәсіл оқушылардың тақырыпқа қызығушылығын арттырып, бірлескен жұмысқа бағыттады.

Кіріспе кезеңде оқушылардың қызығушылығын ояту мақсатында интерактивті бейнематериал көрсетілді. Мұғалім «Смартфон немесе теледидар экранында бейне қалай пайда болады?» деген проблемалық сұрақ қойды. Сонымен қатар келесі бағыттаушы сұрақтар ұсынылды: сұйық кристалл деген не; жарық поляризациясы қалай жүреді; электр өрісі кристалдардың орналасуына қалай әсер етеді; LCD экранда түс қалай түзіледі. Бұл сұрақтар оқушылардың болжам жасауына ықпал етті.

Визуализация кезеңінде оқушыларға LCD экранның жұмыс принципін көрсететін анимациялар мен схемалар ұсынылды. Оқушылар жарықтың поляризациядан өтуін, сұйық кристалл молекулаларының бұрылуын және электр өрісінің әсерін визуалды түрде бақылады. Бұл олардың күрделі процестерді көзбен көріп, жақсы түсінуіне мүмкіндік берді.

Интерактивтік кезеңде оқушылар симуляциялар арқылы LCD моделін зерттеді. Олар параметрлерді өзгерту (кернеу, жарық қарқындылығы, поляризация бұрышы) арқылы экрандағы кескіннің қалай өзгеретінін бақылады. Бұл әрекеттер оқушылардың себеп-салдар байланыстарын түсінуіне және тәжірибелік ойлауын дамытуға ықпал етті.

Талдау кезеңінде оқушылар визуалды және интерактивті модельдерден алынған нәтижелерді талдап, LCD экранның жұмыс істеу механизмін түсіндірді. Олар сұйық кристалдардың жарықты басқарудағы рөлін және электр сигналдарының кескін қалыптастырудағы маңызын қорытындылады.

Сабақ барысында зерттеуді кеңейтуге бағытталған тапсырмалар ұсынылды: экран жарықтығы қалай реттеледі; пиксельдердің құрылымы қандай; түрлі-түсті кескін қалай пайда болады; LCD мен OLED экрандардың айырмашылығы неде. Бұл тапсырмалар оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін арттырды.

Белсенді оқыту тәсілдері ретінде топтық жұмыс, модель қорғау және пікірталас ұйымдастырылды. Әр топ LCD жұмысын өз түсінігі бойынша түсіндіріп, визуалды схема немесе қысқа презентация жасады. Бұл оқушылардың коммуникативтік және сыни ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді.

Сабақтың қорытынды кезеңінде оқушылар негізгі ұғымдарды жүйелеп, LCD экрандардың жұмыс істеу принципін тұжырымдады. Сонымен қатар олар визуализация мен интерактивтік әдістердің оқу үдерісіндегі тиімділігіне рефлексия жасады.

Осылайша, зерттеуде қолданылған визуализация және интерактивтік әдістер оқушылардың күрделі физикалық процестерді терең түсінуіне, танымдық белсенділігін арттыруға және технологиялық сауаттылығын дамытуға мүмкіндік беретіні анықталды.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, сұйық кристаллды экрандардың (LCD) жұмыс істеу принциптерін оқытуда визуализация және интерактивтік әдістерді кешенді түрде қолдану білім алушылардың күрделі физикалық құбылыстарды түсіну деңгейін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында анықталғандай, LCD технологиясының негізін құрайтын жарық поляризациясы, оптикалық анизотропия және молекулалық бағытталу сияқты абстрактілі ұғымдарды дәстүрлі әдістермен меңгеру қиындық тудырады. Ал визуалды модельдер, анимациялар және интерактивті симуляциялар осы микродеңгейдегі процестерді нақты әрі көрнекі түрде бейнелеуге жағдай жасап, оқушылардың теориялық білімді терең әрі саналы игеруіне ықпал етеді.

Ұсынылған әдістемелік жүйе оқыту үдерісіне визуализация, интерактивті әрекет және белсенді оқыту тәсілдерін кіріктіру арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың зерттеушілік құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік беретіні дәлелденді.

Әсіресе, модельдеу, тәжірибе жүргізу, нәтижелерді талдау және қорытынды жасау сияқты әрекеттер оқушылардың ғылыми ойлау дағдыларын қалыптастыруда тиімді құрал болып табылады.

Сонымен қатар, цифрлық білім беру ресурстарын (симуляциялар, виртуалды зертханалар, мультимедиалық материалдар) қолдану оқыту үдерісін заманауи талаптарға сай ұйымдастыруға, білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға және функционалдық сауаттылығын дамытуға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, сұйық кристаллды экрандарды оқытуда визуализация мен интерактивтік әдістерді жүйелі және мақсатты түрде қолдану-физика пәнін оқытудың тиімділігін арттырудың маңызды бағыты болып табылады. Бұл тәсілдер білім алушылардың теориялық білімін практикамен ұштастырып, күрделі ғылыми ұғымдарды түсінуді жеңілдетеді және оларды қазіргі технологиялық әлеммен байланыстыра отырып, сапалы білім алуға жағдай жасайды.

## Қолданылған дереккөздер тізімі:


1. De Gennes P.G., Prost J. The Physics of Liquid Crystals // Oxford University Press. – 1993. – Т. 26. – №3. – с. 15–24. – URL: https://www.researchgate.net/publication/256282158_The_physics_of_liquid_crystals_2nd_edition_PG_De_Gennes_and_J_Prost_Published_in_1993_by_Oxford_University_Press_Oxford_UK_pp_7597_xvi_ISBN_0-19-852024
2. Perkins K., Adams W., Loeblein P. PhET: Interactive Simulations for Teaching and Learning // Science. – 2006. – Т. 313. – №5792. – с. 682–683. – URL: https://www.researchgate.net/publication/241167894_PhET_Interactive_Simulations_for_Teaching_and_Learning_Physics
3. Khoo I.C. Liquid Crystals. – New York: Wiley-Interscience, 2007. – 383 с. – URL: https://nzdr.ru/data/media/biblio/kolxoz/P/PS/Khoo%20I.-C.%20Liquid%20Crystals%20%282ed.,%20Wiley,%202007%29%28ISBN%2097804 71751533%29%28383s%29_PS_.pdf
4. Wieman C.E., Adams W.K., Perkins K.K. Teaching Physics Using PhET Interactive Simulations // The Physics Teacher. – 2010. – Т. 48. – №4. – с. 5. – URL: https://www.researchgate.net/publication/238560172_Teaching_Physics_Using_PhET_Simulations
5. Lagerwall S.T., Scalia G. A new era for liquid crystal research // Current Applied Physics. – 2012. – Т. 12. – №6. – с. 1387–1412. – URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S1567173912001113
6. Chigrinov V.G. Liquid Crystal Devices: Physics and Applications. – Boston: Artech House, 2014. – 256 с. – URL: https://www.researchgate.net/publication/335709391_Ferroelectric_Liquid_Crystals_Physics_and_Applications
7. Кушеккалиев А.Н., Анесова Г.Қ. Цифрлық білім беру ресурстарын қолдану ерекшеліктері // Педагогика журналы. – 2018. – Т. 12. – №2. – с. 34–39. – URL: https://bulletin-pedagogical.ablaikhan.kz/index.php/j1/article/download/1870/719/10773
8. Mayer R.E. Multimedia Learning. – Cambridge: Cambridge University Press, 2020. – 320 с. – URL: https://www.scirp.org/reference/referencespapers?referenceid=4097703

# ФИЗИКА САБАҒЫНДА ҮЙКЕЛІС ҚҰБЫЛЫСЫН ЗЕРТТЕУ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭКСПЕРИМЕНТТІК ДАҒДЫЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ

***Орынбай А.Н.***
*Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалықуниверситетінің студенті, Павлодар қ.,*
***Халидолда Қ.***
*Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалықуниверситетінің студенті, Павлодар қ.,*
***Алина А.Б.***
*Ғылыми жетекші: физика магистрі, Павлодар қ.*

**Аңдатпа.** Бұл мақалада физика сабағында үйкеліс құбылысын зерттеу арқылы оқушылардың эксперименттік дағдыларын жетілдіру мәселесі қарастырылады. Үйкеліс құбылысының теориялық негіздері мен оны тәжірибелік тұрғыда оқыту ерекшеліктері сипатталады. Зертханалық жұмыстарды ұйымдастыру барысында оқушылардың бақылау жүргізу, өлшеу, алынған нәтижелерді өңдеу және талдау дағдыларын қалыптастыру жолдары қарастырылады. Сонымен қатар, тәжірибеге бағытталған тапсырмалар жүйесі арқылы білім алушылардың зерттеушілік белсенділігін арттыру мүмкіндіктері көрсетіледі. Мақалада ұсынылған әдістер оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып, олардың практикалық және эксперименттік құзыреттіліктерін дамытуға ықпал етеді.

**Кілт сөздер**: үйкеліс құбылысы, эксперименттік дағдылар, зертханалық жұмыстар, физика сабағы, бақылау және өлшеу, деректерді талдау, зерттеушілік белсенділік

**Аннотация.** В данной статье рассматривается развитие экспериментальных навыков учащихся посредством изучения явления трения на уроках физики. Описываются теоретические основы трения и особенности его практического преподавания. Рассматриваются способы формирования у учащихся навыков наблюдения, измерения, обработки и анализа полученных результатов при организации лабораторных работ. Кроме того, показаны возможности повышения исследовательской активности обучающихся через систему практико-ориентированных заданий. Предложенные в статье методы способствуют повышению интереса учащихся к предмету и развитию их практических и экспериментальных компетенций.

**Ключевые слова:** явление трения, экспериментальные навыки, лабораторные работы, урок физики, наблюдение и измерение, анализ данных, исследовательская активность.

**Annotation**. This article examines the development of students' experimental skills through the study of friction phenomena in physics lessons. The theoretical foundations of friction and the specific features of its practical teaching are described. The paper considers ways to develop students' skills in observation, measurement, data processing, and analysis through the organization of laboratory work. In addition, the possibilities of increasing students' research activity through a system of practice-oriented tasks are highlighted. The methods proposed in the article contribute to enhancing students' interest in the subject and promote the development of their practical and experimental competencies.

**Key words:** friction phenomenon, experimental skills, laboratory work, physics lesson, observation and measurement, data analysis, research activity.

**Кіріспе**

Қазіргі білім беру жүйесінің жаңғыру жағдайында оқушылардың зерттеушілік және эксперименттік дағдыларын қалыптастыру – мемлекеттік білім беру стандарттарының басым бағыттарының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының жаңартылған білім беру мазмұны оқушылардың тек теориялық білімін ғана емес, сонымен қатар олардың ғылыми ойлауын, тәжірибелік әрекетін және функционалдық сауаттылығын дамытуды көздейді. Осы тұрғыдан алғанда, физика пәні оқушылардың табиғат құбылыстарын тәжірибе арқылы тануына мүмкіндік беретін маңызды оқу пәндерінің бірі болып саналады. Физика курсындағы «үйкеліс құбылысы» тақырыбы – оқушылардың эксперименттік дағдыларын қалыптастыруға ерекше қолайлы бөлімдердің бірі. Үйкеліс күші табиғаттағы және техникадағы кең таралған құбылыс ретінде оқушыларға тек теориялық заңдылықтарды түсіндіріп қана қоймай, сонымен қатар тәжірибе жүргізу, бақылау, өлшеу, алынған нәтижелерді өңдеу және қорытынды жасау сияқты маңызды зерттеушілік әрекеттерді меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл тақырыпты оқыту барысында оқушылар әртүрлі беттердің өзара әсерін зерттеп, үйкеліс коэффициентін анықтау, күштердің тепе-теңдігін талдау сияқты эксперименттік тапсырмаларды орындай отырып, ғылыми танымның негізгі кезеңдерін игереді. Қазіргі таңда білім беру үдерісіне цифрлық технологиялардың (виртуалды зертханалар, PhET симуляциялары, мобильді қосымшалар) кеңінен енгізілуі дәстүрлі оқыту әдістерін жетілдіру қажеттілігін арттыруда. Осыған байланысты үйкеліс құбылысын оқытуда зерттеушілік және эксперименттік әдістерді үйлестіре қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың практикалық дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Зерттеудің мақсаты – физика сабағында үйкеліс құбылысын зерттеу негізінде оқушылардың эксперименттік дағдыларын жетілдіруге бағытталған әдістеменің тиімді жолдарын анықтау. Осы қойылған мақсатқа жету үшін, келесі міндеттер көзделген:

– үйкеліс құбылысының физикалық мазмұнын және оны оқыту ерекшеліктерін талдау;

– оқушылардың эксперименттік дағдыларының құрылымы мен қалыптасу деңгейлерін айқындау;

– үйкеліс құбылысын зерттеуге арналған зертханалық жұмыстар жүйесін құрастыру;

– цифрлық технологияларды қолдану арқылы эксперименттік әрекетті ұйымдастырудың тиімділігін негіздеу.

Бұл мәселе көптеген ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Зерттеушілік оқытудың теориялық негіздері мен құрылымдық компоненттері Л. М. Репета еңбектерінде сипатталса [1], оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру жолдары Ю. А. Хихлов пен Н. Б. Шумакова еңбектерінде қарастырылған [2]. Ал А. И. Савенков зерттеушілік оқытудың әдіснамалық негіздерін және оның мектеп

тәжірибесіндегі ерекшеліктерін жүйелеген [3]. Эксперименттік дағдыларды қалыптастыру мәселелері С. П. Сторожева мен Н. Л. Микиденко еңбектерінде ғылыми ресурстарды пайдалану тұрғысынан талданған [4], ал З. Н. Субботкина физика пәнінде зертханалық жұмыстарды кезең-кезеңімен ұйымдастырудың әдістемесін ұсынған [5]. Қазіргі зерттеулерде цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігі де ерекше атап өтіледі. Атап айтқанда, PhET симуляцияларын қолдану арқылы оқушылардың эксперименттік және зерттеушілік дағдыларын дамыту мүмкіндіктерін B. Maraza-Quispe негіздеген [6]. Қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде де бұл мәселе кеңінен қарастырылған. Л. Б. Абдильдина оқушылардың ғылыми таным дағдыларын дамыту жолдарын зерттеген [7], ал Ғ. Қ. Жүсіпқалиева, А. А. Джумашева және Б. С. Құбаева физика сабақтарындағы зертханалық жұмыстардың маңызын атап көрсеткен [8]. Сонымен қатар, Д. Ш. Жунусова цифрлық құралдарды қолдану арқылы эксперименттік жұмыстарды тиімді ұйымдастыру мүмкіндіктерін дәлелдеген [9]. Осы зерттеулерге сүйене отырып, физика сабағында үйкеліс құбылысын зерттеу арқылы оқушылардың эксперименттік дағдыларын жетілдіру өзекті ғылыми-әдістемелік мәселе болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың тек теориялық білімді меңгеруі жеткіліксіз, сонымен қатар олардың ғылыми-зерттеу әрекетінің элементтерін игеруі маңызды. Физика пәні тәжірибе арқылы оқытылатын ғылым болғандықтан, зертханалық жұмыстар оқушылардың эксперименттік және зерттеушілік дағдыларын дамытуда жетекші құрал болып табылады. Әсіресе «үйкеліс құбылысы» тақырыбы күнделікті өмірмен тығыз байланысты болғандықтан, оны тәжірибе арқылы зерттеу оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білімнің практикалық маңызын түсінуге мүмкіндік береді.

Эксперименттік дағдылар – оқушылардың тәжірибе жүргізу, бақылау, өлшеу, алынған нәтижелерді өңдеу және қорытынды жасау қабілеттерінің жиынтығы. Педагогикалық зерттеулерге сүйене отырып, эксперименттік дағдылардың келесі негізгі компоненттерін бөліп көрсетуге болады:

Мотивациялық компонент – оқушылардың тәжірибе жасауға, құбылысты өз бетінше зерттеуге қызығушылығын сипаттайды;

Когнитивтік компонент – үйкеліс құбылысының физикалық мәнін, заңдылықтарын және формулаларын меңгеруді қамтиды;

Іс-әрекеттік компонент – тәжірибе жүргізу, құралдарды пайдалану, өлшеу, деректерді өңдеу дағдыларын біріктіреді;

Рефлексивтік компонент – алынған нәтижелерді талдау, салыстыру және ғылыми қорытынды жасау қабілетін білдіреді.

Физика сабақтарында зертханалық жұмыстарды жүйелі ұйымдастыру осы компоненттердің барлығын кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді.Үйкеліс құбылысын оқыту барысында оқушылардың эксперименттік

дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Үйкеліс коэффициентін анықтау» атты зертханалық жұмыс жүргізіледі. Сабақтың негізгі мақсаттары:

– үйкеліс күшінің табиғатын түсіну;

– үйкеліс коэффициентін тәжірибе жүзінде анықтауды үйрену;

– үйкеліс күшінің дене массасына және жанасатын беттердің қасиеттеріне тәуелділігін зерттеу.

Сабақтың бастапқы кезеңінде оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін проблемалық сұрақтар қойылады:

«Неліктен кейбір заттар оңай сырғиды, ал кейбіреулері қиын қозғалады?»,

«Үйкеліс күші қай жағдайда артады немесе кемиді?»

«Үйкелісті азайту немесе арттыру қайда қажет?».

Оқушылар өз болжамдарын ұсына отырып, гипотеза құрады. Бұл кезеңде олардың сыни ойлау, талдау және проблеманы анықтау дағдылары дамиды.

Зертханалық жұмысқа қажетті құрал-жабдықтар: динамометр, әртүрлі беттері бар тақтайшалар (ағаш, металл, резеңке), жүк, таразы. Мұғалім тәжірибенің мақсатын түсіндіріп, қауіпсіздік ережелерін еске салады. Бұл кезеңде оқушылар экспериментті жоспарлау және құралдарды дұрыс пайдалану дағдыларын меңгереді.Зертханалық жұмыстың негізгі кезеңінде оқушылар тәжірибелер жүргізеді. Алдымен олар дененің массасын өлшеп, тірек бетімен әрекеттесу жағдайын анықтайды. Кейін динамометр арқылы денені бірқалыпты қозғалыспен тартып, үйкеліс күшін өлшейді. Бұл әрекеттер арқылы оқушылар өлшеу жүргізу, құралдарды қолдану және деректерді тіркеу дағдыларын дамытады. Одан кейін үйкеліс коэффициенті есептеледі:

Үйкеліс күші: $F_{\text{үйк}} = \mu N$

Үйкеліс коэффициенті: $\mu = \frac{F_{\text{үйк}}}{N}$

Оқушылар әртүрлі беттер үшін алынған нәтижелерді салыстырып, үйкеліс коэффициентінің мәні неге өзгеретінін талдайды. Бұл кезеңде деректерді өңдеу, салыстыру, талдау және ғылыми қорытынды жасау дағдылары қалыптасады. Зертханалық жұмыс барысында оқушылар қосымша дағдыларды да меңгереді, атап айтқанда:

– коммуникативтік дағдылар (топта жұмыс істеу, пікір алмасу);

– сыни ойлау (нәтижелерді бағалау, қателерді анықтау);

– шығармашылық қабілеттер (тәжірибені жетілдіру жолдарын ұсыну).

Сабақтың қорытынды кезеңінде оқушылар тәжірибе нәтижелерін талқылай отырып, үйкеліс күшінің табиғатын, оның әртүрлі факторларға тәуелділігін және техника мен тұрмыстағы маңызын түсінеді. Сонымен қатар, үйкелісті азайту немесе арттыру жолдары туралы тұжырымдар жасайды. Осылайша, үйкеліс құбылысын зертханалық жұмыстар арқылы оқыту оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай,

олардың эксперименттік дағдыларын жүйелі түрде дамытуға және ғылыми ойлау қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Зерттеу барысында зертханалық жұмыстарды ұйымдастыру арқылы оқушылардың эксперименттік дағдыларын дамыту жолдарының тиімділігі қарастырылды. Эксперименттік дағдылар мотивациялық, когнитивтік, іс-әрекеттік және рефлексивтік компоненттерден тұратыны анықталып, олардың сабақ барысында кешенді түрде қалыптасатыны дәлелденді.

«Үйкеліс коэффициентін анықтау» зертханалық жұмысы оқушыларға тәжірибе арқылы білім алуға мүмкіндік беріп, олардың бақылау жүргізу, өлшеу, гипотеза ұсыну, экспериментті жоспарлау, алынған нәтижелерді талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамытуға ықпал етті. Сонымен қатар сабақ барысында оқушылардың коммуникативтік, сыни ойлау және шығармашылық дағдылары да қатар дамыды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, зертханалық әдіс теориялық білім мен практикалық әрекетті өзара байланыстыра отырып, оқушылардың ғылыми ойлауын, тәжірибе жасау дағдыларын және эксперименттік мәдениетін тиімді түрде қалыптастырады. Сонымен қатар бұл тәсіл STEM бағытындағы оқытуды жүзеге асыруда және физиканың басқа бөлімдерін меңгертуде зерттеушілік әдістемені қолданудың негізін қалайды. Үйкеліс құбылысын зерттеу барысында алынған тәжірибе оқушыларға болашақта күрделі физикалық процестерді түсінуге және практикалық есептерді шешуге көмектеседі.

## Қолданылған дереккөздер тізімі:


1. Репета Л.М. Процесс формирования исследовательской компетенции и его особенности // CyberLeninka – 2012. – №1. – 124–126 б. – https://cyberleninka.ru/article/n/protsess-formirovaniya-issledovatelskoy-kompetentsii-i-ego-osobennosti
2. Хихлова Ю.А. Формирование исследовательских умений учащихся на уроках физики // Педагогическое образование в России – 2014. – №38. – 213–219 б. – https://elar.uspu.ru/bitstream/ru-uspu/48797/1/pedsisraztv-38.pdf
3. Савенков А.И. Развитие исследовательских умений и навыков школьников // PedLib электронды кітапханасы – 2014. – 80–85 б. – https://pedlib.ru/Books/7/0094/7_0094-1.shtml
4. Сторожева С.П., Микиденко Н.Л. Формирование исследовательских навыков обучающихся в образовательном процессе // Уральский федеральный университет – 2019. – 111–118 б. – https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/78107/1/978-5-7996-2755-3_021.pdf
5. Жүсіпқалиева Ғ.Қ., Джумашева А.А., Құбаева Б.С. Физика сабақтарында зертханалық жұмыстарды ұйымдастырудың әдістемелік негіздері // Қазақстан педагогикалық журналы – 2019. – №2. – 45–50 б.
6. Субботкина З.Н. Методы развития исследовательских умений в процессе изучения физики // CyberLeninka – 2020. – №23. – 35–40 б. – https://cyberleninka.ru/article/n/metody-razvitiya-issledovatelskih-umeniy-v-protsesse-izucheniya-fiziki.pdf

7. Жунусова Д.Ш. Физика сабақтарында цифрлық технологияларды қолдану арқылы эксперименттік жұмыстарды ұйымдастыру // Білім беру мәселелері журналы – 2021. – №3. – 112–118 б.
8. Maraza-Quispe B., et al. Towards the Development of Research Skills of Physics Students through the Use of Simulators // International Journal of Information and Education Technology – 2023. – Vol. 13, №7. – 1062–1069 б. – https://www.ijiet.org/vol13/IJIET-V13N7-1905.pdf
9. Абдильдина Л.Б. Физика пәнін оқыту кезінде оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру ерекшеліктері // Qazaq Journal of Young Scientists – 2023. – №1. – 7–10 б. – https://qazaqjournal.kz/article/view/4

# ФИЗИКА САБАҒЫНДА «МАТЕМАТИКАЛЫҚ МАЯТНИК» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫС НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

***Сайдазимова Ш. Б.***
*Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.,*
***Сейтен Р. С.***
*Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ.,*
***Анаева Э.Ш.***
*Ғылыми жетекші: физика магистрі,аға оқытушы Павлодар қ.*

**Аннотация.** Мақалада физика сабағында «математикалық маятник» тақырыбындағы зертханалық жұмыс арқылы оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін дамыту жолдары қарастырылды. Эксперимент жасау, бақылау, өлшеу және нәтижені талдау барысында оқушылардың ғылыми ойлауы мен танымдық белсенділігі артатындығы байқалды. Зертханалық жұмыстың білімді терең меңгерудегі рөлі мен маңызы жан-жақты ашылды. Оқушылардың дербес ізденісі мен тәжірибелік дағдылары қалыптасты.

**Кілт сөздер:** математикалық маятник, зерттеушілік құзыреттілік, ғылыми ойлау, танымдық белсенділік, тәжірибелік дағдылар.

**Аннотация.** В статье рассматриваются способы развития исследовательской компетентности учащихся посредством лабораторных работ по теме «математический маятник» на уроках физики. Отмечено, что в ходе эксперимента, наблюдения, измерения и анализа результатов повышается научное мышление и познавательная активность учащихся. Всесторонне раскрыта роль и значимость лабораторных работ в углубленном усвоении знаний. Сформированы навыки самостоятельной исследовательской и практической работы учащихся.

**Ключевые слова:** математический маятник, исследовательская компетентность, научное мышление, познавательная деятельность, практические навыки.

**Abstract.** The article discusses ways to develop students' research competence through laboratory work on the topic of "mathematical pendulum" in physics lessons. It was noted that during the experiment, observation, measurement and analysis of the results, students' scientific thinking and cognitive activity increased. The role and significance of laboratory work in the

in-depth acquisition of knowledge were comprehensively revealed. Students' independent research and practical skills were formed.

**Keywords:** mathematical pendulum, research competence, scientific thinking, cognitive activity, practical skills.

## Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың тек теориялық біліммен шектелуі жеткіліксіз. Бүгінгі таңда оларды ғылыми ізденіске бағыттау және тәжірибе арқылы білім алуына қолайлы жағдай жасау өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Әсіресе физика пәнінде табиғат құбылыстарын тәжірибелік тұрғыда зерттеу оқушылардың логикалық ойлауын дамытып қана қоймай, олардың танымдық қызығушылығын арттырып, дербестігін қалыптастыруға зор ықпал етеді.

Бүгінгі таңда білім беруді жаңғырту жағдайында оқыту процесін зерттеушілік әрекетке негіздеу өзекті болып отыр. Физика сабағында зертханалық жұмыстарды тиімді ұйымдастыру оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастырып, құбылыстардың заңдылықтарын терең түсінуіне мүмкіндік береді. Сондықтан «математикалық маятник» тақырыбындағы зертханалық жұмыс оқушылардың тәжірибелік дағдыларын жетілдірумен қатар, олардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады.

Бұл зерттеудің мақсаты физика сабағында «математикалық маятник» тақырыбындағы зертханалық жұмыс негізінде оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік жолдарын анықтау және зерттеушілік әрекетке негізделген сабақ үлгісін құрастыру.

Осы мақсатқа жету үшін төмендегі міндеттер қойылады:

Зерттеушілік құзыреттілік мәселесіне байланысты ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге шолу жасау.

Физика сабағында зертханалық жұмыстар арқылы зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастырудың әдістемелік негіздерін анықтау.

«Математикалық маятник» тақырыбы бойынша зерттеушілікке бағытталған сабақ үлгісін құрастыру.

Аталған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында ең алдымен зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми-әдістемелік еңбектерге талдау жүргізілді. Соңғы жылдары оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру педагогикалық ғылымда ерекше өзектілікке ие болып отыр. Мысалы Л.Б. Абдильдина физика пәнін оқыту барысында зерттеушілік құзыреттілікті дамыту механизмдерін жан-жақты қарастырып, зертханалық жұмыстар арқылы оқушылардың ғылыми ойлау қабілетін арттыру мүмкіндіктерін айқындайды[ 1–8 б].

Осы бағыттағы зерттеулердің бірі ретінде А. Ақжолова болашақ физика мұғалімдерін даярлауда зертханалық сабақтарды тиімді құрылымдау әдістерін ұсыну арқылы оқушыларды эксперимент жүргізуге, алынған нәтижелерді талдауға және негізді қорытынды жасауға

жетелейтінін атап өтеді. Яғни зерттеушілік дағдыларды қалыптастыруға ықпал ететінін көрсетеді[ 104–110 б].

Сонымен қатар, Н. Жанатбекова, Е. Әндасбаев, Е. Хаймұлданов, А. Абдулаева және Ф. Борибекова еңбектерінде физика пәніндегі зертханалық тапсырмалардың ақпараттық-білімдік ортада оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға әсері талданады. Аталған зерттеуде тәжірибе нәтижелерін кестеге түсіру, графиктер құру және олардың арасындағы заңдылықтарды анықтау сияқты әрекеттердің маңыздылығы ерекше атап көрсетіледі[137–151 б].

Зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыруда теория мен тәжірибені ұштастырудың маңыздылығы Т. Далабайев, М. Нүрізинова, М. Сқақов және А. Джорухтың зерттеуінде жан-жақты қарастырылған. Аталған еңбекте болашақ педагогтарды даярлау үдерісіндегі ғылыми-әдістемелік тәсілдердің рөлі айқындалып, олардың зерттеушілік дағдыларды дамытудағы тиімділігі негізделеді[30–41 б].

Мектеп физикасын оқытуда зертханалық жұмыстардың оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытудағы маңызын Д.М. Шыныбек пен Г.Б. Алимбекова өз зерттеулерінде негіздейді. Сондай-ақ, авторлар зерттеушілік сипаттағы тапсырмаларды орындау арқылы оқушылардың ғылыми ұғымдарды терең меңгеріп, аналитикалық ойлау қабілетін жетілдіруге мүмкіндік алатынын атап көрсетеді[30-41 б].

Зерттеушілік оқытудың теориялық негіздері шетелдік ғалымдардың еңбектерінде де кеңінен қарастырылған. Джон Дьюи өз зерттеулерінде білім алудың тиімділігі тәжірибелік әрекетпен тығыз байланысты екенін атап көрсетеді. Оның пікірінше, оқушылар білімді дайын күйінде қабылдамай, оны тәжірибе барысында өз бетімен игеруі тиіс. Бұл тәсіл зертханалық жұмыстарды ұйымдастыруда ерекше маңызға ие, себебі тәжірибе арқылы оқушының зерттеушілік белсенділігі артады[120-128 б].

Сонымен қатар оқыту үдерісін тұлға дамуының негізгі факторы ретінде қарастырған Л. Выготский, білім алу барысында әлеуметтік өзара әрекет пен белсенді іс-әрекеттің маңызын ерекше атап өтеді. Ғалымның теориясына сәйкес, оқушылар зерттеу барысында жаңа білімді тек өз бетінше игеріп қана қоймай, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау арқылы оны терең әрі саналы түрде меңгереді. Осы тұрғыдан алғанда, тәжірибелік жұмыстар зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастырудың маңызды құралы ретінде айқындалады[85–92 б].

Жалпы алғанда, соңғы жылдары бұл зерттеулер зертханалық жұмыстардың оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудағы тиімді құрал екендігін көрсетеді. Әсіресе физика пәнінде тәжірибелік тапсырмаларды орындау арқылы оқушылардың эксперименттік дағдылары дамып, ғылыми дүниетанымы қалыптасады. Осы тұрғыдан алғанда, аталған еңбектер біздің зерттеу тақырыбымыз үшін маңызды теориялық әрі әдістемелік негіз болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеушілік құзыреттілік – оқушының ғылыми мәселелерді өз бетінше анықтап, болжам жасап, тәжірибе жүргізіп, алынған нәтижелерді талдай отырып қорытынды жасай алу қабілеті. Бұл құзыреттілік бірнеше компоненттен тұрады:

Танымдық (білім)

Операциялық (білік, дағды)

Тұлғалық (қызығушылық, белсенділік)

Физика пәнінде бұл құзыреттілік зертханалық жұмыстар арқылы тиімді қалыптасады. Себебі оқушы тек дайын ақпаратты қабылдамай, табиғи құбылысты өзі зерттейді.

Зерттеу тақырыбы ретінде «математикалық маятник» қолданылды, өйткені бұл қарапайым тәжірибе арқылы оқушыларға эксперимент жүргізу, өлшеу және талдау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, маятник тақырыбы зерттеушілік әрекеттерді ұйымдастыру үшін ыңғайлы және көрнекі материал болып табылады.

Зерттеу барысында қолданылған негізгі материалдар: жіп (әртүрлі ұзындықта), жүк (шарик), секундомер, сызғыш немесе өлшеу таспасы, штатив, сондай-ақ зертханалық жұмысқа арналған нұсқаулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар. Бұл құралдар оқушыларға тәжірибе нәтижелерін дәл өлшеуге, бақылауға және салыстыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістері зерттеушілік құзыреттілікті дамыту принциптеріне сәйкес таңдалды. Олар келесі әдістерді қамтыды:

Бақылау — оқушылардың эксперимент жүргізу барысындағы белсенділігін бағалау;

Педагогикалық эксперимент — маятниктің тербеліс периодын анықтау арқылы теориялық білімді тәжірибемен ұштастыру;

Өлшеу және салыстыру — алынған деректерді дәлдікпен тіркеу және әртүрлі шарттардағы нәтижелерді салыстыру;

Талдау және қорытынды шығару — тәжірибеден алынған мәліметтерді өңдеу, заңдылықтарды анықтау және ғылыми негізде қорытынды жасау.

Келесі кезеңде оқушыларға сабақтың мақсаты түсіндірілді:маятник периодының әртүрлі параметрлерге тәуелділігін анықтау, формула арқылы еркін түсу үдеуін есептеу, $T^2$–тің l-ге тәуелділік графигін тұрғызу, зерттеушілік құзыреттілікті дамыту.

Оқушылардың қойылған мақсаттарға жетуі үшін алдымен оларға теориялық түсіндіру қажет.

Математикалық маятник – ұзындығы l жіпке ілінген материалдық нүктенің тербелісі. Оның периоды келесі формуламен анықталады:

$$T = 2\pi\sqrt{\frac{l}{g}}$$

l-жіптің ұзындығы (м)

g=9,8 еркін түсу үдеуі ( м/с$^2$)

Бұл формуладан оқушылар периодтың маятник ұзындығына тәуелді екенін және еркін түсу үдеуі арқылы анықталатынын көреді.

Оқушылар зертханалық жұмыс барысында:

Периодтың әртүрлі параметрлерге тәуелділігін зерттейді;

Формула арқылы еркін түсу үдеуін анықтайды;

$T^2$~l тәуелділігін дәлелдеп, график тұрғызады;

Еріксіз тербелістер кезінде амплитуданың мәжбүрлеуші күш жиілігіне тәуелділігін сапалық түрде сипаттайды.

Мұғалім оқушылардың қызығушылығын ояту үшін сұрақтар қояды: «Маятник неге тербеледі?», «Период неге тәуелді болуы мүмкін?» деген сияқты. Оқушылар сұрақтарға жауап беру арқылы ғылыми ойлау әрекеттерін және болжам жасау қабілеттерін дамытады. Сонымен қатар сабаққа деген белсенділігі артады.

Сабақ барысында оқушылар алдымен математикалық маятниктің ұзындығын өзгерте отырып, оның тербеліс периодын анықтайды. Бұл кезеңде олар құбылысты мұқият бақылауды, уақытты дәл өлшеуді және алынған нәтижелерді жүйелі түрде тіркеуді үйренеді. Мұндай әрекеттер оқушылардың бақылау және өлшеу дағдыларын дамыта отырып, эксперименттік деректермен жұмыс істеу қабілетін қалыптастырады. Мысалы, оқушы маятник ұзындығын 50 см етіп алып, 10 тербеліс уақытын секундомер арқылы өлшеп, нәтижесін кестеге жазады.

Одан кейін тәжірибе нәтижелерін өңдеу кезеңі басталады. Оқушылар алынған мәліметтер негізінде тербеліс периодын есептеп, $T^2$ шамасын анықтайды. Бұл кезеңде олар есептеу, салыстыру және деректерді өңдеу дағдыларын жетілдіреді. Сонымен қатар әртүрлі ұзындықтар үшін алынған нәтижелерді салыстыра отырып, периодтың маятник ұзындығына тәуелділігі туралы бастапқы қорытынды жасайды.

Келесі кезеңде оқушылар зерттеу нәтижелерін графиктік түрде ұсынады. Олар $T^2$ шамасының маятник ұзындығына тәуелділік графигін тұрғызады. Графикті талдау барысында оқушылар шамалар арасындағы тәуелділікті анықтап, олардың арасындағы сызықтық байланысты байқайды. Бұл әрекет олардың талдау, жалпылау және заңдылықтарды анықтау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Мысалы, график нәтижесі бойынша оқушылар $T^2$~l түзусызықты екендігін өз тәжірибелері арқылы дәлелдейді.

Сабақтың келесі кезеңінде оқушылар алынған нәтижелерді пайдалана отырып, математикалық маятник формуласы негізінде еркін түсу үдеуін анықтайды. Бұл кезеңде олар теориялық білімді тәжірибемен байланыстырып, физикалық шамалардың мәнін есептеу дағдыларын меңгереді.

Қорытынды кезеңде оқушылар өз зерттеу нәтижелерін талдап, бастапқы болжамдарымен салыстырады және ғылыми қорытынды жасайды.

Сонымен қатар олар еріксіз тербелістер туралы түсінік алып, амплитуданың мәжбүрлеуші күш жиілігіне тәуелділігін сапалық тұрғыда сипаттайды. Бұл оқушылардың себеп-салдар байланысын түсінуіне және физикалық құбылыстарды тереңірек ұғынуына мүмкіндік береді.

Осылайша, зерттеу процесі зерттеушілік тәсілге негізделіп ұйымдастырылды. Алдымен оқушылар тәжірибелік тапсырма бойынша өз болжамдарын жасады, кейін оны тәжірибе арқылы тексерді, алынған нәтижелерді кестеге түсіріп, талдау жүргізді. Мұндай әрекеттер оқушылардың шығармашылық ойлауын, дербес жұмыс істеу қабілетін және ғылыми мәдениетін дамытуға бағытталды.

Сонымен қатар зерттеу барысында әр оқушыға тәжірибені жүргізу мен мәліметтерді өңдеу үшін өз мүмкіндігіне қарай рөл бөлініп берілді. Бұл оқушылардың көмекші емес, белсенді зерттеуші ретіндегі ұстанымын қалыптастыруға ықпал етті. Нәтижесінде оқушылар зерттеу тақырыбын теориялық тұрғыда түсінуімен қатар, тәжірибелік дағдыларын жетілдіріп, өздігінен қорытынды жасау қабілетін дамытты.

Осыдан, қолданылған материалдар мен әдістер математикалық маятник арқылы зерттеушілік құзыреттілікті тиімді қалыптастыруға бағытталған кешенді тәсіл ретінде қарастырылды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Физика сабағында «математикалық маятник» тақырыбындағы зертханалық жұмыстар оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруда тиімді құрал болып табылады. Тәжірибелік әрекеттер арқылы оқушылар бақылау, өлшеу, салыстыру, талдау және қорытынды жасау дағдыларын меңгеріп, теориялық білімді тәжірибе арқылы ұштастырды.

Зерттеу барысында оқушылардың өздігінен болжам жасау, эксперимент жүргізу және алынған нәтижелерді ғылыми негізде өңдеу қабілеттері дамыды. Сонымен қатар тәжірибелік тапсырмаларды орындау барысында әр оқушының шығармашылық ойлау және дербес әрекет жасау қабілеті артты. Бұл өз кезегінде олардың ғылыми мәдениетін қалыптастырып, пәнге қызығушылығын күшейтті.

Осылайша, материалдар мен әдістер кешені зертханалық жұмыс арқылы оқушылардың зерттеушілік әрекетке белсенді қатысуын қамтамасыз етіп, білім мен дағдылардың интеграциясын жүзеге асыруға мүмкіндік беретінін көрсетті. Болашақта мұндай тәсілдерді кеңінен қолдану оқыту сапасын арттырып, оқушылардың танымдық белсенділігін, ғылыми ойлауын және тәжірибелік дағдыларын одан әрі дамытуға ықпал етеді.

**Қолданылған дереккөздер тізімі:**


1. Абдильдина Л.Б. Физика пәнін оқыту кезінде оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру ерекшеліктері // Жас ғалымдар журналы. – 2023. – №1 (1). – 1–8 б. https://www.google.com
2. Ақжолова А. Болашақ физика мұғалімдерінің зерттеушілік құзыреттілігін зертханалық сабақтар арқылы дамыту жағдайлары // Абай атындағы ҚазҰПУ

хабаршысы. Физика-математика сериясы. – 2020. – Т.71, №3. – 104–110 б. https://www.google.com
3. Жанатбекова Н., Әндасбаев Е., Хаймұлданов Е., Абдулаева А., Борибекова Ф. Орта мектеп оқушыларының физика зертханалық жұмыстарында зерттеу дағдыларын дамыту // Үжгород университетінің ғылыми хабаршысы. Физика сериясы. – 2024. – №56. – 1–9 б. https://www.google.com/
4. Далабайев Т., Нүрізинова М., Сқақов М., Джорух А. Болашақ физика мұғалімдерінде зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастырудың әдістемелік негіздері // Инновациялық зерттеу және ғылыми зерттеулер халықаралық журналы. – 2025. – Т.8, №9. – 137–151 б. https://www.google.com/
5. Шыныбек Д.М., Алимбекова Г.Б. Мектеп физикасын оқыту барысында оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыру // Қазіргі заманғы ғылым шолуы. – 2024. – №8. – 30–41 б. https://www.google.com
6. Джон Дьюи. Тәжірибеге негізделген оқыту және зерттеушілік әрекет // Білім беру философиясы еңбектері. – 2020. – 120–128 б. https://cyberleninka.ru
7. Лев Выготский. Оқыту процесіндегі танымдық даму және іс-әрекет // Психология және оқыту теориясы. – 2019. – 85–92 б. https://ru.wikipedia.org/

# ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС – ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, МЕКТЕПТЕГІ ФИЗИКАНЫ ОҚУҒА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

***Сланбек А.Н.***
*Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педогогикалық университетнің студенті, Павлодар қ.*
***Ельтинова Л.А.***
*ғылыми жетекшісі: (PhD), аға оқутушы Павлодар қ.*

**Аннотация**: Мақалада оқушылардың мектептегі физиканы оқуға деген қызығушылығын арттыруға бағытталған заманауи инновациялық әдістер мен әдістер қарастырылған. Автор физиканы көрнекі, тартымды және тиімді оқыту үшін интерактивті технологияларды, STEAM әдістерін және тәжірибеге бағытталған оқытуды пайдаланудың маңыздылығын атап көрсетеді. Жұмыста күрделі физикалық құбылыстарды визуализациялау үшін виртуалды зертханаларды, мультимедиялық материалдарды және оқу ойындарын пайдаланудың артықшылықтары талқыланады. STEAM әдістемесі студенттердің шығармашылық және логикалық ойлауын, сондай-ақ инженерлік көзқарасты дамытуға ықпал ететін пәнаралық байланыстарға бағытталған.

Қорытындылай келе, креативті ойлайтын, сыншыл ұрпақ тәрбиелеуде басты рөл атқаратын мұғалімдерді оқу-тәрбие үдерісіне жаңа технологияларды енгізуге дайындаудың маңыздылығы атап өтілді.

**Түйінді сөздер:** физика, STEAM, зерттеу, инновация, техника, қызығушылық арттыру, интерактив

**Аннотация:** В статье рассматриваются современные инновационные методы и приемы, направленные на повышение интереса учащихся к изучению физики в школе. Автор подчеркивает важность применения интерактивных технологий, методов STEAM и практикоориентированного обучения для более наглядного, увлекательного и эффективного преподавания физики. В работе обсуждаются преимущества использования виртуальных лабораторий, мультимедийных материалов и обучающих игр для визуализации сложных физических явлений. Методология STEAM акцентирует внимание на межпредметных связях, способствуя развитию креативного и логического мышления, а также инженерного подхода у учащихся.

В заключении подчеркивается значимость подготовки педагогов к внедрению новых технологий в образовательный процесс, что играет ключевую роль в воспитании творчески мыслящего и критически настроенного поколения.

**Ключевые слова:** физика, STEAM, исследование, инновация, техника, повышение интереса, интерактив

**Abstract:** The article discusses modern innovative methods and techniques aimed at increasing students' interest in studying physics at school. The author emphasizes the importance of using interactive technologies, STEAM methods and practice-oriented learning for more visual, engaging and effective teaching of physics. The paper discusses the benefits of using virtual laboratories, multimedia materials and educational games to visualize complex physical phenomena. The STEAM methodology focuses on interdisciplinary connections, promoting the development of creative and logical thinking, as well as an engineering approach in students.

In conclusion, the importance of preparing teachers to introduce new technologies into the educational process is emphasized, which plays a key role in raising a creatively thinking and critically minded generation.

**Keywords:** physics, STEAM, research, innovation, technology, increasing interest, interactive.

**Кіріспе.** Физика – табиғаттың күрделі заңдылықтарын зерттейтін пән, бірақ оны оқушыларға қызықты әрі түсінікті етіп жеткізу қиындық тудырады. Көптеген оқушылар физиканы абстрактілі, күрделі деп қабылдайды, сондықтан оны меңгеруге ынтасы төмен болады. Осыған байланысты қазіргі заманғы инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану, мысалы, интерактивті технологиялар, STEAM әдістері және тәжірибелік оқыту, оқушылардың физикаға қызығушылығын арттырудың тиімді құралдарына айналып келеді.

Физиканы оқыту – үздіксіз ізденісті қажет ететін қызықты әрі күрделі сала. Заманауи ақпараттық технологиялар оқыту мен зерттеуге көп әсерін тигізеді. Екінші жағынан, қазіргі студенттерді қызықтыру қиын. Оның үстіне ақпараттық технологияның қарқынды дамыған заманда ақпараттың шамадан тыс көп болуы мидағы ресурстардың қысқа мерзімде сақталуына әкеліп соқтырады. Сондықтан мұғалімге қойылатын басты талаптардың бірі – жаңа технологияны әр сабақта тиімді пайдалана білу. Ақпараттық технологиялар пәндік ақпараттық орталарды модельдеу, құру және бағалауда, олардың маңызды және дидактикалық құрамдас бөліктерінде қолданылады, олар рефлексивтілік, ақпараттың сынилігі, жауапкершілік, өз бетінше шешім қабылдау қабілеті, төзімділік пен креативтілік сияқты тұлғалық қасиеттерді дамытады.

Нәтижесінде физика сабақтарында заманауи технологияларды қолдану пәнді оқуға деген қызығушылықты арттыруға мүмкіндік береді және виртуалды бейнелерді қолдану арқылы эксперименттерді көрсету мүмкіндіктерін кеңейтеді. Оқыту үрдісінде АКТ-ны қолдану арқылы мұғалімдерге сабақты қызықты, көрнекі және серпінді етудің бірегей мүмкіндігі бар.

**Инновациялық әдіс-тәсілдердің маңыздылығы.** Жаңа әдістерді енгізу білім беру процесіне жаңа серпін береді. Инновациялық әдістер оқушының білім алу процесіне белсенді қатысуына, оны тек бақылаушы емес, әрекет етуші тұлға ретінде сезінуіне мүмкіндік береді. Мұндай әдістер оқушылардың оқу процесіне деген көзқарасын өзгертіп, физика сияқты күрделі пәнге деген ынтасын арттырады.[1]

**Инновациялық әдіс-тәсілдердің түрлері**

**1. Интерактивті технологиялар**

**Виртуалды зертханалар:** Виртуалды зертханаларда физикалық құбылыстарды бақылауға және олармен тәжірибелер жасауға болады. Бұл әдіс оқушыларға теорияны тәжірибемен біріктіруге мүмкіндік береді.

**Мультимедиалық материалдар:** Бейнематериалдар, анимациялар және симуляциялар күрделі заңдылықтарды көрнекі етіп көрсетуге көмектеседі.

**Физика ойындары мен қосымшалары:** Мысалы, «Физика пиццасы» немесе басқа танымдық ойындар, физиканың негізгі ұғымдарын ойынды басқара отырып үйренуге көмектеседі.[2]

**2. STEAM әдістемесі**

**Пәнаралық байланыс:** STEAM (Science, Technology, Engineering, Art, Mathematics) әдісі ғылым мен шығармашылықты біріктіреді. Физика сабақтарында өнерді, математиканы, инженерлік жобалауды кіріктіру оқушылардың логикалық ойлауын дамытады.[3]

**Жобалық жұмыс:** Оқушылар белгілі бір жобаны жүзеге асыру арқылы физика заңдарын тәжірибеде қолдануды үйренеді. Бұл оларға физиканың күнделікті өмірдегі маңызын түсінуге мүмкіндік береді.[3]

**3. Тәжірибелік оқыту әдістері**

**Тәжірибелер мен эксперименттер:** Шынайы зертханалық тәжірибелер арқылы оқушылар физиканың негізгі ұғымдарын тәжірибеде көріп, түсінеді. Бұл әдіс теорияны нақты өмірмен байланыстырады.

**Дала зерттеулері:** Қоршаған ортада физикалық заңдылықтарды бақылау оқушыларға табиғат құбылыстарын түсіндіруге мүмкіндік береді.[4]

**Оқушылардың физикаға қызығушылығын арттырудағы инновациялық әдістердің артықшылықтары**

Оқушылар физиканың өмірдегі рөлін жақсы түсінеді.

Оқушының пәнге деген қызығушылығы артып, өз бетімен білім алуға ынтасы оянады.

Теориялық білім мен практикалық дағдыларды ұштастыру арқылы оқушылар пәнді тереңірек меңгереді.

Оқушылардың физика пәніне деген қызығушылықтарын оятып, белсенділігін арттыру әрбір ұстаз үшін маңызды. Сабақты көрнекілікпен қамтамасыз ету барысында түрлі тәжірибелер жасау, проблемалық жағдаяттар қозғау, оқушылардың жеке және бірлескен топтық жұмыстарын ұйымдастыру, шығармашылық тапсырмаларды орындату сияқты интербелсенді оқыту әдістерін пайдалануға болады. [3]Физика пәнін оқытуда белсенді оқу, бірлескен оқу, саралау, пәнаралық байланыс,оқу әңгімелері, электрондық оқу және модельдеу әдістерін пайдалану тиімді болып саналады. Физика пәні бойынша оқушылардың білім деңгейін көтеруде топтық жұмыстың маңызы зор. Топтық жұмыс барысында қалыптасатын оқушы дағдылары:

1.Қарым-қатынас: Жазбаша және ауызша әңгіме, диалог орнату, ым-ишараларды қолдану.

2.Өзін-өзі таныту: Топтық жұмысқа белсенді араласу арқылы өзін-өзі көрсете білу.

3.Топ мүшелерін қолдау: Топаралық түсініспеушіліктерді жою, шиеленіскен жағдайлардың шешімін табу.

4.Топ мүшелерін бақылау: Топтың өзге мүшелері туралы мәліметтерден хабардар болу.

**График – 1**

**Қолданбалар**

Бұл графикте 2019 – 2023 жылдар арасындағы оқушылардың физикаға деген қызығушылығы болмағанынң байқауға болады. Бұл график ЕГЭ бойынша болғандықтан бұл көрсеткіш Ресейдегі балалардың физикаға деген көрсеткіш. Бұл көрсеткішті ҚР ЕНТ- дағы балалардың физика пәнің таңдағанымен салыстырсақ ортақ бөлімге келуге болады.

**График – 2**

Осы екі графикті салыстырсақ көріп тұрғанымыздай ЕНТ да физика пәнің тандайтың оқушылар саны көп. Оқушылар көбінесе физиканы грант көп болғандықтан тандайды.

**Диаграмма – 1**




Бұл диаграмма арқылы біз физика оқытудағы методиканы қолданудағы салдарын көруге болады, осы 5 апта бойынша сыныптардың тесттегі орташа балдың айрымашылығын байқауға болады.

Бұл практика 5 апта өткізілді және де осы график бойынша байқап тұрсақ әр практика күні мен балалардан тест алдым 2 сыныпты тікелей бақылауға алғандықтан бір сыныпқа инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдандып ал екінші сыныпқа қалыптастырылған сабақ жүргізген болатынмын. Осы көрсеткіштерді салыстыра отырып инновациялық әдіс-тәсілдерді қолданған сынып физика пәніне деген қызығушылығы артқанын байқаймық олардың тестте бағалары өскенің көрген болатынбыз.

**И = Т + ИТ + МО + КТ + РК**

**И** — Инновациялық оқыту: заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың мотивациясын арттырып, білім сапасын жақсарту.

**Т** — Теория: жоғары сапалы теориялық негіздер мен әдістемелік қолдау.

**ИТ** — Интерактивті технологиялар: мультимедиа, интерактивті тақталар, симуляторлар және виртуалды зертханаларды қолдану.

**МО** — Мотивация және: ойын элементтерін (геймификация), жеке және топтық ынталандыруды сыйақы енгізу.

**КТ** — Креативті технологиялар: жобалық және проблемалық оқыту арқылы шығармашылық және сыни ойлауды дамыту.

**РК** — Рефлексия және кері байланыс: оқу нәтижелерін тұрақты талдау және әдістерді оқушылардың қажеттіліктеріне бейімдеу.

**Қорытынды.** Қорыта айтқанда, бүгінгі шәкірт-болашақтағы әртүрлі саланың тұтқасын ұстар маман иесі. Қазақтың ұлы ағартушысы Ы.Алтынсариннің **«Егер бала бірдеңені түсінбейтін болса, оқытушы оларды кінәлауға тиіс емес, оларға түсіндіре алмаған өзін кінәлауы**

**тиіс»** деген қағидасын есте сақтағанымыз жөн. Қазіргі заман мұғалімінің негізгі позициясы-білім берудің жаңа моделін жасап, оқушыға білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқытудың сан түрлі әдістерін іздестіру, жаңа технологияларды сабақта тиімді пайдалана білу. Еліміздің болашағы жарқын болуы үшін ең алдымен білімді ұрпақ қажет. Ал білімді ұрпақ тәрбиелеу-ұстаздар қауымына жүктелген жауапты міндет. Мектептегі физика пәнін оқытуда инновациялық әдістерді қолдану – бұл пәнді қызықты әрі түсінікті етіп жеткізудің тиімді жолы. Интерактивті технологиялар, STEAM әдісі және тәжірибелік оқыту физика сабақтарын жандандырып, оқушылардың қызығушылығын арттырады. [4]Сонымен қатар, инновациялық әдістер оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және ғылыми зерттеулерге деген қызығушылығын қалыптастыруға ықпал етеді.

**Ұсыныстар.** Физика сабағында АКТ-ны белсенді қолданып, оқушыларға интерактивті ресурстар ұсыну.

Оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамыту мақсатында STEAM жобаларын көбейту.

Оқыту процесінде топтық жұмыстар мен тәжірибелік сабақтарға көбірек назар аудару.

Инновациялық әдістерді сабақтастыру арқылы физика пәні тек білім көзі ғана емес, сонымен қатар оқушылардың логикалық ойлауын, шығармашылық қабілетін, зерттеушілік дағдыларын дамытуға қызмет ететін тиімді құралға айналады.[2]

## Қолданылған дереккөздер тізімі:


1. Бабанский, Ю.К. (1988). Педагогика – Жалпы білім беретін мектептерге арналған оқу құралы. Алматы: Мектеп.
2. Аймағамбетова, Қ.С., Жұмағұлова, К.С. (2019). Инновациялық әдістер мен оқыту технологияларының тиімділігі. Алматы: Оқу құралдары орталығы.
3. Құсайынов, Ә. (2021). STEAM оқытудың әдіснамалық негіздері. Астана: Назарбаев Университеті баспасы..
4. Сейдімбекова, Л.А. (2015). Жалпы орта білім беру жүйесінде физиканы оқытудағы инновациялық әдістердің тиімділігі. Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. Астана


# ЖИ МҮМКІНДІКТЕРІН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ТАҚЫРЫПТЫ КОМИКС НЕГІЗІНДЕ ТҮСІНДІРУДІҢ ТИІМДІЛІГІ


***Хумархан Т. П.***

*Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті, Павлодар қ*

***Жетписбаев Е. К.***

*ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, Павлодар қ.*

**Аннотация.** Бұл мақалада жасанды интеллект арқылы оқу материалдарын комикс форматында түсіндірудің тиімділігі қарастырылады. Комикс күрделі ұғымдарды жеңіл жеткізіп, жетінші сынып оқушыларының сыни ойлауын, қиялын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.
**Кілтті сөздер:** ЖИ, комикс, креативтілік, визуалды оқыту, шығармашылық қабілет, физиканы оқыту
**Аннотация.** В статье рассматривается эффективность использования искусственного интеллекта для объяснения учебного материала в формате комикса. Комикс упрощает сложные понятия и способствует развитию критического мышления, воображения и творческих способностей у учеников седьмого класса.
**Ключевые слова:** ИИ, комикс, креативность, визуальное обучение, творческие способности, обучение физике
**Abstract.** This article explores the effectiveness of using artificial intelligence to present learning materials in comic format. Comics simplify complex concepts and foster the development of critical thinking, imagination, and creativity among seventh-grade students.
**Keywords:** AI, comic, creativity, visual learning, creative abilities, physics education

Қазіргі білім беру жүйесі оқушылардың қызығушылықтары мен танымдық ерекшеліктеріне сәйкес келетін жаңа оқыту әдістерін іздеуді қажет етеді. Осындай заманауи әдістердің бірі – жасанды интеллект (ЖИ) мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқу материалдарын комикс форматында түсіндіру. Бұл тәсіл оқу процесін жандандырып қана қоймай, жетінші сынып оқушыларының сыни ойлау, қиял және креативтілік қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

Комикс форматы мәтін мен бейнені үйлестіріп, күрделі тақырыптарды жеңіл әрі түсінікті жеткізеді. Ал ЖИ құралдары бұл процесті жылдам әрі сапалы етіп автоматтандыруға мүмкіндік береді. Әсіресе физика немесе басқа да абстрактілі ұғымдарға толы пәндерді оқытуда бұл тәсіл жетінші сынып оқушылары үшін тиімді.

Комикс – сурет пен мәтін арқылы оқиға немесе ақпаратты баяндайтын көрнекі құрал. Ол әдетте кадрларға (панельдерге) бөлінген, әр кадрда кейіпкерлердің әрекеті, диалогы немесе оқиғаның дамуы көрсетіледі. Комикс негізгі мазмұнын сурет арқылы жеткізеді, ал мәтін кейіпкерлердің сөйлеген сөздері (speech bubble) немесе түсініктемелер (caption) арқылы толықтырылады. Кадрлар оқиғаның реттілігін көрсетеді, ал көрнекілік пен қызықтылық оқушыларға немесе оқырманға ақпаратты жеңіл әрі қызықты түрде ұсынуға мүмкіндік береді.

Комикстерді білім беру үдерісінде қолдану бұрыннан ғылыми зерттеулердің тақырыбы болып келеді. Мысалы, графикалық баяндау күрделі ақпаратты жеңіл қабылдауға көмектесетін құрал ретінде танылған. Халықаралық зерттеулер визуалды оқытудың ақпаратты жақсы есте сақтауға әсер ететінін дәлелдеді.

Қазіргі қоғамда тез өзгеріп жатқан ақпараттық әлемде инновациялық ойлау мен шығармашылық қабілеттері аса қажет. Білім беру саласында суреттерді тиімді қолдану оқушылардың шығармашылық дағдыларын

қалыптастырып қана қоймай, олардың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Осыған орай, мақаланың өзектілігі қазіргі оқу процесінде шығармашылықты дамыту мен жаңа педагогикалық тәсілдерді пайдалану мәселелерімен тікелей байланысты. Осы тұста тақырып аясында зерттелген еңбектерге тоқтала кетсек. Эдвард де Бононың «Креативті ойлау» атты еңбегінде креативті ойлаудың дамуына әсер ететін түрлі құралдар мен әдістер қарастырылады. Оның айтуынша, шығармашылық ойлау — бұл қалыптасқан ойлау дағдыларынан шығып, жаңа, тың идеялар мен шешімдер табу процесі. Суреттер бұл процесті ынталандырады, өйткені олар оқушының ойлау қабілетін кеңейтіп, абстрактілі түрде бейнеленген объектілерді жаңа тұрғыдан қабылдауға көмектеседі [1].

Ю. Левин шығармашылық ойлау мен оның психологиялық аспектілеріне назар аударады. Ол «Шығармашылық психологиясы» атты еңбегінде шығармашылықтың әртүрлі кезеңдерін зерттей отырып, оны психология тұрғысынан талдайды. Левиннің зерттеулері бойынша, суреттер мен көрнекі құралдар шығармашылық ойлаудың ішкі процестерін айқындайды. Олар оқушыларға идеяларды визуалды түрде қабылдауға мүмкіндік береді, бұл абстрактылы ойлау мен жаңашылдықты дамытуға әсер етеді. Суреттер оқушының мидың бірнеше бөліктерін қосымша іске қосып, жаңа ұғымдарды қалыптастыруға ықпал етеді [2].

Р. Стернбергтың «Шығармашылық және интеллект» атты еңбегінде шығармашылықты интеллекттің бөлігі ретінде қарастырады. Ол шығармашылық ойлаудың үш негізгі түрін анықтайды: аналитикалық, практикалық және шығармашылық. Оның айтуынша, суреттер – осы үш түрді дамытуға тиімді құрал. Олар оқушылардың мәселелерді шешу қабілеттерін, қиялын және шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал етеді. Суреттердің көмегімен оқушылар тек білімді меңгеріп қана қоймай, жаңа шешімдер мен идеяларды іздеу арқылы шығармашылық қабілеттерін шыңдайды [3].

Л. С. Выготский «Ойлау мен тілдің дамуы» атты еңбегіне сәйкес, ойлау мен тіл бір-бірімен тығыз байланысты және олар визуалды құралдар арқылы дамиды. Ол оқушылардың суреттерді пайдалану арқылы ойлау дағдыларын, әсіресе абстрактылы ойлауды дамыту мүмкіндігін көрсетеді. Суреттер оқушыларға тіл мен ойлаудың құрылымын түсінуге, сонымен бірге оларды шығармашылық тұрғыдан пайдалануға мүмкіндік береді [4].

Сурет оқушылардың қиялын дамытатын ерекше құрал болып табылады. Әр түрлі бейнелер, түстер мен нысандар олардың эмоцияларына әсер етіп, жаңаша ойлау мен көзқарастардың қалыптасуына жол ашады. Шығармашылық тапсырмалар мен сурет салу сияқты іс-әрекеттер оқушылардың ішкі дүниесіне әсер етіп, оларды өз идеяларын көркем түрде көрсетуге ынталандырады. Бұл үрдіс шығармашылық әлеуетін дамытуда өте маңызды [4].

Сурет әр түрлі пәндерде, оның ішінде әдебиет, география, тарих, математика, өнер және табиғаттану пәндерінде қолданылады. Олар оқу

материалдарын визуализациялауға көмектеседі, оқушылардың ақпаратты жақсы қабылдауына, түсінуіне және есте сақтауына ықпал етеді. Сурет арқылы оқушылар әдеби шығармалардың мазмұнын жақсы түсініп, кейіпкерлердің тұлғаларын, оқиғалардың желісін көз алдына елестетеді. Мысалы, кейіпкердің сипаттамасына қатысты суреттер немесе әдеби шығарманың басты сәттерін бейнелейтін картиналар балалардың шығармашылық қабылдауын кеңейтеді [5].

Физика пәнінде суреттерді тиімді пайдалану оқытушыға сабақ барысында абстрактілі түсініктерді нақтылап, оқушылардың ойлау шеңберін кеңейтуге мүмкіндік береді. Мысалы, электр тізбегі сызбасын көрсету немесе қозғалыс траекториясын визуалдау арқылы оқушылар жаңа ақпаратты тезірек меңгереді және оған қатысты өз идеяларын, болжамдарын білдіре алады.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін суреттерді қолдану шығармашылық тапсырмаларда маңызды рөл атқарады. Мұндай тапсырмалар оқушылардың өздерінің идеялары мен қиялын көрсетуге мүмкіндік береді, әрі оларды еркін ойлауға шақырады. Мысалы, оқушыларға белгілі бір тақырыпқа (табиғат, ғарыш, көлік және т.б.) байланысты сурет салуды ұсыну, олардың қиялын дамытады. Бұл тапсырмаларда оқушылар өз ойларын, сезімдерін, ұғымдарын визуалды түрде көрсетуге үйренеді. Оқушыларға бейнеленген суретке қарап әңгіме құру тапсырмасы шығармашылық ойлау мен тіл дамытуға бағытталған. Сурет оқушыларға белгілі бір жағдайды бейнелеген кезде, олар сол суретке сәйкес әңгіме құрастырады, бұл олардың тілдік дағдыларын әрі қиялдарын дамытады. Әртүрлі пәндер бойынша шығармашылық тапсырмалардың бір түрі – оқушыларға өздері оқыған тақырып бойынша қысқаша комикс жасау. Бұл әдіс оқушыларды креативті ойлауға, оқыған материалды бейнелеп көрсетуге және визуализациялау дағдыларын арттыруға үйретеді. Әр түрлі тапсырмаларды орындауда суреттердің қолданылуы оқушылардың қиялын дамытуға ықпал етеді. Мысалы, оқушыларға белгілі бір сюжетті аяқтау үшін сурет көрсету және оны өз қиялымен толықтыру тапсырмалары олардың шығармашылық қабілеттерін арттырады [6].

Жасанды интеллекттің дамуы бұл әдісті жаңа деңгейге көтерді. ЖИ көмегімен мұғалімдер қысқа уақыт ішінде иллюстрациялар, сценарийлер және комикстерді дайындап, жетінші сынып оқушыларына ұсынылуын жеңілдетеді. Бұл оқыту процесін дараландыруға және оқушылардың қызығушылығын арттыруға септігін тигізеді.

Қазақстандық мектептерде де ЖИ мен комиксті біріктіріп қолдану бағытында алғашқы зерттеулер басталды. Бұл әдіс жетінші сынып оқушыларының креативті ойлау қабілетін дамытуда тиімді құрал ретінде қарастырылады.

Комикс мәтін мен бейнені үйлестіріп, оқу материалын кезең-кезеңімен жеткізетін құрал. ЖИ арқылы жасалған комикстер жетінші сынып

оқушыларына күрделі ұғымдарды визуалды түрде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Мысалы, физика сабақтарында «гравитация» сияқты тақырыптарды комикс арқылы түсіндіру жетінші сынып оқушыларына құбылысты елестетуге көмектеседі. Кейіпкерлер арасындағы диалогтар арқылы ғылыми ұғымдар қарапайым тілмен жеткізіледі, ал визуалды көріністер феноменнің мәнін терең түсінуге ықпал етеді.

ЖИ мен комиксті біріктіріп қолдану оқыту процесінде бірнеше артықшылық береді:

Тақырыпты визуализациялау – ЖИ арқылы жасалған суреттер күрделі ұғымдарды жеңіл түсінуге мүмкіндік береді, әсіресе жетінші сынып оқушылары үшін.

Креативті ойлауды дамыту – оқушылар өз комикстерін құрастыру арқылы шығармашылық қабілеттерін жетілдіреді.

Сыни ойлау қабілетін қалыптастыру – әртүрлі сюжеттер мен интерпретацияларды салыстыру арқылы оқушылар терең талдау жасайды.

Ақпаратты қысқа әрі нақты жеткізу – комикс жасау барысында оқушы негізгі ойды қысқа әрі нақты көрсетуге үйренеді.

Сөйлеу және жазу дағдыларын дамыту – диалогтарды құру арқылы тілдік дағдылар дамиды.

Қазақстан мектептерінде жасанды интеллект арқылы жасалған комикстерді әртүрлі тәсілдермен қолдануға болады. Мысалы, физика сабақтарында заңдар мен құбылыстарды сюжет арқылы түсіндіру арқылы жетінші сынып оқушыларының түсінуін жеңілдетуге болады, оқушыларға өз комикстерін құруды ұсыну арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беріледі, белгілі бір жағдайларды өзгертіп альтернативті сценарийлер құру арқылы ойлау дағдыларын жетілдіруге болады, сондай-ақ әртүрлі тақырыптарды салыстырып, визуалды талдау жасау арқылы материалды тереңірек түсінуге болады.

ЖИ мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқу материалдарын комикс форматында түсіндіру – қазіргі білім беру жүйесіндегі тиімді әдістердің бірі. Бұл тәсіл жетінші сынып оқушыларының оқу процесіне қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың креативті, сыни және логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді.

Комикс арқылы ұсынылған материал оқушыларға түсінікті, көрнекі және есте сақтауға жеңіл болады. ЖИ технологиялары бұл процесті жылдам әрі қолжетімді етеді.

Осылайша, ЖИ мен комиксті біріктіріп қолдану білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызды бағыттарының бірі болып табылады және Қазақстан мектептерінде оны кеңінен енгізу тиімді нәтиже береді.

*1-сурет. Комикс дайындау үшін қолданылатын ЖИ сериктері*




*2-сурет. «Гравитация» тақырыбы аясында жасалған комикс кітапшасын әзірлеу барысы*




*3-сурет. «Гравитация» тақырыбы аясында жасалған комикс кітапшасынан үзінді*

https://heyzine.com/flip-book/f256628f33.html https://heyzine.com/flip-book/78bf8ffae3.html

*4-сурет. «Тартылыс күші» мен «Серпімділік күші» тақырыптары аясында жасалған комикс кітапшаларының QR-ы мен сілтемесі*




*5-сурет. «Серпімділік күші» тақырыбына жасалған комикс кітапшасынан үзінді*

Жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқу материалдарын комикс форматында түсіндіру – қазіргі білім беру жүйесінде тиімді әдіс болып табылады. Бұл тәсіл күрделі ғылыми ұғымдарды жеңіл әрі қызықты түрде жеткізіп қана қоймай, оқушылардың сыни ойлауын, қиялын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Комикс форматы мәтін мен бейнені үйлестіріп, ақпаратты визуалды түрде қабылдауды жеңілдетеді, ал ЖИ құралдары оны жылдам әрі сапалы дайындауға мүмкіндік береді. Осылайша, комиксті оқу процесінде қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, олардың білімді меңгеруін жаңа деңгейге көтереді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. Э. Де Боно Креативное мышление (перевод Захарченко А.) – 2016г.
2. Левин Ю. Психология творчества – Москва, 2010 г.
3. Стернберг Р. Творчество и интеллект – Питер, 2002 г.
4. Амандықова Г.Н. Шет тілін оқыту әдістемесі – Астана, 2007 ж.
5. Сағындықова А. Мектепте креативті ойлауды дамыту – Атамұра, 2016 ж.
6. Мадиярова Ж.М. Қазіргі заманғы білім берудегі креативтілік пен сыни ойлау – Алматы, 2015 ж.

# ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

# АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ГУМАНИТАРНЫХ НАУК

# НЕЙРОСЕТЕВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ КАК СРЕДСТВО ПЕРСОНАЛИЗАЦИИ ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

***Волосейко Д.А.***
*студент, Павлодарский педагогический университет им. Ә. Марғұлан, г.Павлодар*
***Раисова А.Б.***
*к.п.н РФ, Павлодарский педагогический университет им. Ә. Марғұлан, г.Павлодар*

**Аннотация.** В статье рассматривается роль нейронных сетей в обучении иностранным языкам. Технологии искусственного интеллекта способствуют персонализации обучения, повышению мотивации и эффективности. Анализируются их преимущества и ограничени я в образованительном процессе.

**Ключевые слова**: искусственный интелект, нейронные сети, обучение языкам, мотивация, персонализация.

**Аннотация**. Бұл мақалада нейрондық желілердің шет тілін оқытудағы рөлі қарастырылады. Жасанды интеллект технологиялары оқу үдерісін жекелендіріп, мотивацияны арттырады және тиімділікті жақсартады. Сонымен қатар, олардың артықшылықтары мен шектеулері талданады.

**Кілт сөздер**: жасанды интеллект, нейрондық желі, тіл үйрену, мотивация, цифрлық білім, бейімделу.

**Abstract**. The article examines the role of neural networks in foreign language learning. AI technologies enhance personalization, motivation, and learning efficiency. Their advantages and disadvantages in the educational process are also anazyzed.

**Key words**: artificial intelligence, neural networks, language learning, motivation, personalization.

В сфере образования нейронные сети широко используются в различных аспектах учебного процесса. Современные языковые модели, такие как GPT-3, разработанная OpenAI, содержат миллиарды параметров и способны генерировать контент на основе анализа контекста текста. Это открывает новые возможности для разработки интерактивных учебных материалов, автоматического исправления ошибок и персонализации обучения. Использование нейронных сетей в обучении иностранным языкам позволяет интегрировать современные технологии в учебный процесс, делая его более привлекательным и интересным для школьников и учеников. Кроме того, эти технологии позволяют адаптировать образовательные программы к индивидуальным потребностям каждого ученика, повышая эффективность и доступность обучения.

В настоящее время использование искусственного интеллекта в обучении иностранным языкам связано с разработкой адаптивных и персонализированных образовательных программ на основе алгоритмов машинного обучения и нейронных сетей [2]. Эти технологии позволяют анализировать академические достижения учеников, выявлять слабые места и предлагать задания для устранения пробелов в знаниях. Например, платформы Duolingo и Busuu используют искусственный интеллект для

адаптации учебных материалов, что позволяет ученикам учиться в удобном темпе и повышает эффективность обучения.

В настоящее время существует множество цифровых инструментов и платформ, использующих искусственный интеллект в обучении английскому языку. К ним относятся такие ресурсы, как Duolingo, Busuu и Grammarly. Duolingo использует адаптивные алгоритмы для создания персонализированных курсов, создавая условия для эффективного освоения языка учениками. Busuu адаптирует материалы к потребностям пользователя на основе анализа данных об обучении. Платформа Grammarly предоставляет рекомендации, направленные на улучшение навыков письма, и помогает исправлять грамматические и стилистические ошибки. Эти инструменты являются ярким примером эффективной интеграции технологий искусственного интеллекта в образовательный процесс. В работах Гаркушова, Луханиной и Чаплины использование возможностей искусственного интеллекта в обучении английскому языку рассматривается как важная составляющая современной системы образования [5].

Использование искусственного интеллекта в обучении английскому языку значительно повышает эффективность учебного процесса. Например, по данным Duolingo, 34 часа обучения на платформе позволяют достичь уровня знаний, сопоставимого с семестром университетских курсов. Кроме того, 78% учеников, использующих приложения на основе искусственного интеллекта, такие как Grammarly, отметили улучшение своих навыков письма. Эти данные подтверждают важность индивидуального подхода в языковом образовании и высокий потенциал технологий искусственного интеллекта. Работы Ясниковой также предоставляют научные доказательства эффективности использования инновационных технологий на уроках английского языка [9].

В то же время использование искусственного интеллекта в преподавании языков характеризуется определенными ограничениями. Одна из главных проблем заключается в том, что качество обучения зависит от объема и качества данных, используемых для обучения моделей. Кроме того, для некоторых учеников такие технологии могут быть недоступны из-за ограниченного доступа к интернету или финансовых барьеров. Важно также отметить, что культурные и социальные аспекты изучения языка не в полной мере охватываются существующими алгоритмами. Для решения этих проблем необходимо провести всесторонние исследования по дальнейшему совершенствованию технологий искусственного интеллекта и их эффективному внедрению в систему образования.

Использование технологий искусственного интеллекта позволяет индивидуализировать процесс обучения, учитывая индивидуальные особенности каждого учащегося. Например, адаптивные системы, используемые на платформе Duolingo, автоматически подстраивают задания под уровень знаний и когнитивные способности пользователя. Этот процесс осуществляется путем анализа результатов предыдущих заданий и

прогнозирования вероятности успешного выполнения последующих упражнений [4]. Такой подход помогает ученикам эффективно осваивать учебный материал, предотвращая трудности, возникающие из-за чрезмерной когнитивной нагрузки или, наоборот, из-за недостаточной сложности заданий.

Ярким примером успешного использования адаптивных образовательных систем в обучении английскому языку является платформа Duolingo. Эта платформа, используя технологии искусственного интеллекта, повышает уровень вовлеченности учеников в процесс обучения и увеличивает эффективность преподавания. Нейроны выступают мощным инструментом в изучении иностранных языков, улучшая результаты обучения, а также делая процесс обучения интерактивным и адаптивным. Исследования Университета Карнеги-Меллона показывают, что использование таких систем повышает мотивацию учеников к обучению примерно на 25 процентов. Эти данные наглядно демонстрируют потенциал современных цифровых технологий для улучшения образовательного процесса и повышения доступности и интересности обучения [8].

Нейронные технологии оказывают значительное влияние на мотивацию учеников к изучению иностранного языка, поскольку они адаптируют процесс обучения к индивидуальным потребностям каждого ученика и создают персонализированный опыт обучения. Например, исследование Duolingo показывает, что использование адаптивных алгоритмов обучения повышает мотивацию учеников примерно на 25 процентов. Это достигается за счет представления заданий таким образом, чтобы они соответствовали уровню знаний, интересам и когнитивным характеристикам учеников, что делает процесс обучения более увлекательным и эффективным. Кроме того, важную роль в освоении устной речи играет развитие коммуникативных навыков. Этот аспект не только повышает мотивацию учеников к обучению, но и укрепляет их активное участие в процессе обучения, позволяя осознать практическую значимость полученных знаний.

Интерактивные методы обучения, реализуемые на основе нейронных технологий, способствуют повышению уровня вовлеченности учеников в процесс обучения. Цифровые инструменты, такие как чат-боты и виртуальные помощники, предлагают динамичные и интерактивные формы взаимодействия, стимулируя интерес к изучению иностранного языка. Отчет Pearson показывает, что 70 процентов учеников считают обучение более эффективным при использовании интерактивных технологий [3]. Эти данные доказывают, что внедрение инновационных цифровых решений повышает привлекательность учебного процесса и вовлеченность учеников.

Одним из главных преимуществ нейронных технологий является возможность адаптации учебного процесса к индивидуальным особенностям учеников. Персонализация учебного процесса позволяет учитывать индивидуальные потребности и стиль обучения каждого

ученика, значительно повышая эффективность обучения. В 2021 году более 60 процентов учеников, использовавших платформы на основе искусственного интеллекта, отметили, что персонализированные рекомендации повысили их интерес к изучению иностранного языка [7]. Эти данные наглядно показывают, что адаптивные технологии не только улучшают результаты обучения, но и способствуют формированию устойчивой мотивации к обучению.

Традиционные методы обучения иностранным языкам, а именно лекции, работа с учебниками и групповые занятия, давно используются в качестве основных форм образовательного процесса. Эти методы позволяют систематически осваивать грамматические структуры, лексические единицы и коммуникативные навыки. Однако их эффективность во многом зависит от профессиональной компетентности преподавателя и уровня мотивации учащихся к обучению. Исследования показывают, что традиционные методы плохо адаптированы к особенностям индивидуальных учащихся, что может привести к снижению эффективности обучения у некоторых учеников. В этом контексте использование аутентичных материалов, определяемых как «материалы, которые не предназначены специально для обучения или изучения иностранного языка, а созданы носителями языка и используются в естественной среде», считается гибким и эффективным методом обучения, учитывающим разнообразные потребности учащихся.

Сравнение традиционных методов обучения с технологиями нейронных сетей выявляет существенные различия в методах обучения. Исследования Duolingo показывают, что адаптивные алгоритмы на основе нейронных сетей увеличивают скорость усвоения материала примерно на 30 процентов [1]. Это в первую очередь связано с возможностью персонализации учебного процесса, которая ограничена в контексте традиционных методов. Кроме того, платформы на основе искусственного интеллекта характеризуются высоким уровнем вовлеченности учеников в учебный процесс, что подтверждают данные EdTechXGlobal за 2020 год. Исследования также показали, что создание диалога с чат-ботами положительно влияет на усвоение моделей использования языковых единиц, таких как маркеры вежливости и прагматические инструменты смягчения. Это доказывает, что технологии нейронных сетей способствуют не только усвоению языковых знаний, но и развитию коммуникативной компетенции.

Технологии нейронных сетей имеют ряд преимуществ: адаптацию учебного материала к индивидуальным особенностям учеников, повышение их мотивации и эффективности обучения. Исследование Carnegie Mellon University показало, что ученики, использующие платформы искусственного интеллекта, могут показывать примерно на 20 % более высокие результаты на экзаменах. Однако внедрение таких технологий может быть затруднено в регионах с ограниченным доступом к интернету

или недостаточными техническими ресурсами [6]. Поэтому важно применять нейронные сети как вспомогательный инструмент, не заменяющий педагогическое взаимодействие между учителем и учеником.

Таким образом, технологии нейронных сетей являются важным фактором в создании персонализированной среды обучения иностранным языкам. Они позволяют повысить качество обучения за счет адаптации учебного контента, корректировки темпа обучения, автоматизации обратной связи и развития коммуникативных навыков.

*Таблица 1 - Функции персонализации нейронных сетей*

| Элемент персонализации | Реализация через нейросети | Влияние на процесс обучения |
|---|---|---|
| Адаптируйте свой темп обучения | Анализ скорости реакции и эффективности выполнения задачи. | Возможность учиться в собственном темпе |
| Персонализация контента | Предоставьте дополнительные задания по темам, в которых вы испытывали трудности. | Устранение пробелов в знаниях |
| Автоматизация обратной связи | Қателерді жедел анықтау | Развитие навыков самоконтроля |
| Повышение мотивации | Система геймификации и поощрения | Повышение интереса к обучению |
| Коммуникативные упражнения | Создание диалога с помощью чат-бота | Развитие навыков устной речи |

Как видно из таблицы, технологии нейронных сетей позволяют независимо адаптировать ключевые компоненты учебного процесса. Регулируя темп обучения, содержание, обратную связь и мотивацию, каждый ученик получает индивидуально ориентированный опыт. Такой подход повышает вовлеченность, интерес и продуктивность учеников по сравнению с традиционными методами.

Для демонстрации эффективности персонализации важно сравнить характеристики традиционных методов и технологий нейронных сетей.

*Таблица 2 - Сравнительные характеристики традиционных моделей обучения и моделей обучения на основе нейронных сетей*

| Индикатор | Традиционное обучение | Нейросетевые технологии |
|---|---|---|
| Формат обучения | Равномерно | Адаптивный |
| Темп обучения | Общий | Частный |
| Обратная связь | Через учителя | Автоматический |
| Роль ученика | Пассивный | Активный |
| Уровень мотивации | Средний | Высокий |

Из этой таблицы видно, что нейросетевые технологии делают процесс обучения гораздо более адаптируемым, чем традиционные методы. Роль ученика меняется от пассивного получателя к активному участнику, а темп и содержание обучения меняются в соответствии с индивидуальными потребностями. Кроме того, автоматизация обратной связи делает процесс обучения более оперативным и эффективным.

Таким образом, нейросетевые технологии являются важным инструментом формирования персонифицированной образовательной среды при обучении иностранному языку. Они позволяют повысить качество обучения за счет адаптации учебного содержания, регулирования темпа обучения, автоматизации обратной связи и развития коммуникативных навыков. С помощью нейросетей значительно улучшается мотивация и результат обучения учащихся, что является одним из перспективных направлений, направленных на развитие цифровой педагогики в условиях современной школы.

**Список использованных источников**


1. Arapbayev N. L. **AI Integration in the Kazakhstan School Curriculum.**
2. Bizhanova G. S. **The potential of AI in developing functional literacy** // *Eurasian Science Review: International Peer Reviewed Multidisciplinary Journal.* — 2025. — Vol. 2. — P. 146–159.
3. Kaliaskarova A. **The Use of AI Writing Tools in Second Language Learning to Enhance Kazakh IT Students' Academic Writing Skills** // *Forum for Linguistic Studies.* — 2025.
4. Madreimova S. M. **AI in Primary Education** // *Eurasian Science Review: International Peer Reviewed Multidisciplinary Journal.* — 2025. — Vol. 2. — P. 1450–1464.
5. Moldagalieva A. **Readiness of the Teaching Staff of Kazakhstan to Use Artificial Intelligence in the Educational Process** // *Eurasian Science Review: International Peer Reviewed Multidisciplinary Journal.* — 2025. — Vol. 3. — P. 80–86.
6. Omarova A. **Artificial Intelligence in Language Learning and Adaptive Personalized Learning Technologies.**
7. Shadiyeva N. K. **Влияние искусственного интеллекта на обучение языку** // *Scientific Journal of Pedagogy and Economics.* — 2025.
8. Tleuzhanova G., Tentekbayeva Z., Jantassova D., Kitibayeva A. **The impact of artificial intelligence on English language teaching in the context of formal and informal higher education** // *Высшая школа Казахстана: Научно-аналитический журнал.* — 2024. — № 48(4). — P. 126–134.
9. Tulegenova G. T. **AI Technologies in Primary Education** // *Eurasian Science Review: International Peer Reviewed Multidisciplinary Journal.* — 2025. — Vol. 2. — P. 1635–1640.

# ОРТА СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛ: CHATGPT

***Базарбаева А.Р.***
*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті,*
***Жетпісбай Ә. Қ.***
*ғылыми жетекшісі: филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор*

**Аңдатпа.** Бұл мақалада орта мектептегі ағылшын тілін оқытуда ChatGPT қолданудың оқушылардың сөздік қорын дамыту мүмкіндігі қарастырылады. Онда білім беру ортасында жасанды интеллектті қолданудың педагогикалық артықшылықтары, сондай-ақ оның сөздік қорын дамытуға және оқушылардың ынтасына әсері талданады.

**Кілт сөздер**: жасанды интеллект, сөздік қор, білім берудегі цифрлық технологиялар, орта мектеп, тілді оқыту, инновациялық оқыту әдістері.

**Аннотация**. В данной статье рассматривается потенциал использования ChatGPT в преподавании английского языка в средних школах для развития словарного запаса учащихся. Анализируются педагогические преимущества использования искусственного интеллекта в образовательной среде, а также его влияние на развитие словарного запаса и мотивацию учащихся.

**Ключевые слова**: искусственный интеллект, лексика, цифровые технологии в образовании, средняя школа, изучение языков, инновационные методы обучения.

**Abstract**. This article examines the potential of ChatGPT in secondary school English language teaching for vocabulary development. It analyzes the pedagogical benefits of using artificial intelligence in the educational environment, as well as its impact on vocabulary development and student motivation.

**Keywords**: artificial intelligence, vocabulary, digital technologies in education, secondary school, language learning, innovative teaching methods.

Соңғы жылдары білім беруді цифрландыру шетел тілін оқытуда инновациялық технологияларды белсенді түрде енгізуге ықпал етті. Ең перспективалы бағыттардың бірі - жасанды интеллект құралдарын, әсіресе ChatGPT пайдалану. Бұл технология орта мектеп оқушыларының сөздік қорын дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Лексикалық құзыреттілік оқушылардың коммуникативтік қабілеттерін дамытуда маңызды рөл атқарады. Сөздік қордың жеткіліксіздігі көбінесе шетел тілінде еркін сөйлеуге кедергі келтіреді. Сондықтан сөздік қорын дамытудың тиімді әдістерін іздеу қазіргі заманғы педагогикадағы өзекті мәселе болып табылады.

Білім беру процесінде ChatGPT қолдану интерактивті тілдік ортаны жасайды. Оқушылар жүйемен диалог форматында өзара әрекеттесе алады, бұл жаңа сөздік қорын белсенді түрде меңгеруге ықпал етеді. Дәстүрлі әдістерден айырмашылығы, ChatGPT лезде кері байланыс береді. Бұл оқушыларға қателерін дереу түзетуге және дұрыс тілдік формаларды бекітуге мүмкіндік береді [1, 20 б.] . Сонымен қатар, технология жеке

оқытуды жеңілдетеді. Әрбір оқушы өз қарқынымен жұмыс істей алады және тілдік меңгеру деңгейіне сәйкес тапсырмалар ала алады.

ChatGPT сөздік жаттығулары үшін әсіресе пайдалы. Жүйе синонимдерді, антонимдерді табу, сөйлем құрастыру және аудару бойынша тапсырмалар жасай алады. Бұл жаттығулар тек сөздерді жаттауға ғана емес, сонымен қатар оларды сөйлеуде белсенді қолдануға да ықпал етеді. Сонымен қатар, ChatGPT виртуалды әңгімелесуші ретінде әрекет ете алады, бұл оқушыларға диалогтық сөйлеу дағдыларын дамытуға және нақты өмірлік қарым-қатынас аясында сөздік қорын кеңейтуге мүмкіндік береді. Тәжірибе көрсеткендей, бұл формат оқушылардың тіл үйренуге деген қызығушылығын арттырады.

Тағы бір артықшылығы - ChatGPT-ті сабақтың әртүрлі кезеңдеріне біріктіру мүмкіндігі. Технологияны жаңа сөздік қорын енгізу, оны нығайту және білімді бағалау кезінде пайдалануға болады. Мысалы, мұғалім оқушылардан ChatGPT көмегімен жаңа сөздерді пайдаланып диалог құруды сұрай алады. Жүйені сабақтан тыс уақытта оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуі үшін де пайдалануға болады. Бұл өз бетінше оқуға деген жауапкершілікті және дербестігін арттырады.

Маңызды аспект - ChatGPT-тің оқушылардың мотивациясына әсері. Қазіргі мектеп оқушылары цифрлық технологияларға өте қызығушылық танытады. Жасанды интеллектті пайдалану оқу процесін қызықты және заманауи етеді [2, 34 б.]. Оқушылар ChatGPT-мен жұмыс істеуді ойын ретінде қабылдайды, бұл тіл үйрену кезінде мазасыздықты азайтады. Бұл әсіресе ауызша қарым-қатынасты дамыту және тілдік кедергілерді жеңу үшін маңызды.

Зерттеуде сөздік дағдыларын дамыту үшін ChatGPT-ті пайдаланудың негізгі әдістері анықталды. Орта мектепте ChatGPT-ті тиімді пайдалану үшін белгілі бір тапсырма түрлерін ұйымдастыру маңызды. Төменде ағылшын тілі сабақтарында сөздік қорын дамытуға бағытталған негізгі тапсырма түрлері келтірілген:

*Бірінші тапсырма түрі* - сөздік жаттығулары. Мұнда оқушылардан ChatGPT көмегімен жаңа сөздердің синонимдері мен антонимдерін табу сұралады. Мысалы, оқушы жүйеден: «'маңызды' сөзінің синонимдері қандай?» деп сұрайды, жауаптарын дәптерге жазып, оларды сөйлемдерде қолданады. Бұл тапсырма сөздік қорын кеңейтуге көмектеседі.

*Екінші түрі* - сөйлем құрастыру тапсырмалары. Оқушылардан жаңа сөздерді пайдаланып бірнеше сөйлем құрастыру сұралады. ChatGPT оқушының сөйлемдерін тексереді және грамматикалық және лексикалық қателерді түзетеді. Бұл оқушылардың жазу дағдыларын жақсартуға көмектеседі.

*Үшінші тапсырма түрі* - диалог құрастыру. Оқушылар ChatGPT көмегімен белгілі бір тақырып бойынша диалогқа түседі (мысалы, «Дүкенде», «Саяхат»). Бұл тапсырма ауызша қарым-қатынас дағдыларын және сөздерді контексте қолдану қабілетін дамытады. Тапсырманың

төртінші түрі - аударма тапсырмалары. Оқушылар сөйлемдерді қазақ немесе орыс тілдерінен ағылшын тіліне аударады, содан кейін жауаптарын ChatGPT көмегімен тексереді. Бұл тапсырма оларға сөздерді дұрыс қолдануды меңгеруге көмектеседі.

*Бесінші тапсырма түрі* - ойын элементтері бар тапсырмалар. Мысалы, «Сөзді тап» немесе «Сөз викторинасы» форматында ChatGPT сөздерді сипаттайды, ал оқушылар оларды табады. Бұл тәсіл оқушылардың қызығушылығын арттырады және оқу процесін белсендіреді.

Осы тапсырмаларды жүйелі түрде қолдану оқушылардың сөздік қорын тиімді дамытады және олардың тілдік дағдыларын жан-жақты жақсартады. Бұл әдістердің әрқайсысының өзіндік педагогикалық артықшылықтары бар. Бұл әдістерді көрнекі түрде көрсету үшін кесте берілген.

*Кесте 1 – Сөздік қорын дамыту үшін ChatGPT пайдалану әдістері*

| **Әдіс** | **Сипаттама** | **Педагогикалық әсер** |
|---|---|---|
| Жаттығу генерациясы | Лексикаға тапсырмалар жасау (синонимдер, антонимдер, аударма) | Сөздік қорын бекіту |
| ЖИ-мен диалог | Диалог түрінде ChatGPT-пен байланыс | Ауызекі сөйлеуді дамыту |
| Мәтін құрастыру | Жаңа лексикамен әңгімелер құру | Сөздерді контекстік ассимиляциялау |
| Жеке тапсырмалар | Оқушы деңгейі бойынша тапсырмаларды таңдау | Оқытуды даралау |

ChatGPT-тің шетел тілін оқытудағы әлеуетін зерттеуді жалғастыра отырып, оның тұрақты сөздік қорын дамытудағы маңызды әлеуетін атап өту керек. Бір маңызды аспект - сөздік қорын контекстке келтіру. Оқушылар жаңа сөздерді оқшау емес, сөйлемдер мен диалогтардың бөлігі ретінде үйренеді. Бұл сөз мағыналарын тереңірек түсінуге және оларды дұрыс қолдануға ықпал етеді [3, 15 б.]. Сонымен қатар, ChatGPT тапсырма мазмұнын оқушының шеберлік деңгейіне байланысты бейімдей алады. Бұл әсіресе әртекті сыныпта маңызды.

Қайталау сөздік қорын үйренуде маңызды рөл атқарады. ChatGPT сөздерді әртүрлі формада бірнеше рет қайталауға мүмкіндік береді. Мысалы, оқушыларға бос орындарды толтыру, қайталау және сөйлем құру сияқты тапсырмалар ұсынылады. Мұндай жаттығулар сөздік қордың пассивтіден белсендіге ауысуына ықпал етеді. Жүйе бұрын үйренген сөздерді еске түсіре алады, оларды жаңа тапсырмаларға енгізе алады. Бұл ұзақ мерзімді есте сақтауды қамтамасыз етеді.

ChatGPT жазу дағдыларын дамыту үшін тиімді пайдаланылуы мүмкін екенін атап өткен жөн. Оқушылар жаңа сөздік қорын пайдаланып мәтіндер құрастыра алады және жақсарту бойынша ұсыныстар ала алады. Жүйе қателерді көрсетеді және дұрыс нұсқаларын ұсынады [4, 214 б.]. Бұл өзін-өзі бақылау және редакциялау дағдыларын дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар, оқушылар әртүрлі стильдер мен жанрларда сөздік қорын пайдалануды үйренеді.

Сөйлеу дағдыларын дамытуға ерекше назар аудару керек. ChatGPT мәтінге негізделген құрал болғанымен, ол ауызша жаттығудың негізі бола алады. Мұғалім оқушыларды жүйені пайдаланып алдын ала жазылған диалогты ойнауға шақыра алады. Бұл цифрлық технологияларды дәстүрлі оқыту әдістерімен біріктіруге мүмкіндік береді. Нәтижесінде оқушылар жаңа сөздік қорын пайдалануға сенімдірек болады.

Маңызды бағыт - ойынға негізделген оқыту үшін ChatGPT пайдалану. Ойындарды ойнату оқушылардың белсенділігін арттыруға көмектеседі. Мысалы, сөздік викториналары, рөлдік ойындар немесе жарыстар ұйымдастырылуы мүмкін. ChatGPT мұндай тапсырмаларды автоматты түрде жасай алады. Бұл мұғалімнің уақытын үнемдейді және сабақты динамикалық етеді.

Сонымен қатар, ChatGPT оқушылардың сыни ойлауын дамытуға ықпал етеді. Оқушылар жүйенің жауаптарын талдай алады, оларды өз жауаптарымен салыстыра алады және қорытынды жасай алады. Бұл ақпаратты өз бетінше өңдеу дағдыларын дамытады [5, 198 б.]. Оқушылар сонымен қатар оқудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын дұрыс сұрақтар қоюды үйренеді. Сөздік қор дағдыларын дамыту үшін ChatGPT пайдалану процесінің көрнекі көрінісі келесі суретте айқын көрсетілген.




*Сурет 1 – ChatGPT көмегімен сөздік қорын дамыту процесі*

Бұл сызба сөздік қорын меңгеру кезеңдерінің тізбегін көрсетеді. Алдымен оқушылар жаңа сөздік қормен танысады. Содан кейін олар оны бекіту үшін жаттығуларды орындайды. Содан кейін олар ChatGPT-мен өзара әрекеттеседі, оның барысында олар үйренген сөздерді қолданады. Содан кейін жүйе кері байланыс береді. Соңғы кезеңде сөздік қор белсенді сөздік қорына ауысады.

Бұл процесті ұйымдастырудағы мұғалімнің рөлін де атап өту керек. Мұғалім оқу іс-әрекеттерінің модераторы және үйлестірушісі ретінде әрекет етеді. Олар мақсаттар қояды, тапсырмаларды таңдайды және оқу нәтижелерін бақылайды. ChatGPT қолдау құралы ретінде қолданылады.

Қазіргі білім беру ортасында оқушылардың өзін-өзі дамыту ерекше маңызды. ChatGPT сабақтан тыс уақытта өз бетінше жұмыс істеу мүмкіндігін береді. Оқушылар қосымша тапсырмаларды орындай алады, сөздік қорын қайталай алады және тілді өз уақытында жаттықтыра алады. Бұл өздігінен оқу дағдыларын дамытуға ықпал етеді [6, 45 б.].

ChatGPT-ны пайдалану кезіндегі ықтимал қиындықтарды да ескеру қажет. Оларға технологияға тәуелділік және мұғалімнің бақылау қажеттілігі жатады. Оқушыларға алған ақпараттарын сыни тұрғыдан бағалауды үйрету маңызды. Сонымен қатар, цифрлық және дәстүрлі оқыту әдістері арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажет.

Осы тақырыпты жалғастыра отырып, ChatGPT-ті оқу процесінде қолдану жеке жаттығулармен шектелмейтінін атап өткен жөн. Бұл технологияны кешенді сөздік оқыту жүйесіне біріктіруге болады. Сондай-ақ, орта мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін ескеру маңызды. Бұл жастағы оқушылар интерактивті және көрнекі түрде тартымды форматта ұсынылған материалды жақсы қабылдайды. ChatGPT икемді және әртүрлі жеткізу әдістері арқылы осы талаптарды қанағаттандыруға көмектеседі.

Тиімді тәсілдердің бірі - сөздік қорын тақырыптық ұйымдастыру. Мұғалім оқушыларға ChatGPT-мен жұмыс істейтін нақты тақырыпты тағайындай алады. Мысалы, тақырыптарға күнделікті өмір, саяхат, мектеп немесе хобби кіруі мүмкін. Әрбір тақырып аясында оқушылар жаңа сөздерді үйреніп, оларды диалогтар мен мәтіндерде бірден қолданады. Бұл материалды тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Өз бетінше оқу дағдыларын дамыту да маңызды. ChatGPT оқушыларға сөз мағыналарын өз бетінше іздеуге, мысалдар келтіруге және білімдерін тексеруге мүмкіндік береді [7, 176 б.]. Бұл өз бетінше оқу дағдыларын дамытады. Оқушылар оқу нәтижелеріне жауапкершілікпен қарайды.

ChatGPT тиімділігі көбінесе жақсы тұжырымдалған тапсырмаларға байланысты екенін атап өту маңызды. Мұғалім әрбір жаттығудың мақсаттарын нақты анықтауы керек. Мысалы, тапсырмалар сөздік қорын кеңейтуге, сөзжасам дағдыларын дамытуға немесе белгіленген сөз тіркестерін нығайтуға бағытталуы мүмкін. Мақсаттарды нақты анықтау жақсы нәтижелерге әкеледі.

Сонымен қатар, іс-шаралардың әртүрлілігі маңызды. Тек бір ғана тапсырма түрін қолдану оқушылардың қызығушылығын төмендетуі мүмкін. Сондықтан ChatGPT әртүрлі жаттығуларға, диалогтарға, мини-мәтіндерге және ойын элементтеріне мүмкіндік береді. Бұл оқу процесін динамикалық және тартымды етеді.

Контекстік ойлауды дамыту ерекше маңызды. Оқушылар жағдайға байланысты сөздердің мағынасын түсінуді үйренеді. ChatGPT бір сөз үшін әртүрлі контексттер ұсына алады [8, 28 б.]. Бұл жаттап алудың алдын алуға көмектеседі және сөздік қорын мағыналы түрде меңгеруге ықпал етеді.

*Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенттері*

***С.А.Рамазанова***
*Ғылыми жетекшісі: Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің оқытушы-модераторы, магистр*

Аннотация. Бұл мақалада оқушылардың зейін тұрақтылықтарының төмендеуіне байланысты ағылшын тілін тиімді оқытуға арналған әдістер мен тәсілдер талқыланады. Қазіргі уақытта ақпараттық нарықтың, коммуникациялық технологиялардың әсерінен оқушылардың назарының шашыраңқы, тұрақсыз болуы жиі байқалады. Мақалада интербелсенді және нақты мақсатқа бағытталған сабақтарды ұйымдастыру, компьютерлік технологияларды пайдалану, сондай-ақ аудио және бейнематериалдар арқылы оқу үдерісінің тиімділігін арттыру жолдары ұсынылады.

Кілт сөздер: зейін тұрақтылығы, ағылшын тілі, әдістер мен тәсілдер, технологиялар.

Аннотация. В данной статье рассматриваются методы и подходы к эффективному преподаванию английского языка в условиях снижения концентрации внимания у студентов. В настоящее время, из-за влияния информационного рынка и коммуникационных технологий, внимание студентов часто рассеяно и нестабильно. В статье предлагаются способы повышения эффективности учебного процесса посредством организации интерактивных и целенаправленных уроков, использования компьютерных технологий, а также аудио- и видеоматериалов.

Ключевые слова: концентрация внимания, английский язык, методы и подходы, технологии.

Abstract. This article discusses methods and approaches for effective teaching of English due to the decline in students' attention spans. Currently, due to the influence of the information market and communication technologies, students' attention is often scattered and unstable. The article suggests ways to increase the effectiveness of the learning process through the organization of interactive and goal-oriented lessons, the use of computer technologies, as well as audio and video materials.

Keywords: attention stability, English language, methods and approaches, technologies.

Қазіргі жаһандану жағдайында ағылшын тілін меңгеру білім алушылар үшін маңызды құзыреттіліктердің біріне айналды. Ағылшын тілі халықаралық коммуникация құралы ретінде білім беру, ғылым, технология және кәсіби даму салаларында кеңінен қолданылады. Сондықтан жалпы білім беретін мектептерде ағылшын тілін тиімді оқыту бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Алайда соңғы жылдары оқушылардың зейін тұрақтылығының төмендеуі педагогикалық үдерістің сапасына кері әсерін тигізіп отыр. Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы, әлеуметтік желілердің кең таралуы, ақпараттың шамадан тыс көптігі оқушылардың назарын ұзақ уақыт бір тапсырмаға шоғырландыру қабілетін әлсіретуде. Бұл өз кезегінде

тіл үйрену барысында жаңа материалды қабылдау, есте сақтау және оны практикада қолдану тиімділігін төмендетеді.

Әсіресе ағылшын тілін оқыту үдерісінде зейіннің тұрақсыздығы оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын қалыптастыруда қиындықтар туғызады. Мұндай жағдайда дәстүрлі оқыту әдістері жеткіліксіз болып, білім алушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескеретін, олардың қызығушылығын арттыратын және зейінін тұрақтандыратын инновациялық педагогикалық тәсілдерді қолдану қажеттілігі туындайды.

Осыған байланысты оқушылардың зейін тұрақтылығының төмендеуі жағдайында ағылшын тілін тиімді оқыту жолдарын анықтау педагогика ғылымы мен білім беру практикасы үшін аса маңызды әрі өзекті мәселе болып табылады. Бұл бағыттағы зерттеулер оқыту сапасын арттыруға, білім алушылардың танымдық белсенділігін күшейтуге және нәтижесінде олардың тілдік құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік береді.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың танымдық процестерін дамыту, әсіресе зейін мәселесі педагогика мен психология ғылымдарының өзекті бағыттарының бірі болып табылады. Зейін – тұлғаның психикалық әрекетінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде оқу іс-әрекетінің табыстылығын қамтамасыз етеді. Ол ақпаратты қабылдау, өңдеу және есте сақтау үдерістерінің тиімділігін анықтайды. Сондықтан оқушылардың зейін тұрақтылығының деңгейі олардың оқу жетістіктеріне тікелей әсер етеді [1, 3 б.].

Зейін мәселесі көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу нысаны болған. Зейіннің психофизиологиялық негіздерін орыс ғалымы Алексей Ухтомский өзінің доминанта теориясы арқылы түсіндіріп, мидағы қозу ошақтарының басымдылығы зейіннің шоғырлануын анықтайтынын көрсетті [2, 5 б.]. Ал мәдени-тарихи теория тұрғысынан Лев Выготский зейіннің дамуын тұлғаның әлеуметтік ортасымен және сөйлеу әрекетімен байланыста қарастырды [3, 22-29 б.].

Шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде де зейін мәселесі кеңінен қарастырылған. Мысалы, Anne Treisman зейіннің селективтілігі мен ақпаратты біріктіру механизмдерін зерттеп, «feature integration theory» теориясын ұсынды [4, 120-123 б.]. Ал Adele Diamond өз еңбектерінде зейіннің атқарушы функциялармен, жұмыс жадымен және когнитивтік бақылаумен тығыз байланысты екенін дәлелдеді [5, 147 б.]. Сонымен қатар, Reinhard Pekrun оқушылардың эмоциялық күйі мен оқу жетістіктерінің өзара байланысын зерттей отырып, зейіннің оқу мотивациясымен байланысын көрсетті [6].

Қазіргі зерттеулерде оқушылардың зейінін сақтау мен арттыру мәселесі цифрлық білім беру контекстінде де қарастырылуда. Мәселен, соңғы ғылыми зерттеулерде оқыту барысында зейіннің деңгейі оқу нәтижелеріне тікелей әсер ететіні және оны әртүрлі технологиялар арқылы

бақылауға болатыны дәлелденген [7, 5-7 б.]. Бұл өз кезегінде оқыту әдістерін жаңартуды талап етеді.

Отандық педагогикада да оқушылардың зейінін дамыту мәселесіне ерекше көңіл бөлінген. Қазақстандық зерттеулерде зейін қасиеттерін дамыту тұлғаның қалыптасуымен және оқу үдерісінің тиімділігімен тығыз байланысты екендігі атап көрсетіледі [8, 22-25 б.]. Сонымен қатар, зейіннің жеткіліксіз дамуы оқушылардың оқу материалын толық меңгермеуіне және оқу мотивациясының төмендеуіне әкелетіні анықталған.

Ағылшын тілін оқыту үдерісінде бұл мәселе ерекше маңызға ие. Себебі шет тілін меңгеру барысында оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдылары бір мезгілде дамытылуы қажет, ал бұл жоғары деңгейдегі зейін тұрақтылығын талап етеді. Зейіннің тұрақсыздығы оқушылардың жаңа тілдік материалды қабылдауына, түсінуіне және оны қолдануына кері әсер етеді.

Осыған байланысты оқушылардың зейін тұрақтылығының төмендеуі жағдайында ағылшын тілін тиімді оқыту жолдарын анықтау – қазіргі педагогика ғылымындағы маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Бұл бағыттағы зерттеулер оқыту әдістемесін жетілдіруге, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға және білім сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістері. Зерттеу әдіснамасы оқушылардың зейін тұрақтылығының төмендеуі жағдайында ағылшын тілін тиімді оқыту мәселесін кешенді қарастыруға бағытталып, теориялық талдау, салыстырмалы педагогикалық талдау және тәжірибелік-эксперименттік әдістерге негізделді. Оқу үдерісінде зейіннің рөлі, оның психологиялық ерекшеліктері және шет тілін меңгеруге әсері отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері негізінде жүйеленді.

Әдіснамалық негіз ретінде тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік және коммуникативтік тәсілдер алынды. Бұл тәсілдер оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге, олардың белсенді оқу әрекетін ұйымдастыруға және тілдік қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталды.

Теориялық талдау барысында зейіннің психологиялық-педагогикалық негіздері, оның құрылымы мен қасиеттері (тұрақтылық, шоғырлану, ауысу) анықталды. Сонымен қатар, ағылшын тілін оқытудағы заманауи әдістер, соның ішінде ойын технологиялары, интерактивті тәсілдер және цифрлық құралдарды қолдану ерекшеліктері қарастырылды.

Салыстырмалы талдау негізінде шетелдік білім беру тәжірибелеріндегі (Финляндия, Сингапур, Ұлыбритания) оқушылардың зейінін арттыруға бағытталған әдістер зерделеніп, олардың тиімді элементтері анықталды.

Зерттеу логикасы оқушылардың зейін тұрақтылығына әсер ететін негізгі факторларды жан-жақты әрі жүйелі түрде қарастыруға бағытталды. Атап айтқанда, оқыту әдістерінің тиімділігі мен әртүрлілігі, оқу материалының мазмұнының түсініктілігі мен қызықтылығы, сабақ

құрылымының бірізділігі мен ұйымдастырылу деңгейі, сондай-ақ оқушылардың мотивация деңгейі сияқты маңызды аспектілер терең талдауға алынды. Бұл факторлардың әрқайсысы оқушының сабақ барысында зейінін шоғырландыруына тікелей немесе жанама түрде ықпал ететіні ескеріліп, олардың өзара байланысы мен ықпалдастығы да назардан тыс қалмады. Сонымен қатар, зерттеу барысында аталған факторлардың оқушылардың оқу үдерісіндегі белсенділігі мен танымдық қызығушылығына әсері де қарастырылды.

**Нәтижелер.** Зерттеу нәтижелері оқушылардың зейін тұрақтылығы ағылшын тілін меңгеру тиімділігіне тікелей әсер ететінін көрсетті. Эксперимент барысында зейінді дамытуға бағытталған әдістерді жүйелі қолдану оқушылардың оқу белсенділігін арттырып, олардың тілдік дағдыларының қалыптасуына оң ықпал ететіні анықталды.

Зерттеу барысында анықталған негізгі факторлар төмендегі бағыттар бойынша жүйеленді:

*1-кесте - Оқушылардың зейін тұрақтылығын дамытуға әсер ететін факторлар*

| № | Факторлар | Мазмұны | Күтілетін нәтиже |
|---|---|---|---|
| 1 | Психологиялық қолдау | Оқушылардың қызығушылығын арттыру, жағымды эмоциялық орта қалыптастыру | Зейіннің тұрақтануы, оқу мотивациясының артуы |
| 2 | Педагогикалық тәсілдер | Ойын технологиялары, сараланған тапсырмалар, интерактивті әдістер | Танымдық белсенділіктің артуы |
| 3 | Әдістемелік ұйымдастыру | Қысқа әрі нақты тапсырмалар, әрекет түрлерін ауыстыру | Зейіннің ұзақ сақталуы |
| 4 | Технологиялық құралдар | Цифрлық платформалар, бейнематериалдар, онлайн жаттығулар | Қызығушылықтың артуы, оқу тиімділігінің жоғарылауы |

Кесте мәліметтеріне сәйкес, оқушылардың зейін тұрақтылығын дамыту кешенді түрде жүзеге асырылатыны және ол тек бір ғана әдіске емес, бірнеше өзара байланысты факторларға тәуелді екені анықталды.

Талдау. Зерттеу нәтижелерін талдау көрсеткендей, ағылшын тілін оқытуда зейін тұрақтылығының төмен болуы оқушылардың оқу материалын толық меңгеруіне кері әсер етеді. Дәстүрлі оқыту жағдайында оқушылардың назарын ұзақ уақыт сақтау қиындық туғызатыны байқалды.

Эксперименттік оқыту барысында қолданылған әдістер (ойын технологиялары, интерактивті тапсырмалар, цифрлық ресурстар) оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, олардың белсенді

қатысуына мүмкіндік берді. Әсіресе әрекет түрлерін жиі ауыстыру және визуалды материалдарды қолдану зейінді тиімді сақтауға ықпал етті.

Салыстырмалы талдау нәтижесінде эксперименттік топта:

зейіннің тұрақтылығы артқаны;

тапсырмаларды орындау сапасы жақсарғаны;

ағылшын тілінде сөйлеу белсенділігі жоғарылағаны байқалды.

Ал бақылау тобында мұндай айқын өзгерістер тіркелмеді.

Бұл нәтижелер оқыту үдерісін оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне бейімдеу қажеттілігін дәлелдейді. Сонымен қатар, заманауи педагогикалық технологияларды қолдану оқыту сапасын арттырудың маңызды шарты екені анықталды.

**Қорытынды.** Қорыта келе, оқушылардың зейін тұрақтылығы оқу үдерісінің тиімділігін анықтайтын негізгі психологиялық факторлардың бірі екені анықталды. Әсіресе ағылшын тілін оқыту барысында зейіннің жеткіліксіз деңгейі оқушылардың тілдік дағдыларды толық меңгеруіне кедергі келтіреді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, дәстүрлі оқыту әдістері оқушылардың зейінін ұзақ уақыт сақтауға әрдайым мүмкіндік бермейді. Ал зейін тұрақтылығының төмендеуі жағдайында арнайы ұйымдастырылған, яғни интерактивті, ойын және цифрлық технологияларға негізделген әдістерді қолдану оқыту тиімділігін едәуір арттырады.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында ұсынылған әдістер кешені эксперименттік топ оқушыларының сабаққа қызығушылығын арттырып, олардың зейін тұрақтылығын жақсартқаны және ағылшын тілін меңгеру деңгейіне оң әсер еткені дәлелденді.

Осыған байланысты ағылшын тілін оқыту үдерісінде оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін, соның ішінде зейін деңгейін ескеру маңызды болып табылады. Сабақ құрылымын дұрыс ұйымдастыру, тапсырмалардың түрін жиі өзгерту, сондай-ақ заманауи педагогикалық технологияларды қолдану білім сапасын арттырудың тиімді жолы болып табылады.

Сонымен қатар, қазіргі білім беру жағдайында оқушылардың зейін тұрақтылығын арттыру тек әдістемелік мәселе ғана емес, кешенді педагогикалық міндет ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл үдерісте оқыту мазмұнын жаңарту, оқу материалдарын оқушылардың жас және жеке ерекшеліктеріне бейімдеу, сондай-ақ олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескеру маңызды рөл атқарады. Әсіресе цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдалану, мультимедиалық құралдарды енгізу және оқытуды жекелендіру оқушылардың оқу әрекетіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

Болашақта бұл бағыттағы зерттеулерді тереңдету, атап айтқанда, зейін тұрақтылығын дамытуға бағытталған инновациялық технологиялардың тиімділігін тәжірибе жүзінде тексеру, әртүрлі білім беру деңгейлерінде қолдану ерекшеліктерін анықтау өзекті болып табылады.

Сонымен қатар, мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, олардың заманауи оқыту стратегияларын меңгеруі де оқыту сапасын жақсартудың маңызды шарты болып табылады.

Осы тұрғыда оқушылардың зейін тұрақтылығын дамытуға бағытталған педагогикалық тәсілдерді жүйелі және мақсатты түрде енгізу білім беру үдерісінің нәтижелілігін арттырып қана қоймай, білім алушылардың тұлғалық дамуына, олардың дербестігі мен оқу мотивациясының қалыптасуына оң әсер етеді. Нәтижесінде, бұл ағылшын тілін меңгерудің сапасын арттыруға және білім алушылардың заманауи қоғам талаптарына бейімделуіне мүмкіндік береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Нұрмұхамет А.Т. Зейінді когнитивті психологияда зерттеу, информацияларды фильтрлеу механизмі ретінде сипаттау, 2016. -3б.
2. Зейінді зерттеу психологиясы: магистранттарға арналған оқу-әдістемелік кешен. Семей, 2013.- 5б.
3. Л.С.Выготский. Жоғарғы психикалық функциялардың даму концепциясы және мәдени даму теориясы 5 том.- 22-29 б.
4. Anne Treisman, Feature Integration Theory.- 120-123 б.
5. Adele Diamond. Executive Functions, 2013.- 147 б.
6. Reinhard Pekrun. The Control-Value Theory of Achievement Emotions: Assumptions, Corollaries, and Implications for Educational Research and Practice, 2024.- 2 б.
7. Babette Bühler, On Task and in Sync: Examining the Relationship between Gaze Synchrony and Self-Reported Attention During Video Lecture Learning, 2024. – 7 б.
8. Кабдракимова А.К., Зиятында ауытқушылығы бар балалардағы агрессивтілік көріністерді педагогикалық әдістер арқылы түзетудің теориялық негіздері. Қ.Жұбанов атындағы АӨУ, 2022. – 22-25 б.


# ВИЗУАЛИЗАЦИЯ ЛЕКСИЧЕСКОГО МАТЕРИАЛА КАК СРЕДСТВО ЭФФЕКТИВНОГО ОБУЧЕНИЯ ФРАЗОВЫМ ГЛАГОЛАМ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА УЧАЩИХСЯ СРЕДНЕГО ЗВЕНА


***Литвинова П.А.***

*студент Павлодарского педагогического университета, г. Павлодар,*

***Акылбекова А.К.***

*научный руководитель: магистр филологии, г. Павлодар*



Аннотация. Исследуется эффективность визуализированных карточек и интерактивных упражнений при обучении фразовым глаголам в английском языке. Для эксперимента создан веб-сайт с карточками и упражнениями. Проведено предварительное и итоговое тестирование, изучено восприятие материалов по шкале Лайкерта, данные обработаны критерием Манна–Уитни. Результаты подтверждают повышение усвоения фразовых глаголов и положительное отношение обучающихся, что подтверждает дидактическую эффективность подхода.

Ключевые слова: фразовые глаголы, визуализированные карточки, визуализация, интерактивные упражнения, экспериментальная методика обучения.

Аңдатпа. Ағылшын тіліндегі фразалық етістіктерді оқытуда визуализацияланған карточкалар мен интерактивті жаттығулардың тиімділігі зерттеледі. Эксперимент үшін карточкалар мен жаттығулардан тұратын веб-сайт әзірленді. Алдын ала және қорытынды тестілеу жүргізілді, материалдарды қабылдау Лайкерт шкаласы бойынша зерттелді, деректер Манн–Уитни критерийі арқылы өңделді. Нәтижелер фразалық етістіктерді меңгеру деңгейінің артқанын және білім алушылардың оң көзқарасын көрсетеді, бұл ұсынылған тәсілдің дидактикалық тиімділігін дәлелдейді.

Түйінді сөздер: фразалық етістіктер, визуализацияланған карточкалар, визуализация, интерактивті жаттығулар, эксперименттік оқыту әдістемесі.

Abstract. This study examines the effectiveness of visualized flashcards combined with interactive exercises in teaching English phrasal verbs. A dedicated website with flashcards and exercises was developed for the experiment. Pre- and post-tests were conducted, learners' perceptions were assessed via a Likert scale, and data were analyzed using the Mann–Whitney test. Results indicate improved phrasal verb acquisition and positive learner attitudes, confirming the didactic effectiveness of the approach.

Keywords: phrasal verbs, visual flashcards, visualization, interactive exercises, experimental teaching method.

Изучение иностранного языка - это сложный и многоэтапный процесс, включающий запоминание грамматических структур и развитие лексической компетенции. По мнению А. Н. Шамова, усвоение лексики является основополагающим фактором для успешной коммуникации на иностранном языке, поскольку оно обеспечивает понимание и активное использование языковых средств в различных коммуникативных ситуациях [10]. Аналогично, Е. Г. Азимов и А. Н. Щукин подчеркивают, что эффективность обучения иностранному языку во многом зависит от систематического и методически обоснованного подхода к формированию лексического запаса обучающихся [1].

Лексическая компетенция имеет общепризнанную значимость, что отражено в трудах отечественных и зарубежных методистов. Тем не менее вопрос об эффективных методах обучения сложным лексическим единицам остается актуальным. Как отмечают многие исследователи, традиционные, преимущественно текстовые подходы к изучению фразовых глаголов нередко приводят к формированию поверхностных знаний, которые не переходят в активное использование языка. Это подчеркивает необходимость поиска дидактических стратегий, учитывающих как когнитивные, так и мотивационные аспекты усвоения лексики.

В современной методике преподавания иностранных языков лексическая компетенция рассматривается как сложная и многомерная структура. По мнению Т.Г. Никитиной, она представляет собой не просто совокупность отдельных слов, а целостную систему, включающая семантические, ассоциативные и функциональных связи между лексическими единицами [3]. Поэтому усвоение фразовых глаголов, требует от учащихся не только запоминания их формы, но и глубокого понимания контекстного употребления.

Особое место занимают английские фразовые глаголы. Их многозначность, идиоматичность и синтаксическая вариативность вызывают значительные трудности в процессе обучения. По мнению Д.Р. Умаровой, фразовые глаголы представляют сложность для изучающих английского языка прежде всего из-за их идиоматического характера и отсутствия прямых эквивалентов в родном языке [11]. Это, в свою очередь, снижает эффективность традиционных методов обучения.

Следовательно, овладение фразовыми глаголами является неотъемлемой частью формирования лексической компетенции. Оно не может рассматриваться изолированно, так как тесно связано с развитием общего словарного запаса. Овладение такими единицами требует от обучаемых умения распознавать семантические связи, различать оттенки значения и гибко применять глаголы в различных контекстах. Это обуславливает необходимость использования методов обучения, выходящих за рамки простого запоминания.

С когнитивно-психологической точки зрения усвоение фразовых глаголов повышает нагрузку на рабочую память школьников. В соответствии с моделью памяти R.C. Atkinson и R.M. Shiffrin, новая информация переходит из кратковременной в долговременную память только при условии ее интенсивной и многократной переработки [3]. A.D. Baddeley и G.J. Hitch подчеркивают центральную роль рабочей памяти в обработке и хранении новой языковой информации [4]. В связи с этим применение вспомогательных методов становится особенно важным.

Одним из наиболее эффективных способов снижения когнитивной нагрузки является использование структурированных и визуально организованных учебных ресурсов, способствующих устойчивому усвоению лексики.

Теория двойного кодирования A. Paivio утверждает, что информация, представленная как вербально, так и визуально, обрабатывается более эффективно и способствуют более прочному и долгому усвоению [7]. Наглядные карточки представляют собой особую форму визуальной поддержки, позволяющую сочетать вербальную информацию с изображениями, символами или контекстными примерами. Такие карточки не только способствуют формированию ассоциаций, но и облегчают процесс многократного взаимодействия с лексическими единицами. В частности, при изучении фразовых глаголов визуальные карточки помогают прояснить различия в значении и способствуют закреплению информации в долговременной памяти.

Результаты эмпирических исследований свидетельствуют о том, что абстрактные и неоднозначные лексические структуры, включая фразовые глаголы, особенно выигрывают от визуального представления. Исследования T. T. Nguyen и H.T. Pham, а также Dang Thi Kim Chung демонстрируют, что визуальные средства и цифровые материалы

значительно улучшают освоение и применение новых лексических единиц [5; 7].

Наряду с этим, последние исследования показывают, что цифровые карточки и интерактивные упражнения не только способствуют активации пассивного словарного запаса, но и повышают мотивацию и самостоятельность учащихся. J.G.Nuqmonova подчеркивает, что цифровые карточки способствуют долгосрочному запоминанию лексических единиц [9], а D.Safitri, N.Ibrahim отмечают, что интерактивные цифровые материалы способствуют самостоятельному обучению и приводят к стабильным результатам обучения [2]. В целом сочетание визуальных и цифровых инструментов обучения эффективно поддерживает освоение фразовых глаголов и служит надежной основой для экспериментальных исследований.

Важно подчеркнуть, что теоретические положения дидактики иностранных языков, когнитивной психологии и исследований визуальных стратегий обучения создают прочную научную основу для использования визуализированных и цифровых учебных материалов. Это позволяет обосновать необходимость проведения эмпирического исследования, направленного на изучение эффективности таких средств при обучении английским фразовым глаголам.

Практическое исследование проводилось с учащимися 8 -х классов (n=24, возраст 13-14 лет) в период с 26.01.2026-18.03.2026, продолжительность эксперимента составляла восемь недель. Целью исследования была оценка эффективности визуализированных карточек «GO&GLOW» для изучения английских фразовых глаголов.

Участники исследования были распределены на две группы: экспериментальную (n=12), обучение которой осуществлялось с использованием визуализированных карточек и интерактивной платформы «Fluentis» и контрольную (n=12), где изучение фразовых глаголов проводилось традиционными методами без применения визуальных материалов.

Карточки «GO&GLOW» представляют собой визуализированные флеш-карточки, каждая из которых содержит символ, иллюстрирующий значение соответствующего фразового глагола. Использование символов способствуют формированию устойчивых ассоциативных связей, облегчают понимание сложных лексических единиц и делают процесс обучения более увлекательным. Карточки выполнены в оттенках синего и желтого, которые, согласно исследованиям M.Luscher, улучшают концентрацию внимания, способствуют более эффективной обработке информации и повышают позитивную мотивацию студентов [12].

*Рис. 1 –Пример флеш-карточек «GO&GLOW»*

Карточки были интегрированы в интерактивную образовательную платформу «Fluentis», которая предоставляла школьникам возможность изучать тематические наборы фразовых глаголов, выполнять упражнения и тестовые задания, а также скачивать в формате PDF. Интерфейс платформы представлен на рисунке 2.




*Рис. 2 –Скриншот платформы «Fluentis»*

Для проверки статистической значимости различий между группами был применен непараметрический критерий Манна-Уитни. На этапе до эксперимента показатели участников обеих групп не различались статистически значимо (U=67.5; p >0,05), что свидетельствует о сопоставимом исходном уровне результатов.

Освоение лексики оценивалось с помощью предварительного и итогового тестирования, которые включали задания на распознавание значений и их продуктивное использование в речи. Анализ показал, что учащиеся экспериментальной группы демонстрировали значительное улучшение по сравнению с контрольной группой, что подтверждается результатами post-теста.

Так, в экспериментальной группе уровень усвоения лексики на этапе предварительного тестирования составил 52%, тогда как по итогам post-теста он увеличился до 64%. В контрольной группе показатели также продемонстрировали незначительный рост: с 55% на этапе pre-теста до 58% на этапе post-теста. Динамика результатов представлена на графике 1.




*График 1 – Результаты предварительного и итогового тестирования экспериментальной и контрольной групп.*

Дополнительно была проведена оценка мотивации и вовлеченности учащихся экспериментальной группы с использованием анкеты по шкале Лайкерта (1-5 баллов), включающей десять утверждений о понимании, удобстве и эффективности карточек. Полученные результаты показали высокий уровень положительной оценки: учащиеся отметили, что визуальные символы помогают лучше понимать и запоминать фразовые глаголы, а также делают процесс обучения более удобным и доступным для самостоятельной работы. Среднее значение ответов представлены в таблице 2.

| Утверждение | Средний балл ЭГ |
|---|---|
| Мне нравится изучать фразовые глаголы с помощью карточек. | 4,5 |
| Карточки помогают мне понимать значение фразовых глаголов. | 4,5 |
| С карточками мне легче запоминать фразовые глаголы. | 4,8 |
| Изображения облегчают понимание фразовых глаголов. | 4,7 |
| Карточки помогают мне правильно писать фразовые глаголы. | 4,5 |
| После работы с карточками я использую фразовые глаголы в речи. | 4,7 |
| Картинки/изображения помогают различать фразовые глаголы. | 4,7 |
| С карточками мне легче повторять фразовые глаголы. | 4,6 |
| Мне удобно учить фразовые глаголы с карточками. | 4,7 |
| Я могу учить фразовые глаголы с карточками самостоятельно. | 4,4 |

*Таблица 2 – Результаты опроса по шкале Лайкерта*

Кроме количественных данных, были зафиксированы качественные наблюдения: ученики экспериментальной группы чаще использовали фразовые глаголы в устной речи, проявляли большую активность во время занятий, испытывали меньше тревожности при выполнении заданий, а также давали высокую оценку удобству платформы и дизайну карточек (средний балл – 4,6/5).




*Диаграмма 2 – Результаты опроса по шкале Лайкерта*

Результаты проведенного исследования демонстрируют, что интеграция визуализированных карточек и интерактивных цифровых платформ способна существенно повышать лексическую компетентность студентов, в частности в освоении и активном использовании английских фразовых глаголов. Применение карточек «GO&GLOW» в сочетании с платформой Fluentis не только способствовало более глубокому пониманию и эффективному запоминанию сложных лексических единиц, но и повышало мотивацию, вовлеченность и самостоятельность обучающихся. Эмпирические данные предварительного и итогового тестирования, а также результаты анкетирования по шкале Лайкерта подтвердили, что учащиеся экспериментальной группы продемонстрировали более высокие показатели по сравнению с контрольной группой, что подчеркивает эффективность визуальных и интерактивных методов обучения.

Исследование подтверждает значимость когнитивно-ориентированных стратегий преподавания, включая использование визуальных средств для поддержки рабочей памяти и реализации принципов теории двойного кодирования, способствующих долговременному усвоению лексики. Визуально оформленные ресурсы помогли студентам формировать прочные ассоциации и многократно взаимодействовать с фразовыми глаголами., что обеспечивает устойчивое усвоение и перенос знаний в практическое использование.

Практическая значимость полученных результатов заключается в том, что сочетание визуализированных карточек и интерактивных упражнений может выступать высокоэффективным дидактическим инструментом в преподавании иностранного языка. Такой подход способствует не только успешному усвоению лексики, но и развитию навыков самостоятельного обучения, снижению учебной тревожности и поддержанию высокой вовлеченности студентов. Вследствие этого, результаты исследования создают надежную основу для дальнейшего исследований по внедрению визуальных цифровых средств обучения в языковое образование.

## Список использованных источников


1. Азимов, Э. Г., Щукин, А. Н. Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам). — М.: Издательство «Икар», 2009. — 448 с.
2. **Ibrahim N., Safitri D., Marini A. et al.** *Education sustainability through interactive modules and learning autonomy to improve self directed learning among middle school students with PLS SEM, random forest and XGBoost* // Discover Sustainability. 2026. Vol. 7. Article 166. DOI:10.1007/s43621-025-02508-8.
3. Atkinson, R. C., Shiffrin, R. M. Chapter: Human memory: A proposed system and its control processes // In Spence, K. W., Spence, J. T. (eds.). The psychology of learning and motivation. — New York: Academic Press, 1968. — P. 89–195.
4. Baddeley, A. D., Hitch, G. J. Working memory // The Psychology of Learning and Motivation. — Academic Press, 1974. — Vol. 8. — P. 47–89. — ISSN 0079-7421. — doi:10.1016/S0079-7421(08)60452-1
5. Dang Thi Kim Chung. The Efficacy of Visual Aids in Enhancing Vocabulary Acquisition in EFL Classes. — 2023.
6. Luscher, M. The Luscher Color Test. — Zurich: Max Luscher Verlag, 2010.
7. Nguyen, T. T., Pham, H. T. T. The Effectiveness of Using Visual Aids in Teaching English Vocabulary to Vietnamese Young Learners. —2024.
8. Никитина, Т. Г. Комплексная структура лексической компетенции [Электронный ресурс]. — URL: https://cyberleninka.ru/article/n/kompleksnaya-struktura-leksicheskoy-kompetentsii (дата обращения: 08.11.2025).
9. Nuqmonova, J. G. The effectiveness of digital flashcards for vocabulary building // Zamonaviy Ta'limda Fan va Innovatsion Tadqiqotlar Jurnali. — 2025. — № 2. — P. 23–34.
10. Шамов, А. Н. Формирование лексической компетенции как основополагающая цель в обучении иностранному языку / А. Н. Шамов // Языки и культуры народов мира в лингводидактической парадигме: Лемпертовские чтения — IX : сб. ст. по матер. междунар. науч.-метод. симпозиума, 30–31 мая 2007 г. / Пятигор. гос. лингв. ун-т ; отв. за вып. Н. В. Барышников. — Пятигорск, 2007. — С. 386–391.
11. Умарова, Д. Р. Проблемы перевода фразовых глаголов [Электронный ресурс]. — URL: https://cyberleninka.ru/article/n/translation-problems-of-phrasal-verbs (дата обращения: 21.11.2025).


# АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ҮРЕЙІ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕҢУ ЖОЛДАРЫ


*Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті,*

***Кубенова Ү. Х.***

*ғылыми жетекшісі: фил.ғ.к., қауымдастырылған профессор*

***Жетпісбай Ә. Қ.***



**Аңдатпа:** Бұл мақалада ағылшын тілі сабағында мектеп оқушыларының сөйлеу үрейі (speaking anxiety) мәселесі, негізгі себептері қарастырылады: қателік жасаудан қорқу, теріс бағалаудан қорқу және тілдік сенімсіздік. Сонымен қатар, үрейді

төмендетуге бағытталған педагогикалық әдістер мен оқушылар қолданатын стратегиялар талданып, олардың сабақтағы маңыздылығы көрсетіледі.

**Тірек сөздер:** сөйлеу үрейі, сөйлеу дағдысы, стратегия, коммуникация, тілдік сенімсіздік

**Аннотация:** В данной статье всесторонне рассматривается проблема “speaking anxiety” у школьников на уроках английского языка. Исследование выявляет основные причины речевого беспокойства: страх совершить ошибку, опасение негативной оценки и языковая неуверенность. Также анализируются педагогические методы и стратегии, применяемые учащимися для снижения тревожности, и их значение в учебном процессе.

**Ключевые слова:** речевое беспокойство, навыки речи, стратегия, коммуникация, языковая неуверенность

**Abstract:** This article comprehensively examines speaking anxiety among school students in English lessons. The study identifies the main causes of speaking anxiety: fear of making mistakes, fear of negative evaluation, and language insecurity. Additionally, pedagogical methods and student strategies aimed at reducing anxiety are analyzed, highlighting their importance in the learning process.

**Keywords:** speaking anxiety, speaking skills, strategy, communication, language insecurity

## Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде ағылшын тілін меңгеру оқушылар үшін маңызды дағдылардың біріне айналды. Әсіресе, шет тілінде еркін сөйлей алу қабілеті оқушылардың академиялық жетістігімен қатар, олардың болашақ кәсіби мүмкіндіктеріне де тікелей әсер етеді. Осыған байланысты мектеп жағдайында оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамыту – ағылшын тілін оқытудың басты мақсаттарының бірі болып табылады. Алайда, тәжірибе көрсеткендей, көптеген оқушылар үшін ағылшын тілінде сөйлеу оңай емес. Олар сөйлеу барысында түрлі психологиялық қиындықтарға тап болады. Соның ішінде ең кең таралған мәселелердің бірі – сөйлеу үрейі “speaking anxiety” [1].

Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, шет тілін үйрену процесіндегі үрей – бұл оқушының өзіндік сеніміне, эмоциясына және мінез-құлқына байланысты күрделі психологиялық жағдай [2]. Мұндай үрей тек тілді меңгеру деңгейіне ғана емес, сонымен қатар оқушының өзін-өзі бағалауына және сыныптағы әлеуметтік ортаға да тәуелді болады . Тіпті кейбір жағдайларда ағылшын тілін жақсы меңгерген оқушылардың өзі сөйлеу кезінде қобалжу сезімін бастан кешіреді [3]. Сөйлеу үрейінің негізгі себептері ретінде қате жіберуден қорқу, басқа оқушылардың немесе мұғалімнің теріс бағалауынан қауіптену, сондай-ақ сөздік қордың жеткіліксіздігі жиі аталады. Сонымен қатар, күтпеген сұрақтар, дұрыс айтылымға сенімсіздік және көпшілік алдында сөйлеу қажеттілігі де оқушылардың мазасыздануын күшейтеді. Осындай факторлар оқушылардың сөйлеу белсенділігін төмендетіп, олардың тілдік мүмкіндіктерін толық көрсетуіне кедергі жасайды.

Соңғы жылдары жүргізілген зерттеулер оқушылардың сөйлеу үрейін жеңу үшін түрлі стратегияларды қолданатынын көрсетеді. Бұл стратегияларға алдын ала дайындалу, релаксация әдістерін қолдану, позитивті ойлау және құрдастардың қолдауына сүйену жатады [4]. Мұндай

тәсілдер оқушылардың өзіне деген сенімін арттырып, сөйлеу кезінде туындайтын психологиялық кедергілерді азайтуға көмектеседі.

Әдебиеттерге шолу

Шет тілін меңгеру барысында пайда болатын сөйлеу үрейі (foreign language anxiety) көптеген зерттеушілердің назарында болды. Бұл ұғымды алғаш ғылыми тұрғыда негіздеген ғалымдардың бірі – Horwitz (1986). Оның пікірінше, шет тілін үйрену кезінде пайда болатын үрей ерекше эмоционалдық күй болып табылады және оқушының тілдік әрекетіне тікелей әсер етеді. Horwitz зерттеулерінде сөйлеу үрейі үш негізгі компоненттен тұратыны анықталған [1]:

1. *Communication apprehension* – коммуникацияға қатысты қорқыныш, яғни басқа адамдармен сөйлескенде немесе топ алдында сөйлеу кезінде туындайтын қобалжу.

2. *Test anxiety* – емтихан немесе бағаланатын тапсырмалар алдында пайда болатын үрей.

3. *Fear of negative evaluation* – негативті бағаланудан қорқу, яғни қателік жасаған жағдайда сынға ұшырау немесе ұят болу сезімі.

Сонымен қатар, Krashen (1982) ұсынған Affective Filter Hypothesis теориясы бойынша, оқушының эмоционалдық жағдайы тіл меңгеруге тікелей әсер етеді. Егер оқушыда қорқыныш, стресс немесе сенімсіздік жоғары болса, жаңа ақпаратты қабылдау және есте сақтау қабілеті төмендейді. MacIntyre және Gardner (1994) зерттеулерінде *үрей* когнитивтік процестерге, атап айтқанда, зейін, есте сақтау және сөйлеу дағдыларын қолдануға кері әсер ететіні дәлелденген. Бұл тіл үйренушілердің практикалық тілдік әрекетте белсенділігін төмендетеді, сөйлеу дағдысын баяулатады және топтағы қатысуды шектейді.

Зерттеу әдістері

Бұл зерттеуде мектеп оқушыларының ағылшын тілінде сөйлеу үрейін анықтау және оны төмендету жолдарын зерттеу үшін бірнеше ғылыми әдістер қолданылды.

Сауалнама (Questionnaire)

Мақсаты: Оқушылардың сөйлеу үрейінің деңгейін анықтау, үрейге себеп болатын факторларды белгілеу.

Өткізу тәртібі: Зерттеуге қатысушыларға алдын ала дайындалған сұрақтар ұсынылды. Сауалнама үш бөлімнен тұрды: жеке эмоционалдық реакциялар (өз сезімдері мен қорқыныштары), тілдік сенімсіздік (сөздік қор мен грамматикалық қателіктерге қатысты қорқыныш), және әлеуметтік факторлар (сыныпта белсенділікті төмендететін топтық немесе бағалауға қатысты факторлар).

Мәліметтерді өңдеу: Оқушылардың жауаптары сандық түрде талданып, әртүрлі деңгейдегі үрей көрсеткіші (төмен, орта, жоғары) анықталды (Horwitz, 1986; Young, 1991).

Бақылау (Observation)

Мақсаты: Сыныптағы нақты әрекеттер арқылы сөйлеу үрейінің көрінісін анықтау.




Өткізу тәртібі: Зерттеуші сабақ барысында оқушылардың топтық тапсырмаларға қатысуын, жаңа сөздерді қолдану белсенділігін, сұрақтарға жауап беруін және топ ішіндегі коммуникациясын бақылады. Сонымен қатар, жоғары үрей деңгейіндегі оқушылардың қашқақтауы, төмен үрейдегі оқушылардың белсенділігі жазбаша түрде тіркелді (MacIntyre & Gardner, 1994; Phillips, 1992).

Мәліметтерді өңдеу: Бақылау нәтижелері кесте мен график түрінде жүйеленіп, әр оқушының әрекет үлгісі талданды.

Сұхбат (Interview)

Мақсаты: Оқушылардың жеке пікірлері мен үрейдің нақты себептерін терең түсіну.

Өткізу тәртібі: Жеке сұхбаттар формасында жүргізілді, сұрақтар психологиялық тұрғыдан сыналған: “Сіз сөйлеу кезінде нені ең қиын деп санайсыз?”, “Қай кезде өзіңізді ең қобалжулы сезінесіз?”, “Қандай стратегиялар сізге көмектеседі?”

Мәліметтерді өңдеу: Сұхбат мәтіндері кодтау әдісі арқылы талданды, сөйлеу үрейіне ықпал ететін негізгі факторлар анықталды.

Қатысушылар: Зерттеуге 30 мектеп оқушысы қатысты (8–11 сынып), олардың жас ерекшелігі 13–16 аралығында болды. Қатысушылардың ішінде ер және қыз балалар тең бөлінді, сондай-ақ түрлі тілдік дайындық деңгейі есепке алынды.

Зерттеу нәтижелері және талдау

Зерттеу барысында алынған деректер мектеп оқушыларының ағылшын тілінде сөйлеу үрейінің деңгейін анықтауға мүмкіндік берді. Сауалнама, бақылау және сұхбат нәтижелері талданды. Нәтижелер төмендегідей:

1. Сөйлеу үрейінің деңгейі

Зерттеуге қатысқан 30 оқушының сөйлеу үрейі келесі түрде бөлінді:

Жоғары үрей деңгейіндегі оқушылар топтық тапсырмаларға қатысудан қашқақтайды, жаңа сөздерді айтуда сенімсіздік көрсетеді. Орта деңгейдегі оқушылар кейде сабаққа белсенді қатысады, бірақ бағаланатын тапсырмаларда қобалжиды. Ал төмен деңгейдегі оқушылар топтық жұмысқа белсенді араласып, қателіктерден қорықпайды.

2. Сөйлеу үрейінің себептері

Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, оқушылар үрейін тудыратын негізгі факторлар төмендегідей бөлінді:

Бақылау нәтижелері

Сыныптағы бақылау кезінде келесі құбылыстар тіркелді:

- Жоғары үрей деңгейіндегі оқушылар топтық жұмыс кезінде сирек сөйлейді және кейде тапсырмаларды орындаудан бас тартады.
- Орта және төмен деңгейдегі оқушылар белсенді қатысып, сұрақтарға жауап береді, жаңа лексиканы қолдануға тырысады.

Бұл мәліметтер сөйлеу үрейінің деңгейі оқушылардың тілдік әрекетіне айқын әсер ететінін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелерін талдай отырып, бірнеше маңызды тұжырым жасауға болады. *Біріншіден*, сөйлеу үрейі оқушылардың оқу процесіндегі белсенділігіне айқын әсер етеді. Жоғары үрей деңгейі бар оқушылар сабаққа қатысуда белсенді емес, жаңа сөздерді қолданудан қорқады және топтық тапсырмаларды орындауда қиындыққа ұшырайды. Эмоциялық күйдің оқу процесіне тікелей әсер ететіні байқалды, бұл тілдік әрекетті тежейді. *Екіншіден,* қорқыныштың негізгі себептері анықталды. Оқушылардың көпшілігі «қателік жасау» және «басқалардың сыни пікірінен қорқу» сияқты

факторлардан үрейленеді. Сонымен қатар, топтық жұмыс немесе аудитория алдындағы сөйлеу кезінде сенімсіздік және тілдік қордың жеткіліксіздігі үрейді күшейтеді. *Үшіншіден*, бақылау нәтижелері көрсеткендей, орта және төмен деңгейдегі үрейге ие оқушылар тапсырмаларды орындауда белсенді, жаңа лексиканы қолдануға тырысады, ал жоғары үрей деңгейі бар оқушылар көбіне белсенділіктен қашады. Бұл сабақ құрылымын және педагогикалық әдістерді қайта қарастыру қажеттілігін көрсетеді. *Төртіншіден,* сөйлеу үрейін төмендету әдістерінің тиімділігіне талдау жасалды. Ойын әдістері, рөлдік тапсырмалар, жұптық және топтық жұмыс, диалогтік жаттығулар оқушылардың сенімін арттырады және сөйлеу үрейін төмендетеді. Позитивті кері байланыс, қателікті қалыпты жағдай ретінде қабылдату және алдын ала дайындалу стратегиялары үрейді азайтуға ықпал етеді. Мұндай тәсілдер психологиялық жайлылықты қамтамасыз етіп қана қоймай, оқушылардың шығармашылық белсенділігін, коммуникативтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Соңында, алынған нәтижелер сөйлеу үрейінің оқыту процесіне терең әсер ететінін көрсетеді. Оқушылардың тілдік белсенділігін арттыру үшін педагогикалық әдістерді тиімді үйлестіру, психологиялық қолдауды қамтамасыз ету және қорқыныш деңгейін жүйелі түрде анықтау маңызды. Бұл тәсілдер оқушылардың өз ойын еркін жеткізуіне, топта белсенді әрекет етуіне және академиялық жетістігін арттыруға мүмкіндік береді.

**Қорытынды**

Зерттеу көрсеткендей, мектеп оқушыларының ағылшын тіліндегі сөйлеу үрейі олардың сабаққа қатысуына және тілдік дағдыларын дамытуына айтарлықтай әсер етеді. Жоғары үрей оқушылардың белсенділігін төмендетсе, орта және төмен деңгейдегі үрей тілдік әрекетке кедергісі аз болады.Сөйлеу үрейін төмендету үшін педагогикалық әдістер: топтық жұмыс, диалогтік әдістер, ойын формасында сабақ жүргізу, позитивті кері байланыс беру және қателікті қалыпты жағдай ретінде көрсету маңызды. Осы әдістер оқушылардың сенімін арттырып, сөйлеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**


1. Horwitz, E. K. (1986). Preliminary evidence for the reliability and validity of a foreign language anxiety scale. TESOL Quarterly, 20(3), 559–562.
2. Krashen, S. D. (1982). Principles and practice in second language acquisition. Oxford: Pergamon.
3. MacIntyre, P. D., & Gardner, R. C. (1994). The effects of induced anxiety on three stages of cognitive processing in computerised vocabulary learning. Studies in Second Language Acquisition, 16(1), 1–17.
4. Oxford, R. L. (1990). Language learning strategies: What every teacher should know. Boston: Heinle & Heinle.
5. Phillips, E. M. (1992). The effects of language anxiety on students' oral test performance and attitudes. The Modern Language Journal, 76(1), 14–26.

# ИНТЕГРАЦИЯ МЕДИАТЕКСТОВ В ПРЕПОДАВАНИЕ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА КАК ИНСТРУМЕНТ РАЗВИТИЯ НАВЫКОВ КРИТИЧЕСКОГО АНАЛИЗА

***Кабаева А.М.***
*магистрант Павлодарского педагогического университета имени Әлкей Марғұлана, г. Павлодар,*
***Алимова Ш.Ж.***
*научный руководитель: доктор PhD, ассоциированный профессор, г. Павлодар*

*Аннотация. В данной статье рассматривается интеграция медиатекстов в изучение английского языка как средство развития навыков критического анализа у студентов. Анализируются методологические подходы и типы заданий, направленных на развитие навыков интерпретации, оценки и рассуждения при работе с оригинальными материалами.*

*Ключевые слова: медиатексты, английский язык, критическое мышление, критический анализ, оригинальные материалы, методы обучения.*

*Аңдатпа. Бұл мақалада студенттердің сыни талдау дағдыларын дамыту құралы ретінде медиа мәтіндерді ағылшын тілін үйренуге интеграциялау қарастырылады. Онда түпнұсқа материалдармен жұмыс істеу кезінде түсіндіру, бағалау және дәлелдеу дағдыларын дамытуға бағытталған әдіснамалық тәсілдер мен тапсырмалардың түрлері талданады.*

*Кілт сөздер: медиа мәтіндер, ағылшын тілі, сыни ойлау, сыни талдау, түпнұсқа материалдар, оқыту әдістері.*

*Abstract. This article examines the integration of media texts into English language learning as a means of developing students' critical analysis skills. It analyzes methodological approaches and types of assignments aimed at developing interpretive, evaluative, and reasoning skills when working with original materials.*

*Keywords: media texts, English language, critical thinking, critical analysis, original materials, teaching methods.*

В современной системе образования развитие навыков критического мышления у учащихся имеет особое значение. В информационном обществе значительно возрос объем информации, поступающей из различных источников. В связи с этим возникает необходимость в развитии у учащихся навыков анализа, сравнения и оценки информации. Этот процесс особенно актуален в процессе изучения иностранного языка. Английский язык сегодня рассматривается не только как средство коммуникации, но и как язык доступа к глобальной информации. Поэтому важно использовать современные методы в его преподавании.

Одним из таких эффективных инструментов являются медиатексты. Медиатексты включают в себя тексты, представленные в средствах массовой информации. К ним относятся новости, статьи, видеоматериалы и публикации в социальных сетях [1, с.8]. Эти материалы отличаются своей достоверностью и актуальностью. Благодаря этому повышается интерес

учащихся к предмету. Кроме того, медиатексты создают среду, близкую к языковой среде.

Введение медиатекстов в учебный процесс способствует развитию у учащихся навыков критического анализа. Учащиеся учатся определять основную идею в тексте. Они начинают различать факты и мнения. Формируются также навыки оценки достоверности информации. Это, в свою очередь, повышает способность к самостоятельному мышлению.

Критическое мышление - это способность анализировать, оценивать и делать выводы на основе информации. Оно развивает логическое мышление ученика, а также учит его выражать обоснованное мнение. С педагогической точки зрения, критическое мышление включает в себя навыки сравнения, интерпретации и рефлексии. Для развития этих навыков необходимо использовать специальные методы [2, с.216].

Одним из таких методов считается работа с медиатекстами. Такой подход повышает активность учащихся и позволяет им свободно выражать свое мнение. В обучении с использованием медиатекстов применяются различные задания, организованные в соответствии с этапами учебного процесса.

В частности, задания делятся на три основных этапа: дотекстовый, текстовый и посттекстовый. Каждый этап имеет свою цель и особенности. На дотекстовом этапе активизируются имеющиеся у учащихся знания [3, с.86]. На этом этапе задаются вопросы по теме, а также предлагаются задания на прогнозирование.

На текстовом этапе учащиеся работают непосредственно с текстом. Они выявляют основную информацию. Анализируют структуру текста. Также они осваивают новые слова и фразы. На этом этапе формируются навыки понимания и анализа.

На этапе анализа текста учащиеся проводят более глубокий анализ. Они выражают свои взгляды. Они также участвуют в дискуссиях. Им также даются задания по сравнению различных источников. Это способствует развитию критического мышления.

*Таблица 1 - Основные этапы и задачи работы с медиатекстами*

| **Этап** | **Вид задания** | **Цель** |
|---|---|---|
| До чтения текста | Обсуждение темы, прогнозирование | Активация имеющихся знаний |
| Во во время чтения | Выявление и анализ основной идеи | Развивайте навыки понимания и анализа |
| После чтения | Обсуждение, сравнение | Развитие критического мышления |

Введение медиатекстов в учебный процесс рассматривается не только как средство развития языковых навыков, но и как важный фактор повышения познавательной активности учащихся. С этой точки зрения, медиатексты способствуют формированию у учащихся культуры работы с информацией. Ведь в современном обществе недостаточно просто

воспринимать информацию; важно также уметь её критически анализировать.

В этой связи всё большее значение приобретают методы работы с медиатекстами. В частности, необходимо правильно организовать систему заданий, направленных на критический анализ [4]. Такие задания позволяют учащимся не только понимать текст, но и глубоко его анализировать. В результате учащиеся учатся осознанно воспринимать информацию.

Эффективность использования медиатекстов также связана с их содержательными особенностями. В большинстве случаев такие тексты отражают определённую авторскую позицию. Это позволяет учащимся рассматривать текст с разных сторон. При этом они учатся определять точку зрения автора и давать собственную оценку ей.

В этом процессе также развивается способность учащихся к рефлексии. Рефлексия является важной составляющей критического мышления. Она позволяет студенту оценивать собственное мышление. Работая с медиатекстами, студенты не только анализируют текст, но и оценивают обоснованность собственных мнений.

Кроме того, медиатексты играют важную роль в развитии коммуникативных навыков студентов. Это связано с тем, что такие тексты часто служат основой для обсуждения и обмена мнениями. Студенты учатся обосновывать свои взгляды, сравнивая различные точки зрения. Это, в свою очередь, повышает их способность говорить на академическом языке [5, с.25].

Еще одна важная особенность медиатекстов - их многогранность. То есть один текст может рассматриваться на нескольких семантических уровнях. Это способствует углублению аналитического мышления студентов. Они начинают анализировать текст не только с точки зрения содержания, но и в контекстуальных и культурных аспектах.

Эти особенности указывают на необходимость систематического использования медиатекстов в учебном процессе. Однако для их эффективного использования важно придерживаться определенных методических требований. Прежде всего, медиатексты должны быть отобраны в соответствии с целями обучения. Кроме того, их содержание должно соответствовать уровню учащихся.

При выборе медиатекстов также уделяется внимание их языковой сложности. Слишком сложные тексты могут препятствовать пониманию учащихся [6]. А слишком простые материалы оказывают недостаточное влияние на развитие критического мышления. Поэтому учителю необходимо соблюдать баланс.

Кроме того, важную роль играет тематическая релевантность медиатекстов. Обсуждаемые в современном обществе проблемы повышают интерес учащихся. Это способствует их активному участию в учебном процессе.

The main goal of the study was to test the forecast that digital storytelling technology has a positive effect on the level of student motivation and improves monological speech skills in A1-A2 language proficiency (in accordance with pan-European foreign language skills (CEFR). As part of the study, the following tasks were solved:

Determining the relationship between the use of multimedia in speaking in a foreign language and the reduction of psychological barriers (audience influence);

Analysis of the impact of multiple repetitions of speech on the automation of lexical and grammatical structures caused by technologies for building a digital narrative;

Comparative assessment of qualitative changes in the structure of monological speech of students after the introduction of experimental methods.

The experiment was carried out in the natural conditions of the educational process in 7 classes of high school. The participants were students of target groups whose level of English proficiency corresponds to the level of A1-A2. Before starting the experiment, a primary problem was identified: a low level of motivation in performing oral tasks, as well as difficulties in independently compiling a related statement without using ready-made text models.

Stages of the experiment

The study included three main stages.

1. Preparatory stage.

At this stage, a research question has been identified, a hypothesis has been formulated, an experiment plan has been developed, diagnostic tools (video materials from the British Council platform) have been selected and criteria for evaluating the results have been established. The initial level of students' speech skills was also assessed for subsequent comparative analysis.

2. The main stage (formative experiment).

At this stage, a developed methodology based on case-stage technology has been introduced, the video materials of which served as a communicative incentive. The educational process consisted of three stages.

Review and analysis phase. Students watched short videos (two to four minutes) on various topics and conducted a critical analysis: biographies of historical figures, plots of classical literary works, the content of specialized education.

Case submission period. During this period, students went from simply repeating facts to explaining the actions of characters. For example, after watching a video about a historical personality, students were asked to consider an alternative scenario, answering the question: "How would the story change if the main character acted differently?"

Stage of productive speech activity. The final stage was the creation of a monologue: students performed a retelling from the first person or made a personalized report. For students at the A1-A2 level, this stage was the most important, since it allowed them to build a chain of events logically related to the listing of individual actions, to turn the narrative into an individual act of communication.

3. The final stage.

At the final stage, the data were processed: the initial and final indicators were compared, the dynamics of changes in the level of motivation and quality of monological speech were analyzed, and conclusions were drawn about the effectiveness of the methodology used.

Experimental results

During the experiment, a number of results were recorded reflecting the effectiveness of the use of the digital storytelling method.

Lowering psychological barriers. The use of digital means has eliminated the "audience effect," which is especially important for students with low

language training (A1). The ability to record speech in controlled and comfortable conditions (using noise-absorbing headphones at home or in the classroom) allowed participants not to be afraid of instant assessment of classmates, but to pay attention to the phonetic accuracy and grammatical correctness of sentences.

High level repetition. In the process of creating a high-quality audio component for digital storytelling, students voluntarily repeated monologues five to seven times. This repeated repetition contributed to the arbitrary but effective automation of basic lexical units and syntactic structures.

Qualitative changes in speech. Comparative analysis of the results of student speech activity showed a significant improvement in the quality of monological speech. When using digital means, students used 20-30%more critical names and logical unions (because so, therefore). The findings show that digital storytelling itself encourages students to use a variety of linguistic tools to make their speech professional, engaging and affecting the audience.

Conclusion

A formative pedagogical experiment confirmed the proposed hypothesis. The results of the study show that the integration of digital storytelling into the process of teaching English to A1-A2-level students contributes to:

increased learning motivation when performing oral assignments;

reducing the psychological stress associated with public speaking;

quantitative and qualitative improvement of monological speech (increase in lexical diversity, use of logical communication tools, automation of grammatical structures).

The data obtained can be used as an effective method of overcoming language barriers in the practical activities of English teachers and developing communication skills at the primary and secondary levels of education.

## References:


1. Kayi-Aydar, H. (2022). Narrative Inquiry in Language Teaching and Learning Research. Routledge.
2. Kunanbayeva, S. S. (2020). Kognitivno-lingvokulturologicheskaya metodologiya inoyazychnogo obrazovaniya [Cognitive-linguoculturological methodology of foreign language education]. Almaty: Edelweiss.
3. Lightbown, P. M., & Spada, N. (2021). How Languages are Learned (5th ed.). Oxford University Press.
4. MTS Media. (2024). Pokolenie Alfa: kharakteristiki, tsennosti i osobennosti [Generation Alpha: characteristics, values, and traits]. Retrieved from https://media.mts.ru/technologies/208695-pokolenie-alfa-harakteristiki
5. Passov, E. I. (2021). Soderzhanie inoyazychnogo obrazovaniya [The content of foreign language education]. Moscow: Proveshcheniye.
6. Richards, J. C. (2022). The Dynamics of Language Education. Cambridge University Press.
7. Rogova, G. V., Rabinovich, F. M., & Sakharova, T. E. (1991). Metodika obucheniya inostrannym yazykam v sredney shkole [Methodology of teaching foreign languages in secondary school]. Moscow: Prosveshcheniye.
8. Solovova, E. N. (2021). Metodika obucheniya inostrannym yazykam: prodvinutyi kurs [Methodology of teaching foreign languages: An advanced course]. Moscow: AST.

# ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ЛЕКСИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

***А. Ж. Укенова***
*Павлодар педагогикалық университетінің студенті,*
***А. О. Каримова***
*ғылыми жетекшісі: аға оқытушы,*

Аңдатпа. Бұл мақалада инклюзивті білім беру жағдайында ағылшын тілі сабақтарында лексиканы оқытудың тиімді әдістері қарастырылады. Оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, сараланған оқыту, визуалды қолдау, ойын технологиялары және коммуникативтік тәсілдердің тиімділігі талданады. Практикалық бөлімде нақты әдіс-тәсілдер ұсынылады.

Аннотация. В статье рассматриваются методы обучения лексике на уроках английского языка в условиях инклюзивного образования. Анализируются дифференцированный подход, визуальная поддержка и игровые технологии.

Abstract. The article discusses methods of teaching vocabulary in English lessons in inclusive education settings. Differentiated instruction, visual support, and communicative techniques are analyzed.

Түйінді сөздер: инклюзивті білім беру, ағылшын тілі, лексика, оқыту әдістері, сараланған оқыту, коммуникативтік тәсіл, ойын технологиялары

Ключевые слова: инклюзивное образование, английский язык, лексика, методы обучения, дифференцированное обучение, коммуникативный подход, игровые технологии

Keywords: inclusive education, English language, vocabulary, teaching methods, differentiated instruction, communicative approach, game-based learning

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде инклюзивті білім беру маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Оның негізгі мақсаты – барлық оқушыларға, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға сапалы білім беру

Ағылшын тілі сабақтарында лексиканы меңгеру – тіл үйренудің негізі. Алайда инклюзивті сыныпта оқушылардың деңгейі, қабылдау ерекшеліктері және оқу қарқыны әртүрлі болғандықтан, дәстүрлі әдістер жеткіліксіз болады. Сондықтан тиімді, икемді және ғылыми негізделген әдістерді қолдану қажет [1].

1. Инклюзивті білім беру жағдайында лексиканы оқытудың ерекшеліктері

Инклюзивті білім беру қазіргі білім беру жүйесінің маңызды бағыты болып табылады және ол барлық білім алушыларға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл жүйе әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктерін ескеруді талап етеді. Қазақстандық зерттеулерде инклюзивті білім беру оқыту процесін икемді ұйымдастыруды және оқушылардың қажеттіліктеріне бейімделген әдістерді қолдануды қажет ететіні атап көрсетіледі [2].

Шетел тілін, соның ішінде ағылшын тілін оқыту барысында лексиканы меңгеру ерекше орын алады, себебі сөздік қор тілдік қарым-қатынастың негізін құрайды. Алайда инклюзивті сыныптарда оқушылардың тілдік деңгейі мен қабылдау ерекшеліктерінің әртүрлі болуы лексиканы оқыту процесін күрделендіреді. Ғылыми зерттеулерде мұндай жағдайда оқыту процесін дараландыру және бейімдеу қажеттілігі ерекше атап өтіледі [3] .

Инклюзивті білім беру жағдайында оқушылардың психологиялық және когнитивтік ерекшеліктері маңызды фактор болып табылады. Кейбір оқушылар ақпаратты тез қабылдайды, ал кейбіреулеріне қосымша уақыт пен қайталау қажет болады. Сонымен қатар, ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларда зейіннің тұрақсыздығы және есте сақтау қабілетінің әлсіздігі байқалуы мүмкін. Осыған байланысты оқыту процесі икемді болуы тиіс және әртүрлі әдістерді қамтуы қажет. Инклюзивті білім беру теориясында бұл тәсіл оқушыға бағытталған оқыту ретінде қарастырылады және ол барлық оқушылардың оқу процесіне қатысуын қамтамасыз етеді [4].

Лексиканы оқытуда маңызды ерекшеліктердің бірі – материалды ұсынудың әртүрлі формаларын қолдану. Инклюзивті ортада тек сөздік аудармамен шектелу жеткіліксіз, сондықтан сөздерді визуалды, аудиалды және практикалық әрекеттер арқылы түсіндіру қажет. Қазақ және ресейлік педагогикалық еңбектерде көрнекілік пен тәжірибелік әрекеттердің оқушылардың ақпаратты жақсы меңгеруіне ықпал ететіні көрсетілген [5] .

Сонымен қатар, инклюзивті сыныпта лексиканы оқытуда контекст маңызды рөл атқарады. Сөздерді жеке емес, нақты жағдайларда қолдану арқылы үйрету олардың мағынасын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл оқушылардың сөздерді тек есте сақтап қана қоймай, оларды сөйлеу барысында қолдануына ықпал етеді. Зерттеулерде көрсетілгендей, тіл үйретуде коммуникативтік бағытты қолдану оқушылардың белсенділігін арттырып, оқу нәтижелерін жақсартады.

Тағы бір маңызды ерекшелік – оқыту процесін икемді ұйымдастыру. Инклюзивті білім беру жағдайында бір ғана әдісті қолдану тиімді нәтиже бермейді, сондықтан мұғалім әртүрлі әдістерді біріктіріп қолдануы қажет. Қазақстандық зерттеулерде инклюзивті білім беру жүйесінде мұғалімнің кәсіби дайындығы мен әдістемелік икемділігі шешуші рөл атқаратыны атап көрсетілген [6].

Сонымен қатар, инклюзивті білім беру оқушылардың мотивациясына да әсер етеді. Егер оқу материалы оқушылардың деңгейіне сәйкес келмесе, олардың қызығушылығы төмендейді. Сондықтан тапсырмаларды жеңілден күрделіге қарай ұйымдастыру және оқушылардың жетістіктерін ескеру маңызды. Инклюзивті тәсілдің негізгі қағидаларының бірі – әр оқушының жетістігін бағалау және қолдау көрсету болып табылады.

Қорыта келе, инклюзивті білім беру жағдайында ағылшын тілі сабақтарында лексиканы оқыту оқушылардың жеке ерекшеліктерін

ескеруді, оқыту әдістерін бейімдеуді және әртүрлі педагогикалық тәсілдерді үйлестіруді талап етеді. Мұндай жағдайда ғана барлық оқушылар үшін тиімді және қолжетімді білім беру ортасын қалыптастыруға болады.

2. Ағылшын тілі сабақтарында лексиканы оқытудың тиімді әдістері

Ағылшын тілі сабақтарында лексиканы тиімді оқыту – оқушылардың тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі шарттарының бірі болып табылады. Әсіресе инклюзивті білім беру жағдайында бұл үдеріс мұғалімнен әртүрлі әдістерді орынды және жүйелі түрде қолдануды талап етеді. Лексиканы меңгерту тек жаңа сөздерді таныстырумен шектелмей, оларды түсіну, есте сақтау және сөйлеу барысында қолдану дағдыларын қалыптастыруды қамтиды. Осыған байланысты сабақта қолданылатын әдістер оқушылардың деңгейіне бейімделіп, олардың белсенді қатысуына бағытталуы тиіс.

Сараланған оқыту әдісі инклюзивті сыныпта ерекше маңызға ие. Бұл тәсіл арқылы мұғалім бір тақырып аясында әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар ұсына алады. Мысалы, "*Food*" тақырыбында бір оқушыларға сурет пен сөзді сәйкестендіру тапсырмасы берілсе, басқа оқушыларға "*I like apples*" немесе "*I don't like milk*" сияқты сөйлемдер құрастыру ұсынылады. Ал жоғары деңгейдегі оқушылар шағын диалог құра алады. Мұндай тәсіл барлық оқушылардың сабаққа қатысуына мүмкіндік береді және олардың өз деңгейінде дамуына жағдай жасайды.

Лексиканы меңгертуде визуалды әдістерді қолдану да өте тиімді. Суреттер мен карточкалар арқылы жаңа сөздерді түсіндіру оқушылардың есте сақтау қабілетін жақсартады. Мысалы, "*Animals*" тақырыбында мұғалім жануарлардың суреттерін көрсетіп, "*This is a lion*", "*This is a rabbit*" деп түсіндіреді, кейін оқушылар осы сөздерді қайталап, суретпен байланыстырады. Бұл әсіресе ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар үшін маңызды, себебі визуалды ақпарат олар үшін түсініктірек болады. Сонымен қатар, қысқа видеолар немесе анимациялар қолдану да сөздердің мағынасын нақты түсінуге көмектеседі.

Ойын технологиялары лексиканы оқытуда ерекше орын алады. Ойын барысында оқушылар белсенді қатысып, жаңа сөздерді табиғи түрде меңгереді. Мысалы, "*Guess the word*" ойынында мұғалім сөзді сипаттайды, ал оқушылар оны табады, мысалы: "*It is big and grey*" дегенде оқушылар "*elephant*" деп жауап береді. Тағы бір мысал ретінде "*Memory game*" ойынын алуға болады, онда оқушылар карточкаларды сәйкестендіру арқылы сөздерді қайталайды. Мұндай ойындар оқушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың есте сақтау қабілетін де дамытады.

Коммуникативтік әдіс те лексиканы меңгертуде маңызды рөл атқарады. Бұл әдіс арқылы оқушылар сөздерді нақты қарым-қатынас барысында қолданады. Мысалы, "*At the shop*" тақырыбында оқушылар жұппен жұмыс істеп, біреуі сатушы, екіншісі сатып алушы рөлін орындайды. Олар "*Can I have an apple?*" - "*Here you are*" сияқты қарапайым диалогтар құрады. Мұндай тапсырмалар оқушылардың сөйлеу дағдыларын

дамытып, сөздерді қолдану дағдысын қалыптастырады. Сонымен қатар, бұл әдіс оқушылардың өзіне деген сенімділігін арттырады.

Лексиканы меңгеруде қайталау да маңызды кезең болып табылады. Жаңа сөздерді әртүрлі тапсырмалар арқылы бірнеше рет қайталау олардың есте сақталуын жақсартады. Мысалы, сабақ басында жаңа сөздер енгізіліп, кейін олар ойын арқылы қайталанады, ал сабақ соңында сөйлем құрастыру арқылы бекітіледі. Мұндай жүйелі жұмыс оқушыларға сөздерді ұзақ уақыт есте сақтауға мүмкіндік береді.

Осылайша, ағылшын тілі сабақтарында лексиканы тиімді оқыту үшін мұғалім әртүрлі әдістерді үйлестіріп қолдануы қажет. Сараланған оқыту, визуалды қолдау, ойын технологиялары және коммуникативтік тәсілдер оқушылардың сөздік қорын дамытуға және оларды белсенді тілдік әрекетке тартуға мүмкіндік береді. Осындай кешенді және икемді тәсілдер ғана инклюзивті білім беру жағдайында тиімді нәтижеге қол жеткізуге негіз болады.

3. Практикалық бөлім (педагогикалық тәжірибе)

Инклюзивті білім беру жағдайында ағылшын тілі сабақтарында лексиканы оқыту барысында әртүрлі әдіс-тәсілдерді тәжірибе жүзінде қолдану олардың тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Педагогикалық практика кезінде сабақтарды жоспарлау барысында оқушылардың деңгейін, жеке ерекшеліктерін және қабылдау мүмкіндіктерін ескеруге ерекше назар аударылды. Негізгі мақсат – барлық оқушылардың сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз ету және жаңа лексиканы түсінікті әрі қолжетімді түрде меңгерту болды.

Сабақ барысында ең алдымен визуалды қолдау әдістері кеңінен қолданылды. Мысалы, “*Animals*” тақырыбын өткен кезде оқушыларға жануарлардың суреттері көрсетіліп, жаңа сөздер сол арқылы енгізілді. Мұғалім әр сөзді анық айтып, оқушылар оны қайталады, кейін суреттер арқылы бекіту жұмыстары жүргізілді. Кейбір оқушылар сөздерді бірден есте сақтаса, енді біреулеріне қосымша уақыт пен қайталау қажет болды. Осыған байланысты тапсырмалар сараланып берілді, яғни бір топ оқушылар тек сөзді атаумен шектелсе, басқа оқушылар сол сөздермен сөйлем құрастыруға тырысты.

Сонымен қатар, ойын технологияларының тиімділігі тәжірибе барысында айқын байқалды. Мысалы, “*Guess the animal*” ойынында мұғалім жануарды сипаттайды, ал оқушылар оны табады. “*It is small. It is white*” деген сипаттама берілгенде оқушылар “*rabbit*” деп жауап береді. Бұл ойын оқушылардың сөздік қорын дамытуға және тыңдалым дағдыларын жетілдіруге көмектесті. Сонымен бірге “*Memory cards*” ойыны арқылы оқушылар сөздер мен суреттерді сәйкестендіріп, жаңа лексиканы қайталады. Ойын элементтері сабақтың қызықты өтуіне және оқушылардың белсенділігінің артуына оң әсер етті.

Коммуникативтік әдіс те сабақ барысында қолданылды. Мысалы, “*My family*” тақырыбында оқушылар өз отбасы мүшелері туралы әңгіме

құрастырды. Олар "*This is my mother. She is kind*" сияқты қарапайым сөйлемдер арқылы өз ойларын жеткізді. Кейбір оқушыларға дайын үлгілер ұсынылса, ал басқалары өз бетінше сөйлеуге тырысты. Бұл тәсіл оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамытуға және жаңа сөздерді практикада қолдануына мүмкіндік берді.

Сабақ барысында жұптық және топтық жұмыстар да ұйымдастырылды. Мысалы, "*Food*" тақырыбында оқушылар шағын диалогтар құрып, бір-бірімен сөйлесті. Бір оқушы сұрақ қойса, екіншісі жауап берді, мысалы: "*Do you like pizza?*" – "*Yes, I do*". Мұндай тапсырмалар оқушылардың қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытып, олардың өзара әрекеттесуіне ықпал етті. Сонымен қатар, топтық жұмыстар барысында оқушылар бір-біріне көмектесіп, тапсырманы бірге орындауға үйренді.

Қайталау және бекіту кезеңіне де ерекше көңіл бөлінді. Әр сабақта жаңа сөздер бірнеше рет әртүрлі формада қайталанып отырды. Алдымен сөздер таныстырылды, кейін ойын арқылы бекітілді, соңында сөйлем немесе диалог ішінде қолданылды. Мұндай жүйелі жұмыс оқушылардың сөздерді жақсы меңгеруіне мүмкіндік берді.

Практика нәтижесінде оқушылардың жаңа сөздерді меңгеру деңгейі артқаны байқалды. Олар сабаққа белсенді қатысып, қарапайым сөйлемдер құрастыра бастады және өз ойларын ағылшын тілінде жеткізуге тырысты. Әсіресе ойын және коммуникативтік әдістер оқушылардың қызығушылығын арттырып, оқу процесін жеңіл әрі тиімді етті.

Осылайша, тәжірибе барысында қолданылған әдіс-тәсілдер инклюзивті білім беру жағдайында лексиканы оқытудың тиімді екенін көрсетті. Сабақты дұрыс ұйымдастыру, оқушылардың ерекшеліктерін ескеру және әртүрлі әдістерді үйлестіре қолдану арқылы жоғары нәтижеге қол жеткізуге болады.

**Қорытынды**

Қорыта келе, инклюзивті білім беру жағдайында ағылшын тілі сабақтарында лексиканы оқыту – ерекше әдістемелік тәсілдерді талап ететін күрделі үдеріс болып табылады. Зерттеу барысында лексиканы тиімді меңгерту үшін сараланған оқыту, визуалды қолдау, ойын технологиялары және коммуникативтік әдістерді кешенді түрде қолдану қажет екені анықталды.

Практикалық тәжірибе көрсеткендей, аталған әдістер оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, олардың сөздік қорын дамытуға және ағылшын тілінде еркін сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Әсіресе инклюзивті сыныпта әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескеру және оқыту процесін соған бейімдеу маңызды рөл атқарады.

Сондықтан мұғалім сабақ барысында тиімді әдістерді дұрыс таңдап, оларды жүйелі түрде қолдануы тиіс. Бұл оқыту сапасын арттырып, барлық оқушылар үшін қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруға ықпал етеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Tomlinson C.A. How to Differentiate Instruction in Academically Diverse Classrooms. / / Alexandria: ASCD, 2018. - 86 б.
2. Мамекова А.Е. Инклюзивті білім беру жағдайында оқыту ерекшеліктері / / Қазақстан ғылымының хабаршысы. - 2025. - №2. - 120-121 бб.
3. Приставко О.А. Особенности обучения иностранному языку в условиях инклюзивного образования / / Вестник педагогических наук. - 2023. - №4. - 56 б.
4. Жуманиязова Г.К. Инклюзивті білім беру жағдайында тіл оқыту әдістемесі / / LingvoSpektr. - 2024. - №1. - 37 б.
5. Мовкебаева З.А. Инклюзивті білім беру негіздері. / / Алматы: Қазақ университеті, 2019. - 47 б.
6. Педагогика жаршысы (Pedagogy Vestnik). Инклюзивті білім беру: теория және практика. / / Қарағанды: Бөкетов атындағы ҚарМУ, 2025. - №1. - 140-141 бб.

# ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА КОММУНИКАТИВТІК ТӘСІЛДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ КЕЗІНДЕ АУТЕНТТІК МАТЕРИАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ (ОРТА КЕЗЕҢ МЫСАЛЫНДА)

*Павлодар педагогикалық университетінің бакалавриаты,*
***М. Ф.Антмухаметова***
*ғылыми жетекшісі: педагогика ғылымдарының кандидаты,*
*қауым.профессор*
***Қ. Ә. Жетпісбай***

**Аннотация.** Мақалада шетел тілін оқытуда коммуникативтік тәсіл негізінде аутенттік материалдарды қолдану мәселесі қарастырылады. 8-сынып оқушыларымен жүргізілген тәжірибелік жұмыс нәтижелері ауызша сөйлеу, тыңдалым және лексикалық дағдылардың айтарлықтай дамығанын көрсетті.

В статье рассматривается использование аутентичных материалов в обучении иностранному языку на основе коммуникативного подхода. Результаты экспериментальной работы с учащимися 8-го класса показали значительное развитие навыков говорения, аудирования и лексики.

The article examines the use of authentic materials in foreign language teaching based on the communicative approach. Experimental work with 8th-grade students demonstrated significant improvement in speaking, listening and vocabulary skills.

**Түйін сөздер:** аутенттік материалдар, коммуникативтік тәсіл, шетел тілі, орта кезең, тілдік құзыреттілік, сөйлеу дағдысы, мотивация

Аутентичные материалы, коммуникативный подход, иностранный язык, средний уровень, языковая компетентность, речевые навыки, мотивация

Authentic materials, communicative approach, foreign language, intermediate level, language competence, speaking skills, motivation

Қазіргі таңда шетел тілін оқыту білім беру жүйесінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Жаһандану жағдайында адамдардың шетел тілдерін меңгеруі халықаралық қарым-қатынас жасауға, мәдениетаралық байланыстарды дамытуға және кәсіби мүмкіндіктерін

кеңейтуге мүмкіндік береді. Сондықтан шетел тілін оқытуда тиімді әдістер мен тәсілдерді қолдану ерекше маңызға ие. Солардың бірі – коммуникативтік тәсіл. Коммуникативтік тәсілдің басты мақсаты – оқушылардың тілдік қарым-қатынас жасау қабілетін дамыту. Бұл тәсіл арқылы оқушылар шетел тілін тек грамматикалық ережелерді меңгеру үшін емес, нақты өмірлік жағдайларда қолдану үшін үйренеді. Коммуникативтік тәсілді жүзеге асыруда аутенттік материалдардың рөлі өте маңызды. Аутенттік материалдар – тіл тасымалдаушылары қолданатын шынайы тілдік материалдар. Оларға газет-журнал мақалалары, бейнероликтер, әндер, жарнамалар, фильм үзінділері және түрлі интернет материалдары жатады. Мұндай материалдар оқушыларды шынайы тілдік ортаға жақындатып, олардың қызығушылығын арттырады. Бұл мақаланың мақсаты – шетел тілін оқытуда коммуникативтік тәсілді жүзеге асыру барысында аутенттік материалдарды қолданудың тиімділігін анықтау және оны орта кезеңде қолдану ерекшеліктерін қарастыру.

XX ғасырдың 70-жылдарында шетел тілін оқыту әдістемесінде түбегейлі өзгерістер орын алды. Осы кезеңге дейін үстемдік еткен грамматика-аударма әдісі мен аудиолингвалдық әдіс оқушыларға тілдің формалдық жағын — грамматикалық ережелерді, сөз тіркестерін жаттауды және аударманы — үйретуге баса назар аударды. Алайда бұл тәсілдердің басты кемшілігі айқын болды: оқушылар грамматиканы жетік меңгере отырып, нақты өмірдегі қарым-қатынас жағдаяттарында тілді еркін қолдана алмады.Осы олқылықты жою мақсатында британдық лингвист Делл Хаймс (Dell Hymes) 1972 жылы «коммуникативтік құзыреттілік» (communicative competence) ұғымын ғылыми айналымға енгізді. Ол тілдік құзыреттіліктің жеткіліксіз екенін, яғни грамматикалық ережелерді білу ғана емес, сол тілді нақты әлеуметтік жағдаятқа сай дұрыс қолдана білудің маңызды екенін дәлелдеді. Осы идея негізінде коммуникативтік тілді оқыту тәсілі (Communicative Language Teaching — CLT) қалыптасты.Коммуникативтік тәсілдің дамуына Генри Уидоусон (Henry Widdowson), Кристофер Кандлин (Christopher Candlin), Джон Сэвиньон (Sandra Savignon) сияқты ғалымдар үлкен үлес қосты. Олардың зерттеулері тілді оқытуда мағынаға, қарым-қатынасқа және тіл қолданысының нақты мақсатына ерекше мән берудің қажеттілігін негіздеді.

X ғасырдың 70-жылдарында шетел тілін оқыту әдістемесінде түбегейлі өзгерістер орын алды. Осы кезеңге дейін үстемдік еткен грамматика-аударма әдісі мен аудиолингвалдық әдіс оқушыларға тілдің формалдық жағын — грамматикалық ережелерді, сөз тіркестерін жаттауды және аударманы — үйретуге баса назар аударды. Алайда бұл тәсілдердің басты кемшілігі айқын болды: оқушылар грамматиканы жетік меңгере отырып, нақты өмірдегі қарым-қатынас жағдаяттарында тілді еркін қолдана алмады.Осы олқылықты жою мақсатында британдық лингвист Делл Хаймс (Dell Hymes) 1972 жылы «коммуникативтік құзыреттілік» (communicative competence) ұғымын ғылыми айналымға енгізді. Ол тілдік құзыреттіліктің

жеткіліксіз екенін, яғни грамматикалық ережелерді білу ғана емес, сол тілді нақты әлеуметтік жағдаятқа сай дұрыс қолдана білудің маңызды екенін дәлелдеді. Осы идея негізінде коммуникативтік тілді оқыту тәсілі (Communicative Language Teaching — CLT) қалыптасты.Коммуникативтік тәсілдің дамуына Генри Уидоусон (Henry Widdowson), Кристофер Кандлин (Christopher Candlin), Джон Сэвиньон (Sandra Savignon) сияқты ғалымдар үлкен үлес қосты. Олардың зерттеулері тілді оқытуда мағынаға, қарым-қатынасқа және тіл қолданысының нақты мақсатына ерекше мән берудің қажеттілігін негіздеді.

«Аутенттік материал» ұғымы шетел тілін оқыту әдістемесінде өзіндік орынға ие. Бұл термин ағылшын тілінің «authentic» сөзінен шыққан және «шынайы», «нақты» деген мағынаны білдіреді. Әдіскерлер арасында осы ұғымның бірнеше анықтамасы қалыптасқан. Генри Уидоусонның пікірінше, аутенттік материалдар — оқыту мақсатында арнайы жасалмаған, тілді жергілікті тұтынушылар үшін, нақты мақсатпен жасалған материалдар. Дэвид Нунан (David Nunan) болса аутенттік материалды «сыныптан тыс, шынайы өмірде тіл тасымалдаушылары арасындағы табиғи қарым-қатынас үшін жасалған кез келген материал» деп анықтайды. Қысқаша айтқанда, аутенттік материалдар — бастапқыда тіл үйренушілерге емес, сол тілдің ана тілі не кәсіби тілі болып табылатын адамдарға арнап жасалған мәтін, аудио, бейне немесе өзге де деректер.

Аутенттік материалдарды бірнеше топқа жіктеуге болады:

1) Мәтіндік аутенттік материалдар:

Газет және журнал мақалалары

Жарнама мәтіндері мен хабарландырулар

Нұсқаулықтар мен рецепттер

Ресми хаттар мен іскерлік құжаттар

Кітаптардан үзінділер

Интернет-блогтар мен форум жазбалары

2) Аудиовизуалды аутенттік материалдар:

Деректі және көркем фильмдер

Теледидар бағдарламалары мен жаңалықтар

Радио хабарлары мен подкасттар

Жарнамалық роликтер

YouTube бейнелері мен влогтар

3) Аудио аутенттік материалдар:

Ән мәтіндері (song lyrics)

Радио сұхбаттары

Табиғи диалогтар мен сөйлесімдердің жазбалары

4) Цифрлық аутенттік материалдар:

Веб-сайттар мен интернет-порталдар

Әлеуметтік желілердегі жазбалар (Twitter/X, Instagram)

Электрондық хаттар

Онлайн-дүкендердің сипаттамалары мен пікірлері

Аутенттік материалдарды сабаққа енгізу — мұғалімнен жоғары кәсіби шеберлік пен мұқият дайындықты талап ететін процесс. Материалды дұрыс таңдау оқытудың тиімділігін айтарлықтай арттырады, ал дұрыс таңдалмаған материал оқушыларда сенімсіздік пен қызығушылықтың жоғалуына әкелуі мүмкін. Аутенттік материалды таңдау кезінде мұғалім бірнеше негізгі өлшемдерге сүйенуі тиіс. Бірінші және ең маңызды өлшем — оқушының тілдік деңгейіне сәйкестігі. Таңдалған материал оқушы үшін шамадан тыс қиын да, шамадан тыс оңай да болмауы керек. Стивен Крашеннің «i+1» гипотезасына сәйкес, материал оқушының қазіргі деңгейінен бір қадам жоғары болуы тиіс — яғни жеткілікті дәрежеде қиын, бірақ контекст арқылы түсінуге болатындай. Орта кезең үшін B1–B2 деңгейіне сәйкес келетін материалдар оңтайлы болып есептеледі.

Екінші маңызды өлшем — тақырыптық өзектілік және қызығушылық. Материал оқушылардың жасына, мүддесіне және өмірлік тәжірибесіне сай болуы маңызды. Мысалы, жасөспірімдер үшін музыка, спорт, технологиялар немесе саяхат тақырыбындағы материалдар жоғары мотивация тудырады. Үшінші өлшем мәдени қарым-қатынасқа бағыттылық болып табылады: аутенттік материал оқушыға тілді жай ғана тілдік жүйе ретінде емес, белгілі бір мәдениеттің, қоғамның айнасы ретінде таныстыруы тиіс. Мұндай материалдар тілдік білімді мәдениетаралық құзыреттілікпен ұштастырады. Бұған қоса, таңдалған материал тек оқу немесе тыңдау үшін ғана емес, оның негізінде нақты коммуникативтік тапсырмалар — пікір алмасу, рөлдік ойын, жоба жасау — орындалуы мүмкін болуы тиіс. Техникалық тұрғыдан да материал сапалы, анық және сыныпта қолдануға ыңғайлы болуы керек.

Аутенттік материалдарды қолдану кезінде мұғалімнің алдында маңызды міндет тұрады: материалдың аутенттілігін сақтай отырып, оны оқушы деңгейіне бейімдеу. Мұны бірнеше тәсіл арқылы жүзеге асыруға болады. Ең тиімді жол — материалдың өзін емес, оған берілетін тапсырманың күрделілік деңгейін реттеу. Бір материалға B1 деңгейі үшін жай сұрақтар, B2 деңгейі үшін талдауды талап ететін тапсырмалар беруге болады. Сонымен қатар күрделі сөздерді немесе идиомаларды материалмен танысудан бұрын үйрету, ұзақ материалдардан оқу мақсатына сай келетін үзінділерді ғана алу және суреттер, кестелер, сөздіктер арқылы мәтін немесе бейнені түсінуді жеңілдету тиімді тәсілдер болып табылады. Маңызды қағида: материалды өзгерту емес, тапсырма мен педагогикалық қолдауды икемдеу — аутенттіліктің сақталуының кепілі.

Аутенттік материалдармен жұмысты сабақтың үш кезеңіне сәйкес ұйымдастыру тиімді нәтиже береді. Бірінші кезең — дейінгі жұмыс (pre-task). Бұл кезеңде оқушыларды материалдың тақырыбына дайындау, фондық білімді белсендіру және алдын ала лексиканы меңгерту жүргізіледі. Мысалы, бейнені көрсетпес бұрын тақырып бойынша «ми шабуылы» өткізу немесе болжам жасату тиімді тәсіл болып табылады. Екінші кезең — материалмен тікелей жұмыс (while-task). Оқушылар нақты тапсырмамен

материалмен жұмыс жасайды, тапсырмалар кезеңдік болуы тиіс: алдымен жалпы мазмұнды түсіну, содан кейін нақты ақпаратты табу, соңында тіл ерекшеліктеріне назар аудару. Үшінші кезең — кейінгі жұмыс (post-task). Бұл кезең коммуникативтік тәсілдің жүрегі болып табылады: оқушылар материал негізінде шынайы қарым-қатынасқа түседі, пікір білдіреді, талқылайды, шығармашылық тапсырмалар орындайды, жоба дайындайды.

Мәтіндік аутенттік материалдармен жұмыста мұғалім оқушыларды мәтіннен ақпаратты механикалық түрде тауып, аудармасын жазу сияқты дәстүрлі тапсырмалардан бас тартуы тиіс. Орнына коммуникативтік мақсатқа бағытталған тапсырмалар ұсынылады. Мысалы, жаңалық мақаласымен жұмыста оқушылар мақаланың тақырыбы мен суреті бойынша мазмұнды алдын ала болжайды, мақалада айтылған фактілерге өз позицияларын білдіреді, қолданылған дәлелдерді бағалайды немесе мақалаға «жауап» ретінде редакторға хат жазады. Жарнамамен жұмыста оқушылар жарнамада қандай психологиялық тәсілдер қолданылғанын талдайды, өздері осындай жарнама жасап таныстырады немесе жарнамаланып отырған өнімнің артықшылықтары мен кемшіліктерін талқылайды. Рецепт немесе нұсқаулықпен жұмыс жасағанда оқушылар белгілі бір процесті мұғалімге немесе сыныпқа қадамдық түрде түсіндіреді, материалдың тілдік ерекшеліктерін — бұйрық рай, реттік сандарды — талдайды.

Зерттеудің практикалық бөлімі мектеп жағдайында жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмысқа негізделген. Зерттеуге 8-сыныптың 24 оқушысы қатысты. Оқушылардың ағылшын тілі деңгейі Еуропалық тілдік портфель жүйесі бойынша жалпы алғанда B1 деңгейіне сәйкес келді. Тәжірибелік жұмыстың басты мақсаты — аутенттік материалдарды коммуникативтік тәсілмен біріктіріп қолданудың орта кезең оқушыларының тілдік құзыреттілігіне тигізетін әсерін анықтау болды.

Тәжірибелік жұмыс үш кезеңде жүргізілді: анықтаушы, қалыптастырушы және бақылау кезеңдері.

Анықтаушы кезеңде оқушылардың бастапқы тілдік деңгейі анықталды. Оқушыларға ауызша сөйлеу тапсырмасы, тыңдалым тесті және лексикалық тест берілді. Бастапқы бақылау нәтижелері оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысы мен тыңдалым дағдысының жеткіліксіз деңгейде екенін көрсетті. Оқушылардың көпшілігі ауызша тапсырмаларды орындауда ана тіліне жиі ауысып кетті, аутенттік аудиоматериалдармен жұмыс жасауда қиналды. Алынған нәтижелер төмендегі кестеде берілген.

*1-кесте. Оқушылардың бастапқы тілдік деңгейі*

| Дағды түрі | Жоғары деңгей | Орта деңгей | Төмен деңгей |
|---|---|---|---|
| **Ауызша сөйлеу** | 4 оқушы (16,7%) | 13 оқушы (54,2%) | 7 оқушы (29,1%) |
| **Тыңдалым** | 5 оқушы (20,8%) | 12 оқушы (50%) | 7 оқушы |

| Дағды түрі | Жоғары деңгей | Орта деңгей | Төмен деңгей |
|---|---|---|---|
| | | | (29,2%) |
| **Лексикалық білім** | 6 оқушы (25%) | 11 оқушы (45,8%) | 7 оқушы (29,2%) |

Кестеден көріп отырғанымыздай, үш дағды бойынша да жоғары деңгейдегі оқушылар саны 25%-дан аспады, ал төмен деңгейдегі оқушылар үш топта да шамамен бірдей — 29% — болды. Бұл нәтижелер тәжірибелік жұмысты жүргізудің өзектілігін растады.

Қалыптастырушы кезеңде аутенттік материалдарды қолдануға негізделген сабақтар жүйесі іске асырылды. Барлығы 8 сабақ өткізілді, әр сабақта әртүрлі аутенттік материал түрлері қолданылды.

Бақылау кезеңінде өткізілген сабақтардан кейін оқушылардың тілдік дамуын бағалау үшін қорытынды бақылау тапсырмалары жүргізіліп, бастапқы нәтижелермен салыстырылды.

Қалыптастырушы кезеңде өткізілген 8 сабақ аутенттік материалдардың әртүрлі түрлерін қамтыды. Әр сабақта қолданылған материалдар, тақырыптар және белсенділік көрсеткіштері төмендегі кестеде жинақталған.

*2-кесте. Өткізілген сабақтардың жалпы сипаттамасы*

| Сабақ | Сабақ | Қолданылған материал | Белсенді оқушылар |
|---|---|---|---|
| **1** | Environment | BBC News бейне репортажы, The Guardian мақаласы | 16 (66,7%) |
| **2** | Travel and cultures | TED Talk баяндамасы | 15 (62,5%) |
| **3** | Healthy lifestyle | BBC Good Food рецепттері | 17 (70,8%) |
| **4** | Technology | Apple жарнамасы, Tech Radar мақаласы | 19 (79,2%) |
| **5** | Famous people | TIME Magazine мақаласы | 16 (66,7%) |

Кестеден көрінгендей, сабақтардағы ауызша белсенділік орташа алғанда 79,2%-ды құрады. Ең жоғары белсенділік 4-сабақта — «Technology» тақырыбында — байқалды. Бұл оқушылардың күнделікті өміріне тікелей

қатысты тақырыптардың мотивацияны айтарлықтай арттыратынын көрсетеді.

Енді өткізілген сабақтардың мазмұны мен барысын толығырақ қарастырайық.

Бірінші сабақ — «Environment and Our Responsibility» BBC News порталынан алынған «Why young people are leading the climate movement» атты бейне репортаж және The Guardian газетінен алынған мақала үзіндісі негізінде өткізілді. Сабақ басында оқушыларға тақтада үш фотосурет — таза орман, ластанған өзен және жастардың экологиялық митингі — көрсетілді. Оқушылар суреттер бойынша болжам жасады, негізгі лексиканы меңгерді. Содан кейін бейне дыбыссыз, кейін дыбыспен екі рет көрсетілді. Мәтінмен топтық жұмыс жүргізілді. Сабақтың қорытынды бөлімінде оқушылар «жастар климаттық мәселені шеше ала ма?» деген тақырыпта пікірталасқа қатысты. Бақылау барысында сыныптың 66,7%-ының ауызша белсенділік танытқаны байқалды. Оқушылар «renewable energy», «carbon footprint», «sustainable» сөздерін жаңа лексика ретінде меңгерді.

Екінші сабақ — «Travel and Cultures» TED Talk платформасынан алынған қысқа баяндама үзіндісі негізінде өткізілді. Оқушыларға алдымен баяндамашының суреті мен тақырыбы көрсетіліп, не туралы айтылатынын болжату ұсынылды. Бейне көрсетілгеннен кейін оқушылар жұптарда «өз мәдениетімізде не ерекше?» деген тақырыпта сөйлесті. Топтарда «Қазақстанды шетелдіктерге қалай таныстырар едіңіз?» деген жобалық тапсырма орындалды. Бұл сабақта оқушылардың мәдени сәйкестілік тақырыбына ерекше қызығушылық танытқаны байқалды. Жобалық тапсырма барысында оқушылар ағылшын тілінде шығармашылық ой жүгіртуге тырысты.

Үшінші сабақ — «Healthy Lifestyle» BBC Good Food веб-сайтынан алынған нақты рецепт мәтіндері мен тағамдық кеңестер негізінде өткізілді. Оқушылар алдымен рецептті оқып, бейтаныс сөздердің мағынасын контекст арқылы болжауға тырысты. Содан кейін «диетолог пен клиент» рөлдік ойыны өткізілді: бір оқушы диетолог рөлінде кеңес берді, екіншісі клиент рөлінде сұрақ қойды. Сабақтың соңында әр оқушы өзінің «пайдалы тағам рецептін» ауызша таныстырды. Рөлдік ойын форматы оқушылардың сөйлеуге деген психологиялық кедергісін жоюда тиімді болды — тіпті бұрын сабақта аз сөйлейтін оқушылар да белсенділік танытты.

Төртінші сабақ — «Technology in Our Life» Apple компаниясының нақты жарнамалық роликі және Tech Radar технологиялық порталынан алынған мақала үзіндісі негізінде өткізілді. Алдымен жарнаманы тыңдалым тапсырмасымен бірге көрді, содан кейін оқушылар жарнамада қандай психологиялық тәсілдер қолданылғанын топтарда талқылады. Мақала оқылып, жарнамамен салыстырылды. Сабақтың негізгі коммуникативтік тапсырмасы — «өз гаджетіңізді жарнамалаңыз» болды: оқушылар жұптарда өздері ойдан шығарған технологиялық өнімді ағылшын тілінде жарнамалап таныстырды. Бұл тапсырма оқушылар арасында ең жоғары қызығушылық

тудырды — барлық жұптар тапсырманы белсенді орындады, ауызша белсенділік 79,2%-ға жетті.

Бесінші сабақ — «Famous People and Their Stories» TIME Magazine журналынан алынған танымал тұлға туралы мақала үзіндісі негізінде өткізілді. Оқушылар мақаланы оқып, кейіпкердің өмірбаянын хронологиялық кестеге толтырды. Содан кейін «журналист пен танымал тұлға» рөлдік сұхбаты өткізілді. Сабақтың соңында оқушылар өздері таңдаған қазақстандық танымал тұлға туралы қысқаша баяндама дайындап айтты. Оқушылар нақты адам туралы мақаламен жұмыс жасағанда материалды ерекше қызығушылықпен қабылдады, биографиялық кесте тапсырмасы тыңдалым мен оқылым дағдыларын бір уақытта дамытуға мүмкіндік берді.

Барлық 5 сабақ өткізілгеннен кейін оқушылардың тілдік дамуын бағалау үшін қорытынды бақылау тапсырмалары жүргізілді. Бастапқы және қорытынды нәтижелер үш негізгі дағды бойынша салыстырылды. Ауызша сөйлеу дағдысы бойынша жоғары деңгейдегі оқушылар саны 16,7%-дан 37,5%-ға дейін өсті, яғни 20,8%-ға артты. Төмен деңгейдегі оқушылар саны 29,1%-дан 8,3%-ға дейін қысқарды. Тыңдалым дағдысы бойынша жоғары деңгейдегі оқушылар саны 20,8%-дан 45,8%-ға дейін — 25%-ға — өсті. Лексикалық білім бойынша ең жоғары өсім байқалды: жоғары деңгейдегі оқушылар саны 25%-дан 54,2%-ға дейін, яғни 29,2%-ға артты.

Мектепте жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелерін жинақтай келе, мынадай тұжырымдар жасауға болады. Аутенттік материалдарды жүйелі қолдану оқушылардың ауызша сөйлеу, тыңдалым және лексикалық дағдыларын айтарлықтай дамытады — тәжірибе барысында барлық үш дағды бойынша оң динамика байқалды. Оқушылар аутенттік материалдармен жұмыс жасағанда жоғары мотивация көрсетті, бұл ең алдымен материалдардың олардың күнделікті өміріне — технологияларға, әлеуметтік желілерге, кино мен музыкаға — қатысты болуымен түсіндіріледі. Рөлдік ойындар мен пікірталас форматтары оқушылардың ауызша белсенділігін арттырудың ең тиімді жолдары болып шықты: оқушылар өздерін нақты коммуникация жағдаятында сезінген кезде тілдік кедергіні жеңу оңайырақ болды. Тәжірибе барысында кейбір қиындықтар да кездесті: бейне материалдардың дыбыс сапасы, уақытты дұрыс жоспарлау мәселелері және кейбір оқушылардың аутенттік материалдардың күрделілігінен қысылуы. Алайда бұл қиындықтар мұғалімнің икемді педагогикалық жоспарлауы арқылы жеңілді.

Теориялық талдау коммуникативтік тәсіл мен аутенттік материалдардың өзара байланысының органикалық сипатта екенін көрсетті. Коммуникативтік тәсілдің басты мақсаты оқушыны шынайы қарым-қатынасқа дайындау болса, аутенттік материалдар дәл осы мақсатты жүзеге асырудың ең тиімді құралы болып табылады. Орта кезең оқушылары үшін бұл материалдар тілдік тоқырауды жеңуде және оқуға деген ынтаны сақтауда ерекше маңызға ие екені анықталды.

Осы зерттеу жұмысында шетел тілін оқытуда коммуникативтік тәсілді жүзеге асыру кезінде аутенттік материалдарды қолданудың теориялық негіздері мен практикалық мүмкіндіктері 8-сынып мысалында кешенді түрде қарастырылды.

Зерттеудің бірінші тарауында коммуникативтік тәсілдің мәні мен негізгі қағидалары, аутенттік материалдардың түрлері мен жіктелуі, сондай-ақ орта кезең оқушыларының тілдік ерекшеліктері теориялық тұрғыдан талданды. Коммуникативтік тәсілдің басты мақсаты оқушыны шынайы қарым-қатынасқа дайындау болса, аутенттік материалдар дәл осы мақсатты жүзеге асырудың ең тиімді құралы екені анықталды. Орта кезең оқушылары үшін аутенттік материалдардың маңызы ерекше: дәл осы кезеңде оқушылар тілдік тоқырауға ұшырайды, ал шынайы медиа материалдар осы тоқырауды жеңудің және оқуға деген ынтаны қайта жандандырудың тиімді жолы болып табылады.

Зерттеу барысында аутенттік материалдарды сабаққа енгізудің тиімді жолдары да анықталды. Материалдарды «дейін — кезінде — кейін» үш кезеңдік моделі бойынша ұйымдастыру, рөлдік ойындар мен пікірталас форматтарын белсенді қолдану, оқушылардың жасы мен мүддесіне сай материал таңдау — осылардың барлығы коммуникативтік белсенділікті айтарлықтай арттыратыны практика жүзінде дәлелденді.

Жалпы қорытындылай келе, аутенттік материалдарды коммуникативтік тәсілмен үйлесімді қолдану орта кезең оқушыларының тілдік құзыреттілігін, мотивациясын және мәдениетаралық санасын бір уақытта дамытудың тиімді жолы екені теория мен практика тұрғысынан толық дәлелденді. Бұл тәсіл шетел тілін оқытуды жасанды жаттығулар жиынтығынан шынайы қарым-қатынасқа дайындық процесіне айналдырады. Болашақта аутенттік материалдарды қолданудың ұзақ мерзімді әсерін зерттеу, сондай-ақ цифрлық ресурстардың — подкасттар, YouTube, әлеуметтік желілер — тиімділігін жеке зерттеу перспективалы бағыттар болып табылады.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Қабдықайырова А.Қ. Шетел тілін коммуникативтік тәсіл негізінде оқыту мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. (180 б.)
2. Сәрсенбаева Б.Р. Ағылшын тілін оқытуда аутенттік материалдарды пайдалану. – Нұр-Сұлтан: Білім, 2020. (156 б.)
3. Жақсыбекова Г.Т. Орта мектепте шетел тілін оқытудың инновациялық әдістері. – Алматы: Атамұра, 2021. (184 б.)
4. Әбілқасымова А.Е. Жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде шетел тілін оқыту. – Алматы: Мектеп, 2018. (210 б.)
5. Нұрахметов Н. Ағылшын тілін оқытудың теориясы мен практикасы. – Алматы: Рауан, 2003. (196 б.)
6. Тәжібаева С.Ж. Мектепте шетел тілін оқытудың әдістемесі. – Алматы: Атамұра, 2017. (224 б.)
7. Өстеміров К., Шаметов Н., Ұлақов М. Кәсіптік педагогика. – Алматы: Білім, 2006. (68 б.)

8. Қасқатаева Б.Қ. Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру жолдары. – Шымкент: Нұрлы жол, 2022. (140 б.)
9. Аутенттік материалдарды қолдану туралы // Bilimger.kz. – 2023. – URL: https://bilimger.kz/179934/
10. Использование аутентичных текстов при обучении иностранному языку // Journal Dogma. – 2022. – URL: https://journaldogma.esrae.ru/ru/26-r499
11. Коммуникативный подход в обучении иностранным языкам // Молодой ученый. – 2015. – URL: https://moluch.ru/archive/88/17465/
12. Уразбай К.Р., Ниязова А.Е. Аутенттік бейнематериалдарды қолдану // Вестник педагогики. – 2021. – URL: https://vestnik-pedagogic.tou.edu.kz
13. Интерактивные технологии в обучении языкам // Yazlit. – 2022. – URL: https://yazlit.ppu.edu.kz

# THE USE OF DIGITAL TECHNOLOGIES (KAHOOT, WORDWALL, QUIZZES) IN TEACHING ENGLISH TO PRIMARY SCHOOL CHILDREN

***Tlektes A.Zh.***
*Student of Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan, Pavlodar*
***Kamesheva Yu.O.***
*Academic supervisor: Senior teacher, Master of Pedagogical Sciences, Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan, Pavlodar*

This article examines the use of digital technologies Kahoot, Wordwall, and Quizlet in teaching English to primary school students. It analyzes interactive learning and pedagogical benefits, focusing on their impact on students' motivation, language skills development, and the effectiveness of learning outcomes.

Keywords: digital technologies, English language teaching, Kahoot, Wordwall, Quizlet, primary school, interactive learning.

Қазіргі білім беру үдерісінде цифрлық технологиялар маңызды рөл атқарады. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тілін оқытуда Kahoot, Wordwall және Quizlet платформаларын қолдану қарастырылады. Аталған сервистердің мүмкіндіктері, ұқсастықтары мен айырмашылықтары талданып, олардың оқушылардың мотивациясын арттыруға және тілдік дағдыларды дамытуға әсері көрсетіледі. Зерттеу нәтижесі интерактивті платформалардың оқу тиімділігін арттыратынын дәлелдейді.

Тірек сөздер: цифрлық технологиялар, ағылшын тілін оқыту, Kahoot, Wordwall, Quizlet, бастауыш сынып, интерактивті оқыту.

В статье рассматривается использование образовательных платформ Kahoot, Wordwall и Quizlet при обучении английскому языку учащихся начальных классов. Анализируются их основные функции, сходства и различия, а также педагогические преимущества применения на уроках. Особое внимание уделяется влиянию цифровых технологий на мотивацию учащихся, развитие языковых навыков и эффективность усвоения учебного материала.

Ключевые слова: цифровые технологии, обучение английскому языку, Kahoot, Wordwall, Quizlet, начальная школа, интерактивное обучение.

At present, the development of digital technologies has a significant impact on the education system. Modern students grow up in a digital environment. Therefore, the use of technology in the classroom is becoming an important part of the educational process. This is especially relevant in foreign language teaching, where visualization, repetition, and active student participation play a key role.Teaching English in primary school has its own specific features. Children of primary school age perceive information better through games, vivid images, and interactive tasks. For this reason, traditional teaching methods are not always sufficiently effective. In such conditions, the use of digital educational platforms can significantly improve the learning process.

Today, many online tools help teachers organize engaging and interactive lessons. Among them, platforms such as Kahoot, Quizlet, and Wordwall are particularly popular. These services allow teachers to create various tasks, games, and quizzes that help students better assimilate the learning material.The relevance of this topic lies in the fact that the use of digital technologies contributes to increasing students' motivation, developing their interest in learning English, and improving the quality of education.

The aim of this article is to examine the features of using Kahoot, Wordwall, and Quizlet platforms in teaching English to primary school students. To achieve this aim, the following objectives are set: to examine the main functions of Kahoot, Quizlet, and Wordwall; to identify their similarities and differences; to analyze the advantages of using these technologies in English language lessons in primary school.Modern educational technologies are actively being integrated into foreign language teaching. The use of interactive platforms allows lessons to become more dynamic, engaging, and effective. Among the most popular educational tools are Kahoot, Quizlet, and Wordwall.

Kahoot is an online platform that allows users to create quizzes, tests, and surveys in a game-based format. The teacher can prepare questions on the topic being studied, and students answer them using their devices. A distinctive feature of this platform is the competitive element: students receive points for correct answers and the speed of task completion. This creates a game-like atmosphere and encourages students to actively participate in the lesson.

Quizlet is an educational platform mainly designed for learning and memorizing words and terms. The main tool of this service is flashcards, which help students memorize new vocabulary. In addition, the platform offers various learning modes, such as tests, written exercises, and game-based tasks. Due to the variety of exercises, students can revise the material in different formats.

Wordwall is a platform that allows teachers to create various interactive tasks and games. For example, it can be used to create matching exercises, quizzes, crosswords, multiple-choice games, and many other types of tasks. One of the advantages of Wordwall is the ability to adapt tasks to the level of students.

Despite the fact that all three platforms have a similar goal—to make learning more interactive and engaging – there are certain differences between them. Kahoot is more focused on conducting quizzes and competitions in the

classroom. Quizlet is mainly used for learning and revising vocabulary. Wordwall is distinguished by a wide variety of game-based exercises and the ability to create different types of tasks.

The use of digital platforms in teaching English has many advantages, especially when working with primary school students. First of all, interactive technologies contribute to increasing students' motivation. Young learners often get tired of traditional forms of instruction more quickly. However, the use of game elements makes the lesson more interesting and engaging. When children participate in quizzes or games, they perceive the learning process as entertainment, which increases their desire to learn.

Цифрландыру жағдайында гуманитарлық пәндерді оқытудың басты мәселелерінің бірі – гуманитарлық білімнің аксиологиялық (құндылықтық) өлшемінің технологиялық детерминизмге ұшырау қаупі. Бүгінгі таңда көптеген оқу орындарында гуманитарлық пәндерді оқыту процессі жиі жеңілдетіліп, мазмұндық тереңдіктен гөрі цифрлық форматта берілуіне басымдық берілуде. Қазіргі таңда білім беру жүйесі терең цифрлық трансформация кезеңін бастан кешіруде, бұл үдеріс гуманитарлық пәндердің оқытылуына да түбегейлі әсер етуде. Сандық технологиялардың оқу процесіне жаппай енгізілуі дәстүрлі гуманитарлық білімнің философиялық негіздері мен әдіснамалық принциптеріне жаңа сын-тегеуріндер туғызуда.

Гуманитарлық пәндердің ерекшелігі – олар тек ақпарат беріп қана қоймай, адамның рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға, сыни ойлау мен эмпатияны дамытуға бағытталғандығында. Алайда цифрлық ортаның прагматикалық және алгоритмдік логикасы кейде осы терең гуманитарлық мағыналарды ығыстырып жіберу қаупін төндіруде. Бұл мәселенің өзектілігі соншалық, бүгінгі таңда Қазақстанның жетекші ғалымдары – А.Қ. Нұрғалиева, Ж.А. Қараев, С.Ж. Пірәлиев – өз зерттеулерінде цифрлық дәуірдегі гуманитарлық білімнің сақталуы мен дамуы жолдарын қарастыруда. Осы мақалада біз цифрландыру жағдайында гуманитарлық пәндерді оқытудың негізгі проблемаларын жүйелеп, оларды шешудің тиімді жолдарын ұсынуды мақсат етеміз.

Қазіргі зерттеулер көрсеткендей, цифрландыру тек техникалық жаңару емес, ол білім беру жүйесінің мазмұндық өзгеруіне әкеледі. Зерттеуші М. Кастельстің пікірінше, ақпараттық қоғамда білімнің басты мақсаты – ақпаратты есте сақтау емес, оны талдау және интерпретациялау қабілетін дамыту [5, 23-б.].

Ал В. А. Сластенин білім берудегі инновацияларды енгізуде тұлғалық-бағдарлы оқытуға ерекше мән береді. Оның ойынша, цифрлық

технологиялар тек құрал ретінде қарастырылып, негізгі назар студенттің жеке дамуына бағытталуы тиіс [6, 45-б.]

Гибридті гуманитарлық модель

Біздің ойымызша, гуманитарлық пәндерді оқытудың тиімділігін арттыру үшін «гибридті гуманитарлық модельді» енгізу қажет.

Бұл модель үш негізгі компоненттен тұрады:

•Дәстүрлі әдістер

мәтіндік талдау

пікірталас

сыни ойлау

•Цифрлық технологиялар

онлайн платформалар

мультимедиялық құралдар

интерактивті тапсырмалар

•Зерттеушілік бағыт

ғылыми жобалар

дереккөздермен жұмыс

аналитикалық тапсырмалар

Бұл тәсіл студентті пассивті тыңдаушыдан белсенді зерттеушіге айналдырады.Қазіргі студенттер ақпаратты жылдам қабылдауға бейім, бұл құбылыс «клиптік ойлау» деп аталады. Бұл жағдай гуманитарлық пәндерді оқытуда қиындықтар туғызады, себебі бұл пәндер терең талдауды талап етеді.

Сондықтан оқыту барысында:

•қысқа әрі мазмұнды ақпарат беру

•визуалды және мәтіндік материалдарды үйлестіру

•талдау мен пікірталасты қатар қолдану

сияқты әдістерді енгізу қажет.

Әдебиет, тарих, философия, мәдениеттану сияқты пәндер адамның ішкі жан дүниесіне үңілуді, күрделі мәтіндерді түсінуді, тарихи сана мен мәдени кодтарды игеруді талап етеді. Бірақ цифрлық ортаның жеделдігі мен фрагментарлығы бұл терең процестерге кедергі келтіреді, нәтижесінде студенттердің ойлауы "клиптік сипатқа" ие болып, терең ойлау қабілеті әлсірейді. Тағы бір маңызды мәселе – гуманитарлық пәндерді оқытуда қолданылатын цифрлық құралдардың шектеулілігі. Қолданыстағы платформалар мен бағдарламалар негізінен нақты, алгоритмдік білімді беруге бейімделген, ал гуманитарлық білім көпжақтылығымен, бір мәселенің әртүрлі тұжырымдамаларда әр қырынан көрінуімен ерекшеленеді. Студенттер мен оқытушылар арасындағы тірі қарым-қатынастың азаюы да үлкен проблема туғызуда, өйткені гуманитарлық білім көбінесе диалог, пікірталас, бірлескен рефлексия арқылы беріледі. Пандемия кезеңіндегі қашықтықтан оқыту тәжірибесі көрсеткендей, экран арқылы берілетін гуманитарлық білім көбінесе "жансыз" болып шығады, оның тәрбиелік әлеуеті төмендейді. Сонымен қатар, цифрлық ортадағы

ақпараттың шексіздігі мен сенімсіздігі студенттердің танымдық бағдарларын жоғалтуына алып келеді, олар шынайы ғылыми білім мен жалған ақпараттың аражігін ажыратуда қиындықтарға тап болады. Гуманитарлық пәндер оқытушыларының цифрлық құзыреттілігінің жеткіліксіздігі де мәселені күрделендіре түсуде, өйткені олар көбінесе дәстүрлі әдістеменің шеңберінде қалып, жаңа технологияларды тиімді пайдалана алмайды. Алайда цифрландыру гуманитарлық білімге тек қауіп төндіріп қана қоймайды, ол сонымен бірге жаңа мүмкіндіктер де ашады: цифрлық архивтер мен кітапханалар, виртуалды музейлер мен 3D-реконструкциялар, интерактивті карталар мен хронологиялар гуманитарлық пәндерді оқытудың көрнекілігін арттырады. Бұл мүмкіндіктерді пайдалану үшін гуманитарлық пәндерді оқыту әдістемесін түбегейлі қайта қарау қажет: цифрлық құралдарды гуманитарлық білімнің мазмұнымен органикалық түрде байланыстыратын жаңа педагогикалық стратегиялар әзірленуі керек.

Батыс Еуропа мен Америка ғалымдарының зерттеулері

Соңғы жылдары Батыс Еуропа мен Америка ғалымдары цифрлық дәуірдегі гуманитарлық білімнің философиялық негіздерін терең зерттеуде. Австриялық философ Ханнес Вертнер мен неміс ғалымы Юлиан Нида-Рюмелиннің еңбектерінде "цифрлық гуманизм" (digital humanism) тұжырымдамасы жасалып, технологиялардың адамзат құндылықтарына қызмет етуінің философиялық принциптері негізделген . Олардың пайымдауынша, цифрлық трансформация жағдайында гуманитарлық білімнің басты міндеті – адамды технологияның құлы емес, оны саналы түрде басқаратын субъект ретінде қалыптастыру. Бұл тұжырым Джон Дьюи мен Мишель Серрдің философиялық идеяларымен үндесіп, оқыту процесіндегі "тірі ойлау ағыны" мен "цифрлық ағындар" арасындағы үйлесімділіктің маңыздылығын көрсетеді . Атап айтқанда, Дьюидің прагматизм философиясы бойынша, білім алу – бұл дайын ақиқаттарды меңгеру емес, тәжірибе арқылы үздіксіз жаңарып отыратын процесс, ал цифрлық технологиялар осы процестің қозғаушы күші бола алады, бірақ оны алмастыра алмайды .

Панама университетінің профессоры Родригес өз зерттеуінде философияның рефлексивтік функциясы цифрлық гуманитарлық білімнің сыни өлшемін күшейтудің басты құралы екенін дәлелдейді . Оның пікірінше, цифрлық мәдениет пен киберкеңістік жағдайында дәстүрлі гуманитарлық концепциялар жаңа мағынаға ие болып, философиялық дәстүр осы өзгерістерді түсінудің негізгі өзегіне айналады. Бұл ретте герменевтикалық-сыни әдіснама арқылы цифрлық технологиялар мен гуманитарлық білімнің синтезі жүзеге асырылып, білім алушының сыни ойлау қабілетін дамытудың тиімді жолдары қарастырылады . Өзбекстандық ғалым Ольгерд Филипповтың мақаласында цифрлық гуманизм аксиологиялық (құндылықтық) тұрғыдан талданып, технократизм мен студенттің субъектілігін жоғалту қаупіне қарсы тұрудың философиялық

негіздері ашылады . Оның зерттеуі бойынша, гибридті оқыту модельдері – технологиялық құралдар мен гуманистік тәсілдерді біріктіретін форматтар – тұлғааралық қарым-қатынасты сақтауда, сыни ойлауды дамытуда және іргелі гуманистік құндылықтардың эрозиясын болдырмауда ерекше тиімді .

Вьетнам ұлттық университетінің ректоры Хоанг Ань Туан өз баяндамасында "Технология адамзат үшін – Адам технологияны меңгереді" деген философиялық ұстанымды негізге ала отырып, гуманитарлық білім мен технологияның интеграцияланған моделін ұсынады . Бұл модельде AI және цифрлық дағдылар этикалық құндылықтармен, мәдени бірегейлікпен және жауапкершілікпен ұштастырыла отырып, "цифрлық азаматты" қалыптастыруға бағытталған. Калифорния университетінің зерттеушілері Сью Энн Тео мен Евгений Айзенберг цифрлық технологиялардың этикалық өлшемдерін талдап, адамның қадір-қасиетін сақтаудың философиялық негіздерін жасады . Олардың тұжырымы бойынша, цифрлық трансформация жағдайында гуманитарлық пәндерді оқытудың басты мақсаты – студенттердің тек кәсіби құзыреттілігін ғана емес, сонымен бірге олардың адамгершілік жауапкершілігі мен этикалық санасын дамыту.

Бишкекте өткен ЮНЕСКО-ның Халықаралық философия күніне арналған дөңгелек үстелде цифрлық білім берудегі философиялық-гуманитарлық білімнің рөлі кеңінен талқыланып, Education 4.0 жағдайында білімнің гуманистік парадигмасын сақтаудың маңыздылығы атап өтілді . Қатысушылар цифрлық ортадағы этика мен антропологиялық салдарларды ескермейтін технологиялық шешімдердің фрагментарлығын, "оқытушы-студент" арасындағы тірі диалогтың азаюын, гуманитарлық пән оқытушыларының аралас ортада жұмыс істеуге дайындығының жеткіліксіздігін басты проблемалар ретінде айқындады . Осы мәселелерді шешу үшін "Жасанды интеллект философиясы және этикасы", "Цифрлық антропология", "Үлкен деректер дәуіріндегі сыни ойлау" сияқты пәнаралық курстарды енгізу ұсынылды . Бұл бастамалар философиялық білімнің цифрлық дәуірдегі маңыздылығын көрсетіп, оның тек теориялық емес, практикалық құндылығын дәлелдейді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, цифрландыру гуманитарлық пәндерді оқытуда жаңа мүмкіндіктермен қатар бірқатар мәселелерді де туындатады. Бұл үдеріс тек технология енгізумен шектелмей, оқыту философиясын қайта қарастыруды талап етеді.Болашақта білім беру жүйесі дәстүрлі және инновациялық әдістерді үйлестіретін гибридті модельге негізделуі тиіс. Тек осы жағдайда ғана сапалы және бәсекеге қабілетті білім беру жүйесін қалыптастыруға болады.цифрлық дәуірдегі гуманитарлық білім өзінің басты миссиясын – рухани дамыған, сыни ойлайтын, мәдени кодтарды меңгерген тұлға қалыптастыру миссиясын орындай алады. Еліміздің болашағы – бәсекеге қабілетті, бірақ сонымен бірге рухани бай, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген жас ұрпақты тәрбиелеуде екенін ұмытпауымыз керек

## Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Иванов И.И. Білім берудегі цифрлық технологиялар // Педагогика. – 2020. – №3. – 5–12 б.
2. Андреева С.А. Қазіргі білім беру технологиялары. – Мәскеу: Наука, 2019. – 239 б.
3. Кузнецов В.В. Гуманитарлық пәндерді оқыту мәселелері // Білім және ғылым. – 2021. – №5. – 15–24 б.
4. Смагулова А.К. Жоғары білім берудегі инновациялық әдістер. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 180 б.
5. Кастельс М. Ақпараттық қоғам: экономика, қоғам және мәдениет. – М.: 2018. – 23–40 б.
6. Сластенин В.А. Педагогика. – М.: Академия, 2017. – 45–60 б.
7. Siemens G. Connectivism: A Learning Theory for the Digital Age // 2005.


# ОБРАЗ ГИЛЬГАМЕША И ПРОБЛЕМА ЧЕЛОВЕЧЕСКОЙ СМЕРТНОСТИ В ЭПОСЕ О ГИЛЬГАМЕШЕ


***Ілияс Ж.Қ.***

*студент Павлодарского педагогического университета имени Әлкей Марғұлан, г. Павлодар*

***Даутбекова С.Б.***

*студент Павлодарского педагогического университета имени Әлкей Марғұлан, г. Павлодар*

***Кузембаев Н.Е.***

*научный руководитель: кандидат исторических наук, ассоциированый профессор, г. Павлодар*



**Аңдатпа:** Мақалада Гилгамештің шумер-Вавилон дәстүрі контекстіндегі бейнесі ежелгі адамның өлім, тағдыр және адам мүмкіндіктерінің шегі туралы идеяларының көрінісі ретінде қарастырылады. Батырдың эволюциясын талдау эпостың философиялық тереңдігін және оның адам болмысын түсінудің алғашқы ескерткіштерінің бірі ретіндегі маңыздылығын көрсетуге мүмкіндік береді.

**Аннотация.** В статье рассматривается образ Гильгамеша в контексте шумеро-вавилонской традиции как отражение представлений древнего человека о смертности, судьбе и пределах человеческих возможностей. Анализ эволюции героя позволяет показать философскую глубину эпоса и его значение как одного из ранних памятников осмысления человеческого бытия.

Annotation. The article examines the image of Gilgamesh in the context of the Sumero-Babylonian tradition as a reflection of the ancient man's ideas about mortality, fate and the limits of human capabilities. The analysis of the hero's evolution allows us to show the philosophical depth of the epic and its significance as one of the early monuments of understanding human existence.



**Түйінді сөздер.** Гилгамеш эпосы, ежелгі Месопотамия, адам, сурет, өлместік.

**Ключевые слова.** Эпос о Гильгамеше, Древняя Месопотамия, человек, образ, бессмертие.

**Keywords.** The epic of Gilgamesh, Ancient Mesopotamia, man, image, immortality.

Знакомство европейской науки с эпосом о Гильгамеше произошло в два этапа, что отразилось на формировании месопотамской исторической и литературной традиции в западной историографии. Первый этап связан с раскопками в северной Месопотамии, в районе современного Мосула, на территории древней столицы Ассирии — Ниневии. Английский археолог О. Г. Лэйярд совместно с ассирийцем Хормуздом Рассамом обнаружили в холме Куюнджик многочисленные глиняные таблички, исписанные ассиро-вавилонской клинописью. Основная часть этих табличек была собрана в библиотеке ассирийского царя Ашшурбанипала и включала почти 30 тысяч экземпляров, что позволило современным исследователям восстановить значительный пласт письменной культуры Древней Месопотамии [1, с. 204-205].

Историческая основа эпоса о Гильгамеше отражена в археологических и письменных источниках Древнего Шумера. В начале III тысячелетия до н. э. наибольшее значение имели два крупных города-государства — Урук на юге и Киш на севере, которые выступали центрами военных и политических союзов региона. Шумерская историческая традиция сохраняет перечень царей и вождей этих городов, среди которых выделяется фигура Бильгамеса, позднее известного как Гильгамеш. Согласно источникам, Бильгамес не подчинился кишскому гегемону Акке, сыну Эн-Менбарагеси, и прославился своими подвигами, в том числе строительством стен вокруг двух частей Урука — общин Куллаб и Эанну. Археологические раскопки подтверждают, что стены Урука действительно возведены примерно в тот период, который традиционно соотносится с жизнью Бильгамеса, а сохранившаяся надпись Эн-Менбарагеси подтверждает существование исторической личности, которая, вероятно, легла в основу эпического образа [2, с. 97-98].

Образ Гильгамеша в вавилонской версии поэмы развивается на протяжении всего повествования, демонстрируя как личностный рост героя, так и изменение идеалов и ценностей, характерных для общества того времени. В начале поэмы Гильгамеш предстает буйным и неукротимым богатырем, обладающим избыточной силой, которую он проявляет в разрушительных действиях по отношению к окружающим. Этот аспект характера напоминает образы героев других древних эпосов, таких как Давид Сасунский, Амиран с его братьями или Добрыня Никитич, чьи юношеские подвиги сопровождались жестокостью и проявлением силы в ущерб ближним.

Одним из важнейших этапов формирования образа героя связан с облагораживающим влиянием дружбы с Энкиду. Под воздействием этого союза Гильгамеш принимает решение бороться со злом в мире, что выражается в его походе на Хумбабу — символ свирепой природной силы. Этот эпизод демонстрирует переход от необузданной физической мощи к сознательной, целенаправленной деятельности, ориентированной на защиту общины и выполнение героического долга. Завершающий этап духовного

роста героя проявляется через переживание утраты Энкиду, размышления о смысле жизни, отрицание жизненных удовольствий, символизируемое гедонистическим образом Сидури, и тщетную попытку обрести цветок вечной молодости. Высшее проявление мужества Гильгамеша заключается в признании собственного поражения и осознании ограниченности человеческой жизни [3, с. 125-126].

В рамках шумеро-вавилонской словесности необходимо различать два типа текстов: «фольклорные» и авторские, или чисто литературные произведения. Фольклорные тексты были более многочисленны и тесно связаны с устной традицией; даже после письменной фиксации редакторами они продолжали развиваться в устной форме и воспринимались прежде всего на слух. В отличие от них, авторские произведения создавались сразу как письменные тексты и воспринимались как таковые современными читателями и слушателями. Эпос о Гильгамеше занимает особое место в этом континууме. С одной стороны, он включает элементы устной традиции, зафиксированные в шумерских и аккадских песнях; с другой стороны, поздняя вавилонская версия демонстрирует черты авторской литературы — упорядоченность сюжета, последовательное раскрытие образа героя и морально-философскую глубину. При этом, несмотря на письменную фиксацию, «Эпос о Гильгамеше» никогда не достиг окончательной канонической формы, что свидетельствует о его эволюции и многовековом развитии [4, с. 95-96].

Отсутствие у шумеров «памятников исторической литературы» в том виде, как это оставили последующие цивилизации, связано с их своеобразным восприятием исторического процесса. В отличие от культур, появившихся на исторической арене позже, шумеры не предпринимали сознательной попытки систематизировать или обобщать культурную и политическую историю. Ключ к пониманию этого феномена — особая система мышления шумеров. Их мировоззрение было не гомоцентричным: боги создали вселенную, а людей — лишь как слуг, чтобы облегчить собственные заботы. Всё на земле принадлежало богам, человек же воспринимался как исполнитель их приказов, а не как субъект, способный формировать историю [5, с. 120].

Эпическая сцена в восьмой таблице, посвящённая похоронам Энкиду, демонстрирует не только психологическое восприятие смерти, но и сложное понимание перехода человека в новое состояние бытия. После утраты друга Гильгамеш не ограничивается обычными ритуалами скорби — он окончательно расстаётся со своим царским одеянием и покидает город, обрекая себя на жизнь странника, символически облачённого в рубище и львиную шкуру. Этот акт отражает глубокую трансформацию его внутреннего состояния: смена одежды и места проживания символизирует разрыв с прежним образом жизни, с прежней идентичностью, помимо начала поиска бессмертия.

Подобный мотив перемен внешнего облика как отражения духовного состояния героя тесно связан с культурными представлениями шумеров о человеке, мире и его месте в нём. Эпос о Гильгамеше иллюстрирует, что человеческая судьба неразрывно связана с личными поступками и внутренним состоянием, а внешние действия — даже такие, как смена одежды и места жительства — становятся проявлением морального и духовного выбора. Эта сцена в свою очередь подчёркивает, что путь к духовной зрелости и осмыслению жизни связан с испытаниями, преодолением страхов и постоянным самопознанием, что делает эпос не только литературным источником, но и отражением философско-религиозных представлений древней Месопотамии [6, с. 177].

Представленное поведение Гильгамеша можно рассматривать как радикальный акт попытки изменить предначертанную судьбу. Бросив дом, имущество и социальный статус, герой символически отрекается от прежней идентичности, от «важнейшей части своей личности». Этот шаг отражает древнемесопотамское понимание судьбы как неотъемлемой и закреплённой за человеком через его положение и роль в обществе: прежняя участь богатого и могущественного царя не может быть судьбой нового, духовно преобразованного скитальца [4, с. 58].

Стремление Гильгамеша обрести бессмертие через славу и подвиги первоначально выступает как дерзкий вызов богам. Однако дальнейшие поиски бессмертия становятся вызовом самой человеческой природе, ограниченной конечностью и смертностью. Финал эпоса демонстрирует, что разрушение героя вызвано именно его изначальной человеческой слабостью: мгновение беззаботности приводит к утрате, и теперь винить Гильгамеша некому, кроме него самого. Интересно, что именно осознание собственной уязвимости, потеря иллюзий о полной героической силе и невозможности преодолеть смерть приводит его к важной внутренней трансформации. Страх и отчаяние сменяются пониманием собственного положения, а комический оттенок ситуации — спасительная улыбка — символизирует принятие реальности. Эта реакция позволяет герою выработать новую шкалу ценностей: бессмертие теперь понимается не как личная вечная жизнь, а как относительное бессмертие, воплощённое в свершениях, таких как стены Урука [7, с. 244].

Аккадский эпос о Гильгамеше II тысячелетия, сохраняя следы традиций Раннединастического периода, пересматривает прежний идеал героизма. Хотя эпические мотивы — битва с Хувавой, противостояние Небесному быку — сохраняют акцент на геройских подвигах, появляется осмысление пределов человеческой силы. Смерть Энкиду разрушает иллюзии о всесилии человека, демонстрируя неизбежность смерти и пределы героизма. Вместе с тем эпос противопоставляет этому паническому страху смерти рациональное преодоление: стремление к бесконечной жизни трактуется как донкихотство, преследующее недостижимую цель, что

подчеркивает необходимость здравого баланса между амбициями и реальностью [7, с. 249].

Популярность эпоса объясняется прежде всего его психологической глубиной и драматизмом. В отличие от большинства вавилонских произведений, где главная роль принадлежит богам, выступающим как абстрактные символы или искусственные конструкции, в «Эпосе о Гильгамеше» центральной фигурой является человек — герой, обладающий сложной внутренней жизнью. Гильгамеш испытывает эмоции, принимает решения, страдает и радуется, стремится к подвигам и сталкивается с неизбежной смертью. Даже будучи на две трети богом и лишь на одну треть человеком, именно человеческая часть его сущности определяет ход эпоса. Боги здесь служат фоном и контекстом для раскрытия человеческой драмы, а не действуют как самостоятельные центры повествования.

Эпическая драма Гильгамеша имеет универсальное значение, так как затрагивает основные мотивы человеческой жизни: дружбу, верность, стремление к славе и подвигам, страх смерти и поиск бессмертия. Эти темы делают эпос актуальным для всех эпох и культур, что объясняет его долгую жизнь в литературной традиции и влияние на последующие произведения. Сила поэмы заключается именно в том, что она обращается к внутреннему миру человека, раскрывая его противоречивую природу и вечные стремления, и тем самым преодолевает исторические и культурные границы [8, с. 216-217].

Таким образом, эпос о Гильгамеше является ключевым памятником шумеро-вавилонской культуры, в котором проблема человеческой смертности раскрывается через эволюцию образа главного героя — от самоуверенного и жестокого правителя к личности, осознающей пределы человеческого существования. Поиск бессмертия, вызванный утратой Энкиду, выступает как универсальный экзистенциальный мотив, отражающий страх человека перед смертью и стремление преодолеть её. Неудача Гильгамеша подчёркивает фундаментальную установку мировоззрения жителей Древней Месопотамии: физическое бессмертие недоступно человеку и принадлежит лишь богам, однако человек способен обрести иное, символическое бессмертие через созидательную деятельность, общественно значимые деяния и сохранение памяти о себе. В результате эпос приобретает философскую глубину, выходя за рамки мифологического повествования и демонстрируя раннюю форму осмысления трагичности человеческого бытия, что обеспечивает ему универсальный характер и устойчивую актуальность в мировой литературной традиции.

## Список использованной литературы

1. Матвеев К., Давиташвили Д. Эпос о Гильгамеше // Дорогами тысячелетий. Кн. 2. - М.: Молодая гвардия, 1988. - 238 с.
2. Эпос о Гильгамеше. - М.-Л.: Издательство Академии наук СССР, 1961. – 221 с.

3. Поэзия и проза Древнего Востока. - М.: Художественная литература, 1973. - 736 с.
4. Клочков И. С. Духовная культура Вавилонии: человек, судьба, время. - М.: Наука, 1983. - 208 с.
5. Хук С. Г. Мифология Ближнего Востока. - М.: Центрполиграф, 1992. - 174 с.
6. Дьяконов И. М. Архаические мифы Востока и Запада. - М.: Наука, 1991. - 251 с.
7. Якобсен Т. Сокровища тьмы: История месопотамской религии. - М.: Восточная литература РАН, 1995. - 293 с.
8. Крамер С. История начинается в Шумере. - М.: Наука, 1965. - 257 с.

# ВКЛАД ИСТОРИКА К.П. ПИЩУЛИНОЙ В РАЗВИТИЕ ОТЕЧЕСТВЕННОГО ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЯ

**Ілияс Ж.Қ.**
*студент Павлодарского педагогического университет имени Әлкей Марғұлан, г. Павлодар*
***Даутбекова С.Б.***
*студент Павлодарского педагогического университета имени Әлкей Марғұлан, г. Павлодар*
***Кузембаев Н.Е.***
*Научный руководитель: кандидат исторических наук, ассоциированый профессор, г. Павлодар*

**Аңдатпа.** Мақалада Клавдия Антоновнаның ғылыми мұрасы және Қазақстан тарихын зерттеудегі еңбектері қарастырылады. Жұмыстары XV–XVIII ғасырлардағы қазақ хандығының тарихын, этногенезін, саяси және әлеуметтік-экономикалық процестерді зерттеуге арналған. Ғалымның монографиялары, коллективтік еңбектері, аудармалары мен мақалаларының жиынтығы оның Қазақстан тарихы ғылымындағы орны мен маңызын көрсетеді.

**Аннотация.** В статье представлен обзор научного наследия К.А. Пищулиной и её вклада в изучение истории Казахстана. Рассматриваются основные направления её трудов, включая монографии, коллективные работы, переводы источников и статьи, посвящённые истории XV–XVIII веков, формированию Казахского ханства и социально-политическим процессам региона. Особое внимание уделено значению её наследия для отечественной исторической науки и образовательной практики.

**Annotation.** The article provides an overview of K.A. Pishchulina’s scientific legacy and her contribution to the study of Kazakhstan’s history. It covers the main directions of her works, including monographs, collective works, translations, and articles focused on the history of the XV–XVIII centuries, the formation of the Kazakh Khanate, and socio-political processes in the region. The significance of her legacy for national historical science and educational practice is emphasized.

**Түйінді сөздер.** Клавдия Пищулина, тарих, Қазақстан тарихы, қазақ хандығы, ғылыми мұра, монографиялар, коллективтік еңбектер.

**Ключевые слова**. Клавдия Пищулина, история, история Казахстана, Казахское ханство, научное наследие, монографии, коллективные труды.

**Keywords.** K.A. Pishchulina, history, history of Kazakhstan, Kazakh Khanate, scientific legacy, monographs, collective works.

Источниковедение является одной из ключевых дисциплин исторической науки, обеспечивающей достоверность и глубину исторических исследований. В истории казахстанской медиевистики особое место занимает деятельность Клавдии Антоновны Пищулиной, чей научный вклад охватывает изучение письменных источников XV–XVIII веков, историю Казахского ханства, этногенез казахского народа и социально-политические процессы региона. Работы К.А. Пищулиной стали неотъемлемой частью отечественного исторического знания и продолжают оказывать влияние на современное исследование средневековой истории Казахстана. Цель данной статьи — рассмотреть вклад Клавдии Антоновны Пищулиной в развитие отечественного источниковедения, проанализировать её методологические подходы и показать, как её труды используются в современной исторической науке и образовании.

Клавдия Антоновна Пищулина родилась 10 ноября 1934 года в селе Большой Самовец Воронежской области. В 1952 году окончила школу с золотой медалью и без экзаменов поступила на исторический факультет МГУ имени М.В. Ломоносова (Институт восточных языков при МГУ, ныне Институт стран Азии и Африки). С отличием завершив обучение, была оставлена для стажировки и аспирантуры на кафедре истории стран Ближнего и Среднего Востока, где начала исследования аграрного законодательства и реформ в Иране периода Реза-шаха Пехлеви.

В 1959 году переехала в Алма-Ату и стала младшим научным сотрудником Института истории, археологии и этнографии АН Казахской ССР. В 1972–1984 годах работала учёным секретарём Института, затем старшим и ведущим научным сотрудником, а в 1996–2001 годах возглавляла отдел древней и средневековой истории Казахстана. До выхода на пенсию в 2010 году продолжала работу ведущим научным сотрудником, исследуя средневековую историю региона и формируя методологию источниковедческого анализа [1, с. 143].

Формирование научных интересов К.П. Пищулиной было тесно связано с влиянием семейного воспитания и полученного образования. Эти факторы заложили основу для её последующей академической деятельности и определили вектор её исследований. Именно в этот период были сформированы те качества, которые впоследствии позволили ей стать выдающимся историком-источниковедом. Ранние годы жизни и обучение способствовали развитию глубокого интереса к истории и методам её изучения. Полученные знания и навыки стали фундаментом для её дальнейшего вклада в отечественное источниковедение. Данная цитата указывает на то, что К.А. Пищулина является известным ученым, что подтверждает её значимость и признание в академической среде, а также косвенно свидетельствует о её ранних шагах в науке, которые привели к такому признанию: «24 декабря 2014 года в Алматы прошел

Международный научный Круглый стол «История Казахской государственности. К 80-летию известного ученого К.А. Пищулиной». Организатором Круглого стола выступил Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова Министерства образования и науки Республики Казахстан [2, с. 240].

Интеграция Клавдии Пищулиной в научное сообщество Казахстана происходила в период активного развития исторической науки республики. В это время выходили фундаментальные труды, такие как второй том "Истории Казахской ССР", монографии Т. Султанова, М. Абусетовой и В. Юдина. Эти исследования рассматривали вопросы общественно-экономического и политического устройства на основе изучения письменных источников. Данный контекст создавал благоприятную среду для профессионального становления молодых ученых. Пищулина активно взаимодействовала с ключевыми историческими школами, сложившимися в Казахстане. Она участвовала в научных дискуссиях и совместных проектах с ведущими специалистами. Такое сотрудничество способствовало обмену методологическими подходами и укреплению междисциплинарных связей. В результате исследовательница смогла занять достойное место в академическом сообществе республики.

На протяжении своей научной деятельности Клавдия Антоновна Пищулина создала обширное наследие, включающее монографии, коллективные труды, переводы источников, учебные пособия и статьи. Её работы охватывают самые разные аспекты истории Казахстана, начиная с политической и социально-экономической истории, заканчивая этнической, культурной и градостроительной проблематикой.

Среди монографий Пищулиной особое место занимает *«Юго-Восточный Казахстан в середине XIV — начале XVI веков (вопросы политической и социально-экономической истории)»* (1977), где подробно исследуется политическая история региона, экономические отношения, структура общества и формирование Казахского ханства. Её поздняя монография *«Очерки истории казахского ханства»* (2016) систематизирует результаты многолетних исследований, отражая развитие казахской государственности и взаимоотношения с соседними государствами.

К. А. Пищулина активно участвовала в подготовке коллективных трудов, обеспечивших систематизацию исторических источников. Среди них: *«Материалы по истории Казахских ханств XV–XVIII вв.»* (1969), содержащие извлечения из персидских и тюркских сочинений; *«История Казахской ССР. С древнейших времен до наших дней»* (1979, том 2); *«Қазақ тарихы көне заманнан бүгінге дейін»* (1983, том 2); *«История Казахстана с древнейших времен до наших дней (очерк)»* (1993) и *«Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін (очерк)»* (1994). Учебные пособия, подготовленные с её участием, такие как *«История Казахстана в средние века (V—XVII вв.)»* (1996), помогли закрепить системный подход к изучению истории в школьной и вузовской программе. Последующие коллективные

издания, включая *«История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах»* (1997), *«Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін»* (том 5, 1998) и *«История Казахстана с древнейших времен до наших дней (курс лекций)»* (2003), закрепили её статус одного из ведущих источниковедов страны.

Клавдия Антоновна Пищулина также опубликовала ряд научных статей, посвящённых истории Казахского ханства и средневекового Казахстана. Среди них можно выделить следующие работы:

«Присырдарьинские города и их значение в истории казахских ханств в XV—XVII веках» (1969) — анализ роли городов как экономических и политических центров;

«Казахское ханство во взаимоотношениях с Могулистаном и Шайбанидами в последней трети XV века» (1981) — изучение дипломатических и военных взаимодействий;

«Письменные восточные источники о присырдарьинских городах Казахстана XIV—XVII вв.» (1983) — методологическая работа по интерпретации источников;

«Бахр ал-асрар» Махмуда ибн Вали как источник по социально-экономической истории Восточного Туркестана XVI—XVII вв.» (1983) — исследование экономической жизни региона через персидские тексты;

«Мирза Мухаммед Хайдар о казахах и казахской государственности» (1999), «Туркестан — регион и город позднего средневековья» (2000) и «Казахская государственность позднего средневековья и её отражение в некоторых публикациях» (2004) — работы, углубляющие понимание политической истории и городского строительства.

В качестве примера методики и содержания трудов К. А. Пищулиной рассмотрим её монографию *«Юго-Восточный Казахстан в середине XIV — начале XVI веков»* (1977). Работа включает несколько глав, последовательно раскрывающих политическую, социально-экономическую и этнокультурную историю региона.

Введение посвящено постановке проблемы, обзору источников и обоснованию актуальности исследования.

Глава 1 анализирует политическую историю Юго-Восточного Казахстана во второй половине XIV века, включая образование Могулистана, политику первых ханов и сопротивление населения захватнической политике эмира Тимура. [3, с. 33-88].

Глава 2 рассматривает период феодальной раздробленности Могулистана в первой половине XV века, уделяя внимание усилению междоусобиц и политической нестабильности. [3, с. 88-127].

Глава 3 посвящена социально-экономическим аспектам: состоянию хозяйства, упадку городов и земледелия, особенностям феодальных отношений и государственному строю. [3, с. 127-210].

Глава 4 раскрывает процесс образования Казахского ханства и распад Могулистана, подробно анализируя предпосылки создания нового

государства и формирование его политической структуры в Семиречье. [3, с. 210-275].

Кроме того, монография содержит указатели имен, географических и этнических названий, а также династий, что делает её удобным инструментом для исследователей. Работа иллюстрирует ключевые принципы методологии Пищулиной: систематический анализ источников, сопоставление разных типов материалов и выявление причинно-следственных связей в истории региона [3, с. 275-296].

Как отмечает Канат Зулкарышулы Ускенбай, казахский историк и кандидат исторических наук, заведующий отделом древней и средневековой истории Казахстана и сопредельных стран Института истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова, К.А. Пищулина всегда была открыта к диалогу и охотно делилась знаниями, воспитав множество учеников, двое из которых защитили кандидатские диссертации по истории Ак-Орды и Казахского ханства. Научный путь К.А. Пищулиной продолжила и её старшая дочь, ныне известный историк-востоковед, профессор СПбГУ З.А. Джандосова [1, с. 144]

Таким образом, Клавдия Антоновна Пищулина внесла огромный вклад в развитие исторической науки Казахстана. Ее работы о средневековом Казахском государстве, его отношениях с соседними странами, городах и столицах, этногенезе казахского народа и его этнической территории стали частью золотого фонда отечественной истории и остаются актуальными и востребованными по сей день. В 1998 году за выдающиеся заслуги в науке К.А. Пищулина была награждена орденом «Достык» указом Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева [4].

## Список использованной литературы

1. Ускенбай З.К. Клавдия Антоновна Пищулина // Вестник Международного института центральноазиатских исследований. ЮНЕСКО. – Самарканд, 2020. – № 30. – С. 143-144.

2. Ускенбай З.К. Международный научный круглый стол «История Казахской государственности. К 80-летию известного ученого К.А. Пищулиной» // Золотоордынское обозрение. — Алматы, 2015. — С. 240–242.

3. Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XVI веков (вопросы политической и социально-экономической истории). А.-А., 1977. – 288 с.

4. Указ Президента Республики Казахстан от 11 декабря 1998 года № 4159 О награждении государственными наградами Республики Казахстан группы работников.

# СЫНИ ОЙЛАУ -ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар Педагогикалық Университетінің студенті* ***Адайбек Нұрсұлтан***
*Ғылыми жетекшісі:****Рамазан Бақыт Рамазанқызы*** *Аға оқытушы*
*Павлодар қаласы*

Аннотация. Бұл мақалада сыни ойлаудың педагогтің кәсіби қызметіндегі маңызы және оның философиялық негіздері қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесінде мұғалім білім берумен қатар әрбір оқушының танымдық қабілеттерін сараланған түрде дамытуға бағытталған тұлға ретінде қарастырылады. Мақалада сыни ойлаудың мәні, оның пәлсапалық негіздері, педагогтің кәсіби қызметіндегі рөлі, отандық және шетелдік ойшылдардың идеялары талданады.

Аннотация. В данной статье рассматриваются значение критического мышления в профессиональной деятельности педагога и его философские основы. В современной системе образования учитель рассматривается не только как носитель знаний, но и как личность, направленная на дифференцированное развитие познавательных способностей каждого ученика. В статье анализируются сущность критического мышления, его философские основы, роль в профессиональной деятельности педагога, а также идеи отечественных и зарубежных мыслителей.

Аннотация. This article examines the importance of critical thinking in the professional activity of a teacher and its philosophical foundations. In the modern education system, a teacher is considered not only as a provider of knowledge, but also as an individual focused on the differentiated development of each student’s cognitive abilities. The article analyzes the essence of critical thinking, its philosophical foundations, its role in the professional activity of a teacher, as well as the ideas of domestic and foreign thinkers.

**Кілтті сөздер:** сыни ойлау, білім беру, педагогтің кәсібі құзыреттілігі, философия.

**Ключевые слова:** критическое мышление, образование, профессиональная компетентность педагога, философия.

**Keywords:** critical thinking, education, professional competence of a teacher, philosophy.

Қазіргі қоғамда білім беру жүйесіне қойылатын талаптар артып келеді. Ақпараттық қоғам жағдайында оқушының білімді меңгеруі жеткіліксіз, олар ақпаратты талдап, салыстырып және өз көзқарасын қалыптастыра білуі тиіс. Осы тұрғыдан алғанда сын тұрғыдан ойлау педагт ің кәсіби қызметінің маңызды философиялық негіздерінің бірі болып табылады [1].

Философия ғылымында адамның танымдық әрекеті ерекше орын алады. Сыни ойлау - ақпаратты талдау, бағалау және деректерге негізделген қорытынды жасау қабілеті. Бұл қабілет тұлғаның зияткерлік тұрғыдан дамуына және дүниетанымының қалыптасуына ықпал етеді [2]. Болашақ сындарлы ойлай алатын тұлға мектепте қалыптасады.

«Әлемнің екінші ұстазы» Әл-Фараби білім мен тәрбиенің қоғамдағы рөлін ерекше бағалаған. Оның пікірінше, адамның басты қасиеттерінің бірі

– ақыл-ой, сондықтан білім беру процесі логикалық ойлауды дамытуға бағытталуы тиіс. «Қайырымды қала тұрғындары» еңбегінде қоғамның дамуы білімді, ақылды, сындарлы ойлай білетін адамдарға тікелей байланысты екенін айтады. Яғни, қайырымды қоғамды құрушы адамда саналы ойлау, дұрыс пайымдай қабілеті болуы тиіс екенін көрсетеді. «Ақыл туралы трактатында» «Ақыл -адамды басқа тіршілік иелерінен ерекшелендіретін негізгі күш» екенін айтады. Әл-Фараби бойынша

-білім - адамды кемелдікке жеткізетін құрал,

-тәрбие – сол білімді дұрыс бағытта қолдануға үйретеді,

-логика -ойлаудың негізі.

Әл-Фараби өзінің «Бақытқа жету туралы», «Ғылымдар классификациясы» сияқты еңбектерінде білімнің жүйелілігі мен тәрбиенің маңыздылығын қатар қоя отырып, адам баласының шынайы кемелдікке тек ақыл-ойды дамыту, ғылымды меңгеру және оны ізгілікпен ұштастыру арқылы жететінін көрсетеді. Ойшылдың пікірінше, әр ғылым саласы адамның дүниетаным көккжиегін кеңейтіп қана қоймай, ойлау қабілетін жетілдіреді, ал балаға кішкентай күнінен дұрыс берілген тәрбие сол білімді қоғамның игілігіне бағыттайды.

Ойшылдың еңбектеріндегі осындай іспеттес деректер арқылы мен заманауи білім берудегі сындарлы ойлау дағдыларымен тығыз сабақтастығына деректер келтіремін.

Қазақ даласының алғашқы ағартушыларының бірі, «Дала қоңырауы» Ы.Алтынсарин білім беру процесінде оқушылардың қызығушылығын арттыру және олардың өздігінен ойлауына мүмкіндік беру қажеттігін атап өткен. «Кел,балалар, оқылық!» өлеңін мысалға келтіретін болсақ, автор бұл шығармасында білімді қызығушылықпен, ынтамен қабылдауды ескерте отырып, «ықыласпен тоқу» тек жаттау емес, саналы түрде меңгеру дегенді білдіреді. «Қазақ хрестоматиясы» арқылы ұстаз әңгімелеген қызықты мәтіндері арқылы баланың ойлауын дамытуға, өздігінен қорытынды жасауына бағыттайды. Келесі бір шығармасында «Өнер-білім бар жұрттар, Тастан сарай салғызды...» дей келе, баланы салыстыра ойлауға жетелейді. Неге басқа елдер дамыған? Біз қалай солармен терезесі тең бола аламыз деп оқушыны дайын жауапқа емес, ізденіске бағдарлайды. «Әке мен бала» сияқты әңгімелері де тұнып тұрған педагогика. Әңгімелерін оқи отырып, оқырманның өзінде сұрақ туындайды, ол тұлғаны жетелейді, жақсы мен жаманды айыра білуге дағдыланады. Мұндай еңбектерінде көбірек оқыған шәкірт жаһандық маңызға ие құзыреттіліктерді меңгереді. Педагог сыни ойлауды, екінші жағынан, тәжірибеге негізделген білімнің нәтижесі ретінде қарастырады.

Ақын, әлемдік деңгейдегі ойшыл Абай Құнанбайұлының адамның білім алуына ойлау мәдениетінің маңызын ерекше атап көрсеткен. Оның қара сөздерінде білімді тек жаттап қоймай, оны түсініп, өмірде қолдана білу қажеттілігі айтылады [3]. Жетінші қара сөзінде ойшыл баланың танымы туралы айта отырып, ойлау үдерісінің табиғатын былай түсіндіреді: «Жас

бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады... Біреуі – білсем екен демеклік...»

Бұл жерде Абай адамның табиғи түрде тануға, білуге ұмтылатынын көрсетеді. Яғни білім алу – тек жаттау емес, ішкі қажеттіліктен туатын ойлау әрекеті.Он тоғызыншы қара сөзінде ойлау мәдениетінің қалыптасуы туралы: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы...». Бұл ойдан білімнің тәжірибе арқылы, саналы қабылдау мен ой елегінен өткізу арқылы қалыптасатынын көреміз. Отыз бірінші қара сөзінде білімді есте сақтау мен түсіну жолдарын былай жазады: «Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде ғибратлану керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселді нәрселерден қашық болу керек.». Бұл үзіндіде Абай ойлау, талдау, қайталау, зейін қою сияқты танымдық әрекеттердің білімді меңгерудегі рөлін нақты көрсетеді. Абайдың барлық қара сөздерінде мына ой қайталанып отырады: «Білім – тек ақпарат емес, ол ой арқылы игеріліп, өмірде қолданылатын рухани құрал». Абай мысалдары білімнің мәні – түсіну, ойлау, талдау және қолдану екенін дәлелдейді. Бұл қазіргі «сыни ойлау» тұжырымдамасымен толық сәйкес келеді.

20-ғасырдың басындағы алаш арыстарының бірі, ақын әрі педагог Мағжан Жұмабайұлы «Педагогика» атты еңбегінде мұғалімнің басты міндеті -алдыңызда отырған баланы дайын біліммен ғана қамтамасыз етіп қоймай, оның ойлау жүйесін дамытуға аса мән бергенін байқауға болады. «Баланы оқыту -оны ойландыру» деген тұжырымы сыни ойлаудың өзегін ашып көрсетеді. Мұнда:

-оқушы тек ақпаратты қабылдаушы емес;

-ол салыстыра талдаушы, одан жасай білетін тұлға болуы тиіс.

Тағы бір идеясы: «Балаға өздігінен ойлануға мүмкіндік беру керек» деген тұжырым жасайды. Бұл қазіргі педагогикадағы: зерттеушілік оқыту, проблемалық оқытуға сай келетін идея. Осылай М.Жұмабаев сыни ойлауды философияның өзегі ретінде қарастырып, педагогтың рөлі -бағыт беруші, ой қозғаушы екенін көрсетеді. [9].

Міржақып Дулатұлының шығармаларын, әсіресе, «Оян, қазаты!» оқи келе, ондағы қоғамдық сананы ояту, саналы тұлғаны қалыптастыру мәселелерін терең сипаттағанын көруге болады. "Көзің аш, оян, қазақ, көтер басты" деген өлең жолы - жай бір өлең тармағы емес, бұл тұнып тұрған педагогикалық қисын. Мұнда ол қазақты рухани жағынан оянуға, ойлануға, өз жағдайын сынай білуге, саналы шешім қабылдауға шақырады. Мұндағы идея Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» атты өлеңінде көтерілген мәселемен сабақтасып жатыр. М.Дулатұлы тағы бірде «Жастар білімді болумен қатар, оны түсініп, өмірде қолдануа білуі керек» деген тұжырым айтады. Бұл заманауи педагогикадағы функционалдық сауаттылық, өмірлік қажетті дағыдылармен сәйкес келеді. [8].

Ал, қазақтың алғашқы білім министрі, қазақ педагогика ғылымының негізін қалаушылардың бірі, ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы білім беруде баланың түсінуі мен саналы меңгеруін бірінші орынға қояды. Ол «Білім - адамның ақылын дамытатын құрал» дейді. Ұлт ұстазы өз еңбектерінде сұрақ қою, талдау, салыстыру әдістерін жиі қолданғанын байқауға болады. Мұнда «Әліппе», «Тіл - құрал», «Баяншы», «Әдебиет танытқыш» қатарлы еңбектерін мысалға келтіруге болады.

«Психология» еңбегінің авторы Жүсіпбек Аймауытов білім беру үшін әуелі баланың ішкі ойлау процесіне ерекше мән беруге басымдық береді. «Сабақ беру -жай ғана үйрету емес, баланың ойын қозғау» дейді. Мұнда да мұғалім дайын ақпарат беруші емес, ойлау процесін ұйымдастырушы екенін айтып отыр. Ол оқушының пікірін тыңдауды, ойын еркін жеткізуге мүмкіндік беру қажеттігін атап көрсетеді.

Қазақ педагогикасындағы бұл идеялар қашанда өміршең болып келеді.

Сындарлы ойлау - қазіргі педагогтің қазіргі педагогтің кәсіби қызметінің өзегіне айналған маңызды философиялық ұстанымдардың бірі. Бұл бағытта шетелдік педагогтердің ғылыми тұжырымдары ерекше орын алады. Американдық пәлсапашы әрі педагог Джон Дьюи өзінің білім беру көзқарастарында тәжірибеге негізделген оқытуды ұсынған. Ол «learning by doing» қағидасын енгізіп, білім алушылардың белсенді әрекет арқылы білім алуын маңызды деп санаған [4]. Бенджамин Блум білім беру теориясында танымдық дағдылардың деңгейлерін көрсететін Блум таксономиясын ұсынды. Бұл модель оқушылардың талдау, бағалау және қорытынды жасау дағдыларын дамытуға бағытталған. Әсіресе талдау, жинақтау, бағалау деңгейлері сындарлы ойлаудың негізгі көрсеткіштері ретінде қарастырылады. Бұл модель педагогқа оқу мақсаттарын нақты құруға және оқушының танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. [5]. Роберт Эннис сыни ойлауды саналы және рефлексивті ойлау ретінде сипаттап, оның негізгі элементтеріне дәлелдерді талдау, сұрақ қою және логикалық қорытынды жасау құзыреттерін жатқызады. Ол сыни ойлауды терең зерттей келе, оны саналы әрі рефлексивті ойлау ретінде сипаттайды. Ол дәлелдерді талдау, сұрақ қою, негізделген шешім қабылдау сияқты дағдыларды сыни ойлаудың басты құрамдас бөліктері деп көрсетеді. Бұл педагогтің сабақ барысында оқушыларды ойландыру, пікірталас ұйымдастыру, дәлелдеуге жетелеу сияқты кәсіби әрекеттерін айқындайды [5].

Роберт Эннис сыни ойлауды саналы және рефлексивті ойлау ретінде сипаттап, оның негізгі элементтеріне дәлелдерді талдау, сұрақ қою және логикалық қорытынды жасау құзыреттерін жатқызады. [6]. «Төңкерілген сынып», «ыстық орындық», «фишбоун» әдістері де -оқушылардың алған білімдерін сыни тұрғыда дамыта білуге ықпалы зор әдістердің бірі.

Қорыта айтқанда, сыни ойлау педагогтің кәсіби қызметінің маңызды философиялық негіздерінің бірі болып табылады. Ол мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін арттырып, оқушылардың танымдық белсенділігін дамытуға

мүмкіндік береді. Барлық ұлы педагогтердің еңбектерін саралай келе, олардың сындарлы ойлау туралы тұжырымдарынан үндестік пен сабақтастықты көре аламыз. Сұрыптаған қорытындым мынадай: білім беру -жаттау емес, ойлау процесі; оқытушы -бағдар беруші, ой қозғаушы, оқыту процесін үйлестіруші; оқушы -белсенді, ізденуші тұлға. Мұғалім де, оқушы да -зерттеуші. Демек, сындарлы ойлау негізі педагоикалық процесіндегі әдіс қана емес, оның философиялық, дүниетанымдық негізі болып табылады.

Отандық және шетелдік педагогтердің педагогикалық идеялары мұғалімнің кәсіби қызметінде сындарлы ойлауды қалыптастырудың ғылыми-әдіснамалық негізін құрайды. Оқытушы осы тұжырымдарды тиімді қолдану арқылы оқушыны тек білім алушы емес, өз ойын дәлелдей алатын, талдай білетін, саналы тұлға ретінде қалыптастырады.

***Пайдаланылған әдебиеттер:***


1. Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р. Педагогика. – Алматы: Рауан, 2016.
2. Әбдікәрімов Б. Педагогика негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.
3. Абай Құнанбайұлы. Қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 2010.
4. Dewey J. How We Think. – New York, 2007.
5. Bloom B. Taxonomy of Educational Objectives. – New York, 1956.
6. Ennis R. Critical Thinking. – New York, 1996.
7. Halpern D. Thought and Knowledge. – New York, 2014.
8. Аймауытов Ж. «Психология», Алматы: Мазмұндама,2023 жыл
9. Жұмабаев М. «Педагогика» Алматы: Жазушы, 2013


## ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙЛАУ ДАҒДЫСЫНЫҢ ӘЛСІРЕУІ


***Кошербаева М.К.***

*Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің*
*География-тарих оқу бағдарламасының 2-курс студенті, Павлодар қ.*

***Рамазан Б.Р.***

*ғылыми жетекшісі: аға оқытушы,*
*Павлодар қ.*



Аннотация. Мақалада қазіргі қоғамдағы философиялық ойлау дағдысының әлсіреу мәселесі қарастырылады. Цифрлық орта, клиптік ойлау және жасанды интеллекттің әсері талданып, олардың адам санасына ықпалы көрсетіледі. Сонымен қатар, білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен антропологиялық дағдарыс контекстінде философиялық ойлауды қайта жаңғырту жолдары ұсынылады.

Аннотация. В статье рассматривается проблема ослабления философского мышления в современном обществе. Анализируется влияние цифровой среды, клипового мышления и искусственного интеллекта на сознание человека. Также раскрывается кризис образования и предлагаются пути восстановления философского мышления в условиях антропологического кризиса.

Abstract. The article examines the decline of philosophical thinking in modern society. It analyzes the impact of digital environments, clip thinking, and artificial intelligence on human cognition. The study also explores the crisis in education and proposes ways to revive philosophical thinking within the context of an emerging anthropological crisis.
Кілтті сөздер: философиялық ойлау, клиптік ойлау, сыни ойлау, рефлексия
Ключевые слова: философское мышление, клиповое мышление, критическое мышление, рефлексия
Keywords: philosophical thinking, clip thinking, critical thinking, reflection

Кіріспе

Сравнительный анализ показателей «до» и «после» применения хрестоматии подтвердил выраженную положительную динамику в формировании предметных и метапредметных компетенций. Если на начальном этапе ответы учащихся носили описательный и неуверенный характер, то после работы с текстом А.Х. Маргулана школьники начали аргументированно доказывать, что эпос является носителем сведений о социальной структуре и мировоззрении народа. Важным метапредметным результатом стало повышение познавательной активности: учащиеся проявили инициативный интерес к личности самого академика и методам его работы. Таким образом, результаты апробации подтверждают, что интеграция хрестоматийных материалов в сочетании с продуманной системой заданий рабочего листа обеспечивает достижение образовательных целей в полном объеме. Работа с «живым» научным текстом, адаптированным под возрастной ценз, трансформирует пассивное восприятие информации в интеллектуальный поиск, формируя у шестиклассников навыки смыслового чтения и исторического анализа. Это обосновывает целесообразность дальнейшего внедрения хрестоматии в широкую педагогическую практику среднего звена общеобразовательной школы.

Подводя итоги, можно констатировать, что использование хрестоматии «Жизнь и деятельность А.Х. Маргулана» в учебном процессе 6-х классов является эффективным средством реализации обновленного содержания образования. Результаты апробации подтвердили, что интеграция адаптированных научных текстов в структуру урока позволяет успешно достигать предметных целей, в частности, формировать понимание эпоса как достоверного исторического источника.

Педагогический эксперимент выявил положительную динамику: от пассивного восприятия информации учащиеся перешли к активному анализу и интерпретации первоисточников. Высокий уровень выполнения заданий (от 71% до 91%) и рост познавательного интереса к личности академика А.Х. Маргулана доказывают дидактическую ценность пособия. Таким образом, хрестоматия выступает не только как информационный ресурс, но и как инструмент развития критического мышления и исследовательской грамотности школьников, что обосновывает целесообразность её дальнейшего внедрения в широкую образовательную практику.

## Список использованных источников


1. Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. - Алма-Ата, Изд. АН КазССР. 1950. - 122 с.
2. Маргулан А.Х. Остатки оседлых поселений в Центральном Казахстане // Археологические памятники Казахстана. - Алма-Ата, 1978, 214 с. - С. 3-37.
3. Маргулан А.Х. Каменные изваяния Улытау. Сочинения. Т. 4. - Алматы, 2003, №. 36-46.
4. Маргулан А.Х. Архитектурные памятники в долине р. Кенгир. // Вестник АН КазССР. 1947. № 11. - С. 62-71.
5. Маргулан А.Х. Раскопки погребения воина XIV века в долине реки Нуры // Труды Института истории, археологии и этнографии АН КазССР. 1959. т. 7. С. 248-261.
6. Маргулан А.Х. «Древние казахские племена и образование Казахского ханства». Третье издание. Дополненное. - Алматы: «Алматы-Болашак», 2024. – 336 с.
7. Маргулан А.Х. Культура казахского народа в XV-XVII веках. // История Казахской ССР. - Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1957. - С. 180-218.
8. Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Том 1. - Алма-Ата: Өнер, 1986. - 251 с.
9. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений: в 5 тт. Том 1. - Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1984-1985. - 432 с.
10. Чокин Ш. Четыре времени жизни. Воспоминания и размышления. 2-е изд., доп. - Алматы: Білім, 1998 – 432 с.
11. Ақышев К. Археология атасы // Ғұлама. Тұлға. Тағдыр. Тағылым. - Павлодар: ТОО НПФ "ЭКО", 2004., С. 45-47.
12. Кызласов Л.Р. Алькей Хаканович Маргулан. К портрету ученого и человека // Евразийское сообщество: экономика, политика, безопасность. - 1997. - № 3 (19). - С. 161-167.

# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ТАРИХЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ (XIX Ғ. І ЖАРТЫСЫ)

***Әймішев Ж.С.***
*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің магистранты,*
***Абдрахманов Б.Н.***
*Ғылыми жетекші: тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор*

**Аннотация.** Мақалада XIX ғасырдың I жартысында қазақ даласында өзара байланыста орын алған ірі ұлт-азаттық көтерілістер тарихы баяндалады. Сонымен қатар, аталған мәселені мектепте тарих пәнінде оқытудың әдістемесі ұсынылады. Қазақ даласында болған көтерілістердң сипаты, мақсаты, қозғаушы күші талданып, өзіндік ерекшеліктері мен тарихи маңызы бағаланады. Ал оқыту әдістемесі ретінде проблемалық оқыту, салыстырмалы және SWOT талдау арқылы жүзеге асырылады.

**Түйінді сөздер:** Қазақстан, ұлт-азаттық, қозғалыс, әдістеме, тарих, азаттық, тәуелсіздік.

**Аннотация.** В статье описывается история крупных национально-освободительных восстаний, произошедших в казахской степи в первой половине XIX века. Кроме того, предлагается методика преподавания этой темы в школе. Анализируются характер, цель и движущие силы восстаний в казахской степи, оцениваются их специфические особенности и историческое значение. В качестве методики преподавания используются проблемно-ориентированное обучение, сравнительный и SWOT-анализ.

**Ключевые слова:** Казахстан, национально-освободительное движение, методология, история, свобода, независимость.

**Annotation.**
The article describes the history of major national liberation uprisings that took place in the Kazakh steppe in the first half of the 19th century. In addition, the methodology for teaching this issue in history at school is proposed. The nature, purpose, and driving force of the uprisings in the Kazakh steppe are analyzed, and their specific features and historical significance are assessed. As a teaching methodology, problem-based learning, comparative and SWOT analysis are used.

**Keywords:** Kazakhstan, national liberation, movement, methodology, history, freedom, independence.

XIX ғасырда Қазақстан аумағындағы Патша үкіметіне қарсы орын алған ірі ұлт-азаттық көтерілістердің барлығы дерлік жеңіліспен аяқталды. Бұл кезеңдегі көтерілістердің жеңіліспен аяқталуы А.Ф. Рязановша айтқанда: «кең байтақ далаға шашырай қоныстанған халық ірі жаулап алушы мемлекет – Ресейге қарсы тұра алмады» [1, 22 б.]. Яғни, өз заманының ірі отарлаушы мемлекеті, әскери қуатты Ресей патшалығына қылыш пен найзамен қаруланған жасақтардың қарсы тұруда басымдыққа ие болмасы анық еді. Дегенмен, бұл XIX ғасырда орын алған тарихи күрес өзінің бостандыққа ұмтылған, азаттық пен еркіндік үшін жүргізілген еді [2, 50 б.]. Бұл көтерілістер – қазақ халқының ұлттық қозғалысының негізгі

формасы еді. Мұндай наразылық түрлерінің саны уақыт өте келе сандық жағынан да, аумақтық тұрғыдан да кеңейе түсті.

XVIII ғасырдың ортасынан 1916 жылға дейін Қазақстан аумағында шамамен 300-ге жуық ұлт-азаттық сипаттағы толқулар, соғыстар мен көтерілістер орын алды. Бұл көтерілістердің сипаты жалпы алғанда ұлт-азаттық қозғалыс ретінде анықталып, саяси және отаршылдыққа қарсы бағытта болды, ал таптық сипат негізгі ұлттық мақсатпен салыстырғанда екінші кезекте тұрды. Жалпы алғанда, барлық көтерілістердің себептері ұқсас болғанымен, олардың басталуына түрткі болған жағдайлар әртүрлі болды. Себептер ұзақ уақыт бойы жинақталып, ал нақты оқиғалар соңғы түрткі қызметін атқарды.

Негізгі себептерге мыналар жатады: отарлық езгі, жердің тартып алынуы, салықтардың көбеюі, қоныстандыру саясаты және т.б [3, 75 б.]. Сондықтан да бұл кезеңдегі ұлт-азаттық көтеріліс жетекшілері М. Өтемісұлы, И. Тайманұлы, Ж. Нұрмұхамедұлы, Ж. Тіленшіұлы, Е. Көтібарұлы, С. Қасымұлы және К. Қасымұлының өзіндік бағыты мен мақсаты болды. Осы тұста «ұлт-азаттық қозғалыс» ұғымына қатысты ғылыми-әдістемелік талдауды ұсынамыз. Көптеген зерттеулерде тәуелсіздік үшін болған көтерілістер тек Ресей империясына қарсы бағытталған күрес ретінде тар мағынада ұсынылады [4, 84 б.].

Ғалым С.Ф.Мажитов қазақ даласындағы XVIII-XX ғғ. ұлт-азаттық қозғалыстарды 5 типке бөліп көрсетеді. Олар: шаруалар соғысы, шаруалар көтерілісі, наразылық қозғалыс, халық-азаттық қозғалыс, ұлт-азаттық күрес. Ғалым бұл мәселені осылай типке бөле келе, «халық-азаттық күрес» ұғымының мазмұны мен ерекшеліктерін терең зерттеу алдағы уақытта да ғылыми ізденісті талап етеді» [5, 140 б.] дейді. Ал XVIII-XX ғасырлардағы тәуелсіздік үшін болған күрес қазақтардың жоңғарлармен тәуелсіздік үшін болған күресімен басталып, патшалық Ресейге қарсы көтеріліспен аяқталды.

Ұлт-азаттық көтерілістер басталған кезде оның негізгі қозғаушы күші – халық болды, ал жетекшілері сол халықты соңынан ертіп, патшалық Ресейдің дайындықтан өткен жазалаушы әскеріне төтеп бере алатындай дайындық жасап, басқарған қазақтың әр руынан шыққан батыр, би, сұлтан тіпті хан да болды. Көтерілісшілердің саны жағынан басымдығы мен шайқастардағы ерлігіне қарамастан, олардың әскери тактикасы мен ұйымдасуында елеулі кемшіліктер болды. Қарулы күресте партизандық әдістерді қолдану және қозғалыстың шешуші кезеңдерінде патша әскерлерінен үнемі шегіну жеңіске жеткізбеді.

Көтерілістің себептері айқын болғанымен, нақты саяси бағдарламаның болмауы оның жеңіліске ұшырауын алдын ала айқындап, күрделі тарихи салдарға алып келді. Сонымен қатар, көтерілістің жеңілу себептері ең алдымен оның өткен кезеңдегі ішкі саяси жағдаймен байланысты болды. Атап айтқанда, бұл кезең орталықтандырылған тәуелсіз Қазақ мемлекетін құру әрекеттерінің сәтсіздікке ұшырауымен тұспа-тұс

келді. Яғни, аса қуатты Кенесары қозғалысы күйрегеннен кейін Есет батыр көтерілісінің жеңіске жетуі мүмкін емес еді [6, 35 б.].

XIX ғасырдың I жартысындағы қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілістерінің ортақ белгісі – стихиялы түрде болу басымдығы еді. Ал қозғалыстың бастапқы кезеңінде көтерілісшілердің белгілі бір аумақты ғана қамтуы патша әскері үшін үлкен жеңілдік болды. Оның себебі ретінде жазалаушы әскер көтерілісшілердің шоғыры орналасқан аймаққа бекініп, тез әрі оңай жоюға мүмкіндік алды.

Көтеріліс кезінде жазалаушы әскердің қатыгездік әрекеті көтерілісшілерге ауыл моральдік соққы болғаны анық. Ал бұл өз кезегінде көтеріліс басшылары мен оның қатысушыларын үлкен дағдарысқа ұшыратты. Сонымен қатар, көтеріліске қатысушы рулар арасына іріткі салу да көтерілістің тез жеңілуіне тікелей әсер етті.

Отарлық биліктің ең тиімді деп санаған тәсілдерінің бірі — көтерілісшілермен тікелей шайқасқа түспей, олардың шағын топтарын қудалау, бейбіт ауылдарды талқандау, қыстаудан жайлауға және кері көшіп жүрген халықты шабуылдау болды. Мұндай қатыгез әрекеттер көтеріліс жетекшілерін аз ғана серіктерімен оқшаулануға мәжбүр етті.

Академик М. Қозыбаев мұрағат деректеріне сүйене отырып, жазалаушы казак жасақтарының қазақ даласын өртеп, жүздеген ауылдарды жойғанын атап көрсетеді.

1855-1857 жылдары казак әскерлері «тәртіп орнату» сылтауымен Кіші жүзде шамамен 320 ауылды талқандап, мал-мүлкін тартып алып, оны шекаралық базарларда сатып, үлкен пайда тапқан [7, 85 б.].

Қазақ халқының тарихи өткені әрдайым қоғамдық-саяси сананың ажырамас бөлігі болып табылады. Сондықтан ұлт-азаттық қозғалыстардың мәнін терең түсіну ұлттық санада ерекше орын алады.

Қазақ ұлт-азаттық қозғалыстарының басты ерекшелігі – олардың үздіксіздігі. Ресейдің отарлау саясаты басталған кезден бастап 1917 жылға дейін қазақ даласында азаттық үшін күрес тоқтаусыз жүрді. Бұған қазақ халқының жауынгерлік рухы мен Ұлы Даланың табиғи-географиялық ерекшеліктері ықпал етті.

XVII-XIX ғасырлардағы Ресей империясының отарлау саясаты қазақ халқының ұлттық болмысы мен тұрмыс-тіршілігіне үлкен нұқсан келтірді. Әсіресе жер мәселесі ұлт-азаттық қозғалыстардың негізгі қозғаушы күшіне айналды. Бұл қозғалыстардың барлығын біріктіретін ортақ фактор – отаршылдық саясат пен туған жер үшін күрес болды. Ұлт-азаттық қозғалыстардың өзара байланысы мен сабақтастығы олардың тарихи заңдылық екенін көрсетеді.

XIX ғасыр қазақ даласы тұтастай ұлт-азаттық күрес алаңына айналды. Исатай Тайманұлы, Жоламан Тіленшіұлы, Есет Көтібарұлы, Жанқожа Нұрмұхамедұлы, Санжар және Кенесары Қасымұлы сияқты тұлғалардың қозғалыстары өзара тығыз байланыста дамыды. Осы көтерілістер тарихын, барысын және тарихи маңызын бүгінгі ұрпаққа тарих сабағында оқыту сол

кезеңдегі қоғамдық-саяси жағдайды, отарлық қысымның сипатын және халықтың азаттыққа ұмтылысын терең түсіндіруге бағытталуы тиіс.

Бұл үдеріс тек деректерді баяндаумен шектелмей, оқушылардың тарихи санасын қалыптастыруға, ұлттық құндылықтарды ұғынуына және өткен мен бүгіннің арасындағы сабақтастықты сезінуіне ықпал етуі қажет. Сонымен қатар, ұлт-азаттық қозғалыстарды оқыту барысында олардың өзара байланысы, ортақ мақсат-мүддесі және тарихи заңдылық ретінде қалыптасуы жан-жақты талдануы маңызды. Осы тұрғыда тарих сабағында аталған тақырыпты оқыту оқушылардың сыни ойлау, талдау, салыстыру және тарихи бағалау дағдыларын дамытуға негізделуі тиіс.

Интерактивті әдістерді қолдану арқылы оқушылар тек оқиға барысын меңгеріп қана қоймай, сол кезеңдегі тарихи үдерістерге өзіндік көзқарас қалыптастырып, ұлттық тарихтың мәнін терең түсінуге мүмкіндік алады.

Қазақстан тарихы пәні бойынша оқушыларға XIX ғасырдағы ұлт-азаттық көтерілістер тарихын оқыту арқылы келесі мәселелерді оңды шешуге болады:

– Ұлттық тарихи сананы қалыптастыру (К. Қасымұлы, И. Тайманұлы, Е. Көтібарұлы, Ж. Нұрмұхамедұлы және т.б. тұлғалары);

– Сыни ойлау және талдау дағдыларын дамыту;

– Тарихи үдерістердің сабақтастығын түсіндіру;

– Патриоттық тәрбие беру;

– Зерттеушілік қабілеттерді қалыптастыру;

– Тәуелсіздіктің құндылығын ұғындыру.

Бұл мәселелерді оңтайлы шешу үшін оқытудың бірнене тиімді әдіс-тәсілдерін қолдануға болады. Атап айтқанда, проблемалық оқыту, салыстырмалы және SWOT талдау. Бұл әдістердің тиімділігі оқушының белгілі тарихи кезеңдегі оқиғаларды білу деңгейінен бастап салыстыру, талдау және бағалауға дейінгі педагогикалық процестен тұрады. Оқушы ақпаратты есте сақтау, мағынасын түсіну, жаңа идеяны құрастыру мен шешім қабылдау деңгейіне дейін жету үшін келесідей әдістердің тиімділігін дәлелдейміз:

Оқушыға тақырыпқа байланысты проблемалық сұрақтар қою өздігінен ойлануға, шешімін табуға мүмкіндік беретін «проблемалық әдіс» ең тиімдісі болып табылады. Яғни, сабақ проблемалық сұрақтан басталады, ал оқушы гипотеза ұсынады. Бұл жердегі мұғалімнің рөлі – бақылаушы. Бұл әдісті қолдану арқылы оқушыға келесі тапсырманы беруге болады: «Неліктен Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс сәтсіз аяқталды?». Оқушы аталған проблемалық сұрақты бойынша 3 себеп келтіреді, ішкі, сыртқы факторларды ажыраты және қорытындай жасайды.

Тарихи құбылысты бірнеше құбылыстар негізінде, критерийлер бойынша салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын анықтауда «салыстырмалы талдау» әдісі маңызды саналады. Бұл әдіс арқылы XIX ғасырдағы көтерілістерді қатар қарастыра отырып, кесте түрінде талдау жасауға болады. Бұл жерде педагог – нұсқаушы, оқушы – орындауше

ретінде болады. Бұл оқушының ойлау қабілетін дамытады. Мысалы, И. Таймануұлы, М. Өтемісұлы мен К. Қасымұлы көтерілістерін салыстыру барысында оқушыға келесі тапсырманы ұсынуға болады. Оқушы: көтерілістің себебін, мақсатын, нәтижесі мен қорытындысын критерийлер бойынша кестеге жазып шығады. Соңында «Қай көтеріліс ауқымды болды?», «Неліктен?) деген сұрақтың жауабын табады.

Кез келген тарихи құбылысты жан-жақты талдауда «SWOT» талдаудың мүмкіндіктері кең. Бұл әдіс арқылы ұлт-азаттық көтерілістерге терең талдау жүргізіп, себеп-салдар байланысы ашылады.

Оқушы үшін бұл әдісті қолдану арқылы келесі тапсырманы ұсынуға болады: «К. Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліске SWOT талдау жаса». Оқушы көтерілістің күшті, әлсіз жақтарын, мүмкіндігі мен қауіп-қатерлерін анықтау арқылы «Көтеріліс неге жеңіліске ұшырады?» деген сұрақтың жауабын табады.

Біз ұсынған әдістер оқушыларға қазақ даласында ұлтының тәуелсіздігі мен азаттығы жолындағы күрестердің, оларды ұйымдастырушы тарихи қайраткерлердің ерлігін, қызметін терең түсіне алады.

Қорыта келе, қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының тарихи маңызы – халықтың ұлттық санасының оянуында, этникалық мемлекеттілік идеясын жаңғыртуға ұмтылысында және еркіндік пен тәуелсіздік үшін күреске деген табандылығында көрініс табады. Ал бұл мәселені бүгінгі таңда білім алушыларға оқыту арқылы ұлттық тарихи санасы қалыптасқан, сыни ойлай алатын, тарихи үдерістерді бағалай білетін және тәуелсіздіктің құндылығын терең түсінетін тұлға тәрбиелеу нәтижесіне қол жеткіземіз.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Рязанов А.Ф. Набеги хивинцев и туркмен в киргизскую степь в 1848году. – Оренбург, 1925. – 23 с.
2. Курманалин С. Ресейлік отаршылдық саясатқа қарсы қазақ ұлт-азаттық көтерілістері: жеңілу себептері, ерекшеліктері, өзара байланыстары // Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің Хабаршысы. – 2024. – №4(32). – Б. 49-56.
3. Кудабаев К.Е., Мухамадеева И.А. Основные вехи в национальном движении казахского народа // НАУКА И РЕАЛЬНОСТЬ. – 2021. – №2(6). – С. 73-76.
4. Қабыл А.Ә. Қазақстандағы XVIII-XIX ғасырлардағы ұлт-азаттық қозғалысты зерттеу және оқытудағы өзекті мәселелер // Отан тарихы. – 2020. – №4(92). – Б. 80-89.
5. Мажитов С.Ф. О типологии народно-освободительного движения XVIII – начала XX вв. в Казахстане // Вестник НАН РК. – 2007. – №3. – С. 137-140.
6. Курманалин С.Б. Кенесары хан бастаған қазақ халқының азаттық қозғалысының тарихнамасы // Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің Хабаршысы. – 2024. – №2(30). – Б. 32-42.
7. Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.

# XIX Ғ. I ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАРДЫҢ ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТІК АЛҒЫШАРТТАРЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

***Әймішев Ж.С.***
*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің магистранты,*
***Абдрахманов Б.Н.***
*Ғылыми жетекші: тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор*

**Аннотация.** Мақалада XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ даласында болған ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихы, алғышарттары мен мекткепте оқытудың әдістемесі баяндалады. Аталған кезеңдегі оқиғалар оқушылар үшін түсінікті әрі қызықты болуы тиімді қолданылған әдістерге байланысты. Бұл бағытта геймификация, жобалық оқыту және интерактивті әдістер қолданылады. Аталған оқыту әдістері оқушылардың тарихи санасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

**Түйінді сөздер:** көтеріліс, әдістеме, тарих, педагогика, тәсіл, дерек.

**Аннотация.** В статье рассматриваются история и предпосылки национально-освободительных движений в казахской степи в первой половине XIX века, а также методика их преподавания в школе. События данного периода становятся понятными и интересными для учащихся благодаря эффективному применению современных методов обучения. В этом направлении используются геймификация, проектное обучение и интерактивные методы. Указанные педагогические подходы способствуют формированию исторического сознания учащихся.

**Ключевые слова:** восстание, методика, история, педагогика, подход, источник.

**Annotation.** The article examines the history and preconditions of national liberation movements in the Kazakh steppe in the first half of the nineteenth century, as well as methods of teaching them at school. The events of this period become clear and engaging for students through the effective use of modern teaching approaches. Gamification, project-based learning, and interactive methods are applied. These pedagogical strategies contribute to the development of students' historical consciousness.

**Keywords:** uprising, methodology, history, pedagogy, approach, source

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихы өзінің ұрпағы мен ұлан-ғайыр территориясын сақтап, олардың үнемі бірқалыпты дамуы үшін бірлесу мен тұтастану жолындағы жанқиярлық күрестерден тұрады [1, 24 б.]. Азаттық жолындағы толассыз күрес шежіресінде XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ұлт-азаттық қозғалыстар ерекше орын алады.

Бұл кезеңде қазақ қоғамы терең әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістерді бастан кешірді. Ресей империясының отарлық саясаты күшейіп, дәстүрлі басқару жүйесі дағдарысқа ұшырады. Осындай тарихи жағдайлар халық наразылығының өсуіне және ұлт-азаттық қозғалыстардың пайда болуына негіз болды.

XIX ғасырдың I жартысында қазақ даласында орын алған көтерілістер мәселесі отандық тарихнамада жан-жақты зерттелген тақырыптардың бірі болып табылады. Бұл мәселенің ғылыми тұрғыда қарастырылуы әр

кезеңдегі зерттеушілердің еңбектерімен тығыз байланысты. Кеңестік кезеңде алғашқылардың бірі ретінде Е. Бекмаханов Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысты терең талдап, тарихи маңызын ғылыми негізде дәлелдеді. Одан кейінгі кезеңде М. Қозыбаев, К. Нұрпейіс, Т. Омарбеков сияқты ғалымдар көтерілістердің тарихи мәнін жаңаша пайымдауға үлес қосты.

Тәуелсіздік жылдарында бұл тақырыпты зерттеу жаңа методологиялық тұрғыдан жалғасын тапты. Ұлт-азаттық қозғалыстар ұлттық мүдде, тәуелсіздік идеясы тұрғысынан қайта қарастырылды. Осы бағытта М. Қойгелдиев, Х. Әбжанов, З. Қабылдинов еңбектерінде көтерілістердің тарихи-әлеуметтік алғышарттары мен маңызы кеңінен талданды. Осылайша, қазақ даласындағы көтерілістер мәселесі отандық тарихнамада әр кезеңде әртүрлі көзқарастар тұрғысынан зерттеліп, қазіргі уақытта кешенді ғылыми бағасын алды. Аталған зерттеулерге жасалған тарихи талдауда көтерілістердің басталуының 3 негізгі себебін жинақтай отырып, саяси, әлеуметтік-экономикалық және әскери-әкімшілік деп бөліп көрсетеміз:

Саяси себеп: отарлық саясат, хан билігінің жойылуы және тәуелсіздігінен айырылуы;

Әлеуметтік-экономикалық себеп: дәстүрлі шаруашылықтың бұзылуы, жер және салық мәселесі;

Әскери-әкімшілік себеп: әскери бекіністердің көптеп салынуы, қоныстандыру саясаты мен халыққа жасалған қысым. Аталған негізгі 3 себеп қазақ даласында орын алған бірнеше ірі көтерілістердің орын алуына ықпал етті.

Әрбір көтерілістің өзіндік тарихи маңызы мен тарихта алатын орнының барын ескерсек, М. Қозыбаевша айтқанда «... ұлт-азаттық қозғалыстың негізгі мақсаты – ұлтты өзгеден азат ету, оның ұлттық мүддесін қорғайтын мемлекеттілігін, дербестігін қалпына келтіру». Иә, қазақ даласында орын алған әрбір көтерілістің өзіндік мақсаты, мүддесі және сол мақсатқа біріккен қозғаушы күші болды. Бұл жерде ортақ мүдде де мақсат та ұлтты азат ету екені күмәнсіз.

Ғалым өз тұжырымын жалғастыра келе: «Біз, Қазақстан тарихшылары, осы кезге дейін ұлт-азаттық қозғалысын біріншіден жеке-жеке қарап келдік. Ал шын мәнінде Исатай мен Махамбеттің (1836-1837), Кенесарының (1837-1847) Жанғожаның (1856-1857), Есеттің (1855-1858) көтерілісі Атырауды, Арқаны, Сыр бойын, Қазақ елін тұтас қамтып, бірі бастаса, екіншісі жалғап жатқан жоқ па? Ал осы қозғалыстардың өзара байланысы, негізгі арқауы, шешуші мотиві бір емес деп кім айта алады. Екінші жағынан алсақ, қазақ сахарасындағы ұлт-азаттық қозғалыс әлемдік ұлт-азаттық қозғалысының құрамды бөлігі» [2, 281 б.]. Яғни, аталған мәселе методологиялық тұрғыдан аса өзекті әрі күрделі тақырыптардың бірі ретінде отандық тарих ғылымында жазылды.

Бүгінгі күні ұлт-азаттық қозғалыстарды оқытудың методологиясы, зерттеу тарихы елеулі дәлдікпен, тарихнамалық тұрғыдан ғылыми дәстүрі қалыптасқан [3, 132 б.].

Бүгінгі еліміздегі білім беру ұйымдарында «Қазақстан тарихы» пәнінде оқушылар үшін қазақ даласында орын алған көтерілістер тарихы оқытылады. Аталған оқулықтарда көтерілістер тарихына қатысты жасалған талдауды ұсынамыз:

2011 жылы жалпы білім беретін мектептің 11-сынып оқушыларына арналған әдістемелік құралдың I бөлімі «Қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық күрес» деп аталады. Аталған бөлімде 1836-1838 жж. И. Тайманұлы мен М. Өтемісұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс пен 1837-1847 жылдардағы К.Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс тарихы баяндалады. Сонымен қатар, әдістемелік құралда аталған екі көтеріліске қатысты ортақ белгілерді анықтауға арналған тапсырма да ұсынылады [4, 27 б.].

2019 жылы Назарбаев Зияткерлік Мектептері үшін 8-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқулығы жарық көрді. Кітаптың «Отарлау және ұлт-азаттық күрес» деп аталатын 4-бөлімінде И. Тайманұлы, М. Өтемісұлы, Кенесары хан, Есет пен Жанқожа батырлардың ұлт-азаттық күрестегі рөлдері тарихи деректер негізінде ұсынылады [5].

2025 жылы З. Қабылдиновтың 7-сынып оқушыларына арналған оқулықта 1836-1838 жылдардағы Бөкей Ордасындағы, 1837-1847 жылдардағы К. Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс және қазақтардың XIX ғасырдың 40-60 жылдарындағы Ж. Нұрмұхамедұлы Ортаазиялық хандықтар мен Патша үкіметіне қарсы көтерілісі мен Е. Көтібаруұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс тарихы баяндалады [6].

Аталған 3 оқулықта да қазақ даласындағы XIX ғасырдың I жартысындағы көтерелістер тарихы толық қамтылған, әр көтеріліс жеке тақырып ретінде қарастырыған және өзара байланыстары, ортақ ерекшеліктеріне қатысты тапсырмалар ұсынылған. Бұл мәліметтер ең алдымен оқушының санасына ұлт, тәуелсіздік пен азаттық жолындағы ұлы тұлғалардың ерлігі секілді маңызды ұғымдармен әсер етуі керек. Жас зерттеуші А.Ә. Қабылдың мақаласында «... оқушылардың санасына қатты әсер ететін басты мәселе – киелі тәуелсіздік жолындағы бостандық пен егемендік үшін күрес тарихы» [7, 86 б.]. Яғни, біз бүгінгі оқушыға осы мәселелерді дұрыс әрі терең мағынада жеткізе білуіміз керек.

Бүгінгі білім алушы жас буынға XIX ғасырдың I жартысында орын алған ұлт-азаттық көтерілістер тарихын оқыту, тақырыпты түсіндіру әрі жеткізе білу өте маңызды мәселе. Ол бүгінгі оқушының тарихи санасын қалыптастырып, ұлттық бірегейлігін нығайтуға, өткенді саралай отырып, қазіргі қоғамдағы өз орнын түсінуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл тақырып оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға, тарихи оқиғаларға баға бере алуына, себеп-салдарлық байланыстарды анықтай білуіне

мүмкіндік береді. Ұлт-азаттық көтерілістер арқылы жастар еркіндік, тәуелсіздік, әділеттілік сияқты құндылықтардың маңызын терең ұғынады.

Оқытудың тиімді ұйымдастырылуы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың патриоттық сезімін оятып, ел тарихына деген құрметін күшейтеді. Осы тұрғыда мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен заманауи әдіс-тәсілдерді қолдануы ерекше рөл атқарады. Мұғалімнің заманауи әдіс-тәсілдерінің ішінде геймификация, жобалық оқыту, интерактивті және проблемалық оқыту әдістерін жатқыза отырып, практикалық әрі ғылыми-әдістемелік тиімділігін негіздеуге болады.

Геймификация – оқу үдерісінде ойын элементтерін енгізу арқылы оқушының мотивациясын тақырыпты толық меңгеруге ықпал ету әдісі [8, 199 б].

Геймификация әдісін қолдану арқылы оқушыларға тарихи квест ойындар, рөлдік ойындар мен онлайн платформалар арқылы тапсырмалар ұсынуға болады. Атап айтқанда, оқушының тақырыпты толық түсінуі мен оны ойда сақтап қалу мақсатына «Gimkit», «Interacty» ойын платформаларын тиімді қолдануға болады. Бұл ойын платформаларын оқушыларға топтық түрде ұсыну арқылы олардың қарым-қатынасын, ынтымақтастығын дамытуға ықпал етуге болады.

«Gimkit» – бұл ойын платформасы бүгінгі таңда оқушылар арасында кең танымалдыққа ие және ол арқылы түрлі тақырыптарды ойын-сабақ түрінде ұсынуға болады.

«Interacty» – бұл ойын платформасы түрлі ойын элементтерінен тұрады және оқушының қызығушылығын арттыру бағытында түрлі тапсырмаларды (тест, ойындар және т.б.) қамтиды. Бұл әдіс арқылы оқушылар тарихи оқиғаларды тек жаттап қана қоймай, оларды эмоционалдық тұрғыда сезінеді, тарихи жағдайларға өзіндік баға береді.

Ұлт азаттық көтерілістер тарихын оқытудың тиімді әдістерінің бірі – жобалық оқыту технологиясы. Бұл оқушыларға белгілі бір тақырыпты толық түсінуге, зерттеуге әрі сол арқылы нәтижеге қол жеткізуді көздейді [9, 31 ,7]. Бұл әдісті сабақ барысында жиі қолдану арқылы оқушылардың зерттеушілік қабілеті дамиды, дербек жұмыс жасай алуды үйренеді.

Тарих пәні мұғалімі оқушылар үшін жобалық оқыту технологиясын қолдану арқылы келесі тақырыптарды ұсына алады: «XIX ғасыр көтерілістерінің себептері мен салдары» атты зерттеу жобасы; тарихи тұлғаларға арналған презентациялар (мысалы, көтеріліс жетекшілері).

Жобалық оқыту барысында оқушылар ақпарат көздерімен жұмыс істеп, талдау, салыстыру, қорытынды жасау дағдыларын меңгереді. Нәтижесінде олардың тарихи танымы тереңдей түседі.

Интерактивті оқыту әдістері – оқушының белсенді іс-әрекетіне негізделген. Бұл оқыту әдістемесі бойынша SWOT талдау, «Егер де...» стратегияларын тиімді қолдану арқылы оқу мақсатына жетуге болады. Мысалы, SWOT талдау бойынша көтерілісті 4 бағытта талдауға жасауға, ал

«Егер де ...» стратегиясы арқылы оқушыларға «Егер көтерілісшілерде жақсы қару болса не өзгерер еді?» деген сұрақтар қою арқылы оқушы пассив тыңдаушыдан белсенді қатысушыға айналдыруға болады.

Проблемалық оқыту әдістері – тарихи деректерді өз бетінше талдауына мүмкіндік беретін оқу үдерісі. Оқушыға дайын ақпарат берілмейді, тек талқыланатын мәселе ұсынылады. Оқушы ұсынылған тарихи мәселе бойынша талдау, сараптау және бағалау жұмыстарын жүргізеді.

XIX ғасырдың I жартысындағы көтерілістер тарихына қатысты оқушыға ұсынылатын проблемалық сұрақтар:

– Қазақ даласындағы көтерілістер неліктен сәтсіз аяқталды?

– Көтеріліс басшылары қандай қателіктер жіберді?

– Патшалық биліктің көтерістерге қатысты әрекеттері дұрыс болды ма?

– Көтерілісшілердің әрекеттерін қалай бағалайсың?

– Көтерілістің басты қозғаушы күші халықтың рөлі қаншалықты маңызды болды?

Аталған проблемалық сұрақтарды қою арқылы оқушыларға белгілі бір көтеріліске қатысты ойын блум таксаномиясы бойынша талдау деңгейінен бастап бағалауға дейін жеткізуге болады.

Геймификация, жобалық, интерактивті және проблемалық оқыту әдістерін кешенді түрде қолдану оқыту үдерісінің сапасын арттырады. Мұндай интеграция:

– оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады;

– оқу мотивациясын күшейтеді;

– шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытады;

– тарихи білімді өмірлік тәжірибемен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Қорыта келе, қазақ даласында орын алған ұлт-азаттық көтерілістер тарихын оқыту – бүгінгі білім алушылардың бойында тәуелсіздік, азаттық секілді ұғымдарды сіңдірудің маңызды жолы. Бұл мәселені оқушыларға оқытуда тиімді әдістерді қолдану арқылы шешуге болатынына көз жеткізе алдық. Ол геймификация, жобалық оқыту, интерактивті және проблемалық оқы әдістерін тиімді қолдану арқылы нәтижелі болады. Сондықтан мұғалімдер бұл әдістерді жүйелі әрі мақсатты түрде қолдана отырып, оқыту үдерісін оқушыға бағыттай отырып, мазмұнды ете алады.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Құрманалин С.Б. Қайыпқали Есімұлы және ұлт-азаттық қозғалыс // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы: Тарихи ғылымдар. Философия. Дінтану сериясы. – 2019. – №3(128). – Б. 24-30.

2. Қозыбаев М. Шығармалары. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2013. – Т. 3. – 281 б.

3. Мажитов С.Ф. Историческая наука Казахстана: современное состояние и тенденции развития: Монография. – Алматы: Ассоциация издателей и книгораспространителей Казахстана, 2013. – 262 с.
4. Сәуенова Р., Нұғыманова Н. Қазақстан тарихы: әдістемелік нұсқау. – Алматы: Мектеп, 2011. – 160 б.
5. Қазақстан тарихы. 8-сыныпқа арналған оқулық / Ш.М. Аманқұлова, Л.А. Бердіғалиева, А.С. Мағзұмова. – Нұр-Сұлтан: «НЗМ» ДББҰ, 2019. – 184 б.
6. Қабылдинов З. Қазақстан тарихы (XVIII-XIX ғасырлар). 7-сыныпқа арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2025. – 240 б.
7. Қабыл А.Ә. Қазақстандағы XVIII-XIX ғасырлардағы ұлт-азаттық қозғалысты зерттеу және оқытудағы өзекті мәселелер // Отан тарихы. – 2020. – №4(92). – Б. 80-89.
8. Снопок М.А., Жеглов А.Ю. Геймификация как тренд в системе образования // Юный ученый. – 2023. – №4(67). – С. 198-200.
9. Петрович В.Г. Метод проектов при изучении истории // Преподавание истории и обществознания в школе. – 2019. – № 8. – С. 30-337

# ФАКТОРЫ СОЦИАЛЬНОГО НЕРАВЕНСТВА В КОНТЕКСТЕ ВНЕДРЕНИЯ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

***Сағынтай А. Қ.***
*студент: Павлодарского педагогического университета, г. Павлодар,*
***Байбулова А. А.***
*научный руководитель: магистр педагогических наук Павлодарского педагогического университета, г. Павлодар*

Аннотация. Мақалада қазіргі білім беру саласына инклюзивті білім беруді енгізу үдерісіне әлеуметтік теңсіздіктің әсер ету қырлары зерттеледі. Әлеуметтік, экономикалық және мәдени ресурстары әртүрлі білім алушыларға қолайлы орта қалыптастыру барысында білім беру ұйымдары туындататын мәселелер талданады. Ерекше назар сапалы білім беру қызметтеріне қолжетімділіктегі теңсіздікке, материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігіне, кадрлық ресурстардың шектеулігіне және инклюзия мәселелері бойынша ақпараттану деңгейіндегі айырмашылықтарға аударылады.

Түйінді сөздер: инклюзивті білім беру, әлеуметтік теңсіздік, қолжетімділік, мүмкіндіктер, интеграция.

Аннотация. В статье исследуются аспекты влияния социального неравенства на внедрение инклюзивного образования в современную образовательную сферу. Анализируются некоторые вопросы, с которыми встречаются организации образования при создании благоприятной среды для обучающихся с разными социальными, экономическими и культурными ресурсами. Особое внимание уделяется дисбалансу в доступе к качественным образовательным услугам, недостаточности материально-технической базы, ограниченности кадровых ресурсов и различиям в уровне информированности в области инклюзии. Выявлено, что социальное неравенство не только замедляет внедрение инклюзивного образования, но и снижает его эффективность, усиливая разрыв между учащимися.

Ключевые слова: инклюзивное образование, социальное неравенство, доступность, возможности, интеграция.

Abstract. The article examines the impact of social inequality on the implementation of inclusive education in the modern educational sphere. It analyzes the challenges faced by educational institutions in creating a supportive environment for learners with diverse social, economic, and cultural backgrounds. Particular attention is paid to disparities in access to quality educational services, insufficient material and technical resources, limited human resources, and differences in the level of awareness regarding inclusion. The study reveals that social inequality not only slows down the introduction of inclusive education but also reduces its effectiveness, further widening the gap between students.

Keywords: inclusive education, social inequality, accessibility, opportunities, integration.

В настоящее время развитие инклюзивного образования в Республике Казахстан является одним из ключевых аспектов доступности обучения [1, с. 80; 2, с. 380]. Государство методично внедряет меры, направленные на обеспечение равного доступа к качественному образованию для всех категорий обучающихся, включая детей с особыми образовательными потребностями. Несмотря на значительный прогресс – принятие нормативных документов, расширение сети инклюзивных школ, внедрение ресурсных центров и кабинетов психолого-педагогической коррекции – система по-прежнему сталкивается с рядом вызовов, затрудняющих полноценную реализацию принципов инклюзии [3, с. 45].

Одним из основных ограничивающих факторов, влияющих на эффективность внедрения инклюзивного образования, является социальное неравенство. Уровень материального обеспечения семей, где растут дети, доступность медицинских и коррекционных услуг, различия в инфраструктуре городских и сельских населенных пунктов, уровень подготовки педагогических кадров – всё это создает преграды на пути обучающихся с особыми образовательными потребностями к получению знаний. В Казахстане социальное неравенство проявляется в неодинаковом качестве образовательных условий, ограниченных возможностях посещения специализированных центров и недостаточной поддержке семей, что осложняет достижение целей инклюзивного образования [4, с. 3950].

Таким образом, исследование влияния социального неравенства на процесс внедрения инклюзивного образования приобретает особую актуальность в Казахстане. Анализ данного вопроса позволяет определить основные трудности, системные проблемы и методы их решения для дальнейшего развития инклюзивной образовательной среды, ориентированной на обеспечении равных возможностей для каждого ребенка.

Инклюзивное образование в Казахстане развивается в условиях присутствия социального неравенства, которое влияет на успешность внедрения методик. Различия в социально-экономическом положении, уровне инфраструктуры регионов и подготовленности педагогических кадров формируют неравные возможности для детей с особыми образовательными потребностями (ООП).

Одним из основных проявлений социального неравенства является дисбаланс в доступности инклюзивных условий в городах и селах. В крупных городах, таких как Астана, Алматы, Шымкент, достаточно активно развиваются реабилитационные центры, инклюзивные кабинеты, логопедические и психолого-педагогические службы. Например, в Астане функционируют специализированные детские сады, коррекционная школа-интернат, оснащённые сенсорными комнатами, альтернативными средствами коммуникации, а также программами ранней поддержки [5, с. 140]. В сельских населенных пунктах ситуация значительно отличается. В малокомплектных сельских школах, зачастую отсутствуют узкие специалисты – дефектологи, логопеды, тьюторы [6, с. 385]. Многие учащиеся вынуждены либо обучаться дистанционно, либо получать поддержку эпизодически, что снижает эффективность инклюзивного обучения.

Социальное неравенство проявляется и на возможностях родителей обеспечить дополнительные коррекционные услуги. Несмотря на существование государственных кабинетов психолого-педагогической коррекции, их количество недостаточно, а запись может занимать несколько месяцев. В результате дети из более обеспеченных семей получают регулярную поддержку, другие же вынуждены ждать или ограничиваться ограниченными ресурсами.

Проблема дефицита специализированных кадров остаётся одной из ключевых. Несмотря на открытие новых образовательных программ по логопедии, сурдопедагогике и олигофренопедагогике, особенно остро кадровый дефицит ощущается в сельских районах [7, с. 153]. В школах нередко один дефектолог работает сразу с несколькими школами или сотнями детей, что существенно снижает качество сопровождения [8, с. 695]. Учителя-предметники признают, что испытывают трудности в адаптации учебных программ и составлении индивидуальных образовательных маршрутов, особенно при работе с детьми с РАС, ЗПР или нарушениями поведения [9, с. 69].

Несмотря на внедрение стандартов безбарьерной среды [2, с. 379], многие школы всё ещё не полностью адаптированы для детей с нарушениями опорно-двигательного аппарата. Например, в старых зданиях школ Павлодарской и Карагандинской областей отсутствуют лифты, адаптированные санузлы или пандусы соответствующего уклона№ Это создаёт реальные препятствия для учёбы детей, использующих кресла-коляски. Однако, в новых школах ситуация лучше, обязательным являются установка пандусов и широких дверных проёмов.

Социальное неравенство усиливается и за счёт культурно-социальных факторов. В некоторых школах наблюдаются случаи, когда родители других учащихся выступают против включения детей с ООП в обычные классы. Нередко встречается скрытая стигма со стороны педагогов, которые считают инклюзию дополнительной нагрузкой. Могут происходить случаи,

когда детей с РАС или СДВГ в отдельных школах пытаются перевести на домашнее обучение, вместо того чтобы обеспечивать им сопровождение в классе. Это формирует неравные условия получения образования и снижает шансы детей на полноценную социализацию.

Однако не смотря на все проблемы в реализации инклюзивного образования существует ряд внедренных и реализованных инициатив, направленных на решение перечисленных выше трудностей. За последние годы увеличена сеть кабинетов психолого-педагогической коррекции, что позволяет уменьшить длительность ожидания бесплатной помощи детям из социально уязвимых семей [10, с. 159]. Во многих школах созданы центры инклюзивного образования и сенсорные комнаты, внедрены ставки тьюторов и ассистентов педагога, особенно для детей с расстройствами аутистического спектра и тяжелыми нарушениями развития [11, с. 126]. Новые школы строятся по принципу безбарьерной среды – с пандусами, лифтами, адаптированными санузлами, что заметно увеличивает доступность для учащихся с нарушениями опорно-двигательного аппарата. Кроме того, внедряется дистанционное обучение специалистов, позволяющее детям из сельских районов получать консультации логопедов и дефектологов. Параллельно укрепляется кадровая и нормативная база: в педагогических вузах открыты новые программы по дефектологии и специальной педагогике, а учителя массовых школ проходят обучение на курсах «Өрлеу» и в NU GSE по адаптации учебных материалов и составлению индивидуальных образовательных программ. Активно работают НПО («Болашақ», «Асыл Мирас» и др.), обеспечивающие услуги и поддержку родителям. Законодательство также обновляется: введены стандарты индивидуальной образовательной программы, регламенты работы тьюторов, новые требования к инклюзивной среде, Концепция инклюзивной политики в Республике Казахстан на 2025 – 2030 годы [12]. Всё это формирует более устойчивую, равноправную и системную модель инклюзивного образования в условиях сохраняющегося социального неравенства.

Подводя итоги, несмотря на сохраняющееся социальное неравенство, Казахстан демонстрирует устойчивое движение к созданию реальной инклюзивной системы образования: расширяется сеть специализированных служб поддержки, модернизируется инфраструктура школ, совершенствуется подготовка педагогов и усиливается нормативная база. Уже реализованные меры показывают положительную динамику, однако для устойчивых результатов необходима дальнейшая системная работа – выравнивание доступа между городскими и сельскими населенными пунктами, увеличение финансирования на сопровождение детей с особыми образовательными потребностями, цифровизация коррекционных услуг и расширение межведомственного взаимодействия. В перспективе комплексное развитие этих направлений позволит сформировать образовательную среду, в которой каждый ребёнок, независимо от

социального положения и особенностей развития, сможет получить качественное и доступное образование.

## Список использованных источников


1. Алипбек А. З. и др. Современное состояние инклюзивного образования в Республике Казахстан //Международный журнал гуманитарных и естественных наук. – 2023. – №. 5-4 (80). – С. 78-82.
2. Эйсмонт Е. А., Корнилова О. А. Инклюзивное обучение в образовательном процессе Казахстана //Образование: традиции и инновации. – 2016. – С. 379-381.
3. Сигутина Т. С. Актуальные проблемы инклюзивного образования в Республике Казахстан //Академическая публицистика. – 2018. – №. 7. – С. 41-48.
4. Антилогова Л. Н., Пустовалова Н. И., Лазаренко Д. В. Проблемы и перспективы создания инклюзивного общества //Профессиональное образование в современном мире. – 2020. – Т. 10. – №. 3. – С. 3948-3958.
5. Вагапова Н. Н., Бектурова З. К. Коррекционно-развивающее обучение детей с ограниченными возможностями в г. Астане //Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2014. – №. 8-4. – С. 139-140.
6. Альмурзаева Б. К. и др. Социокультурная направленность процесса обучения в сельских школах Республики Казахстан (на примере малокомплектных школ) //Международный журнал экспериментального образования. – 2015. – №. 8-3. – С. 384-387.
7. Хачароева А. Х., Гакаева М. Х. А. Современные проблемы инклюзивного образования //Актуальные вопросы современной науки: теория, технология, методология и практика. – 2021. – С. 152-155.
8. Гизатуллина А. Г. и др. Развитие науки и практики в глобально меняющемся мире в условиях рисков //Развитие науки и практики в глобально меняющемся мире в условиях рисков. – 2023. – С. 692-700.
9. Волосникова Л. М. и др. Учитель в инклюзивном классе: взаимосвязь отношения к инклюзии с удовлетворенностью работой //Вопросы образования. – 2022. – №. 2. – С. 60-87.
10. Ориббоева Д. Д., Адашалиева М. М. Вопросы внедрения и развития инклюзивного образования в странах центральной азии //Вестник молодых ученых. – 2025. – Т. 1. – С. 158-162.
11. Кудеринова А. М., Рощина Г. О., Шаймарданова Ж. М. Формирование у педагогов компетенций сопровождения детей с ограниченными возможностями здоровья в условиях инклюзивного образования //Педагогика. – 2022. – №. 3. – С. 13.
12. Постановление Правительства Республики Казахстан от 30 декабря 2024 года № 1143. Постановление Правительства Республики Казахстан от 30 декабря 2024 года № 1143.

# РАЗВИТИЕ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ И СОЦИАЛЬНО-КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ ШКОЛЬНИКОВ ПОСРЕДСТВОМ ДЕБАТ: РЕТРОСПЕКТИВНЫЙ АНАЛИЗ ЗА 2021-2025 гг.

***Грищенко А.В.***
*студент Павлодарского педагогического университета им. Ә. Марғулан, г. Павлодар*
***Тохметова Г. М.***
*научный руководитель: преподаватель Павлодарского педагогического университета им. Ә. Марғулан, г. Павлодар*

**Аннотация.** В статье исследуется роль дебатов как педагогической технологии развития soft skills у школьников в постпандемический период (2021–2025 гг.). На основе лонгитюдного анализа выявлена устойчивая динамика роста критического мышления, коммуникации и стрессоустойчивости участников. Обоснование эффективности Британского парламентского формата в преодолении последствий цифровизации и формировании социальной компетентности учащихся.

**Ключевые слова:** критическое мышление, коммуникативные навыки, soft skills, дебаты, БПФ, компетенции.

**Abstract.** The article explores the role of debating as a pedagogical technology for developing soft skills in schoolchildren during the post-pandemic period (2021–2025). Based on a longitudinal analysis, the study identifies a steady growth dynamics in participants' critical thinking, communication, and stress resistance. The author substantiates the effectiveness of the British Parliamentary Format (BPF) in overcoming the consequences of digitalization and shaping the social competence of students.

**Keywords:** critical thinking, communication skills, soft skills, debates, BPF, competencies.

**Аңдатпа.** Мақалада пандемиядан кейінгі кезеңдегі (2021–2025 жж.) мектеп оқушыларының soft skills дағдыларын дамытудағы дебаттың педагогикалық технология ретіндегі рөлі зерттеледі. Лонгитюдтік талдау негізінде қатысушылардың сыни ойлау, коммуникация және стресске төзімділік деңгейінің тұрақты өсу динамикасы анықталған. Цифрландыру салдарларын еңсеруде және оқушылардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыруда Британдық парламенттік форматтың (БПФ) тиімділігі негізделген.

**Түйін сөздер:** сыни ойлау, коммуникативтік дағдылар, soft skills, дебат, БПФ, құзыреттіліктер.

В последние годы современная система образования столкнулась с рядом трудностей в связи с социальной изоляцией в период пандемии и принудительной цифровизацией учебной среды. Теперь на передний план выходит не просто передача информации, а формирование компетенций будущего у учащихся: критического мышления, креативности, коммуникации и кооперации. Дебаты являются одной из наиболее эффективной педагогической технологией. В условиях акцента образовательной среды на soft skills, они обладают высоким потенциалом для развития критического анализа и ораторского искусства. Однако, несмотря на набирающую популярность метода, в науке ощущается дефицит долгосрочных исследований, которые отслеживают системное влияние регулярных дебатных турниров. Актуальность данного

исследования обусловлена необходимостью анализа развития компетенций учащихся в условиях быстро меняющейся образовательной среды за 2021-2025 гг. для более четкого понимания эффективности дебат в развитии важных компетенций у школьников.

Технология «Дебаты» берет свое начало в глубокой античности и восходит к культуре Древней Греции. В тот период дискуссия воспринималась как форма активной гражданской позиции и инструмент развития. Основы были заложены сократической диалектикой через столкновение позиций и мнений, а труды Аристотеля систематизируют построение аргументации и вывода, которые составляют фундамент дебатной технологии.

Однако как образовательный инструмент дебаты оформляются на стыке XX–XXI веков. В этот период дебаты начинают рассматривать как инструмент развития критического мышления в работе С. И. Заир-Бек и И. В. Муштавинской [1]. Методическое оформление дебатов как технологии приходится на 2008–2015 годы, когда работы Л. А. Турик [2] представили их не просто как метод развития коммуникативной компетенции, а как технологию, включающую поиск информации, построение аргументов и достижение компромисса. Уже в этот период А. А. Аббасова [3] подчеркивает потенциал дебатов и их субъект-субъектную среду, а это имело важное значение для начала XXI века. В этот период образование начало перестраиваться на отношения «субъект — субъект»: рассматривается не как передача знаний, а как равноправное сотрудничество. В последние годы в образовательной среде делается акцент на *soft skills*, поэтому исследования 2016–2024 годов смещают акцент на практическую эффективность метода. В труде В. Н. Куровского, Ю. Б. Зайцевой и О. А. Швабауэр [4] подчеркивается смещение акцента на общую культуру личности: дебаты становятся способом социализации и познания плюрализма мнений. В работах А. В. Ланских [5] дебаты окончательно утверждаются как инструмент развития «гибких навыков». Дебаты прошли долгий путь развития от выражения гражданской позиции до сложной педагогической технологии, развивающей ключевые компетенции, на которые опирается современное образование.

Научная новизна исследования заключается в лонгитюдном характере и адаптации к современному контексту. Анализируется влияние дебат на одну и ту же возрастную группу в течение длительного времени, что позволяет зафиксировать устойчивую динамику развития, а также выявлена роль дебатов как противодействие рискам цифровизации.

Целью данной работы является оценка эффективности влияния дебатных турниров на развитие критических и коммуникативных компетенций в период 2021 – 2025 гг.

Дебаты – это формализованный спор, который имеет несколько видов. Карл Поппер (КП) – это командные дебаты три на три человека, особенностью является наличие перекрестных вопросов, подходит для начинающих дебатеров и активно использовался в 2019-2020 гг. Британский парламентский формат (БПФ) – командные дебаты, где одновременно играют четыре команды по 2 человека, является самым распространенным форматом по всему миру, именно на нем базировались дебатные турниры период 2021 – 2025 гг. Американский парламентский формат (АПФ) – командные дебаты два на два человека, упрощенная версия БПФ, используется, когда турнир ниже городского уровня. Линкольн-Дуглас (ЛД) - индивидуальный формат, который сфокусирован на философских и морально этических вопросах. Всемирный школьный формат (WSDC) - новый формат, представляющий собой симбиоз БПФ и КП, имеет в себе оценку риторического мастерства. Для школьных турниров чаще всего используется БПФ по нескольким причинам. Во-первых, у каждого спикера есть четкая роль, которой он должен следовать, помимо того, что ученик должен подготовить свои аргументы, он вынужден слушать еще семерых человек для более качественной игры. Это позволяет поэтапно обрабатывать информацию, вовремя адаптироваться к изменению курса раунда, что очень важно в условиях современности. БПФ позволяет задавать вопросы во время речи других спикеров (Pont of information) — это ключевой фактор Павлодара развития стрессоустойчивости и реакции мышления. В БПФ играет самое большое количество человек на все форматы, а значит ученикам нужно коммуницировать с гораздо большим количеством человек - в пост изоляционный период это особенно важно для развития навыка кооперации и социализации.

Если говорить о темах, то это зависит от тематики самого турнира,

| Виды | | |
|---|---|---|
| Направление | Пример (не пример самих резолюций, а возможных тем) | Развиваемые навыки |
| Политика | Развивающиеся, развитие и страны третьего мира, Международные отношения, внешняя и внутренняя политика | Правовая грамотность, понимание госустройства |
| Экономика | Монополии, промышленность, получение кредитов, экономическая интеграция | Аналитическое мышление, критическое мышление, стратегическое мышление |
| Социальные проблемы | Экология, буллинг, проблемы молодежи, дискриминация | Эмпатия, критический анализ причин и следствий |
| Культура | Стереотипы, паттерны, изолированные культуры, нарративы | Ценностное ориентирование, понимание истории, причино-следственная связь |




*Рис. 1 — Процентное соотношение тем в дебатах на основе турниров г.*

обычно они приурочены к памятным датам, однако на каждом турнире соблюдается процент направлений и сложности резолюций, что можно проследить на Рис 1. На турнирах присутствуют ограничения, которые

включают в себя запрет на использование интернета и помощь руководителей.

Эмпирическую основу исследования составили данные дебатных турниров среди школ Павлодарской области, проведенные дебатным клубом VERITAS при Павлодарском педагогическом университете им. Ә. Марғулан, г. Павлодара в период 2021-2025 года. Турниры проходили в несколько этапов: районный и областной, с 2024 года республиканский. Для оценки эффективности был использован комплексный подход, который сочетает количественный и качественный методы анализа.

*Таблица 1.*

| Количественная статистика за 2021-2025 года (1 турнир в квартал) | |
|---|---|
| Общее количество | 960 - 1120 участников |
| Уникальные участники | 400-500 (с учетом сменяемости поколений и выпускников) |
| Языковая среда | 50\50 на русском и казахском языках |

В рассматриваемый период среднестатистический количественный показатель участия в дебатных турнирах составил 24 команды (48 учащихся 8–11 классов) как с общеобразовательных школ, так и гимназий, лицеев, НИШ. Начальный этап характеризовался относительно низкой активностью ввиду слабой популяризации дебатной технологии в школьной среде. Однако с 2021 года, вследствие системного внедрения дебатов Министерством образования, наметилась устойчивая тенденция к росту интереса.

Период 2021–2022 гг. являлся адаптационным: в это время происходило первичное ознакомление учащихся с форматом, при этом практика носила дискретный характер и ограничивалась исключительно рамками турниров [3]. Качественный переход произошел в 2022–2023 гг. с открытием профильной школы дебатов при ЦЗДРО «Павлодар Дарыны». Переход к регулярным еженедельным занятиям позволил интегрировать теоретическую подготовку с практической деятельностью, что обеспечило понимание учащимися методологических основ дебатов. На данном этапе зафиксировано формирование устойчивого контингента участников, демонстрирующих выраженную положительную динамику в развитии soft skills: углубление аргументативной базы, повышение уровня вопросно-ответного взаимодействия, рост риторической уверенности. Если на начальном этапе наблюдалась коммуникативная обособленность школьников, то к 2023 году турниры приобрели статус значимого фактора социализации. Трансформация внешней мотивации («навязанная ответственность») во внутреннюю (активное познавательное желание) стала критически важной для компенсации дефицита общения [4], возникшего в период пандемии.

Анализируя таблицу 1, мы понимаем, что из общего количества участвующих с учетом всех переменных мы получаем 400-500 уникальных учеников. Это те ученики, которые смогли при стабильном посещении турниров и активной интеграции в дебатный мир, развить свои навыки до возможного максимума, при этом восстановиться после пандемии. Такие ученики способны самостоятельно критически оценивать любого рода ситуации и быстро реагировать.

Проводя качественный анализ, мы можем вывести классификацию компетенций, которые формируются и насколько они развиваются.




*Рис. 2 — Охват компетенций на основе данных DC VERITAS*

При стабильном посещении турниров в течение 2-3 лет у ученика-участника развивается: критическое мышление, гражданская активность, ораторское искусство, эмпатия, исследовательские навыки. Согласно диаграмме (Рис 2.) прогресс выглядит так: критическое мышление - фундамент дебатной деятельности, высокий показатель свидетельствует о способности к анализу. Ораторское искусство развивается одним из первых, так как постоянная практика вынуждает расширять словарный запас и подачу информации. При условии полного запрета использования внешних носителей информации, школьникам приходится наращивать информативную базу и вне турниров, а значит их исследовательский навык растет [2]. Эмпатия растет за счет коммуникативной компетенции, дебаты учат не влезать в конфликты, а решать все путем переговоров, важно учитывать то, что в правилах ведения игры присутствует не только функционал или особенности форматов, но и правила поведения, подчеркивается важность толерантности. При несоблюдении команда может быть дисквалифицирована. Гражданская активность растет менее активно, чем остальные компетенции, потому что это более совокупный процесс, но тем не менее дебаты готовят школьников к активному применению полученных знаний в общественно полезной практике.

Показатели помогают сделать вывод о том, что дебаты формируют интегральное качество личности - коммуникативную компетентность [5], постоянная практика переводит теорию в “конструкт компетенции”.

Подводя итоги лонгитюдного исследования за период 2021–2025 гг., можно утверждать, что регулярная дебатная практика в Британском парламентском формате (БПФ) стала эффективным механизмом компенсации образовательных дефицитов, возникших в эпоху пандемии и

форсированной цифровизации. Влияние дебатов на критическое мышление учащихся проявилось в качественном усложнении аргументативной базы. Если на начальном этапе (2021–2022 гг.) преобладала линейная логика, то к 2025 году у опытных дебатеров зафиксирована способность к многофакторному анализу и деконструкции аргументов оппонента без использования внешних ресурсов. Дебаты формируют «информационный иммунитет», позволяя школьникам самостоятельно верифицировать данные и выстраивать логические цепочки в условиях дефицита времени, что способствует и исследовательскому навыку. Запрет на внешние источники вынуждает участников системно наращивать эрудицию вне турниров, трансформируя дебаты из «спора ради спора» в инструмент непрерывного образования (long-life learning). В сфере коммуникативных компетенций наблюдается переход от «коммуникативной обособленности» к активной социальной интеграции. Специфика БПФ, требующая взаимодействия с широким кругом участников, способствовала развитию навыков кооперации и эмпатии. Учащиеся продемонстрировали рост риторической уверенности и стрессоустойчивости, научившись отделять личность оппонента от его позиции, что существенно снизило уровень конфликтности в школьной среде. В отличие от стандартных уроков, дебаты создают среду, где стрессоустойчивость и лидерство развиваются через реальное интеллектуальное противостояние. Это позволяет учащимся эффективнее справляться с высокими экзаменационными нагрузками, уверенно выступать на публике и сохранять продуктивность в ситуациях неопределенности. Динамика развития гражданской активности, хотя и менее выраженная в сравнении с ораторским искусством, подтверждает потенциал дебатов в подготовке социально ответственной личности, готовой к конструктивному диалогу.

Таким образом, исследование показывает то, что дебаты – это не просто «спор», а стратегия развития в среде современного образования, которая эффективно влияет как на общую информационную базу учащихся, так и на формирование их личностной зрелости. Системная практика дебатов переводит теоретические знания в категорию навыков, позволяя ученику не просто транслировать информацию, а критически осмысливать её и уверенно отстаивать свою позицию в условиях открытого диалога. Дебаты – фундаментальный инструмент подготовки конкурентоспособной личности, готовой к успешной интеграции в сложное социальное и профессиональное пространство будущего.

## Список использованных источников

1. Заир-Бек, С. И., Муштавинская, И. В. Развитие критического мышления на уроке: пособие для учителей общеобразовательных учреждений. - 2-е изд., дораб. - М.: Просвещение, 2011. - 223 с.
2. Турик, Л. А. Дебаты: игровая, развивающая, образовательная технология: учеб. пособие / Л. А. Турик. - Таганрог: Таганрог. гос. пед. ин-т, 2010. - 248 с.

3. Аббасова, А. А. Дебаты как технология развивающего обучения // Полилингвиальность и транскультурные практики. - 2013. - № 4. - С. 165-169.
4. Куровский, В. Н., Зайцева, Ю. Б., Швабауэр, О. А. Формирование коммуникативных компетенций и речевой культуры школьников // Ped.Rev. - 2019. - № 4 (26).
5. Ланских, А. В. Педагогическая технология «Дебаты» как инструмент развития «МЯГКИХ навыков» // МНИЖ. - 2024. - № 11 (149).

# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫН 3D КАРТАДА ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУ

***А. А. Зияда***
*Павлодар педагогикалық университетінің студенті*
*Ғылыми жетекшісі: Аға оқытушы, Психология магистры* ***Г. И. Жумажанова***

Аңдатпа. «Қазақстандағы Ұлы Жібек жолының бағыттарын 3D картада қайта жаңғырту» жобасы сабақта жаңа әдіс ретінде тиімді. Мақсаты – бағыттарды 3D технологиямен көрсетіп, тарихи деректерді цифрлық тәсілдермен біріктіру. Бұл оқушылардың зерттеушілік, шығармашылық қабілетін дамытып, кеңістіктік ойлауын және тарихи танымын тереңдетуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Ұлы Жібек жолы, 3D карта, тарихи бағыттар, Қазақстан, цифрлық технология, білім беру, оқыту әдістемесі.

Аннотация. Проект «Реконструкция маршрутов Великого Шелкового пути в Казахстане на 3D-карте» — это эффективный новый метод в учебном процессе. Цель проекта — отображение маршрутов с использованием 3D-технологий и интеграция исторических данных с помощью цифровых методов. Это позволит развить исследовательские и творческие способности учащихся, а также углубить их пространственное мышление и исторические знания.

Ключевые слова: Великий Шелковый путь, 3D карта, исторические направления, Казахстан, цифровые технологии, образование, методика обучения.

Annotation. The project «Reconstruction of the routes of the Great Silk Road in Kazakhstan on a 3D map» is an effective new method in the classroom. The goal is to display the routes using 3D technology and integrate historical data using digital methods. This will develop students' research and creative abilities, as well as deepen their spatial thinking and historical knowledge.

Keywords: The Great Silk Road, 3D map, historical trends, Kazakhstan, digital technologies, education, teaching methods.

**Кіріспе.** Қазіргі таңда білім беру саласында жаңа технологияларды тиімді пайдалану маңызды бағыттардың біріне айналды. Сондықтан оқушыларға білім беру үдерісінде жаңа технологиялармен қолдануға талпынамыз және цифрландыру үдерісі оқу мен оқытудың мазмұнына, әдістеріне және формасына елеулі өзгерістер енгізеді. Әсіресе, тарих пәнінде заманауи ақпараттық технологияларды қолдану - оқушылардың

қызығушылығын арттырумен қатар, тарихи деректерді кеңістікте нақты елестетуге мүмкіндік береді. Солардың бірі - 3D карта технологиясы.

Интерактивті 3D карта – пайдаланушыға Виртуалды кеңістіктегі аумақты зерттеуге мүмкіндік беретін географиялық ақпаратты үш өлшемді форматта көрсетудің заманауи тәсілі. Технология білім беру, туризм, сәулет, қала құрылысы және Ғылыми жобаларда кеңінен қолданылады. 3D карталар кескінді айналдыруға, объектілерді жақындатуға және олар туралы қосымша ақпарат алуға мүмкіндік береді және аймақты қабылдауды көрнекі және түсінікті етеді. Жазып өткендей вертуалды карта білім беруде де қолданылады, бірақ Қазақстанның вертуалды картасына тарихи жолдарды немесе тарихи жерлерді әлі енгізіп көрмеген. Егер болашақта енгізіп жатсақ, сол 3D картаны мен Тарих сабағына немесе тағы басқа пәндер жоспарларына жаңа әдіс ретінде қосар едім. Өйткені, қазіргі заман талабына сай әдістер көп ал вертуалды картаны өткенмен байланыстырып қолдансақ білім алушы талапкер бастапқы дерекпен кейінгі деректі вертуалды түрде көріп салыстыра алады. Осы әдісті қолданудың бірінші зертеу жұмысы ретінде мен «Ұлы Жібек жолы» тақырыбын қарастырамын [1].

Ұлы Жібек жолы – ежелгі дәуірден бері халықтарды, мәдениеттер мен өркениеттерді байланыстырып тұрған ерекше тарихи желі. Бұл жол тек сауда қатынастарын дамытумен шектелмей, ғылым мен мәдениеттің, дін мен дәстүрдің таралуына үлкен ықпал етті. Қазақстан аумағы осы Ұлы Жібек жолының маңызды бөлігі болғандықтан, оның бағыттарын зерттеу – ел тарихының ажырамас бөлігі [2]. Сондықтан осы бағыттарды 3D картада қайта жаңғырту тарихи білімді жаңа қырынан көрсетуге мүмкіндік береді. 3D карта технологиясын сабақ барысында пайдалану оқушыларға тарихи материалды дәстүрлі мәтіндік немесе суреттік форматтан гөрі кеңістікте көріп, тереңірек түсінуге жол ашады. Бұл тәсіл арқылы оқушылар ежелгі қалалардың орналасуын, сауда бағыттарын және табиғи-географиялық ерекшеліктерін нақты елестете алады. Сонымен бірге, 3D картамен жұмыс істеу олардың зерттеушілік, логикалық және шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Зерттеу жұмысының басты мақсаты – Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы бағыттарын заманауи 3D карта технологиясы арқылы бейнелеу және оны сабақта тиімді қолдану жолдарын ұсыну. 3D картаны тек туризм немесе көрнекілік құралы ретінде емес, жаңа оқыту әдісі ретінде қарастыру және оқушыға осы әдіспен білім беру жолдарын жоспарлап, жүзеге асыру шараларын жасау. Осы бағыттағы ізденіс білім беру процесінде инновациялық тәсілдердің маңызын арттырып, тарих пәнін оқытудың сапасын жақсартуға септігін тигізеді. Сонымен қатар, оқушылардың өз елінің тарихына деген қызығушылығын, отан сүйгіштік сезімін қалыптастыруға ықпал етеді.

**Материалдар және әдістер.** Зерттеу барысында сауалнама алынды, оған Ә.Марғұлан атындағы ППУ-нің студенттері (5) мен Баянауыл ауданы Ұзынбұлақ ауылы Е. Бекмаханов атындағы ЖОББМ-нің 8-9 сынып

оқушылары (12) қатысқан болатын. Сауалнаманы қайта тек жоба қолданыста болғанда алынады. Сауалнама Google Forms (https://forms.gle/3E2QhxiAW1eorQLL7 ) плотформасында жасалды.

Сауалнама 10 сұрақтан тұрады:

Ұлы Жібек жолы туралы бұрын естідің бе?

Саған тарих пәні ұнай ма?

Ұлы Жібек жолы қай елдер арқылы өткен деп ойлайсың?

Қазақстандағы Ұлы Жібек жолының ең белгілі қаласы қайсы деп ойлайсың?

Сенің ойыңша, Ұлы Жібек жолының басты рөлі неде болды?

3D карта арқылы Ұлы Жібек жолын көру қызықты ма?

3D карта деген не деп ойлайсың?

Тарихты жаңа технологиялар арқылы оқыған дұрыс па?

3D форматта көрсетілген тарих сабағы саған не береді?

Егер өзің 3D карта жасай алсаң, не бейнелер едің?

Сауалнама нәтижелері бойынша қатысушылардың көп бөлігі жаңа технологияларды оқу процесіне енгізуді қолдайтындықтарын білдірді. Респонденттердің 85%-ы тарих пәнін заманауи форматта – яғни 3D карта, виртуалды турлар және интерактивті платформалар арқылы оқыту қызықты әрі тиімді деп есептейді. Көптеген студенттер мен оқушылар 3D картаның тарихи материалды нақты және көрнекі түрде түсінуге көмектесетінін, сондайақ сабаққа деген қызығушылықты арттыратынын атап өтті. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, 3D карталар оқушылардың кеңістіктік ойлау қабілетін дамытуға, тарихи оқиғаларды уақыт пен кеңістік тұрғысынан жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, алынған мәліметтер жаңа технологияларды, соның ішінде 3D карталарды, тарих пәнін оқытуда қолдану – білім сапасын арттырудың және оқушылардың пәнге деген қызығушылығын күшейтудің тиімді тәсілі екенін дәлелдейді.

3D карта технологиясы оқушылардың кеңістіктік ойлау қабілетін дамытып, тарихи процестерді көз алдына елестетуге көмектеседі. Мысалы, Ұлы Жібек жолының бағытын, табиғи кедергілерін (тау, өзен, шөл), негізгі қалалардың орналасуын және олардың арасындағы байланыстарды көрсету арқылы оқушылар ежелгі керуен қозғалысын жақсы түсінеді. Мұндай визуалды тәсіл оқушылардың тарихқа деген қызығушылығын арттырып, зерттеу және талдау дағдыларын жетілдіреді.

Сабақты өткізу барысында мұғалім алдымен оқушыларға Ұлы Жібек жолының жалпы тарихын түсіндіреді. Бұл кезеңде оқушылар жолдың қашан және қалай пайда болғанын, оның басты бағыттарын және Қазақстан жеріндегі маңызын біледі. Мұғалім бейнежазбалар мен карталарды көрсете отырып, оқушылардың ойлау белсенділігін арттырады. Келесі кезеңде оқушылар топтарға бөлеміз. Әр топқа Қазақстан аумағындағы Ұлы Жібек жолының бір бөлігі беріледі. Бір топ – Жетісу бағытын, екіншісі – Оңтүстік Қазақстан бағытын, үшіншісі – Сыр бойымен өтетін бағытты зерттейді [3]. Әр топ өз бағыттары бойынша тарихи деректер мен карталарды жинайды,

маңызды қалалар мен табиғи нысандарды анықтайды. Осыдан кейін оқушылар арнайы 3D карта құралы (мысалы, Google Earth, ArcGIS StoryMaps немесе 1-кестеде жазылғандар) арқылы берілген тапсырма бағыттарын белгілейді. Олар керуен жолының бағытын картаға белгілеп, жол бойындағы қалалардың атауларын, олардың сипаттамасын және тарихи маңызын көрсетеді (сурет 1). Мысалы, Отырар қаласының орналасқан орнын, Тараздың мәдени және сауда орталығын, Түркістан қаласының діни орталықтарын немесе кесенелерін белгілеп өтеді. Келесі кезеңде әр топ өз жұмысын сынып алдында таныстырады. Бұл кезде оқушылар картадағы бағытты көрсетіп, сол бағыттың тарихын баяндайды. Мұндай жұмыс түрі оқушылардың зерттеушілік, баяндаушылық және презентациялық қабілеттерін дамытады. Мұғалім оқушылардың жұмысына баға беріп, олардың тарихи түсінігін, картаны дұрыс қолдануын және шығармашылық көзқарасын ескереді.




*Сурет 1– Google Earth бағдарламасы және қолдану процесі*

Бұл әдіс тарих пәнін оқытуда ерекше тиімді. Себебі ол тек ақпарат беріп қана қоймай, оқушыларды белсенді ойлануға, өз бетінше ізденуге үйретеді. 3D картамен жұмыс жасау география және информатика пәндерімен тығыз байланыста өтеді, бұл пәнаралық байланысты күшейтеді. Сонымен қатар, оқушылар картамен жұмыс істей отырып, деректермен дәлелдеп сөйлеуге, салыстыруға және қорытынды жасауға машықтанады.

Тағы 3D карта арқылы сабақ өткізу оқушылардың шығармашылық қабілетін ашады. Олар тек дайын ақпаратты қабылдамай, өз бетінше зерттеу жүргізеді. Бұл тәсіл оқушыларды зерттеуші, ізденуші, ойшыл тұлға ретінде қалыптастыруға көмектеседі. Мұғалім бұл үдерісте бағыт беруші, кеңесші және көмекші рөлін атқарып отырады. Осындай сабақтар оқушыларды тарихқа қызықтырып қана қоймай, өз елінің өткенін құрметтеуге, мәдени мұраны бағалауға үйретеді. Ұлы Жібек жолы — тек өткеннің тарихы емес, ол қазіргі заманның рухани байлығы. Бұл жол арқылы Қазақстан әлем өркениетінің дамуына зор үлес қосады.

*Кесте 1– Интерактивті 3D карта түрлері*

| Аты | Сипаттамасы | Ссылка |
|---|---|---|
| Google Maps | Google интерактивті картасы. | https://www.google.com/maps |
| Yandex.Maps | 3D көрінісі бар Яндекс картасы. | https://yandex.ru/maps/ |
| OpenStreetMap | 3D көру мүмкіндігі бар еркін әлем картасы. | https://www.openstreetmap.org/ |
| Mapbox | Интерактивті карталарды құруға арналған платформа. | https://www.mapbox.com/ |
| ESRI ArcGIS | 3D карталары бар кәсіби ГАЖ платформасы. | https://www.esri.com/en-us/arcgis |
| Bing Maps | Microsoft корпорациясының карталары. | https://www.bing.com/maps/ |

Жоба барысында Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы негізгі үш тарихи-географиялық бағыты (Сырдария, Талас-Шу, Жетісу) цифрлық форматта кеңістіктік-уақыттық (spatio-temporal) модельдеу арқылы қайта жаңғыртуға болады.

Сырдария бағытының ерекшеліктері

Қалалар мен керуен-сарайлар: Бұл бағыт бойынша Отырар, Сауран, Түркістан қалалары және олардың арасындағы Баба-ата, Арыс керуенсарайларының орындары анықталды. 3D картада Сырдария өзенінің маңындағы шұрайлы жерлер мен суармалы егіншілік аймақтарының таралуы бейнеленді. Отырардың 3D моделі оның сауда, әкімшілік және қолөнер орталықтарынан тұратын көпқабатты қалалық құрылымын айқын көрсетті.

Жетісу бағытының геоморфологиялық талдауы

Жетісу (Жеті өзен) бағыты Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы Іле Алатауының етегімен өтеді. 3D карта бұл жолдың таулы рельефті (биіктік айырмашылығы 1000 м-ден астам) қалай еңсергенін және керуендер үшін ең қолайлы асулар мен өткелдерді анықтауға мүмкіндік берді.

Нысандар: Талғар, Қойлық, Қаялық сияқты ортағасырлық қалалардың қалдықтары спутниктік суреттер негізінде 3D ортаға енгізілді. Бұл қалалардың таулы аймақтағы стратегиялық қорғаныс орналасуы және сумен қамтамасыз ету жүйелері визуалды түрде талқыланды [4].

**Нәтижелер мен талқылау.** Сонымен қатар, жүргізілген қысқаша сауалнаманың нәтижелері жобаның педагогикалық тиімділігін нақты дәлелдейді:

Оқушылардың 25,0%-ы тарих пәнін «кейде қызықты» деп жауап бергенімен, олардың 100%-ы 3D карта арқылы Ұлы Жібек жолын көруді «өте қызықты» деп бағалады. Бұл дәстүрлі оқытудан айырмашылығы, 3D картаның оқушылардың танымдық белсенділігін және эмоционалдық қызығушылығын арттыратынын көрсетеді. Оны біз төмендегі сауалнама нәтижелерінен көруге болады (сурет 2, сурет 3).




*Сурет 2–«Саған тарих пәні ұнай ма?» деген сұрақтың жауабы.*




*Сурет 3–«3D карта арқылы Ұлы Жібек жолын көру қызықты ма?» деген сұрақтың нәтижесі*

Оқушылардың 75%-ы өздері 3D карта жасайтын болса, «Ежелгі қалаларды» бейнелер едік деп жауап берген. Бұл олардың тек дайын ақпаратты қабылдамай, өз бетінше зерттеу жүргізуге және тарихи реконструкцияға деген ұмтылысының жоғары екенін білдіреді. Төменде көрсетілген (сурет 4).




*Сурет 4–«Егер өзің 3D карта жасай алсаң, не бейнелер едің?» сұрағының жауабы*

3D картаны қолдану – тек тарихи білімді беру құралы ғана емес, сонымен бірге заманауи мектеп оқушысына қажетті кешенді дағдыларды қалыптастырудың инновациялық және ең тиімді тәсілі болып табылады. Бұл тәсіл білім беруді цифрлық дәуірдің талаптарына сәйкестендіреді. Жобаны іске асырғаннан кейін сауалнама қайтадан алынып, нәтижелер салыстырылады.

Қазіргі заманда білім беру саласы заманауи технологиялар арқылы оқытады, ал ол – оқушылардың қызығушылығын арттырудың ең тиімді жолдарының бірі екені анық. Сол себепті «Қазақстандағы Ұлы Жібек жолының бағыттарын 3D картада қайта жаңғырту» тақырыбы ерекше өзектілікке ие. Бұл әдіс арқылы оқушылар тарихты тек мәтін ретінде емес, кеңістікте, көрнекі түрде көріп, түсінуге мүмкіндік алады. 3D карталар тарихи ақпаратты нақты әрі әсерлі түрде жеткізеді.

Қазіргі таңда Қазақстанда Ұлы Жібек жолының мұраларын сақтау мен зерттеу бағытында көптеген жобалар жүзеге асырылуда. Түркістан қаласын дамыту, ежелгі Отырар мен Таразды қалпына келтіру, тарихи-туристік бағыттарды ашу – осының айғағы. Бұл жобалар елдің тарихи жадын сақтауға және оны жас ұрпаққа жеткізуге бағытталған. Қазіргі таңда Қазақстанның тарихи және мәдени мұраларын жаңаша таныстыру бағытында цифрлық технологиялар кеңінен қолданылуда. Солардың бірі – Қазақстанның виртуалды картасы. Бұл жобаны ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институты әзірлеген. Виртуалды карта қазақстандықтарға өз елін 3D-тур форматында тамашалап, еліміздің барлық өңірлеріне онлайн саяхат жасауға мүмкіндік береді.

Аталған жоба 2018 жылы іске қосылған «Жаңа Ұлы Жібек жолы» халықаралық экспедициясымен және «Рухани жаңғыру» ұлттық бағдарламасымен тығыз байланысты. Жобаның басты мақсаты – Ұлы Жібек жолының бойындағы тарихи және мәдени ескерткіштерді жаңа технология арқылы жаңғырту, олардың тарихи маңызын көпшілікке таныстыру. Институт қызметкерлері экспедиция бағытына ежелгі дәуірден бері

сақталған тарихи нысандарды енгізу бағытында ауқымды ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Институт директоры Андрей Хазбулатовтың айтуынша, Қазақстанның виртуалды картасы алғаш рет қазан айында Парижде, ЮНЕСКО штабпәтерінде таныстырылған. Бұл шара Қазақстанның мәдени мұрасын халықаралық деңгейде таныстырудың маңызды қадамы болды. Қазіргі уақытта картаның мазмұнын толықтыру жұмыстары жалғасуда. Ғалымдар мен зерттеушілер елдің түрлі аймақтарын аралап, археологиялық және тарихи нысандарды зерттеп, олардың географиялық деректерін нақтылап, визуалды бейнелерін дайындауда [5].

Жоба шеңберінде Қазақстанның қасиетті және киелі жерлерін дәріптейтін деректі фильмдер түсіру, «Қазақстанның қасиетті белдеуі» атты атлас шығару жоспарланған. Сонымен қатар, 3D форматтағы карта арқылы кез келген адам үйінен шықпай-ақ Ұлы Жібек жолының бойындағы көне қалалар мен мәдени ескерткіштерге «виртуалды саяхат» жасай алады. Бұл бастама елдің тарихи мұрасын әлемге танытуға және отандық туризмді дамытуға зор мүмкіндік береді.

Институт басшысы атап өткендей, халықаралық экспедиция мен виртуалды карта жобасы жаңа тарихи нысандарды ашуға, бұрын зерттелмеген деректерді толықтыруға, сондай-ақ Ұлы Жібек жолының Қазақстандағы бағыттарын ғылыми тұрғыда жаңғыртуға бағытталған. Виртуалды карта – тарих пен заманауи технологияның тоғысқан тұсы, ол болашақ ұрпаққа еліміздің бай мәдени мұрасын жаңа көзқараспен таныстырудың тиімді құралы болып табылады [6]. Жоғарыда атап өткендей вертуалды картаны дамыту нәтижесінде Қазақстан өте жақсы қарқынмен келе жатыр.

Біздің зерттеуіміздің басты практикалық нәтижесі – Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы бағыттарын заманауи 3D карта технологиясы арқылы қайта жаңғыртуға болатынын нақты көрсету.

Қалалар мен бағыттардың нақтылануы: Жоба барысында оқушылар Жетісу бағыты (Талдықорған, Талғар, Қойлық, Баласағұн) және Оңтүстік бағыт (Сайрам, Отырар, Түркістан, Тараз) сияқты негізгі тармақтарды Google Earth немесе ArcGIS StoryMaps сияқты 3D карта құралдары арқылы нақты белгілеуді үйренді. Олар бұл қалалардың (мыс: Отырардың ғылым орталығы, Түркістанның рухани орталығы) орналасу ерекшеліктерін кеңістікте көріп, талдады.

3D картамен жұмыс істеу оқушылардың тек тарихи оқиғаларды есте сақтауын ғана емес, сонымен қатар ақпараттық технологияларды (3D модельдеу, геоақпараттық жүйелер) қолдану және ұжымдық жұмыста өз ойын дәлелмен жеткізу сияқты XXI ғасыр дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Бұл әдіс география және информатика пәндерімен тығыз байланыста өтіп, пәнаралық байланысты күшейтеді.

Жобаны іске асырудың техникалық негізі тарихи деректердің, Google

Earth-талдаудың және 3D модельдеудің біртұтас синергиясына негізделген. Бұл синтез Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы бағыттарын бұрынсоңды болмаған дәлдікпен және көрнекілікпен бейнелеуге мүмкіндік берді.

Техникалық-археологиялық реконструкцияның дәлдігі.

Деректердің нақтылануы: Көптеген ежелгі керуен-сарайлар мен қоныстардың орналасқан жерлері тарихи топонимикалық деректер мен қашықтықтан зондтау (Sentinel-2, Landsat) арқылы алынған спутниктік суреттердің көмегімен бір-біріне салыстырылып, координаталары 10 \text{ метрлік} қателікпен нақтыланды.

Микро-ландшафттық модельдеу: Картада жолдардың өтуіне әсер еткен микро-ландшафттық факторлар (өзен арналарының өзгеруі, құмды аудандар) ескерілді. Мысалы, Сырдария өзенінің ортағасырлық деңгейі мен арнасының болжамды конфигурациясы 3D модельге енгізілді, бұл жолдың табиғи ортаға тәуелділігін көрсетті.

3D Архитектуралық детальдар: Отырар қаласының цитаделі мен рабаттарының 3D модельдері археологтардың жоспарларына және қазба жұмыстарынан табылған қалдықтарға сүйене отырып жасалды. Бұл реконструкция оқушыларға ежелгі қаланың қорғаныс жүйесін, сәулет өнерін және әкімшілік құрылымын егжей-тегжейлі зерттеуге мүмкіндік береді.

Қабылдау психологиясындағы өзгерістер.

3D картаны қолдану дәстүрлі оқыту әдісімен салыстырғанда оқушылардың ақпаратты қабылдау механизміне айтарлықтай әсер етеді. Көрнекі-кеңістіктік жады басымдылыққа ие болып, ақпаратты есте сақтау мерзімі ұзарады. Оқушылар керуен жолының Қазақстан арқылы өтуінің қиындығын және ұзақтығын (географиялық қашықтық пен табиғи кедергілерді 3D форматта көру арқылы) тереңірек түсінеді. Интерактивті картамен жұмыс жасау оқушыларды пассивті тыңдаушыдан белсенді зерттеушіге айналдырады, бұл пәнге деген эмоционалдық қатысуды күшейтеді.

Жобаны іске асыру ұлттық мәдени мұраны сақтау және оны насихаттау ісіне тікелей үлес қосады. Виртуалды Саяхат және Туризм: Зерттеу нәтижесінде алынған 3D модельдер арқылы кез келген адам үйінен шықпай-ақ Ұлы Жібек жолының бойындағы көне қалаларға «виртуалды саяхат» жасай алады. Бұл бастама отандық туризмді дамытуға және Қазақстанның мәдени мұрасын халықаралық деңгейде таныстыруға зор мүмкіндік береді.

Мұраны Цифрландыру: Қазақстанның виртуалды картасы және осы жоба сияқты бастамалар «Рухани жаңғыру» ұлттық бағдарламасымен тығыз байланысты. Бұл Қазақстанның тарихи және мәдени мұраларын жаңаша таныстыру бағытындағы цифрлық технологияларды қолданудың айғағы.

Ұлы Жібек жолын 3D картада қайта жаңғырту оқушылардың тарихты тірі, көрініп тұрған жүйе ретінде қабылдауына мүмкіндік береді. Бұл

оқушыларды белсенді тұлға ретінде қалыптастырып, өз елінің өткенін құрметтеуге және мәдени мұраны бағалауға үйретеді.

**Қорытынды.** Қорытындылай келе, «Қазақстандағы Ұлы Жібек жолының бағыттарын 3D картада қайта жаңғырту» тақырыбындағы зерттеу жұмысы тарихи мұраны цифрлық трансформациялаудың және білім берудегі инновациялық әдістерді қолданудың маңыздылығын толықтай дәлелдеді.

Жұмыстың негізгі нәтижесі – Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы (әсіресе Оңтүстік және Жетісу бағыттары) жолдарын жоғары дәлдіктегі 3D форматта қайта жаңғырту. Бұл арқылы тарихи оқиғаларды жай ғана оқу емес, оларды кеңістікте көру және талдау мүмкіндігі туды. Зерттеу Ұлы Жібек жолының тек сауда дәлізі ғана емес, сонымен бірге Қазақстанның бай мәдени, ғылыми және рухани орталықтарын біріктірген өркениеттер тоғысы болғанын нақтылады.

Жобаны іске асыруда Google Earth (ArcGIS немесе 1-кестеде жазылғандар) және фотограмметрия сияқты заманауи цифрлық технологиялардың пәнаралық интеграциясы қолданылды. Бұл оқушыларға тарихи деректерді математикалық, географиялық және информатикалық білімдерімен ұштастыруға мүмкіндік берді. 3D карта оқушылардың тарихи ландшафтты нақты елестетуіне көмектесетін көрнекі және интерактивті оқу құралы ретінде өзін толықтай ақтады. Жүргізілген сауалнама нәтижелері 3D карта әдісін қолдану оқушылардың тарих пәніне деген қызығушылығын 100%ға арттыратынын және олардың ақпаратты игерудегі белсенділігін айтарлықтай жақсартатынын көрсетті. Оқушылардың барлығы дерлік (100%) бұл әдісті оқытуда өте тиімді деп бағалады. Бұл, әсіресе, оқушылардың зерттеушілік, талдаушылық және шығармашылық дағдыларын дамытуда шешуші рөл атқарады.

Бұл зерттеу нәтижелері орта және жоғары оқу орындарында тарих, география және мәдениеттану пәндерін оқытудың әдістемелік базасын жаңартуға негіз бола алады. 3D картаны қолдану арқылы дәстүрлі сабақтарды заманауи, интерактивті сабақтарға трансформациялауға болады. Жобаның басты үлесі – Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын цифрлық мұрағаттауға және оны болашақ ұрпаққа сақтауға қосқан үлесі. Виртуалды карта – бұл тарихи нысандарды бүлінуден және жойылудан сақтайтын виртуалды қорғаныс қалқаны.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Seo-online. Интерактивная 3D карта: возможности Использования и преимущества. https://seo-kompaniya.ru/blog/interaktivnaia-3d-karta/
2. Ұлы жібек жолының жолдары мен бағыттары. Источник: «Қазақстан тарихы» порталы. 2018. https://share.google/6171xidlVlsdRFWxa
3. Байпақов К.М. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. Алматы: Қазақстан, 1992, 3-19 б.
4. Google Earth Education. Using 3D Maps in History Lessons. – Google for Education, 2021.

5. UNESCO. The Silk Roads: Connecting Cultures, Sharing Heritage. – Paris, 2019.
6. Sputnik Kazakhstan. «Қазақстанның виртуалды картасы қазан айында Парижде таныстырылды», 22 қараша 2017

# М.Ж. КӨПЕЕВ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУДЕ ЦИФРЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

***Окинбек Г.***
*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің магистранты,*
***Абдрахманов Б.Н.***
*Ғылыми жетекші: тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор*

**Аңдатпа.** Мақалада М.Ж. Көпеев мұрасын зерттеудегі цифрлық ресурстарды пайдалану мәселесі қарастырылады. Электрондық кітапханалар, мультимедиялық құралдар, онлайн платформалар және жасанды интеллект арқылы тарихи-мәдени деректерді сақтау, жүйелеу және талдау мүмкіндіктері айқындалады. Сонымен қатар, бұл тәсілдердің ғылыми зерттеу мен білім беру үдерісіндегі маңызы көрсетіледі. Цифрлық әдістер зерттеушілерге Мәшһүр Жүсіп шығармаларын терең әрі жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді.

**Түйінді сөздер:** Мәшһүр Жүсіп Көпеев, цифрлық ресурстар, зерттеу, фольклор, мультимедиа, жасанды интеллект, ақпараттық технологиялар.

**Аннотация.** В статье рассматривается использование цифровых ресурсов при исследовании наследия М.Ж. Копеева. Подчеркиваются возможности хранения, систематизации и анализа историко-культурных данных с помощью электронных библиотек, мультимедийных инструментов, онлайн-платформ и искусственного интеллекта. Также показана значимость этих методов в научных исследованиях и образовательном процессе. Цифровые подходы позволяют исследователям глубже и всесторонне понять творчество Машхур Жусипа.

**Ключевые слова:** Машхур Жусип Копеев, цифровые ресурсы, исследование, фольклор, мультимедиа, искусственный интеллект, информационные технологии.

**Annotation**. The article examines the use of digital resources in the study of M. Zh. Kopeev's heritage. It highlights the possibilities of storing, organizing, and analyzing historical and cultural data using digital libraries, multimedia tools, online platforms, and artificial intelligence. The significance of these methods in scientific research and education is also emphasized. Digital approaches enable researchers to gain a deeper and more comprehensive understanding of M. Zh. Kopeev’s works.

**Keywords:** M. Zh. Kopeev, digital resources, research, folklore, multimedia, artificial intelligence, information technologies.

Қазіргі жаһандану дәуірінде ақпараттық технологиялардың жедел дамуы ғылымның барлық дерлік саласына әсер етуде. Атап атқанда гуманитарлық ғылымдар саласында айтарлықтай өзгертістер енгізілуде. Әсіресе тарихи-мәдени мұраларды зерттеуде, оны сақтауда, қолжетімді етуде цифрлық технологиялардың, ресурстардың үлесі артып отыр. Бұл

процес ұлттық мәдени мұрамызды зерттеуде, жаңашыл талаптарға сай жүйелеуге мүмкіндік береді. Ал осындай рухани мұраның маңызды құрамдас бөлігі ретінде халқымыздың мәдени қазынасында ерекше орын алатын тұлғалардың бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпеев болып табылады.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев – тек ақын, фольклортанушы, жинаушы ғана емес, сондай-ақ, қазақтың арғы-бергі тарихын зерттеген шежіреші, терең ойшыл тұлға. Оның еңбектерінде, өлеңдерінде сол кездегі қазақ қоғамының тұрмыс-тіршілігі, діни көзқарасы, әлеуметтік құрылымдары белсенді айтылып, халық ауыз әдебиетімен ұштасып жатады. Мәшһүр Жүсіп Көпеев қазақ халқының өткен кездерде жасаған рухани қазынасын жинақтап, келер ұрпаққа жеткізуде тарихи еңбек жасады. [1, 12 б.]

Ұзақ жылдар бойы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтың мұралары ғылыми айналымға толық түспей, қолжетімділігі шектеулі болып келді. Мәшһүр Жүсіптің есімі кезінде елге танымал болғанымен де кеңестік дәуірде кейінгі ұрпаққа мүлдем белгісіз болып келді. Оған себеп оның шығармашылығындағы отансүйгіштік, озбырлық, әділетсіздік атауға қарсылық, діншілдік сарындар болатын. [1, 3 б.] Дегенмен, замануи дамыған ғылыми технологиялар бұл оқылықтың орнын толтыруға мүмкіндік беруде. Электронды архивтерді құру, дерекқорларды жинақтау, қолжазбаларды цифрландыру, мәніндерді сандық форматқа ауыстыру – зерттеу, зерделеу жұмыстарының деңгейін, сапасын арттырды.

М.Ж.Көпеев мұрасының ғылыми маңызы оның деректік құндылығымен ғана шектелмейді. Ол – тарихи жадты сақтайтын, ұлттық бірегейлікті айқындайтын рухани феномен. Мұхтар Әуезовше айтсақ, Мәшһүр Жүсіп қазақтың кең байтақ даласына «тарих теңізінің жағалауына көркем өнердің баға жетпес інжу-маржандарын қалдырды». [2, 44 б.] Сол себептен, оның еңбектерін қазіргі замануи ғылыми әдістермен қайта қарап, жүйелеп, ғылыми айналыпға қайтадан енгізу – отандық ғылымның алдынды тұрған негізгі міндеттердің бірі. Аталған зерттеулер тек тарихымызды тануда ғана емес, өткенімізді жаңғыртып, өшкенімізді тірілту мақсатында, ұлттық құндылығымызды жаңғыртып, оны болашақ ұрпаққа жеткізуге қызмет етеді.

Белгілі жазушы, ғалым, этнограф Ақселеу Сейдімбеков теледидардан береген сұхбатында: – Мен ХХ ғасырдың бас кезінде, пошташы, телеграфы, телефоны жоқ заманда сайын далада майшамның жарығымен отырып, 73 жыл ғана өмір сүріп, қазақтың бүкіл ауыз әдебиетін, тарихын, шежіресін жазып кеткен ақын, әулие Мәшһүр Жүсіпке тағ қаламын деген. [2, 44 б.]

Цифрлық ресурстарды тек материалдарды сақтау құралы ретінде ғана пайдаланбай, сонымен қатар ғылыми талдаудың тиімді әдіс-тәсілі ретінде де қолдануға болады. Мәселен, деректерге семантикалық талдау жасау, мәтіндерді автоматты түрде жүйелеу және визуализациялау сияқты мүмкіндіктер зерттеушілерге жаңа нәтижелерге қол жеткізуге жол ашатын болады. Бұл дегеніміз Мәшһүр Жүсіп Көпеев мұрасын әлемдік ғылыми кеңістікке енгізуге және терең түсінуге ықпалын тигізеді.

Бүгінгі таңда білім беру үдерісінде цифрлық ресурстарды пайдаланудың орны ерекше болып отыр. Олар тек қана ақпаратты сақтап қана қоймай, білім беру, оқыту, зерттеу жүргізудің жаңа мүмкіндіктерін ашатын тиімді құралға айналды. Бұл, әсіресе, гуманитарлық бағыттағы әдеби-тарихи мұраларды цифрлық форматта ұсынуға негіз болады. Мәшһүр Жүсіп Көпеев мұраларын да зерттеуде электрондық кітапханалар, сандық архивтер, онлайн дерекқорлар және мультимедиялық құралдар секілді электронды ресурстарды кеңінен қолдануға болады.

Білім беру мен ғылыми зерттеулердің негізгі ақпараттық базасына электрондық кітапханаларды жатқызуға болады. Мысалы, бір ғана Қазақстан Ұлттық Электронды Кітапханасының өзінде Мәшһүр Жүсіп Көпеев жайында бірқатар құнды ақпараттар орналастырылған. [3, 1 б.] А. Қ. Тұрышевтың «Мәшһүр-Жүсіп шығармалары тілінің морфологиялық ерекшеліктері» атты еңбегі, М. О. Оралова А. Қ. Тұрышев бірге құрастырған «Мәшһүр тағылымы» жинағы және А. Қонарбаевтың «Ағартушы - ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы» атты кітабы, Ж. Қоғабайдың «Мәшһүр шапағаты мен тылсымы» атты еңбегі элекронды форматта ұсынылған. Сонымен қатар Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жайындағы ғалымдардың жазған ғылыми мақалалары, зерттеулері жинақталған. [4, 1 б.] Бұл өз кезегінде жас зерттеушілерге тиімді құрал болып табылады.

Электронды кітапханалар жұмысы кітаптардың, жинақтардың, зерттеулердің тек сандық көшірмелерін ұсынумен ғана шектелмейді. Онымен қоса, пайдаланушыларға сұрыптау, іздеу мүмкіндіктерін береді. Сол сияқты қажетті ақпаратты лезде табуға кеңейтілген мүмкіндіктер береді. Ал студенттерге, оқушыларға, жас зерттеушілерге өзіндік жұмысты ұйымдастыруда, зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыруда маңызды құрал бола алады.

Жалпы алғанда, Мәшһүр Жүсіп Көпеев мұраларын электронды форматта ұсыну зерттеушілерге деректерді салыстыра талдауға, бірнеше нұсқаларды қатар қарастыруға, қашықтықтан білім алу мүмкіндік туғызады. Осындай тарихи-мәдени мұраларды ұзақ мерзімде сақтау мен ғылыми айналымға енгізуде сандық архивтер маңызды орын алады. Дәстүрлі қағаз архивтермен салыстырғанда, цифрлық әріптер ақпараттың сақталу қауіпсіздігін арттырады, әрі оған деген қолжетімділікті дамытады. Бұл әсіресе, тарихи маңызы бар сирек кездесетін қолжазбалар мен бірігей мәліметтер үшін маңызды. Мысалы, бізге жеткен Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің қолжазбалары бар. Олар физикалық тұрғыда тозуын болдырмау үшін сандық форматқа ауыстыру тиімді болып табылады. Сондай-ақ, цифрланған құжаттарға деректерге метадеректерді енгізу арқылы деректерге жүйелеу және индекстеу оқырманға жедел табу мүмкіндігін береді. Педагогикалық аспект тұрғысынан алып қарасақ, осындай тарихи архивтер зерттеушілердің дереккөздермен тікелей жұмыс жасауына мүмкіндік туғызады, сыни ойлау қабілеттерін, аналитикалық ойлау дағдыларын дамытуға жағдай жасайды.

Қазіргі ғылыми зерттеулерде ақпаратты жүйелі түрде құрылымдауда және интеграциялауда заманауи құралдардың бірі – онлайн дерекқорлар кеңінен қолданылады. Аталған ресурс аудио, графикалық және бейне материалдарды бір ортаға біріктіріледі. Сонымен қатар зерттеушілерге ақпаратты кешенді түрде зерделеуге мүмкіндік береді. Онлайн дерекқорлар – кең көлемдегі мәліметтерді өңдеуге, құрылымдық талдау жасауға, ғылыми қорытындылар шығаруға көмек береді. Мәшһүр Жүсіп Көпеев мұраларын зерттеуде де, онлайн дерекқорларды пайдалану оның еңбектерінің тарихи маңызын ашуға жан-жақты жол ашады. Мысалы, ондайн дерекқорларды қолдану арқылы мәтіндік корпус жасау Көпеевтің стильдік құрылымын, терминологиялық жүйесін, тілдік ерекшелігін, тарихи маңызын жүйелі түрде таңдай алады. Осындай тәсіл цифрлық гуманитаристика әдісінің маңызды элементі болып саналады. Зерттеуші ғылыми мәтіндермен жұмыс істеу барысында мәліметтерді дұрыс талдап, қорытынды жасау мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасайды. Онлайн дерекқорлар студенттерге ақпараттық сауаттылықты арттырып, өзіндік тәуелсіз зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастырады. Нәтижесінде, мұндай ресустар Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің мұраларын заманауи технологиялар арқылы насихаттауға және ғылыми айналымға енгізуге жол ашады.

Заманауи білім беру үдерісінде мультимедиялық технологиялардың да үлесі артып отыр. Олар ақпараттарды қабылдау мен игерудің тиімділін арттыруда. Сонымен қатар, бұл ресурс ақпаратпен ғана шектелмей, аудио-бейне, итерактивті элементтер және анимация арқылы білім алушыларға оқу материалын терең түсінуге жол ашады. Сол үшін де осы ресурс заманауи визуалды және конструктивистік оқыту теорияларымен тығыз байланыста болады. Жас зерттеушілер мәлеметтерді өз тәжірибесімен ұштастыра отырып, логикалық ойлау мен шығармашылық қабілеттерін арттырады. Мультимедиялық ресурстар әр деңгейдегі оқушыға, студентке жеке оқу траекторияларын ұсынады және білім беру процесінде білім алушылардың мотивациясын арттыруға мүмкіндік береді.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев еңбектерін мультимедиялық форматта ұсыну оның мұрасын ауқымды аудиторияға қызықты әрі қолжетімді түрде ұсынуға көмегін тигізеді. Мәселен, ғұлама туралы деректі фильмдер арқылы оның тарихи тұлғасын таныту, тұлғасын визуалды түрде көрсету студенттердің тарихи ойлау қабілетін арттырады. Ол туралы мәдени подкасттар, шығармаларды аудиоформатта ұсыну арқылы тыңдау дағдыларын жетілдіреді. Ал мұражайлардың ресми сайттарындағы виртуалды көрмелер мен интерактивті платформалардағы қолжазбалар зерттеушілерге ғылыми талдау жасауда үлкен көмек береді.

Сонымен қатар, осы мультимедиялық ресурстар білім беру құралынан басқа, мәдени мұраны сақтаудың және насихаттаудың жаңа тиімді формасы болып табылады. Цифрлық ортада визуалды және интерактивті түрде ұсынылған Мәшһүр Жүсіп Көпеев еңбектері ақпараттық қалыпта ғана емес, ұлттық мәдениеттің құндылығын кеңінен қолдануға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, мультимедиялық ресурстар жас зерттеушілердің ғылыми ізденістерін дамытып, сыни ойлауларын қалыптастыруда маңызы рөл атқарады.

Тарихи маңызы бар қолжазбаларды және баспа мәтіндерін сканерлеу, оларды сандық мәтінге айналдыруға мүмкіндік беретін бірнеше технологиялар бар. Солардың бірі – OCR технологиясы қазіргі заманғы зерттеушілер үшін таптырмас құрал. Мысалы, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің сирек кездесетін қолжазбаларын OCR арқылы цифрландыру зерттеушілерге шығармаларды толық салыстырып, тілдік ерекшеліктерін, стильдік құрылымын және сөздік қорының динамикасын терең талдауға, тарихи мәліметтерді саралауға жағдай жасайды. Мәшһүр Жүсіптің 20 томдық жинағы мен қолжазбаларының сандық нұсқаларын сақтау арқылы зерттеушілерге бірден қолжетімділік қамтамасыз етіледі. Бұрынғыдай тек архивке барып қарау қажет емес. Сондай-ақ, OCR технологиясы Көпеевтің шығармаларын академиялық айналымға енгізуді жолдарын жеңілдетеді, зерттеу процесін тездетеді, қолжазбалардың тозуының алдын алады. Мәтіндерді талдау мүмкіндігі: цифрлық форматтағы мәтіндерге мәтінді іздеу, мәтіндік салыстыру, сөз талдау, стилистикалық және лингвистикалық зерттеу жасауға болады. Мысалы, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын әр қолжазба нұсқасымен салыстыру.

Цифрлық зерттеулер барысында мәтіндік және тарихи деректерді визуалды түрде көрсету ақпаратты тиімді игерудің маңызды әдісі болып саналады. Мәселен: Географиялық карталар арқылы М.Ж.Көпеев жинаған фольклор үлгілерінің таралуын көрсету мүмкіндігі пайда болады. Мәшһүр Жүсіптің «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабындағы қазақ жерінің тарихи-географиялық деректерін картаға түсіру арқылы зерттеушілер елдің ру-тайпалық құрылымын және көшіп-қону жолдарын көрнекі түрде зерттей алады. Бұл тәсіл зерттеушілерге ауыз әдебиетінің аймақтық ерекшеліктерін, фольклорлық сюжеттердің кең таралуын көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік туғызады.

Ал, диаграммалар мен графикалар арқылы М.Ж.Көпеев шығармаларындағы тақырыптық, жанрлық немесе стилдік тенденцияларды талдауға болады. Мәселен, прозалық, прозалық және этнографиялық еңбектерінің мотивтерін салыстыра отырып, олардың мазмұндық құрылысын визуалды түрде көрсетуге болады.

Аталған әдіс күрделі ақпаратты тез түсінуге, мәтіндер арасындағы байланыстарды анықтауға ықпал етеді. Сондай-ақ,, визуализация жас зерттеушілердің аналитикалық ойлау қабілетін дамытуға, зерттеу процесін өнімді етуге мүмкіндік береді.

Қазіргі ғылыми қоғамдастықтар зерттеу нәтижелерін жариялау және талқылау үшін әлеуметтік желілер мен блог платформаларын белсенді пайдаланады. Мәшһүр Жүсіп Көпеев мұрасын насихаттау үшін бұл құралдар әсіресе тиімді болып табылады, себебі олар тек ақпарат жеткізіп

қана қоймай, оқырмандар мен зерттеушілерді шығармашылық талқылауға тартуға мүмкіндік береді.

М.Ж.Көпеевті зерттеп жүрген зерттеушілер әлемге танымал Facebook, Instagram, YouTube секілді платформаларға сүйеніп, ғұламаның еңбектеріне арналған қысқаша талдау документалды фильмдерін, бейнематериалдарын, виртуалды шолуларды, дәрістерді жариялай алады. Сонымен қатар, аймақтық, республикалық дәрежедегі ғылыми форумдар мен конференциялар зерттеушілерге ғалым туралы тың ақпараттарды жариялауға, салыстырмалы зерттеу жұмыстарын жүргізуге, зерттеу жұмысының нәтижелерін бөлісуге жағдай жасайды. Осындай ортада М.Ж.Көпеев мұрасының тарихифилософиялық аспектілерін талқылауға, бір-бірімен ғылыми ойлау қабілеттерін дамыта отырып, кәсіби сараптамалық талдау дағдыларын жетілдіре алады.

М.Ж. Көпеевті біз тек қана ойшыл, философ деп қана емес, халқымыздың рухани сол мұрасын сақтаған фольклортанушы, тарихшы әрі этнограф екенін де ұмытпауымыз керек. Ол қазақ шежіресін, ел арасындағы айтыстарды, тарихи жырларды хатқа түсірді. Ел арасында ауызша таралып жүрген «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Ер Көкше», «Ер Сайын», «Нәрік ұлы Шора батыр» секілді батырлар жырларын, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Алтынбас-Күмісаяқ» сияқты лиро-эпостық жырларды, аңыз-әңгімелерді, діни туындыларды жинақтады. Сұрыптау барысында ғалым мәтіндердің түпнұсқалығын сақтап, ондағы тілдік ерекшеліктерді бұзбай жеткізуге және деректерді дәлме дәл беруге ерекше мән берген. М.Ж.Көпеевтің еңбектерді жинақтаушылық әдістері белгілі этнограф ғалым Ш.Уәлихановтың, В.Радловтың, Г.Потаниннің әдістерімен ұқсас келеді. Сол себептен аса жауаптылықпен жиналған еңбектерден қазақ қоғамының тұтас болмысын көруге болады.

Ал, қазіргі таңда осындай зерттеулерді жасанды интеллект технологияларының мүмкіндіктерін пайдаланып та, М.Ж.Көпеев жинаған материалдарды (тарихи жырларды, шежірелерді, ру-тайпа тарихы, батырлар туралы деректер және т.б.) цифрландыру және жүйелеу жеңілдейді. Сондай-ақ, ЖИ негізінде мәтіндік талдау арқылы фольклорлық үлгілердің құрылысын, тарихи мазмұнын анықтауға себеп болады. Жасанды интеллект мәліметтерді визуализациялау арқылы М.Ж. Көпеев еңбектерінде тарихи деректерді схема, карта, графика түрінде көрсетуге мүмкіндік туғызады. Соның негізінде қазақ халқының ата қоныс аймағын, тарихи оқиғалардың таралауын және олардың арасындағы мәдени байланыстарын түсінуге жол ашады.

Қорыта айтқанда, М.Ж. Көпеев мұралары халқымыздың төл тарихын, озық мәдениетін және рухани өмірін танытатын аса құнды дереккөздер болып табылады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұрасы- қыры мен сыры көп, телегей теңіздей мол дүние. [5, 15 б.]

Ғұламаның тарихи деректерді түпнұсқасында жинақтап, сол қалпында ұрпаққа жеткізуіоның ғылыми тұрғыдан құндылығын арттыра

түседі. Қазіргі заманғы технологиялар осы мұраларды кеңінен таратуға, сақтауға мүмкіндік ашып отыр. Әсіресе цифрлық ресурстар, оның ішінде жасанды интеллект құралдары осыншама көп деректерді жүйелеуді, талдауды жеңілдетеді. Сонымен қатар, тарихи деректерді визауализациялау жас ғалымдарға зерттеу нәтижелерін түсінуге, жаңа ғылыми деңгейде қарастыруға жол ашады. Сонымен қатар, тарихи деректерді визуализациялау зерттеу нәтижелерін нақты әрі түсінікті етуге ықпал етеді. Демек, цифрлық технологияларды тиімді пайдалану ұлттық мұраны сақтап, оны болашақ ұрпаққа жеткізудің маңызды тетігі болып табылады.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. А. Қонарбаев. Ағартушы - ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2014. – 79 б.
2. Д. Ысқақұлы. Әдебиет алыптары. – Астана: Фолиант, 2004. – 304 б. – (Отырар кітапханасы).
3. Мәшһүр Жүсіп Көпеев мұралары. Қазақстан Ұлттық электрондық кітапханасы.URL:https://kazneb.kz/kk/catalogue/result?flt=simple&q=%D0%BC%D3%99%D1%88%D2%BB%D2%AF%D1%80%20%D0%B6%D2%AF%D1%81%D1%96%D0%BF
4. Тұрышев А.Қ. Мәшһүр Жүсіп - Асыл жақ: тарихи-эпикалық монография / С. Торайғыров атын. Павлодар мемл. ун-ті; Мәшһүртану ғыл.-практ. орталығы. – Павлодар: ЭКО, 2013. – 500 дан. – 2-т. – 462 б.
5. Ә. Пазылов. Бабалар ғұмырнамасы және Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. – Павлодар облысы, Баянауыл ауданы: «Мәшһүр-Жүсіп Көпеев» мұражайы, 2007. – 236, [3] б., суретті. – Жауапты редактор: Б. Бұлдыбаев; Құрастырған: С. Омаров; Редакциялық алқа: Е. Жүсіпов, А. Тұрышов, Т. Алдабергенов, Ә. Пазылов.


# ОТАН ТАРИХЫНЫҢ ҚАСІРЕТТІ БЕТТЕРІН ОҚЫТУДАҒЫ МҰРАЖАЙ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ РӨЛІ


***А.Е.Ыдырыс***

*Павлодар педагогикалық университетінің 4-курс студенті*

*Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., профессор ассистенті* ***Сабданбекова З.Ә***



**Аңдатпа**: Бұл мақалада мектептегі тарих сабақтарында ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін сияқты қайғылы оқиғаларды оқытуда мұражай педагогикасының рөлі қарастырылады. Автор мұражай экспонаттары мен мұрағаттық құжаттарды қолдану оқушылардың тарихи жадысын, ұлттық сана-сезімін және эмпатиясын қалыптастырудың тиімді психологиялық-педагогикалық құралы екенін негіздейді.

**Аннотация:** В статье рассматривается роль музейной педагогики в преподавании трагических событий, таких как голод и политические репрессии, на уроках истории. Обосновывается, что использование экспонатов и архивных документов является эффективным инструментом для формирования исторической памяти, национального самосознания и эмпатии у школьников.

**Abstract:** This article explores the role of museum pedagogy in teaching tragic events like famine and political repressions in history lessons. It argues that using exhibits and archival

documents is an effective tool for shaping students' historical memory, national identity, and empathy.

**Түйінді сөздер:** тарихи жады, мұражай педагогикасы, ашаршылық, қуғын-сүргін, эмпатия.

**Ключевые слова**: историческая память, музейная педагогика, голод, репрессии, эмпатия.

**Key words:** historical memory, museum pedagogy, famine, repressions, empathy.

Қазақстанның жиырмасыншы ғасырдағы тарихы күрделі әрі қайшылықты оқиғаларға, оның ішінде тұтас ұлттың тағдырына орнытолмас қасірет әкелген зобалаң жылдарға толы. Отан тарихындағы ең қайғылы беттер – 1920-1930 жылдардағы қолдан жасалған ашаршылық пен одан кейінгі жаппай саяси қуғын-сүргін кезеңі. Бұл тақырыптарды жас ұрпаққа оқыту, олардың санасында объективті тарихи жадыны қалыптастыру қазіргі мектептегі тарих пәнінің алдында тұрған ең жауапты әрі психологиялық тұрғыдан күрделі міндеттердің бірі болып табылады. Тарих тек фактілер мен даталардың, құрғақ статистиканың жиынтығы емес, ол ең алдымен адам тағдырларының, ұлттық трагедия мен қаһармандықтың жанды көрінісі. Осы орайда, қайғылы оқиғаларды оқытуда дәстүрлі сыныптық-сабақтық жүйенің шеңбері кейде тарлық етеді, себебі оқулықтағы академиялық мәтіндер оқушының эмоционалдық және интеллектуалдық сезімдеріне толыққанды әсер ете алмайды. Дәл осы тұста білім беру процесіне мұражай педагогикасының зор әлеуетін біріктірудің ғылыми-әдістемелік маңызы арта түседі. Мұражай педагогикасы өскелең ұрпақты тарихи жәдігерлермен тікелей байланыстыра отырып, олардың бойында өткенге деген құрмет пен эмпатия сезімін оятудың таптырмас құралына айналып отыр.

Мұражай педагогикасының ғылыми-теориялық негіздері оқушыны тарихтың пассивті тыңдаушысынан белсенді қатысушысына айналдыруға бағытталған. Зерттеуші Ү.Д. Мұңалбаева атап көрсеткендей, мұражай педагогикасы – бұл тек мұражайға саяхат жасау ғана емес, ол тарихи заттар мен деректер арқылы оқушының танымдық, эмоционалдық және құндылықтық бағдарларын жүйелі түрде қалыптастыратын кешенді білім беру саласы [1, 15 б.]. Мұражай кеңістігіндегі әрбір зат өткен дәуірдің үнсіз куәгері ретінде сөйлей бастайды. Мұражайлық зат өзінің алғашқы табиғи немесе тұрмыстық контекстінен бөлініп, экспозицияға енген сәтте ол жай ғана зат емес, тарихи ақпараттың символдық тасымалдаушысына, яғни жәдігерге айналады. Бұл жәдігерлер оқушылар үшін тарихтың дерексіз ұғым емес, нақты адам тағдырларынан құралған шынайы процесс екенін түйсінуге көмектеседі. Мұражайдағы әрбір заттың артында тұрған тарихи шындықты тану арқылы оқушылар ұлттық қасіреттің ауқымын тереңірек түсіне бастайды. Осылайша, мұражай педагогикасы мектептегі тарих сабағын жандандырып, оны визуалды және заттық дәлелдермен байытады.

Мұражай педагогикасының негізгі міндеті – экспонат пен көрермен арасындағы интерактивті диалогты ұйымдастыру. М.Қ. Егізбаева мен Р.С. Жұматаев өз зерттеулерінде дәлелдегендей, мұражайдағы мектеп

жасындағы балалармен жұмыс істеудің өзіндік психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері бар, яғни ақпаратты олардың жас ерекшеліктеріне сай бейімдеп беру қажет [2, 95 б.]. Ашаршылық пен қуғын-сүргін тақырыбы ауыр психологиялық жүк әкелетіндіктен, мұғалім мен мұражай қызметкері оқушыларды қорқыныш пен үмітсіздікке ұшыратпай, керісінше, олардың бойында қайсарлыққа, ұлттық рухтың мызғымастығына деген құрмет сезімін оятуы тиіс. Орта мектеп жасындағы балалар абстрактілі ұғымдардан гөрі нақты бейнелерді жақсырақ қабылдайды. Сондықтан тарих сабақтарында заттай жәдігерлерді, адамдардың жеке бұйымдарын, тарихи фотосуреттерді қолдану баланың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, оның эмоционалдық-еріктік сферасына тікелей ықпал етеді. Бұл процесс мұғалімнің жоғары кәсіби шеберлігін және мұражайлық кеңістікті дұрыс пайдалана білуін талап етеді.

Мұражай педагогикасының әдіснамалық негіздері сабақты ұйымдастырудың белсенді және шығармашылық формаларын көздейді. О.В. Мельникова мен А.Н. Морозова редакциялаған еңбекте көрсетілгендей, мұражайлық білім беру кеңістігінде балалардың шығармашылық белсенділігін арттыру, патриоттық тәрбие беру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуі тиіс және ол әртүрлі әдістемелік тәсілдермен сүйемелденуі қажет [3, 112 б.]. Бұл ретте мектеп мұғалімдері тек дайын, үлкен тарихи-өлкетану мұражайларына барып қана қоймай, мектеп ішінен шағын мұражайлар құру тәжірибесін де кеңінен қолдана алады. Мысалы, оқушылар өздерінің ата-әжелерінен қалған ескі заттарды, фотосуреттерді, құжаттарды жинап, тақырыптық бұрыштар жасай алады. Мұндай іс-әрекет оқушыны тарихтың белсенді зерттеушісіне айналдырады. Оқушы әрбір әкелінген заттың тарихын зерттейді, оның шығу тегін анықтайды, атрибуция жасайды. Осылайша, ол макротарихты микротарих арқылы тани бастайды. Жеке тұлғалық, отбасылық қатысым болған жерде тарихи жадының іргетасы өте берік қаланады.

Ашаршылық тақырыбын тереңірек түсіндіруде тарихи себеп-салдарлық байланыстарды ашу маңызды. Зерттеуші Т.О. Омарбековтің еңбектерінде жан-жақты дәлелденгендей, 1930-1933 жылдардағы алапат аштық тек ауа райының, қуаңшылықтың немесе табиғи апаттың салдары емес, ол тікелей тоталитарлық жүйенің солақай саясатының, күштеп ұжымдастыру мен мал-мүлікті тәркілеудің тікелей әрі қасақана жасалған нәтижесі болды [4, 18 б.]. Осы күрделі саяси-экономикалық процестерді мектеп оқушысына түсіндіру үшін мұражай экспонаттары өте тиімді құрал болып саналады. Мәселен, тәркілеуге ұшыраған байдың немесе қарапайым шаруаның шаруашылық кітабы, қолдан жасалған ескі ағаш ыдыстар немесе босқындыққа ұшыраған қазақ отбасыларының жұлым-жұлым болған киімдері мұражай сөресінде тұтас бір дәуірдің трагедиясын бейнелейтін символға айналады. Осы заттарды көру, олардың тарихын тыңдау арқылы оқушы ашаршылықтың зардабын нақты адам тағдыры арқылы сезінеді. Статистикалық миллиондаған құрбандар туралы ақпарат оқушы үшін

дерексіз сандар болып қалуы мүмкін, ал нақты бір отбасының тұрмыс тауқыметін көрсететін жәдігер сол сандарға жан бітіреді.

Ашаршылық жылдарындағы жағдайды шынайы бейнелейтін құжатнамалық хроникалар оқушылар үшін баға жетпес мұражайлық дереккөз болып табылады. Мұрағаттық құжаттарды сабақта экспонат ретінде пайдалану оқушының сыни ойлауын дамытады. 1928-1934 жылдардағы ашаршылықтың құжатнамалық хроникасы жинақталған көп томдық еңбектердегі мәліметтер оқушылар үшін нақты дәлелді база болып саналады. Мысалы, 1929 жылғы Семей округтік комитетінің ұжымдастыру барысы туралы жеделхаттары немесе сол кезеңдегі биліктің халықты қалай аяусыз қанағанын көрсететін қаулы-қарарлар тарихи шындықтың бетін ашады [5, 885 б.]. Мұндай тарихи құжаттарды оқушылар өз көздерімен көріп, оқыған кезде, тарих олар үшін оқулық парақтарынан шығып, шынайы өмірге қадам басады. XX ғасырдың 20-шы жылдарының соңында басталған мал тәркілеу науқанының заңсыздықтары туралы құжаттарды оқу арқылы балалар тоталитарлық жүйенің өз халқына жасаған қиянатын түсінеді. Мұғалім бұл құжаттарды жай ғана оқып бермей, оларды тарихи дәлел ретінде зерттеуге ұсынуы қажет.

Бұл құжаттарды сабақ барысында «тірілту» үшін мұғалімдер әртүрлі интерактивті талдау әдістерін қолдана алады. Хрониканың екінші томында берілгендей, 1931 жылы Ақсу ауданындағы «Овцевод» совхозындағы адам төзгісіз жағдай туралы нұсқаушының Қазөлкекомға жазған баяндаухатын талқылауға ұсыну өте үлкен педагогикалық нәтиже береді [6, 1174 б.]. Оқушылар топтарға бөлініп, бірі сол кездегі қарапайым халықтың, екіншісі жергілікті белсенділердің, үшіншісі жоғарғы билік өкілдерінің позициясынан осы құжатты талдай алады. Сонымен қатар, Қостанай шаруаларының Ф.И. Голощекинге аштық туралы жазған хаттарын оқу балалардың санасына қатты әсер етеді. Осы шарасыздық пен аштық азабына толы хаттарды оқыған оқушы өткен ғасырдағы адамдардың жан айқайын естігендей болады. Мұндай көпөлшемді талдау оқушыларға тоталитарлық жүйенің басқару механизмін, оның адам өмірін қалай құнсыздандырғанын терең түсінуге жол ашады. Мұражай жәдігерлерімен және мұрағат құжаттарымен бекітілген осындай тарихи пікірталастар оқушының бойында кез келген диктаторлық режимге деген саяси иммунитетті қалыптастырады.

Отан тарихындағы саяси қуғын-сүргін (репрессия) кезеңін оқытуда мұражай педагогикасының рөлі тіптен ерекше маңызға ие. 1937-1938 жылдардағы «Үлкен террор» қазақ зиялыларын, мемлекет қайраткерлерін, ғылым мен мәдениет өкілдерін жаппай жоюға бағытталды. Мектеп бағдарламасында бұл тақырып көбінесе Алаш қайраткерлерінің есімдерін жаттаумен және олардың атылған жылдарын білумен шектеліп жатады. Алайда, мұражайлық тәсіл оқушыға сол тұлғалардың адами келбетін, олардың ішкі арман-мақсаттарын, отбасына деген махаббатын ашып көрсетуге көмектеседі. Мәселен, саяси тұтқындардың түрмеде отырып отбасына жазған соңғы қоштасу хаттары, олардың тергеу істеріндегі қанды

қолтаңбалары бар қағаздар, АЛЖИР немесе Карлаг лагерьлерінде тұтқындардың өз қолдарымен жасаған тұрмыстық бұйымдары ең күшті эмоционалдық әсер беретін педагогикалық құралдар болып табылады. Осындай нақты дәлелдер арқылы оқушылар қуғын-сүргін құрбандарының қандай да бір «халық жаулары» емес, ең алдымен сүйікті әке, қамқор ана, халқының адал перзенттері болғанын терең түсінеді.

С.Л. Троянскаяның пікірінше, мұражайлық зат оқушының жалпы мәдени құзыреттілігін дамытып қана қоймай, оны тарихи контекстке енгізу арқылы дүниетанымдық көзқарасын айтарлықтай кеңейтеді [7, 45 б.]. Оқушылар абақтыдағы адамның өз баласына арнап нанның жұмсағынан немесе сабаннан жасаған кішкентай ойыншығын көргенде, адамның ешқандай зорлық-зомбылыққа сынбайтын асқақ рухын таниды. Мұндай визуалды және заттай қабылдау оқулықтағы мыңдаған сөздерден де қуаттырақ әсер етіп, оқушының тарихи жадысында өмір бойы сақталып қалады. Тарих осылайша персонификацияланады, яғни жалпылама ұғымнан нақты адам бейнесіне айналады. Оқушы бойында эмпатия – басқа адамның қайғы-қасіретін түсіну және ортақтасу қабілеті дамиды. Бұл қабілет қазіргі жаһандану заманында өскелең ұрпақтың бойында гуманистік құндылықтарды сақтап қалу үшін аса маңызды. Мұражай осы эмпатияны оятудың ең табиғи ортасы болып есептеледі.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, қайғылы тарихи оқиғаларды оқыту кезінде оқушының эмоциясын дұрыс арнаға бұру аса маңызды педагогикалық шарт. Ашаршылық кезіндегі адамдардың жаппай қырылуы туралы мәліметтер бала психикасына ауыр соққы болып тимеуі үшін мұғалім өте мұқият болуы шарт. Профессор Қ.Б. Жарықбаев оқуларында айтылғандай, білім берудегі психологиялық қауіпсіздік пен комфорт оқу процесінің тиімділігін арттырады және тарихи сананың сабақтастығын қамтамасыз етеді [8, 302 б.]. Мұражай педагогикасы бұл мәселені жәдігерлердің символдық мағынасы арқылы жұмсартуға мүмкіндік береді. Мұражайдағы экспозиция көбінесе тікелей қатыгездікті емес, сол қатыгездікке қарсы тұрған адам рухын алдыңғы планға шығарады. Ашаршылық тақырыбын түсіндіруде қазақтың дәстүрлі қонақжайлылығы, жетімін жылатпаған қасиеті және өзара көмек туралы құндылықтарды көрсететін жәдігерлерді қатар қолдану керек. Сол арқылы оқушылар қазақ халқының қандай қиындықтарды жеңіп, қандай рухани биіктіктер арқылы бүгінгі тәуелсіздікке жеткенін мақтанышпен сезіне алады.

Мұражай педагогикасының білім берудегі тағы бір заманауи мүмкіндігі – виртуалды және цифрлық технологияларды пайдалану болып отыр. Қазіргі таңда көптеген ауылдық немесе шалғай аймақтағы мектептердің еліміздің ірі мегаполистерінде немесе облыс орталықтарында орналасқан үлкен тарихи мемориалдық мұражайларға тікелей баруға мүмкіндігі бола бермейді. Осындай жағдайда тарих мұғалімі мұражайлардың виртуалды турларын, цифрландырылған мұрағат құжаттарын сабақ процесіне еркін енгізе алады. Бұл заманауи оқушылардың

ақпараттық-коммуникациялық дағдыларына толықтай сай келеді және олардың тарих пәніне деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар, репрессия құрбандарына арналған мемориалдық кешендердің (АЛЖИР, Карлаг, Степлаг) виртуалды 3D экспозицияларын интерактивті тақтадан көрсету оқушыларды сол ортаның атмосферасына бойлатуға жағдай жасайды. Технологиялық мүмкіндіктер тарихи шындықты кез келген қашықтықтан оқушының көз алдына әкелуге жол ашады. Оқушылар цифрлық мұрағаттардан өз туыстарының немесе жерлестерінің есімдерін іздеп тауып, өз бетінше зерттеу жұмыстарын жүргізе алады.

Қорыта келгенде, Отан тарихының қасіретті беттерін оқытуда мұражай педагогикасының рөлі өлшеусіз. Жәдігерлер мен архивтік құжаттар оқушылардың тарихи жадысын қалыптастырудың ең шынайы құралы болып табылады. Дәстүрлі әдістерді мұражайлық технологиялармен ұштастыру білім сапасын жаңа деңгейге көтеріп, жас ұрпақтың бойында тарихи әділдік пен тәуелсіздік құндылықтарына деген жауапкершілікті бекітеді. Оқушылар тарихты құрғақ фактілер емес, ата-бабаларының қасиетті тағдыры ретінде қабылдайды. Мұғалімдер мен мұражай мамандарының жүйелі ынтымақтастығы – ұлттық білім беру саласындағы стратегиялық басымдық болып қала бермек.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Мұңалбаева Ү.Д. Мұражай педагогикасы. Тарихы, теориясы, тажірибесі. Оқу куралы - Алматы: «Эверо» ЖШС, 2013. - 400 бет.
2. Егізбаева М.Қ., Жұматаев Р.С. Музей педагогикасы: оқу куралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2012. - 122 бет.
3. Музейная педагогика: Из опыта методической работы / Под ред. А. Морозовой, О. Мельниковой.– М.: 2006.– 416 с.
4. Омарбеков Т. О Ашаршылық. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2019 – 80 бет.
5. Ашаршылық. Голод. 1928 - 1934. Документальная хроника. Сб. док. А 97 Т.1.: 1928- 1929 / Отв. редактор Б. Әбдіғалиұлы. - Алматы, Атамұра, 2021.-920 с.
6. Ашаршылық. Голод. 1928 - 1934. Документальная хроника. Сб. док. А 97 Т.2.: 1930- 1931 / Отв. редактор Б. Әбдіғалиұлы. - Алматы, Атамұра, 2021. - 1240 с.
7. Троянская С.Л. Музейная педагогика и ее образовательные возможности в развитии общекультурной компетентности: Учебное пособие.- Ижевск: Ассоциация «Научная книга», 2007. – 131 с.
8. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдығы және профессор Қ.Б. Жарықбаевты еске алуға арналған, «ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ: ТАРИХТАН - БОЛАШАҚҚА» (II ЖАРЫҚБАЕВ ОҚУЛАРЫ) атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2024 – 500 б.

# ВКЛАД М. ТЫНЫШПАЕВА В ИСТОРИЧЕСКУЮ НАУКУ КАЗАХСТАНА

***Зайкун А.С.***
*студент Павлодарского педагогического университета, г. Павлодар,*
***Кузембаев Н.Е.***
*научный руководитель: кандидат исторических наук, профессор, г. Павлодар*

**Аннотация:** В статье анализируется вклад Мухамеджана Тынышпаева в историческую науку. Раскрывается методология его работ 1920-х годов по этногенезу и родоплеменной структуре казахов. Выявляется характер идеологических искажений его подходов в советской историографии 1930–1980-х годов. Оценено влияние научного наследия М. Тынышпаева на формирование современной исторической мысли независимого Казахстана.

**Ключевые слова:** Этногенез, родоплеменной, историография, искажение, наследие, Казахстан.

**Аңдатпа:** Мақалада Мұхамеджан Тынышпаевтың тарих ғылымына қосқан үлесі талданады. Оның 1920 жылдардағы қазақтардың этногенезі мен рулық-тайпалық құрылымы туралы еңбектерінің әдістемесі ашылады. Оның көзқарастарының кеңестік тарихнамадағы (1930–1980 жылдары) идеологиялық бұрмалануларының сипаты анықталады. М. Тынышпаевтың ғылыми мұрасының тәуелсіз Қазақстанның 2000–2025 жылдардағы заманауи тарихи ойының қалыптасуына әсері бағаланады.

**Кілт сөздер:** Этногенез, рулық, тарихнама, бұрмалау, мұра, Қазақстан.

**Annotation:** The article analyzes the contribution of Mukhamedzhan Tynyshpaev to historical science. It reveals the methodology of his 1920s works on the ethnogenesis and tribal structure of the Kazakhs. The nature of ideological distortions of his approaches in Soviet historiography of the 1930–1980s is identified. The influence of Tynyshpaev's scientific heritage on the formation of modern historical thought in independent Kazakhstan in 2000–2025 is assessed.

**Key words:** Ethnogenesis, tribal, historiography, distortion, heritage, Kazakhstan.

Актуальность обусловлена необходимостью глубокого осмысления роли выдающихся деятелей национальной интеллигенции в формировании современной исторической науки Казахстана. В условиях независимого развития республики, особенно важным становится восстановление преемственности национальной исторической мысли, очищенной от советских идеологических искажений. Мухамеджан Тынышпаев – одна из ключевых фигур казахской истории XX века, чьё научное наследие остаётся недостаточно изученным и интегрированным в образовательный и научный процесс.

Научная деятельность М. Тынышпаева в 1920-е годы, известная как «ташкентский период», стала временем создания фундаментальных основ историографии Казахстана [1, 128 с.]. В этот период ученый опубликовал свои ключевые труды: «Материалы к истории киргиз-казакского народа» и «Актабан-шубырынды» [2, 12-14 с.]. Методология М. Тынышпаева базировалась на уникальном для того времени синтезе классического

востоковедения и критического анализа устной исторической традиции - шежире [3, 11 с.].

Центральным методологическим принципом ученого стало признание генеалогии казахских родов первостепенным историческим источником. М. Тынышпаев первым в отечественной науке обосновал, что без предварительного изучения родословной каждого племени невозможно представить общую картину исторической судьбы народа [2, 6 с.]. Он подверг обоснованной критике работы своих предшественников, таких как А. И. Левшин и В. В. Вельяминов-Зернов, за то, что они рассматривали казахские племена как случайные конгломераты, не выявляя их глубоких этнических корней [4, 119 с.]. В отличие от них, М. Тынышпаев использовал сравнительно-исторический метод, сопоставляя данные шежире с китайскими хрониками, арабскими и персидскими источниками, а также с трудами европейских исследователей [2, 34 с.].

Значительный вклад М. Тынышпаев внес в методологию изучения средневековой истории Казахстана, в частности, периода Золотой Орды и формирования Казахского ханства. Применяя математический метод подсчета поколений, он аргументированно опроверг версию о тука-тимуридском происхождении казахских ханов, доказав, что Урус-хан был потомком Орда-Ежена [4, 121 с.]. Этот вывод, сделанный на основе анализа родословных таблиц, нашел подтверждение в современной казахстанской медиевистике [4, 122 с.].

Методологический подход ученого отличался энциклопедизмом: он интегрировал в историческое исследование данные географии, археологии и лингвистики. Работая на изысканиях Турксиба, он фиксировал развалины древних городов (Кайлак, Илан-Балык) и ирригационных систем, рассматривая их как материальные доказательства преемственности городской и кочевой культур в Семиречье [4, 120 с.]. Кроме того, М. Тынышпаев проявил себя как талантливый статистик, подготовив в 1925 году первую научно обоснованную таблицу численности казахских родов по состоянию на 1917 год [2, 62 с.].

Таким образом, в 1920-е годы М. Тынышпаев сформировал методологическую базу для изучения этногенеза казахов, основанную на критическом источниковедении и уважении к национальной памяти [5, 61 с.]. Его труды позволили преодолеть некоторые колониальные стереотипы в историографии, заложили научный фундамент для будущих поколений исследователей истории Казахстана [1, 131 с.].

Период 1930–1980-х годов в казахстанской историографии характеризуется жестким господством марксистско-ленинской методологии, что привело к практически полному исключению имени М. Тынышпаева из официального научного оборота [1, 128 с.]. Как видный деятель движения «Алаш» и руководитель Кокандской автономии, он был объявлен «буржуазным националистом» и «классовым врагом» [3, 10 с.]. В условиях господства идеологии классового противостояния научное

наследие ученого подверглось огульному отрицанию: его исторические труды были официально запрещены, изъяты из библиотечных фондов и в значительной степени уничтожены [6, 152 с.].

Системное искажение подходов М. Тынышпаева проявлялось в нескольких аспектах. Во-первых, его методология изучения истории через призму генеалогии (шежире) трактовалась советской наукой как антинаучная и направленная на «идеализацию феодального прошлого» [1, 131 с.]. Во-вторых, политическая деятельность М. Тынышпаева в 1917–1918 годах либо полностью замалчивалась, либо представлялась исключительно как контрреволюционная деятельность, направленная против интересов трудящихся [7, 65 с.]. Даже его фундаментальный вклад в строительство Турксиба подвергался цензуре: в официальных описаниях строительства магистрали имя главного инженера М. Тынышпаева зачастую вычеркивалось, а его предложения, сэкономившие государству миллионы рублей, приписывались коллективному разуму партии [8, 734 с.].

Тем не менее, в 1960–1980-е годы в академической среде наблюдался феномен «скрытого присутствия» трудов М. Тынышпаева. Советские историки и этнографы, исследовавшие родоплеменной состав и расселение казахов, вынужденно опирались на собранные им уникальные данные по тамгам и генеалогическим таблицам [5, 61 с.]. Однако из-за идеологических ограничений исследователи того периода были лишены возможности давать прямые ссылки на его работы, что превращало его научный багаж в «безымянный» источник фактического материала [1, 131 с.]. Любые попытки объективного анализа событий 1916 года или истории Алаш-Орды, где М. Тынышпаев выступал как ключевой эксперт и участник, пресекались как проявление националистического уклона [3, 273 с.].

Трагическая судьба ученого и десятилетия официального забвения привели к разрыву преемственности в национальной исторической науке. Советская историография этого периода сознательно вытравливала из памяти народа саму возможность существования альтернативного, национально-ориентированного взгляда на этногенез и государственность казахов [9, 84 с.]. Таким образом, вплоть до конца 1980-х годов подходы М. Тынышпаева существовали в состоянии вынужденной изоляции, а их возвращение в научный дискурс стало возможным только в условиях демократизации общества и обретения Казахстаном суверенитета [1, 128 с.].

Современный этап развития казахстанской историографии характеризуется окончательным демонтажем советских идеологических догм и переходом к объективному, системному изучению наследия деятелей «Алаш». Если в 1920-е годы работы М. Тынышпаева закладывали методологический фундамент национальной истории, а в 1930–1980-е годы подвергались искажению и забвению, то в XXI веке его труды признаны классическими и стали базовыми для понимания этногенеза казахов [1, 128 с.].

Важнейшей чертой периода независимости стала институционализация памяти об ученом и широкое переиздание его трудов. Публикация учебного пособия «История казахского народа» позволила интегрировать изыскания М. Тынышпаева в образовательный процесс вузов, вернув его методологию шежире в академический дискурс не как «феодальный пережиток», а как ценнейший этнографический источник [3, 224 с.]. Современные исследователи, такие как С. К. Косанбаев, подчеркивают, что без опоры на генеалогические таблицы М. Тынышпаева сегодня невозможно адекватное изучение социальной структуры традиционного казахского общества [1, 131 с.].

Аналитическое сопоставление современных работ с трудами 1920-х годов показывает высокую прогностическую ценность гипотез ученого. Так, медиевист К. Ускенбай отмечает, что выводы М. Тынышпаева о происхождении Урус-хана от Орда-Ежена, выдвинутые еще в 1925 году вопреки мнению тогдашних авторитетов, полностью подтвердились новейшими архивными находками и исследованиями [4, 122 с.].

Особое место в современной науке занимает переосмысление политической биографии М. Тынышпаева. В отличие от советской историографии, представлявшей его деятельность в правительстве Колчака или Кокандской автономии как «предательство», современные историки (Г. С. Жугенбаева, Т. В. Котюкова) рассматривают эти события как поиск путей национальной суверенности в условиях геополитического кризиса [9, 84 с.; 7, 65 с.]. Новейшие исследования 2025 года подчеркивают, что деятельность М. Тынышпаева в Туркестанской автономии была первой попыткой создания светского демократического государства в регионе, что делает его концепции актуальными для современной политической науки [7, 70 с.].

Инженерный вклад ученого в XXI веке также получил новое научное осмысление. Современные работы (Г. С. Жугенбаева, М. Х. Асылбеков) анализируют Турксиб не просто как технический объект, а как проект, предопределивший социально-экономический ландшафт современного Казахстана. Научное обоснование М. Тынышпаевым трассировки дорог и расположения узловых станций признается сегодня образцом дальновидного территориального планирования [10, 153 с.; 11, 72 с.]. Таким образом, в годы независимости республики произошло полное восстановление научного статуса М. Тынышпаева как ученого-энциклопедиста.

Сравнительный анализ показывает, что фундамент, заложенный М. Тынышпаевым в 1920-е годы, основывался на уникальной для того времени методологии. Он первым сумел соединить академическое востоковедение с эмпирическим богатством казахского шежире [3, 11 с.]. Его инженерный рационализм проявился в математической точности генеалогических расчетов, что позволило ему еще в 1925 году сделать выводы о происхождении казахских ханов, которые опережали уровень развития тогдашней историографии [4, 121 с.]. М. Тынышпаев фактически создал

модель «национально-ориентированной науки», где история народа изучается изнутри, через владение языком и устными традициями [2, 12-14 с.].

Анализ советского периода 1930–1980-х гг демонстрирует трагический парадокс: при официальном клеймении М. Тынышпаева как «буржуазного националиста» и изъятии его трудов [6, 152 с.], его научный потенциал продолжал подспудно питать академическую среду. Искажение его подходов в угоду классовой борьбе привело к временному обеднению исторической мысли, однако феномен «скрытого присутствия» его данных в работах советских этнографов доказывает их неустранимую научную ценность [5, 61 с.]. Это подтверждает гипотезу о том, что созданная им база была настолько фундаментальна, что её невозможно было полностью игнорировать даже в условиях жесткой цензуры.

В современный период наблюдается не просто реабилитация имени ученого, а полноценная интеграция его наследия в структуру государственного самосознания. Сегодня идеи М. Тынышпаева о непрерывности казахской государственности и его вклад в реализацию проекта Турксиба рассматриваются как единый акт служения нации [10, 153 с.]. Инженерная деятельность и исторические труды М. Тынышпаева в XXI веке признаны взаимодополняющими аспектами его таланта, направленного на модернизацию Казахстана [8, 103 с.].

Проведённое исследование показывает, что Мухамеджан Тынышпаев является основоположником системной исторической науки Казахстана. В 1920-е годы он впервые создал целостную методологию изучения этногенеза и родоплеменной структуры казахского народа. Конкретно он внёс в науку: обоснование шежире и генеалогических таблиц как первостепенного исторического источника; применение сравнительно-исторического метода с привлечением китайских хроник, арабских и персидских источников; математический подсчёт поколений, позволивший доказать происхождение Урус-хана от Орда-Ежена и опровергнуть тука-тимуридскую версию; первую научно обоснованную таблицу численности казахских родов по состоянию на 1917 год; синтез данных истории, географии, археологии и лингвистики при изучении средневековой истории Казахстана и Золотой Орды.

Несмотря на полное идеологическое искажение и забвение в советский период 1930–1980-х годов, а именно запрет трудов, объявление «буржуазным националистом», вычёркивание имени из истории Турксиба, его фактические данные продолжали скрыто использоваться советскими этнографами.

В годы независимости Казахстана труды М. Тынышпаева были полностью реабилитированы, переизданы и признаны классическими. Его генеалогические таблицы, методология и выводы 1925 года стали основой современного изучения этногенеза, социальной структуры и государственности казахского народа.

Таким образом, научное наследие М. Тынышпаева, пройдя через десятилетия замалчивания, стало фундаментальным интеллектуальным каркасом отечественной исторической науки Казахстана.

## Список использованных источников


1. Косанбаев С. К. Научное наследие М. Тынышпаева // Валихановские чтения – 17 : материалы Междунар. науч.-практ. конф. – Кокшетау: КГУ им. Ш. Уалиханова, 2013. – Т. 1. – с. 128–132.
2. Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казакского народа. – Ташкент: Вост. отд. Киргиз. гос. изд-ва, 1925. – 63 с.
3. Тынышпаев М. История казахского народа. – Алматы: Санат, 2002. – 224 с.
4. Ускенбай К. Мухамеджан Тынышпаев – исследователь казахского средневековья // Отан тарихы. – 2000. – № 1–2. – с. 119–123.
5. Жүгенбаева Г. С. Мұхамеджан Тынышбаевтың өмірі мен қызметі (1879–1938). – Алматы: ҚазККА, 2000. – 228 б.
6. Тынышпаев М. Великие бедствия... (Актабан-Шубырынды). – Алма-Ата: Жалын, 1991. – 152 с.
7. Котюкова Т. В. Туркестанская (Кокандская) автономия в современной историографии: рождение, гибель и post scriptum // Северо-Восточный гуманитарный вестник. – 2025. – № 1 (50). – с. 65–76.
8. Осадчий Ф. Великий творец добра и света: страницы судьбы инженера М. Тынышпаева. – Алматы: Арыс, 2001. – 103 с.
9. Жугенбаева Г. С. Мухамеджан Тынышпаев и правительство Колчака // Мысль. – 1998. – № 9. – с. 83–88.
10. Жугенбаева Г. С. М. Тынышпаев (1879–1938) – строитель Турксиба // Индустриальное строительство в Центральной Азии: историческое значение для региона : материалы Междунар. науч. конф. – Барнаул: Изд-во Алт. гос. ун-та, 2020. – с. 149–156.
11. Асылбеков М. Х. Турар Рыскулов и Мухамеджан Тынышпаев на Турксибе // Мысль. – 2000. – № 7. – с. 70–73.


# ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДАҒЫ МАМАНДЫҚТАРҒА ТИГІЗГЕН ӘСЕРІ


*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті,* **Байбол Маржан Ғабитқызы**

*Ғылыми жетекшісі:* ***Алпысбай Нурболат Алпысбайұлы****, PhD қауымдастырылған профессор*



Аңдатпа: Жасанды интеллект еңбек нарығын қайта қалыптастырып, кәсіби дағдыларға жаңа талаптар қояды: ақпаратпен жұмыс істеу, сұранысты дұрыс құру және технологияны меңгеру. Кейбір мамандықтар қысқарады, ал жаңа қызметтер пайда болады. Зерттеу жасаны интеллектің еңбек әлеміне ықпалын зерттейді.

Аннотация: Искусственный интеллект перестраивает рынок труда, предъявляя новые требования к навыкам: работа с информацией, корректное формулирование запросов и освоение технологий. Одни профессии сокращаются, другие возникают. Исследование изучает влияние искусственного интеллекта на трудовую сферу.

Abstract:Artificial intelligence is reshaping the labor market, introducing new skill requirements: information management, precise query formulation, and technology mastery. Some professions decline, while new roles appear. The study examines AI’s influence on the world of work.

Түйінді сөздер: жасанды интеллект, еңбек нарығы, кәсіби дағдылар, инновациялық технологиялар, мамандықтардың өзгеруі, ақпаратпен жұмыс, жаңа қызметтер.

Ключевые слова: искусственный интеллект, рынок труда, профессиональные навыки, инновационные технологии, работа с информацией, новые профессии.

Keywords: artifical intelligence, labor market, professional skills, inovative technologies, changing professions, information management, emerging roles.

## Кіріспе

Жасанды интеллектті еңбек нарығына енгізу көптеген ішкі процестерді жаңартып, қолданыстағы кәсіби салалардың барлығын түбегейлі өзгертті. Көп көлемдегі ақпаратпен жұмыс істейтін мамандықтар машиналық технологиялармен алмастырылды, олар деректерді автоматты түрде өңдейді. Бұл тек тапсырмаларды автоматтандырумен шектелмей, жұмыстың тек адам ресурстары арқылы орындалуы кезінде болатын қателіктерді, мысалы, немқұрайлылық немесе шаршау себебінен туындайтын қателіктерді азайтты. Көптеген ғылыми зерттеулерге сүйенсек, жасанды интеллект технологияларының кең таралуы еңбек процесінің тиімділігін арттырды және оның сандық көрсеткіштерінің тұрақты өсуін көрсетті. Бұл үрдіс мамандардың кәсіби қызметін жалғастыруы және мансаптық өсуі үшін инновациялық технологияларды меңгеруге мәжбүр етеді. Тақырыптың өзектілігі жасанды интеллект қазіргі уақытта экономика салалары мен әртүрлі қызмет салаларына елеулі әсер етіп жатқандығында.

Жалпы, бұл әсер тек күшейе бермек. Еңбек нарығында жасанды интеллекттің әсері қалай жүзеге асатынын түсіну жұмыс берушілерге жаңа жағдайларға бейімделуге және бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік береді.Мақаланың негізгі мақсаттары мыналарды қамтиды: жасанды интеллекттің еңбек нарығына әсерін талдау және болашақта сұранысқа ие болатын мамандықтарды анықтау, бұл тек жұмыс берушілер үшін ғана емес, қызметкерлер үшін де маңызды. Осы мақсаттарға жету үшін келесі тақырыптарды қарастыру қажет: жасанды интеллект арқылы процестер мен тапсырмаларды автоматтандыру; автоматтандырудың еңбек нарығының құрылымы мен шарттарына әсері; болашақ қызметкерлерге қажет дағдылар мен компетенциялардың тізімін анықтау. Аталған мәселелерді талдау үшін жасанды интеллект саласындағы компаниялар мен сарапшылардың зерттеулері мен есептері, сондай-ақ еңбек нарығының даму болжамдары қолданылады. Зерттеу нәтижелері жасанды интеллекттің еңбек нарығына әсерін анықтауға және болашақта сұранысқа ие болатын мамандықтарды белгілеуге мүмкіндік береді. Осылайша, бұл жұмыс жасанды интеллекттің еңбек нарығына ықпалын зерттеу және технологияның дамуы арқасында болашақта сұранысқа ие мамандықтарды анықтау болып табылады.

Жасанды интеллекттің қазіргі тенденциялары мен даму болжамдары

Жасанды интеллекттің еңбек нарығына әсерін талдау үшін соңғы жылдары қазіргі әлемде қандай өзгерістер мен тенденциялар болғанын қарастыру қажет. Соңғы жылдары машиналық оқытудың айтарлықтай жетістіктеріне қол жеткізілді. Бұл өздігінен оқуға және бейімделуге қабілетті жүйелерді жасауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, жасанды интеллекттің қолдану салалары күннен-күнге кеңейіп келеді: автоматтандырылған жүргізу, смарт үйлер, смарт қалалар және тіпті персонализацияланған медицина сияқты бағыттарда қолданылады. Жасанды интеллект деректердің құпиялылығына, этикалық және әлеуметтік мәселелерге де елеулі әсер етеді, себебі оның жұмыс механизмі үлкен көлемдегі ақпаратты жинау және талдау процесіне негізделген. Жасанды интеллекттің дамуы мен қолданылуын реттеу үшін түрлі халықаралық ұйымдарда нормативтік және құқықтық актілер әзірленуде. Жасанды интеллект салыстырмалы түрде жаңа және өте жылдам дамып келе жатқан бағыт болып табылады. Бұл саланы жоспарлы түрде дамыту үшін технологиялық, әлеуметтік және этикалық аспектілерді ескеру қажет. Жасанды интеллекттің дамуын қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болжамдар тұрғысынан қарастыру үшін, технологиялардың қалай эволюцияланатынын және қоғам өмірі мен еңбек нарығының қандай салаларына әсер ететінін талдау маңызды. 1-кестеде жасанды интеллекттің қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді даму тенденциялары көрсетілген:

| Қысқа мерзімді болжамдар | Ұзақ мерзімді болжамдар |
|---|---|
| Машиналық оқыту алгоритмдерін жетілдіру (алгоритмдер тиімдірек болып, деректерге аз тәуелді болады деп күтілуде). | Жалпы жасанды интеллект құру. Бұл дегеніміз, жасанды интеллект жақын арада кез келген интеллектуалды тапсырманы орындауға қабілетті болады. |
| Автономды жүйелерді кеңейту (адам қатысынсыз күрделі тапсырмаларды орындай алатын автономды жүйелер саны артады деп күтілуде). | Жасанды интеллект жұмыс, тұрмыс және білім беру салаларының бір бөлігіне айналады. |
| Табиғи тілді өңдеудегі прогресс (жасанды интеллект табиғи тілді жақсы түсініп, генерациялай алады, бұл адам мен машинаның өзара әрекеттесуін жақсартады). | Жасанды интеллектті күнделікті өмірге қауіпсіз интеграциялауға арналған жүйелер мен әдістер әзірленеді. |

Жасанды интеллектің салалық қолданылуы

Жасанды интеллект қазірдің өзінде әртүрлі қызмет салаларында қолданылады. Бүгінде ол ауруларды анықтауға көмектеседі, МРТ мен КТ сияқты бейнелерді талдайды. Жасанды интеллект алгоритмдері

пациенттердің генетикалық ақпаратын талдау үшін қолданылады, бұл жеке емдеу жоспарларын жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жасанды интеллект нарықтық деректерді талдайды, сауда операцияларын автоматты түрде орындайды және клиенттердің кредиттік қабілеттілігін анықтауға көмектеседі. Ол өзін-өзі басқаруға қабілетті көліктерді жасауда, жеткізу маршруттарын оңтайландыруда, жеткізу уақытын қысқартуда, қойма қорларын басқаруда және шығындарды азайтуда қолданылады.Жасанды интеллект білім беру саласына да әсер етеді. Ол мұғалімдер мен әкімшілік қызметкерлерге тапсырмаларды және жазбаларды автоматтандыруға көмектеседі, оқу кестелерін, жоспарларын және материалдарын әзірлейді.

Осы аталған мысалдар жасанды интеллекттің тиімділікті арттыруға, уақыт пен еңбек шығындарын азайтуға және әртүрлі салаларда қызметтерді персонализациялауға қалай ықпал ететінін көрсетеді. Жасанды интеллектті енгізу салаларды трансформациялауға, жаңа мүмкіндіктер мен прогреске жол ашуға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллектің еңбек нарығына әсері

Автоматтандыру, әсіресе жасанды интеллектті қолдану еңбек нарығында айтарлықтай өзгерістерге алып келеді. Кейбір мамандықтар, әсіресе рутиндік, қайталанатын тапсырмаларды қамтитын кәсіби салалар, жойылу қаупіне ұшырайды. Мысалы, өндірістік жұмысшылар көбіне роботтар мен автоматтандырылған жүйелерге алмастырылуда, олар тапсырмаларды жылдам әрі дәл орындай алады. Сол сияқты кассирлер мен сатушылар өз қызметтерін жоғалту қаупіне тап, өйткені өзін-өзі қызмет көрсететін кассалар мен онлайн сауданың өсуі бұл рөлдердегі адам еңбегін қажет етуді азайтады.Бухгалтерлер мен аудиттер де автоматтандыру әсерінен қысымға ұшырайды, себебі бухгалтерлік және аудиттік бағдарламалық жасақтама көптеген дәстүрлі тапсырмаларды автоматтандыруға қабілетті. Колл-орталық операторлары да маңызды емес бола бастайды, өйткені жасанды интеллект жүйелері стандартты клиент сұраныстарын өңдей алады, осылайша үлкен жұмыс күшіне қажеттілікті төмендетеді. Сонымен қатар, автономды көлік құралдарының дамуы такси және жүк жүргізушілерінің жұмысына қауіп төндіреді. Бұл мамандықтардың қауіп астында болу себебі бірнеше фактормен байланысты: тиімділік – автоматтандыру жұмысты жылдам әрі аз шығынмен орындауға мүмкіндік береді; дәлдік – машиналар рутиндік тапсырмаларда адамдардан аз қате жасайды; қауіпсіздік – роботтар адамға қауіпті жағдайларда жұмыс істей алады; қолжетімділік – автоматтандырылған жүйелер үзіліссіз, тәулік бойы жұмыс істей алады.Дегенмен, автоматтандыру кейбір жұмыс орындарын жойғанымен, жаңа еңбек мүмкіндіктерін де туғызады және жаңа дағдыларды қажет етеді. Мәліметтерді басқару, бағдарламалау, жүйелік талдау және техникалық қызмет көрсету сияқты салаларда сұраныс өсуде. Бұл еңбек нарығының өзгеріп отырған талаптарына сәйкес қайта даярлану мен дағдыларды жетілдіру қажеттілігін көрсетеді. Осылайша, автоматтандыру және жасанды

интеллект жаңа мүмкіндіктерді ашып, жұмысшы күшін тиімді пайдалану жолдарын өзгертеді.

Жасанды интеллекттің арқылы жаңа жұмыс орындарын құру

Жасанды интеллект тек қана қазіргі жұмыс орындарына қауіп төндіріп қоймай, сонымен қатар ерекше дағдылар мен білімді қажет ететін жаңа мамандықтардың пайда болуына мүмкіндік береді. Машиналық оқыту саласындағы мамандар машиналардың өздігінен үйреніп, бейімделуіне мүмкіндік беретін алгоритмдерді әзірлейді, бұл оларға тікелей бағдарламалаусыз жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Мәліметтермен жұмыс істейтін инженерлер үлкен көлемдегі деректерді өңдеп, талдау арқылы бизнес шешім қабылдау үшін қажетті маңызды ақпарат алады.

Жасанды интеллекттің этикалық аспектілерін зерттейтін мамандар технологияның моральдық және құқықтық нормаларға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін зерттеулер жүргізеді. Киберқауіпсіздік саласының мамандары жүйелерді кибершабуылдардан қорғау үшін жасанды интеллектті пайдаланады, осылайша қауіптерді болдырмау және бақылау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Чат-боттарды әзірлеушілер виртуалды ассистенттерді жасап, оңтайландырады, бұл клиенттерге қызмет көрсетуді жақсартып, тапсырмаларды автоматтандыруға көмектеседі.

Сонымен қатар, роботтарды басқару саласының мамандары әртүрлі салалардағы роботтандырылған жүйелерді қызмет көрсету және басқару жұмыстарын орындайды. Сандық трансформация бойынша кеңесшілер компанияларға жасанды интеллектті бизнес-процестерге енгізуге көмектеседі, бұл олардың тиімділігін арттырады. Жасанды интеллект саласындағы зерттеушілер теориялық аспектілерді зерттеп, жаңа әдістер мен алгоритмдерді әзірлейді. Бұл мамандықтардан талап етілетін негізгі дағдыларға бағдарламалау, статистика, деректерді талдау, машиналық оқыту алгоритмдерін түсіну, сыни ойлау және күрделі мәселелерді шешу қабілеті жатады. Оқу орындары мен қайта даярлау бағдарламалары осы жаңа салаларда жұмыс істейтін мамандарды дайындауда маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, көптеген жаңа мамандықтар үшін үздіксіз білім алу мен дағдыларды жетілдіру қажет, себебі жасанды интеллект технологиялары үнемі эволюцияланып отырады.

Жасанды интеллекттің енгізілуі жаңа кәсіби бағыттарды қалыптастырып қана қоймай, еңбек нарығында сұранысқа ие дағдылардың құрылымын өзгертеді. Бағдарламалау, деректерді талдау, жүйелік интеграция және техникалық қызмет көрсету сияқты бағыттарда жаңа жұмыс орындары пайда болып, мамандардың қайта даярлануы мен кәсіби өсуіне жол ашады. Бұл процесте білім беру бағдарламалары, тренингтер, онлайн курстар және корпоративтік оқыту жүйелері үлкен маңызға ие болады.Сонымен қатар, жасанды интеллекттің әртүрлі салаларда қолданысы жаңа кәсіптік рөлдерді тудырады. Мысалы, медициналық салада жасанды интеллект пациенттердің жеке мәліметтерін талдай отырып, емдеу жоспарларын әзірлеуге мүмкіндік береді, бұл медициналық деректерді

талдау мамандары мен клиникалық аналитиктердің сұранысын арттырады. Білім беру саласында жүйелер оқу жоспарларын автоматтандыруға көмектесіп, білім беру технологиялары бойынша мамандарға қажеттілік туғызады. Өндіріс және логистика саласында автономды көліктерді басқару, қойма қорларын оңтайландыру, жеткізу маршруттарын жоспарлау жаңа кәсіби бағыттарды қалыптастырады. Жасанды интеллекттің этикалық, құқықтық және әлеуметтік аспектілерін қадағалайтын мамандарға да сұраныс артып келеді. Олар деректердің құпиялылығын сақтау, алгоритмдердің әділдігі мен жүйелердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін шешеді. Бұл бағыттарда жұмыс істейтін мамандар жаңа дағдыларды меңгеріп, технологиялық және әлеуметтік өзгерістерге икемделуі қажет.

Осылайша, жасанды интеллект еңбек нарығына жаңа мүмкіндіктер енгізіп, жаңа кәсіби рөлдер мен жұмыс орындарын қалыптастырады. Ол тек өндірістік және техникалық салаларды ғана емес, білім беру, медицина, қызмет көрсету және әкімшілік жұмыстарды да қайта қарауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, жасанды интеллект технологиялары жұмыс күшін тиімді пайдалану, кәсіптік қайта даярлау және жаңа дағдыларды игеру арқылы еңбек нарығын трансформациялауда негізгі рөл атқарады.

Этикалық және әлеуметтік аспектілер

Технологиялардың дамуы мен өндірісте және басқа салаларда автоматтандырудың енгізілуі адам еңбегін машиналармен алмастыруға байланысты көптеген этикалық мәселелерді тудырады. Бұл мәселелерді мұқият талдау және шешу жолдарын іздеу қоғамға келетін теріс әсерлерді азайту үшін қажет. Ең айқын проблемалардың бірі – жұмыс орындарының жойылуы. Автоматтандыру әсіресе рутиндік тапсырмаларды орындайтын төмен білікті қызметкерлер арасында жұмыс орындарының санын елеулі түрде азайта алады. Бұл еңбек нарығының тұрақтылығы мен болашақтағы жұмыспен қамтылуға қатысты заңды алаңдаушылықты тудырады. Сонымен қатар, автоматтандыру әлеуметтік теңсіздіктің өсуіне де ықпал етуі мүмкін. Жаңа технологиялармен жұмыс істей алатын жоғары білікті мамандар көбірек мүмкіндіктерге ие болып, өздерінің материалдық жағдайын жақсарта алады. Ал төмен білікті қызметкерлер қолжетімді жұмыс орындарының азаюы мен табыстың төмендеуі сияқты қиындықтарға тап болып, әлеуметтік алшақтық ұлғаюына себепші болады. Автоматтандырудың пайдасын қоғамның барлық топтарына тең тарату маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Жаңа технологиялар тек белгілі бір шектеулі адамдарға ғана емес, жалпы халыққа пайда әкелуі тиіс, әрбір азаматқа тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қажет. Автоматтандырылған жүйелерді пайдалану кезінде мөлдірлік пен есептілік те басты мәнге ие. Мұндай жүйелердің қолданылуын реттейтін нақты ережелер мен стандарттарды әзірлеу қажет, бұл олардың қоғам алдында есеп берушілігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ тәуекелдерді азайтып, теріс пайдалануды болдырмайды. Бұл мәселелерді шешудің маңызды құрамдасы

– автоматтандыру мен жасанды интеллектті қолдануды реттейтін этикалық нормалар мен заңнаманы жасау. Мұндай нормалар адамның мүдделерін қорғап, жаңа технологияларды енгізу кезінде моральдық және құқықтық стандарттардың сақталуын қамтамасыз етуі тиіс. Этикалық стандарттар мен заңнама жаңа жүйелерді әділ, қауіпсіз және адамдардың құқықтарын құрметтейтін түрде қолдануға бағытталған. Осы мәселелерді тиімді шешу үшін әртүрлі мүдделі тараптардың – үкіметтер, білім беру мекемелері, компаниялар және қоғам өкілдерінің бірігіп жұмыс істеуі қажет. Жұмысшыларды жаңа еңбек жағдайына бейімдеуге көмектесетін қайта даярлау және оқыту бағдарламаларын әзірлеу маңызды. Сондай-ақ, болашақтағы еңбек пен адамның автоматтандырылған әлемдегі рөлі туралы ашық диалог жүргізу қажет. Бұл технологияларды этикалық және әділ пайдалану үшін қоғамның барлық мүшелері арасында түсіністік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Автоматтандыру мен жасанды интеллектті енгізу тек техникалық мәселе ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, құқықтық және этикалық аспектілерді де қамтитын кешенді процесс болып табылады. Технологияларды қоғамға тиімді интеграциялау үшін көп қырлы және жан-жақты тәсіл қажет. Бұл тәсіл адам еңбегін құрметтеуді сақтай отырып, қоғам үшін тұрақты даму мен тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. БҰҰ Конвенциясы: Бала құқықтары туралы конвенция. БҰҰ Бас Ассамблеясымен 1989 жылғы 20 қарашада қабылданды. – Астана: Әділет, 2024.
2. ҚР Конституциясы: Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Юрист, 2023. – 64 б.
3. ҚР Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ, 2024 жылғы өзгертулер мен толықтырулармен). – URL: http://adilet.zan.kz.
4. ҚР Азаматтық кодексі: Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы және Ерекше бөлімдері). – Алматы: Норма-К, 2024.
5. Статистикалық мәлімет: Құқық бұзушылықтар статистикасы: статистикалық жинақ // ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. – 2024. – URL: https://stat.gov.kz/industries/social-statistics/stat-crime/publications/473905/
6. Мемлекеттік ресурс: Қазақстандағы киберқылмыс: статистика және алдын алу шаралары // ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі (ОКҚ). – 2024. – URL: https://ortcom.kz/kk/infografika/1752044972
7. Заңнамалық акт: «Қаржылық (инвестициялық) пирамиданы жарнамалағаны үшін жауапкершілікті енгізу туралы» ҚР Заңы. – Астана: Ақорда, 2022.
8. Ахметов А.А. Цифрлық қоғамдағы жастардың қаржылық сауаттылығы // Құқық және экономика. – 2023. – №2. – 45-50 бб.
9. Смағұлова Б.К. Алаяқтық және киберқылмыс: алдын алу мәселелері. – Алматы: Жеті жарғы, 2022. – 180 б.
10. Оспанов Т.Р. Қаржылық пирамидаларды жарнамалаудың қылмыстық-құқықтық аспектілері: дис. канд. заң. наук. – Астана: ҚазГЮУ, 2023. – 150 б.
11. Ибрагимов М.Н. Қазақстан Республикасындағы киберқылмысқа қарсы іс-қимылдың құқықтық негіздері. – Караганда: Академия МВД, 2021.

12. Сейітов Н.Б. Қылмыстық құқық: Ерекше бөлім. – Алматы: Лем, 2022. – 320 б.
13. Нұрпейісов Е.К. Жастар саясаты және құқықтық тәрбие. – Шымкент: ОҚУ, 2023.
14. Дүйсенов Э.Э. Қазіргі заманғы алаяқтық схемалары: талдау және болжам // Вестник КазНУ. Серия юридическая. – 2023. – №4 (108). – 12-18 бб.
*Оқиға құру:* Әңгімені құрастыру кезінде оқиғаның элементтерін, баяндаудағы қақтығыстың рөлін және сюжеттердің негізгі түрлерін ескеру қажет.

*Кадрлау:* Бұл кезеңде кадрлар жоспары жасалып, визуалды және аудио материалдарды түпкілікті таңдау жүзеге асырылады. Жұмысты жеделдету және жеңілдету үшін әртүрлі сервистердегі дайын сахналар жиынтығын пайдалануға болады.

*Монтаждау:* Жинақталған контент жобаның жұмыс кеңістігінде біріктіріледі. Дайын сахналарға кадрдан тыс дауыс қосылады. Қажет болса, музыка, аудиоэффектілер, анимация мен ауысулар қосымша енгізіледі.

*Жобаны таныстыру:* Дайын жоба оқу тобының мүшелеріне көрсетіледі және кері байланыс жинақталады. Қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізіледі.

*Жариялау:* Оқушылар өнімді ұсынады, әлеуметтік желілерде бөліседі, жеке портфолиоға енгізеді немесе сайтқа жариялайды.

Бірақ бұл әдістердің тиімділігі бірнеше негізгі педагогикалық шарттарға тәуелді. Біріншіден, цифрлық оқиға құру барысында тарихи деректердің нақтылығын сақтау маңызды. Яғни, академиялық адами құндылықтың сақталуы қажет. Екіншіден, технология мақсаттан асып, тек тарихи шындықты білдіруге бағытталған құрал болуы тиіс. J. Lambert айтқандай, цифрлық сторителлингтің негізгі құндылығы – оның адамзаттың эмоцианалды резонанс туғызу қабілетінде [9, 14-б.]. Сондықтан, оқушының құрастырған жобасында суреттік көріністерге ғана емес, «Алаш» идеясының ашылуы мен ұлттық құндылықтардың жетілдірілуіне негізделген жоспарлы құрылым болуы тиіс. Осы шарттар орындалса ғана цифрлық сторителлинг жай ғана ойын элементінен айырылып, ұлттық бірегейлікті қалыптастырушы маңызды білім беру құралына айналады.

Қорытындылай келе, «Алаш» қозғалысының тарихын оқыту процесінде цифрлық сторителлинг әдісін қолдану – заманауи білім беру ортасындағы тиімді инновациялық әдіс екенін белгілеу қажет. Бұл әдіс тарихты өткен кездегі тек ғана фактілердің тізілуі деп емес, бүгінгі өмірмен тығыз байланысты, тірі сезіну ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. Дәстүрлі түсіндірудің және цифрлық визуалдардың қосылуы арқылы оқушылар тарихи оқиғалардың ішкі мәнін терең түсініп, Алаш қозғалысының идеяларын өз ұстанымдарымен байланыстыруға қабілетті болады. Интерактивті карталар, видеоблогтар мен цифрлық кейіпкерлер арқылы тарихты қайта өрнектеу – білім алушының зерттеушілік қабілетін дамытып, пәнге деген ұзақ мерзімді қызығушылықты қалыптастырады.

Ең бастысы, цифрлық сторителлинг – дүниежүзілік өзгерістер кезеңінде ұрпақтың ұлттық бірегейлігін бекітудің негізгі құралы. Өзінің тарихи тұтастығын сақтау арқылы, уақыттың өзгерісіне сай ұлттық құндылықтарды қазіргі технология тілінде түсіндіру, оқушыда «Мен – өз елімнің тарихы мен болашағына жауапты адаммын» деген сенімді қалыптастырады. Сондықтан, тарих сабақтарындағы цифрлық тәжірибелер тек білім берумен шектелмейді, олар – ұлттық рухы биік, мемлекетшіл, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеуге бағытталған стратегиялық қадам. Мақалада ұсынылған әдістемелік тәсілдер мектеп бағдарламасының

мазмұнын байытып, тарих ғылымы мен педагогика ғылымдарының өзара байланысын жаңа деңгейге көтереді.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Қойгелдиев М. Қазақ елі: Ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күрес (XIX ғ. - XXI ғ. басы) Монография. - Алматы: «Каратау КБ» ЖШС, «Дәстүр», 2014. - 430 б.
2. Тілешов Е., Қамзабекұлы Д., Нұрахмет И. «Алаш» қозғалысы. – Алматы: Сардар, 2008. – 324 б.
3. Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры. – Астана: Ел-шежіре, 2008. – 360 б.
4. De Jager, A., Fogarty, A., Tewson, A., Lenette, C., & Boydell, K. M. Digital Storytelling in Research: A Systematic Review // The Qualitative Report. – 2017. – Т. 22. – № 10. – 2548-2582 p.
5. Азевич А.И. Digital storytelling. Воплощение замысла // Электронные средства поддержки обучения. – 2017. – № 4. – С. 32-38.
6. Горохова Л.А. Технология Digital Storytelling (цифровое повествование): социальный и образовательный потенциал // Вестник Пятигорского государственного университета. – 2017. – № 1. – С. 40-44.
7. Morra S. 8 Steps to Great Digital Storytelling / / Edtechteacher. 2013.https://samanthamorra.com/2013/06/05/edudemic-article-on-digital-storytelling/
8. Грушевская, В. Ю. Применение метода цифрового сторителлинга в проектной деятельности учащихся / В. Ю. Грушевская // Педагогическое образование в России. – 2017. – №6. – С. 38-44.
9. Lambert J., Hessler H. B. Digital storytelling: capturing lives, creating community. – New York: Routledge, 2018. – 210 p.


# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАКАЛАВРИАТ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ДЕРЕКТЕРДІ ЗЕРТТЕУГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕР


***Ғазиз А.Ғ.***

*Павлодар Педагогикалық Университеті, 2 курс магистранты,*
*Ғылыми жетекшісі: **Өтепова Г.Е**., тарих ғылымдарының докторы, профессор*



**Андатпа.** Халықаралық бакалавриат (IB) жүйесі аясында Қазақстан тарихын оқытудың заманауи әдістері мен тәсілдері қарастырылады. Зерттеуде білім алушылардың сыни ойлауын дамыту, зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру және тарихи деректермен жұмыс істеу қабілеттерін арттыруға бағытталған оқыту технологиялары талданады. Жұмыстың нәтижесінде оқытудың тиімді заманауи стратегиялары ұсынылып, оларды практикалық тұрғыда қолданудың маңыздылығы дәлелденеді.



**Түйінді сөздер:** Халықаралық бакалавриат бағдарламасы, оқыту әдістері, тұжырымдамалық оқыту, аргумент құру, дереккөз түрлерімен жұмыс істеу



**Аннотация.** В статье рассматриваются современные методы и подходы к преподаванию истории Казахстана в рамках системы Международного бакалавриата (IB). Анализируются педагогические технологии, направленные на развитие критического мышления учащихся, формирование исследовательских навыков и совершенствование их умения работать с историческими данными. В результате работы

предлагаются эффективные современные стратегии обучения и доказывается важность их практического применения.

**Ключевые слова:** программа Международного бакалавриата, методы обучения, концептуальное обучение, построение аргументации, работа с различными типами источников.

**Annotion.** This article examines modern methods and approaches to teaching the history of Kazakhstan within the International Baccalaureate (IB) system. It analyzes pedagogical techniques aimed at developing students' critical thinking, fostering research skills, and improving their ability to work with historical data. The study proposes effective modern teaching strategies and demonstrates the importance of their practical application.

**Keywords:** International Baccalaureate Program, teaching methods, conceptual learning, argument building, working with source types

Халықаралық Бакалавриат – Швейцарияда әзірленген, 3 жастан 19 жасқа дейінгі балаларға арналған білім беру бағдарламасы. ХБ ағылшын, француз және испан тілдерінде оқытылады және академиялық тұрғыдан ең талап етілетін бағдарламалардың бірі болып саналады [2, 1 б]. Қазақстандағы Халықаралық Бакалавриат қазірдің өзінде 8 мектепте ұсынылған, оқыту ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі.

ХБ үш білім беру бағдарламасы: бастауыш мектеп бағдарламасын (PYP), негізгі мектеп бағдарламасын (MYP) немесе Дипломдық бағдарламаны (және ХБ-да кәсіптік бағдарланған білім беру сертификатына қосымша) ұсыну құқығын Халықаралық Бакалавриат ұйымының авторизациясын алған мектептер пайдаланады.

Халықаралық Бакалавриаттың Негізгі мектеп бағдарламасы (MYP) бойынша 12-16 жас аралығындағы 7-10 сынып оқушыларына арналған. Негізгі мектеп бағдарламасындағы оқытудың өзегі оқушы болып табылады[3]. Бұл ХБ-ның оқушының тұлға ретінде жан-жақты және рухани дамуына деген сенімін, сондай-ақ оның өзін-өзі оқытудың маңыздылығына деген сенімін көрсетеді. Негізгі мектеп бағдарламасы студенттерді табиғаттағы және әлеуметтік кеңістіктегі рөлі туралы білуге бағыттау үшін жасалған. Бағдарлама мектеп ұсынатын ХБ Дипломдық бағдарламасында оқуға өз бетінше дайындықты қамтамасыз етеді.

Халықаралық Бакалавриаттың Диплом Бағдарламасы 16-19 жас аралығындағы оқушыларға арналған білім бағдарламасы. Халықаралық зерттеулер нәтижесі көрсеткендей, Халықаралық Бакалавриат Диплом Бағдарламасы бойынша білім алған оқушылар өзі қатарлы оқушылармен салыстырғанда, өз уақыттарын тиімді басқаруға, түрлі жаңалықтар ашуға, алуан түрлі жұмыстар орындауға бейімдірек болуға, өздеріне артылған сенімді ақтауға тырысуға, өздерімен қоса, өзгелердің де дұрыс болатындығын түсінуге бейімдейді.

ХБ бағдарламасында оқушылар зерттеу барысында деректік талдау негізгі әдіснамалық бағыт ретінде қарастырылады. ХБ ұйымының негізгі құжаттарында (Learner Profile, Programme Standards and Practices, Approaches to Teaching and Learning, Academic Integrity Policy, Individuals and societies guide) деректерді талдау бағдарламаның философиялық негізін

және оқыту қағидаттарын анықтауға мүмкіндік береді. Деректі талдау құжаттарда жиі кездесетін ұғымдар, түйінді принциптер және оқытудағы басым бағыттарды жүйелеуді қамтамасыз етеді [4, 6 б.]

Деректермен жұмыс жүргізу мынадай дағдыларда меңгеруді талап етеді, деректерді жинақтау, жоспар құру, деректі дербес талдап, ол бойынша сұрақтарға жауап беру, бірін-бірі толықтыратын ұқсас құжаттарды салыстыра талдау, құжатқа сыни баға беру. [5, 8 б.] Деректеді талдау және бағалау оқушылардың терең, жан-жақты және дәлелді ойлауын дамытуға бағытталған. Оқушылар деректерді тек жинап қоймай, оларды талдау, салыстыру, бағалау және саналы шешім қабылдау қабілетіне жетелейді. Адам және қоғам пәндік тобының 5 жылында D критерийінің iii стрэндін (strands) бағалау кезінде оқушылар осы тапсырмаларды орындай алу керек. Ақпарат көздері мен деректерді шыққан тегі мен мақсаты тұрғысынан талдау және бағалау, олардың құндылығы мен шектеулерін зерттеу; Оқушы дереккөздердің қайдан шыққанын (авторы, уақыты, орны) және қандай мақсатпен жазылғанын анықтау. Сонымен қатар, сол дереккөздердің қаншалықты сенімді екенін, қандай шектеулері барын бағалау. D критерийінің iv стрэнді бойынша оқушылар: әртүрлі көзқарастар мен олардың ықтимал салдарын түсіндіру; Оқушы белгілі бір мәселе бойынша әртүрлі көзқарастарды анықтап, олардың маңызын, себептерін және қоғам мен жеке адам үшін қандай салдары болуы мүмкін екенін талдау [4, 2 б.].

Деректермен жұмыс жасау барысында оқушыларға: күрделі идеяларды түсінуге; әртүрлі дереккөздермен жұмыс істеуге; жан-жақты және дәйекті пікір айтуға; балама көзқарастарды қабылдауға және бағалауға; шешім қабылдау мен баға беруге мүмкіндік береді.

OPVL әдісі (Origin, Purpose, Value, Limitation). Бұл әдіс – сыни көзқарас қалыптастыруға және дереккөздерді жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар төмендегі сұрақтар арқылы құжатты толық талдауға мүмкіндік туады.

*Құндылығы* -Кім жазды? Деректің авторы ретінде құндылығы қандай? Қашан жазылды? Шыққан датасы, баспасына байланысты қандай құндылығы бар? Қандай дерек түріне жатады? дерек түріне байланысты қандай құндылығы бар? дерек авторының мақсаты? Бұл дерек неге жазылды? қандай ақпараттар береді? Деректе қандай маңызды фактілер қамтылған? Дерек қандай сұрақтарға жауап береді?Кім үшін дерек жазылды? қандай аудиторияға арналған?Деректің шынайлық деңгейі қаншалықты? Дерек қалай жазылған ? хронологиялық (уақыт негізінде құрылған), аймақтық, этникалық(этнос халық ұлт тарихын қамтиды), проблемалық (нақты проблема анықталып, талдау жасалады), тұлғалық принципке сүйене ма?(оқиғаға мәселеге әсері бар тұлға туралы)

*Шектеулігі*-Деректің авторы ретінде шектеулігі қандай? Датасына, баспасына байланысты шектеулігі қандай? Деректің жазылу уақытының оқиғаға әсері бар ма? дерек түріне байланысты шектеулігі қандай? дерек авторының субъективті ойы көріне ма? қандай ақпараттар бермейді?

Деректе қандай маңызды фактілер қамтылмаған? Қандай сұрақтарға жауап бере алмайды? дерек тек кімдерге арналған? Деректің шынайлық деңгейі қаншалықты? Дерек қалай жазылған? Хронологиялық (уақыт негізінде құрылған), аймақтық, этникалық(этнос халық ұлт тарихын қамтиды), проблемалық (нақты проблема анықталып, талдау жасалады), тұлғалық принципке сүйене ма?(оқиғаға мәселеге әсері бар тұлға туралы)

Дереккөз түрлерімен жұмыс (Primary vs Secondary sources) - ХБ бағдарламасы аясында тарихи білімді қалыптастыруда дереккөздердің түрлерін ажырата білу маңызды әдістемелік талаптардың бірі болып табылады. Оқушылар тарихи зерттеу барысында **т**үпдеректер (primary sources) мен екінші реттік дереккөздердің (secondary sources) айырмашылығын түсініп қана қоймай, олардың әрқайсысының тарихи білімді құрастырудағы қызметін саналы түрде анықтай алады.

Концептуалды талдау жасау **(**Conceptual analysis**) -** ғылыми-зерттеу мен ойлау үдерісіндегі маңызды әдістердің бірі. Бұл әдіс белгілі бір ұғымның (концепттің) мағынасын, құрылымын, қолданылу аясын терең зерттеуге бағытталған. Әсіресе философия, лингвистика, педагогика, саясаттану, әлеуметтану және тарих сияқты гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдарда кең қолданылады. Деректерді ХБ МҮР пәндеріндегі концептілермен байланыстырып талдау оқушының түсінігін тереңдетеді. Концептілерге мыналар жатады: себеп пен салдар; өзгеріс; көзқарас; ғаламдық өзара байланыс; маңыздылық т.б. Концептуалды талдау – күрделі, бірақ маңызды зерттеу құралы. Ол арқылы зерттеуші ұғымдардың мағынасын нақтылап**,** теориялық дәлдікке жетеді және ғылыми тұжырымдардың негізділігін арттырады.

Аргумент құру (Argumentation) - деректерді зерттеу арқылы ой айту, пікір қорғау, аргумент жасау жүзеге асады. Аргумент – тезисте көтерілген мәселені әр қырынан қарастыру (сыни талдау, жинақтау, дәйектеу, дәлелдеу және т.б.). Аргумент құрудың ең тиімді тәсілінің бірі АТДҚ. АТДҚ – бұл оқушының танымдық, зерттеушілік, сын тұрғысынан ойлау және коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмаларды құрастыруда қолданылатын әдістемелік құрылым.

Халықаралық Бакалавриат бағдарламасында деректермен жұмыс жасау оқушылардың академиялық сауаттылығын, сыни ойлауын және зерттеушілік дағдыларын дамытуда шешуші орын алады. Бұл бағдарлама аясында тарихи білім дайын, өзгермейтін ақпарат ретінде емес, деректерді зерттеу, талдау және интерпретациялау нәтижесінде қалыптасатын танымдық өнім ретінде қарастырылады. Мұндай тәсіл оқушыны пассивті тыңдаушы рөлінен шығарып, белсенді зерттеуші субъект ретінде қалыптастыруға бағытталған.

ХБ бағдарламасының философиясына сәйкес, оқу процесінің негізінде әртүрлі сипаттағы дереккөздермен жүйелі жұмыс жүргізеді. Оқушылар жазбаша деректермен (құжаттар, заңнамалық актілер, манифестер, хаттар), ауызша деректермен (естеліктер, сұхбаттар, куәгерлердің пікірлері), сондай-ақ цифрлық және визуалды материалдармен

(карталар, фотосуреттер, инфографикалар, бейнематериалдар) жұмыс істей отырып, тарихи ақпараттың көпқырлы сипатын терең түсіне бастайды. Бұл өз кезегінде тарихи шындықтың біржақты емес, әрдайым интерпретацияға ашық екенін ұғынуға мүмкіндік береді.

Деректермен жұмыс жасау барысында оқушылар әрбір дереккөздің шығу тегін, авторлық ұстанымын, жазылу мақсатын және тарихи контекстін анықтауға үйренеді. Мұндай талдау оқушылардың академиялық сауаттылығын арттырып, ақпаратты жай ғана қабылдау емес, оны ғылыми талаптарға сай сараптау дағдыларын қалыптастырады. Әсіресе, дереккөздердің сенімділігі мен шектеулерін бағалау арқылы оқушылар деректердің объективтілігі мен субъективтілігін ажырата білуге дағдыланады.

ХБ бағдарламасының маңызды ерекшелігі – оқушыларды дайын жауапты қабылдауға емес, тарихи сұрақтар қоюға ынталандыруы. Зерттеу сұрағын құрастыру, гипотеза ұсыну, дәлелдерді таңдау және қорытынды жасау оқу процесінің ажырамас бөлігіне айналады. Бұл тәсіл оқушылардың дербестігін арттырып, жауапкершілік пен интеллектуалдық адалдық қағидаларын қалыптастырады.

Жоғарыда аталған әдістер арқылы оқушы тек ақпарат алушы емес, ақпаратты өңдеуші, талдаушы және бағалаушы тұлға ретінде қалыптасады. Оқушылар күрделі тарихи мәселелерді (себеп-салдарлық байланыстар, тарихи үдерістердің ұзақ мерзімді салдары, әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделері) жан-жақты қарастырып, көпқырлы көзқарас қалыптастырады. Бұл өз кезегінде дәлелді, логикалық және негізделген қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. ХБ бағдарламасындағы деректерді зерттеу оқушылардың академиялық сауаттылығын, сыни ойлауын және зерттеушілік құзыреттілігін кешенді түрде дамытады. Мұндай білім беру моделі қазіргі заманғы тарихи білім берудің талаптарына толық жауап беріп, оқушыларды жоғары оқу орындарында және кәсіби қызметінде қажет болатын ғылыми ойлау мәдениетіне даярлайды. Дәл осы қасиеттер ХБ бағдарламасының басты мақсаттарының бірі болып табылады.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Назарбаев Зияткерлік мектептері. (б.ж.). *Халықаралық бағдарлама*. https://www.nis.edu.kz/kz/programma-mezhdunarodnogo
2. Haileybury Astana. (б.ж.). *International Baccalaureate*. https://www.haileybury.kz/kz/astana/international-baccalaureate
3. Мирас халықаралық мектебі. (б.ж.). *Что такое Международный бакалавриат?* https://miras-astana.kz/blogs/chto-takoe-mezhdunarodnyj-bakalavriat
4. *ХБ Адам және қоғам пәніне арналған нұсқаулық (жарияланымдық)*. (2014).
5. Қозғамбаева, Г. Б., & Алпысбаева, Н. К. (2016). *Тарихты оқыту әдістемесі: оқу құралы* (Өңд., толықт. екінші бас.). Қазақ университеті. (95 б).
6. Сүлейменова, А. (2020). *Жаңа педагогикалық технологиялар және тарих пәнін оқыту әдістері*. Нұр-Сұлтан: Назарбаев Университеті баспасы. (56 б).

# ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ «ҚИЫН МӘСЕЛЕЛЕРІН» ОҚЫТУДАҒЫ ДИСКУССИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР ЖӘНЕ ӨЛКЕТАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

***А.К. Бабажанов, Н. Ерболат***
*Павлодар педагогикалық университетінің студенттері, Павлодар қ.*
***З.Ш. Айткенов***
*Тарих ғылымдарының кандидаты,доцент, Павлодар қ.*

**Аңдатпа:** Мақалада Қазақстан тарихының «қиын мәселелерін» оқытудың әдістемелік негіздері қарастырылады. Зерттеу барысында ПОПС-формуласы, «Алты ойлау қалпағы» және кейс-стади сияқты дискуссиялық әдістердің білім алушылардың сыни ойлауын дамытудағы тиімділігіне талдау жасалды. Павлодар өңіріндегі Ақкөл-Жайылма көтерілісі (1930 ж.) мысалында өлкетану материалдары мен жаңа мұрағаттық деректерді оқу процесіне интеграциялау жолдары ұсынылған.

**Түйін сөздер:** Қазақстан тарихы, «қиын мәселелер», дискуссиялық әдістер, ПОПС-формуласы, «Алты ойлау қалпағы», кейс-стади, Ақкөл-Жайылма көтерілісі, ұжымдастыру, мұрағат деректері, «Архив-2025», сыни ойлау, тарихи сана.

**Аннотация:** В статье рассматриваются методические основы преподавания «трудных вопросов» истории Казахстана. В ходе исследования проанализирована эффективность дискуссионных методов, таких как ПОПС-формула, «Шесть шляп мышления» и кейс-стади в развитии критического мышления учащихся. На примере восстания Акколь-Жайылма (1930 г.) в Павлодарском регионе предложены пути интеграции краеведческих материалов и новых архивных данных в учебный процесс.

**Ключевые слова:** история Казахстана, «трудные вопросы», дискуссионные методы, ПОПС-формула, «Шесть шляп мышления», кейс-стади, восстание Акколь-Жайылма, коллективизация, архивные данные, «Архив-2025», критическое мышление, историческое сознание.

**Abstract:** The article examines the methodological foundations of teaching "difficult issues" of the history of Kazakhstan. The study analyzes the effectiveness of discussion methods such as the PREP-formula (POPS), "Six Thinking Hats" and case studies in the development of students' critical thinking. Using the example of the Akkol-Zhayylma uprising (1930) in the Pavlodar region, ways of integrating local history materials and new archival data into the educational process are proposed.

**Keywords:** History of Kazakhstan, "difficult issues", discussion methods, PREP-formula, "Six Thinking Hats", case study, Akkol-Zhayylma uprising, collectivization, archival data, "Archive-2025", critical thinking, historical consciousness.

Қазіргі таңда Қазақстанның білім беру жүйесі ұлттық тарихты зерделеудің жаңа парадигмасына көшу кезеңін бастан кешуде. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалалары тарихи сананы жаңғыртудың жаңа көжіктерін айқындап берді. Осы тұрғыда, тарих сабақтарында бұрын жабық болып келген немесе идеологиялық тұрғыдан бұрмаланған «қиын мәселелерді» (controversial issues) оқытудың маңызы арта түсті. Тарих — бұл тек өткен күннің хронологиясы емес, бұл — ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың басты құралы. Сондықтан, мектеп пен жоғары оқу

орындарында тарихи оқиғаларды жалаң баяндаудан гөрі, оларды сыни тұрғыдан талдауға басымдық берілуі тиіс.

Тарих ғылымындағы «қиын мәселелер» концепциясы білім алушылардан тек есте сақтау қабілетін емес, сонымен қатар деректермен жұмыс істеу, салыстыру, логикалық қорытынды жасау және өзгенің пікіріне құрметпен қарау сияқты күрделі құзыреттіліктерді талап етеді. Қазақстан тарихының кеңестік кезеңіндегі ұжымдастыру, ашаршылық, саяси репрессиялар және ұлт-азаттық қозғалыстардың шынайы тарихы ұзақ уақыт бойы «ақтаңдақтар» ретінде қалып келді. Бүгінде мұрағаттардың ашылуы және «Архив-2025» сияқты мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуы бұл мәселелерді оқу процесіне жаңа қырынан енгізуге мүмкіндік беріп отыр.

Аталған мәселенің өзектілігі — қоғамдағы тарихи диссонансты жою және жастардың бойында манипуляцияға қарсы иммунитет қалыптастыру қажеттілігімен түсіндіріледі. Дискуссиялық әдістерді қолдану оқушыны дайын білімді тұтынушыдан, сол білімді іздеуші мен сараптаушы деңгейіне көтереді. Бұл, әсіресе, Павлодар өңіріндегі Аққөл-Жайылма көтерілісі сияқты жергілікті маңызы бар, бірақ жалпыұлттық трагедияның ажырамас бөлігі болып табылатын тақырыптарды өткенде өте тиімді. [1, 12-18 б]

Мақаланың зерттеу нысаны — Қазақстан тарихы сабақтарындағы интерактивті оқыту процесі.

Зерттеудің мақсаты — тарихтың күрделі кезеңдерін оқытуда қолданылатын дискуссиялық әдістердің (ПОПС, «Алты қалпақ», Кейс-стади) тиімділігін негіздеу және оларды өлкетану материалдарымен байланыстыру жолдарын көрсету.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер айқындалды:

1. Қазақстан тарихындағы «қиын мәселелердің» мазмұнын ашу;

2. Дискуссиялық әдістердің педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін талдау;

3. Нақты тарихи оқиғалар (Аққөл-Жайылма көтерілісі) негізінде бұл әдістерді қолданудың әдістемелік үлгісін ұсыну.

Тарихи шындықты іздеу жолында пікірталас мәдениетін қалыптастыру — бүгінгі тарихшы-педагогтардың басты миссиясы. Мақалада қарастырылатын әдіс-тәсілдер білім алушылардың тек пәндік білімін ғана емес, сонымен қатар олардың азаматтық ұстанымын айқындауға септігін тигізеді. ПОПС-формуласы: Аргументтеу мәдениетін қалыптастыру.

Дискуссиялық әдістердің ішіндегі ең тиімдісі — ПОПС-формуласы. Бұл әдіс оқушыны нақтылыққа және логикалық жүйелілікке баулиды. Мысалы, «Алаш автономиясы қазақ мемлекеттілігінің негізі болды ма?» деген сауалға оқушы келесідей құрылымда жауап береді:

* Позиция: Менің ойымша, Алаш зиялыларының қадамы заңды болды.

* Негіздеу: Себебі, олар халықаралық құқық пен демократиялық принциптерге сүйенді.

* Мысал: «Алаш» партиясының бағдарламасындағы жер мәселесі мен мемлекеттік құрылым туралы тармақтар (1917 ж.).

* Салдар: Қорытындылай келе, Алаш идеясы бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның іргетасы деп айтуға толық негіз бар. [2, 145-152 б]

«Алты ойлау қалпағы» әдісі арқылы көпвекторлы талдау.

Күрделі тақырыптарды (мысалы, Индустрияландыру немесе Соғыс жылдары) талқылағанда оқушыларға түрлі рөлдер беру арқылы оқиғаның толық картинасын жасауға болады. Мәселен, ұжымдастыру кезеңін қарастырғанда:

* Ақ қалпақ — статистикалық мәліметтерді (ашаршылық құрбандары, мал санының кемуі) береді.

* Қара қалпақ — тоталитарлық жүйенің қателіктері мен адам құқығының бұзылуын айтады.

* Сары қалпақ — сол кезеңдегі өнеркәсіптің дамуы мен жаңа қалалардың салынуы сияқты өзгерістерді талдайды.

Бұл әдіс оқушыларға бір оқиғаның бірнеше қыры болатынын түсінуге көмектеседі.[3, 88-95 б]

Өлкетануды оқытудағы инновация: Аққөл-Жайылма көтерілісі (1930 ж.).

Қазақстан тарихындағы ең ауыр әрі «қиын» мәселелердің бірі — 1929-1931 жылдардағы шаруалар көтерілісі. Павлодар өңіріндегі Аққөл-Жайылма оқиғасы осы қарсылықтың жарқын үлгісі болып табылады. Оқушыларға бұл тақырыпты «Кейс-стади» (жағдаяттық талдау) әдісімен берудің маңызы зор.

Кейс мазмұны: 1930 жылдың басында Аққөл мен Жайылма болыстарының шаруалары Голощекиннің «Кіші Қазан» саясатына ашық қарсы шықты. Мұғалім оқушыларға екі түрлі дерек береді:

1. ОГПУ-дің ресми құжаты: «Көтерілісті кулактар мен діндарлар ұйымдастырды, олар Кеңес өкіметіне қарсы бандиттер».

2. Жергілікті халықтың естелігі: «Бұл — халықтың ашаршылықтан аман қалу үшін жасаған соңғы амалы мен әділетсіздікке қарсы наразылығы еді». [6,112-118 бб.]

Дискуссия барысында оқушыларға мынадай сұрақтар қойылады: «Неліктен қарапайым шаруалар қолдарына қару алуға мәжбүр болды?», «Аққөл көтерілісін бандиттік әрекет деп атауға бола ма?». Мұндай талқылаулар барысында оқушылар А. Құдайбергенұлы сияқты зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып, тарихи әділдікті қалпына келтірудің маңыздылығын түсінеді. «Архив-2025» бағдарламасы аясында табылған жаңа мұрағаттық деректер бұл көтерілістің саяси астарын ашуға үлкен үлес қосуда. Тарихи білім берудегі дискуссияның психологиялық-педагогикалық негіздері (Жаңа бөлім)[ 45-50 бб]

Дискуссиялық әдістерді қолдану тек тарихи фактілерді білумен шектелмейді, ол білім алушының тұлғалық дамуына тікелей әсер етеді. Педагогикалық тұрғыдан алғанда, пікірталас кезінде оқушының «өзіндік мені» қалыптасады. Оқушы өзгенің пікірін тыңдай отырып, төзімділікке (толеранттылыққа) тәрбиеленеді.[4, 210-215 бб]

Бұл ретте Л.С. Выготскийдің «дамудың жақын аймағы» теориясы маңызды рөл атқарады. Оқушы күрделі тарихи мәселені (мысалы, Ақкөл көтерілісінің себептерін) мұғалімнің бағыттауымен және құрдастарымен талқылау арқылы тереңірек меңгереді. Дискуссия барысында оқушының рефлексия жасау қабілеті артады: «Мен бұл оқиғаны бұрын қалай түсіндім? Жаңа деректерден кейін көзқарасым қалай өзгерді?». Бұл — тарихи сананың жаңғыруының басты тетігі.

Тарихи ескерткіштер мен цифрлық мұрағаттар.

Ақкөл-Жайылма көтерілісі құрбандарына арналған ескерткіштер мен Павлодар өңіріндегі тарихи орындарды виртуалды саяхат арқылы көрсету оқушылардың қызығушылығын арттырады. Дискуссиялық әдіс тек сөзбен шектелмей, нақты дәлелдермен (мұрағаттық құжаттардың көшірмесімен) бекітілуі керек. [5, 54-62 бб.]

**Қорытынды.**

Қазақстан тарихының «қиын мәселелерін», соның ішінде ұжымдастыру кезеңіндегі халықтық қарсылықтар мен Ақкөл-Жайылма көтерілісі сияқты күрделі тақырыптарды зерттеу мен оқыту — қазіргі отандық тарих ғылымының басты басымдықтарының бірі. Мақала аясында жүргізілген әдістемелік талдаулар мен практикалық мысалдар көрсеткендей, дәстүрлі баяндау әдісінен дискуссиялық оқыту үлгісіне көшу білім беру сапасын түбегейлі жақсартуға мүмкіндік береді.

Жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесінде келесідей маңызды тұжырымдар жасалды:

Біріншіден, дискуссиялық әдістер (ПОПС-формуласы, «Алты ойлау қалпағы», кейс-стади) оқушылардың тек танымдық белсенділігін арттырып қоймай, олардың бойында сыни ойлау мен ақпаратты сараптау дағдыларын қалыптастырады. Тарихтың «ақтаңдақ» беттерін ашық талқылау арқылы білім алушылар тарихи оқиғалардың біржақты емес, көпқырлы екенін түсінеді. Бұл, өз кезегінде, жастардың түрлі саяси манипуляцияларға төтеп бере алатын дербес көзқарасының іргетасын қалайды.

Екіншіден, өлкетану материалдарын, атап айтқанда Ақкөл-Жайылма көтерілісі сияқты жергілікті тарихи оқиғаларды оқу үдерісіне біріктіру — патриоттық тәрбие берудің ең тиімді құралы. Оқушы өз өлкесіндегі трагедиялық немесе ерлік беттерді тану арқылы жалпыұлттық тарихтың тереңдігін сезінеді. Мұрағаттық деректер мен «Архив-2025» бағдарламасының нәтижелерін сабақ барысында қолдану — тарихтың «жанды» ғылым екенін дәлелдейді.

Үшіншіден, тарихи білім берудегі инновациялық тәсілдер, соның ішінде цифрлық технологиялар мен тарихи антропология әдістері, «кіші

адам» тағдырына үңілу арқылы тарихты гуманизациялауға (адамгершілік тұрғыдан қарауға) мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың эмоционалды интеллектін дамытып, өткен ұрпақтың қасіреті мен күресіне деген құрмет сезімін ұялатады.

Болашаққа арналған ұсыныстар:

Тарих пәні мұғалімдеріне «қиын мәселелерді» оқытуда келесі бағыттарды ұстану ұсынылады:

1. Тарихи дискуссияларды ұйымдастыруда этикалық нормаларды қатаң сақтай отырып, оқушылардың еркін пікір айтуына жағдай жасау;

2. Оқу үдерісінде тек оқулық мәтінімен шектелмей, мұрағаттық құжаттардың, естеліктер мен фото-видео материалдардың кең ауқымын пайдалану;

3. Жергілікті музейлермен және мұрағаттармен тығыз байланыс орнатып, «далалық сабақтар» немесе виртуалды экскурсиялар форматын дамыту.

Түйіндей келе, Қазақстан тарихының күрделі кезеңдерін жаңа әдістемелік тұрғыдан оқыту — ұлттық бірегейлікті сақтау мен нығайтудың кепілі. Біздің мақсатымыз — оқушыларға тек дайын фактілерді беру емес, оларды ақиқатты іздеуге, өз елінің тарихына жауапкершілікпен қарауға және өткеннің сабақтарынан қорытынды шығаруға үйрету. Осы бағыттағы жүйелі жұмыс қазіргі жаһандану заманында тарихи жадысы мықты, санасы ашық, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеуге септігін тигізеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. Назарбаев Н.Ә. Ұлы даланың жеті қыры. – Астана: Ақорда, 2018. – 12-18 бб.
2. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Бірінші том. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2008. – 145-152 бб.
3. Омарбеков Т. Қазақстан тарихының «ақтаңдақтары»: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 88-95 бб.
4. Аманжолов К. Қазақстан тарихын оқыту әдістемесі. – Алматы: «Білім», 2014. – 210-215 бб.
5. Құдайбергенұлы А. Аққөл-Жайылма қасіреті: Тарихи-деректі зерттеу. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2001. – 54-62 бб.
6. Мұсабеков С.Н. Қазақстандағы шаруалар көтерілісі (1929-1931 жж.): Себептері мен салдары. – Алматы: Ғылым, 2015. – 112-118 бб.
7. Павлодар өңірінің тарихы: Көп томдық. 3-том (1917-1945 жж.). – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2005. – 204-210 бб.
8. Алдажуманов Қ.С. Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру және шаруалар қарсылығы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 85-91 бб.
9. Қозыбаев М.К. Жауды аяған жаралы. – Алматы: Санат, 1998. – 45-50 бб

# Хакім Абайдың «Толық адам» тұжырымы

***А. Косболова, Е. Мансұр, С. Фатима***
*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенттері*
***Ракишева Г.К.***
*Ғылыми жетекші: Гуманитарлық ғылымдарының магистрі*

**Аңдатпа** Бұл тақырыпта адам мен ғылымның өзара байланысы, адамның рухани дамуы және Абайдың «толық адам» ілімі қарастырылады. Адам білім, ғылым, адамгершілік арқылы кемелденеді. Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек бірлігі – толық адам негізі. Осы құндылықтар қоғам дамуының басты тірегі болып табылады және тұлғаның қалыптасуына әсер етеді.

**Кілт сөздер:** адам, ғылым, білім, толық адам, адамгершілік, қайрат, ақыл, жүрек

**Аннотация**

В данной теме рассматривается взаимосвязь человека и науки, духовное развитие личности и учение Абая о «совершенном человеке». Человек развивается через знания, науку и нравственность. Единство воли, разума и сердца является основой совершенства. Эти ценности служат опорой развития общества и влияют на формирование личности.

**Ключевые слова:** человек, наука, знание, совершенный человек, нравственность, воля, разум, сердце

**Annotation**

This topic examines the relationship between human and science, personal spiritual development, and Abai’s concept of the “perfect human.” A person develops through knowledge, science, and morality. The unity of will, intellect, and heart forms the basis of perfection. These values support societal development and shape an individual’s formation.

**Keywords:** human, science, knowledge, perfect human, morality, will, intellect, heart

XXI ғасырда адамзат бұрын-соңды болмаған жаһандық мәселелерге тап болды. Жаһандану нәтижесінде көптеген адамдар кедейліктен шыққанымен, сонымен қатар экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және рухани дағдарыстар күшейді. Бұл жағдайлар әлемдік дамудың негізгі мақсаттарына жетуді қиындатуда. Сондықтан қазіргі таңда басты мәселе – жаһандық басқару мен тұрақты дамуды қамтамасыз ету. (1.10-12 б)

Қазіргі қоғамның негізгі мақсаты – бейбітшілік пен гуманизмге негізделген жаңа қоғам құру. Мұндай қоғамда адам құқығы, еркіндігі, қадір-қасиеті ең жоғары құндылық ретінде қарастырылады. Барлық адам білімге, мәдениетке және ақпаратқа тең қол жеткізуі тиіс. Сонымен қатар, ғылым мен технология адамзатқа қызмет етіп, табиғатты қорғауға бағытталуы керек.

Бүгінде климаттың өзгеруі, табиғи апаттар, су мен энергия тапшылығы, пандемиялар сияқты мәселелер ғылым алдында тұрған маңызды міндеттерге айналды. Осы проблемаларды шешуде халықаралық ынтымақтастық пен ғылыми жетістіктердің рөлі өте жоғары. Сонымен қатар, мәдени мұраны сақтау мен мәдени әртүрлілікті дамыту да жаһанданудың жағымсыз әсерлерін азайтуға көмектеседі. (1.12-20 б)

Қазақстан мысалында қарасақ, елімізде көптеген этностар бейбіт өмір сүріп келеді. Бұл – этносаралық қатынастардың ерекше тәжірибесі. Алайда мұндай қоғамда тұрақтылықты сақтау үшін төзімділік, өзара құрмет және дұрыс саясат қажет. Әртүрлі ұлт өкілдерінің мәдениеті мен дәстүрін сыйлау – қоғамдағы келісімнің негізі.

Этносаралық қатынастарды реттеуде білім беру жүйесінің маңызы зор. Өйткені жастар – қоғамның болашағы. Оларға адамгершілік, төзімділік, патриотизм сияқты құндылықтарды сіңіру қажет. Жастардың тәрбиесі мен дүниетанымы қоғамның даму деңгейін көрсетеді.

Қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық мәдениетті сақтау да маңызды. Егер жастар өз мәдениетінен, тілінен, дәстүрінен алшақтаса, онда қоғамда рухани әлсіздік пайда болады. Сондықтан ұлттық құндылықтарды дамыту, мәдени мұраны қорғау және оны келесі ұрпаққа жеткізу – маңызды міндеттердің бірі. Ғылымның дамуы ең алдымен адамға байланысты. Адамсыз ғылым да, білім де қалыптаспайды. Ежелден бері адам өзін тануға, өз мүмкіндіктерін анықтауға, болашағын болжауға ұмтылып келеді. Осы арқылы ол рухани және мәдени тұрғыда дамып, жеке тұлға болып қалыптасады. Демек, адамның дамуының негізінде білім, ғылым және адамгершілік жатыр. (156-166 б)

Адам өмірінде әртүрлі қиындықтар мен мәселелер кездеседі. Соларды шешу үшін білім қажет, ал білімді қалыптастыратын – ғылым. Адам білім арқылы ақиқатты танып, өмір заңдылықтарын түсінеді. Бірақ адам қоғамсыз өмір сүре алмайды, сол сияқты қоғам да адамсыз болмайды. Сондықтан философияда ең маңызды мәселелердің бірі – адам мәселесі.

Ежелгі ойшылдар адам туралы көптеген пікір айтқан. Мысалы, Протагор «Барлық заттың өлшемі – адам» десе, Лао Цзы «Өзін таныған адам – данышпан» деген. Ал Абай «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деп, адамгершілікті жоғары қойған. Осы ойлардың бәрі адамды дамыту, жетілдіру мәселесіне бағытталған. (159-171 б)

Абай шығармаларында адам болмысы, адамгершілік, мораль мәселелері кеңінен қарастырылады. Оның ең басты идеясы – «толық адам» ілімі. Бұл ілім бойынша адам жан-жақты дамыған, рухани жетілген, мінезі дұрыс, білімді болуы керек. Бұл идея ежелгі грек философтары Сократ, Платон, Аристотель еңбектерінен бастау алады. Әсіресе Аристотель адам үшін ең жоғары құндылық – адамгершілік пен қайырымдылық деп көрсеткен.

Әл-Фарабидің әлеуметтік философиясындағы басты идея – «қайырымды қала» тұжырымдамасы. Оның пікірінше, мінсіз қоғам адамдардың өзара көмегі мен адамгершілік құндылықтарға негізделуі тиіс. Қайырымды қалада әрбір адам білімге ұмтылып, жақсылық пен жамандықты ажырата біледі, әділеттілік пен парасатты өмір сүру қағидаларын ұстанады. Мұндай қоғамның негізгі мақсаты – барлық адамдарды шынайы бақытқа жеткізу. Фараби білімді қоғамның негізі деп есептейді. Себебі адам бойындағы жаман қасиеттердің барлығы

надандықтан туындайды. Сондықтан адамдарды тәрбиелеу, білім беру және ағарту – қайырымды қоғам қалыптастырудың басты шарты. Философия осы үдерісте ерекше рөл атқарады, өйткені ол адамға өзін, қоғамды және әлемді дұрыс түсінуге көмектеседі.

Қайырымды қалада адам тек өз пайдасын емес, бүкіл қоғамның игілігін ойлауы керек. Мұндай адам – кемел адам. Ал қоғамды басқаратын басшы да ерекше қасиеттерге ие болуы тиіс: ол әділ, парасатты, білімді және халыққа қызмет ететін тұлға болуы қажет. Фараби басшыны адам ағзасындағы жүрекпен салыстырады, яғни ол бүкіл қоғамның үйлесімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. (419 б)

Фараби қайырымды қалаға қарама-қарсы «надан қалаларды» сипаттайды. Мұндай қоғамдарда адамдар байлыққа, атаққа немесе жеке пайдаға ғана ұмтылады. Нәтижесінде әділетсіздік, өзімшілдік және рухани құлдырау орын алады. Сондықтан мұндай қоғамдар шынайы бақытқа жете алмайды.

Абайдың Батысқа бет бұруы оның өміріндегі қиын кезеңнен басталады. 1878 жылы іс болып, үйқамақта отырған кезде ол терең ойға кетеді. Осыдан кейін ол білім іздеп, орыс және Еуропа әдебиетін оқуға кіріседі. Сол арқылы Абай қоғамды алға бастайтын негізгі күш – ғылым мен білім екенін түсінеді. Еуропа елдерінің дамуы да осының дәлелі екенін ұғынады. Сондықтан ол қазақ қоғамындағы надандық, жалқаулық, рушылдық сияқты кемшіліктерді қатты сынайды. Халқын оқуға, өнерге, мәдениетке шақырады. «Мыңмен жалғыз алыстым» деуі де осы кезеңге сәйкес келеді. Дегенмен, Абай Батысты толық қабылдаған жоқ. Ол тек ғылым-білім, өркениет жағын алды, ал рухани тұрғыдан өз тамырынан ажырамады.

Кейін 1890 жылдардан бастап Абайдың ойлау жүйесінде үлкен өзгеріс болады. Ол енді қоғамды сынаудан гөрі, адамның ішкі дүниесіне үңіледі. Яғни, адам түзелмей, қоғам түзелмейді деген ойға келеді. Осы кезеңде оның қара сөздері – «Ғақлиясы» жазылады. Бұл еңбектерінде ол жан мен тәннің арақатынасы, жүрек тазалығы, иман, махаббат, әділет сияқты терең мәселелерді көтереді. Абайдың айтуынша, адамның бақытты болуы оның ішкі дүниесіне, жүрегінің тазалығына байланысты. Ол «толық адам» ілімін ұсынып, адам бойында ақыл, жүрек, қайрат үйлесімді болу керек дейді. –( 384б.)

Осылайша, Абайдың шығармашылығында Батыс пен Шығыс үндесіп жатыр. Батыстан ол ғылым мен білімнің маңызын үйренсе, Шығыстан рухани тереңдік пен адамгершілік ілімін алды. Бірақ екеуін де сол күйінде көшірмей, өз ой елегінен өткізіп, қазаққа лайықтап ұсынды. Сондықтан Абайды біржақты Батысшыл немесе тек Шығысшыл деу дұрыс емес. Ол – осы екі бағытты біріктірген, халқын әрі білімге, әрі рухани кемелдікке жетелеген ұлы ойшыл.

Абай үшін адамның ең басты қасиеті – толық адам болу еді. Ол толық адамның үш негізгі қасиетін айқындаған: ыстық қайрат, нұрлы ақыл және

жылы жүрек. Бұл қасиеттер бір-бірімен тығыз байланысып, адам бойындағы кемелділікті қалыптастырады.

Біріншісі – ыстық қайрат. Бұл адамда күш-жігердің, белсенділіктің, еңбекқорлықтың болуы. Абай үшін қайрат – өмірде алға жылжу, мақсатқа ұмтылу, тек қана армандап қоймай, нақты іс жасау деген сөз. Егер адамда ыстық қайрат болмаса, ол жалқау болып, өмірдің мүмкіндіктерін пайдаланбай, уақытын босқа өткізеді. Мысалы, Абай «Талап, еңбек, терең ой» деп айтып, ең алдымен күш-жігердің маңызды екенін көрсетеді. –( 387б.)

Екіншісі – нұрлы ақыл. Ақыл – тек ойлау қабілеті емес, дұрыс шешім қабылдай білу, әділдік пен даналыққа ұмтылу. «Нұрлы» дегені – ақылдың адамға және өзгелерге пайда әкелетін жарық сәулесі сияқты болуы. Абай үшін ақыл тек өз мүддесіне емес, қоғамға, адамдарға жақсылық жасауға бағытталуы керек. Ол өлеңдерінде өсек, өтірік, мақтаншақтық сияқты теріс қылықтарға ермеуді осы нұрлы ақылмен байланыстырады.

Үшіншісі – жылы жүрек. Жүрек – адамның сезімі, мейірімі, жанашырлығы. Абайда жүрек – таза, адал, иманды болу дегенді білдіреді. Жылы жүрек адамға кішіпейілділік пен мейірімділік береді, адамдарға көмектесуге, олардың мұң-мұқтажын түсінуге үйретеді. Абай үшін жүректі дамыту – адамның толық адамға айналуының негізгі шарты.

Абай бұл үш қасиетті үйлестіргенде ғана адам толық, кемел болатынын көрсеткен. Ыстық қайрат – іс-әрекет, нұрлы ақыл – ойлау, жылы жүрек – сезім. Осы үш қасиет үйлескенде адам өз білімін, рухын, жүрегін дамытып, қиындыққа төтеп беріп, дұрыс жолдан таймайды. Сонымен қатар, бұл қасиеттерді дамыту арқылы адам қоғамға пайда келтіріп, әділет пен ізгіліктің таралуына үлес қосады.

Бүгін біз Абайдың бес дұшпанының ішіндегі алғашқы екеуін, яғни өсек пен өтірікті, қарастырамыз. –( 224б.)

1. Өсек

Абай қазаққа бес дұшпаннан ескерткен. Солардың бірі – өсек. Өсек – адам санасына ең бір ауыр зиян келтіретін індеттің бірі. Қазақтың қай кезде де таза, адал, шынайы мінезі болған. Бірақ отаршылдық, басқыншылық, аярлық саясаттар, ел ішінде ырым-жырым таратқан әрекеттер – бәрі де өсекке жол ашқан.

Өсек тек адам арасына іріткі салып қоймайды, сонымен бірге сөз бен іс арасын алшақтатады, адалдық пен абыройды кемітеді. Абай өзі өмір сүрген кезде, өсектің өршігенін, қауесет пен ғайбаттың адамдар арасында қалай тарағанын көріп қапаланады. Өсек кейде өнер ретінде де ұғынылады, бірақ шын мәнінде ол қоғамдағы әділетсіздіктің, жамандықтың құралына айналады. Өсек арқылы кей адамдар басқаларды кінәлі етіп, өз мүддесін қорғап, қарапайым халықты шатастырады.

Ахмет Байтұрсынұлы да осы өсектен күйіктеніп, өз ауылындағы кей адамдардың тыйымсыз сөздерінен зардап шеккенін айтады. Өсек – ғасырлар

бойы отарлық пен репрессиядан кейін де қазаққа қауіп төндіретін дұшпан болып қала береді.

2. Өтірік

Екінші дұшпан – өтірік. Өтірік те өсек сияқты қауіпті, бірақ кейде адамдар оны зиянсыз деп қабылдайды. Алайда жалғандық, жылпостық, арсыздық – өтіріктің нағыз табиғаты. Өтірікшілер шындықты бұрмалап, өз мүддесін көздеп, айналасын шатастырады.

Бүгінгі таңда өтірікшілер көп, олар өзгенің жетістігіне, бақытына, байлығына қызғанышпен қарайды. Өтірік кейде ақпарат арқылы, кітап, БАҚ, әлеуметтік желі арқылы таралады. Шындықты жақсы көретіндер мен адалдар бұл өтіріктерге қарсы тұруға мәжбүр.

Абай өзінің қара сөздерінде өтірікті еш кінәсіз деп қабылдауға болмайтынын, өтірік пен өсекке берілетін көңіл мен уақыт – адамның ең қымбат уақыты екенін атап көрсетеді. Өтірік пен өсек – адамның рухын, қоғамның берекесін шайқалтатын дұшпандар.

Абайдың бес дұшпанының бірі – мақтаншақтық. Бұл қасиет кейде адамдарды шатастырып, шыншылдық пен қарапайымдылыққа кедергі келтіреді. Абай өзі де мақтаншақтыққа қарсы болған, сондықтан оны аса маңызды дұшпан ретінде атап өткен.

Қазіргі қазақ қоғамында да адамдар бір-бірін мақтап, қошемет көрсетуге құмар. Бұл табиғи, дұрыс жағдайда адамдарды ынталандырады, шабыт береді. Мысалы, Абайдың ізімен кеткен Мұхтар Әуезов, Қайым Мұқаметханов сияқты ұлы тұлғалар мақтаншақтыққа берілмей, қарапайымдылығын сақтаған. Олардың шынайылығы – бізге үлгі. – (230б.)

Абай мақтаншақтықты осылай сипаттайды: «Мақтау – жел сөз жанға қас; бір мақтаса, тоқтамас; ел табылса, құмарлан». Яғни, бос мақтанға берілсек, адамның рухы бүлінеді, қоғам да шатасады. Сондықтан шынайы мақтау мен қошеметті ажырату керек. Абайдың бесінші дұшпаны – бекер мал шашпақ, яғни пайдасыз, бос қылық, арсыздық. Абай қазақты көріп, елдің жетілгеніне қуанар еді, бірақ сол қанағатсыздық пен тойымсыздыққа, жемқорлыққа, ашкөздікке қатты ренжер еді. Ол: «Құнсыз құлқын, кердең мойын, қулық-сұмдық – елдің тынысын бұзады» деп айтқан болар еді. Бекер мал шашпақ тек мал жинаумен немесе той-томалақпен ғана шектелмейді. Бұл – адамдық қадір-қасиетті бағаламау, өзгенің еңбегін сыйламау, әділетсіздік, өтірік пен жалғандық. Мысалы, бұрынғы қазақ қоғамында, кейде қазір де, байлар мен билер кейде арсыз той жасап, әділдіктен алшақ жүретін. Сол кезде халықтың шыдамдылығы сарқылады.

Жүсіпбек Аймауытов бекер мал шашпаққа қарсы күресте: «Қазақ кейде жоққа сенгіш, өзінен шыққан жақсыны сыйламайтын, жатқа жемге бейім» деп сын айтқан. Сол сияқты, Шерхан Мұртаза тойда сөйлеп, адамдарды ардан, надандықтан сақтауды ескертеді: «Адамдық пен надандық арпалысқан заманда Алла сендерді сақтасын!», – деген сөздері бүгінгі күнге де сәйкес.

Абай өз өлеңдері мен қарасөздерінде бекер мал шашпақты бірнеше рет мысалға келтіріп, оның қауіпті екенін түсіндірген. Қазіргі сайлау, той, күнделікті тұрмыс-тіршілік немесе қыр-ауылдағы көріністерде де бұл қасиет кейде көрініс табады.

Абай адамды жоғары қоятын ойшыл ретінде танылды. Ол бізге «Адам бол!» деп айтады. Бұл тек сыртқа қарап, адамға деген қарым-қатынасты емес, адамның өз ішкі ойы мен ниетіне де мән беру дегенді білдіреді. Яғни, адамгершілік тек дәстүр, ереже, міндет үшін емес, адамның өз ақылы мен жүрегінен шыққан ниет арқылы көрінуі керек.

Адам болу дегеніміз – ең алдымен Аллаға иман келтіру, білімге құштар болу, әділеттілік пен қайырымдылыққа ұмтылу. Абай осылай деп адамға өмірде дұрыс бағыт берді. Ол адамның ең басты қажеттілігі – білім мен өнер дейді. Адам білгісі келмесе, малдан еш айырмасы жоқ. Сондықтан біз білмекке құштар болып, ғылым мен өнерді үйренуіміз керек. (17-25б.)

Абай өзінің қара сөзінде осыны нақты көрсеткен: «Орыс тілін үйреніп, олардың ғылымын, өнерін танып білсең, көкірек көзің ашылады», – дейді. Бірақ ол бірдей орыстың бәрін қабылда деп айтпайды, тек пайдасын көріп, зиянынан қашуды ұсынады.

Ғылым мен білім арқылы адам өз ақылын дамытады, рухани өсуге ұмтылады, адамгершілік қасиеттерін жетілдіреді. Сондықтан Абай бізге бес нәрседен аулақ болуды ұсынады: өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, бекер мал шашпақтық. Ал бес нәрсеге асық болу керек: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым. Осы арқылы адам мен жануар арасындағы айырмашылық айқын көрінеді. Абай еңбекті жоғары қояды. Ол өз қара сөздерінде көрші елдердің тәжірибесін мысал етіп, еңбек арқылы жетістікке жетуге болатынын көрсетеді. «Өзің үшін еңбек қылсаң, хайуан сияқтысың, ал адамшылық үшін еңбек етсең, Алланың сүйген құлы боласың», – деп нақтылайды. Сонымен қатар ол адал еңбектің бағасын түсіндіреді: «Қара жер де береді, құр тастамайды». (10-30б)

Абай қоғамның дамуы білім мен ғылымға байланысты екенін жақсы түсінген. Ол надандық, еріншектік, залымдық сияқты қасиеттерден қашуды ескертеді. Надандық – ғылым мен білімнің жоқтығы, ал білімсіздік хайуандыққа әкеледі. Сондықтан адам өз ақылын, қабілетін, рухани өресін үнемі дамытып, жетілдіруі қажет.

Қорытындылай келе, Абайдың адам туралы ілімі – бұл тек өткеннің мұрасы емес, бүгінгі өмірге де өте маңызды идеялармен үндеседі. Ол «толық адам» деген ұғымды ұсынған. «Толық адам» дегеніміз – тек білімді, тек еңбекқор немесе тек діни сенімі бар адам емес, сонымен бірге өзінің ішкі рухани әлемін дамытып, адамгершілік қасиеттерге ие болып, өз эмоциясын, ой-санасын, қарым-қатынасын дұрыс басқара білетін адам.

Міне, дәл осы «толық адам» концепциясы қазіргі заманда біз «Soft Skills» деп атайтын жұмсақ дағдылармен және эмоционалды интеллектпен үндеседі. Адам өз эмоциясын бақылап, өзіне және өзгелерге құрмет көрсетіп, дұрыс шешім қабылдай білсе, еңбек барысында тиімді болады,

қоғамда табысты өмір сүреді. Абай осыны XIX ғасырда дәл болжағандай, адамның ішкі дамуы мен біліміне, санасына, ниетіне үлкен мән берген. Сонымен қатар, Абай ілімі – ұлттық идеологияның негізі ретінде де өте маңызды. Ол тек жеке адамның дамуына ғана емес, бүкіл қоғамның рухани өсуіне бағыт береді. Абай адамның білімі мен еңбегі, адамгершілігі мен имандылығы арқылы қоғамның мәдениеті мен өркениетін көтеруге болатынын көрсетеді. Яғни, ұлттық сана мен мәдениеттің дамуы үшін адам факторы ең басты рөлде екенін аңғартқан.

**Пайдаланылған әдебиеттер**


1. Қайратұлы Б., Факир Т./Адам және заман/ www.namys.kz - 2011. 12-20б
2. Ғабдуллин Б. Абай және Сократ/ «Абай тағылымы», Алматы: «Жазушы», 1986. 159-171 б.
3. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. Алматы : «Ғылым», 1975. – 419 б
4. Абай Құнанбайұлы. Өкінішті көп өмір кеткен өтіп...: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: «Раритет», 2008. – 384б.
5. Мұхамеджанұлы Қ. Абайдың ақын шәкірттері. – Алматы: «Дәуір»,1993. – 224б.
6. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы — Алматы: «Атамұра», 2011. 10-30б
7. Р.Сейсенбаев «Абай қара сөз» - Алматы «Атамұра», 2016. 17-25б.


# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ УРБАНИЗАЦИЯ ПРОЦЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ


***Бақтығали С., Бахитденов Е., Тоқтар Т.***

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті*

***Курмангазина Г.Ж.***

*Ғылыми жетекші - оқытушы, магистр*



**Аннотация:** Мақалада Қазақстандағы урбанизация үдерісінің қалыптасу кезеңдері мен қазіргі даму ерекшеліктері кешенді түрде қарастырылады. Урбанизацияның әлеуметтік-экономикалық салдары, оның ішінде ішкі көші-қон, агломерациялық процестер және аймақтық теңсіздік мәселелері талданады. Сонымен қатар, қалалардың қарқынды өсуі мен урбанистік кеңістіктің кеңеюінің қоғамның құрылымдық трансформациясына ықпалы ғылыми тұрғыда бағаланады.



**Кілт сөздер:** урбанизация, көші-қон, агломерация, қала халқы, әлеуметтік теңсіздік



**Аннотация:** В статье комплексно рассматриваются этапы формирования урбанизации в Казахстане и современные особенности её развития. Анализируются социально-экономические последствия, включая внутреннюю миграцию, агломерационные процессы и региональные диспропорции. Особое внимание уделяется влиянию роста городов и расширения урбанистического пространства на структурную трансформацию общества.



**Ключевые слова:** урбанизация, миграция, агломерация, городское население, социальное неравенство

**Abstract**: The article provides a comprehensive analysis of the formation stages and current features of urbanization in Kazakhstan. It examines socio-economic impacts, including internal migration, agglomeration processes, and regional disparities. Particular attention is given to the influence of urban growth and spatial expansion on the structural transformation of society.

Keywords: urbanization, migration, agglomeration, urban population, social inequality

Қазақстандағы урбанизация үдерісі кеңістіктік ұйымдасу мен халықтың әлеуметтік-экономикалық құрылымын түбегейлі трансформациялайтын стратегиялық маңызы бар құбылыс ретінде айрықша ғылыми назарды талап етеді. Ел аумағында халықтың қалаға шоғырлануы өндірістік әлеуеттің қайта бөлінуіне, еңбек нарығының құрылымдық өзгерістеріне және өңірлік теңгерімсіздіктің күшеюіне ықпал етуде, бұл өз кезегінде инфрақұрылымдық жүктеменің артуы, тұрғын үймен қамту, экологиялық тұрақтылық және әлеуметтік стратификация мәселелерін күрделендіреді. Осы тұрғыдан алғанда, урбанизацияны тек демографиялық өсім көрсеткіші ретінде емес, кең ауқымды әлеуметтік-экономикалық жүйелердің өзара байланысын сипаттайтын кешенді процесс ретінде қарастыру қажеттілігі туындайды. Мақаланың мақсаты – Қазақстандағы урбанизацияның қалыптасу эволюциясын, оның аймақтық және құрылымдық ерекшеліктерін, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық салдарын ғылыми тұрғыда талдай отырып, урбанистік дамудың тиімді модельдерін негіздеу.

Урбанизация – бұл тек халықтың қалаға шоғырлануымен шектелетін демографиялық құбылыс емес, ол қоғамның өндірістік, әлеуметтік және кеңістіктік құрылымының түбегейлі қайта ұйымдасуын сипаттайтын көпдеңгейлі ғылыми категория [1]. Ғылыми әдебиеттерде урбанизация ауылдық өмір салтынан қалалық өмір салтына көшу, экономикалық қызметтің индустриялық және сервистік секторларға шоғырлануы, сондай-ақ әлеуметтік қатынастардың күрделенуімен сипатталады. Американдық урбанист Луис Вирт урбанизацияны «халық тығыздығының артуы мен әлеуметтік гетерогенділіктің күшеюі нәтижесінде қалыптасатын ерекше әлеуметтік орта» ретінде түсіндіріп, оның қоғамдағы мінез-құлық модельдеріне тікелей әсер ететінін негіздейді. Ал Кингсли Дэвис урбанизацияны индустрияландырудың табиғи нәтижесі ретінде қарастырып, қала халқы үлесінің өсуін әлеуметтік дамудың әмбебап индикаторы деп бағалайды. Бұл тұжырымдар урбанизацияны тек кеңістіктік емес, сонымен қатар әлеуметтік жүйенің сапалық трансформациясы ретінде қарастыру қажеттігін дәлелдейді.

Урбанизацияның негізгі белгілері халықтың қалаға шоғырлануы, еңбек құрылымының өзгеруі, инфрақұрылымның қарқынды дамуы және өмір сүру стилінің урбанистік сипат алуы арқылы көрінеді. Қалалық кеңістіктің кеңеюі тек сандық өсіммен емес, сапалық өзгерістермен – көлік жүйесінің күрделенуі, тұрғын үй құрылымының өзгеруі, цифрлық және инженерлік инфрақұрылымның дамуы арқылы айқындалады. Зерттеулер көрсеткендей, урбанизация деңгейі артқан сайын экономикалық өнімділік

пен инновациялық белсенділік жоғарылайды, бірақ сонымен қатар әлеуметтік теңсіздік пен экологиялық қысым да күшейеді. Осы тұрғыда урбанизация екіжақты феномен ретінде көрінеді: бір жағынан экономикалық өсу драйвері болса, екінші жағынан әлеуметтік шиеленістердің көзіне айналуы мүмкін. Яғни, урбанизацияны бағалау тек демографиялық көрсеткіштермен шектелмей, оның кешенді әлеуметтік-экономикалық салдарларын қамтуы тиіс [2].

Әлемдік урбанизация теориялары бұл құбылысты әртүрлі даму кезеңдерімен байланыстыра отырып түсіндіреді: индустриялық қоғамда урбанизация өндірістік күштердің шоғырлануымен сипатталса, постиндустриялық кезеңде ол білім, технология және қызмет көрсету секторларының үстемдігімен айқындалады. Урбанизация деңгейін өлшеуде негізгі көрсеткіштер ретінде қала халқының үлесі, халық тығыздығы, урбанистік инфрақұрылымның дамуы және агломерациялық байланыстар қолданылады. Мәселен, дамыған елдерде урбанизация деңгейі 70–80% аралығында болса, бұл көрсеткіш экономикалық даму деңгейімен тікелей корреляцияда болады. Сонымен қатар, қазіргі урбанистикада «ақылды қала», «агломерация» және «метрополия» ұғымдары урбанизацияның жаңа сапалық кезеңін сипаттайды. Осылайша, урбанизация теориялық тұрғыда тек халықтың орналасу динамикасын емес, кеңістіктік-әлеуметтік жүйелердің эволюциясын кешенді түрде түсіндіретін әмбебап ғылыми модель ретінде қарастырылады.

Қазақстандағы урбанизация үдерісінің генезисі кеңестік индустрияландыру саясатымен тікелей байланысты, бұл кезеңде қала тек әкімшілік орталық емес, өндірістік қуаттардың шоғырлану кеңістігі ретінде қалыптасты. 1930–1960 жылдары жүргізілген индустрияландыру нәтижесінде Қарағанды, Теміртау, Өскемен сияқты өнеркәсіптік қалалар қарқынды дамып, урбанизация жасанды түрде жеделдетілді. Тың және тыңайған жерлерді игеру науқаны да халықтың кеңістіктік қайта бөлінуіне әсер етіп, солтүстік өңірлерде жаңа урбанистік ошақтардың пайда болуына ықпал етті. Зерттеуші Ә.Б. Көшербаева бұл кезеңді «мемлекеттік басқарылатын урбанизация» деп сипаттап, оның табиғи эволюциядан гөрі жоспарлы сипатта жүргенін атап өтеді. Нәтижесінде, урбанизация өндірістік-экономикалық мүдделерге тәуелді құрылым ретінде қалыптасты. Бұл кезеңде қалалардың өсуі халықтың әлеуметтік құрылымын түбегейлі өзгертіп, аграрлық қоғамнан индустриялық қоғамға өтудің негізін қалады.

Кеңестік кезеңнің соңына қарай Қазақстандағы урбанизация деңгейі тұрақты өсім көрсетіп, қала халқының үлесі 50%-дан асты, алайда бұл өсім аймақтық теңгерімсіздікпен қатар жүрді. Өнеркәсіптік аймақтарда урбанизация жоғары қарқынмен дамыса, оңтүстік өңірлерде ауылдық сипат сақталды. Ғалым Н.К. Нурланова урбанизацияның бұл кезеңін талдай отырып, оның кеңістіктік диспропорциялар тудырғанын және экономикалық орталықтардың біржақты қалыптасуына әкелгенін дәлелдейді. Яғни, урбанизация тек өсім емес, сонымен қатар аймақаралық

теңсіздіктің институционалдық негізін қалыптастырған құбылыс болды. Бұл ерекшелік тәуелсіздік кезеңінде де сақталып, қазіргі урбанистік саясаттың күрделі мәселелерінің біріне айналды [3].

Тәуелсіздік алғаннан кейін урбанизация үдерісі жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда қайта бағытталды, мұнда нарықтық қатынастар мен ішкі көші-қон негізгі қозғаушы күшке айналды. 1990-жылдары экономикалық дағдарыс салдарынан кейбір шағын қалалардың дамуы баяулағанымен, ірі қалалар экономикалық тартымдылық орталығы ретінде күшейе түсті. 2000-жылдардан бастап урбанизация қайта жанданып, қала халқының үлесі тұрақты түрде өсе бастады: 2010 жылы – 56,3%, 2015 жылы – 57,4%, ал 2020 жылы – шамамен 59% құрады. Бұл динамика урбанизацияның жүйелі әрі қайтымсыз сипат алғанын көрсетеді. Сонымен қатар, ауылдық жерлерден қалаға бағытталған көші-қон еңбек нарығының құрылымын түбегейлі өзгертті [4].

Соңғы жылдары Қазақстан урбанизацияның қарқынды фазасына өтті, бұл кезеңде қала халқының үлесі 63% деңгейіне жетіп, тарихи максимум тіркелді. 2025 жылғы деректер бойынша елде шамамен 12,8 млн қала тұрғыны және 7,5 млн ауыл халқы тіркелген. Сонымен қатар, бір жыл ішінде қала халқының саны 266,8 мың адамға артқаны урбанизацияның жоғары қарқынын дәлелдейді [5]. Бұл көрсеткіштер урбанизацияның демографиялық құрылымға ғана емес, экономикалық және әлеуметтік жүйелерге де терең әсер етіп отырғанын айғақтайды. Осы кезеңде урбанизация табиғи өсімнен гөрі көші-қон есебінен күшейіп отыр.

*Кесте 1 – Қазақстандағы урбанизация деңгейінің динамикасы*

| **Жыл** | **Қала халқының үлесі (%)** | **Ерекшелігі** |
|---|---|---|
| 2010 | 56,3% | Урбанизацияның бастапқы өсу кезеңі |
| 2015 | 57,4% | Тұрақты өсім |
| 2020 | 59% | Ішкі көші-қон күшеюі |
| 2024 | 62–63% | Қарқынды урбанизация кезеңі |
| 2025 | 63,1–63,3% | Тарихи максимум |

Кестеде көрсетілгендей, урбанизация деңгейі соңғы онжылдықта тұрақты өсіп, құрылымдық сипат алған.

Ірі қалалардың рөлі урбанизация процесінде ерекше стратегиялық маңызға ие, себебі олар экономикалық, демографиялық және инновациялық ресурстардың негізгі шоғырлану орталығы болып табылады. Алматы, Астана және Шымкент қалалары ұлттық урбанистік жүйенің тірек элементтері ретінде қалыптасып, халықтың негізгі көші-қон ағындарын өзіне тартады. Мәселен, тек бір жылдың ішінде Астанаға шамамен 100 мыңға жуық, ал Алматыға 88 мыңнан астам адам қоныс аударғаны байқалады [6]. Бұл қалалар еңбек нарығы, білім беру және

инфрақұрылымдық мүмкіндіктер арқылы урбанизацияның негізгі драйверіне айналған. Ғалым С.К. Джумамбаев агломерациялардың қалыптасуын ұлттық экономиканың кеңістіктік тиімділігін арттыратын фактор ретінде қарастырып, ірі қалалардың мультипликативтік әсерін ғылыми тұрғыда негіздейді.

Қазақстандағы урбанизацияның аймақтық құрылымы айқын асимметриямен сипатталады, бұл оның тарихи және экономикалық ерекшеліктерімен байланысты. Мысалы, Қарағанды облысында қала халқының үлесі 80%-дан асса, Түркістан және Алматы облыстарында бұл көрсеткіш 25% шамасында ғана. Мұндай айырмашылықтар урбанизацияның біркелкі дамымағанын және аймақтық саясаттың маңыздылығын көрсетеді. Сонымен қатар, Қазақстанда 89 қала бар екені және олардың урбанистік жүйені қалыптастырудағы рөлі артып келе жатқаны анықталған. Осылайша, урбанизация елдің кеңістіктік құрылымын қайта қалыптастырып, жаңа әлеуметтік-экономикалық шындықты айқындайтын негізгі факторға айналып отыр.

Қазақстандағы урбанизацияның қазіргі кезеңі сандық өсімнен гөрі кеңістіктік шоғырлану мен демографиялық қайта теңгерімделу үрдістерінің күшеюімен сипатталады. Соңғы жылдары қала халқының саны жыл сайын орта есеппен 250–300 мың адамға артып, жалпы урбанистік кеңістіктің демографиялық салмағы айтарлықтай ұлғайды. Бұл өсімнің басым бөлігі үш мегаполиске тиесілі: Астана халқы жыл сайын шамамен 3%-ға, Алматы – 1,5%-ға, ал Шымкент – 2%-ға жуық қарқынмен көбейіп отыр. Мұндай көрсеткіштер урбанизацияның біркелкі емес, «концентрлік жинақталу» моделіне өткенін дәлелдейді. Яғни халық бүкіл ел бойынша емес, нақты экономикалық орталықтарда шоғырлануда. Бұл құбылыс ұлттық кеңістіктің демографиялық құрылымын түбегейлі өзгертуде [8].

Ішкі көші-қон құрылымында да сапалық өзгерістер байқалады: қазіргі кезеңде көші-қон тек ауылдан қалаға емес, кіші және орта қалалардан ірі мегаполистерге бағытталған «екінші деңгейлі миграциямен» толықты. Мысалы, бір жыл ішінде ел ішіндегі көші-қон ағындарының 60%-дан астамы дәл осы ірі қалаларға бағытталғаны тіркелген. Бұл урбанизацияның «сатылы көшу» моделіне өткенін көрсетеді, яғни халық алдымен шағын қалаға, кейін мегаполиске қоныс аударады. Ғалым С.К. Джумамбаев бұл құбылысты еңбек нарығының кеңістіктік қайта құрылымдануымен байланыстырып, урбанизацияның жаңа кезеңінде адами капиталдың шоғырлануы басты факторға айналғанын негіздейді. Сонымен қатар, мұндай көші-қон білім, медицина және қызмет көрсету сапасының айырмашылығымен де шартталады. Нәтижесінде, ірі қалалар «магниттік орталық» қызметін атқарады.

Қазіргі урбанизацияның тағы бір айрықша белгісі – маятниктік (күнделікті) көші-қон ауқымының күрт кеңеюі. Сараптамалық бағалауларға сәйкес, Алматы агломерациясында күн сайын 300 мыңға жуық адам қала мен қала маңы арасында қатынайды, ал Астана маңында бұл көрсеткіш 150–

200 мың адамды құрайды. Бұл құбылыс урбанизацияның тек тұрақты қоныстанумен шектелмейтінін, оның функционалдық кеңістікті де қамтитынын көрсетеді. Яғни қала шекарасы әкімшілік тұрғыда емес, экономикалық және әлеуметтік байланыстар арқылы кеңейеді. Н.К. Нурланова мұндай үрдісті «кеңейтілген урбанистік кеңістік» деп атап, оның еңбек нарығы мен инфрақұрылымға қысымды арттыратынын дәлелдейді. Осылайша, урбанизация жаңа кеңістіктік формаларды қалыптастыруда.

Қазіргі кезеңде урбанизация цифрлық және инфрақұрылымдық факторлармен тығыз байланысып, «смарт-урбанизация» элементтері арқылы сипаттала бастады. Ірі қалаларда цифрлық қызметтердің үлесі 70%-дан асып, мемлекеттік және коммерциялық сервистердің басым бөлігі онлайн форматқа көшірілген. Бұл өз кезегінде қалалардың басқару тиімділігін арттырып, тұрғындардың өмір сапасына әсер етуде. Сонымен қатар, тұрғын үй құрылысының көлемі жыл сайын 15–20 млн м² аралығында сақталып, оның негізгі бөлігі урбанистік аймақтарға тиесілі. Бұл деректер урбанизацияның тек демографиялық емес, технологиялық трансформациямен де қатар жүріп жатқанын көрсетеді [9].

Урбанизацияның қазіргі ерекшеліктерінің бірі – әлеуметтік құрылымның күрделенуі мен жаңа стратификациялық қабаттардың қалыптасуы. Қалаларда жоғары табысты және төмен табысты топтар арасындағы айырмашылық айқындалып, тұрғын үйге қолжетімділік деңгейі бойынша диспропорциялар күшейді. Мысалы, ірі қалаларда тұрғын үй бағасының жылдық өсімі 10–15% аралығында өзгеріп, халықтың белгілі бір бөлігін шеткі аймақтарға ығыстыруда. Бұл урбанизацияның әлеуметтік кеңістікті де қайта құрып жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар, бейресми жұмыспен қамтылған халықтың үлесі де қалалық ортада артып, еңбек нарығының тұрақсыз сегментін қалыптастыруда. Осылайша, қазіргі урбанизация – тек демографиялық өсім емес, әлеуметтік құрылымның күрделі трансформациясы ретінде сипатталады.

Урбанизация үдерісінің күрделі салдарының бірі – құрылымдық жұмыссыздық пен еңбек нарығындағы сәйкессіздіктің күшеюі. Қалаға ағылған халықтың едәуір бөлігі кәсіби біліктілігі мен еңбек нарығы талаптарының арасындағы алшақтыққа байланысты тұрақты жұмысқа орналаса алмайды. Соның нәтижесінде бейресми жұмыспен қамту үлесі артып, экономиканың «көлеңкелі» сегменті кеңейеді. Бұл құбылыс салық түсімдерінің азаюына және әлеуметтік қорғау жүйесінің әлсіреуіне алып келеді. Әсіресе, ішкі мигранттар арасында тұрақсыз табыс пен әлеуметтік кепілдіктердің болмауы айқын байқалады. Осылайша, урбанизация еңбек нарығында теңсіз мүмкіндіктер кеңістігін қалыптастырады.

Тұрғын үй мәселесі урбанизацияның ең өткір әлеуметтік қайшылықтарының біріне айналып отыр, себебі халықтың жаппай шоғырлануы тұрғын үйге деген сұранысты күрт арттырады. Нәтижесінде, жылжымайтын мүлік бағасы тұрақты түрде өсіп, халықтың орта және төмен табысты топтары үшін баспана қолжетімсіз бола бастайды. Бұл жағдай қала

ішінде кеңістіктік сегрегацияны күшейтіп, әлеуметтік топтардың «орталық» және «шеткі аймақтар» бойынша бөлінуіне әкеледі. Сонымен қатар, кейбір жағдайларда бейресми қоныстар мен инфрақұрылымы жеткіліксіз тұрғын аудандар пайда болады. Мұндай урбанистік теңсіздік әлеуметтік шиеленісті күшейтетін факторға айналады. Сондықтан тұрғын үй мәселесі урбанизацияның әлеуметтік тұрақтылыққа тікелей әсер ететін көрсеткіші болып табылады.

Экологиялық жүктеменің артуы да урбанизацияның маңызды теріс салдарының бірі ретінде көрінеді. Қалаларда автокөлік санының көбеюі, өндірістік нысандардың шоғырлануы және халық тығыздығының жоғары болуы ауа мен су ресурстарының ластану деңгейін арттырады. Жасыл аймақтардың қысқаруы мен урбанистік кеңістіктің шамадан тыс тығыздалуы экожүйенің тепе-теңдігін бұзады. Бұл өз кезегінде тұрғындардың денсаулығына кері әсер етіп, тыныс алу аурулары мен экологиялық тәуекелдердің көбеюіне алып келеді. Урбанизацияның мұндай салдары ұзақ мерзімді перспективада өмір сапасының төмендеуіне себеп болуы мүмкін. Сондықтан экологиялық фактор урбанизация саясатының ажырамас бөлігіне айналуы тиіс.

Урбанизация әлеуметтік теңсіздіктің тереңдеуіне де ықпал етеді, себебі қалалық ортада табыс, білім және ресурстарға қолжетімділік бойынша айырмашылықтар айқын байқалады. Жоғары табысты топтар қаланың орталық, инфрақұрылымы дамыған аймақтарында шоғырланса, төмен табысты халық шеткі, әлеуметтік жағдайы әлсіз аудандарға ығыстырылады. Бұл кеңістіктік стратификация қоғамдағы әлеуметтік алшақтықты күшейтеді. Сонымен қатар, урбанизация әлеуметтік мобильділікті арттырумен қатар, белгілі бір топтарды маргинализациялау қаупін де туындатады. Мұндай жағдайда қоғамда әлеуметтік тұрақсыздық пен теңсіздік деңгейі артады. Осылайша, урбанизация тек даму факторы емес, сонымен бірге әлеуметтік поляризацияны күшейтетін күрделі құбылыс ретінде көрінеді.

Қазақстандағы урбанизация – бұл тек халықтың кеңістіктік қайта орналасуы емес, елдің әлеуметтік-экономикалық құрылымын түбегейлі өзгертетін жүйелік құбылыс ретінде қалыптасты. Қалалар экономикалық белсенділік пен инновацияның шоғырлану орталығына айналғанымен, олардың шамадан тыс өсуі әлеуметтік теңсіздік, инфрақұрылымдық қысым және экологиялық тәуекелдер сияқты күрделі қайшылықтарды қатар күшейтуде. Урбанизацияның табиғаты қосарлы: бір жағынан ол даму мен модернизацияның қозғаушы күші болса, екінші жағынан кеңістіктік және әлеуметтік диспропорцияларды тереңдететін факторға айналады. Сондықтан урбанизацияны стихиялық процесс ретінде емес, ғылыми негізделген, теңгерімді басқаруды талап ететін стратегиялық бағыт ретінде қарастыру қажет. Қалалық даму тек экономикалық тиімділікке емес, әлеуметтік әділеттілік пен өмір сапасының үйлесімділігін қамтамасыз етуге

бағытталған жағдайда ғана урбанизация ұзақ мерзімді тұрақты нәтижелер бере алады.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Джумамбаев С.К. Урбанизация и индустриализация в Казахстане: взаимосвязь, состояние и перспективы // KazNU Bulletin. Economics series. – 2014. – №2 (102). – С. 3–9.
2. Ахметова А.С., Накипова Г.Н. Қазақстанның урбандалу үдерісін мемлекеттік басқару // Қарағанды техникалық университетінің еңбектері. – 2024. – №2 (95). – Б. 368–372. – DOI: 10.52209/1609-1825_2024_2_368
3. Нурланова 4. Н.К., Тлеубердинова А.Т., Сапарбек Н.К. Основные факторы и тенденции урбанизации в Казахстане: анализ и рекомендации // Economy: Strategy and Practice. – 2022. – Т. 17. – №1. – С. 62–79. – DOI: 10.51176/1997-9967-2022-1-62-79
4. Урбанизация и миграция: как меняется карта населения Казахстана? // Finprom.kz. – URL: https://finprom.kz/ru/article/urbanizaciya-i-migraciya-kak-menyaetsya-karta-naseleniya-kazahstana
5. Урбанизация в Казахстане: как города меняют лицо страны // DKnews.kz. – URL: https://dknews.kz/ru/v-strane/361309-urbanizaciya-v-kazahstane-kak-goroda-menyayut-lico
6. Казахстан на переезде: мегаполисы растут, регионы пустеют // Ratel.kz. – URL: https://ratel.kz/thoughts/kazahstan_na_pereezde_megapolisy_rastut_regiony_pustejut
7. The Impact of Internal Migration on the Economic Development of Kazakhstan’s Regions // Eurasian Journal of Economic and Business Studies. – 2025. – Vol. 69. – No. 1. – P. 144–157. – DOI: 10.47703/ejebs.v69i1.487
8. Кабдесов К.Т., Малдынова А.В. Алматы агломерациясындағы қатынамалы көші-қон: пилоттық сауалнама нәтижелерін талдау // «Тұран» университетінің хабаршысы. – 2021. – №4. – Б. 140–146. – DOI: 10.46914/1562-2959-2021-1-4-140-146
9. Алтаев А.Ш., Кожакеева Л.Т. Урбанизация и динамика изменения численности городского населения в Казахстане в 2000–2017 гг. // Вестник Карагандинского университета. – 2020. – №2. – С. 38–43. – DOI: 10.31489/2020Ph1/38-43

# ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДҰЛЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АНА ТІЛІНДЕ БІЛІМ БЕРУ ПРИНЦИПІ: ТАРИХИ ТАЛДАУ

***Мухаметхали А.***
*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар Педагогикалық университетінің магистранты*
***Каримова А.Е.***
*Ғылыми жетекшісі: тарих ғылымдарының кандидаты, доцент*

**Аңдатпа:** Бұл мақалада қысқа өмірінде қыруар іс тындырып, жұрты үшін аянбай еңбек еткен білікті дәрігері, публицист, ғалым, ұстаз, ғажайып лингвист, полиглот Халел Досмұхаметұлының ағартушылық жолы мен еңбектері талқыланады.Бұл мақалада ғалымының тұлға болып қалыптасқаны, ағартушылық қызметінде атқарылған жұмыстары, Білім Комиссиясындағы қазақ оқушылары үшін алғашқы ана тіліндегі оқулықтардың шығарылу тарихы, «Сана» газетінің мақсат-міндеттері айқын беріледі. Ана тілінің ғылыми мәртебесі, терминологиялық жұмыстардағы негізі ұстанымдар дәлелденеді. Тынбай білім, оқу үшін жасалған алғашқы ана тіліміздегі Халел Досмұхамедұлының еңбектерінің нәтижесіде сол уақытта оқушылар ана тілінде ұғынықты «Табиғат тану» (I-II бөлім), «Жануарлар» (I-II бөлім) «Сүйектілер» туралы, «Адамның тән тірлігі», «Оқушылардың саулығын сақтау», «Қазақ-қырғыз тілдегі сингармонизм заңы» оқулықтарды оқып, ана тілінде білім алды. Сол заманда болмаған ең алғашқы ұлттық танымдық, барлық салаларды қамтыған «Сана» газетінің ана тілінде білімі беру үшін маңызыды мерзімді баспасөзі. Role Model (үлгі тұтатын тұрға) ретінде Халел Досмұхамедұлының еңбекқорлығын, табандылығын, ізденпаздығын, еліне, тіліне деген сүйіспеншілін барынша жеткізілді.

**Кілт сөздер:** Халел Досмұхамедұлы, ана тілі, ғылым, ағарту, ұлттық, баспахана, оқулық, ұстаз, Қазақ-қырғыз комиссиясы.

**Аннотация:** В данной статье рассматривается просветительский путь и труды выдающегося врача, публициста, учёного, педагога, талантливого линг-виста и полиглота Халела Досмухамедулы, который за свою короткую жизнь успел сделать многое и самоотверженно трудился на благо своего народа. В статье подробно освещаются становление учёного как личности, его просветительская деятельность, работа в Комиссии по образованию, а также история создания первых учебников на родном языке для казахских учащихся. Раскрываются цели и задачи газеты «Сана».

Обосновывается научный статус родного языка и основные принципы терминологической работы. Благодаря неустанному стремлению к знаниям и обучению, Халел Досмухамедулы создал первые учебные пособия на родном языке, такие как «Естествознание» (I–II части), «Животные» (I–II части), «О позвоночных», «Физиология человека», «Сохранение здоровья учащихся», «Закон сингармонизма в казахско-киргизском языке». Эти труды позволили учащимся получать знания на родном языке.

Газета «Сана» стала первым национальным познавательным периодическим изданием, охватывающим различные сферы и имеющим важное значение для образования на родном языке в то время.

В качестве ролевой модели (образца для подражания) подчёркиваются трудолюбие, настойчивость, стремление к знаниям, а также любовь Халела Досмухамедулы к своему народу и языку.

**Ключевые слова*:*** Халел Досмухамедулы, родной язык, наука, просвещение, национальный, типография, учебник, педагог, казахско-киргизская комиссия.

**Abstract*:*** This article examines the educational path and works of Khalel Dosmukhameduly — an outstanding physician, publicist, scholar, educator, remarkable

linguist, and polyglot, who accomplished a great deal within his short life and devoted himself selflessly to serving his people. The paper highlights the formation of the scholar as a personality, his contributions to educational activities, his work in the Education Commission, and the history of publishing the first textbooks in the native language for Kazakh students. The goals and objectives of the newspaper *Sana* are also clearly outlined.

The scientific status of the native language and the fundamental principles of terminological work are substantiated. As a result of Khalel Dosmukhameduly's tireless pursuit of knowledge and education, the first educational materials in the native language were developed, including *Natural Science* (Parts I–II), *Animals* (Parts I–II), *On Vertebrates*, *Human Physiology*, *Students' Health Care*, and *The Law of Vowel Harmony in the Kazakh-Kyrgyz Language*. These works enabled students to receive education in their native language.

The newspaper *Sana* became one of the first national educational periodicals, covering various fields and playing a significant role in providing education in the native language at that time.

As a role model, Khalel Dosmukhameduly's diligence, perseverance, intellectual curiosity, and deep love for his people and native language are strongly emphasized.

***Keywords:*** Khalel Dosmukhameduly, native language, science, education, national, printing, textbook, teacher, Kazakh-Kyrgyz Commission.

Кіріспе

Қазақ газетінің 1917 жылы 31 шілдеде шығарылған мақаласынан үзінді: 1917 жылғы 21-26 шілдеде бірінші жалпықазақ съезінде күн тәртібіндегі басқа мәселелер бойынша съезд қабылдаған шешімдерде де қазақ зиялыларының ықпалы сезіліп тұр. Атап айтқанда, съезд шешімдеріне сәйкес осыған дейін көп жағдайда діндарлардың ықпалында болып келген ескі сот тартылып, олардың орнына «қазақ тұрмысына лайықты айрықша сот құруға» тиіс болды; «Міндетті түрде бастауыш оқу енгізу», «бастапқы 2 жылда оқу баланың ана тілінде» жүргізілуі, білім алудың тегін болуы талап етілді..». Қазақ ұлттының зиялылары патша үкіметінің билігі тұсында да сауаттылығы, білімділігі арқылы елді қорғап, білім беру жүйесінде қазақ тілінде болуын талап етіп, ана тілінде мерзімді баспасөз құралдарын және ғылыми-танымдық оқулықтар жинақтап жасауды мақсат етті, қым-қисық замандада қасық қаны қалғанша еңбектеніп, бүгінде өзектілін жоғалтпайтын сапалы білім жолын қалап кетті. Осы тұста қазақ-орыс мектептері көптер ашылды, ал сол кезде қазақ тілінде Ахмет Байтұрсынұлы жасаған «Тіл құралынан» басқа ғылыми еңбек болмағандықтан, оқушыларға ана тілінде түсінікті білім алу үшін алаш тұлғаларды, оқулықтар жасауға кірісті, бұл іске Халел Досмұхамедұлы бар ынта, шынтасмен кірісіп тұңғыш ана тілімізде ғылыми терминологиялық оқулықты құрастырып шықты

Халелдің қазақ тілінің теминологиясы бойынша ұстанымы: Қазақ тілі ғылым жолына шалынбаған, сөздері ғылым ретіне қарай жөндікпеген тіл. Ғылымды өз тілімізге аударғанда, ең керегі ғылым тіліндегі атауларды (термин) дұрыстан, түсінікті қылып аудару, бұл ең қиын жұмыс. Ғылым атауларына келісті қылып ат тағу деген алғашқы уақытта қиын болсада,

мұқтаж нәрсе». Бұл Халел Досмұхамедұлының ғылым тілін жасаудағы өз ұстанымы, жұмыстың ел үшін маңызыдылығына түсінік береді.

***Зерттеу өзектілігі:***

Қазіргі жаһандану заманында ұлттық білім беру жүйесінде ана тілінің рөлі ерекше маңызға ие. Ана тілінде білім беру – тек білім беру құралы ғана емес, сонымен қатар ұлттық сананы, мәдениетті және дүниетанымды қалыптастырудың негізгі тетігі болып табылады.

Сапалы аудармалар, қазақ тілінің ғылыми терминдік жүйелерінің қалыптасуы тарихын зерттеп, олқылықтармен жұмыс жасау.

Білім беру принципінде Халел Досмұхамедұлының көпшілік көрмеген еңбектерін талдай отырып, ана тілінің ғылыми-терминологиялық жағынан қазақ тілінде түсінікті білім кітаптарын үлгі ретінде талдап, ғылыми тілді қалыптастыру жолдары іздеу. Халел Досмұхамедұлының еңбек жолын талау.

Қазақ тілінің ережесіне сай дұрыс қолданып, қазақша түсініксіз деп емес қазақ тілінде ғылыми ақпараттардың қолжетімділігі арттыру үшін ғылыми терминге ат тағуды талдау.

Осы тұрғыда Халел Досмұхамедов еңбектеріндегі педагогикалық идеялар ерекше назар аударуды қажет етеді. Ол қазақ тілінде алғашқы ғылыми оқулықтар жазып, білімді ана тілінде берудің ғылыми негізін қалаған елі үшін аянбай еңбек еткен тұлғалардың бірі болды.

**Зерттеудің мақсаты**: Халел Досмұхамедов еңбектеріндегі ана тілінде білім беру принципін тарихи тұрғыда талдау және оның қазіргі білім беру жүйесімен сабақтастығын анықтау.

«**Білім алудың жолы көп, жолдың ішіндеде ең төтесі- жақсы мектеп**, білімді мұғалім, мұнан қалса ел ішінде **көпке түсінікті болып жазылған білім кітаптары**. Мектеп жақсы болуы үшін құралдары түгел, саймандары жеткіліті болуы шарт. Құралды сайманды түгіл, құралсызда бізде мектеп жоқ. Сондықтан, **мектеп түзеу- біздің бірінші жұмысымыз**» Халел Досмұхамедұлы көзқарасы. Жоғарыда келтірілген сөзінде ең алдымен мектептің оқушыларға оқуы үшін қолайы жағдайда болуы, қосымша әртүрлі пәндердің тәжірибелік- лабораториялық кабинеттердің құрал жабдықтармен қамтамасыз етілуін басты назарға алды. [1]

Жазушы Мереке Құлкеновтың еңбегіндегі деректерге сүйенсек, Теке (Орал) қаласында әскери реальдық училищенің оқу-орнының іргесі 1894 жылы қаланды, ал Халел Досмұхамедұлы Темірдегі қазақ-орыс бастауыш сыныбын аяқтағанан кейін осы жерге оқуға түседі. Халелдің айтуынша: *Өнегелі ұстаздар сабақ беретін, жаратылыстану пәндеріне арнайы тәжірибелік лабораториялары һәм түрлі саладағы үйірмелер жұмыс істейтін білім ошағы* болды. Ауылдан келген қара бала училище қабырғасында бос уақытын құр жібермей, үнемі ізденумен болды. *Дүниенің кілтті өнер - білімде екенін ерте ұғынған талапкер қолына түскен кітап болсын, газет-журнал болсын, талғамай оқуды дағдысына айналдырды*. [2] Осы тұста Халелдің жан-жақты тіл меңгеруі, жаратылыстану салаларына

деген қызығушылығы дәл осы қолайлы мектептен, білімді ұстаздандан басталды деген ой-түйе аламыз. Бірақ осы оқуға түспестен бұрын кішкентайынан бастап Халел жыр-дастандарды жаттап, өзінің қойын дәптеріне жазып, немесе ағасы Дәулетүмбеттің кітаптарды бірнеше қайтара оқып шығып, қызық жерлерін жаттап алатын зерек бала болды. Неліктен оқуға құмар десеңіз, бірнеше деректерге сүйене отырып бесінші атасы бишешен Алдар Ерназұлының, ағайын туыстары, Орынборда оқыған немере ағасы Дәулетүмбеттің үлгісі бар. Бұл XX ғасырдағы қазақ отбасының құндылығы, тәлім-тәрбиесінің нәтижесі елін сүйген, жан-жақты данагөй, *табанды Халелді қалыптастырушы ортасы*. Ана тіліне деген құрмет отбасынан басталатыны сөзсіз.

«Білімді мұғалім бізде тағы жоқ. Мұғалімдердің шала-шарпы білімі бар. Бұлардың көбі ел ішінде бір-екі жыл тұрсада, осы шара-шарпысынан айырылып қалады. Себебі оқитын кітап жоқ, сөз айтатын қасында білімді кісі жоқ, алыстан барып білісін толтыруға өзінің және халі жоқ- Халел Досмұхамедұлы, *XX ғасыр басындағы қазақ тіліндегі кітапдың некен-саяқ екендігін, осы уақытағы ауыр тұрмыс-тіршіліктің себебімен оқуға, еңбектенуге ниетінің болмағынан сынады.*

Санкт-Петербург әскери-Медицина Академиясында оқуға түскен Халел аты әлемге мәшһүр шығыстанушы ғалым, *В.А Радловпен*, Қазан лингвистика мектебінің негізін салушы, орыс фонологиясының атасы, профессор *Бодуэн де Куртенэмен* жиі араласып, олардың ақыл-кеңестерін алып, теориялық білімін жетілдіре түсті. Оның кейін *туған халқының әдебиеті мен тіліне Һәм тарихи өміріне қатысты іргелі еңбектер жазуына осы жылдардағы ізденісінің себі тигені шүбәсіз.* Бодуэн де Куртенэ болашақ әскери дәрігердің иіні келгенде туған тілінің ғылыми өндігуіне ем-дом жасап, өзге тілдерден жұғатын сөз сырқатының алдын алу шараларына септесуіне ақыл кеңесін береді. Күрескер жанының жылдар өтіп саясаттан мойыны босаған соң қолына қалам алып шығармашылық жұмыспен шұғылдануы, лингвистиканың әліпби, емле терминология, лексика, фонетика, тіл тарихы салаларынан ғылыми тұжырымды рецепт беріп *«Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы»* бірегей еңбек жазуына дәрігерлік мамандығының тигізген пайдасы аз болмады. [3]

Ғалым, профессор Халел Досмұхаметұлының қазақтың ел әдебиетінен алынған сөздері, ғылыми еңбектері топтастырылған – Таңдамалы кітабы, құрастырған алаштанушы, публицист, баспагер және қазақ ұлтының ардақты ұлы *Ғарифолла Әнәс*. Таңдамалы жиынтығынан Халел Досмұхамедұлының «*Сана газетінің*» негізгі мақсаттарын айқын қойып, атына сай саналы, танымдық бағытты ұстанып, қазақ жұрттын барлық салада көз ашып, оятып, білім алуға, ғылым ізденуге, өз тарихын біліп, жаңа білім үйреніп, басқаға үйретуді насихаттады. Жұртқа шынайы ниетпен, еңбекпен сапалы білім, түсінікті кітаптар, барлық саланы қамтып елінің қазірі, болашағы үшін қызмет жасауды ұлы мақсат еткен біртуар тұлға. «*1923 жылы Сана баспасөзін шығарғандағы мақсатымыз аз да*

*болса, алақтаған мұғалімдерге, жас өспірім шәкірттерге түсінікті сөз беру. Бұл өте ауыр жұмыс, дегенмен де кіріспеске амал жоқ. Заман тоқтамайды, гулеп өтіп барады. Журнал шығарғанда біздің ұстайтын жолымыз мынау:*

***1.Ең негізгінен бастап әр пәндерден түсінікті қылып жалпы білім беру***; 1) ғылым-қисап (математика); 2) физика, химия туралы түрлі мағлұматтар беру; 3) дүниенің жаралуы, түзілісімен, аспандағы аспандағы жұлдыздармен жердегі болатын жауын-шашын секілді өзгерістермен таныстыру; 4) жануарлармен, жер жүзіндегі ағаш, шөп секілді түкпенен, тас топырақпен таныстыру; 5) бұрынғы өткен халықтармен, олардың мәдениетімен салтымен таныстыру, бұрынғыдан өткен қалған тамтықтарды қалай іздеу жайында, қалай пайдалану туралы баяндама беру; 6) Қай жұртта қандай шаруа бар, қандай іс бар, қандай тұрмыс-тіршілік бар – сонымен таныстыру; 7) жер жүзіндегі елдермен, жерлермен таныстыру; 8) санақ туралы баяндама беру, жер жүзіндегі елдердің туысының, өлімнің, оқуының, сауатсыздығының, түрлі қажетіне жұмсайтын санағын беру; 9) адамның, малдың аурулары туралы, саулық сақтау туралы мәліметтер беру; 10) хәріп түзу, баспахана түзеу, кітап бастыру, сүгірет туралы мағұмат беру.

2. Қазақ-қырғыз жұртының тарихымен, салтымен, әдетімен, тұрғын жерімен таныстыру. «Жеті атасын білмеген мұртұд» деген мақал бар. Өз еліміздің өткен-кеткені туралы қолдан келгенше толық мағұлмат беру, ата-бабаларымыздың істерімен танысып, еткен жаңылыстарына күйініп, жақсылықтарына сүйініп алмақ – сана береді.

Қазақ-қырғыз жұртының тілімен, әдебиетімен жақсы таныстыру. Тіл – жұрттың жаны. Өз тілін өзі білмеген ел болмайды. Мәдениетке ұмтылған жұрттың алдымен тілі өзгермекші, тілі бұзылмақшы. Тілінен айырылған жұрт — жойылған жұрт. Тілімізді бұзбай ұстарту шарттарын қарастыру, жұрт әдебиетінен, көркем әдебиеттен үлгілер көрсетіп, өрнекті түрлерімен таныстыру.

Білім тартып, елдің қолын мәдениетке жеткізетін — мектеп, сондықтан мектептің тарихы, түрлері, түзелісі, оқуы, оқыту реттері, мұғалімдердің, шәкірттердің күй-жайы туралы, оқу құралдары туралы баяндама беріп тұру.

Адамның табиғатында бір мінез — ойын-сауық қылып, қызықтар көру. Ойынамайтын адам жоқ. Күлмеген адам — адам емес. Ойын-сауықтың пайдасы да, зияны да көп. Салтымызға, тұрмысымызғаға қарай түзілген елімізде көп ойындар бар, Бұларды менсінбей ұмытып барамыз. Бұл жарамайды. Біздің кейбір ойындар Ауропа таңдандыралық. «Сананың» бір міндеті өз ойындармен, бөтен еліміздегі ойындарымен оқушыларын таныстыру.

Бұл дүниеде адам баласы таңданатын іс қылып өткен ірі адамдар бар. Бұл адамдардың аттары атадан балаға ұмытылмай келе жатыр. Түрлі данышпандар, шешендер, шеберлер, ақындар, билер, тағы да басқа көп өткен. Осындай адамдар қазақ қызғыз арасында аз болмаған.

**Өз жұртына жұмыс қылып, еңбек сіңірген адамдарды кәдірлеу — елдің белгісі**. Сондықтан ең алдымен өз жұртымызда болған, сонан соң шет елдерде болған ірі адамдармен таныстыру.

«Мәдениет майданы» деген «Сананың» бір бөлім бар. Бұл бөлімде елдің мәдениеті туралы істелінген істі, үлгілі мектеп, медреселердің күй-жайын, мәдениет-білім ұйымдарының тіршілігін, хүкіметтің мәдениет-білім туралы бұйырық, жарлықтарын, тағы сондай басқа нәрселер де жазылып тұрмақшы.

Қазақ-қырғыз тілінде я қазақ-қырғыз туралы бөтен тілде шыққан кітаптарды тізіп тұрмақшамыз.» [4]

Жоғарыда келтіріген Халел Досмұхамедұлының «Сана» қысқа мерзімді баспаның әрбір мақсаты айқын, қазірде әрбір баспаханаларға, кітап, журнал жазамын деген тұлғаға таптырмас бағыт, ұстаным.

«*Жазушыларға ескертетін нәрсе; әрі болса қара – халық үшін, ауыл мектептерінің мұғалімдері түсінетін сөздер жазуға. Жазған сөздерің қойыртпақ болмай, таза тартымды болсын. Сырты бар, іші жоқ құр тізілген хәріптің керегі жоқ. Әрбір жазылған сөздің журналымызға лайық мағынасы болсын. Кем мағына оза жайлып, кең сөйлеудің керегі жоқ.*» Сырты бар, іші құр тізілген хәріптен қарағанда таза негізі мән беретін, танымдық-ақпарат беретін еңбектердің жазылуын талап етті, өзіде бұл білім саласында тарп етпей қаншама жылдарын арнады. Кітап жазу, мақала жазуда табандылықты, ізденпаздықты керек ететін еңбек.

Халел Досмұхамедұлы және оның өмір мен шығармалары кітабын 1996 жылы алғаш Алматы қаласында басылып шықты. Еңбекті құрастырған ғалым, филология бағытындағы зерттеуші – Динара Әбдірақымова. Авторлары: Тарих ғылымдарының докторы, профессор – Кеңес Нұрпейсов; журналист қоғам қайраткер, жалпы редакциясы басқарған – Мұрат Құлкенұлы; ғалым, зерттеуші – Бейбіт Хабижанов; педагог ғалым – Асқар Мектепұлы. Халел Досмұхамедовтың қиын да қайғылы өмірі мен шығармашылық жолы жан-жақты баяндалған. Еңбекте Досмұхамед әулетінің мұрағатынан, ҚР Мемлекеттің мұрағатынан, ҚР Медицина және Денсаулық сақтау тарихы мұражайынан, Ұлттық кітапхананың сирек кітаптар қорынан, сондай ақ Санкт-Петербург, Мәскеу, Ташкент мұрағатынан алынға материалдар бар.

Кітаптың «Әдебиет танушы ғалым, этнограф-тарихшы, профессор» 5 тарауының тақырыбын Асқар Мектепұлының зерттеуінде Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің қаулысымен 1919 жыл алашордашыларға кешірім жасалып, олар енді Кеңес өкіметінің жұмысына тартылас бастайды, осылардың қатарында Халел Досмұхамедұлы да бойындағы бар білім-парасаты мен күш-қайратын аямай халықна қалтықсыз қызмет етудің үлгісін көрсетеді. Ол 1920 жылы Ташкентке келіп Орта Азия университеті медицина факультетінің ауруханасында ординатор және бір мезгілде Халық ағарту институтында оқытушы бола жүріп ғылыми-педагогикалық

жұмыстарымен айналысады, әр мектептің санитарық дәрігері міндетін қоса атқарады. [5]

1918 жылы құрылған Түркістан Автономиялы Республикасының Орталық Атқару Комитетінің жанында 1920 жылы Қазақ (қырғыз) бөлімі ашылып, оның мүшелері Нәзір Төреқұлов, Георгий Сафаров, Сұлтанбек Қожанұлы, Санжар Асфендияров, хатшылары Халел Домұхмедұлы мен Махмұл Бұйдайұлы саланады. 1921 жылдың қазан айынан бастап Қазақ-қырғыз Білім Комиссиясының төреағалығында Халел Досмұхамедұлы бекиді. Атқарытлатын жұмыс салмағы ауыр және жаңа бастама болғандықтан жауапкершілгі зор Халелге берілді. Нақ осы шақты Қазақ-қырғыз Білім комиссиясы Халық Ағарту Комиссариаты жанынан құрылған Ғылыми кеңестің құрамына өтеді. Білім Комиссиясының басшысы ретінде Халекең бірден қазақ-қырғыз мектептері мен жоғары оқу орындарында оқытылатын пәндердің бағдарламаларын жасауға түрлі саладағы оқулық жазуға, ғылыми терминология қалыптастыру, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап, жүйелеу бастыру жұмысына белсенді түрде ат салысады. Халекең басы-қасында жүріп, тікелей мұрындық болуымен 1921 жылдың өзінде Білім Комиссиясы Ахмет Байтұрсынұлының «Әліппе», «Баяншы», «Тіл — құрал» (I және II бөлімдерін), Міржақып Дулатұлының «Оқулық құралы», «Есеп құралы», Иса Тоқтыбайұлының «Жалпы жағырапия», «Түркістан жағырапиясы», Халел Досмұхамедұлының «Табиғат тану», «Жануарлар» (I бөлімі) кітаптарын Орта Азия мемлекеттік баспасына тапсырады. [6]

Білім комиссиясының алдында негізгі қаржының жетіспеуінен қиындықтар туындады. Бұл мәселені Әнәс Ғарифолланың құрастырған Таңдамалы және Динар Әбдірақымовның зерттеу жинтығынан көре аламыз, енді нақты баспа жұмыстары қандай мәселер туындағанын талдап қарасақ.
1) Мықты мамандардың жетіспеуі, себебі өзге мекемеден шақыруға қаржының аздығынан қосымша жұмыс күштерін ала алмады. Одан қала зерттеуші Әнестің еңбегінде Халелдің жазуынша сол уақытта жаңа шаруашылық саясаты жүріп, Білім кәмисиесінде тек үш кісі ғана қалды: бірі төбе бастық, бірі мүшесі, бірі білімді хатшысы қалды. Бұл деген жұмыс сапасының түсуіне тең
1) Материалдық қажетті құрал-жабдықтарға кемдігінен, түзетушілер жоқтығынан бастапқы кітаптар техникалық жағынан өте нашар болды. Білім комиссиясының алдындағы бір жұмыс қазақтан коректірлер (түзетушілер) табу

2) Баспа үшін даярланған сөздерді көшірген шәкірт балаларға, орындалған еңбектің қаламақысы бірнеше айға кешіктіріліп берілді. Ақы беріп білімділерге жұмысын істете алмады.

3) Алғашқы ұйғарған кең жолды қойып, комиссия қолынан келерлік ғана жұмыстарға айналды. Ең керек екпінді жұмыс деп комиссия бірінші, екінші басқыштарға оқу кітаптарын даярлауды тапты. Сонан соң комиссиядағы жиылып жатқан халық әдебиетін түстеп, түзетіп баспаға

даярлауды ұйғарды. Үшінші жұмыс — баспаға берілген кітаптардың тез дұрысталып басылып шығуын қарастыру болды.

5) «Кітап жаз деп тапсырылғандарға қолайлы шарттар қоя алмадық, ақша жағынан болсын, тұрмыс түзеу жағынан болсын жәрдем бере алмадық. Сондықтан неге кітап жазбайсың деп айтуға болмайды дейді. Себебі тамақ асырап тұрған жұмысын тастап, аш-жалаңаш болсаңда көптің жұмысын қыл деп төрт-бес жігітті қамтыуға болмайды» дейді Халел Досмұхамедұлы

*Білім әдебиеттің негізі — ғылым атауларын дұрыстап тағу, өзінің жақсы білетін пәнін қолға алып, бұны қалайша қолға аударамын деп алғы сөзбен шатасқан кісі ғылым атауларын дұрыстап таға алады. Бұндай кісілер кітап жазушылар. Халел Досмұхамедұлы*

Халел жоғарыдағы Білім комиссиясындағы олқылықтарға қарамай жатпай-тұрмай ізденісі мен қам-қарекеті өз жемісін бере бастады. Ол бұл тұйықтан шығудың жолдарын қарастырып, пікір алмасу мақсатында атқамінер қазақ-қырғыз зиялыларын шақырып, қол ұшын беруді өтінді. Осыдан соң көптеп көмектеп, жақсылардың шарапаты тиіп, Білім комиссияның есеп-шотына ақша айналысының тамыры соға бастайды. Халекең экономикалық саясаттан қысқарып қалған орындарды қалпына келтіріп, Әбубәкір Диваев пен Уалихан Омарұлын мүшелікке қабылдайды. Ол енді қазақ-қырғыз Білім комиссиясының жүйесіне өзгерістер енгізіп, жаңа үй-жайға көшіреді, мекеменің өз канцеляриясын ұйымдастырады. Жақын аралықта атқарылатын жұмыс ауқымының жоспарын анықтап, жазылатын оқу құралдарына сыйлықтар берудің шарттарын белгілейді.[7] *Көріп отырғаныңыздай Білім комиссиясының жұмысы құлдып бара жатқанда, қайта қалпына келтіріп, қиындыққа сынбай, әрі қарай жүйелі жоспарлы мақсаты бойынша еңбек ете берді*. Бұл еліне деген, халқына деген шынайы жанашырлық, ағартушылық жолдағы табандылық. Былай ойлап көрсек осы жерден барлық қиындықтан жұмысты тоқтап, қазақ тілінде еңбектер жарық көрмесе қалай болар еді? Шыныменде машақты көп, ұзақ уақытты алатын бірінші ізденіп кітап жазу, оны тексеріп шығару жолындағы табандылық бұл Халел Досмұхамедұлының бала кезінен өз тілі, тарихын, жұртын жақсы білуінде емес пе? Тағы ағартушылық жолындағы ұлы мақсаты қазақ тіліндегі ғылыми-танымдық, әдеби-мәдение және әртүрлі салалардағы мағұлматы қара халыққа, оқушыларға түсінікті тілде жеткізіп, көкірек көзін, жүрек көзін, дүниетанымын ашу болғаны сөзсіз.

Білім Комиссиясы баспаға дайындаған Әбубәкір Диваевтің «Бекер Батыр», «Мырза Едіге», «Алпамыс», «Нәрікұлы Шора», «Шора батыр», «Қобыланды», «Тарту жинағы», Сұлтанбек Қожанұлының «Арифметика» (I бөлім), Жәленұлының «Арифметика» (II бөлімі), Халел Досмұхамедұлының «Жануарлар» (II бөлім), «Адамның тән тірлігі», Табынбайұлының «Педагогика», «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», «Қыз Жібек», «Кенесары—Наурызбай», Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың «Сұлтан Кенесары тарихына қосымша материал» (орыс тілінде), «Абай өлеңдерінің таңдамалы жинағы», (Алғы сөз, түсініктемелерімен) жеке-жеке кітап қылып

шығарды. Кеңес дәуірінде ең алғашқылардің бірі боп үлы Абай тақырыбына түрен салған да Білім Комиссиясы еді. Нәзір Төреқұлов бұл іске толыққан жауапкершілік алып, Абайдың қырғыз-қазақ әдебиетіне, оқушыларға, шәкірттерге, мұғалімдерге келетін кемшіліктерды тездікпен жөнделіп, басып шығарылды.[8] Адамзаттың Абайын терең түсініп, сол уақыт межесінде данышпан тұлғасын толыққанды түрде оқырман зердесіне жеткізуді мақсат тұртудың өзі —Халел сынды халқының бітуар көрегендігі, ұлт мәдениетінің асыл қазынасын тап басып, тани білгендігінің дәлелі. Осы тұста Әбубәкір Диваевте баспа жолының қиындығына қарамай, уақытн сарп етіп, еңбектеніп, Жетісу және Сырдария облыстарынан жинаған халық ауыз әдебиетінің үлгілеріне, ұлттық әдет-ғұрып пен салт-дәстерге байланысты құнды зерттеулерінің ғылыми мән-маңызын алғаш боп Х. Досмұхамедов жоғары деңгейде бағалап, жеке-жеке кітап етіп бастыруда қолдаған.

Әнес Ғарифолланың Таңдамалы кітабындағы деректерінде1922 жылы баспаға берілді делінген. Тағы да «Хазіргі күнде қазақ-қырғыз кәмисиесінде тек екі адам бар: төбе ағасы Досмұхаметов, мүшесі Әбубәкір Дибаев. Білімді қатшысы Уалихан Омарұлы өткен майда шығып кеткен еді. Білімді қатшының орнына осы күнге дейін қолайлы кісі табылмай тұр. Осы күні ресми жұмыстардан басқа кәмисиенің мүшелері мынадай жұмысын істеп жатыр: Х. Досмұхамедұлы екінші басқыш үшін адамның анатомиясы мен пизиеологиясін жазып жатыр. Ә. Дибаев Сырдариа қазақтарының арасында жиналған материалдарды түстеп жинап жатыр.

Халел Досмұхамедұлының халық-ағарту саласындағы қыруар еңбегінің бір парасы – бүгінге дейін өз бағасын алмай жүрген, сол кезеңнің аса сұранысын өтеген, медицина, жаратылыстану, ана тілі мен әдебиет тану саласындағы алғашқы қазақ тілінде жазылған оқу құралдары мен ғылыми-танымдық кітаптар. Әсіресе, «Табиғат тану» (Ташкент, 1922 жыл, 127 бет), «Жануарлар» (бірінші басылым 1922 жылы Ташкентте 35 000 данамен, екінші рет бірінші бөлімі «Сүйектілер туралы» Қызылорда— Мәскеу, 1927, 303 бет, таралым 5000 дана), «Как бороться с чумой среди населения Киргизкого края» (орыс тілінде, бірінші басылым, 1918 жылы, екінші басылым Ташкент, 1924) «Оқушылардың саулығын сақтау» (бірінші басылым Ташкент, 1923, екіншісі 1925 жыл. Көлемі 23 бет), «Қазақ-қырғыз тілдегі сингармонизм заңы» (Ташкент, 1924, 53 бет), «Адамның тән тіршілігі» (қазақша-орысша сөздік жаратылыстану сөздігі, бірінші басылым, Қызылорда— Мәскеу, 1927 ж) [9]. Халел Досмұхамед Қазақ педагогикалық институтында ұстаздықпен қатар баспа ісін басқарап, зерттеу жұмыстарын жасап, тұңғыш жаратылыс тану пәндеріне қазақ тілнде терминдермен кітаптар жазды.

Бұл жоғарыдағы кітаптың әрқайысы өте құнды, қазіргі уақытта «Оқушылардың саулығын сақтау» кітабын талдасақ. Неден бұл кітапша қазақ тілінде аударылды? Себебі сол уақытта елде денсаулықты сақтау, қазақ-қырғыз балаларының жеке тазалық сақтау жұмысының нашар болғанынан, түрлі жұқпалы аурулар алдын алу үшін тазалық шараларын

түсіндіретін қазақ тілінде кітаптың болмауынан туындады. Халел өзі дәрігер болғандықтан қазақтың балаларының болашағы үшін, тән де жаны да сау ұрпақ болуы үшін тазалықтың, денсаулықтың маңызын мұқияттылып аударып жеткізу. *Кітапшада мектепте саулық сақтау шарттары үгіт ретінде жазылған, мынау пайдалы, мынау зиян деп ұстазы шәкіртін үгіттеген түрде айтылған. Голландия халық ағарту министрлігі барлық мектептерге қолдануға міндет қылған. Орыс тілінен қазақ тіліне аударғанда, жұртымыздың тұрмысына лайықтап, біраз өңдеп, біраз қосымшалар енгізді*. [10] Енді бізде басқа тілден аударуға үлгі бар, өзіміздің салт-дәстүрімізге, мәдениетімізге қарай өзгеріп, икемдеп жасауды негізі алсақ, қоғамға пайдалы, қабылдау жеңілірек.

1920 жылы ашылған Қазақ халық ағарту институтында ұстаздық етті, бұл қазақтың тұңғыш жоғары оқу ордасы. Енді атқарылған жұмысты тарқатсақ, 1920 жылы 11 қыркүйек институттың ұйымдастыру комитетінің мәжілісі өтті. Мәжіліске төреағалық еткен Емберген Табынбайұлы, мүшелері Халел Досмұхамедұлы мен Ходжиковтың қатысуымен күн тәртібінде 5 түрлі мәселе қаралды: 1) институт жанынан лазерет ашу (оған дәрігер, медбике, санитар ұстауды қажет деп тапты); 2) жұмысалатын қаржыны бекіту; 3) ұстаздан құрамын шақырту; 4) бас есепшінің орын басарын тағайындау; 5) шеберханаға қосалқы үй-жайды шешу. [11]

Халел Досмұхамедұлын көріп, шәкірт болған лингвист түріктанушы, академик Смет Кеңесбаев былайша әңгімелейді:

«Институт орналасқан ғимараттың екі жақ қабырғасыеа керілген қызыл мараға ақ бояумен кішігірім баланың үлкендігіндей «Қазақ-қырғыз тәлім-тәрбие үністеті» деген араб қарпімен нақышталған сұлу жазу алыстан көзге шалынатыны әлі жадымда. Институтта бізге қазақ тілінен Елдес Омарұлы, әдебиеттен Смағұл Сәдуақасұлы, педалогия, анатомия мен физиология пәндерінен Халел Досмұхамедұлы дәріс берді. Орта Ахияда педалогия негізін салушы – Халел Досмұхамедұлы. Білікті ұстаз ұйымдастырушылық, ғылыми-шығармашылық талатымен Халық Ағарту Комиссариаты Жоғары педагогикалық институтының проректорына тағайындады. 1929 жылы қазан айында Ташкенттегі пединститутттың негізінде Алматы қаласында Қазақ мемлекеттік ашудың мүмкіндігі туды. Халел Досмұхамедұлы қара шаңырағымыздағы білім ошағының ұйымдастыруына белсене араласып, оның тұңғыш проректоры болды. 1926 жылы арнайы комиссия шешімімен оған педалогия ғылымының доценті атағы берілді.[11]

Ташкентте шығармашылығында педагогикалық ағарту жұмыстарын қазақ тілінде төл оқыулықтары шығару ісін жоғары деңгейге шығарды. Қазақ баласының тұңғыш ата тілінде оқыған *«Табиғат тану»* кітабының алғы сөзін оқып көрелік: *Ғылым ретінде кітап жоқ болған соң, балалардың өтінуі бойынша баспаға беріліп отыр. Термин табу бек қиын, сөйткенмен, қолдан келгенше терминдерді нағыз қазақ сөзінен алдық. Қата кеткен термндер болса, хат арқылы білдіруіңізді өтінеміз. Табиғат ғылымын*

*тәжірибесіз оқыту — жарты оқыту болады. Тәжірибелерді амал келгенше оңай істелетін қалып айттық; әрбір мектепте табылатын құралдармен тәжірибе қылатын қылап жаздық »* Х. Досмұхамедұлы. Ташкент, 1921-інші жыл, 15-інші мамыр. [12] Бір зер салып қарлық, білім берудің ана тілі принципін ұлттық білім беру жүйесі мен оқушыға ана тілінде теориялық сапалы оқулықпен қатар тәжірибелік бағыты үнемі қолдануды үгіт еткен. Дәл осы еңбегінде тәжірибелік тапсырмаларды жасап шыққан.

«Жануарлар» атты оқу-құралының кіріспесіндегі Халел Досмұхамедұлының тың ойына назар салсақ: «Елді ағартып, нандықты жоюдың шын жолына түсудің заманы келді, надандықты жоюдың шын жолы — ана тілімен ғылым үйрету, ғылым үйретін мектептерді көбейту...».

«Ғылым атауларын дұрыстап таба алмай, тіліміздің ғылыми жолына дұрыстап сала алмай, кей жұраттарша араб пен парсыны, латын мен орысшаны араластырып былжыратсақ, бұл тіліміздің жарлылығынан емес, кемідігінен емес, кітап жазушыларының нашарлығынан, өз тілін әбден білмегендігінен болады» (Халел Досмұхамедұлы, Ташкент 1921 жыл, 1-інші мизам, «Жануарлар». 2-басылымы, Қызылорда-Мәскеу, 1928 ж.) [13]

Халел Досмұхамедұлының «Адамның тән тірлігі» деген кітабының «Сөз басы» бөлімінде пәннің мақсатын сөздің қиюын келтіріп, оқушының қабылдауына қарапайым тілімен жеткізеді: «Адам денесінің қалай түзілгенін тексеріп анықтайтын білімді «Анатомия», не тән жүйесін тану деп атайды. Анатомия деген сөз грек деген халықтың тілінде «сою» деген сөз.. дененің неден, қалай болып жаратылғандығын білумен дене тану бітпейді. Денедегі мүшелердің не үшін жаратылғандығын, мүшенің не үшін қызмет қылатын білу керек. [14]

Табиғат тану терминін тұңғыш енгізген Халел Досмұхамедұлы, ғалым қолданғадай қазіргі уақытта зоологияны –жануарлар; анатомияны – адамның тән тірлігі; деп қолдансақ тіліміз жарасымды болар еді. Халел Досмұхамедтың ұстанымен басқа баламада емес қазақ тілін бұзбайтын, сезілмейтін жаңа сөзді ізденіп жасап, шығару.

Бұл қазіргі тәуелсіз Қазақстанның құрылуына дейін ана тілінің қадір-қасиетін жете түсініп, ел болу үшін барлық салада ана тілінің үстем болатын дәлелдейтін еңбектер. Жоғарыдағы ХХ ғасырдың басында қазақ халқының сапалы білім алуы үшін, қиын заманның өзінде ана тілдің жойылмасы үшін қыруар еңбек ерткен Алаш тұлғалары елдің тарихында асыл мұраларымен жұрт жадына сақталады. Бірақ біз саралап қазіргі қос тілді мемлекетімізде баспа ісінде, іс-қағаз ісінде Алаш тұлғаларынң еңбегінен аларымыз көп, бұл туралы білмейтін жұртқа үйретеріміз көп. Әсіресе ғылым бағытта қазақ тілінде оқулықтардың дұрыс аударылмауы, халыққа түсініксіз деңгейде болуы, басқа тілде ақпарат алу түсінікті деген ұстанымдар көбеюде. Енді көз қарақты оқырмандар, сөз түзеймін, ғылымға үлес қосамыз десесек Халел

Досмұхамедұлының ғылыми еңбектерін жете танысып, талдап, зерделеуіне үлес қосуымыз қажет.

## Қолданылған әдебиет тізімі:


1. Халел Досмұхамедұлы Таңдамалы. (Құрастырған Ғарифолла Әнес. 2-басылым). Алматы: «Өлке» баспасы, 2003. -240 бет. 71 бет
2. Халел Досмұхамедұлы және оның өмір мен шығармалары. Нұрпейісов К, Құлкенов М., Хабижанов Б., Мектепов А. Алматы «Санат», 1996. —176 бет. 21 бет (Жалпы редакциясын басқарған М. Құлкенов. Құрастырған Динара Әбдірақымова.) «Санкт-Петербургтегі студенттік күндер. Қалыптасы кезеңі»
3. Халел Досмұхамедұлы және оның өмір мен шығармалары. Нұрпейісов К, Құлкенов М., Хабижанов Б., Мектепов А. Алматы «Санат», 1996. —176 бет. 24 бет (Жалпы редакциясын басқарған М. Құлкенов. Құрастырған Динара Әбдірақымова.) «Санкт-Петербургтегі студенттік күндер. Қалыптасы кезеңі»
4. Халел Досмұхамедұлы Таңдамалы. (Құрастырған Ғарифолла Әнес. 2-басылым). Алматы: «Өлке» баспасы, 2003. -240 бет. 74-76 бет
5. Халел Досмұхамедұлы және оның өмір мен шығармалары. Нұрпейісов К, Құлкенов М., Хабижанов Б., Мектепов А. Алматы «Санат», 1996. —176 бет. 114 б
6. Халел Досмұхамедұлы және оның өмір мен шығармалары. Нұрпейісов К, Құлкенов М., Хабижанов Б., Мектепов А. Алматы «Санат», 1996. —176 бет. 115 б
7. Халел Досмұхамедұлы Таңдамалы. (Құрастырған Ғарифолла Әнес. 2-басылым). Алматы: «Өлке» баспасы, 2003. -240 бет. 78-79 бет
8. Халел Досмұхамедұлы және оның өмір мен шығармалары. Нұрпейісов К, Құлкенов М., Хабижанов Б., Мектепов А. Алматы «Санат», 1996. —176 бет. 117 б
9. Халел Досмұхамедұлы және оның өмір мен шығармалары. Нұрпейісов К, Құлкенов М., Хабижанов Б., Мектепов А. Алматы «Санат», 1996. —176 бет. 120 б
10. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы (Избранное). — Алматы: Ана тілі. 1998. —384 бет. «Оқушының саулығын сақтау» кітапшасы, 192 бет
11. Халел Досмұхамедұлы және оның өмір мен шығармалары. Нұрпейісов К, Құлкенов М., Хабижанов Б., Мектепов А. Алматы «Санат», 1996. —176 бет. 123-124 б
12. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы (Избранное). — Алматы: Ана тілі. 1998. —384 бет. «Табиғат тану» кітапшасы, 325 бет
13. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы (Избранное). — Алматы: Ана тілі. 1998. —384 бет. «Жануар» кітапшасы, 263 бет
14. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы (Избранное). — Алматы: Ана тілі. 1998. —384 бет. «Тән тірлігі» кітапшасы, 289 бет

# ҚАЗАҚ ЭТНОГЕНЕЗІНІҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ: ГЕНЕТИКАЛЫҚ, АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ САБАҚТАСТЫҚ

***Күнат Ақерке***
*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің*
*Тарих білім беру бағдарламасының 2-ші курс студенті*
***Макишева А.Т.***
*Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы*

**Аңдатпа:** Бұл жұмыста қазақ халқының қалыптасу тарихы заманауи популяциялық генетика, антропология және салыстырмалы тіл білімі тұрғысынан кешенді түрде қарастырылады. ДНК сараптамаларына сүйене отырып, қазақ шежіресінің (Y-хромосомасының берілуі) биологиялық негіздерін және «жеті ата» жүйесінің генетикалық тазалықты сақтаудағы рөлін ашу.

**Түйін сөздер:** қазақ этногенезі, популяциялық генетика, антропология, салыстырмалы тіл білімі, ДНҚ сараптамасы, қазақ шежіресі, Y-хромосома, жеті ата жүйесі.

**Аннотация:** «В данной работе история формирования казахского народа рассматривается комплексно с точки зрения современной популяционной генетики, антропологии и сравнительного языкознания. Опираясь на результаты ДНК-анализов, раскрываются биологические основы казахского шежире (передача Y-хромосомы) и роль системы "жеті ата" в сохранении генетической чистоты».

**Ключевые слова:** этногенез казахов, популяционная генетика, антропология, сравнительное языкознание, ДНК-анализ, казахское шежире, Y-хромосома, система «жеті ата»

**Annotation:** This work provides a comprehensive analysis of the formation history of the Kazakh people from the perspectives of modern population genetics, anthropology, and comparative linguistics. Based on DNA analysis, it explores the biological foundations of the Kazakh 'shezhire' (Y-chromosome inheritance) and the role of the 'zheti ata' system in maintaining genetic diversity.

**Keywords**: Kazakh ethnogenesis, population genetics, anthropology, comparative linguistics, DNA analysis, Kazakh shezhire, Y-chromosome, zheti ata system.

Қазіргі тарих ғылымы тек жазба ауыз екі деректермен шектелеғана қоймай, молекулалық биологиялық деректергеде сүйенеді. Қазақ халқының қалыптасу жолы — мыңдаған жылдарға созылған күрделі процесс.Бұл мақалада ДНК ақпараты,лингвистикалық деректердің қалай бір арнаға тоғыстырамыз.

Биологиялық кодты Y-хромосома мен ДНК арқылы қарастырсақ генетикалық зерттеулер көрсеткендей, адамзаттың түп-тамыры ортақ [1,39 бет]Алайда, миграция барысында нақты генетикалық маркерлер қалыптасты. Қазақ руларының шежірелік құрылымы ер адам арқылы берілетін Y-хромосомасымен тікелей байланысты. Бұл «жеті ата» дәстүрінің генетикалық деңгейдегі нақты көрінісі. Ал митохондриялық ДНК деректері қазақ жерінде еуропалық және азиялық (моңғол тұрпатты) аналық желілердің тең дәрежеде тоғысқанын көрсетеді. Түркілер мен

Америка үндістер арасынды Генетикалық туыстықтың бар екені рас. [1,29 бет]

Ең маңызды дәлелдерінің бірі — Алтай-Саян аймағы мен Америка үндістерінің арасындағы байланыс. ДНК сараптамасы бойынша тывалықтар мен үндістердің гендік жиынтығы 72% сәйкес келеді. Бұл түркі тілдес халықтардың арғы аталарының сонау палеолит дәуірінде (30-40 мың жыл бұрын) Беринг мойнағы арқылы Америкаға өткенін айғақтайды. Бұл — қазақ этногенезінің тамыры сонау тас дәуірінен басталатынының биологиялық мөрі болып табылады. [1,30- 32 бет].

Антропологиялық бейне және тіл сабақтастығы жағынан Қазақстан аумағындағы соңғы палеолит дәуірінен (40-10 мың жыл бұрын) бастап протоеуропалық нәсілдер мекендеген [1,31 бет]. Уақыт өте келе, климаттық адаптация мен миграция нәтижесінде моңғол тұрпатты белгілер қосылып, қазақтың бүгінгі «өтпелі» нәсілдік бейнесі қалыптасты. Сонымен қатар, лингвист Дж. Клоусонның есептеуі бойынша, түркі тілінің тұрақтылығы оның 100 мың жылдық тарихы бар екенін меңзейді [1,32 бет]

Осы ақпаратқа сүйене отырып моңғолдық тұрпат тек уақыт өте қалыптасқанын аңғарамыз.

Ежелгі генетикалық субстрат Сақ, Сармат, Ғұн кезеңдерінде қазақ халқының құрамындағы ең көне үлесті автохтонды және миграциялық ағымдарды сипаттайды:

Арыс және Адай тайпалары :Арыс атауын ежелгі сақтардың «Арес» құдайына табынуымен және грек мифологиясындағы деректермен байланысады. Адай тайпасын ежелгі «Дай» (Dahae) тайпаларының тікелей ұрпағы ретінде қарастырады. [6,88 бет]

Генетика үшін маңыздылығына келсек бұл Каспий маңындағы популяциялардың мысалы ретінде қамтылады және Кіші жүз рулары генетикалық тамырын тереңнен іздеуге басты олжа.

Ғұндардың Орталық Азиядан Батысқа қарай жылжуы, олардың арасындағы «Асылұй»әулетінің рөлі басым. Ғұндар мен қазақтардың этностық сабақтастығы өте жоғары.

Генетикаға әсері Шығыс Азиялық C2-M217 сияқты гаплогруппалардың қазақ даласына келуінің тарихи алғышарты.

Ру-тайпалық генеалогия ,Шежіре мен Генетика байланысы:

Қазіргі қазақ руларының ежелгі атаулары мен олардың таралуы туралы нақты деректер бар: [2,86-106 бет]

Үйсін және Қаңлы тайпасының «Шаньюй» (ғұн билеушілері) әулетімен байланысы және олар Тянь-Шань “Тәңір тауы “аймағын мекендеген. Қаңлылардың (Кангюй) ежелгі Авеста заманынан келе жатыр.

Қыпшақ және Құман: Қыпшақтардың Орта ғасырлардағы Еуразия даласындағы үстемдігі, олардың құрамындағы рулар , «Алып» және венгр (мажар) қыпшақтарымен байланысы бар. [2,108-109 бет]

Ақпараттарды жинастыра келе Қыпшақ бірлестігіне кіретін рулардың (R1b, R1a, J2 гаплогруппалары) Еуропалық және Орталық Азиялық популяциялармен араласу деңгейін түсіндіреді.

Ежелгі Жунди халықтарының «сары шашты, қоңыр түсті немесе қызыл шашты» болғаны туралы Қытай деректері бар.Бұл популяциялық генетикадағы фенотип пен генотиптің (еуропеоидтық және монголоидтық белгілердің араласуы) өзгеру динамикасын сипаттауға көмектеседі және нақты дерек береді.

Сақ, Скиф халқы Аморги, Дай, Кангюй, Парны, Апасиаки, Массагет дейтін топтардан тұрады. Парны тобын алып тастаймыз, оның "арғы жақ" деген Парсы сөзі екені анық. Оның орнына Арес тобын кіргіземіз. Сақтар бұл атауды құрбандық шалғанда жиі қолданған тәрізді. Көшпенділерде ата-баба рухына табыну дәстүрі ертеден бар болған белгілі[2,84-88 бет].

Яғни айта кетсек, Сақтар арғы аталарын Арес деп атаған. Бұл Адай деген тайпа бары бекер еместігін айтады. Ендеше Адай тайпасы қазіргі Батыс Қазақстан аймағын ертеден мекен еткендігін осыдан ақ түсінеміз.

Әуелде Шаньюй Құн халқының 24 тайпасы көсемдерінің арасынан сайланған. Мөде көсемінің есімінің дұрысы Тайман екенін айта кетсек болады. Бұл атаулар біздерге қытай жылнамасынан жеткен. Олардың қытай тілімен өзгеріп жазылғаны түсінікті. Си Люань-ди атауы дұрысында "Асыл үйлер" екенін және ол сәл кейін Асылұй болып қалыптасқанын. [2,106-202 бет]

Аңыз бойынша Хұн ханзадасы мен қасқырдан Ашина тегі пайда болған. Олар Алтай тауында өмір сүрген, саны бірнеше жүз отбасынан құралған. Ашина Жужан қағанының сенімдісі яғни вассалы болған деп саналады.

Түрік Селжүктері өздерін қазақ халқынан тарағанбыз деуін олардың басшысының тегі дәлелдейді. Оның Көк Түрік адамы екеніне Сю баши (Асүй басшы немесе Асылұй басшысы) деген лауазымы дәлел. Оны Оғыз елінің Қынық тайпасынан деп көрсеткен. Қынық тайпасынан шыққан "Сю башиының" тегі аль-Казы екен.Оғыздар Үзік (Языг) немесе Үз деп аталған тайпа екенін, билеуші топтың Акүз атауы бұрмаланып Оғыз болғанын Кеңес тарихшылары айтпайды. [6,206 бет]

Басқа тайпалар кейіннен жеке халықтарға айналды. Ал Үйсін, Қаңлы, Албан, Адай, Таз, Сыйбан, Сіргелі тәрізді тайпалар қазақ халқы құрамына кеп ұзамай сіңді.Олар жеке халыққа айналып үлгермеген. Мысалы: Үйсін мен Ошақты арасында белгісіз 36 (отыз алты) ата бар делінген. [2,207 бет]

Мифо-генеалогия бойынша Көшпенділердің тарихы көбіне шежіре мен мифтік таным арқылы сақталған, бұл олардың этникалық тұтастығын барынша нығайтып, жойылып кетуіне кедергі келтірген

Қазақстан аумағындағы халықтың физикалық типі соңғы 4000 жыл бойы үзілмей, эволюциялық жолмен дамыған. Қазіргі қазақтар — осы жерді мекен еткен қола дәуірі тайпаларының, сақтардың, үйсіндердің және

түркілердің тікелей генетикалық мұрагері.Бұл олардың үздіксіз дамуына әсер еткен.

Ежелгі еуропеоидтық негізге (қола дәуірі) шығыстан келген монголоидтық элементтердің біртіндеп қосылуы метисация процесіне жатады. Бұл процесс бір сәтте емес, ғасырлар бойы әсіресе түркі және моңғол кезеңдерінде жүрген.

Зерттеулерде қазақтарды басқа этностармен салыстыру үшін осындай нақты белгілер пайдаланылған болатын бұл Негізгі одонтологиялық көрсеткіштерге жатады.

Күрек тістердің пішіні (лопатообразность): Қазақтарда бұл белгінің жиілігі орташа деңгейде. Ол моңғолдар мен якуттарға қарағанда төмен, бірақ еуропалық халықтарға қарағанда жоғары.

Карабелли төбешігі: Бұл еуропеоидтық белгі қазақтарда тұрақты және айқын кездеседі.

Диастема: Жоғарғы орталық күрек тістердің арасындағы саңылау қазақтарда өте сирек кездеседі, бұл оларды ортаазиялық (түркістандық) типке жақындатады.

Төменгі азу тістердің құрылымы: Төрт төбешікті азу тістердің жиілігі қазақтарда «батыстық» бағыттың басымдығын көрсетеді. [5,193 бет]

Тұрақтылық жағынан Қазақ популяциясындағы одонтологиялық белгілердің «батыстық» бағыты өте тұрақты және жоғары концентрацияға ие.Ғалымдар қазақтардың өзіндік «қазақстандық локальді нұсқасын» бөліп көрсеткен. Бұл нұсқаның негізі ертедегі жергілікті еуропеоидтық қабатпен тығыз байланысты. Ғылыми жағынан алғанда бұл заңдылық түсінікті болғанымен, мәселенің практикалық жағынан біз әлі де ашылмаған мүмкіндіктердің көп екенін түсінеміз.

Қазақтар Тұрандық (оңтүстіксібірлік) нәсіл классикалық өкілі ретінде сипатталады. Бұл нәсіл Алтайдан Каспийге дейінгі аумақта ежелгі еуропеоидтық негізбен кейінгі азиялық нәсілдің араласуынан ұзақ уақыт өте қалыптасқан.

Қазақстанның әртүрлі аймақтарынан алынған 32 локальді топты 5000-нан астам адам зерттеу нәтижесі қазақ халқының антропологиялық тұрғыдан өте біртекті яғни гомогенді екенін дәлелдеген. [4,15 бет]

Тарихи сабақтастық бойынша Қазіргі қазақтардың тіс морфологиясы осы өлкеде мыңдаған жылдар бойы өмір сүрген ежелгі тайпалардың генетикалық мұрасын сақтап қалған. [2,205 бет]

ДНК-ның рөлі тұқым қуалайтын ақпараттың ядролық хромосомаларда сақталады және Y-хромосоманың тек әкеден ұлға (ерлер сызығымен) тікелей беріледі. Бұл — қазақ шежіресінің биологиялық негізіне кіреді [1,208 бет].

Митохондриялық ДНК (мт-ДНК): Бұл ақпарат тек анадан балаға беріледі. Еуропа мен Батыс Азия гендік қорында мт-ДНК-ның 10 негізгі түрі (HV, H, V, J, T, U, K, I, W, X), ал Азияның моңғол тұрпаттыларында басқа 10 түрі (A, B, C, D, E, F, G, Y, Z, M) кездеседі [1,29 бет].

Америка үндістерінің қаны ежелгі түркілермен туыс екені ДНК арқылы дәлелденген. Үндістердің ДНК-сындағы A, B, C, D түрлерінен бөлек, еуропалық X тобының болуы — олардың өте ерте заманда Алтай маңында еуропеоидтық нәсілдермен араласқанын білдіреді [1,30 бет].

И.А. Захаровтың зерттеуі бойынша, Тыва ұлтының ДНК-сы мен үндістердің гендік жиынтығы 72% сәйкес келген. Бұл түркі тілдес халықтардың Америкаға Беринг мойнағы арқылы 50-10 мың жыл бұрын өткеніне дәлел

Антропологиялық бейне: Қазақстан аумағын соңғы палеолиттен (40-10 мың жыл бұрын) бастап протоеуропалық нәсілдер мекендеген. Қазақтардың бүгінгі бет-бейнесінің алтайлықтарға, хакастар мен қырғыздарға жақындығы, тіс құрылысының (одонтология) ұқсастығы ғылыми түрде дәлелденген.

Алтай мен Қазақ даласы ежелгі тас дәуірінен бері бір-бірімен тығыз байланысты, мәдениеті мен тарихы ортақ өңірлер ретінде сипатталады[1,31 бет].

Ағылшын ғалымы Дж. Клоусонның есебі бойынша, түркі тілдерінің базалық лексикасы өте баяу өзгереді мың жылда 1%. Осыған сүйенсек, түркі тілінің пайда болу уақыты 100 мың жыл бұрынғы орта палеолитке дейін баруы мүмкін [1,32 бет]

Тілдердің пайда болуы (глоттогенез) мен адамзаттың Африкадан таралуы 150 мың жыл бұрын арасындағы байланысын айта аламыз.

Қазақтың «жеті ата» жүйесі Y-хромосомасын таза ұстаудағы ең басты қаруы болды,салт-дәстүрімізбен биологиялық сабақтастықтың бір арнада тоғысқаны мені іштей қуантады.

Миграцияның яғни осыдан 70–60 мың жыл бұрын адамдар Африкадан Азияға қарай өте бастағаннан-ақ нәсілдік нышандар байқала бастады.

Антропологтар моңғол тұрпатты нәсілдердің сары түс, жалпақ бет, қалың қабақ алғашқы нышандары Африканың шығысы мен оңтүстігін мекендеген бушмен және готтентот жұрттарына ұқсайтынын байқады. Бұл — қазақ этногенезіндегі моңғолоидтық компоненттің түп тарихы тереңде екенінкөрсетеді.

Түркі тілдері мен Америка үндістерінің байланысы жоғары ,оған тілдік дәлелдер себепші. Түркі тілдерінің базалық лексикасы өте тұрақты. Егер мың жылда тек 1%-ы ғана ескірсе, түркі тілінің пайда болуы сонау орта палеолитке (100 мың жыл бұрын) барады. [1,32 бет]

Археологиялық деректер бойынша, адамдар осыдан 45–40 мың жыл бұрын және 33–10 мың жыл бұрын Беринг бұғазы арқылы Америкаға өткен. Бұл — түркі тектес халықтар мен үндістердің гендік және тілдік ұқсастығын түсіндіретін басты миграциялық жол.

Қазақ жеріндегі Бөріқазған, Тәңірқазған (Оңтүстік Қазақстан), Жетісу, Сарыарқа өңірлерінен табылған құралдар ежелгі адамдардың бұл аймақты өте ерте кезден мекендегенін растайды.

Климаттың әсері бойынша осыдан 70–60 мың жыл бұрын Таяу Шығыс пен Орталық Азиядағы қолайлы климат пен аң-құстың көптігі адамдардың демографиялық өсіміне және жаңа этностардың бөлінуіне әкелген.

Мұз дәуірінің соңында шамамен 12-10 мың жыл бұрын климаттың жылынуы адамдардың солтүстікке және ішкі аймақтарға қоныс аударуына түрткі болды.

Кейіннен гендік араласу нәсілдердің таза күйінде емес, үнемі метисация үстінде болды. Бұл қазақ халқының еуропеоидтық және моңғолоидтық нәсілдердің түйіскен жерін нақты баяндайды.

Түркі тілдерінің ежелгі тамыры ретінде Түркі тілдер өте ежелгі «Ностратикалық» аса ірі тілдік отбасы бірлестігінен бөлініп шыққан.

Түркі тілдерінің базалық сөздік қоры (мысалы, туыстық атаулар, сан есімдер) мыңдаған жылдар бойы әртүрлі формада өзгеріске ұшырап отырған. Бұл — генетикалық тұрақтылық пен мәдени сабақтастықтың белгісі. [3,58 бет]

Түркі-Үндіс тілдік параллельдері Америка үндістерінің майя, кечуа, сиу тіліндегі көптеген сөздердің түркі тіліне ұқсастығы келтірілген.

Демографиялық дағдарыс тарихтың белгілі бір кезеңдерінде (індет, соғыс немесе табиғи апат) популяция саны күрт азайып, кейін қайта өскен болатын. Қазіргі түркі тектес халықтардың гендік қоры осындай іріктелуден өткені баяндалады. Генетиктер қазақ рулары арасындағы жақындығын осы арқылы көрсеткен.

Моңғол тұрпатының қалыптасу тарихы боцынша алғашқы ошақтары ретінде Моңғол тұрпатты нәсілдердің ең ежелгі белгілері Орталық Азия мен Шығыс Азияда емес, Африканың кейбір тайпаларында бушмендерде кездескен.Себебі бұл — адамзаттың Африкадан шыққаннан кейін әртүрлі климаттық белдеулерге бейімделуінің нәтижесі.

Ортақ тамырға «Арғы алтайлықтар» ұғымы — қазіргі түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және корей халықтарының ғана емес, сонымен бірге Америка үндістерінің де ортақ биологиялық бастауы.Америка үндістерінде кездесетін генетикалық маркерлердің гаплотоптардың ең жоғары жиілігі дәл осы Алтай-Саян тұрғындарында сақталған.

Араласу нүктесі ретінде Қазақстан мен Алтай аймағы — екі үлкен нәсілдің мыңдаған жылдар бойы тоғысқан аймағына жатады.Тарихи дәлелге қазіргі түркі тілдес халықтардың, соның ішінде қазақтардың, түр-тұлғасы жағынан өтпелі метистік нәсілге жататынын айта аламыз . Бұл процесс неолит пен энеолит дәуірінен басталған болатын .

Қазақтар антропологиялық жағынан тұрандық оңтүстіксібір нәсіліне жатады. Бұл нәсіл еуропеоидтық және монголоидтық нәсілдердің араласуынан пайда болған.Ғалымдардың зерттеу нәтижелері қазақтардың осы нәсілдік типтің ең айқын өкілдері екенін растайды.

Қазақтардың бас сүйек құрылымы монголоидтық белгілердің басымдығымен ерекшеленеді,алайда еуропеоидтық нышандар да

сақталған.Аймақтық ерекшеліктері бойынша солтүстік шығыс және оңтүстік-шығыс аймақ тұрғындарының арасында мардымсыз антропологиялық айырмашылықтар бар. Мысалы, Чубартау, Баянауыл және Қоянды сериялары бойынша жүргізілген өлшемдерде шамалы алшақтықтар байқалған болатын.

Қазақтарға ең жақын этностар: қырғыздар, башқұрттар, қарақалпақтар мен татарлар[4,201 бет].

Алшақ топтарға Армяндар, украиндар және орыстар еуропеоидтық бағыт немесе якуттар айқын монголоидтық бағыт жатады.

Монголоидтық элементтердің өсу бойынша қола дәуірінен Монголоидтық белгілер өте аз немесе жоқ таза еуропеоидтық болды.Сақ-үйсін кезеңі яғни антика Монголоидтық қоспалар пайда болып, 20% шамасына жетеді.Түркі кезеңінде бұл көрсеткіш 50%-ға дейін көтеріледі.

Моңғол кезеңі және кейінгі орта ғасыр XV-XVIII ғғ Монголоидтық белгілер 70%-ға дейін тұрақтап, қазіргі қазақтарға тән деңгейге жетеді.

Біртектілік Қазақстанның барлық аймағында біртұтас антропологиялық типке ие. Аймақтық айырмашылықтар солтүстік, оңтүстік, батыс өте мардымсыз. Тұрандық нұсқада Қазақтардың типі Оңтүстіксібір нәсілінің ішіндегі "қазақстандық нұсқа" деп аталады. Бұл нұсқаның ерекшелігі — басқа түркі халықтарымен қырғыз, алтайлықтар салыстырғанда монголоидтық белгілердің сәл жұмсақ болуында. [5,154 бет]

Этногенездің аяқталуына тоқталсақ қазақ халқының антропологиялық бет-бейнесінің қалыптасу процесі негізінен XV-XVI ғасырларда, яғни Қазақ хандығының құрылуымен тұспа-тұс кезеңде толықтай біткен болатын.

Соңғы 400-500 жыл ішінде қазақтардың физикалық типінде ешқандай елеулі өзгерістер болмады, бұл популяцияның тұрақтылығын білдіреді.

Қазақ халқы мыңдаған жылдар бойғы Қазақстан жерінде жүрген нәсілдік-генетикалық процестердің басты және заңды жалғасы сонымен қатар автохтонды жергілікті халықы деп қорытындылаймын.

Пайданылған әдебиеттер тізімі


1. Бейсенбайұлы Ж. Арғы түрктер ақиқатының ізімен 2006 ,334 бет
2. Әденұлы Б Қазақтың құпия тарихы 2014, 429 бет.
3. Әбілғазы. Түрік шежіресі— Алматы: Ана тілі, 2006 ,200б
4. Сихимбаева К. Б. Этническая одонтология Казахстана. — Алматы: Ғылым, 1989, 237 бет
5. Исмагулов О. Этническая антропология Казахстана. — Алма-Ата: Наука, 1982, 212 бет
6. Артыкбаев Ж .О .Кочевники Евразии ,Астана баспа Мажор 2005, 320 бет

# ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ОҚИҒАЛАРЫ КОНТЕКСТІНДЕГІ БАТЫР БЕЙНЕСІ ОҚУ – ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕГІ ТӘРБИЕЛІК ПОТЕНЦИАЛ РЕТІНДЕ

***Шерба А.Аю***
*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің магистранты:*
***Абдрахманов Бауржан Наримanұлы***
*1 курс магистранты*
*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің тарих ғылымының кандидаты, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор:*

Аңдатпа: Бұл зерттеу Ұлы Отан соғысы кезеңінде қалыптасқан батырлық образдың қазіргі білім беру жүйесіндегі тәрбиелік әлеуетін талдауға бағытталған. Зерттеу батырлық нарративтердің патриоттық сана мен азаматтық сәйкестікті қалыптастырудағы рөлін айқындайды. Батыр бейнесі тұлғалық дамуға ықпал ететін педагогикалық ресурс ретінде негізделіп, оны оқу үдерісіне тиімді интеграциялау жолдары ұсынылады.

Түйінді сөздер: Ұлы Отан соғысы, батырлық образ, патриоттық тәрбие, тарихи сана, педагогикалық ресурс, білім беру, моральдық құндылықтар.

Аннотация: Статья посвящена анализу воспитательного потенциала образа героя, сформированного в период Великой Отечественной войны, в современной системе образования. Определяется его роль в формировании патриотического сознания и гражданской идентичности. Образ героя обосновывается как педагогический ресурс и предлагаются пути его эффективной интеграции в учебный процесс.

Ключевые слова: Великая Отечественная война, образ героя, патриотическое воспитание, историческое сознание, педагогический ресурс, образование, моральные ценности.

Abstract: This study analyzes the educational potential of the heroic image formed during the Great Patriotic War within the modern educational system. It defines its role in shaping patriotic consciousness and civic identity. The hero image is substantiated as a pedagogical resource, and approaches for its effective integration into the learning process are proposed.

Keywords: Great Patriotic War, heroic image, patriotic education, historical consciousness, pedagogical resource, education, moral values.

## Кіріспе

Қазіргі заманғы білім беру парадигмасы білім мен тәрбиенің біртұтас үрдіс ретінде интеграциясын талап етеді. Бұл талап күрделі әлемде жетістікке жету үшін қажет сыни ойлау, эмоционалды зият, азаматтық жауапкершілік сияқты жеке қасиеттерді дамытудың маңыздылығын көрсетеді. Бұл контекстте тарихи мұра, әсіресе Ұлы Отан соғысы сияқты қоғамдық сананы қалыптастырған жаһандық оқиғалар, құндылықтық-моральдық тәрбиенің қуатты құралына айналады. Соғыс кезінде қалыптасқан батырлық образдар тек жауынгерлік ерліктің нышаны ретінде ғана емес, сонымен бірге бүкіл халықтың ұжымдық жады мен моральдық-этикалық кодтарының көрінісі ретінде қызмет етеді. Қазақстандағы білім

беру саласының даму стратегиясы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жүзеге асырылып, ұлттық болмысты нығайту мен жастардың патриоттық тәрбиесіне ерекше көңіл бөлінеді. Бұл үдерістің тиімді құралы ретінде Ұлы Отан соғысының тарихи мұрасы мен оның батырларының бейнелері бірегей әлеуетке ие. Алайда, бұл әлеуетті толық игеру оның тарихи-мәдени негіздерін жан-жақты түсінуді, сонымен қатар оны қазіргі оқу-тәрбие үрдісіне инновациялық әдістемелік тәсілдермен енгізуді талап етеді. Сонымен қатар, ұлттық және азаматтық сәйкестікті қалыптастыру тарихи сананың дәйектілігі мен тереңдігінсіз мүмкін емес. Батырлық образ осы сананың орталық элементі болып табылады, өйткені ол жеке ерлік пен ұжымдық тағдырды біріктіреді. Осы тұрғыдан алғанда, батыр бейнесін педагогикалық практикаға енгізу оны тек тарих пәнінің шеңберінен шығарып, білім берудің тұтас тәрбиелік ортасының құрамдас бөлігіне айналдырады.

Осыған байланысты бұл зерттеудің өзектілігі келесі факторлармен анықталады:

1. Ұлттық және азаматтық сәйкестікті нығайту қажеттілігі;

2. Жастар арасында тарихи сана деңгейін көтеру мәселесі;

3.Шығармашыл, құндылықтық бағдарлары нық және сыни ойлай алатын тұлғаны тәрбиелеудің заманауи талаптары;

4.Ұлы Отан соғысының тарихи мұрасын тәрбиелік мақсатта пайдаланудың әдістемелік негіздерін жетілдіру қажеттілігі.

Зерттеудің негізгі мақсаты – Ұлы Отан соғысы оқиғалары контекстінде қалыптасқан батыр бейнесінің оқу-тәрбие үрдісіндегі тәрбиелік әлеуетін теориялық талдау және оны мектеп практикасына ендірудің тиімді әдістемелік моделін ұсыну.

Жоғарыда көрсетілген мақсатті іске асыру үшін келесі міндеттер қойылды:

1. Батырлық феноменнің тарихи-мәдени және семиотикалық негіздерін ашу;

2.Батыр бейнесінің патриоттық сананы, моральдық-этикалық құндылықтарды және сыни ойлауды қалыптастырудағы тәрбиелік-педагогикалық әлеуетін анықтау;

3.Батырлық тақырыптарды оқу процесіне кешенді интеграциялаудың әдістемелік моделін әзірлеу жәе оның негізгі кезеңдерін сипаттау;

4.Модельді іске асырудың нақты практикалық нысандары мен әдістерін ұсыну.

Зерттеудің әдіснамалық негізін білім беру процесіндегі құндылықтар мен образдардың рөлін зерттейтін педагогика, психология, тарих және мәдениеттану саласындағы жұмыстар құрайды. Деректерді жинау және талдау кезінде теориялық талдау (тарихи-мәдени, семиотикалық), жүйелеу, салыстыру, модельдеу әдістері қолданылады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы батыр бейнесін тәрбиелік ресурс ретінде кешенді түрде қарастыруда, оның семиотикалық құрылымын ашуда

және оны оқу процесіне енгізудің көп деңгейлі, сатылы әдістемелік моделін әзірлеуде жатыр.

Практикалық құндылығы зерттеу нәтижелерінің жалпы білім беретін мектептердің гуманитарлық пәндер мұғалімдеріне, сонымен қатар қосымша білім беру жүйесінің қызметкерлеріне тәрбиелік жұмысты жобалау мен жүргізуде пайдаланылуы мүмкіндігінде.

Батырлық феноменнің тарихи-мәдени және семиотикалық негіздері: Батырлық образ тарихи шындықтың күрделі трансляциясы ретінде қарастырылуы мүмкін. Ұлы Отан соғысы кезінде ол екі негізгі деңгейде қалыптасты: нақты тарихи тұлғалардың (Мәлік Ғабдуллин, Алия Молдағұлова, Бауыржан Момышұлы және т.б.) бейнелері ретінде және ұжымдық ерлікті білдіретін мета-образ ретінде. Семиотикалық тұрғыдан алғанда, бұл образ мынадай маңызды белгілер жүйесін біріктіреді.

Соғыс жылдары қазақ қоғамы үшін терең трансформация кезеңі болды. Бұл тек геосаяси шешімдердің уақыты ғана емес, сонымен қатар:

Ұлттық болмыстың сынақтан өтуі: Қазақ халқы Кеңес Одағының бір бөлігі ретінде мемлекеттік шекараларды қорғаумен бірге өзінің этномәдени сәйкестігін сақтап қалды.

Жаһандану мен жергіліктіліктің өзара әрекеттесуі: Майдандағы қазақ жауынгерлері интернационалды міндетті орындады, бірақ сонымен бірге ерліктері арқылы ұлттық қаһармандық дәстүрді жалғастырды.

Әлеуметтік-мәдени көтеріліс: Соғыс тыныш қауымдық өмірді бұзып, жеке адамдардың (әйелдер мен ерлердің) қабілеттері мен ерліктерін кенеттен ашып, жаңа әлеуметтік рөлдер мен бейнелердің пайда болуына ықпал етті.

Бұл контексте батырлық тек әскери ерлікті ғана емес (мысалы, Бауыржан Момышұлының тактикалық данышпандығы), сонымен қатар моральдық тұрақтылықты (мысалы, тылдағы аналар мен жасөспірімдердің еңбегі) және интеллектуалдық беріктікті (ғалымдар мен мәдениет қайраткерлерінің шығармашылығы) қамтыды.

Батырлық образдың семиотикалық құрылымы: Семиотикалық талдау тұрғысынан қарағанда, Ұлы Отан соғысы батырының бейнесі үш негізгі деңгейден тұратын күрделі белгілер жүйесі болып табылады:

Денотативтік (нақтылық) деңгей: Бұл деңгей нақты тарихи фактілерге, архивтік дереккөздерге, құжаттарға, фотосуреттерге және куәгерлік естеліктерге сәйкес келеді. Мысалы, Мәлік Ғабдуллиннің ұрыстағы нақты іс-әрекеттері, оның жараланған жағдайы немесе марапаттау құжаттары осы деңгейге жатады. Бұл бейненің «шынайы» негізі.

Коннотативті (байытылған мағыналық) деңгей: Бұл деңгейде тарихи фактілер белгілі бір мәдени контекстте қосымша мағыналар мен символдармен байытылады. Мысалы, Алия Молдағұлованың образы жас өмірдің құрбандығы ретінде ғана емес, болашақ үшін күрес пен арман

символы ретінде де қабылданады. Мұнда батыр Отан, еркіндік, азаматтық борыш сияқты абстракті ұғымдардың бейнесіне айналады.

Мифопоэтикалық деңгей: Бұл ең терең деңгей болып табылады, онда тарихи тұлға халықтық санада архетиптік қаһарманға айналады. Бұл процесте оның бейнесі жеке ерекшеліктерден тазартылып, ұжымдық мұраты мен құндылықтарын (ерлік, адалдық, қайсарлық) көрсететін идеалға айналады. Мәселен, көптеген батырлар туралы аңыздар мен әңгімелердің пайда болуы осы деңгейдің көрінісі.

Бұл семиотикалық қабаттарды түсіну батыр бейнесін жай ғана тарихи ақпараттан гөрі күрделі мәдени-тәрбиелік феномен ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қазақтың мәдениетіндегі батырлық парадигма және оның тарихи трансформациясы

Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде батыр (батыр, ер) бейнесі келесі негізгі сипаттармен сипатталды: күш пен ерлік; ақыл-ой, ептілік; әділеттілік пен адалдық; қауымы үшін жауапкершілік.

Ұлы Отан соғысы жағдайында бұл дәстүрлі парадигма тарихи талаптарға бейімделіп, трансформацияланды. Жинақсыздандыру және қайта контекстеу: Батыр бейнесі тек тайпалық немесе ұлттық шеңберден шығып, «кеңестік халықтың батыры» ретінде кеңірек контекстке ие болды. Бірақ бұл параллельде қазақ мәдени кодында сақталып қалды (ата-бабалар дәстүріне сілтемелер, ерлік туралы жырлар). Соғыстағы ерлік әдетте жауынгерлік бірлестіктер мен бөлімшелер контекстінде көрінді. Бұл жеке батырлық пен ұжымдық табыстың біртұтастығын көрсетті.

Батыр бейнесінің тәрбиелік-педагогикалық әлеуетінің аспектілері: Батырлық образдың тәрбиелік әлеуеті оның жеке тұлға дамуының әртүрлі деңгейлеріне кешенді әсер ету қабілетінде жатыр. Бұл әсер когнитивтік, эмоционалдық, құндылықтық және іс-әрекеттік салаларды қамтиды, олар білім беру процесінде мақсатты түрде қолданыла алады. Батырлық образды оқу-тәрбие үрдісіне енгізу төмендегідей тәрбиелік міндеттерді шешуге ықпал етеді:

Патриоттық сана мен азаматтық сәйкестікті қалыптастыру. Батырлардың нақты өмірбаяндары патриотизм ұғымын тұңғышынан нығайтады, оны қасиеттер мен іс-әрекеттер жиынтығы ретінде көрсетеді. Оқушылар Отанға деген сүйіспеншіліктің тек майданда ғана емес, күнделікті өмір мен кәсіби қызметте де көрінетінін түсінеді. Бұл «әскери патриотизм» тұжырымдамасын кеңейтіп, оған азаматтық, интеллектуалдық және мәдени өлшемдерді қосады.Моральдық-этикалық рефлексияны дамыту. Батырлық тақырыптар моральдық таңдау мен этикалық дилеммаларды талқылауға мүмкіндік береді. Мысалы, «құрбандық» ұғымын («өзін-өзі құрбан ету» мен «басқаларды құрбан ету» арасындағы айырмашылық), жауапкершілік пен бұйрықты орындау қатынасын талдау жеке тұлғаның құндылықтық іргетасын қалыптастыруға ықпал етеді. Тарихи сана мен сыни ойлауды дамыту. Батырларды зерттеу

нақты дереккөздермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады. Оқушылар археографиялық материалдарды (хаттар, күнделіктер, ресми құжаттар) талдау, фактілер мен интерпретацияларды салыстыру, тарихи контекстті ескеру арқылы сыни тарихи ойлауды дамытады. Бұл тәсіл тарихты қарапайым мифтер мен тұйық нарративтер ретінде емес, көпқырлы және кейде қарама-қайшылықты үрдіс ретінде түсінуге мүмкіндік береді. Эмоционалды-эстетикалық тәрбие. Батырлық тақырыптар әдебиетте, бейнелеу өнерінде, музыкада және кино өнерінде кеңінен көрініс тапқан. Бұл шығармалармен жұмыс істеу оқушылардың эмоционалды санасына әсер етеді, олардың әсемдік сезімін, эмпатиясын дамытады және тарихи оқиғаларды жан-жақты қабылдауға ықпал етеді.

Батырлық тақырыптар тек өткенді зерттеумен шектелмейді, олар бүгінгі күнге байланысты:

Тарихи мұраға жауапкершілік: Батырлардың құрбандығы біздің бүгінгі еркіндігіміздің бағасы екенін түсіну. Бұл оқушыларды осы мұраны құрметтеуге, оны зерттеуге және сақтауға (мысалы, ескерткіштерді қорғау, естелік акцияларына қатысу) итермелейді.

Бүгінгі күндегі батырлық моделі: Соғыс кезіндегі батырлық пен бүгінгі күндегі азаматтық ерлік (мысалы, қиын жағдайларда басқаларға көмектесу, әділеттілік үшін күрес, экологиялық мәселелер) арасындағы параллельдерді талқылау.

Әлеуметтік белсенділікке ынталандыру: Батырлардың өмірбаяндары оқушыларды қоғамдық пайдалы іс-әрекеттерге (волонтерлік, жергілікті тарихты зерттеу, ардагерлерге көмек) тарта алады.

Батырлық тақырыптар жасөспірімдердің өзін-өзі анықтау үдерісіне де әсер етеді:

Өзін-өзі бағалау критерийі ретінде: Батырлардың қасиеттері жасөспірімдерге өз құндылықтары мен мақсаттарын қалыптастыруда үлгі бола алады.

Кедергілерді жеңу үлгісі: Батырлардың қиындықтарды жеңу тарихтары жасөспірімдерге өз өміріндегі кедергілерді баса алдауға күш-жігер береді.

Маңыздылық сезімін қалыптастыру: Өткендегі батырлардың рөлін түсіну арқылы жасөспірім өзінің қазіргі замандағы орны мен ықпалы туралы ойлана алады.

Батыр бейнесінің тәрбиелік-педагогикалық әлеуеті оның жеке тұлғаның барлық негізгі салаларына – интеллектуалдық, эмоционалдық, құндылықтық және іс-әрекеттік – кешенді әсер ету қабілетінде жатыр. Ол патриоттықты нақтыландырады, моральдық рефлексияны тереңдетеді, сыни ойлауды дамытады, эмпатия мен эстетикалық сезімді тәрбиелейді, азаматтық белсенділікке ынталандырады және жеке өзін-өзі анықтауға көмектеседі.

Батырлық тақырыптарды оқу процесіне интеграциялаудың әдістемелік моделі

Батырлық тақырыптарды оқу-тәрбие үрдісіне тиімді енгізу үшін жүйелі және көп деңгейлі тәсіл қажет. Біз ұсынатын әдістемелік модель төрт бағдарламалық-мазмұндық блоктан және оларды іске асырудың үш кезеңінен тұрады. Бұл модель батыр бейнесінің семиотикалық құрылымына (денотативтік, коннотативтік, мифопоэтикалық) сәйкес келіп, оқушының танымдық, эмоционалдық және іс-әрекеттік салаларына бірдей әсер етеді.

Модель келесі педагогикалық принциптерге сүйенеді:

Жүйелілік: Тақырыптарды оқу бағдарламасына кездейсоқ емес, жүйелі түрде енгізу.

Көп пәнділік: Тарих, әдебиет, өнер, музыка, әлеуметтану пәндерінің интеграциясы.

Дифференциация: Оқушылардың жасына, қызығушылығына және даму деңгейіне байланысты материалдарды икемдеу.

Диалогтылық: Дәстүрлі монологтық тәсілден диалог пен пікірталасқа негізделген тәсілге көшу.

Іс-әрекеттік бағыт: Білімді тәжірибеге айналдыру, жобалар мен іс-шаралар арқылы бекіту.

Мазмұндық-бағдарламалық блоктар:

Блок №1: «Тарих және фактілер» (Денотативтік деңгейге бағытталған)

Мақсаты: Нақты тарихи білімді қалыптастыру, дереккөздермен жұмыс істеу дағдыларын үйрету.

Мазмұны:

Нақты батырлардың өмірбаяндары (М.Ғабдуллин, А.Молдағұлова, Б.Момышұлы, Н.Әбдіров, т.б.).

Оқиғалардың хронологиялық тізбегі және географиялық орналасуы.

Архивтік құжаттар, фотосуреттер, карталармен танысу.

Жергілікті тарих: ауыл, қала, өңір батырлары.

Әдіс-тәсілдері: Дәрістер, презентациялар, дереккөздерді талдау сабақтары, тарихи картамен жұмыс, электрондық архивтерге виртуалды сапарлар.

Блок №2: «Құндылықтар және мағыналар» (Коннотативтік деңгейге бағытталған)

Мақсаты: Тарихи фактілердің мәдени-моральдық мағынасын ашу, құндылықтық рефлексияны дамыту.

Мазмұны:

Батырлық іс-әрекеттердің мотивтерін талдау (Отан сүйгіштік, азаматтық борыш, жеке мінез).

«Құрбандық», «еңсе», «ешкімнің есінде қалмау» сияқты ұғымдарды талқылау.

Батырлықтың әлеуметтік және жеке тұрғыдағы маңызы.

Әртүрлі мәдениеттердегі батырлықтың интерпретациясы (салыстырмалы талдау).

Әдіс-тәсілдері: Семинар-пікірталастар, «дөңгелек үстел», кейс-стади, философиялық эссе жазу, этикалық дилеммаларды талқылау.

Блок №3: «Образдар және символдар» (Мифопоэтикалық деңгейге бағытталған)

Мақсаты: Батырлық образдардың өнер мен әдебиеттегі бейнеленуін талдау, эстетикалық талдау дағдыларын дамыту, эмоционалды тәжірибені байыту.

Мазмұны:

Соғыс тақырыбындағы қазақ және әлем әдебиеті (Ә.Нұрпейісов, Б.Момышұлы, В.Быков, Э.М.Ремарк).

Кеңес және қазіргі қазақ кинематографының туындылары.

Батырлар туралы музыка (әндер, симфониялар).

Бейнелеу өнеріндегі және мүсіндегі батырлық образдар.

Әдіс-тәсілдері: Әдебиеттік оқырман, киносабақтар талдау, музыканы тыңдау және талдау, виртуалды мұражайларға экскурсия, өз туындыларын жасау (сурет, эссе, видеоэссе).

Блок №4: «Естелік және іс-әрекет» (Практикалық-әлеуметтік бағыт)

Мақсаты: Білімді іс-әрекетке айналдыру, естелік мәдениетін қалыптастыру, азаматтық белсенділікті тәрбиелеу.

Мазмұны:

Естелік және мүсін салудың этикасы мен эстетикасы.

Жергілікті ескерткіштердің тарихы.

Тарихи мұраны сақтау және қорғау.

Ардагерлермен жұмыс, тыңшылық қызмет.

Әдіс-тәсілдері: Жобалық жұмыс («Біздің ауылдың батыры», «Ескерткіштер картасы»), социальды акциялар («Тарихымызды есте ұстаймыз»), волонтерлік бағдарламалар, мұражайлық педагогика.

Оқу процесінде іске асыру кезеңдері:

Кезең 1: Қабылдау және таныстыру (5-7 сыныптар)

Мақсат: Эмоционалды ынталандыру, қызығушылық тудыру.

Негізгі формалар: Әңгімелер, экскурсиялар, анимациялық фильмдер, батырлар туралы аңыздар, қарапайым жобалар (сурет салу, генеалогиялық ағаш).

Бағалау: Білімді тексеруден гөрі қатысу белсенділігі мен эмоционалды жауабын бағалау.

Кезең 2: Талдау және рефлексия (8-10 сыныптар)

Мақсат: Сыни ойлауды, талдау дағдыларын дамыту, құндылықтарды қалыптастыру.

Негізгі формалар: Семинарлар, зерттеу жобалары, дереккөздерді талдау, пікірталастар, әдеби туындылар мен фильмдерді салыстырмалы талдау.

Бағалау: Эссе, жобалық жұмыстарды қорғау, пікірталастағы дәлелділік, талдау тереңдігі.

Кезең 3: Жинақтау және іс-әрекет (10-11 сыныптар)

Мақсат: Алынған білім мен құндылықтарды тұтастай көру және оларды әлеуметтік іс-әрекетке айналдыру.

Негізгі формалар: Кешенді ізденіс жобалары (мысалы, «Соғыс және бейбітшілік: ұрпақтар көзімен»), қоғамдық акцияларды ұйымдастыру, тарихи-мәдени экспедициялар, білім беру бағдарламаларын жасау (кіші сынып оқушылары үшін).

Бағалау: Жобаны іске асырудың әлеуметтік әсері, тұтас туындының сапасы, рефлексивті эссе.

Қорытынды:

Ұлы Отан соғысы контекстіндегі батыр бейнесі – бұл заманауи білім берудің тәрбиелік стратегиясы үшін құнды ресурс. Оның әлеуеті жай ғана тарихи ақпаратты беруде емес, сонымен қатар патриоттық сана, моральдық рефлексия, сыни ойлау және эмоционалды-эстетикалық қабылдау сияқты күрделі психологиялық-тәрбиелік үдерістерді іске асыруда жатыр. Ұсынылған әдістемелік модель батырлық тақырыптарды оқу процесіне сатылы және жүйелі түрде енгізуге мүмкіндік береді. Оның іске асырылуы оқушыларды нақты тарихи тұлғалармен диалогқа түсіруге, өткен тарихтың күрделілігін түсінуге және оның қазіргі заманға деген өзектілігін тануға ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл тәсіл жеке тұлғаның рухани-моральдық дамуын, оның ұлттық және азаматтық сәйкестігін нығайтуға бағытталған. Осылайша, Ұлы Отан соғысы батырларының бейнесін тәрбиелік мақсатта пайдалану тарихи сананы сақтау мен жаңартудың тиімді механизмі болып табылады. Бұл тек өткенді еске алу емес, сонымен қатар болашақты құрудың, жауапкершілікті және құндылықтық бағдарлары нық ұрпақты тәрбиелеудің құралы.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Аяпберген, С. (2018). *Батырлық эпос және тарихи шындық: Мәлік Ғабдуллиннің образы*. Астана: Қазақ университеті.
2. Байдосова, З. Т. (2021). *Педагогикадағы тәрбиелік технологиялар*. Алматы: Білім.
3. Ғабдуллин, М. (1985). *Менің өмірім*. Алматы: Жазушы.
4. Ерғалиева, Г. М. (2022). *Тарихи тұлғаларды оқытудың заманауи әдістемесі*. Павлодар: ППУ баспасы.
5. Жумабаев, М. (2017). *Ұлттық тәрбиенің теориялық негіздері*. Алматы: Арыс.
6. Момышұлы, Б. (1990). Москва үшін шайқас. Алматы: Жазушы.
7. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. (2007, 27 шілде).
8. Нұрпейісов, Ә. (1977). *Қан мен тер*. Алматы: Жазушы.
9. «Біздің Тарих» ұлттық цифрлық архиві. https://qazarchive.kz
10. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің ресми порталы. https://www.gov.kz/memleket/entities/edu
11. «Память народа» электрондық архиві. https://pamyat-naroda.ru

# ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ОЙЛАУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗІ РЕТІНДЕГІ «ПІКІРТАЛАС» ТЕХНОЛОГИЯСЫ

***С.Б. Тюлегенов***
*Павлодар педагогикалық университетінің магистранты,*
***А.Е. Каримова***
*ғылыми жетекшісі: университетінің тарих ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор*

**Аңдатпа:** «Пікірталас» технологиясы — сыни ойлау мен заманауи құзыреттіліктерді дамытудың тиімді құралы. Тез өзгермелі әлемде мектептер шешім қабылдауға қабілетті, белсенді түлектерді дайындауы тиіс. Мақалада технологияның функциялары мен әдістемелік ерекшеліктері мемлекеттік стандарттарға сәйкес сипатталған.

**Түйінді сөздер:** сыни ойлау, пікірталас, белсенді оқыту, гуманитарлық пәндер.

**Аннотация:** Технология «Дебаты» — эффективный инструмент развития критического мышления и ключевых компетенций. В быстро меняющемся мире школам важно готовить активных выпускников, способных принимать решения. В статье описаны функции и методические особенности технологии в соответствии с государственными стандартами.

**Ключевые слова:** критическое мышление, дебаты, активное обучение, гуманитарные дисциплины.

**Annotation:** The "Debate" technology is an effective tool for developing critical thinking and core competencies. In a rapidly changing world, schools must prepare proactive graduates capable of decision-making. The article describes the technology's functions and methodological features according to state standards.

**Keywords:** Critical thinking (CT), Active learning, humanities education.

Қазіргі әлем мектеп түлектеріне жаңа талаптар қоюда. Біздің Қазақстан Республикасындағы мектебімізге өзгеріп жатқан жағдайларға тез бейімделе алатын, шығармашыл және белсенді адамдарды, проблемаларды шешуге, шешім қабылдауға, сыни ойлауға, идеялармен тиімді алмасуға және топта жұмыс істеуге қабілетті түлектерді дайындау қажет. Соңғы жылдары білім беру сапасын тексеру формасы ретіндегі тестілеу қазақстандық оқушылардың сөйлеуді және ойлауды ұмытып, жауап нұсқалары бар тапсырмаларды таңдауға әкелді, бұл әртүрлі позициялардан өз көзқарасын айту, дәлелдеу және қорғау қабілетін дамытудың өткір қажеттілігін тудырды.

Сыни ойлау бүгінгі таңда, әсіресе гуманитарлық пәндерде, заманауи білім берудің маңызды құзыреттілік нәтижелерінің бірі ретінде танылады. Сыни ойлау – ақпаратты саналы түрде талдау, дәлелдерді логикалық бағалау, фактілер мен пікірлерді ажырату, сондай-ақ негізделген қорытындылар жасау қабілеті. Тарих және қоғамтану сабақтары контекстінде сыни ойлауды дамыту іргелі болып табылады, өйткені бұл пәндер өткен мұрамен және қазіргі әлеуметтік процестермен жұмыс істеуге, себеп-салдарлық байланыстарды, қайшылықтарды және көзқарастардың алуан түрлілігін түсінуге үйретеді. Педагогиканың негізгі мақсаты — тек

білім беру ғана емес, сонымен қатар оқушыларда тарихи және әлеуметтік құбылыстарды саналы түрде қабылдау және сыни тұрғыдан түсіну қабілетін қалыптастыру, бұл азаматтық жетілу мен жауапкершілікті тәрбиелеуге тікелей әсер етеді [1].

«Пікірталас» технологиясы — шығармашылық тұлғаны қалыптастырудың тиімді жолдарының бірі. Пікірталас (ағылшын тілінен – debate) – кез келген құбылысты немесе мәселені талқылау, жаңа проблемаларды егжей-тегжейлі, құрылымдық зерттеуге арналған пікірсайыс. Бұл сондай-ақ логиканы, сыни ойлауды және демократиялық диалог дағдыларын дамыту үшін тамаша жаттығу болып табылады. Пікірталастың мәні бейтарап үшінші тарапты (төрешілерді) сөйлеп тұрған команданың дәлелдері қарсыластың дәлелдерінен жақсы екеніне сендіру болып табылады.

«Пікірталас» технологиясы – бұл белгілі бір ережелерге сәйкес жүргізілетін пікірталастың ерекше формасын білдіретін заманауи педагогикалық технология. Пікірталас оқушыларға қазіргі демократиялық қоғамда жетістікке жету үшін қажетті білім мен дағдыларды алуға көмектеседі. Пікірталастың тақырыбы әрқашан тұжырым түрінде тұжырымдалады. Тақырыпты қорғайтын команда жақтаушы деп, ал тақырыпты теріске шығаратын команда даттаушы (теріске шығарушы) деп аталады [2].

Пікірталас негізінде жатқан қағидаттар мыналарды қамтиды:

1. Құрмет қағидаты: Пікірталас қатысушылардың жеке басына қатысты емес, идеялар мен олардың қақтығыстарына қатысты; адамды келіспегені үшін қорлауға болмайды. Идеялардың қарсылығында жалғыз қолайлы қару – тек негізделген, фактілермен расталған дәлелдер болуы мүмкін.

2. Адалдық қағидаты: Пікірталасқа қатысушының міндеті – өзінің дәлелдерінде, куәліктерді (дәлелдерді) пайдалануда және айқас сұрақтар кезеңіндегі жауаптарында адал болу.

3. «Жеңілгендер жоқ» қағидаты: Ойынның негізгі мақсаты — жеңістен гөрі маңыздырақ болып табылатын оқыту.

«Пікірталас» технологиясы сабақтарды қызықты етіп қана қоймайды, сонымен қатар білім беру стандарты негізіндегі оқушылардың әмбебап оқу іс-әрекеттерін мақсатты түрде қалыптастырады. Бұл технологияны іске асыру келесі негізгі функцияларды ескере отырып қарастырылады:

• Әлеуметтендіру функциясы: Пікірталас оқушыларға жағдайды түсінуге және өз позицияларын қорғай отырып, бәсекелесуге көмектеседі (тұлғалық өзін-өзі анықтау дағдысын).

• Тәрбиелік функциясы: Оқушылар басқаларды белсенді тыңдауға және естуге, өздерінің бұрын қалыптасқан пікірлерін өзін-өзі сынауға үйренеді (тұлғалық мағынаны анықтаушы және коммуникативтік дағды).

• Дамытушылық функциясы: Технология ерік-жігерді, ойлауды, есте сақтауды және зейінді дамытуға ықпал етеді (реттеуші дағды).

• Оқыту функциясы: Оқушылар маңызды материалды іріктеуге, оны конспектілеуге және графиктер, сызбалар немесе менталды карталар түрінде ұсынуға үйренеді [3].

Пікірталас ББД-дың бүкіл спектрін қалыптастырады:

1. Жалпы мәдени көзқарас: Гуманитарлық салаларға қатысты біліммен байыту, оқуға деген уәжді жетілдіру және ғылыми, көркем әдебиетті үнемі оқуға қызығушылықты қалыптастыру.

2. Интеллектуалдық қабілеттер: Сыни ойлауды қалыптастыру, логикалық байланыстарды орнату, идеяларды талдау, қорытындыларды негіздеу және фактілерді көзқарастардан ажырату қабілеті.

3. Зерттеу дағдылары: Әртүрлі дереккөздерден ақпарат жинау және талдау, дәлелдеме базасын жинау және оны сауатты қолдану. Оқушылар үлкен көлемдегі ақпаратты өңдеуге, негізгісін бөліп көрсетуге және дәлелдерге дәлелдер іздеуге үйренеді.

4. Коммуникативтік дағдылар: Белсенді тыңдау, сұхбаттасушыны түсіну, өзге көзқарастарға төзімділік таныту және ұжымда жұмыс істеу дағдыларын дамыту.

Пікірталас технологиясын сабақтарда қолдану оқушылардың саяси оқиғаларды түсіну және өз көзқарасын қорғау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді, бұл демократиялық мемлекеттің азаматтары ретінде қажет [4].

Пікірталас оқушылардың белсенді интеллектуалды қатысуы арқылы қол жеткізілетін сыни ойлауды дамытуға тікелей қызмет етеді. Бұл келесі негізгі тетіктер арқылы жүзеге асады:

• Ақпаратпен аналитикалық жұмыс: Пікірталасқа дайындалу үшін оқушылар негізгі ғана емес, сонымен қатар қосымша материалдарды (мерзімді басылымдарды, сөздіктерді, энциклопедияларды) оқиды. Пікірталас барысында оқушылар фактілерді іріктеуге және оларды теориялық біліммен салыстыра отырып сыни тұрғыдан бағалауға үйренеді.

• Логикалық құрылымдау және дәлелдеу: Пікірталас дәлелдемелерді логикалық тұрғыдан құруға және сендіруге үйретеді. Көпшілік алдындағы дәлелдеу процесі логикалық тізбектерді құруды, себеп-салдарлық байланыстарды талдауды, қайшылықтарды анықтауды және нақты позицияны тұжырымдауды талап етеді. Дәлел фактілермен, мысалдармен, статистикалық деректермен немесе дәйексөздермен расталуы тиіс.

• Когнитивті біржақтылықты жеңу: Балама пікірлермен байланыс және тақырыпты «қолдау» және «қарсы» тұрғыда дайындау қажеттілігі әртүрлі көзқарастарға төзімділікті дамытуға және когнитивті біржақтылықты жоюға ықпал етеді, бұл жетілген сыни ойлаудың белгісі болып табылады. Оқушылар нәрселерге әртүрлі көзқараспен қарап, идеяларға күмәнмен қарайды.

Осылайша, пікірталас оқушыларда жай ғана есте сақтау және қайталау емес, ақпаратпен саналы жұмыс істеу қабілетін қалыптастырады, бұл олардың интеллектуалдық дербестік деңгейін едәуір арттырады [5].

Пікірталас-сабағын жобалау – бұл дайындық, өткізу және талқылау сияқты үш негізгі кезеңнен тұратын мақсатты және құрылымдалған процесс.

Пікірталастың күрделілігі оны өткізуде емес, дайындық жұмыстарында болып табылады.

1. Рөлдерді бөлу: Негізгі рөлдерге «төраға» (ұйымдастырады, бірақ қатыспайды), Хатшы (уақытты бақылайды және хаттаманы толтырады), «команда» (үш спикер), «сарапшылар/төрешілер» (дәлелдерді бағалайды) және «көрермендер» (дәлелдерді таңдайды және сұрақтар қояды) кіреді.

2. Тезисті анықтау: Бастапқы тезисті педагог немесе ұжымдық талқылау арқылы анықтайды; ол тұжырым немесе антитезис түрінде болуы мүмкін. Тақырыптар нақты, тартысты және дау туғыза алатын болуы керек.

3. Материалды оқып-үйрену және кейсті әзірлеу: Қатысушылар негізгі және қосымша әдебиеттерді (мерзімді басылымдарды, сөздіктерді, энциклопедияларды) іріктейді, оқиды және талдайды. Кейс – бұл өз позициясын негіздеу үшін қолданылатын дәлелдемелер, аргументтер мен фактілердің арнайы дайындалған жүйесі. Дайындық кезінде бәсекелес тараптар пікірталас тақырыбына «қолдау» және «қарсы» дәлелдерді дайындайды.

4. Бағалау критерийлерін әзірлеу: Сарапшылар шешім шығаратын критерийлерді объективтілікке негіздей отырып алдын ала әзірлейді. Критерийлерге мыналар кіруі мүмкін: аргументтер, дәлелдердің дәлелділігі, тақырыпқа қатысы, сөйлеу логикасы, сұрақтарға толық жауап беру және регламентті сақтау [6] (1 сур.).




*Сурет 1 – Дебат технологиясының ерекшелігі*

Пікірталас жүргізу қатаң түрде реттеледі. Ойынның классикалық нұсқасы растаушы (Р) және теріске шығарушы (Т) командалардан үш спикердің қатысуын көздейді (Р1, Р2, Р3 және Т1, Т2, Т3), олардың әрқайсысы белгілі бір рөлді орындайды.

• Сөз сөйлеулер: Растау командасының бірінші спикері тезистен бастайды (5 минутқа дейін), одан кейін теріске шығарушы команданың бірінші спикері антитезиспен шығады. Одан әрі екінші және үшінші спикерлер кезекпен сөз сөйлейді. Алдын ала дайындауға болатын жалғыз сөйлеу – растаушы команданың бірінші спикерінің сөзі; қалған сөздер қарсыластың дәлелдеріне жауап ретінде ойын барысында дайындалады.

• Айқас сұрақтар раундтары: Сұрақтар бірінші, екінші және үшінші спикерлер сөз сөйлегеннен кейін жүргізіледі. Сұрақтардың мақсаты – қарсы тараптың позициясының жалғандығын дәлелдеу немесе ақпаратты нақтылау. Спикерлер консультациялар үшін тайм-аут алуы мүмкін (ойын үшін барлығы 6-8 минуттан аспайды).

• Көрермендердің рөлі: Көрермендер негізгі ойларды жазбаша түрде тіркеп, өз жазбаларымен салыстырады және сұрақтар қоюы немесе ақпарат беруі мүмкін (қол көтеріп, «Сұрақ» немесе «Ақпарат» деп айту арқылы).

Қорытынды кезең нәтижелерді бағалауды және іс-әрекетті талдауды қамтиды. Дауыс беру жүргізіледі, оның барысында оқушылар таңдалған позицияны қолдайтындарын білдіреді, бұл оқушының Мен-концепциясын дамытуға ықпал етеді.

• Өзін-өзі талдау: Спикерлер өздерін бағалайды, жұмыстың жемістілігі, есте қалған сөз сөйлеулер және пікірталас-сабағын жетілдіру бойынша ұсыныстар туралы сұрақтарға жауап береді [7].

Бағалау қалыптастырушы, оң кері байланыспен болуы маңызды, бұл қателерді тіркеуге ғана емес, дағдыларды дамытуға бағытталған.

Пікірталас технологиясын Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы және қоғамтану негіздері сабақтарында, сондай-ақ сыныптан тыс жұмыстарда тиімді қолдануға болады.

Тарих пәні мұғалімдері арасында өткізілген сауалнама нәтижелерін талдай келе, тарих және қоғамтану пәндері бойынша «Пікірталас» технологиясын қолданудың қазіргі жай-күйіне қатысты мынадай ғылыми-педагогикалық тұжырымдар жасауға болады:

1. Қолдану жиілігі және мазмұндық бағыты

Мұғалімдердің тең жартысы (50%) бұл технологияны тоқсанына 1-2 рет тек күрделі тақырыптарды меңгеру кезінде қолданады. Бұл пікірталастың күнделікті әдіс емес, терең талдауды қажет ететін рефлексивті оқыту құралы ретінде қарастырылатынын көрсетеді. Сауалнамаға қатысушылардың 50%-ы проблемалық пікірталастарға басымдық береді, бұл білім берудің зерттеушілік парадигмасына сәйкес келеді.

2. Дағдыларды дамыту және тиімділік

Респонденттердің басым көпшілігі (75%) пікірталас ең алдымен шешендік өнер мен көпшілік алдында сөйлеу сенімділігін қалыптастырады деп есептейді. Дегенмен, технологияның мемлекеттік стандарттарға (сыни ойлау, азаматтық ұстаным) әсері «орташа» деңгейде (75%) бағаланған. Бұл пікірталастың әлеуеті толықтай «тұлғалық даму» деңгейіне көтерілмей,

көбіне «сөйлеу дағдысын дамыту» шеңберінде қалып қойып жатқанын меңзейді.

3. Негізгі кедергілер мен қиындықтар

Педагогтар үшін ең үлкен қиындықтар екі бағытта:

Регламентті сақтау (50%): Пікірталастың қатаң құрылымын жүргізудегі әдістемелік қиындықтар.

Дәлелді базаның әлсіздігі (50%): Оқушылардың ақпаратты іріктеу және фактілермен жұмыс істеу дағдыларының төмендігі.

4. Цифрлық трансформация (ЖИ қолдану)

Мұғалімдердің жасанды интеллектке (AI) қатысты көзқарасы өте оң: 100% (50% толық, 50% ішінара) AI құралдарын деректер іздеу мен ақпаратты жүйелеуге қолдануды қолдайды. Бұл — заманауи білім берудегі «диджитал-педагогиканың» маңыздылығын және мұғалімдердің жаңа технологияларға ашықтығын көрсетеді.

Негізгі түйін (қорытынды):

Мақсатты қолдану: Пікірталас технологиясы тарих сабақтарында жүйелі түрде емес, эпизодтық (тақырыптық) сипатта қолданылады.

Дағдылар теңгерімсіздігі: Негізгі назар коммуникацияға аударылып, аналитикалық және зерттеушілік дағдылар (ақпаратты іріктеу) көлеңкеде қалып қоюда.

Ресурс тапшылығы: Оқушылардың аргумент құрастырудағы әлсіздігін жою үшін ЖИ құралдарын дайындық кезеңінде интеграциялау — қазіргі таңдағы ең тиімді шешім болып табылады (2 сур.).




*Сурет 2 – Тарих пәні мұғалімдері арасында өткізілген сауалнама сұрақтарының нәтижелері*

Талқылауды құрылымдау және ойлау белсенділігін арттыру үшін пікірталастардың әртүрлі түрлері мен әдістері қолданылуы мүмкін:

1. Проблемалық пікірталастар: Жалпылау-қайталау сабақтарында өткізіледі және дайындыққа, сондай-ақ әртүрлі қосымша әдебиеттерді оқуға жеткілікті уақытты талап етеді (бағалау-реттеуші дағды).

2. Экспресс-пікірталастар (мини-пікірталастар): Өтілген материалды бекіту және ойлау белсенділігін жеделдету үшін қолданылады.

3. «Егер... болса не болар еді?» айдарымен мини-пікірталастар: Болжамдық реттеуші дағдыларды қалыптастыруға бағытталған, мұнда оқушыларға ұжымдық талқылау үшін гипотетикалық тақырыптар ұсынылады, мысалы: «Егер... Кіші жүз Ресейге қосылмағанда не болар еді».

4. Жалпылаушы пікірталас-сабақтары: ең жалпы ұғымдар мен заңдылықтарды анықтауға, себеп-салдарлық байланыстарды орнатуға бағытталған (логикалық танымдық дағды).

5. Модификацияланған пікірталастар: Технологияның жекелеген элементтерін ғана пайдалану, мысалы, регламентті өзгерту немесе рөлдік ойынды жүзеге асыру [8].

Тарих және қоғамтану сабақтарында пікірталас саяси мәселелерге (мысалы, Резолюция: «Үкімет Қазақстан Республикасының зейнеткерлік саясатын жастар арасында жариялаудың тиімді тетігін ұсынады») немесе құндылық мәселелеріне (мысалы, Резолюция: «Бұл палата Қарағандыға республикалық маңызы бар қала мәртебесін беру қажет деп есептейді») қатысты болуы мүмкін. Бұл технологияны енгізу оқушыларға тарихи процестердің біржақты еместігін көруге және оқиғаларды әртүрлі көзқараспен бағалауға мүмкіндік береді, мұны Француз революциясының себептері мен салдары бойынша тақырыптық пікірталастар тәжірибесі көрсетті.

Бұдан басқа, оқушыларға дәлелді жауапты құрылымдауға көмектесетін «ПОПС-формуласы» (Позиция, Обоснование, Пример, Следствие) жиі қолданылады. Топтық жұмыс (мысалы, журналистер, сарапшылар және аналитиктер рөлдерімен «Брифинг») және «Дуэль» әдісі де пікірталас дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді [9].

Гуманитарлық цикл сабақтарында «Пікірталас» технологиясын жүйелі түрде қолдану оқушылардың сыни ойлауын дамытудың және XXI ғасырдың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастырудың жоғары тиімді әдісі болып табылады. Пікірталас, қатаң ресми ережелерге сәйкес өткізілетін интеллектуалды ойын бола отырып, логикалық ойлауды, ойларды ретке келтіру дағдыларын, сөйлеу мәдениетін, әртүрлі көзқарастарға төзімділікті және өзіне деген сенімділікті дамытады.

Пікірталас технологиясын оқу процесіне енгізу білім беру тәжірибесін байытады, оқушыларды ақпаратты өз бетінше іздеуге және негізделген көзқарастарды қалыптастыруға ынталандырады, сондай-ақ белсенді азаматтық ұстанымды дамытуға ықпал етеді. «Пікірталас» әдістемесі оқушыларда жаңа білім алуға деген уәжді және демократиялық қарым-қатынас стилін қалыптастыруға мүмкіндік береді, бұл шығармашыл, бастамашыл тұлғаның дамуына әкеледі.

Пікірталас-сабақтарын жүйелі түрде өткізу педагогке жалпы білім беру стандарты талап ететін іс-әрекеттік оқыту тәсілін іске асыруға және оқушының рөлін білімді пассивті алушыдан белсенді қатысушы, ойшыл және ынтымақтасатын субъектіге айналдыруға мүмкіндік береді. «Пікірталас» технологиясы жай ғана қызықты іс-шара емес, ойлайтын ұлтты дамытудың негізі ретінде әрекет етеді.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Альтергот, Н. В. Дебаты как одна из форм современного урока / Н. В. Альтергот. — Текст: непосредственный // Молодой ученый. — 2016. — № 7.3 (111.3). — С. 2-4. — URL: https://moluch.ru/archive/111/27941.
2. Бугенко А.В., Ходос Е.А. Критическое мышление: метод, теория, практика. Учеб. метод. пособие. - М.: Мирос, 2020.
3. Захряпина Л. В. Роль дискуссий и дебатов в развитии критического мышления у школьников на уроках истории и обществознания. Работа №375824. — 14.10.2025 ж.
4. Литовченко О. А., Попова Н. Е. Технология «Дебаты» как основа формирования универсальных учебных действий учащихся // Педагогическое образование в России. — 2016. — № 6.
5. Короткова М. В. Методика проведения игр и дискуссий на уроках истории. М.: Владос-пресс, 2008.,
6. Курицина С. И. Технология проведения дебатов. Лекции. Курсы повышения квалификации. Углич, 2007.
7. Плетнёва И. А. Использование технологии дебаты на уроках "Истории". — 24.02.2021 ж.
8. Полат Е. С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. М.: Владос, 2003.
9. Светенко Т.В. Путеводитель по дебатам. URL: http//www.auditorium.ru/books/1616/.


# ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ: АЛҒАШҚЫ ТАРИХ КІТАПТАРЫ


***Б. Нурболат, С.А. Ерен***

*Павлодар педагогикалық университетінің студенты, Павлодар қ.*

***З.Ш. Айткенов***

*тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Павлодар қ.*



**Аннотация:** Мақалада XX ғасырдың басындағы ұлттық ояну кезеңінде қазақ зиялыларының ағарту саласындағы қызметі және алғашқы оқу құралдары мен тарихқа қатысты еңбектердің жарық көруі қарастырылады. Қазақ тіліндегі оқулықтардың пайда болуы, ұлттық баспасөздің қалыптасуы және Алаш қайраткерлерінің білім беру жүйесін дамытудағы рөлі талданады.Сонымен қатар, алғашқы тарихи мақалалар мен зерттеу еңбектерінің қазақ халқының тарихи санасын қалыптастырудағы маңызы айқындалады. Мақалада ағартушылық бағыттың қоғам дамуына тигізген әсері мен ұлттық құндылықтарды сақтаудағы рөліне де ерекше назар аударылады.



**Кілт сөздер:** ұлттық мүдде, ағартушылық, Алаш зиялылары, оқулықтар, тарихи сана, қазақ баспасөзі, білім беру, тарих ғылымы

**Аннотация:** В статье рассматривается процесс национального пробуждения в начале XX века и деятельность казахской интеллигенции в сфере просвещения. Анализируется появление первых учебников на казахском языке, развитие национальной прессы и вклад деятелей Алаш в формирование системы образования. Особое внимание уделяется первым историческим публикациям и их роли в формировании исторического сознания казахского народа.Также в статье подчеркивается влияние просветительской деятельности на развитие общества и сохранение национальных ценностей.

**Ключевые слова:** национальные интересы, просвещение, деятели Алаш, учебники, историческое сознание, казахская пресса, образование, историческая наук

**Annotation:** The article examines the national awakening of the early 20th century and the role of Kazakh intellectuals in the development of education and enlightenment. It analyzes the emergence of the first textbooks in the Kazakh language, the formation of national press, and the contribution of Alash figures to the educational system. Special attention is given to early historical writings and their significance in shaping the historical consciousness of the Kazakh people. The article also highlights the impact of educational activities on societal development and the preservation of national values.

**Keywords**: national interest, enlightenment, Alash intellectuals, textbooks, historical consciousness, Kazakh press, education, historical science

Қазақ халқының рухани және тарихи дамуы ғасырлар бойы жинақталған тәжірибе мен ұлттық құндылықтарға негізделеді. Әсіресе, білім беру мен ағартушылық ісі халықтың санасын қалыптастыруда, оның тарихи жадын сақтауда маңызды рөл атқарды. Ұлттың өткенін тану, оны кейінгі ұрпаққа жеткізу – әр кезеңдегі зиялы қауымның басты міндеттерінің бірі болды. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ қоғамында алғашқы оқу құралдары мен тарихи еңбектердің пайда болуы кездейсоқ құбылыс емес, ол заман сұранысынан туындаған қажеттілік еді. Ұлттық мүдде жолындағы бұл үдеріс халықтың өзін-өзі тануына, дербес ойлауына және болашаққа бағыт алуына негіз қалады.

XX ғасырдың басында ұлттың ояну процесі қайта жандана бастады. Отаршыл биліктің гүлденуінен әбден азап кешкен татар, башқұрт, өзбек, қырғыз, қазақ халықтары ағартушылық бағытта қайта бас көтеріп, ұлттың санасына серпіліс жасады. И.Гаспринский, С.Мақсұдов, Ғ.Исхаков, М.Бигиев, Ә.Топшыбашев т.б. елшіл азаматтар ұлттық езгіден арылудың жолын ұсынып, әр тараптан бас көтере бастады. Татар газет-журналдарының үзіліссіз жарияланып тұруы басқа халықтардың баспасөз ісін жолға қойылуына себепші болды. XX ғ басында қазақ халқы алғаш жазба әдебиеттің маңыздылығын ұғынып, газет-журнал, оқулық шығару ісімен айналыса бастады. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ тілінде жарық көрген оқулықтар, оқу құралдары туралы бірқатар дерек сақталған. Әдебиет зерттеушісі Т.Әкім көрсетілген тарихи кезеңде қазақ тілінде мынадай оқулықтардың жарық көргенін жеткізді: Ы.Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы» (1879), «Мактубат» (1899); Қашафуддин Шахмарданұлы «Кел, балалар, оқылық» (1898), «Мінез» (1898); А.Жандыбаев «Жас ғұмырым» (1907); М.Кәшімов «Әдеп» (1907),

«Ақыл кітабы» (1908); «Ғалия» медресесінде оқитын шәкірттердің құрастырған оқулығы «Әліппе яки төте жазу» (1911); С.Көбеев «Үлгілі бала» (1912); Мұхамеджан Нұрбаев «Қазақша әліппе» (1910) кітаптарында жәдитизм бағытында жазылды [1]. Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралын» (1912), «Тіл құралын» (1914-1916 жылдары), «Әліпбиін» (1912), Мұстақым Малдыбаевтың «Қазақша ең жаңа әліппесін (төте жазу)» (1912) және «Қазақша оқу кітабын» (1912), Кенжеғали Ғабдолла Серғалидің құрастыруымен шыққан «Қазақ балаларына жәрдем: Қазақша әліппе кітабы» (1913) мен «Өнеге яки намуне: Қазақша кираат кітабы. Бірінші ибтида-и қазақ балаларына» (1913), Міржақып Дулатұлының «Бастауыш мектепте екінші жыл оқылатын есеп құралын» (1914), Ишанғали Бейсенұлының «Қазақша дұрыс жазу қағидаларын» (1914) сынды еңбектердің жазылуы қазақ балаларының таным көкжиегінің кеңейуіне едәуір әсер етті [2, 185 б].

Бұл кітаптармен қатар ұлттық сипаттағы «Айқап», «Қазақ», «Сарыарқа», «Жас Азамат» газет-журналдардың жарыққа шыға бастауы қазақ баласының кеудесіне шашылған жарық сәуле болды. Алаш қайраткерлері саяси күрес ішінде жүріп, алғашқы ұлттық басылымдарды ашып, руханият орындарын ұйымдастырып, қоғамдық-гуманитарлық, дүняуи пәндер бойынша оқулықтар мен оқу әдістемелік еңбектер жазып қалдырды. Алғашқы кезеңде тарих саласындағы мәселелер газетте жарық көрді, соның бірі 1913 жылы «Қазақ» газетінің № 2, 3 ,5, 7, 9 сандарында «Түрік баласы» бүркеншек есімімен «Қазақтың тарихы» атты мақала жарық көрді. Бұл мақалалар келесі кезекте тарихи кітаптардың жарық көруіне түрткі болды. Алашорда үкіметінің, Алаш автономиясының жариялануына байланысты ұлттық білім беру жүйесі мемлекеттік қауіпсіздіктің басты ұстаным деп айқындалды. Осы орайда 1921 жылы ҚазАССР халық ағарту халық комиссариаты жанынан Республиканың академиялық орталығы құрылды [3, 28 б]. Оны Ахмет Байтұрсынұлы басқарды. Академиялық Орталық – ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру үшін құрылған алғашқы мемлекеттік мекеме. Қызметінің негізгі бағыттары: ағарту саласындағы жұмыстарды үйлестіру; сауатсыздықты жою, бастауыш, орта білім беру жөніндегі бағдарламаларды, жоғары оқу орындарына арналған бағдарламалар жүйесін әзірлеу; әдебиет пен өнер саласындағы басшылық; оқу орындарына, саяси-ағарту мекемелеріне, баспа ісіне, мұрағаттарға, мұражайлар мен ғылыми-зерттеу мекемелеріне теориялық және әдістемелік көмек көрсету. Академиялық орталық қазақ даласын жан-жақты зерттеу бойынша жұмыс ұйымдастырды, қазақ мектептеріне қажетті кітаптар, бағдарламалар мен оқулықтар шығаруды реттеді, ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауға көмектесті. Тағы да түрткі болған мәселелердің бірі 1919-1920 жылдардағы статистикаға сәйкес Семейде 19 орыс, 11 қазақ және татар балаларды оқытатын мектептері жұмыс жасаса, оның ішінде Алаш қаласында тек 3 мектеп қазақ тілінде ғана білім бергенін айтады. Осы статистика 1921 жылы Орынборда Ахмет Байтұрсынұлы бастаған білім кеңесіне алып келді. Білім кеңесінде қазақ тіліндегі оқулықтардың жоқтығы

осының салдарынан қазақ мектептерінің ақсап, кенжелеп тұрған сипаты негіз болды. Бұл кеңесте бірқатар алаш қайраткерлерге ағарту саласында кенжелеп тұрған сала барысын зерттеу һәм оқулық дайында шығару ісі тапсырылды. Күрделі тарихи кезеңде оқулық даярлау ісіне Ә.Бөкейхан (астрономия, дүние құрылысы, ауыл шаруашылығы), А.Байтұрсынұлы (тіл білім, әдебиеттану), М.Дулатұлы (есеп құралы), Ж.Аймауытұлы (психология), Х.Досмұхаммедұлы (табиғаттану, биология, жануарлар әлемі), Ә.Ермек (математика), Е.Омарұлы (тіл білімі, есеп құралы, әдістеме, физика), М.Жолдыбайұлы (тіл білімі), М.Жұмабаев (педагогика), С.Қожанұлы (математика), Ж.Күдеріұлы (тарих, ботаника, ауыл шаруашылығы), Т.Шонанұлы (тарих), Қ.Кемеңгерұлы (тіл білімі, тарих, ауыл шауашылығы, химия), М.Әуез (әдебиет, жер жаратылысы), А.Байтасұлы (жануарлар әлемі), М. Есболұлы (мәдениет), Х.Болғанбайұлы (тарих), Ж.Тілеулин (медицина, гигиена), С.Сәдуақасұлы (тарих, әдебиет) оқулықтары ісіне қазақ оқығандары жұмылдырылды. 1923 жылы Орынбор қаласында Телжан Шонанұлының «Қазақ жер мәселесінің тарихы» еңбегі жазылды [4, 69 б].

Бұл еңбек XVIII ғасыр басына дейінгі көшпелі және жартылай көшпелі халықтың отырықшылану процессіне деген ой пікірі мен наразылықтары одан әрі 1922-1924 жылдар аралығында болған Орынбор, Сібір қырғыздарын (қазақтарын) басқару жөніндегі қаулы хат негізінде қазақ жерінде болған біршама өзгерістерге шолу жасайды. Осы оқулықтар ішінен алғаш жазылған тарих оқулықтарына тоқталар болсақ, 1924 жылы Мәскеу қаласында Қ. Кемеңгерұлы «Қазақ тарихынан» зерттеу еңбегін аяқтады. Бұл еңбекте қазақ халқының байырғы тарихын қозғай отырып, сол кезеңдегі саяси оқиғаларға шолу жасайды. Сонымен қатар 1930 жылы Жұмақан Күдері «Қазақтардың ата-тек шежіресіне қатысты материалдар» атты еңбегін жазған. Құрылымына келер болсақ, қазақ халқының ата-тегіне және этнографиялық мұрасына кеңінен тоқталады. Қазақ халқы өз тарихын зерттеуде «Тарих – түзу жөнді үйретуші. Тарих – түзушіліктің кітабы, тарих тіршілікте жолбасшы» деген аталы сөзді негізге ала отырып өз тарихын кезеңіне қарай шама шарқы жеткенше өз тарихын зерттеуге кірісті [5, 74 б]. Сол зерттеуге түрткі болған алғаш тарих жөнінде сөз болған мақала, мақалада тарихты зерттеудің қаншалықты қажет екенін, және тарих ертеңгі күнді жарық етуші фактор ретінде қарап тарих ғылымының жүйелі сатысы қалыптаса бастады. «Қазақтың тарихы» мақаласының келесі санында «тарих кітаптарындағы көп қатаның бірі – тарих жазушылардың һешбірі қазақ пен қырғызды айырмайды. Қазақ – қазақ, қырғыз өз алдына қырғыз, бұлардың арасында ерекше белгі жоқ. Түрікмен менен башқұрт қандай басқа-басқа ел болса, қазақ пен қырғыз да сондай басқа-басқа ел» деген түсінікті айта келе әр халықтың өз тарихы мен болмысының бары жазылады. Сонымен қатар тарих халықтың ертеңі мен бүгінін жалғаушы һәм түзу жолды бағыттаушы. Біршама уақыт өз атауларының қырғыз аталуына наразы жұрт келесі кезекте өз тарихын зерттей отырып, қазақ

деген атауының қалыптасу тарихы мен маңызын дәлелді тұрғыда көрсетуге мүмкіндік алды. Келесі кезекте 1923 жылы жазылған Тележан Шонанұлының «Қазақ жер мәселесінің тарихынан» атты еңбегі XVIII ғасырға дейінгі көшпелі не жартылай көшпелі өмір салтының отырықшы кезең артықшылығын кезең барысында өмір салтын бұзу мен қатар қыспақта ұстау мақсатында халықтың құқықтары мен бостандықтарын шетеумен қатар күнделікті өмірде отыршылық өмірді насихаттауға тырысып бақты. Сан ғасырлар бойы жерін басқарып келе жатқан халыққа жердің тапшылығы мен өздеріне тәуелді етіп құрсауда ұстап отыруға тырысты. Тележан Шонанұлы жазған еңбегінде қазақ халқының жерді қалай тиімді һәм дұрыс пайдаланудың озық көрсеткіші ретінде қазақ тұрмыс салтынан басым да шындыққа сәйес ақпараттар легін толықтырды.

XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының ағартушылық қызметі ұлттық мүддені қорғаумен тығыз байланысты болды. Олар тек білім беру саласында ғана емес, сонымен қатар қоғамдық-саяси өмірде де белсенділік танытып, халықтың санасын оятуға күш салды. Алаш қайраткерлері үшін ең басты мақсат – ұлттық бірегейлікті сақтау және оны жаңа тарихи жағдайда дамыту болды. Осы бағытта олар оқу-ағарту ісін дамытуды бірінші орынға қойды.

Қазақ қоғамында білім беру жүйесінің қалыптасуы оңай болған жоқ. Патшалық Ресейдің отарлық саясаты ұлттық мектептердің дамуына белгілі бір дәрежеде кедергі келтірді. Соған қарамастан, қазақ зиялылары ана тілінде білім берудің маңыздылығын түсініп, ұлттық мектептер ашуға және оқулықтар жазуға белсенді кірісті. Бұл үрдіс қазақ халқының рухани жаңғыруының бастамасы болды.

Алғашқы қазақ тіліндегі оқулықтардың пайда болуы – тарихи маңызы зор құбылыс. Бұл оқулықтар тек сауат ашу құралы ғана емес, сонымен қатар ұлттық дүниетанымды қалыптастырудың негізі болды. Оларда қазақ халқының тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі көрініс тауып, жас ұрпақтың ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруіне ықпал етті.

Сонымен қатар, ұлттық баспасөздің қалыптасуы да ерекше рөл атқарды. «Айқап», «Қазақ», «Сарыарқа», «Жас Азамат» сияқты басылымдар қазақ қоғамындағы өзекті мәселелерді көтеріп, халықтың саяси және әлеуметтік санасының өсуіне ықпал етті. Бұл басылымдарда жарияланған мақалалар ағартушылық бағытта жазылып, халықты білімге, бірлікке және өркениетке шақырды.

Алаш зиялыларының қызметі тек теориялық деңгейде ғана емес, практикалық тұрғыда да жүзеге асты. Олар мектептер ашып, оқу бағдарламаларын жасап, мұғалімдер даярлау ісіне ерекше көңіл бөлді. Бұл бағыттағы жұмыстар қазақ қоғамының білім деңгейін арттыруға және ұлттық кадрларды қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Осы кезеңде Қошмұхаммед Кеменгерұлы сынды ғалымдардың еңбектері ерекше маңызға ие болды. Ол өз зерттеулерінде қазақ халқының тарихи дамуын, әлеуметтік құрылымын және мәдени ерекшеліктерін терең

талдады. Оның еңбектері қазақ тарихнамасының қалыптасуына негіз болып, ұлттық тарихи сананың дамуына үлкен үлес қосты.

Кемеңгерұлы еңбектерінде қазақ қоғамының ішкі құрылымы, шаруашылық жүйесі, басқару ерекшеліктері жан-жақты қарастырылған. Сонымен қатар, ол халықтың тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін және рухани құндылықтарын ғылыми тұрғыда сипаттап, қазақ тарихын жүйелеуге ұмтылды. Бұл еңбектердің ерекшелігі – олардың деректік негізге сүйенуі және ұлттық көзқарас тұрғысынан жазылуы.

XX ғасырдың басындағы ағартушылық қозғалыс қазақ қоғамының дамуына зор әсер етті. Бұл кезеңде жазылған оқулықтар мен ғылыми еңбектер ұлттық білім беру жүйесінің негізін қалап, қазақ халқының тарихи санасының қалыптасуына ықпал етті.

Бүгінгі таңда осы еңбектердің маңызы ерекше. Олар тәуелсіз Қазақстанның рухани негізін құрайтын құндылықтардың бастауы болып табылады. Сондықтан Алаш зиялыларының мұрасын зерттеу және оны білім беру жүйесінде пайдалану – маңызды міндеттердің бірі болып қала береді. [6, 47-62 б].

Қорыта айтқанда, XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының ағартушылық қызметі ұлттық тарих пен білім беру жүйесінің қалыптасуында шешуші рөл атқарды. Бұл кезеңде жазылған алғашқы оқулықтар мен ғылыми еңбектер қазақ халқының рухани жаңғыруына жол ашып, тарихи сананың дамуына негіз болды. Алаш қайраткерлері білім беру ісін ұлттық мүддемен ұштастыра отырып, ана тілінде оқыту, ұлттық мектептер ашу және оқу құралдарын әзірлеу арқылы халықтың сауаттылығын арттыруға үлес қосты.

Сонымен қатар, ұлттық баспасөздің қалыптасуы қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеріп, халықтың саяси және әлеуметтік көзқарасының дамуына ықпал етті. Алғашқы тарихи мақалалар мен зерттеу еңбектері қазақ халқының өткенін ғылыми тұрғыда түсіндіруге мүмкіндік беріп, ұлттық бірегейлікті нығайтуға қызмет етті.

Әсіресе, Қошмұхаммед Кемеңгерұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы сияқты тұлғалардың еңбектері қазақ тарихнамасының негізін қалап, кейінгі зерттеулерге бағыт-бағдар берді. Олардың ғылыми және ағартушылық мұрасы бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтпай, тәуелсіз Қазақстанның білім беру жүйесінде маңызды орын алады.

Осылайша, алғашқы тарихи оқулықтар мен ғылыми еңбектер тек білім беру құралы ғана емес, сонымен қатар ұлттық сананы қалыптастырудың, тарихи жадыны сақтаудың және болашақ ұрпақты тәрбиелеудің маңызды тетігіне айналды. Бұл мұра қазақ қоғамының рухани дамуының негізі ретінде әрдайым зерттеліп, бағалануы тиіс.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Кемеңгер Қ. Алаш және алғашқы оқулықтар // qamshy.kz [Электронды ресурс]. – 2017. URL: https:// qamshy.kz/article/26644-alash-dgane-alghashqy-oqulyqtar

2. Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры. – Алматы: Ел шежіре, 2008 . – 357 б
3. Шонанұлы Тележан. Үш томдық шығармалар жинағы. Шығармалары. Т.Шонаұлы туралы материалдар|Т. Шонанұлы. Алматы. «Ел шежіресі», -2013. Т.3:-384 б.
4. Кемеңгерұлы Қошке. Үш томдық шығармалар жинағы. Зерттеулері, көркем шығармалары, мақалалары.\ Құраст. Қамзабекұлы Д. – Алматы: «Ел шежіресі», -2013.
5. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары – Сочинения. Т. XI. – Астана: Сарыарқа, 2016.- 573 б
6. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Мектеп, 2009. – 560 б

# МЕКТЕПТЕ "ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ" ТАҚЫРЫБЫН ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС (ГЕОГРАФИЯ, ӘДЕБИЕТ) АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

***Д.К. Абдрахманова, Л.Н. Турсынбек***
*Павлодар педагогикалық университетінің студенты, Павлодар қ.*
***З.Ә. Сабданбекова***
*Тарих ғылымдарының кандидаты, профессор ассистенті, Павлодар қ.*

**Аннотация:** Бұл мақалада мектепте «Ұлы Жібек жолы» тақырыбын пәнаралық байланыс негізінде оқыту әдістемесі қарастырылады. География және әдебиет пәндерімен кіріктіру арқылы оқушылардың тарихи танымы, кеңістіктік ойлауы және мәдени құндылықтарды қабылдауы талданады. Пәнаралық оқытудың теориялық негіздері, әдістері мен формалары сипатталып, педагогикалық қиындықтар мен оларды шешу жолдары ұсынылады. Зерттеу нәтижелері пәнаралық тәсілдің білім сапасын арттырудағы тиімділігін көрсетеді.

**Түйін сөздер:** Ұлы Жібек жолы, пәнаралық байланыс, география, әдебиет, оқыту әдістемесі, тарихи таным.

**Аннотация:** В статье рассматривается методика преподавания темы Великого шелкового пути в школе на основе межпредметных связей (география и литература). Анализируются возможности формирования исторического мышления, пространственного восприятия и культурного сознания учащихся. Описаны теоретические основы, методы и формы межпредметного обучения. Также выявлены педагогические трудности и предложены пути их решения. Результаты исследования подтверждают эффективность межпредметного подхода в образовательном процессе.

**Ключевые слова:** Великий шелковый путь, межпредметные связи, география, литература, методика обучения.

**Abstract:** This article examines the methodology of teaching the topic of the Silk Road at school through an interdisciplinary approach integrating geography and literature. The study analyzes the development of students ’historical understanding, spatial thinking, and cultural awareness. Theoretical foundations, teaching methods, and forms of interdisciplinary learning are discussed. The paper also identifies pedagogical challenges and suggests ways to overcome them. The results demonstrate the effectiveness of interdisciplinary teaching in improving the quality of education.

**Keywords:** Silk Road, interdisciplinary learning, geography, literature, teaching methodology.

**Кіріспе**. Қазіргі білім бері жүйесінде мазмұнын интеграциялау және пәнаралық байданыс орнату - оқытудың маңызды бағыттарының бірі. Бұл тәсіл білім алушылардың дүниетанымын кеңейтіп, білімді жүйелі түрде меңгеруге мүмкіндік береді.

Зерттеудің өзектілігі "Ұлы Жібек жолы" тақырыбының тарихи, географиялық және мәдени тұрғыдан ерекше маңыздылығымен анықталады. Бұл тақырып Қазақстан тарихының маңызды бөлігі бола отырып, ұлттық мәдени мұраны, өркениеттер арасындағы байланыста және жаһандық тарихи процестерді түсінуге мүмкіндік береді. Қазіргі жағдайда білім алушылардың тарихи санасын қалыптастыру, мәдени мұраға деген құрметін арттыру және сыни ойлауын дамыту өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, "Ұлы Жібек жолы" тақырыбын пәнаралық байланыс негізінде оқыту - білім бері үдерісін жаңғыртудың тиімді жолдарының бірі.

Зерттеудің мақсатты аудиториясы - жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары (7-9 сыныптар), сондай-ақ болашақ педагогтар мен білім бері саласының мамандары. Аталған аудитория үшін бұл тақырып тарихи білімді тереңдетумен қатар, пәнаралық ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Тақырыптың зерттелу деңгейі ғылыми әдебиеттерде жеткілікті дәрежеде қарастырылған. Ұлы Жібек жолының тарихы, оның бағыттары мен мәдени маңызы туралы Василий Бартольд, Карл Байпаков, Сергей Кляшторный еңбектерінде жан-жақы талданған. Сонымен қатар, халықаралық деңгейде UNESCO бағдарламалары аясында Жібек жолының тарихи және мәдени рөлі зерттелуде.

Алайда, аталған тақырыпты мектепте пәнаралық байланыс негізінде оқыту әдістемесі жеткілікті деңгейде жүйеленбеген. Әсіресе география және әдебиет пәндерін кіріктіру арқылы оқыту тәсілдері арнайы зерттеуді қажет етеді.

**Пәнаралық байланыстың теориялық негіздері.** Пәнаралық байланыс - білім беру процесінде әртүрлі пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру арқылы оқушылардың кешенді білім алуына бағытталған маңызды дидактикалық ұстаным. Бұл ұстаным білімнің жүйелігін қамтамасыз етіп қана қоймай, оны практикада қолдануға мүмкіндік береді [1].

Қазіргі педагогикада пәнаралық байланыс білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі бағыттарының бірі ретінде қарастырылады. Оның теориялық негізделі дидактика, психология және білім беру философиясы салаларында қалыптасқан. Пәнаралық байланыстың ғылыми негіздерін зерттеген ғалымдарының қатарында Исаак Лернер және Михаил Скаткин ерекше орын алады [1-2]. Олар пәнаралық байланысты білім мазмұнының

жүйелілігін қамтамасыз ететін және оқушылардың танымдық әрекетін белсендіретін құрал ретінде қарастырған.

Сонымен қатар, пәнаралық оқыту идеялары Жан Пиаже мен Лев Выготский еңбектеріндегі конкструктивизм және әлеуметтік-мәдени теорияларын тығыз байланысты. Бұл теорияларға сәйкес, білім алушы білімді дайын күйінде алмайды, керісінше она өз тәжірибесі мен қоршаған ортамен әрекеттесу арқылы құрастырады.

Пәнаралық байланысының мақсаттарына:

- Білімнің жүйелілігін қамтамасыз ету;
- Әртүрлі пәндер арасындағы логикалық байланысты орнату;
- Оқушылардың дүниетанымын кеңейту;
- Теориялық білімді практикада қоладну дағдыларын қалыптастыру;
- Шығармашылық эәне сыни ойлауды дамыту жатады.

Пәнаралық оқытудың негізігі функциялары бірнеше бағытта көрінеді. Бірінші бағыт - танымдық функция. Бұл функция білім алушылардың қоршаған әлем туралы тұтас түсінік қалыптастыруына ықпал етеді. Әртүрлі пәндердегі білімді біріктіру арқылы оқушылар күрделі құбылыстарды тереңірек түсінеді. Дамытушылық функция пәнаралық оқытудың негізігі функцияларының бірі юолвп табылады. Ол пәнаралық байланыс логикалық, сыни және шығармашылық ойлауды дамытуға мүмкіндік береді. Оқушылар ақпаратты талдау, салыстыру және жалпылау дағдыларын меңгереді. Келесі - практикалық функция. Білімді нақты өмірлік жағдайларда қолдану қабілеті қалыптасады. Бұл әсіресе география және әдебиет пәндерін біріктіргенде айқын көрінеді.

Пәнаралық байланысты жүзеге асырудың бірнеше деңгейі бар:

1. Мазмұндық деңгей - оқу материалдарының ұқсастығы;
2. Әдістемелік деңгей - оқыту әдістерінің ортақтығы;
3. Ұйымдастырушылық деңгей - біріктірілген сабақтар мен жобалар.

Қазіргі білім беру жағдайында пәнаралық байланыс тек әдістемелік тәсіл ғана емес, сонымен қатар білім беру парадигмасының маңызды бөлігі болып табылады. Ол оқушыларды тек білім алушы ретінде емес, өз бетінше ойлайтын, ақпаратты талдай алатын және оны өмірде қолдана алатын тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған.

Осы тұрғыдан алғанда, «Ұлы Жібек жолы» тақырыбы пәнаралық байланыс негізінде оқыту үшін тиімді мазмұндық база болып табылады, өйткені ол тарихи, географиялық және мәдени аспектілерді біріктіреді.

**«Ұлы Жібек жолы» тақырыбының білім беру әлеуеті.** «Ұлы Жібек жолы» - адамзат тарихындағы ең ірі сауда және мәдени коммуникация жүйелерінің бірі болып табылады [3]. Бұл тарихи феномен Шығыс пен Батысты байланыстырып қана қоймай, халықтар арасындағы экономикалық, мәдени және рухани алмасудың негізгі арнасы қызметін атқарды. Осыған байланысты, аталған тақырыптың білім беру әлеуеті өте жоғары және көпқырлы сипатқа ие.

Білім беру тұрғысынан «Ұлы Жібек жолы» тақырыбы оқушылардың тарихи санасын қалыптастырумен қатар, олардың кеңістіктік ойлауын, мәдени құндылықтарды түсінуін және пәнаралық байланыстарды меңгеруін қамтамасыз етеді.

«Ұлы Жібек жолы» тақырыбы оқушыларға ежелгі және орта ғасырлар тарихын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл бағытта оқушылар сауда жолдарының қалыптасу себептерін, мемлекеттер арасындағы саяси және экономикалық байланыстарды және өркениеттердің өзара ықпалын талдайды.

Ғалым Василий Бартольд еңбектерінде Жібек жолының тек экономикалық емес, сонымен қатар мәдени маңызы ерекше атап өтіледі. Осы арқылы оқушылар тарихты тек оқиғалар жиынтығы ретінде емес, күрделі әлеуметтік процесс ретінде қабылдай бастайды.

Тақырып география пәнімен тығыз байланысты. Ұлы Жібек жолының бағыттарын зерттеу барысында оқушылар кеңістіктік ойлау дағдыларын дамытады. Оқушылар картамен жұмыс істеуді, табиғи-географиялық факторлардың (климат, жер бедері) сауда жолдарына әсерін мен көне қалалардың орналасу ерекшеліктерін зерттейді. Бұл тұрғыда Карл Байпаков зерттеулері ерекше маңызға ие, өйткені ол Қазақстан аумағындағы ортағасырлық қалалардың дамуын Жібек жолымен байланыстыра қарастырған [4-5]. Нәтижесінде оқушылар кеңістіктік талдау және картографиялық сауаттылық дағдыларын меңгереді.

Ұлы Жібек жолы тек сауда ғана емес, мәдениеттердің тоғысу алаңы болды. Бұл әдебиет пәнімен пәнаралық байланысты жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Оқушылар:

1. Шығыс әдебиеті үлгілерімен танысады;
2. Тарихи тұлғалар туралы шығармаларды талдайды;
3. Мәдениетаралық диалогты түсінеді.

Бұл бағытта UNESCO бағдарламалары Жібек жолының мәдени маңызын ерекше атап көрсетеді [6]. Әдеби шығармалар арқылы оқушылар тарихи кезеңнің рухын сезініп, мәдени құндылықтарды тереңірек түсінеді.

**Пәнаралық оқыту әдістері мен формалары.** Пәнаралық оқыту - әртүрлі пәндердің мазмұнын біріктіру арқылы оқушылардың білімін кешенді түрде қалыптастыруға бағытталған педагогикалық процесс. Бұл тәсіл білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып, олардың шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді [7].

Пәнаралық оқытуды жүзеге асыру үшін тиімді әдістер мен ұйымдастыру формаларын дұрыс таңдау маңызды. Әдістер оқыту мазмұнын меңгерудің тәсілдерін анықтаса, формалар оқу процесін ұйымдастырудың құрылымын сипаттайды.

Картографиялық әдіс география және тарих пәндерінің өзара байланысын жүзеге асыруда негізгі құралдардың бірі болып табылады.

Бұл әдіс арқылы оқушылар:

1. Ұлы Жібек жолының негізгі бағыттарын картада анықтайды;

2. Сауда жолдарының өзгеру себептерін талдайды;

3. Табиғи-географиялық факторлардың әсерін зерттейді.

Картамен жұмыс оқушылардың кеңістіктік ойлау қабілетін дамытып, ақпаратты визуалды түрде қабылдауға мүмкіндік береді.

Әдеби талдау әдісі әдебиет пәнімен пәнаралық байланысты жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Оқушылар тарихи кезеңді сипаттайтын әдеби шығармаларды оқиды, кейіпкерлердің іс-әрекетін тарихи жағдайлармен байланыстырады, мәтін арқылы мәдени және рухани құндылықтарды талдайды. Әдеби талдау тарихи материалды эмоционалдық тұрғыда қабылдауға көмектеседі [10].

Интерактивті әдістер оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз етеді (пікірталас (дебат), рөлдік ойындар, «миға шабуыл», кейс-стади әдісі).

Мысалы, оқушылар «саудагер», «саяхатшы», «қала тұрғыны» рөлдерін ойнай отырып, тарихи жағдайларды модельдей алады .

Зерттеу әдісі оқушылардың ғылыми ойлауын қалыптастыруға бағытталған.Оқушылар тарихи деректерді талдайды, картографиялық материалдарды зерттейді, салыстырмалы талдау жүргізеді. Бұл әдіс оқушылардың дербестігін және сыни ойлауын дамытуда маңызды.

Пәнаралық оқытудың формалары:

Кіріктірілген сабақ - бірнеше пәннің мазмұнын бір сабақта біріктіру. Мысалы: тарих + география, тарих + әдебиет, география + әдебиет. Бұл сабақтарда оқушылар тақырыпты әртүрлі қырынан қарастырады.

Жобалық жұмыс (топтық форма). Оқушылар топтарға бөлініп, белгілі бір тақырып бойынша зерттеу жүргізеді. Бұл форма ынтымақтастықты дамытады, коммуникативтік дағдыларды қалыптастырады, жауапкершілікті арттырады.

Экскурсия және далалық сабақтар. Тарихи орындарға, мұражайларға немесе археологиялық ескерткіштерге бару арқылы оқушылар білімді тәжірибе жүзінде меңгереді. Бұл форма оқытудың практикалық бағытын күшейтеді.

Пәнаралық оқыту әдістері мен формалары білім беру процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Олар оқушылардың білімін тереңдетіп қана қоймай, олардың танымдық белсенділігін, шығармашылық қабілетін және сыни ойлауын дамытуға ықпал етеді [8].

«Ұлы Жібек жолы» тақырыбын пәнаралық байланыс арқылы оқытуда аталған әдістер мен формаларды үйлесімді қолдану - сапалы білім берудің маңызды шарты болып табылады.

**Педагогикалық қиындықтар және оларды шешу жолдары.** «Ұлы Жібек жолы» тақырыбын пәнаралық байланыс негізінде оқыту барысында бірқатар педагогикалық қиындықтар туындайды. Бұл қиындықтар оқушылардың жас ерекшеліктеріне, оқу материалдарының күрделілігіне және пәнаралық интеграцияның жеткілікті деңгейде ұйымдастырылмауына байланысты болады.

Ең алдымен, негізгі қиындықтардың бірі - оқу материалының күрделілігі және көлемділігі. Ұлы Жібек жолы тақырыбы тарихи, географиялық және мәдени аспектілерді қамтитындықтан, оқушыларға оны толық және жүйелі түрде меңгеру қиындық туғызуы мүмкін. Әсіресе, тарихи кезеңдер мен ұғымдарды түсіну барысында оқушылар абстрактілі ойлау дағдылары жеткіліксіз болған жағдайда материалды қабылдау күрделене түседі.

Бұл мәселені шешу үшін оқу материалын қарапайымнан күрделіге қарай жүйелеу, негізгі ұғымдарды нақты мысалдар арқылы түсіндіру және көрнекілік құралдарды (карта, схема, иллюстрациялар) кеңінен пайдалану ұсынылады.

Екінші маңызды қиындық - пәндер арасындағы байланысты түсінудің қиындығы. Оқушылар көбінесе әр пәнді жеке қарастырып үйренгендіктен, олардың арасындағы логикалық байланысты бірден аңғара алмайды.

Бұл жағдайда мұғалімнің рөлі ерекше маңызды. Мұғалім әрбір сабақта пәндер арасындағы байланысты мақсатты түрде көрсетуі, мысалы, географиялық факторлардың тарихи процестерге әсерін немесе әдеби шығармалардың тарихи мазмұнын нақты түсіндіруі қажет.

Үшінші қиындық - оқушылардың танымдық белсенділігінің төмен болуы. Дәстүрлі оқыту әдістері қолданылған жағдайда оқушылар пассивті тыңдаушы рөлінде қалып қоюы мүмкін.

Бұл мәселені шешу үшін интерактивті әдістерді қолдану тиімді:

- топтық жұмыс;
- жобалық әдіс;
- пікірталас;
- рөлдік ойындар.

Аталған әдістер оқушылардың сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз етеді және олардың қызығушылығын арттырады.

Тағы бір маңызды қиындық - уақыт тапшылығы. Пәнаралық сабақтарды ұйымдастыру көп уақытты талап етеді, өйткені бірнеше пәннің мазмұнын қамту қажет. Бұл мәселені шешу үшін сабақ құрылымын тиімді жоспарлау, оқу мақсаттарын нақты анықтау және тек негізгі мазмұнға назар аудару ұсынылады.

Сонымен қатар, кейбір оқушылар үшін тарихи ұғымдардың түсініксіздігі қиындық тудырады. Мысалы, «сауда жолы», «өркениет», «мәдени алмасу» сияқты ұғымдарды нақты түсіндіру қажет. Бұл жағдайда мұғалім мысалдар, салыстырулар және өмірмен байланыстыру әдістерін қолдануы тиіс.

Жалпы алғанда, аталған қиындықтарды тиімді әдістер мен тәсілдер арқылы жеңуге болады. Пәнаралық оқытуда мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен әдістемелік дайындығы шешуші рөл атқарады.

**Қорытынды.** Қазіргі білім беру жүйесінде пәнаралық байланыс негізінде оқыту білім сапасын арттырудың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. «Ұлы Жібек жолы» тақырыбы бұл тұрғыда ерекше мәнге

ие, өйткені ол тарихи, географиялық және мәдени аспектілерді біріктіретін кешенді мазмұнға ие.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, пәнаралық тәсіл оқушылардың білімін тереңдетіп қана қоймай, олардың дүниетанымын кеңейтеді, сыни ойлау қабілеттерін дамытады және мәдени құндылықтарды түсінуіне ықпал етеді. География және әдебиет пәндерімен кіріктіру арқылы оқушылар тарихи процестерді кеңістіктік және мәдени тұрғыдан түсінуге мүмкіндік алады.

Зерттеу барысында пәнаралық оқыту кезінде туындайтын негізгі педагогикалық қиындықтар анықталып, оларды шешу жолдары ұсынылды. Интерактивті әдістерді қолдану, көрнекілік құралдарды пайдалану және оқу процесін дұрыс ұйымдастыру арқылы бұл қиындықтарды тиімді жеңуге болады.

Осылайша, «Ұлы Жібек жолы» тақырыбын пәнаралық байланыс негізінде оқыту - оқушылардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін тиімді педагогикалық тәсіл болып табылады. Бұл әдіс білім алушылардың тарихи санасын қалыптастырып қана қоймай, олардың мәдени және азаматтық құндылықтарын дамытуға мүмкіндік береді.

Алдағы уақытта пәнаралық оқыту әдістемесін жетілдіру, цифрлық технологияларды кеңінен енгізу және оқыту мазмұнын жаңарту бағытында зерттеулер жүргізу өзекті болып қала береді.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Лернер И.Я. Дидактические основы обучения. - Москва: Педагогика, 1981. - 186 б.
2. Скаткин М.Н. Теория обучения. - М.: Просвещение, 1982. - 240 б.
3. Бартольд В.В. Жібек жолы тарихы. - М.: Наука, 1963. - 468 б.
4. Байпаков К.М. Ұлы Жібек жолы және Қазақстан. - Алматы: Ғылым, 1992. - 256 б.
5. Байпаков К.М. Средневековые города Казахстана. - Алматы: Ғылым, 1986. - 210 б.
6. UNESCO Silk Roads Programme. - Paris, 2020. - 120 p.
7. Кляшторный С.Г. , Султанов Т.И. Қазақстан: летопись трех тысячелетий - Алматы - Рауан, 1992. – 374 б.
8. Қазақстан тарихы (оқулық). - Алматы: Мектеп, 2020. - 240 б.
9. География (оқулық). - Алматы: Атамұра, 2021. - 220 б.
10. Әдебиет (оқулық). - Алматы: Мектеп, 2020. - 300 б.

# ТАРИХ САБАҒЫНДА ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ МЕН НЫҒАЮЫН ОҚЫТУДА DIGITAL STORYTELLING ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

***У.М. Зайниденова***
*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,*
***З.А. Сабданбекова***
*т.ғ.к. қауымдастырылған профессор, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.*

**Аннотация:** Бұл мақалада тарих сабағында Қазақ хандығының құрылуы мен нығаюын оқытуда Digital Storytelling технологиясын қолдану әдістемесі қарастырылады. Зерттеуде цифрлық әңгімелеу әдісінің оқушылардың тарихи ойлауын, шығармашылық қабілетін және цифрлық сауаттылығын дамытудағы мүмкіндіктері талданады. Сонымен қатар, оқыту процесінде туындайтын педагогикалық қиындықтар мен оларды шешу жолдары ұсынылады. Зерттеу нәтижелері Digital Storytelling технологиясының білім беру сапасын арттырудағы тиімділігін көрсетеді.

**Түйін сөздер:** Қазақ хандығы, Digital Storytelling, цифрлық білім беру, тарихи білім, оқыту әдістемесі.

**Аннотация:** В статье рассматривается использование технологии Digital Storytelling при изучении образования и укрепления Казахского ханства на уроках истории. Анализируются возможности развития исторического мышления, творческих способностей и цифровой грамотности учащихся. Выявлены педагогические трудности и предложены пути их решения. Результаты подтверждают эффективность технологии цифрового сторителлинга в образовательном процессе.

**Ключевые слова:** Казахское ханство, цифровой сторителлинг, цифровое обучение, историческое образование.

**Abstract:** This article examines the use of Digital Storytelling technology in teaching the formation and strengthening of the Kazakh Khanate in history classes. The study analyzes the potential of digital storytelling to develop students' historical thinking, creativity, and digital literacy. The paper also identifies pedagogical challenges and suggests solutions. The findings demonstrate the effectiveness of Digital Storytelling in improving the quality of education.

**Keywords:** Kazakh Khanate, Digital Storytelling, digital education, history teaching.

Қазіргі білім беру жүйесінде цифрлық технологияларды қолдану оқытудың тиімділігін арттырудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады [1,120 б.]. Әсіресе тарих пәнінде бұл технологиялар оқушылардың тарихи санасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Зерттеудің өзектілігі Қазақ хандығының құрылуы мен нығаюы тақырыбының ұлттық тарихтағы маңыздылығымен және оны заманауи әдістер арқылы оқытудың қажеттілігімен анықталады [2,160 б.].

Зерттеудің мақсатты аудиториясы - жалпы білім беретін мектептердің 7-9 сынып оқушылары және болашақ тарих пәні мұғалімдері.

Тақырыптың зерттелу деңгейі отандық тарихшылардың еңбектерінде қарастырылған. Қазақ хандығының қалыптасуы Тұрсын Сұлтанов, Мурат Лаумулин еңбектерінде зерттелген [2,160 б.; 3,264 б.]. Ал цифрлық оқыту технологиялары Берни Робин еңбектерінде сипатталған [4,15-18 б.].

Digital Storytelling технологиясының теориялық негіздері. Digital Storytelling - бұл ақпаратты мультимедиа форматында авторлық көркем әңгіме ретінде ұсыну әдісі. Әдетте мәтін, бейне, әуен, сурет және дауыстық жазба біріктіріледі. Бұл технология конструктивизм теориясына негізделеді, ол оқушының белсенді рөлін, өз білімін құрастыруды және әлеуметтік өзара әрекетті басты назарда ұстайды. Л. Выготскийдің әлеуметтік конструктивизм теориясына сәйкес, білім оқушылардың белсенді қатысуы мен әлеуметтік қарым-қатынасы арқылы қалыптасады; бұл Digital Storytelling-тің жан-жақты қолданылуын негіздейді [5,334 б.].

Digital Storytelling негізгі элементтері:

1. Сценарий және мәтіндік контент: тарихи фактілер мен оқиғаларды логикалық байланысқа түсіреді.

2. Мультимедиа компоненттері: суреттер, клиптер, графика, аудио тректер.

3. Наррация (әңгіме): оқиғаны баяндаушы дауыс, эмоционалды байланыс құрады [6,200 б.].

Digital Storytelling технологиясы оқушылардың шығармашылық және сыни ойлауын дамытуға ықпал етеді.

Қазақ хандығы тақырыбының білім беру әлеуеті. Қазақ хандығының құрылуы мен нығаюы - ұлттық тарихтағы аса маңызды кезең, ол мемлекеттіліктің қалыптасуы, саяси бірлік және экономикалық даму тұрғысынан ерекше мәнге ие. Бұл тақырыпты оқыту барысында оқушылар бірнеше маңызды дағды мен құндылықты меңгере алады.

Қазақ хандығы XV ғасырдың ортасында Жәнібек пен Керей хандардың басшылығымен қалыптасты [7,240 б.]. Бұл процесс көшпелі тайпалардың біріккен саяси ұйымға айналуын көрсетеді. Оқушыларға бұл тарихи фактілерді талдау арқылы мемлекеттіліктің құрылу принциптері мен тарихи себеп-салдар байланыстарын түсіндіруге болады [1,120 б.].

Қазақ хандығының нығаюында Әбілқайыр хан, Тәуке хан сияқты тұлғалардың рөлі айрықша болды. Тарих сабағында Digital Storytelling әдісі арқылы оқушылар бұл тұлғалардың саяси және әлеуметтік жетістіктерін бейнелейтін мультимедиалық жобалар жасай алады [2,160 б.]. Бұл тәсіл оқушыларға тарихи деректерді тек жаттап қана қоймай, олардың рөлін талдауға және бағалауға мүмкіндік береді [3, 264 б.].

Қазақ хандығының тарихын оқу арқылы оқушылар ұлттық тарихқа деген қызығушылық және өз елінің мәдени-тарихи мұрасын бағалау қабілетін дамытады [4,19 б.]. Digital Storytelling бұл процессті эмоционалды әрі визуалды түрде қызықты етіп көрсетеді, сол арқылы тарихи ақпаратты есте сақтау тиімділігін арттырады.

Digital Storytelling технологиясы оқушыларды тек ақпаратты қабылдаушы етіп қоймай, тарихи оқиғаларды салыстыруға, себептерін талдауға және логикалық қорытынды жасауға үйретеді [6,200 б.]. Мысалы, «Қазақ хандығы мен көршілес мемлекеттердің саяси байланысы»

тақырыбында бейнежоба жасау барысында оқушылар дипломатиялық, экономикалық және әскери факторларды талдайды.

Оқушылар бейнежоба дайындау барысында мәтін, сурет, бейне және музыка компоненттерін үйлестіруді үйренеді, бұл олардың шығармашылық қабілеті мен цифрлық сауаттылығын арттырады [8,34-47.]. Сонымен қатар, топтық жұмыс әдісі арқылы коммуникативтік дағдылар мен топтық жұмыстағы ынтымақтастық қабілеті дамиды.

Осылайша, Қазақ хандығы тақырыбы тарих сабағы үшін тек білім беру мақсаты ғана емес, сонымен қатар оқушылардың тарихи ойлау қабілетін, сыни тұрғыдан талдау жасауын, шығармашылық пен цифрлық сауаттылығын дамытуға мүмкіндік беретін кешенді білім беру әлеуетіне ие.

Digital Storytelling қолдану әдістері мен формалары. Digital Storytelling технологиясы тарих сабағында оқушылардың шығармашылық қабілетін, сыни ойлауын және цифрлық сауаттылығын дамытуға мүмкіндік береді. Бұл әдіс мультимедиалық компоненттерді қолдана отырып, оқушыларға тарихи оқиғаларды өз көзқарастарымен баяндауға жағдай жасайды [1,120 б.].

Digital Storytelling технологиясын тарих сабағында қолданудың тиімді әдістері бар, солардын бірі - жобалық әдіс. Жобалық әдіс - оқушылардың нақты тапсырма арқылы білім алуы, өз бетімен ақпарат жинауы, талдауы және нәтижесін мультимедиалық түрде көрсетуі. Мысалы:

- Оқушылар «Қазақ хандығының құрылуы» тақырыбында қысқаметражды бейнежоба жасайды.

- Олар сценарий жазады, тарихи фактілерді жинайды, суреттер мен бейнежазбалар қосады.

- Жобаның соңында топтар өз жұмыстарын қорғап, бір-біріне кері байланыс береді [2,160 б.].

Бұл әдіс оқушыларды белсенді зерттеуші етіп қана қоймай, олардың логикалық ойлау және тарихи себеп-салдар байланыстарын түсіну қабілетін дамытады [3,264 б.].

Келесі әдіс - Топтық жұмыс (Collaborative learning). Digital Storytelling технологиясын қолданған топтық жұмыс оқушыларға әлеуметтік интеракцияны, коммуникациялық дағдыларды және шығармашылық ынтымақтастықты дамытуға көмектеседі. Мысалы:

- Топтар әр түрлі тарихи тұлға немесе оқиғаға жауапты болады (мысалы, Әбілқайыр хан немесе Тәуке хан кезеңі).

- Топ мүшелері әрқайсысы өз рөлінде ақпарат жинап, бейнелеу элементтерін дайындайды: мәтін, сурет, бейне, музыка.

- Топтық жоба барысында оқушылар өз идеяларын қорғауды, пікір алмасуды және ортақ шешім қабылдауды үйренеді [4,20-24 б.].

Бұл әдіс оқушылардың топтық ойлау дағдыларын арттырып, бірлесіп жұмыс істеу мәдениетін қалыптастырады.

Мультимедиялық презентациялар Digital Storytelling-тің қарапайым, бірақ тиімді формасы болып табылады. Бұл әдіс мәтін, сурет, аудио және

бейне элементтерін біріктіре отырып, тарихи оқиғаларды визуалды түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Мысалы, оқушылар «Қазақ хандығының нығаюы» тақырыбында слайдтық презентация жасап, әр слайдта тарихи деректерді бейнелейді. Презентацияға тарихи карталар, фотосуреттер, музыкалық фондар қосылады. Мұғалім әр оқушының жұмысын бағалайды, кері байланыс береді және тарихи түсінікті кеңейтеді [5,334 б.].

Мультимедиялық презентациялар оқушылардың ақпаратты визуалды түрде өңдеуге, логикалық құрылымдауға және тиімді жеткізуге үйретеді.

Интерактивті әңгімелер оқушыларға оқиға желісін өз таңдауларымен басқаруға мүмкіндік береді. Бұл әдіс тарихты тек жаттап қана қоймай, талдау және себеп-салдарды түсіну қабілетін арттырады. Оқушы бір оқиғаның әртүрлі сценарийін жасап, «егер тарихи шешім басқаша қабылданса» деген сұраққа жауап береді. Мұндай жобалар оқушылардың сыни ойлауын, сценарий құру және болжам жасау дағдыларын дамытады [9,55-68 б.].

Педагогикалық қиындықтар және оларды шешу жолдары. Digital Storytelling технологиясын тарих сабағында қолдану оқушылардың шығармашылық қабілетін, сыни ойлауын және цифрлық сауаттылығын дамытуға мүмкіндік берсе де, бірнеше педагогикалық қиындықтар туындайды. Бірінші қиындық - техникалық құралдардың жетіспеушілігі. Барлық мектептерде компьютерлік сыныптар немесе мультимедиялық жабдықтар жеткілікті бола бермейді, бұл оқушылардың жобаларды толыққанды орындауына кедергі келтіруі мүмкін. Бұл мәселені қарапайым және қолжетімді бағдарламалық құралдарды қолдану арқылы шешуге болады, мысалы Canva, Clipchamp, PowerPoint немесе Kdenlive [6,200 б.]. Сонымен қатар, мобильді құрылғылар мен планшеттерді сабаққа интеграциялау тиімді, себебі қазіргі оқушылардың көпшілігі смартфон немесе планшетпен жұмыс істеуге икемделген [3,264 б.]. Мультимедиялық жобаларды кезең-кезеңімен орындау да ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Екінші қиындық - оқушылардың цифрлық дағдыларының әртүрлі деңгейде болуы. Digital Storytelling жобаларын жасау үшін графика, бейне өңдеу және мәтіндік контентті үйлестіру дағдылары қажет, ал барлық оқушылар бұл дағдыларға бірдей ие емес. Мұны шешу үшін алдын ала қысқаша нұсқаулықтар мен оқыту бейнелерін дайындап беру ұсынылады [4,20-23 б.]. Сонымен қатар, оқушыларды топтарға бөліп, тәжірибелі оқушылардың жаңа бастағандарға көмектесуін ұйымдастыру тиімді әдіс болып табылады [5, 334 б.]. Қарапайым мысалдар мен шаблондарды қолдану арқылы оқушылар шығармашылық процессін жеңіл меңгереді және жобаларды сапалы түрде орындауға мүмкіндік алады.

Үшінші қиындық - уақыт тапшылығы. Digital Storytelling жобаларын дайындау көбіне бірнеше сабаққа созылады және бұл мұғалімдердің сабақ кестесін, сыныптағы тақырыптар мен оқу бағдарламасын тиімді үйлестіруді талап етеді. Бұл мәселені шешудің жолы - жобалық жұмыстарды бірнеше

кезеңге бөліп, әр кезеңге нақты тапсырма беру, сондай-ақ топтық жұмыс ұйымдастыру арқылы уақытты тиімді пайдалану. Мұндай тәсіл оқушылардың жеке және топтық жұмысын үйлестіріп, Digital Storytelling жобаларын жоспарлы әрі жүйелі орындауға мүмкіндік береді [10,102-115 б.].

Осылайша, педагогикалық қиындықтарды алдын ала анықтап, оларды тиімді шешу Digital Storytelling технологиясын тарих сабағында табысты қолдануға мүмкіндік береді, оқушылардың тарихи ойлауын, шығармашылық қабілетін және цифрлық сауаттылығын дамытады.

Қорытынды. Digital Storytelling технологиясын тарих сабағында қолдану оқушылардың тарихи білімін жетілдіру, шығармашылық қабілетін дамыту және цифрлық сауаттылығын арттыруда тиімді құрал болып табылады. Зерттеу көрсеткендей, бұл әдіс оқушылардың тарихи ойлауын тереңдетіп, тарихи себеп-салдар байланыстарын түсінуін жеңілдетеді. Сонымен қатар, Digital Storytelling әдісі сабақтарды интерактивті, қызықты әрі оқушыны белсенді қатысуға ынталандыратын формаға айналдырады.

Аннотация: Бұл мақалада Қазақстан тарихындағы тарихи тұлғаларды зерттеу арқылы оқушылардың сыни ойлау қабілетін қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Сыни ойлаудың теориялық негіздері талданып, тарихи тұлғалардың білім беру үдерісіндегі рөлі айқындалады. Сонымен қатар, тарихи тұлғаларды оқыту барысында қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер мен практикалық мысалдар ұсынылады. Зерттеу нәтижесінде тарихи тұлғаларды жан-жақты талдау оқушылардың аналитикалық ойлау, салыстыру, бағалау және қорытынды жасау дағдыларын дамытуға ықпал ететіні анықталды.

Кілт сөздер: сыни ойлау, тарихи тұлға, Қазақстан тарихы, білім беру, талдау, әдіс-тәсілдер, оқыту процесі

Аннотация: В данной статье рассматривается формирование критического мышления учащихся через изучение исторических личностей в истории Казахстана. Анализируются теоретические основы критического мышления, а также определяется роль исторических личностей в образовательном процессе. Представлены эффективные методы и практические примеры обучения. В результате исследования выявлено, что всесторонний анализ исторических личностей способствует развитию аналитических навыков, умения сравнивать, оценивать и делать обоснованные выводы.

Ключевые слова: критическое мышление, историческая личность, история Казахстана, образование, анализ, методы обучения, учебный процесс

Abstract: This article examines the development of students' critical thinking through the study of historical figures in the history of Kazakhstan. The theoretical foundations of critical thinking are analyzed, and the role of historical figures in the educational process is defined. The paper also presents effective teaching methods and practical examples. The study concludes that a comprehensive analysis of historical figures contributes to the development of analytical skills, comparison, evaluation, and reasoned decision-making.

Keywords: critical thinking, historical figure, history of Kazakhstan, education, analysis, teaching methods, learning process

## Кіріспе

Қазіргі жаһандану жағдайында білім беру жүйесінің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі – оқушылардың тек білімді игеруін ғана емес, сонымен қатар олардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту болып табылады. Сыни ойлау – ақпаратты талдау, салыстыру, саралау және өз бетінше қорытынды жасау қабілеті ретінде тұлғаның интеллектуалдық дамуының маңызды көрсеткіші саналады. Осы тұрғыдан алғанда, тарих пәні, әсіресе Қазақстан тарихы, оқушылардың сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруда ерекше орын алады. Себебі тарих – тек өткен оқиғалардың жиынтығы емес, ол – түрлі көзқарастар мен пікірлердің, деректер мен интерпретаци1ялардың тоғысқан күрделі жүйесі.

Қазақстан тарихын оқыту барысында тарихи тұлғалардың рөлін зерттеу – оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың тиімді жолдарының бірі. Тарихи тұлғалар – белгілі бір дәуірдің айнасы, сол кезеңнің саяси, әлеуметтік, мәдени ерекшеліктерін бойына жинақтаған қайраткерлер. Олардың өмірі мен қызметін жан-жақты талдау арқылы оқушылар тек тарихи фактілерді меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар сол оқиғаларға сыни көзқарас қалыптастырады. Бұл өз кезегінде олардың тарихи санасын жетілдіріп, дербес ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Сыни ойлауды қалыптастыруда тарихи тұлғаларды зерттеудің маңыздылығы бірнеше аспектілер арқылы айқындалады. Біріншіден, тарихи тұлғалардың қызметін әртүрлі дереккөздер негізінде салыстыру оқушыларды ақпараттың шынайылығын бағалауға үйретеді. Екіншіден, белгілі бір тұлғаның әрекеттеріне баға беру барысында оқушылар өз көзқарасын дәлелдеуге, аргумент келтіруге дағдыланады. Үшіншіден, тарихи тұлғалардың шешімдері мен олардың салдарын талдау арқылы себеп-салдарлық байланыстарды анықтау қабілеті дамиды. Бұл дағдылар сыни ойлаудың негізгі компоненттері болып табылады. Бүгінгі таңда Қазақстандағы білім беру жүйесінде жаңартылған мазмұнға көшу аясында оқыту әдістеріне ерекше көңіл бөлінуде. Дәстүрлі репродуктивті оқыту әдістерінен гөрі, оқушылардың белсенді қатысуын талап ететін, олардың ойлау қабілетін дамытатын интерактивті тәсілдер кеңінен қолданылуда. Осы тұрғыда тарихи тұлғаларды зерттеу негізінде ұйымдастырылған сабақтар, пікірталастар, жобалық жұмыстар мен зерттеу тапсырмалары оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Мұндай

тәсілдер оқушыны дайын ақпаратты қабылдаушы емес, білімді өз бетінше құрастырушы субъект ретінде қалыптастырады. Сонымен қатар, тарихи тұлғаларды зерттеу оқушылардың ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттырып, азаматтық позициясын қалыптастыруға ықпал етеді. Қазақстан тарихындағы ірі тұлғалардың өмір жолы мен қызметі арқылы оқушылар ел тарихының күрделілігін, оның дамуындағы қайшылықтарды түсіне бастайды. Бұл өз кезегінде олардың тарихи процестерге біржақты емес, көпқырлы көзқараспен қарауына негіз болады.[1, 34]

Осы мақалада Қазақстан тарихындағы тарихи тұлғаларды зерттеу арқылы сыни ойлауды қалыптастырудың теориялық және практикалық негіздері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – тарихи тұлғаларды оқыту процесінде тиімді әдіс-тәсілдерді анықтау және олардың оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытудағы рөлін айқындау. Осы мақсатқа жету үшін сыни ойлау ұғымының мәні талданып, тарихи тұлғаларды оқытудың ерекшеліктері мен әдістері қарастырылады. Сыни ойлау – қазіргі білім беру жүйесінде ерекше мәнге ие болып отырған күрделі когнитивтік процесс. Ол тұлғаның ақпаратты саналы түрде қабылдап, оны талдап, салыстырып, бағалап, нәтижесінде негізделген шешім қабылдау қабілетін білдіреді. Сыни ойлау тек білімді меңгеру деңгейімен шектелмей, сол білімді өмірлік жағдайларда тиімді қолдануға бағытталған ойлау мәдениетін қалыптастырады. Сондықтан да педагогика ғылымында сыни ойлау ұғымы оқыту процесінің негізгі мақсаттарының бірі ретінде қарастырылады.

Ғылыми әдебиеттерде сыни ойлау ұғымына әртүрлі анықтамалар берілген. Жалпы алғанда, сыни ойлау – бұл күмәндану, сұрақ қою, дәлелдерді тексеру және альтернативті пікірлерді ескеру арқылы шындыққа жетуге ұмтылатын ойлау түрі. Оның негізінде логикалық талдау, рефлексия және өзіндік бағалау сияқты компоненттер жатыр. Сыни ойлайтын тұлға кез келген ақпаратты дайын күйінде қабылдамай, оны жан-жақты зерттеп, өз көзқарасын қалыптастырады. Сыни ойлаудың теориялық негіздері философия, психология және педагогика ғылымдарының тоғысында қалыптасқан. Философиялық тұрғыдан алғанда, сыни ойлау антикалық дәуірден бастау алады. Мысалы, Сократтың диалогқа негізделген әдісі адамның өз ойын дәлелдеуге, сұрақ қою арқылы ақиқатқа жетуге бағытталған. Бұл тәсіл қазіргі сыни ойлау әдістерінің бастау көзі ретінде қарастырылады. Ал психология ғылымында сыни ойлау тұлғаның танымдық әрекеттерімен, яғни ойлау, есте сақтау, қабылдау және зейін сияқты процестермен тығыз байланысты қарастырылады. [2, 68]

Педагогикалық тұрғыдан сыни ойлау оқушылардың оқу әрекетін белсенді ететін құрал ретінде маңызды рөл атқарады. Ол оқушының дайын білімді жай қабылдаушы емес, оны талдаушы, зерттеуші және бағалаушы субъект ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді. Сыни ойлауды дамыту барысында оқушылар өз пікірін еркін білдіруге, өзгенің пікірін тыңдауға және оны салыстыруға үйренеді. Бұл өз кезегінде коммуникативтік дағдылардың дамуына да ықпал етеді. Сыни ойлаудың құрылымы бірнеше

негізгі компоненттерден тұрады. Біріншісі – ақпаратты талдау, яғни алынған мәліметтердің мазмұнын түсіну және оның мәнін ашу. Екіншісі – салыстыру, бұл әртүрлі көзқарастар мен деректерді өзара байланыстыра қарастыруды білдіреді. Үшіншісі – бағалау, яғни ақпараттың шынайылығын, маңыздылығын анықтау. Төртіншісі – қорытынды жасау, бұл талдау нәтижесінде белгілі бір шешімге келуді қамтиды. Осы компоненттердің барлығы біріге отырып, тұлғаның сыни ойлау қабілетін қалыптастырады. Қазіргі білім беру жүйесінде сыни ойлауды дамыту үшін арнайы әдістер мен технологиялар кеңінен қолданылады. Солардың ішінде «Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» технологиясы ерекше орын алады. Бұл технология оқушылардың қызығушылығын ояту, мағынаны тану және ой толғаныс кезеңдері арқылы жүзеге асырылады. Әр кезеңде оқушының белсенділігі артып, оның өз бетінше ойлауына жағдай жасалады.

Қорытындылай келе, сыни ойлау – тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін маңызды қабілет. Оның теориялық негіздерін түсіну білім беру процесінде тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануға мүмкіндік береді. Әсіресе тарих пәнін оқытуда сыни ойлау ерекше мәнге ие, себебі тарихи деректер мен тұлғаларды талдау оқушылардың терең әрі саналы ойлауына жол ашады. Қазақстан тарихындағы тарихи тұлғаларды зерттеу – ұлттық тарихты терең түсінудің және жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастырудың маңызды бағыттарының бірі. Тарихи тұлғалар – белгілі бір дәуірдің әлеуметтік, саяси және мәдени болмысын айқындайтын, тарихи процестердің дамуына тікелей ықпал еткен қайраткерлер. Олардың өмірі мен қызметін жан-жақты қарастыру арқылы өткен кезеңдердің ерекшеліктерін, қоғамдағы өзгерістердің себептері мен салдарын түсінуге мүмкіндік туады. Осы тұрғыдан алғанда, тарихи тұлғаларды зерттеу тек деректерді меңгеру ғана емес, сонымен қатар тарихи ойлауды қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады.

Қазақстан тарихында ел тағдырына әсер еткен көптеген көрнекті тұлғалар бар. Мысалы, Абылай хан қазақ мемлекеттілігін сақтап қалуда маңызды рөл атқарса, Әлихан Бөкейхан ұлттық тәуелсіздік идеясының негізін қалаушылардың бірі болды. Ал Ахмет Байтұрсынұлы қазақ халқының рухани дамуына, білім мен ғылымның өркендеуіне зор үлес қосты. Осындай тұлғалардың қызметін зерттеу арқылы оқушылар тарихи оқиғалардың мәнін тереңірек түсініп, олардың себеп-салдарлық байланыстарын анықтай алады. Тарихи тұлғаларды зерттеудің маңыздылығы, ең алдымен, олардың тарихи процестердегі рөлін бағалау арқылы көрінеді. Әрбір тұлғаның әрекеті белгілі бір тарихи жағдайда жүзеге асады, сондықтан олардың шешімдері мен іс-әрекеттерін сол кезеңнің ерекшеліктерімен байланыстыра қарастыру қажет. Бұл оқушыларға тарихты біржақты емес, көпқырлы тұрғыдан түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, әртүрлі көзқарастар мен пікірлерді салыстыру арқылы оқушыларда сыни ойлау дағдылары қалыптасады. [3, 78]

Екіншіден, тарихи тұлғаларды зерттеу ұлттық құндылықтарды дәріптеуге ықпал етеді. Қазақ халқының тарихындағы ірі қайраткерлердің өмір жолы мен қызметі арқылы оқушылар елдің тәуелсіздігі, бірлігі мен тұтастығы жолындағы күресті түсінеді. Бұл олардың патриоттық сезімін оятып, азаматтық жауапкершілігін арттырады. Тарихи тұлғалардың өнегелі өмірі жас ұрпақ үшін үлгі болып, олардың тұлғалық қалыптасуына әсер етеді. Үшіншіден, тарихи тұлғаларды зерттеу оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Оқушылар түрлі дереккөздермен жұмыс істей отырып, ақпаратты іріктеуге, талдауға және қорытынды жасауға үйренеді. Бұл процесс олардың дербес ойлау қабілетін арттырып, білімді терең меңгеруіне ықпал етеді. Сонымен қатар, тарихи тұлғалардың қызметіне қатысты пікірталастар ұйымдастыру арқылы оқушылар өз көзқарасын дәлелдеуге, аргументтер келтіруге дағдыланады.

Қазіргі білім беру жүйесінде тарихи тұлғаларды зерттеу интерактивті әдістер арқылы жүзеге асырылуда. Мысалы, рөлдік ойындар, жобалық жұмыстар, дебаттар мен тарихи реконструкциялар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың белсенділігін күшейтеді. Мұндай тәсілдер оқушылардың тек білім алуына ғана емес, сонымен қатар олардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Қорытындылай келе, Қазақстан тарихындағы тарихи тұлғаларды зерттеу – оқушылардың тарихи санасын қалыптастырудың, ұлттық құндылықтарды дәріптеудің және сыни ойлау дағдыларын дамытудың маңызды құралы. Ол тарихты терең әрі жан-жақты түсінуге мүмкіндік беріп, тұлғаның интеллектуалдық және рухани дамуына оң әсер етеді. Тарихи тұлғаларды оқыту – оқушылардың тек білімін толықтыру ғана емес, олардың сыни ойлау қабілетін дамытуға бағытталған маңызды педагогикалық үдеріс. Бұл бағытта қолданылатын әдістер оқушылардың тарихи деректерді талдауына, түрлі көзқарастарды салыстыруына және өз бетінше қорытынды жасауына мүмкіндік береді. Сондықтан тарихи тұлғаларды оқыту барысында дәстүрлі әдістермен қатар, оқушылардың белсенділігін арттыратын, ойлау дағдыларын дамытатын заманауи тәсілдерді тиімді пайдалану қажет.

Сыни ойлауды қалыптастырудың негізгі әдістерінің бірі – дереккөздермен жұмыс жасау. Бұл әдіс оқушыларға тарихи тұлғалар туралы мәліметтерді әртүрлі ақпарат көздерінен жинақтауға, оларды салыстыруға және талдауға мүмкіндік береді. Мысалы, бір тарихи тұлға туралы бірнеше автордың пікірін салыстыру арқылы оқушылар ақпараттың субъективтілігін түсінеді және шынайы қорытынды жасауға ұмтылады. Мұндай жұмыс барысында оқушылардың аналитикалық ойлау қабілеті дамып, олар ақпаратты сыни тұрғыдан бағалауға үйренеді. [4, 46]

Келесі тиімді әдіс – проблемалық оқыту. Бұл тәсілде мұғалім оқушыларға нақты бір тарихи тұлғаның әрекетіне байланысты проблемалық сұрақтар қояды. Мысалы, белгілі бір тұлғаның шешімі дұрыс па, әлде

балама жолдары болды ма деген сұрақтар оқушыларды терең ойлануға жетелейді. Осындай тапсырмалар арқылы оқушылар тарихи жағдайды жан-жақты қарастырып, өз көзқарасын дәлелдеуге дағдыланады. Проблемалық оқыту сыни ойлаудың маңызды элементтері – талдау, дәлелдеу және бағалау дағдыларын қалыптастырады.

Пікірталас (дебат) әдісі де сыни ойлауды дамытудың тиімді құралдарының бірі болып табылады. Тарихи тұлғалардың қызметіне қатысты қарама-қайшы пікірлерді талқылау барысында оқушылар өз көзқарасын қорғап, қарсы пікірлерді тыңдауға үйренеді. Бұл әдіс олардың коммуникативтік қабілеттерін дамытып қана қоймай, дәлелді ойлау мәдениетін қалыптастырады. Сонымен қатар, пікірталас барысында оқушылар тарихи оқиғаларға әртүрлі тұрғыдан қарауға дағдыланады.

Рөлдік ойындар әдісі де тарихи тұлғаларды оқытуда ерекше орын алады. Бұл тәсілде оқушылар белгілі бір тарихи тұлғаның рөлін қабылдап, сол кезеңнің жағдайын сезінуге тырысады. Мысалы, оқушы өзін Абылай хан немесе Әлихан Бөкейхан орнына қойып, сол тарихи кезеңдегі шешімдерді қабылдауға талпыныс жасайды. Бұл әдіс оқушылардың тарихи эмпатиясын дамытып, оқиғаларды терең түсінуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, олар тарихи шешімдердің күрделілігін сезініп, әртүрлі факторларды ескеруге үйренеді.

Жобалық оқыту әдісі де сыни ойлауды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Оқушылар белгілі бір тарихи тұлғаға қатысты зерттеу жүргізіп, өз жобаларын қорғайды. Бұл процесс барысында олар ақпарат жинау, оны жүйелеу, талдау және нәтижесін ұсыну дағдыларын меңгереді. Жобалық жұмыс оқушылардың дербестігін арттырып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, салыстырмалы талдау әдісі де тиімді болып табылады. Бұл әдісте оқушылар бірнеше тарихи тұлғаның қызметін салыстырып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды. Мұндай тапсырмалар оқушылардың логикалық ойлауын дамытып, тарихи процестерді терең түсінуіне көмектеседі. [2, 67]

Қорытындылай келе, тарихи тұлғаларды оқыту барысында қолданылатын әдістердің барлығы оқушылардың белсенді танымдық әрекетіне негізделуі тиіс. Дереккөздермен жұмыс, проблемалық оқыту, пікірталас, рөлдік ойындар және жобалық әдістер оқушылардың сыни ойлау қабілетін тиімді түрде қалыптастырады. Бұл тәсілдер арқылы оқушылар тек тарихи білім алып қана қоймай, оны талдап, бағалай алатын, өз көзқарасын дәлелдей білетін тұлға ретінде қалыптасады. Тарихи тұлғаларды оқыту арқылы сыни ойлауды қалыптастырудың тиімділігі нақты практикалық мысалдар арқылы айқын көрінеді. Қазақстан тарихындағы белгілі қайраткерлердің өмірі мен қызметін талдау барысында оқушылар тек тарихи деректерді меңгеріп қана қоймай, сол деректерді саралап, бағалауға, өз көзқарасын қалыптастыруға үйренеді. Практикалық жұмыстар оқушылардың теориялық білімін бекітіп, оны нақты жағдайларда қолдануға

мүмкіндік береді. Мысалы, Абылай хан тақырыбын оқыту барысында оқушыларға оның сыртқы және ішкі саясатына қатысты түрлі дереккөздер ұсынылады. Бір топ оқушылар Абылай ханның дипломатиялық шеберлігін дәлелдейтін деректерді талдаса, екінші топ оның саяси шешімдеріне сыни тұрғыдан баға береді. Осыдан кейін пікірталас ұйымдастырылып, «Абылай ханның саясаты қазақ мемлекеттілігін нығайтты ма?» деген сұрақ төңірегінде талқылау жүргізіледі. Мұндай тапсырмалар оқушыларды деректерді салыстыруға, дәлелдер келтіруге және өз пікірін қорғауға үйретеді.

Тағы бір мысал ретінде Әлихан Бөкейхан тұлғасын зерттеуді қарастыруға болады. Бұл тақырыпта оқушыларға Алаш қозғалысының мақсаты мен оның тарихи маңызы туралы әртүрлі көзқарастар ұсынылады. Оқушылар осы мәліметтерді талдай отырып, «Алаш идеясы өз дәуірінде жүзеге асуы мүмкін бе еді?» деген проблемалық сұраққа жауап іздейді. Сонымен қатар, олар шағын зерттеу жобаларын дайындап, өз тұжырымдарын сынып алдында қорғайды. Бұл жұмыс түрі олардың зерттеушілік және сыни ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Ахмет Байтұрсынұлы тақырыбын оқыту барысында оқушыларға оның ағартушылық қызметіне қатысты мәтіндер беріледі. Оқушылар мәтінді талдап, «Ахмет Байтұрсынұлының реформалары қазіргі білім жүйесіне қаншалықты әсер етті?» деген сұраққа жауап дайындайды. Сонымен қатар, олар тұлғаның қызметін қазіргі заманмен байланыстырып, өз ойларын дәлелдеуге тырысады. Бұл тапсырма оқушылардың рефлексия жасау қабілетін дамытып, тарихи білімді заманауи тұрғыда түсінуге мүмкіндік береді. Практикалық сабақтардың тағы бір түрі – салыстырмалы талдау. Мысалы, оқушылар Абылай хан мен Әлихан Бөкейхан қызметін салыстырып, олардың мақсаттары мен әрекеттеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтайды. Бұл жұмыс барысында оқушылар тарихи кезеңдердің ерекшеліктерін түсініп, әр тұлғаның рөлін объективті бағалауға үйренеді.

Сонымен қатар, рөлдік ойын элементтерін қолдану да тиімді нәтиже береді. Мысалы, оқушылар тарихи кеңес немесе жиын форматында белгілі тұлғалардың рөлін сомдап, нақты тарихи жағдайды қайта жаңғыртады. Бұл әдіс оқушыларға тарихи оқиғаларды «ішінен» түсінуге мүмкіндік беріп, олардың шешім қабылдау процесін сезінуге жағдай жасайды. [6, 32]

Жалпы алғанда, практикалық мысалдар арқылы тарихи тұлғаларды оқыту оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың сыни ойлау, талдау және бағалау дағдыларын қалыптастырады. Мұндай жұмыстар оқушыларды белсенді қатысушыға айналдырып, білімді терең әрі саналы меңгеруіне ықпал етеді.Қорытындылай келе, Қазақстан тарихында тарихи тұлғаларды зерттеу арқылы сыни ойлауды қалыптастыру – қазіргі білім беру жүйесінің маңызды әрі өзекті бағыттарының бірі болып табылады. Тарихи тұлғалар – белгілі бір дәуірдің айнасы ғана емес, сонымен қатар қоғам дамуының негізгі қозғаушы күштері ретінде оқушылардың

тарихи санасын қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Олардың өмірі мен қызметін жан-жақты талдау арқылы оқушылар тарихи оқиғалардың мәнін терең түсініп, өткен мен бүгіннің арасындағы байланысты айқындай алады.

Мақала барысында қарастырылғандай, сыни ойлау – ақпаратты талдау, салыстыру, бағалау және негізделген қорытынды жасау қабілеттерінен тұратын күрделі үдеріс. Бұл қабілеттерді дамытуда тарих пәнінің, әсіресе тарихи тұлғаларды оқытудың мүмкіндігі зор. Себебі тарихи деректер мен тұлғалардың қызметі әрқашан әртүрлі көзқарастар мен пікірлерге негізделеді, ал бұл оқушыларды ойлануға, күмәнденуге және өз пікірін дәлелдеуге жетелейді.

Тарихи тұлғаларды оқыту барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер – дереккөздермен жұмыс, проблемалық оқыту, пікірталас, рөлдік ойындар және жобалық әдістер – оқушылардың белсенді танымдық әрекетін қалыптастырады. Бұл әдістер оқушыларды дайын ақпаратты қабылдаушы емес, оны талдаушы және бағалаушы тұлға ретінде дамытуға бағытталған. Нәтижесінде, оқушылар өз көзқарасын еркін білдіре алатын, дәлелді ойлайтын және ақпаратты сыни тұрғыдан қабылдай алатын деңгейге жетеді.

Сонымен қатар, қазіргі білім беру жүйесінің жаңартылған мазмұны мен құзыреттілікке негізделген тәсілі тарихи тұлғаларды оқытудың маңыздылығын одан әрі арттыра түсуде. Цифрлық технологияларды қолдану, тұлғаға бағдарланған және пәнаралық оқыту әдістері оқушылардың білімді терең әрі жан-жақты меңгеруіне жағдай жасайды. Бұл өз кезегінде олардың сыни ойлау қабілетін дамытуға тиімді ықпал етеді.

Жалпы алғанда, тарихи тұлғаларды зерттеу – тек өткенді тану құралы ғана емес, сонымен қатар оқушылардың интеллектуалдық және тұлғалық дамуына ықпал ететін маңызды педагогикалық құрал. Ол оқушылардың тарихи санасын қалыптастырып қана қоймай, олардың өмірлік ұстанымын, азаматтық көзқарасын және жауапкершілігін дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан білім беру процесінде тарихи тұлғаларды оқытуға ерекше мән беру – болашақ ұрпақтың сапалы білім алып, саналы азамат болып қалыптасуының кепілі.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Назарбаев Н.Ә. *Тарих толқынында*. – Алматы: Атамұра, 2003. – 296 б.
2. Қозыбаев М.Қ. *Қазақстан тарихы (очерктер)*. – Алматы: Ғылым, 1994. – 352 б.
3. Қойгелдиев М. *Алаш қозғалысы*. – Алматы: Санат, 1995. – 368 б.
4. Байтұрсынұлы А. *Шығармалары*. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
5. Әбілғазин Қ. *Қазақстан тарихын оқыту әдістемесі*. – Алматы: Рауан, 2010. – 240 б.
6. Жұмабаев М. *Педагогика*. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
7. Әлімов А. *Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану*. – Алматы: Экономика, 2013. – 328 б.

# «ТҮРКІСТАН ЛЕГИОНЫ: ТАҒДЫР МЕН ТАРИХ»

***Ш. Б. Пахриддинова***
*Әлкей Марғұлан атындағы,* Павлодар Педагогикалық университеті
***З. А. Сабданбекова***
*Тарих ғылымдарының кандидаты, профессор ассистенті, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.*

**Аннотация.**Мақалада Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы күрделі әрі пікірталасты мәселелердің бірі – Вермахт құрамындағы Түркістан легионының құрылу тарихы мен сарбаздар тағдырына тигізген әсері зерттеледі. Зерттеу барысында легионның идеологиялық негіздері мен неміс қолбасшылығының Орта Азия халықтарын кеңестік жүйеге қарсы пайдаланудағы стратегиялық мақсаттары талданады. Мақалада Алаш қайраткері Мұстафа Шоқайдың гуманистік қызметіне ерекше назар аударылған. Сонымен қатар автор легионерлердің басым бөлігі үшін бұл қадамның «таңдаусыз таңдау» (тірі қалу амалы) болғанын, олардың арасындағы антифашисттік топтардың да соғыстан кейінгі сталиндік репрессия құрбанына айналған аянышты тағдырын саралап зерттейді. Зерттеудің мақсаты – Түркістан легионы феноменіне жаңаша объективті тарихи тұрғыда баға беріледі.

**Тірек сөздер:** Түркістан легионы ,Мұстафа Шоқай, Алаш, Вермахт, Екінші дүниежүзілік соғыс, әскери тұтқындар.

**Аннотация.** В статье рассматривается один из самых сложных и противоречивых вопросов Второй мировой войны – история создания Туркестанского легиона в составе Вермахта и его влияние на судьбу его солдат. В исследовании анализируются идеологические основы легиона и стратегические цели немецкого командования в использовании народов Центральной Азии против советской системы. Особое внимание уделяется гуманистической деятельности алашского деятеля Мустафы Шокая. Одновременно автор анализирует тот факт, что для большинства легионеров этот шаг был «выбором без выбора» (способом выживание), и жалкую судьбу антифашистских групп среди них, которые стали жертвами сталинских репрессий после войны. Цель исследования – оценить феномен Туркестанского легиона в новой, объективной исторической перспективе.

**Ключевые слова:**Туркестанский легион, Вторая мировая война, Мустафа Шокай, Вермахт, Алаш, военнопленные.

**Abstract.** This article examines one of the most complex and controversial issues of World War II: the history of the creation of the Turkestan Legion within the Wehrmacht and its impact on the fate of its soldiers. The study analyzes the ideological foundations of the legion and the goals of the German command in using the peoples of Central Asia against the Soviet system. Particular attention is paid to the humanitarian work of the Alash activist Mustafa Shokai. At the same time, the author analyzes the fact that for most legionnaires, this step was a «choice without choice» (a means of survival), and the pitiful fate of the anti-fascist groups among them, who became victims of Stalin`s repressions after the war. The purpose of the study is to evaluate the phenomenon of the Turkestan Legion in a new, objective historical perspective.

**Keywords:** Turkestan Legion, World War II, Mustafa Shokai, Wehrmacht, Alash, prisoners of war.

Тәуелсіз Қазақсттаның тарих ғылымы алдында тұрған ең басты міндеттерін қарастыратын болсақ, негізгі міндеті – кеңестік идеологияның құрсауында бұрмаланған маңызды оқиғаларға объективті тұрғыда шынайы

баға беру. Осындай күрделі әрі пікірталасты мәселелердің қатарында Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Түркістан легионының құрылуы мен саяси мақсаты, қазақ әскерлерінің тағдырына тигізген әсері маңызды орын алады. Осы уақытқа дейін бұл мәселе кеңестік идеология тұрғысынан «Отанға опасыздық жасау» деп қарастырылса, бүгінгі тарихшылар мәселенің екінші жағынан яғни гуманитарлық, әлеуметтік және ұлттық – азаттық қырларын тереңінен зерттеп – зерделеуге ұмтылып жатқанын байқаймыз. 1941 жылғы соғыстың алғашқы айларындағы сәтсіздіктер нәтижесінде мыңдаған қеңес сарбаздары жау қолына тұтқынға түсті. Гитлерлік Германия адами ресурсты КСРО–ны іштен іріту үшін таптырмас құрал ретінде пайдалануды көздеп, кеңес әскерлерінен тұратын легион құру жоспарын іске асырды. Белгілі зерттеушілердің зерттеулеріне назар аударатын болсақ Б.Садықова еңбегінде, Түркістан легионының құрылуы тек әскери – саяси бағытты ғана емес, ең алдымен Орта Азия халықтарын кеңестік Сталиндік жүйеге қарсы қойып, ішкі алауыздық тудырудың терең идеологиялық диверсиясын көздегені жайлы айтылған [1,15-б.]. Тарихшы М.Қойгельдиевтің зерттеулерінде, бұл құрылымның пайда болуын соғыс жағдайына ғана емес, сонымен қатар сталиндік режимге деген наразылық пен ұлттық мемлекетке деген ұмтылыспен байланыстыра отырып зерттеген болатын.

Жалпы Түркістан легионының құрылу тарихына тоқталатын болсақ Германияның «Блицкриг» (қауырт соғыс) жоспары сәтсіздікке ұшырағаннан кейін, соғыс созылып кетті. Осының салдарынан Үшінші рейх басшылығына қосымша адами ресурстар іздеу қажеттілігі туды. Осы тұста Альфед Розенберг басқарған Шығыс басқармасы жағынан КСРО құрамындағы түркі – мұсылман жауынгерлерін кеңестік жүйеге қарсы пайдалану идеясы ұсынылды. Б.Садықованың деректерінде былай жазылған: «1941 жылы 15 қарашада Вермахттың жоғарғы қолбасшылығы «Түркістан легионын құру туралы»құпия бұйрық шығарды. Алғашқы дайындық лагері Польшаның Радом қаласының маңындағы Едлино елді мекенінде болды». Садықованың зерттеуінде, соғыс жылдарында легион құрамынан 26-ға жуық батальон өткендігі айтылады.[1,026-б.]Әр батальонда орташа есеппен қарастырғанда 800-1000 шамасында әскер саны болғандығы айтылған. Садықованың деректерінің дұрыстығын оның архив құжаттарына сүйене отырып, легионның құрылымдық жүйесін, оның ішінде 450, 452, және 781 – батальондарының қазақстандық жауынгерлерден тұрғанын нақты деректермен дәлелдеген болатын. Гитлердің өкімімен Түркістандық, Кавказдық, Еділ – Оралдық легиондарды құру туралы шешім қабылданды. Легионның құрылуының қасіретті тұсы – тұтқындардың концлагерьлердегі жағдайы болды. Тарихшылардың зерттеулеріне көз жүгіртетін болсақ 1941 жылдың қысында «Шталаг» лагерьлеріндегі аштық пен санитарлық жағдайдың нашарлығынан тұтқынға түскен мыңдаған сарбаздар көз жұмған. Архивтік құжаттар мен сауалнамалар деректері көрсеткендей, легион қатарына өткендердің басым

бөлігінің мақсаты саяси жағынан емес, бәлкім аштықтан аман қалу үшін «таңдаусыз – таңдау» болды. Нәтижеде алғашқы батальон негізінен физикалық және психологиялық тұрғыдан қысымға ұшыраған, қажыған, бірақ өмір сүруге ұмтылған тұтқындардан құралды. Түркістан легионының сандық көрсеткіштеріне назар аударсақ, легион құрамында жалпы шамамен 70-100 мыңға жуық адам болғаны айтылған. Легионерлерге неміс офицерлері сабақ берген, легионерлер үшін арнайы «Милли Түркістан» газеті оқытылған, ислам дініне еркіндік беріліп тіпті мешіттер салынған. Бұл немістердің халықты өз жағына шығару үшін пайдаланған айлалары еді. Қойгельдиевтің еңбектерінде легион ішіндегі астыртын топтар жайлы жазылған. Мысалы, 1943 жылы бірнеше легионерлердің тұтас топтары немістерге қарсы шығып, Франция, Белоруссия және Италия партизандарына қосылған. Бұл легион қатарындағы сарбаздардың көпшілігі Гитлердің ұсынысын қабылдауға мәжбүр болғандығын көрсетеді.

Мұстафа Шоқайдың дипломатиялық күресі мен жұмбақ қазасы. Түркістан легионының тарихын Мұстафа Шоқайдың тұлғасынан бөліп қарастыру дұрыс емес. Мұстафа Шоқай (1890-1941) – көрнекті қоғам қайраткері, атақты Алаш қозғалысының өкілі, Түркістан автономиясының төрағасы. Саналы ғұмырын түркі халықтарының бірлігі мен бостандығы жолына арнаған ірі саяси тұлға. 1921 жылдан бастап айдауда жүріп, Еуропа елдерінде кеңестік режимнің озбырлығын баяндайтын «Яш Түркістан» журналын шығарды. Шоқай үшін басты мақсат, құндылық – фашизм немесе коммунизм емес, бәлкім өз халқының амандығы, тәуелсіздігі болды. Шоқай Санкт – Петербург университетінің заң факультетін алтын медальмен бітірген, бес – алты еуропалық тілде еркін сөйлейтін білімді тұлға болған. 1941 жылдың ызғарлы күзінде неміс қолбасшысы Шоқайды Берлинге шақыртты. Шоқайға тұтқындардан құралған әскери бөлімдерді басқару ұсынысы білдірілді. Алайда ол фашистік идеологияны қолдаудан бас тартып, неміс билігіне өзінің нақты талаптарын қойды. Зерттеулерде көрсетілгендей Мұстафа Шоқай неміс офицерлерімен келіссөздер жүргізе отырып, легион құрудың басты шарты ретінде – Түркістанның болашақ тәуелсіздігін тануды талап етті. Шоқайдың легион құрудағы мақсаты Гитлердің басқыншылық жоспарын қолдау емес, бәлкім Түркістан мемлекетінің болашақ ұлттық армиясын құру еді. Сонымен қатар, ол тұтқындардың концлагерьлердегі мүшкіл халін жақсартып, аштық пен өлімнен құтқаруды басты миссия деп санады. Шоқай 1941 жылы күзде Сувалки, Ченстохова лагерьлерін аралағанда былай деп жазды: «Тұтқындардың халі адам айтқысыз. Күн сайын жүздеген бауырларымыз аштық пен індеттен көз жұмуда. Оларды бұл тозақтан алып шығу – менің басты парызым.». Сонымен қатар ол неміс офицері Г. Фон Мендеге жазған хатында: «Егер Германия Түркістанның болашақ тәуелсіздігіне кепілдік бермесе, легионның құрылуы мағынасыз. Біздің жігіттер тек өз Отанын азат ету үшін ғана қару ұстауы тиіс» - деп жазған болатын. Осы үзіндіге назар аударсақ бұл дерек Шоқайдың фашизмді қолдаушы емес, өз халқының

тәуелсіздігі үшін күрескен құтқарушы тұлға екенін ұғамыз. Мұстафа Шоқайдың принциптері мен неміс идеологиясына бағынбауы Үшінші рейх басшылығына ұнамады. 1941жылы 27 желтоқсанда Берлин қаласындағы «Виктория» ауруханасында Мұстафа Шоқай жұмбақ жағдайда жан тапсырды. Ресми мәлімет бойынша қайтыс болуының себебі «сүзек» ауруы деп көрсетілгенімен, қазіргі тарихшылар пікірі мен оның жары Мария Шоқайдың естеліктерінде оның улануы мүмкін екендігі туралы нұсқалар айтылады. Шоқайдың қазасынан кейін легионды басқару немістерге толықтай бағынышты адамдардың қолына өтті және құрылымдық бағытын өзгертті. Соғыстан кейінгі легионерлердің тағдырында жаңа сынақтар басталды. 1945 жылы соғыс аяқталғаннан кейін, Одақтас елдердің (АҚШ, Ұлыбритания, Франция) келісімі бойынша Еуропа аумағындағы барлық кеңес азаматтары КСРО-ға қайтарылуы тиіс еді. Көбісі өз Отанына, отбасына қайтуды аңсап, ерікті түрде қайтқанымен, оларды шекарада жылы қабылдау күтіп тұрған жоқ.

Легион қатарында болған кез келген адам, сталиндік идеология үшін тұтқынға түскен барлығы «Отан сатқыны» (изменник Родины) деп қараланды. КСРО қылмыстық кодексінің 58-бабы бойынша құғын – сүргінге ұшырап жазаға тартылды. Легионерлердің басым бөлігі 10 жылдан 25 жылға дейінгі мерзімге Сібірдегі және Қазақстандағы ГУЛАГ лагерьлеріне айдалды, бір бөлігі аяусыз ату жазасына кесілді. Сарбаздардың трагедиясы тек лагерьмен шектелмеді. Олардың отбасылары да «халық жауының туыстары» ретінде қоғамнан шеттетіліп, тіпті балаларын білім алу құқығынан айырды. Тек Сталиннің өлімінен соң 1950 жылдар шамасында легионерлердің бір бөлігі ақталып, елге орала бастады. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін толықтай оңалтылып, тарихи әділеттілік орнады.

Халық жазушысы Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» роман – диалогында Бауыржан Момышұлының легионерлер жайлы білдірген пікірі жайлы айтылған. Соғыстың екі бетінде қалған қарапайым қазақ баласының трагедиялық тағдыры психологиялық тұрғыдан терең суреттелген. Шоқайды зерттеген тарихшы К. Есмағамбетов еңбектеріне үңілсек Мұстафа Шоқайдың Еуропадағы эмиграциялық кезеңін зерттеп, оның легион құрудағы басты мақсаты – Түркістан егемендігі болғанын дәлелдеді. Автордың пікірінше, Шоқай мен Гитлердің одағы мүмкін емес еді. Өйткені оның демократиялық ұстанымдары фашисттік диктатура мен қарама-қайшы еді. Ал Г. Кенжеахметованың мәліметтеріне сүйенсек, 1941-1945 жылдары фашисттердің тұтқынында болған 200мыңнан астам қазақстандықтардың тағдыры жайлы құнды мәліметтер келтірілген

Түркістан легионының тарихын зерттей отырып, легион тек әскери құрылым емес, XX ғасырдағы барлық түркі халықтарының басынан өткен үлкен орны толтырылмас трагедия екенін көреміз. Легионның құрылуы, жазықсыз жандардың зардап шегуі – екі ұлы империяның арасындағы қасіретті соғыстың нәтижесі. Бүгінгі таңда біз тарихшылар легионерлерді біржақты «сатқын» деген айыптаулардан арылтып, олардың «таңдаусыз

таңдау» жағдайында қалған шарасыз тағдырын объективті тұрғыдан қарастыруымыз басты міндетіміз болып табылады. Тәуелсіз Қазақстан үшін бұл күрделі кезең – отарсыздандыру саясатында әлі де зерттелуі керек болған ауқымды тақырып болып қала береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. Садықова Б. Түркістан легионы. – Алматы: Жібек жолы, 2002. – 245б.
2. Шоқай М. Шығармаларының көп томдық жинағы. 11-12 томдар. – Алматы: Кайнар, 2013.
3. Қойгельдиев М. Алаш қозғалысы. II том. – Алматы: Мектеп, 2008. – 408б.
4. Есмағамбетов К. Әлем таныған тұлға (Мұстафа Шоқайдың дүниетанымы және күрес жолы). – Алматы: Атамұра, 2008. – 320 б.
5. Нұршайықов Ә. Ақиқат пен аңыз. – Алматы : Жазушы, 2004. – 420 б.
6. Кенжеахметова Г. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қазақстандық әскери тұтқындар: тағдыры мен қасіреті. – Нұр – Сұлтан: Гылым, 2019. – 180 б.
7. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). 4 – том. – Алматы: Атамұра, 2010. 752 б.
8. Көкебаева Г. Германиядағы түркістандық әскери тұтқындар мен легионерлер (1941-1945жж.). – Алматы: Қазақ университеті, 2005.

# ЖҮЙЕ МЕ, ӘЛДЕ ОҚУШЫ МА? БІЛІМ БЕРУДІ ГУМАНДАНДЫРУДАҒЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ РӨЛІ

***А. Е. Исмаилов***
*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті,*
*Ғылыми жетекшісі: аға оықтушы,* ***Рамазанқызы Бақыт***

**Аңдатпа.** Бұл мақалада қазіргі білім беру жүйесіндегі ең күрделі философиялық және педагогикалық дилемма — қатаң стандартталған жүйе талаптары мен оқушының жеке тұлғалық қажеттіліктері арасындағы қайшылық қарастырылады. Мұғалімнің кәсіби-этикалық таңдауы талданып, оқу үдерісін дербестендіру және рутиналық бақылау жұмыстарын автоматтандыру арқылы бұл мәселені шешудегі жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының мүмкіндіктері ғылыми тұрғыдан негізделеді.

**Түйінді сөздер:** білім беру философиясы, жасанды интеллект, дербестендірілген оқыту, мұғалім этикасы, гуманистік педагогика, цифрлық трансформация.

**Аннотация:** В статье рассматривается философская дилемма выбора учителя между жесткой образовательной системой и индивидуальными потребностями ученика. Обосновано, что внедрение искусственного интеллекта позволяет персонализировать обучение и освободить учителя от рутины. Данный подход способствует гуманизации и повышению качества современного образовательного процесса.

**Ключевые слова:** философия образования, искусственный интеллект, персонализация, этика учителя, гуманизация.

**Abstract:** The article examines the philosophical dilemma of a teacher's choice between a rigid educational system and a student's individual needs. It substantiates that integrating artificial intelligence personalizes learning and frees teachers from routine. This approach promotes the humanization and quality improvement of the modern educational process.

**Keywords:** philosophy of education, artificial intelligence, personalization, teacher ethics, humanization.

Қазіргі білім беру парадигмасы күрделі трансформация кезеңін бастан өткеруде. XXI ғасырдың педагогикалық шынайылығы мұғалімді күн сайын ауыр этикалық және кәсіби таңдау жасауға мәжбүрлейді. Бір жағында — мемлекеттік стандарттар, қатаң оқу бағдарламалары, Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) сияқты стандартталған емтихандар, рейтингтер мен бітіспес есеп беру жүйесі тұр. Екінші жағында — өзіндік танымдық қарқыны, психологиялық ерекшеліктері, қайталанбас бейімділіктері мен армандары бар тірі адам, яғни оқушы тұр.

Мұғалім осы екі полюстің ортасында қалған делдал іспетті: жүйенің талаптарын бұлжытпай орындау үшін ол көбінесе оқушының тұлғалық дамуын құрбан етуге мәжбүр болады, ал оқушының мүддесін жоғары қойған жағдайда формалды бағалау критерийлерінен төмен қалып, тиімсіз қызметкер атану қаупімен бетпе-бет келеді [1]. Бұл мақаланың басты мақсаты — "Жүйе ме, әлде бала ма?" деген іргелі философиялық дилемманы талдау және қазіргі цифрлық дәуірде, атап айтқанда жасанды интеллект мен заманауи ақпараттық технологиялардың көмегімен бұл қайшылықты қалай бейбіт жолмен шешуге болатынын көрсету.

1. Жүйе мен тұлға арасындағы философиялық қайшылық: тарихи экскурс

Мәселенің тамырын түсіну үшін білім беру жүйесінің тарихи қалыптасуына үңілу қажет. Дәстүрлі бұқаралық білім беру жүйесі индустриялық қоғамның қажеттіліктеріне сай, зауыттық-фабрикалық модель бойынша құрылды. Бұл модельде ең басты құндылықтар — стандарттау, біркелкілік, тәртіп және бақылау болды. Оқушылар жасына қарай сыныптарға бөлініп, барлығына бірдей ақпарат бірдей уақыт ішінде берілді. Мұндай жүйелік тәсіл экономиканы жұмысшы күшімен қамтамасыз етуде тиімді болғанымен, тұлғаның жеке басын жоққа шығарды.

Керісінше, гуманистік педагогика мен философия Жан-Жак Руссо, Иоганн Генрих Песталоцци, Лев Выготский, Карл Роджерс еңбектерінен бастау алып, білім берудің орталығына баланы қояды. Олардың ілімі бойынша, білім берудің мақсаты — баланы белгілі бір қалыпқа салу емес, оның ішкі әлеуетін ашу [2].

Бүгінгі таңда қоғам постиндустриялық, ақпараттық кезеңге өткенімен, мектеп жүйесі әлі де ескі стандарттардың шеңберінде жұмыс істеуде. Жүйе мұғалімнен үлгерім пайызын, олимпиада жеңімпаздарын және ҰБТ-ның жоғары орташа балын талап етеді. Бұл көрсеткіштерге жету үшін мұғалімдер баланы "жаттау машинасына" айналдыруға мәжбүр. Оқушының эмоционалдық күйі мен пәнге деген шынайы қызығушылығы жүйе үшін маңызды емес. Осылайша, жүйе мен оқушы арасындағы қақтығыс ең жоғары шегіне жетеді.

2. Мұғалімнің этикалық таңдауы: кімнің жағында болу керек?

Педагогикалық этика контекстінде мұғалімнің таңдауы өте күрделі. Егер мұғалім тек жүйені таңдаса, ол технократқа, жалаң ақпарат берушіге және бақылаушыға айналады. Мұндай мұғалім үшін оқушы тек статистикалық бірлік қана. Бұл тәсіл оқушының мектептен көңілі қалуына, оқуға деген мотивациясының толық жойылуына әкеп соқтырады.

Ал егер мұғалім баланы таңдаса ше? Баланы таңдау — оның қателесуге құқығын мойындау, әр оқушының материалды қабылдау жылдамдығы әртүрлі екенін түсіну және бағалауды жазалау құралы емес, даму көрсеткіші ретінде пайдалану деген сөз. Алайда қазіргі жағдайда мұғалім бұл гуманистік миссияны толық орындай алмайды. Басты себеп — уақыт пен ресурстардың тапшылығы. Сыныптағы 25–30 баланың әрқайсысына жеке көңіл бөлу, олардың әрқайсысының танымдық ерекшеліктеріне сай тапсырмалар дайындау адам мүмкіндігінен тыс дүние. Осылайша, мұғалім жүйенің қысымына төтеп бере алмай, амалсыздан жүйені таңдайды.

3. Жасанды интеллект — жүйе мен оқушыны байланыстырушы алтын көпір

Дәл осы тығырыққа тірелген тұста заманауи технологиялар, соның ішінде жасанды интеллект пен машиналық оқыту мұғалімнің ең сенімді көмекшісі әрі құтқарушысы ретінде алға шығады. Ғалымдардың пікірінше,

жасанды интеллект білім беру процесін толықтай дербестендіруге бұрын-соңды болмаған тарихи мүмкіндік береді [3].

Жасанды интеллект қалай көмектеседі? ЖИ жүйе талап ететін барлық рутиналық, механикалық және аналитикалық жұмыстарды өз мойнына алады.

Біріншіден, ЖИ алгоритмдері оқушылардың тесттерін, үй тапсырмаларын секунд ішінде тексеріп, қателерді талдайды.

Екіншіден, жүйе әр оқушының цифрлық ізін зерттей отырып, оның қай тақырыпты түсінбей қалғанын, қандай есептерді шығаруға көп уақыт жұмсайтынын дәл анықтайды.

Үшіншіден, ЖИ мұғалім үшін дайын аналитикалық есептер мен статистиканы қалыптастырып, әкімшілікке тапсырылатын қағазбастылықты азайтады.

Осының арқасында керемет парадоксалды жағдай туындайды: технологияларды қолдану білім беруді "машиналандырып" жібермейді, керісінше, оны гумандандырады. ЖИ жүйенің қажеттілігін толық өтегендіктен, мұғалімде ең бағалы ресурс — бос уақыт пайда болады. Босаған уақытын мұғалім оқушымен көзбе-көз сөйлесуге, оның эмоционалдық жағдайын түсінуге, шығармашылыққа баулуға, яғни ЖИ жасай алмайтын нағыз адами тәлімгерлікке жұмсай алады.

4. Технологиялар арқылы оқытуды дербестендірудің практикалық мысалдары

Жүйенің қысымы мен оқушының қажеттілігі арасындағы қақтығыс әсіресе жоғары сыныптарда, ҰБТ-ға дайындық кезеңінде айқын байқалады. Оқушылар үлкен психологиялық күйзеліске ұшырайды, өйткені олардан жоғары стандартты балл талап етіледі.

Бұл мәселені шешуде мұғалім тек дайын ЖИ платформаларын пайдаланумен шектелмей, өзі де жасампаз бола алады. Мысалы, MIT app inventor ортасында оқушыларға бейімделген мобильді қосымшалар әзірлеу үлкен нәтиже береді. Мұндай қосымшалар ЖИ элементтері арқылы оқушының әлсіз тұстарын анықтап, жеке оқу траекториясын құрастырады.

Сонымен қатар Blender сияқты бағдарламаларда жасалған 3D модельдер мен нейрожелілер арқылы жасалған анимациялық бейнероликтерді қолдану пәнге қызығушылықты арттырады.

5. Жасанды интеллектіні енгізудегі кедергілер мен тәуекелдер

Негізгі кедергілер: мұғалімдердің цифрлық сауаттылығының жеткіліксіздігі, алгоритмдерге сенімсіздік және деректер құпиялылығы мәселесі [4]. Сонымен қатар ЖИ дайын жауаптарға тәуелділік қаупін тудыруы мүмкін.

Жасанды интеллект мұғалімді алмастырмайды, ол тек көмекші құрал.

Жасанды интеллект жүйе талаптары мен оқушы қажеттіліктерін үйлестіруге мүмкіндік береді. ЖИ әкімшілік жұмыстарды автоматтандырып, мұғалімнің назарын оқушының тұлғалық дамуына бағыттайды. Бұл — білім беруді шынайы гумандандырудың тиімді жолы.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Андреева С. А. Цифрлық дәуірдегі білім беру философиясы : монография. — Мәскеу : Наука, 2023. — 239 б.
2. Петров В. В. Таңдау: гуманистік парадигма контексіндегі жүйе ме, әлде оқушы ма? // Педагогикалық ғылымдар хабаршысы. — 2022. — Т. 15. — № 4. — 45–52 б.
3. Білім берудегі жасанды интеллект: эволюциясы мен кедергілері // КиберЛенинка ғылыми электрондық кітапханасы. — 2023.
4. Жасанды интеллект және машиналық оқыту технологиялары арқылы оқу процесін дербестендіру: білім беру ұйымдарының тәжірибесі // Ғылым мен білімнің заманауи мәселелері. — 2024. — № 2.


# 1917-1920 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР: АНАРХИСТІК ТОПТАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ


***Т.А. Батырхан, Н.А. Ногаев***

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенттері*

***А.М. Садыкова***

*ғылыми жетекшісі: PhD докторы, гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры,*



Аннотация: мақалада 1917–1920 жылдары Қазақстан аумағында қалыптасқан анархистік қозғалыстардың алғышарттары, әлеуметтік негізі және қызмет бағыттары қарастырылады. Зерттеу революциялық тұрақсыздық, билік әлсіреуі мен азамат соғысының ықпалын көрсетеді. Сонымен қатар, ұйымдардың аймақтық ерекшеліктері, қарулы әрекеттері, үгіт-насихаты және саяси күштермен байланысы талданып, қозғалыстың жойылу себептері мен тарихи маңызы айқындалады толық.



Түйінді сөздер: анархизм, революция, азамат соғысы, саяси қозғалыс, Қазақстан.



Abstract**:** This article examines the emergence and evolution of anarchist movements in Kazakhstan (1917–1920) amidst the Civil War and the collapse of state authority. It analyzes their social base, propaganda strategies, and paramilitary activities. The study evaluates regional dynamics, inter-factional relations, and factors underlying the movements' decline and historical significance.



Keywords: anarchism, revolution, civil war, political movement, Kazakhstan.



Аннотация. В статье рассматриваются предпосылки возникновения анархистских движений в Казахстане в 1917–1920 гг., их социальная база, направления деятельности. Анализируются влияние революционной нестабильности, ослабления власти и гражданской войны. Рассматриваются региональные особенности, вооружённые действия, пропаганда и связи с политическими силами, а также причины ликвидации движения и его историческое значение для понимания процессов.



Ключевые слова: анархизм, революция, гражданская война, политическое движение, Казахстан

1917-1920 жылдар аралығындағы Қазақстан кеңістігі саяси билік құрылымдарының күйреуі мен жаңа идеологиялық бағыттардың қақтығысы тоғысқан күрделі тарихи кезең ретінде ерекшеленеді, алайда осы үдерістер аясындағы анархистік қозғалыстардың қызметі ұзақ уақыт бойы жүйелі ғылыми талдаудан тыс қалып, тарихи танымда толық ашылмаған мәселе ретінде сақталып келеді. Революциялық өзгерістер жағдайында қалыптасқан анархистік топтардың табиғатын, олардың әлеуметтік негізін және нақты саяси әрекеттерін зерттеу тек жекелеген қозғалысты сипаттау емес, сонымен қатар Қазақстандағы саяси трансформацияның баламалы модельдерін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Мақаланың мақсаты – 1917-1920 жылдардағы анархистік топтардың пайда болу алғышарттары, қызмет бағыттары және тарихи үдерістердегі орнын кешенді талдау. Болып табылады.

Анархизм XIX ғасырдың екінші жартысында Еуропалық және ресейлік саяси ой кеңістігінде қалыптасқан радикалды бағыт ретінде мемлекетті әлеуметтік ұйымдасудың қажетті формасы ретінде емес, керісінше, еркін дамуға кедергі келтіретін зорлық аппараты ретінде қарастырды. Оның теориялық іргетасы ең алдымен М.А. Бакунин (1814-1876) мен П.А. Кропоткин (1842-1921) еңбектерінде жүйеленді.

М.А. Бакунин мемлекет пен кез келген вертикалды иерархиялық билік нысанын тарихи дамудың белгілі бір кезеңіне тән, бірақ болашақта жойылуға тиіс өтпелі құрылым ретінде бағалады. Оның тұжырымдауынша, мемлекет әлеуметтік теңсіздікті бекітетін, адамның еркіндігін шектейтін және қоғамды мәжбүрлеу тетіктері арқылы реттейтін институт болып табылады. Осыған байланысты Бакунин әлеуметтік революцияны қоғамды түбегейлі қайта құрудың негізгі әрі жалғыз шынайы жолы ретінде қарастырды. Ол революцияны тек саяси билікті алмастыру құралы емес, қоғамдық қатынастардың бүкіл жүйесін жаңартуға бағытталған терең әлеуметтік өзгеріс ретінде түсінді. Бакуниннің 1860–1870 жылдары Еуропадағы революциялық қозғалыстарға қатысу тәжірибесі оның теориялық көзқарастарының қалыптасуына елеулі ықпал етті. Бұл тәжірибе анархизмнің мазмұнын нақтылап, оны тек теориялық пайымдаулар жиынтығы емес, практикалық әрекетке, бұқаралық қарсылыққа және әлеуметтік қайта құруға негізделген саяси стратегия ретінде орнықтыруға мүмкіндік берді.

П.А. Кропоткин анархизмнің мазмұнын кеңейтіп, оны табиғи және әлеуметтік заңдылықтармен сабақтастықта қарастырды. Оның еңбектерінде анархизм тек мемлекеттік билікті жоққа шығаратын саяси ілім ретінде емес, қоғамның даму логикасын түсіндіруге ұмтылатын әлеуметтік-философиялық концепция ретінде сипатталды. Кропоткин «өзара көмек» қағидасын адамзат қоғамының тарихи эволюциясындағы маңызды негіздердің бірі ретінде дәлелдеуге тырысты. Оның пікірінше, қоғамдық дамудың өзегінде қақтығыс немесе үстемдік емес, ынтымақтастық, өзара қолдау және қауымдық жауапкершілік секілді құндылықтар жатыр. Осы

тұрғыдан алғанда, анархизм еркіндік, теңдік және өзін-өзі ұйымдастыру қағидаларына негізделген қоғамдық құрылымның теориялық үлгісі ретінде бағаланды. Осылайша, анархизм өзінің бастапқы қалыптасу кезеңінен бастап тек саяси бағдар немесе революциялық қозғалыс идеологиясы ретінде ғана емес, билік, қоғам және адам еркіндігінің арақатынасын түсіндіретін тұтас әлеуметтік-философиялық тұжырымдама ретінде орнықты.

Анархизмнің мазмұндық өзегі жеке тұлғаның абсолютті еркіндігі, әлеуметтік теңдік және орталықтандырылған билікті толықтай теріске шығару қағидаларымен айқындалады. П.А. Кропоткин ұсынған анархо-коммунистік модельде қоғам ерікті қауымдастықтар негізінде ұйымдастырылып, өндіріс құралдары ұжымдық меншікке айналуы тиіс деп көрсетілді. Ал, М.А. Бакуниннің коллективистік анархизмінде өндіріс құралдары қоғамдық иелікке өтсе де, еңбек нәтижесін бөлу принципі сақталуы қажет деген тұжырым алға шықты. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында анархизм бірнеше бағыттарға жіктеліп, оның ішкі теориялық тұтастығы әлсірей түсті. Олардың ішінде:

анархо-коммунизм;

анархо-синдикализм;

анархо-индивидуализм.

Бұл жіктелу бір жағынан анархизмнің икемділігін көрсетсе, екінші жағынан оның ұйымдасқан саяси күшке айналуына кедергі келтірген факторлардың бірі болды [1; 2].

1905-1907 жылдардағы Ресейдегі бірінші революция анархистік қозғалыстың таралу ауқымын кеңейтіп, оны бұқаралық сипатқа жақындатты. Осы кезеңде анархистік топтар ірі өнеркәсіптік қалаларда белсенді әрекет етіп, олардың әлеуметтік базасын жұмысшылар, қолөнершілер және қоғамның деклассирленген топтары құрады.

Зерттеуші В.В. Кривенький мәліметтері бойынша, анархистік ұйымдар көбіне 3-30 адамнан тұратын шағын, автономды топтар түрінде әрекет еткен. Олар орталықтандырылған басқару жүйесін әдейі қабылдамай, өзара тәуелсіз әрекет етуді басты қағида ретінде ұстанды. Мұндай құрылым олардың идеологиялық ұстанымына толық сәйкес келгенімен, кең көлемді саяси күресте тұрақты әрі тиімді әрекет ету мүмкіндігін шектеді. Соған қарамастан, бұл кезең анархизмнің Ресей империясы кеңістігінде, соның ішінде шет аймақтарға таралуының алғышарттарын қалыптастырды.

1917 жылғы Ақпан және Қазан революцияларынан кейін анархизм жаңа тарихи жағдайда сапалық өзгеріске ұшырап, радикалды сипатқа ие болды. Мемлекеттік басқару жүйесінің күйреуі, билік вакуумының пайда болуы және азаматтық соғыстың басталуы анархистік идеялардың практикалық деңгейде жүзеге асуына мүмкіндік ашты. Бұл кезеңде анархистік топтар бұрынғыдай тек үгіт-насихатпен шектелмей, қарулы әрекеттерге, экспроприацияға және мемлекеттік құрылымдарға қарсы

тікелей күреске көшті. Петроград, Мәскеу, Кронштадт сияқты орталықтарда анархистер жұмысшы ұйымдары мен әскери бөлімдерге ықпал етіп, кей жағдайларда дербес қарулы күш ретінде әрекет етті. Осылайша, 1917–1920 жылдар аралығында анархизм идеялық ағым шеңберінен шығып, нақты революциялық тәжірибеде көрініс тапқан, бірақ ұйымдасқан құрылымының әлсіздігі салдарынан ұзақ мерзімді саяси үстемдікке қол жеткізе алмаған қозғалысқа айналды. Бұл трансформация оның Қазақстан аумағында да көрініс табуына тікелей негіз қалады [3; 4, с. 644-654].

Анархизмнің теориялық деңгейден нақты саяси практикаға өтуі Қазақстан жағдайында ерекше тарихи ортада жүзеге асты. 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін өлкеде біртұтас билік жүйесі қалыптаспай, басқару функциялары әртүрлі саяси субъектілер арасында бөлініп кетті. Уақытша үкіметтің жергілікті органдары, жұмысшы және солдат кеңестері, казак әскери құрылымдары және ұлттық саяси ұйымдар параллель әрекет етті. Мұндай көпорталықты билік жүйесі нақты басқару механизмдерінің әлсіреуіне алып келіп, құқықтық және әкімшілік реттеудің тиімділігін төмендетті. Нәтижесінде саяси кеңістікте бақылаусыз әрекет ету мүмкіндігі кеңейіп, радикалды бағыттағы топтардың, соның ішінде анархистік сипаттағы ұйымдардың қалыптасуына институционалдық алғышарттар пайда болды.

Бұл үдерістер 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін одан әрі тереңдей түсті. Қазақстан аумағы азамат соғысының стратегиялық аймақтарының біріне айналып, қарулы қақтығыстар үздіксіз сипат алды.

1917 жылдың қараша айының соңында Орынборда атаман А.И. Дутовтың Кеңес билігін құлатуы және революциялық комитет мүшелерін тұтқындауы билік үшін күрестің ашық әскери кезеңге өткенін көрсетті. 1918 жылы ақ гвардиялық күштердің солтүстік және шығыс аймақтардағы теміржол желілерін бақылауға алуы жағдайды одан әрі күрделендірді. Сонымен қатар, Алашорда үкіметінің құрылуы саяси кеңістіктегі көпвекторлы қарсыластықты күшейтті. Осындай жағдайда мемлекеттік бақылаудың әлсіреуі мен зорлықтың легитимді құралға айналуы анархистік әрекеттердің пайда болуына қолайлы орта қалыптастырды.

Әлеуметтік деңгейде бұл кезең жұмысшылар мен солдаттардың саяси белсенділігінің артуымен және дәстүрлі билік институттарына деген сенімнің әлсіреуімен сипатталды. 1916 жылғы көтерілістен кейінгі әлеуметтік күйзеліс пен әскери тәжірибе қоғамның белгілі бір бөлігін радикалды әрекеттерге бейім етті.

Сонымен қатар, Ресейдің өнеркәсіптік орталықтарынан таралған революциялық тәжірибе Қазақстанға теміржол желілері арқылы, әсіресе Орынбор, Семей және Жетісу сияқты қалалар арқылы жетті. Бұл аймақтарда бұрын қалыптасқан «тікелей әрекет» тактикасы – қарулы қарсылық, экспроприация және билік құрылымдарын жоққа шығару - жаңа жағдайда қайта жанданып, жергілікті әлеуметтік ортаға бейімделді. Осы факторлардың өзара ықпалдасуы анархизмнің Қазақстанда кездейсоқ емес,

нақты тарихи жағдайлардың нәтижесінде пайда болған құбылыс екенін дәлелдейді.

Саяси тұрақсыздық пен қарулы қақтығыстардың кеңеюі анархистік сипаттағы топтардың нақты кеңістікте қалыптасуына тікелей ықпал етті. Бұл топтар кездейсоқ емес, көбіне стратегиялық маңызы бар аймақтарда - көлік тораптары, әскери гарнизондар және әкімшілік орталықтарда шоғырланды. Орал өңірі азамат соғысының бастапқы ошақтарының бірі ретінде ерекшеленсе, Семей мен Жетісу аймақтары әскери-саяси қарсыластықтың тоғысқан кеңістігіне айналды. Аталған өңірлерде билік құрылымдарының әлсіздігі мен қарулы күштердің бытыраңқылығы анархистік топтардың жергілікті деңгейде жылдам қалыптасуына мүмкіндік берді. Бұл топтар, әдетте, қалалық ортаға жақын орналасып, өндірістік және әскери инфрақұрылымға тәуелді аймақтарда әрекет етті.

Анархистік топтардың құрамы мен ұйымдасу сипаты олардың әрекет ету логикасын айқындады. Құрамына негізінен жұмысшылар, әскери тәжірибесі бар солдаттар және әлеуметтік тұрғыдан тұрақсыз элементтер кірді, бұл олардың әрекеттерінің радикалды әрі кейде стихиялық сипат алуына әсер етті.

Ұйымдасу жағынан бұл топтар орталықтандырылған құрылымға бағынбай, шағын әрі уақытша бірлестіктер түрінде әрекет етті, нәтижесінде олар белгілі бір аймақта қысқа мерзімде белсенділік танытып, кейін тез ыдырап отырды. Мұндай ерекшелік олардың тұрақты саяси күшке айналуына кедергі келтіргенімен, тұрақсыз ортада икемді әрекет етуіне жағдай жасады.

Аймақтық және әлеуметтік тұрғыдан қалыптасқан анархистік топтар өз қызметін негізінен тікелей әрекет стратегиясы арқылы жүзеге асырды. Олардың басты ерекшелігі - тұрақты саяси институттардан тыс, көбіне қарулы әдістерге сүйенген күрес формаларын қолдануы болды. Азамат соғысы жағдайында бұл топтар жергілікті деңгейде қарулы қақтығыстарға қатысып, кей жағдайда әскери гарнизондар мен әкімшілік нысандарға қарсы әрекеттер ұйымдастырды. Мысалы, 1920 жылы Верный қаласындағы гарнизон көтерілісі жалпы революциялық тұрақсыздықтың көрінісі ретінде бағаланып, әскери құрылымдар ішіндегі тәртіптің әлсірегенін көрсетті. Мұндай әрекеттер анархистік топтардың тек идеялық емес, нақты әскери-саяси фактор ретінде де көрінгенін дәлелдейді.

Анархистік топтардың қызметінде үгіт-насихат пен экономикалық сипаттағы әрекеттер де маңызды орын алды. Олар жұмысшылар мен солдаттар арасында орталық билікті жоққа шығаратын идеяларды таратып, стихиялық қарсылық көңіл-күйін күшейтуге тырысты. Сонымен қатар, анархистік тәжірибеде кең таралған «экспроприация» тәсілі - яғни қаржы мен мүлікті күшпен тартып алу - олардың қызметінің маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Бұл әрекеттер бір жағынан қозғалысты қаржыландыру құралы болса, екінші жағынан әлеуметтік теңсіздікке қарсы күрес ретінде түсіндірілді. Алайда мұндай әдістер көбіне заңсыздық пен

бақылаусыздықты күшейтіп, анархистік топтардың қоғамдағы беделін тұрақсыз етті [5; 6].

Саяси тұрғыдан анархистік топтар бір мезгілде бірнеше күшпен қақтығысқа түсті, бұл олардың стратегиялық тұрақсыздығын айқындады. Большевиктермен қарым-қатынас бастапқы кезеңде тактикалық жақындасу элементтерін қамтығанымен, билікті орталықтандыру саясатына байланысты тез арада қарсыластыққа ұласты. Сонымен қатар, ақ гвардиялық күштермен және ұлттық қозғалыстармен де қайшылықтар орын алды, себебі олардың мақсаттары мен идеологиялық ұстанымдары сәйкес келмеді. Нәтижесінде анархистер нақты саяси одақ құра алмай, барлық негізгі күштермен қарама-қайшылық жағдайында әрекет етті. Бұл олардың қызметінің негізгі бағыттарын төмендегі жүйе арқылы көрсетуге болады (1-кесте).

*1-кесте – Анархистік топтардың қызмет бағыттары мен мазмұны*

| Қызмет бағыты | Негізгі мазмұны | Ерекшелігі |
|---|---|---|
| Қарулы әрекеттер | Гарнизондар мен билікке қарсы қақтығыстар | Стихиялық, тұрақсыз |
| Үгіт-насихат | Жұмысшылар мен солдаттар арасында идея тарату | Радикалды мазмұн |
| Экспроприация | Қаржы мен мүлікті күшпен тартып алу | Экономикалық және саяси құрал |
| Саяси қақтығыстар | Большевиктер, ақтармен қарсыластық | Тұрақсыз позиция |

Қазақстан аумағындағы анархистік қозғалыстың әлсіреуі ең алдымен оның ішкі құрылымдық ерекшеліктерімен байланысты болды. Анархистік топтар орталықтандырылған басқару жүйесін әдейі жоққа шығарғандықтан, олардың ұйымдасу деңгейі төмен және тұрақсыз болды.

Зерттеуші В.В. Кривенький көрсеткендей, анархистік қозғалысқа тән басты сипат – оның шектен тыс бытыраңқылығы мен біртұтас стратегияның болмауы еді, бұл 1917 жылы олардың тіпті жалпыресейлік съезд өткізе алмауына алып келді. Сонымен қатар, қозғалыс ішінде анархо-коммунистер, анархо-синдикалистер және басқа бағыттардың өзара келіспеушілігі идеологиялық тұтастықты әлсіретті. Әлеуметтік құрамының тұрақсыздығы (жас, тәжірибесі аз, көбіне маргинал топтар) олардың ұзақ мерзімді саяси күшке айналу мүмкіндігін шектеді. Нәтижесінде анархистік топтар нақты билік үшін күресте ұйымдасқан партиялармен бәсекелесе алмады.

Сыртқы факторлар бұл процесті одан әрі жеделдетті. 1918 жылдан бастап Кеңес билігі анархистік ұйымдарды жүйелі түрде жою саясатын жүргізді: мысалы, 1918 жылғы сәуірде Мәскеуде ВЧК анархистік орталықтарды қарулы күшпен талқандады, онда ондаған адам қаза тапты.

Осындай репрессивтік тәжірибе бүкіл кеңестік кеңістікке таралып, шет аймақтарда да іске асырылды.

1920 жылдарға қарай Азамат соғысының аяқталуы және Кеңес өкіметінің толық орнауы анархистік топтардың өмір сүру мүмкіндігін жойды. Жалпы тарихи тұрғыдан анархистік қозғалыс Қазақстанда ұзақ мерзімді саяси күшке айнала алмағанымен, ол революциялық кезеңдегі саяси баламалардың бар болғанын және қоғамдағы әлеуметтік-идеялық ізденістердің күрделілігін көрсетті. Осы тұрғыдан алғанда, анархизм Қазақстан тарихында өтпелі, бірақ саяси процестердің көпқырлылығын айқындайтын құбылыс ретінде бағаланады [7; 4].

Қорытындылай келе, 1917–1920 жылдардағы Қазақстандағы анархистік қозғалыс революциялық кезеңнің күрделі әрі көпқырлы саяси табиғатын айқындайтын ерекше құбылыс ретінде көрінді деуге болады. Оның пайда болуы билік дағдарысы, азамат соғысы және әлеуметтік тұрақсыздық сияқты нақты тарихи жағдайлардың ықпалымен қалыптасып, қысқа мерзім ішінде қарулы-саяси әрекет деңгейіне дейін жетті. Алайда ұйымдасқан құрылымның болмауы, идеологиялық бытыраңқылық және Кеңес билігінің жүйелі қысымы анархистік топтардың жойылуына алып келді. Соған қарамастан, бұл қозғалыс Қазақстандағы революциялық процестердің біржақты емес, баламалы даму мүмкіндіктері болғанын көрсетіп, тарихи шындықты кешенді түсінуде маңызды орын алады.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Ермаков В. Д. Анархисты на фронтах Гражданской войны (1917–1922 годы). – Санкт-Петербург: СПбГИК, 2018. – 272 с.
2. Хоруженко В. К. Историософия анархизма П.А.Кропоткина // Вестник Армавирского государственного педагогического университета.– 2018. – Т. 1. – № 2.– С. 2-5.
3. Сактаганова З. Г. К историографическому дискурсу проблемы «Российская революция 1917 г. и Казахстан» // Гуманитарий: актуальные проблемы гуманитарной науки и образования. – 2018. – Т. 18. – № 1. – С. 32-45.
4. Кривенький В. В. Под черным знаменем: анархисты [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://ideology.rhga.ru/upload/iblock/017/60)%20%D0%92.%20%D0%92.%20%D0%9A%D1%80%D0%B8%D0%B2%D0%B5%D0%BD%D1%8C%D0%BA%D0%B8%D0%B9.pdf (дата обращения: 20.04.2026)
5. Удербаева С. К. Казахстан в период Великой российской революции 1917 г. // Гуманитарий: актуальные проблемы гуманитарной науки и образования. – 2018. – Т. 18. – № 1. – С. 32-45.
6. Нозик Р. Анархия, государство и утопия / пер. с англ. Б. Пинскера; под ред. Ю. Кузнецова и А. Куряева. – М.: ИРИСЭН, 2008. – 424 с.
7. Гражданская война в Восточном Казахстане, 1917–1922 гг.: Хрестоматия. – Семей, 2013. – 422 с.

# ПРЕПОДАВАНИЕ ИСТОРИИ РЕПРЕССИЙ СРЕДСТВАМИ МУЗЕЙНОЙ ПЕДАГОГИКИ (НА ПРИМЕРЕ МУЗЕЯ А. ЦВЕТАЕВОЙ)

***Сейтбаттал Д. Б.***
*студент Павлодарского педагогического университета имени Әлкей Марғұлан, г. Павлодар*
***Садыкова А.М.***
*научный руководитель: PhD, ассоциированный профессор высшей школы гуманитарных наук Павлодарского педагогического университета имени Әлкей Марғұлан, г. Павлодар*

**Аннотация:** - В статье рассматривается музейная педагогика как средство преподавания истории политических репрессий на примере музея Анастасии Цветаевой. Анализируются методы, формирующие историческую память, включая использование личных историй и музейных экспонатов. Особое внимание уделяется восприятию темы репрессий и педагогическим трудностям.

**Ключевые слова:** преподавание истории, историческая память, политические репрессии, музейная педагогика, Анастасия Цветаева, образование.

**Аннотация:** Бұл мақалада музей педагогикасының саяси қуғын-сүргін тарихын оқытудағы рөлі Анастасия Цветаеваның музейі мысалында қарастырылады. Тарихи жадыны қалыптастыруға ықпал ететін әдістер, жеке тағдырлар мен музейлік экспонаттарды қолдану талданады. Сонымен қатар тақырыпты қабылдау және педагогикалық қиындықтар сипатталады.

**Түйінді сөздер:** тарихты оқыту, тарихи жады, саяси қуғын-сүргін, музей педагогикасы, Анастасия Цветаева, білім беру.

**Abstract:** This article examines museum pedagogy as a tool for teaching the history of political repression through the Anastasia Tsvetaeva museum. It analyzes educational practices supporting historical memory, including personal narratives and authentic artifacts, and highlights audience perception and pedagogical challenges in teaching difficult history.

**Keywords:** history teaching, historical memory, political repression, museum pedagogy, Anastasia Tsvetaeva, education.

*Введение.* История политических репрессий XX века остается одной из наиболее сложных и эмоционально-насыщенных тем в историческом образовании. Традиционные методы преподавания, основанные на учебниках и лекциях, часто не позволяют в полной мере передать трагизм эпохи и личностное измерение исторических событий. В этой связи особую значимость приобретает музейная педагогика, которая сочетает в себе научное знание и эмоционально-чувственное восприятие через подлинные исторические источники. Актуальность темы исследования обусловлена необходимостью поиска эффективных методов преподавания истории репрессий, способных формировать у обучающихся не только знания, но ценностное отношение к прошлому. Научная новизна работы заключается в рассмотрении музея не только как института сохранения культурного наследия, но и как активного субъекта образовательного процесса. В исследовании раскрыты возможности использования музейной педагогики

для преподавания темы политических репрессий, а также выявлены механизмы формирования исторического сознания через личностно-ориентированный подход. Целевая аудитория исследования – студенты и широкий круг посетителей музеев, поскольку именно эта категория наиболее активно вовлекается в музейно-образовательные практики и способна к осмыслению сложных исторических процессов.

*Степень изученности темы.* Личность и творческое наследие А. Цветаевой в настоящее время достаточно хорошо изучены в рамках литературоведения, мемуаристки и частично исторических исследований. Существуют различные публикации, посвященные ее художественным произведениям, эпистолярному наследию, воспоминаниям о ней современников и биографическим аспектам, связанным с периодами репрессий и ссылки. Особую роль в изучении жизни и деятельности А. Цветаевой играют музейные фонды. Один из фондов, находящийся в городе Павлодар, включает: личные вещи писательницы, рукописи и черновики произведений, письма (в том числе переписку с учениками и знакомыми) [Рис. 1], фотографии различных периодов жизни [Рис. 2], предметы быта, переданные родственниками [Рис. 3], документы, подтверждающие реабилитацию [Рис. 4].

*Рисунки 1,2,3,4. Письмо, фотоаппарат, личные вещи и документ А. Цветаевой*

Данные материалы обладают научной ценностью, поскольку позволяют реконструировать повседневную жизнь в условиях лагеря и ссылки, проследить эволюцию мировоззрения писательницы и выявить особенности ее творческого процесса.

В то же время, несмотря на достаточную степень изученности биографии и литературного наследия А. Цветаевой, в современной науке сохраняется ряд нерешенных проблем. Прежде всего, недостаточно исследован педагогический потенциал музейных материалов, связанных с ее жизнью, особенно в контексте преподавания истории политических репрессий. Также недостаточно разработан вопрос интеграции музейных ресурсов в образовательный процесс, особенно при изучении сложных и травматичных исторических тем, таких как политические репрессии. В частности, остается малоизученным, какие образом конкретные

экспозиции, личные истории и подлинные документы могут способствовать развитию эмпатии, критического мышления и осмысленного восприятия прошлого.

Таким образом, можно констатировать, что при наличии обширной источниковой базы и значительного количества исследований, посвященных А. Цветаевой, проблема педагогического осмысления и использования музейных материалов в образовательной практике остается недостаточно разработанной, что и определяет актуальность данного исследования.

*Теоретические основы музейной педагогики*. Музейная педагогика в современном научном дискурсе рассматривается как междисциплинарное направление на стыке педагогики, культурологии, музееведения и психологии обучения. Она изучает закономерности образовательного взаимодействия человека с музейной средой и разрабатывает методы использования музейных ресурсов в образовательных целях.

Термин “музейная педагогика” получил широкое распространение в европейской научной традиции в XX веке. В работах Г. Кершенштейнер подчеркивалась важность обучения через практический опыт и взаимодействие с предметной средой, что впоследствии стало основной музейно-педагогического подхода [1].

В отечественной науке значительный вклад в развитие данного направления внесли У.Д. Муналбаева и Т.Ю. Юренева которые определяют музейную педагогику как систему научно-обоснованных форм и методов образовательной деятельности, реализуемой в условиях музея [2, 3].

Согласно современным подходам, музейная педагогика – это целенаправленный процесс передачи культурно-исторического опыта посредством музейных предметов и экспозиций, обеспечивающий когнитивное, эмоциональное и ценностное развитие личности.

В основе музейной педагогики лежит ряд научных подходов:

1. Культурно-исторический подход. Связан с именем Л. Выготского, который рассматривал обучение как процесс усвоения культурного опыта через социальное взаимодействие. Музей в этом контексте выступает как культурный посредник, а экспонаты - как носители исторической памяти [4].

2. Деятельностный подход, который разработан в трудах А. Леонтьева. Согласно данному подходу, знание формируется через активную деятельность. В музее это реализуется через интерактивные экскурсии, участие в обсуждениях и интерпретацию экспонатов [5].

3. Личностно-ориентированный подход предполагает учет индивидуального опыта и эмоционального состояния обучающегося. Особенно актуален при изучении сложных тем, таких как политические репрессии, где важна не только информация, но и личностное осмысление.

4. Аксиологический подход ориентирован на формирование ценностей. В контексте изучения репрессий данный подход способствует

развитию нравственного сознания, осмыслению понятий справедливости, свободы, гуманизма.

С точки зрения педагогической теории, музейная среда обладает рядом уникальных характеристик, такие как иммерсивность (эффект погружения), аутентичность, ситуативность обучения и мультисенсорность. Эти характеристики соотносятся с концепцией “обучения через опыт”: разработанной Джоном Дьюи, согласно которой наиболее эффективным является обучение, основанное на личном переживании [6]. В контексте изучения политических репрессий музей выполняет функцию коллективной памяти. Согласно теории Морис Хальбвакс, память формируется в социальном контексте, а музей выступает как механизм ее сохранения и трансляции. С помощью экспозиции, посвященные судьбам репрессированных, происходит актуализация исторического опыта, формирование критического мышления и развитие гражданской ответственности [7].

Использование музейной среды в преподавании истории репрессий позволяет не только передавать фактическую информацию, но и формировать глубокое личностное понимание исторических событий, что делает данный подход особенно значимым в современном образовании. *Музей Анастасии Цветаевой как образовательное пространство*. Музей А. Цветаевой представляет собой не только мемориальный объект, но и полноценную образовательную среду, функционирующую в рамках музейной педагогики.

Под образовательным пространством музея понимается специально организованная среда, в которой происходит передача знаний, ценностей и культурного опыта через взаимодействие посетителя с экспозицией. В отличие от традиционного учебного пространства, музей характеризуется высокой степенью наглядности и эмоциональной насыщенности [8]. Экспозиция музея структурирована по тематическому принципу, что позволяет последовательно раскрывать этапы жизни писательницы и соотносить их с историческими событиями эпохи репрессий.

Особую роль играют аутентичные экспонаты - подлинные предметы, непосредственно связанные с жизнью и деятельностью Цветаевой. Их педагогическая ценность заключается в том, что они выступают как материальные доказательства исторических событий, способствуют формированию доверия к информации и создают эффект “присутствия” в исторической эпохе [9]. Например, рукописи, личные вещи или предметы лагерного быта позволяют посетителю не просто узнать о событиях, но и “прочувствовать” их через визуальный и эмоциональный контакт [10] [Рис. 5, 6].

*Рисунок 5. Стенд, посвященный годам репрессий жизни А. Цветаевой*

*Рисунок 6. Чемодан А. Цветаевой*

*Биографический контекст как средство обучения.* Использование биографического материала в образовательном процессе основывается на принципе персонификации истории, согласно которому сложные исторические явления раскрываются через судьбы конкретных людей. В данном случае биография А. Цветаевой позволяет наглядно продемонстрировать механизмы и последствия политических репрессий XX века.

Согласно музейным материалам и источникам, ключевые этапы ее жизни отражают типичную траекторию репрессивного человека:

- первый арест произошел в 1933 году, однако спустя несколько месяцев она была освобождена;

- в 1937 году она была вновь арестована и приговорена к 10 годам лагерей;

- весь срок она провела в лагерях Дальнего Востока, где находилась в крайне тяжелых условиях;

- после освобождения в 1947 году последовал повторный арест в 1949 году и ссылка в Сибирь (Новосибирская область, село Пихтовка);

- окончательное освобождение произошло в 1956 году в период реабилитации жертв репрессий [10].

Особую педагогическую ценность представляет не только фактологическая сторона биографии, но и личностные стратегии выживания, которые демонстрирует А. Цветаева.

*Рисунок 7. Роман А. Цветаевой "AMOR"*




Так, в лагерных условиях она сумела сохранить интеллектуальную активность - благодаря своим знаниям (в том числе владению английским языком) она была переведена на более щадящую работу - обучение ребенка начальника [11]. Это обстоятельство сыграло важную роль в сохранении ее жизни. Кроме того, в условиях заключения она продолжала внутреннюю творческую деятельность - в период ссылки она создала произведение "Моя Сибирь", в котором отразила повседневность жизни в условиях принудительного переселения. Значимым является и роман "AMOR", начатый еще в лагере и передававшийся частями за пределы заключения [Рис.7].

*Методы преподавания темы репрессий в музее.* Методический инструментарий музея представляет собой сочетание различных педагогических технологий, направленных на комплексное восприятие материала. Одним из педагогических технологий является нарративный метод, который предполагает изложение материала в форме связанного рассказа [2]. В отличие от фрагментарного представления фактов, нарратив создает логическую последовательность событий, облегчает запоминание, а также способствует эмоциональному вовлечению. Например, в рамках нарравтиного метода экскурсия строится вокруг ключевых событий ее

жизни: ареста, лагеря, ссылки, возвращения. При применении метода персонификации акцент делается на отдельных эпизодах, обладающих высокой эмоциональной выразительностью. Например, внезапный арест и обыск, разлучения с близкими, борьба за выживания в лагерных условиях и сохранение человеческого достоинства. Такие детали позволяют сделать исторический материал более конкретным и доступным для восприятия.

*Восприятие темы репрессий аудиторией.* Анализ восприятия показывает, что музейная форма подачи материала оказывает более сильное воздействие по сравнению с традиционными методами обучения. Это объясняется несколькими факторами:

- эмоциональное воздействие. Эмоции играют важную роль в процессе обучения, поскольку способствуют лучшему запоминания информации. Тема репрессий вызывает сопереживание, чувство несправедливости и моральное осмысление событий [5];

- эффект “удивления”. Многие посетители впервые узнают о масштабах и механизмах репрессий. Удивление становится отправной точкой для познавательной активности [4];

- формирование критического мышления. Посетители начинают задаваться вопросами (почему это стало возможным, какие механизмы привели к репрессиям, как избежать повторения подобных событий) [2].

Особенно важным является эффект “переосмысления прошлого”, когда посетители начинают воспринимать историю не как абстрактную дисциплину, а как реальный человеческий опыт.

*Педагогические трудности и пути их преодоления.* Преподавание истории политических репрессий в музейной среде связано с рядом специфических трудностей: обусловленных как особенностями самой темы, так и характеристиками аудитории.

Одной из ключевых проблем является недостаточный уровень исторической подготовки у посетителей, особенно у школьников младшего и среднего возраста. Понятия “политические репрессии”, “ГУЛАГ”, “ссылка”, “реабилитация” требуют предварительного понимания исторического контекста, без которого восприятие информации становится фрагментарным. Например, для части аудитории слово “лагерь” может ассоциироваться с детскими или оздоровительным лагерем, что приводит к искажению смысла.
Данную проблему можно преодолеть через использование приема предварительной актуализации знаний (введение базовых понятий перед основной частью экскурсии), применение принципа “от простого к сложному”, объяснение терминов через конкретные примеры (описание условий жизни, режима, быта заключенных) и включение краткого исторического контекста (эпос сталинизма, механизмы репрессий).

Следующая проблема – сложность терминологии. Тема репрессий насыщена специфической историко-политической лексикой, которая может быть непонятная широкой аудитории. К таким терминам относятся:

“репрессии”, “высылка”, “вольнонаемные”, “контрреволюционная деятельность” и другие. Без их разъяснения происходит формальное восприятие информации без глубокого понимания. Использование метода доступной информации, сопровождение терминов пояснениями и примерами, применение сравнений и аналогий и повтор ключевых понятий в разных контекстах для закрепления поможет преодолеть данную проблему.

Немало важны возрастные особенности аудитории. Разные возрастные группы по-разному воспринимают историческую информацию. Младшие школьники испытывают трудности в понимании абстрактных понятий, в то же время подростки склонны к эмоциональной реакции, но не всегда способны к глубокому анализу. Студенты более готовы к критическому осмыслению, но требуют более сложного материала. Для того, чтобы преодолеть данную проблему нужно дифференциировать содержания в зависимости от возраста, использовать визуальные и наглядные средства для младшей аудитории, включить дискуссии и анализ для старших групп и постепенно усложнять материал (принцип скаффолдинга - педагогикой поддержки).

*Роль музейной педагогики в формировании исторической памяти.* Музейная педагогика играет ключевую роль в формировании коллективной и индивидуальной исторической памяти. Ключевая часть музейной педагогики заключается в том, что она обеспечивает процесс интериоризации –превращение внешней информации во внутренние убеждения личности. История А. Цветаевой становится в музейной экспозиции не просто объектом изучения, а средством формирования исторической памяти [Рис. 8]. Через ее судьбу посетители осознают масштаб репрессивной политики, понимают последствия беззакония, формируют личное отношение к историческим событиям. Особое значение имеет то, что ее жизненный путь завершился полной реабилитацией, что позволяет показать не только трагедию, но и процесс восстановления исторической справедливости [10].

*Рисунок 8. Издания музея А. Цветаевой.*

*Заключение.*Проведенное исследование позволяет сделать вывод о том, что музейная педагогика является эффективным и перспективным направлением в преподавании истории политических репрессий. Использование музейной среды как образовательного ресурса обеспечивает интеграцию когнитивного, эмоционального и ценностного компонентов обучения, что особенно важно при изучении сложных и травматических страниц истории. На примере деятельности музея А. Цветаевой было установлено, что ключевым педагогическим махизмом является персонификация исторического опыта. Обращение к судьбе конкретного человека позволяет преодолеть абстрактность исторического знания и способствует формированию исторической эмпатии у обучающихся. Особое значение имеет то, что музейная педагогика позволяет раскрыть тему репрессий через призму человеческого опыта. Судьба А. Цветаевой демонстрирует не только трагизм эпохи, но и возможности сохранения человеческого достоинства, духовной устойчивости и творческой активности в экстремальных условиях. Это способствует формированию у обучающихся ценностных ориентиров и гражданской позиции. Обращение к исторической памяти через музейную педагогику имеет не только образовательное, но и социальное значение, поскольку способствует формированию гражданской ответственности и сознанию ценности прав и свобод человека в современном обществе.

## Список использованных источников


1. Корнетов Г.Б. Трудовая школа Георга Кершенштейнера // Школьные технологии. – 2012. – №2. – С. 186-203.
2. Муналбаева У.Д. Музейная педагогика. История, теория, практика. –Алматы.: ТОО “Publicite”, 2013. – 527 с.
3. Юренева Т.Ю. Музееведение. – Москва.: Академический проект, 2004. – 119 с.
4. Выготский Л.С. Педагогическая психология. – Москва: Работник просвещения, 1926. – 334 с.
5. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. -– М.: Полизидат, 1975. – 115 с.
6. Dewey J. Experience and Education. – New York, 1938. – 31 p.
7. Halbwachs M. On Collective Memory. – Chicago, 1992. – 51 p.
8. Козлов К. Почему в Павлодаре существует единственный в мире музей писательницы Анастасии Цветаевой [Текст] [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://informburo.kz/stati/pocemu-v-pavlodare-sushhestvuet-edinstvennyi-v-mire-muzei-pisatelnicy-anastasii-cvetaevoi?ysclid=mndcc4ekgr973152244 (дата обращения: 12.03.2026).
9. Ливинцова В. В павлодарском Славянском центре открыли музей Анастасии Цветаевой [Текст] [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://www.inform.kz/ru/v-pavlodarskom-slavyanskom-centre-otkryli-muzey-anastasii-cvetaevoy_a2524253?ysclid=mndcfmy4p952091468 (дата обращения: 16.02.2026).
10. Интервью с Григорьевой Ольгой Николаевной, директором музея Анастасии Цветаевой. – Павлодар, 2026. – 2 с.
11. Ковалева И. Музею Анастасии Цветаевой – 10 лет // Наша жизнь. –2023 – №1. – С. 2-4.

# А. ШЛЕЙХЕРДІҢ НАТУРАЛИСТІК КОНЦЕПЦИЯСЫ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ПСИХОЛИНГВИСТИКА

***А. Ж. Орынбаева***
*Павлодар педагогикалық университетінің студенті,*

***Б. Ж. Сарыбаева***
*ғылыми жетекшісі: филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор*

Аннотация: Мақалада А.Шлейхердің натуралистік теориясы мен психолингвистиканың сабақтастығы қарастырылады. Тілдің «тірі ағза» ретіндегі биологиялық болмысы мен цифрлық дәуірдегі «ремиссиясы» талданады. Тілдік ДНҚ-ны сақтау және жасанды интеллект арқылы тілді жаңғырту мүмкіндіктері ғылыми негізделеді. Болашақ педагогтардың тілдік иммунитетті қалыптастырудағы рөлі айқындалған.

Түйінді сөздер: тіл, натурализм, тірі ағза, психолингвистика, интеллект, адам.

Аннотация: В статье анализируется преемственность натурализма А. Шлейхера и психолингвистики. Рассматривается биологическая сущность языка как «живого организма» и его «ремиссия» в цифровую эпоху. Обосновывается сохранение языковой ДНК и возрождение языков с помощью ИИ. Определена роль будущих педагогов в формировании лингвистического иммунитета.

Ключевые слова: язык, натурализм, живой организм, психолингвистика, интеллект, человек.

Abstract: The article analyzes the continuity of A. Schleicher's naturalism and psycholinguistics. It explores the biological essence of language as a "living organism" and its "remission" in the digital age. The study substantiates preserving linguistic DNA and reviving languages through AI. The pedagogical role in developing linguistic immunity is defined.

Keywords: language, naturalism, living organism, psycholinguistics, intelligence, human.

Тіл адамзаттың басты қарым-қатынас құралы ретінде қай кезеңде де ғылыми зерттеулердің нысаны болып келеді. Тілдің шығу болмысы мен оның табиғат дүниесімен, адам психологиясымен байланысы ғалымдар арасында жан-жақты пікірлер мен ғылыми тұжырымдарға әкелді. XIX ғасырдың II жартысында тілдің болмысын табиғатпен байланыстырушы натурализм бағыты қалыптасып дамыды.

Натурализм латынның натура, жаратылыс деген сөзінен шыққан. Ғылымда натуралистер деп аталатындар – қоғамдық құбылыстарды зерттеуде жаратылыс заңдарын басшылыққа алып, мәселені соған негіздеп шешуге ұмтылушылар. [1, 48-б.] Бұл бағыттың қалыптасуы арқылы тілдің өзіндік болмысы айқындалып, оның табиғат дүниесімен байланысы қалыптасты. Осы бағыттың қалыптасуына негіз болып, тіл табиғатын зерттеуге ерекше көңіл бөлген неміс тіл білімінің зерттеушісі Август Шлейхер. Неміс тіл білімінің ғалымы салыстырмалы-тарихи тіл білімінде тіл философиясын қалыптастырушылардың, тіл деректерін салыстыруда дыбыс құбылыстарының заңдылықтарын қатал сақтауды талап етушілердің,

үндіеуропалық ататілді мүсіндеушілердің, тілдердің типологиялық ұқсастығы мен генеалогиялық бірліктерін жан-жақты талдаушылардың ең көрнектілерінің бірі болған. Оның негізгі идеялары «Лингвистикалық салыстырмалы зерттеу», «Неміс тілі», «Дарвин теориясы және тіл білімі» атты еңбектерінде айтылады. [2, 91-б.] Ғалымның тіл болмысын табиғат әлемімен ұштастырып, оны зерттеуге көңіл бөлуі әлемге жаңа дүниелерді әкелуге себеп болды. Ол тілді адам әрекетінен тыс та өмір сүре алатын тірі ағза ретінде көріп, оның өмір сүруге қабілеті бар деп санады.

Тілдің табиғаты деген нәрсе – тіл білімінің маңызды мәселелерінің бірі. [3, 10-б] Ғалым тілдің табиғат дүниесіндегі өсімдіктер мен жануарлар секілді өмір сүре алуына өзіндік деректер келтіріп, өзіндік пікір білдірді. Ғалымның пікірінше, тіл де тірі организмше туады, өседі, қартайып тозады, өледі. Август Шлейхер тілді биологиялық құбылыстардың қатарына жатқыза келіп, оны зерттейтін тіл білімін де жаратылыстану ғылымдарының қатарына қосты. [4, 599-б.] Ғалымның тіл білімін жаратылыстану ғылымдарына қосуы бұрын-сонды болмаған жаңа көзқарастың лебін берді. Оған дейін тілді жаратылыс заңдарына бағынбайтын құбылыс деп санаған. Тіл сөйлеу әрекеті кезінде дамып, өз қызметін атқаратын құрал. Алайда ғалым тілді тірі ағзалар дүниесіне жатқызу арқылы оның өмір сүруін де тек құрал ретінде емес екендігін көрсетті.

Тірі ағзалар дүниесіне жатқызу тілдің қызметін біршама кеңейтеді. Алайда психолингвистика тілді тірі ағза ретінде емес, адам психологиясының айқын көрінісі және негізгі қозғаушы күші деп қарастырады. Психикалық процестердің тілдік формаларға айналуы адамның сөйлеу әрекетінің ең күрделі психологиялық механизмі болып табылады. Тілдің тікелей адам психикасымен байланысы ойлау әрекеті нәтижесінен туындаған тілдік қолданыстарға негіз болуынан көрінеді. Адамның интеллектуалдық дамуы жаңа мүмкіндіктерге жол ашып қана қоймай, тілді дұрыс қолдана білу дағдыларын қалыптастырады. Осы тұрғыдан тіл мен психологиялық құбылыстардың байланысын зерттеуде психолингвистика маңызды рөл атқарады.

Психолингвистиканың тілді қозғаушы күш ретінде қарастыруы тілдің тек дыбыстық қабық емес, адам психикасы мен сыртқы әлемнің байланысы екенін көрсетеді. Адам санасында психологиялық процестер жүру арқылы тіл де сыртқы дүниеге шығып өз қызметін атқарады. Әр сөз, әр сөйлем психикалық процестерден өтіп жүзеге асады. Осы тұрғыдан психикалық процестердің тіл құрылымын сақтауда маңызды екені көрінеді. Алайда, натурализм тілдің болмысын тірі ағза ретінде көруі психикалық процестердің жүруіне де өзінше жауап береді. Психологиялық тұрғыдан адамның психикасы адам санасында түрлі бейнелердің жаңғырып, мыңдаған тірі жүйелер жұмыс жасауы арқылы жүзеге асады. Тіл осы жүйелердің жұмыс жасауының нәтижесінде іске асады. Бұл тілдің адам санасында өмір сүретінін дәйектейді. Жаңа тілді үйрену барысында адам баласының санасында тілді үйренуге арналған психикалық процестер жаңарады. Оның себебі адам жаңа ақпаратты алу барысында жаңа

психикалық бейнені жаңғыртады. Адам санасында ұғымның атаулары бейнелік сипат алып, жаңа атауларға ие болады. Осы тұрғыдан тілдегі ұғымның бейнелілігі психолингвистиканың сипатын айқындай түседі. Бұл бағыт психикалық бейнелердің қалыптасуын тікелей тілмен байланысты деп санаса, А. Шлейхер тіл болмысының санадан тыс та дами алуына сенімді болды.

Ғалым тіл білімінде шовинистік идеяның да ұрығын септі. Мысалы, үндігерман тілдері басқа тілдерді ығыстыруда деп көтеріңкі леппен баяндап, В.Гумбольдт секілді, аморфты тілдер төменгі агглютинативті тілдер ортаңғы, флективті тілдер жоғары сатыда дамыған деп есептеді.[5, 73-б.] Тілдердің мұндай сипатта дамуы яки шовинизмнің орын алуы тілдің тірі ағза ретінде дамуда болатынын көрсетеді. Шовинистік сипат яғни тілдердің жойылуы қазіргі заманда да орын алады. XXI ғасыр цифрлық құралдардың адам өмірімен біте қайнасып жатқан жаңа дәуірі. Жер жүзіне таралған цифрлық құралдар белгілі бір тіл негізінде адамдарға ақпарат таратады. Қазіргі таңдағы ChatGPT, Google сияқты жасанды интеллект құралдары негізінен ағылшын тілінде қоректенеді. Бұл заманауи цифрлық шовинизмнің айқын дәлелі. Жасанды интеллект құралдары әлсіз тілдерге емес, ақпараттық күші басым тілдерге жүгінеді. Тілдің қазіргі таңдағы екінші мәселесіне бастау болады. Әлеуметтік желілердің дамыған заманында жас ұрпақтың өзіндік сөйлеу стилі қалыптасты. Сөйлеу барысында сөздерді қысқарту, сленг сөздерді пайдалану, сөздерді қысқа атаумен алмастыру орын алады. Шлейхердің көзімен қарастырсақ бұл тілдің құрдымға кетуі. Ал психолингвистика бұл құбылысты психиканың қалыптан тыс ортаға бейімделу заңдылығы деп қарастырады. Демек тіл жаңа жағдайға бейімделу арқылы трансформацияланады, яғни жаңа цифрлық заманда тіл тірі қалу әрекеттерін жасайды.

Натуралистік концепция бойынша тілдің тірі қалуы мүмкін емес, яғни өміршеңдігін жолғалтқан тіл тарих сахнасынан біржола кетуі тиіс. Себебі тіл тірі ағзалар секілді дүниеге келіп белгілі бір уақытта өмір сүруін тоқтады. Бірақ қазіргі таңда психолингвистика тілдік ремиссия ұғымын ұсынады. Цифрландыру заманында әр тіл өзіндік жүйесі мен құрылымын, тарихи болмысын және ұлттық сипатын адам жадында ғана емес цифрлық технологияларда сақтайды. Сөздік түзудің өзінде тек кітап ғана емес, электронды сөздіктердің жұмыс жасауы біршама дамыды. Жасанды интеллект көмегімен жойылу алдында тұрған тілдердің сөздік қорын сақтап қалу мүмкіндігі пайда болды. Жойылып бара жатқан тілдің негізгі мазмұнын технологиялар көмегімен сақтап қалу арқылы оны келесі ұрпаққа қайта жаңғыртып тірілтуге болады. Бұл тілдің Шлейхер санағандай табиғатқа тәуелді бөлігі емес, жасанды құралдардың көмегі арқылы өмір сүруін жалғастыра алатын дербес ағза екенін көрсетеді. Психолингвистика мен жасанды интеллект арқылы тілдің ДНҚ-сын сақтап қала аламыз.

Тілдің осылай өз жадын сақтап қалуы қазіргі таңдағы жаңа эволюциялық кезеңнің басталуының белгісі. Тілдің өміршеңдігі оны қолданып жүрген халық санымен өлшеу өткен замандардағы негізгі белгі

болды. Қазіргі заман ағымында тілдің болмысы да қызметі де біршама кеңейе түсті. Тіл енді тек дыбыс емес, адам санасы мен цифрлық жадының бірігуі арқылы сабақтасқан жүйелі құрылым. Өткен замандағы тілдерді зерттеу қаншалықты қиын болса, қазіргі замандағы тілдердің генеологиялық сипатын сақтап қалу соншалықты маңызды. Себебі тіл тек биологиялық немесе психологиялық құбылыс емес, ол гибридті ағза. Тіл қазіргі заман талабына сай адам санасында да жасанды интеллект алгоритмдерінде де қатар өмір сүреді. Мысалы, біз қазақ тілінде сөйлегенде ұлттық болмыс пен тіл әрекеті санамызда психологиялық бейне жүріп жатқан кезде жүзеге асады, цифрлық көмекші құралдар да жұмыс жасайды. Адамның психикалық тұрғыдан сөйлеу әрекетіне қатысуы мен жасанды құралдардың бірге қызмет атқаруы арқылы тілдің жаңа қабілеті ашылады. Ол тілдің бір уақытта адам санасында да, жасанды интеллект технологияларында да өмір сүруі.

Табиғатта тілдің өмір сүру қабілетінің жоғары болуы оның лингвистикалық иммунитетіне байланысты. Ал лингвистикалық иммунитет сол тілде сөйлеушілердің тілді дұрыс қолдана білу шеберлігін талап етеді. Сөйлеушілердің ана тілінде дұрыс сөйлеуі ішкі психологиялық қажеттіліктен туындайды. Себебі психологиялық тұрғыдан адам өзіне қажетті дүниені игеруге құмар болады. Бұл адам баласының ғана емес, жалпы табиғат заңдылығының көрінісі. Осы қажеттіліктер себебінен тілдің қолданыстық сипаты айқын басымдық беріп, табиғат дүниесін көрсетеді. Иммунитет бұл тек денсаулыққа қатысты биологиялық құбылыс қана емес, өзіндік тарихы әрі жүйелі үрдісі бар тілдің өзіндік белгісі. Лингвистикалық иммунитет арқылы белгілі бір тілді қолданушылардың сөйлеу әрекеті арқылы сол тілдің әрі қарай сүру сипаты, заман ағымына қарай өзгеруі, адамдар арасында өз қызметін атқаруы және ең бастысы өмір сүру уақыты айқындалады. Оған дұрыс және кері әсер ететін факторлардың болуы да өзіндік толғаныстарға әкеледі. Кері әсер ететін факторлардың қатарында тілдің өзіндік даму сатысында өзге тілдердің ығысуында бәсекелестік қабілеттің төмен болуы әрі бұл әрекеттерге төтеп бере алмауы жатады. Оның салдарынан күнделікті өмір сүру барысында белгілі бір тілді қолданушылардың саны азайып, қарапайым атаулардың өзі өзге тілдердің алмастыруы нәтижесінде өзгеріске ұшырайды. Өмір сүру ортасының өзгеріске түсуі тілдің қолданысқа сипатына және әрі қарай өмір сүруіне әсер етеді. Әр адам өз тілінің қолданылу қызметін әрі тарихи, ғылыми маңызын түсінуі арқылы тілді сақтап қалуға қадам жасайды.

Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі ретінде тілдің дүниетанымы мен жүйелік қызметін білу маңызды деп санаймын. Тілдің натурализм бағыты бойынша тірі ағза ретінде қарастырылуы оның табиғат құбылысының бір бөлшегі ретінде көрсетеді. Біздің басты міндетіміз оқушылардың бойында осы тілдік иммунитетті қалыптастыру және өміршеңділігін сақтау. Ол үшін оқушылардың бойына тіліне, еліне деген сүйіспеншілігін арттыру маңызды. Тіліне, еліне деген сүйіспеншілігі бар

ұрпақ тілін меңгеріп қана қоймай, ол тілде мақтанышпен сөйлеп, қатарластарының да тілге деген құрметін арттырады. Оқушы бойында бұл ұлы қасиеттерді қалыптастыру маңызды әрі күрделі процесс. Сабақ барысында оқушыларға тек ғылыми негіз бойынша теорияны жаттанды үйрету оқушының білімін құрғақ негізге алып келеді. Сонымен қатар тілдің жүйелі түрде қолданылуы оқушының білімге деген құштарлығының себебінен де туындайды. Сол себепті сабақ жүргізу барысында ұстаздың оқушыға теориялық біліммен қатар, тілдік негізді қалыптастыруға негіз болатын тілдік дағдыларды қалыптастыруы маңызды.

А. Шлейхердің натуралистік концепциясы мен психолингвистиканы тілдің болмысын тануда салыстыру арқылы тілдің өміршеңділігі туралы жаңа парадигмалар айқындалды. Біріншіден, тіл биологиялық құбылыс ретінде қазіргі заманда жасанды интеллект құралдары арқылы жаңа тыныс алды. Бұл тіл өміршеңділігінің жаңа замандағы айқын көрінісі. Сол арқылы тіл жаңа қызметтерге ие болып, қоғамның заман талабына икемделе түсуіне әсер етеді және өзінің бұрыннан қалыптасқан қырларын жоғалтпайды. Оның заманауи технологияларға негіз болып заманға сай жаңа көрініс табуы тілді қолданушыларға мол мүмкіндік береді. Екіншіден, А. Шлейхердің шовинистік пікіріне қарама-қайшы психолингвистика тілдің адам санасындағы маңызын және кез-келген ортаға бейімделгіштігін дәлелдейді. Тілдің осы бейімделгіштік қасиеті оның көп жүйелі құрылым ғана емес, кез-келген ортада болмысын ыңғайлата алатынына дәлел. Адам санасында бейнеленетін көріністер мен нейрондық жүйелердің үздіксіз жүруі арқылы психикалық процестер іске асады. Үшіншіден, тілдің өмір сүруін тоқтатуы биологиялық процесс емес, тілді қолданушылар мен сыртқы жағдайлардың әсерінен болуы оның маңызын көрсетеді. Бұл тілді қолданушылардың тілге тікелей әсер ете алатындығы мен оның сыртқы жағдайлармен сабақтастығының негізгі көрінісі. Тілдің өміршеңділігін сақтап келесі ұрпаққа жаңғырту тіл мамандарының басты міндеті. Оның белгісін ғасырлар бойы сақтау тілдердің жойылуына жол бермейтін ең басты лингвистикалық стратегия.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Т. Қордабаева. Жалпы тіл білімі.- Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. - 234 б.

2. Ж. Қоңыратбаев. Тіл білімі ғылымының теориясы мен тарихы.- Астана, 2013. - 308 б.

3. Ә. Хасенов. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы: Рауан, 1990. - 180 б.

4. Қ. Аханов. Тіл білімінің негіздері Университеттер мен педагогика институттарының филология факультеттеріне арналған оқулық. Төртінші басылымы. – Алматы, 2002. - 664 б.

5. С.С. Исакова, М.Т. Күштаева. Жалпы тіл білімі (5В020500 – «Филология: қазақ филологиясы» мамандығының студенттеріне арналған оқу құралы). – Ақтөбе: «Колибри» баспасы, 2019 ж. - 164 б


## ТІЛ БҰЗЫЛЫСТАРЫ (АФАЗИЯ) КЕЗІНДЕГІ

# НЕЙРОЛИНГВИСТИКАНЫ ЗЕРТТЕУ

***А.А.Рысбек***
*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті,*
***Б.Ж.Сарыбаева***
*Ғылыми жетекшісі: филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор*

**Аңдатпа:** Бұл мақалада нейролингвистика ғылымының тіл бұзылыстарын, соның ішінде афазия құбылысын зерттеудегі рөлі қарастырылады. Афазияның пайда болу себептері, оның негізгі түрлері және мидың сөйлеу қызметіне жауап беретін аймақтары талданады. Сонымен қатар нейролингвистиканың афазияны зерттеудегі ғылыми және практикалық маңызы сипатталады. Мақалада тіл мен ми қызметінің өзара байланысы қарастырылып, афазияны түзету және қалпына келтіру жолдары көрсетіледі.

**Кілт сөздер:** нейролингвистика, афазия, тіл бұзылыстары, сөйлеу қызметі, ми қызметі, психолингвистика.

**Аннотация:** В данной статье рассматривается роль нейролингвистики в изучении речевых нарушений, в том числе феномена афазии. Анализируются причины возникновения афазии, её основные виды, а также области мозга, отвечающие за речевую деятельность. Кроме того, описывается научное и практическое значение нейролингвистики в исследовании афазии. В статье рассматривается взаимосвязь языка и функционирования мозга, а также представлены пути коррекции и восстановления афазии.

**Ключевые слова:** нейролингвистика, афазия, речевые нарушения, речевая деятельность, функции мозга, психолингвистика.

**Abstract:** This article examines the role of neurolinguistics in the study of language disorders, including the phenomenon of aphasia. It analyzes the causes of aphasia, its main types, and the brain regions responsible for speech functions. In addition, the scientific and practical significance of neurolinguistics in studying aphasia is described. The article explores the relationship between language and brain function and presents methods for the correction and rehabilitation of aphasia.

**Keywords:** neurolinguistics, aphasia, language disorders, speech function, brain function, psycholinguistics.

## Кіріспе

Тіл – адам өміріндегі ең маңызды қатынас құралдарының бірі. Адам өз ойын, сезімін және көзқарасын тіл арқылы жеткізеді. Сонымен қатар тіл адамның ойлау қабілетімен және танымдық әрекетімен тығыз байланысты. Осы себепті тілдің қызметін зерттеу тек тіл білімі ғылымының ғана емес, сонымен бірге психология, медицина және нейроғылым салаларының да зерттеу нысаны болып табылады. Тіл мен ми қызметінің өзара байланысын зерттейтін ғылым саласы нейролингвистика деп аталады. Бұл ғылым адамның сөйлеу әрекетінің қалай жүзеге асатынын, тілдің ми құрылымымен байланысын және тіл бұзылыстарының пайда болу себептерін қарастырады [1. 15-бет]. Нейролингвистика (грек. Neuron жүйке, франц. Linguistigue лингвистика, лат. lingua тіл) – неврология мен тіл білімінің түйіскен жерінде пайда болған, мимен байланысты тіл жүйесін зерттейтін ғылым саласы.

Мидың зақымдануынан сөйлеудің бұзылуы (афазия) орта ғасырлардан белгілі, бірақ оның зерттелуі XIX ғ. екінші жартысында басталды. Оны зерттеуде В.А. Богородицкий, И.А. Бодуэн де Куртенэ, Л.В. Щерба т.б. тіл қызметінің үш құрамынан – фонация (дауыстап айту), аудиция (қабылдау), церебрациядан (мида болатын процесс) тұратынына сүйенген. Кеңес дәуірінде дамуы Л.С. Выготскийдің психологиялық тұжырымына сүйенген А.Р. Лурия еңбектерінде көрсетілген. Қазіргі нейролингвистика адамның сөйлеу қызметін кешенді зерттеудің бір саласы болып табылады. Адам баласының сана-сезімінің дамуында дыбысты тілдің пайда болуының маңызы зор болды. Сөйлеудің пайда болуы нәтижесінде адам организмі анатомиялық өзгерістерге түсіп, дыбыс артикуляциясына қабілеті бар сөйлеу аппараты жасалды. Осының арқасында адам жеке дыбыстарды ғана емес, түрлі дыбыс тіркестерін, тиісті мән-мағынасы бар сөздерді айта алатын қабілетке ие болды. Сөйлеу адам санасының басты белгісі. Сөйлеу мен сананың пайда болып, біртіндеп қалыптасуын тек биологиялық жағдайлардан емес, ең бастысы қоғамдық-әлеуметтік, тарихи факторлардан іздестіруіміз қажет. Мақалада сана мен тіл адамзат қоғамының тарихи дамуының, олардың іс-әрекетпен айналысуының, еңбек құралдарын жасап, пайдалана білудің нәтижесі ретінде қарастырылған. Жүйке жүйесінің функциялық заңдылықтарын анықтау үшін теориялық және қолданбалы мәселелерді шешуге бағытталған нейроғылымның заманауи әдіснамалық тәсілдеріне негізделген кәсіптік қызметті жүзеге асыратын, кәсіби қызметте моральдықэтикалық нормалар мен принциптерді басшылыққа ала отырып, нейроғылымда әлемдік ғылыми және практикалық тәжірибені шоғырландыруға қабілетті, қоғамның ғылыми -білім беру, әлеуметтік-экономикалық салаларында инновациялық нейротехнологияларды әзірлейтін және енгізетін, жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес келетін кәсіби құзыреттілікке ие нейроғылым саласының мамандары қажет. Ғылыми бағыттың дамуы Л.С.Выгодскийдің психологиялық концепция-сына сүйенген А.Р. Лурия еңбектерінде жан-жақты зерделенген. Нейролингвистикалық зерттеулер неврология мен тіл білімі теориясының дамуымен бірге дамыды. Нейролингвистика емдеу орындарында диагностикалық міндеттерді шешу қажеттілігінен пайда болған. Мұндағы негізгі әдіс – түрлі жағдайға тап болған науқастың қалай сөйлейтінін бақылау және қадағалау. [5]

Нейролингвистика ғылымында ерекше зерттелетін құбылыстардың бірі – афазия. Афазия – мидың белгілі бір бөліктерінің зақымдануы салдарынан адамның сөйлеу немесе сөзді түсіну қабілетінің бұзылуы. Көп жағдайда афазия инсульт, ми жарақаты немесе неврологиялық аурулар нәтижесінде пайда болады [2. 45-бет]. Қазіргі кезде афазияны зерттеу тіл мен ми арасындағы байланысты терең түсінуге мүмкіндік береді. Бұл зерттеулер тек ғылыми тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар медициналық және педагогикалық тұрғыдан да маңызды болып табылады.

Зерттеу әдістері:

*1. Теориялық талдау әдісі*

Ғылыми еңбектер мен әдебиеттерді талдау арқылы нейролингвистика және афазия туралы негізгі ұғымдар мен тұжырымдар қарастырылды. Бұл әдіс зерттеу тақырыбының теориялық негізін анықтауға мүмкіндік берді.

*2. Салыстырмалы талдау әдісі*

Афазияның әр түрлі түрлері (моторлық, сенсорлық, амнестикалық) салыстырылып, олардың ерекшеліктері анықталды. Бұл әдіс тіл бұзылыстарының айырмашылықтарын көрсетуге көмектесті.

*3. Бақылау әдісі*

Афазиямен ауыратын адамдардың сөйлеу ерекшеліктері туралы ғылыми деректерге сүйене отырып, олардың тілдік мінез-құлқы сипатталды.

*4. Сипаттамалық әдіс*

Зерттеу барысында афазияның түрлері, белгілері және олардың нейролингвистикалық ерекшеліктері сипатталды.

*5. Жинақтау және қорытындылау әдісі*

Әртүрлі ғылыми деректерді біріктіру арқылы афазияның жалпы сипаттамасы беріліп, қорытындылар жасалды.

Негізгі бөлім

*Нейролингвистика ғылымының қалыптасуы*

Нейролингвистика – тіл білімінің салыстырмалы түрде жас салаларының бірі. Ол XX ғасырдың ортасында қарқынды дамыды. Бұл ғылымның қалыптасуына психология, неврология және лингвистика салаларының зерттеулері үлкен әсер етті. Нейролингвистика саласының дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдардың бірі – А. Р. Лурия. Ол адамның сөйлеу қызметін зерттеп, мидың әр түрлі бөліктерінің тіл қызметіне қатысатынын дәлелдеді. Ғалымның еңбектерінде афазияның түрлі формалары сипатталып, олардың пайда болу себептері түсіндірілген [2. 58-бет]. Ғалымдардың пікірінше, адамның сөйлеу процесі мидың бірнеше орталықтарының бірлескен қызметі арқылы жүзеге асады. Мысалы, ми қыртысында орналасқан Брока аймағы сөйлеуді ұйымдастыру қызметін атқарады. Ал Вернике аймағы сөзді түсіну процесіне жауап береді [3. 103-бет]. Егер осы аймақтардың бірінде зақым пайда болса, адамның сөйлеу қабілеті бұзылып, түрлі тіл бұзылыстары байқалады.

*Афазия* – адамның бұрын қалыптасқан сөйлеу қабілетінің мидың зақымдануы нәтижесінде бұзылуы. Афазия кезінде адамның сөйлеу жүйесінің әр түрлі деңгейлері – дыбыс айту, сөзді таңдау немесе сөйлем құрастыру қабілеті өзгеруі мүмкін. Ғалымдар афазияның бірнеше негізгі түрін ажыратады:

*Моторлық афазия* кезінде адам басқа адамдардың сөзін түсінгенімен, өз ойын айтуда қиындық көреді. Сөйлеу баяу және үзік болып келеді. Кей жағдайда адам жеке сөздерді ғана айта алады [2. 87-бет].

*Сенсорлық афазия* кезінде адамның сөзді түсіну қабілеті бұзылады. Ол сөздерді естігенімен, олардың мағынасын толық түсіне алмайды.

*Амнестикалық афазия*. Афазияның бұл түрінде адам белгілі бір заттың атауын есіне түсіре алмайды. Ол заттың не үшін қолданылатынын түсіндіре алады, бірақ нақты атауын айту қиын болады [4. 64-бет].

*Тотальды афазия*. Бұл афазияның ең күрделі түрі болып табылады. Мұнда адамның сөйлеу және сөзді түсіну қабілеті айтарлықтай бұзылады.

Тіл мен сөйлеудің бұзылуы. Тілдің бұзылуы – кез келген мәлімдемені еркін және дұрыс түсініп айта алмау [6, 157] Блюмштейн моторлы афазиядан зардап шегетін адам сөздерді айтуда қиындықтарға тап болады деп мәлімдейді. Бір сөз айту үшін көп күш жұмсап, шыдамдылық қажет етеді. Вербалды өрнектер көрсетіліп, шыдамдылықтың нәтижесінде кейбір сөздер еркін айтылса, кейбірі айтылмайды да [7, 342]. Бастиансен афазияны үш санатқа бөлді: 1) еркін афазия, 2) еркін емес афазия, 3) сенсорлық афазия. Еркін және еркін емес афазия адамның айтылуында және артикуляция мүшелерін қолдану тәсілінде көптеген мәселелер туғызады. Брока аймағында болатын зақым себеп факторы болып табылады. Бромдан таксономиясының 43-ші аймағындағы зақым Брок синдромын тудырады деп мәлімдейді. Брока аймағы маңдай жарты шарының моторлы қыртысы жабық екенін түсіндіреді. Ол бет, тіл, иек және тамақ бұлшықеттерінің жұмысын реттейді. Брока аймағындағы инсульт шабуылдары беттің сол жағын сал(паралич) етеді. Сөйлеу бұлшықеттері де салға ұшырайды, бұл сөз тіркестерінде айқын бұзылулар тудырады, яғни науқас сөйлеу немесе тілдік бұзылулардан зардап шегеді. Осылайша, афазиямен ауыратын науқас артикуляциялық бұлшықеттердің салдануынан туындаған көптеген сөйлеу қиындықтарын бастан кешіреді. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, афазия қазіргі таңда өте жиі қарастырылып келеді. Яғни осы күннің өзекті мәселелерінің бірі. Сол зерттеулерге тоқтала өтсек. Нейролингвистика афазияны зерттеу арқылы тілдің ми құрылымымен байланысын анықтауға мүмкіндік береді. Афазиямен ауыратын адамдардың сөйлеу ерекшеліктерін зерттеу арқылы ғалымдар тілдік жүйенің қалай жұмыс істейтінін түсіне алады. Мысалы, афазия кезінде адамдар кейде сөйлем құрылымын бұзып сөйлейді немесе белгілі бір дыбыстарды дұрыс айта алмайды. Бұл тілдің фонетикалық, лексикалық және грамматикалық деңгейлерінің бұзылуымен байланысты болуы мүмкін [3. 118-бет]. Қазіргі кезде афазияны зерттеуде түрлі медициналық технологиялар қолданылады. Соның ішінде магниттік-резонанстық томография және компьютерлік томография әдістері арқылы мидағы зақымданған аймақтарды анықтауға болады. Бұл зерттеулер тіл мен ми арасындағы байланысты тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Афазияны толық емдеу әрдайым мүмкін бола бермейді. Дегенмен арнайы жүргізілетін логопедиялық және психологиялық жаттығулар арқылы адамның сөйлеу қабілетін белгілі бір деңгейде қалпына келтіруге болады.

Түзету жұмыстары бірнеше бағытта жүргізіледі:

•сөздік қорды қайта қалыптастыру

•дұрыс дыбыстау дағдыларын дамыту

•сөйлем құрастыру қабілетін жетілдіру

•сөйлеуді түсіну қабілетін дамыту

Мұндай жұмыстар адамның сөйлеу қабілетін біртіндеп жақсартуға мүмкіндік береді. Нейролингвистикалық зерттеулер осы түзету әдістерін жетілдіруге де ықпал етеді [1. 54-бет]. Қазіргі нейролингвистикалық зерттеулер тілдің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, адамның когнитивтік жүйесінің ажырамас бөлігі екенін көрсетеді. Тіл арқылы адам тек ақпарат жеткізіп қана қоймай, сонымен бірге оны өңдейді, құрылымдайды және сақтайды. Осы тұрғыдан алғанда, афазия тек сөйлеудің бұзылуы емес, ол адамның ойлау процесінің де өзгеріске ұшырауын білдіреді. Мысалы, кейбір афазия түрлерінде науқас сөздерді дұрыс айта алмағанымен, ішкі ойлау жүйесі сақталуы мүмкін, ал басқа жағдайларда керісінше – тілдік форма сақталып, мағыналық құрылым бұзылады. Бұл құбылыс тіл мен ойлаудың өзара байланысының қаншалықты күрделі екенін дәлелдейді. Адам миының әртүрлі аймақтары бір-бірімен тығыз байланыста жұмыс істейтіндіктен, бір бөліктің зақымдануы бүкіл жүйеге әсер етеді. Сондықтан нейролингвистикада сөйлеу қызметі жеке бір орталықпен емес, функционалдық жүйе ретінде қарастырылады. Бұл көзқарас афазияны диагностикалау мен емдеуде де маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар қазіргі зерттеулерде жеке тұлғалық факторлардың да маңызы артып келеді. Әрбір адамның тілдік тәжірибесі, білімі, тіпті кәсіби қызметі афазияның көрініу ерекшеліктеріне әсер етуі мүмкін. Мысалы, тілдік қоры бай адамдарда сөйлеу бұзылыстарының қалпына келу үдерісі жылдамырақ жүруі ықтимал. Осыған байланысты заманауи түзету жұмыстары стандартты тәсілдермен ғана шектелмей, жеке бағытталған бағдарламаларға негізделуде.

Осылайша, нейролингвистика тек теориялық ғылым емес, практикалық маңызы зор сала ретінде адамның өмір сапасын жақсартуға тікелей ықпал етеді. Афазияны жан-жақты зерттеу арқылы тілдің құрылымы ғана емес, адам миының жұмыс істеу заңдылықтары да тереңірек ашылады.

Қорытынды

Нейролингвистика – тіл мен ми қызметінің өзара байланысын зерттейтін маңызды ғылым саласы. Афазияны зерттеу арқылы адамның сөйлеу механизмдерінің нейрофизиологиялық негіздерін түсінуге болады. Афазия – мидың зақымдануынан туындайтын күрделі тіл бұзылысы. Оны нейролингвистикалық тұрғыдан зерттеу тек ғылыми тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар медициналық және педагогикалық тұрғыдан да маңызды. Болашақта нейролингвистика саласындағы зерттеулер тіл бұзылыстарын анықтау және түзету әдістерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, тіл мен ми арасындағы байланыс адам табиғатының ең күрделі және қызықты қырларының бірі болып табылады. Афазияны зерттеу осы байланысты нақты мысалдар арқылы түсінуге мүмкіндік береді. Бұл тек тілдік бұзылыс ретінде емес, адамның тұлғалық, әлеуметтік және

психологиялық жағдайына әсер ететін көпқырлы құбылыс ретінде қарастырылуы тиіс.

Бүгінгі таңда ғылым мен технологияның дамуы афазияны зерттеуде жаңа мүмкіндіктер ашып отыр. Заманауи нейровизуализация әдістері арқылы ми қызметін нақты бақылау, зақымдану аймақтарын дәл анықтау және соған сәйкес емдеу жолдарын жетілдіру мүмкін болды. Бұл өз кезегінде науқастардың өмір сапасын жақсартуға және олардың қоғамға қайта бейімделуіне жағдай жасайды.

Сонымен қатар афазия мәселесі тек медицина саласының шеңберінде қалмай, білім беру және әлеуметтік қолдау жүйелерімен де тығыз байланысты. Афазиямен ауыратын адамдарға дұрыс орта қалыптастыру, олардың қарым-қатынас жасау мүмкіндіктерін кеңейту – маңызды міндеттердің бірі. Осы тұрғыдан алғанда, нейролингвистиканың болашағы тек ғылыми зерттеулермен ғана емес, оның практикалық қолданылу аясымен де анықталады.

Қорыта келе, тілдің бұзылуын зерттеу арқылы біз тек сөйлеуді ғана емес, адам болмысының терең қабаттарын түсінуге жақындай түсеміз. Бұл бағыттағы зерттеулер алдағы уақытта да өзектілігін жоғалтпай, жаңа ғылыми жаңалықтарға жол аша беретіні сөзсіз.

## Пайдаланылған әдебиеттер


1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 2002.
2. Лурия А. Р. Основы нейролингвистики. – Москва: МГУ, 1975.
3. Леонтьев А. А. Психолингвистика. – Москва: Наука, 1997.
4. Жинкин Н. И. Психология речи. – Москва: Просвещение, 1982.
5. Назым Толеева. Тіл білімінің заманауи мәселелері. -Алматы, 2025.
6. Blumstein, S. E. and S. Baum. Consonant production deficits in aphasia. – Edinburgh : British Journal of Disorders of Communication. –2008. – P. 155–164
7. Bastiaanse, R., Borja, M., Visch-Brink, E., Lesser, R., Coltheart, M. Psycholinguistic Assessment of Language Processing in Aphasia. – Hove, UK : Lawrence Erlbaum Associates Ltd. – 1995. – P. 288–342

# ПСИХОЛИНГВИСТИКА: ТІЛ МЕН ОЙЛАУДЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

***С.Т. Даирова***
*Павлодар педагогикалық университетінің студенті,*
***Б.Ж.Сарыбаева***
*Ғылыми жетекшісі: филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор*

Аннотация. Бұл мақалада психолингвистика ғылымы аясында тіл мен ойлаудың өзара байланысы қарастырылған. Тілдің ойлауға әсері және ойлаудың тілдің қалыптасуындағы рөлі ғылыми тұрғыдан талданған. Сонымен қатар, тіл мен ойлау қатынасына қатысты негізгі теориялық бағыттар мен ғалымдардың көзқарастары сараланды. Мақалада тілдің ойды білдіру құралы ретіндегі қызметі мен адамның танымдық әрекетіндегі маңызы айқындалды.

Түйінді сөздер: тіл, ойлау, психолингвистика, таным, коммуникация

Аннотация. В этой статье в рамках науки психолингвистики рассматривается взаимосвязь языка и мышления. Проанализировано влияние языка на мышление и роль мышления в формировании языка с научной точки зрения.Кроме того, рассмотрены основные теоретические направления и взгляды ученых на проблему соотношения языка и мышления. В статье также раскрыта функция языка как средства выражения мысли и его значение в познавательной деятельности человека.

Ключевые слова: язык, мышление, психолингвистика, познание, коммуникация

Annotation: This article examines the relationship between language and thought within the framework of psycholinguistics. It analyzes the influence of language on thinking, as well as the role of thinking in the formation of language. In addition, the main theoretical approaches and scholars' views on the correlation between language and thought are considered. The article highlights the importance of language as a means of expressing thought and its role in human cognitive activity.

Keywords: language, thinking, psycholinguistics, cognition, communication

Тіл мен ойлау-адамзат болмысының ең маңызды және өзара тығыз байланысты құбылыстарының бірі. Тіл-адамдар арасындағы қарым-қатынасты жүзеге асыратын таңбалар жүйесі болса, ойлау-объективті шындықты тану мен бейнелеудің күрделі психикалық процесі болып табылады. Осы екі ұғым бір-бірімен ажырамас байланыста дамып, адамның дүниені қабылдауына, түсінуіне және оны жеткізуіне негіз болады.

Қазіргі тіл білімінде тіл мен ойлаудың арақатынасы ерекше өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Бұл мәселені зерттеу адамның танымдық әрекетін, психологиялық ерекшеліктерін, сондай-ақ мәдениет пен қоғамның ықпалын терең түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тіл мен ойлау байланысын қарастыру коммуникация процесінің мәнін ашуға, әртүрлі халықтардың дүниетаным ерекшеліктерін салыстыруға жол ашады.

Осы мақалада тіл мен ойлаудың өзара байланысы ғылыми тұрғыдан қарастырылып, негізгі теориялық бағыттар талданады. Атап айтқанда, тілдің ойлауға әсері, ойлаудың тілдің қалыптасуындағы рөлі және олардың бірлігін сипаттайтын көзқарастар сараланады.

Тіл мен ойлаудың теориялық аспектілері. Ой тіл арқылы айтылған мазмұнның негізін құрайды. Ой арқылы адам өз миының сәулелендіруші әрекеті арқылы тіл бірліктерінің объективті дүниедегі заттармен, құбылыстармен байланысқа түседі,мұнсыз адамдардың бір-бірімен тілдесуі, қатынас жасауы мүмкін де болмас еді. Белгілі бір тілдің дыбыстық комплекстері объективті дүние элементтеріне ойда сәулеленетін сигналдар ретінде қызмет етеді де, бұл дыбыстық комплекстерде адамның танымының нәтижелері орнатылып бекітіледі. Осы процестің нәтижелері адамның тіл арқылы анықталған таным-білім алуына негіз болады. Сол себептен тіл ойлаудың қаруы, тетігі ретінде, ал ойлаудың тілмен байланысы органикалық бірлік ретінде түсіндіріледі. [1-123б]

Көптеген мүшелерінің өзара пікір алысуы сөз немесе жазу арқылы жүзеге асады. Тыңдаушы да сөйлеушінің ойын сөйлеу тілі арқылы түсінеді. Ой жарыққа шығуы, іске асуы үшін ол тіл материалына негізделіп, сөздер мен сөз тіркестері және сөйлемдер түрінде болуы шарт. Тіл дегеніміз-ойдың тікелей шындығы. Ойдағы шындық тіл арқылы, айтылған сөздер мен сөйлемдер арқылы көрініс табады. Демек, тіл-пікір алмасу құралы, ойлаудың қаруы, ойды білдіру құралы. Ойлау мен тіл бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Тіл ойлаудың дамуымен бірге бір мезгілде шығып қалыптасқан және онымен бірге дамып отырады.

Ойлау мидың материалдық-физиологиялық процестерімен тығыз байланыста болып отырғанымен, тек тілдің негізінде ғана жарыққа шығады.

Осыған байланысты В. Гумбольдт, Б. Уорф және басқалар: *«Тілден тыс ойлау мүмкін емес, тіл мен ойлау бір-бірінен бөлінбейді»*,-деп тұжырымдайды. Сонда тіл мен ойлау бір бүтіннің екі қыры: бірі-материалдық жағы болса, екіншісі-мазмұндық жағы екендігіне көз жеткіземіз. Ал тіл бірліктерінің мағыналық жағы тілдік ойлаумен ұштасып байланыстырады. Тіл мен ой арасындағы байланыс, бірлік олардың тепе-теңдігіне де кепіл бола алмайды. Ойлаудың мақсаты ақиқатты тануға, қоршаған ортаны, болмыстың мәнін түсінуге, заттар мен құбылыстардың өзара қарым-қатынасын анықтауға бағытталса, тіл ойды реттеп, жарыққа шығару немесе қалыптасқан таным-білімді кейінгі ұрпаққа жеткізу міндетін атқарады.

Ойлау мен тілдің өзара тығыз байланыстылығы туралы мәселелерге келетін болсақ, олардың ішінде әлі де болса толық шешімін таппаған мәселелер немесе талас пікірлер бар екенін айтуымыз керек. Бұндай қатарға, мысалы, тіл мен ойлау арасындағы байланысты нақты формасы: *«Тіл форма болып, ал оның мазмұны -ойлау болатындығы рас па?*», -деген сауал жатады.

Аталған сауалдардың барлығы да лингвистиканың бүгінгі таңда күн тәртібіне қойылып, талқылануда. Тиісінше, біріншіден, ойлаудың абстракт мазмұнының, екіншіден, қабылдау мен елес, сезінудің, көріністік образдармен байланысы туралы проблема да зерттеуді және айрықша назар салуды қажет етеді.

Вильгельм Гумбольдт (1767—1835) — салыстырмалы-тарихи тіл білімін әрі қарай дамытушы, оның негізінде жалпы тіл білімінің негізін салушы, тіл философиясының пионері. [2-29б]

В. Гумбольдт әлемдік лингвистикаға сарқылмас соны идеялар мен теориялар енгізіп, тіл философиясының негізгі объектілерін ғылыми проблема ретінде қарастырды. Мысалы:

1. Тіл-үнемі дамуда болатын құбылыс. Тілді өлі өнім деп емес, жасампаз процесс деп қарау керек. Тіл-адам іс-әрекетінің нәтижесі ғана емес, әрекеттің өзі.

Тіл - дыбысты ойға айналдыру үшін үнемі қозғалыста болатын рухани іс-әрекет. Оның іс-әрекет болуы тек өзгергіштігінде ғана емес, коллективтің, қоғамның әлеуметтік өміріндегі белсенділігінде. Индивид тілді саналы түрде керегінше пайдаланса, тіл ой өрісінің кеңеюіне көп әсер етеді деп есептейді. Демек, тіл мен адамның қоғамдық өмірі, тіл мен ойлау, тіл мен адам деген ұғымдардың арақатынасын қарастыруға қадам жасады.

2. «О сравнительном изучении языков применительно к различным эпохам их развития» атты еңбегінде тілдің жүйелі құбылыс екенін негіздейді.

Тілде оқшау тұрған ешнәрсе жоқ, әрбір элемент - бүтіннің бөлшегі. Тіл - іштей жарасымдағы организм (организм с внутренней гармонией). Тіпті тілді матаға, оның элементтерін жіптеріне теңейді.

Осы еңбегінде тілдің таңбалық сипатын, таңбалар жүйесі екенін сөз етеді. Тіл - заттар мен құбылыстардың бейнесі және таңбасы. Сөз болу үшін зат пен ұғымның бірлігі болу керек. Сөз заттың бейнесі дегенде, сөз зат белгісінен шығады деп емес, сөздің зат таңбасына айналатынын түсіну керек дейді.

3. Тіл жекелеген сөйлеу әрекетінің жиынтығы ғана емес. Сондықтан тіл мен сөйлеуді лингвистиканың жеке-жеке мәселелері ретінде қарастыру керек екенін белгіледі. Тіл мен сөйлеудің бір құбылыс емес екенін В. Гумбольдтқа дейінгі ғалымдар практикалық тұрғыдан қарастырса, ол оны теориялық тұжыммен дәлелдеді.

4. «Тіл - халық рухы, халық рухы тіл арқылы көрінеді» деген концепцияны ұстанды.

5. Тіл философиясының негізгі объектілерін айқындады: тіл мен ұлт, тіл мен қоғам, тіл мен сана, тіл мен ойлау.

6. В. Гумбольдт концепцияларының ең маңыздысы - кейінгі замандарда бірнеше лингвистикалық мектептер мен бағыттардың тууына негіз болған тұжырым - тіл антиномиясы. [3-56б]

Тіл антиномиясы дегеніміз - тілдің қайшылықты қасиеттерінің бірлігі, яғни тіл диалектикасы.

Тіл диалектикасы 9 антиномиядан тұрады:

•Тіл мен ойлау (олар ажырамас бірлікте). Тіл - танылған дүниені баяндаудың ғана емес, бейтаныс дүниені танудың да құралы;

•Тіл бөлшектерінің дәйектемелілігі (мотивированность) және таңбаның жасандылығы;

•Тілдегі объективтілік пен субъективтіліктің қайшылығы;

•Тіл - әрекет және әрекеттің нәтижесі;

•Тілдің тұрақтылығы мен тұрақсыздығы;

•Тілдің бүтіндік және бөлшектік сипаты;

•Тілдің қауымдық (коллективтік) және жеке адамдық (индивидуалдық) сипаты;

•Тіл және сөйлеу;

•Тілді түсіну және түсінбеу. [3-56б]

Вильгельм Гумбольдт тіл - жай ғана қатынас құралы емес, үнемі дамып отыратын тірі құбылыс деп түсіндіреді. Оның ойынша, тіл мен ойлау ажырамас байланыста болады, адам тілді пайдалану арқылы ойлайды әрі дүниені таниды. Тіл бір жағынан тұрақты жүйе болса, екінші жағынан үнемі өзгеріп отырады, ол қоғамға ортақ болғанымен, әр адам оны өзінше қолданады. Сонымен қатар тіл - жүйе ретінде бар, ал сөйлеу - сол жүйені жүзеге асыру, және адамдар әрқашан бірін-бірі толық түсіне бермейді. Сондықтан тілдің табиғаты қарама-қайшылықтарға толы, бірақ дәл осы қасиеттері оның дамуын қамтамасыз етеді.

В. фон Гумбольдттің шәкірті Г. Штейнталь өз ұстазынан айырмашылығы - ұстазы тілді оның диалектикасында, яғни әрі процесс, әрі дайын күй, әрі адамның психикалық әрекетінің бір бөлігі, әрі қоғамдық құбылыс ретінде қарастырса,ол тілді тек процесс ретінде ғана түсінді.

Г. Штейнталь тіл туралы былай деп жазды: *«Он не покоящаяся сущность, а протекающая деятельность... Язык не есть нечто существующее, как порох, но процесс, как взрыв*» (Steinthal, 1871, S.85).Яғни, Гейман Штейнталь тілді дайын, өзгермейтін жүйе деп емес, әрекет ретінде қарастырды. Яғни тіл-қоймада жатқан зат сияқты емес, ол адам сөйлеген сайын жүзеге асатын үрдіс.Яғни, «порох» (оқ-дәрі)-жай ғана бар, қозғалыссыз жатқан зат, «взрыв» (жарылыс)-әрекет, қозғалыс, іске асу). Оның ойы: тіл-сөздік пен ережелер жиынтығы ғана емес, ол адам сөйлеген кезде «жанданып», іске қосылады . Тіл-үнемі қозғалыстағы құбылыс деп тұжырымдауға болады.[5-26б]

Бірақ, Г. Штейнталь тілді тек индивидуальдық-психикалық құбылыс деп қарастырды.*«Мы должны ясно различать три момента, действующие при говорении: органическую механику, психическую механику и подлежащее выражению... понятийное или мировоззренческое содержание. Цель речи есть представление и отображение содержания с помощью психической и органической механики. Мы можем представить себе органичесскую механику в виде органа, психическую механику в виде органиста, содержание - в виде композитора*». [5-26б]

Яғни, сөйлеу кезінде үш нәрсе жұмыс істейді:

Органикалық механика-сөйлеу мүшелерінің жұмысы (ауыз, тіл, дауыстық аппарат).

Психикалық механика-адамның ішкі ойы мен сезімі, яғни психикасы.

Мазмұн-жеткізгің келетін ой немесе дүниетанымдық идея.

Штейнталь оны музыкалық мысалмен түсіндіреді:

Органикалық механика-музыкалық аспап

Психикалық механика-органист (сол аспапты ойнайтын адам)

Мазмұн-композиция (шығарма, ой)

В. фон Гумбольдттың тағы бір шәкірті, орыс тіл маманы Александр Афанасьевич Потебня. Өзінің көзқарасында Г. Штейнтальға қарағанда біршама Гумбольдтқа жақынырақ болды. Бірақ, А.А. Потебняда сөйлеу әрекеті, Г. Штейнтальдегідей, тек психикалық құбылыс болып табылады, бірақ тіл мен сөз бұл әрекетке мәдени және әлеуметтік мән қосады*:«Язык объективирует мысль...Мысль посредством слова идеализируется и освобождается от...влияния непосредственных чувственных восприятий... Язык есть потому же условие прогресса народов, почему он орган мысли отдельного лица»* (Потебня, 1989, с.237, 196, 197). [5-30б]

1.«Тіл ойды объективтейді»-біздің ішкі ойымызды сыртқа шығарып, басқаларға көрінетіндей етеді. Яғни, ойымыз сөз арқылы нақты формаға келеді.

2.«Ой сөз арқылы идеалданады және тікелей сезімдік қабылдаулардың әсерінен азат болады»-ойымызды сөз арқылы таза, мінсіз түрде жеткізе аламыз, және ол тек сезімдерімізге немесе бір сәттегі көңіл-күйімізге тәуелді болмайды.

3.«Тіл-сондықтан да халықтардың прогресінің шарты, өйткені ол жеке адамның ойының органы»-тіл болмаса, адам өз ойын басқаларға жеткізе алмайды, сондықтан қоғам дамымайды. Тіл-жеке адамның ойы мен қоғам арасындағы байланыс құралы.

Ал,белгілі ғалым Қоңыратбаев ойлауды **екі түрлі** аспекте қарастыруға болады: «зерттеушілер ойлау туралы айтқанда, біріншіден, оны ұғым, пайымдау формаларына тән абстракт (дерексіз) мазмұн, қиялдағы процестер ретінде қабылдайды; екіншіден, қабылдау мен елестің образы арқылы сезімдік образдардың мазмұны ретінде таниды»,-дейді.

Кейбір мамандар ойлаудың осы аталған екі түрлі жағының тілге қатысы бірдей деп есептейді. Олардың пікірінше, тіл қабылдау мен елестің образдарымен тікелей байланыста болғандықтан, сезім ұғымын ғана білдірмейді, сонымен бірге елесті де бейнелейді.

Тіл мен ойлау арасындағы қарым-қатынас біздің дәуірімізден көп бұрын басталған. Олардың арақатынасы жөніндегі пікірлер мен көзқарастарды төрт үлкен топқа бөлуге болады. Олар:

1.Тіл мен ойлау тепе-тең бірлікте, ешқандай өзгешеліктері жоқ дейтін көзқарас. Бұл-менталистік бағыт деп аталады. Өкілдері: неміс ғалымдары Ф. Э. Шлейермахер, И. Г. Гаман және т.б.;

2.Тіл мен ойлау арасында ешқандай бірлік, ұқсастық жоқ, екеуі екі бөлек дүние дейтін көзқарас. Өкілдері: неміс ғалымы Ф. Э. Бенеке;

3.Тілдің рөлін асыра бағалап, тіл мен ойлауды өте жақын деп қарайтын көзқарас. Өкілдері: неміс ғалымы В. Гумбольдт, француз ғалымы Л. Леви-Брюль;

4.Тіл мен ойлау өзара тығыз байланысты, бірінсіз бірі өмір сүре алмайды, бірақ бұлардағы бірлік абсолюттік, тепе-теңдік емес, әрқайсысының өзіндік дербестіктері мен қайшылықтары бар дейтін көзқарас. Тіл мен ойлау жөніндегі дұрыс пікір-соңғы бағыт. [6-34б]

Қорытындылай келе, тіл мен ойлау адам болмысының ең маңызды әрі өзара тығыз байланысты құрамдас бөліктері екендігі жан-жақты талдау нәтижесінде айқындалды. Ойлау - адамның қоршаған ортаны тану, қабылдау және түсіну процесін жүзеге асыратын күрделі психикалық әрекет болса, тіл -осы таным нәтижелерін сыртқа шығарып, жүйелеп, оны қоғам мүшелеріне жеткізетін негізгі құрал болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, тіл мен ойлау бір-бірімен ажырамас бірлікте дамитын, бірақ мазмұны мен қызметі жағынан толық тепе-тең емес, өзіндік ерекшеліктері бар құбылыстар ретінде сипатталады.

Мақала барысында қарастырылған ғылыми тұжырымдар мен теориялық бағыттар тіл мен ойлаудың өзара байланысын әр қырынан түсіндіруге мүмкіндік береді. Әсіресе Вильгельм Гумбольдт еңбектеріндегі тілдің жасампаз, үнемі қозғалыстағы тірі жүйе ретіндегі сипаты және оның ойлаумен органикалық байланысы туралы идеялары ерекше мәнге ие. Ғалымның тіл антиномиялары туралы тұжырымдары тілдің ішкі қайшылықтарға толы екенін, бірақ дәл осы қайшылықтардың оның дамуы мен жетілуінің негізгі көзі болып табылатынын көрсетеді. Сонымен қатар, тілдің әрі қоғамдық, әрі жеке сипатқа ие болуы, оның әрі тұрақты, әрі өзгермелі жүйе болуы тілдің күрделі табиғатын айқындай түседі.

Сонымен бірге, Гейман Штейнталь және Александр Потебня еңбектері де тіл мен ойлау мәселесін тереңірек түсінуге ықпал етеді. Штейнталь тілдің әрекеттік, динамикалық сипатына ерекше назар аударса, Потебня тілдің ойды объективтендіру қызметін, яғни адамның ішкі ойын сыртқы формаға айналдырудағы рөлін айқындайды. Бұл көзқарастар тілдің тек қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар адамның танымдық әрекетінің негізгі механизмі екенін дәлелдейді.

Жалпы алғанда, тіл мен ойлау өзара бірлікте әрекет ететін, бірін-бірі толықтыратын жүйелер болып табылады. Ойлау тіл арқылы қалыптасып, дамып отырса, тіл өз кезегінде ойдың мазмұнымен толығып, жетіліп отырады. Тіл тек дайын ақпаратты жеткізудің құралы емес, сонымен қатар жаңа білімді қалыптастырудың, дүниені танудың маңызды тетігі ретінде көрінеді. Осыған байланысты тіл мен ойлау арасындағы байланыс адамның танымдық әрекетін, мәдени дүниетанымын және коммуникациялық ерекшеліктерін түсінуде ерекше маңызға ие.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Исакова С.С.,Куштаева М.Т.Жалпы тіл білімі.-Алматы, 2021.-404б
2. Жармакин О.Қ., Рақымжанов Қ.Х. Лингвистикалық ілім тарихы.-Павлодар,2011.-100б
3. Жалмаханов Ш.Ш. Жалпы тіл білімі. Тіл білімінің тарихы. -Алматы, 2021.-176б
4. Леонтьев А.А. Основы лингвистики.-Москва, 1999. - 288б
5. Қоңыратбаева Ж. Тіл білімі ғылымының теориясы мен тарихы.-Астана, 2013.-311б

# ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНА СІҢІРУДЕ ЕРТЕГІ ДИСКУРСЫНЫҢ РӨЛІ

***Г.Б.Алина***

*Павлодар педагогикалық университетінің магистранты,*

***Қ. С. Ерғалиев***

*Ғылыми жетекшісі: Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті ф.ғ.к., профессор*

Аңдатпа**:** Мақалада жаһандану жағдайында ұлттық құндылықтарды сақтаудың өзектілігі қарастырылып, ертегі дискурсының білім алушылардың тұлғалық дамуына әсері талданады. Ертегінің когнитивтік, эмоционалдық және тәрбиелік әлеуеті ғылыми тұрғыда негізделіп, оны білім беру үдерісінде қолданудың тиімділігі дәлелденеді.

Түйінді сөздер: Ұлттық құндылықтар, ертегі дискурсы, білім беру, жаһандану, тұлғалық даму, ұлттық сана, мәдени бірегейлік.

Аннтоация: В статье рассматривается проблема сохранения национальных ценностей в условиях глобализации и анализируется роль сказочного дискурса в развитии личности обучающихся. Обосновывается его когнитивный, эмоциональный и воспитательный потенциал, а также эффективность использования в образовательном процессе.

Ключевые слова: Национальные ценности, сказочный дискурс, образование, глобализация, личностное развитие, национальное сознание, культурная идентичность.

Annotation: The article explores the preservation of national values in the context of globalization and analyzes the role of fairy tale discourse in students’ personal development. It substantiates its cognitive, emotional, and educational potential and highlights its effectiveness in modern educational practice.

Keywords: National values, fairy tale discourse, education, globalization, personal development, national consciousness, cultural identity.

XXI ғасыр – жоғары технология мен жасанды интеллектінің белең алған дәуірі. Сандық құралдар мен интеллектуалды жүйелер адам өмірінің барлық саласына еніп, білім алу, қарым-қатынас жасау, ойлау және шешім қабылдау тәсілдерін түбегейлі өзгертіп отыр. Бұл үдеріс, бір жағынан, қоғамның дамуында кең мүмкіндік ашса, екінші жағынан, тұлғаның рухани-мәдени негізіне қауіп төндіруі мүмкін. Технологиялық прогресс ақпаратты жедел тұтынуға, дайын үлгілерге сүйенуге бейімдеп, терең ойлау мен

ұлттық дүниетанымға негізделген құндылықтарды екінші орынға ығыстырады. Осы тұрғыдан алғанда, жаһандану жағдайында байқалып отырған ұлттық құндылықтардың әлсіреу қаупі технологиялық дамумен тығыз байланысты.

Жасанды интеллект пен цифрлық контенттің басым бөлігі жаһандық сипатта ұсынылып, ұлттық ерекшеліктерді ескере бермейді. Нәтижесінде жас ұрпақтың санасында ұлттық тіл, дәстүр, рухани мұра екінші кезекке ысырылуы мүмкін. Сондықтан қазіргі білім беру кеңістігінде жоғары технологияны ұлттық мазмұнмен үйлестіре қолдану маңызды. Әсіресе халық ауыз әдебиеті, соның ішінде ертегі дискурсын цифрлық форматта ұсыну арқылы білім алушыларды ұлттық құндылықтармен табыстыру XXI ғасыр талаптарына сай тиімді тетік бола алады.

Қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық құндылықтардың әлсіреу қаупі ерекше өзектілікке ие болып отыр. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы, мәдени шекаралардың жойылуы және әлемдік медиакеңістіктің ықпалы жастардың санасына тікелей әсер етуде. Шетелдік мәдени үлгілердің басым болуы ұлттық тілдің қолданыс аясын тарылтып, дәстүрлі дүниетаным мен өмір салтының өзгеруіне әкелуі мүмкін. Нәтижесінде жас ұрпақтың тарихи жады әлсіреп, ұлттық болмыс пен мәдени бірегейлікке деген қызығушылығы төмендейді. Сонымен қатар жаһандану үдерісі тұтынушылық құндылықтарды алдыңғы орынға шығарып, рухани-адамгершілік ұстанымдардың екінші кезекке ығысуына себеп болуда. Бұл жағдай ұлттық тәрбие мен мәдени мұраның маңызын қайта қарастыруды талап етеді. Ұлттық құндылықтар – ұлттың рухани тірегі, оның мәдени сабақтастығы мен тұтастығын сақтайтын негізгі фактор. Егер олар жүйелі түрде білім беру мен тәрбие процесіне енгізілмесе, қоғамда рухани дағдарыс қаупі арта түседі. Сондықтан қазіргі білім беру кеңістігінде ұлттық құндылықтарды сақтауға және насихаттауға бағытталған тиімді педагогикалық құралдарды қолдану, соның ішінде халық ауыз әдебиеті мен ертегі дискурсын пайдалану аса маңызды.

Ертегі – халықтың ғасырлар бойы жинақтаған өмірлік тәжірибесі мен дүниетанымын, рухани-мәдени құндылықтарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін ең көне әрі тиімді құралдардың бірі. Ол ұлттық сананы қалыптастыруда дәстүрлі ғана емес, әмбебап сипатқа да ие. Дәстүрлілігі – ертегінің халықтың ауызша мұрасының ажырамас бөлігі болуында, ал әмбебаптығы – оның мазмұны мен тәрбиелік мәнінің кез келген дәуір мен қоғамға бейімделе алуында.

Ертегілерде ұлттың тарихи жады, моральдық-этикалық ұстанымдары, өмірге деген көзқарасы көркем бейнелер мен символдар арқылы беріледі. Батырлық, адалдық, әділдік, еңбекқорлық, мейірімділік сияқты қасиеттер ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеті арқылы үлгі ретінде ұсынылады. Осы арқылы бала санасында «жақсы» мен «жаман», «дұрыс» пен «бұрыс» ұғымдары қалыптасып, ұлттық құндылықтарға негізделген мінез-құлық модельдері орнығады.

Ертегі ұлттық тілдің байлығын, көркемдік ерекшелігін сақтаушы әрі дамытушы қызмет атқарады. Тұрақты тіркестер, қайталамалар, бейнелі сөздер арқылы білім алушының тілдік қоры кеңейіп, ұлттық ойлау жүйесіне тән ерекшеліктері артады. Бұл үрдіс ұлттық сананың қалыптасуына тікелей ықпал етеді.

Ертегінің әмбебаптығы оның жас ерекшелігіне, мәдени ортаға және заманауи форматтарға оңай бейімделуінен байқалады. Қазіргі таңда ертегілерді мультимедиа, анимация, цифрлық мәтіндер арқылы ұсыну олардың тәрбиелік әлеуетін арттыра түсуде. Осылайша ертегі дәстүр мен жаңашылдықты ұштастыра отырып, ұлттық сананы қалыптастырудың тиімді әрі уақыт сынынан өткен құралдарының бірі ретінде өз маңызын жоғалтпай келеді.

Қазақ ертегілері – халықтың дүниетанымы, рухани болмысы мен тарихи тәжірибесін көркем формада жинақтаған мәдени феномен. Олар ұлттық құндылықтар жүйесін қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. С.Қасқабасовтың пікірінше, ертегі – халық прозасының ең өміршең жанры, өйткені ол ұлттың моральдық нормалары мен мінез-құлық үлгілерін бейсаналы деңгейде сіңіреді [1, 272-б.]. Ғалым ертегіні тек эстетикалық мәтін ретінде емес, тәрбиелік қызметі басым қоғамдық құрал ретінде қарастырады. Бұл көзқарас ертегілердегі құндылықтардың кездейсоқ емес, жүйелі түрде берілетінін дәлелдейді.

Қазақ ертегілеріндегі негізгі ұлттық құндылықтардың бірі – адамгершілік. Жақсылық пен жамандықтың қарама-қарсылығы арқылы адалдық, әділдік, мейірімділік секілді ұстанымдар басты идея ретінде ұсынылады. В.Я.Пропп ертегінің морфологиялық құрылымын талдай отырып, кейіпкердің бастан кешетін сынақтары мен марапатталуы белгілі бір этикалық заңдылықтарға негізделетінін көрсетеді [2, 89-б.]. Бұл тұжырымды қазақ ертегілеріне қолдансақ, басты кейіпкердің жеңісі оның моральдық тұрғыдан «таза» болуымен тікелей байланысты екенін аңғаруға болады.

Сонымен қатар қазақ ертегілерінде еңбек пен табандылық құндылығы айқын көрініс табады. Қарапайым кейіпкердің қиындықты жеңіп, мұратқа жетуі халықтың өмір философиясын танытады. П.Т.Ауесбаева фантастикалық ертегілерді зерттей отырып, ертегідегі қиял элементтері нақты өмірлік тәжірибемен ұштасып, баланың болашаққа деген сенімін қалыптастыратынын атап өтеді [3, 254-б.]. Бұл пікір ертегінің тәрбиелік әсерін тек өткенді тану емес, келешекке бағытталған бағдар ретінде түсінуге мүмкіндік береді.

Ұлттық құндылықтар жүйесінде отбасы мен үлкенге құрмет мәселесі де маңызды орын алады. Ертегілерде ата-ананың батасы, ақыл-кеңесі кейіпкердің дұрыс жол табуына себеп болады. Т.Нұрбеков ертегілердегі тілдік бейнелер мен тұрақты формулалар ұлттық санаға тән құндылықтарды қалыптастыратын когнитивтік модель қызметін атқаратынын дәлелдейді [4,

1181-б.]. Ғалымның пайымдауынша, ертегі тілі – ұлттық ойлау жүйесінің көрінісі.

С.Қасқабасов ертегінің әлеуметтік-тәрбиелік функциясын айқындаса, В.Я.Пропп оның құрылымдық-этикалық негізін ашады, ал П.Т.Ауесбаева мен Т.Нұрбеков ертегінің қиялдық және когнитивтік әлеуетін көрсетеді. Бұл еңбектерді салыстыра талдау қазақ ертегілеріндегі ұлттық құндылықтардың жүйелі, көпқабатты әрі мақсатты түрде берілетінін дәлелдейді. Яғни қазақ ертегілері – ұлттық құндылықтарды сақтаудың ғана емес, оларды жаңа ұрпақ санасына бейімдеп жеткізудің тиімді құралы. Сондықтан ертегі дискурсын білім беру процесінде мақсатты әрі ғылыми негізде қолдану ұлттық сананы қалыптастырудың маңызды тетігі болып табылады.

Ертегі дискурсы білім алушы тұлғасының когнитивтік, эмоционалдық және құндылықтық дамуына кешенді әсер ететін көпқабатты мәдени-педагогикалық құбылыс болып табылады. Ол тек көркем мәтін ретінде ғана емес, ұлттық дүниетанымды, моральдық нормаларды және мінез-құлық үлгілерін қалыптастыратын пәрменді құрал қызметін атқарады. С.Қасқабасовтың пікірінше, халық прозасы, соның ішінде ертегілер, баланың тұлғалық дамуына ықпал ететін әлеуметтік тәжірибені көркем түрде ұсынады [1, 275-б.]. Ғалым бұл жанрдың тәрбиелік әлеуеті оның бейсаналық деңгейде әсер етуінде екенін атап көрсетеді.

Ертегі дискурсының когнитивтік дамуға әсері айқын байқалады. В.Я.Пропп ертегі құрылымын талдай отырып, оқиғалардың белгілі бір логикалық жүйемен өрбитінін дәлелдейді [2, 34-б.]. Бұл құрылым білім алушының себеп-салдарлық байланыстарды түсінуіне, логикалық ойлау мен болжау қабілеттерінің дамуына ықпал етеді. Қазақ ертегілерінде кейіпкердің сапарға шығуы, сынақтардан өтуі, нәтижесінде мақсатқа жетуі баланың ойлау жүйесінде «мәселе – әрекет – нәтиже» моделін қалыптастырады. Демек, ертегі дискурсы баланың ойлау әрекетін ұйымдастыратын когнитивтік құрал ретінде қызмет етеді.

Сонымен қатар ертегі дискурсы эмоционалдық интеллектінің қалыптасуына тікелей әсер етеді. Кейіпкердің басынан кешкен қиындықтары, қорқынышы, қуанышы мен жеңісі білім алушыда эмпатия сезімін тудырады. Л.С.Выготский көркем мәтіннің баланың эмоциялық тәжірибесін кеңейтетінін, оның ішкі «менін» дамытуға ықпал ететінін көрсеткен [5, 214-б.]. Ертегі тыңдау немесе оқу барысында бала өзін кейіпкердің орнына қойып, өз эмоциясын тануға және реттеуге үйренеді. Бұл тұлғаның психологиялық тұрақтылығы мен әлеуметтік бейімделуіне негіз болады.

Ертегі дискурсының маңызды әсерінің бірі – құндылықтық бағдардың қалыптасуы. Қазақ ертегілерінде адалдық, әділдік, еңбекқорлық, үлкенге құрмет, отансүйгіштік сияқты ұлттық құндылықтар сюжеттік желі арқылы беріліп отырады. Т.Нұрбеков ертегілердегі тілдік бейнелер мен тұрақты формулалардың ұлттық сананы қалыптастыратын когнитивтік модель екенін дәлелдейді [4, 1180-б.]. Ғалымның пікірінше, ертегі дискурсы

арқылы берілген құндылықтар баланың санасында ұзақ уақыт сақталып, оның мінез-құлқына әсер етеді.

П.Т.Ауесбаева фантастикалық элементтердің бала қиялын дамытып қана қоймай, оның болашаққа деген сенімін нығайтатынын атап өтеді [3, 256-б.]. Бұл пікір ертегі дискурсының тұлғаның мотивациялық саласына әсерін көрсетеді. Қиындыққа мойымай, мақсатқа жеткен кейіпкер образы білім алушыға өмірлік бағдар береді, табандылық пен ерік-жігерді қалыптастырады.

С.Қасқабасов ертегінің әлеуметтік-тәрбиелік қызметін айқындаса, В.Я.Пропп оның құрылымдық-танымдық негізін көрсетеді. Л.С.Выготский ертегінің эмоционалдық дамуға әсерін дәлелдейді, ал Т.Нұрбеков пен П.Т.Ауесбаева ертегі дискурсының ұлттық сана мен мотивациялық салаға ықпалын ашады. Бұл ғылыми пікірлерді салыстыра талдау ертегі дискурсының тұлғаға әсері біржақты емес, кешенді сипатта екенін көрсетеді: ол ақыл-ойды дамытады, эмоцияны тәрбиелейді және құндылықтық бағдарды қалыптастырады. Демек, ертегі дискурсы білім алушы тұлғасын жан-жақты дамытатын әмбебап педагогикалық құрал болып табылады. Ол ұлттық құндылықтарды саналы түрде емес, көркем бейнелер арқылы табиғи жолмен сіңіреді. Сондықтан ертегіні білім беру процесінде жүйелі, мақсатты және жас ерекшелігіне сай қолдану тұлғаның рухани-адамгершілік, танымдық және ұлттық санасын қалыптастырудың тиімді тетігі ретінде қарастырылуы тиіс.

Қазіргі жаһандану мен жоғары технология, жасанды интеллект қарқынды дамыған XXI ғасыр жағдайында ұлттық құндылықтарды сақтау және оны жас ұрпақтың санасына сіңіру мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр. Ақпараттық кеңістіктің шексіздігі мен жаһандық мәдени үлгілердің басымдығы ұлттық тілге, дәстүрге және рухани мұраға деген қызығушылықтың әлсіреуіне ықпал етуде. Мұндай жағдайда білім беру жүйесі тек білім берумен шектелмей, ұлттық сананы, мәдени бірегейлікті қалыптастыратын стратегиялық алаңға айналуы тиіс.

Зерттеу барысында ертегі дискурсының осы міндетті жүзеге асырудағы әлеуеті айқындалды. Ертегі – ұлттық дүниетаным мен құндылықтар жүйесін көркем бейнелер, символдар мен сюжеттік модельдер арқылы жеткізетін дәстүрлі әрі әмбебап құрал екені ғылыми еңбектер негізінде дәлелденді. Қазақ ертегілерінде адалдық, әділдік, еңбекқорлық, үлкенге құрмет, отансүйгіштік секілді ұлттық құндылықтар жүйелі түрде көрініс тауып, ұрпақ санасына табиғи жолмен сіңіріледі. Бұл құндылықтар кейіпкерлердің әрекеті мен тағдыры арқылы ұсынылып, білім алушының мінез-құлқына үлгі болады.

Ғалымдардың пікірлерін талдау ертегі дискурсының білім алушы тұлғасына кешенді әсер ететінін көрсетті. Ол когнитивтік тұрғыдан ойлау, қиял, тілдік құзыреттілікті дамытса, эмоционалдық деңгейде эмпатия, сезімді түсіну және реттеу қабілеттерін қалыптастырады. Сонымен қатар ертегі дискурсы тұлғаның құндылықтық бағдарын айқындап, ұлттық сана

мен рухани тұрақтылықтың негізін қалайды. Бұл әсердің күші ертегінің құрылымдық логикасы мен символдық мазмұнының бала психологиясына сәйкес келуімен түсіндіріледі.

Зерттеу нәтижелері ертегі дискурсының қазіргі білім беру кеңістігінде өз маңызын жоғалтпағанын, керісінше, оны заманауи педагогикалық тәсілдермен, цифрлық форматтармен үйлестіре қолдану қажеттігін дәлелдейді. Ертегіні оқу, талдау, сахналау, мультимедиалық нұсқада ұсыну арқылы білім алушыларды ұлттық құндылықтармен табыстыру XXI ғасыр талаптарына сай жүзеге аса алады.

Қорыта айтқанда, ертегі дискурсы – ұлттық құндылықтарды сақтаудың ғана емес, оларды жаңа ұрпақтың санасында жаңғыртудың тиімді педагогикалық тетігі. Оны білім беру процесінде ғылыми негізде және жүйелі қолдану – ұлттық санасы қалыптасқан, рухани бай, мәдени тамырына берік тұлға тәрбиелеудің маңызды шарты.

## Пайдаланылған әдебиеттер


1. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 320 б.
2. Пропп В.Я. Морфология сказки. 2-е изд. – Москва: Наука, Главная редакция восточной литературы, 1969. – 166 с.
3. Выготский Л.С. Психология искусства. – Москва: Искусство, 1986. – 344 с.
4. Салкынбай А., Нурбеков Т. Қазақ ертегілеріндегі мәдени-танымдық феномен: рефлексиялық мәні // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Социология сериясы, 142(1). – Б. 219–233.
5. Ауесбаева П.Т. Кейбір халық әдебиеті үлгілерінің салыстырмалы текстологиясы. – Алматы: Әдебиет және өнер институты, 2007. – 171 б.


# С.ТОРАЙҒЫРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ӨРНЕКТЕРДІ ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ


***А.А.Бекболат***

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің магистранты*

***Б.Ж.Сарыбаева***

*ғылыми жетекшісі: филология ғылымдарының кандидаты,қауымдастырылған профессор*



Аңдатпа. Мақалада Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларындағы ұлттық өрнектерді мектепте оқытуда инновациялық әдістердің тиімділігі қарастырылады. Кейс-стади, жобалық оқыту, рөлдік ойын және цифрлық технологиялар оқушылардың әдеби мәтінді терең түсінуі, ұлттық құндылықтарды меңгеруі және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.



Түйін сөздер: ұлттық өрнек, этномәдени бірлік, инновациялық оқыту, әдебиет сабағы, С.Торайғыров, оқыту технологиясы, ұлттық құндылық.

Аннотация. В статье рассматривается эффективность использования инновационных методов при обучении национальным образам в произведениях Султанмахмута Торайгырова в школе. Кейс-стади, проектное обучение, ролевые игры и цифровые технологии способствуют глубокому пониманию текста, усвоению национальных ценностей и развитию творческих способностей учащихся

Ключевые слова**:** национальный образ, этнокультурная единица, инновационное обучение, урок литературы, С.Торайгыров, педагогическая технология, национальные ценности.

Abstract. The article examines the effectiveness of using innovative methods to teach national motifs in Sultanmakhmut Toraygyrov's works in schools. Case studies, project-based learning, role-playing, and digital technologies enhance students' deep understanding of the text, assimilation of national values, and development of creative skills.

Keywords: national motif, ethnocultural unit, innovative learning, literature class, S. Toraygyrov, teaching technology, national values.

Қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық құндылықтарды сақтау мен оны жас ұрпақтың санасына сіңіру мәселесі білім беру жүйесінің негізгі бағыттарының біріне айналып отыр. Бұл міндетті жүзеге асыруда мектептегі қазақ әдебиеті пәнінің маңызы ерекше. Себебі көркем әдебиет - халықтың тарихи жадын, мәдени кодын, рухани болмысын сақтайтын негізгі құралдардың бірі. [2, 15-б.] Осы тұрғыда Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармалары ұлттық дүниетаным мен қоғамдық ойдың айнасы ретінде ерекше орын алады.

Ақын тіліндегі ұлттық өрнектер - қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, дүниеге көзқарасы мен рухани құндылықтарын бейнелейтін маңызды тілдік-мәдени бірліктер. Бұл өрнектер тек көркемдік қызмет атқарып қана қоймай, оқушының ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Алайда дәстүрлі оқыту әдістері әрдайым оқушылардың қызығушылығын арттырып, білімді терең меңгеруіне толық мүмкіндік бере бермейді. Сондықтан бүгінгі білім беру үдерісінде инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану өзекті мәселеге айналып отыр. [6, 38-б.]

Инновациялық оқыту тәсілдері оқушының белсенділігін арттырып қана қоймай, оның сыни ойлау, талдау, салыстыру, қорытынды жасау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. [7, 40-б.]

Зерттеудің мақсаты - С.Торайғыров шығармаларындағы ұлттық өрнектерді оқытуда қолданылатын инновациялық әдістердің тиімділігін анықтау және оларды оқу үдерісіне енгізудің ғылыми-әдістемелік жолдарын ұсыну.

Зерттеу міндеттері:

- ақын шығармаларындағы ұлттық өрнектердің мазмұнын талдау;
- оларды оқытудағы педагогикалық мүмкіндіктерді айқындау;
- инновациялық әдістердің түрлерін жүйелеу;
- әдебиет сабағында қолданудың тиімді жолдарын көрсету.

Зерттеу нысаны - жалпы білім беретін мектептегі қазақ әдебиеті сабағы. Зерттеу пәні - С.Торайғыров шығармаларындағы ұлттық өрнектерді

оқыту әдістемесі. Осылайша, мақалада ұлттық құндылықтарды заманауи әдістер арқылы меңгертудің ғылыми негіздері қарастырылып, білім беру тәжірибесінде қолданудың тиімді жолдары ұсынылады.

Негізгі бөлім

С.Торайғыров шығармаларындағы ұлттық өрнектердің тілдік-мәдени сипаты

Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармалары қазақ қоғамының әлеуметтік, мәдени және рухани болмысын кеңінен бейнелейтін көркем мұра болып табылады. Ақын тіліндегі ұлттық өрнектер-белгілі бір тарихи кезеңдегі халықтың дүниетанымын, тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін көрсететін этномәдени кодтар жүйесі. Ұлттық өрнектерді тілдік тұрғыдан бірнеше топқа бөлуге болады:

- этнографиялық лексика (қалың мал, әмеңгерлік, құда түсу);
- фразеологиялық бірліктер (тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер);
- символдық бейнелер (қазақ әйелінің тағдыры, еркіндік идеясы);
- ұлттық мінезді білдіретін тілдік құрылымдар. [1, 120–150-б.]

Мәселен, «Қамар сұлу» романында кездесетін ұлттық салтқа қатысты ұғымдар тек тұрмыстық сипатта ғана емес, әлеуметтік теңсіздікті, дәстүр мен заман қайшылығын бейнелейтін көркем құрал ретінде қызмет атқарады. Бұл тұрғыда ұлттық өрнектер мәтіннің идеялық мазмұнын ашуға тікелей ықпал етеді. Ұлттық өрнектердің көркемдік қызметі:

- кейіпкер бейнесін ашу;
- тарихи кезеңді сипаттау;
- авторлық идеяны жеткізу;
- ұлттық дүниетанымды көрсету.

Осы ерекшеліктерді ескере отырып, әдебиет сабағында ұлттық өрнектерді тек тілдік бірлік ретінде емес, мәдени-танымдық категория ретінде қарастыру қажет. [8, 210-б.]

Ұлттық өрнектерді оқытудағы инновациялық әдістердің теориялық негіздері

Қазіргі білім беру жүйесінде оқыту үдерісі оқушының белсенді танымдық әрекетіне негізделуі тиіс. Бұл тұрғыда инновациялық әдістердің рөлі ерекше. Инновациялық оқыту - білім алушының жеке тұлғалық дамуына бағытталған, жаңа педагогикалық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асатын үдеріс. Инновациялық әдістердің негізгі принциптері:

- оқушы белсенділігі;
- дербес ізденіс;
- шығармашылық әрекет;
- рефлексия.

Әдебиет сабағында бұл әдістерді қолдану келесі мүмкіндіктерді береді:

- мәтінді терең талдау;
- ұлттық мазмұнды саналы қабылдау;

- сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру.

Бүгінгі таңда кеңінен қолданылатын әдістер:

- сын тұрғысынан ойлау технологиясы;
- проблемалық оқыту;
- жобалық әдіс;
- интерактивті оқыту;
- цифрлық білім беру құралдары.

Бұл әдістер ұлттық өрнектерді оқытуда ерекше тиімді, себебі олар оқушыны дайын ақпаратты қабылдаушы емес, білімді өз бетімен құрастырушы субъект ретінде қалыптастырады.

С.Торайғыров шығармаларындағы ұлттық өрнектерді оқытуда қолданылатын инновациялық әдістер

Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларындағы ұлттық өрнектерді тиімді меңгерту оқыту үдерісін жаңаша ұйымдастыруды талап етеді. Осыған байланысты әдебиет сабағында инновациялық әдістерді қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың, ұлттық мазмұнды терең игертудің және олардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың маңызды тетігі болып табылады. Инновациялық тәсілдер оқушыны дайын білімді қабылдаушы деңгейінен шығарып, оны білімді өз бетімен ізденіп, талдап, қорыта алатын субъект ретінде қалыптастыруға бағытталады. [8, 350-б.]

Әдеби шығармалардағы ұлттық өрнектерді меңгертуде кейс-стади әдісі ерекше тиімді. Бұл әдіс арқылы оқушылар нақты әлеуметтік-мәдени жағдайларды талдап, ұлттық дәстүрлердің мәнін түсінуге мүмкіндік алады. Мысалы, «Қамар сұлу» романы негізінде ұсынылатын кейстер оқушыларға дәстүр мен жеке тұлға еркіндігі арасындағы қайшылықтарды саралауға, кейіпкерлер әрекетіне баға беруге және өз көзқарасын дәлелдеуге жағдай жасайды. Нәтижесінде оқушылардың сыни ойлау, талдау және дәлелдеу дағдылары қалыптасады. [1, 180–200-б.]

Сонымен қатар жобалық оқыту әдісі ұлттық өрнектерді кешенді түрде меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамытып, оларды дербес ізденіске жетелейді. Оқушылар белгілі бір тақырып аясында ақпарат жинақтап, оны талдап, қорытынды жасап, өз жобаларын қорғайды. Мұндай жұмыс түрі олардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, ұлттық құндылықтарды терең әрі саналы түрде игеруіне ықпал етеді.

Рөлдік ойын технологиясы да ұлттық мазмұнды меңгертуде маңызды орын алады. Оқушылар кейіпкерлер рөліне ену арқылы олардың ішкі жан дүниесін түсінеді, тарихи-әлеуметтік жағдайды сезінеді және көркем мәтінді эмоционалдық тұрғыда қабылдайды. Бұл әдіс оқушылардың сөйлеу мәдениетін жетілдіріп, шығармашылық ойлау қабілетін дамытады. Сонымен қатар оқушылардың әдеби кейіпкерлерге деген көзқарасы қалыптасып, олар ұлттық құндылықтарды тұлғалық деңгейде қабылдай бастайды.

Осы зерттеу барысында жасанды интеллекттің 6-сынып оқушыларының сыни ойлау дағдыларына әсері жан-жақты қарастырылды. Нәтижелер көрсеткендей, ЖИ қолдану оқушылардың ақпаратты талдау, салыстыру, дәлелдеу және қорытынды жасау қабілеттерін дамытуға айтарлықтай ықпал етеді. Эксперименттік топтағы оқушыларда сыни ойлаудың жоғары деңгейі дәстүрлі оқыту әдісімен салыстырғанда айқын жоғары болды. Сонымен қатар, ЖИ құралдары оқушылардың оқу белсенділігін арттырып, тапсырмаларды орындау жылдамдығын жоғарылатты.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жасанды интеллект оқушыларға дайын ақпаратқа қолжетімділік беретіндіктен, олардың дербес ойлау

қабілетін кейде төмендетуі мүмкін. Эксперимент барысында кейбір оқушылардың ЖИ-ге тәуелділік танытқаны байқалды, бұл оның теріс әсерін айқын көрсетеді. Сол себепті ЖИ-ді қолдану кезінде педагогикалық бақылау мен бағыттау маңызды рөл атқарады. Мұғалім ЖИ құралдарын тек көмекші құрал ретінде пайдаланып, оқушылардың өздігінен ойлауын ынталандыруы қажет.

Ғылыми әдебиеттерге сүйенсек, сыни ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған тиімді оқыту тек ақпаратты беру емес, оқушыны ойландыру, сұрақ қою және талдауға үйрету арқылы жүзеге асады. ЖИ-дің білім беру үдерісінде тиімді қолданылуы оқушылардың когнитивтік қабілеттерін арттырып қана қоймай, олардың заманауи дағдыларын дамытуға, ақпараттық сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект 6-сынып оқушыларының сыни ойлау дағдыларына екіжақты әсер етеді: бір жағынан ол оқу тиімділігін арттырады, ойлау қабілеттерін дамытады, ал екінші жағынан, дайын жауаптарға тәуелділікті қалыптастыруы мүмкін. Сондықтан ЖИ-ді білім беру процесіне енгізу педагогикалық мақсаттармен үйлесімді түрде жүзеге асырылуы тиіс. ЖИ оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытуда күшті құрал бола алады, бірақ оның тиімділігі мұғалімнің бақылауы мен дұрыс ұйымдастыруына тікелей байланысты.

Осы зерттеу нәтижелері білім беру практикасында ЖИ-ді тиімді қолдану жолдарын, сондай-ақ оның мүмкін болатын теріс әсерлерін ескерудің маңыздылығын көрсетеді. Болашақта жасанды интеллект пен сыни ойлаудың өзара байланысын тереңірек зерттеу, оқу бағдарламаларына бейімделген педагогикалық модельдер әзірлеу қажет.

## Пайдаланылған әдебиеттер


1. Бағдатова, Г., Сейітқалиев, Е. (2020). Жасанды интеллекттің білім беру саласындағы қолдану мүмкіндіктері. Қазақ ғылымдары журналы, 12(4).
2. Қайырбекова, А. (2021). Цифрлық технологиялар және оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту. Педагогикалық зерттеулер журналы, 15(2).
3. Нұрмағанбетов, М. (2019). Білім беру жүйесінде жасанды интеллекттің рөлі. Қазақстан педагогикасы, 6(3).
4. Жұмабекова, Л. (2022). Оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытудағы ақпараттық технологиялардың әсері. Білім және инновация, 10(1).
5. Мусина, Ж. (2021). Жасанды интеллект және мектептегі оқытуды дараландыру. Қазақ педагогикалық журналы, 18(2).
6. Сүлейменова, А. (2020). Сыни ойлауды дамытудағы интерактивті технологиялардың рөлі. Педагогика және психология, 14(3).
7. Құрманова, Д. (2019). Білім беру процесінде жасанды интеллект құралдарын қолдану тәжірибесі. Қазақ инновациялық педагогикасы, 5(1).

# ЫБЫРАЙТАНУ ІЛІМІНІҢ ҮДЕРІСІ

*Гуманитарлық ғылымдарды оқытудың өзекті мәселелері*
*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің*
*2курс студенті:* ***Д. Мұрат***
*Ғылыми жетекшісі:* ***С.Н.Сүтжанов***
*Филология ғылымдарының докторы, Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің профессоры*

Аңдатпа. Мақалада қазақ әдебиеті мен мәдениетін көш ілгері сүйреп, оның ағартушылық-демократтық бағытта өрістеуіне айрықша үлес қосқан алыптарымыздың бірі – Ыбырай Алтынсариннің мұрасына шолу жасай отырып, ыбырайтану ілімін дамыту тұрғысындағы іс-шаралар барысы зерттеу обьектісі етілді. Осы ретте, ұлт ұстазының ұлт мұраты жолындағы зайырлы амал-әрекеті мен шығармашылық жолын үлгі тұтқан Алаш арыстарының еңбектері, қаракеттері де сараланды. Сондай-ақ, жазылымда Ы. Алтынсариннің биылғы жылы аталып өтетін мүшел тойына орай өткізілуге тиіс іс-шаралар тізімделіп, ұсыныс ретінде берілді.

Кілт сөздер: ұстаз, мұра, тұлға, ағартушылық, ұлттық, қарекет, білім, өркениет

Аннотация. В статье рассматривается наследие одного из выдающихся деятелей, внесших значительный вклад в развитие казахской литературы и культуры в просветительско-демократическом направлении — Ыбырая Алтынсарина. В качестве объекта исследования выступает ход мероприятий, направленных на развитие науки «ыбыраеведение». В этой связи также проанализированы труды и деятельность представителей движения Алаш, которые брали пример с просветительской и творческой деятельности великого педагога в деле служения национальным интересам. Кроме того, в работе представлен перечень мероприятий, приуроченных к юбилею Ы. Алтынсарина, отмечаемому в текущем году, а также предложены рекомендации.

Ключевые слова: учитель, наследие, личность, просвещение, национальный, деятельность, образование, цивилизация.

Abstract. The article reviews the legacy of one of the prominent figures who made a significant contribution to the development of Kazakh literature and culture in a democratic and educational direction — Ybyrai Altynsarin. The research focuses on the implementation of activities aimed at developing the field of “Altynsarin studies.” In this context, the works and efforts of the Alash intellectuals, who followed the educator’s secular ideas and creative path in serving national interests, are also analyzed. In addition, the paper provides a list of events dedicated to the anniversary of Y. Altynsarin to be celebrated this year and offers recommendations.

Keywords: teacher, heritage, personality, enlightenment, national, activity, education, civilization.

## Кіріспе

Ыбырай Алтынсарин – қазақтың әдеби-мәдени дүниесін жаңғыртып, жаңа сатыға көтерген алып тұлғалардың бірі. Ұлт ұстазының қазақ даласында алғаш жаңа үлгіде мектептер ашып, халық ағарту ісімен айналысуы өзінен кейінгі алашшыл зиялы қауым өкілдерінің дүниетанымы мен ұлттық көзқарастарының қалыптасуына зор ықпал етіп, оларды кемел біліммен қаруланған ұрпақ тәрбиелеуге итермелеуі – ұлы мұраттан туындағаны айқын. Осы тұрғыда, ол тек ағартушы ғана емес, ұлттық білім

беру жүйесінің іргетасын қалаушы, қазақ қоғамын өркениетке жетелеген тарихи тұлға ретінде танылды.

Бұл ретте, Ыбырай Алтынсаринді бүкіл Алаш қайраткерлерінің рухани ұстазы ретінде бағалау орынды. Оның мектебінен тәлім алған немесе идеялық тұрғыдан ықпалын сезінген С. Көбеев, А. Байтұрсынов, М. Дулатов сынды тұлғалар қазақ руханиятын жаңа деңгейге көтеріп, ұлттық сананы жаңғырту жолында елеулі еңбек етті. Олар өз кезегінде Шоқан, Ыбырай, Абай сынды алыптардың ағартушылық дәстүрін жалғастырып, халықты білім мен ғылымға үндеді. Ұлт тағдырына алаңдаған зиялылар баспасөз беттерінде, кітаптарында оқу-ағарту мәселесін бірінші кезекке қойып, жәдиттік білім беру жүйесін қолдап, елді ілгері дамытуға күш салды.

Негізгі бөлім

Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығы мен педагогикалық қызметінің басты өзегі – халықтың көзін ашу, білім арқылы өркениетке жетелеу болды. Оның “Кел, балалар, оқылық”, “Өнер-білім бар жұрттар” сияқты өлеңдері мен тәлімі зор, тағлымы мол төл және аударма шығармалары арқылы жас ұрпақты ғылым мен білімге шақырып қана қоймай, озық елдердің жетістіктерін үлгі ету арқылы ұлттық сананы жаңғыртуды көздеді. Бұл идеялар кейінгі қазақ оқығандары тарапынан да қолдау тауып, халық арасында кеңінен насихатталды. Мәселен, Алаш арыстары саналатын Әлихан, Ахмет, Сұлтанмахмұт және т.б. Ыбырай, Абай сынды “жас өспірім, жасөрімді” оқу оқып, білім алуға, өнер үйренуге шақырды әрі шығармашылық негіздегі туындыларында да осы мақсат-мұратқа бағыттады.

Ұлт мақсат жолындағы Алаштың арда ұлдары басылым беттерінде бұл мәселені көтеруден жалықтады. Мәселен, «ұлт ұраншысы» атанған М.Дулатұлы: «Оқушыларға жәрдем жамиғаты» атты «Қазақ» газетіндегі мақаласында: «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымды сақтасақ та, дүниеден сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз – оқу. Надан жұрттың күні қараң, келешегі тұман» [1] – деп, кемел келешектің сырын ашады, болашақтың барысын болжайды.

Әрине, бұл мәселелер жөнін сөз еткен бір Міржақып қана емес. Ана тіліміз бен әдебиетіміздің реформаторы Ахмет Байтұрсынов қазақ балаларының сауатын ашатын «Әліпби» («Төте жазу» ) мен тіл үйретететін «Тіл құралы» еңбектерін жазды. Қазаққа қандай мектеп керектігі жайын өзекті мәселе ретінде көтеріп, жұртшылықтың назарын үнемі соған аударуға тырысты. Мәселен: Ахмет «Қазақ» газетіндегі «Жазу жөндеу» («Қазақ», 1913, №43), «Мектеп керектері» («Қазақ», 1914, №52) т.б. мақалаларында сол кезеңнің көкейкесті проблемаларын көтеруді алға қойды [1].

Сөйтіп, қазақ оқымыстылары «заманына қарай амалын» жасап, ұлттың ұлы арманын ұлықтап, қалың елдің халін қамдап, азаттық-ағартушылық бағыт ұстанды.

Дегенмен, кейбір зерттеушілер Ыбырай Алтынсаринді отарлау саясатын жүзеге асырушы тұлға ретінде бағалауға тырысады. Мұндай пікірлер оның Ресей империясының өкілдері В.В. Григорьев, Н.И. Ильминский сынды тұлғалармен байланысын біржақты түсіндіруден туындайды. Шын мәнінде, Ыбырайдың бұл байланыстары оның ағартушылық мақсаттарын жүзеге асыру жолындағы амалдары еді. Ол сол кезеңнің саяси жағдайын ескере отырып, өз халқын сауаттандыру жолында қолдан келер тиімді іс-әрекеттерді пайдалануға тырысты және оны іске асырды да. Сондықтан да ол жағдаятты тарихи контекстен бөліп қарастыру негізсіз болар еді.

Ыбырай Алтынсариннің қызметі тек ағарту саласымен шектелмейді. Ол қазақтың жазба әдебиеті мен әдеби тілінің қалыптасуына зор үлес қосқан тұлға. Оның әңгімелері мен өлеңдерінің тәрбиелік мәнімен қатар, көркемдік ерекшелігімен де құнды. Ыбырай жаңа жанрларды енгізіп, әдебиетті мазмұндық әрі құрылымдық тұрғыдан байытты. Оның шығармалары ұлттық әдебиеттің даму бағытын айқындап, кейінгі қаламгерлерге жол көрсетті.

Оның шығармаларының бас тақырыбы: өнер білім, талап, еңбек, отырықшылық мәселелері еді. Ол жаңалықты көбіне этика, халық санасын ағарту арқылы жүзеге асырмақшы болады. Сөйтіп, этика және ағартушылық идеясын ұсынды. Қоғамды өзгертудің негізгі құралы әлеуметтік тәртіптің саяси экономикалық негізін өзгертетін ой санасын өзгертуді жақтаған. Жұрт білім алса, ғылым жолына түссе, әлеуметтік әділеттілік орнайды дейтін сарын ағартушылардың бәріне бірдей ортақ болатын.

Ыбырай ескі қоғам мен жаңа қоғам арасындағы қайшылықты көрді. Сондықтан ескіні сынап, жаңаны үгіттеді. Басты нысанасы – еңбек пен талап еді.

Шынында, балалар жазушысы ретінде оның прозасында еңбек тақырыбы тым көп айтылады. Мысалы, «Атымтай жомарт», «Бай баласы мен жарлы баласы» деген әңгімелерінде еңбек идеясын дәріптейді. «Атымтай жомарт» шығармасында бай баласы болса да, Атымтай күніне бір мезгіл еңбек еткен. “Мұныңыз қалай?” - деушілерге ол: “”Күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем, бойыма сол тамақ болып тарайды. Еңбекпен табылған тағамның тәттілігі, сенімділігі болады екен” - деп жауап берген.

Көптеген әңгімелерінде Ыбырай еңбекті жаңаша құру, саудаға бейімдеу, оның құндылығын арттыруды сөз етеді. Жаңа кәсіпті, адал еңбекпен ақша табуды пайдалы дейді. «Білгеннің пайдасы» деген әңгімесінде бір бала шеге істеу кәсібін үйреніп, шаруасын жаңаша құрады. «Өрмекші», «Мақта қыз», «Асыл шөп», «Әке мен бала», «Силинши ханым» сияқты әңгімелерінің негізгі қазығы жаңа кәсіп, әрекетшілдік.

Ыбырай мал шаруашылығына байланысты көшпелі еңбекті де айтады. «Жарлы мен бай баласы» деген әңгімесінде көшпелі өмірдің көлеңкелі жағы, әсіресе, кедей баласының әрекетшілдігі, ақылдылығы, зеректігі алға

қойылған. «Темір хан» атты әңгімесінде жалдамалы еңбектің қажеттігі айтылған. Шығармаларының көбінде Ыбырай байлық еңбек пен жерде деп, отырықшылықты үндейді. Бұл пікірімізге «Ағаш үй мен киіз үй», «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімелері айғақ.

«Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесінде Ыбырай отырықшылық идеясын үндейді. Бұл орыс мұжықтарының тәжірибесінен үлгі алу еді. Кәсіп үйрену, әрекетшілдік халықты жаңалыққа бейімдеудің бір шарасы болғанға ұқсайды. Сейітқұл бейнесі арқылы жаңа прогресті жақтап, жер кәсібінің пайдалы екенін айтқаны белгілі. Сөйтіп оны (Сейітқұлды) отыз үйдің қамқоры ретінде көрсетеді. Сондай-ақ, «Дүние қалай етсең табылады?» деген және тағы басқа әңгімелерінде Ыбырай халықты еңбекке шақырады.

Ыбырайдың этика, мінез құлық, әдептілік, достық идеясына байланысты әңгімелері де көп. Мысалы, «Қарға мен құрт» әңгімесінде нашарға қиянат жасамау идеясы айтылған. Мұндағы құрт әрекетшіл, айлалы бейне. «Жаман жолдас», «Ақымақ дос» әңгімелерінде Ыбырай жалғандықты, олақтықты мінейді. Әр нәрсенің түсі емес, ісін алу керек дейді.

Енді бірқатар әңгімелерінде Ыбырай отбасындағы достық, ата ана мен бала арасындағы махаббатты үндейді. Бұл сарын оның өлеңдерінде де бар.

Ыбырай шығармаларынан әділет идеясы да үлкен орын алған. «Баланың айласы», «Әділдік», «Шаруа мен жасауыл», «Мұңсыз адам» сияқты әңгімелерінің демократизмі айқын.

«Дүниеде жамандық неден?» деген әңгімесінде ол жамандықты аштық, махаббат, нашар мінез, қорқақтықта емес, тәнде, сол тәнді таза ұстасақ қоғам өміріндегі қайшылықтар өз-өзінен жойылады деп, әлеметтік мәселені биологиялық ұғыммен түсіндіреді. Мұнысы демократизм рухындағы идея болды.

Ыбырай поэзиясы таза реализмге негізделген. Ол поэзияның негізгі міндетін жақсы түсініп, өзінің өлеңдерінде қазақ халқының алдында тұрған сол кезең мен келешектің өмірлі, озат талаптарын ұсынып, шығармаларының құралы ете білді. Балалар ақыны ретінде ол оқу мен білімнің өзіндік құнды қасиеттерін надандық пен қараңғылықтың зиянды көріністерімен қатар алып суреттеп, оқушыға оқу-білімнің артықшылығын айтып, нақты дәйектеме келтіру тұрғысында дәлелдейді. Халықтың ауыз әдебиетін жетік білетін Ыбырай игі дәстүрлерді оңтайлы пайдалана білген. Қарама-қарсы екі түрлі мәселені не нәрсені салыстырмалы түрде баяндай отырып, автор шынайы көріністі көз алдыңызға елестетеді. Соның нәтижесінде айтып отырған жайттың жағымды, не жағымсыз жағы оқушыға белгілі бір дәрежеде әсер етеді. Салыстырмалы түрдегі паралелизм әдісін мақал-мәтелдер мен аңыз-әңгімелерден, ертегілерден көптеп кездестіруге болады. Ыбырайдың аталмыш өлеңді халықтық дәстүрде жазуы – шығарманың құндылығын барынша арттыра түскен. Өлеңде оқу-білімнің тек ізденіспен, еңбекпен табылатынына үлкен мән беріліп, он жолда ыждаһаттылық, талап және сабырлылық қажеттілігі жас қауымның

қабылдауына оңай, жатық тілде берілген. Оның өнер-білім жайындағы лирикасы өзінің мазмұны мен тілі, идеясы жағынан бірдей реализмнің тамаша үлгісі еді [2].

Әрине, бұл айтылған әрі жазылған жайттарды қайталай отырып, қазіргі кезде Ы.Алтынсарин тұлғасы жоғары оқу орнындарында және мектептерде қалай оқытылып жатқанына тоқталсақ болады.

Ы.Алтынсариннің "Бір Құдайға сиынып, Кел, балалар, оқылық" деген атақты өлеңінен бастап, оның танымдық-тәрбиелік маңызы зор әңгімелері мен аударма шығармалары мектеп оқулықтарынан ойып тұрып, орын алары сөзсіз. Қазіргі таңда Ыбырай Алтынсарин мұрасы білім беру жүйесінде кеңінен оқытылып келеді. Мектеп бағдарламаларында оның шығармалары тәрбиелік мәні жоғары туындылар ретінде ұсынылса, жоғары оқу орындарында оның ағартушылық, педагогикалық және әдеби қызметі ғылыми тұрғыда пайымдалуда. Әсіресе, "Қазақ әдебиетінің тарихы" пәні аясында Ыбырай шығармашылығына арнайы сағаттар бөлініп, шығармалары сұрыпталып, талданады. Мәселен, "XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті" пәнінде Ы.Алтынсарин шығармашылығына толыққанды тоқталып, оның "Қазақ хрестоматиясы" мен оқу-әдістемелік негізде жазған туындылары бағдарламаға орай сарапталады.

Ыбырайтану ілімін одан әрі дамыту бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Осы бағытта ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүйелеу, жаңа дереккөздерді айналымға енгізу, архив материалдарын зерделеу маңызды. Сонымен қатар, цифрлық технологияларды пайдалана отырып, Ыбырай мұрасын кеңінен насихаттау қажет. Мәселен, электронды кітаптар, деректі фильмдер, онлайн платформалар арқылы оның еңбектерін жастарға қолжетімді ету – уақыт талабы.

Осы орайда, өз кезегінде "Ұстаздар ордасы" атанатын Павлодар педагогикалық университетінде ашылған "Ұлағат" орталығы аясында дайындалған көптомдық жинақ – осы бағыттағы маңызды ғылыми бастамалардың бірі болғанын айтсақ еді. Бұл еңбектерде Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен қызметі, педагогикалық және әдеби мұрасы жан-жақты қамтылып, ғылыми тұрғыдан сараланған. Әсіресе, Қостанай, Арқалық өңірлеріндегі мұражайлар мен Алматыдағы ғылыми кітапхана қорынан жиналған материалдардың ғылыми құндылығы жоғары.

Бес томдық жинақтың әрқайсысы белгілі бір бағытты қамтиды. Мәселен, бірінші томда ағартушының өмірбаяны мен тарихи тұлғасы; екінші томда оның қоғамдық-саяси және педагогикалық қызметі; үшінші томда қазақ жазба әдеби тіліне қосқан үлесі; төртінші томда философиялық, әлеуметтік көзқарастары; бесінші томда оның тұлғасын көркем бейнелеген шығармалар топтастырылған. Бұл көптомдық еңбек тек ғылыми қауымға ғана емес, жалпы оқырманға да арналған құнды дүние болып табылады [3].

Қорытынды

Түйінді сөзді пікір әрі ұсыныс ретінде білдірсек дейміз. Онымыз - ұлт ұстазының 185 жылдық мерейтойы қарсаңында өткізілетін іс-шаралар ғылыми-әдістемелік бағытта ұйымдастырылса екен. Ғылыми конференциялар, халықаралық симпозиумдар, мектептер мен университеттерде арнайы пәндік апталықтар өткізу, сондай-ақ шығармашылық байқаулар ұйымдастыру – Ыбырай мұрасын дәріптеудің тиімді жолдары. Сонымен қатар, оның өмірі мен қызметіне арналған деректі фильмдер мен театрландырылған қойылымдар да көпшілік қызығушылығын арттыра түсері сөзсіз [4].

Қорытындылай келгенде, Ыбырай Алтынсариннің мұрасы – қазақ халқының рухани қазынасының алтын діңгегі. Оның ағартушылық идеялары бүгінгі күнде де өзектілігін жойған емес. Ыбырайтану ілімін дамыту – тек өткенді тану ғана емес, болашақты бағдарлау. Сондықтан ұлы ағартушының еңбектерін жан-жақты зерттеп, оны жас ұрпақ санасына сіңіру – әрбіріміздің тарихи әрі міндетті борышымыз деп білгеніміз жөн.

**Пайдаланған әдебиеттер:**


1. «Қазақ» газеті. – Алматы: “Қазақ энциклопедиясы”, 1998. – 560 бет.
2. Ы. Алтынсарин. Энц-я. «Қазақ хрестоматиясы» – 1879 жылы Орынборда шыққан. 5 бет
3. Ыбырай Алтынсарин: ғұмырнама. Ғылыми-зерттеу мақалалар. 1,2,3,4,5 – том. - Павлодар: ПМПИ, 2017.
4. Ыбырай Алтынсарин – Ұлы дала ұстазы” атты халықаралық конференция материалдары. – Астана, 2021 ж., қазан.


# «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІН ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ТҰРҒЫСЫНАН МЕҢГЕРТУ


*Павлодар педагогикалық университетінің бакалаврианты,*

***Б. Д. Ерланқызы***

*ғылыми жетекшісі: философия ғылымдарының PhD докторы*

***Ж. С. Қайратовна***



Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ тілі пәнінде функционалдық сауаттылықты дамыту қарастырылады. 7-сыныпта «Көшпенділер мәдениеті» тақырыбындағы жағдаяттық тапсырма арқылы оқушылардың ақпаратты түсіну, талдау, қолдану және коммуникативтік дағдылары бағаланды. Нәтижесінде айтылым мен жазылым дағдыларының дамуы байқалды.



Кілт сөздер: функциональдық сауаттылық, қазақ тілі, 7-сынып, жағдаяттық тапсырма, құзыреттілік.



Аннотация

В статье рассматривается развитие функциональной грамотности на уроках казахского языка. Ситуационное задание по теме «Культура кочевников» позволило

оценить навыки понимания, анализа, применения информации и коммуникативные умения учащихся 7 класса. Результаты показали рост навыков говорения и письма.

Ключевые слова: функциональная грамотность, казахский язык, 7 класс, ситуационное задание, компетентность.

Annotation

This article explores the development of functional literacy in teaching Kazakh. A situational task on “Nomadic culture” was used to assess 7th-grade students’ understanding, analysis, application, and communication skills. Results showed improvement, especially in speaking and writing abilities.

*窗体顶端*

*窗体底端*

*窗体顶端*

*窗体底端*

*窗体顶端*

*窗体底端*

*窗体顶端*

*窗体底端*

Keywords: functional literacy, Kazakh language, 7th grade, situational task, competence.

Қазіргі жаһандану жағдайында білім беру жүйесіне қойылатын талаптар түбегейлі өзгерді. Оқушыдан тек пәндік білімді меңгеру ғана емес, сол білімді өмірлік жағдаяттарда тиімді қолдана алу, ақпаратты талдау, саралау және өз көзқарасын дәлелді түрде жеткізе білу талап етіледі. Осы тұрғыдан алғанда функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – заманауи білім берудің стратегиялық бағыттарының бірі. Әсіресе қазақ тілі пәнінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту, яғни өз ойын ауызша және жазбаша түрде сауатты, жүйелі, әсерлі жеткізе алу қабілетін жетілдіру өзекті мәселеге айналып отыр. Соңғы жылдары 7-сынып оқушылары арасында қазақ тілінде өз ойын жүйелі, нақты әрі дәлелді жеткізе алмау мәселесі жиі байқалуда. Оқушылар мәтінді түсінгенімен, оны талдап, өз көзқарасын білдіруде қиналады, ауызша сөйлеу барысында ой шашыраңқы, сөздік қоры шектеулі болып келеді. Кітап оқу деңгейінің төмендігі, қазақ тілінде қарым-қатынас ортасының аздығы және цифрлық кеңістіктің басымдығы бұл проблеманы тереңдете түсуде. Осы жағдай қазақ тілі сабақтарында функционалдық сауаттылықты жүйелі түрде қалыптастырудың өзектілігін арттырады.

Функционалдық сауаттылық – адамның алған білімін күнделікті өмірде, түрлі әлеуметтік және кәсіби жағдаяттарда қолдана алу қабілеті. Яғни бұл – оқушының теориялық білімді меңгеруі ғана емес, оны тәжірибеде пайдаланып, өмірлік міндеттерді шеше білуі [1, 133 б.]. Қазақ тілі пәні тұрғысынан қарастырғанда, бұл ұғым жеке тұлғаның еркін сөйлеуімен, өз ойын анық әрі әсерлі жеткізуімен, кез келген жағдаятта сауатты қарым-қатынас жасай алуымен тығыз байланысты.

Психолог Алексей Алексеевич Леонтьев функционалдық сауаттылықты адамның өмір бойы жинақтаған білімін қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда, қызметтің әртүрлі салаларында кездесетін мәселелерді шешуде пайдалана алу мүмкіндігі ретінде сипаттайды. Бұл анықтама қазіргі білім беру талаптарымен үндеседі, себебі бүгінгі оқушы ақпаратты жай қабылдаушы емес, оны талдайтын, саралайтын және өмірде қолданатын тұлға болуы тиіс [1, 133 б.]. Тарихи тұрғыдан алғанда, «Функционалдық сауаттылық» ұғымы алғаш рет XX ғасырдың ортасында қолданысқа енген. 1957 жылы ЮНЕСКО сауатсыздықты жою мәселелері аясында «минималды сауаттылық» және «функционалдық сауаттылық» терминдерін ұсынды [2]. Бастапқыда бұл ұғымдар оқу, жазу және санау дағдыларының болуын білдірсе, уақыт өте келе олардың мазмұны кеңейіп, білімді өмірлік жағдаяттарда қолдану қабілетімен толықтырылды. Бүгінгі таңда формалды сауатсыздық деңгейі айтарлықтай азайғанымен, функционалдық тұрғыдан сауатты тұлға қалыптастыру мәселесі білім беру жүйесінің өзекті бағыттарының бірі болып отыр. Себебі заманауи қоғамда ақпарат көлемі артып, технология қарқынды дамуда, ал оқушыдан тек білім емес, оны тиімді пайдалану талап етіледі. Сондықтан қазақ тілі сабақтарында пәндік білімді өмірмен байланыстыра отырып, белсенді әдістер арқылы меңгерту – оқушының тілге деген қызығушылығын арттырудың және функционалдық сауаттылығын дамытудың маңызды шарты. Осы тұрғыдан алғанда, 7-сыныпта қазақ тілі пәнін функционалдық сауаттылық негізінде оқытудың тиімді жолдарын айқындау, оқушылардың тілдік дағдыларын өмірлік жағдаяттармен ұштастыру және олардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту – бүгінгі педагогикалық тәжірибенің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Функционалдық сауаттылық оқушылардың қатысымдық, ақпараттық және мәселелерді шешу құзыреттіліктерінің бірлігінен құралады. Яғни білім алушы тек ақпаратты меңгеріп қана қоймай, оны талдап, саралап, нақты жағдаятта қолдана білуі тиіс. Бірқатар зерттеушілер функционалдық сауаттылықты адамның қоғаммен өзара әрекеттесу жағдайында оқу және жазу дағдыларын пайдалану мүмкіндігі ретінде сипаттайды. Бұл тұрғыда функционалдық сауаттылық тұлғаның әлеуметтік ортада толыққанды қызмет етуіне мүмкіндік береді және оның даму межелерін айқындайды. Оқу сауаттылығы аталған ұғымның маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Оқу сауаттылығы – жазба мәтіндерді түсіну, оған рефлексия жасау, мазмұнын өз мақсаттарына пайдалану, білім мен мүмкіндіктерін дамыту қабілеті. Демек, оқу сауаттылығы мәтінді түсіну деңгейінде жүзеге асса, функционалдық сауаттылық сол түсінген ақпаратты өмірлік жағдаятта қолдану деңгейінде көрініс табады [3].

Профессор Ф. Оразбаева «Тілдік қатынас негіздері» атты еңбегінде тілдік қатынас теориясын жан-жақты қарастырып, сөйлесім әрекетін бес түрге жіктейді: оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым және тілдесім. Бұл жіктеу тілдік қатынастың біртұтас жүйе екенін және әрбір әрекет түрінің

өзара байланыста дамитынын көрсетеді [4,109 б.]. Қазіргі кезеңде қазақ тілін функционалдық сауаттылық негізінде оқыту аталған сөйлесім әрекет-терінің, әсіресе оқылым, жазылым, тыңдалым және айтылым аспектілерінің бірлігі арқылы жүзеге асырылуда. Себебі функционалдық сауаттылық оқушының тілдік білімін өмірлік жағдаяттарда қолдана алуымен тікелей байланысты. Сондықтан тілдік дағдыларды жеке-дара емес, кешенді түрде дамыту – негізгі әдістемелік талаптардың бірі болып табылады. Осы бағытта жаңартылған мазмұндағы «Қазақ тілі» оқулықтары төрт негізгі аспект бойынша құрылып, оқушылардың оқылым, жазылым, тыңдалым және айтылым дағдыларын жүйелі қалыптастыруды көздейді. Мұндай құрылым функционалдық бағыттағы тапсырмалар арқылы білім алушының ақпаратты қабылдау, өңдеу, талдау және өз ойын жеткізу қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Ал Н.А. Даулетованың «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тиімді әдістері» атты әдістемелік құралында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдеріне мәтінмен жұмыс жасауда түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, білім алушылардың мәтінді оқу мен түсінудегі функционалдық сауаттылығын дамыту әдістері қарастырылады [5,125 б.].

А.Б.Уразымбетова сабақтағы мәтінмен жұмысты оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың негізгі тетіктерінің бірі ретінде қарастырады. Ғалымның пайымдауынша, мәтін – тек мазмұнды меңгеру құралы емес, сонымен қатар оқушының ақпаратты талдау, түсіну және өмірлік жағдаяттарда қолдану дағдыларын қалыптастыратын маңызды ресурс. Осыған байланысты мәтінге негізделген тапсырмалар мен тиімді әдіс-тәсілдерді ғылыми тұрғыда іріктеу және мақсатты ұйымдастыру – мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің көрсеткіші болып табылады[6,48 б.]. Бұл үдерісте жағдаяттық тапсырмалар айрықша мәнге ие. Олар оқушының ақпаратпен жұмыс жасау барысында таныстыру, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау және бағалау сияқты когнитивтік әрекеттерді бірізділікпен меңгеруіне мүмкіндік береді. Жағдаяттық тапсырмалар практикаға бағытталған сипатымен ерекшеленіп, пәндік білімді нақты өмірлік жағдайлармен байланыстыруды талап етеді. Нәтижесінде оқушының теориялық білімі функционалдық деңгейге көтеріліп, әлеуметтік ортада тиімді қолданылатын құзыреттілікке айналады.

Осы теориялық тұжырымдарды негізге ала отырып, 7-сынып оқушыларының функционалдық сауаттылық деңгейін анықтау мақсатында қазақ-тілі оқулығында берілген “Көшпенділер мәдениеті” атты тарау бойынша 7 «А» сыныбында 24 оқушыға тәжірибелік жұмыс ұйымдастырылды. 7-сынып қазақ-тілі оқулығында “Көшпенділер мәдениеті” атты тарауды оқытуға 8 сағат бөлінген. Зерттеу барысында оқушыларға жағдаяттық тапсырма ұсынылып, олардың оқылым, айтылым, тыңдалым және жазылым дағдылары кешенді түрде тексерілді. Бастапқы

диагностика барысында оқылым, айтылым, тыңдалым және жазылым дағдылары тексерілді.

7 «А» сынып оқушыларының оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларының деңгейінің бастапқы диагностикалық көрсеткіштері




Нәтиже көрсеткендей:
Оқылым – 45%
Айтылым – 40%
Тыңдалым – 50%
Жазылым – 42%

Оқушылардың мәтінді түсініп қабылдау, нақты ақпаратты іріктеп табу, өз ойын жүйелі әрі дәл жеткізу дағдыларының жеткіліксіздігі, сондай-ақ көркем жазу мен сөйлеу мәдениетінің төмен деңгейде қалыптасуы байқалды. Диаграммадан көрініп тұрғандай, оқушылардың функционалдық деңгейі ортадан төмен көрсеткіште болды. Әсіресе айтылым дағдысы әлсіз екені байқалды. Оқушылар өз ойын жүйелі жеткізуде, дәлел келтіруде және жағдаяттық тапсырмаларды орындауда қиналды. Бұл көрсеткіштер проблеманың өзектілігін нақтылай түседі. Оқушыларда анықталған кемшіліктерді ескере отырып, функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған арнайы тапсырмалар жүйесі құрастырылды. Аталған тапсырмалар 7-сыныпқа арналған қазақ тілі оқулығының мазмұнына сәйкес іріктеліп, «Мектеп» баспасының оқу материалы негізінде пайдаланылды [7].

Тапсырма мазмұны өмірлік жағдаятпен байланыстырылып, білім алушылардың ақпаратты түсіну, талдау және оны практикалық жағдайда қолдану қабілеттерін айқындауға бағытталды. Тақырып: «Көшпенділер мәдениеті және оның қазіргі қоғамдағы маңызы». Мектепте берілген тақырыпта қорытынды сабақ өткізіліп, 7 «А» сыныбына көшпенділер мәдениетінің қазіргі жастар өміріндегі маңызын дәлелдейтін жобалық тапсырма ұсынылды. Тапсырма функционалдық сауаттылықтың төрт аспектісін – оқылым, тыңдалым, айтылым және жазылым – кешенді түрде тексеруге бағытталды.

1-кезең – Оқылым. Оқушыларға көшпенділердің тұрмыс-тіршілігі, материалдық және рухани мәдениеті туралы ақпараттық мәтін ұсынылды. Міндеттері: мәтіннің негізгі идеясын анықтау, мәдениеттің ерекшеліктерін көрсету және мәтін мазмұнын қазіргі өмірмен байланыстыру. Бұл кезеңде ақпаратты түсіну, саралау және интерпретациялау қабілеті бағаланды.

2-кезең – Тыңдалым. Оқушылар көшпенділер мәдениеті туралы бейнематериалды тыңдап, негізгі деректерді анықтады, оқылым және тыңдалым материалдарын салыстырып, қорытынды тұжырым жасады. Бұл кезең ақпаратты қабылдау және салыстыру дағдысын дамытты.

3-кезең – Айтылым. Топтық талқылауда «Көшпенділер мәдениетінің құндылықтары қазіргі жастар тәрбиесінде маңызды ма?» тақырыбында пікірталас ұйымдастырылды. Оқушылар өз көзқарасын білдіріп, дәлел келтіріп, қарсы пікірге жауап берді. Айтылым кезеңінде коммуникативтік құзыреттілік, дәлелді сөйлеу және сыни ойлау дағдылары бағаланды.

4-кезең – Жазылым. Оқушылар «Көшпенділер мәдениеті – ұлттық бірегейліктің негізі» тақырыбында құрылымдық эссе жазды. Бағалау критерийлері: құрылымның сақталуы, дәлелдің нақтылығы, тілдік нормалардың сақталуы болды.

Жүйелі жүргізілген функционалдық тапсырмалардан кейін қайта диагностика жасалды.

7 «А» сынып оқушыларының функционалдық сауаттылық деңгейінің қорытынды көрсеткіштері




Нәтиже:

Оқылым – 72%

Айтылым – 75%

Тыңдалым – 78%

Жазылым – 70%

Диаграммалық көрсеткіштер оқушылардың барлық дағдыларында айтарлықтай өсім бар екенін көрсетті. Әсіресе айтылым мен тыңдалым көрсеткіштері едәуір жақсарды.

Зерттеу нәтижелері қазақ тілі пәнін функционалдық сауаттылық негізінде оқытудың оқушылардың тілдік және коммуникативтік құзыреттілігін дамытуда тиімді екенін көрсетті. Функционалдық

сауаттылық білім алушының ақпаратты қабылдауымен шектелмей, оны талдау, интерпретациялау және өмірлік жағдаяттарда қолдану қабілетін қалыптастырады. Жүргізілген тәжірибелік жұмыс барысында қолданылған жағдаяттық тапсырмалар оқушылардың оқылым, тыңдалым, айтылым және жазылым дағдыларын кешенді түрде дамытуға мүмкіндік берді. Диагностикалық көрсеткіштер функционалдық бағыттағы тапсырмалардың оқушылардың тілдік дағдыларын жетілдіруге және оқу мотивациясын арттыруға оң ықпал еткенін дәлелдеді.

Мәтінмен жүйелі жұмыс пен практикалық сипаттағы тапсырмалар оқушының ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау, пікір білдіру және әлеуметтік қарым-қатынас жасау қабілеттерін дамытуда маңызды рөл атқарады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілі сабақтарында функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған әдістемелік тәсілдер білім алушының құзыретті тұлға ретінде дамуына жағдай жасайды. Зерттеу нәтижелері функционалдық сауаттылықты дамыту білім беру сапасын арттырудың маңызды факторы екенін көрсетеді. Болашақта функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда цифрлық білім беру ресурстарын және инновациялық оқыту әдістерін қолдану мүмкіндіктерін кеңінен зерттеу оқушылардың білімін өмірлік тәжірибемен ұштастыруға және олардың әлеуметтік бейімделу қабілетін арттыруға ықпал етеді.

## Пайдаланған әдебиеттер тізімі


1. Жармухамбетова Г. А, Касымова А. Г. Функциональдық сауаттылық қазіргі заман талабы ретінде. «ИННОВА-2022» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясының материалдары. А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2022-312 б.
2. Фролова П.И. К вопросу об историческом развитии понятия «Функциональная грамотность» в педагогической теории и практике // Наука о человеке: гуманитарные исследования. 2016. №1 (23).
3. Хусаинова Г. М. Қазақ тілі сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Педагогическая наука и практика. 2022. №3 (37).
4. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас негіздері: Оқулық.-Алматы: Print-S, 2005, - 147 б.
5. Даулетова Н. А. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тиімді әдістері: әдістемелік құралы. Атырау: 80 б.
6. Уразымбетова А. Б. Оқушылардың функциональдық сауаттылығын дамытуда тіл пәндерін оқытудың белсенді әдістері: әдістемелік құралы. Ақтөбе: «Өрлеу» Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының баспа бөлімі: 81 б.
7. Қапалбек Б.С., Жантасова С.Е., Мадиева Т.А., Омарова А.Д. Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – 2-басылым, өңделген, толықтырылған. – Алматы: «Мектеп», 2024. – 304 б.

# «ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ДАМУЫНА ӘСЕРІ»

*Павлодар педагогикалық университетінің студенті,*
***А. А. Абусейтова***
*ғылыми жетекшісі: ғылым магистрі*
***Сагнаева Г. А***

Аңдатпа. Бұл мақалада жасанды интеллект технологияларының мұғалімнің кәсіби дамуына тигізетін ықпалы қарастырылады. ЖИ құралдарының педагогикалық үдерістегі рөлі, мұғалімнің кәсіби құзыреттерін жетілдірудегі мүмкіндіктері және цифрлық білім беру ортасында мұғалім қызметінің өзгеруі талданады. Зерттеу нәтижелері ЖИ технологияларын тиімді пайдалану мұғалімнің әдістемелік шеберлігін арттыруға, жұмыс үдерісін оңтайландыруға және білім сапасын жақсартуға мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Аннотация.

В статье рассматривается влияние технологий искусственного интеллекта на профессиональное развитие учителя. Анализируются роль ИИ в педагогическом процессе, возможности повышения профессиональных компетенций педагога и трансформация деятельности учителя в цифровой образовательной среде. Результаты исследования показывают, что эффективное использование ИИ способствует совершенствованию методического мастерства, оптимизации работы и повышению качества образования.

Abstract. This article examines the impact of artificial intelligence technologies on teachers' professional development. It analyzes the role of AI in the educational process, its potential for enhancing teachers' professional competencies, and the transformation of teaching practices in a digital learning environment. The findings indicate that effective integration of AI can improve methodological skills, streamline teachers' workflow, and enhance the overall quality of education.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, мұғалім, кәсіби даму, педагогикалық құзырет, білім беру технологиялары

Ключевые слова: искусственный интеллект, учитель, профессиональное развитие, педагогическая компетентность, образовательные технологии

Keywords: artificial intelligence, teacher, professional development, pedagogical competence, educational technologies

Қазіргі білім беру жүйесі цифрлық трансформация мен технологиялық жаңғыру кезеңінде тұр. Жасанды интеллект (ЖИ) педагогикалық үдерістің тиімділігін арттыруға, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамытуға және сабақ беру сапасын жақсартуға мүмкіндік беретін негізгі құралдардың біріне айналды. Мұғалімнің кәсіби дамуы тек өз тәжірибесіне сүйеніп қана шектелмей, жаңа технологияларды меңгеру арқылы да жүзеге асады. ЖИ білім беру процесінде оқу материалын жеке оқушылардың қабілетіне бейімдеу, білімді бағалау мен талдау, сабақ жоспарын жасау сияқты міндеттерді атқара отырып, педагогтың кәсіби жұмысына жаңа серпін береді. Сонымен қатар, жасанды интеллект мұғалімге оқушылардың оқу траекториясын бақылауға, олардың әлсіз тұстарын анықтауға және нақты деректерге сүйене отырып оқыту әдістемесін жетілдіруге жағдай жасайды. Ақпаратты өңдеу мен сараптаудың жоғары

мүмкіндігі педагогке уақыт үнемдеп, шығармашылыққа, инновациялық әдістерді қолдануға, оқушылармен жеке жұмыс жүргізуге көбірек мүмкіндік береді.

ЖИ құралдары мұғалімнің үздіксіз кәсіби дамуын қолдайтын жаңа ортаны қалыптастырады. Мысалы, автоматтандырылған кері байланыс жүйелері, виртуалды тренажерлар, онлайн коучинг платформалары педагогтің кәсіби дағдысын жетілдіруге көмектеседі. Жасанды интеллект ұсыныстар беру, білім деңгейін талдау, жаңа білім берудің заманауи трендтерін таныстыру арқылы мұғалімнің білімін жүйелі түрде жаңартып отыруға ықпал етеді. Бұдан бөлек, ЖИ технологиялары мұғалімнің әдістемелік мәдениетін арттыруға, сабақтарды жоспарлауда шығармашылықпен қарауға, білім беру үдерісін деректерге негіздеп басқаруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде педагогтың кәсіби рөлін кеңейтіп, оны тек ақпарат жеткізуші емес, оқыту процесін ұйымдастырушы, инновациялық шешімдер қабылдаушы тұлға ретінде көрсетеді. Осылайша, жасанды интеллект мұғалім еңбегін жеңілдетіп қана қоймай, кәсіби дамудың жаңа перспективаларын ашады. ЖИ-ды тиімді қолдана білген педагог XXI ғасыр талаптарына сай, заман көшіне ілесетін бәсекеге қабілетті маманға айналады.

ЖИ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін жетілдіруде бірнеше негізгі бағыттарды қамтамасыз етеді. Біріншіден, сабақ жоспарын дайындау, оқушылардың білімін бағалау және сабақ нәтижелерін талдау дағдыларын жақсартады. Бұл мұғалімге әдістемелік шеберлігін арттыруға, оқыту процесінде тиімді стратегияларды қолдануға мүмкіндік береді. Екіншіден, уақытты үнемдеу аспектісі маңызды; мысалы, автоматтандырылған тестілеу жүйелері мен виртуалды ассистенттер педагогқа оқушы жұмысының нәтижелерін жедел бағалауға және кері байланыс беруге көмектеседі. Үшіншіден, аналитикалық құралдар мұғалімге оқушы жетістіктерін бақылап, проблемаларды алдын ала анықтауға мүмкіндік береді, бұл шешім қабылдау процесін жақсартады және оқыту сапасын арттырады. Сонымен қатар, ЖИ платформалары педагогқа жаңа әдістемелер мен технологияларды меңгеру арқылы кәсіби өсуге жол ашады, бұл педагогикалық тәжірибені кеңейтеді және шығармашылық әлеуетті арттырады. Жасанды интеллект мұғалімдер арасында кәсіби коммуникация мен өзара тәжірибе алмасуды жетілдіреді. Онлайн-жүйелер мен ЖИ негізіндегі ортақ платформалар педагогтарға бірлескен жобалар орындауға, оқу-әдістемелік материалдармен алмасуға және үздік халықаралық тәжірибелерді меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл мұғалімнің кәсіби қауымдастықпен байланысын күшейтіп, педагогикалық ой-өрісін кеңейтеді.

ЖИ құралдары мұғалімнің рефлексия жасау қабілетін арттырады. Оқыту нәтижелерін автоматты түрде талдау, сабақ тиімділігін бағалайтын метрикалар мен диаграммалар педагогке өзінің кәсіби әрекетіне сыни көзқараспен қарауға, әдістемелік қателіктерін түзетуге және үздіксіз жетіліп отыруға жағдай жасайды. Мұндай рефлексивті тәжірибе кәсіби дамудың

ажырамас бөлігіне айналады. Жасанды интеллект инклюзивті білім беруді қолдауда маңызды рөл атқарады. ЖИ оқушылардың жеке ерекшеліктеріне бейімделген тапсырмалар ұсына алады, арнайы білім беру қажеттілігі бар балалар үшін қолайлы цифрлық ортаны қамтамасыз етеді. Бұл мұғалімге әр оқушыға жеке көзқарас танытуға, оқытуда тең мүмкіндіктер жасауға көмектеседі. Осының бәрі жасанды интеллект технологияларының мұғалім кәсібін тек жеңілдетіп қана қоймай, оны сапалы жаңа деңгейге көтеретінін көрсетеді. ЖИ құралдарын жүйелі қолданған педагог педагогикалық процесті тиімді ұйымдастырып, оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймай, өзінің кәсіби шеберлігін де үздіксіз дамыта алады.

Педагогикалық тәжірибеде ЖИ әртүрлі формада қолданылады. Онлайн тестілеу жүйелері, адаптивті оқыту платформалары, білім беру аналитикасы және виртуалды ассистенттер сабақ тиімділігін арттырып, оқушыларға дербестендірілген білім беру мүмкіндігін ұсынады. Мұғалім бұл құралдарды қолдана отырып, әр оқушының жеке ерекшелігін ескере отырып, білім беру үдерісін оңтайландыра алады. Дегенмен, ЖИ енгізу барысында кейбір қиындықтар мен шектеулер де кездеседі. Технологиялық дайындық деңгейінің әртүрлілігі, педагогикалық тәжірибенің жеткіліксіздігі, жеке деректерді қорғау мәселелері мұғалімдердің ЖИ-мен тиімді жұмыс жасауына кедергі келтіруі мүмкін. Сондықтан мұғалімдерге кәсіби оқыту, ЖИ құралдарымен жұмыс жасау дағдыларын меңгеру, сонымен қатар этикалық аспектілерді сақтау маңызды болып отыр. Сонымен бірге, ЖИ технологияларын қолдану барысында мұғалімнің рөлі өзгеріске ұшырайды. Педагог тек білім жеткізуші емес, оқыту процесінің ұйымдастырушысы, бағыттаушысы және оқушылардың цифрлық ортада дұрыс бағдар алуына көмектесетін ментор рөлін атқарады. Бұл мұғалімнен жаңа кәсіби дағдыларды, цифрлық сауаттылықты, ақпараттық қауіпсіздік негіздерін және деректермен жұмыс істеу қабілетін талап етеді.

ЖИ-дың білім беру жүйесіне енгізілуі мұғалімдер үшін жаңа мүмкіндіктермен қатар, жауапкершілікті де арттырады. Әсіресе, оқушы деректерінің құпиялылығын сақтау, ЖИ қабылдаған шешімдерді сын тұрғысынан бағалау, технологиялық тәуелділіктен сақтану мәселелері маңызды мәнге ие. Мұғалім ЖИ ұсынған ақпаратты талдап, қажет жағдайда педагогикалық тұрғыдан түзетіп отыра алуы тиіс. Сондай-ақ, мектеп пен білім беру мекемелерінде инфрақұрылымның жеткілікті болуы, интернет жылдамдығы мен техника сапасының жоғары деңгейде қамтамасыз етілуі – ЖИ-ды тиімді пайдалану үшін негізгі шарттардың бірі. Инфрақұрылымдық мүмкіндіктер шектеулі болған жағдайда ЖИ құралдарының толық әлеуетін іске асыру қиынға соғады.

Жалпы алғанда, жасанды интеллектті білім беру процесіне енгізу – мұғалімнің кәсіби дамуына оң ықпал ететін маңызды үрдіс. Алайда бұл технологияларды тиімді қолдану үздіксіз кәсіби оқытуды, тұрақты тәжірибені және ақпараттық мәдениетті қажет етеді. ЖИ технологияларын

саналы және жауапкершілікпен қолдана алған педагог білім сапасын жаңа деңгейге көтеріп, өзінің кәсіби әлеуетін барынша жүзеге асыра алады.

**Мұғалімнің кәсіби дамуына жасанды интеллекттің әсерін айтатын болсақ, ең бірінші педагогикалық құзыреттіліктің кеңеюінде** ЖИ құралдарын қолдана отырып, мұғалім тек дәстүрлі оқыту әдістерін емес, қазіргі заманға сай инновациялық тәсілдерді меңгереді. Сандық платформалармен, адаптивті оқыту жүйелерімен жұмыс істеу мұғалімнің цифрлық сауаттылығын арттырып қана қоймай, оның ақпаратты талдау, оқу материалын құрылымдау және оқыту үдерісін жоспарлау қабілетін жетілдіреді. ЖИ негізіндегі деректерді өңдеу жүйелері педагогқа оқушының оқу қарқынын, үлгерім деңгейін, қызығушылықтарын терең зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде мұғалімнің кәсіби құзыреттерін кеңейтіп, педагогикалық шешімдерді дәл әрі деректерге сүйене отырып қабылдауға ықпал етеді.

**2. Жеке кәсіби даму траекториясын құру.** Жасанды интеллект педагогтің кәсіби қажеттіліктерін талдап, оның білім деңгейіне сай оқу бағдарламаларын автоматты түрде ұсына алады. Әртүрлі онлайн-курстар, тренингтер, вебинарлар, шеберлік сыныптары туралы ақпаратты жүйелеп, мұғалімге кәсіби даму бағыттарын нақты көрсетеді. Сонымен бірге, ЖИ мұғалімнің алдыңғы тәжірибесін, дағдыларын, қызығушылықтарын ескере отырып, жеке оқу траекториясын жасайды. Бұл педагогқа кәсіби міндеттерін тиімді жоспарлауға, жаңа құзыреттерді жүйелі түрде меңгеруге және үздіксіз дамуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде мұғалім өз саласындағы жаңалықтарды тұрақты қадағалап, бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптасады.

**3. Уақытты үнемдеу және тиімділікті арттыру.** Мұғалімнің күнделікті жұмысының бір бөлігі – тексеру, бағалау, құжат толтыру, сабақ жоспарын әзірлеу сияқты көп уақытты қажет ететін функциялар. ЖИ бұл міндеттерді автоматтандыру арқылы педагогке шығармашылық және оқушымен тікелей жұмыс жасауға қосымша уақыт береді. Тест генераторлары, автоматты бағалау жүйелері, дайын сабақ құрылымдарын ұсынатын цифрлық платформалар педагогтың жұмысын әлдеқайда жеңілдетеді. Сонымен қатар, ЖИ жүйелері оқушылардың қателерін талдап, қай тақырыпты меңгермегенін көрсетіп, мұғалімге нақты ұсыныстар береді. Мұның бәрі оқыту процесін тиімді ұйымдастыруға және нәтижелілікті арттыруға септігін тигізеді.

**4. Жаңа әдістемелерді меңгеру.** Жасанды интеллект мұғалімдерге XXI ғасырдың жаңа талаптарына бейімделуге көмектеседі. Мысалы, виртуалды білім беру ортасы, цифрлық симуляциялар, модельдеу бағдарламалары арқылы педагог оқу процесінде интерактивті әдістерді қолдануды үйренеді. Бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, мұғалімнің креативті ойлауына да ықпал етеді. ЖИ технологиялары проблемалық оқыту, жобалық жұмыс, зерттеушілік әдіс сияқты жаңа педагогикалық тәсілдерді жетілдіруге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, мұғалімдер жасанды интеллект арқылы оқу материалын визуализациялау, жеке оқу маршруттарын құру және деректерді талдау дағдыларын жетілдіреді.

**5. Оқыту процесінің тиімділігін талдау.** ЖИ оқыту процесін жан-жақты бақылауға мүмкіндік беретін талдау құралдарын ұсынады. Оқушының сабаққа қатысу белсенділігі, тапсырмаларды орындау жылдамдығы, қателескен сұрақтары сияқты деректер нақты диаграммалар мен есептер арқылы көрсетіледі. Мұғалім осы мәліметтерге сүйене отырып, оқу процесіндегі кемшіліктерді анықтап, оқыту әдісін дер кезінде өзгерте алады. Бұл педагогтың кәсіби рефлексия жасау қабілетін арттырып, оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес жеке стратегияларды таңдауға көмектеседі. Сонымен қатар, ЖИ мұғалімге ұзақ мерзімді нәтижелерді салыстырмалы түрде талдауға мүмкіндік беріп, білім сапасын жүйелі түрде арттыруға жағдай жасайды.

ЖИ технологияларын енгізу мұғалімдер үшін бірқатар артықшылықтармен қатар, белгілі қиындықтар мен тәуекелдерді де тудырады. Бұл факторларды елемеу білім беру процесіне кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан ЖИ-ды тиімді қолдану үшін осы мәселелерді алдын ала түсініп, оларды шешу жолдарын қарастыру маңызды.

**1. Технологиялық дағдылардың жеткіліксіз болуы.** Көптеген мұғалімдер үшін жаңа технологияларды меңгеру оңайға соқпайды. ЖИ жүйелерінің күрделілігі, әртүрлі функциялары мен интерфейстерін түсіну белгілі уақыт пен дайындықты талап етеді. Техникалық білімнің жеткіліксіздігі кейбір мұғалімдердің ЖИ құралдарын қолдануға деген сенімсіздігін арттырып, технологиядан алшақтауына себеп болуы мүмкін. Сондықтан тұрақты оқыту, арнайы тренингтер мен әдістемелік қолдау маңызды рөл атқарады.

**2. ЖИ жүйелеріне тәуелділік қаупі.** ЖИ көптеген процестерді автоматтандырған сайын, мұғалімнің технологияға шамадан тыс тәуелді болып қалу қаупі бар. Мұндай жағдайда педагогтың өз бетінше талдау жасау, шешім қабылдау, әдіс таңдаудағы шығармашылық қабілеті әлсіреуі мүмкін. Технология қателесуі немесе істен шығуы жағдайында мұғалімнің кәсіби дағдыларын өз бетімен қолдана білуі өте маңызды. Сондықтан ЖИ мұғалімнің орнына емес, оған көмекші құрал ретінде қарастырылуы тиіс.

**3. Деректер қауіпсіздігі мәселелері.** ЖИ жүйелері оқушылар мен мұғалімдер туралы үлкен көлемдегі деректерді жинайды, өңдейді және сақтайды. Бұл ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету – негізгі міндеттердің бірі. Деректердің сыртқа таралуы, үшінші тараптардың қолына түсуі немесе дұрыс сақталмауы сияқты қауіптер білім беру жүйесіне айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін. Сондықтан деректерді қорғау қағидаларын білу, қауіпсіздік саясатын сақтау және сенімді платформаларды қолдану аса маңызды.

**4. Педагогикалық адамгершілік құндылықтардың әлсіреу қаупі.** ЖИ құралдарын шектен тыс қолдану оқыту процесінің гуманистік сипатына

әсер етуі мүмкін. Мұғалім мен оқушы арасындағы тікелей қарым-қатынас – тәрбиелеу және оқытудағы басты құндылықтардың бірі. Технология бұл байланысқа міндетті түрде толыққанды балама бола алмайды. ЖИ-ға тым сүйену эмоционалды қолдаудың, адамгершілік тәрбиенің, тұлғааралық байланыстардың әлсіреуіне әкелуі мүмкін. Сондықтан мұғалім технологияны тиімді пайдалана отырып, адам мен адам арасындағы қарым-қатынастың маңызын жоғалтпауға тиіс.

Сонымен, кәсіби даму барысында мұғалім тек жасанды интеллектті қолдану дағдыларын меңгеріп қана қоймай, сонымен бірге оның этикалық нормаларын, деректерді қорғау қағидаларын, қауіпсіздік талаптарын және адамгершілік аспектілерін терең түсінуі қажет. Себебі ЖИ құралдарын сауатсыз пайдалану оқушылардың дербес деректерінің құпиялығына нұқсан келтіруі, академиялық адалдық принциптерінің бұзылуына әкелуі немесе оқу үдерісінде әділдікке қатысты мәселелер туғызуы мүмкін. Сондықтан педагог цифрлық ортадағы жауапкершілік деңгейін арттырып, технологияны қолдануда кәсіби этиканы сақтауы — қазіргі білім беру жүйесінің негізгі талабы.

Жасанды интеллект технологияларының тиімді интеграциясы мұғалімнің кәсіби дамуын қолдап, оқу материалын ұйымдастыру мен сабақ сапасын арттыруға зор мүмкіндік береді. ЖИ құралдары педагогқа оқыту үдерісін дараландыруға, оқушылардың білім деңгейін нақты әрі жедел талдауға, күрделі есептеулер мен аналитикалық жұмыстарды автоматтандыруға көмектеседі. Бұл мұғалімнің уақытын үнемдеп, оның әдістемелік ізденісіне, шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруына жағдай жасайды. Сонымен қатар, жасанды интеллект оқушылардың оқу мотивациясын көтеруге, интерактивті тапсырмалар мен жаңа форматтағы білім ресурстарын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Болашақта ЖИ педагог мамандығын жаңа деңгейге көтеретін негізгі құралдардың бірі болуы әбден мүмкін. Ол мұғалімнің кәсіби жүктемесін оңтайландырып, оқу үдерісінде ғылыми-талдамалық, зерттеушілік және шығармашылық бағыттарды күшейтеді. Осы себепті білім беру саласындағы педагогтер мен білім беру ұйымдары жасанды интеллектті тиімді енгізу стратегияларын зерттеп, оны оқу үдерісіне ғылыми тұрғыдан негіздеп енгізуге ерекше мән беруі тиіс. Тек осы жағдайда ғана ЖИ технологиялары оқу сапасын арттырып қана қоймай, мұғалімнің кәсіби дамуына нақты және ұзақ мерзімді үлес қоса алады.

## Пайдаланған әдебиеттер тізімі


1. Бәйтенова, Г. Ж., & Оралбекова, А. Е. Цифрлық білім беру: теориясы мен тәжірибесі. – Алматы: Білім, 2021.
2. Қаратаева, А. М. Педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытудағы цифрлық технологиялардың рөлі. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020.
3. Сағындықов, Е. Жасанды интеллект және оның білім беру саласындағы қолданылуы. – Алматы: Қазақ университеті, 2022.

4. UNESCO. Artificial Intelligence in Education: Challenges and Opportunities. – Paris: UNESCO Publishing, 2021.
5. Holmes, W., Bialik, M., & Fadel, C. Artificial Intelligence in Education. Center for Curriculum Redesign, 2019.
6. Luckin, R. et al. Intelligence Unleashed: An Argument for AI in Education. Pearson, 2016.
7. OECD. AI and the Future of Skills. OECD Education Working Papers, 2021.
8. Harvard Graduate School of Education. Teaching and Learning with AI: Ethical and Practical Guidelines. – Boston, 2022.
9. Әбдікерімова, З. Білім беру аналитикасы және деректермен жұмыс істеу. – Шымкент: Әлем, 2023.
10. Mushtaq, F. & Collins, H. AI-Enhanced Teaching Practices: Implications for Professional Development. – Journal of Digital Learning, 2020.

# МИКРО-ОҚЫТУ (MICROLEARNING) ӘДІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ

*Павлодар педагогикалық университетінің студенті,*
***А. А. Жумабек***
*ғылыми жетекшісі: ғылым магистрі*
***Сагнаева Г. А***

Аңдатпа. Бұл мақалада микро-оқыту (microlearning) әдісінің теориялық негіздері, педагогикалық мүмкіндіктері және қазақ әдебиеті пәнін оқытуда қолдану тетіктері қарастырылады. XXI ғасыр оқушысының қабылдау ерекшеліктеріне сәйкес қысқа, құрылымдалған, мобильді мазмұн беру тәсілдерінің тиімділігі талданады. Әдеби шығарманы бөліп-бөліп меңгерту, шағын оқу тапсырмалары, цифрлық контент түрлері және олардың оқу мотивациясына ықпалы тәжірибелермен салыстырыла сипатталады. Зерттеу нәтижесінде микро-оқытудың әдеби талдауда, мәтінмен жұмыс жасауда, оқушының дербес оқу дағдыларын дамытуда айтарлықтай пайдасы бар екендігі анықталды.

Аннотация. В статье рассматриваются теоретические основы микрообучения (microlearning), его потенциал и пути применения на уроках казахской литературы. Анализируются преимущества кратких, структурированных и мобильных учебных единиц, соответствующих особенностям восприятия учащихся XXI века. Описываются формы микрообучения в литературе: фрагментарное изучение текста, мини-задания, цифровые ресурсы и их влияние на мотивацию. Исследование показывает, что микрообучение эффективно в развитии самостоятельности учащихся, навыков анализа художественного текста и поддержании устойчивого интереса к чтению.

Abstract. This article examines the theoretical foundations of microlearning and its pedagogical potential in teaching Kazakh literature. It analyzes the effectiveness of short, structured, and mobile learning units that align with the cognitive characteristics of contemporary learners. Various applications of microlearning in literature classes—fragmented text study, micro-tasks, and digital content—are discussed in relation to their impact on students' motivation and independent learning skills. The findings indicate that microlearning significantly enhances text comprehension, analytical thinking, and sustained engagement in literary studies.

Түйін сөздер: микро-оқыту, microlearning, қазақ әдебиеті, цифрлық педагогика, мәтінді меңгерту, оқу мотивациясы.

Ключевые слова: микрообучение, microlearning, казахская литература, цифровая педагогика, освоение текста, учебная мотивация

Keywords: microlearning, Kazakh literature, digital pedagogy, text comprehension, learning motivation

Білім беру кеңістігі соңғы он жылдықта түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Ақпараттық ағынның шамадан тыс көбеюі, оқушының назар шоғырлануының қысқаруы, цифрлық құралдардың күнделікті өмірге енуі дәстүрлі оқыту үлгілерін қайта қарауды талап етіп отыр. Осындай жағдайда әлемдік педагогикада микро-оқыту (microlearning) әдісі кең тарала бастады. Бұл тәсіл оқу материалын қысқа, нақты, шағын бөліктерге бөліп, динамикалық форматта ұсынуға негізделеді.

Қазақ әдебиеті – мазмұны терең, көлемді шығармалардан тұратын пән. Әдебиетті меңгертуде мәтінді бөлшектеп талдау, оқушының мәтінге қызығушылығын арттыру, ақпаратты өңдеу жылдамдығын көтеру – қазіргі мектепте өзекті мәселелердің бірі. Осы тұрғыдан алғанда микро-оқыту әдісінің әдебиет пәніне үйлесімділігі мен тиімділігін арнайы зерттеу қажеттілігі туындайды. Бұл мақалада микро-оқытудың теориялық негіздері мен оқу процесіне ену жолдары сараланып, қазақ әдебиетін оқытудағы практикалық мүмкіндіктері жан-жақты сипатталады.

1. **Микро-оқытудың теориялық негіздері**
2. Микро-оқыту – оқу материалының шағын, ықшам, тез қабылданатын форматта берілуі. Оның негізгі белгілері:

– оқу бірлігі 2–7 минут аралығында болуы;
– нақты бір дағдыға бағытталуы;
– визуалдық, аудиовизуалдық контенттің басым болуы;
– мобильді құрылғыларда қолжетімді болуы;
– дербес оқу жылдамдығына қарай икемделуі

Зерттеушілер (Theo Hug, K. Thalheimer, B. Buchem және т.б.) microlearning-ді когнитивтік жүктемені азайтатын, ақпаратты есте сақтауды күшейтетін, оқушының белсенді қатысуын арттыратын әдіс ретінде қарастырады. Бұл тәсіл әсіресе Z және A буындарының қысқа форматтағы ақпаратты тез қабылдау ерекшелігіне сай келеді.

Микро-оқытудың теориялық негіздерін талдағанда оның тек қысқа форматтағы материал ұсынумен шектелмейтіні анық байқалады. Бұл әдіс ең алдымен оқыту психологиясына, жаңартылған педагогикалық парадигмаларға, моторлы және когнитивтік есте сақтау механизмдеріне сүйенеді. Қысқа уақыт ішінде ұсынылған ақпарат адам жадының жұмыс жадында оңай сақталып, тез талданып, ұзақмерзімді жадқа тиімді беріледі. Дж. Свеллердің когнитивтік жүктеме теориясы бойынша, көлемді әрі құрылымсыз ақпарат оқушыны тез шаршатып, қабылдау қабілетін әлсіретеді. Ал микро-оқыту бір жолғы жүктемені азайтып, ақпарат ағынын реттеп, оқу процесін табиғи когнитивтік шектерге бейімдейді.

Сонымен бірге микро-оқыту конструктивистік және коннективистік педагогикалық теориялармен де үйлеседі. Конструктивистік көзқарас оқушының білімді өз әрекеті арқылы, жеке тәжірибе арқылы игеруін басты мақсат ретінде қояды. Микроформаттағы тапсырмалар дәл осы жеке әрекетті жиілетіп, білімді біртіндеп құрастыруға мүмкіндік береді. Ал коннективизм (Дж. Сименс, С. Даунс) цифрлық кеңістікте білімнің желілік сипатқа ие болатынын атап көрсетеді. Микро-контенттер – желі ішінде еркін таралатын, кез келген платформада қолжетімді шағын білім бөлшектері. Бұл бүгінгі оқушының ақпаратты іздеу, сұрыптау, қайта пайдалану дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Микро-оқытудың теориялық негіздерінің бірі – оқу мотивациясын басқару. Қысқа тапсырмалар оқушыға жылдам нәтиже көруге жағдай жасайды, бұл өз кезегінде өзін-өзі тиімді сезіну деңгейін арттырады. Тапсырманың қай бөлімін орындаса да, оқушы бірден «жолдама жетістік» сезімін бастан кешіреді. Мұндай эмоционалдық фактор сабаққа деген ішкі қызығушылықты күшейтеді.

Сонымен қатар микро-оқыту білімнің модульдік құрылымын күшейтеді. Әрбір микробөлік — өз алдына шағын оқу бірлігі, бірақ барлығы бірігіп үлкен оқу мақсатына қызмет етеді. Бұл жүйе әсіресе әдебиет пәнінде маңызды, себебі әдебиеттің үлкен мәтіндерін тұтас бірлікте қабылдау көп оқушы үшін оңай емес. Мәтінді микробөлшектерге бөлу оқушының ойлау процестерін кезең-кезеңмен тереңдетуге мүмкіндік береді: алдымен детальды көреді, кейін контекстіні байқайды, ең соңында авторлық идеяға өтеді. Микро-оқыту теориясы бүгінгі білім беру философиясындағы тағы бір өзекті ұстаныммен — дербестендірумен сәйкес келеді. Әр оқушының оқу жылдамдығы, қабылдау арналары, қызығушылығы әртүрлі. Микро-контентті кез келген уақытта ашып оқу, жылдам қайталау, жеке қарқынмен орындау — оқушының дербес оқу траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осылайша микро-оқытудың теориялық базасы тек дидактикалық әдіс ретінде ғана емес, қазіргі білім берудегі психологиялық, цифрлық, әлеуметтік өзгерістерге жауап беретін жан-жақты педагогикалық концепция ретінде қарастыруға негіз береді.

**2. Қазақ әдебиеті пәнінің ерекшелігі және микро-оқыту қажеттілігі**

Қазақ әдебиетінде көлемді шығармалар мен күрделі мәтіндер көп. Мысалы, “Абай жолы”, “Қыз Жібек”, “Қобыланды батыр”, Мағжан поэзиясы, Шәкәрім философиясы – оқушыдан жоғары деңгейдегі қабылдау мен сараптау қабілетін талап етеді.

Бірақ қазіргі оқушының:

– мәтінді ұзақ уақыт бойы үздіксіз оқу қарқыны төмен;

– назар шоғырлануы қысқа;

– визуалды ақпаратқа тәуелділігі жоғары;

– ақпаратты бөліп-бөліп қабылдау дағдысы басым.

Сондықтан әдебиетті шағын бөліктерге бөліп талдау, фрагменттермен жұмыс істеу, микротапсырмалар беру – оқыту сапасын арттыратын тиімді жолдардың бірі.

Қазақ әдебиеті – мазмұндық тереңдігі, тілдік байлығы, образдық күрделілігі жоғары пәндердің бірі. Оның табиғаты тек көркем мәтінді түсіндірумен шектелмейді; әдебиет сабақтары оқушыны ойландыруды, салыстыруды, интерпретация жасауды, эмоциялық қабылдауды және мәдени-рухани құндылықтарды сезінуді талап етеді. Осындай көпқабатты құрылым әдебиетті оқытудың әдіснамасына да ерекше талап қояды. Алайда қазіргі білім алушылардың психологиялық және әлеуметтік портреті дәстүрлі тәсілдермен жете үйлесе бермейді.

2.1. Қазіргі оқушының қабылдау ерекшелігі

Z және Alpha буындарының қабылдау жылдамдығы жоғары болғанымен, назар шоғырлану ұзақтығы қысқа. Олар ақпаратты үздіксіз емес, бөлшектеп қабылдауға бейім. Бұл буын үшін мәтінді бірден тұтас көлемде оқып шығу — қиындық тудыратын процесс. Қазіргі зерттеулер оқушылардың 70%-ы ұзақ мәтінді толық оқу барысында назарын жоғалтатынын, ал қысқа фрагменттермен жұмыс істегенде оқу тиімділігі жоғарылайтынын көрсетеді. Осы тұрғыдан микро-оқыту әдебиет сабағында «көп көлем – аз нәтиже» қағидасынан «аз көлем – нақты нәтиже» қағидасына көшуге мүмкіндік береді.

2.2. Көлемді көркем шығармалардың құрылымдық күрделілігі

Қазақ әдебиетіндегі эпикалық жанрлар, роман, поэма, тарихи шығармалар — логикалық жағынан бірнеше желіге бөлінетін күрделі мәтіндер. Мысалы, «Абай жолындағы» көпқабатты сюжеттер, «Қобыланды батыр» жырының эпизодтық құрылымы, Мағжан мен Шәкәрім поэзиясындағы астарлы образдар оқушыдан жоғары деңгейдегі аналитикалық дағдыны талап етеді. Егер мәтін алдын ала шағын мағыналық бөліктерге бөлінбесе, оқушы жалпы көріністі қабылдай алмайды және мағыналық тұтастықты жоғалтады.

Микро-оқыту бұл жерде мәтінді сатылай талдаудың табиғи құралына айналады:

– алдымен көркем деталь,

– кейін эпизод,

– одан соң сюжет,

– ең соңында идея мен автор позициясы ашылады.

Бұл тәсіл әдебиеттің күрделілігін жеңілдетіп қана қоймай, оқушының ойлау жолын анық жүйелейді.

2.3. Уақыт тапшылығы және сабақ мазмұнының тығыздығы

Апталық сағат санының азаюы, оқу бағдарламасының көлемділігі мұғалімге қысқа уақыт ішінде мол ақпарат беру міндетін жүктейді. Әдебиетте әр сабақта автор өміріне тоқталу, мәтінді түсіндіру, талдау, шығармашылық жұмыс секілді бірнеше кезең бар. Мұндай жағдайда сабақтың уақыттық құрылымын қайта қарау — міндет. Микро-оқыту

мұғалімнің уақытын тиімді ұйымдастырып, сабақ мазмұнын қысқа да нық форматта ұсынуға мүмкіндік береді.

2.4. Көрнекілік пен цифрлық мазмұнға сұраныстың артуы

Қазіргі оқушы визуалды ақпаратты сөздік ақпаратқа қарағанда тез қабылдайды. Әдебиет пәнінде образды, сюжет динамикасын, тарихи контексті визуалды түрде көрсету — оқу процесін жеңілдетеді. Микро-оқыту барысында қолданылатын 1–2 минуттық бейнематериалдар, инфографика, қысқа анимациялар – үйренудің табиғи компонентіне айналып отыр. Бұл әдіс оқушының ішкі мотивациясын да, пәнге деген қызығушылығын да күшейтеді. 2.5. Оқушының дербес оқу траекториясын қалыптастыру қажеттілігіӘдебиетті оқу кезінде оқушылардың түсіну деңгейі әртүрлі: кейбірі мәтінді тез саралайды, ал кейбірі негізгі ойды табу үшін қосымша уақыт қажет етеді. Микро-оқыту бұл айырмашылықтарды теңестіреді:

– тапсырманы әркім өз қарқынымен орындайды;

– қажет болған жағдайда микробөлікті қайта қарауға мүмкіндік бар;

– күшейтілген жеке оқу режимі пайда болады.

Бұл оқушылардың дербестік дағдыларын дамытуға, өз оқуын өзі реттеуге үйретуге ықпал етеді.Микро-оқытуды қазақ әдебиеті пәніне енгізудің тиімділігі тек оқу материалының ықшамдалуымен шектелмейді. Бұл тәсіл оқу үдерісін қайта құрудың жаңа парадигмасын қалыптастырады: мұғалімнің дәстүрлі түсіндіруші рөлі біртіндеп бағыттаушы, фасилитатор рөліне ауысып, оқушы белсенді субъект ретінде көріне бастайды. Әдебиеттің күрделі әлемін бірден түгел қамту мүмкін емес, ал микромодельдер сол әлемге кіруді жеңілдететін, оқушының жеке оқу тәжірибесін қалыптастыратын сатылы баспалдақ қызметін атқарады.

Сонымен қатар микро-оқытудың мәні тек жеңілдету емес, оқу сапасын тереңдету екенін атап өткен жөн. Шағын тапсырмалар арқылы оқушы бір детальге, бір образға немесе бір сюжет желісіне ерекше назар аударады. Бұл әдеби талдауды механикалық сипаттан арылтып, саналы талқылауға, дербес ой айтуға жетелейді. Көлемді шығармалардың астарындағы философиялық, моральдық және ұлттық құндылықтарды ашу да микроталдаулар арқылы кезең-кезеңмен жүзеге асады.

Қазіргі кезеңдегі білім беру саясатында цифрлық трансформацияға ерекше мән беріліп отырғаны белгілі. Осы тұрғыда микро-оқыту цифрлық платформалармен табиғи үйлесетін әдіс ретінде артықшылыққа ие. Оқушылардың смартфон, планшет, онлайн-платформаларды жиі қолдануы әдебиетке деген қызығушылықты арттырудың жаңа жолдарын ашып отыр. Мәселен, бір минуттық түсіндірме видео, мағыналық қысқа карточкалар, кейіпкерлердің мінез-құлқын микробөлік арқылы салыстыру сияқты тапсырмалар оқушының күнделікті цифрлық тәжірибесіне жақын келеді. Бұл сабақтағы белсенділікке ғана емес, сабақтан тыс уақытта да әдеби материалмен үнемі байланыста болуға мүмкіндік береді.

Микро-оқытудың тағы бір маңызды артықшылығы – теңгерімділік. Бір сыныпта оқу қарқыны әртүрлі оқушылар отыратыны белгілі. Қарапайым деңгейдегі оқушы үшін қысқа көлемдегі ақпарат түсінуді жеңілдетсе, жоғары деңгейлі оқушы микротапсырмаларды терең өңдеп, қосымша зерттеу жасауға көшеді. Осылайша микро-оқыту барлық оқушының қажеттілігіне бірдей жауап бере алатын икемді жүйеге айналады. Сонымен бірге микро-оқыту мұғалімнің кәсіби дамуына да тікелей әсер етеді. Әдеби материалды бөлшектеп ұсыну, қысқа тапсырмаларды құрастыру, негізгі ойды даралау – мұғалімнен жоғары деңгейдегі әдістемелік сауаттылықты талап етеді. Бұл шығармашылық ізденісті күшейтіп, жаңа форматтағы оқу ресурстарын дайындауға ынталандырады.

Осы айтылғандарды қорытындылай келе, микро-оқытуды қазақ әдебиеті пәніне жүйелі енгізу – тек уақыт талабы емес, оқыту процесін жаңаша құрудың стратегиялық бағыты. Ол оқушының оқу дағдысын, мәтінді түсіну мәдениетін, талдау қабілетін дамытып қана қоймай, әдебиетті қабылдаудың жаңа, тиімді әрі қолжетімді моделін қалыптастырады. Микро-оқытудың әдістемелік әлеуетін тереңірек зерттеу, оны оқу бағдарламасына кіріктіру, мұғалімдерге арналған арнайы нұсқаулықтар даярлау алдағы ғылыми-практикалық жұмыстардың өзекті бағыттарының бірі болмақ.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Жанпейісова, С. Интерактивті оқыту әдістемесі. – Астана: Білім, 2019.
2. Қоңыратбаева, Қ. «Қазақ әдебиетін оқытудың заманауи әдіснамалық негіздері». // Қазақ университеті хабаршысы. – 2021. – №3. – 72–79-б.
3. Мұханбетжанова, А. Цифрлық білім беру ортасы және жаңа әдіс-тәсілдер. – Алматы: Қазақ университеті, 2022.
4. Бегалинов, А. «Оқу үдерісінде шағын бөлшекті тапсырмаларды қолдану мүмкіндіктері». // Педагогика және психология. – 2020. – №4. – 60–66-б.
5. Mayer, R. E. Multimedia Learning. – Cambridge: Cambridge University Press, 2021.
6. Hug, T. “Microlearning: A New Pedagogical Challenge.” // Journal of Educational Technology & Society, 2017, 19(4), pp. 11–24.
7. Buchem, I., & Hamelmann, H. “Microlearning and Mobile Learning: New Directions for Teaching Literature.” // International Journal of Mobile Learning, 2018.
8. Clark, D. Microlearning: Short and Sharp Learning Experiences. – London: Kogan Page, 2019.
9. Thalheimer, W. “Microlearning: Research-Based Definition and Efficacy.” // Work-Learning Research Review, 2018.
10. Allen, M. The Microlearning Guide to Microlearning. – ATD Press, 2020.
11. Хамитова, Г. «Қазақ әдебиетін оқытуда шағын мазмұнды тапсырмаларды қолданудың тиімділігі». // Қазіргі педагогика. – 2022. – №2. – 44–50-б.
12. Тұрсынбек, Н. «Микро-оқыту әдісін әдеби талдау барысында қолдану». // Ұлт тәрбиесі. – 2023. – №1. – 30–35-б.
13. OECD. Digital Education Outlook 2021: Microlearning and Modular Learning Pathways. – Paris: OECD Publishing, 2021.
14. Hartnett, M. “Optimising Student Engagement through Microlearning Strategies.” // Educational Technology Research and Development, 2020.

15. Сейітова, Б. «Білім берудегі қысқа форматты оқу материалдарының психологиялық артықшылықтары». // Психология және өмір. – 2021. – №3. – 18–25-б.
16. Molenda, M. “Instructional Design and Microlearning: Theoretical Connections.” // E-Learning Review, 2019.
17. Mansyur, A. “Microlearning Implementation in Language and Literature Classes.” // International Journal of Instructional Technology, 2020.
18. Қадырова, Ә. «Қазақ әдебиетін оқытуда видеоқысқа форматтарды пайдалану тәжірибесі». // Білім берудегі инновациялар. – 2022. – №4. – 57–63-б.
19. Sun, P. “Short-Form Digital Content and Microlearning Impact on Student Memory Retention.” // Computers & Education, 2021.
20. UNESCO. Future of Education Report: Modular and Microlearning Systems. – Paris, 2020.

# ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАННЫҢ ӨНЕРПАЗДАР ЖАЙЫНДАҒЫ ЖАЗБАЛАРЫ

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің 3 курс студенті:* **Б. Б. Жұмаш**
*Ғылыми жетекшісі:Филология ғылымдарының докторы, Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің профессоры*
***С.Н.Сүтжанов***

***Аңдатпа***: Бұл мақалада қазақтың көрнекті ғалымы Әлкей Марғұланның еңбектері негізінде қазақтың дәстүрлі өнер өкілдері — Жаяу Мұса мен Ақан серінің өмірі мен шығармашылығы талданады. Өнерпаздардың қазақ қоғамындағы орны, рухани мәдениетке қосқан үлесі және айқындалады. Зерттеу нәтижесінде Марғұлан еңбектерінің қазақ мәдени мұрасын жүйелеудегі рөлі мен өнерпаздар шығармашылығының ұлттық құндылықтарды сақтаудағы маңызы көрсетіледі.

***Түйін сөздер***: Өнерпаздар, қазақ мәдениеті, рухани құндылықтар, мәдениет, тарих, дәстүрлі өнер.

***Аннотация***: В данной статье на основе трудов выдающегося казахского ученого Алькея Маргулана анализируются жизнь и творчество представителей традиционного казахского искусства — Жаяу Мусы и Акана сери. Определяются место деятелей искусства в казахском обществе, их вклад в духовную культуру. В результате исследования показана роль трудов Маргулана в систематизации казахского культурного наследия и значение творчества деятелей искусства в сохранении национальных ценностей.

***Ключевые слова*:** деятели искусства, казахская культура, духовные ценности, культура, история, традиционное искусство.

***Annotation***: In this article, based on the works of the prominent Kazakh scholar Alkey Margulan, the life and creative work of representatives of traditional Kazakh art — Zhayau Musa and Akan seri are analyzed. The place of artists in Kazakh society and their contribution to spiritual culture are defined. As a result of the research, the role of Margulan’s works in systematizing Kazakh cultural heritage and the importance of the creative work of artists in preserving national values are shown.

***Keywords*:** artists, Kazakh culture, spiritual values, culture, history, traditional art.

Кіріспе

Әлкей Марғұланның қазақ өнерпаздарына, өнер иелеріне арналған жазбалары қазақ мәдениетінің тарихын зерттеудегі маңызды еңбектердің бірі болып табылады. Ол қазақ халқының салт-дәстүрі мен рухани құндылықтарын бейнелейтін өнерпаздардың өмірі мен шығармашылығына назар аударып, олардың мәдениет пен өнердің дамуына қосқан үлесін терең зерттеген. Әлкей Марғұланның еңбектерінде қазақтың әйгілі өнерпаздары – ақындар, күйшілер, жыршылар, әншілер мен сал-серілер халық мәдениетінің тірегі және рухани байлығы ретінде қарастырылады. Ол өнерпаздардың шығармаларын тек қана өнер туындылары ретінде қарастырмай, олардың халықтың тарихи жадысы мен өмір салтының бір бөлігі екенін атап көрсетті. [1]. Сонымен қатар, Марғұлан бұл тұлғалардың өнерін, олардың әндері мен күйлерін зерттей отырып, қазақ қоғамындағы әлеуметтік жағдайлар мен ұлттық сипаттардың бейнеленуін көрсетті. Марғұланның зерттеулері қазақтың мәдени мұрасын сақтап, оны ғылыми негізде жүйелеуге көмектесті. Мысалы, ол қазақ өнерпаздарының шығармашылығында бейнеленген тарихи оқиғалар мен халықтың басынан кешкен ауыртпалықтарды сипаттады. Мұның нәтижесінде халықтың өткені мен ұлттық болмысы айқындала түсті. Марғұланның еңбектерінде Жаяу Мұсаның шығармашылығында бейнеленген әлеуметтік әділетсіздік мәселесі кеңінен қарастырылады. Жаяу Мұса өз заманының қиыншылықтарын, бай мен кедей арасындағы теңсіздікті әндерінде ашық жеткізген. Жаяу Мұсаның шығармашылығы арқылы Марғұлан қазақ халқының шынайы болмысын, сол кездегі әлеуметтік тәртіптің әділетсіздігін сипаттады. Ал Ақан Серінің әндері арқылы сол заманның әлеуметтік жағдайларын, халықтың мұң-мұқтажын, өмір сүру салтын және табиғатқа деген сүйіспеншілігін терең түсінді. Ол Ақанның шығармашылығындағы лирикалық бағытты ерекше атап өтіп, оның махаббат, достық, сұлулық туралы әндерінің қазақ поэзиясы мен музыкасының шоқтығын биіктеткенін көрсеткен. Ақан Серінің «Құлагер» әні туралы жазғанда, Әлкей Марғұлан бұл шығарманы қазақ халқының әлеуметтік және рухани өмірінің айнасы ретінде қарастырды. Құлагер тұлпарының тағдыры арқылы Ақан замандағы әділетсіздік пен зорлық-зомбылықты шебер жеткізді. Марғұлан бұл әнді қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын, бай мен кедей арасындағы қарым-қатынасты талдау үшін маңызды дерек ретінде бағалаған. Марғұланның зерттеулері қазақтың мәдени мұрасын сақтап, оны ұрпаққа жеткізуге ғана емес, сонымен қатар қазақ мәдениетін жаһандық деңгейде танытуға ықпал етті. Оның еңбектері қазақ халқының рухани байлығының, тарихының және мәдениетінің қазынасы ретінде маңызды орынды иеленеді.

Негізгі бөлім

Жаяу Мұса – қазақ даласында танымал болған әнші-сері. Ол тек өнерімен ғана емес, әділеттілік пен еркіндік жолындағы күресімен де ерекшеленеді. Жаяу Мұса өз заманындағы қоғамға сын көзбен қарап,

әділетсіздікті жоюды аңсаған. Қарапайым халықтың мұң-мұқтажын қорғау жолында күресіп, өмірін осы мақсатқа арнаған. Жаяу Мұсаның азаматтық ұстанымы мен ерлігін халық жырлары мен тарихи мәліметтер сипаттайды. Оның өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер халық аузында, архив құжаттарында және өзінің жазған дәптерлерінде сақталған. Халық жырында Жаяу Мұсаның әділетсіздікке қарсы күресі былай бейнеленеді:

Бұл Жаяу өнерімен дүние кезген,
Алдағы болашақтың бәрін сезген.
Қақ суын қабандарға қарсы тұрып,
Өсірмей бұл сорлыны таптап езген. [2,105 б.].

Әлкей Марғұлан зерттеулерінде Жаяу Мұсаның өміріне қатысты еңбектер көп болғанымен, олардың көпшілігі нақты деректерге емес, жорамалдарға негізделетіні айтылады. Осыған байланысты оның өмір жолын жан-жақты әрі нақты деректер арқылы зерттеу әлі де маңызды. Ғалымның еңбегінде Б.Г. Ерзакович, З. Қоспақов және Ахмет Жұбанов сияқты ғалымдар архив материалдарына сүйене отырып, жаңа мәліметтерді ғылыми айналымға енгізгені көрсетіледі [2, 105 б. ]. Деректерде Жаяу Мұсаның патша үкіметі өкілдерімен қарым-қатынасы туралы құжаттар да кездесетіні айтылған. Мысалы, генерал-губернаторлар Колпаковский мен Казнаков оның ісін тексеруді бұйырған [1, 107 б. ]. Бұл жағдай оның сол кезеңдегі қоғамдық белсенділігін дәлелдейді деп пайымдауымызға болады. Сондай-ақ, Жаяу Мұсаның сауатты болғаны және өзінің өмірі туралы естеліктерді жазып отырғаны көрсетіледі. Оның 1879–1925 жылдар аралығында жазылған бес дәптері бар екені, әсіресе 1879 жылғы алғашқы дәптерінің құнды екені атап өтіледі [1, 107 б. ]. Бұл жазбаларда 1850–1880 жылдар аралығындағы өмірі қамтылғаны көрсетілген. Жалпы, оның өміріне қатысты деректер Қазақстан мен Омбы архивтерінде сақталғаны айтылады. Менің ойымша, бұл құжаттар Жаяу Мұсаның халық мүддесін қорғаудағы рөлін және әкімшілік билікпен күресін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Ғалым Жаяу Мұсаның өмір жолын тек өнерпаздық қырынан ғана емес, оның әлеуметтік, рухани қалыптасуымен тығыз байланыста қарастырады. Жаяу Мұсаның өмірі – әділеттілік пен еркіндік үшін күрестің жарқын үлгісі. Оның әндері, естеліктері мен тарихи деректері қазақ мәдениетінің баға жетпес мұрасы болып қала береді. Бірақ, өкінішке орай, оның өмірі мен шығармашылығы туралы көптеген мәліметтер әлі де толық зерттелмеген және архивтерде сақтаулы. Жаяу Мұсаның тұлғасын тереңірек зерттеу болашақ ұрпақ үшін маңызды міндет десекте артық айтпаймыз.

Әлкей Марғұланның көрсетуінше Жаяу Мұсаның өмірі мен шығармашылығы: Білімге деген құштарлық пен қоғамдық қызметі жайында айтар болсақ, Жаяу Мұсаның 1842-1852 жылдар аралығында алған білімінің маңызы зор болды. Ол осы кезеңде ауыл мектебінде оқып, арабша жазуды еркін меңгерді. Бұл оның болашақтағы білім жолының бастауы болды. Оның арабша хат танып, сауатты жазуы — оның рухани дамуына әсер еткен маңызды кезеңдердің бірі. Жаяу Мұсаның білім алуына ағасы Тайжан молда

үлкен ықпал етті. Тайжанның молдалық дәрісіне қатысуы арқылы Мұса тек діни емес, жалпы интеллектуалдық даму тұрғысынан да көп білім алды. Тайжан молданың әсерімен араб жазуын меңгеру Жаяу Мұсаның кейінгі жылдардағы оқуына және сауатын ашуына негіз болды. Мұсаның болашақта орыс тілін үйренуге деген құштарлығы мен оқуға деген талпынысы осы кездерде қалыптасты. Бұл кезеңде ол өз ойын қағаз бетіне түсіруде қиындық көрмей, сауатты жазуды меңгерді. Осының арқасында ол кейінгі уақытта білім жолындағы үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Бұл білімге деген құштарлық, білім алу мен өзін-өзі дамытуға деген ұмтылыс оның болашақтағы тұлға ретінде қалыптасуына ықпал еткен негізгі алғышарттардың бірі болды. Жаяу Мұсаның жас кезіндегі білімге деген құштарлығы оның кейінгі өмірінде үлкен рөл атқарды [2, 115 б. ].

Жаяу Мұсаның балалық шағы қиын болды. Үш жасында анасы Нақыстан айырылып, тағдыр оған ауыр сынақтар әкелді. Анасының қайтыс болуынан кейін, ол өгей шешенің қолына қарайтын болды. Бұл жағдай оның өміріндегі ең ауыр кезеңдердің бірі болды, бірақ мұндай қиындықтарға қарамастан, оның өміріне қолдау көрсеткен туыстары болды. Ағасы Тайжан мен енесі Сәтбала Жаяу Мұсаны қамқорлығына алып, жетімсіретпей өсірді. Тайжан ағасы оның оқуына, тәрбие алуына ерекше мән беріп, білімге деген ынтасын арттыруға барлық жағдайды жасады. Оның тәрбиесі мен білімі үшін Тайжанның ықпалы үлкен болды. Ол ағасының тәрбиесінде ғана емес, сонымен қатар ағасының берген моральдық қолдауынан да көп нәрсені үйренді. Туыстарының осы қолдауы мен қамқорлығы Жаяу Мұсаның ерік-жігерін нығайтты және оған қиындықтарға қарсы тұруға, өз мақсатына жету үшін күресуге мүмкіндік берді. Оның бойындағы жігер мен мықты ерік-жігер осы кезеңдерде қалыптасты, ал кейінгі өмірінде осы қасиеттер оны үлкен тұлғаға айналдырды [2, 117 б. ].

Ғалым еңбегінде Жаяу Мұсаның өміріндегі бетбұрысты кезеңдердің бірі ретінде оның Қызылжарға сапары айтылады. 16 жас шамасында ол Аягөзден Қызылжарға бара жатқан сауда керуенімен ілесіп, білім мен өнерін жетілдіру мақсатында бұл қалаға аттанды. Ағасы Тайжан оған Қызылжарға барып оқып, өнер үйренуге кеңес беріп, сол уақытта оған үлкен қолдау көрсеткен. Қызылжарға барған жылы нақты белгілі болмаса да, оның шамамен 1852-1854 жылдар аралығында болғаны болжанады. Бұл сапар Жаяу Мұсаның өмірінде үлкен бетбұрыс еді. Қызылжарға келген соң, ол ағасы Көкшенің үйінде тұрып, білім алуын жалғастырды. Бұл жерде ол он жылдай уақытын өткізіп, көп нәрсеге үйренді [2, 122 б. ].

Қызылжардағы бұл кезең Жаяу Мұсаның шығармашылық және интеллектуалдық тұрғыдан дамуына маңызды әсерін тигізді. Сонымен қатар, ол осы кезеңде орыс тілін меңгеріп, өзінің білімін арттыруға ерекше мән берді. Көкшенің үйінде болған кезінде, Жаяу Мұса өзінің келешек өміріне қажетті дағдылар мен білімдерді меңгеріп, одан әрі өз өнерін дамытуға дайын болды.

Қызылжарда Жаяу Мұса білім алу барысында маңызды жетістіктерге қол жеткізді. Ол сол кезде қалада болған түрлі мектептер мен оқу орындарында білім алған болуы мүмкін, алайда нақты қай оқу орнында оқығаны туралы мәлімет жоқ. Алайда оның орыс тілін еркін меңгергені және орысша хат танығаны даусыз. Жаяу Мұса 1924 жылы өз естеліктерінде: «Қызылжарда Көкшенің үйінде тұрып, орысша оқыдым», – деп айтқан болатын. Бұл оның сол қалада орыс тілін үйренуге көп көңіл бөлгенін көрсетеді. Жаяу Мұсаның орыс тілінде сауатты жазуы мен сөйлеуі оның жазған хаттарынан, ресми арыз-өтініштерінен көрініп тұр. Ол тек қазақша ғана емес, орысша да өз ойын еркін жеткізе білген, бұл оның білім мен сауаттылық деңгейінің жоғары болғанын дәлелдейді. Қызылжарда алған білім мен тәжірибе Жаяу Мұсаның қоғамдағы озық идеяларды қабылдауына, шығармашылығы мен өнеріне жаңа бағыттар қосуына мүмкіндік берді. Оның бұл кезеңдегі білімділігі мен ой-өрісі оны тек білімді адам ғана емес, сонымен қатар жаңа идеяларды қабылдай алатын тұлға етіп қалыптастырды. Жаяу Мұсаның Қызылжарда алған білімі тек жеке өміріне ғана емес, қоғамға да үлкен пайда әкелді. Оның орыс тілін жақсы меңгергені және сауаттылығы қазақ қоғамында кең танылды. Ол жазған арыз-шағымдарда өз мүддесін қорғап қана қоймай, әділетсіздікке ұшыраған басқа адамдардың да мүддесін қорғаған. Мысалы, Бибас есімді туысы арқылы Жаяу Мұса көптеген адамдардың арыздарын жазып, олардың мәселелерінің дұрыс шешілуіне ықпал еткен [2, 125 б. ].

Ғалым Әлкей Марғұлан Жаяу Мұсаның қоғамдық қызметі оның білімділігі мен әділдігі арқылы қазақ даласында әлеуметтік өзгерістерге әсер еткендігін айтады. Оның қайраткерлігі мен қоғамға қосқан үлесі ағартушылық идеялардың таралуына себеп болды. Жаяу Мұсаның жоғары білімі мен ақыл-парасаты өз заманындағы билік иелерінің назарын аударып, оның беделін арттырды. Оның әлеуметтік әділеттілікке ұмтылысы мен халықтың жағдайын жақсартуға бағытталған іс-әрекеттері оған халықтың арасында құрмет пен танымалдық әкелді.

Жалпы, Жаяу Мұсаның өмір жолы – білімге деген құштарлықтың, жақындарының қолдауының және өз еңбегі мен талпынысының жемісі. Оның өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі Қызылжардағы білімі мен оқуымен байланысты. Қызылжарда өткізген уақыты оның шығармашылық, рухани, әрі қоғамдық тұлға болып қалыптасуына үлкен ықпал етті.

Қызылжардағы білім алу оның қазақ мәдениетінің озық идеяларын қабылдауға және оны дамытуға деген ықыласын арттырды. Орыс тілін меңгеріп, сауатты жазып, өзінің көзқарасын ашық білдіре алатын деңгейге жетті. Бұл оның тек жеке тұлға ретінде емес, қоғамдағы маңызды қайраткер болып қалыптасуына жол ашты. Жаяу Мұсаның шығармашылық қабілеті мен білімге деген талпынысы қазақ халқының мәдениеті мен білімінің дамуына ықпал етті, ал оның қоғамдық қызметі әлеуметтік әділеттілікке ұмтылу мен ағартушылық идеяларды кеңінен таратуға бағытталды.

Қазақтың ұлы ғалымы Әлкей Марғұлан өз еңбектерінде ұлттық өнердің көрнекті өкілдерін терең зерттеп, олардың өмірі мен шығармашылығын тарихи-мәдени тұрғыда талдайды. Оның Өнерпаздар жайындағы жазбаларында ерекше орын алатын тұлғалардың бірі – Ақан сері Қорамсаұлы. Ғалым Ақан серіні тек әнші-композитор ретінде ғана емес, қазақ қоғамындағы эстетикалық талғамды қалыптастырған, серілік дәстүрдің жарқын өкілі ретінде қарастырады.

Ақан Сері, шын аты Акжігіт, қазақтың атақты ақындары мен композиторларының бірі. Оның өмірі мен шығармашылығы қазақ әдебиеті мен музыкасының алтын қорына қосылған үлкен мұра.

Ақан Сері 1843 жылы Көкшетау өңіріндегі Қоскол ауылында дүниеге келген. Оның әкесі Қорамса, анасы Жаңыл, бауырлары Наршеккен, Қарқынбай, Құрамса болған. Ақан Сері Көкшетау мен оның айналасында өмір сүріп, туған жерінің табиғаты мен әсемдігін терең сезініп, шығармашылығында ерекше бейнелеген. Оның өмірі мен тұрмысы дала өмірінің әсемдігін, қиыншылықтары мен құндылықтарын жырларында айқын көрінеді. Ақан Сері — өз заманының көрнекті тұлғасы, қазақтың ұлттық өнеріне көп үлес қосқан, әрі ақын, әрі сазгер ретінде танымал. Оның шығармашылығы кейінгі ұрпаққа ұлы мұра болып қалды [2, 84 б.].

Ақан Сері білім алуға жастайынан ерекше құштар болған және бұл оған шығармашылық жолында үлкен әсер еткен. Ол ауылдық мектепте оқып, 8 жыл бойы молдадан араб, парсы және шағатай тілдерін үйреніп, діни білім алған. Бұл тілдер оның болашақтағы шығармашылығында маңызды рөл атқарды. Ақан Сері шағатай және парсы әдебиетіне ерекше қызығушылық танытып, осы әдебиеттерді зерттеді. Бұл әсерлер оның поэзиясына терең мән мен әсемдік қосқан. 16-17 жасында алғашқы өлеңдерін жазып, сол арқылы жұртшылықтың назарын өзіне аударған. Оның өлеңдері қазақ поэзиясына жаңаша леп әкеліп, көпшілікке танытты. Ақанның білімге деген ұмтылысы мен шығармашылық жолы оның тұлғасын байытып, қазақ әдебиетінің жаңа бағыттарын қалыптастыруға ықпал етті [2, 85 б. ].

Ғалымның айтуынша Ақан Сері серілік өмір салтын жақсы көрген және осы өмір сүру тәсілін өзінің өнерімен ұштастырған. Ол домбыра тартуды және ән айтуды өте жақсы көрген. Оның әндері мен күйлері терең мағынаға ие және ұлттық музыка мен поэзияны үйлестіре білген. Домбыраның үнімен айтылған әндері қазақтың халық мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналды. Ақан Сері өз заманының ғана емес, барлық уақытта халық арасында танымал болып, ақын, әнші, сазгер ретінде кеңінен танылды. Оның шығармашылық мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа сақталып, қазақ мәдениетінің алтын қорына қосылды. Ақан Серінің серілік өмірі табиғатпен тығыз байланыста болды. Ол атқа мініп, мылтықпен атып, саятшылық пен аңшылықпен айналысқан. Бұл өмір салты оған еркіндік пен қуат беріп, табиғатпен үндесіп өмір сүруге мүмкіндік туғызды. Ақан Сері мереке мен ойын-сауықтың ортасында болуды ұнататын. Оның әзіл-қалжыңдары,

әндері мен биі көбінесе халықты көңілді етіп, мерекелер мен сауықтардың сәнін келтіретін [2, 86 б. ].

Ақан Сері киім киюге өте мән берген, оның киімдері сәнді әрі әсем болған. Ол жылтыр қара етік, пушпақ, шекпен және қызыл шапан киетін. Осы киімдер арқылы ол өз өнері мен серілік дәстүрін көрсетіп, қазақ халқының мәдениетін ұлықтаған. Ақанның киімдері тек сыртқы сұлулығымен ғана емес, оның өнері мен мінезін де бейнелейтін. Киімдер арқылы ол өз ерекшелігін және мәртебесін көрсеткен. Ақан Сері сырт келбетіне, тазалыққа ерекше мән берген. Ол әрқашан таза және ұқыпты киініп, өзін жоғары деңгейде ұстайтын. Ақан тек таза үйлерге, таза адамдарға барғанды ұнатқан. Ол тазалық пен тәртіпті жоғары бағалап, бұл қасиеттерді өмірінде ұстанды. Ақан ластықты жек көріп, кіршіксіз адамдардың үйіне кірмейтін. Бұл оның өміріндегі тазалық пен сыпайылыққа деген терең құрметінің белгісі еді. Ақан Сері өзінің киімі мен сыртқы келбеті, сондай-ақ тазалық пен сыпайылықты жоғары бағалап, қазақтың мәдениеті мен серілік дәстүрін терең сезініп, оны өмірінде нақты көрсете білген тұлға болды [2, 86 б. ].

Әлкей Марғұланның Шығармаларында Ақан Сері мен Құлагердің арасындағы байланыстың тарихы өте ерекше баяндалған. Бұл екі достың арасында тек физикалық емес, рухани бірліктің де болғанын көруге болады. Ақанның Құлагермен қарым-қатынасы оның ішкі әлемін, жан дүниесінің тереңдігін айқындайды. Олардың арасындағы достық пен махаббаттың ерекше маңызы бар. Ақанның өміріндегі қиын кезеңдерде, әсіресе жеке қайғылары мен күйзелістері кезінде, Құлагер оның ең жақын серігі болды. Бұл жылқы Ақанның қуанышы мен қайғысын бөлісіп, оны тыныштандыруға, оның жан дүниесінің қалпына келуіне көмектесті. Құлагердің осы рөлі Ақанның рухани жағынан дамуына, өзін-өзі тануына үлкен ықпал еткен. Құлагер Ақан үшін тек жылқы емес, нағыз дос, серік, өмірдің мәні болған. Ақанның Құлагерге деген ерекше сүйіспеншілігі оның өмірінің бір бөлігіне айналған. Ол Құлагерді өзінің баласындай бағады және оны ерекше қастерлеп, жоғары бағалаған. Құлагердің жүйріктігі мен ерекше қасиеттері Ақанның мақтанышына айналды. Құлагердің даңқы өте ерте кезде, оның жүйрік екендігі туралы аңыздар ел арасына таралған. Құлагердің ерекше жылдамдығы мен күштілігі көптеген ас-тойларда, жарыстарда мойындалды.

XIX ғасырдың екінші жартысында, Ақан сері мен Құлагер Арқада өтіп жатқан ас-тойларға қатысып, Құлагер жүйрік жылқылар арасында алдына жан салмай жеңіске жеткен. Оның бұл жеңістері елге кеңінен таралып, бүкіл аймақтағы даңқы артты. Құлагердің ерекшелігі оның тек жүйрік болуында ғана емес, сонымен қатар оның қасиеттілігі мен киелілігінде болды. Құлагердің мінезі, оның Ақанға деген адалдығы мен сенімділігі оны халық арасында қасиетті, рухани құндылыққа ие деп санады. Ақан сері Құлагерді тек жарыстарда ғана емес, күнделікті өмірде де мақтан тұтты. Ол Құлагерді баптап, оған ерекше күтім көрсетті. Ақан мен Құлагердің арасындағы

байланыс терең, шынайы достыққа негізделген еді. Бұл достық Ақанның шығармашылық шабытына да әсер етті. Ақан мен Құлагердің арасында тығыз байланыс болды. Құлагердің әрбір жетістігі, оның жарыстардағы жеңістері Ақан үшін үлкен мақтанышқа айналды. Ақан Серінің даңқы көбіне Құлагердің арқасында кеңейіп, оның да даңқы артты.

Бұл бөлімдер Ақан Сері мен Құлагер арасындағы байланыстың маңыздылығын, олардың рухани және физикалық ортақ әлемін көрсетуге мүмкіндік береді. Ақанның Құлагерге деген сүйіспеншілігі мен құрметі оның ішкі әлемінің тазалығын, қайғы-қасіреттерінің жеңілгенін, сондай-ақ шынайы достықтың маңызын көрсетеді [2, 93. б. ].

Аққошқар Сайдалының асына Құлагер қатысқан-тұғын. Бұл асқа Арқаның атақты тұлпарлары қатысып, Құлагердің жүйрік қасиеттері барлық қатысушыларды таңқалдырды. Ас қазақтың жылқы мәдениеті мен жүйріктердің мәнін айқындайтын маңызды оқиға болды. Батыраш Ақан Сері мен оның Құлагерін сыйлап, оған өз пікірін білдірген кезде, Ақан серінің намысы қозғаны байқалады. Бұл оқиға Ақанның өз тұлпарын қорғауға деген ұстанымын және оған деген сүйіспеншілігін көрсетеді. Жарыста Құлагерге қастандық жасалды. Бұл оқиға қазақ қоғамында үлкен резонанс тудырды. Құлагердің өліміне себеп болған жағдай Нұрпейістің оған қастандық жасауы болды. Бұл оқиға Құлагердің өмірінің аяқталуына себеп болды, әрі оның өлімі қоғамда үлкен дауға айналды.

Нұрпейістің Құлагерге жасаған шабуылы саудагердің бір әрекетінің нәтижесінде болды. Оның осы әрекеті Құлагердің өліміне әкеп соқты, әрі бұл оқиға Ақан серінің терең қайғысына себеп болды. Халық Нұрпейістің қылмысын айыптап, оны жазалауды талап етті. Алайда, Нұрпейістің саяси қолдауы оны жазадан құтқарып, халықтың наразылығына қарамастан, ол жазалануынан босатылды.

Бұл жағдай қоғамдағы әділетсіздікті, саяси күштердің ықпалын көрсетуімен бірге халықтың әділдікке деген сұранысын арттырды. Құлагердің өлімі Ақан сері үшін үлкен трагедия болды. Ол өзінің ең жақын серігін, жан досын жоғалтып, терең қайғыға батты. Құлагердің өлімінен кейін Ақан сері өлеңдер жазып, өз сезімдерін халыққа жеткізуге тырысты. Ол өзінің сүйікті жылқысын жоғалтып, оның қасиеттерін және Құлагердің өмірінің мәңгілік есте қалатынын өлеңдерінде жырлады. Ақан сері Құлагердің өлімін терең сезіммен суреттеп, оның ерекше қасиеттері мен қасиеттілігін өлеңдерінде жырлады.

Ақынның Құлагерге арналған өлеңдерінде сүйікті тұлпары жылқы болмысымен ғана емес, оның рухани күші, Ақанға деген адалдығы да айшықтады. Ақан серінің өлеңдері халыққа Құлагердің мәңгілік еске алынатынын жеткізу үшін жазылған. Құлагердің өлімі қоғамда үлкен әсер қалдырды. Халық оның өлімін әділетсіздік ретінде қабылдап, Нұрпейістің жазаланбауын айыптады.

Осы оқиға қазақ қоғамында үлкен әлеуметтік және саяси мәселе болып, халықтың әділетсіздікке қарсы күресін күшейтті. Нұрпейістің

жазадан құтылуы саяси күштердің әсерінен болды. Ол саяси қолдаушылар арқылы жазадан босатылды, бірақ халықтың әділдікке деген талаптары тоқтамады.

Болған оқиға қазақ қоғамында саяси жүйедегі әділетсіздіктерді ашып көрсетті. Құлагердің өлімінен кейін оның ескерткішін орнату қазақ халқы үшін үлкен құрмет болды. Ақан сері өзінің сүйікті жылқысын жоғалтқаннан кейін, оның басына тас үйіндісі қойылды. Бұл ескерткіш Құлагердің рухын ұлықтау мақсатында тұрғызылды. Жүсіп Тере Құлагердің басына арнайы ескерткіш тасты орнатып, оның еліміне деген халықтың құрметін арттырды. Құлагер тек жылқы ғана емес, қазақ халқының тарихында ерекше орын алатын тұлға болып қала берді.

1931 жылы қазақтың көрнекті ақыны Ільяс Жансүгіров Құлагердің басына қойылған тас орнатылған орынды тауып, оның тарихы туралы жазба қалдырды [3, 3 б. ]. Ільяс Жансүгіровтің бұл ісі Құлагердің ескерткішін сақтау және оның ат спорты тарихындағы орнын мәңгілікке қалдыру мақсатында маңызды болды. Оның зерттеулері арқылы Құлагердің қасиеттері мен оның маңыздылығы халыққа кеңінен тарады. Құлагердің ескерткіштері мен оның ат спорты тарихындағы орны қазіргі уақытта үлкен тарихи маңызға ие. Халық оның өмірі мен ерлігін ұмытпай, Құлагерді құрметтеп, ескерткіштер орнату арқылы оның қазақ мәдениеті мен жылқы спортына қосқан үлесін бағалауды жалғастыруда. Құлагердің өлімі Ақан серінің жүрегіне терең ауыртпалық салды. Ол өзінің сүйікті жылқысын жоғалтқаннан кейін қатты қайғырды, бұл оқиға оның бүкіл өміріне үлкен соққы болып қалды. Құлагерді жоқтап, Ақан сері өлеңдер жазып, оның өмірін мәңгілік еске сақтау үшін халыққа жеткізді. Бұл қайғылы жағдай Ақан серінің шығармашылығында да өз ізін қалдырды.

Қорытынды

Әлкей Марғұланның өнерпаздар жайлы жазған еңбектеріндегі осы тұлғаларға берген бағасы мен олардың қазақ мәдениетінде алатын ерекше орындары. Өнерпаздар жайлы жазған еңбектерінде ол қазақ халқының мәдени мұрасының сақталуындағы маңызды тұлғаларды зерттеп, олардың өнерін жоғары бағалады. Әсіресе, оның шығармаларында қазақтың дәстүрлі өнері, ұлттық музыкалық және ауыз әдебиеті көрініс табады. Марғұлан өнерпаздардың шығармашылығын талдай отырып, олардың ұлттық сана-сезімнің қалыптасуына, халықтың рухани байлығын арттыруға үлкен әсер еткенін атап өтеді. Сонымен қатар, өнерпаздардың шығармашылығын зерттеу арқылы ол қазақ мәдениетінің қайнар көздеріне, оның өзіндік ерекшеліктері мен дәстүрлеріне терең бойлады. Өнерпаздар шығармашылығында халықтың тұрмыс-тіршілігі, тарихы мен әдет-ғұрыптары, сенімдері айқын көрініс тапқан. Әлкей Марғұлан осы тұлғаларды тек өнермен айналысқан жандар ретінде ғана емес, сонымен қатар қоғамды тәрбиелеуші, ұлттық сананы қалыптастырушы тұлғалар ретінде қарастырды. Ол қазақтың музыкасы мен әдебиетінің ұрпақтар үшін

тәрбиелік мәні барын, олардың халықтың рухани байлығын байытатынын айтты. Әлкей Марғұланның еңбектері қазақ өнерпаздарының мәдениеттегі ерекше орнын анықтап қана қоймай, олардың қазақ халқының тарихындағы маңыздылығын көрсету арқылы ұлттық өнердің жалғастырушысы ретіндегі рөлін дәлелдейді. Өнерпаздардың шығармашылық жолдары мен олардың қазақ мәдениетіндегі орны ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, халықтың рухани мұрасын сақтап қалу үшін маңызды рөл атқарды. Марғұланның бұл еңбектері, әсіресе қазіргі қазақ қоғамы үшін, ұлттың мәдени және рухани құндылықтарын қайта жаңғырту мен сақтауда үлкен маңызға ие.

**Қолданылған әдебиеттер:**

1. Марғұлан Ә. Күйді ерттеп, әнді мінген кемеңгерлер: (Қазақтың сал, серілік дәстүрлері). // Жұлдыз.- 1983.- №9.-173-188 бб.

2. Ә.Х. Марғұлан “ШЫҒАРМАЛАРЫ”, Екінші том, “АЛАТАУ” БАСПА-ПОЛИГРАФИЯЛЫҚ КОРПОРАЦИЯСЫ, АЛМАТЫ-2007, 61-83 бб.

3. Жансүгіров І. Құлагер. Көп томдық шығармалар жинағы Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2019, 3-80 бб.

# ОРТА ҒАСЫР ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ ЕСІМДІ ТІРКЕСТЕРДІҢ ЖАСАЛУЫ

***Дулат.Р.***

*қазақ тілі мен әдебиеті магистрі, Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,* ***Махмет Қайырбаев*** *– ЖОББМ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, г. Павлодар.*

***Сарыбаева Б.Ж***

*филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ғылыми жетекші, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.*

Аңдатпа: Мақалада орта ғасыр жазба ескерткіштеріндегі есімді тіркестердің жасалу жолдары, құрылымы және синтаксистік қызметі қарастырылады. Көне және орта түркі мұралары негізінде олардың ұйымдасу ерекшеліктері талданып, қазіргі қазақ тілімен сабақтастығы анықталады. Есімді тіркестердің тарихи әрі жүйелік маңызы айқындалады.

Кілт сөздер: орта ғасыр, есімді тіркес, көне түркі, синтаксис

Аннотация: В статье рассматриваются способы образования, структура и синтаксическая функция именных сочетаний в письменных памятниках Средневековья. На основе памятников древнетюркского и среднетюркского периода анализируются особенности их организации и определяется связь с современным казахским языком. Историческое и системное значение именных сочетаний выявлено.

Ключевые слова: Средневековье, именное сочетание, древнетюркский язык, синтаксис

Abstract: The article examines the formation, structure, and syntactic function of nominal phrases in medieval written monuments. Based on Old and Middle Turkic sources,

their organizational features are analyzed, and their connection to modern Kazakh is determined. The historical and systemic significance of nominal phrases is highlighted.
Keywords: Middle Ages, nominal phrase, Old Turkic, syntax

Кіріспе

Түркі тілдерінің тарихын тануда орта ғасыр жазба ескерткіштерінің орны айрықша. Бұл мұралар тек лексикалық қазына немесе фонетикалық дерек көзі ретінде ғана емес, синтаксистік құрылымдардың тарихи дамуын айқындайтын маңызды тілдік қабат ретінде де құнды. Әсіресе сөз тіркесі жүйесін, соның ішінде есімді тіркестердің жасалу жолдарын зерттеу арқылы түркі тілдеріндегі сөздердің байланысу тәсілдері, грамматикалық қатынастардың қалыптасуы, сөздердің орын тәртібі мен жалғаулық жүйесінің тарихи сипаты тереңірек ашылады. Орта ғасыр жазба ескерткіштері тіліндегі есімді тіркестер қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік үлгілердің архаикалық негізін сақтай отырып, бірқатар өзгеше құрылымдық белгілерді де көрсетеді. Сондықтан бұл мәселені зерттеу тарихи синтаксис, түркітану және қазақ тілі грамматикасы үшін өзекті болып табылады.

Орта ғасыр жазба ескерткіштері тіліндегі есімді тіркестердің табиғатын тану тек теориялық тұрғыдан ғана емес, практикалық жағынан да маңызды. Өйткені көне және орта түркі дәуіріндегі сөз тіркесінің құрылымын түсіну арқылы қазіргі қазақ тіліндегі матаса, қабыса, меңгеріле байланысқан тіркестердің қалыптасу эволюциясын анықтауға болады. Сонымен қатар бұл мәселе көне мәтіндерді аудару, түсіндіру және жоғары оқу орындарындағы тарихи грамматика курстарында оқыту үдерісі үшін де құнды. Осы мақалада орта ғасыр жазба ескерткіштері тіліндегі есімді тіркестердің жасалу жолдары, синтаксистік үлгілері, байланысу тәсілдері және қазіргі тілмен сабақтастығы талданады.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы әдіс, сипаттамалы синтаксистік талдау, құрылымдық үлгілеу және мәтіндік интерпретация тәсілдері қолданылды. Негізгі дереккөз ретінде көне түркі жазба ескерткіштерінің синтаксисіне, тарихи синтаксиске және сөз тіркесі теориясына арналған қазақ тіл біліміндегі еңбектер пайдаланылды. Орхон-Енисей ескерткіштері, орта түркі жазба мұралары, қыпшақ тілді ескерткіштер мен олардың синтаксистік ерекшеліктеріне қатысты ғылыми пайымдар негізінде есімді тіркестердің құрылымы жүйеленді. Зерттеу логикасы алдымен сөздердің байланысу тәсілдерін жалпы сипаттап, одан кейін есімді тіркестердің негізгі үлгілерін нақты мысалдар арқылы ашуға құрылды.

Әдебиеттерге шолу

Орта ғасыр жазба ескерткіштері тіліндегі сөз тіркестерін зерттеген еңбектерде бұл сала түркі синтаксисінің әлі де толық игерілмеген тармағы екені жиі атап көрсетіледі. Шынында да, көне түркі және орта түркі дәуіріне жататын мәтіндер көбіне фонетика, лексика, морфология тұрғысынан көбірек қарастырылып, синтаксистік құрылымдар, әсіресе сөз тіркесі жүйесі

ұзақ уақыт бойы екінші қатарда қалып келді. Н. Қошанова көне түркі жазба ескерткіштеріндегі сөздердің байланысу тәсілдері мен түрлерін талдай отырып, тарихи синтаксисті кездейсоқ байқауларға емес, бірізді теориялық ұстанымдарға сүйеніп зерттеу қажеттігін алға тартады және көне мәтіндердегі байланысу амалдарын қазіргі синтаксис тұрғысынан саралаудың маңызын көрсетеді [1, 63-64]. Бұл ғылыми бағыт мақала тақырыбы үшін өте өзекті, өйткені есімді тіркестердің жасалуын түсіну үшін алдымен көне мәтіндегі жалпы синтаксистік жүйені тану қажет. Егер сөздердің тарихи кезеңдегі байланысу заңдылықтары анықталмаса, жеке бір тіркестің табиғатын ашу қиынға соғады. Сондықтан есімді тіркестерді зерттеу жалпы сөз тіркесі теориясынан тыс жүргізілмейді, керісінше, соның бір тармағы ретінде қарастырылады. Көне мәтіндегі есімді тіркестерді саралау арқылы түркі тілдеріндегі сөздердің байланысу тәсілдерінің тарихи динамикасын, орын тәртібінің қызметін, жалғаулардың синтаксистік рөлін және қазіргі қазақ тіліндегі ұқсас үлгілердің бастауын байқауға болады. Осы тұрғыдан алғанда, орта ғасыр жазба ескерткіштері тіліндегі сөз тіркестерін зерттеу тарихи грамматиканың тар мәселесі ғана емес, қазақ тілінің синтаксистік жүйесінің терең қабаттарын танытатын маңызды бағыт болып табылады.

Есімді тіркес дегеніміз – басыңқы сыңары есім сөзден, не есім мәнді тұлғадан болған сөз тіркесі. Қазіргі қазақ тіліндегідей, орта ғасыр жазба ескерткіштерінде де мұндай тіркестер көбіне анықтауыштық, меншіктік, сапалық, сандық және қатыстық мағыналарды білдіреді. Бірақ олардың жасалу тәсілдері қазіргі тілмен толық сәйкес келе бермейді. Бірқатар тіркестер қазіргі қазақ тіліндегі қабысу үлгісін еске салса, кейбіреуі матасуға жақын, енді бірі жалғаулар арқылы не аналитикалық дәнекерлермен жасалады.

Ең жиі кездесетін үлгінің бірі – қабыса байланысқан есімді тіркестер. Мұнда бағыныңқы сыңар мен басыңқы сыңар жалғаусыз, қатар тұрып, орын тәртібі арқылы байланысады. Көне мәтіндердегі «түрк будун», «табғач қаған», «қара йер», «көк тәңрі» тәрізді тіркестер осы үлгіге жатады. Бұларда бірінші компонент екінші компонентті айқындап, заттың тегін, сапасын, қатысын немесе әлеуметтік-тарихи сипатын білдіреді. Мұндай үлгі қазіргі қазақ тіліндегі «қазақ халқы», «аспан көк», «қара жер», «ел басы» секілді тіркестермен сабақтас. Қошанова мақаласында берілген «Түрк будун үчүн түн удымадым, күнтүз олурмадым» мысалындағы «түрк будун» тіркесі де қабыса байланысқан есімді үлгі ретінде танылады [1, 68]. Бұл құрылымда сөздердің орын тәртібі ерекше маңызды, себебі бағыныңқы компонент басыңқының алдында келіп, анықтауыштық қатынас жасайды.

Орта ғасыр жазба ескерткіштеріндегі есімді тіркестердің келесі бір өнімді түрі – тәуелдік жалғау арқылы ұйымдасқан матасуға жақын құрылымдар. Мәтіндерде «менің сөзім», «қаған әскері», «ел іші», «бектері халқы» тәрізді тіркестер кездеседі. Bilim-all платформасында жарияланған оқу-танымдық мақалада «менің сөзім», «түзу бектері», «қаған әскері»

сияқты үлгілер есімді тіркестер ретінде арнайы көрсетіледі [2]. Мұндай құрылымдарда меншіктілік не меншіктік-қатыстық байланыс айқын сезіледі. Дегенмен көне мәтіндердегі матасу қазіргі қазақ тіліндегідей толық қалыптасқан жүйе емес, кейде бір сыңары ғана тұлғаланып, кейде жалғаулардың жұмсалуы еркінірек келеді. Бұл тарихи синтаксистің өтпелі сипатын көрсетеді.

Ғ. Айдаровтың көне түркі жазба ескерткіштері тіліне арналған еңбектері бұл мәселені түсіндіруде ерекше маңызды. Оның зерттеулерінде көне мәтін тіліндегі сөздердің лексика-грамматикалық табиғаты, жалғаулардың қызметі, тіркесу мүмкіндіктері және тарихи тұлғалардың тұрақтылық дәрежесі сипатталады [3]. Айдаров көрсеткендей, көне түркі ескерткіштерінде тәуелдік және септік жалғауларының қатысуымен жасалған тіркестер қазіргі тілдегі тұрақты синтаксистік модельдердің алғашқы негізі ретінде қарастырылуы тиіс. Демек, есімді тіркестердің тарихи дамуы кездейсоқ құбылыс емес, белгілі бір грамматикалық жүйенің кезең-кезеңмен орнығуының нәтижесі.

Есімді тіркестердің жасалуында септік жалғаулары да маңызды рөл атқарады. Кей жағдайда басыңқы компонент есім сөз болып, бағыныңқы сөз септік жалғауы арқылы онымен қатынасқа түседі. Әсіресе орта ғасыр жазба ескерткіштерінде мекендік, қатыстық, меншіктік не обьектілік реңктерді білдіретін құрылымдар осылай жасалады. Мысалы, «қағанта», «еліме», «будуныма» сияқты формалар контексте басқа сөздермен тіркесіп, заттық қатынас пен синтаксистік тәуелділікті көрсетеді. Қошанова зерттеуінде көне ескерткіштерде жалғаулар арқылы байланысқан тіркестердің қазіргі қазақ тіліндегі үлгілермен салыстырғанда вариативті келетіні айтылған [1, 70-71]. Бұл ерекшелік есімді тіркестердің тарихи кезеңде қатаң нормаланбағанын, бірақ тілдік жүйеде белгілі бір модельдердің әлдеқашан қалыптасқанын аңғартады.

Т. Қордабаевтың тарихи синтаксиске арналған классикалық еңбегі де бұл тұжырымды тереңдете түседі. Ғалым тарихи материалдарды негізге ала отырып, сөз тіркесі мен сөйлем жүйесіндегі грамматикалық байланыстардың бір күнде емес, ұзақ тілдік даму үдерісінде қалыптасқанын көрсетеді [4]. Оның пайымдауынша, көне мәтіндердегі синтаксистік құрылымдарды тек архаикалық қалдық ретінде емес, кейінгі тілдік нормалардың бастапқы сатысы ретінде қарастыру қажет. Бұл көзқарас тарихи синтаксистің мәнін кеңейтеді, өйткені өткен дәуір тілін зерттеу қазіргі қазақ тілінің құрылымын тереңірек түсінуге жол ашады. Қордабаев үшін тарихи синтаксис – тек көне формаларды тізіп шығу немесе олардың сыртқы ерекшеліктерін сипаттау емес, сол құрылымдардың бүгінгі тілдік жүйеге қалай ұласқанын анықтау. Осы тұрғыдан алғанда, орта ғасыр ескерткіштеріндегі есімді тіркестер қазақ тіліндегі анықтауыштық, матасу, меңгеру қатынастарының тарихи іргетасы ретінде танылады. Мысалы, көне мәтіндердегі қабыса байланысқан анықтауыштық үлгілер мен тәуелдік тұлғалары арқылы жасалған меншіктік қатынастар қазіргі қазақ тіліндегі сөз

тіркесі жүйесінің арғы негізін құрайды. Сондықтан тарихи синтаксисті зерттеу көне тілдің өзін ғана тану емес, бүгінгі грамматикалық нормалардың пайда болу жолын ашу болып саналады. Бұл тәсіл орта ғасыр жазба ескерткіштері тіліндегі есімді тіркестерді қазіргі қазақ тілімен сабақтастықта қарастыруға және олардың грамматикалық эволюциясын жүйелі түрде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Есімді тіркестердің жасалуында орын тәртібінің қызметі ерекше. Қазіргі қазақ тілінде анықтауыштық қатынаста бағыныңқы компоненттің басыңқы алдында келуі қалыпты құбылыс болса, көне мәтіндерде де осы заңдылық кең тараған. «Көк тәңрі», «қара халық», «түрк халқы», «беглер будун» тәрізді тіркестер сөздердің тікелей қатар тұруы арқылы жасалады. Мұндай құрылымда жалғау болмаған күннің өзінде синтаксистік қатынас анық байқалады. Сөздердің орын тәртібі тарихи кезеңде грамматикалық қатынастарды белгілеудің басты амалдарының бірі болған. Бұл көне мәтіндердегі есімді тіркестердің аналитикалық сипатқа бейім екенін көрсетеді.

М. Серғалиев етістікті сөз тіркестері мәселесін арнайы зерттегенімен, оның сөз тіркесі варианттылығы мен синтаксистік байланыстың икемділігіне қатысты тұжырымдары есімді тіркестерді талдауда да маңызды теориялық негіз бола алады. Ғалым сөз тіркестерінің қалыптасуын тек дайын қалып ретінде емес, тілдік норма, қолданыс аясы және тарихи даму үдерісімен тығыз байланысты құбылыс ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді [5]. Бұл ұстаным орта ғасыр жазба ескерткіштерін зерттеу үшін аса құнды, өйткені көне мәтіндердегі тіркестерді бүгінгі қазақ тілінің қатаң синтаксистік нормасымен ғана өлшеу тарихи ерекшелікті толық аша алмайды. Кейбір есімді тіркестер қазіргі оқырманға тосындау, үйреншікті емес, тіпті нормадан ауытқығандай көрінуі мүмкін. Алайда мұндай құрылымдарды сол дәуірдің коммуникативтік жүйесі, сөздердің тіркесу еркіндігі және грамматикалық қалыптасу сатысы тұрғысынан бағалау қажет. Серғалиевтің сөз тіркесін тарихи тұрғыдан қозғалыстағы жүйе ретінде түсінуі көне мәтіндердегі варианттылықты кемшілік емес, тіл дамуының табиғи белгісі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осыған сүйенсек, орта ғасыр жазба ескерткіштеріндегі есімді тіркестердің кейбір үлгілері кейінгі кезеңде өзгеріске ұшырағанымен, олар өз дәуірінде табиғи, жүйелі және қолданысқа сай синтаксистік құрылымдар болған. Сондықтан тарихи синтаксисті зерттегенде тілдік норма ұғымын бір ғана қазіргі деңгеймен шектемей, әр кезеңнің ішкі заңдылығына сәйкес қарастыру қажет.

Орта ғасыр жазба мұраларындағы есімді тіркестердің жасалу жолдарын жалпылай келгенде бірнеше негізгі модель анықталады. Соның бірі – сын есім мен зат есімнің тіркесі. Мұнда сапалық белгі тура анықтауыштық қатынаста беріледі. Екіншісі – сан есім мен зат есім тіркесі. Бұл үлгі сандық анықтауыштық қатынасты білдіреді және түркі тілдеріне ортақ көне модель ретінде сақталған. Үшіншісі – зат есім мен зат есімнің

қабыса тіркесуі. Бұл көбіне этникалық, әлеуметтік, саяси, қатыстық ұғымдарды білдіреді. Төртіншісі – тәуелдік арқылы жасалған меншіктік қатынас. Бесіншісі – септік тұлғалары арқылы ұйымдасқан тіркестер. Алтыншысы – есімше мен есім сөздердің тіркесуі арқылы жасалған анықтауыштық үлгілер. Бұл жүйелердің барлығы тарихи мәтіндердегі сөз тіркесі жүйесінің күрделі әрі қалыптасқан сипатын көрсетеді.

Р. Әмір мен Ж. Әмірованың жай сөйлем синтаксисіне арналған еңбегінде сөздердің байланысу амалдары қазіргі қазақ тілі жүйесінде нақты әрі жүйелі сипатталады [6]. Бұл еңбектің ғылыми маңызы – сөздердің өзара тіркесуін тек формалық белгісі арқылы емес, олардың грамматикалық қатынасы мен синтаксистік қызметі тұрғысынан түсіндіруінде. Осы теориялық тұғырды орта ғасыр жазба ескерткіштерінің тіліне қолдану өте тиімді, себебі көне мәтіндердегі сөздердің тіркесу табиғатын түсіндіруде де қабысу, матасу, меңгеру сияқты байланысу түрлері негізгі өлшемдердің бірі бола алады. Мысалы, қазіргі қазақ тіліндегі анықтауыштық қатынастағы тіркестер мен көне түркі тіліндегі анықтауыштық үлгілерді салыстыру арқылы олардың ұқсастығы мен айырмашылығын нақты байқауға мүмкіндік туады. Әрине, орта ғасыр ескерткіштеріндегі тілдік бірліктерді қазіргі грамматикалық нормаға толық бағындырып талдау дұрыс болмас еді, өйткені тарихи кезеңдегі синтаксистік жүйенің өзіндік ерекшелігі, тұрақсыздық белгілері мен көне тұлғалары бар. Соған қарамастан салыстырмалы синтаксистік әдіс тарихи сабақтастықты анықтауға, қазіргі тілдегі грамматикалық құбылыстардың арғы негізін тануға және көне мәтіндегі құрылымдарды жүйелі түрде сипаттауға мүмкіндік береді. Осындай бағыттағы талдау тарихи синтаксистің теориялық аясын кеңейтіп, қазақ тіліндегі сөз тіркесі жүйесінің эволюциялық негізін тереңірек түсіндіруге жол ашады.

Нәтижелер мен тақылау

Орта ғасыр жазба ескерткіштеріндегі есімді тіркестерді практикалық тұрғыдан зерттеудің де маңызы зор. Біріншіден, тарихи грамматика курсында бұл материал студенттердің сөз тіркесі туралы түсінігін тереңдетеді. Екіншіден, көне мәтіндерді оқытуда синтаксистік талдау жасаудың тиімді жолын ұсынады. Үшіншіден, қазіргі қазақ тілінің тарихи негіздерін нақты дерекпен түсіндіруге жағдай жасайды. Төртіншіден, түркологиялық салыстырмалы зерттеулерде қазақ тілінің арғы қабатын айқындауға көмектеседі. Орта ғасыр мұраларынан алынған «түрк будун», «қаған сүсі», «менің сөзім», «түзу бектері» сияқты үлгілерді қазіргі тілмен салыстыру оқушы мен зерттеушіге тілдік жүйенің даму логикасын нақты көрсетуге мүмкіндік береді.

Осылайша, орта ғасыр жазба ескерткіштері тіліндегі есімді тіркестердің жасалуы жалғаулардың қатысуы, сөздердің орын тәртібі, тәуелдік пен септік тұлғалары, аналитикалық тіркесім және тарихи норма аясында жүзеге асқан. Бұл құрылымдар бір жағынан көне синтаксистің өзіндік ерекшелігін танытса, екінші жағынан қазіргі қазақ тіліндегі сөз

тіркесі жүйесінің қалыптасуына негіз болған тарихи үлгілерді көрсетеді. Сондықтан мұндай тіркестерді зерттеу тек көне тіл фактілерін тіркеу емес, қазақ тілінің синтаксистік тарихын қайта құрудың маңызды бөлігі болып табылады.

Қорытынды

Орта ғасыр жазба ескерткіштеріндегі есімді тіркестердің жасалуын талдау олардың түркі тілдері синтаксисіндегі орны айрықша екенін көрсетті. Бұл тіркестер қабысу, матасу, меңгеру, тәуелдік және септік тұлғалары арқылы жасалып, анықтауыштық, меншіктік, сапалық, сандық және қатыстық мағыналарды білдірген. Көне мәтіндердегі «түрк будун», «табғач қаған», «қаған әскері», «менің сөзім» тәрізді үлгілер қазіргі қазақ тіліндегі сөз тіркесі жүйесімен тарихи сабақтастықта қарастырылуға тиіс. Орта ғасыр мұраларындағы есімді тіркестердің бір бөлігі бүгінгі тілде тұлғалық жағынан өзгеріске түскенімен, олардың синтаксистік өзегі сақталған. Сондықтан бұл мәселені зерттеу тарихи синтаксис үшін ғана емес, қазіргі қазақ тілінің грамматикалық жүйесін терең түсіну үшін де маңызды. Ескерткіштер тіліндегі есімді тіркестер қазақ тіл біліміндегі сөз тіркесі теориясын тарихи негізде байытады және түркі дүниесінің ортақ грамматикалық мұрасын тануға қызмет етеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. Қошанова Н. Көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі сөздердің байланысу тәсілдері мен түрлері // Türkoloji. – 2017. – № 81. – Б. 63–74. – URL: https://izlik.org/JA93TA37NX
2. Орта ғасыр жазба ескерткіштеріндегі есімді тіркестердің оқытылуы // Bilim-all.kz. – 2023. – URL: https://bilim-all.kz/article/20010-Orta-gasyr-zhazba-eskertkishterindegi-esimdi-tirkesterdin-oqytyluy
3. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 2003. – 277 б. – URL: https://kazneb.kz/ru/bookView/view?brId=398879&simple=true
4. Қордабаев Т. Тарихи синтаксис мәселелері (XV–XVIII ғасыр материалдары бойынша). – Алматы: Ғылым, 1964. – 244 б.
5. Серғалиев М. Етістікті сөз тіркестерінің синонимиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 80 б.
6. Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Санат, 1998. – 192 б.

# «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАНЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕРЛЕРДІ ЦИФРЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ МЕҢГЕРТУ ЖОЛДАРЫ

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті*
*Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің магистранты*
***Өміртай Ж.Ө***
*Ғылыми жетекшісі: филология ғылымдарының кандидаты*
***Амренов А.Д***

**Аңдатпа:** Цифрлық ресурстарды пайдалана отыра қазақ әдебиетіндегі прозалық шығармаларды оқыту барысы қарастырылған. Мақала барысында жаңартылған білім мазмұны бойынша пәнаралық байланыстарды ескере отыра инфографиялық тапсырмаларды қолдана отыра тақырыпты ашу көзделген. Білім саласындағы өзгерістердің келуіне байланысты білім берудің әдістемесіде өзгеріп, күрделенді. Шығарманы оқытуда цифрлық ресурстарды қолдана отыра оқушыларға оқу мақсаттарын қамтуға негізделген.

**Түйін сөздер:** жасанды интеллект, проза, инновациялық әдістер, цифрлық ресурстар.

**Аннотация:** Рассматривается процесс обучения прозовым произведениям казахской литературы с использованием цифровых ресурсов. В статье предполагается раскрытие темы с применением инфографических заданий с учётом межпредметных связей в рамках обновлённого содержания образования. В связи с изменениями в сфере образования изменилась и усложнилась методика преподавания.

**Ключевые слова:** искусственный интеллект, проза, инновационные методы, цифровые ресурсы.

**Abstract:** The article examines the process of teaching prose works of Kazakh literature using digital resources. The study aims to reveal the topic through the use of infographic tasks, taking into account interdisciplinary connections within the framework of the updated educational content.

**Keywords:** artificial intelligence, prose, innovative methods, digital resources.

Оқытудағы өзгерістер білім беру жүйесіне инновациялық технологиялардың енуіне түрткі болды. Ғылым мен білім дамыған XXI ғасырдың негізгі сұранысы – әлемдік стандарттарға сай оқытуды, бірталай жаңартуларды, өзгерістерді өзара ұштастыру болып есептелінеді. Білім мазмұны жаңартылып, білім беру бағдарламаларына түрлі өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Сондықтан білім берудің әдістемесі де өзгерістерге ұшырады. Заман талабына сай оқушының жан-жақты дамуы, олардың білімді игеруі еркін ойлау жүйесін дамытумен байланысты.

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша пәнаралық байланыстарды өзара ұштастыра отыра тақырыптарды оқыту оқушылардың білімін жан-жақты жетілдірудің негізі деп есептеледі. Бүгінгі күні мұғалім мен оқушы алдында тұрған өзекті мәселе ғылым мен техника заманында тақырыпты цифрлық ресурстар арқылы меңгерту. Қазіргі таңда педагогика заманауи талаптарға сәйкес түрлі ізденістерге, инновациялық жаңашылдықтарға бетбұрды. Технологияларды қолдана отыра оқытудың жаңашы оқыту үрдісі қалыптасты. Ағартушы ғалым А.Байтұрсынұлының

«Білікті оқудың кілті іздену, тиімді әдістерді табу және оларды қолдану» [1] - деген тұжырымдасын ескере отыра бүгінгі күні оқушыларға білім беремін деуші ұстаз ізденуге, тиімді әдістерді қолданып оқытуға бейім болуы тиіс. Кез келген шығарманы оқытуда интербелсенді әдістерді, цифрлық ресурстарды қолдану бүгінгі білім жүйесінің талаптарының бірі. Ендігі кезекті 11-сыныптың қазақ әдебиеті пәніндегі М.Әуезовтың «Абай жолы» романын оқытудағы қандай цифрлық ресурстарды қолдана отыра кейіпкерлер жүйесін талдауға болатындығына тоқталсақ.

Шығарманы түрлі әдістер арқылы оқытудағы негізгі мақсат - оқушылардың сол кезеңдегі оқиғалар мен кейіпкерлер бейнесіндегі тарихи шындық пен көркемдік шындықты ажырата білулері. Ғалым Б.Сманов өз тұжырымында «Әдетте, оқушы шығармадағы көркем ойды шындық түрінде ғана қабылдап, ондағы образдылық, типтілік, мазмұн мен форманың бірлігі секілді әдебиеттің теориялық астарларына назар аудара бермеуі мүмкін. Сол үшін мұғалім көркем текспен оқушылардың жұмысын тереңдете отырып, оқушыларды әдеби-теориялық сауаттылыққа дағдыландыруы керек. Бұл көркем туындыны дәйекті түрде талдауға, білімді сапалы меңгеруге үйретеді» (Сманов, 1999) [2] дейді. Демек, М.Әуезовтің «Абай жолы» романын оқыту барысында шығармадағы образдар жүйесін, кейіпкерлердің мінездерін талдау, идеясы мен мазмұнын талқылау, композициялық құрылымы мен сюжеттік желілеріне оқушылардың назарын аудару мұғалімнің шеберлігін қажет етеді. 11-сыныптың оқу бағдарламасында берілген «Абай жолы» романын оқытуда ұсынылатын негізгі оқу мақсаттары - әдеби шығарманың жанрына қарай композициялық ерекшеліктерін айқындау, шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау, шығармадағы көркемдегіш құралдардың байланысын талдау болып табылады. Ал оқушылардың игеру қажет дағдыларына анализ жасау және интерпретация жасай алу қажеттілігі көрсетілген.

«Абай жолы» романындағы кейіпкерлер жүйесін талдау бойынша ең алдымен оқушыларға шығарманың көркемдік-идеялық ерекшеліктерін талдау мақсатында мынандай тапсырмалар жүйесін ұсынуға болады. Инфографика арқылы кейіпкерлер жүйесін тану. Яғни кейіпкерлер арасындағы байланысты схема түрінде көрсету. Мысалы, Абай мен Құнанбай арасындағы әке-бала қарым-қатынасын диаграмма арқылы көрсету. Әке мен бала арасындағы диалогтан үзінді ұсына отыра әке-бала қарым-қатынасын талдау. Құнанбай бейнесі мен Абай бейнесіндегі көркемдік және тарихи шындықты ажырату. Оқушыларға романнан Абай бейнесі мен Құнанбай бейнесін ашып көрсететін үзінділерден қима қағаздар ұсынып, шығарма үзінделерінде берілген жағдаяттарды талқылай отыра қандай ой түйіндегендігі туралы өзара пікір алмасуды, дискуссия жасауды ұйымдастыруға болады.

«Құнанбайдың Абайға таққан үш түрлі міні мынау:

«Ең әуелі — сен жұрттың бәрімен күліп сөйлейсің. Жайдақ су сияқтысың, жайдақ суды ит те, құс та жалайды, кісілерге қадірі болмайды.

Екінші, кім көрінгенге жақын боласың, кісі талғамайсың. Желбегей жүрген кісінің қасына ел үйірілмейді. Елді алатын қылық ол емес.

Үшінші, орысшылсың, орыстың дұшпандығын ұмытасың», — депті.

Оған Абайдың жауабы:

«Қолында құралы бар бірен-саранға тиетін шыңыраудағы судан да, қойшы-қолаңшы, жалшы, жақыбайдың күллісі бірдей мейірін қандыратын жайдақ су артық деп білемін…

Орысшылсың дегенге: «Заман орыстікі, ол жеңген, біз жеңілген елміз. Ендігі күнде алысатын дұшпанның айласы мен әдісін білу керек. Мен орыстың өзін сүймесем де, өнері мен ебінен үлгі аламын» депті…» [3, 156].

Кейіпкерлер бейнесін талдауда шығармадағы негізгі және жанама кейіпкерлерді ажырата білуге оқушыларды баулу. Әр кейіпкерге қысқаша мінездеме беру, романның өн бойынан кейіпкердің мінезіне сипаттама беретін портреттерді жазып алу немесе оның мінез-құлқын ашып көрсететін үзінділерді жазу сынды тапсырмаларды оқушыларға ұсынуға болады. Бұл тапсырмалар оқушылардың шығармадағы кейіпкерлер бейнесін ашуға септігін тигізеді.

*1-кесте. «Абай жолы» романының 1-томы бойынша көркемдік-идеялық ерекшелігін талдау.*

| Бөлімдер | Тақырыбы | Басты оқиғалар | Кейіпкерлер |
|---|---|---|---|
| 1-бөлім | Қайтқанда | | |
| 2-бөлім | Қат-қабатта | | |
| 3-бөлім | Жолда | | |
| 4-бөлім | Шытырманда | | |
| 5-бөлім | Бел-белесте | | |
| 6-бөлім | Өрде | | |
| 7-бөлім | Қияда | | |

Әр оқушы осы тапсырманы орындау барысында жалпы романдағы басты оқиғаларға тоқтала отыра өз тұжырымдарын жасап, мәтінмен жұмыс жасауға болады (1 кесте). Сондай-ақ бұл оқушының әр бөлімдегі кейіпкерлер жүйесін, басты оқиғаларды есінде сақтап қалуға жақсы көмектеседі. Оқушыларға шақтап, кітапта берілген үзінділерді де осындай тәсіл арқылы оқытып, талдауға болады.

Кейіпкерлер бейнесін талдау барысында қазіргі цифрлық ресурстарды қолдана отыра оқыту бойынша видео-дәрістер арқылы кейіпкерлер жүйесін визуалды түрде елестету, тарихи шындық бойынша түрлі бейне жазбалардан үзінді көрсетуге болады. Мысалы, «Абай жолы» деректі фильм үзінділерін қолдану кейіпкерлер бейнесін нақты ашуға көмектеседі. Сондай-ақ интерактивті платформаларды қолдана отыра «Абай жолы» романының үзінділері бойынша түрлі тапсырмалар құрастыруға болады.

Цифрлық платформалар (Kahoot, Quizizz т.б.) қолдана отыра кейіпкерлерге байланысты тест тапсырмаларын құрастыруды ұсынуа отыра, шығарманы оқушылардың меңгеру деңгейін бақылай аламыз. Сонымен қатар сәйкестендіру ойындарын ұйымдастыру, рөлдік ойын элементтерін енгізуге болады. Аталған әдістер оқушылардың белсенділігін арттырып, білімді бекітуді жеңілдетеді.

Сонымен қатар практикалық тұрғыдан алғанда шығарманың идеясы мен тақырыбын талдаудағы тиімді тәсіл – көркем мәтінді оқыту. Ол туралы: «Көркем мәтінді оқыту, оны талдауға баулу – әдебиет мұғалімінің ең негізгі қызметі, мақсаты. Оқу мен талдау – бір ананың егіз баласындай, жанды бір организмдей туыстас, әрі бірліктегі мәселе. Көркем мәтінді талдау оны оқусыз жүзеге аспайды», – дейді әдіскер ұстаз Қ.Бітібаева (Бітібаева,1997) [4]. Шығарманы талдау барысында оқушының оқиғаларды қабылдауы, оның пікірі, түсінуі мен сезінуі басты назарға алынуы тиіс. Шығарманы талдаудың бұл түрі оның идеясын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Шығарманың көркемдік шешімі, тарихи шындық пен көркем шындық мәселесін саралап талдау төмендегідей бағытта қарастырылады:

1. Жазушының Абай бейнесін, Құнанбай бейнесін сомдаудағы автордың көздеген мақсаты, шешімі қандай, ашып көрсетіңіз;

2. Романдағы реалистік сипат пен көркем шындықтың суреттеліну сабақтастығы қандай, дәлелдеңіз.

3. Шығармадағы тарихи шындықтың бейнеленуі және қазіргі уақыттағы көзқарас қандай, дәлелдеңіз.

Ұсынылған осы сауалдар төңірегінде оқушылардың пікірлерін ескере отыра олардың шығарманы түсінуі, шығармадағы негізгі идея не, көркемдік шындық қандай деген сұрақтардың жауабын оқушылар өздігінен ізденіп, қарастырулары үшін бағыт-бағдар беріп отыру қажет.

Сонымен қатар «Абай жолы» романын оқыту барысында ұсынуға болатын тағы бір әдіс – шығарма талдаудың интеграциялық тәсілі. Пәнаралық байланысты ескере отыра романдағы негізгі ерекшеліктерді атап көрсетуге болады. Бұл тапсырмаларды топтық жұмыс ретінде және басқа пән мұғалімдерімен бірлесе отыра жүргізсе оқушыларға шығарма мазмұнын түсіну оңай әрі қызықты болады. «Абай жолы» романындағы жер-су атаулары, елді-мекендер атауларына тоқталып, топонимикалық атаулардың шығу тарихына тоқталса, тарихи оқиғаларды ескере отыра болған оқиғаның тарихи шындығы мен көркемдік шындығын оқушылар ажырата аларлықтай түсінік қалыптастырса, оқушы үшін шығарманың мазмұнын есінде сақтауға үлкен септігін тигізеді.

*3-кесте. Шығарманы интеграциялық талдау тәсілі.*

| | |
|---|---|
| География пәні | «Абай жолы» романындағы географиялық елді-мекендер сипаттамасы. |
| Тарих пәні | «Абай жолы» романындағы тарихи сипат. |
| Музыка пәні | «Абай жолы» романындағы ән-күйлер |

Сонымен қатар аудио және подкаст ресурстарын да қосымша ұсынуға болады. Сондай-ақ онлайн коллаборация құралдарын қолдана отыра атап өтсек, Padlet, Google Docs құралдары арқылы оқушылар топтық талқылауларды, кейіпкерлерге мінездемелерді, жалпы ортақ жобаларды бірлесе отыра ортаға сала алады.

Негізінде бүгінгі цифрлық технологиялардың басты ерекшелігі оқушылардың әрқайсысының істеп отырған тапсырмаларын мұғалімнің бірмезетте бақылай алуына жағдай жасалған. Осылайша оқушылар да, мұғалім де өз уақыттарын үнемдейді. Шығармаларды оқытуда цияфрлық ресурстарды пайдалану оқушылардың сыни ойлау дағыдыларын қалыптастырады. Технология заманында мұғалім кез келген платформаны тапсырма жасау құрылғысы ретінде пайдалана отыра, оқушының ұсынылған оқу мақсаттарын толық игеруі үшін, сабаққа деген қызығушылығын арттыру үшін және тапсырмаларын сапалы да, қызықты болуы үшін қолдана алады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. Оразбаева Ф.Ш. Педагогикалық ғылыми мұра. Дәстүрлі әдіс және жаңа технология / Алматы: АнАрыс, 2009. – 6 б.
2. Сманов Б. Кейіпкер бейнесін талдау. – Алматы: Рауан, 1990. – 6б.
3. Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. Бірінші кітап. - Алматы: «Жазушы» 2013. – 376 б.
4. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997. – 54-68 б.


# 6-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АУЫЗША СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ИНТЕРАКТИВТІК ӘДІСТЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ


*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің магистранты,*

***А.М.Қасқырбай***

*ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к.,қауымдастырылған профессор*

***К.С.Ергалиев***



Аңдатпа. Мақалада 6-сынып оқушыларының ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастырудағы интерактивтік әдістердің рөлі қарастырылады. Интерактивтік оқыту тәсілдерінің оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін арттырудағы тиімділігі ғылыми тұрғыда талданып, практикалық мысалдар арқылы дәлелденеді. Зерттеу нәтижесінде интерактивтік әдістердің оқушы белсенділігін арттырып, сөйлеу мәдениетін дамытуға ықпал ететіні анықталды.

Аннотация. В статье рассматривается роль интерактивных методов в формировании устной речи учащихся 6 класса. Анализируется эффективность интерактивного обучения в развитии коммуникативных навыков. На основе практических примеров показано, что данные методы повышают активность учащихся и способствуют развитию речевой культуры.

Abstract. This article examines the role of interactive methods in developing oral speaking skills of 6th grade students. The effectiveness of interactive teaching approaches in enhancing communicative competence is analyzed. Practical examples demonstrate that these methods increase student engagement and improve speech culture.

Түйінді сөздер: интерактивті әдістер, ауызша сөйлеу, коммуникативтік құзыреттілік, сөздік қор, аргументтеу, еркін сөйлеу, оқушы белсенділігі.

Ключевые слова: интерактивные методы, устная речь, коммуникативная компетенция, словарный запас, аргументация, свободная речь, активность учащихся.

Keywords: interactive methods, oral speech, communicative competence, vocabulary, argumentation, fluent speaking, student engagement.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты нысаны — өз ойын еркін, жүйелі және дәлелді түрде жеткізе алатын функционалды сауатты тұлға қалыптастыру. 6-сынып оқушыларының психологиялық даму ерекшеліктері олардың қарым-қатынасқа, әлеуметтік ортада өзін көрсетуге деген ұмтылысымен сипатталады. Алайда, тәжірибе көрсеткендей, көптеген оқушыларда ауызша сөйлеу барысында «тілдік кедергілер», сөздік қордың аздығы және ойын жинақтай алмау мәселелері кездеседі. Осы орайда интерактивті әдістерді оқу процесіне енгізу — заман талабы.

Білім беру үдерісінде дәстүрлі әдістермен қатар интерактивтік оқыту тәсілдерін қолдану қажеттілігі артып келеді. Интерактивтік әдістер оқушыны белсенді қатысушы ретінде қарастырып, оның сөйлеу, пікір білдіру, талдау жасау дағдыларын дамытады. Мақсаты - 6-сынып оқушыларының ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда интерактивтік әдістердің тиімділігін анықтау. Міндеттері: сөйлеу дағдыларының мәнін анықтау; интерактивтік әдістердің теориялық негізін қарастыру; олардың практикалық тиімділігін талдау; нақты сабақ үлгілері арқылы дәлелдеу.

Ауызша сөйлеу – тілдік қатынастың негізгі формасы. Ол тек сөздік қорды емес, сонымен қатар ойлау, талдау, жүйелеу қабілеттерін қамтиды.

Педагог-ғалымдардың пікірінше, интерактивтік әдістер оқушылардың:

- белсенділігін арттырады
- өз ойын еркін жеткізуге үйретеді
- топтық жұмысқа бейімдейді. [4, 8 б.]

Менің ойымша, интерактивтік әдістердің басты артықшылығы – оқушыны дайын ақпаратты қабылдаушы емес, білімді өзі құрастырушы тұлға ретінде қалыптастыруында. Бұл әсіресе сөйлеу дағдыларын дамытуда аса маңызды, себебі сөйлеу – тек жаттығу емес, тәжірибе арқылы қалыптасатын қабілет.

Ахмет Байтұрсынұлы «Сөздің ең асылы — қисынды сөз, ең қымбаты — мағыналы сөз» — дейді. [1, 35 б.] Бұл пікірі интерактивті оқытудың негізгі мақсатымен үндес. Интерактивті әдістер оқушыны жай сөйлеуге емес, «қисынды» (логикалық) және «мағыналы» (мазмұнды) сөйлеуге баулиды. Оқушы диалог кезінде өз ойын дәлелдеу үшін тілдік құралдарды сұрыптап қолдануды үйренеді.

Жүсіпбек Аймауытов «Сабақ беру — үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол — жаңадан жаңаны табатын өнер» — дейді. [5, 62 б.] Бұл пікір интерактивті әдістердің мәнін терең ашып көрсетеді. Себебі қазіргі білім беру үдерісінде мұғалім тек ақпарат жеткізуші емес, оқушының танымдық әрекетін ұйымдастырушы, бағыттаушы тұлға болып табылады.

Интерактивті әдістерді қолдану барысында мұғалім әр сабақты шығармашылықпен ұйымдастырып, оқушыны дайын білімді қабылдауға емес, оны өз бетімен ізденіп табуға жетелейді.

Интерактивті оқыту – бұл жай ғана ойын емес, бұл оқушы мен оқушының, оқушы мен мұғалімнің өзара әрекеттесуі. Сөйлеу дағдыларын дамытуда 6-сыныпқа қатысты мынадай әдістер ерекше нәтиже береді:

«Пікірсайыс (Дебат)» элементтері: Оқушыларды екі топқа бөліп, бір мәселенің оң және теріс жақтарын дәлелдеуге бағыттау. Бұл оқушының логикалық ойлауын және өзгенің пікіріне қарсы уәж айту мәдениетін қалыптастырады. Мысалы, тақырып: «Мектептегі үзілісте смартфон қолдану дұрыс па?»

А тобы (Жақтаушылар): «Смартфон – білім көзі. Біз үзілісте электронды кітап оқимыз немесе келесі сабаққа ақпарат іздейміз».

Ә тобы (Даттаушылар): «Үзіліс – демалыс уақыты. Телефон көзді шаршатады, одан да құрбыларымызбен тірі қарым-қатынас жасаған пайдалы».

Нәтиже: Оқушы «Менің ойымша...» дегеннен гөрі, «Сіздің пікіріңізге қосылмаймын, себебі...» деп сыпайы уәж айтуды үйренеді.

«Рөлдік ойындар»: Өмірлік жағдаяттарды (дүкенде, кітапханада, сұхбат кезінде) сахналау. Бұл әдіс «тілдік кедергіні» (language barrier) жоюға көмектеседі.

«INSERT» немесе «Түртіп алу» әдісі: Мәтінмен жұмыс істеу барысында оқушының талдау жасап, өз ойын білдіруіне жағдай жасайды. Мысалы, тақырып: «Табиғатты қорғау» мәтінімен жұмыс. Оқушы мәтін жиегіне белгі қояды:

«V» (білемін): «Қазақстанда Қызыл кітап бар екенін білемін».

«+» (жаңа ақпарат): «Елімізде 10 мемлекеттік қорық бар екен».

«?» (сұрағым бар): «Неліктен кейбір жануарлар жойылып барады?»

Нәтиже: Мәтінді жай оқып шықпай, әр сөйлемге өз көзқарасын білдіріп, соны ауызша айтып беруге машықтанады.

«Аквариум» әдісі: Оқушылардың бір тобы тақырыпты талқылайды, ал екінші тобы олардың сөйлеу мәнерін, аргументтерін сырттай бақылап, кейін баға береді.

Интерактивті әдістердің тиімділігін анықтау үшін келесі критерийлерді негізге алу қажет:

| Критерийлер | Сипаттамасы |
|---|---|

| | |
|---|---|
| Ойдың жүйелілігі | Сөйлемдердің қисынды байланысуы және негізгі ойдан ауытқымау. |
| Сөздік қордың байлығы | Синонимдерді, фразеологизмдерді және терминдерді орынды қолдану. |
| Аргументтеу қабілеті | Өз пікірін «себебі...», «мысалы...», «қорыта айтқанда...» деген құрылымдармен дәлелдей алуы. |
| Эмоционалдық-экспрессивтілік | Дауыс ырғағын, интонацияны және ым-ишараны орынды пайдалану. |

*1-сурет. [6, 14 б.]*

Ауызша сөйлеу дағдыларын бағалауда берілген критерийлер өте маңызды және өзара тығыз байланысты. Біріншіден, ойдың жүйелілігі — сөйлеудің негізі, себебі оқушы ойын ретімен жеткізбесе, тыңдаушыға түсініксіз болады. Екіншіден, сөздік қордың байлығы сөйлеуді көркем әрі әсерлі етеді, мысалы, синонимдер мен тұрақты тіркестерді қолдану арқылы оқушы өз ойын нақтырақ жеткізе алады.

Сонымен қатар, аргументтеу қабілеті де маңызды, себебі оқушы тек пікір айтып қана қоймай, оны дәлелдеуі тиіс. Мысалы, «менің ойымша...» деп бастап, «себебі...» арқылы түсіндіріп, «қорыта айтқанда...» деп аяқтау — дұрыс сөйлеу құрылымы.

Тағы бір маңызды аспект — эмоционалдық-экспрессивтілік. Себебі дауыс ырғағы мен ым-ишара сөйлеуді жандандырып, тыңдаушының қызығушылығын арттырады. Осы критерийлерді жүйелі түрде дамыту оқушының тек тілдік қабілетін ғана емес, оның еркін, сенімді және мәдениетті сөйлеуін қалыптастырады.

6-сынып оқушылары үшін «қателесуден қорқу» сезімі басым болады. Интерактивті әдістердің маңыздылығы сол – мұнда «қате жауап» деген ұғым емес, «өзіндік көзқарас» деген ұғым алға шығады.

«Қателік жіберуден қорықпайтын орта қалыптасқанда ғана, баланың ішкі әлеуеті ашылып, еркін сөйлеуге деген құштарлығы оянады».

Мұндай ортада мұғалімнің қолдауы ерекше рөл атқарады: ол оқушыны сынаушы емес, бағыттаушы, ынталандырушы тұлғаға айналады. Нәтижесінде оқушылар арасында сенім мен өзара құрмет қалыптасып, олар бір-бірінің пікірін тыңдауға және қабылдауға үйренеді.

Сонымен қатар, интерактивті әдістер оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық ойлауын дамытады. Олар түрлі жағдаяттарда шешім қабылдауға, өз ойын дәлелдеуге, сұрақ қоя білуге дағдыланады. Бұл тек тілдік дағдыларды ғана емес, өмірлік маңызды қабілеттерді де қалыптастырады.

Интерактивті оқытудың нәтижесінде оқушының коммуникативтік құзыреттілігі артып, ол тек мектеп қабырғасында емес, күнделікті өмірде де

өз ойын анық, сенімді жеткізе алатын, әлеуметтік ортада белсенді әрекет ететін тұлға болып қалыптасады.

Қорытындылай келе, 6-сынып оқушыларының ауызша сөйлеу дағдыларын интерактивті әдістер арқылы дамыту олардың тек тілдік емес, әлеуметтік-коммуникативтік деңгейін де айтарлықтай көтереді. Зерттеу барысында анықталғандай, оқушылар топтық жұмыс кезінде бірін-бірі тыңдауды, сыни ойлауды, өз ойын жүйелі жеткізуді және этикалық нормаларды сақтай отырып өз пікірін дәлелдеуді үйренеді. Сонымен қатар, интерактивті тапсырмалар оқушылардың белсенділігін арттырып, оқу процесіне деген қызығушылығын күшейтеді.

Интерактивті әдістер (дебат, рөлдік ойындар, пікірталас, «миға шабуыл» сияқты тәсілдер) оқушылардың еркін сөйлеуіне жағдай жасап, олардың сөздік қорын байытады, тілдік кедергілерін азайтады. Мұндай ортада оқушы өзін қауіпсіз сезініп, қателесуден қорықпай, тілдік тәжірибе жинақтайды. Нәтижесінде, оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасып, өз ойын нақты әрі сенімді жеткізу қабілеті дамиды. Сонымен бірге, бұл әдістер оқушылардың тұлғалық дамуына да оң әсер етеді: жауапкершілік, көшбасшылық, өзгенің пікіріне құрметпен қарау, топта жұмыс істей білу дағдылары қалыптасады. Интерактивті оқыту арқылы білім алушылар тек білімді қабылдаушы емес, оны белсенді түрде құрастырушы тұлғаға айналады.

Осылайша, интерактивті әдістерді жүйелі әрі мақсатты түрде қолдану — білім сапасын арттырудың, оқушылардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етудің және заманауи білім беру талаптарына сай тұлға қалыптастырудың маңызды кепілі болып табылады.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. — Алматы: Ана тілі, 1992. — 448 б.
2. Мүсірепов Ғ. Сөз — асыл қазына. — Алматы: Жазушы, 1985.
3. Әлімов А. Интерактивті әдістерді оқу үдерісінде қолдану. — Алматы, 2011.
4. Жанпейісова М. М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. — Алматы, 2002.
5. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші — Алматы, 1991. — 186-бет.
6. Выготский Л. С. Мышление и речь. — М.: Лабиринт, 1999.
7. Құрманова Г. Ж. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқулық. — Алматы: Эпиграф, 2018.

# АБАЙДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ІЛІМІН АІ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің магистранты* ***А.Е.Абильдинова***
*ғылыми жетекші: филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор* ***Б.Ж.Сарыбаева***

**Аңдатпа:** Бұл мақалада білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформация және жасанды интеллектінің маңызы қарастырылады. Автор Абай Құнанбайұлының рухани-адамгершілік ілімін заманауи технологиялар арқылы тиімді оқыту жолдарын талдайды. Қорытындысында жасанды интеллект білім сапасын арттырып, оқушылардың танымдық белсенділігін күшейтетін маңызды құрал екені көрсетіледі.

**Түйінді сөздер: Абай Құнанбайұлы,** жасанды интеллект, білім беру жүйесі, цифрлық трансформация, рухани-адамгершілік тәрбие, оқу процесі.

**Аннотация:** В статье рассматривается значение цифровой трансформации и искусственного интеллекта в современной системе образования. Анализируются эффективные способы преподавания духовно-нравственного учения Абая Кунанбаева с использованием современных технологий. В заключение отмечается, что искусственный интеллект является важным инструментом, способствующим повышению качества образования и развитию познавательной активности учащихся.

**Ключевые слова: Абай Кунанбаев, искусственный интеллект, система образования, цифровая трансфрпмация, духовно-нравственное воспитание, учебный процесс.**

**Annotation:** The article examines the significance of digital transformation and artificial intelligence in the modern education system. It analyses effective ways of Abai Kunanbaev's spiritual and moral teaching/ doctrine with the usage of the modern technologies. In conclusion, it highlights that artificial intelligence is an important tool that enhances the quality of education and promotes students' cognitive engagement.

**Key words:** Abai Kunanbayev, artificial intelligence, education system, digital transformation, spiritual and moral education, learning process.

Қазіргі жаһандану дәуірінде білім беру жүйесі цифрлық трансформация кезеңін бастан өткеруде. Ақпараттық технологиялардың, соның ішінде жасанды интеллектінің (АІ) дамуы оқыту әдістерін жаңғыртып, білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға жаңа мүмкіндіктер ашуда. Ұлттық құндылықтарды, рухани-адамгершілік мұраны заманауи тәсілдермен меңгерту – бүгінгі педагогиканың маңызды міндеттерінің бірі. Бұл тұрғыда Абай Құнанбайұлы шығармашылығын, оның ішінде рухани-адамгершілік ілімін АІ арқылы оқытудың тиімділігін ғылыми тұрғыда талдау өзекті мәселе болып табылады.

Абай Құнанбайұлының рухани-адамгершілік ілімі оның қара сөздерінде кеңінен көрініс тапқан. Оның қара сөздерінде адам болмысы, мінез-құлық мәдениеті, білім мен ғылымның рөлі, имандылық мәселелері терең талданып, жоғары деңгейде суреттеледі. Абай өмірді немесе адамды суреттеуде барынша шыншыл болған. Қандай құбылысты сөз етсе де, оның қоғамдық, әлеуметтік тамырын, маңызын айқындап, адам үшін, қоғам үшін

пайдалы немесе зиянды жақтарын ашып және осының барлығын өмірдің ілгерілеу, даму тұрғысынан суреттейді [1,65].

Абай жетінші қара сөзінде екі түрлі мінезге тоқталып, тән құмары мен жан құмарының мәнін ашады. Оқырманға бала күніндегі білуге құштарлығын мысал етіп, ой сала отыра, есейіп, ақыл тоқтатқан шақта білуге, ізденуге ұмтылмаудың қаншалықты надандық екендігін көрсетеді. «Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуаннан неміз артық?» - деп сауал жолдай отыра, толғанып, ой қорытуға жетелейді. [2,22].

Абай ілімінің тәрбиелік мәні – жеке тұлғаның рухани жетілуіне бағытталуында. Ол адамның ішкі әлемін тәрбиелеуді бірінші орынға қояды. Сондықтан бұл мұраны оқыту тек әдеби білім емес, құндылықтық бағдар қалыптастыру үдерісі болып табылады.

Жасанды интеллект білім беру жүйесінің мазмұны мен құрылымын жаңғыртуда маңызды рөл атқарады. Қазіргі цифрлық қоғам жағдайында ол оқыту үдерісін тиімді ұйымдастырудың негізгі құралдарының біріне айналып отыр. Жасанды интеллект технологиялары білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жекелендірілген оқу траекториясын құруға мүмкіндік береді. Бұл әр оқушының қабілеті мен білім деңгейіне сәйкес материал ұсынуға жағдай жасайды. Нәтижесінде білім сапасы артып, оқу мотивациясы күшейеді. Сонымен қатар, жасанды интеллект оқу материалдарын автоматты түрде талдап, күрделілік деңгейін реттей алады. Ол білім алушылардың үлгерімін үздіксіз бақылап, деректер негізінде нақты ұсыныстар береді.

AI технологиялары білім алушының қызығушылығын арттырып, күрделі философиялық мәтіндерді түсінуді жеңілдетеді. Әсіресе Абайдың терең мағыналы қара сөздерін талдауда семантикалық модельдер мен мәтіндік интерпретация құралдары тиімді қолданыла алады. Мысалы: Абай Құнанбайұлының жоғарыда талдап өткен жетінші қара сөзінде бала мінезінің екі түрлі болмысын айтады: біріншісі – ішсем, жесем, ұйықтасам деген тән құмары; екіншісі – білсем, көрсем, үйренсем деген жан құмары. Абай адамды өсіретін күш – жан құмары, яғни танымға, білімге ұмтылу екенін дәлелдейді. Сабақта оқушының қызығушылығын арттыру үшін AI көмегін сабақтың барлық кезеңінде қолдануға болады. «Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы» тақырыбы бойынша шолу сабаққа кіріспе ретінде Қ.Бітібаеваның тәжірибесі мен ұстанымына сүйене отырып, ақынның еліне, мұражайына сырттай саяхат жасауға немесе қаламызда орналасқан ескерткішке баруға болады. [3,173].

Тәжірибе барысында біз мектеп қабырғасында осы идеяны AI көмегімен креативті форматта ұйымдастыруды жөн көрдік. Оқушыларға заманауи бағдарламалар көмегімен **online мұражай** сағаты ұсынылды. Бұл сабаққа қатысқан барлық оқушылар мұражай ішін онлайн түрде аралап, шынайы түрде рухани лаззат алып, білімін толықтыра алды. Дәл осы мүмкіндік оқушының білім алу көкжиегін асырып, ынтасын арттыруға

септігін тигізді. Сонымен қатар, сабақ соңында өткізілген сауалнама бойынша оқушылардың көбі үшін мұражай ішін онлайн-аралау ерекше әсер қалдырған.

Сабақ тақырыбын анықтаған соң, жетінші қара сөзін талдау бойынша жұмыс өзегіне үңілген сәтте кесте толтыру арқылы «жан құмары» мен «тән құмарын» анықтап алуға ден берілді. Бұл тұста **Learning-apps** бағдарламасын тиімді қолданылды. Бағдарлама бойынша оқушылар «жан құмары» мен «тән құмары» ұғымдарын ашатын мысалдарды сәйкес ұяшыққа тіркеді, өзін-өзі тексерді. Сонымен қатар, талдау үлгісінде оқушылар берілген мысалдарды ауызша толықтырды. Бұл жұмысты жүргізудің артықшылығы – оқушы жетінші қара сөзде айтылған адам бойындағы қасиеттер туралы ой қалыптастырды. Оқушының зейінін жоғалтып алмас және жалықтырмас үшін оқу амалы үнемі өзгертіліп отырды. Оқушыларға «Абай Құнанбайұлы «жан құмары» мен «тән құмары» туралы не айтқан екен?» деген ой салып, оқылым дағдысына бағыт берілді. Оқыған, түйген материал негізінде сабақтың соңына қарай креативті тапсырма ұсынылды. AI көмегімен «жан құмарын» ұстанған бала мен «тән құмарын» ұстанған бала өмірінен үзінді бейнеролигін жасау жұмысы берілді. Дайын болған материалдарды сыныппен қарап, түйіндеп, Абайдың жетінші қара сөзінен қандай ой шығарғанымызды ортаға салып, сабақты қорытындыладық.

Көзбен көрген бейнематериал оқушының ойы мен көзқарасына тікелей әсер етеді, оқушы ерекше әсер алып, «жан құмарын» ұстанған бала бейнесін жасау арқылы өзі де соған еліктеп, бойын жақсы қасиетке бағыттайды. Оқушы бала табиғатынан еліктегіш келеді. Педагогика оқулығын жазған Мағжан Жұмабаев еліктеудің адам бойындағы ерекше бір қабілет екенін атап өтіп, етіктеуден адам өзгеден көрген жақсы, тиімді дүниені қабылдап, соған қарай көселетінін айтады [4,142].

AI көмегімен өз қолдарымен жасаған бейнематериал көмегімен оқышы ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін анық шешіп, өзіндік ой түйетіні де хақ. Ал психологиялық тұрғыда, бейнероликтен көрген дүниесін өзінің өміріне салып салыстырады. Бұл оқушының ішкі мотивациясына әсер етеді. AI арқылы дәстүрлі сабақты түрлендіру оқушының зейінін оятады. Ал бұл өз кезегінде оқушылардың белседілігін арттырып, материалды қызықты етіп түсіндіруге, оқушылардың әрекетін бір жұмыстан екінші жұмысқа тез ауыстырып отыруға мүмкіндік береді [5,132].

AI мүмкіндіктерінің бірі – білім беруші мұғалімге алуан түрлі тапсырма құрастырудағы көмегі. Мұғалім заманауи білім беру үдерісіндегі өзгерістер мен ерекшеліктерді ескере отырып, оқушының деңгейі мен қызығушылығына сай тапсырмаларды құрастыра алады. Бұл өз кезегінде білім алуды қолжетімді етсе, екінші жағынан оқушының қызығушылығы мен қабілетіне сай келуіне тікелей байланысты болмақ. Психолог мамандардың айтуынша, заман талабына сай оқыту әдістерін қолдану білімпаздық мотивтердің барлық түрлерін, ең алдымен білімге құштарлық, оқу процесі мен оның маңызына деген қызығушылық сияқты мотивтерді

жақсартады. Неғұрлым оқу процесінде алуан түрлі тәсіл қолданылса, соғұрлым оқу процесі де қызық, нәтижелі болмақ деп түйіндейді. Тапсырмаларды еркін таңдау оқу танымдылығы мотивтерін тереңдете түсетінін атап өтеді [6,243].

Сынып оқушыларының қызығушылығы мен қабілеттерінің әртүрлілігін ескеретін болсақ, топ оқушыларына тапсырмаларды құрастырғанда таңдау бойынша бірнеше тапсырма құрастырған абзал. Осы тұста жасанды интеллект мүмкіндіктері мұғалімнің уақытын үнемдеп, креативті тапсырма құрастыруда таптырмайтын құрал болып табылады. Оқушылардың бір бөлігі бейнематериал дайындаумен айналысуды ұнататын болса, бір бөлігі аудиоматериалмен жұмыс жасауға биім болуы мүмкін. Сондай-ақ дәстүрлі форматтағы оқушының тілдік дағдығысын дамытуға бағытталған эссе жазу, ойын қағазға түсіру жұмыстары да сырт қалмауы керек. Сондықтан оқушының қызығушылығы мен қабілетіне сай сыныптың бір бөлігіне ситуациялық моделдеу тапсырмасын беруге болады. Бұл тапсырма оқушы қалауы бойынша AI көмегімен немесе дәстүрлі форматта жұмыс дәптерінде орындауына таңдау қалдырған абзал. Тапсырма желісі бойынша жағдаяттық сұрақты ұсынуға болады. «Сенің бүгін 3 сағат бос уақытың бар. Сен нені таңдайсың? Қандай жоспар құрасың? Бір жағында телефон, ойын, демалыс. Екінші жағында – жаңа білім үйрену, шет тілін меңгеру. Қайсысын таңдайсың? Неге?». Бұл жұмыс түрі өздігінен жұмыс жасауды жақсы көретін оқушылар мен табиғатынан шешендік өнерге жақын оқушыларға қызық болады. Оқушы жазба жұмысы түрінде өз таңдауын анық жазып, оның себебін түсіндіреді. Өз жауабы арқылы «жан құмарын» немесе «тән құмарын» таңдағаны туралы ой қорытындылайды. AI көмегімен орындалатын түрінде оқушы автоматтандырылған сұрақтар желісіне жауап беруге қатыса алады.

Жасанды интелекттің бейнегенераторлары арқылы ақынның оқушыларға нақыл айтуын жасау – оқушының негізгі қағиданы ақынның өзінен тікелей қабылдауына мүмкіндік береді және оқушының ойында ұлы ақынмен сырласу эффектісінің көрінісіндей әсер қалдырады. Осылайша ақынның «жан құмарына» ден қоюға шақыратын сөздері сабақты ерекшелейді.

Жасанды интеллектті сабақ барысында орынды және жүйелі қолдану мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, білім алушылардың белсенділігін арттырып, олардың өздігінен ойлау, талдау және шешім қабылдау қабілеттерін дамытады. Сонымен қатар, әртүрлі деңгейдегі мектеп оқушыларына бейімделген тапсырмалар ұсыну арқылы инклюзивті білім беру талаптарын жүзеге асыруға да мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект – білім беру жүйесінің сапасын арттыратын, оқыту үдерісін дараландыратын және рухани-адамгершілік тәрбие беруде, соның ішінде Абай ілімін меңгертуде тиімді инновациялық құрал. Оның мүмкіндіктерін дұрыс, мақсатты пайдалану –

бәсекеге қабілетті, саналы және рухани бай тұлға қалыптастырудың маңызды шарты болып табылады.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:


1. З.Ахметов. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы:Ана тілі 1995. – 272 бет.
2. Абай. Қара сөз/Құнанбаев Абай – Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2011 – 184.
3. Бітібаева Қ. Әдебетті оқыту әдістемесі. – Алматы: «Рауан», 1997 – 288 бет.
4. Мағжан Жұмабаев. Педагогика – Алматы: «Самға» баспасы, 2024 – 144 бет.
5. Берікұлы Н. Жас ерекшелік және педагогикалық психология: оқу құралы/Н.Берікұлы. – Ақтөбе; С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, 2018. – 243 б.
6. Психология: Адамзат ақыл-ойының қазынасы: 10 томдық; ред. алқасы: Ә. Н. Нысанбаев; құраст.: С. М. Жақыпов, С. Қ. Бердібаева; ауд. И. К. Аманова; сарапшы: Ж. Т. Түркпенов- Алматы: Таймас, 2005. – Психология. – ISBN 9965-9782-0-4, 9965-9782-4-7 (4-т.)(мұқ.) - "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы бойынша. 4-том. Психологиядағы ақыл-ой әрекетін сатылап қалыптастыру теориясы– 480 б.


# ҚАЗАҚ ТІЛІН БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ: ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУ


*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің магистранты* ***Алькенова М.Б.***
*Ғылыми жетекші: профессор, PhD доктор* ***Сағынтаева Ж.К.***



Аңдатпа. Мақалада 8-сыныпта қазақ тілін оқытуда Блум таксономиясын қолданудың тиімділігі талқыланады. Қазақ тілін оқытуда мұғалімнің білім мен дағдылар қалыптастырып, жас буынның ой-өрісін дамытып, функционалды сауатты оқушыларды тәрбиелеп шығаруда және қазақ тілін оқытуда Блум таксономиясын барынша тиімді пайдаланудың әдістік қолданыстары мен ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады. Блум таксономиясының білім беру процессіндегі, соның ішінде қазақ тілін оқытудың әдіс-тәсілдері ұсынылады.



*Түйін сөздер:* Блум таксономиясы, ойлау деңгейлері, білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау, қазақ тілін оқыту әдістемесі.



Аннотация. В статье обсуждается эффективность использования таксономии Блума в обучении казахскому языку по 8 классу. Рассматривается особенности и практические методы наиболее эффективного использования таксономии Блума в формировании знаний и навыков, развитии мышления молодого поколения, воспитании функционально грамотных учеников в обучении казахскому языку. Предложены методы и приемы таксономии Блума в образовательном процессе, в том числе в обучении казахскому языку.



*Ключевые слова:* Таксономия Блума, уровни мышления, знание, понимание, применение, анадиз, синтез, оценка, методика преподования казахского языка.



Abstract. The article discusses the effectiveness of using Bloom's taxonomy in teaching the Kazakh language for 8d Grade. The article considers the features and practical methods of the most effective use of Bloom's taxonomy in the formation of knowledge and skills, the development of thinking of the younger generation, the education of functionally literate students

in teaching the Kazakh language. The methods and techniques of Bloom's taxonomy in the educational process, including in teaching the Kazakh language, are proposed.

*Keywords:* Bloom's taxonomy, levels of Bloom's taxonomy, knowledge, comprehension, application, analysis, synthesis, evaluation, methods of teaching the Kazakh language

Заман талабына сәйкес білім беру парадигмасына көптеген өзгерістер енуде. Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық моделіне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Мұғалімдер алдында оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын қолдана отырып, жеке тұлғаның дамуына жағдай туғызу қажеттілігі тұр. Жаңа білім беру парадигмасына сәйкес педагогтер бәсекеге қабілетті, функционалды сауатты, сыни ойлауға қабілетті, берілген ақпаратты біліп қана қоймай, ары қарай игеріп, талдау жасай алатын, бағалай білетін құзіретті жеке тұлға тәрбиелеп шығуы керек. Оқу үрдісінің, педагогтің негізгі мақсаттары – білім алушының білім игеру кезінде ойлау қабілетін қалыптастыру, сол арқылы таным әрекетін белсендіріп, шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады. Шығармашылық қабілеттері жақсы дамыған, таным әрекеті белсенді, сыни тұрғыдан ойлай білетін буын оқытып шығару үшін білім жүйесіне Блум таксаномиясын енгізу қажет. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан - 2030» стратегиясы жолдауында, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында, көрсетілгендей қоғамның эканомикалық және әлеуметтік жағынан ілгерілеуінің маңызды факторы ретінде білім берудің ұлттық моделін дамыту, шығармашыл тұлғаны қалыптастыруға дағдылану, ақыл-ой қорын жинау сияқты мақсаттарды көздейді. Ол Қазақстан республикасы жарияланған білім беру басымдылығына, «жалпыға білім беру» моделін «әр адамға таңдау бойынша білім беру» моделіне көшуге негізделгенде жүзеге асады [1].

Блум таксономиясы – сын тұрғысынан ойлауды қарастыратын, ойлау дағдылары кеңінен қолданылатын иерархиялық модель. Блум таксономиясының мақсаты – оқытудың неғұрлым тұтас нысанын құру [2]. Блум жүйесі арқылы уақытты тиімді пайдалануға және сапалы білім мен оқушылардың өзін-өзі бағалауға қол жеткізуіне жағдай жасай аламыз.

Бенджамин Блум – американдық оқыту әдістемесінің психологі, Блум таксономиясының авторы. Пенсильванияда Ленсфорд қаласында туылған, 1935 жылы Пенсильван университетін бакалавр және магистр деңгейлерімен бітірген, 1942жылы Чикаго университетінде докторлық деңгейін қорғады. 1956 жылы Бенджамин Блумның төрағалық етуімен білім беру комитеті *Оқу мақсаттарының таксономисын* әзірлеп шығарды [3].

Блум таксономиясының сабақ мазмұнын меңгертудегі мақсаты – оқытудың неғұрлым тұтас нысанын құру. Жалпы алғанда, таксономия (грекше. taxis – орналасу, құрылыс, тәртіп және nomos – заң). Таксономия – олардың иерархиясын (белігілі бір құрылымдағы бірізділігін, реттелігін) құрастыру мақсатында берілген нысандарды нақты бір өлшемдер мен қағидалар бойынша жіктеу [2].

Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының негізгі категориялары:

1) білу; 2) түсіну; 3) қолдану; 4) талдау; 5) жинақтау; 6) бағалау. Блум таксономиясы бір ізбен реттелген мақсаттар жүйесі арқылы оқушылардың білім деңгейлерін анықтап, шығармашылық деңгейге жетуді ұсынады. Блум танымдық салада алты деңгейді бөлді, атап айтқанда ол ең төменгі деңгей ретінде фактілерді қарапайым қабылдау мен танудан бастап анағұрлым күрделі және абстрактілі психикалық деңгейлерге қарай жылжып отырып, ең күрделісі бағалау деп жіктеді [4].

Білу - таным мен ойлау деңгейінің төменгі деңгейі. Бұл деңгей мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы есте қалай сақталғанын тексеруге бағытталады, мағлұмат пен деректерді еске түсіреді. Мысалы, грамматикалық ережелерді әр сабақ сайын қайталап отыру немесе өткен сабақты еске түсіру. Түсіну – таным мен ойлау деңгейінің орта деңгейі. Жаңа материалдағы білімді түсінгенін анықтау үшін, диалогтық байланыс жасау. Оқушылардың ойларын өзгеше түрде сұрау, болжам жасату. Жаңа материалды түсінуін қамтамасыз ету. Жаңа сабақ түсіндіріліп болғаннан кейін оқушылардың қалай меңгергендігін анықтау кезеңі. Қолдану – таным мен ойлау деңгейінің орта деңгейі. Бұл деңгей оқу материалын нақты жағдайда және мүлдем жаңа ситуацияда қолдануды меңзейді. Мұнда ережелерді, әдістерді, ұғымдарды, заңдарды, қағидаларды, теорияларды, практикалық тұрғыдан өмірде қолдану кіреді. Оқу нәтижелері түсіну деңгейіне қарағанда материалды тереңірек игеруді талап етеді. Талдау – таным мен ойлау деңгейінің жоғарғы деңгейі. Оқу материалының құрылымы анық көрінуі үшін оны құрамдас бөліктерге бөлу: бүтіннің бөліктерін ажырату; бүтіннің бөліктерінің арасындағы өзара байланыстарды анықтау, бүтіннің қалайша ұйымдастырылғандығын сезіну. Бұл деңгей оқу материалының мазмұнын сезінумен қатар оның ішкі құрылысын қалайша құралатындығын меңзейді. Жинақтау – таным мен ойлау деңгейінің жоғарғы деңгейі. Оқу материалындағы жеке бөлшектерден немесе шашылған дүниелерден жаңа жасауға көмектесу. Жалқыдан жалпыға бағыттау. Ойын жинақтап, проблеманы шешудің өзіндік үлгісін жасайды. Бағалау – таным мен ойлау деңгейі – жоғарғы деңгей. Оқу материалының маңызын анықтау, ол туралы өзіндік пікір келтіру, ойын білдіру. Бұл деңгей алдыңғыларының оқу нәтижелеріне қол жеткізуді меңзейді. Материалдың өзі үшін керектісін, құндылығын анықтау, пайымдауға бағыт беру, идеялар алмасу, өзіне керектісін таңдау [5].

Блум таксономиясы бойынша педагог сабақты ұйымдастыруда оқушылардың дайын ақпаратты қабылдауынан гөрі, ондағы қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына қолдау көрсетуі керек. Блум таксономиясы адамның ақыл-ой қабілеттерінің құрылымы танымдық үдерістің ең қарапайым деңгейі «білуден» бастап күрделіге біртіндеп өту барысында белсенді әрекетке жетелейтін 6 деңгейге сәйкес тапсырмаларды құруды қажететеді.

Тапсырмалар құруда оқытушы оқушыларды кәсіби іс-әрекетті меңгеруге бағыттайды. Қазақ тілі сабағында сабақ жоспарын Блум

таксономиясына салып, бағдарламада белгіленген жеті модульді ықпалдастырудың арқасында оқушылардың не білетінін және нені жасай алатынын,сондай-ақ қызығушылықтарын түсініп, оқытудың жаңа тәсілдерін тиімді және орынды пайдалана алады. Педагог бұдан кейінгі іс-әрекеттерін жоспарлап, бағамдайды. Ал өз кезегінде оқушы бойында ішкі уәж туып, өз қабілеттеріне сенім артады. Білім алушы жаңа материалды саналы түрде меңгеруіне жағдай жасалады.

Ж.Аймауытов «Білімдендіруді жүзеге асыратын — мұғалім» деген екен. Ендеше, мұғалім оқушыларды білім жүйесімен, іскерлікпен, дағдымен қаруландырып қоймай, олардың танымдық, шығармашылық қабілетін дамытады.

Жалпы 8-сыныппен өткізген өз іс-тәжірибемде байқағанымдай, оқу үрдісінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру – іс-әрекеттер барысында оқушының ізденімпаздығы, бейімділігі, жаңа нәрсені жасауда қажеттіліктердің пайда болуы арқылы дамиды.

Сөз етіліп отырған деңгейлерге сәйкес танымдық үрдістің мақсаттары бірте-бірте күрделенетіндігі заңдылық. Әр қадам сайын сол деңгейде орындалған әрекетке баға беруді жүзеге асыру арқылы оқушының білім деңгейі артып, шығармашылығы шыңдалады. Шығармашылық жұмыстарды орындағанда оқушылар өзінің болжау, топшылау, түрлі құбылыстардың арасындағы байланыстарды салыстыра білу қабілетіне сүйене отырып, ой қорытындысын жасап, жаңа шешім табады, өзіндік жаңалық ашады. Оқушы білімін шығармашылық деңгейге жетелеу өнімді тәсілдермен жүзеге асады. Ол өнімді деңгей деп аталады. Өнімді, шығармашылық деңгей – анализ/талдау/, синтез /жинақтау/, баға. Блум таксономиясының ұтымдылығы да сол, ол оқушыларды шығармашылық деңгейге жетелеуімен ерекшеленеді.

Ұстаз шығарманы түсініп оқудың, сонымен қатар, оқушының жалпы тілдік мәдениетін, тілдік құбылыстардың ерекшеліктерін толықтай меңгеріп, ана тілін өз халқының әдебиетін жетік түсінуге, суреткердің өзіндік шеберлігін тануға жол ашады.

Мәтіндердің көркемдік ерекшелігіне, сөз өрнегіне, суреткердің шеберлігіне, стиліне ерекше тоқталған орынды. Оқушыларды мәтіндердің мазмұнына терең бойлату үшін шығармашылық оқу, шығармашылық тапсырманы беру әдісі ұтымды. Оқушы неғұрлым көп білсе, ал сұрақ-тапсырмалар мәтінге үңілдірер, қызықтырар, ынталандырар сипатта болса, соғұрлым оқушының көркем шығарманы қабылдауы арта түспек. Бұл жұмыстың негізгі мәселесі-мұғалімнің оқушыларды өзіндік ізденіске жетелеуі. Сонымен қатар баланың қиялына, фантазиясына ерік беру керек.

Блум таксономиясы – иерархиялы модель деп сипаттадым. Блум таксономиясындағы ойлау деңгейлері қарапайымнан күрделіге қарай ұстанымына сәйкес келеді. Ахмет Байтұрсынұлының ұсынған бұл ұстанымы қазіргі білім беру жүйесінің негізі деп айта аламыз.

Өзімнің 8-сыныппен жұмыс жасаған тәжірибемде Блум таксономиясы сабақ сапасын арттырып, оқушылардың қызығушылығын күшейткенін байқадым. 8-сынып оқушылары жас ерекшелігі бойынша аналитикалық ойлау қабілеті қалыптаса бастаған кезеңде болғандықтан, оларға талдау, жинақтау, бағалау деңгейіндегі тапсырмалар ерекше тиімді. Жұмыс барысында оқушылар мәтін мазмұнын талдап, өз болжамдарын ұсынды, түрлі тілдік құбылыстарды салыстырды, шығармашылық мәтіндер құрастырып, өзара бағалау дағдылары да айтарлықтай дамыды.

А. Байтұрсынұлы «Қазақ» газетінде жарық көрген «Қазақша оқу жайында» атты мақаласында «Бұлардың бәрі де балаларды қинамай оңай оқытуға керек нәрселер. Қиналмай оқыса, оқуға балалар қызықпақшы, балалары тез хат білсе, ата-аналары балаларын оқытуға ықыластанбақшы» деген пікір айтады [6]. Білім алушылар үшін қазақ тілі күрделі әрі қиын пән болып көрінбеу керек. Ойлаудың білу деңгейінен біртіндеп күрделене түсу керек. Бекіту, сынақ, шығармашылық тапсырмалар деңгейлік сипатта болуы тиіс. Деңгейлік тапсырмалар негізінде тұлғаның өз ісіне мақсат қоя отырып, оны іске асыру үшін әртүрлі жағдайлардағы проблемаларды анықтап, жауапты шешім қабылдап, өз шешімінің нәтижесін бағалай алу біліктілігі және эвристикалық, ізденушілік әдістерге негізделген шығармашылық зерттеу мәселелерін шеше алу қабілеттілігі дамитынын ескеру қажет. Деңгейлік тапсырмаларды құрастыруда жәрдемдесетін сұрақтарды Блум таксономиясының алты деңгейіне жіктеп, кестеге салып көрсеттім.

Кесте 1.

| Ойлау деңгейі | Сұрақтар үлгілері (8-сынып) |
|---|---|
| Білу және түсіну | Не? Кім? Қашан? …. не тұспалданады?<br>…. басқаша қалай түсіндіруге болады?<br>…. бұл үлгі болып табыла ма? Мен мұны өз сөзіммен сипаттай алам ба? |
| Қолдану | Бұл қалай пайдаланылады? Бұл немен байланысты? … қандай жағдайларда? |
| Талдау | Неге? Қалай? …. себебі неде? Қорытынды үшін не нәрсе дәлел? ...себебі қандай?<br>…бір-бірімен қалай үйлеседі? |
| Жинақтау | Егер бұл іске асатын болса, осыдан кейін не болады? Теорияның болжамы іске аса ма? Алынған ақпарат негізінде қандай қорытынды жасадым? Бұл онымен қалай байланысты? |
| Бағалау (Идеялардың не заттық нәрселердің құндылығы жайлы пікір қалыптастыру) | Бұл жақсы ма және неліктен? Бұл қисынды ма және не себепті? Бұл ең тиімді шешім бе? |

Кесте 2.

| | | |
|---|---|---|
| Білу | Қай жылы болды? Қайда болды? Қалай болды? Ережесін жазыңыз. Атап көрсетіңіз. | 1-2 ұпай |
| Түсіну | Сөйлемді аяқтаңыз. Не білдіңіз? Неліктен? Сөйлемді өзгертіңіз. Өзара байланысын түсіндіріңіз. Өз сөзіңізбен айтыңыз. | 3-4 ұпай |
| Қолдану | Бірнеше тәсілмен шешіңіз. Құбылысты негізін түсіндіріңіз. Жорамалды тексеріңіз.Қорытынды жасаңыз. | 5-6 ұпай |
| Талдау | Құрылымы қандай? Топтастырыңыз. Салдары не? Салыстырыңыз. Бөліктерге бөліңіз. Себебін талдаңыз. | 7-8 ұпай |
| Жинақтау | Өз шешеміңізді көрсетіңіз. Алгоритм ұсыныңыз. Баламасын табыңыз. Бөліктерден құраңыз. Жүйелеңіз. Зерттеңіз. | 9-10 ұпай |
| Білімді бағалау | Қосынды ойды бағалаңыз. Жетістіктері атаңыз. Өлшемдерін көрсетіңіз. Сәйкестігі қандай? Қаншалықты дұрыс? Өз ойыңыз? | 11-12 ұпай |

Осы Блум таксономиясындағы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысы жайында өз заманында сан жылдар бұрын айтылып кеткен А.Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алады. Ағартушы әдіскер «Ана тілінің әдісі» атты мақаласында ана тілін үйрету әдістерін былайша бөледі:

Кей әдістердің негізі қосу, жинау болады, барша ол негізді әдістер жалпылау (**синтез**) немесе жиылыңқы әдіс теп аталады.

Кей әдістердің негізі талдау, айыру болады. Ол негізді әдістердің бірі жалқылау (**анализ**) немесе айырыңқы әдіс деп аталады.

Кей әдістің негізінде **қосу да, талдау** да болады. Ондай әдістер жалқылаулы- жалпылаулы немесе айырыңқы-жиылыңқы деп аталады.

Яғни, ғалым үйренушіге дайын ақпаратты бергеннен гөрі, алдына қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына мүмкіндік беру аса маңызды деп көрсетеді. Бұл категориялар қазақ тілін оқулықтарын құрастыруда да, сабақ әзірлемелерін жасауда да басшылыққа алған жөн. [6]

Қорыта айтқанда, әрбір оқытушы сабақ өткізген кезде оқушыларға, студенттерге сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың, студенттердің қызығушылығы арта түсері анық. «Қазіргі заманда жастарға жаңа технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында жаңа технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы өте зор.

Сабақ барысында, жалпы сабақ жоспарын Блум таксономиясы негізінде дайындау барысында ескерілуі тиіс:

Бір – бірінің, өзінің іс-әрекетіне талдау жасауға, бағалатуға дағдыландыру қажет;

Өздерінің нәтижесін көре білуге, оны бағалай білуге дағдыландыру тиіс;

Тез, әрі нақты ойлап, дұрыс шешім қабылдай алу және тапқырлық, тиянақтылық дағдыларын дамыту;

Алған білімдерін пайдалана отырып, жаңа қорытынды жасау дағдыларын қалыптастыру.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан - 2030» Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы «Барлық Қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы». Алматы: Дәуір, 1997.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту аясында қазақ тілінде оқытатын мектептердің қазақ тілі мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы, Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББ, 2015.-24 б
3. Есмұқан М.Е. «Студенттердің танысдық ізденімпаздығын қалыптастыру», Алматы, 2004 ж.
4. (Bloom,B.S. 1956. Taxonomy of Educational Objectives, Handbook I: The Cognitive Domain. New York: David MeKay Co Inc.).
5. Сабыров Т.С. «Оқыту теориясының негіздері», Алматы, 2000 ж.
6. Ұлттың ұлы ұстазы:Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсыновқа арналады/ Құраст. В.Қ. Күзембаева. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001. – 267 б, - «Ұлы тұлғалар» ғылыми биографиялық серия.


# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ШЕТ ТІЛІНДЕГІ НӨЛДІК ТҰЛҒА КӨРІНІСІ


*Ә. Марғұлан ат. Павлодар педагогикалық университеті*
*«Қазақ-ағылшын тілі» мамандығының 3-курс студенті*
***Серік Бексұлтан Абайұлы***
*Ғылыми жетекшісі: филология ғылымының кандидаты,*
*профессор* ***Шақаман Ырысгүл Бектемірқызы***



Аңдатпа. Мақалада қазақ, ағылшын, орыс тілдеріндегі нөлдік категория түсінігі туралы баяндалады. Үш тілдегі нөлдік категория көрсеткіштері келтіріліп, олардың қолданылу ерекшеліктері қаралады. Қазақ тіліндегі нөлдік тұлғалы бірліктер мен ағылшын, орыс тіліндегі нөлдік көрсеткіштердің өзара ұқсастығы жалпы сипаттамалы түрде түсіндіріледі.



Кілт сөздер: қазақ тілі, шет тілі, нөлдік категория, нөлдік тұлға, нөлдік морфема, нөлдік суффикс



Abstract. The article discusses the concept of zero category in Kazakh, English, Russian. The indicators of the zero category in three languages are analyzed and the features of their use are considered. The similarity between zero-person units in the Kazakh language and zero-person units in English and Russian is explained in their common characteristics.

Keywords: Kazakh language, foreign language, zero category, zero person, zero morpheme, zero suffix.

Аннотация. В статье рассматривается понятие нулевой категории в казахском, английском и русском языках. Анализируются показатели нулевой категории в трех языках и рассматриваются особенности их употребления. Сходство между нулевыми единицами в казахском языке и нулевыми единицами в английском и русском языках объясняется общими характеристиками.

Ключевые слова: казахский язык, английский язык, нулевая категория, нулевая форма, нулевая морфема, нулевой суффикс

Тіл ғылымы – техникалық, жаратылыстану, т.б. ғылым түрлері сияқты адамзаттың қажеттілігін өтейтін, бірақ қарым-қатынас үшін қызмет ететін тілдің (сөйлеудің) ауызша-жазбаша сипатының әр қырын қарастыратын, адамдар өздері тудырған, бірақ өздері сезіне бермейтін тілдік мәліметтер бойынша түрліше зерттеу жүргізіп, дерексіз (абстрактілі) танымдық тілдік, сөйлеу нәтижесін беретін ғылым түрі. Бұл – жер бетіндегі барлық ұлт тілі үшін маңызды ғылым.

Тіл ғылымында тілдік мәліметтер белгілі бір топқа (категорияға) сұрыпталып, жинақталады. Тілдік деректерді зерттеу барысында тіл ғылымында тіл білімдік анықтама-ереже шығарылып, соған қатысты ғылыми тілдік сала-бағыттар туындап, жеке ғылыми зерттеу жүргізеді.

Тіл біліміндегі әр саланың өзіндік қарастыратын зерттеу нысаны бар. Грамматикада бірнеше грамматикалық категорияға тән бірлік-көрсеткіштер жеке қаралады. Грамматикада қаралатын категорияның бірі – нөлдік категория.

*Нөлдік категория – сөздерге үстейтін граматикалық мағынасы түрліше болса да, жасырын, дерексіз мағына беруде тек нөлдік тұлғада болатын көрсеткіштер жүйесі.*

Қазақ тілінде нөлдік тұлға қосымша категориясында, жалғауларда кездеседі. Бұл туралы грамматика бағытында зерттеу жүргізген ғалымдар Ы.Маманов, С. Исаев, Ы.Б. Шақаман еңбектерінде жүйелі қарастырылып жазылған [1,2,3]. Ғалымдардың зерттеулері негізінде жүйелесек, нөлдік тұлғалық қызмет Септік жалғауында (Атау, Ілік, Табыс, кейде Барыс, Жатыс септігінде); Тәуелдік жалғауда (көпше түрдегі 1-жақта) Жіктік жалғау жүйесінде (3-жақта) болады.

Мысалы: Табыс септігіне қатысты нөлдік тұлғаны мына сөйлемнен байқауға болады: *Күн жылынған соң, балалар сенбілік ұйымдастырып, маңайды жинап,* ***аула*** *сыпырды.* Мұнда «аула» сөзінде Табыс септік жалғауы нөлдік қызметке ауысқан. Бұл балалардың жалпы қандай қимыл-әрекет жасағанын түсіндіреді. Ал нақтылау қажеттігі туындағанда, «ауланы сыпырды» деп айтылып, Табыс септік жалғауы ашық қолданылуы мүмкін болады. Келесі *И.Байзақовтың әкесі жасында ән салып, өлең шығарған* деген сөйлемде Табыс септігінің жасырын қолданысынан («әнді салған»» деп айтылмай), құранды етістік туындаған.

Жікітік жалғауға қатысты нөлдік тұлға *шартты райлы, жедел өткен шақ, есімше етістіктерінің және есім сөз таптарының жіктелуінде 3-жақта* кездеседі. Мысалы: Ол оқыдыØ, Ол оқысаØ; Ол келгенØ; Ол – студентØ. Сонымен бірге бұйрық райлы жіктік жалғаудың жекеше, анайы II жағында болады: *сен жаз Ø, сен оқы Ø.*

Грамматикалық категория туралы қазақ тілінде ғылыми негіз салушы ғалым Ы.Маманов қазақ тілінде нөлдік тұлғалы сөздер мен түбір сөздер тұлғалас болып келетінін айтып, олардың жігін ажырату туралы ғылыми анықтама аз екенін, түбір сөз бен нөлдік тұлғалы сөздерді шатастырмау керек екенін айтып, салыстырмалы талдау берген [1, 162-б.].

Нөлдік тұлғалы сөздер туралы зерттеулер шет тілінде де кездеседі.

Ағылшын тілінде **нөлдік тұлға** «zero morpheme» деген түсінікпен айтылады. Бұл тілде де қазақ тіліндегі сияқты нөлдік тұлға көрсеткіші көрінбесе де, сөзге қосатын грамматикалық мағынасы болады. Бұл ерекшелік зат есім, етістік шақтарында, сын есім шырай категориясында кездеседі.Мысалы:

I.**Зат есімдегі «zero morpheme»,** яғни нөлдік тұлға қызметі зат есімнің жекеше (singular) түрінде зат есім тек «zero morpheme» арқылы беріледі. Ал көпше (plural) түріне келген кезде зат есім нөлдік сипатынан шығады да, оған **-s қосымшасы** жалғанады. Салыстырмалы түрде кестеден көруге болады:

| | |
|---|---|
| Singular (жекеше) | Book- Ø, cat- Ø, table- Ø (кітап, мысық, үстел) |
| Plural (көпше | Book-s, cat-s, table-s (кітаптар, мысықтар, үстелдер) |

**II.** Келесі нөлік тұлағалық қолданыс ағылшын тілінде етістіктің осы шағында, яғни «**Third person singular (present)»** категориясында, 3-жақ, жекеше, осы шақта болады. Етістіктің негізгі (base) базалық түрі «present simple» шағы (қазақ тіліндегі жалпы осы шақ дегенге сай келеді) нөлдік тұлғамен беріледі, бірақ бұл үнемі бола бермейді.

I/You/We /They (Мен/Сен/Біз/Олар) есімдіктері + етістік болған жағдайда «zero morpheme» арқылы келеді. Ал He/She/It (Он/Она/Оно) есімдіктері + етістік болған жағдайда етістікке **-s** көптік жалғауы жалғанады. Қараңыз:

| | |
|---|---|
| I/You/We/They | Work- Ø, swim- Ø (жұмыс істеу, жүзу) |
| He/She/It | Work-s, swim-s |

**III.** Ағылшын тілінде **Past tense verbs (өткен шақтық етістіктер) жүйесінде** дұрыс емес етістіктер (irregular verbs) қолданысы бар. Нақты, шынайы етістіктерден (regular verbs) өткен шақ жасау үшін ***-ed*** қосымшасын жалғау қажет болса, «irregular verbs» бұл қолданысқа бағынбайды. Мысалы,

teach – taught. Бұл жерде осы шақтағы етістік пен оның өткен шақтағы нұсқасы тұлға жағынан бір-бірінен басқаша болып келеді. Бірақ кейбір дұрыс емес етістіктердің осы шақтағы нұсқасы да, өткен шақтағы нұсқасы да тұлға жағынан бірдей болады. Нөлдік тұлғаның (zero morpheme) қолданысы сол жерден көрініс табады:

| **Етістіктің негізгі (нөлдік) тұлғасы** | **Етістіктің өткен шақтық тұлға** |
|---|---|
| Cut (кесу) | Cut- Ø (кесті) |
| Put (салу) | Put- Ø (салды) |
| Hit (ұру) | Hit- Ø (ұрды) |

Бұл жерде шақ категориясы салыстыру үшін қолданылды.

**IY. Ағылшын тілінде «Сын есімнің шырай категориясында»** нөлдік морфема болады. Нақты айтқанда, сын есімнің бастапқы түрі «zero morpheme» болып табылады. Ал оның шырайлық екі түрінде өзіне тән нақты қосымшалары қолданылады. Зерттеуші А.Т. Ирискулов ( A.T. Iriskulov) өз еңбегінде бұл туралы салыстырмалы түсінік береді:

| **Degree** | **қосымшасы** | **Мысал** |
|---|---|---|
| Positive (нақты сын есім) | Zero morpheme | High- Ø (биік), fast- Ø (жылдам) |
| Comparative (салыстырмалы шырай) | -er | Higher (биігірек), faster (жылдамырақ) |
| Superlative (күшейтпелі шырай) | -est | Highest (ең биік), fastest (ең жылдам) |

Орыс тілінде де нөлдік тұлға ағылшын тіліндегі сияқты **«нөлдік морфема»** деп аталады. Ол етістіктің бұйрық райлы түрінде («повелительное наклонение глагола») кездесетінін айтады. Мысалы: *кинь-Ø, копай- Ø.* Бұл қазақ тілінің бұйрық райлы жіктік жалғауымен жіктелген етістіктермен сәйкес келеді. Мысалы: *Сен қаз Ø; Сен лақтыр Ø,* т.б.

Сонымен бірге орыс тілінде «мужской род» тағы етістік өткен шақтық жекеше түрде 3-жақты жіктеліп қолданылғанда, нөлдік тұлғада қызмет атқарады: Он замерз- Ø, Он утих- Ø. Бұл ерекшелік қазақ тіліндегі жедел өткен шақтық етістіктің жіктелуімен сәйкеседі: *Ол тоңдыØ, Ол басылдыØ, (тыныштaлды Ø).*

Ғалым М. Ю. Казак еңбегінде «Нөлдік морфема» ұғымынан бөлек «нөлдік суффикс» түсінігі туралы мәлімет беріледі. Зерттеуші «нөлдік суффиксті» сөзжасамдық тәсілдің бірі ретінде танытып көрсетеді: «*выходить – выход- Ø; синий – синь- Ø*».

Зерттеуші М. Ю. Казак «Морфемика и словообразование современного русского языка. Теория: учебная пособие» еңбегінде: «Нулевые морфемы выявляются путем сопоставления форм одного и того же слова…» деп анықтама беріп, бірнеше нөлдік тұлғалы сөздерге салыстырмалы талдау жасайды.

**Зат есімге қатысты сөздердің септелуінде** қазақ тіліндегі атау септігі сияқты орыс тілінде де «именительный падеждегі сөздер нөлдік тұлға болып табылатынын байқаймыз:

| Падеж | Сөз |
|---|---|
| Именительный падеж | Стол- Ø |
| Родительный падеж | Стол-а |
| Дательный падеж | Стол-у |

Сонымен бірге орыс тілінде **«мужской род»** түріндегі етістік сөздер өткен шақта, жекеше түрде жіктелгенде 1,2-жақта нөлдік тұлға анық көрінеді: Мысалы: *писал- Ø, читал- Ø, т.б*. Ал «женский род» түріндегі етістікті сөздер де нөлдік тұлғада болады, бірақ тектік («род») түріне байланысты олардың нөлдік тұлғада тұрғанын бірден аңғару қиын. Өйткені **«женский род»** түріндегі етістіктердегі соңғы морфемалық бірлік (***писал-а, читал-а***) – «женский родты» білдіру үшін қолданылатын көрсеткіштер.

Аталған еңбекте бұдан бөлек сын есімдердің де қысқартылып келген түрінде нөлдік түрі болатыны айтылады. Оларды «қысқа сын есімдер» деп атайды: рад- Ø, готов- Ø.

Қорыта келгенде, үш тілді салғастырып, салыстырып қарастыруда нөлдік форманың үш тілде де категориялық сипаты бір екенін көруге болады. Үш тілде де нөлдік тұлға түсінігі бірдей беріледі. Етістіктердің жіктелуіне қатысты орыс тіліндегі нөлдік тұлғаның берілуі ағылшын тілі мен қазақ тіліне қарағанда, басқаша танылады. Бұл орыс тілңіндегі тек («род») түріне байланысты туындайды.

## Әдебиет тізімі


1. Маманов Ы.Қазақ тіл білімінің мәселелері.Алматы «Арыс».2007. – 488 б.
2. Исаев С.М. Қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. Алматы. «Рауан», 1998. – 304 б.
3. Шақаман Ы.Б, Қазақ тілі морфологиясы. Оқулық. Алматы: «Альманахь», 2023. – 177 б.
4. Iriskulov A.T. Theoretical Grammar of English. Tashkent 2006. – 64 б.
5. Казак М.Ю. Морфемика и словообразования современного русского языка. Теория. Учеб. Пособие. Белгород: ИД «Белгород» 2012. – 80 с.
6. Иванова И. П., Бурлакова В. В., Почепцов Г. Г. Теоретическая грамматика современного английского языка. Учебник. М.: Высш. школа, 1981. – 285 с.

# ҚАНАТ ӘБІЛҚАЙЫР ӘҢГІМЕЛЕРІНІҢ ИДЕЯЛЫҚ -КӨРКЕМДІК ЕКШЕЛІКТЕРІ

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің*
*3 курс студенті* ***А. А. Кошкар***
*Ғылыми жетекшісі:Филология ғылымдарының кандидаты, ГҒЖМ*
*профессор ассисенті:* ***Ш. Б. Құралқанова***

**Аңдатпа.** Қанат Әбілқайыр әңгімелеріндегі психологиялық және реалистік бағыт адам жанының күрделі күйін ашады. «Жынды», «Соқыр үміт», «Үй» шығармаларында балалық шақтағы жара, жалғыздық, қорқыныш, үмітсіздік пен ішкі қайшылықтар тағдырға әсер ететіні бейнеленіп, кейіпкерлердің рухани күйзелісі терең суреттеледі, өмір шындығы шынайы көркемдікпен көрсетіледі, оқырманға ой салады, әсер қалдырады.

**Түйін сөздер:** психология, реализм, жалғыздық, қорқыныш, үміт, тағдыр, сағыныш.

**Аннотация.** Қанат Әбілқайыр в своих рассказах через психологическое и реалистическое направление раскрывает сложное состояние человеческой души. В произведениях «Жынды», «Соқыр үміт», «Үй» показано влияние детских травм, одиночества, страха, безнадёжности и внутренних противоречий на судьбу, глубоко изображается духовное состояние героев, правдиво отражается жизненная реальность, побуждая читателя к размышлению и оставляя сильное впечатление.

**Ключевые слова:** психология, реализм, одиночество, страх, надежда, судьба, тоска.

**Annotation.** Kanat Abulkhair in his stories reveals the complex state of the human soul through psychological and realistic approaches. In the works “Жынды”, “Соқыр үміт”, and “Үй”, the impact of childhood trauma, loneliness, fear, hopelessness, and inner conflicts on fate is depicted, the spiritual suffering of characters is deeply portrayed, life is shown realistically, prompting reflection and leaving a strong impression on the reader.

**Keywords:** psychology, realism, loneliness, fear, hope, fate, longing.

Қанат Әбілқайыр – қазіргі қазақ прозасындағы жас буын өкілдерінің бірі. 2011 жылы «Жалын» баспасынан «Текес теріс ағады» атты прозалық кітабы жарық көрді. 2014 жылы өткен халықаралық «Дарабоз» бәйгесінде «Көршінің қызы» атты хикаяты бірінші орынға ие болды. Сонымен қатар жазушының реалистік бағытта жазылған «Жынды», «Соқыр үміт», «Үй» атты т.б әңгімелері бар.

«Жынды» әңгімесі 2021 жылы жарық көрді. Бұл әңгімеде өмірдің шынайы көріністері бейнеленіп, кейіпкерлер бастан өткерген тіршіліктің ащысы мен тұщысы қатар суреттеледі. Әңгіме реалистік, психологиялық бағытта жазылған.

Әңгіме Нұрланның мазасыздықтан ұйықтай алмай, алаңдаулы күйде түнді өткізген сәтінен басталады. Түн ортасында оның көзіне әлдебір белгісіз елес қыздың көрінуі оқиғаның бүкіл драмасын тереңдетіп, оқырманды бірден оқиға желісіне тартады. Автор бұл көріністі соншалықты шынайы әрі әсерлі суреттейді, тіпті оқырман өзін Нұрланның дәл қасында тұрғандай сезінеді. Жазушының баяндау мәнері кейіпкердің үрейге толы

ішкі дүниесін айқын ашып, қарапайым адамның ақылға сыймас тылсым жағдайды көрсетеді. Әңгімедегі осы алғашқы көрініс оқырманға психологиялық тұрғыдан ықпал етіп, қызығушылығын арттыра түседі.

Әңгімедегі негізгі идея – адамның бала кезінде алған психологиялық жарасы жылдар өтсе де ұмытылмай, оның өмірінде терең із қалдыратыны.

«Жынды» әңгімесінде Нұрланның бастан өткерген психологиялық күйзелісі суреттеледі. Шығармада суреттелген оқиға түп-тамырымен Нұрланның бала күнінен бастау алады. Ертеректе Әли есімді баланың қой бағып жүріп, өз қиялынан тудырған қорқынышты оқиғасы ауыл балаларының арасында таралып кетеді. Әлидің ойдан шығарған әңгімесі алғашында тек қызық үшін айтылған бейкүнә қиял секілді көрінгенімен, «елес қыз» жайлы ертегі бала Нұрланның жүрегіне түпсіз үрей мен белгісіз қорқыныш ұялатады. Ойдан шығарылған қорқынышты әңгімені шынайы қабылдаған Нұрланның психикасына әсер етіп, арада жылдар өтсе де, есейген Нұрлан сол баяғы елес туралы әңгімеден арылмайды. Тіпті ересек шағында түн ішінде өзінің көзіне әлгі елес қыздың көрінуі де – оның бала күнгі қорқынышынан туған психологиялық елесі, көңілінде қалған жараның әсері ретінде беріледі. Жазушы бұл арқылы маңызды ойды алға тартады: адам психикасы – нәзік. Әсіресе баланың санасы ойын-шынын ажырата бермейд. Сондықтан ойдан шығарылған оқиғаны шындық ретінде қабылдап, одан үлкен психологиялық жарақат алуы әбден мүмкін. Шығармада Әлидің жай ғана ойнап айтқан өтірік ертегісі Нұрлан үшін ауыр психологиялық салдарға айналды. Автордың түпкі ойы – кез келген адамның, әсіресе баланың алдында жауапкершілікпен сөйлеу қажеттігі. Нұрлан есейсе де, санасына бала кезден сіңген үрейден ажырамай, күні бүгінге дейін сол қорқынышты оқиғаның тұтқынында қалғаны – адамның психологиялық жарасы уақытпен өлшенбейтінін көрсетеді.

Оқиғаның қысқа да нұсқа сюжеті Нұрланның мазасыз түнімен басталады. Түн ортасындағы бөлмеде белгісіз бір қыздың елесі. Қараңғы бөлме, пыс – пыс еткен тыныс, біреу шашын сипағандай сезім – осының бәрі оқиғаның бастапқы әсері. Сонымен қатар Нұрланның отбасылық жағдайы, анасы мен әкесінің арасы, жаңа көшіп келген үйдің тарихы оқиғаны дамытуға негіз болады. Алайда күндер өте Нұрлан елесті қайта-қайта көреді. Айгүл есімді қыздың өмірі, оның «жынды» атануы, өлім мен елеске айналуы баяндалады. Нұрланның мектептегі мінез-құлқы да өзгереді, үрейі күшейе түседі. Балалардың «жынды қыз», «ешкі аяқты қыз», «елес қыз» туралы әңгімелері көбейеді. Нұрлан анасы мен бөгде ер адамның арасындағы жасырын байланысты байқап, эмоционалды күйзеліске түседі. Елес қыз Нұрланға жиі көрінеді. Түнде көз алдына келіп, қасына жатады, қағып оятады, сөйлеседі – бұл оның психикасына одан сайын әсер етеді. Айгүлдің елесі мен шынайы өмірдегі оқиғалар араласып, Нұрлан ақиқат пен елестің шекарасын жоғалтады. Анасының сатқындығы, Айгүл елесінің оған «періште» болып көрінуі, қорқыныш, психологиялық қысым, айналасында болып жатқан мистикалық құбылыстар Нұрланның тағдырын түбегейлі

өзгертіп, оны өз-өзіне қол салуға итермелейді. Бақытына орай Нұрлан тірі қалып, емханаға жеткізіледі. Кейін жазылып, уақыт өте Алматыға оқуға түседі. Үрейлі үй жермен жексен етіледі. Бірақ елес әйелден туған бала өмірге келіп, ауылда өсіп жүреді. Бұл оқиғаның жаңа бір цикілінің басталуын меңзейді. Ересек Нұрлан ауылға келгенде бала кезіндегі «ақ көйлекті қызды» қайтадан көреді.

Қортындылай келе автордың айтқысы келгені, адамның ең үлкен жауы – өз жүрегіндегі қорқыныш пен жалғыздық екенін көрсетеді. Нұрлан да Айгүл де сол түнектен өтпек болды; бірі тірі шықты, бірі мәңгі сол күйде қалды. Елестей көрінген оқиғалар – адамның жан жарасының көрінісі ғана. Үй бұзылды, елес жоғалды, бірақ жүректе қалған із өшпейді, өмір өз ағысымен жүре береді, ал өткеннің көлеңкесі тек еске түсіргенде ғана өмір сүреді.

Келесі кезекте **«Соқыр үміт»** әңгімесінің көркемдік табиғаты және идеялық өзегіне үңілейік.

Жазушының реалистік бағытта жазылған әсерлі шығармаларының бірі-«Соқыр үміт» әңгімесі. Бұл туынды адамның ішкі әлеміндегі күйзеліс, сананың бұлыңғырлануы, жалғыздық, өтпелі психологиялық күй және бейкүнә сезімнің трагедияға айналуы секілді күрделі мәселелерді көтеретін психологиялық-реалистік шығарма болып табылады. Әңгіме адам жанының қатпарлы тұстарын терең бейнелеп, оқырманды кейіпкердің ішкі трагедиясымен бетпе-бет қалдырады.

Шығарма Наташаның сүйген жігіті – Сергейді ұзақ уақыт бойы күтуінен басталады. Оның бар болмысы, ойы, күні мен түні Сергейдің оралатынына деген үмітке байланған. Терең психологиялық суреттеу арқылы жазушы оқырманды бірден кейіпкердің ішкі әлеміне енгізеді. Наташаның саяхат автобекетіне күн сайын барып, сүйгенін күтетін бейнесі - адам үмітінің кейде соқыр сенімге айналатынын көрсететін негізгі көркем нүкте.

Әңгіме басталған сәттен-ақ үміт пен шындықтың арасындағы қайшылық айқын сезіледі. Наташа әрбір өткен машинаны, әрбір келген автобусты Сергей деп қабылдап, артынша күйреп қалатын психологиялық күй кешеді. Осы тұста жазушы әйелдің сезімін шынайы әрі нанымды сипаттап, бір қарағанда қарапайым көрінетін детальдардың өзінен үлкен драма тудырады. Әңгіменің негізгі идеясына тоқталатын болсақ — адамның үмітке байланып қалуы және шындықты қабылдай алмауы. «Соқыр үміт» әңгімесі – адамның өз жүрегіндегі жалған сенімге байланып, өмірлік шындықты қабылдай алмай қалуы жайлы баяндайды. Наташа үшін Сергей – өмірінің жалғыз мәні. Ол сүйгеніне тым артық эмоционалдық маңыз беріп, ақиқаттан алыстап кетеді.

Жазушы адамның психикасына уақыт пен жалғыздықтың қалай әсер ететінін көрсетеді. Алғашында сағыныштан басталған сезім кейіннен алдамшы үмітке, ақыр соңында – ақыл-естің көмескіленуіне ұласады.

Наташаның өзін айнадан көргенде «алпысқа келген кемпір» бейнесін тануы – уақыттың емес, психикалық күйзелістің бейнелі берілуі.

Жазушы бұл арқылы:

— адамның үмітке тым байланып қалуы оны шынайылықтан айыратынын;

— жалғыздық пен сағыныш адам санасына ауыр салмақ салатынын;

— өмірде кейбір үміттердің ешқашан орындалмайтынын көрсетеді.

Наташаның әрбір әрекеті, әрбір сөзі оның шынайылық пен елестің шекарасын ажырата алмай қалғанын дәлелдейді. Кейіпкердің үнемі «қара адамдар» деп жергілікті халыққа өшігуі – оның ішкі әлеміндегі үйлесімсіздіктің сыртқы ортаға ауысқан көрінісі. Бұл да психологиялық қорғаныс механизмі.

Әңгіменің басы Наташаның Серёганы күтуінен басталады. Ол күн сайын Саяхат автобекетіне барып, сүйгенінің алдын күтеді. Оның ойы мен қиялы тек Сергейге бағытталған. Бұл бөлімде кейіпкердің психологиялық күйі, сағынышы, сенімі әсерлі суреттеледі. Наташа өткен күндерін еске алады. Сергеймен алғаш танысуы, оның еркелеткен сөздері, Мәскеуге шақыруы, ата-анасының жібермегені – осының бәрі оның қазіргі күйін тереңдетеді. Автор Наташаның өткен өмірі мен бүгінгі елестеген дүниелерін шебер қабаттастырады. Уақыт өте Наташаның санасы бұлыңғырлана бастайды. Ол айнаға қарағанда қария бейнесін көреді, автобустағы адамдардың сөзін түсінбей, олар лезде жау секілді көрінеді. Оқиға өрши түскен сайын Наташаның әрекеттері шынайылықтан ажырай бастайды. Наташа сүйгенін күтуден, үнемі үміттенуден шаршайды. Оның психикасы әлсіреп, мүлде басқа дүниені елестете бастайды. Бір күні жол бойындағы қан-жоса жатқан жігітті көріп, оны Серёга деп ойлап, құлап түскенше жылайды. Ол жігіттің бөтен адам болып шығуы Наташаның ақылынан айырылғанын анық көрсетеді. Кейін аяқ астынан қуанып, бөтен адамның өлі денесін тастап күліп кетуі – Наташаның ішкі күйзелісінің шегіне жеткен сәт. Оның бұлайша құбылуы – психологиялық күйреудің ең шарықтау көлеңкесі. Автобустағы адамдар Наташа туралы сөз қозғап, оның бұрын өте сұлу болғанын, сүйген жігіті қаза тапқан соң есінен айырылғанын айтады. Бұл – Наташаның өмір бойы Саяхатқа барып жүріп, үміттен көз ашпаған бейшара жан екенін дәлелдейді. Соңында Наташа терезеден сыртқа қарап, жаңарған табиғатты, қызғалдақтарды көріп, өткен күндер оралады деп тағы сенеді. Оның соңғы сөзі де «Мәскеуге кетеміз» деген арманға қатысты. Автор оқырманға ауыр, бірақ өте философиялық финал қалдырады.

Әңгімеде мистикалық сарындар жоқ, бәрі — кейіпкердің психикасы бұзылған сәттерде туындаған. Бұл — адам жанындағы психологиялық жарақаттың көрінісі. Реалистік бейнелеу мен психологиялық талдау қатар жүріп, әңгімені терең эмоционалдық деңгейге көтереді.

«Соқыр үміт» – адамның психологиялық күйінің шынайы трагедиясын бейнелейтін көркем туынды. Шығармада үміт, жалғыздық, сағыныш, уақыт пен сананың байланысы терең бейнеленеді. Қанат

Әбілқайыр оқырманды адам психикасының нәзік екені, үміттің тым беріктігі кейде адамды адастыратыны туралы ойға қалдырады. Оқиға композициясына келсек, нақты көркемдік шешім жоқ, бұны жазушы оқырманның өзіне қалдырады.

Қанат Әбілқайырдың «Үй» атты әңгімесі реалистік, әлеуметтік-психологиялық жанрда жазылған.

Әңгіме таңдағы айғай-шу, әскери топтың адамдарды күштеп көшіруі, жаңа салған үйдің бас кейіпкердің көз алдында трактормен талқандалуынан басталады. Автор бұл эпизодты өте әсерлі, эмоциялық күймен береді: түтін, айқай, баланың қорқынышы, шешенің аңырауы, әкенің шарасыздығы — барлығы бір сәттің ішінде күл-талқан болған тіршіліктің трагедиясын ашады.

Оқиға оқырманды бірден қақтығыстың ортасына алып келеді: үйдің бұзылуы — баланың өмірінің де күйреуінің бастауы. Осы алғашқы көрініс бүкіл әңгіменің эмоционалдық өзегін айқындап, кейінгі оқиғалар үшін трагедиялық фон жасайды.

Негізгі идея — балалық шақтағы ауыр психологиялық жара адамның бүкіл тағдырына әсер етеді. Әңгімеде автор нақты бір нәрсені көрсетеді: адам тағдыры кейде біздің түсінбей тұрған балалық қасіреттерден бастау алады.

Шығармада кейіпкердің өміріндегі басты трагедиялар бір-біріне жалғасып, жіптей созылады:

үйдің бұзылуы,

әкенің дінге тым беріліп, отбасынан алыстауы,

анасының ауыр еңбекке жегіліп, жалғыздыққа дағдылануы,

өзін кінәлі сезінген баланың бауырының пойыз астына түсуі,

әке мен ананың ажырасуы,

әркімнің өз жолына түсіп, кейіпкердің медреседе жалғыз өсуі.

Бұл оқиғалар — бір ғана баланың иығына түскен үлкен психологиялық салмақ. Осы сәтте автордың айтқысы келгені, үй — тек құрылыс емес, баланың қауіпсіздік сезімі, отбасылық тұрақтылықтың символы. Ал үйдің бұзылуы — оның бала санасының бұзылуы, жан дүниесінің күйреуі. Осы апаттан басталған жара кейінгі бүкіл өміріне зиянын тигізбей қоймас, оның шешімдеріне, отбасына, болашаққа көзқарасына әсер етеді. Барлық қасірет — баланың жүрегінде басталады.

Арада қаншама уақыт өтіп, кейіпкер есейіп, еңбекке араласып, анасына қамқор бола бастайды. Үкімет жер береді, ол үй салғысы келеді. Бірақ анасы шешім қабылдап, бір жас жігітті «күйеу» ретінде үйіне кіргізіп алады. Отбасылық динамика тағы да күрделенеді. Кейіпкер қаншама қиындық көрсе де үнсіз мойындауымен ішкі күйзелісі тереңдей түседі. Бірақ бәрібір отбасын ұстап қалуға тырысады — өйткені бір кездері құлаған «үй» енді қайталанбауы керек. Кейін ол анасын қолына алып, жаңа отбасымен бірге өмір сүре бастайды. Бірақ кейіпкердің жалғыз тілегі (іштегі қорқынышы): «Енді бір күні тағы да айғай-шудан оянбасам екен…» . Бұл —

оның балалық жарасының әлі күнге дейін жазылмағанын көрсететін өте терең символикалық шешім. Бұл шығармада фантастика, мистикалық элементтер жоқ. Барлығы — өмірдің ащы шындығы. Автор күнделікті тіршіліктегі ауыр тағдырларды тура, ашық, жасандылықсыз көрсетеді.

Автор адамның тағдырын көбіне сыртқы оқиға емес, ішкі жара жаралайтынын көрсетеді. Үйдің құлауы — баланың жан дүниесінің құлауы. Пойыз оқиғасы — кінә сезімінің символы. Ата-ананың ажырасуы — тұрақтылықтың күйреуі. Шығарма өмірдің ащы шындығында бір нәрсені дәлелдейді. Адамның ең үлкен қорқынышы — өткеннің қайта қайталануы. Бас кейіпкер үшін бұл — таңғы айғай мен қираған үйдің елесі.

Қортындылай келе бұл әңгіме балалық қасіреттің адам тағдырын қалай өзгертетінінің көркем дәлелі. Үй құлады, отбасы шашылды, бала ерте есейді. Бірақ соның бәріне қарамастан, ол өмірін қайта құруға күш салды. Өткен қайғы өшпейді, тек адамның ішінде ғана тыныштанады. Кейіпкердің жалғыз тілегі — тағдыр тағы да сол күнді қайталамаса екен деген үнсіз үміт.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. https://adebiportal.kz/kz/news/view/qanat-abilqaiyr-zyndy-xikaiat__15312
2. https://adebiportal.kz/kz/news/view/qanat-abilqaiyr-soqyr-umit__1993
3. https://adebiportal.kz/kz/news/view/qanat-abilqaiyr-ui__21519


## КӨП МӘДЕНИЕТТІ АЙМАҚ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ЭТНОТАНЫМДЫҚ БАҒЫТТА ОҚЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ


*Павлодар педагогикалық университетінің докторанты,*
***З.К.Нургалиева***
*Ғылыми жетекшісі:PhD, қауымдастырылған профессор*
***Ж.К.Сағынтаева***



Аннотация. Зерттеу барысында этнотаным, этнолингвистика, көпмәдениетті білім беру ұғымдарына теориялық талдау жасалып, қазақ тілін оқытудағы этномәдени мазмұнның рөлі айқындалады. Көпмәдениетті ортада оқытудың ерекшеліктері ескеріліп, этнотанымдық бағыттағы әдіс-тәсілдерді қолданудың педагогикалық мүмкіндіктері сараланады. Жұмыста қазақ және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, этнотанымдық оқытудың білім алушылардың ұлттық дүниетанымын қалыптастырудағы, мәдениаралық коммуникацияны дамытудағы маңызы дәлелденеді.



Кілт сөздер: көпмәдениетті орта, этномәдени компонент, тілдік тұлға, мәдениаралық коммуникация.



Аннотация. В ходе исследования будет проведен теоретический анализ понятий этнопознание, этнолингвистика, поликультурное образование, определена роль этнокультурного содержания в обучении казахскому языку. Кроме того, с учетом особенностей обучения в мультикультурной среде, дифференцируются педагогические возможности применения методов и приемов этнокультурной направленности. В работе, опираясь на труды казахских и зарубежных ученых, доказывается значение

этнокультурного обучения в формировании национального мировоззрения обучающихся, развитии межкультурной коммуникации.

Ключевые слова: мультикультурная среда, этнокультурный компонент, языковая личность, межкультурная коммуникация.

Abstract. In the course of the study, a theoretical analysis of the concepts of ethno-science, ethnolinguistics, multicultural education is carried out, and the role of ethno-cultural content in teaching the Kazakh language is determined. At the same time, the peculiarities of teaching in a multicultural environment are taken into account, and the pedagogical possibilities of using methods and techniques of the ethno-scientific direction are differentiated. Based on the works of Kazakh and foreign scientists, the importance of ethno-scientific training in the formation of the National worldview of students, the development of intercultural communication is proved.

Keywords: multicultural environment, ethnocultural component, linguistic personality, intercultural communication.

## Кіріспе

Қазіргі білім беру кеңістігінде тіл тек коммуникативтік құрал ретінде ғана емес, ұлттың мәдени-рухани болмысын айқындайтын күрделі әлеуметтік феномен ретінде қарастырылады. Бұл – халықаралық деңгейде қолға алынып отырған тіл мамандары ескеретін жауапкершілікті мәселе. Әсіресе көпмәдениетті аймақ жағдайында мемлекеттік тілді оқыту тілдік білім берудің шеңберінен шығып, этномәдени және аксиологиялық мазмұнмен сабақтастықта зерделеуді талап етеді [1]. Осы тұрғыдан алғанда қазақ тілін этнотанымдық бағытта оқыту мәселесі қазіргі қазақ тілін оқыту әдістемесінің өзекті ғылыми проблемаларының бірі деп табуға болады. Әртүрлі этностар мен тілдік қауымдастықтардың қатар өмір сүретін ортасында оқушылардың қазақ тілін меңгеруінде тілдік дағдыларды қалыптастыру олардың этномәдени санасы мен мәдениаралық коммуникациялық қабілеттерін қалыптастыра оқытумен байланысты жүзеге асуы керек.

Зерттеуіміздің мақсаты көпмәдениетті орта жағдайында қазақ тілін этнотанымдық бағытта оқытудың тиімді әдістерін анықтау және оның білім беру үдерісіндегі рөлін талдауға арналады. Этнотанымдық оқыту тілдік бірліктерді халықтың тұрмыс-тіршілігімен, дүниетанымымен, менталдық ерекшеліктерімен бірлікте қарастыруды көздейді. Қазақ тілін осы бағытта оқыту білім алушылардың ұлттық болмысты тануына, мәдениаралық қарым-қатынаста өзіндік позициясын қалыптастыруына мүмкіндік береді. Ғылыми әдебиеттерде этнотанымдық бағыт тіл мен мәдениеттің ажырамас тұтастығын танытатын тиімді әдіснамалық ұстаным ретінде сипатталады.

## Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысы гуманитарлық ғылымдарға тән кешенді әдіснамалық ұстанымдарға негізделді. Зерттеу барысында этнотанымдық және көпмәдениетті білім беру мәселелеріне арналған отандық және шетелдік ғылыми еңбектер теориялық тұрғыда талданып, салыстырмалы және жүйелеу әдістері арқылы сараланды.

Зерттеу материалы ретінде қазақ тілін оқытуға арналған білім беру бағдарламалары, оқу-әдістемелік кешендер, этномәдени мазмұндағы мәтіндер, этнолингвистика және тіл оқыту әдістемесі саласындағы ғылыми жарияланымдар алынды. Этнолингвистикалық талдау әдісі арқылы тілдік бірліктердің ұлттық-мәдени мазмұны айқындалып, олардың оқыту үдерісіндегі танымдық әлеуеті анықталды. Зерттеу барысында педагогикалық бақылау, тәжірибелік-талдамалық әдістер қолданылды. Бұл әдістер этнотанымдық бағыттағы оқыту элементтерінің білім алушылардың тілдік уәжі мен мәдени құзыреттілігінің қалыптасуына ықпалын бағалауға мүмкіндік берді. Алынған нәтижелерді интерпретациялау кезінде индуктивті және дедуктивті ой қорыту тәсілдері қолданылды. Көпмәдениетті аймақ жағдайында қазақ тілін этнотанымдық бағытта оқытудың нәтижелілігі ең алдымен оқыту мазмұны мен әдістерінің ұлттық-мәдени ерекшеліктерді ескеруімен айқындалады. Зерттеу барысында алынған нәтижелер этнотанымдық компонентті жүйелі қолдану білім алушылардың тілдік құзыреттілігімен қатар, мәдени және тұлғалық дамуына оң ықпал ететінін көрсетті.

Зерттеу 2022–2025 жылдар аралығында Павлодар қаласының көпмәдениетті мектептерінде жүргізілді. Материал ретінде 7–11 сынып оқушыларының қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалауға арналған тест нәтижелері және сабақ бақылау журналдары алынды. Зерттеу барысында сауалнама, бақылау, салыстырмалы талдау, статистикалық өңдеу әдістері қолданылды. Зерттеу әдістемесі полимәдени ортада тіл үйретудің этнотанымға бағытталған әдістерін жүйелеуге мүмкіндік берді.

КЕСТЕ 1 – Оқушылардың қазақ тілін меңгеру деңгейі

| Сынып | Дәстүрлі әдіс (%) | Этнотанымдық әдіс (%) | Өрлеу көрсеткіші (%) |
|---|---|---|---|
| 7 | 68 | 82 | +14 |
| 8 | 70 | 85 | +15 |
| 9 | 72 | 87 | +15 |
| 10 | 74 | 88 | +14 |
| 11 | 75 | 90 | +15 |

Түсіндірме: Кестеден көрініп тұрғандай, этнотанымдық әдіс дәстүрлі әдіске қарағанда оқушылардың тілдік дағдыларын айтарлықтай арттырған.

Этнотанымдық мазмұнның тілдік құзыреттілікке әсері

Зерттеу нәтижелері этномәдени мазмұндағы тілдік материалдардың (мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, фольклорлық мәтіндер, салт-дәстүрге қатысты лексика) қазақ тілін меңгеру үдерісінде ерекше танымдық қызмет атқаратынын айқындады. Мұндай тілдік бірліктер білім алушылардың сөздік қорын байытып қана қоймай, тілдік мағынаны мәдени контексте түсінуіне мүмкіндік береді.

Көпмәдениетті аудиторияда оқитын білім алушылар үшін тілдік материалдың өмірмен, ұлттық болмыспен байланыстылығы олардың оқу

уәжін арттырады. Этнотанымдық мәтіндер арқылы білім алушылар тілдік бірліктердің қолданылу аясы мен прагматикалық мәнін тереңірек түсінеді[3]. Бұл, өз кезегінде, қазақ тілінде еркін сөйлеу дағдысының қалыптасуына оң ықпал етеді.

Зерттеу барысында этнотанымдық бағытта оқыту білім алушылардың мәдениаралық құзыреттілігін дамытуда маңызды құрал екені анықталды[4]. Көпмәдениетті ортада оқитын өзге этнос өкілдері қазақ халқының салт-дәстүрі, дүниетанымы, ұлттық құндылықтары туралы жүйелі ақпарат ала отырып, қазақ мәдениетіне құрметпен қарауды үйренеді. Этнотанымдық оқыту тіл үйренушінің тек «өзге мәдениетті тұтынушы» емес, мәдени диалогқа түсе алатын тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасайды. Бұл үдерісте тіл мәдениаралық қарым-қатынастың дәнекері қызметін атқарады. Ғылыми әдебиеттерде мәдениаралық коммуникацияның табысты болуы тілдік білімнің мәдени мазмұнмен толықтырылуына тікелей байланысты екені көрсетіледі.

Зерттеу нәтижелері этнотанымдық бағытта қолданылған әдіс-тәсілдердің педагогикалық тұрғыдан тиімді екенін дәлелдеді. Атап айтқанда, жобалық жұмыстар, жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік ойындар, этномәдени тақырыптағы пікірталастар білім алушылардың белсенділігін арттырып, шығармашылық ойлау қабілетін дамытты. Мәселен, «Қазақтың салт-дәстүрлері», «Ұлттық тағамдар», «Отбасы құндылықтары» тақырыптарында орындалған жобалық жұмыстар барысында білім алушылар тілдік материалды мәдени мазмұнмен байланыстыра отырып меңгерді. Бұл тәсіл білім алушылардың өз бетімен ізденуіне, ақпаратты талдауына және оны тілдік формада жеткізуіне мүмкіндік берді. Этнотанымдық бағыттағы оқыту қазақ тілін үйренуде психологиялық кедергілерді азайтып, тілдік ортаға бейімделуді жеңілдететіні байқалды. Білім алушылардың қазақ тіліне деген жағымды көзқарасы қалыптасып, оны тек оқу пәні ретінде емес, мәдени құндылық ретінде қабылдау үрдісі күшейді [5].

Нәтижелерді теориялық тұрғыда талқылау

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, көпмәдениетті ортада қазақ тілін этнотанымдық оқыту оқушылардың тілдік және мәдени дағдыларын айтарлықтай жетілдіреді.

Тілдік дағдылар – кестеде көрініп тұрғандай, этнотанып әдіс дәстүрлі әдіске қарағанда оқушылардың грамматикалық және лексикалық дағдыларын 14–15% жоғары көрсеткен.

Мәдени түсінік – сауалнама нәтижелері бойынша, этноконтент сабақтарына қатысқан оқушылар қазақ халқының дәстүрлері мен салт-дәстүрлерін тереңірек меңгерген.

Мотивация және белсенділік – этнотанымдық сабақтарда оқушылардың белсенділігі мен сабаққа қызығушылығы артқан.

Зерттеу барысында анықталған басты тенденциялар:

Этнотанымдық оқыту оқушылардың мәдениаралық коммуникациясын дамытады.

Сабақта этноконтентті қолдану тілдік қателерді азайтып, сөйлеу мәдениетін жетілдіреді.

Көпмәдениетті ортада қазақ тілін оқытудың этнотанып бағытталған әдістері оқушылардың ұлттық сана мен мәдени идентификациясын нығайтады.

Алынған нәтижелер этнотанымдық бағыттың тіл оқытудағы теориялық қағидаларымен толық сәйкес келеді. Тіл мен мәдениеттің бірлігін негізге алатын бұл бағыт тілдік білім берудің функционалдық және аксиологиялық қырларын интеграциялауға мүмкіндік береді. Этнотанымдық оқыту арқылы тілдік тұлға қалыптастыру идеясы қазіргі лингводидактикадағы тұлғалық-бағдарлы оқыту тұжырымдамасымен үндеседі [6].

Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілін этнотанымдық бағытта оқыту көпмәдениетті аймақтарда мемлекеттік тілді меңгертудің тиімді стратегиясы ретінде қарастырылуы тиіс.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері көпмәдениетті аймақ жағдайында қазақ тілін этнотанымдық бағытта оқытудың ғылыми және практикалық тұрғыдан негізді екенін көрсетті. Этнотанымдық оқыту тілдік білімді ұлттық мәдени мазмұнмен ұштастыра отырып, білім алушылардың тілдік, мәдени және тұлғалық дамуын кешенді түрде қамтамасыз етеді.

Зерттеу барысында этнотанымдық компоненттің қазақ тілін оқыту үдерісіндегі рөлі айқындалып, оның көпмәдениетті ортада мәдениаралық коммуникацияны дамытудағы маңызы дәлелденді. Ұсынылған әдіс-тәсілдер қазақ тілін оқыту тәжірибесінде тиімді қолдануға болатындығымен ерекшеленеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы қазақ тілін этнотанымдық бағытта оқытуды көпмәдениетті орта ерекшеліктерімен сабақтастыра отырып жүйелеуінде және этномәдени мазмұнды меңгертудің педагогикалық әлеуетін айқындауында көрініс табады. Зерттеу нәтижелері қазақ тілін оқыту әдістемесін жетілдіруге, мемлекеттік тілді меңгертудің мазмұнын жаңғыртуға үлес қоса алады.

Болашақта аталған мәселе бойынша эмпирикалық зерттеулер жүргізу, этнотанымдық оқытуға негізделген авторлық оқу бағдарламаларын әзірлеу және олардың тиімділігін тәжірибе жүзінде тексеру өзекті болып қала береді.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 2013. – 320 б.
2. Смағұлова Г. Қазақ этнолингвистикасының негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 256 б.
3. Нұргелдіұлы Б. Тіл және мәдениет: ғылыми зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2015. – 290 б.

4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2010. – 412 б.
5. Көшімова Г. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Мектеп, 2018. – 240 б.
6. Hall E.T. Beyond Culture. – New York: Anchor Books, 1990. – 320 p.

# НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНЕ ТӘН ЛИНГВОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕРДІҢ МӘДЕНИ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ПАРАДИГМАСЫ

***М.Б. Жунусова***
*Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті, Павлодар қаласы*
***Н.Х.Ахтаева***
*Ғылыми жетекшісі: Философия докторы, PhD, Павлодар қаласы*

Мақалада қазақ халқының ұлттық мерекесі – Наурызға тән лингвомәдени бірліктердің мәдени-семантикалық парадигмасы кешенді қарастырылды. Наурыз мерекесінің тарихи-мәдени тамыры, лингвомәдениеттану теориясының негіздері ашылып, лексикалық, фразеологиялық, паремиологиялық бірліктердің семантикалық өрісі талданды. Сонымен қатар, қазақ, өзбек, қырғыз және түрік халықтарындағы Наурыз лингвомәдени бірліктерінің салыстырмалы талдауы жүргізілді.

**Тірек сөздер:** Наурыз, лингвомәдени бірліктер, мәдени-семантикалық парадигма, Наурыз көже, жеті концептісі, түркі мәдениеті, семантикалық өріс.

